



**Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің
туғанына 125 жыл толуына арналған**

«МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ҰЛТ ӨРКЕНИЕТІ»

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ**



МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции

«МУХТАР АУЭЗОВ И НАЦИОНАЛЬНАЯ ЦИВИЛИЗАЦИЯ»,

**посвященной 125-летию со дня рождения выдающегося
казахского писателя Мухтара Омархановича Ауэзова**

**28 қыркүйек 2022 ж.
Семей**

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)
М 86

Жалпы редакциясын басқарған:

Ердембеков Б. А. – Шәкәрім Университетінің Басқарма төрағасы–Ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор

Редакция алқасы:

Еспенбетов А.С. – филология ғылымдарының докторы, қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының профессоры;

Қадыров А.Қ. – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, филология факультетінің деканы;

Смағұлова А.Т. – филология ғылымдарының кандидаты, «Абай және ұлттық руханият» ҒЗО-ның жетекші ғылыми қызметкері;

Сәмекбаева Э.М. – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының, доценті;

Құрастырушылар: Исатай А.Б., Семейская З.Т.

Ә 82 «МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ҰЛТ ӨРКЕНИЕТ» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары ЖИНАҒЫ (Семей, 1 сәуір 2022 ж.) / Жалпы редакциясын басқарған Б.А. Ердембеков – Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, 2022. – 551 б.

ISBN 978-601-313-145-0

Жинаққа Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 125 жылдығына арналған «Мұхтар Әуезов және ұлт өркениет» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары енгізілді.

Жинақ жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамына, магистранттар мен студенттерге және мектеп мұғалімдеріне арналған.

Шәкәрім университетінің Басқарма төрағасы-ректор, профессор Б.А. Ердөмбековтің заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 125 жыл толуына арналған «Мұхтар Әуезов және ұлт өркениеті» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын ашардағы құттықтау сөзі

***Конференцияға қатысушы құрметті зиялы қауым!
Қадірлі қонақтар!***

Бүгін біз сөз өнеріне өзгеше өрнек салған кемеңгер жазушы, қазақ поэзиясының пайғамбары Абай есімін жұртына танытқан, әлемге таныстырған Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 125 жыл толуына орай бас қосып отырмыз.

Мұхтар Әуезов өзі пір тұтқан рухани ұстазы, асыл тұлғасы Абай Құнанбайұлы туралы «Ақындықтың әбілхаят суын ішкен, өлімді жеңген, мәңгі тірлік тапқан Абай» деп баға беріп, құрметі мен сүйінішін көзі тірісінде ұлттық жадқа сіңіруге тырысып, әйгілеп кеткен еді. Абайтану ғылымының негізін салған Мұхтар бұл сөзімен Абайдың хакімдігімен қатар оның қазақ халқының дүниежүзілік өркениетке үкілеп қосар үлесін де дәп танып, өнер мен әдебиеттегі құнарын білдіріп, тұтас елдің рухани өрлеу жолы «Абай жолы» екенін әйгілі роман-эпопеясы арқылы паш етті. Бір ғұмырдың еншісіне осыншалық алып шаруа тиесілі болыпты. Оның шапағатын бүгінгі қазақ ғылымы мен әдебиеті көріп отырғаны белгілі.

Шәкәрім университеті студенттерге білім ғана емес ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлға қалыптастыруға баса көңіл бөлуде. Университеттің миссиясы «Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген білікті маман мен кемел тұлғаны қалыптастыру». Осы мақсатпен университетте «Абай және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс істеуде. Барлық мамандықтарда **«Абай әлемі» пәні оқытылуда**. Абай, Шәкәрім, Мұхтар шығармашылығына арналған бұл пәндерді оқытудағы мақсат – алған білімдерін практикада қолданып, өмірде қажетке жарату. Адамгершілік, ізгілік, адалдық, көркем мінез сынды адами қасиеттерді өмірлік бағдарлары етуге ықпал жасау. Ал жастар алған білімді өмірде кәдеге жарата білсе, мақсатымыздың орындалғаны деп бағалар едік.

Әуезов мерейтойы аясында бірнеше ауқымды шаралар атқарылды.

«Менің Әуезовім» 11-сынып оқушыларына арналған өңірлік олимпиада өткіздік. Бас жүлде – **«Шәкәрім білім гранты»**.

Абай облысының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне арналған **«Абай мен М.Әуезов шығармаларын оқыту: ізденіс және тәжірибе»** біліктілікті арттыру курсы мен білім беру саласындағы көшбасшылардың кәсіби құзыреттіліктері мен әлеуетін арттыру мақсатында **«Көшбасшылық және басшының басқару тиімділігінің дағдылары»** мектеп директорларына арналған семинар-тренинг ұйымдастырылды.

Қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының **филиалын ашуды** да осы мерейтой аясында жоспарлап отырмыз, қаламыздағы Ыбырай Алтынсарин атындағы № 37 гимназиясында, А.Байтұрсынұлы атындағы №47 мектепте ашылады.

М.Әуезовтің тікелей тапсырмасымен жазылған Турағұл Абайұлының «Әкем Абай туралы» естелігі қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, Шәкәрім Құдайбердіұлының 1911-1935 жылдары шыққан кітаптарының факсимилдік басылымы, «Шәкәрімтану мәселелерінің» 7-томы жарық көрді.

Бүгінгі күнде Абай қарасөздерінің тезаурусы (мағыналық сөздігі) жасалып жатыр, сондай-ақ университетте «Семей рухы» деген ауқымды жоба қолға алынды. Осы бастаманың бір тармағы «Киелі орындар» деп аталады. Алаш арыстарының, Абайдың, Шәкәрімнің, Мұхтар Әуезовтің өмірлерімен байланысты жерлерді анықтау, белгі қою жұмыстары да жүзеге асырылатын болады.

Осы ауқымды шаралардың қорытындысы ретінде бүгін біз Абай облысының әкімдігімен бірлесе отырып **«Мұхтар Әуезов және ұлт өркениеті»** Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына жиналып отырмыз.

Конференция 4 секция бойынша жұмыс жасайды, әдебиеттанудың, тіл білімінің, білім берудің өзекті мәселелеріне арналған барлығы 150-ге жуық мақала қабылданды.

Абайтанудың іргесін көтеріп, қабырғасын қатайтқан, шығармашылығы сан қырлы кемеңгер тұлғаны тануға қатысты атқарылар істер әлі түгесілген жоқ. Әріптестерімізбен біріге отырып, осы жерде талқыланған тақырыптар мен секциялық мәжілістерде айтылған ұсыныстарды ескеріп, бүгінгі ғылыми бас қосудың арнайы қарары қабылданатын болады.

Қадірлі қауым, кеңесіміз келелі, мәжілісіміз маңызды болсын!

ҒТАХР: 17.07.51

МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ АУДАРМАШЫЛЫҚ ӨНЕРІ

Бісқақұлы Д., ф.ғ.д., профессор

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, danday_09@mail.ru

Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы аса көрнекті өкілдерінің бірі Мұхтар Әуезов сан қырлы шығармашылық өнер иесі болды. Ол әдебиеттің проза, драматургия, әдеби сын, фольклористика, әдебиетті зерттеу салаларында жемісті еңбек етіп, шоқтығы биік туындылар жазумен бірге аударма саласында да елеулі туындылар қалдырды. Мұхтар аударманың зерттеу, көркем аударма жасау салаларын қатар алып жүрді.

Жазушы Б. Пруттың «Жойқын князь Мстислав» («Мстислав удалой», О. Бековпен бірге, 1933), А. Афиногеновтің «Қорқыныш» («Страх», 1934), Н. Погодиннің «Ақсүйектер» (1936), Н.В. Гогольдің «Ревизор», К. Треневтің «Любовь Яровая» (1937) пьесаларын, В. Шекспирдің «Отелло» (1939) трагедиясын, «Асауға тұсау» («Укрощение строптивой», 1943) комедиясын аударып, сахнаға шығарды.

Л. Толстойдың «Будда» (1918), «Той тарқар» (1931), «Булька» (1936), Ю. Вагнердің «Жер жаратылысы жайындағы әңгімелерін» (1924), А.П. Чеховтың «Аққасқа», Дж. Лондонның «Қасқыр» (1936) атты әңгімелерін, И.С. Тургеновтің «Дворян ұясы» романын (1952) қазақ тілінде сөйлетті.

Мұхтардың 1918 жылы «Абай» журналында жарияланған Л.Н. Толстойдан аударған «Будда» «бұл өзі қазақ әдебиетінің тарихында үлкен із қалдырған Мұхтар Әуезовтің де жазушылық өнерінің баспасөз бетін көрген тұңғыш туындысы деп айта аламыз» (А. Нұркатов. Мұхтар Әуезов творчествосы. Алматы, 1965). Жас Мұхтардың бұл әңгімені аударуына себеп әңгімедегі Шығыстағы гуманистік идеялар атасының бірі – Будда ілімі қызықтырған болуы мүмкін. Қызығып қана қоймай, қазақ оқырмандарын онымен таныстыруды мақсат тұтқан. Қанша уақыт өтсе де өзінің өміршендігін жоймаған өмір сүрудің мына бір қағидаларын бүгінгі күннің оқырманы да қызыға оқиды.

1. Өмірді өлтірме, қор қылма, сыйла.
2. Ұрлама, тонама, еңбегіңнің пайдасын әркімге тигіз.
3. Арамдықтан сақтан, әйелден аулақ бол.
4. Өтірік айтпа, шынды айтудан қорықпа, бірақ махаббатпен.
5. Ойыңнан өсек шығарма, біреудің айтқан өсегін қайта айтпа.
6. Ант ішпе.
7. Бос сөзге уақыт бөлме, істі сөйле, әйтпесе үндеме.
8. Мақтан кума, күндеме. Жақыныңның жақсылығына қуан.
9. Жүрегіңді ашудан тазарт, дұшпаныңды жек көрме. Бар жан иесіне махаббатпен қара.
10. Сенімсіздіктен құтыл, хахтықты ұғуға тырыс» (М. Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Алматы, «Ғылым», 1 том, 1997, 60-бет).

Әңгіме аударма дерлік емес, жазушының өз туындысындай жеңіл оқылады. Оның басты себебі жазушы шығармада көтеріліп отырған жақсы өмір сүру үшін адам не істеуі керек деген мәселенің қазақ оқырманына түсінікті болу жағын ойлап, еркіндеу көсілген.

Бұл жерде будда ілімінің негізгі шарттарының исламға қайшы еместігі байқалады. Жастайынан Абайды оқып өскен Мұхтарға оның әсіресе 36-шы, 38-ші қарасөздеріндегі діни ойлардың Будданың қағидаларымен сәйкес келіп жатқандығы да әсер етіп, ойланып барып, қолына қалам алған сияқты.

М. Әуезов Л. Толстойдың «После бала» әңгімесін «Той тарқар» деп, 1931-жылы аударыпты. Сол кездің өлшемі бойынша, әлі қазақ оқырманына түсініксіздеу «бал» сөзінен гөрі көпшілік назарын бірден аударатын, түсінікті «тойды» алуы ұтымды шыққан. Оның үстіне «послені» «сон» деп, аудармай, «тарқар» деп алуы да әңгіменің атауын шырайландыра түскен.

Л.Н. Толстойдың «Булька», «Булька мен қабан», «Мильтон мен Булька», «Булька мен қасқыр», «Булькаға Пятигорьскіде не болды?», «Булька мен Мильтонның ақыры» тақырыбындағы балаларға

арналған алты әңгімесі «Булька» деген ортақ атаумен басылым көрген. Мұхтар осы алтауын біріктіріп, «Булька» деген атаумен аударған.

Дж. Лондонның «Бурый волк» әңгімесін жазушы «Қасқыр» атап, балаларға арнап, ықшамдап аударған. Әңгіме балалардың түсінігіне оңай, жеңіл оқылады. Ықшамдалу барысында «Медж уверяла,...» деп басталатын сөйлемнен «В то время Как Уолт вполголоса читал свое произведение, внизу, в чаще, послышался какой-то шум»-деген сөйлемге дейінгі тұтас абзац алынып тасталынған. Сол сияқты «Волк был весьма сдержан проявлении своих чувств», «Ирвин не любил долго раздумывать» деген сияқты жолдардың түсіп қалғандығынан аудармаға нұқсан келмеген; керісінше, қазақ баласының ұғымына ауырлау тиетін жерлерінен арыла түсуі барысында аударма құлпыра түскен.

Әрбір шығарманы басынан бастап оқығанда-ақ оның қандай екендігі бірден белгілі болады. «Аңға бару үшін аш қасқыр орнынан тұрды. Аш қасқыр оларды бір-бірден жалап алды да жүріп кетті» (А.П. Чехов. Әңгімелер. Алматы, 1952, 3-бет). Бұл – А.П. Чеховтың «Белолобий» әңгімесінің басындағы «Голодная волчица встала, чтобы идти на охоту. Она облизала их и пошла» (А.П. Чехов. Собрание сочинений. 8 том, Москва, 1956, стр. 25)-деген жолдардың қазақша аудармасы. Бірінші сөйлемнің түпнұсқаға дәлдігі соншалық қолданылған сөздердің санына дейін сәйкес келіп тұр; түсіп қалған, не болмаса, жаңадан қосылған бір де бір сөз жоқ. Ал екінші сөйлемде сәл шұбалаңқылық байқалғандай.

М. Әуезов қазақ әдеби аударма сынының қалыптасуына, теориялық негіздерінің орнығуына айтралықтай еңбек сіңірді. Кезінде шығып жатқан аударма әдебиеттің жай-күйі жайлы өз ойларын баспасөз беттерінде білдіріп отырды. Көркем аударма жасау, оны зерттеу барысында жазылған «Пушкинді қазақша аудару тәжірибелері туралы» (1936), «Ревизордың» аудармасы туралы» (1936), «Қазақ сахнасындағы аударма пьесалары» (1937), «Евгений Онегиннің» қазақшасы туралы» (1937), «Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері» (1955) т.б. сын-зерттеу мақалалары қазақ аударматанушылық ой-пікірін биік деңгейге көтерген, маңызын күні бүгінге дейін жоғалтпаған елеулі еңбектерге айналды.

Ол 1955 жылы жазған «Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері» атты проблемалық мақаласында «Аударма өнерін зерттеушілер өздерінің теориялық дербес пікірінің дәлелді болуы үшін бір-бірінен алшақ тіл жүйелеріндегі келелі аудармаларды тереңірек, толығырақ сипаттағаны пайда болар еді. Мысалы, аударуға қиын тиетін және де бұл реттен жақсы аударма үлгілері бар, өте-мөте жеке қиын сөйлемдердің аудару тәжірибесін ортаға салса, сөз сипаты жағынан, сөздің түбірлік, туындылық құрылыстары жағынан бір-бірінен өзгеше орыс тілінен бурят-моңғол тіліне, не түркімен тіліне аударылған қиын сөйлемдердің аудармасын, оның аса бір халыққа тән жайларын талдап көрсетсе. өте игі іс болар еді» (Мұхтар Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 14-том, Алматы, 1983, 298-бет) – деген ұсыныстар айтыпты. Өзі де аудармашылық тәжірибелерін ортаға салып отырған.

Жазушы қазақ драматургиясында тың туындылар жазумен, жаңа пьесаларға, аудармаларға пікірін білдіріп отырумен бірге өзі де әлемдік әдебиеттің асыл үлгілерінен тамаша аудармалар да жасады. Ол аударған В. Шекспирдің «Отелласы» мен «Асауға тұсауы», Н. Гогольдің «Ревизоры», К. Треновтің «Любовь Яровая», Н. Погодиннің «Ақсүйектері» – бір тілден екінші тілге тәржімалаудың қазақ әдебиетіндегі тамаша үлгілері.

Н.В. Гогольдің «Ревизорының» атауын М. Әуезов аудармай, сол күйінше алыпты. Ревизордың келе жатқанын естіген дуанбасы қарамағындағыларды жинап алып, былай дейді: «Я пригласил вас, господа, с тем чтобы сообщить вам пренеприятное известие: к нам едет ревизор» (Н.В. Гоголь. К нам едет ревизор. Москва, 1979, 366-бет); қазақшасында «Мырзалар мен сендерді бір орасан жайсыз хабарды естіртуге шақырып едім. Бізге ревизор келе жатыр» (Мұхтар Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 17-том, Алматы, «Жібек жолы», 2004, 259-бет). Аудармада екі тілдегі сөздердің санына дейін сай келіп, түпнұсқадағы мағынаның қазақшада да көркем сөйлеп тұрғанын көреміз. Айырмасы орыс тіліндегі үш бөліктен тұратын құрмалас сөйлем қазақшасында екі жай сөйлеммен берілген.

Бұл жерде түпнұсқадағы мәтін, ондағы көркем ойлар сол күйінде бояуын жоғалтпай, қазақ тілінде де сөйлеп тұр. Әр тілдің өзіндік сөз саптаулары болады. Оны сол күйінде аударсаң, түсініксіз былдыр-батпақ балып шығады. Осындай сөз тіркестеріне келгенде де аудармашы мүдірмеген. Орыс тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің қазақ тілінде баламасымен беріліп, көркемдігіне нұқсан келмегенін көреміз.

Мақал-мәтелдерді аударғанда да тапқырлық тауып отырған. Мысалы: «Каждый сверчок, знай свой шесток» – «Аяз әлінді, құмырсқа жолыңды біл», «Слона не заметит» – «көрмес түйені де көрмес».

М. Әуезов әлем әдебиетінде екі тұлғаны ерекше құрмет тұтқан. Олар прозадан орыс жазушысы Л.Н. Толстой болса, драматургияда ағылшынның атақты драматургі В. Шекспир болатын.

Ұлылардың шығармаларын көп оқумен бірге оларды қазақ оқырмандарына таныстыру мақсатында бірнеше мақалалар жазды; тәрбиелік, тағлымдық жақтарынан пайдалы, көркемдігі кемел туындыларын қазақшалады.

Ағылшын жазушысы В. Шекспирдің даңқын әлемге шығарған «Отелло», «Асауға тұсау» драмаларын қазақ тілінде сөйлетті. «Отеллоны» орыс тіліне жиырма шақты адам аударыпты. Мұхтар солардың ішінен Анна Радлованың 1935 жылы жарық көрген нұсқасын таңдайды.

Драмадағы өлеңдер негізінен, дәл аударылған. Бұл жерде алдымен, көзге түсетін ерекшелік – орысшасындағы 10-11 буынды өлеңнің қазақшасында 7-8 буынды өлең өлшемімен аударылуы.

Мына жолдар қазақшаға дәлме-дәл аударылған.

«Яго! Будь уверен во мне.

Гони деньги.

Я часто говорил тебе и говорю снова и снова, что ненавижу мавра: у меня кровная на то причина, и у тебя причина – не менее основательная.

Давай, соединимся, чтобы отомстить».

Қазақшада:

«Маған шәк қылма. Ақшанды төк.

Мен көп айттым ғой саған, тағы, тағы айтайын – маврға өшпін. Өшігетін жөнім бар, сенің де себебің олқы емес, кел екеуміз бірігелік те кек алалық» (сонда).

Бұл жолдарды салыстырғанда, «Яго» қаратпа сөзі мен «кровная» қазашада түсіп қалған да, «айда» мағынасын білдіретін «гони» «төк» болып, аударылған.

Аудармашы синьор, суфлер, лейтенант, генерал, герцог сияқты қазақ тілінде баламасы кездеспейтін сөздерді өзгертпей, сол күйінде алған. Ал труба – керней, флейта – сырнай, свита – нөкер, ядро – топ, ночная рубашка – ет көйлек, мнительный – сезікшіл, чудной – ерепейсіз, благородный – асылзада, льстивый раб – жорға құл, дикая драка – қырықпышақ, убитый гневом – ашуынан қайғы шеккен, клянусь христовой верой – иманыммен ант етемін, катехизис – мөңкір-нәңкір, хаос – додақ, монахиня – сопы қатын, т.б. секілді ұғымында ұлттық реңк бар жекелеген сөздердің, сөз тіркестердің аударылуы сәтті шыққан.

Қазақ драматургиясының, қазақ театрының әлемдік арнаға түсуіне тарихи еңбек сіңірген М. Әуезовтің «Отелло» драмасын сәтті аударуы қазақ мәдениетінің елеулі оқиғасына айналды. Аударыла салысымен Қазақ драма театрының сахнасында қойылып, зор табысқа жетті. Күні бүгінге дейін Қазақстанның театр сахналарынан түспей келеді.

М. Әуезов орыс әдебиеті көрнекті өкілдерінің бірі И.С. Тургеновтің «Дворяндар ұясын» қазақша сөйлетті. «Дворян ұясы» романының қазақша аудармасы туралы мақала жазды. Онда «Орыс халқының ұлы классиктерінің бірі Иван Сергеевич Тургеновтің «Дворян ұясы» атты романын қазақшалап, біздің оқушыға ұсынуды мен көптен мақсат еткен едім. Қазір осы аударманы бастырумен қатар, роман туралы және өзімнің осы романды аудару жөніндегі іздену, мақсат, талаптарым туралы кейбір пікірлер айтуды қажет деп білдім» дей келіп, жалпы аудармаға қойылар талаптар жайында айта еліп, осы романды аудару барысындағы тәжірибелері жайлы ойларын ортаға салыпты.

«Мен шамам келгенше, ең алдымен, романды дәл аударуға тырыстым. Тек дәл аудару ғана үлкен жазушының тіл, стиль, сөйлем ерекшеліктерін бере алатын болады, бұл жөніндегі дәл аударуды мен сөйлеміне сөйлем орай етіп аудару деп түсінемін. Сондықтан қанша ұзын болса да, романның өзіндегі сөйлемі үзіліп, бөлшектеніп, бірнеше сөйлем болып берілмейді. Соның орайына орысша тексттің өзінде болған тыныс белгілерінің (пунктуацияның) көбі қазақша текстте де мол қолданылады. Сөйтіп, Тургеновтің сөйлемдері қазақшасында да өзінің ұзынды-қысқалы көлемімен дәл беріледі. Бұлай етудің себебі бар. Орыстың ұлы классикалық әдебиет үлгісін аудару арқылы аударушы-жазушы мен өзім сол асыл нұсқаның шеберлігін үйренуге тырысамын. Және, әсіресе Тургеновті өз қалпында дәл беру арқылы сол шебердің анық, нақтылы өзгешеліктерінің бәрімен өзіміздің оқушы жұртшылығымызды дәл таныстыруға тырысамын. Сөйлемін дәл беру - жазушының стилін дәл беруге төтелей себепші болады. Стилін білсе, сол жазушының өзгешелік, ерекшелік қасиеттерін де толық танитын болады. Олай болса, Тургеновті өзінің тургеновтік сөйлемдерімен, Гогольді гогольдік периодтарымен, сол сияқты Шолоховты және де өзінің сөйлем ерекшеліктерімен дәл беруге тырысу керек...» (Мұхтар Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 30-том, Алматы, «Жібек жолы», 2007, 225-бет).

Үзіндіні ұзағырақ келтіруге мәжбүр болған себебіміз, мұнда ұлы жазушының жалпы көркем аударманың негізгі ұстанымдары жайлы пікірлеріне назар аудару, сонымен бірге аудармашы ретінде қолданған әдіс-тәсілдері мен тәжірибесіне назар аудару еді. Бір сөзбен айтқанда, жазушы көркем

аудармада түпнұсқадағы жазушы стилінің барынша сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемінің сәйкес келуін, яғни дәлме дәл келуін жақтайды.

Сонымен, әлемдік әдебиеттің озық үлгілерін қазақша сөйлеткен М.Әуезов аудармаға қойылар биік талаптардың деңгейінде көріне білді. Мұндай пікірді айтып қоя салмай, өзі де «Дворяндар ұясы» секілді қазақ аудармасының тарихындағы тәржіменің озық үлгісін жасады.

Әдебиеттер

1. Аударманың лексика-стистикалық мәселелері. – Алматы, 1987, 214 бет. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы, «Ғылым», 1 том, 1997/ – 472 б.
2. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 14-том. – Алматы, «Жібек жолы», 1983/ – 376 б.
3. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 30-том. – Алматы, «Жібек жолы», 2007/ – 425 б.
4. Гоголь Н.В. К нам едет ревизор. – Москва, 1979/ – 366 б.
5. Қазыбекова Г. Аударманың лексика-стистикалық мәселелері. – Алматы, 1987/ – 214 б.
6. Чехов А.П. Әңгімелер. – Алматы, 1952/ – 270 б.

ҒТАХР: 17.08.99

КӨКСЕРЕКТІҢ КӨЗІМЕН МҰХТАР ӘУЕЗОВ

Орхан Сөйлемез, PhD, профессор, әдебиеттанушы ғалым
Түркия, Кастомону университеті

Ежелгі ғасырлардағы қазақтардың даладағы көшпелі өмір сүру салты қазақ ауыз әдебиетінің шырқау шегіне жетуіне әсер етті. Ұрпақтан-ұрпаққа ауыздан-ауызға жеткен қазақ мәдени мұрасының бұл түрі негізінен өлеңдерден тұрады, өйткені прозадан гөрі сөз ұйқасы және мөлшері бар өлеңдерді жаттап алу оңай. Сонымен қатар, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің дамуына мұсылмандық шығыс географиясының осы аймақтағы халықтардың поэзиялық, әдеби ортасы әсер етті. Орта ғасырлық классикалық ислам әдебиеттерінің ең жақсы мысалы Шағатай әдебиеті болып табылады. Бұл әдебиет Орта ғасырлық ислам әдебиеттерінің жарқын мысалдарын құрайды және Орталық Азиядағы барлық түрік халықтарының үлесі бар әдебиет түрі. XIX ғасырдан бастап түрік халықтарындағы прозаның дамуы және оның заманауи түрлерінің пайда болуы бір уақытты қамтиды. Осман түріктері Батыс Еуропаның, Францияның, әсіресе француздардың әсерінен жаңа прозалар, мәселен, романдар, әңгімелер, театр сияқты заманауи жанрларда шығармалар және жаңа проза тілін құра бастағанда, Ресей жаулап алған түрік халықтары орыс әдебиетін модернизациялаудың әсерінен батыс жанрларымен де танысады. Бұл жағдай қазақтарға да қатысты. Орыс басқыншылығынан кейін отырықшылыққа көшкен қазақтарда жазба әдебиет қалыптаса бастады және бұл даму қазіргі проза жанрының пайда болуына әкелді.

Мұхтар Әуезов Қазан төңкерісіне дейін де, кеңестік кезеңде де шығармалар жазған қаламгер ретінде қазақ әдебиетінің роман, повесть, театр сынды заманауи жанрлармен кездесуіне өз үлесін қосып, қазақ тілінің әдеби проза тіліне айналуына да қызмет етті. Әуезов әлеуметтік тақырыптарды ойдағыдай қозғай отырып, патшалық отаршылдық тұсында қазақ халқының басынан өткерген әділетсіздікті, әлеуметтік сыбайлас жемқорлықты, қазақтың ұлттық өмірін Абай өміріне сүйене отырып, қазақ халқының тәуелсіздікке деген ұмтылысын әдеби стильде Көксеректің қарсыласу белгісі арқылы суреттей алған ұлы жазушы.

Бала күнінен Абай Құнанбаевтың өлеңдерін оқып, оны рухани ұстаз етіп өскен Мұхтар Әуезов те атасының арқасында ауыз әдебиетінің туындысы болып табылатын аңыз-әңгімелер мен поэмаларды оқып, танысуға мүмкіндік алады. Бұл орта Мұхтар Әуезовке жастайынан әдебиетпен етене араласуға мүмкіндік береді. Оның қазақтың ұлттық мәдениетімен сусындап, өсуі әдеби талғамының қалыптасуына ықпал етеді. Жазушының білім ізденумен өткен өмірі де, өскен мәдени ортасының көрсеткен қолдауы да оның ерекше интеллектуалдық шыңдалуына себеп болды. Әуезов әуелі медреседе оқып, араб тілін үйренеді, кейін орыс мектебінде және Семейдегі жоғары мұғалімдер мектебінде оқиды. Жазушы 1928 жылы Ленинград университетінің филология факультетін бітіріп, Ташкентте докторлық диссертациясын қорғады. Орыс жүйесіне негізделген заманауи білімінің арқасында Әуезов қазіргі орыс және әлем әдебиетімен танысуға мүмкіндік алды. (Қоң-İşina-

Korganbekov, 2007: 556-557) Ауызша мәдениет пен ислам мәдениетінен сусындаған Әуезов қазақ мәдениетінің терең интеллектуалды болмысын заманауи филология білімі арқылы ресейлік және батыс мәдениеттеріне танытады.

Мұхтар Әуезовтің маңызды ерекшеліктерінің бірі – ХХ ғасырдағы барлық түркі халықтарының модернизация және ағартушылық жұмыстарына қатысуы және халықтың проблемаларын шешуге ықпал ететін мақалалар шығаруға қатысуы еді. Әуезов 1917 жылдан бастап қазақ халқының тарихи және әлеуметтік мәселелерімен айналысады. Алаш газетінде «Қазақтардың басқа қырлары» және Сарыарқа газетінде «Адамдық негізі әйел» атты алғашқы мақалалары оның еңбектеріне назар аударған алғашқы мысалдарының бірі болып табылады. Бұл жазбаларда Әуезов қазақ халқының тарихи процесстегі және қазіргі әлеуметтік мәселелер бойынша қиындықтарымен айналысады. Жалқаулық, паракорлық және надандық сияқты мәселелерге баса назар аударатын автор қазақ халқының дамуы үшін олардан құтылу керектігін баса айтты. Сондай-ақ, Әуезов әйелдің проблемасына назар аударып, әйелдің әлеуметтік рөлін түсіндіруге тырысады (Қоң-Ішіна-Korganbekov, 2007: 557).

Мұхтар Әуезов – қазақ прозасының негізін қалаушылардың бірі. Бұған дейін Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде прозалық жанрда жұмыс жасады, бірақ батыс стиліндегі прозалық мысалдар қазақ әдебиетіне Мұхтар Әуезовтің шығармаларымен алғаш көріне бастайды. Сәбит Мұқановтың айтуынша, «Мұхтар Әуезов – бұл Қазақ әдебиетіне Батыс прозасы туралы түсініктерін еңгізген жазушы». Айтматов, Әуезовтің Орта Азия әдебиетіне әсерін Пушкиннің орыс әдебиетіне әсерімен салыстырады. Әуезов өзінің зерттеушілік тұлғасы мен суретші тұлғасын шебер үйлестіре отырып, халық мәдениетін әдеби шығармалардың көркем әдебиетіне орналастыра отырып, суретші өзінің пікірі мен білімін синтездей отырып, әдеби шығармалар жазады (Ғинар, 97: 15-16).

Мұхтар Әуезовтің әдеби тұлғасын бағалау кезінде оның өнерін екі негізгі кезеңге бөлуге болады. 1917-1930 жылдар аралығында бірінші кезең, 1930 жылдан бастап ол қайтыс болғанға дейінгі кезең екінші кезеңді құрайды. Автор бірінші кезеңде революцияға дейінгі Қазақ даласының өмірімен айналысады, ол екінші кезеңде колхоздың өмірін түсіндіру арқылы қоғамға қатысты социалистік ойдың әсерін көрсетеді. Әуезов қаламын коммунистік партияның жетекшілеріне бермейді, соның ықпалынан үлкен сынға ие болады (Ғинар, 97: 14-15). Бұл көзқарасқа байланысты автор қазақ ұлттық мәдениетін әдебиет арқылы кеңес дәуірінің жағдайлары мүмкіндік беретіндей шамада көрсетуге тырысады.

Мұхтар Әуезов – бұл тек қазақ мәдениетін ғана емес, сонымен қатар барлық түрік халықтарының мәдениеті мен әдебиетін қорғауға тырысатын зияткер. Әуезовтің Манас эпосын қорғауда батылдық танытуы Айтматовқа қатты әсер етті. Айтматовтың, Мұхтар Шахановпен пікірлескен *Құз басындағы аңшының зары (Şafak Sancısı)* атты еңбегінде көрсеткендей Совет сыншылары Қырғызстанның ұлттық қазынасына шабуыл жасай бастады¹. Шабуылдың себебі – шығармадағы Манастың бай билеушінің ұлы ретінде басты кейіпкер болуы, сол себепті бұл еңбек социализмге қайшы келетін еді. Кеңес әкімшілігі социалистік насихатты насихаттамайтын шығармаларды «реакциялық жұмыс» немесе «феодалдық жұмыстар» деп сипаттайды және нысанаға алады. Мұндай ортада Манас эпосының әдеби шығарма ретіндегі беделі дау-дамайға айналады. Кездесу КСРО Ғылым академиясының Қырғызстандық филиалында Манас эпосы туралы қорытынды айту үшін кездесу тағайындалады. Қырғыз халқы Манас эпосын қатты жақсы көретіндіктен, бұл эпостың жоқ болып кету қаупі бар деп қорқады және барлық халық бұл жиналысты көруге барады. Осы аудиторияда ол кезде әлі әйгілі жазушы бола қоймаған жас Айтматов да бар еді. Айтматовтың айтуынша, алғашқы баяндамашылар Манас эпосына қарсы жұмысты бастайды және шығарманы қаралаумен болады. Эпосты қорғағысы келетіндер, тіпті олар осы сөздерді естісе де, олардың шығып қарсыласуына батылы жетпейді. Сөз кезегі Мұхтар Әуезовке келеді. Әуезов эпосты қорғайды, ол Манас эпосының мәдени қазына екенін және баяндамашылармен бірге сол жердегі барлық адамдарға әсер етеді. Жиналыс бөлмесінде көпшілік Мұхтар Әуезовтің ойымен келіседі. Айтматов конференция аяқталған кезде, «біз Манасты құтқардық» деген қуаныштан көз жастарына ерік берген қырғыздарды көрді. (Айтматов-Шаханов, 2015: 63-65) Халық кеңестік тезистерге қарсы шығудан қорқатын кезеңде Мұхтар Әуезов зиялы әдебиеттанушы ретіндегі батылдығымен өзінің қазақ халқы үшін ғана емес, бүкіл түркі халықтарының мәдениеті мен әдебиеті үшін қаншалықты маңызды екенін көрсетті.

Мұхтар Әуезов – әдебиеттанудың шыңы. Оның үстіне, оның сыни жазбалары қазақ әдебиетімен шектелмейді. Әуезов бүкіл Кеңес Одағында алға қойған әдебиеттерді қадағалайды және оның

¹Шыңғыс Айтматов, Мұхтар Шаханов. *Құз басындағы аңшының зары (Ғасыр айрығындағы сырласу)*. Алматы: Рауан, 1997. 352 бет.

ұстанымымен ол өз кезеңінің әдеби өмірінде шешуші рөл атқарады. Бұған Әуезовтің Айтматовтың «Жәмила» атты шығармасына арнаған мақаласы жарқын мысал бола алады.

Айтматов Жәмиланы жазған кезде, оны Кеңес сыншылары нысанаға алады. Бірақ Луис Арагон мен Мұхтар Әуезов бұл шабуылдардан Жәмиланы қорғап шығады. Мұхтар Әуезовтің мақаласы «Жолың ашық болсын» деп аталады. Осы мақалада Әуезов, Айтматовтың қырғыз әдебиетіне әкелген ең маңызды жаңалық, бұл адамдар арасындағы қарым-қатынасты өте табиғи жолмен көрсеткенін сипаттайды. Әуезовтің айтуынша, Айтматов өзінің сипаттамасы мен шығармашылығының соңғы сатысына жетті. Автордың айтуынша, Айтматов осы тарихта кейіптеу мен психологиялық негіздеуде шебер бейнелеп, қайталанбас, әрі сапалы туындыны жарыққа шығарды. Әңгімеде сипатталған оқиғалар күнделікті өмірде кездесетін қарапайым оқиғалар сияқты болса да, Жәмила және Даниярдың сүйіспеншілігі оқырманға өте қатты әсер етеді. Бұл махаббатты сипаттайтын бақылаушы бала да сәтті бейнеленген. Әуезовтің айтуынша, сәтті лирикалық әңгіме тек Жәмила сияқты болуы керек. Қырғыз әдебиетінде және Орта Азия әдебиеттерінде авторлар романға көбірек көңіл бөлгенімен, әңгіме жанры қалаған деңгейде дамымады. Әуезовтің айтуынша, Айтматовтың Жәмила сюжетіндегі жетістігі бұл олқылықты толтырады. Әуезов өзінің мақаласын Айтматовқа «Жас жігіт, жолың ашық болсын» деп аяқтайды. (Avezov, 2021: 183-185) Осы қысқа, бірақ тиімді бағалаумен Мұхтар Әуезов Айтматовты әлі жас жазушы болса да қорғайды, жазба кеңестік қоғамдық пікірде ықпалды болады. Айтматов Әуезовке өмір бойы ризашылығын білдіреді. Айтматов Мұхтар Әуезовке деген сүйіспеншілігін келесідей сипаттайды:

Мен екі Мұхтарды білемін. Әкем сияқты мені қорғаған, жетекшім, менің ұстазым, әйгілі жазушы Мұхтар Әуезов. Екіншіден, сөздің тура мағынасында ақын, ұзақ жылдар сырласым, бауырым және менің досым Мұхтар Шаханов. (Aytmatov-Şahanov, 2015: 4)

Мұхтар Әуезов қазақ әдебиетіне өз романдарымен және әңгімелерімен үздік жұмыстарын ұсынды. Бірақ өз туындыларын маңызды ететін себептердің бірі – Кеңес дәуірінің қысымына қарамастан, оның қазақ мәдениеті мен ұлттық бірегейлігін қорғайтын мазмұны еді. Тек қана партиялық үгіт-насихатқа үндейтін еңбектерді жазу міндеттелген уақытта да Әуезовтің «Абай жолы» романы мен «Көксерек» әңгімесін жазуы – зиялылық сезімінің көрінісі ғана емес, сонымен қатар үлкен батылдық еді. «Абай Жолы» романында қазақ әдебиетінің ұлы адамы – Абай Құнанбаевтың өмірі, сондай-ақ қазақ мәдениеті мен өмірі боямасыз, көркем суреттелді. Абай – ныспысы қазақ болып табылатын әрбір қазақ білуі керек ұлттық ақын. Оның өмірі арқылы үлгілі рөлді ұсынған Мұхтар Әуезов қазақ халқына өз қателіктерін көрсетіп, Абайдың жолымен жүруге кеңес берді және осылайша оқырманның ұлттық сезімталдығын арттыруға кеңес берді. Көксерек – Мұхтар Әуезовтің Ресейдің ассимиляция саясатына қарсы тұру мәселесін нышандық түрде көрсеткен маңызды жұмыс. Бұл оқиғаның кейіпкері – қасқыр. Адамдар Көксеректі апанынан ұрлап, оны ауылға апарып, мойнына қарғы бау салады. Мұндағы мақсат – оны иесіне мойынсұндыру. Көксеректі ұрлап алған ер адамда Құрмаш есімді баласы бар. Құрмаш, Көксеректі қатты жақсы көреді және оны иті сияқты қабылдайды. Бастапқыда, ауладағы иттер күшікке шабуыл жасайды. Уақыт өте келе ол өсіп, иттерді ығыстырып, жеңе бастайды. Ол өскен сайын, оның жүрісі және мінез-құлқы жабайы қасқырға ұқсай бастайды. Мұны көрген ересектер Көксеректің әлі де ит емес екенін түсінеді, қасқырдың табиғатта қасқырлық болмысын сақтауды жалғастыратынына көздері жетеді.

Бұл әңгімеде Мұхтар Әуезов оқырманға символдық түрде өте маңызды хабарламалар бергені көрінеді. Қазақ халқының бір мүшесі ретінде Мұхтар Әуезов – бұл елдің құндылықтары мен ұлттық ерекшелігіне байланған зиялы. Осы себепті, қазақ халқының мәңгірттенуіне қарсы шыққан автор өзінің ұлттық құндылықтарын қорғап, өзгеше болмау туралы хабарды оқырманға жеткізу үшін Көксерек атты қасқырды символ ретінде қолданады. Көксерек деген қасқыр бейнесі қазақтарды, сонымен қоса барлық түркі халықтарын сипаттайды. Қасқыр символы – барлық түркі халықтарының эпостарындағы басты ұлттық символ. Көксеректің апанын бұзу арқылы орыстың ықпалына түсіп жатқан түркі халықтарының бодан болуын көрсетеді. Қасқырды итке айналдыру үшін жасалған айлалар түркі халықтарының ассимиляциялауға және орыстандыруға бағытталған әрекеттерді көрсетеді. Құрмаштың әкесі Көксеректі итке айналдыруға тырысса да, ол жетістікке жете алмайды. Өйткені ол есейген сайын күшейе түседі және өзінің заты қасқыр екенін ашады. Мұнда Мұхтар Әуезов халық өздерінің ұлттық болмысын қорғауды, орыстардың күштеу немесе құйтұрқы мәдени саясаты арқылы жүргізетін ассимиляция саясатынан қорғануды Көксерек сияқты жеке басын қорғауы қажет екенін айқын көрсетеді. Қасқырдың өзі болмысын жоғалтпаған кезде, халық та өздерінің ұлттық тамырларын жоғалтпауы керек. Көксерек алдымен қойларды өлтіріп, содан кейін Құрмашты өлтіріп өшін алуы, мәңгірттенбеген халықтың өздерінің күштерін нығайту арқылы тәуелсіздігіне жетеді деп көрсетеді. Қасқыр алдына қойылған табақ аспен мойынсұнып ит болмаса, өздерінің ұлттық

құндылықтарын ұстанатын адамдар ассимиляция саясатына қарамастан өздерінің жеке басын жоғалтпайды (Söylemez-Azap, 2020: 51-58). Мұхтар Әуезов бұл ойларды символдармен түсіндірді. Осы себепті Әуезов - ең қиын жағдайда да өзінің ұлттық құндылықтарына қызмет еткен зиялы тұлға деп айту қажет.

Қорытынды

Театр, роман, әңгіме және әдебиеттануды қазақ әдебиетіне енгізуде жасаған зор еңбегі үшін Мұхтар Әуезов – үздік жазушы және ұлт зиялысы. М.Әуезовтің сезімталдығын оның шығармаларынан көруге болады. «Абай Жолы» романында, қазақтың символдық есімі – Абайдың өміріне негізделген қазақ мәдениетін көрсетуі және «Көксерек» әңгімесіндегі символдық тілмен орыстандыру саясатына қарсы тұруы, бұл Әуезовтің ұлттық аспектісі көрсетілген екі маңызды мысал. Автордың ескертулері кеңес дәуірінің жағдайымен байланысты жасырын көрсетілген.

Мұхтар Әуезов сонымен бірге қазақ мәдениетіне өзінің ғылыми зерттеулерімен де өз үлестерін қосты. Әдебиеттанушы ретінде ол тек қазақ халқын ғана емес, сонымен қатар барлық түркі халықтарының мәдениеті мен әдебиетін қабылдады. Әуезовтің Қырғызстан эпосын батыл қорғауы және жас жазушы Айтматовқа ағалық қамқорлық көрсетуі, оның ерекшелігін сипаттайтын нақты мысалдардың бірі.

Мұхтар Әуезовтің көзімен «Көксерек» әңгімесіне қарасақ, Көксерек ұлттық қарсылық символы екені көрінеді. Бірақ бұл көзқарас жеткіліксіз. Бұл үшін Мұхтар Әуезовтің еңбектеріне Көксеректің көзімен қарау қажет болады. Басқаша айтқанда, Әуезовтің еңбектерін ұлттық жеке басын жоғалтпау үшін қарсы тұрған, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ұлт өкілдерінің көзімен оқып шығу керек. Әуезовтің барлық жұмыстарында ұлттық сезімталдық бар және бұл шығармалар бүгінде қазақ халқы үшін ұлттық бағдар болып қала береді.

Әдебиеттер

1. Avezov, M. (2021). “Yolun Açık Olsun”. Tanrı Dağlarının Zirvesi Aytmatov. (Editörler: Orhan Söylemez, Kemal Göz, Halit Aşlar). Ankara: Bengü Yayınları.
2. Aytmatov, C., Muhtar, A. (2015). Şafak Sancısı. (Құз басындағы аңшының зары) (Çev. Damira İbragim). Ankara: Bengü Yayınları.
3. Çınar, A. (1997). “Muhtar Avezov ve Sanatının Kaynağı.” Bilig, S. 5, s. 11-19.
4. Коç, К., Ышина, А., Korganbekov, B. (2007). Kazak Edebiyatı 2. İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık.
5. Söylemez, O., Azap, S. (2020). Türk Dünyası Edebiyatları Hikâye Çözömleri. İstanbul: Kesit Yayınları.

FTAHP: 17.09.91

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ БІР МАҚАЛАСЫ ХАҚЫНДА

Еспенбетов А.С., ф.ғ.д., профессор

Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шәкәрім университеті

Абай есімін журналдарына беріп, ұстанымдарына Алаш идеяларын бағдарлама етіп алған ХХ ғасыр басындағы зиялы қауымның айтар ойы да, қолға алған ісі де ірі әрекетке бет бұрды.

Қазақтың бодандық бұғауынан құтылып өзін-өзі билеуі, автономия құруға ұмтылу, Алашорда үкіметін жасақтауға кірісу, ұлттық бостандық пен бірлік, теңдік үшін күрес алаштықтардың алдында тұрған мақсаттар санатында. Алаш партиясының бағдарламасында көрсетілгендей іргесі бөлек мемлекет құру, жер билігі жергілікті мекемелерде болу, елін, жерін қорғайтын әскер құру, бірте-бірте сегіз сағаттық жұмыс күнін кіргізу, жалпы міндетті оқу енгізу, жиылыс, баспасөз бостандығы берілуі сияқты көптеген мәселелер көтерілген.

Алаштықтардың мақсаты биік, ұстанымы жоғары, талаптары зор болатын. Ең бастысы алаштық сананың, ұлттық идеяның қалыптасуы – аталған кезеңнің жемісі. ХІХ ғасырдың аяқ шенінде Абай негіздеген ұлт мұраты мен елдік мүдде, қазақы таным, адамтанушылық үрдіс – Алаш ақиықтарының адастырмас Темірқазығы. Абай шығармашылығы өзінен кейінгі әдеби дамудың бағыты мен бағдарының жаңа сатыға көтерілуіне ықпалын тигізді. Ұлы ақын мен алаштық ұстанымдар тұтасып кетті. Шырт ұйқыдан оянып, заманы шапшаң есейткен алашшыл сөз зергерлерінің ортасынан оза шығып бірден даралығымен көрінген киелі қалам иесі Мұхтар Әуезов еді.

Алаш көсемсөзі қарлығаштары қатарынан орын тепкен «Қазақтың өзгеше мінездері», «Адамдық негізі – әйел», «Оқудағы құрбыларыма», «Қайсысын қолданамыз», «Ғылым» т.б. проблемалық мақалаларымен қазақ қоғамындағы қордаланып қалған түйткілді жәйттерді қаузап сан қилы мәселелердің шешуін іздеді жиырмаға енді ілінген Әуезов.

М. Әуезовтің 1918 жылы «Абай» журналында жарияланған «Япония» (бұдан былай Жапония – А.Е.) мақаласындағы [1] өрелі ойлар – қазақ сахарасы үшін тосын құбылыс. Мәселе мақаланың атауында ғана емес, көптің талқысына тартқан салмақты толғамдарында.

Мәселенің тарихына үңілсек, өткен ғасырдың басында алаш ардақтылары жапон тақырыбын әртүрлі қырынан қарастырған. Ә. Бөкейхан, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов, М. Дулатов, Қ. Кемеңгерұлы, тағы басқалар әңгіме желісіне тартқан. Ж. Аймауытов тауып айтқан: «Ұлтын шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін елетіп отыр. Ұлты үшін құрмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр. Ұлтшыл жұрттар, әне, Германия, Жапония, Англия, Түркиялар, олардың баласы жасынан «ұлтым» деп өседі. Есейген соң бар білімін, күшін өз жұртының күшеюіне жұмсайды. Олардың әр адамы – мемлекеттің керегі, қызметкері» [2, 118].

М. Әуезов арнайы мақала арнап еңбекқорлықпен, жинақылықпен әлемдік дамуда оза шыққан жапон ұлтының жолын ұстануға жол нұсқады.

Алаш көсемдері автономия ала қалған жағдайда қалай өмір сүреміз, мемлекеттің үлгісі қандай болуы керек, ұстанар бағытымызды айқындау қажет дегендей сан салалы сауалдарға жауап іздеді. Әуезовтің «Жапония» тарихи-философиялық көсемсөзі қалың бұқара сусаған сауалдардың өтемі іспетті.

Жаңа ғана патша отарлығынан құтылған, қазақ жұртына үлгі тұтар ел қажет еді. Әлемдік өркениеттің жай-жапсарын жете бағамдай білген М. Әуезов үлгіге Жапон мемлекетін алған.

«Бұрынғы бір беткей айланып, ғылымсыз қара күштің ілгері дәрежеге тез жету халықтың өз еңбегімен, басшының епті саясатымен ғана әзер болатын. Ал бұл заманда надан халықтың қатарға кіріп кетуіне себеп болған жүз тараулы шарттар бар. Ол шарттардың бәрі де бас-басына терең оймен, еппен, қажымайтын қайратпен, малды, жанды аянбай сарп етерлік талап еткенмен ғана орнына келтіріп, одан кейін орыннан үміт қылуға болады» дей келе:

«Жапонияның әуелгі мешеу болып, дүние жарығынан меңіреу болып, өзінің, өзгенің не күйде екенін білмей отырған қалпынан шығуына себеп болған нәрсе – өзге Англия, Франция, Голландия секілді білімді жұрттардың Жапонияның надандығымен пайдаланғысы келген қомағайлығы болды» [1, 10] деп түйін жасайды.

1868 жылдағы жаңалық «Жапонияның қанына сіңген ұлтшылдық, жігерлілік қанын» оятып, зор өзгерістердің басы болған-ды. М. Әуезов құнттап отырған 1868 жылғы жаңалық не? Ол – Мэйдзи революциясы әкелген саяси, әскери және әлеуметтік-экономикалық шаралар жиынтығы, Төңкерістік реформа Жапонияны бірнеше ғасыр билеп-төстеген Токугава сёгун ақсүйектер әулетін тақтан тайдырып императорлық билік (министрлер советінің бастығы) дүниеге келді. Императорлық басқару мемлекеттік құрылымның түбегейлі өзгеріске түсуіне, заңнамалық жүйе құрылып өнеркәсіп, экономика, ғылым, білім, дін салаларының жаңаруына, жандануына ұйтқы болды. Мэйдзи реформасы әлемдік өркениет жаңалықтарының Жапон мемлекетінің тұрмыс-тірлігіне дендеп енуін қалады. Небәрі жиырма-отыз жыл деңгейінде реформа жемістерін бере бастауы жапон зиялыларын қанаттандырды. Жапон халқының тұрмыс қалпы жедел дами бастады.

М.О. Әуезов мақаласында қазаққа үлгі боларлық дүниелерді бөліп көрсетті.

Бірінші – «Жапония Еуропа не істесе, соған көз жұмып ере берген жоқ. Әрқайсысының жиып апарған білімін зейінге салып, сынап, өздеріне қолайлы, жақсы дегендерін ғана алатын болды» [3, 14].

Екінші – «Жаңалық бола бастаған соң Жапонияда әртүрлі өнерліге, әртүрлі білгіштерге мұқтаж болды. Ол мұқтаж адамдар Еуропада мол. Сол себепті олар күнбатыстан профессорлар, өнерлілерді шақырып әкеле бастады. Бірақ шеттен келген адамдарға шарт қойып отырды. Ол шарттар: Жапонияның ұлттығына зиян келтіретін нәрселерді оқытып жүрген шәкірттерінің жүрегіне сіңірмеулері, мұндай мінездері байқалған адамдар болса қызметтеріне кіргізбеді» [3, 14].

Үшінші – «Жапонияның патшасы, министрлері түгелімен білімді адам болған соң, бәрінің де жаттан алған жолдары малды-басты аямай, Жапонияға ғылым, өнер кіргізу. Осы себепті Жапонияның жас оқығандарының халыққа істейміз деген жақсылық мақсаттары болса, бәріне әлгілер алдымен өздері көмекші болып тілеген жаңалықтарын орнатып беріп отырады» [3, 15].

Төртінші – «Енді Жапонияның әйелінің хәліне келейік. Бұрынғы уақытта Жапонияның әйелі елеусіз күйде болып, ескі ата-бабаларының салтымен әйелге өсіп-өну көзімен ғана қарайтын. Бұл күнгі жаңалық ағымы ол салтты қалдырып, әйелді де мемлекеттің құрметті мүшесінің бірі деп біліп, қатарға

кіргізіп барады. Әйелдер үшін төменгі дәрежелі мектептер өз алдына жоғарғы дәрежелі мектептер де салына бастады. Жапонияда әйелдер оқитын мектептердің тәртібі бұл күнде Еуропа әйелдерінің мектептерінен артық бір түр тапты. Әйел оқығанда бір жағынан үй ішінің шаруасын үйрену керек, бір беткей оқумен кететін еуропа әйелдері үй шаруасына ыңғайы аз, еркек секілді сөлекет болады, өмірден алыстап кетеді деп, бар әйелдер мектебінде шаруа жағын құнттап тәрбие қылады» [3, 15].

Түйіп айтсақ, М. Әуезов болашаққа қазақтың өз алдына ел болуы қажет үлгі-өрнектерді ұсынды. Алаш зиялыларының басты арманы – қазақ елінің жеке мемлекет ретінде қалыптасу «Жапония» бағдарламалық еңбегіндегі алтын діңгек. Халқына жол көрсетіп, бағыт сілтеудегі іздеп тапқан асыл мұраты. Қаршадай жас Мұхтардың қорғасындай салмақты толғамдары ұлтжандылығының нақты мысалы.

Бір ғажабы дамудың жапондық жолын нұсқау тағы да «Абай» журналын парақтағанда жолығады. Мақала авторы қазақтың ұлы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров «Социализм» туындысында Жапония алған белестер сөз ауанына тартылып «егер де қазақ Еуропаның даяр жолдарына түспей өз беттері, өз алдарына жол салуын тосып отырса Еуропа қатарына кірудің алыстығы сонда болар еді... жапон да осы халіне Еуропаның пісулі астай даяр өнерін алумен жылдам жетті» [4, 2], – деп ғибрат алуға тілектес тілеуқорлық білдіреді.

Бұған қарағанда, Торайғыров пен Әуезов дербес мемлекет болу мәселесін бірлесіп талқылаған ба деп қаласыз. Пікір үйлесімі, елдік мүдде табыстырған ортақ мақсатқа таңдай қағып тамсанасыз.

Кейініректе, отыз жетінің қызыл қырғыны басталып, алаш қайраткерлерінің тағдыры тәлкекке түскен қаралы жылдары оларға «жапон жансызы», «жапон тыңшысы» деген айып тағылды. Ақиқатында, алаш көсемдері қазақтың ел болуы үшін қалам қайратымен жапондық үлгіні дәріптеген еді. Бұл тақырып ізденістерге сұранып тұр.

Әдебиеттер

1. «Абай», 1918, № 4, 10-11 б.
2. Аймауытұлы Ж. Шығармалары. – Алматы: «Қаламгер» баспа үйі, 2013. – 340 б.
3. «Абай», 1918, № 5, 14-16 б.
4. «Абай», 1918, № 3, 1-4 б.

ҒТАХР: 17.81.99

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ ДАРАЛЫҒЫ

Әубәкір Ж.М., ф.ғ.к., доцент

Қазақстан Республикасы, Астана қ.,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Әлем әдебиетінің алыбы, көркем ойдың кемеңгері М. Әуезовтің 125 жылдық мерейі еліміздің әдебиеті мен мәдениетінің жаңа көкжиегін, келешек межесін айқындар асыл өлшем ғана емес, сонымен бірге бүгінгі қазақ ғылымның әлемдік мәдениет кеңістігінде алар орнын белгілер темірқазығы болмаққа керек.

М. Әуезовтің жазушылық, зерттеушілік және жалпы қаламгерлік қызметін қарастырғанда ең алдымен, әрине, қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы аузымызға оралады.

Абай мен Мұхтар Әуезов шындығында да егіз ұғым. М.О. Әуезов Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын әлемге танытса, сол арқылы әлем де ғұлама ғалымды, теңдессіз жазушыны таныды.

Зерттеуші ғалымның басты зерттеу нысанасы Абай болса, Абайдың негізгі зерттеушісі – М.О.Әуезов. Замана көші қанша алыстаса да бұл рухани байланыс желісі еш үзілмек емес, керісінше уақыт алшақтығы алыстай бергенімен, ұлылар арасындағы алтын көпірдің құндылығы арта бермек.

Ғалымның 50 томдық шығармаларының толық жинағындағы өзге де еңбектерін қарай отырып, ғұламаның тереңдігіне, жан-жақтылығына қайран қаласың! Бұл ретте Көкбай ақынның Абайға тамсанатындай: «*Келбеті біліміне лайықты, Апырым-ай, мұндай адам қалай туған*», –деп таң қаласың..!

М.О. Әуезовтің өзге зерттеулерін былай қойғанда, тек Абай тақырыбының өзі Мұхтардың даралығын айқындап береді.

Осы ретте қысқаша ғана санамалап көрсетсек:
Абайдың толық өмірбаянын жазуы;
Ақынның рухани нәр алған қайнар бұлақтарының ерекшеліктерін ашуы;
Әдеби мұрасын жан-жақты зерттеуі;
Шығармалар жинағын жарыққа шығару;
Абайдың ақындық мектебін, дәстүрін зерттеп, ақын шәкірттер мұрасын ғылыми айналымға енгізу;

Абайтану арнайы курсы оқыту, Абайтану бағдарламасын жасау;

Абайға арналған драмалық шығармалар жазуы;

«Қазақ өмірінің энциклопедиясы» «Абай жолының» жазылып, жарық көруі;

«Абай» журналының өмірге келуі;

Қазақстандағы алғашқы әдеби музей «Абай музейін» ашылуы мен қалыптасуына қосқан үлесі т.б. ұлы ақынға қатысты қаншама бағыттарды айта беруге болады.

Осы бағыттардың әр қайсысына жеке-жеке мән бере қарасақ, әр сала бойынша телегей теңіз зерттеулер жасалғанынбайқаймыз. Бүгінгі күні абайтану ғылымы көкжиегі соншама кеңейді десек те, әр бағыттың басты темірқазығы да, негізгі дерек көзінде М.О.Әуезов сөзі болып қала бермек.

Осы бағыттардың кейбіріне ғана тоқталып, ұсыныстарымды білдірсем:

Мысалы біріншіден, М.О. Әуезовтің 33, 40, 45 және 1950 жылдары жазған Абай өмірбаянының төрт нұсқасы бүгінгі абайтанушылар басшылыққа алар құнды еңбектер. Ғалымның өзі: *«Абайдың өмірбаянын зерттеп, толықтырып жазу жұмысы жетер өрісіне жетіп, аяқталған жоқ»*, – дейді. Ия, М.О. Әуезовтен кейін ақынның өмірбаянына қатысты түрлі деректер мен архив құжаттары табылуда. Бірақ Абайдың шығармашылық өмірбаяны әлі қайта толыққанды түрде М.О. Әуезовтей жазылған жоқ емес пе. Осыны ескеруіміз қажет!

Екіншіден, Абай шығармаларының текстологиясына қатысты айтсақ: Алғашқы абайтану баспалдақтарынан бері ақын шығармаларының текстологиясымен айналысып келе жатсақ та, бұл сала әлі де өзекті болып қала бермек. Қазіргі таңда Абай шығармаларын кез-келген баспа, жеке адам да шығара алатын болғандықтан, ол жинақтарда түрлі текстологиялық ауытқулар, орфографиялық қателер ғана емес, жекелеген құрастырушының өз ұстанымы бойынша өзге де басқа шығармалардың еніп кетіп жатқанын байқап қаламыз.

Бұл мәселе жайында М.О.Әуезов (*«Абай жайын зерттеушілерге»*) ұлы ақынның туғанына 95 жыл толуына орай жазылған мақаласында былай дейді емес пе:

«Біз осы күні Абай жайын зерттеуді тараң түсініп жүрміз. Әр жинаушы, не қылса, ең әуелі Абай айтыпты-мыс, бірақ жазылмай, басылмай қалыпты-мыс деген өлең табуға құмар-ақ. Осы Абай өлеңдерінің санын көбейтейік деп өзеурегенше, бар сөзінің кенеуін кетірмейік деп көбірек ойланайық. Абай сөзін көбейтеміз деп, көбік етіп алмайық. Жауаптырақ қарайық».

Сол себептен де М.О. Әуезов бастаған белгілі абайтанушы ғалымдар бірлесіп шығарған және кейінгі жылдары жарық көрген академиялық жинақтарды негізге алуларымыз керек.

Үшінші мәселе, қазіргі таңда Абайға қатысты тың әңгімелер мен дәлелсіз «былай болыпты-мыс» дегендер көптеп шығып жатқандықтан осындай кейбір дүниелерге сақ қарауларыңызды сұраймын. Әрине ғылым дамуы барысында жаңа нәтижелердің шығатыны анық, бірақ нақты деректі айғағы, не дәлелі жоқ әңгімелерге еш сенудің және оны халыққа жеткізудің қажеттілігі шамалы. Басшылыққа Абай туралы табылған архив құжаттарын, нақты тарихи деректерді, сонымен қатар замандастары мен ұрпақтарының естеліктерін және М.О. Әуезов жазғандарын алуымыз керек.

Төртіншіден, М.О. Әуезовтің жазғандарына еш ғылыми негізсіз ойша түзету жасаудан аулақ болуымыз қажет. М. Әуезовтің айтып тұрғаны ол емес басқа деп ойша жорамалдауға болмас.

Бесіншіден, М.О. Әуезовтің абайтанудағы көптеген жайларға аса мән бере қарау керектігімізді сол заманның өзінде тұспалдап айтып кеткен ұлылығын аңғарып, дөп баса білуіміз қажет.

Мысалы «Абай жолында» Құнанбай жөнінде кеңестік саясаттың әсерінен толық айта алмады, Құнанбай толық жағымсыз бейне ретінде суреттелді десек те роман-эпопеяны оқи отырып, Әуезов шеберлігіне таңданасын:

Мысалы: *«Құнанбайды бар тобықтының атқа мінері «Мырза» деп атайды»*, дейді. Роман бойынша да Байсал, Бөжей, не басқа емес Құнанбай екен қадірлі, сыйлы.

«Қаратай жүйрік қой, Жер таниды. Айтқаны шын болса керек. Бірақ өз топшылауым бойынша, адамның қай мінезі қасиетті болса, сол мінезі міні де болады. Мен өмірімде ұсталған нәрсемді берік ұстанам. Жақсылық - кісінің айнымас табандылығында деп білемін. Соның түбінен мін шығатын кез де болатын шығар. Адам пенде зой! Пенденің жоқ-жіті толған ба?» Осындай

көптеген роман үзінділерінен озбыр Құнанбайды емес, өз бағасын білетін, ісіне табанды, тұрақты, өз жолын дұрыс дегенмен, оған да күманмен қарайтын ақылды, ойлыпендені көреміз.

Енді зерттеуіне қарасақ, кеңестік дәуірдің өзінде Абайға орыс демократ достарының ықпал әсері жайында нақты айтып кеткен. Ғалым былай дейді:

«Сол Михаэлис осы келгеннен бастап Семейдің кітапханасынан Толстойдың кітабын сұрап тұрған Абайды көреді. Танысады. Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов еткен әсердің бәрін – Абай өз бетімен, орыс классиктерін оқудан, зерттеуден соң табады. Сондықтан Михаэлис, Долгополовтардың Абайға көмегін айтқанда, оның шегін біліп айту керек. Абайдың классик ақын болған маңызын, әлеуметтік көзқарасын тек Михаэлис әсерінен деп қойсақ, әрі Абайға, әрі орыс халқының мұрасына және даналарына қиянат сөз айтқан болар едік». Міне осы уақытқа дейін «Абайдың дүние көзін ашқан адамы – Михаэлис» деп келген пікірімізге мән бере қауымыз керектігін осыдан 72 жыл бұрын айтып кеткен М.О. Әуезов сөзінің құндылығы еш уақытта маңызын жоймақ емес.

Осындай эпизоттар мен детальдарға мән бере қарасақ, Әуезовтің аз сөзбен көптеген дүниелерді астарлап жеткізе білген шеберлігін байқаймыз.

Сонымен бірге Абайдың өзіне дейінгі әдебиет өкілдерінен рухани бір арна ретінде ғана алғашқы үлгі-өнеге алғандығын жоққа шығармай, М.О. Әуезов айтқан рухани нәр алған үш қайнар бұлағы туралы пікірін төмендетпей, жекелеген ақындарды Хакімге бірден-бір Ұстаз ретінде бағалаудан аулақ болуымыз керек.

Қорыта айтқанда, Абайға қатысты жазылар барлық еңбектерде қай уақытта болмасын басшылыққа М.О.Әуезовтің зерттеулерін негізге алуымыз қажет.

ҒТАХР: 17.09.91

МҰХТАР ӘУЕЗОВ МҰРАСЫНДАҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІ

Картаева А.М., ф.э.д., профессор

Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.,

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті

Түркі әдебиетін зерттеу, түркілік мұраны жас ұрпаққа таныту, насихаттау – бүгінгі күннің міндеті. Түбі бір түркі халықтарының, түркі елдерінің бірлігін көрсету – қазіргі күннің негізгі мәселесі.

Түркі әлемі өзінің ұзақ даму тарихында әлемдік мәдениетке, тарихқа және өркениетке зор ықпал еткен ең қуатты бірегей орын болып табылады. Оның әсері мен ықпалы Шығыс пен Батыстың екі ұлы мәдениеті арасындағы байланыстырушы көпірге айналды, өйткені Түркі әлемі географиялық жағынан Еуразия құрлығының орталық бөлігінде орналасқан.

Түрлі тарихи жағдайлар мен аласапыран уақыт үстемдігі түбі бір түріктерді бір-бірінен алшақтатып, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлері тамырлас халықтардың өмірлеріне «өзіндік» өзгерістер жасағаны белгілі. Алайда, олардың этностық қалыптасуы бір екендігін айғақтайтын басты ерекшеліктер: тілі, жазуы, діні, салт дәстүрі, әдебиеті мен мәдениетінде жатыр. Соның ішінде, түркі халықтарының этникалық негізін бұлтартпай дәлелдейтін деректік мағлұматтарды фольклорлық мұралардан табамыз. Кеңес кезеңі бұл мәселеге аса сақтықпен қарап, түркі әлеміне ортақ заңдылықтарды түбегейлі тексеруге кедергілер келтіріп бақты.

Түркі халықтарының ауыз әдебиеті – ерте заманнан бері келе жатқан көненің көзі халықтың қазынасы. Түркітанудың кең өріс алып дамуына айтарлықтай үлес қосқан ғалым М. Әуезовтің еңбектерінің орны ерекше. Ғалым түркі тектес халықтар мұрасынан «Едіге», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Алпамыс батыр», «Шора батыр», «Манас» жырына және «Қожанасыр» туралы аңыз әңгімелерге зерттеулер жасады. Түрік қағанаты дәуіріндегі ерлікке тұрғызылған ғажап ескерткіштердің бірі «Қорқыт ата кітабы» туралы мақала жазды.

Ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов түркі фольклортану ғылымының қалыптасу мен дамуына ерекше үлес қосты. Ол фольклорды жинаумен, зерттеумен жастайынан шұғылданады. 1922-1923 жылы Ташкенттегі Орта Азия Мемлекеттік университетінің (қазіргі ТашГУ) Шығыстану факультетінің еркін тыңдаушысы ретінде оқи бастаған алғашқы күндерінен-ақ, түркі халықтарының өмірімен, әдебиетімен, мәдениетімен, салт дәстүрімен жете таныса бастайды. Сондықтан жазушы Н. Тихонов: «Ол әріптестерін үйіріп әкететін тамаша әңгімешіл адам, әсіресе, азиялық әдебиеттер мәселесінде үлкен

білімдар, аса көрнекті ғалым еді», – деген сөзінен М. Әуезовтің түркі халықтарының әдебиетін жетік білетіндігін көруге болады [1, 8 б.].

«Осенью 1922 г. я поступил вольнослушателем в Средне-Азиатский Гос. Университет в Ташкенте.

Пробыв год в Ташкенте, осенью 1923 г. Я перевелся на учебу в Ленинградский Государственный университет на филологическое отделение, – деп жазған. Осы бір жыл уақытта жазушы Ташкентте де өзінің Семейде бастаған жұмыстарын одан ары жалғастырады. «Талап» сияқты ұйымның қызметі мұнда да жан-жақты қызу жүргізіледі. Сол кездегі білімі бар тандаулы мамандар жиналған ірі қалада бұл салаға қызмет қылған оқығандар қатары молая түседі. Жазушы өзінің 1958 жылғы өмірбаянында жоғарыдағы деректерді былайша толықтыра түседі.

«Окончив его в 1928 году, я перевелся в Ташкент, в Среднеазиатский госуниверситет аспирантом востфака. До 1930 г. проходил там аспирантуру, специализируясь по литературам народов Средней Азии» [2].

Осы деректер көрсеткендей М. Әуезов өмірбаянының Ташкент, Семей, Ленинград кезеңдерінде әдебиет тарихымен түбегейлі айналысуы оқумен, қоғамдық қызметпен, ғылыми ізденіспен бірге қат-қабат ұштасып жатқанын көруге болады. Оқуорындарында Орта Азия халықтарының тарихы мен мәдениетіне ерекше қызығушылық танытқан жас ғалым көп ұзамай Шығыс халықтарының әдебиетімен терең байланысып жатқан түркі әдебиетінің тарихына қаныға түседі.

М. Әуезов түркі халықтары қаламгерлерінің шығармаларын түпнұсқадан оқыған делінеді. Белгілі ғалым М. Мырзахметұлының айтуы бойынша: «Ғылыми жетекшісі М.Ф. Гавриловтың арнайы тапсыруымен және нақтылы басқаруымен Қожа Ахмет Яссауидің «Дивани хикметін», Ә. Науаидың шығармаларын, Әбілғазы Баһадурдың «Түрікмен шежіресі» атты еңбегі мен Шаһнаманы» және осман түріктері мен түркмен эпостарын оқып танысты», – деген пікірін толық қостауға болады [3, 17 б.]. Расында да, Мұхтар Әуезов Ташкентте аспирантурада оқып жүрген кездерінде Әлішер Науаи шығармаларын, сондай-ақ Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикметін», Әбілғазы Баһадурдың «Түрікмен шежіресін», Фирдоусидің «Шахнамасы» мен түрікмен, Осман түрк эпостарын мұқият оқып, әрі оларды зерттеп, үйрене түседі.

«М. Әуезов азиялық әдебиеттердің білімпазы еді. Қазақтың жаңа өсіп келе жатқан жасөспірім жазушыларынан бастап дүние жүзі әдебиетінің аржақ-бержағын қыран көзімен түгел шолып отыратын. Біз ғұламаның сабақтарын тыңдағанымызда Абай есімі арғы тұсы Аристотель, әл-Фараби, бергісі Спенсер, Редиард Киплинг, Байрон, Пушкиндермен қатар аталатын. Ол туған әдебиетін қандай кең зерттеп білсе, қырғыз, тәжік, өзбек, азербайжан, түркмен, татар, кавказ халықтары әдебиеті тарихы жайлы сөйлегенде де тау суындай екпіндетіп, түйдектетіп алып кетуші», – деген ғалым Ә. Күмісбаев сөзі М. Әуезовтің түркі халықтары әдебиетінің терең білгірі екенін растайды [4, 98 б.].

Ташкенттегі Орман шаруашылығы техникумында қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ бере жүріп, 1922 жылы «Шолпан» журналында «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты зерттеу мақаласын жариялап, Абай жайлы теориялық еңбек жазады. «Сөйтіп ол Абай жайлы алғашқы ізденулерін, сондай-ақ «Қараш-Қараш оқиғасы», «Шекарада» атты повестері мен «Абай» драмасы туралы ой түйіндерін де Ташкентте бастайды. Әрі туысқан қырғыз халқының әйгілі эпосы «Манас» жайлы ұлағатты ойын да 1923 жылы Ташкентте, яғни Түркістан республикасы зиялылары алдында баяндама жасап, өз ойларын ортаға салады» [5, 109 б.].

Міне, осы баяндамасын тыңдап, одан ерекше әсер алған зиялы қауым мен үлкен ғалымдар М.Әуезовті ғалым ретінде бағалап, келешек зерттеу жұмыстарына сәттілік тілейді. Сол жылдары Ташкентте оқып жүрген туысқан өзбек, қырғыз, түрікмен, қарақалпақ жастарымен де жиі-жиі араласып, олар арасында дәрістер оқып, сол елдердің қаламгерлерімен шығармашылық байланыста болады. «Шолпан» журналының редколлегия мүшесі қызметін атқара жүріп, шығармашылық жұмыспен де кең шұғылдана түседі. Өзінің көптеген әңгімелері мен сын-зерттеу еңбектерін «Шолпан» журналы мен «Ақжол» газетінде жариялайды.

М. Әуезов Ташкентте болған жылдарында, онан соңғы кездерінде де Ашхабад, Душанбе, Бішкекте, Ташкентте жиі-жиі болып, түркі халықтарының әдебиет өкілдері С. Айни, А. Қадир, Б. Кербабаев, Айбек, Ғ. Ғұлям, М. Тұрсынзаде, С. Ұлық-заде, А. Тоқамбаев, Т. Сыдықбеков, Қ. Маликов сияқты т.б. қаламгерлерімен етене араласып, достық қарым-қатынаста, шығармашылық байланыста болады.

Мұхтар Әуезов 1923 жылы Ленинград университетінің тарих-филология факультетіне түсіп, онда В.В. Бартольд, А.Н. Самойлович, В. Щерба, С. Обнорский, В. Виноградов сияқты т.б. ғалымдардан дәріс алып, лекциялар тыңдайды. Әсіресе, профессор В.В. Сиповский, Р. Куллэрмен етене араласып, Абай өмірі мен шығармашылығы жайлы ой-пікірлерін айтып, оларды қызықтыра

бастайды. Дүние жүзі әдебиеттерінің терең сырларына үңіліп, көркем әдебиеттің көкжиегіне ой көзін тереңірек қадап, оның негізгі ерекшеліктері мен тамаша сырларын жан-жақты ұғына түседі. Әрі сонда алғаш рет, сол университеттің студенті болған Айбекпен танысып, олар өзара бір-біріне достық құшақ ашып, шын мәніндегі дос болып кетеді.

Болашақ суреткер Ленинград университетін бітірісімен-ақ, 1928 жыл Ташкентке қайта келіп, 1928-1930 жылдары Орта Азия университетінің аспирантурасына түседі де, өзбек зиялыларымен шығармашылық байланыста болады. Бұл жылдары Мұхтар Әуезов Ташкент қаласындағы белгілі ғалым Самойлович, этнограф-фольклорист Әбубәкір Диваев, сондай-ақ Роберт Куллэ сияқты т.б. зерттеушілермен тығыз қарым-қатынаста болады. Туысқан өзбек халқы өміріне тереңірек үңіліп, Шығыстың атакты шайырлары Фирдоуси, Низами, Науаи, Бабыр, Хафиз еңбектерімен жете таныса түседі. Орта Азия өңірінің Мақтымқұлы, Кемине, Тоқтағұл, Тоғалақ Молда, Күнхожа, Әжнбияз, Бердақ сияқты т.б. жыр дүлдүлдерінің өлең жырларына жан-жақты көңіл аударады. Орта Азия ауыз әдебиеті үлгілеріне үлкен ықыласпен ден қойып, олардан рухани нәр алады да, қырғыз халық эпосы «Манас» жайлы зерттеулер жүргізе бастайды.

Мұхтар Әуезов 1922-1923, 1928-1930 жылдары Ташкентте, өзбек өлкесінде жүрген шағында «Қараш-Қараш» атты повеске және Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған мағлұматтарды жинап жүреді. Әрі қырғыздың «Манас» эпосы туралы материалдар іздеп, үлкен бір сүйіспеншілікпен зерттей бастайды. 1927 жылы жаз кезінде Жетісуға барып ауыз әдебиеті үлгілерін жинайды. Сонда «Манас» жайлы жырлар естіп, көршілес қырғыз халқының ауыз әдебиеті үлгілеріне ерекше ықыласпен көңіл аударады. Қырғыз манасшысы – Сағымбай Оразбаевтың айтуы бойынша «Манастың» толық вариантын тауып жазып алады. «Манас» эпосы жайлы материалдар жинап, оның терең сырларын аса білгірлікпен ұғына түскен М.Әуезов оны 1936 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің 30 қаңтардағы санында «Қырғыз дастаны «Манас» деген атпен жариялап, ол жайлы түйген ойлары мен өз топшылауларын ортаға салады. 1936 жылы өзінің «Қырғыз халқының батырлық эпосы» атты мақаласын «Казахстанская правда» газетінің 28 сәуірдегі санында жариялайды. Онда ғалым эпостың өзіне тән ерекшеліктері мен халықтық сипатын терең аша түсіп, аса күрделі де шым-шытырық оқиғаларды емірене жырлаған жомықшы-жыршылардың талантына таң қалады. Эпостың нағыз халық жүрегінің нәрлі тынысы екендігін айта келіп, «Манасты» тұтас күйінде бір кісі ғана шығармаған. Ол сан ғасырлар бойына, сан буын жомықшылардың қатысуымен ұлғайып, дамып отырған», - деп түйіндеулер жасайды [6, 112 б.].

М. Әуезов 1952 жылы маусым айында Бішкек қаласында болып өткен «Манас» эпосы жайындағы конференцияға қатысады. Қырғыз өлкесінде өткізілген бұл конференцияға арнайы барған М. Әуезов онда «Манас» эпосының халықтық нұсқасын жасау керек» деген тақырыпта баяндама жасап, эпостың халықтық сипатын терең аша сөйлейді. Әрі, өзінің эпосты жинап, зерттеуге мақсат-мұраттарын да айта келіп: «Мен 30-жылдың басында «Манасты» зерттеуге кірістім де 1945 жылға дейін өз зерттеуімнің алғашқы нұсқасын тәмамдап, ал 1947 жылы жөндеп шықтым», – дейді [7, 237 б.]. М. Әуезовтің өз мәлімдеуі бойынша, «Манас» жырын көп жылдар аса іждағатпен зерттегенін байқауға болады. Әкімшіл-әміршіл жүйенің озбыр саясаты тұсында «Манас» эпосының тағдыры талқыға да түскені белгілі. Сол кезде қырғыз халқының мәңгі өшпес рухани ескерткіші «Манастың» әдебиет төріндегі орнын айшықтап, М.Әуезов оның мол құндылығын дәлелдеп, сол әміршіл саясат қылышынан қорғап қалған болатын.

М. Әуезовтің ғылыми мақалалары да тың идея, соны пікірлерімен ерекшеленеді. Әрқашан ғалымның түркі және шығыс әдебиетіне қатысты мақала жазып, сол әдебиетке арнап үнемі үн қосып отырғанын байқауға болады. Соның ішінде Әлішер Науаидің 500 жыл толу мерекесіне орай жазған «Әлішер Науаи» атты ғылыми очеркі 1948 жылы «Әлішер Науаи» жинағында жарияланады. Мұхтар Әуезов Әлішер Науаидың 500 жылдық мүшелі тойының Қазақстанда аталып өтілуінде ерекше ат салысып, үлкен ілтипат көрсетеді. Өйткені, ақынның қазақ ақындарына оның лирикалық өлеңдері ғашықтық дастандарынан үзінділер аудартып, қазақ тілінде тұңғыш жарияланған «Таңдамалы шығармалар» жинағына ендіртеді. Оның үстіне, өзі «Әлішер Науаи» атты көлемді мақала жазып, оны «Казахстанская правда» газетінде бастырады. Онда заңғар ақынның ірі тұлғасы мен ақындық әуенін жан-жақты аша келіп, оның таланты жайлы ақтарыла сыр шертеді.

Қорыта келгенде, М.Әуезов түркі әдебиетін өмір бойы асылындай құрметтеп, зерттеп-зерделеді, ол мұраны байытып толықтырды, көкжиегін кеңейтті. Түркі әдебиетінде Әуезовтің көркем бай дәстүрі қалыптасты. Әуезовтің жазушылық шеберлігінен үлгі алып, түркі халықтары қаламгерлері зор шығармашылықпен жалғастырды.

Әдебиеттер

1. Тихонов Н. Заманымыздың зор адамы / Кітапта: Біздің Мұхтар. Құраст. Б.Сахариев. – Алматы: Жазушы, 1976. – 432 б.
2. Ауэзов М.О. Автобиография / Неизвестное в наследии Мухтара Ауэзова: архивные документы. – 400 с. – Алматы, 2013. – С. 18-22.
3. Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 272 б.
4. Күмісбаев Ө. Шығыс шайырларымен өз тілінде сырласқан // Абай. – 1997. № 2-3. – Б. 98-102.
5. Сейданов Қ. Мұхтар Әуезов және Орта Азия әдебиеті: Талдау / Кітапта: Д. Қонаев, Т. Қожакеев, Қ. Сейданов. Әлемнің Әуезові. - Алматы: Санат, 1997. – 144 б.
6. Әуезов М. Шығармалар. 12 томдық. – Алматы: Жазушы, 1969. –ХІ т. – 480 б.
7. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. Құраст. Дүйсенбаев Ы.. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1962. – 428 б.

ҒТАХР: 17.82.94

«АҚЫН АҒАДАН» «АБАЙ ЖОЛЫНА»: РЕТРОСПЕКТИВТІК ТАЛДАУ

Ердембеков Б.А., ф.ғ.д., профессор

Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шәкәрім Университеті

«Абай жолы» роман-эпопеясы туралы роман жарыққа шыққан уақыттан бастап сын-пікір де, ғылыми саралау да, көпшілік оқырмандар талдаулары да қажетінше орын алды. Кейіннен романның көркемдік, эстетикалық, танымдық, тарихилық және тағы басқа қырлары туралы ғылыми-зерттеу жұмыстары көптеп шықты. Отандық және шетелдік жазушылар мен сыншылар да өз пікірлерін білдірді. Роман қазақ халқының тарихи өмірінің энциклопедиясы ретінде бағаланды. Заманында эпопеяны теріс пікірде талдағандар да болды. Ол талдаулар сол заманның идеологиялық шоқпарының әсерінен жазушы Әуезовті «тұқыртып алу» мақсатында арнайы ұйымдастырылған еді. Абайдың өмірі мен шығармашылығы, ақындық мектебі деген концептілік ой-тұжырымдарды (ғалым ретінде әдебиет тарихы мен теориясына қатысты басқа да көптеген тың тұжырымдардың авторы болды) дүниеге әкелген ғалым Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы барлық теориялық, тарихи, көркемдік-эстетикалық, философиялық талаптар деңгейінде құрыштай берік композиция мен желісі үзілмейтін сюжетті арқау еткен.

Романның басты кейіпкері Абай – идеал тұлға. Оның мәнісі ақын Абайдың шығармашылығындағы бүкіл адамзат қауымына деген таза гуманистік көзқарасы болатын. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», «Бірінді – қазақ, бірінді –дос, көрмесен істің бәрі бос» деген адам баласына деген шынайы сүйіспеншілігі ақын Абайдың романдағы идеал бейнесін жасатқан.

Жазушы Әуезов өз шығармасына бас кейіпкер етіп алған ақын Абайдың пенделік қырын емес, жоғары интеллектілі, санасы биік, бүкіл адамзат үшін ойға берілетін асқақ болмысты тұлғаны алған. Абайдың жолы – бүкіл адамзаттың жүруге тиісті таза, адал, ел бірлігі мен тұтастығын ойлайтын, болашақ үшін уайым шегетін адамның жолы. Осылайша автор өз романына «Абай жолы» деген астарлы мағына беріп, оның көтеріп тұрған жүгінің орасан зор екеніне назар аудартқан.

Мұхтар Әуезов тәуелсіздікті көрсе, «Абай жолын» қалай жазар еді, ұлы ақын тұлғасы, әкесі Құнанбай болмысы, айналасы мүлдем басқаша суреттелер ме еді деп әрқайсымыз іштей болжам жасайтынымыз айдан анық. Бірақ қазіргі қоғамда ««Абай жолы» ұлы шығарма емес», «Абай ұлы ақын емес» деген әлдекімдердің сыңаржақ пікірлері де белең алуда. «Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын» деп Абай дөп басып айтқан қазақ мінезінің куәсі дейсіз ба, әлде «атың шықпаса жер өртенің» кейпі дейсіз ба, әйтеуір өз жұртының аяғынан өзі тартқан сыңарезу қоғамда Абаймен де, Мұхтармен де алысушылар әлі де жетеді. «Ит мені қапты екен деп, оны қапсам, адамдық аузымда не қасиет қалады» дегенді Мұхтар Омарханұлы өзі өмірден өткен соң да әруағымен арбасушыларға да арнағандай ма деген ойда қаласыз.

Негізгі тақырыбымызға қарай ойыссақ. «Ақын аға» – 1950 жылы қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан жеке кітап жарық көрді. Кітап болып басылғанға дейін роман «Ақындар ағасы» деген атпен 1949 жылғы «Әдебиет және искусство» журналының сәуір – қыркүйек айларының аралығында шыққан сандарында жарияланды.

«Ақын аға» романы саяси ызғардың салдарынан қанша түзеліп, сол кездегі социалистік танымның қалыбына түсірілді дегенімізбен, кейіннен түбегейлі өзгертіліп, «Абай жолы» эпопеясының ішіне енді. «Ақын ағадағы» «Абай аға», «Кек жолында», «Достықта», «Қазада», «Қоршауда» деген бес тарау эпопеяда «Абай аға», «Кек жолында», «Қарашығын», «Өкініште», «Қақтығыста», «Қоршауда» деп өзгертілді. Бұл өзгертудің негізінде жазушының көркем дүниесін жетілдіруі болғанмен, негізгі себеп саяси қысымға қатысты еді. Роман жарыққа шықпай жатып қатты сынға ұшырады. Абай мектебі тақырыбы «Ақын аға» романының негізгі арқауы болғандығын сол кездегі қырағы цензура қалт жібермеді. Сын тырнағына ілікті.

Абай мектебі тақырыбы «Ақын аға» романының негізгі арқауы болғандығын сол кездегі қырағы сын қалт жібермеді. Мұхамедханұлының диссертациясы сыналған кезде-ақ: «...Остальные исследователи доверились ему (Ауэзову – Б.Е.) как знатоку Абая и эти данные считались до

сегодняшнего времени достоверными... что Абай Кокпаю сам давал тему и т.д. Это он снова утверждает в романе «Ақын аға», который недавно вышел из печати», – деп [1, 81] шүйлікті Қ. Жұмалиев. С. Мұқановтың «Абайдың шәкірттері туралы» мақаласында: «Ақын аға» атты романда «Бұл шәкірттер тағы мақталып, романның өзекті уақиғаларының бірін өрбітіп отырушылар болады. «Абай шәкірттері» деп атаған адамдардың кейбіреулерінің көрінеу көзге реакциялық бағытта жазылған шығармаларын майлап өткізу үшін Абайдың беделді атын жамылып, «бұл темаларды оларға Абай беріп, жазылғаннан кейін Абай түзеп еді» дейді (Шәкәрім мен Мағауияға тел тема – «Еңлік-Кебек», Мағауияның «Шәмилі», Көкбайдың «Абылайы» тағы басқалар)» [2, 67].

Сөйтіп, Абайдың ұстаздық құдіретін, З.Қабдоловша айтқанда «Абай – ақындардың ақыны» деген қағиданы көркем әдебиетте сомдаған «Ақын аға» романы қыңыр саясаттың салдарынан жарыққа шықпай жатып жөргегінде тұншықты. Кейіннен бұл туынды саясат талабымен түбегейлі өзгерістерге ұшырап, еріксіз бұрмаланып, «Абай жолының» екінші кітабы ретінде жарық көрді. Барға қанағат!

Бір таңқаларлығы кезінде аяусыз тәркіленген романмен қауышуға оқырман қауым жарты ғасырдай уақыт дәрменсіз болып келді. Тек араға жылдар салып тағдыры тәлкекке түскен «Ақын аға» жазушының елу томдығына еніп, көзайым болған оқырманымен қайта қауышты. Әдеби ортаға белгісіз болғаннан шығар бәлкім зерттеуші қауым осы бір тағдыры ауыр туындыға қалам батырудан тартыншақтай береді. Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына орай шыққан «Мұхтар Әуезов тағылымы» деген жинақта бұл шығарма туралы: «Алғашқы «Ақын-ағадан» осы үшінші кітаптың (кейінгі басылымды айтады – Б.Е.) өзгешелігі неде? Бұл – басы Абай бейнесінен бастап ұнамды, ұнамсыз бейнелерді ажарландыру, олардың әлеуметтік топтың қырлары мен сырларын нақтылай түсу мақсатынан туған», – деген [3, 121] белгілі абайтанушы-ғалым З. Ахметовтің кеңестік таным тұрғысынан біржақты баға беруі – тоңның әлі қалың жатқанын байқатқандай.

«Абай» энциклопедиясында «Ақын аға» романы туралы: «Жазушының романды бұлайша атаудағы басты мақсаты – Абайды ақындар ағасы етіп көрсету болатын. Бірақ бұл сөзді орыс тілінде дәл жеткізу қиынға түскендіктен, эпопеяның жалпы атауын «Абай жолы» деп өзгертеді», – деп [4,70] жазғаннан соң басқаға не жорық.

«Абай жолы» роман-эпопеясының ішінде ең бір тағдыры ауыр, кеңестік идеология салдарынан дүркін-дүркін өзгерістерге түскен бөлігі – осы «Ақын аға» еді. 1949 жылы «Әдебиет және искусство» журналының бірнеше санына «Ақындар ағасы» деп басылған туынды біршама өзгерістермен 1950 жылы «Ақын аға» деген атпен жеке кітап болып басылды. Журналдық нұсқа мен кітап арасындағы өзгерістер: алып-қосулар, толықтырулар туралы аталмыш туындыға ғылыми түсінік жазған Т. Әкім былай дейді: «Сол толықтырулардың астарында өңдеп-жөндеудің, жаңартып-жаңғыртудың, жетілдірудің неше алуан қиын асулары мен шытырмандары жол – соқпақтары бүгіліп жатты, ол бүгіліс кітаптың қандай жол, қандай бейнетпен дүниеге келгендігін елестетіп, бар бітім-болмысы мен келбетін көз алдыға келтіре алады» [5, 406]. Алғашқы шыққан журналдық нұсқадан кейінгі романды жетілдіре түсу үшін жасалған өңдеулер мен толықтырулар, бір сөзбен айтқанда жазушы мехнаты зая кетті десе де болғандай. 1949 жылғы «Ақын аға» саяси зияны шығарма ретінде оқырманымен қауыша алған жоқ. Тек, 2007 жылы ғана елу томдықтың жиырма алтыншы томында араға алпыс жылдай уақыт салып жарық көрді. «Ақын ағаның» бар кінәсі Абайдың ұстаздық құдіретін паш етті, ақын шәкірттерінің бейнесін шындыққа жанасымды бейнеледі. «Ақын аға» тәркіленгенмен ұлы эпопеяның аяқсыз қалуы М.Әуезов үшін де, қазақ әдебиеті үшін де үлкен қасірет еді. Әуезовке тағы амалдауға, дәлірек айтқанда соцреализмнің ыңғайына көнуге тура келді. Кейінгі шыққан «Абай жолының» төртінші кітабында сәтті толықтырулар болды дегенімізбен, «Ақын ағадағы» негізгі идея – Абайдың ақындық мектебі көмескіленіп қалды.

Мәселен, романға арқау болатын Көкбайдың, Әріптің өлеңдері еріксіз енбей қалды. Әсіресе Көкбай бейнесі қатты зардап шекті. Сөзіміз дәлелді шығу үшін қос нұсқаны қолға алайық. Романның басындағы төрттік жырды төрт ақын боп айтатын жарыс үлгісін ұсынатын Көкбайдың орнына кейінгі нұсқада Ақылбай аталса, «Ақын ағада» Еңлік-Кебек жырына таласқан Дәрмен мен Шұбарға билік айтушы Көкбай кейінгі нұсқада Ерболмен алмастырылған. Дәрменнен Еңлік жыры сенікі деп, – сүйінші сұрайтын да Көкбай болмай Мағаш болып өзгерген. Тізе берсек, осындай ауыстырулар жетерлік. Анығы Көкбайды Абай қасына аса жуытпауға мәжбүр болған суреткер. Көкбай тек Абай қасынан алыстатылмаған, социалистік талаптарға сай жағымды жағы сылынып тасталып, ұнамсыз бейне жасалған. «Ақын ағада» жоқ Ерболдың төмендегі ойы кейінгі нұсқада былайша өріледі: «...өзі ішінен қасындағы Көкбайға бір үлкен наразылық ойды да ойлап қап еді. Оразбай, Жиреншелерге не сорым, оңаша сөйлеген бір күні жанағы Абай айтқан жайлар туралы Көкбай да бір суық сөз сөйлеген. «Абайдың бір міні болса – ол аса орысшыл боп кеткені ғой, тек соларға ғана қарап отырмақпыз ба?» деген еді» [6, 27]. Сондай-ақ, Базаралының айдаудан келгендегі кезіндегі Көкбайға берілген әділ баға

кейінгі нұсқада күзеліп қалған. Мәселен: «Көкбай да шабытты ақын...Тынысы кең, боздағандай, зор үні бар Көкбай өз өлеңін ұзақ әнмен айтып отырды. Жақсы тілеу, дат құрмет, қуанышты тағзым – бәрі де үлкен сыпайылықпен тәтті айтылды», – деп [5, 61] жалғаса беретін Көкбайды жағымды жағынан көрсететін тұстар екінші нұсқада кездеспейді. Осылайша түбегейлі өзгеріске түскен Көкбай бейнесі романда Абылай туралы жыр жазар тұста да саяси цензураның салдарынан еріксіз бұрмаланып, құрбандыққа шалынып жүре берді. «Көкбайда Абылай жайын жыр етемін деген ой көптен бар-ды. Қазақ пен қалмақ жаулығы турасындағы ескі сөз атаулыны ол жия жүретін. Абаймен оңаша әңгімесінде өзінің жиған-тергендерінің талайын айтып шыққан. Сол кеңес соңында Абай да бұған қосымша қызық әңгімелер айтқан. «Абылай жорықтарын өлең етсеңші» деп, Көкбайға аға ақынның айтып жүретін ақылы да бар еді. Жалғыз-ақ екеуінің де ұғысып, келіскен бір жайы бар-ды»,- деген [5,225] шындыққа суарылған жазушының көркем ойлары басқаша өрбиді. Абай мен Көкбайды жақын ұстаудан сақтанған Әуезов дәл осы тұста Дәрмен аузымен Абай мен Көкбай арасын аша сөйлейді. Абай тапсырмасымен қазақтың Абылайын жырға қоспақ болған Көкбай ақынның ізгі мұраты кейінгі нұсқада «бір жаққа лағып кеткіш қиырлығы» боп беріліп, құрбыларының алдында келекеге ұшырайтыны бар. «Ақын аға» «Абылай» жырын шабыттана оқыған аса дарынды ақын Көкбайдың ұстазының алдында есеп беруімен аяқталатыны тегін емес еді. Көкбай дастанының жазылу тарихынан жазушы алыс кетпеген-тін. Дәл осы «Абылай» дастанының Абай алдында тұсауы кесілуі түзетілген нұсқада алынып тасталмағанмен, сол кездегі саясаттың ықпалына жығылды. Жығылғаны сол Көкбайдың «Абылайы» Базаралы аузымен бауыздалады: «Айтсам, Көкбай «алдияр» дедін, «асыл ханым» дедін, «әруағыңнан айналайын» деп те жалбарынып жатырсың. Аяғы Абылайдан өтіп, нәсіліне де тауап қылар түрің бар. Шынымды айтайын, жақпайды маған, Көкбай, мұның. Осы хан-сұлтанды көксіп, маңырап талай ақын, баяғының өзінде тоздырып болмады ма, Абай?!», – деген [6, 289] сөздерді Абай бас изеп қостап әкететіні тағы бар. Тарихи шындықты осылайша саяси қалыптан аса алмаған, көнбіс көркемдік шындық өз ырқына салды. Базаралы большевиктің сөзін «сөйледі». Абай Абылай туралы басқаша «толғады». Осының бәрі романды аман алып қалу үшін жасалған жазушының жантәсілім амалдары еді. Абайды әлемге таныту үшін Құнанбайды ғана емес, романда аты аталмай кеткен Шәкәрім, Турағұл сынды Абайдың туыс-балаларын да құрбандыққа шалды. «Ақын аға» романында Абай мектебі деген негізгі идеяның салмағын Көкбайға қарай аударып амалдаған Әуезовтің жанкешті жоспары да іске аспай қалды. Ақыры Абайдың ең жақын досы, ақын шәкірті Көкбай да жағымсыз кейіпкердің шапанын жамылып шыға келді. Құнанбай сынды Көкбай да Абайға қарсы таразының екінші басында қалды. Сөйтіп шәкіртсіз тұл қалған Абайдың қасына жазушы еріксіз қолдан жасалған кейіпкер Дәрменді қосты. Кейінгі нұсқада Көкбай ысырылып, Абайдың қасынан Дәрменнің орын алуы – суреткердің лажсыздан барған тәсілі.

Романдағы Көкбай бейнесіне үңіле назар аударуымыздың себебі енді анықталғандай да. Абайдың аяулы шәкіртінің есімі бүкіл бір романның тағдырына қаншалықты әсер еткенін байқау қиын емес. Құнанбайды тарихи тұлға ретінде сомдаса, эпопеяның алғашқы кітабымен қауышпас едік десек, Шәкәрім, Көкбайларды құрбандыққа шала отырып, Әуезов «Абай жолын» абыроймен аяқтап шықты. Қиыспас жерінің қисынын келтірді, айтылмайтын тұстан амалдап жол тапты, әйтеуір кеңестік идеологияның қайраулы қылышы кеңірдектен алып тұрған кезеңде ұлттың тарихы мен болашағын жалғастыратын ең таңдаулы туындыны дүниеге әкеле алды. Бұл – жазушы қаһармандығы. Ал, осы эпопеяда Әуезов нені айта алмай кетті, нені меңзеді, астарлы ойы нені аңғартады деген мәселенің түйінін шешу – бүгінгі біздердің еншімізде.

Әдебиеттер

1. Мұқанов С. Абайдың шәкірттері туралы // Абай, 1992, № 4.
2. Мұхамедханов Қ. Мұхтар кешкен қилы заман // Абай, 1992, № 3.
3. Ахметов З. Эпопеяның туу тарихынанн. Кітапта: Мұхтар Әуезов тағылымы. – Алматы: Жазушы. 1987. – 432 б.
4. Сахиев Ж. Ақын аға // Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
5. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 26-т. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – 408 б.
6. Әуезов М. Абай жолы. 2 кітап. – Алматы: Жазушы, 1990. – 624 б.

МУХТОР АВЕЗОВ – АТОҚЛИ АДИБ

Улугов А., профессор, филология фанлари номзоди

Ўзбекистон, Алишер Навоий номидаги Тошкент давлат ўзбек тили ва адабиёти университети,
ulugovabdulla05121960@gmail.com

Атоқли қозоқ адиби Мухтор Аvezов (1897-1961) асарларида ўтган аср аввалидаги ва ундан олдинги давр қозоқ даштларидаги ночор турмуш манзаралари гавдлантирилади. Бу улкан ёзувчи асарлари XX аср туркий халқлар адабиёти тарихида муносиб ўрин тутди. Унинг роман, қисса, драмалари қозоқ адабиётини юксалтирди. Чунки уларда ҳаёт ҳодисалари ва инсон қисмати чигалликлари, турли тоифадаги кишилар ўртасидаги қарама-қаршиликлар Европа адабиёти мезонларига мос реалистик тарзда гавдалантирилган.

Мухтор Аvezов ҳам худди Абай Қўнанбоев сингари Қозоғистоннинг Семипалатинскидаги Чингиз тоғлари яқинидаги манзилда туғилган. 1928-йилда Ленинград (ҳозирги Санкт-Петербург) давлат университетини тамомлаган. Ўрта Осиё давлат университети (ҳозирги Мирзо Улуғбек номидаги Ўзбекистон Миллий университети) аспирантурасида ўқиган. Ижодини 1917-йилда песалар ёзиш билан бошлаган бу улуғ адиб жуда самарали кечган ижодий фаолияти давомида «Енлик-Кебек», «Қора кўз», «Хон Кенес», «Октябр учун», «Тунги сарин», «Абай», «Чегарада», «Синов соатларида», «Яланғоч қилич», «Номус гвардияси», «Олма боғида» каби драмалар яратган. Унинг турли мавзудаги ушбу асарларини бойлар ва камбағаллар ўртасидаги муросасиз зиддиятни кўрсатиш ўзаро бирлаштириб туради. Мухтор Аvezовнинг дастлабки асари «Енлик-Кебек» драмаси (1917) қозоқ театрининг шаклланишига асос бўлди, дейиш мумкин. Ушбу драма ўша йили Абайнинг кексайиб қолган хотини Айгиримининг ўтовида биринчи марта сахнага қўйилган. Асарда энлик исмли қиз билан Кебек исмли йигитнинг оташин муҳаббати куйланган. Бу асарни қозоқларнинг «Ромео ва Жулетта»си деб аташади. Драмада икки ёшнинг бир-бирига етишиш учун чеккан изтироблари, уларга тўсқинлик қилган ярамас урф-одатлар жуда таъсирли ифодаланган. Асар воқеалари бош қаҳрамонларнинг фожиали ўлими билан тугаган.

Абай тўғрисидаги асарлари Мухтор Аvezовга катта шуҳрат келтирган. Абай қўлёзмаларини ўқиб, саводини чиқарган бу адиб улуғ қозоқ маърифатпарвари ҳақида тўрт жилдлик роман, драма, қатор илмий мақолалар битган. Мухтор Аvezов улуғ қозоқ шоирининг ўланлари, шеърларини кишилардан ёзиб олиб тўплаган. М.Аvezовнинг тўрт жилддан иборат Абай тўғрисидаги роман-эпопеяси нафақат қозоқ, балки жаҳон адабиётидаги энг яхши тарихий-биографик романлардан бири саналади. Бу асарни яратиш жараёнида ёзувчи кўплаб тарихий ҳужжатларни кўриб чиққан, Абай номи билан боғлиқ халқ орасидаги ривоятларни ўрганган. Дастлаб “Абай” пьесасини ёзган. Абай ҳақида кўплаб илмий-публицистик мақолалар эълон қилган. Асарда бир-бирига ўхшамайдиган, ҳар бири муайян табақа вакили бўлган кишилар образлари берилган бўлиб, Абайнинг отаси Қўнанбой, онаси Улжон, бувиси Зере кампир, акаси Такежон, турмуш ўртоғи Айгерим, дўсти Эрбўл, адвокат Андреев сингариларнинг ҳар бири ўзига хос характерларга эга.

Мухтор Аvezов улуғ қозоқ шоири Абайнинг ҳаёт йўлини қаламга олиш орқали XIX аср охири – XX аср бошидаги қозоқ ҳаётини ҳар томонлама очиб берган. Адиб икки китобдан иборат “Абай”, икки китобдан ташкил топган “Абай йўли” романларида бир-бирига ўхшамаган ўнлаб персонажлар образини гавдалантириб, турфа тақдирлар мисолида инсон ҳаёти жумбоқларини, кишилар ўртасидаги муносабатлар мураккаблигини юксак бадиий маҳорат билан ёритган. “Қозоқ ҳаёти қомуси”, “кўчманчи халқлар турмуши қомуси” деб таърифланадиган ушбу муҳташам эпопеяда олижаноблик ва шафқатсизлик, садоқат ва хиёнат, шон-шуҳрат ва мол-дунёга ўчлик, ҳавас ва ҳасад каби ҳиссиёт, истаклар инсоният ҳаётидан мустаҳкам ўрин олгани, чунки айни хусусиялар ҳар бир кишининг феъл-атворида муайян даражада мавжудлиги теран асосланган. Эпопеяда одам фақат ўз манфаатини ўйлаб яшаса, шахсий истакларини ўзгалар манфаатидан устун қўйса, эл-юрт манфаатини эътиборга олмаса, унинг қалбидаги меҳр-оқибат, раҳм-шафқат ҳислари сўнади, бундай киши учун дўстлик, муҳаббат, инсонпарварлик каби туйғуларнинг заррача қадри қолмайди, деган гоё илгари сурилади. Асарда худбин, манфаатпараст, мансабпараст кишилар қанча кўп бўлмасин, жамиятда қалби олижаноб ҳисларга тўла, ҳалол, адолатпарвар, диёнатли кишилар ҳам мавжудлиги таъкидланади. “Абай”, “Абай йўли” романларида ҳам, бошқа асарларида ҳам муаллифнинг ўз халқига, она юртига ва бутун инсониятга нисбатан чексиз муҳаббати яққол сезилиб туради. Кўпгина хорижий тилларга таржима қилинган, дунёнинг қатор мамлакатларида китобхонлар катта қизиқиш

билан ўқиётган мазкур эпопея сюжети воқеалари 14 яшар Абайнинг отаси буйруғи билан шаҳардан овулга қайтарилишидан бошланади. Адиб асарининг бошидан Абайни таъсирчан қалб эгаси сифатида кўрсатади. Ёш Абай овулга ширин орзу-хаёллар, соғинч билан келади. Бироқ унинг қалбини онаси Улжоннинг эркалалари, бувиси Зере кампирнинг ҳикматларга тўла ҳикоялари ҳам овутолмайди. Чунки овулда нохуш воқеалар юз беради: ирғизбойлар билан жигитеклар орасида тўқнашув бўлиб, Камақа ва Қодар қатл қилинган, душманлашган уруғ ҳукмдорлари топшириғи билан бегуноҳ бола Кашматни ўғирлаб кетади ва оч-наҳор қолдиришиб, ўлдиришади. Ён-верида кечаётган бу мудҳиш воқеалар ёш Абайнинг ўй-хаёлларини остин-устун қилиб юборади. У одамлар ўртасида нафрат, адоват кучайиб бораётганини кўриб азобланади, нега шундай эканлиги хусусда ўйлаб, боши қотади. Абай отаси сингари бойлар билан қашшоқ камбағаллар ўртасидаги фарк-тафовутни бартараф этолмасдан азобланади. У дўсти Эрбўл, севган хотини Айгерим, адвокат Андреев ва бошқалар билан мулоқот қилиб, атрофидаги аксарият одамларнинг турмуши ночорлигидан куйилади, ўз имкони даражасида камбағал қашшоқларнинг ёнини олиб, уларга кўмаклашишга интилади. Табиатан таъсирчан, шоирқалб Абай доимо адолат билан иш тутишга ҳаракат қилади. Мухтор Авезов мазкур эпопеясида бош қаҳрамон образини худди халқ эртақ, дostonлари, “Хамса” дostonларидаги сингари идеал инсон тимсоли сифатида гавдалантирган.

Табиатдаги барча ҳодиса бетакрор яратилган. Дов-дарахтларнинг япроқ, барглари, кир-адирлардаги ўт-ўланлар, тириклик ташвишида ғимирлаб юрган сон-саноксиз чумоли-ю, қурт-у, кумурсқалар орасидан бир-бирига айнан ўхшашини асло топиб бўлмайди. Қиш-қировли кунларда осмондан ёгадиган қор зарралари ҳам шакл кўриниши, ҳажми жиҳатидан фарк қилади. Бу эса бутун борлиқ беқиёс ҳикмат билан яратилганидан далолат беради. Унда нафақат ўсимликлар ва ҳайвонлар, балки одамлар ҳам турфа-туман қилиб бино қилинган. Масалан, бир ота, бир онанинг фарзандлари ҳам юз-кўзи, қадди-қомати, ақл-идроки, феъл-атвориға кўра бир-биридан фарк қилади. Кишиларнинг тақдир-қисмати, ризқ-у насибаси ҳам уларнинг қиёфаси сингари ҳар хил қилиб кўйилган. «Қуръон»да бу хусусда: «У сизларни ер юзида халифалар қилган ва Ўзи берган нарсаларда сизни синаш учун баъзингизнинг даражасини баъзингиздан устун қилган зотдир. Албатта, Роббинг иқоби тез Зотдир. Ва, албатта, У мағфират қилувчи ва раҳимлидир», - деб айт» («Анъом» сураси, 165-оят) дейилган.

Оллоҳ одамларнинг қиёфа, кўринишинигина эмас, ризқ-у насибасини ҳам ҳар хил қилиб кўйгани боис улар азал-азалдан бойлар ва камбағалларга бўлинган. Кимлардир пэшонасига ёзилгани – ҳафсаласизлиги, уқувсизлиги ва яна бошқа сабаблар туфайли амал-тақал қилиб кун кечирган. Кимлардир тақдирида битилганидан омади чошиб, ишлари юришиб, топганлари кўпайиб кетаверган. Бойлар ҳамиша янада кўпроқ давлат орттиришга интилиб, шу мақсадига эришиш учун муттасил ҳаракат қилишган. Улар йўлидаги ҳар қандай тўсиқни бартараф қилишга уринишган. Чунки мол-дунё улар учун борган сари жозибали, ширин бўлиб бораверган. Ана шу жозибали, ширин «наrsa» кўпларни ҳаловатидан айириб, уларнинг кўнглидан меҳр-шафқат, мурувватни кўтаради, атрофидагиларга бераҳм, шафқатсиз қилиб қўяди. Мол-дунё ҳирсига берилгани боис бойлар маънавий қашшоқлашган. Бойлигини кўпайтириш учун атрофидагиларга зулм қиладиган бойлар миллатдошларига ҳар жиҳатдан азият етказган. Маърифатдан бебаҳра, худбин, нафсига кул бойлари ва камбағал қашшоқлари кўп миллат эса, шубҳасиз, таназзул ботқоғига ботади. Бундай элда чиркин урф-удумлар, дабдаба ва шухратпарастлик учун қилинадиган тўй-ҳашам, маъракамаросимлар кўпаяди. Қиморбозлик, кўкнорихўрлик, бангилик, фоҳишабозлик, баччабозлик сингари маиший бузуклик авж олади. Порахўрлик, ўғирлик, талончилик, зўравонлик, таъмагирик, алдамчилик одатдаги ҳолга айланади. Динга эътиқод қилишдан путур кетади. Сохта эшон, мулла, фолбин сингари турли ниқобдаги юлғичлар урчийди. Ҳалол меҳнат қиладиган кишилар, илм билан шуғулланадиганлар қадрсиз бўлиб қолади. Ҳаром-хариш йўллар билан мол-дунё орттирган маккор, учар юлғичлар уддабурон, тадбиркор саналиб, ибрат намунасига айланади. Чунки улар бошқаларга ўрнак қилиб кўрсатилади.

Рус босқинидан илгари Туркистон халқлари турмушида ана шундай аянчли ҳолат ҳукмрон эди. Жумладан, ўзбек шоири Ҳамза ўлкадаги мавжуд вазиятни бу тарзда таърифлаган: «Оч туришга чора йўқ... Мардикорликка куч, усталикка хунар йўқ. Дехқончиликка ангал-дангал. Ўлишга текин ажал йўқ. Қочай десанг на йўл бор, на тинч жой. Муни устига сан ҳам бўларсан-да шуларга ўхшаган бедин, ноинсоф болшовоӣ... Мулла, эшонлар қутурди... Жазо шул қаю миллат, ки ҳикмат, илм-у фан билмас... Эсақ дониш эли ўлмас эдик биз мунча расволар» («Ўзбекистон адабиёти ва санъати» газетаси, 1999-йил, 14-сон). Чўлпон эса XX аср бошидаги Туркистон аҳволи ҳақида бундай деган: «Қатта тўйлар бўлмақда, қиморбозлар, мастлар бир-бирларини пичоғлашиб, инсон қонлари «жаҳолат!! жаҳолат!!» деб оқмоқда... Ерли мусулмонлар топган пулларин тўйға, жанозаға сарф

килуб, факирликда, хорликда қолмоқда... Пастгина хашак ва лойдан ясалган бинолар ва онларда сафил (қашшоқ - А.У.) бир ҳолда яшаган мусулмонлар! Топганин бачча, улоқ ва ичкуликка, ҳам домла-эшон ва бойларга шалдиратуб тўн ва зарбофлар берган, бойлар қўлинда кул ҳукмида бўлуб юрган ўзбеклар, қозоқлар, туркманлар ва ҳаммаси мусулмонлар... Илмсиз бойлари, жоҳил «олим»лари, ёлғон эшонлари ва исрофнинг қони бўлуви ила ҳеч бир нарсага ўхшамас» («Дўхтир Муҳаммадиёр» ҳикояси. 1914-йил).

Мухтор Авезовнинг асарларида, хусусан, унинг Абай тўғрисидаги эпопеясида ҳам XIX аср ўрталаридан XX аср бошигача бўлган даврдаги қозоқ халқи ҳаётидаги ана шундай аянчли аҳвол кўрсатилган. Маърифатдан узок, илмсиз бойларнинг ўз қавмдошлари бошига солаётган укубатлари, камбағал, қашшоқ одамларнинг хорлик-зорликдаги ҳаёти ҳаққоний гавдалантирилган.

«Абай» романида қаҳрамонлар икки гуруҳга ажралади. Албатта, салбий ва ижобий қаҳрамонлар яратиш Шўро даври адабиётининг ўзига хос хусусияти саналади. Сотсреализм методи ижодкордан ҳаётни кескин қарама-қаршиликда, ижобий ва салбий қаҳрамонлар ўртасидаги кураш асосида кўрсатишни талаб қилган. Садриддин Айний, Мухтор Авезов, Ойбек сингари адиблар ўз асарларида ҳаётни ана шу талаб мезонларига мувофиқ кўрсатишган. Улар бойлар, мулкдорлар, қози, мингбоши, юзбоши, элликбоши сингари амалдорларни салбий образ сифатида гавдалантиришган. «Қуллар», «Дохунда», «Есдалиқлар» (С. Айний), «Абай», «Абай йўли», «Қараш-қараш воқеаси» (М. Авезов), «Қутлуғ қон» (Ойбек) каби асарларда ҳаёт воқелигини гавдалантиришда бевосита турмуш воқелигидан келиб чиқилган.

Албатта, аввалги замонларда бойлар, мулкдорлар, мансабдорлар орасида ҳам имонли, диёнатли, адолатли кишилар бўлган. Шўро замонидан олдинги даврларда ҳам эл-юрт аҳволига ачинган юртпарвар, миллатпарвар мансабдорлар, мулкдорлар мавжуд вазиятни ўзгартириш учун саъй-ҳаракатлар қилишган. Бироқ уларнинг интилишлари дарёдан томчи даражасида ҳам вазиятга таъсир кўрсата олмаган. Чунки жамият манфаатпараст, маърифатсиз, жоҳил амалдор, бой, уламолар қўлида қолган. Маишатпараст бойлар, амалдорлар ва уларга ҳамтовоқ диндорлар, муллалар, эшонлар ўлкада жаҳолат, турғунликни авжлантирган. Бу хусусда Алихонтўра Соғуний (1885 – 1976) бундай дейди: «Нима учун кейинги асрларда Туркистон халқи бундай жоҳилият ботқоғига ботди? Бунга бош сабаб – динни асоси билан тушунмаган илм-маданият душманлари ҳокимият тепасида бўлдилар. Ўзларини дин ҳомийлари деб эълон қилиб, халқни маърифат нуридан маҳрум, замонавий фанний илмлардан бутунлай йироқ тутдилар. Чет давлатлар билан алоқа боғламадилар, ўқиш-ўқитиш ишларига ҳеч қандай аҳамият бермадилар. Шунинг учун Туркистон халқининг ичида уйғониш, фикр очилиш ва бор шароитдан фойдаланиш имкониятлари бўлмади. Давлатнинг инкирози, миллатнинг онгсизлигига шу жоҳиллар сабабчидур» (Ўзбегим. «Звезда Востока» журнали. «Ватан» серияси. – Тошкент: «Камалак», 1992 – 252-бет. Б.211). Шунинг учун ҳам Садриддин Айний, Мухтор Авезов, Ойбек, Абдулла Қаҳҳор ёки Чўлпон, Фитрат, Абдулла Қодирий каби адиблар ўша замон бойлари, амалдорларининг кирдикорларини ўз кўзлари билан кўришган, уларнинг зулмидан жабр чекишган. Шу боисдан «Абай»да ёки «Қутлуғ қон»да ҳаёт ҳодисалари бир ёқлама кўрсатилган, Мухтор Авезов ва Ойбек бойлар, амалдорларни нотўғри қоралаган, дея кескин ҳукм чиқармаслик керак. Чунки «Абай», «Қутлуғ қон»даги сингари бойлар, мулкдорлар ҳар бир замонда истаганча топилади. Албатта, ҳар қандай золим, шафқатсиз, манфаатпараст, худбин бой, таъмагир амалдорлар ҳам баъзан кимларгадир яхшилик қилади. Улар ҳам гоҳида бечора, ночор қолган одамлар аҳволига ичидан ачиниб, кимларгадир ноҳақ зулм ўтказгани учун ўзича афсус-надомат чекади. «Абай», «Қутлуғ қон» сингари Шўро даврида эътибор топган асарларда эса инсон табиатининг мана шу жиҳатига кўп-да эътибор қилинмаган. Эҳтимол, бу элда жаҳолат авж олиши, юртнинг мустамлакага айланишига асосий сабабчи бўлган бойлар, амалдорларга нафрат билан қарашдан туғилгандир. Аммо Шўро мафкурасининг ҳам ижодкордан ўтмишни қоралаш, у замоннинг ҳукмрон доиралари фаолиятидаги салбий жиҳатларни бўрттириб кўрсатишни талаб қилгани ҳам адабиётда шундай ҳолатни юзага келтирган.

«Абай» асари қандай баҳоланиши, унга қандай ёндашилиши, қандай муносабат билдирилишидан қатъи назар, у XIX аср адоғи – XX аср бошидаги қозоқ халқи ҳаётининг бадий қомуси сифатида адабиёт тарихида ўзига хос ўрин тутади. Чунки мазкур эпопеяда қозоқ халқининг урф-одатлари, тўй-маросимлари, бойлар-камбағаллар, уруғ-қабилаларнинг ўзаро муомала-муносабати, уй-рўзғор тутиши, халқ кўшиқ, ўланлари, бошқа халқлар билан муносабати, кишиларнинг тўй, азаларда кийиниш тарзлари, қозоқ даштларининг баҳор, ёзи, қиш ва куздаги манзаралари ниҳоятда жонли, ёрқин бўёқларда кўрсатиб берилган.

Абайнинг қиёфа-кўриниши тасвирланиб, таржимайи ҳоли баён қилинган манба қолмаган. Шоирнинг архиви, кундаликлари, хатлари, у ҳақдаги ёзма хотиралар ҳам тўлиқ сақланмаган. Мухтор Авезов Абай ҳақидаги маълумотларни уни кўрган, таниган, у ҳақда эшитган кишилардан сўраб йиққан. У Абайнинг ҳаёт йўлини бадиий гавдалантириш орқали даврнинг кенг манзарасини чизиб берган.

«Абай йўли» романи 30 йил ичида (1942–1972) қозоқ тилида 26 марта, рус тилида 25 марта, собиқ МДХ халқлари тилларида 21 марта, хорижий тилларда 16 марта – жами 88 марта чоп этилган. Мазкур эпопея 1971-йилда Москвада чоп этилган 200 жилдлик «Жаҳон адабиёти кутубхонаси» туркумидаги икки китобда ҳам босилиб чиққан (Тоғ каби юксак: Буюк қозоқ адиби М.Авезовнинг 100 йиллигига. – Тошкент: адабиёт ва санъат нашриёти, 1977. – 64 б. – 32-бет).

«Абай» эпопеясида ҳаёт воқелигига шўро мафқураси талаблари асосида ёндашилган. Чунки ўша замонда кишилар сотсиализмдан, сотсиалистик инқилобдан кўпгина яхшиликлар кутган, унинг ғояларига ишонган. Негаки XX аср бошида Туркистонда аҳвол беҳад оғир бўлиб, юрт хароб аҳволга келиб қолган. Кишилар ночор ҳаётдан болшевиклар инқилоби халос қилар, деб умид қилишган. Мухтор Авезов, Садриддин Айний, Ойбек сингари ижодкорлар Шўро тузуми халқ турмушини, албатта, яхши томонга ўзгартиради, деб ишонган. Шўро сиёсати қурбонига айланган Чўлпон, Фитрат, Абдулла Қодирий сингари адиблар ҳам муайян пайтгача сотсиалистик инқилобга ижобий ходиса деб қарашган.

Сотсиализм ғоялари назарий жиҳатдан чиройли кўринса-да, у одамларни бир-бирига қарама-қарши икки гуруҳга ажратиб қўяди. Унга кўра кишилар жамиятда ҳар доим бойлар ва камбағаллар синфига бўлинади ва улар орасида муттасил муросасиз кураш кечади. Мулкдорларга нафрат уйғотиш, жамиятдаги барча иллат, камчилик, қусурларнинг ягона сабабчиси бойлар, деб ўқдириш сотсиализмнинг асосий ғоясидир. Шўро мафқурасига кўра, мулк, бойлик турган жойда ҳатто, ота билан бола ҳам бир-бирига муросасиз душман бўлиши мумкин. Павлик Морозовга – сотсиализм ғояларига алданган ёш ўсмирга отасининг бой, мулкдор эканлиги, бошқаларни эзиб ишлатиши маъқул келмайди. У отаси бу мол-дунёга ўз-ўзидан эмас, минг машаққат билан эришгани ҳақида ўйлашни ҳам истамайди. Отасига нафрати ортиб бораверади ва охири уни ўлдиради. Сотсиализм ғояларига ишонган Максим Горкий сингари улкан ёзувчилар ўз отасининг қотили – падаркуш Павлик Морозовни оқлаб, ёқлаб чиқишган. Уни ижобий қаҳрамон сифатида кўрсатадиган асарлар яратиш зарур, дейишган. Натижада, шўро даврида Павлик Морозов сингариларни ижобий қаҳрамон сифатида гавдалантирган қатор асарлар ёзилган.

Улкан адиб Мухтор Авезов ҳам ўша давр ҳукмрон мафқураси таъсири туфайлими ёки ҳақиқатан ҳам ҳаётнинг ўзида шундай бўлганми, Абай ва унинг отаси Қўнанбойни бир-бирига қарши қилиб қўйган. Романда бирор ўринда Абайнинг отасига илиқ муносабати, унга меҳри товланиб қарагани қаламга олинмаган. Асарда Абай доимо отасидан нафратланиб юргани баён қилинган. Эҳтимол, Мухтор Авезов уюр-уюр отлари, сурув-сурув қўйлари, қулдек юзлаб хизматкорлари бўлган Қўнанбой сингари бойларнинг шафқатсизлиги, бераҳмлигини кўргани боис уларга салбий муносабатда бўлгандир. Бу унинг Қўнанбой қиёфасини мана бу тарзда чизишида ҳам билинади: «Қўнанбойнинг от юзли чўзинчоқ юзини қуршаб турган узун соқоли қўшилганда, боши билан юзининг ўзи бутун бошли бир ўлкага ўхшайди. Шу пайтларда Қўнанбойнинг ягона соғ кўзи ўша ўлканинг чап томонидаги ўрмон билан қопланган тепаликда туриб олиб, ўша ўлкани кўздан кечириб турган соқчига ўхшайди. Соқчи бўлганда ҳам, ҳормай-толмай кузатадиган сергак, беомон соқчи. Бу ягона кўз косасидан хиёл ирғиб чиққан, ўкдек қадалиб, ғазаб билан қарайди, камдан-кам киприк қоқади».

Ҳар бир одам ўз даврининг фарзанди, ўзи яшаётган жамиятнинг фуқаросидир. Ҳеч бир одам давр талаблари ва унинг мафқураси таъсиридан ўзини четга ололмайди. Замона ўзгаришлари, ундаги тебранишлар катта санъаткорларни ҳам ўз домига тортади. Мухтор Авезов сингари улкан ёзувчилар ҳам шўро ғояларига ишонган. Чунки улар жамият ўтмиш қолоқликларидан кутулиши, тараққиётга тўғанок бўлаётган иллатлардан халос бўлишини ишташган.

Мухтор Авезов асарлари ҳаётдаги ижтимоий қарама-қаршиликларини диққат марказига қўйиши жиҳатидан эмас, инсон табиатининг мураккаблигини ёрқин гавдалантириши билан ҳам эътиборни тортади. «Азадор гўзал» ҳикояси қаҳрамони – бева аёл. У вафот этиб кетган эрига садоқат билан яшайди. Ёш, гўзал бу аёлнинг вафодорлигига ҳамма қойил қолади. Уни барча эъзозлаб, ҳурмат қилади. Оқинлар бу вафодор беванинг сабр-бардоши, муҳаббат ҳақида дostonлар тўқийди. Бироқ орадан вақт ўтиб, ана шу ёш, гўзал бева кекса бир чўпонга бағрини очиб, вужудининг майлига бўйсунганини билмай қолади. Чунки бева аёлнинг ёш вужудида кўпирган қон унинг эҳтиросларини оловлантиради. Мухтор Авезов ҳикояда бу аёлнинг устидан ҳукм чиқаришни

ўқувчи ихтиёрида қолдириб, инсон вужудида миллий урф-удум, одоб-ахлоқ мезонларидан ҳам устун турадиган, жамият томонидан белгиланган тартиб-қоидаларга бўйсунмайдиган куч – табиий эҳтиёж борлигини таъкидлайди. Улуғ адиб одоб-ахлоқ, урф-удум мезонлари нуқтайи назаридан қараганда ёш, гўзал бевани қоралаш мумкин бўлса-да, аини чоғда уни тирик жон сифатида тушуниш ҳам керак, дейди.

Катта санъаткорларнинг асарларида ҳаёт воқелиги жумбоқлари, инсон табиати мураккабликларини кўрсатишга ана шу тарзда урғу берилади. Уларда турмуш ҳодисалари, инсон қисмати шунчаки баён этилмайди. Мухтор Аvezов сингари улуғ адиблар турли тақдирларни нақл этиш орқали кишиларни бир-бирини тушунишга даъват этишади. Қирғиз адиби Чингиз Айтматов «Жамила» қиссасида самимий муҳаббатга муштоқ, инсоний меҳр ва эътиборга интиқ аёл қалбининг ҳолатларини гўзал ифода қилиб беради. Ўзбек шоири Ғафур Ғулом «Менинг ўғригина болам» ҳикоясида ўғрининг аҳволини шундай акслантирганки, ночорликдан қабих ишга қўл урган бу одамга ҳар қандай киши беихтиёр ачинади. Мухтор Аvezов ҳам «Азадор гўзал» ҳикоясида бева аёлнинг ҳолатларини ана шундай таъсирчан кўрсатган.

Адибнинг «Кўкёл» ҳикоясида ҳам унинг Абай тўғрисидаги эпопеяси, “Қараш-қараш воқеаси” қиссаси ва бошқа асарларидаги сингари қаҳрамонлар ҳаракат, кечинмалари ёрқин гавдалантирилган. Асар қаҳрамони – Қурмаш деган бола. Овулга овчилар кўзи очилмаган бўри боласини келтиришади. Қурмаш шу бўри боласини меҳр билан парваришлайди. Қурмаш етим бўлгани учун меҳрни кадрлайди. Унинг назарида меҳр одамнигина эмас, ваҳший ҳайвонларни ҳам ёвузлик қилишига йўл қўймайди. Қурмаш ўзининг ана шу ақидасига қаттиқ ишонади. Катталар эса бўри ўз ваҳшийлигини қилади, деб Қурмашга тушунтиришади. Бироқ Қурмаш уларнинг маслаҳати, гап-сўзларига қулоқ солмайди. Бўри боласи катта бўлгач, ўрмонга қочиб кетиб, сурувларга ҳужум қилади. Қурмашнинг назарида, одамларнинг бўри боласига ўтказган зулми, таҳдидлари уни ваҳший қилиб қўйган. Агар ҳамма одамлар унга меҳр кўрсатганида эди, Кўкёл қочиб кетмас, сурувларга ҳужум қилмас, чўпонларни, овул одамларини хавотирга қўймас эди.

Меҳрсизлик барча фожиалар асоси эканлиги адибнинг «Етим қисмати» асарида ҳам таъкидланади. Асар қаҳрамони – 13 ёшли Азиза исмли етим қиз. У турмушда неча асрлардан бери ҳукм суриб келган урф-удумлар қурбонига айланади. Таҳқирлаш, хўрлашларга чидай олмаган Азиза кимдан нажот олишни билмасдан қишнинг изғиринида отасининг қабри бошига боради ва ўша ерда қабрни кучоқлаганча совуқдан музлаб қолади. Адибнинг «Золим замона», «Хон Кенес», «Тунги садо», «Қора кўз», «Иккиюзламачи Ҳасан», «Қараш-қараш воқеаси» сингари асарларида ҳам ҳаёт фожиалари қаламга олинди, турли дунёқарашдаги кишиларнинг ўз манфаатлари йўлидаги мурасиз кураши гавдалантирилади.

Қозоқ халқи тарихига мурожаат қилиш, қозоқ саҳросида кечган ўтмиш ҳодисаларини бадиий акс эттириш Мухтор Аvezов ижодининг асосий моҳиятини белгилайди. Унинг «Хон Кенес» (1927), «Золим замона» (1928), «Тунги садо» (1934) дастлабки асарлари ҳам шундан далолат беради. Адибнинг «Хон Кенес» драмасида ўрис босқинчиларига қарши кураш олиб борган хон Кенесари Қосим ўғлининг миллатпарварлиги, «Золим замона» қиссасида қозоқларнинг мардикорликка жалб этилишига қарши Еттисувда бўлиб ўтган норозилик исёни, «Тунги садо» драмасида Жонтош бошчилигидаги миллий озодлик кураши гавдалантирилиб, манфаатпараст, худбин маҳаллий бойлар, амалдорлар юртнинг мустамлакачилар исқанжасига тушиб қолишига асосий сабабчи эканитаъкидланган. Мухтор Аvezов қозоқ адабиётида драматургия ривож топишига салмоқли ҳисса қўшган. Адабиётга драматург сифатида кириб келган бу улуғ адибнинг ўттизга яқин драмаси театр саҳнасида қўйилган.

Мухтор Аvezов инсонпарвар, миллатпарвар ижодкор эканлиги унинг қозоқ халқи фольклори ҳақидаги, қирғиз халқининг «Манас» эпоси тўғрисидаги кўламли тадқиқотларида ҳам аён кўринади. Бу улкан ижодкор туркий халқлар маданияти, адабиёти ривож учун жонқуярлик билан ҳаракат қилган. Ойбек, Пиримқул Қодиров, Асқад Мухтор сингари адиблар Мухтор Аvezов ўзбек адабиётининг ҳам фидойи тарғиботчиси бўлганини таъкидлашган. «Абай» муаллифи Абдулла Қодирийни ўз устози сифатида эъзозлаган. У, жумладан, «Ўткан кунлар», «Меҳробдан чаён» романларини таърифлаб: «Абдулла Қодирийнинг романлари 20-йилларда қутилмаганда, худди кўкқисдан текис чўлда, кўкка бўй чўзиб, Помир тоғининг чўққилари ўсиб чиққандек пайдо бўлди. Уни Қурманғози ёки Чайковскийнинг куйларини тинглаётгандай, худди поезия тўлқинларига кўмилиб, чўкаётгандек мутолаа қиласан киши» деган. “Абдулла Қодирийни оқлаш масаласини ҳам биринчи бўлиб Москвада Мухтор Аvezов кўтарган” (Ўша манба. 25-бет).

Мухтор Аvezов барча улкан истеъдод соҳибларига ҳамиша меҳр билан қараган. Машҳур қирғиз адиби Чингиз Айтматов асарларининг дунё бўйлаб шуҳрат қозонишига ҳам дастлаб «Абай»

Ақын қазақ даласында болып жатқан өзгерістердің тек сол кезеңде ғана пайда бола салмағанын түрлі реминисценциялар арқылы көрсетеді. Көшпелі өмір салтының өзгеруімен пайда бола бастаған қалаға орналасудың, үй салудың себеп-салдарын, қала тұрғынының тұрмысын, сол тұрмыстың біртіндеп сананы билеуге көшкенін, қазақ менталитетіндегі өзгерістерді әр типті келтірінді құрылымдармен вербалдаған ақын мәтінаралық байланыстардың әлеуетін ерекше бағалағаны, пайдаланғаны байқалады. Мәселен, батырлар жырына, зар заман ақындарының, Бұқардың, Махамбеттің, Абайдың өлеңдеріне, А. Байтұрсыновтың «Масасына» сілтеме жасайтын цитаталар, реминисценциялар поэманың семантикасын, континуумын кеңейте, толықтыра түскен.

Қазақ үшін дала халықтың бітім-болмысын, ұлттық рухты танытатындықтан, оның дүниетанымында, лексикасында даланы сипаттайтын, онымен ассоциацияланатын тілдік бірліктердің де мол болуы заңды. Ал сол даланың перзенті – ақын-жазушылардың көркем мәтіндерінде тілдік құралдар күрделі ойды ашатын тақырыпқа сай таңдалып, іріктеліп алынады. Олар негізгі ойды беретін бір немесе бірнеше сөздің лексика-семантикалық парадигматикасы, синтагматикасы арқылы мәтіндегі ойды жылжытып, оқиғаны сипаттап, дамытып отырады. Туындының тілдік қабатын ұйымдастырушы автор мұндай сөздермен өзінің субъективті көзқарасын да білдіріп отырады.

«Дала» сөзін лексикографиялық деректер былай анықтайды: 1. Кең байтақ жазық өңір, құла дүз. ... 2. Есік алды, тыс. ... 3. Ауылды жер, қыр [7]. Бұл сөздің осында көрсетілген мағыналары заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің шығармаларында төмендегідей көрініс тапқан:

Дөң басы қазіргі уақытта өзгеше көңілді. Кешке жақын у-шуы көбейіп, азан-қазан болған ауылдан шығып, *биік сары дөңге* көтеріліп келе жатқанда, бойың биікке тарта бергендей болады.

Ептеп қоңырқай тартқан *иесіз дала* жеңіл тұманды жамылып сазарғандай [8, 131 б.].

Қалың қарды жамылған *ақ дала*. Айналада көз тоқтарлық бұдыр жоқ [8, 137 б.].

Дала жайылған кебінге ұқсайды. Алыстағы биік жота жымырайған пішінімен тіршілікті көмген молаға ұқсайды [8, 137 б.].

Мұңайып қайғы басқан ұзақ далада көз тоқтайтын қарайған – алыстағы ақ таудың баурында тұрған жалғыз қора. Көз ұшында қарауытып, нобайы көрінген ауылдан жұлындай болып шығып жатқан жіңішке түтін көрінеді [8, 137 б.].

Жетімсіреген елсіз далада жалғыз келе жатқан жаяу – зұлымдық, зорлықтан қашқан жас келіншек – Рәбиға. Бұдан бір жыл бұрын Рәбиғаның күйеуі өлген. Жас келіншек қосағынан айырылған соң, жылау мен қайғыда қаралы жылын өткізген. Күйеуінен қалған жақын туысы жоқ болатын. Жақында жылын берген соң, бұлардың жамағайыны Жақай Рәбиғаны алмақшы болған. Әмеңгершілік жолымен, жасы алпысқа келген кәрі шал болса да, Жақай Рәбиғаның иесі болып шыққан [8, 138 б.].

Ақ дала меңіреу болып түнеруде. Қайғылы сары бел боран әкеліп тұрған ақ киімін қымтай түсіп, жата берді [8, 139 б.].

Оңтүстік жақ жазықта жапырлап отырған көп ауыл айналасында шұбыртып қыбырлап жүрген малдарымен бірқалыпты *жасыл даланың* түсін түрлендіріп, көз қуантып тұр [8, 140 б.].

Көз ұшында, *сары даланың* шетінен жотасы көрініп, иректеліп, созылып жатқан көк тау көрінеді. Одан бергі жер жалпақ ақ көде мен сары селеу. Өзеннің солтүстік жағы ұзын сары адыр. Кей жерде таудың аралары үзіліп кезең болып, кей жерде біріне-бірі қабатталып миқы адыр, бұйрат болады. Өзен осы адырды кенерлеп, таумен бірге айырылып ағады. *Сары дала*, сары адырдың арасындағы жіңішке өзен екі жағасындағы көк жиектенген шалғынымен, жағалай қонған ақ, ауыл жыбырлаған неше түлік малымен, әр жерден бұрандап аспанға шығып жатқан көкшіл түтінімен бірқалыпты дүниенің ажарын ашып, сырт көзге көркейтіп тұрғандай [8, 154 б.].

Сонымен, келтірілген мысалдардың өзінен дала сөзінің мынадай мағыналарда қолданылғаны байқалады: 1) дөң басы, 2) биік сары дөң, 3) иесіз дала, 4) ақ дала, 5) жайылған кебін, 6) мұңайып қайғы басқан ұзақ дала, 7) жетімсіреген елсіз дала, 8) қайғылы сары бел, 9) жасыл дала, 10) сары дала, т.б. Бұл лексикалық бірліктердің әрқайсысының ассоциативтік өрістеріне кіретін басқа да сөздер контекст арқылы өзектеніп, тұтас дала концептісінің түрлі фреймдерін қамтиды.

Әдебиеттер

1. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Русская словесность. Антология. – М., 1997.
2. Маслова В.А. Современные направления в лингвистике: учебное пособие / В.А. Маслова. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 272 с.
3. Әмірбекова А. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М. Мақатаев поэзиясы бойынша): филол. ғыл. канд. ... дисс. авторефераты. – Алматы, 2006. – 26 б.
4. Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. – Алматы: ARNA-V, 2013. – 192 б.
5. Еспенбетов А. С. Творческая биография Султанмахмута Торайгырова: автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологическх наук. – Алма-Ата, 1993. – 46 б.
6. Аль-Фараби, А.Н. Трактат о взглядах жителей добродетельного города. Философские трактаты. – Алма-Ата: Ғылым, 1970.
7. Қазақ тілінің сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк – Прес, 1999. – 774 б.
8. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т. 4. – Алматы: Дәуір, 2014. – 480 б.

ҒТАХР: 17.01.09

МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ АУДАРМАЛАРЫ: «БУДДА» ӘНГІМЕСІ

Смағұлова А.Т., ф.ғ.к.

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
Шәкәрім университеті

Қазақтың көрнекті тұлғасы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шығармашылығы сан қырлы. Абайтанудың ғылыми негізін қалап, сөз өнерін ерекше өрнектеп теңдесіз мол мұра қалдырды.

Соның бір айғағы – жазушының аудармалары. Көркем аудармадағы орасан еңбегі әлі де зерттеуге зәру.

М.Әуезов алғаш рет Л. Толстойдың «Будда» деген әңгімесін аударып, 1918 жылы «Абай» журналының 1-санында жариялаған. Яғни бұл шығарма – жас Мұхтардың аудармадағы алғашқы талпынысы.

«Қазақтың өзгеше мінездері», «Адамдық негізі – әйел», «Оқудағы құрбыларыма» деп қазақ санасын оятуға талпынған жастың Толстойды тәржімалауы қайран қалдырмай қоймайды. Мұхтар

Әуезов орыс әдебиетінің озық шығармаларын жастайынан бастап-ақ оқи бастаған десек те, неліктен Толстойдың «Буддасын» тәржімалаған? Өңгімені қазақ оқырманына жеткізе отырып, нені астарлады екен?

«Толстойдың бұл шығармасын тәржімалаудағы Әуезовтің бір мақсаты – қазақ жұртының танымдық көкжиегін кеңейту болса, екінші ойы оқырманды адамзаттың озық ой үлгілерімен тәрбиелеуге талпыну», – дейді ғалым Б.Жақып [1, 195].

Алаш көсемі Әлихан Бөкейханға ден қойсақ: «Бостандық, теңдік, туысқандық XVIII ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір. Мұны майданға салған Франция жұртының саяси ерлері. Осы үш түрдің бірі біздің Шарифаттан, Інжілден, Будданың оқуынан, Толстой философиясынан табылады, көзі ашық, талапты ер ізденсе. Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ. Бұл жолдан шыға сала жайылған хайуандыққа қайтқан болады» [2, 78] – деп Толстой көзқарасына ерекше назар аудартқан.

Кейінірек, яғни 1933 жылы жазған «Абайдың туысы мен өмірі» мақаласында М. Әуезов былай дейді: «Көп кітап оқып, бұрын сезбей, білмей жүрген көп жаңалық есіткен соң Абайдың ішінде қатты толқын, үлкен ой-пікір өзгерістері болады. Мұның мысалына, берірек ұлғайып келген уақытта Абайдың өзі айтқан бір сөзін еске алуға болады. Өзі айтуынша: «Отыздың ішінен бастап Еуропа оқымыстыларының көп кітаптарын оқып, қырыққа таман келген уақытта, бұрынғы дүниенің асты үстіне шығып өзгеріп: күншығысым күнбатыс, күнбатысым күншығыс болып кетті» депті. Берірек келіп оқуға салынып оқып, кітап деген нәрсе әншейін қазақтың ет пен қымызы сияқты тіршілік азығының ең үлкен шартының бірі болып алғандай Абай әрбір жақсы сөзді оқығанның артынан, соның ағымына ақыл, оймен құлай сүйсініп, шын сүйетін сияқты әдеттер тауыпты. Мәселен, будданы оқып шыққанның артынан: «Шіркін будданың сөзі қалай терең еді, жасымда кез келмеді-ау» деген сияқты. Өмір бойы Лермонтовты сүйіп: бұл махаббатқа уланған шын ақын, «махаббатын улаған ашу» деген сияқты сөздері бар» [3,81].

Ал Лев Толстойдың «Будда» әңгімесін жазуға Қазан ауруханасында қарақшының шабуылына ұшыраған будда монахымен кездесуі себеп болған екен. Шабуыл кезінде монах қарсылық көрсетпей, дұғасын жалғастыра береді. Одан орыс жазушысы алғаш рет «Ахмис» (зорлық-зомбылық жасамау) заңының талаптарын естиді. Яғни Толстой жамандыққа күшпен қарсылық көрсетпеу идеясын мақұлдаған.

Өңгімені салыстырайық. Аудармашы еркін аударма жасаған. Мәселен,

Л. Толстойда: *«Две тысячи четыреста лет тому назад жил в Индии царь Судходана. У него было две жены, две родные сестры, но детей ни от одной, ни от другой не было. Царь очень огорчился этим, и вдруг, когда он уже перестал надеяться, старшая жена его, Майя, родила сына»* [4, 198].

М. Әуезовте: *«Ғайса пайғамбар дүниеге келместен жүз жыл бұрын Гималай тауының етегінде бір Саки деген халық тұрыпты. Патшасы Судхадана деген кісі екен. Патшаның екі қатыны болыпты. Бірақ ешбірінен де бала болмапты. Кәрілік алқымдап қалып, артында бала қалмайтындығы уайым болып жүрген уақытта патшаның зор қуанышына үлкен қатыны Майядан бір еркек бала туды»* [5, 33].

Түпнұсқадағы 2400 жыл бұрын деген тіркесті аудармашы «Ғайса пайғамбар дүниеге келместен жүз жыл бұрын» деп және де жер атауын Гималай тауының етегінде деп жалпылама тәржіма еткен. Сондай-ақ, аудармада Саки деген халық атауын нақты атайды. Ал патшаның екі әйелінің туған апалы-сіңілі екенін айтуды маңызды санамаған іспетті, мүмкін қазақ ұғымына жат дүние болғандықтан бұл тұсты тәржімалау қажет деп таппаған да болар.

Л. Толстойда: *«Долго он мучился, но один раз, когда он сидел под деревом и думал всё о том же, ему вдруг открылось то, чего он искал: открылся путь спасения от страданий, старости и смерти. Путь спасения представился ему в четырех истинах. Первая истина была в том, что все люди подвержены страданиям. Вторая истина в том, что причина страданий – страсти. Третья истина в том, что для того, чтобы избавиться от страдания, надо уничтожить в себе страсти. Четвертая истина в том, что для того, чтобы уничтожить страсти, нужно четыре дела».*

Әуезов бұл жолдарды былайша аударады: *«Оңашада көп заман нәфсі жауымен алысып, бір күні ағаштың түбінде әуелгі тыныштығын бұзған ойды қуып отырғанда, адасқан беттен құтылудың анық жолын тапты. Ол айқын жолдар мынау еді: дене деген уақытша нәрсе, уақыт бітсе күйреме, адам денемен тірлік қылып тұрғанда бейнетке де, тозуға да, өлімге де кіріптар. Бұдан қалай құтылу керек?»*

Адамның жаны нәфсімен байланып тұрғанда өмір сүргісі келеді. Ал өмір қанағатсыз тілекпен, өлімнің қорқынышымен ылғи бейнет тугызады.

Сондықтан нәфсінің тілегін жоғалту керек деген Сейдхартаның үміті төрт түрлі хақиқатқа тірелді. Бірінші хақиқаты: адам баласы газап көрмек. Екінші хақиқаты: газап нәфсіден туады. Үшінші хақиқаты: адам нәфсіні жойса, газаптан да құтылады. Төртінші хақиқаты: нәфсіден құтылуға төрт саты бар...».

Түпнұсқадағы «открылся путь спасения от страданий, старости и смерти» деген жолдарды «адасқан беттен құтылудың анық жолын тапты» деп шынайыландыра береді. Ал, «Ол айқын жолдар мынау еді: дене деген уақытша нәрсе, уақыт бітсе күйремек, адам денемен тірлік қылып тұрғанда бейнетке де, тозуға да, өлімге де кіріптар. Бұдан қалай құтылу керек? Адамның жаны нәфсімен байланып тұрғанда өмір сүргісі келеді. Ал өмір қанағатсыз тілекпен, өлімнің қорқынышымен ылғи бейнет тугызады» деген пәлсапалық жолдар да Мұхтар Әуезов жанынан қосылған.

Түпнұсқадағы: «В продолжение пятидесяти лет Будда, переходя из места в место, проповедовал свое учение. Последние годы Будда был слаб, но все еще ходил и проповедовал» деген жолдарды М.Әуезов былайша тәржімалайды: «Будда қажымастан 60 жыл бір жерден бір жерге көшіп жүріп халықты үгіттеді. Ақыры бір-екі қышлақтың арасында келе жатқанда ажал сағаты келіп жетті. Сол уақытта жасы 80-де еді. Әбден нашарланып әлсіресе де үгітін қоймап еді». Будданың неше жасында дүниеден өткендігі туралы Толстойда жоқ.

Немесе орысша нұсқасындағы: «Друзья мои, – прибавил он, обращаясь к другим ученикам, – живите так, как я учил вас. Освобождайтесь от опутывающей людей сети страстей. Идите по тому пути, который я указал вам. Помните всегда, что телесное все разрушается, только истина неразрушима и вечна. В ней ищите спасение. Это были последние слова его», - деген ойды Әуезов былай деп аударған: «Дүниеде мәңгілік не бар дейсің достарым! – деп басқа шәкірттеріне қарап, – менің үйретуімше өмір сүріңдер, нәфсінің тұзағынан құтылыңдар, мен нұсқаған жолмен жүріңдер. Әрдайым естеріңде болсын: тән ойран болмақ, бұзылмайтын мәңгілік – жалғыз хақиқат. Сол себепті хақиқатқа жабыссаңдар, жандарыңды құтқарасыңдар». Данышпан Будданың ақырғы сөзі болды. Сонан кейін көзін мәңгілікке жауып, ақырын дүниеден көшіп жүріп кетті». Дүниеден көшіп кетті деп Будданың өмірден озғанын қазақ түсінігіне жақындата береді.

Дүниені тәрк етіп, ел кезіп, жер шолған Сейдхарта айтқан 10 парызды да жас жазушы М. Әуезов өзінше аударған. «Арамдықтан сақтан, әйелден аулақ бол» деген жолдар түпнұсқада: «Будь целомудрен и в мыслях, и в жизни» берілген. Ал Толстойдағы «Старайся понять истину» деген парызды «Сенімсіздіктен құтыл, хақиқатты ұғуға тырыс» деп ақиқатты айту үшін өз-өзіне деген сенімділіктің қаншалықты маңызды екендігіне назар аудартады.

Жалпы алғанда, өркениетті аңсаған кез-келген дананың негізгі пәлсапалық ойының астарында адам жанының тазаруы арқылы ғана жақсылыққа жетуге болады деген терең мән жатыр. Кез келген діндегі басты мақсат та осы адамгершілік, ізгілік қағидаларына негізделеді.

Жиырмаға енді ғана толған жас жеткіншектің пәлсапалық маңызы терең осындай шығарманы аударуға бел бууы оның даралығын айшықтай түседі. Әрі шығарманың көркемдік сипаты да жас аудармашының қабілетінің куәсі дерсіз.

Әдебиеттер

1. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 2011. – 688 б.
2. Бөкейхан Ә. Шығармаларының 9 томдық жинағы. – Астана: Сарыарқа, 2013. Т. 6. – 520 б.
3. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 8-том: Мақалалар, зерттеулер, очерктер, әңгімелер, аудармалар, құжаттар. 1930-1934. – 504 б.
4. Толстой Л.Н. Собрание сочинений в восьми томах. – Т.7. – М.: Лексика, 1996. – 245 с.
5. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 1-том: Мақалалар, пьесалар. 1917–1920. – 464 б

МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ АСЫЛ МҰРАТЫ

Курмамбаева Қ.С., ф.ғ.к., аға оқытушы
Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
Шәкәрім университеті

Бала Мұхтардан дана Мұхтарға айналған сүйікті ұлының халқы үшін жасаған ұлы істерінің бірі – Қазақтың ұлттық театр өнерінің тууының бастауында тұрғанын ұлттық модернизацияның өткен ғасырдың басындағы бір жарқын үлгісі деп қабылдасақ қателеспейміз.

Ол тағы Абай есімімен байланысты мезет болатын. 7 маусымда 1917 жылы Ойқұдықта ең алғаш рет жасы 20-ға әлі толмаған Мұхтар Әуезов Шәкәрімнің «Жолсыз жаза» атты поэмасының негізінде жазылған «Еңлік-Кебек» атты трагедиясын Абайдың немересі, Тұрағұлдың қызы Ақылияның ұзатылу тойында дүйім жұртқа ұсынып, өзі режиссер әрі суфлер болып сандықтың тасасында отырды. Бұл ресми мерзім болып танылмаса да қазақ театрының туғанына 100 жыл толғанының айғағы болып табылады.

Мұхтар Әуезовтің артына қалдырған асыл мұрасы мол әрі қазыналы. Мұхтартану ғылымы да қазақ әдебиетінде дербес бір салаға айналған.

Мұхтар Әуезов екі ғасыр межесіндегі, қос қоғамдық формацияның шегіндегі, кең тұсау-ұзын арқан, қыс-қысыл, жаз-жазыл көшпенді өмір салтымен айрылуға үкім етілген, отарлануға, темір ноқтаға басы іліккен пұшайман күйдегі қазақтың әлеуметтік тұрмысын таңбалап, оны өмірде шынайы прототиптері бар бейнелер галереясы арқылы танытты. Бұл кезеңдегі сорға батқан қорғансыз қазақтың зарын Абай өлеңдері айқындайды. Мұхтар Омарханұлы Абай мектебінен шыққан төл шәкірті ретінде бойындағы суреткерлік қуатын оның әлеуметтік-тарихи себептерін айқара ашуға салды.

«Абай жолы» атты роман-эпопеясының төртінші кітабында осы екі меже арасындағы қыр қазағының бастан кешкен әлеуметтік тұрмыс суреттері Дәркембайдың ажалы арқылы терең суреттелген. Бұл сахара қазағына «сот», «тілмаш», «ояз», «болыс», «шабарман», «салық», «арыз», «китжеккенге айдату», «пысық», «айып», т.б. отарлық әкімшілік жүйенің белгілерін білдіретін сөздер мен ұғымдар сіңе бастаған уақыт.

Бұл тарауды суреткер жазушы жатақ өмірінен алып, «Қапада» деп атады. Табиғаттың ызғары мен адам жанының толас таппайтын қапасы қабат келеді. «Онсыз да тозығы жеткен көп жатақтың ауылы қазір, әсіресе жүдей түскен жадаулықта. Жиырма шақты қоңырқай үйлі, жыртқық кара лашықты ауылдың тірлік белгісі аз-ақ». Абайды бастап келген Дәрмен көп жатақтың ішінен өздері іздеген үйді ескі туырлыққа былтыр жамалып қосылған жаңалау қызыл киізді есінде сақтаушы еді, солай тапты.

Бұл үйден олар Базаралы мен Ерболды кездестірді. Үйдің ішінде кейіс пен нала елесі тұрғанын жазушы аңғартып өтеді. Оған артынша көз жасы қосылды. Ол Абайдың Дәркембайдың бетіне тамған көз жасы болатын.

Өлім аузында шерменде халде жатқан ақ сақалды Дәркембай Абайды танып, қоштасу рәсімін жасаған тәрізді құлағынан, самайынан, маңдайынан иіскейтін жеріндегі көз жасы өнер-білімнен мақұрым қалғып, санасын қараңғылық тұмшалаған қазақ әлеуметіне тән күйзелісті де айқын танытып тұр.

Дәркембай Абайға жасөспірім жалғыз баласы Рахымды тапсырды. Драмалық сәтті жазушы ажал төсегінде үзілгелі жатқан Дәркембайдың өксігі, санасын торыған қайғысы арқылы береді: «Қолында өнері жоқ, алдында малы жоқ, айнала пана жоқ. Кімге қалып барады?»; «– Рахымды оқуға...берші! Бұны да адам етші!...– деп соңғы арыздасу сөзін осыменен тәмам етті» [1].

Бұл үзіндіде бір ұлттың тұтас асыл мұратын таныту тұр, өйткені ендігінің дүниесі түбірімен өзгеріске ұшырайды. Мұнысы Мұхтар Әуезовтің романда Дәркембай сияқты жоқ-жітіктің қауіп-күдігі мен тағдырын айтуы ғана емес, тұтас қазақ ұлтының тағдырын алаңдаудан туындаған жан азасы десе артық етпейді. Абайдың қараңғы қазақтың көзін аштырмайтын надандық құсасы туралы өлеңдерінде жиі уайым етуі, «Уайым – ел қорғаны, есі барлық» (Абай) сол бір елжандылық қасиет Мұхтарға ауысқан-ды.

«Шекпені болса жұқа, омырауы да ашық еді. Жұмыстың қызуымен оны ойламаған ғой. Бейнет ауыр, әл-ауқат аз, киім лыпа нашар... Күн болса өңменнен өтетін қатты жел!», бұл Дәркембайдың әйелі Жаңылдың үй ішінде отырған кісілерге – Абай, Ербол, Базаралы, Дәрменге айтқан мұңы, байқасаңыз, табиғат құбылысы мен сол уақыттағы қазақ қоғамының қасіреті тұспа-тұс, астарлы, параллель тұр. Иісі қазақ қоғамы осындай жел өтінде тұрған, дәрменсіз халық әлі талай қысталаңға, қасіретке құлайды.

Алда оны отарланудан өзге формаға ауысқан төңкерістер шарпуы, қос дүниежүзілік соғыс арасындағы зіл батпан ауыртпалық, қолдан жасалған аштық арқылы басталған геноцид, саяси қуғын-сүргін, жеті ағайынды жұт күтіп тұрды. Алып жазушының сезімтал жүрегі қазақтың басындағы қиыншылықтың созыла түсерін білетіндей әсері бар.

Жазушы тұтас бір халықтың құсасын өзі арқалап отырып, Базаралының Дәркембайды суреттеп айтатұғын сөзінде танытады: «Қай қамауға түспеген Дәркембай еді. Бірақ адам темір емес қой. Көңіл қайратты болғанмен, көне шекпен етке лыпа бола ма? Өр кеудесін имеймін дегенмен, қара дауыл қоя ма?», сөйтіп келіп, оны омбы қарда қасқыр қамаған құр қол адамға теңейді. Мұхтар Әуезовтің осы оқиғаны түстеп танып көруінде, Дәркембайдың қазасы сырт көзге Абай айтқандай, алдыңғы толқын мен кейінгі толқынның ауысуы, тіршіліктің алмасуы болғанымен, астарлы түрде қазақ деген халықтың бұл дүниеде өнер-білім, ғылымнан құр қол қалып, амалы құрып тұрғанына, өзге халықтардан кем қалып қалғанына наразылық, елдің дәрменсіз күйіне құлазуы деп те қабылдасақ болады. Осы тараудағы Дәркембайдың өлер алдында жалғыз Рахымды Абайға оқыт деп тапсыруы бұл ойды бекіте түсетін сияқты. Жазушының асыл мұраты қазақтың баласы бекер сандалмай оқыса екен, көзі ашық болса екен дегендік. Соншалық құсалы мезетті суреттеп отырып, оған үміт сәулесін қалдырып қоюы соның нышаны болып шығады да қояды. Қазақтың «Орнында бар оңалар» дейтұғын оң дүниетанымын Мұхтар Әуезов шебер алып шығады.

Бұдан әрі қалаға оқуға кетеді деп шешілген Рахымның анасы Жаңыл жалғыз шошайып қалады. Не істеу керек? Дәркембайдың інісі Дәрмен мен оның келіншегі Мәкен өз қолдарына алуы керектігі туралы баяндалады. Жаңыл жатақтың асыл қарты Дәркембайдың шаңырағын күзетіп жыл отыруға ниеттілігін Мұхтар Әуезовтің қазақтың ұлттық салт-дәстүрін сақтауды көздеп, соны мұрат қылып суреттейді.

Жаңылдың Мәкенді жатсынбай, жақын тартуы, шалының жылын күтіп, артынан Дәрмен мен Мәкеннің қолында тұрсам деп ойлауындағы сарынды кейіннен Ғабит Мүсірепов «Ұлпан» атты повесінде терең етіп алып шықты.

Дәркембайдың қазасынан соңғы оқиғаның сарыны Базаралының басына түскен кепті баяндау арқылы ашылып, қазақ қоғамының бағзы қара қылды қақ жарған билер институты келмеске кетіп, ақ патша билеген заманның болыстықты сатып алатын бақталасты, парақор, күрделі қалыбын, ит тартыс, ырың-жырың, топ-топқа бөлініп алып, күштісі әлсізді талап жатқан әділетсіздігіне құрылған қазақ әлеуметінің дімкәс күйіне әкеп тірейді.

Бір тектен тараған, аталас ағайынның өзара қызылкөз, пәлекор дауы елді жегідей жеп барады. Тобықты өзара тату күй кешпей, қату отыр. Жігітек пен Ырғызбай тұқымы дұрдараз. Соның үшін «Бөрі арығын білдірмес, сыртқа жүнін қампайтар» деп Базаралының Абайға сырын айтатын сәтіне әкеп тірейді. «...әйтеуір, екі көзім жұмылып қара жердің қойнына кіргенімше, тым құрыса жауларым «әлі Базаралы тыйылған жоқ, жапырылған жоқ, бойсұнған жоқ!» деген дақпыртымен жүре берсін дейім. Діңкем құрыса да бұл дертімді де тығып жүріп кеп, өзіңе ғана айтып отырмын! – деген». [2]

Оқырман көкейінде бір ой беріштей қатып қалады. Неге осындай ер азаматтар, бір басында өзгеге үлгі боларлық тамаша адамдық қасиеттері бар, қазақ осындай деп бөтен жұртқа ұялмай көрсететін аптал азаматтар қоршылыққа ұшырап, өмірлерінің соңында нала мен қайғыдан қапалы болып о дүниеге аттанып барады?! Кедейшілік пен қорғансыздық бұлардың сүйегіне шейін неге ұялап алған?! Қазақтың жері кең, ырысы мол сияқты еді! Бірақ мүшкіл кепке қазақ халқы неге ұрынды?! Мүсәпір халық болудан арылу үшін не істеу керек?!

Осы тарауда Ақшоқыдағы ауылда, пеш жағылатын жылы тамда Дәрмен мен Мәкен, ертегіші Баймағамбет тұратын қарсы үйде Абай отыр. Ол жай отырған жоқ, кітап пен өнердің алтын кілтін тауып, ізденіп, айналасына күн нұрындай шұғыла таратып отыр. Абай хакім өз ұлтының жоғын іздеген жоқшы болып, үлгі көрсетіп отыр. Мұны Мұхаң «Түпкір үйде, Мағаш пен Кәкітай да, өз алдарына кітап оқып ізденуде. Оның екеуі де бұл күндерде орысша кітаптарды, әсіресе жеңіл тілмен жазылған қызық романдарды көп оқитын. Өз мәжілістерінде сол оқығандарын ауызша әңгіме, ертегі қылып айтысып отырады [3].

Жазушы Абай мектебі қалай басталғанын осы бір қарапайым сурет арқылы берді. Бұл үйде өнерді сүю ғибраты дәріптелгені Мәкен мен Әйгерімнің ою-өрнектің үлгілерін қағазға сызатын тұсында анық көрінеді. Абай мектебі уақыт өте келе қазақ руханиятын ұзақ ұйқыдан оятқандай нәтижелі асыл арнаға айналған. Себебі, Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп келетін ұлы зары кейінгі Мұхтар мен Мағжан, алашордашылардың құса-мұңына ұласты. Өйткені жаңа дәуір басталғанда даланың көкжал ұлдары жаңа езгі мен құрсауға бастары іліккелі тұрған. Соның бірі шығармашылық пен саяси қуғын-сүргіннің арасында арпалысқан Мұхтар Әуезовтің өз өмірі болатын. Ол халқы үшін сүйіп жасаған үздіксіз михнатты, бірақ сүйікті ой еңбегі – творчестволық ерлігін жасай

жүріп, жасампаздықтың туын көтере жүріп, саяси жүйеден, күншіл топтан, ұдайы аңдудан жаны жапа шекті. Сөйте жүріп, қазақ деген халықтың руханиятта өз үні анық болуы үшін мылтықсыз майданда күресумен өмірі өтті. Оның Абай тұлғасын жарық қылғаны сүйген елінің бағын ашу үшін де істелген ғажайып жасампаздығы болатын. Бүгінде оның жемісін бүкіл қазақ әдебиеті, мына біздер көріп отырмыз.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Шығармалар. 7 том. Абай жолы. – Алматы: Жазушы, 1968. – 158 б.
2. Әуезов М. Шығармалар. 7 том. Абай жолы. – Алматы: Жазушы, 1968. – 165 б.
3. Әуезов М. Шығармалар. 7 том. Абай жолы. – Алматы: Жазушы, 1968. – 208 б.

ҒТАХР: 17.09.91

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХИ МӘСЕЛЕЛЕРІ М.ӘУЕЗОВ ЗЕРТТЕУІНДЕ

Сағындыққызы Г., магистр, аға оқытушы
Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
Шәкәрім университеті, guka_82-82@mail.ru

М. Әуезов қазақ әдебиеттану ғылымында алғашқылардың бірі болып әдебиет тарихына байланысты зерттеу еңбектер жазып, мол мұра қалдырғаны белгілі. Өйткені жазушы өз мақала, еңбектерінде айтып өткендей, әдебиетті тану оның тарихын, осы күнге дейін жүріп өткен жолын, өсу кезеңдерін, түрлі заңдылықтарын білуден басталады деп түсінеді.

Ол жасынан-ақ жазушылық қызметпен бірге әдебиет туралы ой-пікірлерін жариялап, ескі жыр-өлеңдерді жинап, оларды зерттеу саласында да өнімді еңбек етті. Оның қаламынан қазақ халқының ауыз әдебиетіне арналған көптеген зерттеулер шықты. Соның ішінде әдебиеттану ғылымында ешқашан құндылығын жоймайтын көпшілікке белгілі «Әдебиет тарихы» кітабындағы Әуезовтің әдебиет тарихы, оның басталуы мен дамуы жайлы ойлары тым қызғылықты. Бірақ қазақтың қоғамдық өмірінің дамуы жағдайларына сүйеніп айтылған бұл ойлар кейін өріс ала алмай, Әуезовтің ұлтшыл ретінде айтылған (1929-1932) байланысты тоқталып қалды.

Алғашқы 1927 жылы Қызылордада жарық көрген күрделі еңбегі «Әдебиет тарихы» пайдаланудан алынып, идеялық жағынан зиянды кітаптардың қатарына қосылды. Тек Қазақстан дербес тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана «Ұлтшылдық ағын» аяқталып, соған қатысты тыйым салынған әдебиеттер ішінде М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» 1991 жылы толық күйінде қайта басылып шығады». М.Әуезов бұл кітапты жазуға үлкен дайындықпен келген деуге болады. 1923 жылы Ленинград университетіне оқуға түскенімен, сол жылдың аяғынан 1925 жылдың қыркүйегіне дейін Семей қазпедтехникумында мұғалімдерді қайта даярлайтын курстарда қазақ әдебиетінен сабақ бергені белгілі. Сол жылдары жазушы «Таң» журналында өзінің көркем шығармалары, мақала-зерттеулермен қатар ел арасынан жинаған көптеген ауыз әдебиетінің, әдебиет тарихының үлгілерін жариялайды.

Журналдың № 1 санында «Сыбан Сарыбай ақынның Сұлтанбай төреге айтқан сөзі», «Абайдың басылмаған сөзі», «Абайдың кейбір өсиет сөздері», «Жанақ ақын айтуындағы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырынан үзінді», «Бұхар жырау сөздері», № 2 санында: «Айтаңсықтың қоштасқаны. Қозы Көрпеш-Баяннан», «Сыбан Айтайлақ би», Көкебай ақсақал айтуынша «Жаман сарт сарыны», № 3 санында «Бөрібай сарыны», «Алтыбай ақынның Тіленшіге айтқан сөзі», № 4 санында «Абылай орыспен соғысамын дегенде, Бұхар жыраудың айтқан бір толғауы», «Күдері қожаның Қарқаралы тауымен қоштасқаны» т.б. үнемі жарияланып отырғаны белгілі.

1925 жылы «Қазақ тілі» газетінің 23 сәуірдегі санында «Әдебиет ескілігінің жинаушыларға» атты мақала жарияланды. Оған «Семей техникумы деп қол қойған екен. Мақаланың авторы М. Әуезов екендігін жазушы шығармашылығының білгірі Қайым Мұхаметханов «Қазақ әдебиеті» газетінің 1971 жылғы 15 қаңтардағы санында архив деректерінен дәлел келтіре отырып жариялады. Ол дәлелдердің нанымдылығы да, мақаланың тілі, ой оралымдары да оның М.Әуезов туындысы екендігі күмән тудырмастай. Оның үстіне мақаладағы негізгі ой жазушының «Әдебиет тарихы» зерттеуіндегі ой-пікірімен сабақтасып, тіпті кей жерлері сол күйінде қайталанып та отырады.

Айталық, мақаладағы әдебиет тарихын жинап, зерттеудің маңызы туралы айтылған тұстар кітаптың «Жазудан» деп аталатын арнауындағы ойлармен тікелей үйлесіп жатса, мақаладағы Қодар

образына берілген мінездеме мен жырдан келтірілген мысал кітаптың «Қозы Көрпеш-Баянның мәнісі» атты тарауында еш өзгеріссіз қайталанып келеді.

Міне, бұл айтылғандар «Әдебиет тарихы» зерттеуінің сол 1924-1925 жылдары жазушының педтехникумында, курстарда жүргізген дәрістер негізінде дайындалғанынан мағлұмат берсе керек.

Бұл – қазақ халқының ұлттық әдебиетін тұтас күйінде жүйелеп зерттеуге жасалған алғашқы кітап. Автор алғы сөзінде оның қазақ әдебиетінің бүкіл тарихын толық қамту мақсатын қоймағанын айтқан. Онда «ескі күннен бастап, Абай мезгіліне шейін қазақ тілінде шыққан сырлы сөздің түрлерін айырып, жік-жікке бөліп, әрбір дәуірден қадау-қадау белгі қойып, сол белгілер бойынша тарих шаңы басып жатқан ескіліктің желісін созып шығу», «әдебиет көшінің ұлы сұрлеулерін тауып алу» міндеті қойылады. Мұхтар кезінде абыроймен орындап шыққан осы шағын мақсаттың, сұрлеудің бұл күнде ұлы даңғыл жолға айналғаны қазақ әдебиет тарихы туралы зерттеулерден белгілі.

Қазақ АССР-нің тұңғыш Халық ағарту комиссары болған ғұлама ғалым А.Байтұрсынов «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Әліппе астары» еңбектерінен кейін 1926 жылы «Әдебиет танытқыш» оқулығын жазған еді. Бұл әдебиеттанудан алғашқы байсалды теориялық зерттеу болса, соған іле-шала өкшелес шыққан М.Әуезовтің кітабы қазақ әдебиеті тарихына арналған жүйелі еңбек болып саналады.

Сонымен, М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» кітабы қазақ ауыз әдебиеті, әдебиеттің тарихы туралы тұңғыш күрделі зерттеу еңбек болумен қатар, сол дәуір талабына сай мектеп, оқу орындарына арналған алғашқы оқулық та болып табылады. Алғашқы басылымдағы арнау сөзінде жазушы: «Қазақ шөліндегі білім бұлағының күрекшесі – қазақ оқушыларына арнадым», – деп жазды.

Автор кітаптың «Сөз басы» деп аталатын кіріспе бөлімінде «Жалпы тарих жолындағы адам баласының ілгерілеген басқыштарына» қысқаша шолу жасап, «Қазақ ескілігінен аз мағлұмат» беруден бастайды. Жазушының адамзат тарихының «Тағылық тұсындағы ортақшылық дәуір, «Ана қожалығы жүрген дәуір», «Ата мен ру қожалығы жүрген дәуір», «Мемлекет негізі құрылған дәуір» [1, 5 б.] деп бөліп оларға берген анықтама мағлұматтары өте айқын, әрі көңілге қонымды.

Қазақ елінің жалпы тарихына байланысты берген мағлұматта автор бүгінгі таңда «қазақ ескілігінің жазу күйінде сақталып қалған белгісі жоқ» болғандықтан, «елдің ұзын-ырға тарихын кең көлемді қылып, ішкі-сыртқы өмір жолындағы өзгерістерінің барлығымен қатар алып отырып, толық пішінді құрастыру болып» отырғандығын айтады.

«Соңғы заманда қазақ елінің жалпы тарихына мағлұмат жиып жүрген Европа жазушылары мен қазақтың өз тарихшылары негізінен ел әдебиеті берген дәлелдер мен белгілерге сүйенетіндігін, яғни арғы дәуірдің біздің заманымызға жеткен белгілері болса, елдің әдет-салтында да, өлең жырында да, ескіліктің ұғымында қалған белгілер болады» дейді.

Бұдан әрі қарай жазушы қазақ елінің тарихын бірінші – ислам діні кіргеннен бергі дәуір деп үлкен екі дәуірге бөліп, әрқайсысына қысқаша сипаттама береді.

Осы тұста Әуезовтің: «Әуелден алыс жерден бастауға болмайды. Әуелі өзімізге таныс бергі заманнан бастау керек, іздеушілер көбейіп, табылған ескіліктің жұрнақтары көбейген соң, сол бұйымдардан құрап, қолға таяқ алып, ескілікті ерте заманға қарай тереңдеп жылжи беру керек» [1, 20 б.] деген пікірінің де методологиялық маңыздылығын атап өткен ләзім.

Сонымен, М. Әуезовтің мұнда әдебиеттің өміршендік тәрбиелік қасиетімен қоса оның өмір танытарлық халықтың рухани өмірінен, жалпы тарихынан да мол мағлұмат берерлік қасиетін жете түсініп, әдебиет тарихын саралап, салалап жіктеудің негізгі жолын да дұрыс таба білген сияқты. Ол кітаптың осы кіріспе бөлімінде әдебиет тарихының қолданатын жолы деген мәселелерге де арнайы тоқталып, өзінің теориялық таным-түсінігін қысқаша тұжырымдап өткен.

Автор: «Әрбір тарих белгілі жолдағы істің өткенін, гүлденгенін сөз қылады» деп алдымен, ертедегі әдебиет тарихының ішінен әдебиет көшін ілгерілетіп, дамытуға негіз болған үлгілерін айырып, бөліп алудың қажет екендігін айтады [1, 21 б.].

Сонан соң әдебиеттің осы үлгілерінің тууына негіз болған өмір құбылыстарының, дәуір ерекшелігін, қоғамдық ортаны қоса зерттеп тану қажет деп біледі. «Әдебиет тарихы әр мезгілдегі себептерді, шарттарды тереді. Мәселен, белгілі ақынның өлеңіндегі мағына мен түрдің сыртқы өмірмен қандай байланысы барын айтады, ақынның өз өмірі, өз тірлігімен байланысқан сыртқы халдер, себептер болса, солар теріледі...» [1, 16 б.] дегенде, жазушы, бір жағынан, ертедегі әдебиет шығармаларын тарихи кезеңдерге сүйене отырып зерттеу қажеттілігін, сонымен бірге әр кезеңдегі әдебиет үлгілері қандай, ол немен байланысты туды, өмір шындығымен қаншалықты байланыс, сабақтастығы бар екендігін айқындау міндеті тұрғандығын көрсеткен.

М. Әуезов әдебиет тарихының қолданылатын жолын сөз еткенде осы пікірін ары қарай таратып, нақтылай түсіп, әрбір әдеби шығарманың, әрбір дәуір туындыларының әдебиет тарихынан алатын орнын айқындау үшін, жалпы әдебиет үлгілерін жете танып игеру үшін: 1) шығарманы оны

туғызған ақынның өмірімен байланысты қоса қарастыру; 2) ақынды оны туғызған елінің өмірімен, яғни қоғамдық ортамен байланыста; 3) ақынды, оның елін ұлттымен ұлттық ерекшелігімен байланысты; 4) ұлттық ерекшелігін табиғатпен ара қатынасын, яғни тұрмыстық, мәдени, салт-дәстүр өзгешеліктерін айқындай отырып қарастыру; 5) көрші халықтардан алған әсер үлестерін де айырып тану қажет деген негізгі ойларын ортаға салады.

Міне, бұлар – жазушының қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудегі басшылыққа алған, ұсынып отырған басты принциптері.

М. Әуезовтің ауыз әдебиеті мен жазбаша әдебиеттің айырмашылығы ретінде келтірген өзіндік айырым белгілері де көңіл аударарлық. Онда бұрын-соңды айтылып қалыптасып қалған анықтамалардан тыс автор ауыз әдебиетінде елдің өнері де, білімі де, тәрбиесі де, жалпы өмірге көзқарасы жинақталатынын айта келіп, «ауызша әдебиеті бір жаққа қарай беттеген арнаулы бағыт болмайды. Оны елдің дін нанымы, елдің белгілі салты, әдеті туғызады» дейді. Сондай-ақ, «Ауызша әдебиеттің барлық жұрнақтары кейде өлшеніп, арнаулы әнмен айтылады. Сол себепті оның сыртқы түрінде жазбадан айырмасы бар. Ол желпініп айтылады, белгілерді ұсынылады» [1, 31 б.].

М. Әуезов Л. Соболевпен бірге «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты зерттеуінде қазақ ауыз әдебиетін нақты және дәл тұжырымдап жіктеп көрсетеді:

1. Халық поэзиясының шағын түрлері: үйлену – салт жырлары («жар-жар», «беташар», «сыңсу»), мұң-шер өлеңдері («қоштасу», «естірту»);
2. Ертегі, аңыздар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар. Ертегілер («қиял-ғажайып ертегілер, күй аңызы»);
3. Батырлар жыры («Қобыланды», «Ер тарғын», «Ер сайын»);
4. Ғашықтық жырлар («Қозы Көрпеш-баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан»);
5. Тарихи жырлар;
6. Айтыс өлеңдері» [3, 158 б.].

Осы еңбегінде М. Әуезов өзінің небір көкейкесті асыл ойларын төккен. Соның бірі – ертегінің поэзиялық, көркемдік сипаты туралы. «Көркем поэзияға ауызша поэзия қаншалықты көп қор құйған болса, бүгінгі көркем прозаға да халықтың ауызша әңгімесі сондайлық жатық жолмен көп араласып, табысып жатыр. Бұл жай қазақи салт ертегілерін тексеру мен көркем прозасын талдап ұғынуда ғылымдық үлкен түйінді, проблемалы мәселе». Бұл тұжырымдарда фольклор мен жазба әдебиеттің бірін-бірі үздіксіз байланыстырып отыратын тұрақты заңдылығы мейлінше анық көрсетілген.

Кейінгі 1948 және 1960 жылдары М. Әуезовтің өзінің тікелей жетекшілігімен шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты академиялық басылымда ауыз әдебиетінің жоғарыда келтірілген түрлеріне «Шешендік сөздер», «Билер айтысы» деген атпен қысқаша шолу түрінде берілген.

Міне, бұл айтылғандардан байқалып отырғандай, қазақ ауыз әдебиетінен топтап жіктеу мәселесі М. Әуезовтің сол алғашқы еңбегінен бастау алып, негізгі тірек болғандығын айқындап отырса керек.

«Әдебиет тарихының» бірінші бөлімінде «Сыршылдық салт өлеңдерін» туған ретіне қарай үш түрге бөліп қарастырады: 1. Жалпақ елдің салтымен байланысқан шер өлеңдері. 2. Дін салты мен ұғымынан туатын өлеңдер. 3. Қыз ұзату үстіндегі салт өлеңдер.

Ал ел салтындағы шер өлеңдерді: жоқтау, естірту, қоштасу, көңіл айту деген сияқты топқа бөліп қарастырылады. Олардың әрқайсысының туып, таралуын халықтық күнделікті тұрмыстық, әдет-ғұрып салтымен тікелей байланыстырып айқындайды: «Жүрек қайғысын өлеңмен, әнмен, кейде күймен шығару ескіліктің түрі болған...» [1, 22 б.].

Бұл сияқты өлеңдердің басқа халықтың әдебиетінде де молынан ұшырасатынын айта отырып, автор солардан қазақ ауыз әдебиетінен өзіндік өзгешелік, ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Айталық, жоқтау өлеңдердің орыс ішінде көбінесе жаттама болып келетінін, осы қайғылы үйдің өз ішінен шыққан адамдар емес, арнайы жалдамалы жоқтағыш – плакальщицалардың жылап жоқтайтындығын, ал қазақ ішінде қаралы үйдің өз ішіндегі барлық жаны жылап жоқтайтынын айтады: «Басқа біреудің айтқан жоқтауын айту – қазақ ұғымына мін. Ондай жоқтау көңілдің шын қайғызарынан шыққан емес, жалған жоқтау болады» [1, 26 б.].

Естірту, көңіл айту өлеңдерінің де тікелей тұрмыс тауқыметінен туғандығын, «қайғы үстіндегі сүйеу сөз, көңіл айтып жұбатқан сөз болатынын, яғни естіртуде көбінесе тұспау, жқмбақпен ауыр хабар алғашқы рет естілетін жерде, құр ғана қайғының бірін айтып, жараның аузын ашып қоймай, қазақтағы бауырмалдық, туысқандық, жан күйерлік жолымен, соның емі сияқты жұбатуда айтылады» [2, 35 б.] деген ой айтады.

Дінмен байланысты өлеңдерді автор: 1) Ескі діннің сарқыты болған өлең. 2) Ислам дініне байланысқан өлеңдер деп екіге бөледі. Алғашқысына наурыз жайындағы сөздер мен бақсы сарынын

жатқызады. М.Әуезов наурыз өлеңдеріне айрықша мән беріп, жоғары бағалайды: «Наурыз күн шығыс халқының көбінің мейрамы болған. Солардың ішінде, әсіресе көшпелі түріктер арасында ең қадірлі, ең ұлы мейрам болып саналған. Наурыз – бақташылық кәсібіне салынған елдің кәсіп мейрамы» деп атап көрсетеді.

Яғни, ол наурыз өлеңдерінің діни нанымдардан гөрі тұрмыстық кәсіпке көбірек байланысты туғандығын айтып отыр. Өйткені мал баққан қазақ басқалардан гөрі табиғатқа тікелей тәуелді болып келеді. Наурыз туып, жазғытұрым келуін қыс бойы елді қысып келген ауыртпалық өтіп, енді жаңа үміт, жаңа тіршілік есігі ашылып, ел де, жер де, жан-жануар да жаңарып жадырайды. «Сондықтан қазақ елі ұлы істің ұлы күнін көтеріңкі қуанышпен қарсы алатын» [2, 46 б.].

Әрине, әдебиет, ғылым, мәдениет мүлкі көлеммен мөлшерленбей, санмен өлшенеді ғой. Олай болса, М.Әуезовтің бұл еңбектері өзінің маңыз-мәнін ешқашанда жоймасы анық.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: Жазушы, 1991. – 528 б.
2. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Т.15. – Алматы: Ғылым, 1997. – 472 б.
3. Мұхтар Әуезовтің әдебиет зерттеу еңбегі // kk.encyclopedia.kz.

МРНТИ: 17.82.94

НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОЕ ДВИЖЕНИЕ 1916 ГОДА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МУХТАРА АУЭЗОВА

Шауханов А.А., к.п.н., доцент
Республика Казахстан, г.Тараз,
Университет Дулати, armanshauhanov@mail.ru

*Пою я про грозный шестнадцатый год,
И сразу припомнилось: в синих туманах
Пожар бушевал над родным Казахстаном.
И сразу я вспомнил, как смелый народ
Пошел на царя и на баев в поход.*

Жамбыл Жабаев

XX веком были уготованы несколько исторических периодов тяжелых испытаний Казахстана. И один из них – национально-освободительное движение 1916 года, 100-летие которого было отмечено в 2016 году. Восстание является одним из сложных, трагических периодов в истории казахского народа, пробудившее национальное самосознание беднейших слоев населения в борьбе против царского самодержавия и правящей байской верхушки. Народное движение под руководством Амангельды Иманова было предтечей гражданской войны, а затем и революционных событий на территории Казахстана.

В первой половине XX века казахскими писателями и драматургами создавались историко-революционные произведения, в которых отражались темы народного движения 1916 года и их лидеров, гражданская война и революционные события.

О народно-освободительном движении написаны несколько пьес и опер, которые были осуществлены на сценах Казахского драматического театра им. М.О. Ауэзова и областных драматических театров, также в ГАТОБ им. Абая.

С этим движением перекликается известная повесть Мухтара Ауэзова «Лихая година» («Қилы заман»). Эта повесть – единственное произведение об этом восстании и является одним из ранних сочинений писателя, написанного еще в студенческие годы, когда он учился в Ленинграде.

В 1927 году Мухтар Ауэзов поехал на Каркаринскую ярмарку (в Жетысу, в Кегенском районе) с Ильясом Жансугуровым, где встречался с участниками восстания, впоследствии использовал их воспоминания в своем произведении. Книга была напечатана в 1928 году в Кызыл-Орде (б. столице республики) на основе арабской графики. Мухтар Омарханович Ауэзов планировал написать трилогию, в которой «Лихая година» являлась первой частью. Действие происходит в «тихой» Каркаре, на родовых землях племени албан, где темные предрассудки и беспомощность перемежались с социальной отсталостью, политической наивностью бедных слоев населения.

В повести описаны исторические события и реальные лица. Главными персонажами являются Узак Сауруков и Жаменке Мамбетов, оба – участники восстания, оба – народные вожаки, но, если Жаменке есть представитель бедноты, то батыр Узак – брат жестокого, ненавистного народом бая Тунгатара, настолько свирепого, что в отместку повесил дочь родного брата Узака. Интересен образ простого бедняка Ибрая, сильного и ловкого батыра, хитрого конокрада, который после столкновения толпы восставших бедняков и защищавших интересы баев русского отряда, не дал жигитам стрелять в солдат, так как те опустили свои ружья, когда на них пошла безоружная толпа женщин и детей с траурным плачем – жоктау. И хотя во главе русских солдат стоял помощник уездного начальника Клубницкий, заслуживавший пулю за жестокость к народу, Ибрай оценил мужество солдат, не подчинившихся приказу. В повести обрисованы баи Даулетбек, Тунгатар и другие, пристав Загривка, известные народу жестокостью и подлостью.

Народ, страдающий как от властных представителей царского самодержавия, так и от местных баев, в итоге должен был покинуть родные места. В повести мастерски описаны природа, быт и нравы народа, исторически знаменитая Каркаринская ярмарка, портреты персонажей, встречаются сцены с участием кыргызов, узбеков, уйгуров, что свидетельствует об одинаково трудной судьбе разнообразного по национальному составу народа Казахстана.

Чингиз Айтматов назвал это произведение «антиколониальной литературой». Он первым обратил внимание на эту повесть и сказал «о сочной, раблезианской кисти Ауэзова, написанной с упоением» и, в частности, писал: «Больше всего удалось Мухтару Ауэзову, на мой взгляд, изображение кристаллизации, вызревания стихийной народной волны, движимой извечным чувством борьбы за справедливость, за свободу и собственное человеческое достоинство. Тогдашний молодой Ауэзов сделал это по крупному художественному и историческому счету, с передовых, революционных, классовых позиций своего времени».

Трудной была судьба книги. Мухтар Ауэзов так и не увидел свою повесть «Қилы заман» на русском языке, хотя он давно мечтал, чтобы русскоязычный читатель познакомился с его ранними произведениями, в числе которых была и «Лихая година» (повесть о бунте смиренного рода албан). Только через сорок пять лет она была переведена на русский язык и опубликована в журнале «Новый мир» в 1972 году. Чингиз Айтматов писал: «... Я надеюсь, что по прочтении «Лихой години» поклонники творчества Ауэзова останутся благодарны редакции журнала. Разве есть великие реки без притоков? И до «Абая» Ауэзов был заметным мастером. «Лихая година» свидетельствует о том, что задолго до «Абая» Ауэзовым была уже освоена форма широкого эпического повествования. В этом смысле «Лихая година» – один из первых мощных притоков, породивших впоследствии половодье ауэзовской эпопеи».

В 1934 году Мухтар Ауэзов написал пьесу «Ночные раскаты» («Түнгі сарын»/«Зарницы»), посвященную национально-освободительному движению 1916 года, когда казахский народ выступил против царского самодержавия. Это одно из крупных драматургических произведений писателя.

В основу пьесы лег обширный исторический материал, собранный писателем. Основной темой пьесы автор выдвинул классовую борьбу в казахском ауле. Это противостояние в спорах двух монолитных групп – окружения волостного (болыса) и аульной бедноты, которое завершается обреченностью врагов народа и торжеством народных масс. В пьесе показано становление и возмужание главного героя – учителя Сафы (Сапы), умного, образованного, застенчивого по характеру, преданного народу, но не сразу разобравшегося во враждебной идеологии правящей группы, направленной против народных масс, в силу своей доверчивости не верившего в подлость и коварство волостного управителя Майкана и его приспешников. Исполнитель роли Сапы – Капан Бадыров, будущая звезда казахской сцены, – в своих дневниках так объяснил противоречивый образ своего героя:

«Учась с юных лет в мусульманском медресе, он был далек от настоящей действительности. Его мировоззрение формировалось под влиянием мусульманской религии, которая сковывала человеческие способности и ум. От природы чистый, добрый и доверчивый, Сапа вынес оттуда только хорошее, человеческое. А закулисные ханжество, нечестность, прикрытые красивыми словами, прошли мимо него. Поэтому, естественно, что Сапа не может понять весь ход событий, выйдя из медресе. Всем сердцем чувствуя чаяния народа, он вместе с тем не может понять настоящего пути, по которому надо вести народ. У него нет революционной сознательности, он не в состоянии разобраться в том, что существуют два класса – класс угнетенных и класс угнетателей-эксплуататоров. В этом его трагедия».

Учитель Сапа проходит школу жизни через терзания души, потери товарищей, разоблачения подлых поступков правителей. Первые столкновения повстанцев с карателями потерпели поражение, они были плохо вооружены, отсутствовал опыт борьбы. Организаторы восстания Танеке и Жантас

вынуждены уйти в далекие пески, чтобы собрать новые силы и продолжить борьбу. С народом остается Сапа, идейный вдохновитель народных масс против угнетателей.

Динамичность сюжетному развитию произведения придают массовые сцены.

Через год, 4 января 1935 года, пьеса была поставлена на сцене Казахского драматического театра режиссером Ю.Л. Рутковским. Его, как опытного режиссера, последователя мхатовской режиссуры, специально пригласили из Алма-Атинского русского драмтеатра для постановки спектакля, хотя он не сразу согласился, так как плохо знал историю и быт казахского народа. Однако драматург М.О. Ауэзов пообещал его проконсультировать в работе над постановкой. В творческую группу входили замечательные актеры, как Калибек Куанышпаев, Серке Кожамкулов, Капан Бадыров и другие, которые своим мастерством вдохновили Юрия Людвиговича Рутковского, взявшегося с энтузиазмом за воплощение замыслов Ауэзова на сцене, – показать народное восстание против царского самодержавия. В ауэзовском сценарии не было пролога, как не было его и в более поздних изданиях пьесы. Но Рутковский, как талантливый и опытный режиссер предусмотрел, что пролог необходим как вступительное объяснение основной идеи спектакля, и, по его просьбе, Ауэзов за несколько дней до сдачи спектакля написал пролог. Он задавал тон всему действию и читался от имени учителя Сапы, одного из главных действующих лиц в исполнении Капана Бадырова, талантливого актера театра и кино. В прологе выражены страдания, отчаяние угнетенного народа, поднимавшегося на борьбу с угнетателями. Приказ царя о мобилизации казахских джигитов на тыловые работы вызвал недовольство народных масс, произвол местных управителей. Постепенно повышая свой голос с волнением Сапа – Бадыров бросает в зал призыв к борьбе с врагом как пламенный глашатай:

Цепи рви, крылья распрямляй – крылья распрямляй,
Мой родной край, живи, цвети, мой край!

Оригинал единственного экземпляра пролога, написанного арабским шрифтом Мухтаром Ауэзовым, был сохранен народным артистом Казахской ССР Капаном Бадыровым и передан на хранение в фонд литературно-мемориального музея М.О. Ауэзова в Алматы/.

В ролях выступили народный артист СССР Шакен Айманов – уездный начальник, народный артист Казахстана Елубай Умурзаков – Жантас, народный артист СССР Калибек Куанышпаев – Танеке, народный артист Казахстана Капан Бадыров – Сапа и другие.

Постановке была дана высокая оценка на страницах республиканских газет. В частности, народный артист Казахской ССР, режиссер Жумат Шанин писал об игре Бадырова: «Среди исполнителей спектакля первое место, безусловно, принадлежит товарищу Бадырову. Артист сумел создать высокохудожественный образ мугалима того времени».

Пьеса «Ночные раскаты», имевшая успех на сцене Казахского драмтеатра, была перенесена и на сцену Русского драмтеатра. Это была первая казахская пьеса на русском языке. Режиссер-постановщик Юрий Людвигович Рутковский. Он заново решил композиционный строй спектакля, исходя из индивидуальностей актеров, отказавшись от дублирования режиссерских решений на сцене Каздрамтеатра.

Премьера состоялась 4 марта 1937 года. Роли исполняли: Каменская – Дильда, мать Жантаса, Н.И. Михайлов – Жантас, Е.Б. Кручинина – Жузтайлак, надменная жена волостного управителя, А.Ф. Иртенев – Сафа, учитель, Н.К. Сахарова – Муржан, С.П. Ассуиров – Жунус, Г.А. Подзолкин – Кадырбай и др.

Автор пьесы Мухтар Ауэзов, высоко оценивая работу режиссера Ю.Л. Рутковского и коллектива театра, писал: «Спектакль правильно передает образы и мысли моей пьесы. Из акта в акт идет нарастание социального столкновения». Он особо отмечал режиссерский талант в постановке массовых сцен.

В печати было множество лестных отзывов о спектакле, в частности, композитор Евгений Брусиловский писал: «На наших глазах впервые за весь многовековой путь мировой культуры герои казахской пьесы заговорили на русском языке. ... Заговорили во весь голос, захватывая бурным потоком сильных чувств, ярких красок... Очень хорошо в постановке передана национальная специфика. Удачно сохраняя казахский колорит как форму, театру удалось передать сложную противоречивость родовых взаимоотношений и в этих столкновениях выявляющееся классовое расслоение борющихся сил... Театр русской драмы этой постановкой приобретает своё, казахстанское лицо».

За постановку этой пьесы режиссер Ю.Л. Рутковский получил звание заслуженного артиста республики, шесть ведущих участников спектакля были награждены почетными грамотами КазЦИКа. Вторая постановка «Ночных раскатов» была осуществлена в 1959 году.

Позднее тема народного восстания 1916 года нашла свое отражение в литературных и драматургических произведениях у Беимбета Майлина, Габита Мусрепова, Канабека Байсеитова и других.

Литература

1. Ауэзов М.О. Мысли разных лет (По литературным тропам).—Алма-Ата: Каз. гос. издательство художественной литературы, 1961.— 544 с.
2. Ауэзов М.О. Лихая година. – Алма-Ата, 1979.
3. Ауэзов М.О. Племя младое. Избранные произведения. – Алма-Ата: Жазушы, 1977. – 516 с.
4. Айтматов Ч., Шаханов М. Плач охотника над пропастью (Исповедь на исходе века). – Алматы: Рауан, 1996.—380 с.
5. Оразбекова Ф.К., Шауханов А.А. В ореоле культуры. – Алматы: Тіл, 2017.—182 с.

ҒТАХР: 17.01.93

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТАРИХИ РЕАЛИЗМ

Рахметуллин А.К., т.ғ.к.

Малғаждар Д.Б., т.ғ. магистрі

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

Alikhan Bokeikhan University, aman150176@mail.ru

Абай – күллі әлемге қазақ ұлтын танытқан Ұлы тұлға. Абайдың келбетін терең сомдай отырып кемегер жазушы М.Әуезов сол бір дәуірдегі көшпелі қазақ қоғамының тұрмыс тіршілігін, күнделікті өмірін, тарихи дәстүрін боямасыз суреттеп, оқырманның тарихи санасының дамуына терең ықпал етеді. Кеңес дәуірінде Абай тұлғасын тануда саясат ықпалы, уақыт талабықасаң баға берді. Бүгінгі егемен елдің азат ойымен, тәуелсіз танымымен, мәңгілік мақсаты тұрғысынан танитын болсақ Абайдың тұлғасы тұңғыық, терең, биігі асқақ екендігін түсінеміз. М. Әуезовтің шығармашылығында үлкен орын алған Абай өмірі мен шығармашылығы, ой-арманы мен келешек ұрпаққа деген өсиеті бүгінгі біздің дамушы қоғам үшін жол көрсетуші шамшырақ сияқты. Мұхтар Әуезов 1939 жылы өз Л. Соболевпен бірге «Абай» атты трагедиялық шығармасын, 1945 жылы Абайдың туғанына 100 жыл толуына байланысты «Абай» операсының либреттосын және «Абай жырлары» атты көркем суретті фильмнің сценарийін жазды. Алайда, жазушының Абай образын кемеліне келтіре отырып сомдап соққан классикалық шығармасы – «Абай жолы» атты төрт томдық эпопеясы болды.

Бұл еңбек қоғам құбылыстарын бойына мол сіңірген, елдің рухани үлгісі болған Абайдың өмірін жан – жақты суреттей отырып тарихи бір кезеңнің шынайы келбетін көрсетеді. Абай жайында роман жазу жолында жазушыға кездескен кедергілер мен қиындықтар аз болмады. Әуелі шығармаға тиесілі материалжинау, осы жолда Құнанбай, Абай, Бегеш, Жиренше, Оразбай, Базаралы сияқты тұлғалар жөнінде көп білетін көнекөз, ақылгөй ақсақалдар, халықтың шежіресін тарқата алатын қариялардың айтқандарын ретімен жаза отырып, көптеген қиындықтарды басынан өткерді. Жазушы М.О. Әуезов бұл жағдайды жөнінде былай дейді: «Жас шағында Абайдың іні-досы Кәкітай, Көкпай, Мұқа сияқты кісілерден естігенім романды шындық мәліметтермен толықтыра түсуге көп себеп болды. Абайдың әкесі Құнанбаймен көп алысқан Жігітек сияқты рулардың қарт-қариясымен көп кездескенім бар. Абайдың өмір бойы досы болып өткен ертегіші Баймағанбет те көп қызық жайларды баян еткен еді» [1.129 б].

Бұл шығарма оқушыға қызықты қиял мен өрен ой өлкесін кездіріп, талай терең толғаныстар тудырады. Ол кеңес әдебиеті туындыларының арасында алар орыны ерекше деудің өзі аздау, әлемнің басқа елдерінде онымен тең түсер шығарма табу қиын.

Халқымыздың біртуар ардақты азаматы М. Әуезов «Тірлікке терең шомып, ой ұрығын терең көміп іздену керек» [2.193 б] деп жазушының өзі айтқандай үздіксіз ізденістер мен кең толғаныстар арқасында ғана адам жанының асыл қасиеттері, оның ойы мен сезімінің кінәратсыз шынайылығы барынша анық, нақты күйінде кез-келген шығарманың арқауы бола алады. Осындай сәттерді жете сезінген, терең таныған жазушының өзі де шығармаларында адам жанының шынайылығын, оның ойы

мен сезімін табиғи қалпында, таза күйінде бейнелейді. Бұл сабырлы да парасатты, кемеңгер тұлғамыз – Абайдың бейнесін ашуда көрінеді. Жүзінде жылы жымыясы әдемі ізгілікті адамның шытырманы, бел-белесі, қиясы мен өрі, қат-қабаты мол өз жолы хақында жазылған «Абай жолы» романы – жазушының өмір-дәптері. Романның алғашқы кітабында балалық шақтан бастап, азамат болып қалыптасқан Абай бейнесі көрінеді. Бұл уақытта бала ақын өзін қоршаған орта айналасында қайнаған жауыз тіршіліктің куәсі болады. Бала кезден әкесі орнатқан тәртіпке, зорлақ-зомбылыққа жаны түршіге, жиіркене қарайды. Еріксіздігі мен жігерсіздігі есебінен бұл феодалдық – рушылдық салт-санаға қарсы бел шешіп күреспей тек іштей өкініш етеді. Балғын жастың бірден тарихи қайраткер атанып, күреске араласып кетуінде мүмкіндік болмады. Ескі қоғамдық сана, әлеуметтік бітіспес қайшылықтың аяққа тұсау, көңілге бұғау болды.

Абай Қарқаралыға аттанарда анасының: «Балам, үлкендер бірде тату, бірде араз бола беретін ... «Күндестің күні күндес» дегендей, сен білмей-ақ қой. Әкең дұшпан десе, сен әділ бол!» деген өсиетін жадында мықтап сақтайды. Әкесіне жау адамдарға деген оның игі құрметін Бөжей асының ойдағыдай өтуіне сіңірген ерең еңбегінен аңғаруға болады. Өмір бойы Абайдың ең алғашқы рет ұйқысыз түндер өткізіп, қабағы қатып, қажыған жолы осы еді. «Жақсы ағаның зор дәмесін әмсе өстіп ақтағайсың! «Өрісің алда! Бетін дұрыс! Дәл осы бетінен жарылғасын»» [3.131 б], – деп қарт Бөжей мен ақсақалдар алақан жайып, ақ батамен тілеулестіктерін білдірді. Бөжейді іштей жақтап, оған іштей тілектес болып жүрген Абай оның әкесінен жапа шегуші деп қана жақтамай, халық ұлы деп құрметтеді. Бұл соқтықпасы мен шытырманы, бел-белесі мол үлкен өмір жолының бастамасы ғана, сол кездің өзінде оның көңілінде сан ойлар кезегімен көрініс беріп, әр сөзінің ар жағында қорғасындай зіл батпан ойлар, көңіл толқыны, жан жарасы, қатыгез өмірдің ащы шындығы жатты.

Абайды қоршап, қаладан алып қайтқан серіктері – Байтас пен Жұмабай бірі сері, әнші болса, екіншісі одан өзгеше Құнанбай бағытын ұстаған адам. Абайдың жанындағы жолдастарының мінездері екі түрлі болса, оның келешектегі өмірінің де осындай бір-біріне қарама-қарсы тұрған екі топтың арасында қалыптасатынын, автор осы екі адам арқылы Абайдың келешекте екі ортамен істес болатынын, оның сүйгені, қалағаны халқы, ақындық болатынын алғашқы беттен-ақ байқатады.

М. Әуезовтің айтуынша, Абайдың рухани кемелденуіне ықпал жасаған арна – үшеу:

«Ұлттық және бүкіл адамзаттық мәдениеттің үш түрлі мол арнасы данышпан ақынның шығармашылық ісіне рухани азық болды. Абайдың бүкіл ой-қиялына, әлеуметтік, ақындық ісіне дем беріп, шапағатын төккен арнаның бірі – халықтың өзі жасаған, ауыздан ауызға тараған, баспа жүзінде сақталып келген қазақтың бағзы замандағы халық мәдениетінің бай мұрасы..., ақындығына рухани дем беріп, азық болған екінші арна – Шығыс мәдениетінің тамаша мұрасы, үшінші арна-орыс мәдениеті, Еуропа мәдениеті» [4.336 б].

«Қары көп қалың қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жаз келеді», – дейді Абай. Халыққа деген сатқындық оның болшағына сенбеуден басталады. Ал Абай сенді. Сондықтан ол орыс өнеріне еліктеді. Семейге жер аударылып келген шын жанашыр достармен жүздесті.

Талай кеш жан-жақтың хабарына құлақтанатын, орыс классиктерінің жазбаша мұраларын сарапқа салатын қилы әңгіме кешіне айналатын. Асылы, Абай ақындығының арғы тамыры өзінің туған топырағындағы, төл әдебиетте, халыққа өнерінде, өзін сәби кезінен қиял-ғажайып ертегілермен әлделиген Зере әжеде, мұңшыл жырау – Барласта, шыншыл жыршы – Шөжеде жатса, бергі бұтағы мен жасыл жапырағы орыс әдебиетінде – Михайлов, Павлов секілді орыс достары арқылы қолы жеткен Пушкинде, Лермонтовта жатыр. Абай әдейі қала кітапханасының кітаптары үшін Семейде қысқы айларда ұзақ жатып алатын болып, өз-өзінен ізденіп, қармана бастайды. Ал кейінен орыс тілін жақсы меңгеріп, ғылым әлеміне өз бетімен бағыт алған Абай озық ойлы Шығыс дүниетанымын Батыстың өркендеген жаңа жетістіктерімен сабақтастыра отырып тапты.

Қырықтан асып, өмірдің ащы шындығымен бетпе-бет келген уақытта, жаттан да, жақыннан да көңіл қалды. Өмірдің баянсыздығын алауыз ағайынның барын, күншілдік пен сатқындықтың, жалған дос, жалған туыс, жалған би, жалған жанашырдың барын көзбен көрді. Халқына жаны ашып, ел ішіндегі алауыздықтың себебін іздеді. Өткеннің бәріне бір-бірін кінәлап, ретін түссе, бір-бірінен өш алуға тырысатын, ауыздары асқа тисе байлықты көтере алмай, тақымдары таққа тисе билікті көтере алмай, бас-басына би болып өз, ағайынын сан-саққа, жан-жаққа бөлген адамдарды бірлікке шақырды [5. 87 б].

Сондай-ақ, жазушы М. Әуезов өз шығармасында Құнанбай маңындағы жинақталған адамдар арқылы замана кескінін де зергерлікпен ерекше бейнелеп көрсеткен. Байлар мен билер дәуіріндегі қазақ қоғамының «Алтыбақан алауыздығын» да ұтымды аңғартқан. Құнанбайдың маңында әр рудың басында, әр ауылдың ақсақал – қара сақалдары – Бөжей, Байдалы, Сүйіндік, Байсалдар бар, өз іргесіндегі Майбасар, Изғұтты, Тәкежан, Жиреншелер бар. Әзімбай, Шұбар, Оразбайлар бар. Олар өзара

бақталастар, бәсекелестер қара басының қамы үшін олар бірін-бірі аямайды. Бірінің тізгініне бірі жармасып, бірінің шаужайынан бірі тартып, бірі аяғынан, екіншісін жағасынан тартып жүрген жылпостар көп суреттеледі, әрине өз заманымен бірге бұл кейіпкерлер тарих сахнасынан кеткенімен ол тарихи – шынайылық еді.

«Күздің қысқарған күні кешкіре бастаған кезде алыстағы Шыңғыстың ұзақ, ирек жоталарына қалың қара бұлт қона берді. Сол сұрапыл көшкіннің суық тынысындай боп қатты жел соға жөнелді. Ымырт бүгін әп-сәтте жетті де, түн қанаңғылығы тез төнді, енді бұлт бейнесі аспан әлемі адам көзіне көрінбейді. Бірақ жел дауылға айналып өкіріп тұр» [3.196 б]. Осы суретте, осы көрініс «өктеп, өрлеп, бүктеле жайылып алысып, шарпысып дауылға айналып келе жатқан бүкіл езілген халықтың қаһарын, үстем тапқа қарсы халық кегінің «өктеп қатайған» дауыл желін елестеткендей». Қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздіктер мен күрес тақырыбы соңғы кітаптардың күллі мазмұнын кеулеп, сюжеттік арқауына айналды. Теңсіздік тепкісіндегі қалың бұқараның күреске көз ашылып, өзін-өзі, өз күшін өзі тың сипатта жаңаша түрде тани бастағандығын көрсетеді.

М. Әуезов шығармашылығында үлкенді-кішілі, ірілі-ұсақты бірнеше әйел кейіпкерлері бар. Романның бұларға арналған беттері оқырманның көңілін, жан-жүрегін жаулайды. Әйел-ана ма, жұбай ма, бойжеткен ба, әйтеуір әлемі бөлек қазақ қызының мінез-құлқын іс-әрекетін, сыр-сезімін қимыл-қылығын дәл, терең нәзік суреттеуге келгенде автор алдына жан салмайды. Ар-ожданы тап-таза иманнам құйылғандай мейірімділікке толы Зере әжелер үлгісі, салқын қанды, сабырлы ақыл иесі Ұлжан аналардың үлгісі, «Сылдырлаған шолпысы әлдеқандай былдырлаған тілмен» бар сырымен назын Абайға ғана құпия баян ететін, «Ақ еті атқан таңдай» ару Тоғжан – алыстан арайлайтын қол жетпес арман секілді махаббат таңының белгісі. Осылайша «махаббат іздеп шарқ ұрған» тап-таза, мөп-мөлдір, уыздай-ақ сезімге толы қыз жүрегінің лүпілі ғажап суреттелген, осы бір тұстарда қазақ әйелінің тағдыры тарихи тұрғыдан дәл бейнеленген.

Әуезовтің шығармашылық өмірі – халыққа, оның рухани тарихи санасының қалыптасуына тікелей ықпал етері сөзсіз. Ол өзінің кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани мұрасы арқылы қазақ жастарын отаншыл, рухы асқақ азаматтар болып өсуіне жол көрсетуші кемеңгер ұстаз деп білеміз.

Әдебиеттер

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997.
2. Омаров Д. Абайтану. – Алматы: Мектеп, 2002.
3. Әуезов М. Абай жолы романы, 3 том. – Алматы: Жазушы, 2002.
4. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997.
5. Тасболатұлы Қ. Қазақ әдебиеті пәнін оқытудың әдіснамалық негізі. – Тараз, 1999.

ҒТАХР: 17.03.81

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ ПУБЛИЦИСТІК ҚЫРЫ

Хибадуллина А.С., оқытушы
Қазақстан Республикасы, Семей қ.
Шәкәрім университеті, aibin_2011@mail.ru

Елімізде еркіндік лебі ескен кезеңнен бері архив қойнауында амалсыз жасырынып жатқан еңбектер біртіндеп жариялана бастады. Солардың бел ортасынан ойып орын алатын Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы. – елін, жерін шынайы сүйетін тұлға екендігін танытып отыр.

Қазақ публицистикасының қанат жайып өсіп-өркендеуі жолында орасан зор еңбек еткен алып тұлғалардың бірі – М. Әуезов. Әсіресе, жалынды сөздерімен жаныңды тебіrentіп, нағыз қазақы нақышпен өрнектелген көсемсөздерінің орныны бір төбе.

XIX ғасырдың басында баспасөз саласында еңбек етіп, қоғамдық көзқарас қалыптастыруда автордың әр публицистикалық шығармасы ерекше рөл атқарғаны ақиқат.

XX ғасыр басында алаш зиялылары сол замандағы қазақ қоғамында шешімін таппаған көптеген мәселерді көтерді. Мәселен саяси жағынан артта қалушылық, кенже қалған мәдениет, оқу-ағарту, нашар дамыған шаруашылық, төмен дәрежедегі әлеуметтік тұрмыс, елдің болашағы т.б. осы мәселелердің бәрі Мұхтар Омарханұлының күнделікті өмір ағымына ілесіп, соған үн қосып отыратын, айтар ойды жедеқабыл жеткізетін журналистика саласына қалам тербеуге итермелейді. Міне, соның

нәтижесінде М.Әуезов 1917 жылдан бастап Ташкентте, Семейде шығатын газет-журналдарға араласып, мақалаларын жариялайды.

М. Әуезовтің шығармашылық қызметі алуан қырлы. Солардың ішінде публицистік шеберлік мәселелері – қазіргі журналистика теориясы мен тәжірибесі болып табылады. Оның публицистік шеберлігіне қызығушылық оның қоғамдық – саяси және әдеби эстетикалық тұлғасын толықтыра түсетінімен құнды.

М. Әуезовтің бүкіл шығармашылық жолында елдің қоғамдық өміріне белсене араласып, маңызды мәселелерді баспасөзде жарық көрген туындыларына өзек еткен.

XX ғасырдың бас кезінде қазақ жерінде қоғамдық-саяси жайлар болды. Алаш қозғалысы мен азамат соғысы, 1917жылғы Ақпан бұржуазиялық-демократиялық және қазан төңкерісі тағы басқа да оқиғалар біздің тарихымызда өзіндік із бедерлерін қалдырды[1].

Бұл кезде қазақ зиялылары да аянып қалмаған еді. Әсіресе, атап айтқанда Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Х. Ғаббасов, Қ. Кемеңгеров, Ж. Аймауытов т.б.

Бұл кез М. Әуезовтің шығармашылық жолының басталуымен тұспа-тұс келеді. Ол 1915-1919 жылдардан бастап-ақ газет-журналдарға мақалаларын бастырды. Негізінен халық алдында көкейкесті мәселелерге айналған әйел теңдігі, оқу – ағарту, мәдениет ісі т.б. шығармаларына арқау болды.

Осы қиын кезеңде халқына қолдан келгенше демеу беру мақсатымен Семейдегі «Жанар» деген ұйымның белді мүшесі болды. Оның саяси-әлеуметтік көзқарасына ықпал еткен оқиғалардың бірі – Алаш қозғалысы. М. Әуезов Алашорда мүшелерімен араласты. Соның нәтижесінде 1930 ж. М. Әуезовке «алашордашыл», «бұржуазияшыл ұлтшыл» деген ат тағылды. Қудалауға ұшырауының себебі де сол Алаш баспасөзінің белсенді мүшесі болғандығы еді [1, 33 б.].

Семей қаласында 1918-1919 жылдары шығып тұрған «Абай» қоғамдық-әдеби журналында да бірталай публицистикалық мақалалары басылған. Солардың бірі «Философия жайынан». Бұл мақала қазақ тілінде философия саласында тұңғыш рет жазылған еңбек ретінде бағаланады. Мұнда: «Философияның құралы – толғаулы терең ой. Іздейтіні – бүкіл дүниенің ең әуелгі сыры, негізгі хақиқаты. Философияның басы – таңдану», – деп өзіндік тұжырым жасайды. Ежелгі заманнан-ақ адамзат тарихында ойшылдардың болғанын, олардың халыққа шешен тілмен кемшіліктерін суреттеп үгіттегенін, сол ойшылдардың бәрінің тұтынып жүрген жолдары, айтып жүрген сөздері философия ғылымы болғандығын баяндайды. «Абай» журналының № 4-ші санында «Япония» атты публицистік шығармашылығының алғашқы кезеңінде туған мақаласында шет жұрттар өмірімен таныстырады. Жапония тарихында орын алған елеулі саяси оқиғалар желісімен кеңірек таныстырып, соны мәліметтер береді.

Тырнақалды публицистикалық туындылары «Алаш» газетіндегі (1917) «Қазақтың өзгеше мінездері». Мұнда әрине қазақ арасындағы мерез мінездерге айналған ұйымсыздық, күндестік, парақорлық, әділетсіздік сияқты кемшіліктерді сынаған, одан арылудың жолын сілтеген.

М. Әуезов қазақ әдебиетінің өткен жолына да үнілді. Мәселен: «Ахаңның елу жылдық тойы», «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты тарихи-әдеби мақаласын айтуға болады.

Сол кездегі «Қазақ», «Алаш» газеттерінде жазушының оқу-ағарту, мәдениет, әдебиет және ұлт тақырыптарын қозғаған 4-5 мақаласы жарық көрді. Олардың қысқаша мазмұны төмендегідей:

1. «Қазақ әдебиетінің кеші» атты («Қазақ», 1915ж. 28-ші наурыз № 4) мақаласында Семейде болған сауық кешінде әдебиет мәселесі туралы, сөйленген сөздері жайында айтылады. Мақала «М» деген бүркеншік атпен берілген.

2. «Үш құлақ» («Қазақ», 1916 ж. 16-шы наурыз, № 173). Мақалада қазақтағы құлақ кесті құл салтына байланысты әңгімеленеді. «М».

3. «Барымта» («Қазақ», 1915 ж. 10-шы маусым, № 134). Мұнда барымташылықты сынап жазады. Торғай уезіндегі ескі әдет-ғұрыпты әшкерелейді. «М».

4. «Омбы ішкі хабарлары» («Қазақ», 1917 ж. 15-ші қазан, № 244). Автордың «Мұхтар» деген бүркеншік есіммен берген бұл мақаласында оқу-ағарту, халықтың хат танытын мәселелері сөз егіледі.

5. «Қазақтың өзгеше мінездері» («Алаш», 1917 ж., 30-шы наурыз, № 16). Мақалада Семей семинариясында оқитын жастар туралы айтылған. М.Әуезов пен Ж.Аймауытов бұл мақалада қазақ арасында кері кеткен жағымсыз әдет-ғұрып мінездерінің қалыптасуы, халықтың басынан өткен тарихи кезеңдермен байланыстырып жазады. Мақалаға Аймауытов һәм Әуезов деп қол қойған [2].

Кемеңгер тұлғаның баспасөз қызметінің қоғамда алатын орнын жақсы түсінгендігін «Қазақтың қалам қайраткерлеріне» – деген ашық хатынан көруге болады. Онда – әдебиеттің арқа сүйер дінгегі, шеберлігін шыңдайтын бедері – газет, журнал екенін айтады. «Бірақ қазақта баспасөз шыға бастағанына бірталай заман болса дағ дәл әлді тәрбиешінің атқарып, елдің баспасөзді оқуын өзі оқып,

өзінің бетімен үнемі рухани жағына аумай, түзу жолдан алға жүріп отырған газет-журнал көп болды деп айта аламыз», – деп Әуезов сол тұстағы мерзімді басылымдардағы кемшіліктерге тоқталады.

6. «Оқу ісі» – бұл мақалада жалпы халықты сауаттандыру мәселесіне тоқталады. Болашақтың алтын дінгегі оқу-білімде, бүкіл ғаламдық мәдениетті тануда. Автор: «Ұлт тіліндегі мектептердің ашылуын ел тағдырын шешуші мәселелерге тоқталады. Бірақ, осы ұлт мектебін ашу қазіргі біздің алдымызда қиын асудай үш түрлі міндет келеді:

1) Бастауыш мектептің бәріне мұғалім жоқтық;

2) Оқу құралдарының жоқтығы;

3) Ілгері оқу түрі жоқтығы, халық тез уақыт ішінде алмайтындығы», – деп сол кездегі күн тәртібінде тұрған келелі мәселелер тұрғысында сөз қозғайды.

7. «Қайсысын қолданамыз», «Адамдық негізі – әйел», «Оқудағы құрбыларыма» («Сарыарқа» 1917ж., 5-ші қыркүйек, № 12, 14-ші қыркүйек, 19-шы қазан, № 17)

8. Автор: «заман талабы тудырған ірі қажеттіліктердің бірі ғылым екендігін айтады. қандайд да болсын істің өсіп-өніп өркендеуіне үш түрлі шарттың қажет» екенін тілге тиек етеді [3].

Публицистік шеберлігі

М. Әуезовтің 30-шы жылдардағы публицистік шығармашылығы сол кездегі Қазақстанда болып жатқан коллективтендіру, индустрияландыру сияқты қоғамдық өзгерістермен тікелей байланысты болды. Бұл уақытта жазған очерктерінің негізгі тақырыбы – ауыл өмірі, ауыл азаматтарының тұрмыс-тіршілігі, еңбек жайы жөнінде болды. Қарапайым адамдармен дидарласып, олардың жан-дүниесіне үңіліп, асыл сырларын ақтара білді. Кейін жазушының сол көрген, білген жайттары көлемді очерктер мен кең тынысты, мазмұнды шығармаларының өзегіне айналды.

Публицист ретінде жазған еңбектері қазақ елінің қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәселелерін, әдет-ғұрыпты, тіл байлығын қаз-қалпында айнаға түскендей бейнелеп бергендігімен ерекшеленеді. Әр мақаласында жан-жақты білімділігімен мәдениеті озық елдерден мысал келтіре отырып жазуы – шынайы шығармашылық шеберлігінің көрінісі.

Қоғамдық-саяси ахуалға сай ағартушылық бағытта халқының азаттығы мен өнер-білім жолына қадам басуына ықпал еткен алаш қайраткерлерінің қатарында болып, қаймықпай қалам сілтеді.

Осындай қасиетімен қоса көптеген әдеби-сын мақалалар да жазды. Олардың ішінде Ж.Аймауытовпен бірігіп жазған «Абайдан соңғы ақындар» /1918/, «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі»/1923/ атты тарихи-әдеби сын мақалалары автордың әдебиет және оның ерекшеліктері туралы, жазушы творчествосын түсінудің принциптері жайындағы ұғым-түсінігін, көзқарасын таныта алатын теориялық жағынан шымыр туындылар[5].

Зерттеуші Т. Ыдырысов өзінің «Шеберлік бастауы» атты еңбегінде: «М.Әуезовтің публицистикалық мұрасы – қымбат қазына. Қоғам дамуының әр кезеңдерінде шабытты публицист ретінде ұлы жазушы өмір ағысына, заман талабына жедел үн қосып отырды. Оның публицистік очерктері – өзгерген өңір, өскен ел, жаңарған дала, жасарған халық туралы толғау. Күллі Отан, республика тіршілігіндегі елеулі оқиғалар, мүшел тойлар тұсында кемеңгер суреткердің жүрек түбінен шыққан киелі сөзін айтпай, парасатты ой толғамай қалған күні жоқ» [4].

30-шы жылдарда жазған көркем-публицистикалық шығармаларын атап өтетін болсақ: «Іздер», «Жуалы колхозшысы», «Істері сөйлейді», «Көктемнен бері», «Біз әткөшнекпіз», «Үш күн», «Сөз алған – тау сағыз бен көк сағыз», «Бүркітші» т.б. [5].

М. Әуезов публицистикасы төрт кезеңді камтиды. Бірінші кезең 1917-1932 жж. Публицист шығармашылығының алғашқы кезеңі «Алаш», «Сарыарқа», «Жас Азамат», «Таң», «Абай» басылымдарынан бастау алды. Екінші кезең 1932-1941 жж. бұл уақыттарда публицистикалық мақалалар жазып қана қоймай, көлемді очерк жанрында қалам тербейді. 1941-1945 жж. үшінші кезеңде көптеген отты публицистикалық мақалалар, уытты сатиралық памфлеттер, көркем очерктер жазды. Ол шығармаларына өзек болған тақырыптар майдандағы ерлік, тылдағы еңбек еді. Соғыстан кейінгі жылдардағы публицистикалық шығармаларын төртінші кезеңдеп атауға болады. Бұл қаламгердің тақырып аясының кеңейген тұсы десек болады. Жолсапар, оқиғалы очерктер, рецензиялар, мақалалар мен корреспонденциялар, эпистолярлық үлгідегі хаттары дүниеге келді.

Аталмыш шығармаларының қай-қайсында да көсемсөзшінің шыңдалған шеберлігін аңғаруға болады. Мысалы: «... мен ұзақ ойланып, өмір фактілерін жинаймын, менің жанрларым тек жалын атқан жүректен ғана өрбіп кете алмайды. Біздер романистер, үнемі ойлап жүреміз, тек сонда ғана өмір тарихы туралы өмірлік тартыстар жасалады, пейзаждар, жанрлық сценалар т.б. пайда болады», - дейді өз сөзінде.

Қорыта айтқанда, Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы, Алашорда ісіне тілектес болып жазған еңбектері, жалпы ХХ ғасыр басындағы қазақ газеттері мен журналдарында шыққан мақалалары ұлттық

публицистиканы тақырыптық, мазмұндық, жанрлық, көркемдік жағынан толықтырған мәні өзгермес, бүгінгі күні де өзектілігін жоймаған құнды дүние болып табылады.

Әдебиеттер

1. Жақып Б. Мұхтар Әуезов – публицист. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 170-бет.
2. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. – Алматы: Мектеп, 1964. – 3-бет.
3. Жақсылықбаева Р. Публицистік шығармашылық шеберханасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 134-бет.
4. Ыдырысов Т. Шеберлік бастауы. – Алматы: Мектеп, 1984 – 92 бет.
5. Досжан Д. Абай айнасы. – Алматы: Қазақстан, 1994 – 25 бет.

МРНТИ: 17.09.91

МУХТАР АУЭЗОВ – НАСТАВНИКМОЛОДЫХ ТАЛАНТОВ

Шауханов А.А., к.п.н., доцент

Республика Казахстан, г.Тараз,

Университет Дулати, armanshauhanov@mail.ru

Мухтар Омарханович Ауэзов был не только известным ученым и писателем, классиком казахской литературы, но и педагогом, сумевшим воспитать не одно поколение представителей гуманитарного направления. У него было немало последователей в области фольклористики, абаеведения и других областей литературоведения, которые стали известными учеными, педагогами, писателями, литературными критиками.

Мухтар Ауэзов всегда чутко относился к людям, которые обращались к нему за помощью, просили совета. Как-то в беседе с советским писателем Александром Фадеевым писатель признался: «Бывало, получишь по почте рукопись – имя тебе незнакомо, дел своих по горло, и, что скрывать, большой соблазн отложить ее в сторону, пусть подождет! Но я себе этого никогда не позволю. За каждой рукописью стоит человеческая судьба. А нет большей вины у человека, как не поддержать того, кто обратился к тебе за советом и помощью». Далее сказал Фадееву, что у него был мудрый дед, который приложил много усилий по воспитанию юного Мухтара.

– Он учил меня: *«Если не вложишь в сердце младшего то лучшее, что есть в твоей душе, пеняй на себя, добро с неба не падает, ему надо учить».*

Мухтар Омарханович искренне радовался, когда очередная разгорающаяся звезда на «небосклоне слова и пера» получала заслуженную награду и признание. Многие писатели, такие, как Чингиз Айтматов, Ануар Алимжанов, Тахави Ахтанов, Абдижамил Нурпеисов могли бы это подтвердить.

«Мухтар внимательно следил за ростом молодых талантов. Вот один пример тому. Он первым открыл и поддержал киргизского писателя Чингиза Айтматова, книги которого сейчас известны каждому. Кто знает, как бы развивалось дарование нашего друга, если бы не вовремя сказанное слово, внимание большого писателя», – писал Ануар Алимжанов. Сам Ануар Турлыбекович признавался, что был счастлив, всегда ощущая внимание Мухтара Ауэзова к своему творчеству.

«Он всегда был окружен учениками – молодыми учеными, писателями. Ауэзов страстно заботился о том, чтобы выросли они достойными, чтобы не свернули на кривую тропу зазнайства, самовлюбленности. В общении с молодыми он обретал творческое вдохновение», – писала доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК Евгения Васильевна Лизунова (1926–1993), и продолжала: *«Он был требователен, но не терпел нравоучений и никогда не прибегал к ним. Ауэзов был неизменной опорой для поисков научных истин».*

Немало добрых слов написал о своем любимом учителе и Абдижамил Нурпеисов (1924-2022), народный писатель (1985) и Герой Труда Казахстана (2019). Будучи студентом, он слушал лекции знаменитого писателя, знал все его творчество, изучил эпопею «Путь Абая». Став зрелым мастером, сам написал эпопею-трилогию «Кровь и пот» о революционных событиях начала XX века, получившую Государственную премию СССР в 1974 году. Абдижамил Нурпеисов посвятил Мухтару-ага замечательные слова о его взаимоотношениях с начинающими мастерами слова и пера: *«И какими щедрыми, добрыми словами не одаривал он их, сравнивая то с «молодой порослью», то с «дуновением*

свежего горного ветерка». Общение с литературной сменой, с людьми, которые собираются посвятить свою жизнь труднейшему из призваний – искусству слова, было для него частью писательского труда. И мы, незаметно пригреваясь у тепла ауэзовского сердца, все больше и больше приобщались к его мудрости, привычкам, характеру и голосу». Как вспоминает Нурпеисов, Мухтар Ауэзов хорошо понимал трудный рост начинающих писателей.

Он открыл дорогу и благословил творческий путь молодых талантов, как Ануар Алимжанов, Абдижамил Нурпеисов, Тахави Ахтанов, Олжас Сулейменов, Зеин Шашкин, Хамза Есенжанов, Габит Мусрепов и других, ставших впоследствии крупными мастерами писательского труда. Академик Академии наук Узбекистана Иззат Султанов говорил, что его докторскую диссертацию благословил Ауэзов.

Мухтар Омарханович помог будущему академику, литературоведу Мухамеджану Каратаеву (1910-1995) с выбором темы его докторской диссертации, позже он напишет в своей монографии «Вершины впереди» (1977): «...Слова поддержки, когда я еще неуверенно начинал ступать в науку, и правильный путь, указанный моим учителем, никогда не забудутся мной. Я тут не исключение. Пожалуй, нет у нас в Казахстане ни одного ученого в современной филологии, кому бы Мухтар Омарханович не подал дружескую руку, не помог бы советом, не подсказал бы, как эрудит, ценнейшей мысли».

Чувства благодарности к своему учителю и наставнику выражали деятели литературы разных поколений, начинающие и состоявшиеся писатели, и даже те, кто у него не учился, но ощутил его влияние и отеческую заботу в продвижении их талантов, как Чингиз Айтматов, Расул Гамзатов и другие.

Чингиз Турекулович Айтматов (1928-2008) вспоминал, как впервые познакомился с маститым писателем в Москве в период его студенчества в Литературном институте имени А.М. Горького. В Центральном Доме литераторов проходило бурное, многочасовое обсуждение романа известного российского писателя. Свободных мест не было, а любителей литературы было много, – они стояли в проходах и у входа. Айтматов, предусмотрительно пришедший пораньше, занял место и через некоторое время в толпе у входа заметил стоявшего Мухтара Ауэзова, опоздавшего к началу обсуждения и зажатого толпой у входа. Во время перерыва Айтматов подошел к писателю, поздоровался, протянув обе руки по-восточному, и пригласил на свое место. На вопрос, кто он, ответил, что из Кыргызстана, учится в Литинституте.

– Ах, вот как! – воскликнул Ауэзов, – теперь-то всё понятно. Спасибо, айналайын, – сказал он мне, застывшему рядом, и теплая, приветливая улыбка озарила его лицо. – Будь счастлив!

Далее Ч. Айтматов пишет: «Более дорогого благословения для меня не могло быть! Так произошло наше первое знакомство, которое запомнилось мне на всю жизнь. ... Интересной была моя встреча с Мухтаром Ауэзовым, после которой я считал себя его учеником, а его – своим учителем».

В своих речах на различных симпозиумах и конференциях М.О. Ауэзов всегда выступал с напутственными словами к молодежи, к молодому поколению литераторов, ученых, писателей. Так было и в последнем его выступлении на встрече с представителями творческой интеллигенции, где он произнес следующие слова: «...Будьте честными, справедливыми, скромными. По-настоящему любите, уважайте свой труд, свою литературу... Будьте строгими судьями к себе и другим. Я как старший товарищ и друг ваш, желаю, чтобы вы внесли в нашу литературу всё лучшее, чтобы ваш труд был плодотворен, чтобы вы стали борцами за красоту характера человека и за большую культуру его. Пусть всё ярче и ярче разгорается ваш талант, мои молодые друзья!»

Как писал Ануар Алимжанов, «Мухтар-ага – педагог, воспитатель, наставник наш. Для нас он остался таким же, каким был при жизни... Потомки беспристрастно взвешают и оценят вклад каждого в поэтическое сокровище народа. Они скажут свое восторженное слово не только о нашем времени, но и о людях, чей гений помогал стремительному развитию науки и культуры».

Среди золотых имен тех, чья жизнь была подвигом, засияет и имя Мухтара-ага».

Ауэзов был одним из основателей Казахской академии наук, главы школы абаеведения и казахской литературной науки. Мухтар Ауэзов выпестовал плеяду замечательных писателей, ученых, публицистов Казахстана и братских народных республик бывшего СССР. Он способствовал развитию и становлению национальных литератур в этих странах, его факел, подобно Александрийскому маяку, освещает путь и является верным ориентиром в мире нелегкого писательского труда.

Литература

1. Ауэзов М.О. Мысли разных лет (По литературным тропам). – Алма-Ата: Каз. гос. издательство художественной литературы, 1961. – 544 с.
2. Ауэзов М.О. Племя младое. Избранные произведения. – Алма-Ата: Жазушы, 1977.–516 с.
3. Каратаев М. Казахская литература на современном этапе. – Алма-Ата: Знание, 1979.–39 с.
4. Айтматов Ч., Шаханов М. Плач охотника над пропастью (Исповедь на исходе века). – Алматы: Рауан, 1996. – 380 с.
5. Оразбекова Ф.К., Шауханов А.А. В ореоле культуры. – Алматы: Тіл, 2017.–182 с.
6. Оразбекова Ф.К., Шауханов А.А. Художественная литература в мире искусств. – Алматы: Тіл, 2019.–297 с.

МРНТИ: 17.82.32

СКАЗОЧНЫЙ КАНОН В РАССКАЗАХ В. БИАНКИ ОБ АЛТАЕ

Богумил Т.А., к.филол.н., доцент

РФ, г. Барнаул, Алтайский государственный педагогический университет, tbogumil@mail.ru

Пребывание на Алтае сыграло решающую роль в судьбе Виталия Валентиновича Бианки². Четыре года, проведенных здесь (1918–1922), привели к изменениям семейных связей – разрыву с первой женой и обретению новой семьи, а также определили жизненный путь – именно на Алтае он решил стать писателем-натуралистом, а не ученым-биологом [2].

Круг текстов об Алтае, созданный В.В. Бианки уже после отъезда, обнаруживает структурно-семиотическую целостность и может быть рассмотрен как системное образование – авторский свертхтекст, ориентированный на внетекстовую реальность – регион. Под свертхтекстом здесь понимается «сложная система интегрированных текстов, имеющих общую внетекстовую ориентацию, образующих незамкнутое единство, отмеченное смысловой и языковой цельностью» [3]. Во всех перечисленных далее произведениях имеется точное указание на то, что место действия – Алтай. Ядерный мотив «повести о саянском соболе» «Аскыр» (1926), рассказов «Последний выстрел» (1927), «Бун» (1927), «Роковой зверь» (1936), «Кувырк» (1944), «Она» (1944) коренится в биографическом опыте автора, одновременно являясь инвариантом сибирского текста в целом. Это мотив экзистенциального выбора, конкретизированный различными хронотопическими обстоятельствами и персонажами.

Рассказ «Она» можно считать апофеозом авторской концепции Алтая как локуса, испытывающего и преобразующего человека. Неудивительно, что для выражения этой идеи наиболее адекватным оказалось сближение рассказа с волшебной сказкой, которая выросла из обряда инициации [4]. На волшебство указывают скептические реплики рассказчика: «Все они тут живут в сказке, как дети, – и ойроты, и даже русские старожилы. Очевидно, первобытная природа так на них действует. Населяют ее какими-то таинственными существами.<...> ...сказочный какой-то персонаж вроде бабы-яги, разъезжающей по воздуху в ступе с помелом в руках» [5, с. 383]. Молодость героя, сближение ойротки с могучей «мистической» силой – «Ею», имя коня – «Воронко» – все это намекает на сказочный подтекст [6].

Более пристальное рассмотрение инвентаря и порядка функций персонажей произведения устанавливает подобие его строения с типичной сказочной композицией, исчерпывающе описанной В.Я. Проппом [4] и его преемниками [7], что возвращает рассказ к собственному жанровому генезису [8, 9, 10]. Исходная **недостача** (пропажа сумки) делает необходимой **отправку** героя в путь («ехать было необходимо» [5, с. 381]). Ученый-метеоролог, забывший сумку на предыдущей стоянке и посылающий героя устранить **беду** («Там ее и найдете – на кедре» [5, с. 381]), является начальником экспедиции. Функционально этот персонаж тождествен типичному **отправителю** волшебной сказки – царю, которого в финале сменяет прошедший испытания герой, а также **вредителю**, с которым герой вступает в конфликт. В отличие от сказки и конфликт, и замена старого правителя новым осуществляются в сфере мировоззрения, психики, во внутреннем событийном ряду.

²Отдельные положения настоящей статьи представляют собой авторскую переработку опубликованной ранее работы [1].

В сказке далее следует предварительное **испытание**, проводимое **дарителем** (часто – бабой-ягой) в рубежном пространстве, в результате чего герой получает **волшебный предмет** или **помощника**. В рассказе этот этап контаминирован с типичным для зачина сказки **запретом**: «Не ходи» [5, с. 382], – советует девушка, – и его **нарушением**, что обычно предваряет беду. Здесь Бианки отступает от сказочной последовательности функций (запрет – нарушение – недостача), ибо подлинная проблема – не потеря сумки, а стихийное бедствие – еще впереди. Ойротка работает проводником экспедиции, что аналогично функции бабы-яги и волшебного помощника в сказке. Справедливо наблюдение, что девушка, благодаря сдержанной манере поведения названная «каменной девой», невольно отождествляется с таинственной «Ею» и соотносится с Хозяйкой гор алтайского и уральского фольклора [6, с. 120–121]. В ее внешности, впрочем, подчеркнуто не только каменное начало (сидела «на большом камне», «казалась изваянной из камня», «агатовые глаза», малоподвижность, скупость речи [5, с. 382]), но и водное. Важно учитывать, что ойротка сидит в пограничном локусе – у реки, что ее прическа символична: «семь длинных мелко заплетенных кос узкими змейками сбегали с ее плеч на грудь» [5, с. 382]. Изоморфизм змеи и реки – один из самых древних в мировой культуре. В мифологии сибирских аборигенов есть сюжет о происхождении рек из следа, протертого телом змея [11, с. 40–41], Змея выступает Хозяйкой реки [12, с. 153]. Сакральное число семь постоянно используется при описании мировой реки в мифах и фольклоре сибирских автохтонов [11, с. 47, 52]. Помимо лито- и гидросферы в связи с девушкой актуализирован атмосферный код. Когда по ее намеку герой прислушивается, он сравнивает тягостное напряжение в природе с тем, «точно рядом кто-то затаил дыхание и уже открыл рот, чтобы сказать что-то, но, задыхаясь, ни слова не может вымолвить» [5, с. 382]. В одной из редакций текста затрудненная речь приписана самой ойротке, когда она «чуть слышно прошептала» [13, с. 88]. Тем самым портрет героини указывает на ее причастность к базовым материям Горного Алтая: камню, воде и воздуху. Следующий этап сюжета рассказа, соотносимый со сказкой, – главное испытание героя, – проходит в этих сферах. Благополучный исход испытаний объясняется благоволением к молодому герою «Её» – и девушки, и стихии, эквивалентных друг другу и функционально соотносимых с волшебным помощником.

Испытание героя состоит в реальной и метафорической переправе, по сказочному утроенной и подчиненной принципу градации – усиление угрозы для жизни. Герой успешно преодолевает, во-первых, брод через реку Черыш: «Переправа была небезопасна...» [5, с. 384]. Во-вторых, ее приток, реку Коргон: «Брод здесь серьезный: сильный поток тащит по дну “булки” – камни, обточенные водой и трением о грунт. Может ударить “булкой” коня по ногам. А стоит коню оступиться – стремнина подхватит его, закрутит вместе с всадником и выкинет два разможенных о камни труп в глубокий Чарыш» [5, с. 385]. Третье испытание, как это принято в фольклоре, – решающее. Природный катаклизм, возникший из-за разницы атмосферного давления по разные стороны белков, состоит в «переправе» воздуха через горный хребет. Примечательно, что этот процесс описан при помощи акватических метафор: «воздух отдельной волной перехлестнул через хребет. <...> Потом... пошел хлестать всей массой, целым потоком» [5, с. 389]. На внешнем событийном ряду все три переправы варьируют кульминационное испытание сказки типа «бой – победа». Однако в последний раз герой проигрывает «сражение»: здесь автор уходит от сказочной модели в глубинные архаические структуры, связанные с обрядом инициации.

Суть инициации, по удачной формулировке М. Элиаде, заключается «в переходе через символическую смерть и возрождение от незнания и незрелости к духовному возмужанию» [14, с. 187]. Состояние героя в момент бешеного порыва стихии можно описать как нуминозное, т.е. связанное с переживанием сверхъестественного: он ощущает «безотчетный ужас», «разом одеревенело все тело, остановилось сердце», «закрыв глаза», его «обдало чье-то могучее, жаркое дыхание, вдавило в землю», он «перестал чувствовать» [5, с. 386]. Потеря сознания, последующее временное беспмятство – все это традиционные метафоры смерти, через которую прошел герой. Примечательно, что цель его поездки – сумка – была оставлена на кедре. Кедр в мифологии алтайских народов часто выступает аналогом Мирового Древа [15, с. 95] – сакрального центра мира, «трудная дорога» к которому завершается посвящением [16, с. 32–33]. Стихия вырвала с корнем «огромный старый кедр» [5, с. 387] и перенесла его к человеку, как будто создавая необходимые для ритуала условия. «Возрождение» состоялось не только и не столько физически, сколько ментально.

В сфере психики реализован другой тип сказочной кульминации: «задача – решение». Ответ на главный вопрос рассказа – кто такая «Она» – дан с нескольких точек зрения. Герой отходит от строго научной картины мира, которую предлагает похожий на измерительный прибор, не замечающий «живых» [5, с. 381], «многомудрый» гидролог-метеоролог [5, с. 389] в сторону интуитивного, мифологического миропонимания, представленного «каменной девой», тем самым символически

совершая «брак» рационального и иррационального начал в своем сознании. Существенная для сказки брачная тема, не реализованная в рассказе (есть лишь намек на взаимную симпатию рассказчика и девушки), метафорически состоялась на уровне внутреннего событийного ряда, для сказки не свойственного.

После публикации рассказа в 1946 г. Бианки был подвергнут резкой критике и обвинениям в мистицизме, что он с возмущением отвергал: «...ну, как же я могу испугаться обвинений в какой-то “мистике”, когда мистикой в моих рассказах и не пахнет, неоткуда мне ее взять» [5, с. 427]. В 1927 г. писателю уже приходилось сталкиваться с подобными нападками в связи с рассказом «Бун». Он твердо отстаивал свою позицию: «В мистике не повинен ни сном, ни духом и ни на какие переделки не пойду» [5, с. 422]. Критики уловили главное – сходство двух рассказов, разделенных двумя десятилетиями. Если рассмотреть рассказ «Бун» на уровне системы персонажей, выполняемых ими функций и сюжетной композиции, то можно увидеть не только сказочный архетип, но и те изменения, которые произошли в позднейшем тексте. Рассказ «Она» является своего рода инверсией «Буна», иначе решает ту же проблематику – отношение человека и природы.

Связи со сказкой в раннем произведении проявлены меньше. Они усматриваются в большей степени благодаря автоинтертекстуальной ретроспекции. Традиционное сказочное начало – запрет: «Прошу тебя, откажись от него. Довольно ты убивал ради удовольствия убивать» [5, с. 193], – говорит пожилой охотник молодому. Это завязка конфликта. Городской юноша относится к природе свысока, легкомысленно. Старый опытный охотник, всю жизнь проживший на Алтае, безуспешно настаивает на уважении к жизни зверей. Можно убивать ради выживания, достатка, но не из спортивного азарта. В почитании объектов охоты, животных проявляется экологическая культура народа, разумность природопользования. Младший отправляется в путь на поиски каменного козла, буна. Трижды он встречает его и пытается застрелить. Третья, кульминационная встреча ставит человека перед выбором: убить козерога, но тогда тот упадет в пропасть и «получится мешок, продырявленный изнутри осколками костей» [5, с. 197], или отказаться от убийства: «...показалось нелепым, что сейчас он выстрелит в того, другого, который смотрит на него сверху» [5, с. 198]. Противостояние человека и природы описано как экзистенциальное: «Ему вдруг ясно представилась та страшная высота, где стояли они – впервые взглянувшие друг другу в глаза человек и зверь. Кругом – холодная пустота и смерть» [5, с. 198]. Герой отмахивается от посланного ему откровения: «Глупости все это!» [5, с. 198]. В итоге погубленный зверь, падая в пропасть, увлек за собой и охотника. «Бун» – это притчеподобное предостережение человечеству о последствиях самонадеянного, надменного отношения к окружающему миру.

Рассказы «Бун» и «Она» образуют своего рода микроцикл, двоицу. Обращает на себя внимание идентичность заглавий в плане трехбуквенного состава и указания на некий субъект. Образы «каменной девы» и «каменного козла» соотносятся посредством одинакового эпитета; описаний, где подчеркнута связь персонажей с горами: «плотное, точно из камня вытесанное тело», «гордый и неподвижный, как памятник» [5, с. 195] (ср. с приведенными выше характеристиками инородки); положения в пространстве: зверь стоит на скале, девушка сидит на камне. Контакт между героями осуществляется при помощи взгляда: охотнику «не по себе было от этого тяжелого взгляда, с безмолвным вопросом устремленного прямо ему в глаза» [5, с. 198]; «агатовые глаза в упор уставились» на молодого ученого [5, с. 382]. Однако звукобуквенный состав заглавий организован по принципу инверсии: «согласный – гласный – согласный» и «гласный – согласный – гласный». Контрастна также категория рода: мужское – женское. Оба заглавных субъекта в текстах произведений подлежат множественной номинации, расположенной в противоположных местах текста. В **начале** рассказа «Бун»: «Туром или козерогом звали его древние славяне. В науке он известен под именем каменного козла. Алтайцы зовут его бун» [5, с. 195]. В **конце** рассказа «Она»: «Ученый начальник наш назвал это явление “фёном”. Коргонский зверолов – просто “верховкой”. Дева Алтая назвала таинственно: “Она”» [5, с. 389]. Исход сюжетов различен. Если в рассказе «Она» молодой и самонадеянный герой проходит своеобразную инициацию, приобретает новый, более глубокий и многокурный взгляд на мир, то в раннем произведении повествуется, скорее, о неудачной инициации, о неспособности довериться интуитивному чувству, уловить естественное, органическое единство мироздания. Тем самым два рассказа Бианки диаметрально противоположным образом варьируют одну и ту же связанную с Алтаем проблематику, являясь текстами-антагонистами.

Литература

1. Богумил Т.А. Алтайский текст Виталия Бианки // Вестник Санкт-Петербургского университета. Язык и литература. 2022, Т. 19, № 2. – С. 226-237.
2. Бианки Е.В. Краткая биография Виталия Валентиновича Бианки // Бианки В.В. Собрание сочинений. В 4 т. Т. 4. Очерки, рассказы, статьи, дневники, письма. – Л.: Детская литература, 1975. – С. 368-291.
3. Меднис Н.Е. Сверхтексты в русской литературе. Новосибирск: НГПУ, 2003. <http://rassvet.websib.ru/text.htm?no=35&id=5> (дата обращения: 07.06.2021).
4. Пропп В.Я. Морфология (волшебной) сказки. Исторические корни волшебной сказки. – М.: Лабиринт, 1998.
5. Бианки В.В. Собрание сочинений. В 4 т. Т. 2. Повести и рассказы. – Л.: Детская литература, 1973.
6. Куляпин А.И. Образ Алтая в рассказе В. Бианки «Она» // Худенко Е.А. и др. Литературная мифология Алтая. – Барнаул: АлтГПУ, 2019. – С. 114-123.
7. Мелетинский Е.М. и др. Структура волшебной сказки. – М.: РГГУ, 2001.
8. Смирнов И.П. От сказки к роману // Труды Отдела древнерусской литературы. Т. 27: История жанров в русской литературе X–XII вв. – Л.: Наука. Ленингр. отд-ние, 1972. – С. 284-320.
9. Мелетинский Е.М. Введение в историческую поэтику эпоса и романа. – М.: Наука, 1986.
10. Неёлов Е.М. Волшебство-сказочные корни научной фантастики. – Л.: ЛГУ, 1986.
11. Павлинская Л.Р. Реки Сибири // Реки и народы Сибири / под ред. Л.В. Павлинской. – СПб.: Наука, 2007. – С. 18-55.
12. Тадина Н.А. Река как образ родины у алтайцев // Реки и народы Сибири / под ред. Л.В. Павлинской. – СПб.: Наука, 2007. – С. 151-158.
13. Бианки В.В. Удивительные тайны: повести, рассказы. Барнаул: Алтайское книжное изд-во, 1984.
14. Элиаде М. Мифы и волшебные сказки. В кн.: Элиаде М. Аспекты мифа. – М.: Академический Проект, 2000. – С. 181-187.
15. Балалаева О.Э., Плужников Н.В. Миф о Мировом древе в шаманстве народов Сибири // Этнографическое обозрение. 2019. № 3. – С. 80-95.
16. Элиаде М. Миф о вечном возвращении: архетипы и повторяемость. – СПб.: Алетейя, 1998.

ГТАХР: 17.03.94

МҰХТАР ӘУЗОВ – ФОЛЬКЛОРТАНУШЫ

Нурпеисова Е.Б., магистр, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

Қазақстан Республикасы, Семей қ.

«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салушы М.О. Әуезовтің әдебиет тарихы саласындағы зерттеу еңбектерінің бір үлкен саласы – фольклортану саласы.

М. Әуезовтің халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинауы, фольклортану мәселесімен ғылыми түрде шұғылдана бастауы 1924 жылы Ленинград мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің әдеби лингвистикалық бөліміне оқуға түсіп, желтоқсан айында оқуынң алғашқы семестрін аяқтап Семейге келіп, маман тапшылығына байланысты Семейдің оқу-ағарту орындарына бір жылға қызметке қалдыруынан басталды деуге болады.

М. Әуезов қызмет еткен Семейдің Қырғыз педагогикалық техникумы 1922 жылы ашылады, бұл Қазақстандағы мұғалімдер даярлайтын тұңғыш оқу орны болатын [1].

Ә. Марғұлан өз естеліктерінде М. Әуезовтің Семейде оқытушылық қызметте жүрген кезінде халық ақындарын жинап, айтыс өткізетіндігі туралы мәліметтер келтіреді. Осы уақытта М. Әуезов қазақ фольклорлық мұрасын ел ішінен жинап, хатқа түсіру қажеттігіне назар аудара бастайды. Осы орайда ол «Қазақ» газетінің 1925 жылғы 23 сәуіріндегі санында «Семей педтехникумы» атынан мақала жариялайды. Болашақ ғалым ұлттық мәдени мұраны түгендеу, зерттеу ісін жүйелі түрде жолға қою мәселесін ортаға салады. Жұбайы В. Әуезова өз естелігінде мынадай деректер келтіреді: «...Фольклорлық материалдарды жинау бойынша экспедиция құрамында ма әлде бұл дербес іс-сапар ма – есімде қалмапты, әйтеуір 1927 жылдың жазында Мұхтар алғаш рет Жетісуға келеді» [2].

Бірақ ешқандай құжаттарда арнайы экспедиция құрылғандығы туралы деректер кездеспейді. Сол кезеңде, яғни 1924 жылдың қазан айында М. Әуезов Орыс географиялық қоғамының Семейдегі бөлімшесіне мүше болып қабылданғаны белгілі. Осы қоғамның есептік ақпаратында мынадай деректер кездеседі: есептік жылы қоғамға 28 мүше қабылданды. Олардың қатарында М. Әуезов, Ж. Шанин, Шайбай Айманов, А. Белослюдов, М. Тұрғанбаевтар бар [3]. Сондықтан М. Әуезовтің бұл сапары Орыс географиялық қоғамының жоспары аясында болуы да ықтимал. Өзі жазған өмірбаянында 1923 жылдан бастап (яғни Ленинград университетіне түскен соң) қазақ әдебиетінің тарихы ғылыми зерттеуге ден қойғанын айтады. Фольклор мұраларын жинауға қатысты ақалалары мен іссапарлары осы арнадағы ғылыми жұмыстарына байланысты болуы әбден мүмкін. Бір анығы 1923-1928 жылдары М.Әуезовтің зейін-зердесі әдеби-ғылыми шығармашылық ізденістерге бағытталады.

Ал «Шолпан» журналының 1922 жылғы 2,3-санында және жалғасы 1923 жылғы 4,5 санында жарық көрген «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» атты алғашқы мақаласы бұл тақырыпқа ғалымның атүсті келмегенін, белгілі бір мақсаттармен, жүйелі дайындықпен келгендігін айғақтайды. Бұл мақалада осы тақырыптың маңыздылығына тоқтала келе былай дейді: «Ескі әдебиеттің түрін білу, бетін ұғу, ағымына түсіну біздің өзіміз үшін керек. Шаң басып жатқан ескілікті жинап, басын құрап, көпшіліктің мүлкі қылып беру, жалғыз ғана әдебиетті сүйетін қазақ оқушысына ой, сезім азығын беру болса, одан кейінгі зор пайдасы қазақ тілінің қалыптасып, нығайып, өзіне біткен көркі мен күшін жинау үшін керек»[4].

Осы еңбегінде: «Орыс жазушыларының қысқаша сындарына қарағанда, біздің ескі ауызша әдебиетіміз бай, өрнекті, түрі, тарауы көп кестелі, қысқасын айтқанда, қазақтың даласы сияқты кең, келешегі көрікті үлкен, жалпы түрік әдебиетінің ішінде үлкен орын алатын әдебиет секілді көрінеді... Себебі, әдебиетімізде өзге көп жұрттың ауызша әдебиетінде жоқ нәрселер табылып отыр. Ауызша әдебиет бір заманда тәртіпті жазба әдебиеттің қызметін атқарғандығы білініп отыр. Сол міндетін ұққандықтан ауызша әдебиет өз өрісін кеңейтіп әкеткенін көріп отырмыз. Сол ескі сөздің ішінде ескі қазақ өмірінің әрбір дәуірі, әрбір мезгілі және жеке-жеке суреттері де айтылған», – деп жазады.

1925 жылы 23 көкекте «Қазақ тілі» газетінде «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» атты мақаласы жазылып, онда қазақ халқының мәдениетін дамыту үшін ғылымға көңіл бөліп, зерттеп оқытып, тіл, әдебиет, тарих, салт-дәстүрді өркендету керектігін атап көрсетеді, ал бұларды дамыту үшін халық мұрасын ел ішінен жинап, бастыру керектігін еске салады. Өзі бас болып, 1924-1925 жылдары «Таң» журналына, кейін өмірінің соңына дейін түрлі басылымдар мен жинақтарға жариялап тұрған.

Фольклортанудағы алғашқы қадамдарын жиырмасыншы жылдардың екінші жартысы мен отызыншы жылдардың басында қолға алып, бірнеше көлемді мақалалар жазып, кейіннен «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабының 1-томына негіз еткен.

Біз бүгін М. Әуезовтің қазақ ертегілерін зерттеуші ретіндегі қызметіне жеке тоқталмақпыз.

Қазақ ертегілері туралы М. Әуезов бірнеше еңбек жазып, жазғандарына әркезде оралып, толықтырып, жариялап отырған:

1. Ертегі. – М. Әуезов. Әдебиет тарихы. Қызылорда, 1927. Екінші баслымы. Алматы, 1991, 168-171 беттер.

2. Ертегі. – Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1948, I том. Фольклор, 64-100 б.

3. Ертегілер. – Кітапша: Профессор Мұхтар Әуезов. Ертегілер. Алматы, 1957, 76-б.

4. Қазақ ертегілері. Мұхтар Әуезов, Есмағамбет Ысмайылов//Кітапта: Қазақ ертегілері. Үш томдық. 1-том. Алматы, 1957, 7-36 беттер (алғы сөз).

5. Қазақтың ауыз әдебиеті. –Кітапта: Қазақ ССР тарихы. 2 томдық. 1-том. Алматы, 1957, 212-213 беттер.

6. Ертегілер. – М.Әуезов. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959. 213-251, 252-271 бб.

7. Ертегілер. – Кітапта: Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 томдық. 1-том, 1-кітап. Алматы, 1960, 216-283 беттер [5].

Ғалым бұл жанрға тұңғыш рет ғылыми анықтама беріп, оның жалпы жанрлық белгілерін сипаттаған және ертегінің ішкі жанрын жанрларын белгілеген, әрі ертегі жанрының шығу тегіне барлау жасаған.

«Адам баласы білім-өнер жүзінде болған уақытта маңайындағы дүниенің жасырын сырларын білмегендіктен, өзіне белгісіз заттың барлығына құдай деп табынған. Сол табынған нәрселері көп болғандықтан әрқайсысы туралы арнаулы әңгімелері болған...», – дей келе, «ертегі» деген сөздің өзінің шығу тегіне тоқталып, «ертегіші», «ертектіші» дегеніміздің өзі ертеде пайда болған деген мағынаны білдіріп, көптеген ертегілердің осы сөзбен басталатынына назар аудартады.

Қазақ ертегілерінің көбі «ертеде бір бай блыпты», ертеде кемпір-шал болыпты» деп дағдылы, көп ертегіге ортақ сөздерден басталуының өзі әңгіменің жолын ашып, жөнін аңғартады делінген, яғни айтылатын көркем әңгіменің өзге емес, ертегі екеніне, оның өзіне тән айшығы, өрнегі бар екендігін айтады.

Ғалымның ойынша, ертегінің «қолы бос жұрттың» ермегі емес, фольклордың ішіндегі қоғамдық тарихтық, саясаттық маңызы мол халық шығармасының бір түрі. «Қазақ ертегісі есте жоқ ескі замандардан бастап бергіге шейін болған талай ұзақ-ұзақ дәуірлердің кездерінде туған, өсіп, көбейіп келген мол дүние. Онда сонау арғы Үйсін, Қаңлы руларының кезінен санап, Қыпшақ елдігінен, моңғолдар жорығының тұсынан айтылып келген көне әңгімелер көп» [6].

Қазақ ертегілерін жинап, зерттеушілерді М.Әуезов мынадай екі топқа бөледі:

1. Орыс ғалымдары (Радлов, Потанин т.б.) я орысша білім алған, еңбектерін көбінесе орысша жариялаған Шоқан, Әбубәкір Диваев сияқты оқығандар;
2. Қазақтың өзінен шыққан хат таныған ақын-жазушылар (Ақылбек Сабалов, Мақыш, Шәді т.б.).

Сондай-ақ ғалым қазақ ертегілерінің басқа халық ертегілеріне ұқсастығының екі себебін атап көрсетеді, біріншісі, сол замандағы шаруашылық, тұрмыс-салт, қоғамдық жағдайлардың ұқсас болуынан туған ұқсастық; екіншісі – бір әңгімені елдер арасында қыдырып барғандардың айтып таратуы, яғни қазақ ертегілерінің ішінде араб, парсы, Мысыр елдерінің, «Мың бір түндегі» ертегілерэлементтерінің кездесетінін тілге тиек етеді.

Қазақ ертегілерін ғылыми түрде жіктеп, классификациясын жасаудағы еңбегін белгілі сыншы С.Қасқабасов былай бағлайды: «Мұханның қазақ ертегілеріне жасаған жанрлық классификациясы ұлттық ғылым мен руханият үшін зор жаңалық болды».

М.Әуезов қазақ ертегілерінің ішкі мазмұны мен сыртқы түріне қарай былай жіктеді:

- Қиял-ғажайып ертегілері. Ертегілердің ішіндегі ең көне түрі, олардың саны көп емес, сондай-ақ өзгеріске көп ұшыраған, жаңарып, алғашқы қалпын бұзғаны көп.
- Шыншыл ертегілер. Қазақ ертегісінің мол түрі, халықтың өзінің дүниетануындағы, қоғам, тіршілігіндегі, үй тұрмысындағы, басқа тіршіліктегі барлық мұң-мүддесін, тартыс-талабын жиып-түйген түрі.
- Хайуанаттар жайлы ертегілер. Жан-жануар мінезінен адамның қоғамында болатын қастық-достық момындық-соққарлық сияқты көп-көп күйлердің елесін көрген. Хайуанат тірлігімен, мінез-тартыстарымен адам тірлігі, адам мінез-тартысы арасында ерекше ұқсастық барын таныған [7].

Қорытындылай келе, М.Әуезовтің фольклортану ғылымына қосқан үлесі зор екені сөзсіз. Аталған фольклортану саласына арналған еңбектерге көз жүгіртетін болсақ, олардың кейбіреулеріне айрықша тоқталған. Олар: айтыс пен ертегілер. Себебі, бұлар халық ауыз әдебиетінің өте ауқымды, кең, ең бір мол саласына жатады, сондықтан оларды жинап, түгел қамту мүмкіндігі болмаған сияқты. М.Әуезов отандық фольклортану ғылымының қалыптасуы мен дамуына ерекше үле қосты, ол халық мәдениетін терең зерттейтін мамандарға әрдайым көшбасшы бола білді.

Әдебиеттер

1. Мұқажанова Р. «М.О.Әуезов және Семей». – Алматы, 2004 ж.
2. М.О.Әуезовтің шығармашылық өмірбаяны. – Ұжымдық монография. Алматы, 2014 ж.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы, Жазушы – Т 15, 1954 ж.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.
5. Молдаханов Ә. Мұхтар Әуезов-фольклортанушы. – Алматы, 1997.
6. Әуезов М. Әдебиет туралы. О литературе. – Алматы, 1997.
7. Бердібай Р. Эпос-ел қазынасы. – Алматы, 1995.
8. Классикалық зерттеулер: Көптомдық. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2012. – Т. 11
9. Әуезов М.О. Фольклор туралы зерттеулер.

М.О. ӘУЕЗОВТИҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Ағибаева Р.А., бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

«Әлихан Бөкейхан атындағы № 39 жалпы орта білім беретін мектеп», raushan.agibaeva@bk.ru

Дайырбекова У.Т., бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

«Әлихан Бөкейхан атындағы № 39 жалпы орта білім беретін мектеп», ulzhan1312@mail.ru

Қазақ халқы сөздің құдіретіне табынып, тоқсан ауыз сөзге тобықтай түйін жасаған. Ұшқыр да ұтымды, мағыналы сөздерді негізгі ойдың арқауы еткен. Ел ішіндегі түрлі дау-жанжал, шешімін таппас мәселелерді де осы сөз арқылы, көрегендіктерімен, тапқырлықтарымен шешіп, әділ бағасын беріп отырған. Бүгінге дейін жалғасын тауып отырған асыл қазынамыз – шешендік сөздер тарихи оқиғаларды, халықтың тұрмыс-салты мен тіршілігін, оның ішінде жер дауы мен жесір дауын, мінез-құлқын, тайға таңба басқандай дәл, әрі шебер, әрі мәнді бейнелеуімен ерекшеленеді.

Тумысынан сөз өнеріне жетік қазақ халқы шешендік өнердің де, оны иеленуші нағыз өнерпаз шешеннің де қадір-қасиетін жақсы таныған. Сөзіне өзек болған мәселенің мән-мағынасын поэтикалық тілмен толғап, көпшіліктің мейірін қандыратын алғыр ақыл иесі, тума талант қана «шешен» атанып, даңққа бөленетін болған.

Белгілі бір мәселені талқылау кезінде шешен адамдардың тапқыр ойымен, шебер тілімен ауызша айтқан мазмұнды, көркем пікірін шешендік сөз болып танылады. Шешендік өнердің өсіп-өркендеуіне қажетті жағдай – еркін сөйлеп, ойын ашық айта білу. Бұл жөнінде де қазақ қауымында сөзге тыйым салынбаған, сынға шек қоймаған. «Ойлансақ мың бір пәле тілден туған, шешендер топ ішінде белді бұған», – деп Шал ақын бекер айтпаса керек.

Көпшілік алдында сөйлейтін шешен үшін суырыпсалмалық өзіндік болмасын тән, бірегейі құбылыс. Шешеннің сөзі терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр логикаға құрылады. Шешеннің сөзі нақтылы, нені айтса да дәл, тұжырымды айтқан.

Тіл мәдениетінің биік шыңы, ең жетілген түрі – шешендік өнер болып табылады. Қазіргі шешендік сөз үлгілерінің ерекшеліктерін ескере отырып, ғалым М.Серғалиев бес түрлі шартын атап көрсетеді: шешендік – тілге, сөзге тікелей қатысты құбылыс; ешбір сөз мақсатсыз қолданылмайды; хабар жеткізу тәрізді мақсат қарабайыр ғана орындалмай, ол міндетті түрде сезімге әсер етуі арқылы эмоциялық қызмет атқарады; белгілі бір ойдың ақиқаттығын дәлелдейді; тыңдармандарды немесе оқырманды әлдебір әрекетке ең болмағанда жауап беруге, тіпті талас айтуға жетелейді [1, 4 б.].

Адам сөйлеген кезде өзіне керекті ақпаратты толығымен қайтадан бастап баяндамайды. Тыңдаушы үшін де, өзі үшін де бұрыннан таныс нәрсені мейлінше азайтып, көп болса екі-үш сөзбен жеткізуге тырысады. Сондықтан ықшам, қысқа сөйлеу арқылы коммуниканттар ауызша сөзге тән бірінші шарт үнемдеу заңын орындап отырады. Мұның бастауы, негізі қазақ шешендік сөздерінде жатыр.

Шешендік дискурс міндетті түрде ситуацияға, бізді қоршаған әлемде не немен қалай байланысатындығын білдіретін білімдер құрылымына сүйену арқылы жүзеге асады.

Шешеннің санасында айтылатын ойдың қалайша берілуі, оның дұрыс шешімге ие болуы сынды мәселелер жүреді. Шешеннің санасында ойлану-толғану нәтижесінде біртұтас дүние, мәтін жарыққа шығады. Тыңдаушы шешеннің берген сұрақтарына толық, қанағаттанарлық жауап бергенде, мәселе шешімін тапқанда ғана қарым-қатынас сәтті аяқталады.

Шешендік сөздер көбіне диалог түрінде көрініс тауып, сөйлеуші мен тыңдаушының өзара тіл табысуын мақсат етеді. Мұнда дау-дамай, түрлі жанжалдар негізінен жер мен мал, жесір дауына қатысты болып, соңында ынтымақпен аяқталады.

А.Байтұрсынов 1926 жылғы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінің «Шешен сөз» деген тарауында шешендік сөздерді бес түрлі ішкі жанрлық үлгілерге жіктеді: а) саясат шешен сөз; ә) билік шешен сөз; б) қошамет шешен сөз; в) ділмар шешен сөз; г) уағыз [2].

Шешендік сөздердің функционалдық сипатын жазған, Ш. Уәлиханов еңбектеріндегі ой сарабын тереңдеткен, дамытқан ғалым Халел Досмұхамедов. Ол «Қазақ халық әдебиеті» атты зерттеуінде халық әдебиетін қырық алты түрге жіктей отырып, соның бір үлгісіне, жанрлық түрге «Билік сөз» деп шешендік сөздерді жатқызады. «Әртүрлі сот істері кезіндегі билердің тамаша үкім

сөздері, екі жақтың ұтымды даулары мен тапқыр жауаптары, әдетте, ұйқасты мәтел не өлең түрінде айтылады. Поэзияның бұл түрі билік сөз (замечательные приговоры судей биев) деп аталады» – деп атап көрсетеді [3].

Кең көлемде жиырмасыншы жылдары қазақ әдебиетінің тарихын жасауға батыл қадам жасаған еңбек М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» десек, автор аталмыш еңбекте қазақтың шешендік сөздерін әдебиет тарихынан орын тептіріп, «Билер айтысы» деген терминдік атау беріп, өзіндік ілімнің әлі де болса теориялық шымырлануы қажеттігін былайша аңғартады: «Билер айтысының қазір де барлық түрлері жиналып болмағандықтан, екінші бұл түрдегі айтыстар ерекше көп болғандықтан, бұл күнде түгел жіктеп, бөліп қоюға болмайды. Сондықтан, қазірде қандай түрлері кездесетінін айтамыз. Бірақ бұл жіктеу уақытша ғана және ылғи ішкі мағынасына қарап жасалған жіктер болады».

С. Сейфуллин еңбегіндегі ой-зердесі М. Әуезовтің ой-пікірлерімен астасып, шешендік сөздердің негізі ретінде дау-дамайда, талас-тартыста туған билер сөзі алынуы керектігін зерделеген ой-әлемі «билер сөздері» деген термин – атау ұсынғандығынан аңғарылады. Сондай-ақ С. Сейфуллиннің ғалым ретіндегі ой-тұжырымдарының құндылығының тағы бір қыры мынада: автордың қазақ билерінің болмысының халық өмірінің сан-алуан қырларымен байланыстылығын, билердің көп қырлы функциясын айта алғандылығында.

Демек, қазақ қоғамындағы «би», «шешен», «билер институты» сынды билік деңгейлерінің орны айырықша бағаланған.

Шешендік сөздер – суырып салма ақындықтың бір көрінісі деуге болады. От қасы, төбе басындағы ертегі, әңгіме үстінде айтылатын әзіл, айтыстардан бастап торқалы той, топырақты өлім тұсындағы жиын-тобырларды, келелі кеңес, кісі құнды дауларды аралап өткен. Осындай құнды ойлар сөйлесу, әңгіме, пікірталас түрінде өрбиді; шешендік дискурс ел ішіндегі болатын түрлі жағдайларға орай, мәселен екі ел бітімге келердегі елшілермен сұхбат сынды мәселелер ресми түрде өтсе, күнделікті мәселелер бейресми түрде жүргізіледі.

Сондай-ақ шешендік сөздер құрылымы да айырықша сипатқа ие. Құрылым қазіргі тіл біліміндегі ортақ мәселелердің бірі. Бұл ұғымның тілдің түрлі деңгейде қолданылуы әлі үздіксіз жалғасын табуда. Құрылымның негізгі белгілері тұтастық пен байланыстылық болып келеді. Тұтастық пен байланыстылық тек лингвистикада ғана емес, жаратылыстану ғылымдарынан да орын алады. Құрылым терминіне мәтінтанушы ғалым З.Я. Тураева мынадай тұжырым жасайды: «Структура – это глобальный способ организаций объекта как некой целостной данности» [4 с.56]. Ал мәтіннің өзі күрделі құрылымдар мен әдістердің бірлігінен құралатын категория. Демек, ол мазмұн мен құрылымы жағынан аяқталған болып келеді.

Шешендік дискурстың да өз құрылымы бар және ол әлдеқайда күрделі болып келеді. Қарым-қатынасқа түскенге, ой жарыққа шыққанға дейін шешеннің (сөйлеушінің) санасында тілдік емес құрылымдар жүргізіледі. Яғни, сөйлеудің тәсілдері мен амалдары қарастырылады. Шешеннің «нені айтсам?», «қалай айтсам?», «кімге айтсам?» деген ойша сөзі қорытылып, сөз актісіне айналады. Жарыққа шыққан шешеннің сөзін тыңдаушысы қабылдап, түсініскен соң ғана бұл қарым-қатынас аяқталады.

Антика дәуірінен бері шешен сөйлеу шаршысөзге дайындық барысына дейін бірнеше кезеңдерді камтиды: ойдың тууы, ойдың орналасуы, сыртқа шығарылатын ойдың сөзбен әрленуі, есте ұстау, ойдың жарыққа шығып, сөзге айналуы.

Дискурс құрылымы тақырыптық бірліктердің саны арқылы анықталып, мұнда «коммуникативтік оқиға не жайында өтіп жатыр» деген өзара байланыс арқылы іске асырылады. Алғашқы тақырыптық бірлік дискурстың басқы бөлігіне қатысты болып келеді. Дискурстың негізгі иесі – сөйлеуші. Ол дискурс құрылымында ерекше белсенділік танытады. Үнемі өзінің сұрақтарына жауап іздейді. Адамның білім қорының өзі құрылымдық үлгі ретінде қарастырылады. Адам өзіне жаңа жағдайды тану барысында немесе таныс нәрсеге жаңаша қарауда өз санасындағы дайын құрылымды тандайды.

Дискурста кісі есімдерінің атқаратын қызметі, тыңдаушының коммуникативті-прагматикалық қасиеті айрықша танылады

Дискурстағы негізгі параметр – сөйлеуші. Ол коммуникативтік процесті ұйымдастырушы, тыңдаушысы үшін сөз саптайды. Сөйлеуші шешен өзінің айтпақ ойын тыңдаушыға мүмкіндігінше толық, түсінікті жеткізуге тырысады. Айтылатын ойдың тыңдаушысына түсінікті болуы үшін сөйлеуші оның білім деңгейін, жас ерекшелігін, әлеуметтік жағдайларын да ескеріп отырады. Мысалы: «*..бірақ оның шыны ма, я әдейі үлкендерге көз қыла ма, әйтеуір, қазір Құнанбай сөзінен басқа бар дүниені ұмытқан. Сонымен бірге Абайды да былай қоя тұрған сияқты.*

Жиренше қабағын бір шытып, қозғалақтап қалды. Абай енді байқады, әке сөзін аяқтап келеді екен.

– Қодар сұмның қылығы сырт елдің алдында менің бетіме салық болса, осы елге, өз келеңе келгенде, осы отырған бәрімізге салық. Мынау отырған сендерге салық! – деп аз тоқтап, Сүйіндікке қадалып отырған жалғыз көзін енді төрдегі Байсалға аударды. Одан өзінің оң жағында отырған Бәсейге қадалды.

Бірақ Бәсей мен Байсал мызғыған жоқ. Өзге отырғанның барлығы сөдің салмағы мен түйінін өз арқаларынан сезгендей боп қозғалақтап, ырғалып қалысты.

– Ендеше, өлімнен ұят күшті. Ел көрмеген сұмдыққа, ел көрмеген жаза керек! – деп Құнанбай байлауын айтты. Қайта босар түрі жоқ. Тас түйін боп бекініп, түйіліп алған көрінді» (Абай жолы, 16 б.).

Берілген мысалдағы негізгі параметр – сөйлеуші және коммуникативтік процесті ұйымдастырушы Құнанбай. Құнанбай өз сөзін сабақтай отырып айтпақ ойын тыңдаушыға мүмкіндігінше толық, түсінікті жеткізуге тырысады.

Шешендік дискурстағы хабарды қабылдаушы – оқырман не тыңдаушы. Қарым-қатынас жағдайында тыңдаушы да аса маңызды роль атқарады. Ол қарым-қатынастың ойдағыдай өтуіне ықпал етеді. Тыңдаушының белсенділігі, ден қоюы, назар аударуы, қабылдауы, білім деңгейі ерекше ескеріледі. Оның қарым-қатынас үстіндегі басты тәсілі түсіну болып табылады.

Шешендік дискурста тыңдаушы жеке адам, көп адам болуы да мүмкін. Сондай-ақ сөйлеуші шешен тыңдаушыларымен бетпе-бет отырады. Шешендік дискурсының (сөйлеу) бөлінбес бір бөлшегі диалог болып табылады. Дискурстағы диалогта шешен (сөйлеуші тұлға) өзін қайталанбастай күйде танытады. Нені түгел айтып, нені бүгіп отырғаны, оның ұғымынша қандай нәрсені атамаса да түсінікті екенін сөйлеу кезінде қандай мүмкіндіктер байқалатындығын біледі. Диалог – табиғи құбылыс Ғалым Н. Уәлиев диалогтің ойдағыдай өтуі лингвистикалық және лингвистикалық емес факторларға байланысты деп көрсете келе, диалогтегі сәттілік пен сәтсіздік, диалогтің өрбуі мен үзілуіне коммуниканттардың көңіл күйі де ерекше әсер ететінін былайша пайымдайды: «Диалогтің ойдағыдай өтуі лингвистикалық және лингвистикалық емес факторларға байланысты.

Диалогтегі сәттілік пен сәтсіздік а) коммуниканттардың әлеуметтік-стереотиптік ерекшеліктеріне ә) коммуниканттардың аялық біліміне б) коммуниканттардың құзыретіндегі жақындыққа, я болмаса алшақтыққа в) коммуниканттардың жыныс, жас, тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты жайттарды ескеру, ескермеуден болуы ықтимал. Диалогтің өрбуіне немесе үзілуіне коммуниканттардың көңіл күйі әсер етеді. Бөгде адамның қатысуы да диалогтің өрбуіне кері әсерін тигізуі мүмкін» – дейді [5, 289 б.].

Әдеби туындының идеялық-эмоционалдық, сюжеттік-композициялық жүйесіндегі диалогтың алатын орны ерекше. Сондай-ақ диалог сюжет, конфликтті дамыту, характерлерді ашуда айырықша сапаларға ие болады. Диалог арқылы сыртқы әлем бейнеленеді. Диалог заман көрінісінен хабар береді. Монолог сияқты диалог та түсініктемелермен көмкеріледі.

Интонациялық құрылым, жекелеген сөздердің айтылуы өң, көзқарас немесе жымиюы тәрізді дәлсіздіктерді диалогсыз тану мүмкін емес. Диалог – айтпауға болмайтын, жасыруға келмейтін қажеттілікті жария етеді.

Диалог адамдардың әр алуан көзқарасын, өмір құбылыстарына деген әр басқа қарым-қатынастарын да танытады. Адам өз өмірін сөз жүйесімен қорытып отырады, ал іштегі сөздер сыртқа шығуға дайын тұрады. Диалог негізінен ауызекі сөйлеудің бірлігі. Осыған орай диалогтық бірліктердің мынадай ерекшеліктерін атап көрсетуге болады: сөйлеуден тыс, сөйлеуді қостаушы тұспалдардың қолданылуы, айтылымның қысқа, ықшам болатындығы, интонация, просодикалық өзгешеліктер, репликадағы немесе сөйлеу жағдайына байланысты толымсыз сөйлемдердің алуан түрлі өзгешеліктерімен қолданылуы, басым көпшілік жағдайларда жай сөйлемдердің қолданылуы, жазба тіл нормасынан тыс сөйлем қолданыстары, алдын-ала дайындалмаған сөйлеу ретінде синтаксистік норманың бұзылуы.

Диалогта қарым-қатынасқа түсушілердің сезімі мен көңіл-күйлері, сол сәтте тоқталмай кетуге болмайтын үзілістер, интонациялық бедерлер, бет жүзіндегі өзгерістер мен ым-ишара қалтарыстары түгел қамтылады.

Шешендік дискурстағы диалогтарда заман көрінісінен де хабар беріп отырады. Мәселен, белгілі бір кезеңде айтылған би шешендердің сөздерінен сол кездегі жер дауы, елдің ішкі, сыртқы мәселелері көрініс табады.

Ал шешендік дискурстағы полилогтарда сұхбат оқиға желісін өрістетіп қана қоймай, тартыстың шешіміне әкеледі. Осындай полилогқа құрылған тартыс шешімінде Құнанбай шешен өз ойын нақты айтады. «Құнанбай Қарашоқыға үлкен бәйбішесі Күнкені қыстатпақ болған. Өзі де сол ауылда екен. Түсіп екінді кезінде келді де, Құнанбайды оңаша шақырып, дөң басына барып отырып,

ұзақ сөйледі. Алыстан бастап «береке-бірлік» керегін айта келіп, аяғында:– Мынау ісіңе Бөбең емес, ісі Кішекең де наразы. ..дей беріп еді, Құнанбай бұған жалт қарап, қатты зекіп: –Наразының жоқшысы Кішекең болмақ па? Ендеше анау Керей, Уақ, анау Сыбан тегіс наразы. Оңды-солды бәрі өкпелі. Кімге өкпелі? Ұрлады, барымталады, ақ малымның есесін бермейді деп, дәл Кішекеңнің өзіне наразы. Байдалы, Бөжей, мына Түсіп сен...дәл сендерге наразы. Бөкеншіні айтқанша өз басыңды арашалап ал! Ұры мен қарыңды тиып ал! – деді.

Түсіп бұл араға қатты ашуланып еді, дауыс да қатаң шығып кетті.

– Арамың сол – Бөжей маған қақпан құрғанын қойсын! Біреудің сыртын бетке ұстап жүріп, маған арнап оқ атқанын қойсын! Енді осыдан қоймайтын болса, ағаш оғын аямасын, тегіс атсын! Бірақ қашан айтың демесін! Ендігі керді тап өзі көреді. Ал Уақ, Керейдің малын бересің! Бергіземін! Ертең үстіңе сияз құрғызамын.. .Бар осынымды тегіс жеткіз Бөжей мен Байдалыға! – деді.

Сөз осымен бітті. Екеуі екі айырылып кетті (Абай жолы, 58-б).

Диалог, монолог, полилогтардағы шешеннің сөзінен шешеннің білім өресін, талант табиғатын, ішкі мәдениетін, дүниетанымын көруге болады. Шешендік дискурстағы диалогтарда айтпауға болмайтын, жасыруға келмейтін қажеттіліктер сөз болады.

Сонымен шешендік сөздердегі диалог, полилогтың көрінісі сөздің коммуникативтік сапалары: дұрыстық, байлық, тазалық, дәлдік, логикалық, бедерлік, түсініктілік, әсерлілік жағдайларынан байқалып отырады. Шешендер әлденеше ұрпақтың сана сезімін аралап, көптің көкейіне қонақтаған ойлы, сырлы сөздерді жаттап, жадында сақтайды керекті, келеңді жерінде жаңартып кәдеге жаратады.

Асыл мұрамыз от ауызды, орақ тілді шешендердің сөздері бастапқыда ауызша тарағандықтан, айтылған ойдың мазмұны көпшіліктің құлағына сіңіп, жадында сақталады. Сан қырлылығымен танылған би-шешендеріміздің қалдырған астарлы да айшықты, өнегелі ойлары санамызда қазірге дейін өшпей, қайта сан алуан қырынан жаңғыруы, осы құнды ойларға деген біздің сеніміміздің, илануымыздың айғағы. Шешендіктің түп мақсаты – адамдарды иландыру деп ғұлама Ф. Честерфильд айтып кеткендей, шешендік сөздер зор сенім мен илануға әсерін тигізеді.

Адамның ойына, көңіл-күйіне, сезіміне, мінез-құлқына, іс-әрекетіне суггестиялық амалдар зор ықпалын тигізеді. Сөзбен сендіру, иландыру, яғни суггестия қазақ халқында түрлі тұрмыстық жағдайларда; көңіл айтып жұбатқанда, бата бергенде, бал ашқанда, ауруды емдегенде, бала тербеткенде, тағы басқа жағдайларда көрініс тапқан.

Бізге сөзден асқан құдіретті күш жоқ екені мәлім. «Сөз сүйектен өтеді, таяқ – еттен өтеді» деп бекер айтылмаса керек. Сөздің құдіретін түсіне, құрметтей білген ата-бабаларымыз, сөзге ұста би-шешендерімізді жоғары сатыға қоюы, сөзді «өнер» деп бағалауы тегін емес. Мұндай сөздің құдіреті, аз сөзбен түйінді ой салатын, сөздің әсері күшті болатын тұстары әке Құнанбай мен бала Абай арасында жиі көрініс береді: «..Абай әкесінің ғана жауабын білмек еді. Ойландыратын жауап естіді. Құнанбай аздан соң ғана барып,әлгіден де жусаңқырай түсіп:

– Адам пенде ғой! Пенденің жоқ-жіті толған ба?– деді.

Бұл кезде әкесі Абайға жадағай көрінбеді. Кінәға, дауға жүйрік Байдалы сияқты емес. Ол шешендіктен гөрі басқарақ түпкірі бар жан сияқты. Оңай жан емес. Қат-қабат шың сияқты»(Абай жолы, 125 б.).

Қандай да болмасын мәтіннің прагматикалық бағыты қарым-қатынасқа түсушілердің әке мен бала өзара бір-біріне сөз арқылы әсер етуі, *ой тастауы, түрлі әрекеттерге ықпал етуінің нәтижесінен көрінеді.*

Қарым-қатынас үстінде тыңдаушыда да белсенділік байқалады. Бұл белсенділік тыңдаушыға берілген ақпараттың күшті болған кезінде байқалады. Ықпал ету әрекеті тыңдаушының санасына тікелей қатысты болған жағдайда оған үлкен сенім қалыптастырады. Сондай-ақ шешендік сөздер дискурсында қолданылатын көркемдеуіш құралдар (метафора, тенеу, эпитет) да сөз ықпалын арттыруға игі әсерін тигізеді. Бұл айтылған жайттар шешендік сөздер дискурсында да кең өріс алады.

Мұндағы ой тастау да қарым-қатынасқа түсушілердің бір-біріне тигізген әсері, сондай-ақ қарым-қатынас барысында өзара қарым-қатынасқа түсушілер түрлі әрекеттерге де ықпал етеді. Бұл процеске айғақ ретінде төмендегідей мысал келтіре кетейік:

Шешендік дискурста тыңдаушы психикасына белгілі бір дәрежеде әсер ететін сөздер, сөз тіркестері болады. Бұлардың мазмұндық жағы да тыңдаушысының іс-әрекетіне ықпал етпей қоймайды. Себебі, біріншіден, ол адам көпшіліктің сенімі мен талабынан шыққан болғандықтан, би-шешеннің сөздерін бар жан-тәнімен, құлақ аса тыңдайды. Екіншіден, би-шешеннің аузынан сөз – дуалы, оны ерекше адам айтып отыр. Үшіншіден, айтылған сөздің құдіреті күшті. Өйткені, ол адамға жақсылық тілеп, сенім ұялатады, иландырады. Төртіншіден, ұлтымыз сөз құдіретін ерекше бағалаған.

Әдебиеттер

1. Серғалиев М. Шешендік өнердің шарттары // Астана ақшамы, 2001. – 9 ақпан.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 460 б.
3. Досмұхамедов Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991.–176 б.
4. Тураева З. Лингвистика текста. – Москва: Просвещение, 1986. – 126 с.
5. Уәлиев Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Фил. ғ.д ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы, 2007 .– 336 б.

МРНТИ: 17.82.10

ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ ЛЕКСИКА СТИХОТВОРЕНИЯ АБАЯ «ОСЕНЬ» В ПЕРЕВОДАХ НА РУССКИЙ ЯЗЫК

Мухтарбекова А., магистрант

Республика Казахстан, г. Семей,

Университет Шакарима, akbota.kalimova@mail.ru

Поэзия Абая на русском языке известна в переводах маститых переводчиков В. Рождественского, С. Липкина, М. Петровых и др.

Общая оценка качества этих переводов убеждает в том, что идейное содержание оригинала передается в основном правильно, образ мыслей и чувствований великого поэта воспроизводится очень близко [1: 64].

Сопоставительный анализ переводов Абая на русский язык позволяет выделить две основные тенденции. Первая связана с попытками в точности воспроизвести образы оригинала и этнографические и бытовые реалии. Такой подход приводит к калькированию подлинника и к упрощению художественной стороны его стихов, их прозаизации. Другой подход заключается в стремлении выразить общечеловеческое в его стихах, сохраняя не столько букву, сколько дух поэзии Абая, вступить с ним в творческий диалог.

Проиллюстрируем это на материале переводов стихотворений Абая «Осень», выполненных А. Гатовым и Е. Курдаковым.

Перевод А. Гатова очень близок по содержанию к оригиналу, переводчик старается почти дословно воспроизвести абаевские картины, сохраняет количество и последовательность строф, способ рифмовки (монорим).

Таков, например, перевод 1 строфы:

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,

Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Тучи серые, хмурые, дождь недалек.

Осень. Голую землю туман заволок.

То ль от сытости, то ль чтоб согреться, резвясь

Стригунка догоняет в степи стригунок.

Такое прилежное следование оригиналу приводит к тому, что он больше напоминает рифмованный подстрочник нежели поэтическое целое, исчезают лиризм и меланхолическое настроение Абая, ритм становится тяжеловесным.

В третьей строфе дается следующая этнографическая зарисовка:

Біреу малма сапсиды, салып иін,
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.
Енесіне іртіп шуда жібін,

Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

Кожу бычьё, овечьё в кадушках дубят.

Чинят шубы и стеганный старый халат

Молодухи латают дырявые юрты,

А старухи неделями нитки сучат.

Эта картина скорее напоминает сцены деревенской жизни («в кадушках кожу дубят», чинят шубы, латают, нитки сучат), а не аульного быта. В результате добротный (и добросовестный) перевод лишает стихотворение национального колорита.

В отличие от большинства переводчиков Е. Курдаков не стремится к обязательной казалась бы передаче национальных образов мира, заикливаясь на этнографических деталях, нарочитой стилизации под Восток или казахскую образность. Сравним вышеприведенные строфы с переводами Е. Курдакова:

1 строфа:

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Ползет ненастье. Зябко и уныло
Сырая зависает мгла с утра
Играют кони в поле, ржут кобылы,
И уж двухлеток взнуздывать пора.

3-я строфа:

Біреу малма сапсиды, салып иін,
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.
Енесіне иіртіп шуда жібін,
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

В работе и заботах день недолог:
ВыдělываюТ шкуры, кожи мнут
Плетут ремни, латают дряхлый полог
Просушивают скарб и шерсть прядут.

Как видим, «серые тучи», «влажный туман» здесь сменяются образом «ползет ненастье» и «сырая мгла». Е. Курдаков исключает образы «старух» и «молодух», тот образный ряд оригинала, без которого не обходится ни один перевод «Осени».

О своем переводческом кредо Е. Курдаков говорит так:

«Я попытался дать русский художественный адекват поэзии Абая. Я поставил себе предельную задачу – дать адекватное художественное прочтение стихов Абая» [2].

Заметим, переводчик стремится не к «адекватному переводу», а «адекватному прочтению». Поэтому он кое-что добавляет от себя, иногда допускает отступления от оригинала. Но эти вольности не искажают общего впечатления и смысла, а вступают с ним в гармоничное сочетание и становятся необходимым эмоционально-образным комментарием, домысливанием отдельных лирических ситуаций, без которого полноценное восприятие стихов Абая на русском языке существенно обедняется. Так, в 5 строфу он вводит образ лирического героя-автора, который в подлиннике отсутствует, но присутствует имплицитно.

Вздыхают старики и зябнут дети
И, коротая долгие часы,
Я по холмам брожу, где веет ветер,
Где бегают некормленные псы.

Такие вольности известны в практике перевода, и являются скорее достоинством, чем досадным отклонением от оригинала. Они свидетельствуют о том, насколько глубоко переводчик сумел проникнуться духом оригинала, и как бы развивают и разъясняют авторскую мысль.

В заключение отметим, что переводы Е. Курдакова стимулировали интерес к творчеству Абая.

«Он открыл мне мятущуюся душу Абая», - пишет журналист А. Кратенко [2]. «Абая я начал переводить в середине 80-х годов. Во многом это произошло под влиянием переводов Е. Курдакова», – говорит переводчик А. Кодар [2].

Подводя итоги сказанному отметим, что нельзя не согласиться со словами известного казахстанского переводчика, публициста и писателя Г. Бельгера:

«За десятилетия многие талантливые поэты, кто через подстрочник, кто напрямик, непосредственно с оригинала, пытались воспроизвести не только общий смысл, содержание, но и

форму, образный мир, дыхание, дух своего иноязычного собрата, философа, мыслителя, самобытного поэта-реформатора. И хотя критики и литературоведы, дотошные и придирчивые исследователи не без основания сетуют на то, что у нас, мол, до сих пор нет адекватного Абая на русском языке, все же думаю, не годится, слишком уж приbedняться. Конечно же есть удачные попытки в переложении Абая на русский язык» [3].

Литература

1. Г.М.Камбарбаева Стихи Абая в переводе на русский язык, // Филологический сборник, вып. 3. – Алма-Ата, 1964
2. А. Кратенко В направлении Абая // Экспресс К, №158, 21.98.03
3. Г.Бельгер Творчество Абая в немецких переводах // DAZ, 13.01.06

ҒТАХР: 17.07.21

М. ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кисамиева Д.К., педагог-модератор, бастауыш сынып мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Бесқарағай ауданы,
«Беген орта мектебі» КММ, Dinarix_1978@mail.ru

Ұлы жазушы, ғалым, қоғам қайраткері М.Әуезовтің көркем мұрасы біздің төл әдебиетіміздің ғана емес, бүкіл адамзат мәдениетінің де бағалы жетістігі екені тарихи шындық. Оның шығармашылық қарымы ауқымды да бай. Романшы, драматург, әдебиетші ғалым, аудармашы – бұл ұлы қаламгер дарынның толық емес тізімі. Оның Абай туралы жазған эпопеясы мен асқан шеберлікпен жазылған шағын әңгімелері, повестері ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің және әлем әдебиетінің алтын қорына мәңгілік енді.

Ол өз заманындағы рухани құбылыстардың көшбасында жүріп, өзінің кәсіби біліктілігін, дүниетанымын дамытқан дара дарын иесі. Әрбір тарихи кезеңде «жаңа мен ескінің күресі» болатыны белгілі, осы реттегі ой мен пікір қақтығыстарында М. Әуезовтің ғылыми ойлары мен әдеби еңбектері өте маңызды рөл атқарды. Тақыр жерде ештеңе болмайтынын жақсы білетін ғалым көнеден келе жатқан халықтың рухани құндылықтарынан қол үзбей жаңамен жаңғыртып жалғастыруды өзінің міндеті санады. Ұлттық мүдде ХХ ғасыр басында үстемдік алған соцреализм әдісіне көз жұмып берілуге мүмкіндік бермеді. Сол үшін талай саяси соққыға да жығылып, теперіш көрді. Алайда, Октябрь революциясы әкелген қоғамдық саяси өзгерістер әдебиетті де түбірімен өзгертті, соған орай кейіпкер, оқырман өзгерді, олар өздерінің ішкі тізгінін, эстетикалық еркіндіктегі табиғатын өзгертіп, идеологиялық, таптық өлшемдерге лайықтануға мәжбүр болды. Еркін ойлы дүниелерге тыйым салынып, Алаш зиялыларының, жалпы қазақ оқығандарының тәуелсіз ойлары тұсауланып, саяси репрессияға ұшырады. Олар «буржуазиялық, байшыл, ұлтшыл» деген жалған жаламен жиі-жиі жазаланып отырды. Енді еңбекші халықтың, кедей жұмысшылардың өмірін жазу, психикасын зерттеу, санасындағы өзгерістер мен құбылыстарды суреттеу, коммунистік қоғамды құрушыларды мадақтау, насихаттау, дәріптеу, олардың көзқарастарын қалыптастыру мәселелері алғы шепке шықты. Советтік соцреализм әдісіне сай келмейтін, ұстанымына бағынбайтын шығармашылық тұлғалардың тағдыры тым аянышты болды. Мұхтар Әуезовтің жеке өмірі ғана емес ғылыми жолы да ауыр әдебиетші болғандығы да белгілі.

Қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының көшбастаушысы болған М.О. Әуезов бүкіл ғылыми, әдеби, т.б жұмыстарын және өзінің өнегелі өмірін ұлт әдебиеті мен ғылымының қалыптасып, дамуына арнады. Ғұламаның ғибратты ғұмыры мен ғылыми еңбектерін зерттеу мемлекетіміздің маңызды мәселелердің бірі ретінде көтеріліп, әдебиетші ғалымдардың назарын аударуының себебі де осында. Өйткені, «Қай заманда туса да, асыл ой өлген емес, поэзия өлген емес. Сөзге өлім жоқ. Сөз арқылы туған ойға өлім жоқ» (Ғабит Мүсрепов). Ал, Мұхтар Әуезовтің әдеби, ғылыми, сын мұраларын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін адамның өзі емес, оның сөзі екендігі мәлім.

М. Әуезовтің ұлттық ғылымға, әдебиеттану ғылымына сіңірген осынау ұлан-ғайыр еңбектерін жан-жақты әрі тереңдей зерттеу мәселесі әлі әзірге дейін кенже қалып келе жатқаны да өтірік емес. Осы мәселеге орай, М. Әуезовтің ғұламалығы мен оның қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдеби сынның қалыптасуы мен дамуындағы ролі, ғылыми өмірбаянының зерттелуі заңды да. Бұл тақырып аясында бұрындары зерттелмеген ұлы суреткердің республикалық және одақтық аренадағы әр түрлі жиындарда сөйлеген сөздері, ондағы ғылыми құнды пікірлері, әлемдік рухани өмірдегі ғұлама білімдарлығы,

ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасып, дамуына қосқан қыруар еңбектері, жалпы ғылыми өмірбаяны арнайы мәселе ретінде қарастырылып, жүйеленіп, зерттелуі уақыт талабы.

Ұлы суреткер шығармашылығы қазақ халқының әлем мәдениетінде ғаламат рухани самғауының шарықтап биікке көтерілуінің айғағы болды. Оның жазушы ретінде қалыптасуы туған халқының бостандығы мен елінің тәуелсіздігі жолындағы күреспен тығыз байланысты болды. Бұл күресте ол жай ғана бақылаушы болмай, рухани ұстаздары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, қаламдас әріптестері Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсіреповтермен бірге өз Отанының жаңа сипаттағы рухани мәдениетінің негізін қалап, қарыштап дамуына өлшеусіз үлес қосты. «Абай», «Таң», «Шолпан» журналдарында жариялаған алғашқы әңгімелері мен зерттеу мақалаларынан, повестері мен драмалық шығармаларынан-ақ, өзін қалыптасқан қаламгерлік жазу өрнегі. Ол дүние жүзі оқырмандарын қазақ халқы өмірімен бірінші болып таныстырып, бірінші болып осындай халық бар екендігін әлемге мәшһүр етті. Дүниежүзілік классика қорына еніп, ұлы ақын, ойшыл Абайдың өлмес бейнесін талант қуатымен ашып берген «Абай жолы» тетрологиясы жазушы шығармашылығының ел таныған асқар шыңы болып табылады.

Халық өміріне терең бойлаған ұлы эпопея халқымыздың тұрмыс-салтын, тіршілігін, әртүрлі әдет-ғұрыптарымен суреттеу ерекшеліктерімен қазір де таң қалдырады. Жазушының бай мұрасының қай-қайсысында болмасын жомарт талант, нағыз шалқар шабыт қолтаңбасының іздері сайрап жатыр. Сол кездегі замана шындығы – социалистік құрылыстың республикадағы көркем шежіресінің алғашқы беттерін өзінің көзі тірісінде аяқтап үлгерген сан салалы, кең тынысты «Өскен өркен» романының бірінші кітабында жасап берді. Жазушы дүние салғаннан кейін жарық көрген бұл романда жаңа қоғамға жат көзбояушылық, тамыр-таныстық, бюрократизм сияқты келеңсіз жайлардың табиғи түп-тамыры көркем де дәл бейнеленіп, құнды нәрселердің бәрін, барлық ізгі және болашағы бар істерді жұмылдыратын тағылым көрініс тапты.

Мұхтар Әуезов – халқымыздың қайта өрлеу ауқымындағы ренессанстық тұлға. Ол өзінің энциклопедиялық құлашты білімімен, асқар талантымен рухани өмірдің көптеген салаларында жарқырап көрініп, бүкіл қазақ мәдениетіне ықпал жасады. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамы қойған талаптар оны сол кезеңдегі басқа да аса көрнекті қазақ зиялылары сияқты әрі жазушы, әрі ғалым, әрі қоғам қайраткері болуға еріксіз ұмтылдырды. Бұл қайта өрлеу дәуірінің міндеттері еді. Сол себепті де Мұхтар Әуезовтің сан қырлы таланты оның өнердің қазақтар үшін бұрын белгісіз болып келген түрлері мен жанрларын тұңғыш қалыптастырушылардың қатарынан көрінуіне айқын жол ашты. Әуезов – қазақ елінен шыққан тұңғыш кәсіби драматург, ұлттық театрдың тұңғыш режиссері әрі ұйымдастырушысы, тіпті тұңғыш кәсіби әдебиеттанушы да. Семей мұғалімдер семинариясында оқып жүріп оқушы-студент кезінің өзінде-ақ ұлы Абай туған өлкеде, атақты Ойқұдық жайлауында екі киіз үйді жалғастыра тігіп, оның «Еңлік-Кебек» атты тұңғыш пьесасы бойынша спектакль қойылды, ал кейін бұл пьеса ұлттық драматургияның інжу-маржанына айналды, жазушы есіміндегі қазіргі академиялық драма театры 1926 жылы өз шымылдығын осы спектакльмен ашты. М. Әуезов сонымен бірге тұңғыш әдеби киносценарийлер мен опера либреттоларының алғашқы авторы болды.

Мұхтар Әуезов дарынының кең ауқымында ұлы жазушы таланты мен ірі ғалым – ойшылдың таланты табиғи ұштасып жатыр. Оның жазушылық лабораториясында бір ғана көркемдік идея – ұлы Абай тағдыры асқақ міндет ретінде оның бүкіл өмірінде құлшынысына қанат берді де, өзінің өзекті тақырыбы да Абай болды, шығармашылық өмір жолының басталуында Абай тұрса, ғылыми қызметінде де Абай тұлғасы басты зерттеу объектісі болды. Бала кезінен Абай өлеңдерінен сусындап, ақын әлемінің құдіретті қуатын бойына сіңіріп өсті, барлық баянды өмірін тұтас дерлік ұлы ақын өмірбаяны мен әдеби мұрасын зерттеуге, насихаттауға, кеңестік қоғамдағы тоталитарлық жүйенің шабуылынан қорғауға арнады, қазақ әдебиеттану ғылымының жаңа саласы – Абайтану ғылымының негізін қалап дамытты, өзінің ұлы Абай туралы баға жетпес зерттеу еңбектерімен ғұлама ақын рухын көтерді, қайта тірілтті, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы екендігін толық дәлелдеп берді де, оны жеке дара тұлға ретінде емес, бүкіл түп тамырымен халық мәдениетінің қалың қойнауына бойлаған алып тұлға ретінде бейнелей, зерттей отырып, туған ұлтының сана-сезімін жаңа сатыға көтерді, сөйтіп қазақ әдебиетін дүниежүзілік аренаға көтеріп, әлемдік әдеби процеске қосты.

Ғылыми еңбектерінде Абайды ғана зерттеп қоймай, қазақ фольклоры мен әдебиетінің түрлі жанрларын, ақын-жыраулар шығармашылығын жан-жақты зерттеп өзімен үзеңгілес, әріптес қаламгерлер туралы сүбелі пікірлер қалдырды. Ол сонымен бірге туысқан халықтар тарихы мен мәдениетінің асқан білгірі болды, олардың әдебиеттерінің теориялық аспектілерін нақтылауға өлшеусіз үлес қосты.

Мұхтар Әуезов – өз бойында ренессанстық негізді жинақтаған, өз талантының сан қырлы байлығымен туған халқының рухани қуатын неғұрлым толық бейнелеген қайталанбас тұлға. Бұл тұста жазушы, ғалым, драматург, аудармашы, қоғам қайраткері, ойшыл Әуезовтің асқан зор күш-жігері біртұтас арнаға құйылып жатыр. Оның ұлылығы да осында.

Мұхтар Әуезовтің артында қалған бай әдеби-ғылыми мұрасы – әдебиетшінің, оның қаламгерлік қарымының ой-арманы мен мақсат-мұратының биік мүдделері туралы сыр шертуге үлкен темірқазық. Жазушы-ғалымның өлмес туындылары ұлы суреткердің жеке басының зиялылығының, асқақ азаматтығының, қаламгердің шығармашылық қызметте де, өмірде де шексіз адал болуының жарқын өнегесі болып қала береді.

Қай кезде де әдебиеттің тарихы мен әдебиеттану ғылымының барлық ғылыми жүйесімен жете таныс кәсіби дайындығы жоғары әрі шығарманың көркемдік құндылығын терең тани алатын көркемдік эстетикалық талғамы биік маман ғана өзінің асқан білгірлігі мен талғампаздығы, әділдігі, әдебиет алдындағы ар тазалығы, жауапкершілігі нәтижесінде сыншы болуға толық моралдық құқығы бар екендігін дәлелдей алмақ.

Кеңестік кезеңдегі жаңа өмірді бейнелеу тек орыс әдебиетіндегі пролетариат жазушылардың шығармаларының үлгісінде жазу деген жеңіл ойлы жазушыларды өткір сынмен шенеп жазуы, әділ пікірді көзге айтуы М. Әуезовтің әдебиетке деген адалдығын, шынайы жанашырлығын көрсетеді. Оның осы бағыттағы бағалы пікірлеріне шығармашылық, тұлғалық түсінікпен қараған Смағұл Сәдуақасұлы: «Мұхтардың, Жүсіпбектің де жазғандарына өмір тану, тұрмысты ұғыну ретінен қарағанда оларға рахмет айтпасақ, лағынет оқитын орнымыз жоқ» деп орынды атап көрсетеді.

Қорытындылай келе, М. Әуезовтің бұрындары қазақ руханияты үшін беймәлім болып келген, енді ғана ғылыми айналымға енген бір ғана жиында сөйлеген сөздеріне тоқтала отырып, ұлының ұланғайыр білімін байқатар сөздерінен, ғылыми теориялық тұжырымдарынан, өз кезеңіндегі әдеби үрдістен хабар берер мол ақпараттан мол мағлұмат алдық деп ойлаймыз. «Теңіздің дәмі тамшыдан танылады» дегендей дананың даналығын осы азғана сөздер де танытары сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – А.: Ғылым, 1989
2. Жақып Б. М.Әуезов публицист. – А.: Ғылым, 1997
3. Кәкішев І. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – А.: Ғылым, 1994.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. 8-том, – А.: Ғылым, 2004 ж-130-169 бет.
5. Мұхтар Әуезов тағылымы. Әдеби сын мақалалар мен зерттеулер. – А.: Жазушы, 1987.
6. Молдаханов Ә. М.Әуезов – фольклортанушы. – А.: Ғылым 1997.
7. Сыздықов К.М. Әуезов – әдебиет сыншысы. – А.: Ғылым 1973.
8. Сыздықов К. Мұхтартанудың беймәлім беттері. – А.: Қазақстан, 1997.
9. Ысқақұлы Д. Сынталқы. – А., 2005.

ҒТАХР: 17.01.79

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ МАХАМБЕТ

Жаксыбаева Б.М., қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Абай облысы,
Аягөз қаласы, bibigul.zhakysbaeva.71@inbox.ru

М. Әуезовтің фольклортанудағы, зар заман ағымын негіздеудегі, абайтанудағы іргелі зерттеулерінің қатпар-қатпарында қазақ көркем сөз өнерінің бар құнары, бар дәуірдегі барша даму өзгешелігі, төлтума сипаты танылып ашылады.

М. Әуезовтің әдебиет тарихында жасаған жеке шығармашылық тұлғалар тұрғысында жазылған зерттеулерінің, әдебиеттанудың ең өзекті мәселелерін назарға алып отырып қисындаған, көлемі аз-көптігіне қарамастан аса маңызды зерттеулерінің бір парасы Махамбет Өтемісұлының шығармашылығын байыптауға құрылған.

Мұхтар Әуезов – Махамбеттің қазақ әдебиеті тарихындағы орнын, Махамбет поэзиясының биігін теориялық жақтан алғаш толық негіздеген зерттеуші. Мұхтар Әуезовтің махамбеттанудың өрісін ұзартқан зерттеулері әуелде “Әдебиет тарихындағы” (1927), “Тарихи жырлар”, “Зар заман ақындары” тарауларында көрініс табады. М. Әуезов Махамбеттің әдебиет тарихындағы орнын “Бұхарадан соңғы

Зар заман ақындарының басы Махамбет” деп “Зар заман дәуірінің екінші, ішілдік кезеңі Махамбеттің тұсы”, т.б. көрсетті. М. Әуезов 1933 жылғы “Қазақ әдебиеті” оқулығында (7-кл. арналған. Ә. Қоңыратбаев, М. Жолдасбековпен бірігіп жазылған). Махамбет Өтемісұлының өмірбаян, шығармашылық мұрасынан біршама мәліметтер келтіре отырып, Махамбет поэзиясының көркемдік сипатын алғаш рет теориялық негізде кең қамтып көрсетеді. “Махамбет бұрынғы, соңғы қазақ ақындарының ішіндегі ең бір күштісі деп саналуға тиіс. Бұның сөзі деген сөздің кесектік ірілігінен басқа молдығы да жеткілікті екен” [1].

Осында Махамбеттің ақындық жөнін М. Әуезов ұлы поэзияның бар асылын ғажайып сезімталдықпен, сұңғыла таныммен сұқтана, суырыла баяндайды. “Осымен Махамбет жырлары өз заманындағы ең қанды, ең әсерлі сөз боп, көпшіліктің өз үні, өз тілі, өз арман-талабы сияқтанып та жүрген”.

“Бүкіл ХІХ ғасыр әдебиетінде қимыл мен күрес жырын Махамбеттей қып жырлаған ерекше ақын болған емес. Алды да, арты да бір өзі сияқты”. М. Әуезов Махамбеттің күрес жырын шығарылу себебіне қарай үш кезеңге бөліп қарастырды. “Бұл ретте алдын ала айтып өтетін нәрсе: тақырыбы біреу ғана болғанымен, ақын сол тақырыбын әр кезде әртүрлі баян етеді. Сонда бір кезінен, екінші кезінің айырмасы: әр уақыттағы істің халіне орай. Содан туған ақын халінің айырмашылықтарына орай кеп отырады.

Мысалы, алғашқы кезде бұлар соғысып жүреді. Ол кездегі көңіл екпіні, сөз тасқыны да бір алуан, өзгеше. Одан кейін жеңіледі. Бұдан туатын көңіл-күй екінші түрде. Ең аяғында қашқын-пысқын болып, жүдеп-жадап жүріп хан-төреге жай-күйін айтып, жәрдем дәмететін халге келеді. Ондағы күй-қалып тағы бір басқа. Міне, Махамбет шығармаларының осындай үш кезең, үш дәуірі бар. Тексеруді де осы ізбен беттету керек” [1].

М. Әуезов Махамбеттің өлең үлгісіндегі өзгешелікті анық көрсетіп айту арқылы Махамбет поэзиясының теориялық негізделу мәселеріне қарай бұрылыс жасады. Кейінде әдебиеттану ғылымында, өлең сөздің теориясында құрылым жөнінен үнемі назарда болған Махамбеттің “Ереуіл атқа ер салмай” өлеңінің өзгешелігін көрсеткен М. Әуезов пікірі ХХ ғасыр басында айтылған. Қазақтың өлең өзгешелігін танудағы тың түйін. Өлең құрылымындағы дәстүрлі желілерді қарастыра отырып, М. Әуезов нақтылы теориялық негіздеме жасайды.

“Ереуіл атқа ер салмай” Махамбеттің барлық өлеңдері сияқты ауызша айтылған, тыңдаушыға қолма-қол суырылып беріліп отырған өлең. Сол ретіне қарай, сапылдатып бір-ақ желдіртіп өткен бір шумақ өлең. Мағына жағынан ұзақ бір сөйлем есепті. Қатар жарысқан неше алуан ойдың байлауы “ерлердің ісі бітер ме?” деген аяққы жол. Ауызша айтылған желдірме болғандықтан ұйқасы кейде келіп, кейде келмейді.

М. Әуезов Махамбеттің осы өлеңіне түсініктеме беруінде қазақ жырының оның ішінде ауызша жырдың арғы-бергідегі өзіндік сипаттарын саралайды. Қазақ әдебиетінің теориялық тарихын жасауда М. Әуезовтің осы теориялық негіздемелері кейінгі қазақ өлең құрылысын зерттеушілер аса назар аударып зерттеген қисындарға айналды.

Махамбет өлеңдеріне тоқталғанда М. Әуезов ауызша жырдың бірнеше ерекшелігін атап-атап айтты.

Ол бір жерінде қат-қабаттап кетіп, өзге бір жерінде шанжау-шанжау түсіп, тырағайлап отыратын ұйқас; сөз қыздырмаға айналған сайын аяқтағы ұйқас айнығыш; қазақтың ертеректегі ауызша жырында екпін-тасқын аяқтағы ұйқастан шықпайды; сөз-сөздің басында келетін дыбыстар күйімен, үндесетін орайынан шығады.

Махамбет өлеңінде жатқан ілгерідегі ауызша жырдың, Бұхар үлгісінің өрнегін аша отырып, М. Әуезов Махамбет сөзіндегі қазақ жырының ендігі өзгелешік, ендігі алымын да тап басып табады, танытады.

М. Әуезов Махамбеттің “Арғымақтан туған қазанат”, “Баймағамбетке айтқаны” өлеңдеріндегі ақын халін анық жеткізеді. Оның жеңілмейтін рухын өлеңінен таниды, танытады. “Жеңілдім деп бас ұру жоқ, кішіреймек емес” дейді. Сыртқы халі ғана жеңілушінің халі, осы бірнеше өлең төңірегінде М. Әуезов Махамбеттің ақындық рухын ақындық алымын, өлең жасаудағы әдіс-тәсіл, шеберлік сырларын тұтас таниды, тұтас көреді. Тұтас түйінмен тұжырымдайды.

Қазақтың жыр семсері Махамбетті ХІХ ғасыр әдебиетінің ғана шеңберінде қарастыру, жалпы біздің әдеби мұрамыздың құлақтап, құрсаулауға көнбейтін дәстүрлі, сабақтас, желілі құбылыс екендігі сияқты – мүмкін емес нәрсе.

Абаймен иықтас асылымыздың бірі – Махамбет поэзиясы күні-бүгін әр қырынан зерттеліп-зерделенді.

Қазақ өмірінің аласапыран заманалар тоғысында туған ұлы поэзияның әлі де ішке бүккен сыры көп. Сол сырлар, әсіресе, XX ғасыр басында “барымызды түгендеп, жоғымызды табамыз” деген тарихи миссияның кесек тұлғаларының зерттеу, зерделеулерінде жатқаны даусыз. Сол тұста қазақ тарихының, қазақ тағдырының ақиқат беттері жазыла бастаған...

“Бұхар жыраудан соң XIX ғасырдағы зар заман ақындарының басы – Махамбет. Одан кейінгілері Шортанбай, Мұрат, Алтынсарыұлы, бұлардан соңғы бір буыны Абаймен тұстас ақындар”. Абылай тұсынан кейін зар заман ақындарының саны көбейіп, сарыны күшейген тұс Кенесары, Исатай дәуірі деп, М. Әуезов Махамбет шығармаларын саяси мән жағынан талдайды. Әсіресе көтеріліс алдында туған жырларға баса көңіл аударған. Ығылман ақынның “Исатай-Махамбет” жырына тоқталып ұғындырған тұста да Махамбет тұлғасы әр қырынан барланды.

Кейінде махамбеттануда жалғасын тапқан, бүгінде де қарастыра түсуге зәру бір мәнді мәселенің – Махамбет поэзиясының дәстүрлі жыраулық өнермен туыстығы дейтін жайдың Х. Досмұхамедұлы жасаған жалпы тұжырымнан соң алғаш М. Әуезов зерттеуінде ғылыми негізі бекіді.

М. Әуезов Махамбет ақындығын дәстүр жалғастығы аясында танып, талдады. Бұхар жырау толғауларымен байланыста қарастыра, салыстыра отырып мынадай түйін жасайды:

Махамбет өзінен өзі шыққан жоқ, әдебиетте де, тарихта да атағы бар Бұқар – салт-сана жүзіндегі төркіні. Оның өлең түрінде Бұқармен жақындық бар. М. Әуезов ауызша жырдың ерекшелігі табыстырып жатқан туыстық-тұтастықты көлденең тартады. Мұның өзі тек Бұқар емес, жалпы жыраулар поэзиясының үздік үлгісімен Махамбет жырының тұтастығы, туыстығын өзіндік нұрын айқындау еді.

Ал әдебиет тарихының негізін қалаған Әуезовтің осы мәселеге байланысты қисындары сол “қатып” қалған таным-түсініктің сеңін бұзар қуатты, шыншыл сөз...

Мұхтар Әуезовтің сан-сала зерттеу еңбектері қазіргі кезеңде де өзектілігі айқындала түсіп отырған қордалы мәселелерінің қарасы қалың ұлттық әдебиеттану ғылымының құндылығы ортаймайтын асыл мұрасы.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Махамбет Өтемісұлы // Шығ. жинағы: 20 т. – Алматы, 1984. –15-т. – 328б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991. – 240 б.

ҒТАХР: 17.04.71

МҰХТАР ӘУЕЗОВ – ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІ

Калиева А.Е., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Абай облысы,
Аягөз қаласы, aitova_85@mail.ru

Мұхтар Омарханұлы Әуезов – қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаушылардың бірі. Әдебиетші ғалымның фольклор, әдебиет тарихы, әдебиеттер байланысы, абайтану мәселелері бойынша жазған еңбектері аса жоғары бағаланып отырғаны тарихтан мәлім.

Ғалымның әдебиет тарихы, оның басталуы мен дамуы жайлы айтқан пікірлері мен ойлары өте маңызды. Қазақ халқының тарихына шолу жасап, оған баға беруде, әдеби шығармаларды тарихпен байланыстыра қарауда М. Әуезов тұжырымдары алғашқы ғылыми ойлардың басы деп те айтуға әбден болады. Жазба әдебиет тарихын ғалым күміс көмей жырау Бұқар жырау дәуірінен бастайды.

Абылай заманынан басталатын әдебиетті Мұхтар Әуезов «Зар заман әдебиеті» деп атайды. Оның пікірінше, зар заман ақындарын сол дәуірдің тарихи жағдайлары туғызған. Зар заман ақындарының шығуын М. Әуезов XIX ғасырдың орта кезінен бергі кезеңге жатқызады. Әдебиет зерттеушісі Абылай дәуіріндегі зар заман ақынын екі топқа бөледі: бірі – келер күннің жұмбағын шешіп беріп, елге өсиет айтатын қария, екіншісі – толғау айтқан жырау. Екеуінің де көпке айтар сөздері өлең күйінде айтылып, толғау болып келеді. Олар – елдің ақылшы кемеңгері, заман сыншысы. Сол заманның қауымына жырау мен қарияның сөзі өтімді болған.

Зар заман әдебиетіне М. Әуезов XIX ғасырда болған ақындардың бәрін де қосады. Махамбетті оның басы санап, аяғын Ы.Алтынсаринге тірейді. Аралықта нағыз зар заман әдебиеті ақындары ретінде мойындалған Шортанбай, Мұрат, екі ғасыр шекарасында өмір кешкен Нарманбет шығармаларына талдау жасайды. Айтыс ақындарынан осы топқа Шернияз, Досқожа, Күдеріқожа, тарихи жыр айтушылардан Нысанбай мен Ығылманды қосып қарастырады. Махамбеттің көтеріліс жалауын

көтеріп, тар заманда елді күреске үгіттеген өлеңдерін талдау тұсында ғалым онда алдан күткен үміт, тілек барын, соған жетем деген екпін, жалын барын атайды.

Мұхтар Әуезовтің Шортанбай, Мұрат, Нарманбет шығармашылығына берген бағасы – қазақ әдебиеттану ғылымындағы бұл ақындар жайлы алғашқы пікір. Олардың өлеңдерін Мұхтар Әуезов заман шындығымен салыстыра отырып байсалды талдаған. Шортанбай, Мұрат өлеңдеріндегі заманның бұзылу суреттерімен заман адамының кейпі, Мұрат көбірек жырлаған қазақтың жерінің алынуы, қоныс пен өрістің тарылу идеяларының көрінісі сөз болады. Ақындардың шындықты айта білу ерекшеліктеріне көңіл бөлінеді. Нарманбетті автор зар заманның ақырғы ақыны санайды. «Ол бұрынғы зарлы мұнның бәріне ақырғы күмбезді тұрғызып, әдебиеттің бір ғасырлық дәуірін осы жоқтаумен тындырады» дейді.

М. Әуезовтің зар заман ақындары туралы бұл зерттеу еңбегі ұлттық әдебиеттің даму жолы туралы алғашқы сұрлеу болғандықтан, ол кітапта әдебиет тарихына қатысты көптеген деректер, жеке ақындар еңбектері өзінің толық бағасын ала қойған жоқ. Оның негізгі себебі сол кезеңдегі аталған ақындардың шығармаларының түгелдей жиналып басылмауы басты себеп болған. Жалпы түйіндеп келгенде Мұхтар Әуезовтің «Әдебиет тарихы» кітабы қазақ әдебиеті тарихын жүйелеуде, оның тарихи сұрлеуін салуда аса маңызды, тұңғыш еңбек болып табылады. Автордың позициясында ел тағдыры, ұлт мүддесі жайында ойлану жағы басым келеді.

Мұхтар Әуезов сол кездің өзінде әдебиет тарихы «Қазақ мектебінде ана тілінің іргесін нығайтып толық білім беру үшін» қажет екенін жете түсінген. «Әдебиет мектеп ішіндегі ақыл, сезім тәрбиелеп, қалыптап жетілуден басқа оқушыға қазақ деген елдің өткендегісі мен бүгіндегі пішінін танытуға керек» дейді ғалым.

Әдебиетші ғалым Әуезовтің осы саладағы еңбектерін сөз еткенде ең алдымен тоқталып өтетін үлкен бір сала, жемісі мол арна бар, ол - абайтану саласы. Осы ретте академик Зәки Ахметовтің «Абай және Әуезов» деген еңбегіне аз кем тоқталып өтсек. «Абай және Әуезов» деген тақырыпты сөз еткенде Мұхтар Әуезовтің Абайдың өмірі мен өнерпаздық жолын танып-білуге қосқан үлесі көбірек айтылады. Мұның өзі екі үлкен сала. Бірі – Әуезовтің Абайтануға, яғни Абайдың өмірі мен творчествосын, оларға қатысты мәселелерді баяндайтын ғылыми еңбектерін, зерттеулері мен мақалаларын талдап бағалау. Екіншісі – Әуезовтің көркем шығармаларында Абай бейнесін суреттеуі...». Әрине, бұл екі сала бір-бірімен тығыз байланысты екені түсінікті, алайда мұның бәрін кеңінен қозғап талдап шығуға біздің мүмкіндігіміз жоқ және алдымызға мақсат етіп қоймаймыз да. Біздің мақсат ұлы Әуезовтің Абайтану ғылымына қосқан үлесі, алар орны жайында ғана болмақ.

«Әр жылдар ойлары» деген атпен шыққан зерттеу еңбегінде Әуезовтің ұзақ жылдар бойы ізденіс үстінде жасаған зерттеулері жарияланған. деген атпен басылым көрген монографиялық еңбегінде жарияланды. Еңбектегі назар аударарлық ерекшелік – Абайдың әдеби мұрасының тұтас қамтылып, ақындық мәдениеті мен көркемдік шеберлігінің даму жолдары, дүниетанымы мен рухани өсуінің эволюциясын хронологиялық желіге сүйене отырып әрі ақын творчествосындағы өзгерістер мен бетбұрыстардың себебін сол дәуірдің тарихи шындығымен сабақтастыра қарап, сырын ашып саралауында жатыр.

Елуінші жылдар ішіндегі зерттеулерінде М. Әуезов Абай мұрасы жайында кейбір талас тудырған күрделі мәселелерге көңіл аудара бастады. Әсіресе, Абайдың әдеби мектебі, немесе Абайдың ақын шәкірттері туралы қолдан қоздырылған, бірақ ғылыми ойдан тыс, саяси-идеологиялық мақсат көздеген теріс бағыттағы ой-танымдарымен пікір таластырып, өз көзқарасын қорғау жолында күреске түсті. Ұтыстар да, ұтылыстар да болып жатты. Бұл саладағы күресте ақыры шындық жеңді.

Түйіндеп келгенде Абайтанудың негізін салған әрі ол мұраны ғылыми тұрғыдан меңгеру жолында тарихи еңбек атқарған М. Әуезов артына ұлан-ғайыр көркем туындыларын, әсіресе, атақты «Абай жолы» эпопеясы мен ұзақ жылдарғы ізденуден туған ғылыми-зерттеу еңбектерін қалдырды.

М. Әуезовтің әдебиеттану саласындағы еңбектері де сан алуан. Соның бір шоғыры ауыз әдебиеті мұраларына қатысты жазған ғылыми-зерттеу еңбектері. Ең алдымен фольклор ғылымының қыр-сырына жетік М. Әуезов қазақ халқының аса бай ауыз әдебиеті мұраларын ыждағаттылықпен жинап, баспасөз беттерінде жариялап, ғылыми тұрғыдан зерттеу саласында өлшеусіз еңбек етті. Осындай тұрғыдағы ұдайы ізденістер, ғұмыр бойғы жоғары оқу орындарының филология факультеттеріндегі ұзтаздық қызметтер, сабақ жүргізулер ғалымға ауыз әдебиетінің көптеген жанрлары туралы іргелі ғылыми жұмыстар жазуына, жүргізуіне мол мүмкіндер беріп отырды. Ауыз әдебиетін зерттеуді М.Әуезов шығармашылық өмірінің барлық кезеңінде жазушылық жұмысымен қатар алып жүрді десе де болғандай. Ғалымның 20-30 жылдардағы көптеген зерттеу мақалалары газет, журнал беттерінде үнемі жарияланып отырды. 1939 жылы Л.Соболевпен бірлесе отырып жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» деген көлемді еңбегі – ғалымның есімін Одақ көлеміне

кеңінен мәшһүр етті. Бұл аталған еңбекте қазақ фольклорының барша жанрына ғылыми тұрғыдан сипаттама берілді.

М. Әуезовтің аса бағалы еңбектерінің бірі – қырғыз халқының атақты эпосы «Манас» жөніндегі монографиясы. Ғалым «Манас» жайындағы зерттеулерін де үздіксіз жүргізді, өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары бастау алған ізденіс нәтижесінде ол елімізге ең танымал манастанушылардың қатарынан берік орын алды. Манастанушы маман жырдың шығу тегі, тақырыптары, көркемдік ерекшеліктері және жырды орындаушылар жайында терең де тиянақты ойлар айтты, яғни манастану ғылымын жаңа сатыға көтерді. Әйгілі жырдың халыққа танымал нұсқаларын талдап, танып, олардың тарихи-мәдени, көркемдік мәнін түсіндіруде М.Әуезов жасаған тұжырымдар манастану ғылымындағы шешуші роль атқарғаны тарихи шындық, болған ақиқат.

Әдебиетші ғалым қазақ халқының ғажайып ертегілерінің жанрлық сипатын кең түрде сипаттап, оның ішкі түрлерін (қиял-ғажайып, хайуанаттар туралы, тұрмыс-салт ертегілері) жүйелеп талдады. Ол ертегінің қаншама ғасырлар бойғы ауызша айту дәстүрінің қазіргі таңдағы жазба прозаға да тигізетін әсері, игілікті ықпалы жайында бағалы пікірлер айтты: «Табиғатты баурап, танып алғанша адам қиял мен танып, меңгеріп, оған өз ықпалын жүргізуді арман еткен. Ол ертегі, аңыз, әңгіме түрінде туып таралған... Ертегілерде қоғамдық тартыс та, күштілердің көпшілікке көрсеткен қиянаты, зорлық зомбылығы және халықтың арман, әділет туралы ұғым нанымы түгел жинақталған»

Заманының заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің артында қалған бай әдеби-ғылыми мұрасы – қазақ әдебиетін тануға, зерттеуге үлкен темірқазық. Әдебиетші-ғалымның ғылыми еңбектері қазақ әдебиеттануының жарқын жолы болып қала береді.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – А., 1989 ж.
2. Әуезов М.О. творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткіш. 1 том. – А., 1972.
3. Әуезов М. Абайды білмек парыз, ойлы жасқа. А., 1997 ж.
3. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дереккөздері. А., 1997 ж.
4. Мұхтар Әуезов тағлымы. А., 1987 ж.
5. Молдаханов Ә. М.Әуезов фольклорист. А., 1997 ж.
6. Көлбаев М. Қазақ фольклортану ғылымындағы "Манас" жырының зерттелу тарихы. // Канд.дисс. авторефераты. Түркістан, 2007 ж.
7. Сыздықов К. Мұхтартанудың беймәлім беттері. А., 1997 ж.

ҒТАХР: 16.01.91

М. ӘУЕЗОВТІҢ ШӘКІРТІ – ҚАЙЫМ МҰХАМЕТХАНОВ

Уасилова А.Б., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы,

Теміртау қаласы, «№ 31 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Қазақ халқына Ұлы Абайдай дарынды сыйлаған табиғат, сол мұраны көзінің қарашығындай сақтау үшін Қайым атамыздай нағыз ұлтжанды, абайтану мектебінің негізін салушыны да сыйлады. Сондай ұлт ардақтыларының бірі – Қайым Мұхаметханов.

Қ. Мұхаметханов 1916 жылы 5 қаңтарда қазіргі Жаңасемей, бұрынғы «Заречная слабодка» деген жерде дүниеге келген. Кейін бұл жер Алашорданың астанасы болған. Әкесі Мұхамедхан Сейітқұлұлының шаңырағында Алаш көсемдері М. Дулатов, А. Байтұрсынов, С. Торайғыров қонақта болып, шаңырағы Алаш көсемдерінің басын қосып, кеңес құратын ордалары болғаны белгілі. Онда анымал әнші-ақындар өз өнерлерін көрсетіп, бір-бірімен араласып-құраласатын үй болған. Қайым Мұхаметхановтың өмір жолының осылай ұлтжандылық бағытта қалыптасуына осындай мағыналы басқосулардың себебі тигені сөзсіз.

1924-1928 жылдары Жаңасемей қаласындағы бастауыш қазақ мектебінде оқиды. 1929-1932 жылдарда Семей қаласы колхоз жастары мектебінде білімін жалғастырады. 1936-37 жылдары мұғалімдер даярлайтын курста оқиды. Ал 1938-1941 жылдары Семей педагогикалық институтында оқиды. Ғалымның еңбек жолы осы оқу орнымен тығыз байланысты.

Қайым Мұхамедханов – ғалым, абайтануды ғылыми негіздеуші, шәкәрімтанудың негізін қалаушы, текстолог, Семейде Абай мұражайын ұйымдастырушы, әдеби аудармашы, қоғам қайраткері, жүзден астам ғылыми еңбектің авторы.

«Егер Абай ақындар арасында алғашқы болса, Қайым Мұхамедханов абайтанушылар арасында алғашқы ғалым», - деп Алла Белякина айтқандай, Қ. Мұхамедхановты жай ғана абайтанушы дегеннен гөрі, абайтану ілімінің іргесін қалаған ғұламалардың бірі деген орны. Қайым Мұхамедханұлы М.О. Әуезовтің қолдауымен 1939 жылдан бастап бүкіл ғұмырын Абай мұрасын, Абай мектебін, Абай шығармаларының текстологиясын зерттеуге арнаған ғалым. Ғалымның «Қазақ әдебиеті тарихындағы абайтану мәселесі», «Абайдың әдеби мектебі», Ақылбай Аабайұлының «Дағыстан», «Зұлыс», «Медғат-Қасым», «Еңлік-Кебек», Әубәкір мен Әріптің шығармашылығына арналған еңбектері, Абай шығармаларының текстологиясы, Абай шығармаларына ғылыми түсініктер, Абайдың жаңадан табылған өлеңдері дәлел.

1951 жылы Қ. Мұхамедханов «Абайдың ақын шәкірттері» атты кандидаттық диссертация қорғады. Жетекшісі М. Әуезов болды, бірақ бұл еңбек кесерлі саясаттың құрбаны болды, баспадан шықпай жатып жойылды. 1951 жылы тұтқынға алынып, 1955 жылы босап шығады. 1958 жылы екінші рет «Абай төңірегіндегі ақындар» деген диссертациясын қорғайды. 1959 жылы басылып шыққан «Абай шығармаларының текстологиясы» еңбегі күні бүгінге дейін абайтанудағы сирек кездесетін еңбектердің қатарында саналады.

Қ. Мұхамедхановтың Абай жаайлы зерттеулері мен еңбектер жинағы:

1. «Абайдың бір өлеңі», «Қазақ әдебиеті» - 1986 жыл, 17 қаңтар, 10-бет.
2. «Абайдың аманатын ақтадық па?», «Ертіс өңірі» - 2003 жыл, 10 қаңтар, 28-бет.
3. «Абайды тұңғыш баспасөзде танытқан !лихан Бөкейханов», «Түркістан».

Қ. Мұхаметхановты біз ең алғашқы Абай мұражайын ұйымдастырушы ретінде танимыз. М. Әуезовтің мұрындық болуымен, ерекше көңіл бөлуімен ашылған Семейдегі мұражайдың ашылуына Әрхам Ысқақұлы мен Қ. Мұхаметхановтың еңбегі зор болды. Облыстық мұражайда сақталған Абай мұражайының 1940 жылдардағы жоспары мен есебінің басым көпшілігінде мұражайдың аға қызметкері Қ. Мұхаметханов есімі көрсетілген. Ол құжаттар қазір мұражай архивінде сақталған.

Мұражайдағы Ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты құнды заттар, қолжазбалар мен құжаттар жинастырудың маңызды бөлігі Қ. Мұхаметханов еңбегі еді. Осы әдеби құрықтың мұражайға айналуына да ол кісінің қажырлылығы мен табандылығы септігін тигізді [1].

Мұражай тарихында алғашқы ғылыми еңбектің ізін сала отырып, баспасөз беттерінде мақалаларын да жариялай бастады.

М. Әуезов жас Қайымды Абай туралы роман-эпопея жазу барысында түрлі тапсырма орындайтын ғылыми тілші етіп алады. 1930 жылдардың аяғында Абай мұрасы, оның шәкірттері мен ізбасарларына жойылып кету қаупі туды. Абай сөзі бұрмаланды, шығармалары ғылыми тұрғыда зерттелмеді. Қолжазбалары мен жеке заттары жоғалды, өмірінің куәгері болған қариялар азайды.

М. Әуезов қазақ мәдениетінің елеулі бөлігін сақтауға бағытталған бірқатар тапсырманы өзінің шәкірті Қайымға сеніп тапсырды:

Абайдың тұңғыш мұражайын ашуға негіздеме қалау;

Абай шәкірттері мен ізбасарларының мектебін құру және сақтау; ойшыл-ақынның құнды сөзін текстологиялық талдау әдісімен сақтап қалу. Қайым жүк көлігімен шалғай ауылдарға айлап сапар шекті. Абайды көзі көрген қариялармен, өмірі мен шығармашылығынан хабардар адамдармен әңгімелесіп, тұрмыстық заттардың, киімдер мен кітаптардың, Абай қолжазбаларының шынайылығын нақтылады. Қайым Мұхамедханов 1940 жылы Қазақстанда, Семей қаласында тұңғыш Мемлекеттік әдеби-мемориалды Абай мұражайын ұйымдастыруға өлшеусіз еңбек сіңірді. Қ. Мұхамедханов мемлекеттік Абай мұражайын алғашқы ұйымдастырушы және ғылыми қызметкердің бірі ретінде қазақ әдебиетінің классигі Абайдың өмірі мен шығармашылығына тікелей қатысы бар ерекше құнды қолжазбаларды, мұрағаттық, фольклорлық материалдарды жинақтады. Қайым ғылыми зерттеулердің бағыт-бағдарына жол ашып, кітапхана мен қолжазба қорын елеулі толықтырды; сол кезде стендтерден Абайдың ата-аналарының, қоршаған ортасының, шәкірттері мен ізбасарларының портретін, сирек шығыс кітаптары және қолжазбаларды көруге болатын. Абайдың 100 жылдығын әзірлеу жөніндегі мерейтойлық үкімет комитетінің Ғылыми хатшысы жұмысын атқара отырып, Қ. Мұхамедханов сол кездегі биліктен қолдау болмаса да, ақын мерейтойын лайықты өткізді. Абайдың Жидебайдағы қыстауын қайта қалпына келтіру, ақын және туған-туысқандарының зиратын жақсарту қажет болды. Абай бейнесін мүсін және бейнелеу өнерінде мәңгілік есте қалдыру жұмыстарын ұйымдастыру; заводтарға хат жазып, материалдар іздеу; Абайға және оның айналасына қатысты жерлерде мемориалдық тақта орнату туралы іздену қажеттілігі туындады, - қазір бәрін тізбелеу мүмкін емес. Қайым соның бәрімен айналысты. Сол жылдардағы хаттар мен мұрағат құжаттары – соның айғағы. Қ. Мұхамедханов Абай мектебі ақындарының есімдерін қалпына келтірді, олардың өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер жинап, толық өмірбаяндарын жазды. Бәрінен бұрын, ол Абай шәкірттері мен ізбасарларының шығармаларын қалпына келтіру бойынша ірі іздестіру-зерттеу

жұмысын жүргізіп, ғылыми түсініктер беріп, баспаға әзірледі. Абай шәкірттері мен ізбасарлары мектебі – ғылымдағы жаңа бағыт, оны, нақты айтқанда, мәдениеттің бір кезеңін анықтап және сақтап қалған Қайым Қ. Мұхамедханов 1940 жылы тапқан Абай шәкірттерінің еңбегі ғылыми айналымға енгізілген. Қазір Абай шәкірттерінің шығармалары көпке белгілі, бұл еңбектер мектептер мен оқу орындары бағдарламасына енген. Қайым Абай шәкірттерінің шығармаларына әсерін тигізген орыс, батыс және шығыс әдебиеті және мәдениетімен байланыс орната білді. Мысалы, Пушкиннің «Бақшасарай фонтаны» және «Кавказ тұтқыны», Лермонтовтың «Мцыри» және «Демон» поэмалары Ақылбай мен Мағауияның «Дағыстан» және «Медғат Қасым» шығармаларын жазуға; Хаггардтың «Копи царя Соломона» романы Ақылбайдың «Зұлыс» және т.б. шығармаларына әсер етті. Кейіннен, ғалымның әрекет етуімен осы шығармалар мектеп және оқу орындары бағдарламасына енгізілді. Қайым 1940 жылдардан бастап және өмірінің соңына дейін Абай шығармаларының текстологиясымен айналысты. Ол Абайдың барлық өлеңдері мен поэмаларына түсініктеме жазды, сонымен ойшыл-ақынның ерекше сөздерінің тазалығын сақтады. Сонымен бірге, ол Абайдың 31 өлеңін нақтылап, ақынға тиесілігін анықтады, өйткені олар бұрын жоғалған немесе жансақ аударылған деп саналып келген еді. Қолжазбалар мен мұрағат материалдарын анықтап, сақтап және зерттей келе Қ. Мұхамедханов Абай, Шәкәрім, Әуезов, Алаш зиялыларының шығармашылығын зерттеудің тұтастай ғылыми бағытына жол салды.

Өзі айтқандай, «Сол дәуірдің кейбір құжаттары – жарты ғасырдан кейін де біреулерге ұнамасы белгілі. Өткен күннің қорқынышы мен пендешілік көңілді бүркемелейді. Бұл ретте онсыз да жала жабылған әкелер ұрпағы өкпелеп қалмай ма? Не істеу керек?.. Жалған жағдаяттар мен этикалық түсініктер салдарынан тарихты жабу, түзету, қайта жазу үлкен күнә. Егер біз халықтың рухани прогресімен санасқымыз келсе, шындықтың бетін ашып, білуіміз керек». Қ. Мұхамедхановтың барлық өмірлік мұратын анық көрсететін осы сөзі қмірлік ұстанымына айналды деуге болады.

Көзі тірісінде де Қ. Мұхамедханов адамзат алғысына бөленіп үлгерді деуге болады, десе де Герольд Белгердің мына бағасы ұлтжанды ғалымның бағасын асыра түседі: «Ғалымның есімі-келешек ұрпағына арнаған сөздері, Абай арқылы, «жылы жүрек және ыстық қайратпен» мәңгілік есте қалуы тиіс. Қазақ интеллигенциясының шынайы өкілі Қайым Мұхамедхановтың соңына қалдырған мұрасы – өміршендік, шынайы ақиқат, ерік-жігер, бекзаттық, рухани тазалық, биікке ұмтылу қасиеттері» .

Әдебиеттер

1. Смағұлова А. Мұхамедханов және Абай мұражайы// Семей таңы. 2009. 18 маусым.
2. Мұхамедхан Д. «Қ.Мұхамедханов кім еді?» Абай-Ақпарат порталы. 2016. 6 қаңтар
3. Мұхамедханов Қ. Ұлы жазушы, көрнекті қоғам қайраткері. «Семей таңы» газеті.1987ж.

ҒТАХР: 17.82.09

ӘУЕЗОВ ҚАЗАҚ ӨНЕРІ ТУРАСЫНДА

Қайранбекова Г.К., бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Семей қ., «№ 38 жалпы орта
білім беретін мектеп-лицейі» КММ, gulnara_-1984@mail.ru

Қазақ халқының ұлы перзенті, заңғар жазушы, ұлағатты ұстаз, қоғам қайраткері, фольклерист, әдебиет және өнер сыншысы, қазақ драматургиясы мен театр негізін қалаушысы, көреген саясаткер, қазақ халқының бостандығы үшін күрескен «Алаштың» ақиқат азаматы, қазақтан шыққан тұңғыш ғалым- академиктердің бірі, әлем әдебиетінің білгір аудармашысы, Абайтану ғылымының негізін салушы – Мұхтар Әуезовтің қазақ әдебиеті мен өнерінде алатын орнын бір мақалаға сыйғазу мүмкін емес. Мұхтар Әуезовтің қалам тербемеген әдебиетте, мәдениетте, өнерде бірде – бір саласы жоқ шығар?

Бар жоғы 25 жастағы Мұхтар 1922-ші жылы жазған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласында қазақ әдебиетінің өткен тарихы мен сол өзі өмір сүрген кезеңдегі даму жолына баға бере отырып былай деп жазады:

«Олай болса, жазылатын пьесаларда, романдарда, әңгімелерде, поэмаларда қазақтың негізгі мінездерін айқын көрсететін типтер жасау керек. Қазақ әдебиетінің ішіне қазақ өмірін түгел суретімен алып кіру - әдебиеттің ендігі міндеті. Бұл күнге шейін біз саяз жүзіп жүрміз.Қазақ әдебиеті қазақ өмірінің бетіндегі қаймағын жалап жүр.Бұрынғы әдебиеттің ішіне тасша бала мен жалшы, сақау қатын да кірген болса, бүгінгі әдебиетке қалпақ киген оқығаннан бастап, қой бағып жүрген қойшыға шейін

кіруге тиіс.Әдебиет сол күнде ғана өмір айнасы, өмір тезі болуға мүмкін».Жас жазушы болашақта қазақ әдебиеті қандай міндет атқару керектігін, не туралы жазу керектігін өзіне және әріптес жазушыларға міндеттеме жүктейді [1:47].

Бірақ, бұл міндетті орындау Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов бастаған, Алаш арыстарының қақ ортасында жүрген жазушылар мен ақындар – М. Жұмабаев, М. Әуезов, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, Ж. Аймауытов, М. Дулатовтарға оңайға соққан жоқ. 1928-ші жылы басталған кеңес өкметінің андуы мен жазалауына, қудалауына түскен қазақ зиялылары халқының бостандығы мен теңдігі үшін күрестерімен, саяси көзқарастары үшін 1938-ші жылға дейін жазықсыз жазаланып, алдына қойған мақсаттарына жете алмай құрбан болды. Сол нәубаттан қазақ әдебиеті мен өнерінің бағына Мұхтар Әуезов өзінің 1932-ші жылы 10 шілдеде жазған «Ашық хатының» арқасында аман қалды. Әуезов ажалдан аман қалғанымен 1956-шы жылға дейін қудалау мен аңдудан көзін ашпады.

Осындай азапты өмірде жүріп, М. Әуезов қазақ әдебиеті мен өнеріне ұшан теңіз еңбек етті.

1917-ші жылы Семей қаласында мұғалімдер семинариясында оқып жүріп өзінің алғашқы әдеби шығармаларының бірі «Еңлік – Кебек» пьесасын жазып қазақ театр өнерінің тарихын бастады. Ол кезде Семейде театр болмағандықтан өз драмасын Абай аулында Ойқұдықта қазақ үйден сахана жасап өзі режиссер, өзі суфлер болып көпшілік көрерменге көрсетті. 1926-шы жылы Қызылорда да тұңғыш қазақ театры ашылғанда М. Әуезовтің қайта өңдеп жазған «Еңлік – Кебек» пьесасымен өз шымылдығын ашты.

Қазақ өнерінің тарихында профессионал театрдың ашылуымен бірге өнердің әр түрлі жанрлары мен салалары туындап бірге дамыды. Олар – театр режиссурасы, сахана шеберлігі, театр актерлігі, сахананы көркемдеу-сурет өнері, спектакльдегі билерді орындайтын бишілер – хореография өнері, драмадағы кейіпкердің әндерін орындайтын әншілер – академиялық вокалдік өнер, әншілерді сүйемелдейтін симфония оркестрі, аспаптық орындаушылық өнері, көпшілік саханадағы хор – хор өнері, оркестрді, хорды басқаратын дирижерлік өнер, драмадағы кейіпкерлерге саханалық киім тігу – дизайнерлік өнер, саханаға жарық беру, декорация жасау т.б толып жатқан өнердің барлық саласы бірге дамыды. М. Әуезовтің қазақ театрының саханасынан мәңгі орын алған «Абай», «Қаракөз», «Айман-Шолпан», «Қарақышпақ Қобыланды», «Еңлік – Кебек» т.б драмалық пьесаларынсыз қазақ драма театрын көзге елестету мүмкін емес.Осы аталған пьесаларды саханаға қоймаған қазақ театрын жоғары деңгейлі профессионал театр қатарына қоспайды. Ондай театрды қазақ театры деп атауға да болмайды. Әуезовтің аудармасымен қазақ саханасына қойылған – Шекспирдің «Асауға тұсау», «Оттелло», Гогольдің «Ревизер», Погодиннің «Ақсүйектер», Треневтің «Любовь Яровая» пьесаларымен қазақ өнері, қазақ актерлары, режиссерлері әлемдік деңгейдегі туындыларды игеруге қол жеткізді.

1934-жылы қазақ музыкалы театры М. Әуезовтің «Айман-Шолпан» музыкалы-драмасымен өз шымылдығын көтерді.Осы спектакльде қазақтың академиялық – опералық әншілік өнерінің қарлығашы – Күләш Байсеитова өнер көгіне қанат қақты.

Қазақ операсының өмірге келуіне бірінші баспалдақ «Айман-Шолпан» болса, екінші баспалдақ Е.Брусиловскийдің «Қыз-Жібек», «Ертарғын» опералары болды.

Осындай дайындықтан өтіп, қазақтың опера әншілері өсіп жетілген соң, симфония оркестрінің орындау мүмкіндігі профессионалдік деңгейге көтерілген соң, қазақ хореографиясы, қазақ хоры қалыптасқан соң, қазақ саханасына нағыз классикалық опералар – П.Чайковскийдің, «Евгений Онегин», Дж. Вердидің «Травиатта», Римский – Корсаковтың «Май түні» опералары саханаға қойылды.

Қазақтың төл композиторлары – Ахмет Жұбанов, Латиф Хамиди, Мұқан Төлебаевтар қазақтың профессионалдік музыкасының қалыптасуына білек сыбана кірісті. Соғыс жылдары М.Әуезовтің «Төлеген Тоқтаров» атты Либреттосына Л.Хамиди мен А.Жұбанов опера жазды.Бұл опера сол кездегі көрермендерді отан сүйгіштікке тәрбиелеуде зор роль атқарды [2:69].

«Төлеген Тоқтаров» операсы М.Әуезов пен А.Жұбановтың, Л.Хамидидің қазақ операсының асқар шыңы – «Абай» операсын тудыруға басты дайындық іспетті болды.Осы операның нәтижесіне көңілі толған сол кездегі Республика басшылары бұл үшеуіне Абайдың 1945 жылы болтын 100 жылдық мерекесіне арнап опера жазуды тапсырды.

Орайы келгенде айта кеткен жөн болар, қазақ музыкасының өркендеуіне зор үлес қосқан аса көрнекті композитор – Латиф Хамидиді 1938 – жылы Москва консерваториясын бітіріп өзінің елі Татарстанға кетейін деп жүргенде, М.Әуезов оны Қазақстанға қайта келуге ақыл кеңес беріп шақырады. Л. Хамиди 1930-жылы Қазақстанға келіп Семейде, Алматыда өнер саласында еңбек еткен. 1934-жылы М. Әуезовтің тапсырмасы мен Семейге келіп, Абайдың әндерін, Абайдың ұрпақтарынан, көзің көрген адамдардан жазып алып нотаға түсіреді. Осы кезге дейін Абайдың «Айттым сәлем

Қаламқас», «Көзімнің қарасы», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әндері Л. Хамидидің нотаға түсірген вариантымен орындалады.

Л. Хамиди қазақ әнінің інжу-маржандары «Қазақ вальсі» мен «Бұлбұлды» жазған композитор. Осы әндерді орындап қазақ бұлбұлдары – Күләш Байсейтова мен Бибігүл Төлегенова әлемге танылды. Л. Хамиди Қазақстанның тұңғыш гимнінің авторларының бірі. Міне осындай дарынды композиторды М. Әуезов Қазақстанға әкелмесе, қазақ музыкасында осындай ұлы туындылар тумас еді. Ұлы ұстаз М. Әуезовтің қазақ әдебиеті мен өнеріне әкелген жас таланттары туралы үлкен ғылыми еңбек жазуға болады.

М. Әуезовтің шығармаларының негізінде және Әуезовке арналған қазақ музыкасында туған шығармалар бір төбе. Музыкалы комедия – «Айман-Шолпан», опералар – «Абай», «Бекет», «Төлеген Тоқтаров», «Еңлік-Кебек», Балеттер – «Қалқаман – Мамыр», «Қаракөз», М. Әуезовке арналған шығармалар – Е. Рахмадиевтің поэма-реквиемі «М. Әуезовты еске алу», Ғ. Жұбанованың «Мұхтар аға» ораториясы, Т. Базарбаевтың «Асыл аға» романсы т.б шығармалар.

Кино саласында – «Абай әні», «Көксерек», «Қараш-қараш» фильмдері қазақ киносының классикалық үлгілері қатарына жатады.

М. Әуезов шығармасының негізінде туған қазақ музыкасының ұлы туындысы – ол «Абай» операсы. Операның либреттосы М. Әуезовтікі, музыкасын жазғандар А. Жұбанов пен Л. Хамиди. Бұл опера тарихи опера. Бұл опера қазақтың төл композиторларының классикалық деңгейде жазылған тұңғыш операсы. Операны жазу үшін үкімет Алматы қаласының шетінен тау ішінде орналасқан арнаулы үйді А. Жұбанов пен Л. Хамидиге алаңсыз оңаша да жұмыс істеу үшін дайындаған. Бұл үйге М. Әуезовте жиі келіп тұрған. Себебі, әрбір жазылған музыкалық номерді оған тыңдатып, оның ақыл кеңесін алып түзетулер кіргізген. Операның сәтті жазылуына М. Әуезовтің қаламынан туған либретто өзек болса, екінші алтын арқау Абайдың өз әндері – «Көзімнің қарасы», «Ата-анаға көз қуаныш», «Айттым сәлем Қаламқас», «Сегіз аяқ», «Қараңғы түнде тау қалғып» т.б шығармалары болды. Осы екі ұлының төл туындыларын жете түсінген қазақ музыкасының екі дарынды композиторы – Ахмет пен Латиф операны Абай мен Мұхтардың деңгейінде музыка тілімен көркемдеген. [4:81]

Операның авторының бірі – қазақ халқының ұлы тұлғасы, алғашқы академиктердің бірі, композитор, қоғам қайраткері, әлем білетін Құрманғазы атындағы қазақ ұлт аспаптар оркестрін тұңғыш ұйымдастырушы, қазақтың тұңғыш филармониясының директоры, қазақ консерваториясының тұңғыш ректоры, қазақ тіліндегі тұңғыш «Музыка әліппесін» жазған теоретик, өнер және музыка зерттеуші, фольклорист – Ахмет Жұбанов М. Әуезовтің сенімді зөңгілес серіктерінің бірі болды. Қазақ әдебиетінде М. Әуезов қандай ұлы жазушы болса, қазақ ғылымында Қ. Сәтпаев қандай ұлы ғылым болса, қазақ музыка өнерінде А. Жұбановта сондай ұлы тұлға.

«Абай» операсының өте сәтті жазылуы Мұхтар, Ахмет, Латиф сынды үш хас таланттың бір – бірін толықтырған ерең еңбектерінің нәтижесі.

Операның режиссері – әнші, актер, қазақтың театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі – Құрманбек Жандарбеков өнердегі М. Әуезовтің сенімді інілерінің бірі болды.

Ал, Ұлы Абайдың бейнесін тұңғыш сомдаған Кеңес Одағының Халық артисі – Ришад Абдуллин. Ажар партиясын Күләш Байсейтова сомдаса, Айдар партиясын ҚССР- інің халық артистері Ә. Үмбетбаев пен Б. Досымжанов орындады.

Міне осындай қазақ өнерінің кілең дүлдүлдері мен бұлбұлдарының қатысумен саханаға келген «Абай» операсымен, сонау 1944 – жылдың 24-желтоқсаннан бері 68 жыл бойы, қазақтың Абай атындағы академиялық опера және балет театры әр жыл сайын өзінің жаңа маусымының шымылдығын ашып келеді. Мұндай дәстүрдің қалыптасуы бірінші – ұлы Абайға деген құрмет болса, екінші – операның драмалық, музыкалық көркемдік деңгейінің аса жоғары жазылғандығында.

М. Әуезовтің «Абай» эпопеясында Абайдың кеменгер тұлғасы, қазақтың өмірі мен салт дәстүрі, фольклері, әдет – ғұрпы, ұлттық тілдің құдіретімен суреттелсе, «Абай» операсында поэзия құдіреті мен музыка құдіреті қабаттаса, әдемі бір гармониялық үйлесім мен әсем суреттелген [5:59].

М. Әуезов өзі де ән салып, домбырада шертпе күйлерді ойнауды ұнататын. Қазақ музыкасындағы романс жанрының пайда болуы Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әнінен бастау алады. Ән романс жанрына тән екі бөлімді формада туған. Бұл әрине, Абайдың орыс романстарын тыңдап, одан үлгі алғанның нәтижесі. Бұл әнді М. Әуезов 1934-жылы өзі орындап Латиф Хамидиге нотаға түсірткен. Бұл шығарма тенор дауысты әншілердің орындауында осы кезге дейін сол Хамидидің М. Әуезов берген варианты бойынша орындалады. Бұл әнді қазақ әншілері әлемнің талай елдерінде орындады.

Ал, «Абай» операсындағы Абайдың ариясын, Ажардың ариясын, Айдардың ариясын қазақ опера әншілері Е. Серкебаев, К. Байсейтова, Б. Төлегенова, Ғ. Есімов, Н. Үсембаева, М. Мұхамедқызы,

Ә. Дінішов т.б. әншілер Европаның, Американың, Азияның елдерінде үлкен саханаларында орындап дүние жүзі көрермендеріне нәсихаттады. «Абай» операсы телеарналар мен радио арқылы миллиондаған тындармандарға жетіп отыр.

Қазақ өнерінің, қазақ әдебиетінің бүткіл әлемге танымал болуы тікелей Мұхтар Әуезовтің ұлы талантының, қажырлы еңбегінің нәтижесі.

Сондықтан да Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің артына қалдырған ұлы туындылары қазақ халқымен бірге мәңгі жасайды.

Әдебиеттер

1. Сейданов Қ. Әуезов және Орта Азия әдебиеті. Шымкент, 2005. – 110 бет.
2. Әуезов М. Автобиография//кітапта: Мұхтар Әуезов. Қазақ және орыс тілдеріндегі таңдамалы еңбектер жинағы. Бас. ред. Ә. Нысанбаев. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1997. – 512 бет.
3. Жұртбай Т. Әлемдік тұлға // Абай, № 2-3, 1997 жыл.
4. М. Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағы (1том) Алматы, 1997. – 468 б.

ҒТАХР: 17.82.50

М. ӘУЕЗОВТІҢ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕГІ КӨСЕМСӨЗДЕРІ

Қажыбаева Н.К., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Бородулиха ауданы,
«Н. Островский атындағы орта мектеп», nazgul.kurs@mail.ru

XX ғасыр басындағы қам көңілінде арман ұялаған арыстарымыздың тізе біріктіруі, құлдық құрсауынан арылу жолын таңдауы да сыртқы күш, ішкі күйзелістен туындаған.

Ұлттық рух пен сана оянып, кешегінің бір запыранынан ада болып, бақытты өмірдің тасын қалау идеясы салтанат құрған тұста халықтың бар арман-мұраты мен мақсатын насихаттап, жаңалықтың көзі, жақсылықтың хабаршысы болған баспасөз де кең құлаш сермеп, ұлт зиялыларының пікір алмасу, жол нұсқау ошағына айналған. Саяси қызметтің қатерлі жолына түсіп, жанқиярлық істерге ұйытқы болған зиялылар да, теңдік пен ұлт мүддесін енді ұғынып, үлкен бәйгеге түсуге әзір жастар да баспасөз бетінде ашық пікір алысуға, ниеттес азаматтар табуға ұмтылған тұста М.Әуезовтің өнер майданына келуі кездейсоқ емес. Классикалық туындыларымен әлем әдебиетінің алтын қорын толықтырған М.Әуезов қаламгерлік қуатын, ой тереңдігін алғаш публицистикада танытты. Жас қаламгердің алғашқы көсемсөзінің өзі үй арасындағы ұсақ-түйек әңгімені өрбіту емес, толғақты мәселені шешуге ұмтылыс.

М. Әуезов өмірі мен шығармашылығының Семей кезеңі, яғни 1917-1925 жылдар аралығында, баспасөз беттерінде қырықтан аса мақалалары жарық көрді. Жазушы шығармашылығының беташарына, айналған бұл мақалаларының бірқатары кеңес дәуірінде жарияланып, насихатталмай келген еді.

Публицистика М. Әуезовтің қоғамдық пікірінің қалыптасуына, беделге ие болып, қаламгер ретінде танылуына ықпал еткені сөзсіз. Бұл ретте мерзімді басылым беттері арқылы аударма саласындағы тұңғыш еңбегін жазып, әдеби-сын көзқарас пайымын білдіріп, сыншы ретінде де танылғандығын айтқан.

М. Әуезовтің «Сарыарқа», мен «Абай» басылымдарда жарияланған мақалаларында XX ғасырдың басындағы ауқымды өзгерістер мен ел тіршілігіндегі кемшіліктер сөз болады. Өркениет жолында кенже қалған қазақтың хал-күйі көсемсөздеріне өзек болып, жас қаламгер тығырықтан шығар жол іздейді.

Көсемсөздері тақырыптарының қоғам, білім, мәдениет, әйел шаруашылық мәселесіне арналуы-замана көшінен қалыс қалмай, қоғам өмірінің айтулы өзгерістерін жетік танып, терең сезіне білуінің айғағы.

1918 жылғы мамыр айында өткен «Жалпы қазақ съезіне» Әуезов те қатысып, жастардың кіндік комитеті – «Жас азамат» ұйымының бағыт-бағдары, мақсаттары мен бүгінгі тынысы жөнінде мақала жазып, ісінің пәрменді жүруіне өзіндік үлесін қосты. «Қазақ жұртының бұл күндегі ең қиын басты мүддесі-оқыған жастар, өз дәрежесінде оқыған жас ұлт басына келген күннің ыстығына алдымен күйіп, суығына алдымен тоңамын деген иманды нық ұстауына керек. Бұл иман көкірегіне нық орнаған адам тәртіпке түсіп, күш біріктіру керектігіне шүбә етпес деп сенемін. Заман халін, оқыған адамның басын,

білімін, күшін сарып етемін деген уақыт жетті. Енді мақсатқа асығу керек» деуінен уақыт тынысып кеңінен бағамдап, терең сезіне білуі байқалады.

Ұлт тағдырына алаңдаған әрбір азамат сынды М. Әуезов те қоғамдық саяси өмірден тыс қалмай, ортақ мүдде жолында аянбай іс істеп, ұлттық дербестікті көкसेген азаматтармен бірге алашорда іргесінің берік болуына өзіндік үлесін қосты. Баспасөз арқылы үгіт-насихат жасап, қатар-құрбыларын алға жетеледі.

Семей қаласының Заречная слабочкасы Алаш қаласы аталып, 1917 жылдың қаңтарынан мамыр айына дейін осы жерде «Алаш атты» әскери және атты барлаушы полктері де ұйымдастырылады. Семей қаласындағы құжатнама орталығында 1918 жылы Кеңес өкіметіне қарсы алашорда жасақтаған атты барлаушы тобының тізімінде Садық Дүйсенбаев, Әлихан Бөкейханов, Серікбай Ақпаев сынды қазақтың белгілі қайраткер ұлдарына қатарында М. Әуезовтің де аты-жөні жазылған.

М. Әуезовтің Алашорда тұсында қазақтың саясаткерлермен иық тірестіре жүріп әлеуметтік күрделі мәселелердің шешілуіне барынша араласқандығын дәлелдейтін деректің бірі-Башқұрт автономиялы республикасының тұңғыш төрағасы Заки Уәлиди Тоғанның естеліктері. Мұнда Колчак пен одақтастардың ұлттық әскер мен ұлттық үкімет құруға қарсы әрекет жасағандығы салдарынан Кеңес өкіметімен келісім жасауға мәжбүр болған. Ғазымбек Бірімжанов пен жазушы М. Әуезов жанында айтады.

Қай жазушының, қаламгердің болмасын шығармашылық жолының беташарына айналған баспасөз М. Әуезовтің шығармашылығында да елеулі орын алып, оның шеберлік мектебіне айналды. «Алаш» газетінің 1916 жылдың 30 наурызындағы «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақаласы-болашақ жазушы, драматург, ғалым Әуезовтің алғашқы тырнақалды туындысы. Семинарияда бірге оқыған құрбысы Ж. Аймауытовпен бірге жазған осы мақала-ғұламаның әлемді мойындатқан үлкен суреткерлігінің тұнық бастауы.

М. Әуезовтің шығармашылық ғұмырында «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналының маңызы ерекше. Бұл басылымдар халықтың өркендеуі мен саяси толысуында үлкен істерге бастау бола алды. Қаламгер келбеті, ұлтжандылық сезімі «Адамдық негізі-әйел», «Қайсысын қолданамыз», «Оқудағы құрбыларыма» атты мақалаларынан аңғарылып, үлкен әлеуметтік мәселелер көтеруі қаламының ысылып, қоғамдық пікірінің қалыптасып қалғанын анық аңғартады.

«Абай» журналының алғашқы нөмірі 1918 жылы жарық көрді. Мұхтар Әуезов-бұл журналды жарыққа шығарушы, ұйымдастырушы «Екеудің» бірі. Бізге М. Әуезовтің «Абай» журналында жариялаған оннан аса мақаласы белгілі болғанымен, өзгенің атынан немесе авторсыз жарияланған мақалаларының болуына да күмән келтірмейміз.

М. Әуезов қызметін қазақтар ісімен айналысатын бұратаналық бөлімнен бастап, кейіннен алыпсатарлыққа қарсы күрес жүргізуші төтенше комиссияның және губерниялық халық соты кеңесінің мүшесі, халық ағарту институтының қазақ бөлімінің оқытушысы, губерниялық заң бөлімі бастығының орынбасары, меңгерушісі, губерниялық атқару комитетінің бастығы қызметтерін атқарғаны құжаттық деректермен дәлелденіп отыр.

М.О. Әуезовтің Семейде атқарған қоғамдық істерінің бірі-публицистикалық қызметі. Кеңестік басылым-«Степная правданың» алғашқы саны 1919 жылдың 21-желтоқсанында шыққан, ал «Қазақ тілі» газеті болса губерниялық бюросы мен оның жанынан түрік секциясы құрылғаннан соң дүниеге келді. Алғашқы қызметкерлері Сыдықов, Аймауытов, Тұрғанбаев»-деп жазды «Степная правда» газеті 1923 жылдың 5-мамырындағы санында.

Сәл кейінірек семинарияда оқыған құрбыларының қатарына М. Әуезов те қосылып, газет бетіне үзбей мақалаларын жариялап тұрған. 1920 жылдың желтоқсаны мен 1922 жылдың қыркүйегі аралығында оның жиырмадан аса мақалалары жарық көрген. Бұл уақыт аралығында да мұхтар Әуезов басқа қызметтерде жүрсе де, газет бетіне қоғам өміріне қатысты көзқарасы мен тұжырымдарын, әр түрлі жаңалық, хабарларды жазуды үзбеген.

Жазушының Орынбордағы, Ташкенттегі өмір кезеңі де қарастырылып, 1924-25 жылдары Семейге қайта келу сапары да кеңінен ашыла түсті. Губерниялық халық ағарту бөлімінің Ресей географиялық қоғамының Семейдегі бөлімінің мүшесі болған Әуезовтің мәдени-ағарту саласындағы істеріне толыққанды талдау жасалынды. Қлы жазушы қалыптасқан қоғамдық-әлеуметтік жағдай мен ұлттың рухани даму мүмкіндігін ілгерілететін, яки оған бөгетін тигізетін жағдаяттар қарастырылады.

М. Әуезовтің шығармашылық мұрасы таусылмайтын, сарқылмайтын кәусар бұлақ десек, ол бұлақ бастауын ұлы Абай дүниеге келген қасиетті топырақтан алған. Шежіреге толы Шыңғыстау жерінің құлақ құрышын қандырар әсем әні мен тәтті күйіне, ертегісі мен аңызына қанық боп өскен. Мұхтардың Абай өлеңдерінің мәні мен маңызына ерте елігуі оны үлкен шығармашылық сапарға жетеледі.

Қорытындылай келе, қазақтың даңқты жазушысы, Мұхтар Әуезов аса құнды еңбектері үшін халық құрметіне бөленіп, творчестволық сатысының ең жоғары басқышына шыққан еді. М. Әуезов жасаған туындылар қазақ әдебиетін әлем әдебиеттерінің қатарына қосып, қазақ халқының тарихын, өмірін, мәдениетін, талантын, ұлттық мінезін жер жүзі оқырмандарына танытты.

Әдебиеттер

1. Арагон Л. Әуезов әлемі. – Алматы: Жазушы, 1997 ж.
2. Әуезов және архив-алматы: Жазуш, 1997 ж.
3. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы – Алматы: Ғылым, 1998 ж.
4. Мүсірепов Ғ. Біздің ұлы жазушымыз// Семей таңы, 1997 ж.
5. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1979 ж.

ҒТАХР: 17.01.45

М. ӘУЕЗОВТІҢ ӘНГІМЕЛЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ: БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ

Заманбекова С.А., магистр, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.,
«№ 24 орта мектеп» КММ, irresistible_s@bk.ru

Мақалада қазіргі білім беру үрдісіндегі түрлі тұжырымдамалардың негізінде қазақ халқының классик жазушысы М. Әуезовтің көркем әңгімелерін оқытудың тиімділігі мен ерекшеліктері жайлы ойлар айтылады. Классик жазушының көркем әңгімелерінде көтерген негізгі идеялары қазіргі білім беру жүйесіндегі тұжырымдамалардың үндестігі мен олардың оқытуда көздеген ойлармен сәйкестігі ғылыми салыстыру, ой қорыту әдістері арқылы мысалдар келтіріле талданады.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі ұлттық дәстүр мен мәдениетіміздің дамуына өлшеусіз үлес қoқан кемеңгер тұлғаларымыздың рухани мұраларын заман сұранысына сай терендете оқытқанымыз жөн. Осы орайда ұлттық әдебиеттану ғылымының көшбасында тұрған ғұлама ғалым, ұлы суреткер М. Әуезовтің көркем әңгімелерін оқытудың орны ерекше. XX ғасырда қазақ әдебиетін әлемге танытқан ұлы классик жазушы М. Әуезовтің көркем прозадағы суреткерлік шеберлігі еуропалық деңгейге жетуі алғашқы жазған әңгімелерінен бастау алған. Жазушы өмірден көргені мен түйгенін көркем оймен суреттеп, туған халқының дәстүр салтын, рухани болмысын, тәртіптің тіршілігін суреттеп шебер бейнелеуі де тұңғыш рет көркем әңгімелерінен басталған болатын. Жазушының алғаш жазған «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Үйлену», «Сөніп-жану». «Кім кінәлі?». «Сыбанның моласында». «Текшенің бауырында». «Жетім», «Кінәмпіл бойжеткен», «Қаралы сұлу». т.б. әңгімелері адамдар арасындағы әр түрлі әрекеттерді суреттей отырып, адамгершілік сипатта жазылған туындылар. Оларда кейіпкерлер трагедиялық тағдырда бейнеленген. Ең басты мәселе адами құндылықтар, адам болмысын тереңінен тануға деген талпыныс байқалады, автордың ашып көрсеткісі келген басты идеясының бірі адам табиғатын сан қырынан саралап түсіндіруге арналды.

Әлемдік білім беру үрдісінде озық деп танылған саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени саласының даму жолдарын табуда жаңашылдық көп. Сондай жаңашылдықты табуды көздеген Қазақстанның білім беру жүйесі де заманауи әдіс-тәсілдермен сипатталуда. Білім беру жүйесін жаңғырту үшін ғылыми тұрғыда негізделген ақпараттарды өңдеу, әдіснамалық еңбектер мен тәжірибелік жұмыстар енгізу қажеттілігі мемлекеттік бағдарламаларға енгізіліп отыр. Еліміздің 2010-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту бағдарламасында «білім берудің әрбір сатылық кезеңдерінде білім мазмұнының жетілген жаңа үлгілері енуі тиіс» [1,6.8] – деп ерекше аталып көрсетілген. Мәселе білімді жаңартудан туындап жатқандықтан, бұл іске жауапкершілікпен қарап, кешенді ғылыми талдаулар арқылы саралануда. Оның негізі жеке тұлғаны қалыптастыруда әлемдік білім беру кеңістігіндегі білім, ғылым және тәрбие сабақтастығында жан-жақты зерделенген оңтайлы қадамдарды зерттеп, өзіндік бағытта тың жол салу болып табылады. Қазіргі жаһанда болып жатқан өзгерістер білім беру үрдісіндегі «білемін», «білдіремін», «үйретемін» ұстанымдарының ескіргендігі, қазіргі тұлғаға уақыттың қойған бәсекелестік талаптарының өзгеруі айтарлықтай өзекті мәселеге айналып отыр.

Адамның нақты өзіндік болмысы, оның жеке тұлға екендігі, шығармашылық мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылып құндылық негізі нақты адамға айналады. Осыған орай бүгінгі таңда М. Әуезовтің көркем әңгімелерін оқытқанда «антропоөзектік» тұжырымдаманы кеңінен қолдану орынды

болмақ. Себебі, ұлы жазушы өз әңгімелерінде қоғамдық өмірдің алуан түрлі мәселелерін көтергенде оларды адами құндылықтармен сабақтастыра байланыстырып, басты нысанаға адамды алып отырған. Сондықтан көркемдік шеберлікпен қатар реалистік суреттеу әдісін кеңінен пайдаланып түрлі кейіпкерлердің бастан кешкен тағдырын адами факторлар арқылы тереңінен танытқан. Мұндай суреттеулердің көпшілік жағдайында жазушының басты кейіпкерлері ауыр трагедиялық тағдырға душар болып, көркем әңгімелеріндегі өмір шындығының көріністерінің суреттелуі салмағы арта түсті. Мәселен, жазушының тұңғыш көлемді әңгімесі «Қорғансыздың күнінде» суреттелген оқиғалар желісі мен басты кейіпкерлері өмірде болған нақты тарихи жағдайдан алынған. Қазіргі таңда ұстаздар заманға сай интерпретациялап, жазушының осы әңгімесін түрліше талдап мәні мен мағынасын, автордың негізгі идеясын жас ұрпаққа сан қырынан түсіндіріп келеді. Реалист жазушының әңгімелеріндегі тарихи факты мен өмір шындығының суреттелуін әсте естен шығармаймыз. Мәселен, тарихи шындық тұрғысынан алғанда «Қорғансыздың күні» әңгімесі өмірде болған нақты оқиғаның негізінде жазылған. Тіпті шығармадағы тарихи жер аттары да қазіргі таңда сол қалпында сақталған. «Семей қаласының оңтүстігін жайлаған елдің қалаға қатынасын қара жолының үстінде Арқалық деген тау бар.... Арқалықтың жолы асатын кезең – Күшікбай кезеңінің түбінде бір жіңішке қара сызық секілденіп Қанайдың жалғыз қорасының орны» әлі де көрінеді. Ал шығармадағы кейіпкерлер аттары көркем әдебиеттің ішкі заңдылығына сәйкес протатиптік бейнелермен беріліп өзгертіліп алынған. Ондағы Ақан болыс – Шыңғыс елінің жас болысы Біләл Ысқақов, ал кәрі кемпір – Мұхтар Әуезовтің немере апайы Қаптағай, қасіретке ұшыраған Ғазиза – М. Әуезовті жиеншары болып келеді. Бұл оқиғаның егжей-тегжейі мен өмірлік деректері туралы жазушының тетелес інісі Ахмет Әуезовтің «Бала Мұхтар» (1967), «Жас Мұхтар» (1977), Ғайса Сармурзиннің «Өмір сабақтары» (1975), «Өнеге» (1977), Тұрсын Жұртбаевтың «Бесігінді түзе!...» (1997) атты кітаптарында толық мағлұматтар берілген [4, 6.420]. Нақты деректермен қамтылған аталмыш еңбектерге сүйене отырып жазушының «Қорғансыздың күні» әңгімесін қазіргі білім беруде қолданылып жүрген түрлі әдістермен тұжырымдамалар негізінде оқытқанда шығарманы жазуда жазушының өзі қолданған реалистік суреттеу әдісін де қатар қолданғанымыз жөн. Ал біз сөз етіп отырған «антропоэзектік» тұжырымдаманы реалистік суреттеу әдісімен қатар оқытып, жастардың санасына сіңірсек, бүгінгі оқытудың бір мақсатына қол жеткізгендігіміз болмақ. Ол үшін шығармадағы оқиғаның өмірде болған шынайы оқиғаның негізінен алынып кейіпкерлердің аттары өзгертілгенімен басты нысан ретінде адам мен оның бойындағы алақұлалы қасиеттердің қатар көрініс табуын ашып көрсеткеніміз орынды. Жазушының Ақан болыстың озбырлығы мен зұлымдығы, Ғазизаның пәктігі, арлығы секілді қарама-қарсы адами қасиеттерді ашып суреттеуі де жайдан-жай емес. Мұндай бояуы анық жазылған шығарманы оқушы адамның адамшылығы ең алдымен оның бойындағы түрлі қасиеттерге байланысты болатындығын аңғарып, жамандық пен зұлымдықтан бойларын таза ұстауға ұмтылып, дүниедегі барлық тіршіліктің өлшемі адамға байланысты екендігін түсінеді.

Қазіргі қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласының білім беру үрдісінде кеңінен қолданылып келе жатқан тұжырымдаманың бірі рухани құндылықтардың әдіснамалық негізін құрайтын «гуманистік» мысалы болып отыр. Бұл тұжырымдама адамдардың әлеуметтік мәдениетте дамып жетілуінің нәтижесінде қалыптасқан. Бұл ретте әдебиет пәнін меңгертуде жастарды адамгершілік, мораль нормаларына тәрбиелеуді басты назарда ұстауымыз керек. Гуманистік тұжырымдама тұрғысынан адамды әр түрлі жағдайларға бей-жай қарамайтын, жаңалыққа, жаңа тәжірибеге ашық, өзін дамыта алатын, еркін әрекет ете алатын етіп қалыптастыру болып табылады [2,6.4]. Әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетінің арасында алтын көпірге айналған ұлы жазушы М. Әуезовтің шығармашылығын да «гуманистік» тұжырымдама негізінде оқытудың орны ерекше. Гуманистік тұжырымдаманың көздеген негізгі мақсатының бірі білімді, адамдарды тәрбиелеп, қол жеткізген нәтижелердегі негізгі құндылықтарды ізгілікке бағыттау. Сол арқылы қоғамда заманға сай ұлттық құндылықтарын бойына молынан сіңірген, жаңаша ойлайтын тұлғаларды қалыптастыру. Осы ретте М. Әуезовтің алғашқы әңгімелерінен бастау алып «Абай жолы» секілді ұлан ғайыр роман-эпопеяға ұласқан жазушылық жолында негізгі тірек болған идеяның бірі «гуманистік» идеясы. Ұлы жазушының әңгімелерінде сол замандағы қарапайым қазақ ауылындағы адамдардың тұрмыс-тіршілігі, күн көрісі, жанұя құру және құдаласу, күйеу келуі, қыз көру сияқты ескі әдет-ғұрыптар, оқыған жігіттердің мінезі, іс-әрекеттері – осының бәрі адамгершілік идеялары – әйелдің бас бостандығы, әділеттілікті жақтау тұрғысынан ашып көрсетіледі. Жоғарыда аталған әңгімелерінде жазушы панасыз, қорғансыз адамдардың жанашыры болуға ұмтылып, қайғы-қасіретке душар болған жетім-жесірлердің ауыр халін тебірене бейнелеуінен оның шығармашылығындағы гуманистік сипаттың сол кездің өзінде аса жоғары болғандығы анық байқалады.

«Қорғансыздың күнінде» жаны таза, пәк сезімді жас қызға жасалған зорлықтың, қорлаудың жантүршігерлік айуандық екенін қандай әсерлі бейнелесе, одан кейінгі жылдары жазған басқа да әңгімелерінде адал, ар-ұяты бар, бірақ қолы қысқа, жоқшылықты, өмір тауқыметін көп көрген адамдарды аяныш сезімімен бейнелеп, әділетсіздікті, озбырлықты, дүниеқоңыздықты, пасықтықты әшкерелейді [4,6.411]. Осы сарында «Оқыған азамат», «Кім кінәлі?», «Кінәмшіл бойжеткен», «Жетім», «Барымта», «Жуандық», «Қасеннің құбылыстары» және т.б. әңгімелері жазушының суреткерлік шеберлігін арттыра түсті. Бүгінгі білім беру үрдісіндегі «гуманистік» тұжырымдаманың негізінде ұлы жазушының аталмыш әңгімелерін оқыту жеке тұлғаның бойында қайырымдылықты, шыншылдықты, әділдікті, еркіндікті қалыптастырудың тиімді әдісінің бірі болары анық.

М. Әуезов, сөз жоқ, қазақ әдебиетінде қайталанбас құбылыс иесі, заманының заңғар жазушысы. Бүгінгі күнге дейін жазушының шығармашылық ғұмырбаяны, эпикалық туындылары, песалары мен аудармалары ғылыми-теориялық тұрғыдан жан-жақты зерделеніп, еліміздің рухани өмірінде лайықты бағасын алып келеді. Бұл орайда Ғ. Мүсірепов, Б. Кенжебаев, Ә. Тәжібаев, Е. Ысмайлов, З. Ахметов, Р. Бердібаев, Л. Әуезова, Р. Нұрғалиев, М. Мырзахметов, Б. Майтанов, Т. Жұртбаев, З. Қабдолов, Ж. Дәдебаев, Г. Пірәлі және т.б. зерттеуші-ғалымдардың еңбектері ерекше елеулі. Ендігі мәселе кемеңгер жазушының шығармашылығын жас ұрпаққа жүйелеп оқыту әдістемесін бір ізге түсіру болып отырғандығы жасырын емес. Олай дейтініміз осы уақытқа дейінгі зерттеулерден алынған нәтижелер М. Әуезов шығармашылығын тұтастай бірізділікпен оқытылып келе жатқан жоқ. Мәселен қаламгердің өмірбаяндық деректері мен алғашқы эпикалық шығармалары туралы орта мектептің қазақ әдебиеті пәндерінде жекелеген сабақтарында оқытылады. Мектеп бағдарламасына сай жазушының барлық шығармаларын тұтастай талдап, таратып оқытуға уақыттың да жетпейтіндігі анық. Сондықтан, мұғалім «Қорғансыздың күні», «Көксерек», «Қараш-қараш оқиғасы» сияқты шығармаларымен қатар «Абай жолы» роман эпопеясын терең әрі толық әдеби талдаулар жүргізбестен басты көркемдік ерекшеліктерін т.б. жекелеген құрылымдарын ғана оқытады. Мұнда көлемі мен сюжеттік-композициялық ерекшелігіне қарай, әрине, «Абай жолы» роман-эпопеясына сағаттар саны басымырақ берілетіндігі айқын. Оның өзін толықтай талдап, таратып тануға оқушылардың мүмкіндіктерінде келе бермейді. Сонда мектеп оқушылары жазушының тек бірен-саран эпикалық шығармаларын оқумен ғана шектеледі. Ал жазушының драматургиясы мен аудармалары, повестері мен әңгімелері толыққанды оқытылмайды. Мұның өзі болашақ жастардың жазушы туралы танымдарының айтарлықтай тереңдете қоймайтындығы анық. Осы жерден мәселенің екінші шеті көрініс береді. Ол қаламгер шығармашылығын түгелімен топтастырып жүйелеп оқытудың әдістемесі арқылы мектеп оқушыларына оқытуға болмаспа еді деген ой. Себебі, классик жазушының тұтастай шығармашылығы белгілі бір дәрежеде топтаса бермейтін, әр шығармасында көтеретін мәселелер мен оқиғалар желісі бір-біріне ұқсай бермейтін қайталанбас туындылар. Оларды түгендеп, бір арнаға тоғыстырып, бір бағдарлама көлеміне сыйдыру оңай шаруа емес. Бұл мәселені кезінде белгілі ғалым филология ғылымдарының докторы, профессор М. Қаратаевтың жетекшілік етуімен әдебиеттанушы ғалым Қ. Тасболатов ауқымды қарастырып, 1970 жылы «Изучение творчества Мухтара Ауэзова в средней казахской школе» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап М. Әуезов шығармашылығын жүйелеп оқытуға үлкен күш жұмсаған болатын. Бірақ, жоғары дәрежеде жазылған ауқымды ғылыми еңбектің өзі аталмыш мәселені толығымен шешіп бере алмады. Ол уақытта М. Әуезов шығармашылығының қазіргі таңда ашылған ақтаңдақ беттері әлі толықтай ашыла қоймаған болатын. Мәселен, жазушының 20 жыл өмірін сарп етіп жазған ең ауқымды шығармасы «Абай жолы» роман-эпопеясының барлық қыр-сыры жан-жақты ашылмаған күйде болатын. Тарих түкпірінде өз уақытын күтіп жатқан осы мәселе белгілі ғалым М. Мырзахметұлының зерттеулерінен бастап ашыла бастады. Сондықтан, өз уақытында зерттеуші ғалым бұл мәселеден айналып қана өтуіге мәжбүр болған. Демек, бұл зерттеу еңбегі де М. Әуезов шығармашылығын толықтай орта мектепте оқыту проблемасын шеше алмады. Қазір заман өзгерді, соған сәйкес оқытудың талаптары мен формалары, технологиялары мен әдістемелері қарқынды дамып, қарыштап өзгеріп келеді. Осыған орай классик жазушының шығармашылығы заман талабына сай қайта саралауды қажет етеді. Біз заманның осы жылдамдығына ілесіп, білім мен ғылымды, оқыту әдістемелерін модернизациялағанда ғана бәсекеге қабілетті бола аламыз. Зерттеуші ғалым Қ. Тасболатовтан кейін М. Әуезов шығармашылығын нақты оқыту әдістемесі жабулы қазанның калпына түсті десекте болғандай.

Жалпы орта мектепте болсын, жоғары оқу орнында болсын М. Әуезов шығармашылығын оқытуды ең алдымен жазушының эпикалық шығармаларының ішіндегі әдебиет әлеміне қадам басқанда қалам тербеген әңгімелерінен бастаған жөн.

Болашақ кемеңгер жазушы өз шығармашылығын шыңдауда осы әңгіме жанрына терең мән беріп, оны жазуда көркемдік ойлауы мен гуманистік сарынды осы жанрда көрсете білген. Алғашқы әңгімелерінен бастап – ақ панасыз, қорғансыз адамдардың жанашыры болуға ұмтылған, ауыр қайғы-қасіретке душар болған жетім, жесірлердің ауыр халін, тебірене жазған. Автордың осы кездің өзінде-ақ суреткерлік шеберлігі барған сайын арта түсіп, сан түрлі адамдардың мінез ерекшелігін, психологиясын, өмірден азап шеккен жандардың трагедиялық жағдайын даланың табиғат көріністеріне жалғастыра бейнелеу шеберлігі таңқаларлық [6,6.11].

Әдебиет сабағы жазушы, мұғалім, оқушының рухани және сезім бірлігін осы бағыттағы іс-әрекеттерді қажетсінеді. Әр туынды оқушыны асқақ сезімге қуанышқа, ой-толғанысқа түсіреді. Бұл мұғалім шеберлігі арқылы іске асырылады. Қазіргі әдебиет сабағының басты проблемасының бірі - оқушыны шығармашылық белсенділікке жетелеу. Оның негізі ізденісте жатса керек. Шығармашылық белсенділікті қалыптастырғанда оқушылар өз бетінше ойлайды, ізденіс жасайды, қорытынды шығарады, сол арқылы қиялдайды, талдайды, дәлелдейді, тұжырым жасайды. Өзіндік мені дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасады. Мұндай іс-әрекеттер әдебиет сабағында ерекше мәнге ие болады. Сонымен қатар, көркем шығарманы оқытуда әр түрлі әдіс – тәсілдерді, жаңа технологияларды енгізуге болады. Басты міндетіміз оқушыны шығарма мазмұнына терең бойлату арқылы, образдар жүйесі, ондағы көтерілген негізгі проблемаларды шығарманың композициялық құрылысын тілін терең таныту арқылы осы әңгіменің бүкіл көркемдік ерекшелігін ашу; оқушының сана сезіміне қозғау сала отырып, жан дүниесін эмоциялық әсерге белей келе, әділетсіздікке жиреніп айтатындай дәрежеге жеткізу [7,6.236]. Мәселен, Әңгіменің «Қорғансыздың күні» – деп аталуы нені меңзейді? Ақан мен Қалтайдың азғындығы, аяушылық сезімдері жоқ тас жүрек, қатыгез жандар екенін автор қандай тәсілдер арқылы жеткізген? т.б. осы тектес сұрақтар қою арқылы оқушылардың осы әңгімеге деген танымын тереңдетуге болады. Ең бастысы, оқушылардың көркем шығармаға деген белсенді ақыл-ой, танымдық әрекеті туындайды. Танымдық әрекет құрылымына танымдық қызығушылық, белсенділік, шығармашылық әрекеттер кіреді.

Мұның өзі әдеби жаттығулар мен тапсырмалар негізінде жүзеге асады [8,6.82]. Сондықта, М. Әуезовтің әңгімелерін оқыту барысында мұғалім әр әңгімеге жеке дара тапсырмалар құрастырып, түрлі жаттығуларды орындатқаны орынды болмақ.

Қорыта айтқанда, қоғам үнемі жетіліп, дамып отыратындықтан, білім берудің жаңа әдістері мен тың тәсілдері пайда болады, басқаша айтсақ, жеке тұлға білім алу арқылы дамитын болса, сол білімге жаңа әдістемелерді енгізуге өзі де үлес қосады. Ұлы жазушы М. Әуезовтің көркем әңгімелерін қазіргі білім беру үрдісіндегі жаңа тұжырымдамалардың негізінде оқып, тану арқылы білімді игеруші тұлғалар өздерінің теориялық, әдістемелік білімдерін толықтырып қана қоймай оларды өмірде қолдануларына дағдыланады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 10 маусым 2011 ж. – 41 бет.
2. Тұрғынбаева Б.А. Қазіргі білімнің негізгі парадигмалары // Рухани жаңғыру: ХХІ ғасырдағы заманауи білім беру кеңістігінің парадигмалары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Қазақстан, Тараз, 2 том. 2018. – 3-4 бб.
3. Дәулетбекова Ж.Т. Сөз мәдениеті – тілдік білім нәтижесі. Монография. – Алматы: Ғылым мен білім интеграциясы институты, 2017. – 240 бет.
4. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 2-том: Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар, 1921-1925. – 480 бет.
5. Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). 2-том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер. Құраст. С.Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 бет.
6. Мухтар Әуезов туралы естеліктер. 2-бас. Құраст. Дияр Қонаев, Санагүл Майлыбаева, Әндібек Қуанышбаев. – Алматы: «Білім» баспасы, 2007. – 288 бет.
7. Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Мектеп ұстаздары мен болашақ әдебиетші студенттерге арналған – Алматы: Білім, 2009. – 288 бет.
8. Сманов Б. Көркем шығарманы талдау негіздері. Монография. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, «Ұлағат» баспасы, 2016. – 366 бет.

М. ӘУЕЗОВ КӨСЕМСӨЗДЕРІ – АБАЙ ЖУРНАЛЫНДА

*Оспанова Д.Е., магистр, педагог-модератор қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Үржар ауданы,
«Қарабұйрат орта мектеп-бақшасы» КММ, aiala_09@mail.ru*

Қазақ халқын төрткүл дүниеге танытуға, оның әдебиеті мен мәдениетін әлемдік деңгейге көтеруге өлшеусіз мол үлес қосқан заманымыздың ұлы суреткер жазушысы, кемеңгер ғалым – Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 125 жыл толып отыр. Шығармашылық мұрасының қалың әлеуметке әлі де кеңінен танылмай, жете ашылмай, айтылмай келе жатқан жәйттері баршылық. Дана да дара тұлға М. Әуезовтің аяқ алысы, көзқарас-пайымы оның алғашқы көсемсөздерінен-ақ көрінеді. Туған халқының ой-сана, рухани болмысын, өмір сүру салтын көркемдік құбылыс шеңберінде саралап, бүгінгі ұрпаққа аманат етіп тапсырғандай. Әр жылдары газет-журнал беттерінде жарық көрген зерттеу мақалаларын ғылыми айналымға енгізіп, оған өз көзқарасымды білдіруді жөн көрдім.

«Абай» журналы – 1918 жылы Семейде Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов шығарған басылым. Журнал осыған дейін жарық көрген «Қазақ» газетінің жолын жалғастырды. «Сарыарқа» газетімен үндес, пікірлес болды. «Бірлік туы», «Жас азамат» газеттеріне рухани қолдау білдіріп отырды. Онда жарияланған мақалалар азат рухты, елдік мәселелерді көтерді. Жарияланымдарға философиялық тереңдік, кемелдік, байыптылық тән болды. Күнделікті күйбең тірлік, ұсақ-түйек жаңалық, ақпарлар емес, елдік, дүниежүзілік деңгейдегі ғылым-білім, өркениет мәселелеріне қалам тартты. Қаламгерлер қатары сайдың тасындай іріктелген таланттар шоғыры болды. Олар: Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердиев, Ғұмар Қараш баласы, Мәннан Тұрғанбай, Сәбит Дөнентаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Абайдың ұрпақтары – Ақылбай мен Мағауия, т.б. Олар құрдымға кеткен патшалық өкіметке де, большевиктерге де көп жалтақтаған жоқ. Қысқа уақыт болса да өздерін тәуелсіз елде өмір сүріп жатқандай еркін сезінді.

«Абай» журналы сол кездегі баспасөздің ең биігі деп бағалауға болады. Ол «Қазақ» газетінің жолын жалғастырып, Абайдың рухани мұрасын жұрт жадына сіңірді. Тәуелсіздіктің 20 жылдығы қарсаңында халық ортасына қайта оралған алаш басылымдары, онда жарияланған алаш арыстарының көсемсөздері көптеген ғылым салалары бойынша тың зертеулердің бастауы болады деп сенемін. Олардың нәтижелері күрмеуі көп күрделі кезеңде ұлттық идеологиямыздың қалыптасуына, елдік сананың өсуіне игі әсерін тигізери сөзсіз. Мақала еңбектерінде М. Әуезов қоғам өмірінің, халықтың тұрмыс-салтының ілгері дамуының негізгі бір жолы алдыңғы қатарлы елдердің үлгісімен ғылымды, мәдениетті үйретіп, игеру қажет деп біледі. «Абай» журналының 1918 жылы 1-санында жарық көрген «Ғылым» атты мақалада автор адам баласының алғаш жаратылып, өмір кешіп, өсіп-өрлеу жолында біртіндеп сана-сезімінің, ақыл-ойының, ғылым-білімнің туып қалыптастыру сатыларын саралап, шолу жасаудан бастайды. Яғни, ол жағынан мәдениеттің, ғылым түрлерінің күнделікті тұрмыстық жетілгенін, сондықтан да өз кезегінде сол ғылым-білімнің адам баласының тұрмыс-тіршілігін жеңілдетіп, өсіріп дамытуға қызмет ететіндігін Америка сияқты өркен жайған елдерді мысалға ала отырып дәлелдеді: «Ғылымның артынан еріп, көрсеткен жолымен жүрген – бұл күнде өмірдің төрінде» - деп оны жете игеріп, дұрыс жолмен пайдалану қажеттігін, «адамдық, ақтық мақсатқа жұмсау» жөнінде өз пікір байламын ұсынады.

«Абай» журналының 2 және 3 сандарында жарияланған «Қазақ ішіндегі партия неден?», «Мәдениетке қай кәсіп жуық?» атты мақалаларда бірімен бірі жұптасып, септесіп осы әлеуметтік мәселелерді зерделей түсуге арналған. Алғашқысында: «Әрбір халықтың өзгеден өзгеше халықтығында екі түрлі шарты бар. Бірі – сол халықтың кәсібі, екіншісі – жұрт билеу тәртібі. Осы екі шарт қазақ өмірінде қандай түрлерде? Тексеріп көрейік» [1] – деп, қазақтың тұтынып жүрген көшпелі мал бағу кәсібін, оның мінез-құлық, психологиясына, сол арқылы тұрмыс-тіршілігіне, жұрт билеу тәртібіне, яғни қоғамдық құрылысына тигізіп отырған көп зиянды ықпал-әсерін, жікшілдік, рушылдық партия құмарлық сияқты бойға сіңген кесел кемшіліктердің себеп-салдарын ашып көрсетеді.

Осындай қоғамдық, әлеуметтік қатынастардың материалдық, экономикалық жағдаяттарға байланысты туындайтынын да дұрыс тани алған. Екінші мақаласында, автор адам баласының әуел бастан тұтынып келген негізгі кәсіптерін тізігіп, олардың әрқайсысының өзіндік артықшылығына, ыңғай-икеміне қарай саралап береді.

Мұхтар Әуезов 1917 жылдан басталған алғашқы шығармаларында-ақ «ұлтсыздандудың алғашқы белгісі – тілінен айрылу мәселесі» екендігін халыққа жеткізді. М. Әуезов көтерген басты мәселе – «тіл тағдыры – ұлт тағдыры екендігі, жас ұрпақты оқыту тілі – ана тілі болуы керектігі». Келесі бір мәселе

– сан-салалы ғылым жетістіктерінің ана тілінде оқытылмауы, қазақша ойлап, қазақша жазатын мамандардың болмауы.

Елдегі оқу ісін жүргізудің жолдары, оқу кітаптарын жаңғырту, ғылым тілін қолдану, мектептегі оқытудың жайы, баспасөз міндеті тақырыптарын қозғай отырып, тың ойларын «Қайсысын қолданамыз?», «Ғылым тілі», «Ескеру керек», «Қазақ оқығандарына ашық хат», «Бүгінгі зор міндет», «Қазақ қызметкерлерінің міндеті», «Қазақтың қалам қайраткерлеріне» деген мақалаларында ашық айтады [2]. «Ғылым тілі (научный термин)» атты келесі мақаласында М. Әуезов халықты білім жолына ілгерілетудің, ағартудың нақты мәселелерін арнайы сөз етеді. 1917 жылы жазылған «Қайсысын қолданамыз?» деген мақалада автор қазақ мектептерінде оқудың біркелкі жалпыға ортақ бір қалыпқа түспей келе жатқандығын, оның оқу ісін, жалпы ғылым білімнің таралуына көп нұқсан келтіріп ортырғанын қынжыла атап көрсеткен еді. Қазақты көркейту үшін қай жол тиімді болмақ деген мәселе көтерілді. Түрік жолын таңдаймыз ба, жоқ сол түріктердің өзі үлгі етіп отырған Еуропа мәдениетін басшылыққа алу керек пе? Әуезов екінші жолды ұсынды. Бұл пікірге Илияс Ахмедов деген автор «Ғылым тілі» туралы жауап» атты хат жазып, төмендегідей уәжін айтады. «...Еуропа тіліндегі кітаптарды біліп кете алмасаң, жалғыз-жарым пән тілін кітаптарымызға араластырғаннан Еуропа бола аламыз ба?». Ғасыр басында «батысшылдар» мен «пантюркистер» деген екі бағыттағы қазақ зиялылары осы жөнінде біраз пікірталастарға барғандары белгілі. Жоғарыдағы екі мақала соның нақты көрінісі [3].

Мақала: «...Осы туралы орысша оқыған өз машығына, мұсылманша оқыған, өз машығына тартпай, дәлелімен қай тілдің мағынасы орамдырақ, қай тіл қазақтың өмір жөніне қолайлы, осыны салыстырып, біреуін ұстау керек. Сонан соң не мұсылманша оқығандар болып, не орысша оқығандар болып бір жағына елігіп, белгілі бір жолға түселік» – деп мәселені нақтылай қойып, көпке ой тастап, пікір алысуға шақырады. Кейінгі мақалада М.Әуезов халықтың сусап отырған рухани қажеті – оқу-білімді таратудың негізгі тетігі – ғылыми терминнің мән-жайын жан-жақты сөз етеді. Мұнда жас шәкірттің бойындағы қырағы көрегенділікті осы толғақты мәселелердің өз кезінде қаншалық маңызды екендігін, оның халық тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетін, жалпы қоғам өмірін дамытуға шешуші ықпал жасайтын қызметін автор әлемдегі басқа елдердің өсу сатыларын мысалға алып, саралай отырып дәлелдейді. Жазушы қазіргі өнер, ғылымдарға басты жаңалықтардың Еуропа елдерінде өркендеп жатқандығын, ол жаңалық қай елде шықса, сол елдің тілінде таратылатындығын ескерте келіп, біздің дін мұсылман туыстарымыздың өздерінің «Европаның дастарханының шетінен орын алып отырғанын» айтады. «Мәдениеттің кіндігі болған жерге тура тартпай, өзіміздің қалпымыздағы түрікті өткел қылғаннан гөрі...» заманның өзі көрсетіп отырған дәлелге, мойынсұну керек деген пікір тұжырымын ұсынады. Мұны автордың билеуші елдің ығына жығылып, саясат ыңғайынан емес, ғылыми тұрғыдан айтып отырғаны талассыз болса керек. М. Әуезов бұл ой-пікірлерін «Оқу ісі», «Земство һәм кооператив қауымдары» аты мақалаларында ары қарай жалғастырып, қазақ жағдайына сәйкес нақтылай түседі. Ал «Философия жайында», «Мәдениет һәм ұлт?» деген мақалаларында ғылымның жеке түрлерін саралап, олардың зерттеу объектісі, салалары, бір-бірімен, жалпы өмірмен байланысы, ара қатынасы жайлы шын мәніндегі ғылыми түсінік берсе, журналдың екі санына жалғасып жарияланған «Жапония» атты көлемді мақаласында жапон елінің тынымсыз ізденісімен, жанкешті еңбекшестігімен ғылым-білімді терең игеріп, жедел дамыту арқасында аз уақыттың ішінде дүниедегі алдыңғы қатарлы елдердің деңгейіне жету тәжірибесін үлгі етіп ұсынады.

Журналдың 6 санында М. Әуезовтің «Бірінші жалпы жастар съезі» және «Жастар ұйымдарына ашық хат» деген екі мақаласы жарияланды, Бұл мақала автордың қатысуымен 1918 жылы 5-13 мамырда Омбы қаласында өткен «Жалпы қазақ жастарының съезі» туралы есеп-хабар түрінде жазылған [1]. Алғашқы мақалада елдің жай-жапсары, кімдердің қатысып, қандай мәселелер талқыланғаны қысқаша хабарланса, екіншісінде сол қаралған мәселелер бойынша жасалған жобаның жалпы мазмұны баяндалады.

Журналдың 2 және 5 сандарында жарияланған «Абайдың өнері һәм қызметі», Абайдан соңғы ақындар» деген екі мақаланы ерекше атап өтуге тиіспіз. Ұлы ақынның есімімен атап, «...талабым – таяғым, жігерім – азығым, маңдайыма ұстаған ақын Абай - қазығым деп шығарып отырған» журналға ол туралы еңбектерге ерекше мән беріп, ерте бастан ыждахатты дайындықпен арнайы жоспарлануы өзен-өзі түсінікті де еді.

Бұл мақалалар М. Әуезовтің әдебиет тақырыбына, Абай туралы жазған алғашқы еңбегі еді. Соған қарамастан, оның «Абайтану» ғылымына, жалпы әдебиеттануға іштей мол дайындықпен, терең білімдарлықпен қадам басқанына таң қалмасқа мүмкін емес. Журналдың біз қарастырып өткен санының әрқайсысында дерлік жазушының 1-2-ден шығармалары үзбей жарияланып тұрған екен.



Сызбадан көріп отырғанымыз кілең өз атымен берген материалдар. Ал ел ішінен жинап әкеп, журналға арнап М.Әуезов әзірлеген, басқалардың атынан немесе авторсыз жарияланған материалдар қанша ма? Оның бәрін айғақтап, анықтап жату мүмкін емес.

Қорытынды ой түйер болсақ, елінің тәуелсіздігі жолындағы М.Әуезовтің сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Осыған сай, Мұхтардың мына бір сөзі бар: «Тарихта адамзаттың бақытына туып, мәңгі өлмес мұра қалдыратын қайраткерлер болғаны мәлім. Мұндай ұлы азаматтар адам баласының өмірімен мәңгі жасайды. Қаншама ғасыр өтсе де ұмыт болмай, жаңа даңққа, қадір-құрметке бөлене береді». Міне, Мұхтардың осы бір сөзі дәл өзіне қаратылып айтылғандай. Жоғарыда қарастырып өткен мақала еңбектерінің ұлы жазушының кенелген үлкен өнер-ғылым жолына қадам басуының алғашқы сатылары ретінде оның өсіп қалыптасу кезеңдерімен кең-мол мағлұматтар беріп қана қоймай, біздің бүгінгі өмірдің, тәуелсіз елдің ең толғақты келелі мәселелерімен де тікелей үндесіп тұрғандай. Көсемсөздерінде айтылған пікірлер өзінің құндылығын бүгін де жойған жоқ, қайта мән-маңызы арта түскендей. Сондықтан да М. Әуезовтің басқа мақалаларының маңызы мен мәні әр уақыт жоғары екендігі сөзсіз. Сондықтан өшпек, өлмек емес мұра қалдырған Мұхтар бейнесі өмірде қайта тіріліп, мәңгі қайта келгендей...

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997.
2. Жанаева Ш. «Мұхтар Әуезов тіл туралы» // – 14 ақпан 2003, 7-б.
3. Марқабаяев А. Семинарист Мұхтар ғылым гравитациясында. – Ертіс өңірі // 8 сәуір 2003, 25 б.

ҒТАХР: 17.07.65

ПРОЗАДАҒЫ ӘДЕБИ ПСИХОЛОГИЗМ

*Сабыржан Н.С., магистрант, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.,
А. Байтұрсынов университеті, snrsltan@mail.ru*

Психологизм – кейіпкердің ойы мен іс-әрекетінің кереғарлығы, сана қақтығысынан тұратын ерекше көркемдік жүйе [1, 7 б]. Ескере кететін жайт, әдеби шығармада кейіпкер мен автордың ой-толғамы, сана ағысы қаншалықты қарама-қайшы болғанымен жүйелілік сақталады. Психологизм жайлы сөз қозғағанда психология ғылымында төңкеріс жасап, талайға дейін өзінің идеяларымен көптің назарын аударған Зигмунд Фрейдке тоқталмай кетуге болмас. Ол өзінің қызықты зерттеулері, адам санасына сыя бермес қорытындылары арқылы батыс әлемінде үлкен төңкеріс жасаған болатын. Ал шәкірті Карл Густав Юнг болса, оның зерттеулерін ары қарай жалғастырып, психологизмнің бұған дейін белгісіз болып келген бұрыш-бұрылыстарына жол салды. Көркем шығарманы мифтік жағынан зерттеудің алғашқы үлгісін де осы ғалым енгізген болатын. К.Г.Юнг әдеби шығармаға психологиялық көзқарас әдеби көзқарастан өзгеше болып келетінін айтады. Біріншісі үшін маңызды саналатын нәрсе екіншісі үшін ешқандай маңызға ие болмауы мүмкін. Сол сияқты әдеби көзқарас тұрғысынан қажетсіз саналатын детальдің психологиялық көзқарас тұрғысынан маңызды рөл ойнауы ықтимал. Мысалға, психологиялық романды оқыған әдебиет сыншысы одан өзіне қажетті, әдеби көзқарасқа лайық ешнәрсе таппаса, керісінше оны оқыған психологтың алып-қосар дүниесі болары сөзсіз.

Әңгімені психологиялық жағынан қарастыру үшін оның төмендегідей жанрлық ерекшеліктерін айқындап алу керек:

Біріншіден, психологиялық прозада оқиға, кейіпкер, кезең, тақырып, уақыт, идея т.б. деген мәселелер алдыңғы сапқа шыға қоймайды.

Екіншіден, мұнда ең бастысы – адамның ішкі өмірі, өмір мен өлім арасындағы кезеңде адамзат бастан кешіретін азапты тағдыр тәлкегі, кейіпкердің күрделі тұлғаға айналуы көркемдік назарға алынады. Шығармада шым-шытырық оқиғалар тізбегінен гөрі жеке адам санасындағы сапалық өзгеріс, рухани қопарылыс, ішкі сезімдік құбылыстар тереңдетіле талданады.

Үшіншіден, психологиялық прозаның эстетикалық, көркемдік әлемі өзінің жанрлық, көркемдік, стильдік талабына сай жеке санада жүріп жатқан ой мен сезім қайшылықтарын, сөз бен іс сәйкессіздіктерін тереңдеп талдап, көркемдік жүйеде саралайды.

Психологиялық бейнелеу құралдарын келесідей бөліп қарастырамыз:

Бірінші – психологиялық бейнелеудің «тура» түрі, бұл кейіпкердің жан дүниесін көркемдік таным тұрғысынан танып-білу, яғни, ішкі сөз, қағытпа, өзін-өзі бақылау, ойша елестету, ішкі монолог, еске алу және елестету т.б. арқылы психологиялық талдау жасау. Оның ішінде ішкі монолог арқылы адам психологиясының қалтарыстарына жасырынған түрлі ой ағындарын, сезім иірімдерін анықтау.

Екінші – психиканы бейнелеудегі сыртқы психологиялық қимыл-көріністерге – ым мен ишаратқа мән беру, оның басқа да түрлерін қолдану.

Үшінші – осы екі тәсілді тұтастандыра беретін авторлық психологиялық баяндау [1, 14 б].

Осы айтылған бейнелеу құралдарын Асқар Алтайдың «Шаһид» және «Түсік» әңгімелерінен талдап көрейік. Адам жанының қатпар-қатпар қалтарыстарына, түкпіріне тығылған сан ойларының күрмеуі ағытылып, сыналар сәттің сағаты соғуға таяған уақытта не бел, не белбеу кетерлік әлдеқандай оқиғаның орын алары «Шаһид» әңгімесіндегі кейіпкер тағдырымен көрсетілген. Есімін дөп басып атамаса да, іс әрекетінен, тұрағынан, сөздерінен билік басындағы әлдебір шенді-шекпенді шонжар екенін танимыз. Жастығымен, мастығымен айналасына көз тоқтатып қарамай, ұрандатқан көпшіліктің ығымен кеткен бейбақтың жасы отыздан асқанда оңы мен солына кеш те болса назар салуынан бір жылымықтың лебі ескендей болады. Қолында билігі мен байлығы бар тұста шайқап ішіп, халықтың емес қарынның қамын ойлағаны үшін өзін жазғырады. Жазғырып жүріп өзін мазалаған ар-ұятымен кезіккендей болады. Бір сәт қуанып қаласың. Алайда, ар мен ұяттың атын жамылып келген, өзі «елес» деп кіші әріппен ат қойып, айдар таққан бәзбіреудің алғашқы сөздерінен-ақ сайтани ойларды ұғына бастайсың. Жанның әлсіздігін пайдаланып, қорқытып, үркітпек болған «елестің» алдында кейіпкеріміз алғашында аяғынан жығыла бастағандай күй кешеді. «Иең менмін» деп тепсінген сайтани ойдың кейбір сөздерінен расымен де шындықтың шылбыры сезілгенімен, бәрібір де түбінде орға жықпақ құпия мысқылды байқаймыз. «Шаһидтағы» бас кейіпкеріміздің жадына тоқып алған жасырын ойы өзі қызмет етіп, табанын жалаған жалмауыз биліктің күлін көкке ұшыру. Жер-дүниені төңкеріп жіберердей тірлік қолынан келмесе де бәрінің мазасын қашыратын мәлімдеме жасап, арының алдында ақталмақ. Соңғы бөлімдегі елеспен тартысы жаңа деңгейде өрбіп, оны көрсе осыған дейін өне бойы дірілдеп, қалшылдайтын беймаза қылығынан арылып, тең дәрежеде тіреседі. Билік пен Биіктіктің арасындағы дәнекер болмақ болған «сайтани ойдың» бас кейіпкерді оққағарының қолымен «шаһид» етіп, ана дүниеге аттандырып салуы көңіліміздегі балалық шағымызда естіген, білетін кейбір жайттардың елесін оятатындай. Сайып келгенде еліміздегі саяси ойындардың құрбаны болып кеткен кей ағаларымыздың тағдырын адам мен адам ойының тартысына алмастырып суреттеген суреткер сұңғылалығына еріксіз тәнті боламыз.

Бұл әңгіме бір ғана кейіпкердің ішкі монологы іспетті құрылған. Қалың ойдың шырмауына іліккен кейіпкеріміз өзіне қарама-қарсы тағы бір бейнені ой арқылы құрастырып алады. Ең алдымен бұл әңгімені түс көру арқылы қарастырып көрейік. Түс көру адам санасының еріктен тыс өткеретін құбылысы. Бір күнге арналған миссиясын аяқтаған жан мен тәннің келесі күнге дайындығы десек те болады. Түсті жантану ғылымы тұрғысынан зерттеген Жүсіпбек Аймауытов «адамның есі бүтін болмайтын күйлері болады. Сондай күйдің бірі – түс көру. Ұйқы дегеніміз – мерзімді демалыс, тыныс алыс. Ұйықтаған адамда сана не мүлдем болмайды, не кем болады... Шырт ұйқыда жатқанда адам түк сезбейді. Бірер ұйықтап алған соң, ұйқы сергек бола бастайды, ұйқылы-оюу деген күйге келеді. Сондай кезде санамыз кіресілі-шығасылы болып, түс көрсек керек. Түс дегеніміз ояуда көретін нәрселердің пернесі болады. Түсімізде сол пернелерді өңіміздегі екен деп ойлаймыз» [2, 192 б].

«...Қылпып тұрған қоңыр сапты ұстарамен бұғақты тамағын орып кеп жіберді» [3, 102 б]. Түс көру барысында кейіпкер сезінген – ауырсыну, булығы, ышқыну, өксу, үрей, қара терге малшыну секілді физиологиялық және физиономиялық өзгерістер мен сезімдерді суреттеу қаламгердің негізгі міндеті. Әңгіменің басында кейіпкер өзін-өзі еден паркетте қойша бауыздап жатқанын көреді. Мойнын

пышақпен орып жіберсе де аяқ-қолының жиырылып, өзін босатпай жатқанын түсінеді. Кенеттен болған санадан тыс оқиғаға мойынсына алмаған САНАның қарсылығы көрінеді. Бейсана арқылы қолындағы лыпып тұрған ұстарамен қыл тамақтан бар күшімен тартып жібереді. Сол кезде ғана «санасы суына сергіп сала берді». Түсінен шошып оянған пенденің алакөлеңке үй-ішіне көз жүгіртіп, ендігі ұйқыдан мән кеткенін түсінгеннен кейінгі әрекетін автор Омар һаямның таңдамалы кітаптарын, әсіресе шарап туралы жырларын оқымақ болған әрекеті арқылы көрсетеді.

Демек «шаһидтің» түсінен шошына Омар һаямға жүгінбек болғанынан оның бұған дейін де осындай қорқынышты түстерді көріп жүргенін байқауға болады. Сол әдетпен жанының жарасын емдемек болса да көңілін әлдеқандай көңілсіздік басып шайырдың шалқытатын жырларына еніп кете алмайды. Бойын әлдебір қорқынышты үрей басады. Не істерін білмеген кейіпкердің торығуы мен қорқуынан өзімен-өзі сөйлесуін, яғни автордың ішкі монологқа барғанын аңғарамыз. Өлімнің сұлулығын сипаттаған жапон жазушысы Юкио Мисима тәрізді Асқар Алтайдың кейіпкерлері де өмір мен өлім арасындағы қандай да бір тосқауылға, бөгетке тірелген күй кешіп жүреді. Өткен өмірлерін көз алдына келтірген оның нағыз арлы өлімді іздеуі жанын жегідей жеп бара жатқан күнәсі мен кінәсінің мазалауы тәрізді.

Жоғарыда келтірілген мысалдар арқылы қазақ прозасындағы әдеби психологизм жайлы толыққанды ақпарат беру мүмкін еместігі белгілі. Солай бола тұра, әдеби психологизмнің алғышарттары қандай екенін, қазіргі заманғы прозада кезігетін тұстарын бөліп көрсету арқылы оқушыға айтқымыз келген дүниемізді сәл де болса жеткізе алдық деп білеміз.

Әдебиеттер

1. Пірәлиева Г. Қазақтың көркем прозасындағы психологизм табиғаты және оның бейнелеу құралдары. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. Оқу құралы – Алматы: 2007, – 359 б.
2. Аймауытов Ж. «Бес томдық шығармалар жинағы» IV том. Психология. Алматы, «Ғылым», 1998. – 488 б
3. Алтай А. «Киллер сауысқан». Повесттер мен әңгімелер. – Алматы: «Арда+7», 2013. – 400 бет.

СЕКЦИЯ 2: М. АУЭЗОВ И АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

ҒТАХР: 17.07.21

«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ САЛТ-ДӘСТҮРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ
ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Сайфуллаев Б.Н., оқытушы

Өзбекстан Республикасы, Ташкент қ.,

Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университеті

bauirjan_sayfullayev96@mail.ru

«Абай жолы» роман-эпопеясында Мұхтар Әуезов ұлы ақын Абай Құнанбаевтың жеке өмірін, күресін ғана суреттеп қоймайды, сонымен бірге ақын өмір сүрген сол дәуірдің шындығын мейлінше мол әрі терең бейнелейді. «Абай жолы» роман-эпопеясында, суретшінің дәуір шындығы, феодалдық-рулық тартыстар, көшпелі қоғамдағы топтың жіктелуі, қарапайым еңбек адамының аянышты, азапты өмірі ғана емес, XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ халқының таным-түсінігі, әдет-ғұрпы, салт-жоралғылары, көшпелі тұрмысы, бір сөзбен айтқанда, қазақ халқының өмірі, жан-жақты эпикалық планда, энциклопедиялық тұрғыдан терең суреттеліп жазылған.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, өмір сүруін жан-жақты бейнелейтін Мұхтар Әуезовтің энциклопедиялық «Абай жолы» роман-эпопеясындағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, халықтың әдет-ғұрпын фразеологиялық терең суреттелген тұсын ғана алып талдайтын болсақ. Біз қазір белгілі бір жағдайда орындалатын халқымыздың салт-дәстүрін ондағы қолданылған тұрақты сөз тіркестері туралы біле бермейміз.

Халық қазынасы болған фразеологизмдердің талай заманды басынан көшіріп, өңделе, ажарлана отырып, әбден шындалған сарасы ғана халық санасында сақталады.

Мен ғылыми жұмысты жазу барысында салт-дәстүрге байланысты қолданылатын фразеологизмдердің берілу жолдарына, олардың сөз табына қатыстылығы мәселелеріне тоқталдым. Сонымен қатар, салт-дәстүрлеріміздің ішіндегі ауқымдыларына, яғни қыз ұзатуға байланысты қолданылатын салт-дәстүрлеріміздің тұрақты тіркестермен берілуіне, қаза ғұрыптарының тұрақты тіркестермен берілуіне және де балаға байланысты қолданылатын салт-дәстүрлеріміздің тұрақты тіркестермен берілу жолдарына, олардың көркем шығармада қолданылуына тоқталып, нақты мысалдармен дәлелдеуге әрекет жасадым.

I. Кеңесбаевтің авторлығымен жарыққа шыққан «Фразеологиялық сөздікті» басшылыққа ала отырып, ондағы кездесетін салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты қолданылатын фразеологизмдердің берілу жолдарына тоқталып, фразеологиялық сөздік тілдегі сан алуан сөз тіркестерін қамтиды. Қазақ тілі неше қилы фразеологиялық сөз тіркестеріне өте бай, соның ішінде салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты қолданылатын фразеологизмдер де молынан қамтылған. Сөздікте әрбір фразеологизмдердің мағынасына түсініктеме беріліп, қолданылу орайы келтірілген. Сонымен қатар, қазақ фразеологизмдерінің синонимдері мен варианттары да, мүмкін болғанынша жинақталып берілген. Кей жағдайда салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты қолданылатын фразеологизмдердің пайда болуы жайы да сөз болып отырады. Яғни, бұдан лексикология мен фразеологизмдер өзара тығыз байланыста екенін көре аламыз. Жалпы фразеологизмдер сөздікте берілгенде ұйытқы сөздің ұясына топтастырылады. Сонымен қатар, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты қолданылатын фразеологизмдер де сол заңдылықпен топтастырылған десек қателеспейміз. Мәселен, сөздікте қайтыс болған адамның артын күтуді бірнеше фразеологизмдермен берген. Атап айтатын болсақ:

1. *Дүниеге гүлі солған, шырағы сөнген* тұлдырдай қарап жүдеді. «Абай жолы» роман-эпопеясы 278-бет.

Гүлі солған, шырағы сөнген – өлген адам.

2. Бірақ әрқашан: *«Ұшқан шыбын, жоғалған қоңыз жоқ* қайтып келеді». «Абай жолы» роман-эпопеясы 329-бет.

Ұшқан шыбын, жоғалған қоңыз жоқ – қыбыр еткен жан жоқ.

3. Аңыраған ел, жер қойысқан қалың топыр боп кеп бірнеше күн жыласып аза салып болды да, Бөжейдің *жаназасын шығарды*. «Абай жолы» роман-эпопеясы 179-бет.

Жаназасын шығарды – өлген адамға құран шығарды.

4. Құнанбайдың үлкен үйі үш саба, бір ту бие, бір той сойыс апарарды және *азаға салғанымбар* деп Зере мен Ұлжан түйе апаратын болды. «Абай жолы» роман-эпопеясы 176-бет.

Азаға салғаным – қаралы үйге жиын асына, асқа, деп үлес сыбаға беру.

5. Өткен түні ел жатар кезде *жантәслім* қыпты. «Абай жолы» роман-эпопеясы 173-бет.

Жантәслім – қаза болды, қайтыс болды.

Көріп отырғанымыздай, мұндағы тіркестердің бәрі де бір ғана «аза» сөзінің бойына топтастырылған. Мұның бәрі де тілімізде жарыса қолданылады. Сондықтан да сөздікте мағынасын ашып, қолданылу аясын анықтап көрсеткен. Осы қаза ғұрыптарына байланысты қолданылатын тұрақты тіркестер баршылық.

Сонымен қатар, «ұрын келудің» «қалыңдық ойнау» тіркесімен де кездесетін кездері болады. Ал «есік көрсетуді» «ірге көру» деп те атайды. Ойымызды нақты әрі дәлелді қорыту үшін көркем шығармадан алынған мысалдармен дәлелдеп өтейік.

М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында «ұрын келуге» байланысты мынадай мысал келтіреді.

Осы байлаумен қатар, Құнанбай енді Ұлжанның басқа екі баласы туралы да жаңалық айтты. Оның біреуі – Тәкежан туралы. Былтыр ұрын барып келген Тәкежан енді осы жақында үйленбек. Қайны болса, бар малын алған.

Айтылған ойымызды қорытындылайтын болсақ, «ұрын келудің» «есік көрсету», «ірге көру», «қалыңдық ойнау», «қынаменде» деген синонимдері бар екенін байқадық. Жалпы тұрақты тіркестер жеке сөздің орнына жұмсалып қана қоймайды, сонымен қатар мән-мағынасы жағынан үйлес келіп, бірінің орнына бірі балама болып та қолданыла береді. Мұндай құбылыс тіл білімінде фразеологиялық синонимдер деп аталатыны баршамызға белгілі. Қазақ тілі лексикалық синонимдерге қандай бай болса, фразеологиялық синонимдерге де соншалықты бай.

Тілдегі лексикалық синонимдер мен фразеологиялық синонимдер екеуі екі түрлі аталғанмен түптеп келгенде, бір мақсатқа қызмет етеді. Ол мақсат – ойлаған ойды жеткізе, жан-жақты баяндау болып табылады. Сондықтан бұл екеуі үнемі бірлікте, өзара тығыз қарым-қатынаста, тұтас бір бүтін нәрсенің екі жағы деп қаралуға тиіс.

«Салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты қолданылатын фразеологизмдердің сөз табына қатыстылығы» деген тараушасында олардың қай сөз табына жататындығы қарастырылды және де оларды нақты мысалдармен дәлелдеп отырдық.

Тұрақты тіркестердің белгілі сөз табына қатыстылығын әрбір тіркестердегі сөздердің грамматикалық сипатына қарап танып білуге болады. Алайда, тіркестегі негізгі сөздердің лексика-грамматикалық мағынасы мен фразеологизмдердің тудыратын мағыналары үшін үнемі сәйкес келе бермейді. Мәселен, «арасынан қыл өтпейді» деген идиомның сыртқы грамматикалық сипатына қарасақ, етістікке жататын сияқты. Ал мұның беретін ұғымы тату-тәтті дос деген сын есімге қатысты болып тұр. Олай болса, фразеологизмдердің қай сөз табына қатыстылығын анықтау үшін, негізгі сөз бен жалпы тіркестен тұратын фразеологиялық мағынаны салыстырып отыру қажет.

Жалпы қазақ тіліндегі фразеологизмдердің сөз табына қатыстылығы жағынан ең көбі етістік фразеологизмдер. Онан кейінгілері сындық және заттық мағынадағы фразеологизмдер. Бұл үшеуінен азырағы үстеу мағынасындағы фразеологизмдер. Бұлар жалпы фразеологизмдердің сөз табына қатыстылығы туралы айтылса, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты қолданылатын фразеологизмдер де осы заңдылықтың негізінде жасалады. Оларды жинақтай келгенде, мұнда да етістік мағыналы, зат есім мағыналы және етістік мағыналы фразеологизмдердің көптеп кездесетінін байқадық. Негізінде фразеологизмдерді нақты бір сөз табына жатады деу – қате түсінік. Олар контекске, яғни сөйлемдегі беретін мағынасына, атқаратын қызметіне байланысты болып келеді. Етістікке жатады деп дәлелдеген фразеологизміміз сөйлем ішінде зат есім болып шығуы әбден мүмкін. Мысалы, «құда түсу» деген тұрақты тіркеспен келген салт-дәстүр сырт тұлғасы жағынан етістік сөз табына жатады, сөйлемде етістік қызметін атқарады. Мысалы:

Әкесі төрде сілейіп әлі тұр. Кемпірі: «Оу, сен сабазға не болған?» – деп еді, сонда барып тіл бітті. «Е, қатын, Қыдырбайға құда түстім, ырзық дарыған үй еді, қызын беретін болды» – деді.

Бұл сөйлемде «құда түсу» етістік болып тұр. Ал, осы «құда түсу» кейде субстантивтеніп барып, яғни заттанып зет есімнің қызметінде жұмсалатын кездері де болады. Мысалы:

1. Бірақ, кімге... Енді құда түсе келген біреуіне беріп жіберсе, бұған дейін құда түскендер одан сайын өшікпей ме...

2. Әжем күліп алды:

– Алдымен мына шүйкебастарға құда түскендерден қалыңмал алайын. Қабырғамызға шыр байлап алайықшы. Сонан соң іздеп жүріп, сұлу қалыңдық тауып берем.

Бұдан шығатын қорытынды, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты қолданылатын фразеологизмдердің құрамы жағынан ең кең қолданыс тапқаны – етістік пен есімдер тобы және үстеу мағыналы фразеологизмдер де кездесіп отырады. Құрылысы жағынан мол кездесетіні – есім мен етістіктің тіркесіп келуі.

Жазушы өз шығармасында фразеологиялық тіркестерді орайын тауып, молынан қолдануы шығарманың тілін әрі бай, әрі нәрлі етеді. Біздің «Салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты қолданылатын фразеологизмдердің көркем әдебиеттегі көрінісі» атты тарауымызда осы мәселелерді қарастырған болатынбыз.

Фразеологизмдер көркем шығарма тілін жандандырумен бірге, шығарма тіліне ұлттық колорит те береді. М. Әуезов туындысында фразеологизмдер, соның ішінде қаза ғұрыптарына байланысты қолданылатын фразеологизмдер, міне, осындай қасиетімен көзге түседі. «Қаза ғұрыптарына байланысты қолданылатын фразеологизмдердің тұрақты тіркестермен берілуі» атты тарауымызда қаза ғұрыптарының мағыналары ашылып, олардың атқаратын қызметтерін көркем шығармадан алынған нақты мысалдармен дәлелдеп өттік. Қазақ халқында қаза ғұрыптарының саны біршама баршылық.

Сонымен қатар, балаға байланысты қолданылатын тұрақты тіркестерді де осы заңдылықтардың негізінде жүйелеп, олардың мағыналарын ашып, қазақ халқында олардың алатын орындарының қандай екенін дәлелдеп отырдық.

Қорыта айтатын болсақ, қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрыпына байланысты қолданылатын фразеологизмдерінің өзіндік орны, маңыздылығы бар екеніне көзімізді жеткіздік. Алға қойған міндеттерді орындау барысында Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында тұрақты сөз тіркестерінен ұтымды пайдалана алған.

Әдебиеттер

1. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
2. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 б.
3. Әуезов М. Шығармалар: Он екі томдық. Төртінші том. – Алматы: Жазушы, 1968. – 398 б.
4. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. Көмекші оқу құралы. – Алматы, Санат, 1997. – 128 б.
5. Кеңесбеу І. Қазақ тілінің сөзтаптары. ДД. – Алматы, 1944. – 196 б.
6. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 218 б.
7. Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. Алматы: Мектеп, 1972. – 110 б.
8. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Үшінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2002. – 296 б.
9. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Төртінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2002. – 316 б.

FTAXP: 16.31.02

NATIONAL VALUE WORLDVIEW: THEORETICAL ANALYSIS

Uaikhanova M.A., PhD, associate professor

Kazakhstan, Pavlodar, NJSC «Toraighyrov University», mira.p2011@mail.ru

Yergaliyeva S.Zh., PhD, associate professor

Kazakhstan, Pavlodar, NJSC «Toraighyrov University», samal17.12@mail.ru

Sakhariyeva A.Zh., master of Philology, Senior Lecturer

Kazakhstan, Pavlodar, NJSC «Toraighyrov University», s_aygul@mail.ru

This article was supported by a grant from the MES RK, project AP13068417 «Axiological Dominants of Kazakh Linguistic Culture: Traditions and Innovation (based on the material of Everyday Virtual Communication)».

The linguistic worldview reflects the national and cultural specifics of the worldview of the people - the bearer of this language. «Language colors the conceptual model of the world in national and cultural colors through the system of its meanings and their associations» [1, p.177].

The national worldview reflects the historical experience of a single nation, which is realized in the identity and national-cultural identity of the people's worldview. This attitude is mediated in language, in literature, in written discourse, and is displayed in people's speech.

The national worldview is of extraordinary interest to any researcher, since it is almost impossible to comprehend someone else's national view, but it is necessary to approach it in the process of understanding. This is quite accessible, since in the thinking of each nation a national image of the world is conceptualized, this conceptualization takes place against the background of the formation of a general model of the world, which means the image of the world as a result of recoding the signals perceived by the individual from the surrounding reality. The image of the world is universal and national, if you imagine the model of the world in the form of a thing, then its structure may be the same for many peoples, but the reality will be different every time.

The national linguistic worldview is the result of the reflection of the objective world by the ordinary (linguistic) consciousness of a particular linguistic community, a particular ethnic group; an individual national linguistic worldview is the result of the reflection of the objective world by the ordinary (linguistic) consciousness of an individual – a native speaker of a particular national language.

Any national language performs important functions: communicative, informative, emotive and, most importantly, the function of storing the entire complex of knowledge and ideas of a given language community about the world. The participation of the national language in the preservation of knowledge about the world is carried out at two levels: firstly, in the language itself, in the semantic systems of the dictionary and grammar; secondly, with the help of language in speech, in written and oral messages created in the language.

According to R.Kh. Khairullina, the national linguistic worldview is a phenomenon that unites many linguistic microworlds, the existence of which is determined both by the multifunctionality of the language and by the goals of people's communication in various spheres of their activity and existence in general [2, p.40-41].

The national linguistic worldview is «a component, the level of linguistic mentality responsible for the embodiment of knowledge about the world, its linguo-cognitive level» [3, p.172]. O.A. Kornilov argues that «the national linguistic worldview is the result of the collective consciousness of the ethnos reflecting the outside world in the process of its historical development, including the knowledge of this world. The external world and consciousness are two factors that give rise to a linguistic worldview of any national language» [4, p. 144].

The national image of the world, according to G.D. Gachev, «includes three levels: national space, way of life, language; national character, national soul; national way of thinking, way of representing the world, outlook on being, hierarchy of values. Each epoch generates its own image» [5, p. 7-81].

The national-cultural feature of any language is reflected primarily in the ethno-cultural vocabulary. Ethnocultural vocabulary conveys the material culture of the people, reconstructing a fragment of the national linguistic worldview. The national language, being both a creation and an instrument of culture, creates a person, determines his actions, way of life, creed, mentality, national character, ideology.

V.A. Maslova notes that linguistic stereotypes are not identical to psychological stereotypes - concepts about objects, manifestations of the social and natural environment. The presence of such stereotypes is one of the indispensable conditions for the formation of a national worldview [6, p.64]. Following V.A. Maslova G. M. Alimzhanova identifies two factors in the generation of a national linguistic worldview of any language - the surrounding world and consciousness. Each ethnic group cognizes its objective world differently. It has its own verbal appearance, unique for each nation, formed from the national mentality, which is closely interconnected with natural conditions [7].

Linguists believe that the concept opens the way for penetration into the inner nature of a person. Concepts create in the mind of a linguistic personality a picture of the surrounding cultural reality. They represent the initial cultural incarnations. The totality of concepts in the mind of a linguistic personality constitutes a valuable picture of the world, providing mutual understanding between the representations of one linguistic culture.

The ethnos' ideas about the environment, which are fixed as a concept in mental and linguistic form, have both universal and specific features, due to the qualities of the national culture, which is an integral part of the universal culture. Universal concepts in the national culture take on a specific color, determined by life activity, type of management, worldview of a certain ethnic group. Consequently, in any national worldview it is possible to identify universal concepts that have nationally oriented properties in this ethnocultural worldview. Also, the most specific national concepts can enter into the linguistic national worldview [7].

It can be assumed that the national cultural the worldview is primary in relation to the linguistic one. It is fuller, richer and deeper than the corresponding linguistic. However, it is the language that realizes, verbalizes the national cultural picture of the world, stores it and passes it on from generation to generation. Language captures far from everything that is in the national vision of the world, but it is able to describe everything [7].

Language is a «guide to social reality» and it determines our way of thinking and processes our feelings [8, p. 282-284], and in order to master the method of worldview of an ethnos, it is necessary to focus on linguistic units. Particular attention to the study of the meaning and functioning of linguistic units has led to the recognition that «the content of a language unit is not limited to the conceptual component, but is essentially associated with nationally oriented, culturally conditioned collective knowledge about objects and phenomena of reality» [9, p. 72].

Each culture develops its own language and its own model of the world, in which the linguistic elements of a given language acquire and enrich their meaning. The language reflects culture, so the word and other linguistic units take on additional, linguocultural semantics, a special symbolic meaning in the language of culture. «The cultural semantics of the word is specific in each language, since it reflects a special vision of the designated object by the native speaker of the language-culture. This allows us to qualify cultural semantics as a trace of the national view on this subject» [9, p. 72].

Each culture develops its own language and its own model of the world, in which the linguistic elements of a given language acquire and enrich their meaning. The language reflects culture, so the word and other linguistic units take on additional, linguocultural semantics, a special symbolic meaning in the language of culture. «The cultural semantics of the word is specific in each language, since it reflects a special vision of the designated object by the native speaker of the language-culture. This allows us to qualify cultural semantics as a trace of the national view on this subject» [9, p. 72].

So, one and the same concept, one and the same fragment of reality distinguish different forms of linguistic embodiment in different languages. Words from different languages denoting the same concept can be differentiated by semantic capacity, can cover different pieces of reality. «Pieces of the puzzle, representing a worldview, can vary in size in different languages, depending on the amount of conceptual material resulting from the reflection in the human brain of the world around him. The linguistic worldview is always subjective, it captures the perception, comprehension and understanding of the world by a particular ethnic group» [7].

M.J. Tagaev notes that «some features of the national character of the ethnic group and the social behavior of its representatives, the understanding and explanation of which does not lie on the surface. We can observe and describe facts, but without a deep theoretical analysis it is difficult to uncover the inner springs of people's social behavior, which, when viewed from the standpoint of another culture, seems irrational» [10, p. 165]. In this regard, the ideas of A.A. Brudny about the understanding and values of culture and W. von Humboldt about the close connection between language and culture and their influence on the formation of the national character of an ethnos provide some guidelines for solving these problems.

Thus, any knowledge about the objects of the real and unreal world is correlated with the value attitudes of the cognizing person, containing evaluative or emotional-evaluative components. Being fixed in the verbal incarnation, our knowledge is built into the general – in this case – linguistic worldview.

References

1. The role of the human factor in language: Language and picture of the world / ed. ed. B.A. Serebrennikov. – M.: Nauka, 1988. – 216 p.
2. Khairullina R.Kh. Picture of the world in Russian phraseology (in comparison with Bashkir parallels). – M.: Prometheus, 1996. – 147 p.
3. Radbil T.B. Fundamentals of the study of language mentality. – M.: Flinta: Nauka, 2010. – 238 p.
4. Kornilov O.A. Language pictures of the world as derivatives of national mentalities. – M.: Che Ro, 2003. – 349 p.
5. Gachev G.D. National images of the world. – M.: Publishing Center "Academy", 1998. – 432 p.
6. Maslova V.A. Cognitive linguistics [Text] / V.A. Maslova. – Minsk: Tetra Systems, 2004. – 256 p.
7. Alimzhanova G.M. Comparative linguoculturology: essence, principles, units: author. dis. ... Dr. Philol. Sciences. – Almaty, 2010. – 46 p.
8. Sapir E. Selected works on linguistics and cultural studies: translated from English. – M.: Progress, 2002. – S. 231-254.
9. Sabitova Z.K. Linguoculturology: textbook / Z.K. Sabitova. – M.: Flinta: Nauka, 2013. – 528 p.
10. Tagaev M.J., Borchieva B.T. Cultural-linguistic archetypes of national mentality as regulators of the social behavior of the individual // Vestnik KRSU. Kyrgyz-Russian Slavic University. – T.17 – No. 4. – Bishkek, 2017. – P. 164-169

ЭТИМОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ЭТНОНИМОВ «КИРГИЗ», «ЧЕРКАС» И «КАЗАК»

Илиуф Хаджи-Мурат, к.ф.н.
Республика Казахстан, г. Семей,
Университет Шакарима, murat_20@mail.ru

По свидетельству историка и этнографа КурбангалиХалида (1843-1913), русские чиновники, служившие в Казахстане, не раз на слова местных жителей “Menqazaqrın”, букв. “Я – казах”, заявляли: “Какой ты казак, ты – киргиз”. Почему казахов называли киргизами? Предположения о том, что название небольшого среднеазиатского народа, проживающего в далеких горах Алатау и Тянь-Шаня, русские ошибочно перенесли на соседей – жителей приграничных степей, с которыми имели непосредственные отношения со времен Золотой Орды, явно неубедительны. Сомнительным представляется и мнение о названии казахов по имени малочисленной южносибирской народности киргыз, вошедшей в состав тувинцев и хакасов.



Известно, что в средние века в верховьях Енисея обитала народность киргызов, создавших государство – Кыргызский каганат. Памятники древнетюркской и китайской письменности сохранили название древнего этноса qırqız. В челобитных русских служилых людей сказано о “великих ордах” – туземных племенах, обитавших в Сибири, среди которых они называют черных и белых калмаков и киргисских людей. У тувинцев, хакасов и якутов имеются роды qırğız ~ hırhis ~ qırğis. Чокан Валиханов в своих трудах упоминает о qırğız-qalmaq’ax, проживавших в Южной Сибири. Кроме того, с народностью киргыз генетически связаны этнические группы qırğis ~ hırğis среди бурят-булагатов и монголов-дархатов.

Отметим также, что в фольклоре якутов их далекие предки именуется словом qırğis. Потомками древней сибирской народности является этническая группа qırğız (ок. 700 чел.), проживающая в уезде Фууй на северо-востоке Китая. Персонаж казахской героической поэмы “Кобланды” иранский шах Казан-хан, обращаясь к богатырю из племени кара-кипчак, называет его jasqırğız ‘молодой киргиз’. Главный герой поэмы “Yer-Tarğın” на распросы крымского хана, узнавшего о его отваге в битве ногайцев против калмыков, отвечает, что он – киргиз (Menqırğızbın).

Рассматривая этимологию слова *киргыз*, следует поведать о следующем факте. Старшая сестра однажды услышала, как наша родная тетя MäyŞäräb-арау (казанская татарка) назвала своего мужа, уроженца восточно-казахстанского села Булак, словом qırğız. После этого сестраполагала, что Ahmät-jizniу по национальности – киргиз.




Приведенные факты свидетельствуют о том, что слово *кыргыз* (qıŋqaz>qıŋqız>qıŋğız), ныне являющееся самоназванием коренного населения Киргизии (Кыргызстана), в разных фонетических вариантах с давних времен было широко распространено от Южной Сибири до Восточной Европы первоначально в качестве соционима и позже – названия для разных этнических объединений.

Башкирский род qıŋğız ведет свое происхождение от казахов. В крымско-татарском фольклоре объединение кочевых племен, обитавших за рекой Урал, было известно под именем qıŋğız. Бытовавшее у татар и башкир наряду с лексемой qıŋğız сложное название казахов qıŋğız-qazaq ~ qıŋğız-ğazaq в документах времен пугачевской восстания передавалось в форме *киргизские казаки*. К ней можно привести типологически близкие модели словосочетаний: *özбек-qazaq* ‘узбекские казаки’, *poğaylı-qazaq* ‘ногайские казаки’, *донские казаки*, *яицкие казаки* и т.д.

До прихода команов-половцев в Причерноморские степи здесь проживали тюркские племенные группы и мелкие роды: западные печенеги, торки (турки, узы), берендеи, ковуи (в составе которых были роды мангытов и кипчаков), каепичи, турпей и др., обобщающим названием которых, предположительно, был этноним *qıŋqaz ‘черкас’: в Киевской летописи сказано, что Изяслав, собравшись в Дорогобуж (1141 г.), “поима с собой Вячеслав полк весь и все Черные Клобуки, еже зовутся черкасы”.

Черными клобуками (Qaraqalpaq) именовался союз тюркских племен, проживавших на территории Киевского княжества (торки, берендеи и печенеги).



Фотокопия страницы из Этимологического словаря М. Фасмера относительно этимологии Rus

Сведения из древнерусской летописи, свидетельства византийского императора Константина Порфирогенетоса (Багрянородного) и т.д. – факты о германском происхождении *русов*. Особенно важен в этом плане список названий днепровских порогов на русском и их аналогов на славянском языке. Имена русских послов, прибывших в Константинополь, имеют германскую этимологию. Мусульманские авторы средневековья писали, что русы выходили из Киева в полудне, т.е. объезжали земли восточных славян с целью сбора дани; тех, кто не мог уплатить налог, забирали и продавали в рабство в Булгарию или Хазарию.

«Әуезов пейзажи – бай палитраның түрлі-түсті бояуларымен келістіре салынған сурет қана емес, шынында да құдды жанды адам: дем алады, қозғалады, жадырайды, күледі, жылайды – дәл адамша әрекет етеді» [2, 92 б.], – деген академик З. Қабдоловтың тұжырымы осындай туындаса керек. Шындығында да Әуезов пейзажи оның қай шығармасының шырайын енгізетін көркемдік компонент. М. Әуезов табиғат көріністерін суреттеуге келгенде көсіліп сала береді және жай ғана суреттеп қоймайды, табиғаттың келбеті, реңі, бояуы арқылы адам бейнесін аша түседі. Мысалы: «Жазықсыз сары биік, көкшіл қоныс, ақ көделі әдемі өлке мұнарланады. Барлық айналадағы кең дүниеге, әсіресе, мынау өзі туған сахара, өлке белдеріне соншалық бір туысқандық ыстық сезіммен, кешіріммен қарайды. Жабыса, сағына сүйеді. Үзілмей, қатаймай, бір қалыппен желпіп соққан әдемі салқын қоңыр жел қандай рақат. Осы желмен құлпыра, толқып, су бетіндегі жыбыр қағып шалқып жатқан ал күрең көде мен селеу далалары... дала емес – теңіздері қандай. Сол даладан көз алмай, тоя алмай, үнсіз телміріп, ұзақ-ұзақ қарайды. Шамасы келсе, бұл жерлерді құбыжық көру емес, үрке қарау емес, құшағын керіп аймалар еді» [3, 6 б.]. Қазақтың байтақ ұлы даласының сөзбен өрілген көркем де шыншыл бейнесі бейнеленген суреті.

Жазушының ана тілімізді байытуға қосқан ерең еңбегі мен оның нәтижесін басты екі бағытта қарастырған орынды деп білеміз. Бұлардың ең бастысы – оның жазушы ретіндегі лексика – фразеологиядағы, грамматикамен стилистикадағы жетістіктері туралы; келесі айта кететін жайт сөзқолданысқа қатысты қаламгердің теориялық тұжырымдары мен ұсыныстары жайлы зерттеулерге қатысты болмақ.

Суреткер шығармаларында мағыналары көмескілеу сөздерді жаңарту тұстары да, жалпыхалықтық қолданыстағы сөздердің ішінде көпшілікке байқала бермейтін қыр-сырын ашуда, синоним, антоним, омонимдер сөздердің мән-мазмұнын, мағынасын нақты анықтау да көптеп кездеседі, дағдыдан тыс сөз тіркестері мен тосын келетін қосымша жалғаулар да бар, ұлағатты ойлармен осылардың барлығы да өздерінің дағдылы орындарында ерекше қисынмен қиюласып, жарасымын табады. Сол себепті, М. Әуезов – өзінің көркемдік жолын тең ұстаған ұлы сөз зергері. Суреткер туындыларында көптеген қауымға түсініксіз сөздер мен сөз тіркестері (зымғап барады, дүрк, қаржасу, қырғатқымау, серімастану т.б.) кездесіп отыруы – табиғи құбылыс. Былайша, қабылдауға қиындық тудырғанмен, сөйлемнің ішінде, мәтін ыңғайында олардың мағыналарын ұғына аламыз.

Түйдек-түйдек көркем тіркестер, үстемелеп келетін сипат сөздер, бірін-бірі күшейтіп тұрған қос сөздер, өлеңдей жатық, жарасымды, үндес естілетін сөздердің алуан үлгісін көреміз. Орыс классиктері шығармаларында ұшырайтын көп сын есімді тіркестің қазақша баламасы М. Әуезовтің күдіретті қаламы арқасында төл туындыдай болып кетті. Бұл топқа біз «тартымды салқындық», «қатты жиренішті», «саналы оты бар», «сұм салқын», «жұмбақ ауыр сезімдерін», «күн райы өзгеше бұзылып», «тартымды сабыр», «ауыр күдік», «мол сезім», «намыскер жүректің, ызалы толқыны», «ауыр арман», «жат ажар», «алыс биік сықылды қатқыл, суық ызғары сезілетін Құнанбай» тәрізді тіркестер мен сөйлемдерді қосамыз.

Келесіде тоқталатынымыз тұрақты сөз тіркестерінің М. Әуезовтің шығармаларында қалай қолданылатынына назар аударайық. Тұрақты сөз тіркестерінің суреткер М. Әуезов қаламынан қалай туындағандығы жайлы екі түрлі жағдайды атағанды жөн дейміз. Алғашқысы – жалпыхалық тіліндегі қалпында берілуін атадық. Келесідежеке тіркес күйінде мән-мазмұны түсініктілеу тіркесті өзара қабаттастыра жұмсау арқылы суреткер ойын одан әрі нақтылаған деген ойға келдік. Тұрақты сөз

тіркестерінің басым біразында салалас құрмалас сөйлемдердің сызбасын еске түсіреді (көкірек кере өкіну, жанын жеген мінін қорғау), келесі тұста сабақтас құрмалас сөйлемдердің бағыныңқы сыңарларының баяндауышы түрінде беріледі (көзге шұқып, басқа ұру, жаға жыртып, тон тоздыру). Тұрақты сөз тіркестерді дәл осылай өзгертіп, құбылту арқылы жұмсау М.Әуезовтің сөз таңдау шеберлігін білдіреді.

М. Әуезов өзінің әрбір көркем туындыларындағыдай, әдебиеттанудың көкейкесті проблемаларын жазған сын мақаласында жалпыхалықтық тілдің бар байлығын еркін жұмсаған. Яғни халық аузындағы фразеологизмдерді «дайын күйінде» қолданып қана жұмсап қоймай, өзіне тән қолданыстарды өмірге әкелген болатын: күле отырып, біле отыр, ойнап отырып, ойлап отыр; өнер – елдің бел баласы; ғылым жолы терінің пұшпағы емес т.с.с.

Суреткерде тек әдеби-сын туындыларында ғана ұшырасатын тұрақты сөз тіркестері көптеп кездеседі: миына қондыру, әдебиетке қарыздар, саулығын ойлау, білім өнерінің тазалығы, нәзік дәлдікпен дәлелдеу т.б.

Мұндай жалпыхалықтық тұрақты сөз тіркестерімен аса қанағаттанбағандықтың емес, түйдек-түйдек ойды ерекше тың сөз өрнектерімен берудің ерекше үлгісі деп білеміз.

Сондай-ақ қаламгердің әдеби – сын еңбектерінде халықтың аса құнарлы да терең мағыналы нақыл сөздерінің бірі – мақал-мәтелдердің де кездесуі заңды құбылыс: «Мың сіз-бізден бір шыж-быж», «Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме», «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Іздесең – табасың, алысаң – аласың», «Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық» т.б.

М. Әуезов шығармашылығындағы морфологиялық тұлғалардың ерекше қолданысына назар аударған кезде, біршама қаламгерлерге тән өзіндік ерекшеліктерді байқадық деуге болады. Сөз зергері ауыз әдебиетіндегі, Абай шығармаларындағы морфологиялық тұлғаларға жиі жүгінеді екен. (Мәселен: алар болсам; безбек болсам; айрылмақ емес; бағын байлауы мүмкін):

Әдеттегі дағдыдан тыс қосымшаларды жалғап не болмаса, тосын тіркес жасау әдеті "Абай жолында" көптеп ұшырасады (мәселен: кісілікті кісі; өскелеңдеп қалу, тартыныңқы еді; іс жеңілдейсің; бата оқыршылар; ырзалау, қашаңдау жол, малқор, қонағуар, тоқтамды ана; сөйлей бара жатыр; бейбітсу: қызғын жай, шығыса бастау т.б.):

Сондай-ақ қаламгер өзге тілдегі сөз орамдарын шығармашылықпен жұмсаудың ерекше өнегесін көрсетеді. Бастапқыда оғаш көрінгенмен, алайда кейіннен сіңісіп кетері сөзсіз. Осы ыңғайда көмектес, кейде табыс, барыс септіктеріндегі сөздердің байланыстарын атап өткен жөн) қысталаңмен пайдалану; мұңмен жүдеу; тілеулестікпен тебірену; қою қызғылтпен ду ете түсу; көңілмен алыстау; оттылықпен қарау; ызамен қайнау; жасқа үлкен; көршілерімізді зекіменіз т.б.).

Автор сөйлем құру амалына өте мұқият қарайды. Сөйлемдерді қысқа қайыру көбінесе стильдік мақсат көздейді. Қысқа, тіпті кейде жалаң сөйлемге логикалық екпін аударылады. Мысалы: Бұл Абай кешірген дәуірдің ақыны. Заманы бір. Таптық тұрғылары да жақын. Сондықтан жоғарыда айтылған көп жайлары Абайдікіне ұқсас шығуы ғажап емес. Сонымен қатар екеуінде айырма тағы бар. Ол негізде болмаса да тақырып – тәсілден, сол тақырыпты суретті өнер көлемінде қалыптауынан көрінеді.

Бұл сөйлемдегі заманы бір, таптығы жақын дегенге ой екішінін түсіріп айтады. Тіл білімінде бұл құбылыстарды парцелляция деп, "отау болып" шығатын мүшені парцеллят деп атайды.

Суреткердің сөйлемді жаңа үлгіде құрудағы әуезовтық жаңалықтарының бірі лингвопоэтикалық, лингвостилистикалық шеңбердегілер. Бұлардың ішіндегі ең жиірек қолданылатыны – есімшелерге – дай/дей жұрнағының сөйлемдегі баяндауыштық қызмет атқаратындығы. Мәселен, Табан астындағы жайдақ тастақтың өзі де еңістеніп, жылдамдатып, терең түкпірге *жетелеп бара жатқандай*; Әбіш айтқан сөзден шошынарын да, қуанарын да *білмегендей*; Жаңа айтылған сөзден анық *бақыт тапқандай* т.б. [32, 78].

М.О. Әуезовті тілдік тұлға ретінде танытатын қырының бірі –оның драмалық шығармаларындағы суреткерлік қыры. Жазушының пьесаларының тіліне назар аударатын болсақ, ең әуелі онда қазақтың байырғы сөздерінің ерекше орын алатынын байқаймыз. Тіпті жазушының өзінде ғана кездесетін сөз тіркестерін оқып, таң қаласыз, мысалы, «Кеден кеден болды, кедергі неден болды?» бұл сөз қазір тілімізде «таможня» сөзінің аудармасы ретінде қолданылып жүр. Енді осы кеден сөзінің мағынасына зер салсақ, түркі тіліндегі тамға, таңба деген сөзден шыққан, сонда бұл жердегі кеден деген сөз кедергі сөзінің синонимі ретінде алынған деуге болады. Олай дейтін себебіміз «таможня» сөзінің аудармасындағы кеденнің негізгі мағынасы заттардың, адамдардың, көліктердің өтіп кетуіне кедергі жасау дегенді білдіретіндігі. Ана тіліміздегі байырғы сөздердің барлығы дерлік жазушының драмалық шығармаларының негізгі қаңқасын құрайтынын көруге болады, яғни жазушы өз туған тілінің негізгі байлығының барлық мүмкіндіктерін сарқа пайдаланған.

Олай болса, М. Әуезовтің ұлылығы сол, ол қазақтың әдеби тілінің, көркем сөз үлгісінің барлық қадір-қасиетін, байлығын өз шығармаларында жандандырып қолдана білген және сол қазынаға жаңадан сөз үлгілерін қосқан.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. 30-том: Мақалалар, зерттеулер, аударма. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. – 428 б.
2. Қабдолов З. Арна. – Алматы.: Жазушы, 1988.
3. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. 22-том: Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. – 424 б

ҒТАХР: 16.21.33

М. ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ КОНЦЕПТІЛІК ҚҰРЫЛЫМДАР КӨРІНІСІ

Жумагулова А.М., ф.ғ.к., аға оқытушы
Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
Шәкәрім университеті, semey1978@mail.ru

Бүгінгі тіл ғылымында зерттеуге арқау болып отырған мәселелердің бірі – тілді мәдениетпен, оның ішінде ұлттық мәдениетпен байланыстыра қарастыру. Демек, ұлттық мәдениет контекстілік бейнедеқалай көрініс табады дегенге саяды. Ғылыми тұрғыда баяндасақ, дүниені концептілеу тәсілі әрі әмбебеп, әрі ұлттық ерекшеліктермен толықтырылып, дүниенің тілдік бейнесі ұлттық мәдениет контексінде қарастырылады.

Әр халықтық ұлттық құндылықтарының бірі тілі болса, сол тілдік коммуникация әдеби бай мұралары арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын хақ. Ұлтымыздың осындай бай мұраларының бірегейі – М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы. Шығарма бүтін бір қазақ деген халықтың болмысын ашатын, ұлт мәдениеті мен өмір сүру әдептерін танытатын, бүгінгі, келер ұрпаққа жалғаса беретін бай мұрамыз деп бағалауымыз қажет. Сондай-ақ М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы «қазақ» деген ұлтты әлемге танытты деп мақтанышпен айта аламыз.

Жоғарыда айтылған «концепт» ұғымына берілген тұжырымдарды зерттеу нәтижесінде ғылымда концептіні танытатын мынадай критерийлерді ұсынады: «Концепт дүниенің құндылықтарын танытады; санадағы дүниенің мәнін бейнелейді; тіл арқылы объективтенеді; субъектінің білім деңгейін танытады; белгілі бір ұлттың мәдени деңгейі мен менталитетін көрсетеді; әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын ажыратады; тұлғаның өзіндік танымдық стилін айқындайды; концепт – адам тәжірибесіндегі идеалды түсініктің ең кішкене бірлігі; білімді тарату, сақтау және оны өңдеудің негізгі бірлігі; белгілі бір мәдени болмыстың негізгі ұясы» [1].

Тіліміздегі «ұғым», «түсінік» және «концепт» терминдері дискурста тарихи дублеттер ретінде танылып отыр. Түрлі узустарда «концепт» термині «аяқталмағандық» мағыналарында қолданылатындығы, роман тілдері (латын, француз, испан, италия тілдері) мен орыс, ағылшын, неміс тілдеріндегі қолданысы жайында В.З. Демьянков «Мотивация слова и образность лингвистического метаязыка» атты мақаласында былайша тұжырымдайды: «Значение термина концепт содержит идею «зачаточной истины», заложенной в латинском *conceptus* «зачатый». Концепт – то, что, видимо «зачата», но в действительности чего мы можем убедиться только в результате реконструирующей «майевтической» процедуры».

Неміс тілінде концепт – *Konzept*, *Koncept*, *Conzept* сынды әр уақыттағы орфографиялық варианттарымен қатар «жол-жобасы», «нобайы» мағынасында қолданылып, орыс тіліндегі конспект ұғымына жақын келеді – деп атап көрсетеді В.З. Демьянков жоғарыда аталған мақаласында [2].

Концепт термині негізінен гуманитарлық ғылымдарда «ұғым», «түсінік» түрінде қолданылады. «Ұғым», «түсінік» және «концепт» терминдерінің негіздемесі Н.Ю. Шведованың семантикалық сөздігінде:

«Концепт – это содержательная сторона словесного знака (значение – одно или некий комплекс ближайше связанных значений) за которой стоит понятие (т.е. идея, фиксирующая существенные «умопостигаемые» свойства реальных и явлений, а также отношения между ними), принадлежащее умственной, духовной или жизненно важной материальной сфере существования человека,

выработанное и закрепленное общественным опытом народа, имеющее в его жизни исторические корни, социально и субъективно осмысляемое и – через ступень такого осмыслени – соотносимое с другими понятиями, ближайше с ним связанными или, во многих случаях, ему протипоставляемыми. Понятие, лежащее в основе концепта, имеет свой собственный потенциал, оно способно дифференцироваться: элементарное отражение этой способности словаря показывают как тенденцию к образованию разнообразных словесных оттенков и переносов...» [3].

«Conceptaculum» сөз тудырушы суффиксі «қойма», «сақтау» мағынасында қолданылып, «conspicio» – «жинау» етістігінде қолданылатыны жайында В.З. Демьянков «Термин «концепт» как элемент терминологической культуры» атты мақаласында: «Сема «зародыш» исходно заложена в самом латинском термине концепт, а сема «резервуар», «хранилище» – в этимоне термина концепция, из которого выводимы и другие – переносные – значения, такие как «соединение, сумма, совокупность, система», «резервуар», «хранилище» – (синоним: conceptaculum); «формулировка (редакция) юридических актов», «зачатие, принятие семени» – деп көрсетеді [2].

Ғалым Н. Уәлиев ұғым мен концепт, мағына мен концепт жайлы: «Ұғым мен концептінің мағынасы тепе-тең емес. Ұғым белгілі бір объектінің танылған аса мәнді белгілерінің жиынтығы болса, концепт мазмұн межесі жағынанобъект туралы барлық білімнің жиынтығы, ал тұрпат жеке тұрғысынан тілдік бірліктердің (лексикалық, фразеологиялық, паремологиялық т.б.) құралдардың жиынтығы болыптабылатын ментальды, ұлттық ерекшеліктерді танытатын құрылым [4, 13 б.].

«Концепт құрылымдары бейнелілігімен, бағалауыш, экспрессивті, коннотаттық мәнімен құнды. Концепт санада белгілі бір концептілік жүйе арқылы қалыптасады. Концептілік жүйе иерархиялы (сатылы) құрылымнан тұрады: 1) дүниенің қасиеті, белгілері (сенсорлы перцептивті қабылдау); 2) когнитивтік модель (ассоциация, бейне, символ, этикет, эталон, стереотип формаға ие болуы); 3) концепт типтері (фрейм, сценарий, скрипт, схема, ойсурет формасына салынуы); 4) дүниенің тілдік бейнесі (метафора, фразеологизм, сөз, сөйлем, поэтикалық мәтін)» [1].

Дүниенің тілдік бейнесін ұлттық мәдениет контекстінде қарастырған А.Исламның пікірінше: «Концепт дегеніміз – ұлттық дүниетанымның ықшам да, терең мағыналы дүниетаным құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік. Әр ұлттың концептілер жүйесін дүниетаным құндылықтары құрайды. Концептілер бір-бірімен тығыз байланыста болып, бір-бірінен туындап отырады. Әр қоғамның даму кезеңдеріне сәйкес тіл мен мәдениет иелерінің абстрактілі концептілерді танып түсінуінде өзгерістер болғанымен, негізгі мәдени, дүниетанымдық мәні өзгеріссіз ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады» [5].

Концептілік жүйе құрылымы, концепт типі болып табылатын фрейм адам өзінің жадынында сақталған кейбір мағлұматтарды еске түсірген сайын олардың нақты мазмұны ұдайы толықтырылып отырады, сөйтіп адамдар санасында сақталған әрбір ақиқат (көш, алтыбақан, қонақ күту) фрейм бола алады. Себебі, қоршаған орта, әлем суреті жайлы мағлұмат жинақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Қолданысы жағынан күрделі болып келеді.

Осындай сипаттағы фрейм көрінісі жоғарыда біз атап өткен М.Әуезовтің «Абай жолы» шығармасында қалай көрініс табатындығына мысалдар келтірсек» [6].

Бірнеше фреймдерді мысалдар арқылы қарастырсақ:

Қонақ күту фреймі:

Жер алыс болмаса да, Құнанбай күн ұзын ат үстінде жүріп, кешке қайтты. Келіп түскені үлкен бәйбәшесі Күнкенің аулы еді. Мұнда бүгін сыбаға әкелген әйел қонақтар көп екен. Ішінде Құнанбайдың тоқал шешелері Таңшолпан бар. Ақбердінің шешесі бар. Және кәрі жеңгесі Бопай да келіпті.

Осы абысын, жеңге, келін атаулының бір машығы – жылына екі мезгіл Құнанбай үйлеріне сыбаға әкелуші еді. Бір сыбаға көктемде. Қыстай қыдырып араласа алмай жүрсе, жазғытұры ең алғаш сыбайлас қонғанда Зере отырған үлкен үйден бастап осы Күнкенің бір-бір келеді. Қыстан шыққан сүрілерін әкеледі. Екінші рет, қазіргідей қыстау-қыстауға айырыла көшерде әкелетін [6,47 б.].

Көш фреймі:

Алты күннен соң, осы Құнанбай ауылдары көшкен жолмен тағы бір мол көштер келе жатты. Бұл Бөкенші мен Борсықтың көші. Бұлар да Қызылшоқыдан өтіп Шыңғысқа кіріп келеді. Малды көштер емес. Бірақ көшкен елінің саны көп. Жинақы боп, топталып көшпей, бытырап, ен жайылып, бет-бетімен келеді. Көш бойында ат мінген кісі аз. Әр көште бірен-саран еркектер мен көш бастаған қартаң әйелдер ғана ат үстінде. Олардан басқа бала-шаға, кемпір-шал және жас қатынның көбі жүк артқан түйелерге мініпті. Жылқысын отарға жіберіп, қысқа арналған мінгішті шақтап алған елдерге ұқсайды.

Бірен-саран тайлаққа мінген, өгіз мінген еркектер де бар. Барлық қалың елдің ішінде екі-үш ауылдың көші ала бөтендеу. Ол Бөкенші руынан Сүйіндік, Сүгірдің көштері. Борсақ руынан Жексен көші.

Осы көштердің алдында Сүйіндік, Сүгір, Жексен және басқа да кәрі, жастан жиырма шақты кісі оқшауырақ келеді. Бұл жиында әзіл-күлкі де, әңгіме де жоқ. Өңшең тон, шекпен киген сұрғылт топтың пішіні де, қазіргі күздің сарғылт, жабырқау аспаны сияқты күңгірт, салбыраңқы [6, 50 б.].

Алтыбақан фреймі:

Алтыбақан Сүйіндік аулынан қашандау жерде, кең аялда екен. Ойынға жиналған жастар қалың көрінеді. Кәмшат бөрік, мақпал шапан, жібек шапан киген қыздар көп. Араларында қынай бел, әсем кемзал ғана киген қыздар да жүр. Шолпылары тоқтаусыз шылдырлап, көп үнге салады. Ақ шаршы, кестелі кимешектерін әсем ғып салған күлкіші келіншектер де көп. Балалар да мол екен. Жігіт жағы сиректеу көрінеді.

Мықты ғып құрылған биік алтыбақанда сұңғақ бойлы екі қыз әлпеншек теуіп тұрып, жаңағы «Топайкөкті!» әлі шырақп жатыр. Абайлар тоғай ішінен шығып, сумаңдаған аяңмен дәл қастарына жеткенше сауықшы топ байқамапты. Алтыбақанның қасына келе бере екі жігіт:

Ойнар көбейсін!

Сауық молайсын! –десті. Қыздар іркіліп қалды.

Келіншектер екі жігітке қарай жақындап келді. Араларында Асылбектің әйелі мен Сүгірдің келіндері бар екен.

Барлығы да Ерболды танып:

Ербол! Ербол ғой!

Қайдан жүрсіндер?– деп, сонымен сөйлесе бергенде, Асылбектің келіншегі Абайды танып:

Абай! – деп жарқын жүзбен амандасты.

Абай аты аталғанда, әлпеншек тоқталып, ән де басылды [6,210 б.].

Тіліміздегі осындай фреймдер көрінісі арқылы ұлт мәдениеті, бай тіліміздің сөздік қорындағы мағыналы, мәнді сөздердің ұмытылмауы, бүгінгі ұрпақтың біліп жүруі мен дәстүр жалғастығын танытатыны сөзсіз. Жоғарыда атап өткен ғалым А. Исламның пікіріне орай жазушы шығармасынан алынған фреймдер көрінісі терең мағыналы дүниетаным құндылықтарын айқындайтын, тілде көрініс тапқан күрделі бірліктер деп танымыз.

Әдебиеттер

1. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі. Филол.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 2006.– 107 б.
2. Демьянков В.З. Мотивация слова и образность лингвистического метаязыка // Славистика: Синхрония и диахрония. Сб-к статей к 70-летию И.С. Уалиханова. Под общей редакцией В.Б. Крысько. М.: Азбуковник, 2006. – С. 84-93.
3. Большой энциклопедический словарь. Языкознание / Отв. ред. Н.Ю. Шведова. – Москва: БРЭ, 1998. – 748 с.
4. Уәлиев Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Фил. ғ.д ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы, 2007.– 336 б.
5. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Филол.ғыл.докт.дисс.автореф – Алматы, 2004. – 47 б.
6. Әуезов М. Абай жолы. – Алматы: Жазушы, 1989. – 608 б.

ҒТАХР: 16.21.55

ШӘКӘРІМНІҢ А.ПУШКИННЕН АУДАРҒАН «БОРАН» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ЛИНГВОПОЭТИКАСЫ

Сазанаева Г.Б., ф.ғ.к., аға оқытушы

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

Шәкәрім университеті, gulnur_sb_8@mail.ru

Қазіргі таңда адамзаттың рухани мәдениетін зерттейтін филология саласындағы өзгерістерге сәйкес сөз өнерінің ерекшеліктерін тілдік тұлға мәселесі тұрғысынан қарастыру көзделген. Бұл мәселеде әдебиеттануда қолданылатын лингвистикалық, лингвостилистикалық, лингвопоэтикалық талдаулар ақын-жазушылардың өмірбаяны, шығармаларын оқытып, жай талдау беріп қана қоймай, сонымен бірге әдебиет пен лингвистиканы ұш тастырады. Бұл тұста шығарма тілін лингвистикалық

тұрғыда талдау әдеби туындының эстетикалық табиғатын, көркемдік қырын түсінуге құбылыстардың көптеген мәселелерін шешуге өз әсерін тигізеді. Лингвопоэтикалық талдау алғаш поэзия материалдарына енгізіліп, кейіннен прозада, сосын салыстырмалы-салғастырмалы салада кеңінен таралды. Тек әдебиетте қолданылатын лингвопоэтикалық талдау кейінгі кездері басқа салаларда, мысалы жарнамада да қолданылады.

Әдеби процесте болған құбылыстарды бірінен-бірін ажыратып, жеке-жеке қарастыруға болмайды. Олар өзара тығыз байланысты. Мәселен, жиырмасыншы ғасырдың басында көркем проза үлгілерінің пайда болып, нығайып, орныға түсуіне бірден-бір себеп болған әдеби құбылыстардың бірі – аударма деуге болады. Абайдан кейінгі ұлттық әдебиеттегі көрнекті суреткер, ақын, прозашы, ойшыл философ Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық әлемі, оның ішінде «Боран» аудармасына тоқталып, лингвопоэтика тұрғысынан талдау зерттеуіміздің басты мақсаты болып отыр.

Шәкәрім әлем әдебиетінен көркем аударма жасау ісіне үлкен талғаммен келген. Шәкәрім қазақ аударма саласына Хафиз, Пушкин, Толстой, Гарриет Бичер-Стоу сияқты адамзат мәдениетіне мәңгілік құндылықтар әкелген суреткерлер шығармаларын аударумен келді [1, 133 б.]. Шығыс, Батыс, орыс әдебиетінің озық үлгілерімен таныс болған ақын, қазақ өлеңіне жаңа мазмұн мен жаңа өрнек алып келіп поэзияға үлкен талаптар қоя білді [2, 14 б.]. «Өкінішке орай, Шәкәрімнің осы бағыттағы, яғни көркем аударма өнеріндегі өзіндік қолтанбасының табиғатын біртұтас әдеби-эстетикалық құбылыс ретінде ашып көрсетуге бағытталған арнайы ғылыми зерттеу жұмыстарының әлі де болса жеткілікті дәрежеде еместігін мойындауымыз керек» [3, 299 б.] деген Б.Әбдіғазыұлының пікірі әлі де құнды.

«Шәкәрімнің көркем аударма принциптері мен жүйесінің өзі үлкен рухани тәжірибе, тағылым, үлгі» [4, 16 б.]. Ол тәржімалаған қай шығарманы алсақ та, одан түпнұсқа тілінен гөрі қазақ жұртының ұғымына жақындықтың иісі аңқып тұрады. Көп жағдайда қазақ өмірінен алынған оқиғалар жайындағы төлтума туындылар секілденіп кетеді. Ақын Пушкиннің «Дубровский» мен «Метель» әңгімесін 1908-1912 жылдарда өлеңмен еркін аударғанда әрбір сөзінің мәніне терең үңіліп айрықша мән берген. Оның түпкі идеясына, ақындық иіріміне терең сезімталдықпен қарап жалпы адамзаттық мәселелерді қозғайтын ойларымен өз жандүниесі де үйлесім тапқан.

Шәкәрім шығармашылығын, оның ішінде аудармаларына талдау жасай отыра, Шәкәрім – тілдік тұлға, ірі шығармашылық иесі екеніне ешқандай дауа жоқ. Оның өлеңдері әдеби стильдің дамуына, ондағы тілдік нормалардың қалыптасуына ықпалын тигізсе, қазақ тілінің сөздік қоры ақын өлеңдерінде, шығармашылығында тұтынған тың, жаңа сөздер арқылы толықты, осылайша автор жекелеген сөздердің аксиологиялық өрісін кеңейтті. Әрине, оны толық сезіну үшін Шәкәрім өлеңдерінің мәтініне, оның ерекшеліктеріне, қайсыбір сөздердің мағыналық өрісіне тоқталу жөн. Мағыналық өріс кез-келген сөз емес, аксиологиялық мәні бар, бағалауыштық мәнді сөздер, шығармашылық иесі ретіндегі тілдік тұлға өте жиі қолданған әрі ерекше екпін түсіре айтатын тілдік бірліктер арқылы анықталады. Ондай бірліктерге лингвомәдени бірліктер жатады. Тілдік маңызы ерекше лингвомәдени бірліктер мәтінге негіз болады, мәтіннің тұтастығын түзуге, оны сақтауға, сонымен бірге автордың ішкі жан-дүниесін ашуға көмектеседі.

Зерттеу нысанымызға келетін болсақ, «Боран» бес-алты беттен асатын шағын әңгіме, оны Шәкәрім 248 жол өлеңге түсіріпті. Кейбір кісі аттарына жасаған сәл-пәл өзгерісі болмаса, мазмұны сақталған [5, 34 б.]. Қазақ ақыны өлең сөзбен жырлаған бұл шығарма «Әдебиет майданы» журналында 1936 жылы алғаш рет жарық көрді [6, 49 б.].

«Боран» повесінің табиғаты «Дубровскийден» өзгешелеу. Мұнда алдыңғыдай өткен ғасырдағы орыс имениелеріндегі өмірдің кең панорамасы, күрделі элеуметтік қарым-қатынастар, характерлер қақтығысы, әділетсіздік пен қиянат көріністері, ақ пен қараның күресі сипатталмайды. «Боранға» арқау болған сюжет негізінде кездейсоқ бір оқиға, оған қатысқан бірнеше адамның қилы-қилы тағдыры» [3, 339 б.].

Шәкәрім А. Пушкин сюжетінің оқиға желісін сол қалпында сақтайды. Шәкәрім сол арқылы Пушкиннің мақсатын, шығарма сюжетін өзгеріссіз жеткізуді ойлаған. Дегенмен, «Дубровскийдегі» тәрізді шығармашылық еркіндікке де жол береді. Түпнұсқада баяндалатын кейбір эпизодтық көріністер мен оқиғаның өрістеуіне тікелей ықпалы жоқ баяндауларды қазақ ақыны тастап кетіп отырған. Жер, адам аттары өзгертілген. Мәселен, Шәкәрім түпнұсқадағы Ненародов поместьесін «Нинандырып қаласы», Жадрино селосын «Шадрин қышлағы» деп, ал Гаврила Гавриловичті «Саврило Сағролович», Бурминді «Бермин» деп алған. Себебі әрине, беймәлім, дегенмен бұл арадағы қазақ ақынының авторлық позициясы негізінен өз оқырмандарына неғұрлым ұғынықтырақ, жақынырақ болудан туса керек.

Шығарманың оқиғасы Нинандырып қаласында өтеді. Бас кейіпкерлері Саврило Сағролович деген байдың қызы Мария мен туған деревнясына демалысқа келіп жатқан жас офицер, Пушкинше айтқанда

«бедный армейский прапорщик» [7, 402 б.]. Екі нұсқада да жігітке бұдан өзге мінездеме, сипаттама берілмейді. Ал А. Пушкиннің «...Марью Гавриловну, стройную, бледную и семнадцатилетнюю девицу. Она считалась богатой невестою, и многие прочили ее за себя или за сыновей. Марья Гавриловна была воспитана на французских романах, и, следственно, была влюблена», – деп [7, 402 б.] суреттейтін сұлу да ақылды бойжеткенге берген көріктеме, мінездемесін Шәкәрім бір ғана сарандау шумақпен қайырады.

Қызы Мария бек сұлу, һәмәдепті,
Сол жылы он жетігежасыкепті.
Оны көргенбозбалаынтықболып,
Дариға-ай, осы қыздыалсақдепті [8, 454б.].

Бір қарағанда қазақ оқырманына соншалықты түсінікті әрі жақын арудың бейнесі дәл кестеленгендей көрінгенмен, Шәкәрім бұл эпизодта түпнұсқада бар бірқатар детальдарды елеусіз қалдырған. Мәселен, Шәкәрімде «богатая невеста», «воспитана на французских романах» деген ұғымдар атымен жоқ. Бұл тіркестің мағынасын беруге дастанның алғашқы шумағындағы қыздың әкесі «Саврило Сағроловичей тұғын бай» деген бір жол жетіп жатыр. Марияның бай екені осыдан-ақ белгілі болмақ.

А. Пушкин повесінде Владимир мен Марияның ғашықтығына қыз ата-анасының қарсы екендегі «...родители его любезной, заметя их взаимную склонность, запретили дочери о нем думать, а его принимали хуже, нежели отставного заседателя» [7, 402 б.] деген қысқа ғана сөйлем арқылы берілсе, Шәкәрім бұл эпизодты төрт-бес шумақ өлеңмен өрнектейді:

Бұл сырды бәйбіше мен бай да білді,
Екеуін жолықтырмас айла қылды.
Владимир келгенде кекеп-мұқап,
Мысқылдап айта берді қайдағыны [8, 455 б.].

Бірқарағанда көпсөзділік орын алғанымен Шәкәрім үшін бұл шумақтар А.Пушкин повесінің астарында бұғып жатқан бірқатар сырлардыашуға аса қажет болғанға ұқсайды. Шәкәрімнің қазақ оқырманына Пушкин ойын неғұрлым тарата жеткізуіне тағы бір дәлел, А. Пушкиннің повесінде екі ғашықтың жолығысып тұруына қыз төркінінің қарсы болу себебі айтылмайды. Ал Шәкәрімде қыздың әке-шешесі жігіттің кедейлігін бетіне басады. Мұқият үңілсек, А. Пушкин бұл ойды таратып жатпай-ақ, «бедный армейский прапорщик» [7, 402 б.] деген тіркес арқылы сездіріп кеткен екен. Орысша нұсқаны дәлме-дәл қайталап, Пушкинше қысқалықпен шектелсе, Шәкәрімнің оқырмандары алдында түсініксіз жайлар қаулап шыға келер еді. Осы сауалдарды болдырмас үшін ол қыздың әке-шешесінің аузына жоғарыдағыдай сөздер салады, жігітті «кекеп-мұқатады».

Енді повестің Шәкәрім дастанына кірмей қалған кейбір тұстарын саралап көрелік. Бұл, ең алдымен, Марияның батыл қадам жасап, ата-анасының ризашылығынсыз некелесуге бел бұған сәтіне қатысты. Түпнұсқада Мария қыз бұл қадамға бір тәулік бойы дайындалады. Әке-шешесіне, жақын құрбысына түсіндіріп хат жазады, хаттарды алаулаған екі жүрек суретімен өрнектелген сақинамен мөрлейді, айналасындағы заттармен қоштасады, түнімен дөңбекшіп ұйықтай алмай, шым-шытырық түс көреді, ауру адамдай сенделіп ертеңгі күнін эзер өткізеді де сол күні түнде үйінен ұрланып қашып шығады. Ал Шәкәрім болса, бұл эпизодты мейлінше ықшамдаған. Оқиғаны бір ғана кештің ауқымына сыйғызған. Қыздың түс көру сахнасы жоқ.

Түн болған соң Мария дайындалды,
Бірге өскен малай қызын қасына алды.
Шкаф, айна, столға амандасып,
Шамаданға киімін түгел салды.
Хат жазды ата-анадан кешу сұрап,
Асықтық әкеткенін айтты жылап.
Конвертке екі жүрек сурет салды,

Сырынан тұрғандайғып от шашырап [8, 456 б.]. Аталмыш эпизодтағы қыздың психологиялық портретін жасауға, жетілдіруге, образдың бояуын қалындата түсуге септігін тигізерліктей түс көру сияқты әсерлі тұстарды бейнелей кетудің де артық болмастығын атап айтқан жөн. Оның орнына Шәкәрім А.Пушкин повесіндегі кейбір болмашы детальдарды нақтылай түседі. Мәселен, түп нұсқадағы «...она втайне прощалась со всеми особами, со всеми предметами, ее окружавшими», – деген [7, 403 б.] тіркестегі «предмет» сөзін «шкаф», «айна», «стол» деп нақтылай түседі, қыз киімдерін Пушкинде жоқ «шамаданға» «салғызады». Сондай-ақ «Запечатав оба письма тульской печаткою на которой изображены были два плавающие сердца с приличной надписью», – деген [7, 402-403 бб.] жолдарды да неғұрлым ұғынықтырақ болу үшін өз сөзімен өрнектейді.

Сөз жоқ, қазаққа «тульская печатка» ұғымы беймәлім, сол себепті де Шәкәрім Марияға хат сыртына айналасына от шашып тұрған қос жүректің суретін «салдырады». Әрі нанымды, әрі сол сәттегі қыз жүрегіндегі алаулаған махаббат сезімімен тыныстас сурет.

А. Пушкин суреттейтін Владимирдің басындағы әуре-сарсаңның қарбалас тынысын Шәкәрім шумақтың ең соңғы тармағына сыйғызады.

...Көңілімнің көзіне елестейді

Берминнің кешу сұрап жылағаны, – деп [8, 462 б.] аяқталады Шәкәрімнің дастаны. Оқырман жүрегіне жақын сурет. Ғашықтарға тілеулес оқырманның көз алдына шынында да осы сәтте дәл осындай суреттің келетіні анық. «Көңілімнің көзіне елестейді» деу арқылы Шәкәрім орыс повесіне қазақы қасиет дарытқандай болады.

Аталмыш туындыны қазақ қауымына жеткізу мақсатындағы Шәкәрімнің шығармашылық қолтаңбасы мен даралығы айрықша жаңа қырынан көрінеді. Оларда «Пушкин жетектеп, Шәкәрім еріп отырған. Және беталды жүре бермей әңгіменің ізін басып «қисынын тауып» кестесін келтіріп, өзінше өрмек-сырмағын салып, дәмді дастан етіп алып шыққан» [9, 239 б.]. Тілдік тұлғалардың бел ортасынан Шәкәрім ойып тұрып өз орнын алады. Ақын ретінде шұрайлы тілі арқылы қалыптастырған (*ақылсыз мас, ойсыз құлақ, мисыз бас* сияқты) Шәкәрімге ғана тән қолданыстары, тілдік бірліктері, өз танымы нәтижесінде, индивид ретінде өзі түсінген әлемінің суреті – әлемнің тілдік бейнесі бар тұлға. Шәкәрім өзінің танымының кеңдігімен, қазақ этносының көптеген ұғымының мазмұндық межесін кеңейтті, әлемнің тілдік суретін байытты, ұғымдардың санын толықтырды, сапасын арттырды. Нәтижесінде қазақ түсінігіндегі әлем бейнесі Шәкәрім арқылы толыққанды бола түсті. Тілдік тұлға ретіндегі оның еңбегі, еңбегінің нәтижесі осы орайда мейлінше айқын көрінеді.

Профессор Б. Момынова З.К. Тарлановтың тіл мен этнос, тіл мен этностың арақатынасы, оларға тән ерекшеліктері жайлы сөздерін келтіре отырып, тілдік тұлға – Шәкәрімді халықтың қасиетті жадын сақтаушы, әрі қарай ілгерілетуші, келесі ұрпаққа жеткізуші, сөйтіп ұлттың өмірін жалғастырушы [10, 139 б.] деп бағалайды.

Қорытындылай келе, өз шығармалары арқылы Шәкәрім халық жадында сақталған мәдени тілдік бірліктердің өмірін ұзартты, оларға өзіндік сипат қосып, үстемеледі, олардың ұғымдық аясын кеңейтті, сөйтіп әлемнің тілдік суретін байыта, түрлендіре түсті, жаңарта алды, жаңғырта білді. Сондықтан тілдің санадан тыс өмір сүрмейтініне және тілдің ақиқаты түйсіну философиясымен тығыз байланысып жататынын дұрыстығына Шәкәрім шығармаларын талдау барысында көз жеткіздік.

Көркем әдебиетімізге тыңнан қосқан үлесі зор, көркем аударманың негізін қалаған Шәкәрім аудармаларының лингвопоэтикасын талдай келе, ақын шығармаларының эстетикалық табиғатын, көркемдік қырын түсінуге, құбылыстардың көптеген мәселелерін шешуге мүмкіндік алдық.

Әдебиеттер

1. ШӘКӘРІМ. Энциклопедия. /Бас ред. Е.Б. Сыдықов. – Семей, 2008.
2. Шәкәрім поэтикасы. Автореферат / С.Д. Ізтілеуова. – Алматы, 2007. – 50 б.
3. Әбдіғазизұлы Б. ШӘКӘРІМ ӘЛЕМІ. – Алматы: Раритет, 2008. – 408 б. «Шәкәрім әлемі» сериясы.
4. Тәжібаев Ә., Сәтбаева Ш. Шәкәрім Құдайбердиев // Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – Б. 5-24.
5. Күмісбаев Ө. Шәкәрім және Пушкин // Егемен Қазақстан. – 2006. – 14 қараша. – 5 б., Абай. – 2011. – № 1. – 34-40 б.
6. Құдайбердіұлы Ш. Боран // Әдебиет майданы, 1936. – № 2. – Б.49-55.
7. Пушкин А. Метель // Пушкин А. Избранные сочинения. В двух томах. Т.2. – Москва: Художественная литература, 1980. – С. 401-410.
8. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
9. Күмісбаев Ө. Терек тамырлар. – Алматы: Ғылым, 1994. – 320 б.
10. Момынова Б. Шәкәрім поэзиясының тілі: (лексика-функционалды ракурс) / Б. Момынова; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы: Арыс, 2008.

О РОЛИ ВНУТРЕННЕЙ РЕЧИ В ОБУЧЕНИИ ТЕКСТООБРАЗОВАНИЮ

Исабаева Т.Д., к.п.н., старший преподаватель

Республика Казахстан, г. Семей, Университет Шакарима, t.isabaieva@mail.ru

Проблема развития связной речи в исследованиях многих методистов сводится к вопросам связности и целостности, которые представляют собой основу внешней структуры текста. На наш взгляд, эффективным в обучении навыкам связной речи является формирование механизмов внутренней речи.

Для отработки механизма текстообразования на базе формирования внутренней речи используются деловые, информационные, публицистические, художественные и научные тексты.

Отбор текстов для развития связной речи студентов производится с учетом программы по русскому языку для казахских отделений, специальности обучающихся и базируется на принципах доступности, соответствия коммуникативной, образовательной и воспитательной целям обучения, законченности (по содержанию), направленности на решение коммуникативных задач.

Структура текста многослойна. Тексты выступают в качестве знаков как внешней, так и внутренней речи.

В.М. Бельдиян выделил три уровня внешней речи (лексический, синтаксический, фонетический), которые отвечают за значение, и четыре уровня внутренней речи (денотативный, логический, аксиологический и символический), которые отвечают за смысл [1, с. 14-21].

По мнению Н.И. Жинкина, текст характеризуется замыслом, сюжетом и речевой ситуацией. “Замысел речи возникает из намерения, желания, из уверенности говорящего в том, что тема, о которой он будет говорить, нужна его слушателям. Можно сказать, что говорящий совершает действие – речевой поступок, который мотивируется его намерением. Речевой поступок нельзя понять, не учитывая ситуации, в которой осуществляется речь. Соотнеся замысел с ситуацией, мы делаем первый шаг для контроля замысла по обратной предметной связи” [2, с. 47].

Содержанием любого текста является “часть содержания его пресуппозиции, поэтому смысл текста – это предикация его пресуппозиции как денотата. Этот наиболее общий смысл, выражающийся в отношении содержания текста к содержанию пресуппозиции, является замыслом текста” [1, с. 17]. Для смысла любого, даже самого общего денотата характерно деление на более частные составляющие по принципу отношений общего и частного, целого и части, объекта и орудия, объекта и места, объекта и функции, пространственных и временных соположений и т.д. Далее замысел текста делится на денотативный сюжет, который представляет собой соположение всех денотативных структур текста. Соположение двух и более денотатов создаёт денотативную ситуацию (Д1-П-Д2) [1, с. 17-18].

К анализу текста нельзя подходить так же, как к разбору отдельного суждения или предложения. “В тексте предмет высказывания чаще раскрывается не в одном, а в цепи суждений и предложений. Обычное представление о том, что субъект высказывания известен слушающему, а предикатом является то новое, что теперь сообщается, не соответствует наблюдениям при анализе текста... Предмет сообщения или только называется, или просто подразумевается в каждом из суждений, но цель сообщения состоит только в том, чтобы у слушателя (читателя) возникло достаточно полное понятие об этом предмете. Это значит, что предмет сообщения неизвестен слушающему, иначе не было бы смысла передавать сообщения... Так как понятие образуется в цепи суждений, то в контексте главным будет предмет высказывания. Но в каждом из суждений текста главным останется предикат” [3, с. 146-147].

Связь предложений в некоторой зоне представляет собой подтему; подтемы, в свою очередь, объединяются в тематическую зону [4, с.81]. Выбор темы и подтемы вносит сильные ограничения в отбор слов [4, с. 83]. При этом необходимо учитывать следующее: отбор слов должен привести “читающего к тому же самому пониманию предмета, к какому пришёл пишущий” [3, с. 168].

По мнению Н.И. Жинкина, “в процессе развития речи необходимо формировать критику учащихся в области отбора и сочетания слов. Надо развивать умение наблюдать за изменением значений, когда к одному и тому же слову присоединяются то одни, то другие слова. Критерием оценки должно быть соответствие замыслу высказывания” [2, с.48].

Н.И. Жинкин отмечает, что распределение предметных признаков в тексте зависит от широты упреждения предстоящего текста. В тексте признаки должны быть расставлены в последовательном порядке, поэтому возникает необходимость заранее предусмотреть подчинительное и

соподчинительное распределение элементов текста. Эта задача определяет отбор адекватных для текста слов и оборотов предложений [3, с. 196].

Иерархическая система тем и подтем, образуя основу денотативной структуры текста, внешне выражается в виде сети денотатов, в роли которых выступают имена и заменяющие их местоимения, а предикаты являются связками.

Свойства, которые выражаются предикатами, – это признак, действие, отношение, состояние и др.

Обучение текстообразованию на базе формирования внутренней речи предполагает деление текста на смысловые части, определение замысла, выделение сюжета, речевых ситуаций. При работе над текстами активно используется прием построения опорных схем. Опорные слова (опорные сигналы, “смысловые вехи”) представляют собой вершины графов, определяющие наиболее важные смысловые свойства текстов.

Работа по обучению текстообразованию на базе выявления внутренней речи включает следующие этапы:

– первичное понимание (осмысление) текста: денотативно – предикативный анализ, соотнесение суппозиционного и пресуппозиционного содержания текста, составление опорной схемы замысла и текста;

– анализ текста с точки зрения определения денотативных и предикативных свойств существительных, глаголов, прилагательных, наречий;

– осуществление смыслового развертывания слов (словосочетаний, предложений);

– воспроизводство текста по опорной схеме, построение нового текста на базе исходного и пресуппозиционного текстов и др.

Методика обучения текстообразованию на базе формирования механизмов внутренней речи характеризуется:

– опорой на знания, умения, приобретенные студентами в школе, вузе;

– определением способа подачи грамматического материала о денотативных и предикативных свойствах существительных, глаголов, прилагательных и наречий;

– использованием схемы действий и алгоритма в работе по смысловому развертыванию слов (словосочетаний, предложений).

Литература

1. Бельдиян В.М. Текст как лингвистическая реальность // Теория текста: внутренняя и внешняя структуры / Отв. ред. М.Тохтаходжаева. –Ташкент: «Изд-во ТГПИ», 1993. – С. 9-33.
2. Жинкин Н.И. Психологические основы развития мышления и речи // Русский язык в школе, 1985, № 1. – С. 47-54.
3. Жинкин Н.И. Развитие письменной речи учащихся III-VII классов // Психология усвоения грамматики, орфографии и развития письменной речи: Труды Ин-та психологии. Известия АПН РСФСР. Вып. 78. –М.: «Изд-во АПН РСФСР», 1956. – С. 141-251.
4. Жинкин Н.И. Грамматика и смысл // Теоретические проблемы прикладной лингвистики. Сб.ст. памяти проф. П.С. Кузнецова. Публикации отделения структурной и прикладной лингвистики / Под общ.ред. В.А. Звегинцева. – М.: «Изд-во МГУ», 1970. – С. 63-85.

ГТАХР: 16.01.21

АБАЙ ӨҢІРІ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Ахметова Г.С., докторант, аға оқытушы

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

Шәкәрім университеті, gulnur51984@mail.ru

Кіріспе. Қазіргі таңда қазақ лингвистикасында ұлт, тіл, мәдениет арақатынастарын, ономастикалық материалдарды кешенді түрде, яғни қазақ халқының салт-санасымен, өзіндік дүниетанымымен, өмір сүрген табиғи ортасымен, ғасырлар бойы қалыптасқан кәсібімен тұтастай қарастыруға үлкен мүмкіндіктер беріліп отыр. Кез келген аймақтың жер-су атаулары бірден қалыптаспайды. Олар-мыңдаған жылдардың, ондаған ғасырлардың жемісі. Демек, топонимия үнемі тарихи сипатқа ие болады. Сондықтан, белгілі бір аймақтың топонимиясын зерттеуде жер-су атауларын тарихи тұрғыдан қарастырудың ерекше маңызы бар. Топонимдердің тарихи сипаты сол өлкенің өткенінен де мол деректер беруге себепші болып отырады.

Ру, тайпа немесе солардың құрамындағы елге, жұртқа белгілі, танымал адамдар есімдерінен қалыптасқан этнотопонимдік атаулары – тарих қайнарынан, ғасырлар тезінен уақыт желісінен өтіп бүгінге жеткен рухани құндылық.

Ру шежірелеріндегі айтулы оқиғаларға қатысты шежіре-кітаптардан және басқа да дереккөздерден бізге жеткен аңыз-эпсаналардағы топонимдік атаулардың қолданылуындағы негіз – шежірелік аңызнама және әр атаудың өзіне ғана тән шығу төркінінің халықтық бағамдалуы. Ру атауларына қатысты этнотопоним, этногидроним, этнооронимдерді тарихи-мәдени және этнографиялық аспектіде тіл білімімен бірлікте алғанда ғана мәнді тұжырым болары сөзсіз. Қазақ тарихында жер-суға кісі атын қою тегін құбылыс емес, ол көбінесе қонысты қай атаның кімі жайлап отырғандығын білдіретін этникалық көрсеткіш. Бұл мәселенің бір жағы болса, екінші қыры ру тарихындағы ерекше оқиғаларды, оған қатысушыларды өскелең ұрпақ жадында қалдыру үшін де өзен-көлдер, жер бедерлерін кісі есімінен атау дәстүрі қазақтың барлық ру-тайпалары арасында кең тараған үрдіс. Атап айтсақ, тобықты руындағы тек бұлақ атауларына ғана қатысты 58 аталым болса, соның 30-ы руға, сол рудың танымал адамдарына қатысты атаулар. Оларды: а) жалаң сөздерден жасалған бұлақ атаулары: *Абай бұлағы, Әйгерім бұлағы, Шолпан бұлағы, Баршынның қарасуы, Қақабай аққұдығы, Көшек бұлағы, Жүніс бұлағы, Байсал бұлағы, Бөжей бұлағы, Оразғалидың сарыбұлағы, Әлібек бұлағы, Бақай бұлағы, Байсал бұлағы*, т. б. ә) күрделі сөздерден, яғни біріккен сөздерден жасалған бұлақ атаулары: *Таймақкөл, Мұздыбай бұлағы, Дүйсембай бұлағы, Тәкежан бұлағы, Өтепбайдың Көкқұдығы, Кәрішал бұлағы, Көкбай бұлағы, Шаянбай бұлағы, Пұшарбай бұлағы, Тайлақбай құдығы*, т.б. деп бөліп қарастыруға болады. Атаулар о баста зат есімдердің тіркесінен құралған анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінен құралса, тіл дамуы барысында ондай сыңарлар анықтауыштық қатынасты білдіру мүмкіндігінен қалып, атау сөзге айналған [2, 211 б.].

Күрделі сөздерден жасалған атаулар, екі я одан да артық сөз тізбегінен құралып, лексика, лексикалық-грамматикалық мағыналары мен тұлғалары сөйлемдегі қызметі жағынан бөлшектенбей, тұтасымен белгілі бір ұғымның атауы ретінде жұмсалады [1, 13 б.].

Ал өзен атауларына байланысты теріп алынған жалқы есімдік атаудың басым бөлігі антропонимдік, этнонимдік атаулар: *Жәнібек өзені, Төлен өзені, Шеттембай өзені, Тақыр өзені, т.б.* «Топонимикалық атаулар өзінің семантикалық мәнін белгілі бір жүйеде ғана айшықтай алады. Ә. Абдрахманов, В.Семенов-Тяньшанскийдің Еуропаның солтүстік аудандарында мұз дәуірі кезіне, ал оңтүстік аудандарында су шайып кету кезеңіне байланысты топонимдердің сақталғанын тілге тиек етеді. Осыған орай: «Лингвистический анализ одинокого топонима, вызванного из всей совокупности географических названий того или иного района, без привлечения сравнительного материала из топонимики других районов – не надежный метод...» – деп көрсетеді [3, 23 с.].

Сондықтан географиялық атауларды, оның ішінде этнотопонимдерді ортақ белгілеріне қарай шартты түрде топтастырып, жүйелеуге болады. Топонимдерді семантикалық тұрғыдан қарастырғандар топтастыру барысындағы ол тілдің лексикалық ұқсастықтарына, әр аймақтағы географиялық объектілердің аталу принциптерінің ұқсастықтарына назар аударып, тілдің заңдылығына сүйенудің қажеттігіне мегзейді.

Зерттеу әдістері: Мақаланы жазу барысында этнолингвистикалық және диахрониялық талдау әдістері басшылыққа алынды.

Талқылау. Абай өңірі топонимикасының этимологиясы мен семантикасы әр алуан. Көптеген атаулар сол жерлердің географиялық ерекшеліктеріне, жер бедеріне, өзіндік қасиеттеріне байланысты аталған.

Абай ауданы аймағындағы кейбір этнотопонимдік аталымдарды бірнеше кезеңге бөліп, бірінші, жоңғар шапқыншылығынан кейін қойылған атаулар деп қарастыруға болатын сияқты. Мысалы, *Бақанас, Шаған өзені, Мұқыр өзені, Дағанделі өзені, Маян, т.б.* атты жер атауларының болуы сол кез тарихынан хабар беріп тұрған дереккөздердің бірі.

Мұқыр – өзен атауы. Шыңғыстау жотасының солт. бөлігінде, Абай ауданында. Монғол тілінен енген топоним, қазақша баламасы «Қысқа, шолақ» деген ұғымды береді. «Мұқыр» атауының мәдени, тарихи коды ашылмағаннан кейін бұл сөздің анықтамасы да біржақты айтылып жүр. «Мұқыр» сөзі әртүрлі нысандарға ортақ атау болып табылады. *Мұқыр* – төбе атауы, оның аласа екендігін білдіреді. П.С.Паллас, А.И.Левшин еңбектерінде «мур» қалмақ сөзі жылғаның қып-қысқа атына сәйкес келетінін атап көрсетеді. Е.Қойшыбаевтың ойынша, атау түркі тайпаларының атынан қойылған болуы мүмкін.

Бақанас – жер атауы. Монғол тілінен енген топоним, қазақша баламасы «Шағын», қысқа деген ұғымды береді. *Бақанас* – өзенін кейбір ғалымдар бақан сияқты басы екіге айрылған өзен деп жорамалдайды. Шынына келсек, бұл атау моңғолдың баға «аз», «шағын», «қысқа», сөзімен «ус» «су»

түбірінің бірігуінен жасалған. Бағанус >Бағанас > Бақанас. Қазақстанда бірнеше жерде кездесетін мұндай өзендердің көбі шолақ келеді. Жаз айларында тартылып қалады. Сонда, Бақанас- «шолақ, қысқа су (өзен)»мағынасына сәйкес келеді.

Шаған өзені – өзен атауы.Ертіс алабында, Шығыс Қазақстан обл-ның батыс бөлігімен ағады. Шыңғыстау жотасының батысындағы бұлақтардан бастау алып, Ертіс өз-не құяды. Ұзындығы 282 км. Монғолдың чагаан – “ақ” мәніндегі сөз, ал оның қазақ тіліндегі шаңқан – “аппақ”, “ақ түс” мәніндегі кездесетіні белгілі. М.: *Бізден анау Басжымба, Аяқжымбаны, Кәпсақаудың Қарағанын, Шолақеспені Білдеге шейін кесіп алмақ. Содан әрі Обалы, Қоғалы, Қарақұдық, Төреқұдықтың үстін басып отырып, анау Шаған мен Семейтаудың жапсарына шығады.* [б. 200-б.]

Біраз топонимдер ерен еңбегімен немесе бойындағы ерекше қасиетінің ел арасына таралуына қатысты халықтың жадына сіңісті болғандықтан тарихта қалған атаулар болып табылады. Мысалы: *Оспанкөл, Ералы жазығы, Еңлік-Кебек төбесі, Құнанбай құдығы, Кеңгірбай Би мазары, Тоқтамыс ауылы, т.б.* атаулар осы өңірде өмір сүрген, елдің қоғамдық өміріне белсене араласқан, халық жадында сақталған атақты батырлар мен билердің аты қойылған жер-су атаулары.

Ералы жазығы – жазық. Қаншыңғыс жотасының солт.-шығысында, Ащысу өзенінің аңғарында, Абай ауданында. Кісі есіміне байланысты қойылған атау. Ералы жазығы ұзындығы-50, ені-20 шақырымдық пішендік, жайылымдық болып, шөбі шүйгін, малға тойын, берекелі қоныс болып есептеледі. Көктемде Ащысу мол жайылғандықтан шөбі балауса, балғын боп мол өседі. Қосаяқ, саршұнақ, қарсақ, түлкі сияқты аңдар мекендейді. Ералы жазығы ең дала болғандықтан, дауыл қатты болады екен.«Жасы Өскенбайдан он жастай кіші Кеңгірбай бидің баласы.Кеңгірбай тобықты руын билеуді өз баласының біріне бермей,Өскенбайға бергені анық десек, өз руластарының жығасы жығылмауына, бүкіл өмірін арнаған сұңғыла бидің Ералыға көңілі толмағаны ақиқат болып шығады. Ал Ералы кім десеңіз, «Абай жолы» романында айтылатын Бөжейдің әкесі. Әйгілі Кеңгірбай бидің баласы. Ералы көп жасап өлген адам.Ол дүние саларында 1864жылы туыс,бала-шағасымен соңғы арыз-хошында өзі жерленген төбені нұсқап, «Ертең мұнда Ералым жатыр демейсіндерме,ана төбеге жерлендер» –деп өсиет еткен екен.Бұдан қарт бидің өлген соң,өз туыстарына моласымен де қызмет етпек болғаны байқалады. Содан бері бұл өлке *Ералы жазығы, Ералы қорығы* деп аталады» деп жазады Бекен Исабаев «Ұлылар мекенінде».[4, 10 б.]

Тағы бір топ топонимдік этнонимдер халықтың басынан өткен белгілі бір тарихи оқиғалардан елес береді. Мысалы: *Қарауыл төбе, Қоңыр Әулие үңгірі, Еңлік-Кебек мазары, Шыңғыстау, Орда тауы, Қона тауы, Мұсақұл төбесі, Орыс қорысы, Шаңтимес биігі, т.б.*

Нәтижелер: Ру-тайпа, оларға қарасты таптарынан шыққан атақты адамдар есімінен қалыптасқан топонимдер көрсетілгеннен көбірек болуға тиісті-ақ, бірақ әртүрлі себептермен, атап айтқанда, біріншіден, Кеңес үкіметі кезіндегі ата тектен безінген саясатқа мойынсұнған уақытта қаншама жер-су атаулары өзгертілді, қайта аталды; екіншіден, малдың ыңғайымен көшіп-қонып жүретін қазақ ауылының бүгінгі таңда шаруашылық тәсілі өзгергендіктен, қаншама жаз жайлауы, қыс қыстауы, күз күзеуінің аттары (*Балтаң, Нұрлан, Әтей, Бұланбай, Жайма, Қылышбек, Меңдеке, Мұздыбай, Көлқайнар, т.б.*) халық жадынан өшті. Ең жайлап туған жерінің төсінде еркін жүріп-тұрып, сол атамекен қонысының, төр жайлауының, кер жайлауының тұнығынан қанып су ішпеген соң, оның табиғатының өзіне ғана тән ерекшелігі, құпиясы, қасиеті көкейінде жатталып, жүрегінде ұяламаған соң, ол жердің тарихы да, жарамдылық құндылығы да, эстетикалық ләззаты да солғындап, бейтараптанады. Бұрын ру атауымен аталып келген болыстықтарды 1878 жылы жер атына ауыстыру туралы арнайы нұсқау беріледі. Бұның өзі қазақтың дәстүрлі рулық туыстығын, қарым-қатынасын бұзудың, жоюдың бір әрекеті еді (Мысалы, Қоңыр Көкше тобықты болысы жер атауымен Мұқыр болысы, Күшік тобықты – Шыңғыс және Қызылмола, Мәмбетей тобықты – Шаған болысы, Жүзбенбет тобықты – Бұғылы болысы т. б.) [5, 48 б.].

Шығыс Қазақстан аймағындағы топонимдер құрамында осы өңірлерді ежелден мекендеп келе жатқан ру-тайпа және сол ру-тайпалардың құрамындағы белгілі адамдардың атына байланысты қойылған этнотопонимдерді кездестіретініміз сөзсіз. Бұл топтағы атаулар аталған өңірдегі жергілікті тұрғындардың өмір тіршілігінен, тарихи-элеуметтік, тарихи-лингвистикалық тұрғыда мол деректер береді. Атап айтқанда, ру-тайпаға қатысты географиялық атаулар белгілі бір тайпа, ру, ұлттың ежелгі қоныс мекендері, көш жолдары туралы мәлімет алудың бірден-бір дереккөзі. Сондықтан Шығыс Қазақстан аймағындағы этнотопонимдерді арнайы зерттеудің нысаны етіп алып, қарастыру өзекті болып табылады.

Қазақ халқы ежелден көшпелі мал шаруашылығына бейімделіп, мал тұяғына ере отырып, жер жағдайын мал ыңғайына қарай таңдай отырып, сол жердің ерекшелігін баса көрсететін ат қоюы, жер-су атауларының ерекше маңызды факторға айналғанының көрінісі. Әр атауда ұлттық болмыс,

дүниетаным, салт дәстүрдің кумулятивті жинақталуы нәтижесінде қонысты, жұртты, жайлау, күзеу, қыстау ерекшелігін дәлдікпен бере алғандықтан да тарихи атаулар ұлттық бірегейлестіру ретінде құнды.

Қорытынды. Әрбір атау – тарихтың иісі сіңген уәжді, мағыналы белгі. Мұндай ұлттық және рухани байлығымыз болып саналатын топонимдерді зерттеу қажеттілігі уақыт талабынан туындап отыр. Ұлттық таным мен санада ұлттық сипат өріс ала бастаған кезеңде әрбір саналы азаматты өз халқының өткен тарихын білуге құштарлық пен ынтызарлық оята бастайды. Сондықтан жер-су атауларын жан-жақты қарастыру тарихқа да, тіл біліміне де салмақты нәтижелер береді деп санаймыз.

«Ұлылар мекені» атанып, аты төрткүл дүниеге таралған Шыңғыстау ежелден бастап көшпенділердің қызығушылығын туындатқан жер. Әр ұлты да, ұлысы да «мынау менің жерім болса, осында ұрпақ таратсам» деген арманы болған-ау, өйткені «Шыңғысқа жеті ел келіп, жеті ел кеткені» тегін айтылмаса керек. Туған жер, өскен ортаны күнделікті көріп ыстығына күйіп, суығына тоңып, табиғат төлі болып өскен ауыл баласы ауа райымен табиғи құбылыстардың тамыршысы да, тарихшысы да бола біледі. Содан да олар туған жерден тамырын үзбей, ата аманатына адал болып өсіп өркендеп, жерін көгертіп, ерін әспеттеп, елін егемендеп, дінін сақтап, тілін мәртебелеп, шекарасын бекітіп, терезесі тең елдің ұланымыз деп мақтана алатын адамзат баласы жетерлік деген ойдамын. Сондықтан Абай өңірінің жер-су атаулары тарихи қалыптасуы мен дамуы тұрғысынан, сол өлкенің өткен тарихын, аталған территорияны мекендеген халықтар мен тайпалар өмірінің негізгі белестерін тілдік материалдармен сабақтастықта әліде болса зерттеле түсетініне кәміл сенеміз.

Әдебиеттер

1. Шакенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар – Алматы: Ана тілі, 1991. – 120 б., 13 б.
2. Сейітова Ш.Б. Қазақ этнонимдерінің тарихи-лингвомәдени жүйесі (Шығыс Қазақстан аймағы материалдары бойынша) ФГДД, Б. 215-211.
3. Мурзаев Э.М. Основные направления топонимистических исследований // Принципы топонимики. – М.: Наука, – 1964. – 33 с., 23 с.
4. Исабаев Б. Ұлылар мекені. –Новосибирск, 2007. – 621 б.
5. Жанболатұлы М. Тобықты – Шыңғыстау шежіресі, 2004. – 1 т. – 520 б., 48 б.
6. М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопея. Төртінші кітап / Алматы: Жазушы, 2013 / «Қастықта».

ГТАХР: 17.01.09

М. ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ-СТИЛЬДІК СИПАТЫ

Мұқаш М.Т., магистр, оқытушы

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

Шәкәрім университеті, meruert_talgatkyzy@mail.ru

Қазіргі білім беру жүйесіндегі түрлі парадигмаларды оқу үрдісінде қолданғанда ұлттық дәстүріміз бен мәдениетіміздің дамуына өлшеусіз үлес қоқан кемеңгер тұлғаларымыздың рухани мұраларын заман сұранысына сай терендете оқытқанымыз жөн. Бұл орайда ұлттық әдебиеттану ғылымының көшбасында тұрған ғұлама ғалым, ұлы суреткер М. Әуезовтің көркем әңгімелерін оқытудың орны ерекше. XX ғасырда қазақ әдебиетін әлемге танытқан ұлы классик жазушы М. Әуезовтің көркем прозадағы суреткерлік шеберлігі еуропалық деңгейге жетуі алғашқы жазған әңгімелерінен бастау алған. Адамзат тарихы бастан кешкен қоғамдық үш формацияны көзбен көріп оймен сүзген жазушы өмірден көргені мен түйгенін көркем оймен суреттеп, туған халқының адамгершілік идеалы мен дәстүр салтын, рухани болмысын. тұрмыстағы күйбелең тіршілігін қағаз бетіне түсіріп шебер бейнелеуі де тұңғыш рет көркем әңгімелерінен басталған болатын.

Жазушының алғаш жазған «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Үйлену», «Сөніп-жану», «Кім кінәлі?», «Сыбанның моласында», «Текшенің бауырында», «Жетім», «Кінәмпіл бойжеткен», «Қаралы сұлу». т.б. әңгімелері адамдар арасындағы қым-қиғаш әрекеттерді суреттей отырып гуманистік сипатта жазылған көркем туындылар. Оларда көбіне-көп трагедиялық тағдырға душар болған кейіпкерлер бейнеленіп ең басты мәселе адами құндылықтар мен жалпы адам болмысын тереңнен тануға талпыныстар жасалынып, автордың ашып көрсеткісі келген басты идеясының бірі адам табиғатын сан қырынан саралап түсіндіруге арналды.

Бүгінгі таңда әлемнің барлық алдыңғы қатарлы дамыған елдері қоғамдық өмірде қол жеткізген жетістіктерін білім беру жүйесін заман талабы мен сұранысына сәйкес модернизациялау арқылы қарқынды түрде жүзеге асыруда. Осы орайда барлық мемлекеттер білім беру саласын мұқият саралап ондағы озық деп танылған үлгілерді қолдануда сол мемлекеттің идеологиялық, саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени саласының даму концепцияларына сай әзірлеудің жаңа жолдарын табуда. Әлемдік білім беру үрдісіндегі мұндай жаңашылдықтан қол үзіп қаламауды көздеген қазіргі жаңарған Қазақстанның білім беру жүйесі де ауқымды реформалау мен заманауи модернизацияланумен сипатталуда. Осыған орай білім беру жүйесін жаңғырту үшін ғылыми тұрғыда негізделген ақпараттарды өңдеу, жаңа жетістіктерге жеткізетін әдіснамалық тұғырлар мен практикалық тетіктер енгізу қажеттілігі мемлекеттік бағдарламаларға енгізіліп отыр [1, 41 б.].

Еліміздің 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамыту бағдарламасында «білім берудің әрбір сатылық кезеңдерінде білім мазмұнының жетілген жаңа үлгілері енуі тиіс», – деп ерекше аталып көрсетілген. Мәселе білімді жаңартудан туындап жатқандықтан бұл іске барынша жауапкершілікпен қарап, кешенді ғылыми талдаулар арқылы саламақты саралағанымыз орынды болмақ. Себебі, білім дегеніміз адамзаттың рухани келбеті, болашақ ұрпаққа аға ұрпақтың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, рухын жеткізу әрекеті, қоғамды дамытып алға жетелейтін игілік иесі, барша құндылықтың көзін ашатын мол мұра. Сондықтан ол қазіргі педагогикада заманауи талаптармен ұштасқан білік пен дағдыларды меңгертудің, оқу материалдарын игерудің жаңаша әдіс-тәсілдерін үздіксіз өндіріп орыруымен ерекшеленуде. Оның негізі жеке тұлғаны қалыптастыруда әлемдік білім беру кеңістігіндегі білім, ғылым және тәрбие сабақтастығында жан-жақты зерделенген оңтайлы қадамдарды зерттеп, игере келе, өзіндік бағытта тың жол салу болып табылады.

Қазіргі жаһанда болып жатқан өзгерістер білім беру үрдісіндегі «білемін», «білдіремін», «үйретемін» ұстанымдарының көнергендігі мен қазіргі тұлғаға уақыттың қойған бәсекелестік талаптарының өзгеруі айтарлықтай өзекті мәселеге айналып отыр. Мұндай сәйкессіздіктер жинақтала келіп білім беруді ұйымдастырудың жаңа бетбұрыстары мен нобайларын айқындауды міндеттейді. Міне дәл осы жерде «парадигма» ұғымы туындайды.

Осы уақытқа дейінгі зерттеулерде «парадигма» ұғымына түрлі анықтамалар беріліп, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласында кеңінен оқытылып келеді. Оны алғаш қолданған америкалық философ-ғалым Т. Кунның ғылымға қатысты тұжырымдамасында парадигма ғылымның белгілі бір даму кезеңінде болжамдарды ұғыну үшін, таным үрдісінде туындайтын міндеттерді шешу үшін ғылыми қауымдастықпен қабылданған үлгі, модель, стандарт ретінде пайдаланылатын теориялық және әдістемелік ережелер жиынтығы ретінде айқындалады. Осы тұжырымды білім саласына оның грек тілінен аудармасын бұзбай қолданар болсақ, белгілі бір тарихи кезеңдегі ғылыми жетістіктерге қарап ұйымдастырылатын мәселе қою мен оларды шешудің тұжырымдамалық үлгісі, моделі деп қарастыруға болады.

Жалпы педагогикалық парадигмалардың генезисіне тоқталар болсақ, ең байырғы генетикалық парадигма «дәстүрлер парадигмасы» деп аталған. Бұл парадигма әртүрлі тарихи және мәдени жағдайларда дәстүрлілікті сақтай отырып, ұстанымдар, рухани идеялар және оларды іске асырудың аралық буыны ретінде танылды. Бұдан кейінгі келген ғылыми-техникалық парадигманың негізінде материалдық құндылықтар, ғылым мен техниканы дамыту, соған сәйкес нақты ғылымдардың үстемдігі жатыр. Технократтық логика ұстанымдарына сәйкес нақты бұл оқыту парадигмасы ғылыми-техникалық прогресте жетістікке жеткізгенімен онда физиология, психология мен адамгершілік құндылықтарына тереңінен бойлауға орын беріле бермейді.

Қазіргі білім берудегі негізгі парадигмалар қатарына: антропоэзектік, гуманистік, когнитивтік, тұлғалық-бағдарлы, мәдениеттанымдық, дүниелік білім беру, функционалдық немесе құзыреттілік және білімді интеллект дамытудың қайнар көзі ретінде игерту парадигмалары жатады. Бұлар негізінен әлемдік білім беру кеңістігіндегі тенденциялардың дамып жетілуімен тығыз байланыста іске асып, солардың қойған талаптарының үдесінен шығуды көздей отырып туындайды. Дегенмен, білім беру ісінде қолға алынған кез келген тенденциядағы инновациялардың енгізілуі парадигманың бастапқы генезисіндегі негізгі бағыты болған ұлттық дәстүрлерге және ұлттық негіздерге қарсы келмеуі тиіс. Мұны есте естен шығармауымыз қажет. Сондықтан қазіргі білім беру жүйесіндегі түрлі парадигмаларды оқу үрдісінде қолданғанда ұлттық дәстүріміз бен мәдениетіміздің дамуына өлшеусіз үлес қосқан кемеңгер тұлғаларымыздың рухани мұраларын заман сұранысына сай тереңдете оқытқанымыз жөн. Бұл орайда ұлттық әдебиеттану ғылымының көшбасында тұрған ғұлама ғалым, ұлы суреткер М.Әуезовтің көркем әңгімелерін оқытудың орны ерекше болмақ [2, 2 б.].

XX ғасырда қазақ әдебиетін әлемге танытқан ұлы классик жазушы М.Әуезовтің көркем прозадағы суреткерлік шеберлігі еуропалық деңгейге жетуі алғашқы жазған әңгімелерінен бастау

алған. Адамзат тарихы бастан кешкен қоғамдық үш формацияны көзбен көріп оймен сүзген жазушы өмірден көргені мен түйгенін көркем оймен суреттеп, туған халқының адамгершілік идеалы мен дәстүр салтын, рухани болмысын, тұрмыстағы күйбелең тіршілігін қағаз бетіне түсіріп шебер бейнелеуі де тұңғыш рет көркем әңгімелерінен басталған болытын. Жазушының алғаш жазған «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Үйлену», «Сөніп-жану», «Кім кінәлі?», «Сыбанның моласында», «Текшенің бауырында», «Жетім», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу», т.б. әңгімелері адамдар арасындағы қым-қиғаш әрекеттерді суреттей отырып гуманистік сипатта жазылған көркем туындылар. Оларда көбіне-көп трагедиялық тағдырға душар болған кейіпкерлер бейнеленіп ең басты мәселе адами құндылықтар мен жалпы адам болмысын тереңінен тануға талпыныстар жасалынып, автордың ашып көрсеткісі келген басты идеясының бірі адам табиғатын сан қырынан саралап түсіндіруге арналды. Бұл қазіргі гуманитарлық білім беру жүйесіндегі «антропоэзектік» парадигманың көздеген мақсаттарына сәйкес келеді. Онда адам барлық заттың өлшемі деп алынып, осы принцип арқылы адамның өзінің табиғатын, шын мәнін, бүкіл қоршаған шындықтың мән-мағынасын, адам мен табиғаттың, адам мен қоғамның арақатынасы айқындалады.

Түйіндей айтқанда адамның нақты өзіндік болмысы, оның жекедаралығы, шығармашылық мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылып құндылық негізі нақты адамға айналады. Осыған орай бүгінгі таңда М.Әуезовтің көркем әңгімелерін оқытқанда «антропоэзектік» парадигманы кеңінен қолдану орынды болмақ. Себебі, ұлы жазушы өз әңгімелерінде қоғамдық өмірдің алуан түрлі мәселелерін көтергенде оларды адами құндылықтармен сабақтастыра байланыстырып басты нысанаға адамды алып отырған. Сондықтан көркемдік шеберлікпен қатар реалистік суреттеу әдісін кеңінен пайдаланып түрлі кейіпкерлердің бастан кешкен тағдырын адами факторлар арқылы тереңінен танытқан. Мұндай суреттеулердің көпшілік жағдайында жазушының басты кейіпкерлері ауыр трагедиялық тағдырға душар болып, көркем әңгімелеріндегі өмір шындығының көріністерінің суреттелу салмағы арта түсті. Мәселен, жазушының тұңғыш көлемді әңгімесі «Қорғансыздың күнінде» суреттелген оқиғалар желісі мен басты кейіпкерлері өмірде болған нақты тарихи жағдайдан алынған.

Қазіргі таңда әдебиет зерттеушілері мен әдебиетті оқытушы ұстаздар заманға сай интерпретациялап жазушының осы әңгімесін түрліше талдап мәні мен мағынасын, автордың негізгі идеясын жас ұрпаққа сан қырынан түсіндіріп келеді. Бұл бүгінгі оқыту жүйесіндегі әдістемелік технологиялардың сан түрлі стратегияларын қолдану арқылы шығармашыл тұлға қалыптастыруда орынды да болар. Дегенмен, осы тұста ұлы реалист жазушының әңгімелеріндегі тарихи факты мен өмір шындығының суреттелуін есте естен шығармағанымыз абзал. Мәселен, тарихи шындық тұрғысынан алғанда «Қорғансыздың күні» әңгімесі өмірде болған нақты оқиғаның негізінде жазылған. Тіпті шығармадағы тарихи жер аттары да қазіргі таңда сол қалпында сақталған. «Семей қаласының оңтүстігін жайлаған елдің қалаға қатынасын қара жолының үстінде Арқалық деген тау бар....

Арқалықтың жолы асатын кезең – Күшікбай кезеңінің түбінде бір жіңішке қара сызық секілденіп Қанайдың жалғыз қорасының орны» әлі де көрінеді. Ал шығармадағы кейіпкерлер аттары көркем әдебиеттің ішкі заңдылығына сәйкес прототиптік бейнелермен беріліп өзгертіліп алынған. Ондағы Ақан болыс – Шыңғыс елінің жас болысы Біләл Ысқақов, ал кәрі кемпір - Мұхтар Әуезовтің немере апайы Қаптағай, қасіретке ұшыраған Ғазиза – М.Әуезовті жиеншары болып келеді. Бұл оқиғаның егжей-тегжейі мен өмірлік деректері туралы жазушының тетелес інісі Ахмет Әуезовтің «Бала Мұхтар», «Жас Мұхтар», Ғайса Сармурзиннің «Өмір сабақтары», «Өнеге», Тұрсын Жұртбаевтың «Бесігінді түзе!...» атты кітаптарында толық мағлұматтар берілген [3, 240 б.].

Ғылыми негізделіп нақты деректермен қамтылған аталмыш еңбектерге сүйене отырып жазушының «Қорғансыздың күні» әңгімесін қазіргі білім беруде қолданылып жүрген түрлі әдістермен парадигмалар негізінде оқытқанда шығарманы жазуда жазушының өзі қолданған реалистік суреттеу әдісін де қатар қолданғанымыз жөн. Ал біз сөз етіп отырған «антропоэзектік» парадигманы реалистік суреттеу әдісімен қатар оқытып, жастардың санасына сіңірсек бүгінгі оқытудың бір мақсатына қол жеткізгендігіміз болмақ. Ол үшін шығармадағы оқиғаның өмірде болған шынайы оқиғаның негізінен алынып кейіпкерлердің аттары өзгертілгенімен басты нысан ретінде адам мен оның бойындағы алақұлалы қасиеттердің қатар көрініс табуын ашып көрсеткеніміз орынды.

Жазушының Ақан болыстың озбырлығы мен зұлымдығы Ғазизаның пәктігі, арлылығы секілді қарама-қарсы адами қасиеттерді ашып суреттеуі де жайдан-жай емес. Мұндай бояуы анық жазылған шығарманы оқушы оқырмандар адамның адамшылығы ең алдымен оның бойындағы түрлі қасиеттерге байланысты болатындығын аңғарып, жамандық пен зұлымдықтан бойларын таза ұстауға ұмтылып дүниедегі барлық тіршіліктің өлшемі адамға байланысты екендігін түсінеді.

Қазіргі қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласының білім беру үрдісінде кеңінен қолданылып келе жатқан парадигманың бірі рухани құндылықтардың әдіснамалық негізін құрайтын

«гуманистік» парадигма болып отыр. Бұл парадигма адамдардың әлеуметтік мәдениетте дамып жетілуінің нәтижесінде қалыптасқан. Адамға деген ізгілікті көзқарас білімді гуманитарландыру мәселесін туындатып, оның қоршаған әлемді тануға деген ізгілікті көзқарасын қалыптастыру, өзін-өзі дамыту, шығармашылығын шыңдау ретінде танылады. Бұл ретте гуманитарлық пәндерді меңгертуде жастарды адамгершілік, мораль нормаларына тәрбиелеуді басты назарда ұстаған жөн.

Гуманистік парадигма тұрғысынан білімнің соңғы нәтижесі әр адамды әлемде болып жатқан жағдайларға бей-жай қарамайтын, жаңалыққа, жаңа тәжірибеге ашық, өзін дамыта алатын, еркін әрекет субъектісі етіп қалыптастыру болып табылады. Әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетінің арасында алтын көпірге айналған ұлы жазушы М.Әуезовтің шығармашылығын да «гуманистік» парадигма негізінде оқытудың орны ерекше. Гуманистік парадигманың көздеген негізгі мақсатының бірі білімді жаны ізгі адамдарды тәрбиелеп, қол жеткізген нәтижелердегі негізгі құндылықтарды ізгілікке бағыттау. Сол арқылы қоғамда заманға сай ұлттық құндылықтарын бойына молынан сіңірген, жаңаша ойлайтын тұлғаларды қалыптастыру. Осы ретте М.Әуезовтің алғашқы әңгімелерінен бастау алып «Абай жолы» секілді ұлан ғайыр роман-эпопеяға ұласқан жазушылық жолында негізгі тірек болған идеяның бірі «гуманистік» идеясы болғандығын ерекше ескергеніміз жөн. Ұлы жазушының әңгімелерінде сол замандағы қарапайым қазақ ауылындағы адамдардың тұрмыс-тіршілігі, күн көрісі, үйленуі, жанұя құру және құдаласу, күйеу келуі, қыз көру сияқты ескі әдет-ғұрыптар, оқыған жігіттердің мінезі, іс-әрекеттері – осының бәрі адамгершілік идеялары – әйелдің бас бостандығы, әділеттілікті жақтау тұрғысынан ашып көрсетіледі [4, 480 б.].

Жоғарыда аталған әңгімелерінде жазушы панасыз, қорғансыз адамдардың жанашыры болуға ұмтылып, қайғы-қасіретке душар болған жетім-жесірлердің ауыр халін тебірене бейнелеуінен оның шығармашылығындағы гуманистік сипаттың пафосы сол кездің өзінде аса жоғары болғандығы анық байқалады. «Қорғансыздың күнінде» жаны таза, пәк сезімді жас қызға жасалған зорлықтың, қорлаудың жантүршігерлік айуандық екенін қандай әсерлі бейнелесе, одан кейінгі жылдары жазған басқа да әңгімелерінде адал, ар-ұяты бар, бірақ қолы қысқа, жоқшылықты, өмір ауыртпалығын көп көрген адамдарды аяныш сезімімен бейнелеп, әділетсіздікті, озбырлықты, дүниеқоңыздықты, пасықтықты жеріне жеткізе әшкерелейді. Осы сарында «Оқыған азамат», «Кім кінәлі?», «Кінәмшіл бойжеткен», «Жетім», «Барымта», «Жуандық», «Қасеннің құбылыстары» және т.б. әңгімелері бірінен соң бірі жазылып жазушының суреткерлік шеберлігі арта түсті. Бүгінгі білім беру үрдісіндегі «гуманистік» парадигманың негізінде ұлы жазушының аталмыш әңгімелерін оқыту педагогиканың прогрессивті ұстанымдарын сақтай отырып гуманистік құндылықтарды дамыту арқылы жеке тұлғаның бойында қайырымдылықты, шыншылдықты, әділдікті, еркіндікті қалыптастырудың тиімді әдісінің бірі болары анық.

Классик жазушы М.Әуезовтің көркем әңгімелерін бүгінгі жоғары білім беру саласында жекелеген пәндерді оқыту арқылы студенттердің танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуды көздеп кеңінен қолданылып келе жатқан «когнитивтік» парадигманың негізінде оқытудың да орны ерекше. Когнитивтік – ойлау арқылы тануға нұқсайды. Когнитивтік парадигма бойынша оқыту мақсаты әлеуметтік тапсырыс болып табылатын білім, білік, дағдының қалыптасуы қабылданады. Бұл парадигма тұлғаның есте сақтау қабілетіне күш салатын үрдіс ретінде өз міндетін атқарумен сипатталады. Яғни тұлғаны ойлау арқылы танымға жетелеп, оның жадының мығым болуына бағытталады. Ойлау мен оны жетілдірудің маңыздылығы әлемдік педагогикада әлімсақтан айтылып келеді. Ал қазақ педагогика ғылымында ойлау туралы алғашқы орамды ойлар М.Жұмабаевтың 1922 жылы жазған «Педагогика» атты еңбегінде кеңінен қарастырылған. Онда автор ойлаудың жан тұрмысы үшін керектігі хәм оны өркендетудің тиістілігі туралы кеңінен баяндай келіп, өз ойын былайша қорытады: «Ойлау болмаса, адам басқа жануар сықылды заттарды, көріністерді құр жадына, есіне ғана алып, жат бір көрініс ұшыраса, оны шеше алмайтын, оған түсіне алмайтын бір жан иесі ғана болар еді.

Адам ойлау арқасында ғана заттардың, көріністердің араларындағы байламды белгілеп, оларды бар қылған себептерді табады. Келешекте оларға ие болатынын ойлап шығарады, келешекті болжай алады. Қысқасы, ойлай білетін адам – шын мағынасымен адам». Осы айтылғандардан ұғатынымыз адам баласы тек дұрыс олай білгенде ғана нағыз адамдықтың мәні мен мағынасын түсінетін болады. Демек, қазіргі таңда оқу үрдісінде қолданылып жүрген ойлау арқылы танымға жетелейтін «когнитивтік» парадигманың жас ұрпақты тәрбиелеп, оқытудағы маңызы айрықша.

Когнитивтік парадигманың негізінде М. Әуезовтің көркем әңгімелерінің қай-қайсысын алып оқытсақ та өз тиімділігін бермек. Олай дейтініміз классик жазушының әдеби-танымдық көзқарастарға толы көркем әңгімелерінің барлығында дерлік оқырманға терең ой салатын шынайы өмір фактілері қысқа да нұсқа жолмен айқын көрініс берген. Бұл жазушының көркемдік әлемі деңгейінің жоғарылығы мен суреткерлік шеберлігінің нәтижесі. Көркем прозада ауқымды ойларды қысқартып, тұжырымдап

жеткізуді негізінен осы әңгіме жанры іске асырады. Әңгіме – көркем прозаның ең ықшам түрі, бірақ жеңіл емес. Оның қиындығы да сол ықшамдылығында, аз сөзге көп, терең мағына сыйғызып, негізінен, бір оқиғаны баяндау арқылы мол өмір шындығын ашып беру арқылы оқырманға ой салу. Көркем әңгімені оқыған оқырманның ойы бір ғана оқиғаға аумамай, сан түрлі суреттеулерді көз алдына ойша елестету арқылы өмірдің мәнін түсінуге талпынады.

Жақсы менен жаманның, адалдық пен азғындықтың, пендешілік пен дүниеқоңыздықтың, адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасының көрінісі де көркем әңгімені оқығанда айқындалады түседі. Тіптен өмірде оқыған көзі ашық көкірегі ояу адамдардың өзі адамшылық тәрбие алмаса оның оқығандығынан ешқандай да пайда болмайтындығын М. Әуезовтің көркем әңгімелерінен кездестіруге болады [5, 376 б.].

Адам бойындағы мұндай жағымсыз қасиет «Оқыған азамат» атты әңгімесіндегі Жұмағұлдың бейнесінде айқын көрініс тапқан. Ол жесір қалған досының әйелі Қадияға үйленіп, аяқастынан дайын үй-жай, қаншама дүниеге ие болып шыға келеді. Бірақ оны да азсынып, өлген жігіттің кәрі шешесінің қолындағы мал-мүлікті де ретін тауып тартып алудың қамына кіріседі. Мұны естіген кемпірдің есі ауысып, ауруға шалдығып, ұзамай қайтыс болады. Бұдан шығатын қорытынды оқыған білім алған жігіттердің де типтері әр алуан болатындығында. Осы тектес ойды одан әрі жалғастыра жазған жазушы «Сөніп жану» атты әңгімесінде оқыған білімді Сыздықтың бейнесін суреттеп жалғастырып, адамның адамшылығы қаншалықты білім алып оқуында емес оның адамгершілік қасиетте тәрбиеленуінде деген ойын нақтылап толықтыра түскен. Осылайша көлемі шағын көркем әңгіменің өзінде ойшыл жазушы ұлы данышпан, ұстаз-ғалым Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген ғұламалық ойымен ұштасқан ауқымы терең даналық ойдың мазмұнын ашып көрсете білген. Сондықтан, оның әңгімелерін ойланбай оқу, қызықпай қарау мүмкін емес. Ал ойлау арқылы танымға жетелейтін «когнитивтік» парадигманың оқыту мақсатына қатысты көздеген негізгі мақсатының бірі де осы оймен үндесетіндігі сөзсіз.

М. Әуезов сөз жоқ қазақ әдебиетінде қайталанбас құбылыс иесі, заманының заңғар жазушысы. Бүгінгі күнге дейін жазушының шығармашылық ғұмырбаяны, эпикалық туындылары, песалары мен аудармалары ғылыми-теориялық тұрғыдан жан-жақты зерделеніп еліміздің рухани өмірінде лайықты бағасын алып келеді. Бұл орайда Ғ. Мүсірепов, Б. Кенжебаев, Ә. Тәжібаев, Е. Ысмайлов, З. Ахметов, Р. Бердібаев, Л. Әуезова, Р. Нұрғалиев, М. Мырзахметов, Б. Майтанов, Т. Жүртбаев, З. Қабдолов, Ж. Дәдебаев, Г. Пірәлі және т.б. зертеуші-ғалымдардың еңбектері ерекше елеулі. Ендігі мәселе кеменгер жазушының шығармашылығын жас ұрпаққа жүйелеп оқыту әдістемесін бір ізге түсіру болып отырғандығы жасырын емес. Олай дейтініміз осы уақытқа дейінгі зерттеулерден алынған нәтижелер М. Әуезов шығармашылығын тұтастай бірізділікпен оқытылып келе жатқан жоқ. Мәселен қаламгердің өмірбаяндық деректері мен алғашқы эпикалық шығармалары туралы орта мектептің қазақ әдебиеті пәндерінде жекелеген сабақтарында оқытылады. Мектеп бағдарламасына сай жазушының барлық шығармаларын тұтастай концептуалдық тұрғыда талдап, таратып оқытуға уақыттың да жетпейтіндігі анық. Сондықтан, мұғалім «Қорғансыздың күні», «Көксерек», «Қараш-қараш оқиғасы» сияқты шығармаларымен қатар «Абай жолы» роман эпопеясын терең әрі толық әдеби талдаулар жүргізбестен басты көркемдік ерекшеліктерін т.б. жекелеген құрылымдарын ғана оқытады. Мұнда көлемі мен сюжеттік-композициялық ерекшелігіне қарай әрине «Абай жолы» роман-эпопеясына сағаттар саны басымырақ берілетіндігі айқын. Оның өзін толықтай талдап, таратып тануға оқушылардың мүмкіндіктерінде келе бермейді.

Сонда мектеп оқушылары жазушының тек бірен саран эпикалық шығармаларын оқумен ғана шектеледі. Ал жазушының драматургиясы мен аудармалары, повестері мен әңгімелері толыққанды оқытылмайды. Мұның өзі болашақ жастардың кеменгер жазушы туралы танымдарының айтарлықтай тереңдете қоймайтындығы анық. Осы жерден мәселенің екінші шеті көрініс береді. Ол қаламгер шығармашылығын түгелімен топтастырып жүйелеп оқытудың әдістемесі арқылы мектеп оқушыларына оқытуға болмаспа еді? – деген ой. Бұлай жасауға да әсте ола қоймас. Себебі, классик жазушының тұтастай шығармашылығы белгілі бір дәрежеде топтаса бермейтін, әр шығармасында көтеретін мәселелер мен оқиғалар желісі бір-біріне ұқсай бермейтін қайталанбас туындылар. Оларды түгендеп, бір арнаға тоғыстырып, бір бағдарлама көлеміне сыйдыру онай шаруа емес. Бұл мәселені кезінде белгілі ғалым филология ғылымдарының докторы, профессор М. Қаратаевтың жетекшілік етуімен әдебиеттанушы ғалым Қ. Тасболатов ауқымды қарастырып 1970 жылы «Изучение творчества Мухтара Ауэзова в средней казахской школе» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап М. Әуезов шығармашылығын жүйелеп оқытуға үлкен күш жұмсаған болатын. Бірақ, жоғары дәрежеде жазылған ауқымды ғылыми еңбектің өзі аталмыш мәселені толығымен шешіп бере алмады. Оның себебі, біріншіден, зерттеуші Қ. Тасболатов өз диссертациясын нағыз кеңестік идеологияның

шарықтау шегіне жеткен, цензураның үстемдік құрып тұрған уақытта жазылуы еді. Коммунистік партияның қатаң бақылауында жүріп осынау тақырыпта зерттеу жүргізудің өзі ол кезде оңай шаруа болмағандығы белгілі. Екіншіден, ол уақытта М. Әуезов шығармашылығының қазіргі таңда ашылған ақтаңдақ беттері әлі толықтай ашыла қоймаған болатын. Мәселен, жазушының 20 жыл өмірін сарп етіп жазған ең ауқымды шығармасы «Абай жолы» роман-эпопеясының барлық қыр-сыры жан-жақты ашылмай тамтұмдаған күйде болатын, Абайдың шығысқа қатысы, ондағы ислам құндылықтары және т.б. қырлары жабулы қазанның күйінде қалып қойған-ды [6, 288 б.].

Тарих түкпірінде өз уақытын күтіп жатқан осы мәселе белгілі ғалым М. Мырзахметұлының зерттеулерінен бастап ашыла бастады. Сондықтан, өз уақытында зерттеуші ғалым бұл мәселеден айналып қана өтуіге мәжбүр болған. Демек, бұл зерттеу еңбегі де М.Әуезов шығармашылығын толықтай орта мектепте оқыту проблемасын шеше алмады. Үшіншіден, қазір заман өзгерді, соған сәйкес оқытудың талаптары мен формалары, технологиялары мен әдістемелері қарқынды дамып, қарыштап өзгеріп келеді. Осыған орай классик жазушының шығармашылығы заман талабына сай қайта саралауды қажет етеді. Біз заманның осы жылдамдығына ілесіп, білім мен ғылымды, оқыту әдістемелерін модернизациялағанда ғана бәсекеге қабілетті бола аламыз. Зерттеуші ғалым Қ. Тасболатовтан кейін М. Әуезов шығармашылығын нақты оқыту әдістемесі жабулы қазанның қалпына түсті десекте болғандай. Оған дәлел сол 1970 жылдан бері М. Әуезов шығармашылығын оқыту әдістемесіне арналған бірде-бір не кандидаттық, не докторлық диссертацияның қорғалып қолданыс аясының кеңеймегендігін айтсақта жеткілікті.

Жалпы орта мектепте болсын, жоғары оқу орнында болсын М. Әуезов шығармашылығын оқытуды ең алдымен жазушының эпикалық шығармаларының ішіндегі тамтұмдап әдебиет әлеміне қадам басқанда қалам тербеген әңгімелерінен бастаған жөн. Болашақ кемеңгер жазушы өз шығармашылығын шындауда осы әңгіме жанрына терең мән беріп, оны жазуда көркемдік ойлауы мен гуманистік сарынды осы жанрда көрсете білген. Алғашқы әңгімелерінен бастап – ақ панасыз, қорғансыз адамдардың жанашыры болуға ұмтылған, ауыр қайғы-қасіретке душар болған жетім, жесірлердің ауыр халін, тебірене жазған.

Ең алғашқы әңгімесі 1921 жылы жазған «Қорғансыздың күні» атты әңгімесінде жаны таза, пәк сезімді қызға жасалған зорлықтың, қорлықтың жантүршігерлік айуандық екенін қандай әсерлі белгілесе, осы жылдарда жазылған басқа шығармаларында адал, ар-ұяты бар, бірақ қолы қысқа, жоқшылықты, өмір ауыртпалығын көрген адамдарды аяныш сезіммен бейнелеп, озбырлықты, дүниеқоңыздықты, пысықтықты жеріне жеткізе әшкерелейді. Бұл ұлы жазушының 1920 жылдарда жазған әңгімелеріне тән сипат. Автордың осы кездің өзінде-ақ суреткерлік шеберлігі барған сайын арта түсіп, сан түрлі адамдарды ң мінез ерекшелігін, психологиясын, өмірден азап шеккен жандардың трагедиялық жағдайын даланың табиғат көріністеріне жалғастыра бейнелеу шеберлігі таңқаларлық [7, 270 б.].

Әдебиет сабағы жазушы, мұғалім, оқушының рухани және сезім бірлігін осы бағыттағы іс-әрекеттерді қажетсінеді. Әр туынды оқушыны асқақ сезімге қуанышқа, ой-толғанысқа түсіреді. Бұл мұғалім шеберлігі арқылы іске асырылады. Қазіргі әдебиет сабағының басты проблемасының бірі - оқушыны шығармашылық белсенділікке жетелеу. Оның негізі ізденісте жатса керек. Шығармашылық белсенділікті қалыптастырғанда оқушылар өз бетінше ойлайды, ізденіс жасайды, қорытынды шығарады, сол арқылы қиялдайды, талдайды, дәлелдейді, тұжырым жасайды.

Мұндай іс-әрекеттер әдебиет сабағында ерекше мәнге ие болады. Сонымен қатар, көркем шығарманы оқытуда әр түрлі әдіс- тәсілдерді, жаңа технологияларды енгізуге болады. Мысалы, 10 сыныпта М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесі шолу ретінде ғана өтіледі, арнайы жан-жақты талданбайды. Мәтінді толық игеру мәселесі сыныптан тыс оқу, соған қатысты жүргізілетін жұмыстар үлесіне тиеді. Солардың бірі ретінде, оқушыларға зерттеу элементтері бар тақырыпқа байланысты Блумның сұрақ қою желісін ұсынуға болады. Бұл тапсырмаларды орындау барысында оқушыларда танымдық әрекет қалыптасып, ойлануға ізденуге итермелейтін шешуді қажет етерліктей танымдық проблемалық сұрақтарға жауап іздеуге оқушы күштарлығын арттыруға бағыт-бағдар береміз. Басты міндетіміз оқушыны шығарма мазмұнына терең бойлату образдар жүйесі ондағы көтерілген негізгі проблемаларды шығарманың композициялық құрылысын тілін терең таныту арқылы осы әңгіменің бүкіл көркемдік ерекшелігін ашу; оқушының сана сезіміне қозғау сала отырып, жан дүниесін эмоциялық әсерге белей келе, әділетсіздікке жиреніп айтатындай дәрежеге жеткізу. Мәселен, Әңгіменің «Қорғансыздың күні» – деп аталуы нені меңзейді? Ақан мен Қалтайдың азғындығы, аяушылық сезімдері жоқ тас жүрек, қатыгез жандар екенін автор қандай тәсілдер арқылы жеткізген? т.б. осы тектес сұрақтар қою арқылы оқушылардың осы әңгімеге деген танымын тереңдетуге болады. Ең бастысы, оқушылардың көркем шығармаға деген белсенді ақыл-ой, танымдық әрекеті туындайды.

Танымдық әрекет құрылымына танымдық қызығушылық, белсенділік, шығармашылық әрекеттер кіреді. Бұл «когнитивтік» парадигманың да бірден-бір ұстанымы болып табылады [8, 366 б.].

Танымдық әрекет дегеніміз – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл – ой қызметі. Мұның өзі көркем шығарманы талдауға, оқушы ізденісіне негіз болары сөзсіз. Бұл мәселені кеңінен қарастырған В.В. Давыдов, Г.К. Селевко сынды белгілі ғалымдар. Олардың: «Оқушы оқу үдерісі барысында, өз әрекетінің субъектісі, яғни білімді, жаңа ойды өзі табушы ретінде танылады», – деген пікір-тұжырымдарын біз де толық құптаймыз. Оқушының көркем туындыны талдау әрекеті барысында сыни көзқарасы қалыптасады. Мұның өзі әдеби жаттығулар мен тапсырмалар негізінде жүзеге асады. Сондықта, М.Әуезовтің әңгімелерін оқыту барысында мұғалім әр әңгімеге жеке дара тапсырмалар құрастырып, түрлі жаттығуларды орындатқаны орынды болмақ.

Қорыта айтқанда, қоғам үнемі жетіліп, дамып отыратындықтан, білім берудің жаңа әдістері мен тың тәсілдері пайда болады, басқаша айтсақ жеке тұлға білім алу арқылы дамитын болса сол білімге жаңа әдістемелерді енгізуге өзі де үлес қосады. Ұлы жазушы М.Әуезовтің көркем әңгімелерін қазіргі білім беру үрдісіндегі жаңа парадигмалардың негізінде оқып, тану арқылы білімді игеруші тұлғалар өздерінің теориялық, әдістемелік білімдерін толықтырып қана қоймай оларды өмірде қолдануларына дағдыланады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 10 маусым 2011 ж.
2. Тұрғынбаева Б.А. Қазіргі білімнің негізгі парадигмалары. // Рухани жаңғыру: ХХІ ғасырдағы заманауи білім беру кеңістігінің парадигмалары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Қазақстан, Тараз, 2 том. 2018.
3. Дәулетбекова Ж.Т. Сөз мәдениеті – тілдік білім нәтижесі. Монография. – Алматы: Ғылым мен білім интеграциясы институты, 2017. .
4. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 2-том: Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар.
5. Жұмабаев М. Шығармалары. 2-том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер. Құраст. С.Жұбанязов. – Алматы: Жазушы, 2013.
6. Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. 2-бас. Құраст. Дияр Қонаев, Санагүл Майлыбаева, Әндібек Қуанышбаев. – Алматы: «Білім» баспасы, 2007.
7. Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Мектеп ұстаздары мен болашақ әдебиетші студенттерге арналған – Алматы: Білім, 2009.
8. Сманов Б. Көркем шығарманы талдау негіздері. Монография. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, «Ұлағат» баспасы, 2016.

ҒТАХР: 17.07.41

М. ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ҚОС СӨЗДЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

*Орынғожина Л.С., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
«Ы. Алтынсарин атындағы № 37 гимназиясы» КММ, lausa67@mail.ru*

М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы қос сөздер өзіне тән бірнеше заңдылықтар арқылы жасалған. Туындыда қос сөздердің сыңарлары кез келген сөзден бола бермей, екі сыңары да бір сөз табынан жасалған.

Мысалы, Сол көштің алдында ұзаққырап кеткен мынау бір топ аттылар – Абай мен оның жас достары, кей *ақын-әншілер* [1, 4 б.].

Бұл отырғандар өз шаңырақтарына немесе *іні-туысқандарына* шығынды салмайды [1, 1 б.].

Құзғындар таласы боп кеткен *айла-тәсілдерінің сойыл-шоқпары* етпек болады Базаралыны [1, 43 б.].

Ішінен осы сияқты зәр аралас *қошемет-құрметті* ұнатқан да жоқ [1, 45 б.].

Бұл шақта *сақал-шашы* ғана емес, қабақ түгіне шейін ақ араласып, тікіе сояуланған Дәркембай насыбайын иіскеп, ауыр ойлы есті басын изей түсіп отыр [1, 54 б.].

Абайдың *үй-жайын, ауыл-аймақ, ел-жұртының* амандығын байыптап сұрады [2, 4 б.].

Осы жоғарыда келтірілген сөйлемдердегі *ақын-әнші, іні-туысқан, сойыл-шоқпар, айла-тәсіл, қошамет-құрмет, сақал-шапш, үй-жай, ауыл-аймақ, ел-жұрт* деген қос сөздердің екі сыңары да бір сөз табынан, яғни *зат есімнен* жасалған. Туындыда қос сөздер қолданысы ең көп ұшырайтын сөз таптарының бірі – зат есімдер.

«Абай жолында» зат есімдерден басқа да сөз таптарынан жасалған қос сөздер кездеседі. Бірақ өзге сөз таптарының саны зат есімдерден жасалған сөздерге қарағанда айтарлықтай көп емес. Туындыда сын есімдерден жасалған қос сөздердің мағыналарының көпшілігі, бір-біріне қарама-қарсы болып келеді.

Мысалы, *Кәрі-жасынан* тегіс бір адамгершілік дос көмекті көресің [1, 52 б.].

Ол әлеумет азаматы болған ақын Абайдың өзіне де, *алыс-жақынға* да сынмен, әділ талаппен қарайтын ойынан туады [1, 172 б.].

Бұл кеште намазға келген адамдар көбінше шала оқыған, намазға ден қойған боп жүрген қаланың алыпсатары, әр түрлі ауқаты бар, осы мешітке жақын жерде *үлкенді-кішілі* үйлері бар қазақ саудагерлері [2, 17 б.].

Бірақ сонымен қатар Әбіш әкесінің жүзіне қараса, оның *ақ-қарасы* әлі де айқын шошақтау біткен көздерінде салқын күлкі ащы бір мысқыл аралас отырғанын байқайды [2, 97 б.].

Ат кекіліне, жал құйрығына, *қызыл-жасыл* әлем байлаған, кең шанаға кілем орнаған жүргіншілер [2, 136 б.].

Бірдеме айтқысы келсе, тек *ұйқылы-ою* адамның қалпындай ақырын сыбырмен айтып та қояды [2, 146 б.].

Осы мысалдардағы қос сөздердің біразының жеке мағыналары бір-біріне қайшы болып келеді. Туындыдағы қайшы мағыналы сын есімнен жасалған қос сөздерге мыналар жатады: *кәрі-жас, алыс-жақын, үлкен-кіші, ақ-қара, ұйқылы-ою*. Ал, *қызыл-жасыл, ірік-шірік* жатады.

Сонымен қатар туындыда күшейтпелі шырай формасын беретін қосарлы сын есімдер де көптеп кездеседі. Мысалы мына сөйлемдерді қарайық:

Арық құп-қу беттерінде аштық тағы да бар [1, 60 б.].

Бойы да ұзын *тіп-тік* сұңғақ біткен [1, 114 б.].

Тұп-тұнық, таза шыныдай *мөп-мөлдір* мол су жатыр [1, 152 б.].

Қап-қара боп түтігіп кеткен жүзінде түгінің бәрі сояулап, үдірейіп кеткен жүзінде түгінің бәрі сояулап, үдірейіп шыққан-ды [1, 162 б.].

Ақ-қызғылт мұрнында, ұялы келген үлкендеу қой көздерінде, сопақтау бетінде әр тұқымның араласынан туғандай келбет бар [1, 251 б.].

Көкбараздаған аппақ, *тап-таза* кимешек-шаршысын аса сәнді етіп тартқан Дәмежан үлкен таза самауырдың қасына отырды [2, 6 б.].

Осындағы *құп-қу, тіп-тік, тұп-тұнық, мөп-мөлдір, қап-қара, тұп-тұзу, тап-таза* сияқты қос сөздер тізбегі сын есімнің күшейткіш буынды шырай формасынан жасалынған.

Көркем туындыдағы қос сөздер сан есімдерден де жасалған. *Алты-жеті* кісі боп, жаңағы оқшау отырған елу басылардың екінші жағынан Құнанбай балалары отырған жақтың қарсы қанатынан келіп орын алысты [1, 37 б.].

Бірақ ендігі дауыс елу басы ішінен жалғыз Омарбектен шыққан жоқ, қатар отырған жігітек, бөкеншінің *үшеу-төртеуі* бірауыздан бір-ақ кісіні атады [1, 38 б.].

Қораның сол жағында, аласа кірпіш оттықта шөп жеп тұрған *екі-үш* ат көкшіл бау шөпті күтірлетіп шайнай түсіп, пысқырып қойысады [2, 4 б.].

Әр бөлменің легені, құмғаны, майлық-орамалы әзірленіп, осы байдың приказнигі, тілхаты малайы есебінде жүретін *жеті-сегіз* жігіт күтушілері де әр бөлмеде қонақ тосумен болды [2, 27 б.].

Осы сөйлемдердегі *алты-жеті, үшеу-төртеу, екі-үш, жеті-сегіз* деген қос сөздер есептік және жинақтау сан есімдерінен жасалынған.

Туындыда қос сөздердің біразы етістіктен де жасалған. Мысалы, Ол төрттік жырды төрт ақын болып, *іліп-қағып* айтатын бір дәстүр [1, 4 б.].

Әзімбай тағы қатты боқтап кеп, қамшымен *тартып-тартып* жіберді [1, 15 б.]. Осындағы қос сөздер тек етістіктерден жасалған. Туындыда негізінен етістіктерден жасалған қос сөздердің тізбегі өте көп кездеседі: *іліп-қағып, тартып-тартып, кіріп-шығып, отырып-отырып, басып-басып, орып-орып, азып-тозып, көрген-білген* т.б.

Абай кітап оқыса да тыстағы күннің райын *анда-санда* шаңыраққа қарап, жиі барлайды [1, 19 б.].

Ал дұрыстығына келгенде, осы жайларға құран беретін жауап, *бұрынғы-соңғы* ойшылар айтқан жауаптардан кем соққаны қалай? [1, 25 б.].

Қазіргі шақта Базаралы келгелі бір жұмадай болса да, оны қала ішінде қарсы алған көңілдес ағайын *күндіз-түн* қонақ етеді [1, 41 б.].

Арада *оқта-текте* ғана кездескен топ үйлер бар [1, 67 б.]. Мұндағы қос сөздер үстеуден жасалып тұр. Туындыда үстеуден жасалған қос сөздер мыналар: *анда-санда, бұрынғы-соңғы, күндіз-түні, оқта-текте*, т.б.

Сондай-ақ шығармада екі сыңары да еліктеуіш сөзден болған қос сөздер де кездеседі. Мысалы, Енді Шұбарға қарап *қарқ-қарқ* күледі [1, 11 б.].

Жай кірмей, секіріп кірген тұсаулы аттар маңдайшаға биік ерлерінің алдыңғы қостарымен *сарт-сарт* ұрып кіріп жатыр [1, 32 б.].

Бірде қызумен, бір көңілді әзілмен айқын ашылып, *жалт-жұлт* етіп отыратын шошақтау үлкен көздері де әсерлі [1, 36 б.].

Бұл мысалдардағы *қарқ-қарқ, сарт-сарт, жалт-жұлт, бұрқ-сарқ, саңғыр-сұңғыр, арс-ұрс* деген қос сөздер еліктеуіш сөздерден болып тұр. Еліктеуіш сөздердің қатарына мына қос сөздерді де енгіземіз: *шарт-шарт, сылқ-сылқ, тақ-тұқ, тарс-тұрс, қарш-қарш* т.б.

Туындыда бір қатар қос сөздер есімдіктерден жасалған. Мысалы, Бір күнде топ баласының ішінен оққа ұшқандай үш баласы мұрттай түскенде ол ес-түсінен айырылып, *анау-мынау* ыстық істеп беруге де жарамай қалыпты [2, 322 б.]. Танертеңгі астарын *өзді-өз* отауларында ішкен Мағаш, Ақылбайлар мен қонақтар енді ғана Абайдың үстіне келіп, кірісіп жатыр [1, 19 б.]. Шығарма парақтарында өздік есімдігі өте көп қолданылған.

Сонымен М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы қос сөздер барлық сөз таптарының құрамында кездеседі. Бірақ бір айта кететін жайт, одағай мен шылаудан жасалған қос сөздер мүлдем жоқ.

Қос сөздердің жасалуындағы тағы бір заңдылық – ол қос сөздердің сыңарларының буын саны жағынан үндесіп келуі. Мысалы, мына сөйлемдерді қарайық:

Әлді ауқаттыны қорғап қалып, қайда момын, *жалғыз-жәутік*, қайратсыз, қорғансыз шаңырақтар болса, соларды атап, бір де түңілігін тастамастан үлес береді [1, 1 б.].

Қысы-жазы мұның қолын Қаражан сондай үздіксіз істен босатқан емес [1, 85 б.]. Жаз шыға бергенде Тәкежен жылқыларына екі бестіден *айып-жаза* тартып, зорға құтылды [1, 104 б.].

Бұнда *талас-тартыстың* жиыны болмақ емес [1, 105 б.].

Осы мысалдардағы *жалғыз-жәутік, қысы-жазы, айып-жаза, талас-тартыс* деген қос сөздер буын саны жағынан тең болып келген (жал-ғыз – жәу-тік, қы-сы – жа-зы, ай-ып – жа-за, та-лас – тартыс екі сыңары да екі буынды; аяқ-қол, таж-тах бір буынды сөздерден жасалған).

Жалпы қос сөздердің бір буынды, екі буынды, үш буынды сөздерден жасалғанын көруімізге болады.

Бір буынды қос сөздерге: *жым-жырт, көп-көп, арс-ұрс, жер-су, мән-жай, қол-аяқ, сарт-сұрт, ұл-қыз, дір-дір, тіп-тік, мең-зең, дос-жар, шаң-шұң;*

екі буынды қос сөздерге: *бала-шаға, сүйек-сорпа, үлкен-кіші, сырлас-мұңдас, қысы-жазы, қуғын-сүргін, көрпе-жастық, ата-ана, оқта-текте, бөліп-жарып* т.б;

үш буынды қос сөздерге: *үзілді-кесілді, ерсілі-қарсылы, қызылды-жасылды, үлкенді-кішілі, таршылық-тапшылық, аздырып-тоздырып* деген қос сөздер жатады.

Бір буынды және екі буынды сөздерден жасалған қос сөздер туындыда өте көп қолданылған. Ал үш буынды сөздерден жасалған қос сөздер аз қолданылған, төрт буынды сөздерден жасалған қос сөздер тіпті кездеспейді.

Буын саны тең сыңарлы қос сөздердің жасалуы, олардың айтылуы да үндесімділігін көздеуден туған деуге болады. Өйткені шығармадағы қос сөздердің басым көпшілігінде буын үндестігі яғни сингорманизм заңы сақталған.

Мысалы, Дәл қазір екі абысынды оңаша қалдырып, ендігі тың сөзді *емін-еркін* сөйлеттіруге де сырттан үйшік құрып жүрген Әзімбайдың өзі [1, 232 б.].

Қылмыстардың атын санасақ: ұрлық, өтірік, куәлік, *талан-тараж*, кісі өлтіру, үлкен шайқалар жасап, бір елден шығып екінші елге барып, мал талап қайту [3, 280 б.].

Келтірілген сөйлемдердегі *емін-еркін, пішін-бітім, талан-тараж* деген қос сөздер не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке сөздерден жасалған. Мұндай қос сөздердің саны көптеп кездеседі. Олар: *ауыл-аймақ, айна-тарақ, азын-аулақ, тамыр-таныс, үзілді-кесілді, ерсілі-қарсылы, айқыш-ұйқыш, алыс-жақын, ірік-шірік* т.б.

Алайда романдағы қос сөз сыңарларының буын саны жағынан тең болмайтындары да бар. Олардың іштей ерекшеліктері мыналар:

1. Таза мағыналық байланыстан туған сыңарлардың буын соңының теңсіздігі: *қыз-келіншек, ер-азамат, ер-тоқым, әл-қуат, би-болыс, бай-бағлан, қыз-бозбала, той-думан, ар-ождан* т.б. Мұндай қос сөздер сыңарларының мағына байланысының күштілігі негізінде жасалған сияқты.

2. Шығармадағы қос сөздердің жасалуындағы келесі бір қайшылық буын үндестігіне байланысты. Әдетте, қос сөздердің екі сыңары да не бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке сөздерден жасалған. Осы заңдылықтарда қайшылықтар жоқ емес – бар құбылыс. Мысалы, *оқта-текте, ерсілі-қарсылы, қайыр-мейір, асты-үсті, жүзік-сырға, аман-есен, тату-тәтті, күтіну-сақтану, жүріс-тұрыс, арлы-берлі, алқа-жүзік* дегендер сингорманизм заңына бағынбай, қосарланып жасалған. Осылай сыңарлары жуан-жіңішке сөздердің аралас келуі арқылы жасалуы мағынаға тікелей байланысты. Қос сөздердің бұл түрлерінің бәрінде олардың сыңарларының арасындағы мағына байланысы өте күшті. Туындыдағы мұндай қос сөздер мағыналық байланыс негізінде жасалған.

3. Шығармадағы кейбір қос сөздердің бір сыңарының қосымшамен келуі арқылы сыңарларының буын саны теңдігінен айырылған. Мысалы, *өзімен-өзі, біріне-бірі, қолма-қол, көзбе-көз, жүзбе-жүз, шаппа-шап, бет-бетімен, тұс-тұстан, бетпе-бет, аз-аздан* т.б.

Сондай-ақ М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы кейбір қос сөздер күрделі сөз бен жалаң сөздердің қосарлануынан жасалған.

Бала шағынан бері елге келіп жүріп, дәл қазіргідей жүдеу жүз, жадау көңіл *ағайын-бауыр* ауылын да білген жоқты [1, 171 б.].

Бүгін-ертең келіп қалар [1, 194 б.]. Осы мысалдардағы *ағайын-бауыр* дегендегі *ағайын-аға іні, бүгін-ертең* дегендегі бүгін сөзі *бұл күн* деген екі сөздің бірігуі арқылы күрделі сөзден жасалған. Мұндай қос сөздердің саны шығармада өте аз кездеседі.

М.Әуезов шығармаларын оқып отырғанда байқағанымыз – сөз байлығының молдығы, шұрайлылығы, әрі халықтың қарапайым сөзін қиюластырып оқырманын селт еткізе әсер ететін шеберлігі. Жазушы күрделі сөздер – қос сөздерді де мейлінше мол қолданған суреткер.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Абай жолы. 3-кітап. – Алматы: Жазушы, 2002. – 296 б.
2. Әуезов М. Абай жолы. 4-кітап. – Алматы: Жазушы, 2002. – 22 б.
3. Ахметов З. Абай жолы //el.kz/m/articles/view/content-142 (09.11.2012.)

ҒТАХР: 17.07.41

М. ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ҚОС СӨЗДЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Рамазанова А.Б., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Семей қ., «№ 38 ЖОББ мектеп лицейі»

М.О. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы қос сөздердің жасалуына тән заңдылықтар сыңарларының мағыналық байланысына қатысты болып келеді. Осыған байланысты қос сөздердің сыңарлары көбіне мағыналас, синоним, антоним сөздерден болған. Мысалы төмендегі сөйлемдерге назар аударайық.

Қораның іші мен ас үйдің бәрі палау басқан, сарбуға салып, балқытып ет асқан *қазан-ошақтарға* толды [1, 117 б.].

Терлетпей аяндап жүрген семіз сәйгүліктердің *жал-құйрықтары* қыраулатып, кекілдері шалбастанып тұр [2, 72 б.]. Қозылары жаңа жамыраған, иттері үріп шулаған, *құлын-тайы* шінгірлеп кісінеген көп үнді, даңғаза болған ауылдың үстінен шықты [2, 151 б.]. *Көрпе-жастық*, асжаулық, тегене, тостаған самауырлар тасыған жас әйелдер, еркектер қарбаласады [2, 103 б.].

Осы сөйлемдердегі *қазан-ошақ, жал-құйрық, көрпе-жастық* деген қос сөздер өмірде бір-бірімен белгілі байланысы бар заттардың атынан яғни бір-бірімен мағыналық қатысы бар сөздерден жасалған. Мағыналық байланысы бар қос сөздер шығармада көп қолданылған. Мысалы *қарға-құзғын, тай-құлын, аяқ-қол, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, кедей-кепшік, шаң-тозаң, қатын-бала*.

Ал енді мына төмендегі сөйлемдерге назар аударайық. Үнсіз жығылған жігіттің бар сырын аңғарған, әншейінде *сырлас-мұңдас* Қаңбақ Исаны қатты мүсіркеп кетті [2, 84 б.]. Оқу тәрбие мен шаһар тіршілік тәртібі бұлардың әрбір *қимыл-қозғалыстарын* мүлде басқа еткен Әбіш мынау [2, 110 б.]. Алыс жолдан келген өнерлі, оқымысты қонақпен сағынысқан аға, бауыр, *құрбы-құрдас, дос-*

жолдастар ең алғаш осылай кездесті [2, 112 б.]. Ендеше, не керек, *бетің-жүзің* бар демей қарсы алысу керек [2, 167 б.].

Бұл сөйлемдердегі қос сөздердің сыңарлары (*сырлас-мұңдас, қимыл-қозғалыс, пішін-мүсін, құрбы-құрдас, дос-жолдас, беті-жүзі*) бір мағынаны білдіреді, бірақ екі түрлі дыбысталады. Бұндай қос сөздердің сыңарлары сөйлемде бірінің орнына бірі қолданыла береді. Осы сияқты қос сөздер туындыда өте көп кездеседі. Оларға: *қас-дұшпан, әлді-малды, өсіп-өнген, бай-бағлан, күш-қуат, ақыл-парасат, өлім-қаза, әл-қуат* т.б. жатады.

М. Әуезов өзінің туындысында мағыналары бір-біріне қарама-қайшы сөздерден жасалған, яғни, антоним сөздерден болған қос сөздерді көп қолдана білген. Мысалы, Қазіргі күндерде бұлар *аш-тоғын* да елемейді [2, 67 б.]. Сондықтан барлық *еркек-әйел* сол қалың қойды қоршап алып, айқай салып қамап тұр [2, 81 б.]. Солар арқылы әр кеңсенің *үлкенді-кішілі* чиновниктеріне де осы күнде білікті, көзтаньс арызшы болып алған [2, 168 б.]. Осы сөйлемдердегі қос сөз мағыналары бір-біріне қарама-қайшы, яғни антоним сөздерден жасалған. Мұндай сөздер шығармада көптеп кездеседі. Мысалы: *аш-тоқ, еркек-әйел, үлкен-кіші, т.б.*

Сонымен қатар М. Әуезов роман-эпопеясында бір сыңары мағыналы, екінші бір сыңары мағынасыз сөздерден жасалған қос сөздер де көптеп кездеседі. Мысалы; Бұншалық өктем, зорлықты күтпеген момын ауылдар қазір біріне-бірі жүгірісіп, *жалғыз-жәутік, тай-тулаған* мінісіп шапқыласып әбігерге түсті [2, 65 б.]. Олар ағызған бойларында *айқай-сүреңін* үзбей отырып, кесірлі асауларды шошыта қиқулады [2, 72 б.]. Қайда қойшы, сауыншы, күзетші, жылқышы *кем-кетік, жоқ-жітік* болса солардың ғана басына арналған апат [2, 121 б.].

Қазан-аяғына шейін *жамап-жасқайтын*, жасқаушысы болдым ғой [2, 176 б.]. Осы сөйлемдердегі *тай-тулағын, айқай-сүрең, кем-кетік, жоқ-жітік, қазан-аяқ, жамап-жасқайтын* деген қос сөздердің бір сыңары мағыналы да екінші сыңары мағынасыз. Мұндай қос сөздер де көп кездеседі. Мысалы, *әуре-сарсаң, тығыз-таяң, шапан-шоқпымт, киім-кешек, ойын-сауық, бала-шаға, ұры-қары, аралас-құралас, тері-терсек, жүн-жұрқа, көрші-қолаң* т.б.

Көркем шығармада екі сыңары да мағынасыз сөздерден жасалған қос сөздерді көптеп кездестіруге болады. Мысалы, *оқта-текте, ыңқыл-сыңқыл, саңғыр-сұңғыр, әлім-берім, быт-шыт, мең-зең, астаң-кестең, ойран-топан, тас-талқан, некен-саяқ, іле-шала, алда-жалда, ұмар-жұмар, бұрқ-сарқ, үшті-күйлі* т.б.

Тіл мамандары осындай қос сөздердің кейде бір сыңары, кейде екі сыңары да мағынасыз болып келуі, тілдің даму сатысына байланысты; ол жағдай қос сөздердің жасалған кезіне қатысты емес, олардың бәрі алғаш мағыналы сөздерден жасалған дейді. Кейін келе бір сыңары, кейде екі сыңары да тілдік дамудың нәтижесінде лексикалық мағынасы солғындап, не мағынасынан мүлдем айырылып, қазіргі дәрежеге жеткен. Оған сөздің дыбыстық өзгеріске ұшырауы да қосылған деп тұжырымдайды.

Туындыдағы кейбір қос сөздер дара мағыналы сөздерден құралып жинақтық я жалпылық мағынаны білдіреді. Мысалы, Түнгі жүрістің сырын іріккен ыңғайлы, ықшам жігіт те өне бойымен *қару-жарақ, ер-тұрманымен* сондай әдемі реңге ауысқан [2, 224 б.]. Осылайша *өзі қыз-келіншектерге* арнап істеген *жүзік-сыргасын* ұсынған, қазақша кіселі белдік жасап, қыны мен пышағын түгелдеген қол ісмерлері де кездеседі [2, 49 б.]. Бұдан бөлек қаланың Сейсекедей, Қасендей байларын ертіп, сахараның ақсақалы, ру басы, *әдет-ғұрып* жоқшысы болып Оразбайлар да өктеді [2, 90 б.]. Бірақ ол тұста Әйгерімнен өздері төмен болса да, оны қызғанышпен жек көретін *абысын-ажын, келін-кепішік* дегендерге басқаша мінез жасауға үйреткендей [2, 120 б.].

Отырғандарға сәлем беріп, Асылбай *ел-жұрт, ауыл-аймақ* амандығын сұрап алып, қаланың хабарын айтуға көшті [1, 220 б.]. Қалада үлкен үйдің ерке келіні болғанмен, Мәкіш *ағайын-туған, ауыл-аймағын* ойлағанда өзгеше бір қимас ыстық жүрекпен, соншалық тілеулестікпен тебіренеді [1, 5 б.].

Осындағы бірінші сөйлемдегі *қару-жарақ* деген қос сөзі бастапқы қару және жарақ дейтін жеке сөздерден қосарланып, ұрысқа қолданылатын соғыс құралдарының жалпы мағынасын білдіреді. Ал, *ер-тұрман* қос сөзі де жеке-жеке мағынасының жиынтығын қамтитын жалпы бір мағынада, яғни тек атқа байланысты керекті ер, тоқым, жүген, әбзел тағы басқа жабдықтарды білдіру мақсатында ғана қолданылған. Енді, кейінгі сөйлемдердегі қос сөздердің мағынасына назар аударайық. *Қыз-келіншек* деген қос сөзде қыздар тобы мен келіндер тобын; *жүзік-сырга* – жалпы әйел затына тән түрлі әшекейлер; *әдет-ғұрып* қос сөзі жалпы халқымызға тән наным, сенімі, салты, дәстүрі, ырымы деген жалпы бір мағынаны қамтиды. *Абысын-ажын, келін-кепішік* деген қос сөздер жалпы абысын мен келін атауын білдіреді.

Сонымен қоса, *ауыл- аймақ, ел-жұрт* деген ұғым бүкіл ауыл, ел және оның айналасын; *ағайын-туған* деген ұғым әке, шеше, апа, аға, іні, қарындас, нағашы, жиен т.б. дегендердің жеке мағынасын қамтитын жалпы бір мағынада қолданып тұр.

Осы сияқты мағынасы екі бөлек, бірақ өзара мағыналық сыбайластығы бар екі сөзден құралып жинақтық, жалпылық мағынаны білдіретін романдағы қос сөздер мыналар: *бала-шаға, әке-шеше, кәрі-жас, ағайын-туыс, үлкен-кіші, қарға- құзғын, жер-су, ат-тұрман, қозы-лақ, қыз-келіншек, жиын-думан, үй-мүлік, қатын-қалаш, қыз-қырқын, тай-тулақ, қоныс-жай* т.б.

Туындыда кейбір қос сөздер жалпылау я топтау мағынасын білдіретін жеке сөздерден құралып, керісінше, жіктеу, даралау мағынасын білдіреді. Осыған байланысты шығармадағы мына бір сөйлемдерді алайық: Бүгін таңертеңнен бері Оразбайдың осы кең Сартөскейдегі көп аулының үстіне қалың *топ-топ* болып жиналып келіп кетіп жатқан әр рудан, әр қоныстардан шыққан салт аттылар сансыз көп болған [3, 159 б.]. Сонымен Оразбай аттандырған пәле іздеген қалың топ жаңағы сайдан *лек-лек* болып бытырап, *буын-буын* бөлінісіп ат жол тартты. Бар елдің отардағы *қос-қос* жылқыларына өлім араласыпты дейді [3, 289 б.]. Ол – әлсіз, жүдеу Ералы жазығы. Сол жазықта енді *будақ-будақ* бүлік шаң шығады [1, 325 б.].

Алайда, мұндай қос сөздер туындыда аз кездеседі.

Шығармадағы кейбір қос сөздер белгілі амалдың бір рет емес, әлденеше рет қайталанғанын білдіреді. Мысалы: Абай тек қана *сылқ-сылқ* күліп, өлеңді Дәрменге беріп жатыр [1, 64 б.]. Жаңағы екі жылқышының өздеріне қарай төнген сойылдарын *қағып-қағып* жіберісті [1, 73 б.]. Жусан, тарлау, қазотының иістері де *ауық-ауық* демді шалады [1, 182 б.]. Қораның сол жағында, аласа кірпіш оттықта шөп жеп тұрған *екі-үш* ат көкшіл бау шөпті *күтір-күтір* шайнай түсіп, пысқырып қойысады [1, 4 б.].

Осы жоғарыда келтірілген сөйлемдердегі *сылқ-сылқ, ақағып-қағып, ауық-ауық, күтір-күтір* деген қос сөздер бір қимыл әрекеттің әлденеше рет қайталанған мағынасын білдіріп тұр.

Роман-эпопеядағы қос сөздердің келесі бір мағыналық ерекшелігі қимылдың я көріністің бір қалыпты емес, бірде олай, бірде бұлай құбылып отыратындығында. Мысалы, Ойлы көзі үй ішіне, Қаражан, Тәкежан жаққа *жалт-жұлт* қарай түседі [3, 64 б.]. Кейбіреулерінің білегіне ілген, үзеңгіге ілген емен сойылдары қақтығысып, *сатыр-сұтыр* етіседі [3, 71 б.].

Бәріміздің жиылып, тауықша шөкімдеп тауып, тергеніміз тек қана сол ішкен тамақ пен осы үстіміздегі *бір-бір* қабат лыпаға *тақ-тұқ* жетіп отырады [3, 9 б.]. Жаяу базардың оқшау бір белгісі: ең әуелі, тынымсыз *балдыр-бұлдыр, дабыр-дұбыр, саңғыр-сұңғыр*, үздіксіз, сөйленіп жатқан үндер, сөздер естіледі.

Осы мысалдардағы *жалт-жұлт, сатыр-сұтыр, тақ-тұқ, балдыр-бұлдыр, дабыр-дұбыр, саңғыр-сұңғыр* деген қос сөздер қимылдың бір қалыпты емес, құбылып өзгеріп тұратынын білдіріп, амал кезектеніп отырады. Бұл сөздердің осындай мағыналық ерекшеліктері сөздің бірінші сыңарындағы ашық дауысты дыбысының екінші сыңарда еріндік қысаң дауысты дыбысқа ауысуы арқылы жасалған.

Туындыдағы келесі бір қос сөздер екі субъектінің арасындағы әрекеттің немесе қарым-қатынастың тікелей байланысы болатынын білдіреді. Мысалы; Жаңағы тазы ит иесінің сол қызға көзі түсіп сұрағанда, Педот *баспа-бас* айырбасқа салады [2, 67 б.]. *Жүзбе-жүз* бет алдында ақсиган жауы ажалдай көрінсе де әлі түк те шіміріккен жоқ [2, 83 б.]. Осы сөйлемдердегі *баспа-бас, жүзбе-жүз* деген қос сөздер амал мен істің біреу арқылы емес екі субъектінің арасындағы әрекеттің тікелей болатынын білдіреді.

Кейбір қос сөздер заттың түсін, көлемін я болмаса сапасын күшейту үшін қолданылған. Мысалы: Көтеріңкі қырлы мұрын, жұқа еріндері мен Абайша біткен *жіп-жіңішке* қара қасы Әбішті өз тұқымының ең бір сұлу жасы дегізгендей [2, 114 б.]. Ерінің қолына қарсы созған жүздікті, білезікті *жұп-жұмсақ* кішкентай саусақтары *ып-ыстық* боп майда тиді [2, 212 б.]. Осының бәрі де намазға келетін *азын-аулақ, кәрі-құртаң* махалла халқын өсиеттеуді аз көрген [2, 253 б.].

Келтірілген мысалдардағы *жіп-жіңішке, жұп-жұмсақ, ып-ыстық, азын-аулақ* деген қос сөздерді заттың түсін, көлемін, сапасын күшейту үшін жазушы көркем әдебиетте әрбір сөйлемде өте орынды қолданған. Үстеме буынды қос сөздердің дыбыстық та, морфологиялық ерекшеліктеріне қарай, семантикалық мағыналары бәрінен өзгеше.

М. Әуезовтің көркем туындысында мезгілдік мағынаны беретін қос сөздер де жиі кездесіп отырады. Мысалы, Жаман үйінде, жыртық шокпыт төсекте *қатын-бала* қасында тыныштық алып жату деген Алтыбайдың *қысы-жазы* қолына түспейтін арманы тәрізді [3, 11 б.]. Өздері әнін үйретіп, сыйластық, құрметтестікке жеткен соң, көп ауылдардың жастары Біржан мен Абайды өз ауылдарына шақырып, үзілмеген ұзақ сауық *күн-түндерін* өткізген [1, 52 б.]. Екеуінің кездесуі *күндіз-түні*

талғаусыз, еркін болды [1, 224 б.]. Бұл келтірілген мысалдардағы *қысы-жазы, күндіз-түні* дегендер мезгілді білдіріп тұр.

Шығармада бір затты қосыну, кемсіну мағынасын білдіретін қос сөздер де қолданылған және сөйлемге эмоциялық реңк үстеген. Мысалы, мына сөйлемдерге назар аударайық: Бұларды *ат-матымен* осы жатқан алақандай қарлы жерімен де түгел үйіріп, құйындағы қаңбақтай шырк айналдырған сияқты [1, 205 б.]. Осылардың әрқайсысы асырап отырған қызыл қарын жас бала, айналасында қолдарына қараған *кәрі-құртаң, ақсақ-тоқсақ* бар екен [1, 196 б.]. Тек *шай-пай* ауыз тисек болды [2, 177 б.].

Аса көрнекті ақын-жазушылар шығармаларының тілі екі тұрғыдан зерттеледі. Бірі – қаламгердің қолданған тілінің даму барысында оның алған орны мен еңбегін анықтау, екіншісі – оның өз қаламына тән шеберлік тәсілдері мен өзге де тілдік ерекшеліктерін талдау.

М.Әуезов тілін де осы екі тұрғыдан қарастыру керек. Өйткені ол әдеби тілде дайын тұрған қалып-нормалары дұрыс, көркем пайдалана білген қатардағы қаламгер емес, сол тілдің даму тарихындағы жаңа кезеңді бастаушы, сапалық жаңа түрінің іргетасын қалаушы суреткер.

Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің әлем тілдерінің баршасына танылған «Абай жолы» роман-эпопеясындағы қос сөздер – қазақ тіліне айрықша тән құбылыстың, заттың және ұғым, түсініктің атауларын жинақтап беру үшін қолданылатын сөзжасам амалының бір түрі.

М. Әуезов шығармаларының тілі әлі де талай-талай терең зерттеулерді керек етеді.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Абай жолы. 2-кітап. – Алматы: Жазушы, 2002. – 328 б.
2. Әуезов М. Абай жолы. 3-кітап. – Алматы: Жазушы, 2002. – 16 б.
3. Әуезов М. Абай жолы. 4-кітап. – Алматы: Жазушы, 2002. – 32 б.

МРНТИ: 17.09.91

СЕМИОТИКА ОБЫЧАЕВ В РОМАНЕ М. АУЭЗОВА «ПУТЬ АБАЯ»

Каербекова Ш.К., учитель русского языка и литературы

Республика Казахстан, область Абай, с. Бородулиха,

КГУ «СШ им Н. Островского», sholpan11@mail.ru

«Если обыкновенный человек не знает своего происхождения, то подобен обезьяне, заблудившейся в лесу; если не знает своего рода, то подобен дракону, сделанному из бирюзы; если не читает письмен, повествующих вообще о предках, то подобен потерянному, заблудившемуся ребенку».

У Далай-ламы Агван Лубсан Джамцо, «Пир молодежи»

Мухтар Ауэзов занимает достойное место у истоков золотого века казахской литературы. Это писатель, ученый, учитель, драматург и критик, стоящий во главе нового всплеска казахской цивилизации, гений, обладавший поистине энциклопедическими знаниями. А для нас, казахов, Ауэзов больше, чем писатель, ибо так велико его место в нашем национальном самосознании и духовном возрождении, что творчество этого большого мастера слова выходит за пределы его огромной, чисто литературной деятельности. По меткому выражению замечательного советского писателя Николая Погодина – он (Ауэзов) не только открыл миру казахский народ, он открыл казахский народ самому народу.

Феномен романа Мухтара Ауэзова «Путь Абая» начинается с замечательных достоинств предков, и, прежде всего, со впитанного в кровь и плоть свободолюбивого духа кочевников. Это не был роман-биография Абая Кунанбаева. Это не была романизованная биография. Это не был в строгом смысле слова и исторический роман. И тем не менее это был первый исторический роман казахской литературы.

Историческое значение эпопея «Путь Абая» проявляется также и в том, что она содержит богатый материал для изучения этнографии казахов второй половины XIX века. Из романа вытекает, что весь быт казахского дореволюционного аула был полностью подчинен пастбищно-кочевому скотоводству, как преобладающей отрасли хозяйствования. Ауэзов особенно красочно воссоздал народные обычаи, свадебные обряды, народные празднества, связанные с рождением ребенка, поэтические картины молодежи в лунные ночи с песнями у качелей, в которых так ярко проявлялись

музыкальность народа, любовь к поэзии, его духовный облик. Эпопея дает представление о похоронном ритуале, верованиях казахов.

С переходом к оседлости утрачены сотни обычаев кочевников.

Например, существовал обычай «ат кою» и имел два значения:

1) имянаречение ребенка,

2) скакать на коне в сторону траурного аула, сильно раскачиваясь в седле и причитая.

Второе значение мы утратили, но Ауэзов успел его зафиксировать в романе «Путь Абая».

Ауэзов пишет, что подъезжая к аулу, где должны были пройти похороны, согласно «аткою», приближающиеся всадники издавали печальный клич и РАСКАЧИВАЛИСЬ В СЕДЛЕ, ЧУТЬ НЕ ПАДАЯ. Зачем они это делали? – Они изображали покойного воина.

Дело в том, что в древности у саков, позже у тюрков, тувинцев, алтайцев, бурятов, калмыков и др. кочевников существовал обычай, согласно которому, умершего воина доставляли к месту погребения двумя способами: 1) везли поперек седла; 2) усаживали в седло (как живого) в полном снаряжении, сзади садился сопровождающий, который придерживал тело покойника и управлял лошастью.

Оба этих способа транспортировки тела нашли свое отражение на пластине из Сибирской коллекции Петра I. Эта пластина указывает на глубокие корни происхождения обряда.

В древности коня умерщвляли и хоронили вместе с покойником (конь должен был «доставить» хозяина в иной мир), но затем эта традиция была утрачена, однако, до сих пор на похороны (для поминального блюда) потомки кочевников стараются заколоть именно лошадь.

Итак, перевозка тела к месту захоронения осуществлялась верхом с поддержкой. Конечно на скаку тело покойника раскачивалось в разные стороны, выглядело неустойчиво в седле.

Отголоском этого древнего обычая и стал «аткою», когда всадники, приближаясь к траурному аулу, сильно раскачивались в седле, изображали тело покойного воина, кричали, плакали (возможно, после принятия ислама, когда доставка покойника в седле была запрещена, чтобы не злить аруахов и соблюсти др. обычай, живые начали изображать покойника в седле).

Нам может казаться это странным, но таковы были устойчивые социальные перформансы, особенно те, что касались похорон и свадеб и не менялись сотнями веков. Возможно, всадники из романа Ауэзова не задумывались зачем и для чего принято раскачиваться в седле, а просто следовали старинному обычаю.

Историзм эпопеи проявляется и в раскрытии отношения к женщине в романе «Путь Абая». В условиях патриархально-феодального быта, которые описываются в эпопее, права женщины были ограничены, совершенно исключалось ее участие в общественной и государственной деятельности. Нормами казахского обычного права были узаконены такие обычаи, как калым (имущественная сделка между родителями жениха и невесты), аменгерство, многоженство.

Обычай левирата у казахов назывался эменгерлік (в переводе означает «брат умершего, наследующий ему»). Специальное название для вдовы, желающей после окончания траура повторно выйти замуж – «жесір».

Право левирата осуществлялось согласно степени родства к покойному. Первыми кандидатами на роль мужа были братья покойного. Предпочтение отдавалось брату-близнецу и старшим братьям. Они обязаны были жениться на вдове, даже если уже были женаты. Затем следовали старшие сыновья братьев, неродные братья и братья отца покойного и, наконец, более дальние родственники. Если ближайший родственник был несовершеннолетним, то при согласии его семьи вдове могли дать право либо подождать его совершеннолетия или выйти замуж за следующего по степени родства претендента. Третья жена Абая – Еркежан. Изначально женщина была супругой младшего брата Абая – Оспана. После его гибели в 1892 году, по закону аменгерства (древняя традиция казахов, по которой овдовевшая супруга выходила замуж за одного из братьев своего мужа), Еркежан стала женой Абая и прожила рядом с ним последние 11 лет его жизни в урочище Жидебай.

По закону мужчина имел право на четырех жен, так что если он хотел жениться на вдове своего родственника, а при этом у него уже было четыре супруги, ему приходилось развестись с одной из жен или перевести ее в разряд «суфи» (сопы) – «воздержанных» – и не вступать с ней в интимные отношения. Согласно казахскому обычному праву (адат) казахские супружеские пары могли разводиться по взаимному согласию или по желанию одного из супругов.

Дети после развода, как правило, оставались в семье мужа. Супруги могли поделить детей: сыновья отцу, а дочери уходили с матерью. Если жену застигли с любовником, она теряла все права на детей. Батыр Базаралы, друг и сородич Абая, вождь повстанцев, состоит в связи с самой молодой, четвертой женой Кунанбая – юной красавицей Нурганым. Базаралы переживает, что Абай узнает об

этом. Гнев, обида, боль охватили Абая, когда он узнал об этой связи. Но неожиданно эти чувства преодолеваются ассоциацией друга с «Дубровским»: «Впервые для Абая правда искусства слилась с жестокой правдой жизни». «Базаралы не знал, что Абаю уже все известно, но что личное чувство друг его принес в жертву общему делу». Историзм Ауэзова проявлялся прежде всего в верности ментальной логике. И поэтому в романе есть другое, более веское объяснение позиции героя. Когда Оспан приходит к мысли о том, чтобы повесить Нурганым и Базаралы, Абай останавливает брата: «Отцу до могилы ближе, чем до очага в юрте, а ты хочешь его голым в гроб уложить? Осрамить на весь мир, псам на съедение бросить? Вот мое слово: замыкаю тебе рот, надеваю на руки путы!»

Если при разводе все дети оставались с матерью, муж выделял жене достаточно большую часть семейного имущества, однако, женщина должна была вернуться к своим родителям и пообещать, что до конца жизни останется одинокой и не выйдет замуж. Запрет на новое замужество женщины должен был оградить наследников от притязаний супруга матери – отчима.

Повторный брак женщины.

После развода женщина могла выйти замуж по своему желанию, не советуясь с родственниками мужа, как это бывало в случае смерти супруга. Следуя закону, разведенная женщина, как и вдова, имела право выходить замуж неограниченное число раз.

Имущество после развода.

Женщина имела право оставить себе часть своего приданого (саукеле, некоторые украшения, одежду, кровать с постельными принадлежностями). Остальная часть приданого уже после брака переходила в пользование родни мужа. Родня женщины должна была вернуть калым. Часто муж выделял жене сумму денег на одежду и самые необходимые вещи из того калыма, который возвращала ему родня жены. Тяжелая женская доля в полигамной семье, соответствующей нормам обычного права и шариата, по которому допускалось иметь четырех законных жен, нашла яркое отражение в романе. «Пять юрт стояло впереди. Это было многолюдное жилище двух младших жен Кунанбая – Улжан и Айгыз. Старшая – Кунке – жила в другом ауле.». Четвертую жену, шестнадцатилетнюю Нурганым, Кунанбай приводит в дом уже глубоким стариком. Эпопея вводит в мир сложных взаимоотношений жен-соперниц. Так, во время ссоры жен Кунанбая – Улжан и Айгыз «казалось, два враждующих между собой аула готовились к бою.»

Ближайший родственник покойного имел право жениться на его старшей жене. Только в редких случаях один родственник брал в жены всех вдов умершего: обычно они вместе с наследуемым имуществом переходили нескольким родственникам.

По обычаю вдове нового мужа назначала родня умершего, но бывало что вдовы выбирали мужа по своей воле из младших и старших братьев покойного. Тогда, тот из братьев, кого предпочла вдова, обязан был уплатить другим братьям штраф как компенсацию за имущество, которое он приобретал, вступая в брачные отношения с вдовой своего брата. Принцип левирата распространялся и на несостоявшиеся браки: в случае смерти жениха невеста переходила на тех же условиях или с небольшой доплатой калыма к одному из его родственников, чаще всего к брату. Такую невесту, как и замужнюю женщину после смерти мужа, именовали «жесір».

Глава патриархальной семьи властвовал над женами и детьми. На примере многих женских судеб в романе показано, как девушка, будучи объектом купли-продажи между ее отцом и будущим мужем или его родителями, нередко против воли выдавалась замуж в другой род, становилась жесир (девушкой, за которую уплачен калым) не только мужа, а всего его рода. Эти патриархально-родовые традиции сохранили свою силу и во время Абая. Перед читателями эпопеи проходит целая галерея женских образов, искалеченных человеческих судеб, принесенных в жертву патриархально-феодальному семейному обычному праву. Это трагедии юного Абая и Тогжан, Коримбалы и Оралбая, Умитей и Амира и др. Касаясь семейно-брачного права, Ауэзов поднимает тему борьбы за равноправие женщины. Писатель показывает далее сочувственное отношение Абая к Оралбаю и Коримбале, Однако наряду с этим в романе нашло отражение и глубоко почтительное отношение к женщине, если она была старшей в феодальной верхушке рода. Таким всеобщим уважением в племени тобыкты, как уже отмечалось, пользовалась мать Кунанбая Зере.

Характерной чертой казахского народа является его сплоченность, взаимовыручка и взаимопомощь. Жители одного аула всегда были как одна большая семья. Если у кого-то случалась беда, то соседи и родственники обязательно стремились помочь.

Поминки делались только по мужчинам. Иногда и по женщинам, но не так пышно как по мужчинам. Не устанавливаются знаки о смерти женщины на юрте. Не бывает поминок (только похороны) в связи со смертью несовершеннолетних детей.

На могиле женщины устанавливали палку (бакан или писпек), на могиле ребенка – колыбель.

И женщин, и мужчин, и детей хоронили на самой высокой точке аула недалеко от источника воды, чтобы захоронение служило маяком для путников и чтобы они могли поблизости утолить жажду.

Если умирал мужчина:

На могиле устанавливали копьё; жена, дочери, родственницы каждый день встают на рассвете и до начала поминок поют плачевные песни (даус) по умершему в течении 3-4 часов; близкие женщины демонстративно расцарапывают свои лица до крови; конские сбруи, одежду, оружие и все лучшие вещи покойного развешивают в юрте; на левой стороне юрты ставят копьё, которое острием выходит наружу; на самый верх копья привязывают большой платок (красный – если умер молодой; черный – если средних лет; белый – если пожилой). Копьё стоит год, вещи в юрте тоже висят год. Через год проходят большие поминки: съезжаются все родственники, закалывают скот, угощения, скачки, призы и так далее. После поминок копьё ломают, вещи убирают, жена снимает траурную одежду.

Достоинство проводить усопшего в последний путь – это задача общественного значения для всего окружения покойного, для семьи покойного это не только испытание горем, но важный экзамен на сплоченность, организованность. Разделить расходы на похороны, встретить гостей, скорбеть всем родом – признак высокого благородства.

«...Все равно очагу Божья расходы еще предстоят, причем неисчислимы расходы! Потому и самые первые необходимые затраты должно разделить меж друзьями-соратниками Божья и его сородичами. И они, проявив необычайное единодушие и подлинное братство, не позволили себе удариться в скупость. Подобного общинного жертвоприношения – пидия на алтарь доброй традиции давно уже не происходило в степи. Смерть и похороны Божья вновь вернули к кочевникам этот высокий обряд траурного благодеяния».

У казахов в прошлом широко бытовали «временные погребения», захоронения частей тела или одежды умершего, а также погребения умерших в святых местах.

Существовали предания о необходимости захоронения членов рода на родовых кладбищах. Умерших вдали от дома могли похоронить в другом месте на какой-то период согласно обычаю «аманат жерлеу» («аманат кою»).

В романе «Путь Абая» Ауэзов приводит факт о перезахоронении сына Абая. Абдрахман умер в 27 лет зимой 1895 г. в городе Верный и его, по наказу отца, похоронили там аманатом. В середине мая его тело было перевезено в кошме в горы Чингизтау, где было совершено новое погребение на родовом кладбище.

По данным С. Акатая существовал также обычай погребения части тела в особых случаях, когда по той иной причине невозможно было сохранить тело.

Родные и близкие Алихана Букейханова, узнав о его смерти (казни), выполнили обычай ритуального погребения, предав земле шапку-малахай. Головной убор считался принадлежащим Букейханову, т.к. он его надевал во время своего приезда в родной аул. Буквально это выражалось как «Әлиханның терісіңген» – «Впитала (шапка) пот Алихана». Могила была вырыта на родовом кладбище возле могилы его отца. Этот ритуал должен был «помочь» однажды вернуть останки Букейханова на родную землю или даже в данную могилу.

У казахов существовал обычай хоронить заслуженных лиц в святых местах. В этих случаях, когда требовалось погребение умершего в другом (святом) месте, тело сначала хранилось во временном сооружении «сөре» до «очищения» его от мягких тканей. Затем кости тела перевозили на святое место для повторного захоронения. «Сөре» – временное строение, одноразовое, поэтому называлось именем покойного. Сохранились сведения о сооружении сөре для Богенбай батыра, Олжабай батыра, Жанибек батыра, Казыбек бия и др.

Сакральные формулы находятся в одном ряду с понятиями, регулирующими сословные, бытовые, обрядовые, имущественные и другие отношения. Например, возмещение за убийство – кун имеет строгие границы и зависит от характера убийства, степени влияния, итогов тяжбы.

Быт в образе обряда, обычая, костюма, материальной стороны (убранства юрты, ее архитектуры, кухни) тоже историческая обусловленность. Автор достигает исторической достоверности даже в деталях. Так, он представляет все виды маленьких юрт, используемых казахами при кочевках. Рассказывает о любимых играх молодежи: «аул-аул», «шалаш-шалаш», «курке-курке», «хорош ли хан», «платок», «колечко», «скрученный кушак». Свообразие свадьбы, поминок, костюмов отражает отличия в укладе разных родов. Принадлежность человека к тому или иному роду казахи узнают по крою малахаев, чапанов, сапог, тавру. Рассыпаны по роману многочисленные приметы, касающиеся типа хозяйствования, охоты, отношений между людьми.

Обычаи строго регулируются выработанной веками системой этических предписаний. Так, скот угоняли в знак мести, но такой скот не забивали: как бы ни была сильна вражда, как бы упорна ни была тяжба, коней захватывали как залог – до вынесения приговора или до обоюдного соглашения,

затем возвращая их владельцу. Противник должен предупредить о нападении, указать место сражения и лишь тогда начинать боевые действия. Категорически исключались набеги в дни похорон.

Ауэзов создал сложную и детализированную систему казахской истории, которой не было фактически научного, историографического прецедента. Писатель пользуется устной историей казахского народа. Строгая классификация, отбор, подчиненные выявлению закономерности исторического процесса приближают устную историю к художественной.

Литература

1. Мухтар Ауэзов. Мысли разных лет. – Алма-ата, 1961. С.56.
2. Ауэзова Л. Исторические основы эпопеи «Путь Абая». – Алма-Ата, 1969.
3. Ауэзов М.О. Как я работал над романами “Абай” и “Путь Абая”. // В кн.: Ауэзов М.О. Абай Кунанбаев. Алма-Ата, – 1967. – С. 360.
4. Фазилова, К.Б. Историзм эпопеи Мухтара Ауэзова «Путь Абая» / К.Б. Фазилова. — Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2014. – № 7 (66). – С. 643-645.
5. Уразаева К. «Путь Абая»: актуально об актуальном / К. Уразаева // Простор. – 2017. – № 12. – С. 166-180.
6. Стасевич И.В. Социальный статус женщины у казахов: традиции и современность. Издательство: Наука.
7. Бейсенов А.З. Об использовании данных казахской этнографии в археологических исследованиях. – Институт археологии им. Маргулана.

ҒТАХР: 16.21.07

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ТІЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кенжина Ш.М., магистр

Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шәкәрім университеті

Аманжағы А.К., студент

Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шәкәрім университеті

Тіл – халық қазынасы. Ал ұлт болашағы – өзінің ана тілінде.. Қазіргі Қазақстан ұлттық бірліктің бірегей үлгісін жасай отырып, өркендеу мен прогресс жолымен ілгерілеп келеді. Оны дамытудың басты біріктіруші идеяларының бірі мемлекеттік тілді қалыптастыру идеясы болып табылады, яғни білім, ғылым жолында тілімізді дамытсақ болашақта білімді жастарымыз көп болмақ. Оның аса маңызды факторы мемлекеттік тілдің ұстанымын нығайту, оның әлеуметтік-коммуникативтік функцияларын кеңейту болып табылады. Сонымен қатар, тіл халықтың менталитетін көрсетеді. Тіл адамдарға бір-бірін түсінуге көмектесумен қатар, шығармашылық үшін үлкен негіз жасайды. Әлемнің әртүрлі тілдерінде қанша өлең, ән жазылған. Біз әдебиетті оқимыз, дамимыз, жаңа бір нәрсені үйренеміз, қандай да бір дағдыларды меңгереміз. Мұның бәрі сөз арқылы болады. Өнердің басқа түрлерімен синтезде ол нағыз шедевр жасай алады.

Тіл арқылы біздің тарихымыз қалпына келеді. Көптеген оқиғалар, тарихи даталар ауызша беріліп, өткен туралы, біздің пайда болғанға дейін қалай болғандығы туралы білім қалыптастырады.

Тіл көп функциялы, бүгінгі күні тіпті бір секунд ішінде оның өмірінсіз не болатынын ойлау және түсіну мүмкін емес. Біз күнделікті жақын адамдарымызбен және әріптестерімізбен сөйлесеміз, мұғалімдер студенттерге осы немесе басқа процесті түсіндіреді және мұның бәрі тілдің болуына байланысты. Әрине, бүгінгі таңда біздің жастардың сөздік қоры өте шектеулі екендігі адам қынжылтады.

Ғылыми тілі – ғылыми еңбектерде, оқулықтарда, ғылыми тақырыптардағы ауызша сөйлеулерде (дәрістер, конференциялардағы баяндамалар және т.б.) қолданылатын кітап стильдерінің бірі. Сонымен қатар, ғылыми стиль танымал ғылыми еңбектерге тән, олардың мақсаты кең аудиторияны қызықты ғылыми фактілер мен теориялармен таныстыру болып табылады.

Ғылыми стиль ресми жағдайда қолданылады, ол логикамен, жүйелілікпен, объективтілікпен сипатталады, өйткені ғылыми стильдің міндеті – арнайы ақпарат беру, ғылыми теорияны дәлелдеу жүйесін ұсыну арқылы түсіндіру. Сонымен қатар, ғылыми мәтіндерде қолданылатын арнайы тілдік құралдар автордың ғылыми зерттеулерін авторлық принципті алып тастай отырып, объективті деп қабылдауға көмектеседі. Ғылым тілін біз адам, қоғам, табиғат туралы шынайы ақпарат беретін кезде және баяндайтын кезде қолданамыз. Ғылым тілі әдеби тілдің бір тармағы болғандықтан оның өмірге

келуі мен қалыптасуы тікелей әдеби тілге қатысты. Себебі ғылыми зерттеу жұмыстарының жүргізілуі әдебиеттердің жазылуына қарай өрбиді.

Қазіргі күнде қазақ тілінің барлық жағынан күйреп тұрғаны өтірік емес. Әсіресе қазақ елінде білім беретін ғылыми кітаптардың жоқтығы адам қынжылтады. Яғни терминология бойынша да өзге тілден алудан жалықпадық. Бұл мәселе сонау ХХ ғасырдың басында қоғам қайраткері Мұхтар Әуезов өз мақаласында сөз қозғап, жұмыс жасауға тырысқан. Ол ғасыр басынан осы мәселемен жұмыс жасап, шешімін табуға тырысқан қоғам қайраткерлерінің бірі. Оның бұл мәселені көтергендегі туралы 1917 жылы 19 қыркүйекте жарық көрген “Сарыарқа” газетіндегі “Қайсысын қолданамыз?” атты мақаласынан байқай аламыз.

«Жұрт оянып, көзін ашып, жұрттыққа бетін түзесе, күннен күнге мұқтажы табылып көбеймек. Осы күнгі біздің көп мұқажымыздың ішінде ең ірісі – ғылым» – деп өзінің ойын осылай бастап «Қазаққа келсек, мектепке арналған ретті бір кітап жоқ. Себебі, мұны ниет қылған талапкерлердің алдынан көлденең шығатын бір зор кедергі барлығы. Ол – ғылым тілі. Ғылым тіліне қазақ сөзі жетпейтіні, жететін болған күнде де, аршылып, арналмағандығы анық. Қандай тілге бай жұрт болсын, ғылым жолына түсе бастағанда тілі кемшілік қылып, қашанғы ескісін алып құрастырып, бөтен жұрттың тілін жамау қылып, неше түрлі болып аламыштанады.

Бір халықтың ғылымсыз күніндегі тілін алып, артынан ғылымды болған күндегі тілін алсақ, соңғы тілі жаңа туғандай болып өзгереді» – деп ойын білдірген.

Ол мәселенің басын қазақ тілінде қолға іліп аларлықтай дұрыс ғылыми кітаптың және де терминология кедейлігіненмеңзеген. Және де көне сөздерді және жаңа сөздерді аудару барысында, өзге тілден ала салу мәселесін атап көрсеткен. Бұл мақаланы біз 3 жақты қарастырсақ болады. Біріншіден мақала авторы білім беру ісіндегі ең үлкен кедергі ғылым тілінің толықтай қалыспағандығы, қазақ терминологиясымен жұмыс жасау өте қиын екендігін көрсетеді. Екіншіден, ғылыми ұғымдарды білдіретін сөздердің тапшылығы, үшіншіден тіліміздің бастапқы қалыптасу кезеңіндегі болған ауыртпашылықты атап көрсеткен. Бұл мақалада қорытындысында Мұхтар Әуезов

“Бұл, ғылым тілі деген маселе, – өз мектебіміз, өз мұғалім, үйретушілеріміз бола бастаған сайын "шеш!" деп, дікілдепқысатын маселе. Сондықтан бар қазақтың оқитын баласынынбірінің білімін біріне жанастыра, бір жолмен оқытуы керек. Әркімәр жерде өз машықты жолымен тепей берсе, ол аз күшті ыдыратқан, береке ұйымы жоқ бір оқу жоқ болғаны. Бізге осы күннен оқу тілі маселесін ашып, бір жолға бетті түзек керек. Осы туралы орысша оқығанөз машығына, мұсылманша оқығанөз машығына тартпай,делелімен қай тілдің мағынасы орамдырақ, қай тіл казактын емір женіне қолайлы, осыны салыстырып, біреуін ұстау керек. Сонансоң не мұсылманша оқығандар болып, не орысша оқығандар болып бір жағына елігіп, белгілі бір жолға түселік” деп өз кеңесін айтқан.

Қоғам қайраткерінің бұл мақаласы 1918 жылы “Абай” журналының № 7 санында “Ғылым тілі” атауымен жалғасын тапқан. Аты айтып тұрғандай мақала тікелей ғылымға, терминология саласына арналған. «Ғылым тілі – бұл уақытқа шейін қазақ оқығанының бір қалыпқа қойып, бір негізге құра алмай келе жатқан мәселесінің бірі» – деп бастау алған. «Қазіргі қазақ тіліндегі оқу екі ағысқа бөлініп барады. Бірі – мұсылманша оқығандардың жолы. Ғылым тілін арапшаға, мұсылман негізіне тартады. Екіншісі – орысша оқығандар, ғылым тілін орысшаға, европа негізіне тартады. Бұл жік тәртіпті бастауыш мектептердің һәм курстардың оқуында айқын білініп отыр. Әркімнің өз білгеніне тартатыны мәлім нәрсе» деп жазған. Яғни шыныменде бүгінгі таңда қазақ жастарының көптеген пайызы орыс тіліне үйір болып кеткен. Мәліметтердің жеткіліктігі, тез табылуы салдарынан болар жастарымыз басқа тілдерді меңгеруге әуес болып кеткен. Бұл әрине жаман деп айта алмаймын, себебі “қанша тіл білсең, сонша адамсың” деп Абай атамыз айтып кеткендей тіл білу жақсы бірақ өз тіліннің орыны бөлек болу керек және бұл бөлек тоқталатын тақырып деп ойлаймын.

Алдыңғы мақаласында ол екі бағыттың біреуін таңдап, қай ғылым тілін ұстану керек екенін айтты, соңғы мақалада ол қай бағытқа қолдау білдірді, осы бағытты ұстанудың себептерін көрсетті, өзінің дәлелдерін ұсынды. Мақалада Мұхтар Әуезов жапондар мен орыстардың қателіктерін қайталамауды назарға алды. Және соны жас ұрпаққа ескерту ретінде қалдырды.

XXI ғасыр-техникалық прогресс дәуірі, жаңа терминдер дәуірі. Күн сайын радио, ТВ, баспа беттерінде, сондай-ақ ғылыми терминологияның әртүрлі салаларында біз жаңа сөздермен бетпе-бет келеміз және оларды аудару бізге қиындық тудырып жатыр.

Мұхтар Әуезов бұл мақаласында қазірге дейін шешуді талап ететін мәселені тілге тиек еткен. “Ел боламын десен бесігінді түзе” демекші болашағына сенімді ел болып қалыптасу үшін осы проблемалармен жұмыс жасауды қолға алу қажет.

Қазіргі таңдағы ең үлкен шешуін талап ететін қоғамдық проблемалардың бірі – мектеп және университеттерде жүйесіндегі кітаптардағы қателіктер. Оқытушылар мен студенттердің кітап сияқты

қарапайым ресурстардың жоқтығына шағымданатынын көбіміз білеміз немесе тіпті жағдайға тап болдық (бұл ЖОО мен колледждердің қазақ бөлімдерінде оқитындарға қатысты)...Оқулықтарда ғылыми дәлелсіздіктер, дұрыс емес түсіндірмелер, қате аудармалардан көптеп кездеседі. Өйткені, қазақ тілінің негізгі мәселесі 30 жылдан бері шешілмей келе жатқаны – бұл орыс тілінен алынған сөздер мен ұлттық терминологияның жоқтығы. Иә, олар осы уақыт ішінде аздаған орысша сөздерді қазақша нұсқаларға ауыстырып, жеке терминдер енгізді, бірақ бұл аз ғана бөлігі. Медицина саласында да деректер өте аз сондықтан да болашақ дәрігерлер білім алу барысында басқа шет тілдерінен мәлімет алуға мәжбүр. Кез келген ғылыми ұғым анықтамада нақты ғылым тілі болып табылатын терминдер арқылы ашылады. Мағынаның толық анықтығы мен қолданыс тұрақтылығы терминдерге таптырмас талап. Терминдердің шатасуы мәнін түсінбеуді тудырады. Прогрессивті ғылыми дүниетанымды және кәсіби білімнің үлкен көлемін ескере отырып, сауатты терминология «маман» ұғымын айқындайтын білікті мамандарды дайындап шығару үшін маңызды болып табылады. Қай салада болмасын ғылыми мәліметтердің тапшылығы сауатсыз мамандардың шығуына себеп болады. Мысалы алысқа кетпей – ақ өз мамандығым бойынша айтатын болсам, ақғылшын тілін меңгеру үшін сапалы қазақша кітаптар өте аз, тіпті жоқ деп айтуға болады. Соңғы жылдары мектеп оқушыларының да кітаптарынан көптеген қателіктер табылуда. Қазақстанда қазақ тілінде 21 мың термин нақты қазақ тілінде бекітілген, деп хабарлады Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедұлы қазақ тіліндегі терминологияны жетілдіру мәселелерін талқылауға арналған Парламент Сенатындағы кездесуде. Білім ғылым министрілігі бұл проблема шешу үшін көптеген жұмыстар жасауда. Қазақ терминологиясын жетілдіру және терминдерді біріздендіру – реформаның негізгі міндеттерінің бірі, деп атап өтті министр.

«Президент өз Жолдауында:» Егер біз қазақ тілінің ғасырлар бойы өмір сүргенін қаласақ, оны артық терминологияны ауырлатпай, жаңғырту керек. Біз осы уақытқа дейін бекітілген терминдерге мониторинг жүргіздік. Бүгінгі таңда 21 мың термин бекітілді, олардың 40,8%-ы (8 571 термин) өз терминдерін, ал 59,2%-ы (12 429 термин) қарызға алынған және аралас терминдерді құрайды. Бұл терминдерге олардың білімі мен аудармасы тұрғысынан толық лингвистикалық сараптама жүргізілуде», – деді ол. Мәдениет министрлігі басшысының айтуынша, қазақ тілінің тазалығын сақтау мәселесі ғана емес, оны ғылыми тілге айналдыру үшін терминологиялық принциптер мен терминологияның негізгі міндеттерін анықтау да назарға алынған.

Мұнымен ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминологиялық комиссия айналысатындығын айтты.

Асхат Аймағамбетов, ҚР Білім және ғылым министрі:

– Мен оқулықтарды арнайы қарап шығып, ағылшын тілі, әдебиет, география, физика оқулықтарынан қателер таптым. Қарапайым, қарапайым қателер. Жауабы шешіміне мүлдем сәйкес келмейтін тапсырмалар бар. Аударма қателері көп. Бұл мүлдем қабылданбайды. Балаларымыз осындай оқулықтардан білім алуы керек. Жыл сайын бірдей нәрсе. Бұл қашанға дейін қайталанар?

Білім министрілігі мәселені мойындап отыр, министр оқулықтардағы қателер туралы жеке айтты.

«Елімізде 2016 жылы мазмұнды жаңарту басталды, мүлде жаңа оқулықтар пайда бола бастады. Мазмұнға қатысты да, қателіктерге қатысты да тұрғындар тарапынан сұрақтар туындауда. Көптеген оқулықтар үшін бұрын не апробация болмаған, не өткізілген. Ішінара ғана шықты. Жаппай көшіру алдында оқулықты кем дегенде бір оқу жылы пилоттық мектептерде сынақтан өткізу маңызды. Онда мұғалімдер қандай проблемалар бар, қандай кемшіліктер бар, оларды қалай жоюға болатынын көріп отыр», - деп түсіндірді Аймағамбетов.

Яғни түсінгеніміз бойынша соңғы 5 жылдықта аударма ісі, ғылыми терминдермен жұмыс жасау қарқынды жүруде.

Ғылым тілі мектеп оқулықтарынан бастап, қоғамдық өмірдің әр саласында еңбек етіп жүрген ғалымдардың оқулықтар, ғылыми еңбектер мен сөздіктер арқылы қалыптасатыны сөзсіз. Ғылым саласындағы тілдің қызметін қалыптастырамын деген білікті мамандарымыз ғылыми еңбектерін басқа тілде жазса, бұл салаларда ұлттық тілдің қолданыс аясына үлкен нұқсан келетіні сөзсіз.

Бұдан халық зиялысы елдегі тіл ахуалы мен тіл саясатын ескере отырып, ғылыми тіл мен терминологияның өзекті мәселелерін, орын алған олқылықтарды айта білген кең пейілді, көрнекті филолог екенін аңғаруға болады. .

Қорытындылай келе еліміздің жарқын болашағы үшін ел болып атсалысуымыз қажет. Отан – отбасынан басталатындығын ұмытпайық. Шындап келгенде, әрбір отбасы қоғамның бір бөлшегі, шағын Отан. Тілімізді дамытқымыз келсе, өзімізден бастайық.

Әрбір адам өз ана тілін білуі және мемлекеттік тілін меңгеру міндетті. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, Мемлекеттік тілді дамыту үшін, бұл істе ала болмай, түгел болып кіріссек, көздеген мақсатқа тездетіп жетуге болатынына сенімдімін.

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АРАБ-ПАРСЫ ТІЛІНЕН ЕНГЕН СӨЗДЕР

Омирханова Д.Т., магистрант, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Семей қ., «№ 19 ЖОББМ», dilyara_rinat@mail.ru

Мұқанова Қ.Қ., п.ғ.к., доцент

Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шәкәрім университеті

Бүгінгідей түрлі мәдениеттер тоғысындағы жаһандану үрдісіне бағыт бұрған заманда ұлтымыздың рухани өресін биіктеткен тұлғалардың қалдырған мұрасына қайта үңілу, оның мәнін қайта зерделеу – заман тудырып отырған қажеттілік. Өткен ғасырдың күрделі кезеңінде өмір сүрсе де ғаламдық ой таным дәрежесіне көтерілген, қазақ тілінің өркендеп дамуында айтарлықтай із қалдырған ірі ойшыл қайраткерлеріміздің бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Оның шығармашылығы тамыры тереңге кеткен, саясы мол бәйтерек тәрізді. Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұрасының түп қазығы - «ақ жүрек», «таза ақыл», «адал еңбек» иесі түзу адамды қалыптастыру, сол арқылы қоғамды түзеу.

Ар ілімін адамдық сапаның алдына шығарып, бүкіл туындыларына өзек еткен Шәкәрім тағылымы бүгінгі күн үшін де аса қажетті әрі көкейкесті мәселе болып отыр. Ұлы Абайдың ізбасары бола отырып, ұстазы жеткен деңгейде қалып қоймай, өзгеше өрнек тауып, қайталанбас қолтаңба қалдыруының өзі – Шәкәрім ұлылығын айғақтайтын басты белгі.

Ақынның бірнеше тілді меңгеруі- оның шығармаларынан көрініс тапқандай. Оның ерекшелігі- қандай да бір мәселені тілге тиек етсе де, оны кең ауқымда алып, өлең өлшеміне өрісті оймен сыйдыра білуінде. Кез келген қаламгердің лексикалық бірліктерді таңдап, талғап, көркем шығармаларында қолдана білуі -оның рухани әлемінің бейнесін сипаттап, тілдік тұлғасын танытады. Олай болса, біз үшін Ш.Құдайбердіұлының тіліндегі кірме сөздердің қолданылу барысын зерттеу, оның алғашқы деңгейдің өзінде-ақ тілдік тұлғасына тән ерекшеліктерді анықтап, кейінгі деңгейлерді жүйелеуге жол ашады.

Қазақ халқының басынан кешкен ұзақ даму тарихында бірсыпыра елдермен араласып, әр кезеңде түрлі қарым-қатынастар жасағандығы мәлім. Ертеде тәжік, өзбек, татар халықтары арқылы VIII-XI ғасырларда араб-парсы елдерімен, XII-XIII ғасырларда моңғол халқымен күшті байланыста болса, XVIII ғасырдан, яғни Қазақстанның Ресей қарамағына ене бастаған кезеңінен (1731 ж.) бастап күні бүгінге дейін орыс халқымен тікелей үздіксіз қарым-қатынас жасап келеді. Осындай ұсақ ауыс-түйіс, мол байланыстан кейін қазақ тілінің сөздік құрамында қыруар шетел сөздері пайда болған.

Жер шарында өмір сүріп келе жатқан үлкенді-кішілі халықтардың қай-қайсысында болсын өзге тілдерден ауысып келген кірме сөздер көптеп кездеседі. Мәдениеті кенжелеп дамыған ұсақ халықтарды былай қойғанда, мәдениеті гүлденіп өскен ең озат деген халықтардың сөздік құрамы да таза тума сөздерден құралмайтындығы дәлелденген», – деп жазады Ә. Болғанбайұлы мен Ғ. Қалиұлы [1, 139]. Ғ. Мұсабаевтың пікірінше, аң атаулары, әсіресе, құс атауларының көпшілігі иран тіліне түркі тілдерінен ауысқан. Сонымен қатар араб-парсы тілдеріндегі мынадай сөздер түркі тілдерінен ауысқанын айтады, Мысалы, *ата, аталық, адырна, орда, ақша, елші, адас, ұлы, құрылтай, бұлдіршін, қылыш, қонақ, бұғау, ту, темір, шабар, сорпа, тоқпақ, қаймақ, құл, ұлус, өлжа, өлік, өлекшін, жылқы, қаз, қарға, қарақұс, сұңқа, қызыл, қылшық, қалпақ, қамшы, қосын, қарауыл, қарақиы, қайық, аю, арыстан* [2, 99].

Орыс тілінің сөздік құрамындағы *айран, алтын, апара, аул, балбес, башка, болван, ерелаш, қабырға, қаймақ, қараул, кишлак, кумыс, кунак, очаг, сайга, серьга, сургуч, табун, тамга, тумак, урман, тюбетейка, чекмень, чулан* тәрізді сөздер ертеде түркі халықтары тілдерінен ауысқан.

Қазақ тілінің құрамындағы кірме сөздер негізінен төрт халықтың тілінен келіп енген: 1) араб тілі, 2) парсы тілі, 3) моңғол тілі, 4) орыс тілі.

Қазақ әдеби тілінің дамуын зерттеген филолог-ғалым Р. Сыздық өзінің «Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар)» еңбегінде «Қазақтың ауызекі сөйлеу тілінде де, ауызша әдеби тілінде де араб және парсы тілдерінен ауысқан сөздер қай кезеңде болса да едәуір орын алып келеді. Оған Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген халықтардың ислам дініне енуі, мұсылманша (арабша) оқу-ағартудың орын алуы, ортағасырлық түркі әдебиетінің қазақ қауымына да таныс болуы сияқты факторлар себеп болды», деп тұжырымдайды [3, 177].

Түркі тілдеріне араб, парсы тілдерінен сөз ауысу процесі қазақтың біртұтас халық илі қалыптасудан көп бұрын, орта ғасырлардың алғашқы кезеңінен басталады. Бұған дәлел: а) араб пен иран тілдерінен енген сөздер көне түркі тілі сөздіктерінде кездеспегенімен, иллюстрациялық

материалдарда (өлеңдерде, мақал мен мәтелдерде) кездеседі ә) ол тілдерден енген сөздер XVI ғасырдың документі болып саналатын жарлықтарда бірлі-жарым кездеседі... Сөйтіп, сол кезде қазақ жерінде арабтар мен парсылардың үстемдік етуімен байланысты олардың тілінің де қазақ тіліне әсері тиді [2, 98], Араб, парсы сөздері қазақ тіліндегі кірме сөздердің ең мол қорын жасайды. Олар тұлғасы жағынан да, семантикалық топтары жағынан да, қазақ тілінің жанынанда әртүрлі дәрежеде.

Араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздердің барлығы бірдей қазақ тілінің сөздік қорына еңбегімен, оның ішінде сөздік қордағы қазақтың тума сөзіндей ұзақ өмір сүріп, жаңа сөздер жасауға ұйытқы болған жасамыс байырғы сөздер немесе Р. Сыздықтың айтуынша «Бұл қабаттың басымы қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тіліне ертеден еніп, әбден сіңіскен қазақтың өз сөздері болып кеткен» [3, 139-6] сөздер көптеп табылады. Мысалы, XVIII ғасырдың ақын-жазушыларында кездесетін *дунше, момын, мақал, мейман, несібе, дәулет, құдай, заман, жаза, уағда, кедей, пейіл, пана, пасық, арам, амал, қайыр, құрмет, абырой, ар, халық, әлем, өмір, адам, адамзат, ажал, ақырет, намаз, ұжмақ, құбыла, бақ, мезгіл, дұшпан, аталғандардан басқа аса, аспан, бақыт, шаруа, қызмет, зат, ақыл, қуат, дау, хабар, пайда, әйел, қас, баға, әл, азамат, айуан, дос* сияқты сөздер түп-негізі араб-парсынікі болғанымен, халық тіліне сіңіп, қазақ лексикасының байлығына әлдеқашан айналғандар. Бұл сөздер кірмелігіне қарамастан, ұзақ өмір сүріп, сөздік қордағы сөздерге тән барлық қасиетке ие болған. Мәселен, *ас* (аш) деген сөз парсы тілінен ауысқанымен, өте ерте заманнан бері тілімізде өмір сүріп келе жатқандығын дәлелдейтін мынадай толып жатқан мақал-мәтелдер бар: *ас адамның арқауы, ас жүрген жерде дерт жуымайды, ас иесімен тәтті, таспен атқанды аспен ат, тас – тасты жібіткен ас; асты қорласан – құстырар* т.б. *Ас* сөзінің жаңа сөз тудыруға қабілеттілігін лексика-синтаксистік сөз тудыру жолымен жасалған: *ас бұршақ, ас жаулық, асқазан, ас болу, ас беру, ас пау* т.б. күрделі сөздер дәлелдейді. Демек, араб-парсы тілдерінен енген көптеген кірме сөздер қазіргі кезде ана тілінің төл тума сөздеріндей болып, мәнді қызмет атқаратынын көреміз. Мұндай сөздер қазіргі кезде өзінің кірмелігін біржола жойып, негізгі сөздік қордан түпкілікті орын теуіп отыр.

Біз әңгіме етпек Шәкәрім дәуіріндегі қазақтың көркем әдебиеті тілінде араб-парсы сөздері едәуір мөлшерде кездеседі. «Олардың бір тобын бұрынғысынша, дерексіз ұғымдарды білдіретін халық тіліне сіңген сөздер құраса, келесі тобын ислам дініне қатысты ұғымдар мен дін иелерінің аттары құрайды. Осыған байланысты бірнеше мысал келтіре кетсек:

Мұсылманша діни ұғымдарды білдіретін сөздер:

«Дін» – Жер жүзіне қарасам,

Неше түрлі халық бар.

Дін, иманын санасам,

Мыңнан артық анық бар [4, 128] немесе

Жердің жүзін дәл тауып,

Ешбір дін жоқ орныққан.

Бәрінде де бар қауіп,

Дін көбейді сондықтан.

Сол көп дінде шешу бар,

Ол шешудің арты бар.

Адасқанға кешу бар,

Кешудің де шарты бар [4, 129].

«Иман» – Жарынан бөлек жаны жоқ.

Табатын басқа Жары жоқ.

Асықтап аяп қалатын

Иманы, малы, ары жоқ [4, 35];

Жан-тәнімді, *иманымды*

Асылымды бойлады.

Аямадым жиғанымды,

Сонда да көз салмады [4, 231].

Бұл сөздерден басқа жоғарыда аталып кеткен дін иелерінің аттарына байланысты бірнеше мысал:

«Алла» – Дүниенің ол туралы жазасы жоқ,

Біз сөкті деп тоқтай ма *Алла* атқан оқ.

Пәрменімен айналған шархи фәләк

Күн мен ай, жұлдыз, әуе, жер менен көк [4, 79];

Жалғанның бір пайдасын көргенде,

Арланбай арыңды да сатасың.

Алланың ақ өлімі келгенде,
Амалсыз қара тастай қатасың [4, 224].
«Құдай» – Сондықтан бір тексеру болмай қоймас,
Мұнымды әділетпен ойла да шеш.
Егер *Құдай* барлығы анық болса,
Тең болмас ақ жүрек пен сұм залалкес [4, 58];
Біреу отқа жағынды:
«Нұрдың түбі – *Құдай*», - деп.
Не суретке табынды:
«Олай емес, былай», - деп [4, 128].
«Тәңірі» - Жаныңа қызық жалғанда,
Неменен қалды арманда.
Бұл жалғаннан не серік,
Тәңірі алдына барғанда [4, 18];
немесе
Елден кешу алмасаң,
Жалмауыздай жалмасаң,
Тәңіріні малмен алдасаң,
Алдында көрің дайын-ды [4, 142].

Діни ұғымға қатысы жоқ сөздер:

«Әлем» – *Әлемді* түгел мен көріп,
Ешкім мені білмесе.
Мұқтажым, нәпсім жоқ болып,
Зияным жанға тимесе [4, 48];
«Адам» – Шын жолдасың осы ма.
Осылар жанның досы ма?
Ақ ісіне *адам* жак,
Адамнан тіпті шошыма! [4, 16];
«Ғылым» – Лайықты киім жоқ па бұдан басқа,
Керексіз кербезденіп, бос шатаспа.
Ақылсыз киім бермес, *ғылым* берер.
Ғылымын ал, өнерін ал, мұны таста! [4, 85];
«Ғажап» – Дозақ отын күл қылып сөндіремін,
Жаралы жүрегімнен қан тараса,
Жарды көрген көзімнен сүймек болып,
Ғажап та тамам айуан анталаса [4, 25];
«Кітап» – Жиырмадан өткенде
Азғана ғылым оқыдым.
Алғызып *кітап* шеттен де
Көңілге біраз тоқыдым [4, 63].

Көріп отырғанымыздай сол дәуірде жазылған шығармалар қоғамның саяси және мәдени өміріне, дінге қатысты қыруар сөз әкеліп, халық тілін әртүрлі салада байытуға азды-көпті үлес қосқан. Соның нәтижесінде біршама араб-парсы сөздері жалпыхалықтық сипат алып, қазақ лексикасына етене болып сіңісіп кеткен.

Демек, араб-парсы тілдерінен енген сөздер қазақ тілінің сөздік құрамын сан жағынан ғана байытып қоймаған, оның лексикасын түр-тұрпаты, мән-мағына жағынан да кеңейтіп кемелдендірген деп тұжырым жасауға болады. Шәкәрім шығармашылығының ерекшелігі қара сөзбен де, ақындық тілмен де жазылғандығы белгілі. Сондықтан оның тілінің нәрі – көркемдігі мен әсерлігіне байланысты. Шәкәрім шығармашылығының замандастарынан оқшауланып тұратын өзіне тән тағы бір ерекшелігі қоршаған дүниенің тылсым жұмбақтарын шешуге, діннің адам мен қоғам өміріндегі қызметі, дін мен ғылымның арасындағы қайшылықтарға т.б. өзінің ұстанымын дәлелдеу машығы. Міне, осыған орай Шәкәрімнің суреткерлік, ойшылдық қыр-сырымен бірге, оның тіл білімінің лексикология саласына, әсіресе, салалық ғылыми атаулардың қалыптасуына елеулі үлес қосқандығын қарастыра келіп, төмендегідей қорытынды жасадық:

1. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларында кірме сөздерді (араб-парсылық, орыс тілі мен орыс тілі арқылы енген еуропа тілдерінің элементтері) өте жиі пайдаланған. Ақынның шығармаларында тіл тазалығы барынша сақталған, кірме сөздер мейлінше қазақ тілінің заңдылықтарына икемделген.

2. Аударма тәсілімен жаңа колданыстарды дүниеге келтіріп, жиі жұмсауына байланысты Шәкәрім өзге бір дәстүрдің, яғни жазба дәстүрдің өкілі болды.

Сондай-ақ Шәкәрім шығармашылығының ерекшеліктері тілдік ғасырдың басындағы қазақ қоғамының сапалық дамығандығын, ұлттық ойлау жүйесінің өскендігінің, әдеби жазба тілдің бұқаралық сипат алып, әлеуметтік маңызы артқандығының белгісі деуге болады.

Әдебиеттер

1. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997.
2. Кеңесбаев І., Мұсабаев Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика, Алматы, 1975.
3. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы Арыс, 2004.
4. Шәкәрім. Иманым. – Алматы.
5. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988.

ҒТАХР: 19.01.33

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ АТАУЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Бекенова Г., Райнбекова Г.

Еуразия гуманитарлық институты, g.rainbekova@mail.ru

Қазақ халқы, басқа халықтар сияқты, өздерінің көп ғасырлық тарихыда өмір шындығын ескере отырып, әртүрлі кәсіби салаларда еңбек етті. Осыған байланысты қазақ тілінде кәсіби лексика алуан түрлі. Мал шаруашылығы лексикасы ерекше орын алады, өзінің ежелгі және шын мәнінде кең мазмұнымен ерекшеленеді. Демек, осындай алуан түрлілікті және осы лексикалық қабаттың байлығын зерттеудің өзектілігі, қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелерін нақтылау, оның заңдылықтарын анықтау, қажеттілігімен түсіндіріледі.

Қазақтың төрт түлігі: жылқылар, түйелер, қошқарлар және сиырлар. Олар төрт жақтың, төрт элементтің, адам кейіпкерлерінің төрт түрінің және төрт бағыттың – жоғарғы-төменгі, оң-сол жақтың символдары. Осы жалпы сипаттамалардан бөлек, аталған жануарлардың әр түрі басқалардан өзгеше символизмге ие.

Жануарлардың символикасы күнделікті өмірде кең таралған. Жануарлардың төрт түрі қазақтың толық әлеуметтік мәртебесін анықтады: *Түйе* – біртұтас және бөлінбейтін ғарыштың символы; *жылқы* – жарық символы, қасиетті жануар, достық пен адалдықтың символы; *қошқар* – бұл ең таза тіршілік иесі болып саналатын, аспан, күн табиғаты бар қасиетті жануар, рақым мен өмірлік энергияның ежелгі символы, көптеген және сау ұрпақтарға ие болғысы келетін әйелдер қошқарды құрбандыққа шалды; *сиыр* – өлілер әлемінің, хаос әлемінің символы. Басқа жануарлардың да өзіндік белгілері болды: *ешкі* – белгісіздік символы, айдың символы; *ит* – қасиетті жануар, оны ұруға болмайды; *мысық* – кек алудың символы, сондықтан оған қол сұғылмайды.

Қазақтардың шаруашылық-тұрмыстық өмірінде *жылқы* үй жануарларының төрт түрі арасында ең басты орынға ие болған. Бұл таңқаларлық дүние емес, өйткені жылқы көлік құралы ретінде де, қожайынына дос ретінде де, байлықтың көрсеткіші ретінде де, тамақ құралы ретінде де, киім-кешек ретінде де пайда көрді, тіпті сиқырлы емдік күшке ие болды.

Еуразия даласының алғашқы жылқы өсірушілерінің бірі – Қамбар ата. Қамбар ата – жылқылардың ерекше патроны – меценатты бейнесі болып табылады. Жылқылар халықтардың дәстүрлі жерлеу және еске алу рәсімдерінде ерекше салттық рөл атқарды. Оның барлық элементтерінде жылқының болуы, оның *АТ* туралы ежелгі діни идеяларды бейнелейтін ерекше семантикалық рөлі айқын көрінді.

Жылқы (*Equus ferus caballus*) б.з. д. 4000 жылы Еуразия даласында мекендеген. Ерте заманда жылқы жер үсті көлігі мен құмарлықтың маңызды түрі болған, сонымен қатар ет, жүн және теріні қамтамасыз еткен. Олар әскери операцияларда тез қолданылды және Ұлы соғыстың соңына дейін

соғыс жүргізудің негізгі құралы болды. Жылқылар бұл дәстүрлі рөлдерді Оңтүстік Американың, Азияның, Африканың және Шығыс Еуропаның көптеген бөліктерінде орындайды.

Бағымшылық – малға күтім жасау мағынасында қолданылады. Шын мәнінде, біз бұл сөзді диалект деп атасақ та, ол әдеби тілдің спикерлері үшін түсінікті, біздің ойымызша, «мал шаруашылығы» терминімен салыстырғанда анағұрлым орынды және ұтымды болып көрінеді.

Албыт жылқысы – ауру жылқы. Ал, түсіндірме сөздікте бұл тұжырым еселік сөз ретінде көрсетілген. Бұл жылқыларда кездесетін өте қауіпті ауру. Қазақстанның ағынды аудандарында бұл ауру албыт деп аталады – мұндай түсіндірме сөздікте берілген.

Ат сүмек болды – жылқы терледі, бәрі термен қапталды (әдеби тілде «қатты тершендік» мағынасында сүмектей терлеудің мәнерлі тіркесімі қолданылады). Бұл мағынада литературалық тілде сүмек сөзі кездеседі, тек ол сүмекте-етістігі ретінде қолданылады. Бұл сөзді Қытайдан келген қазақтардың сөзінде қолданудың ерекшелігі оның түбір түріндегі ақталуы болып табылады. Әдеби тілде сүмек сөзі омонимия құбылысының негізі болып табылатындығын көрсету керек «*СҮМЕК 1* зат. Түйенің аясына түсетін құрт ауру; *СҮМЕК 2* қара сүмек болды. Қара суға түскендей терледі; *СҮМЕК 3* зат. жерг. Құл шығаратын құрал; *СҮМЕК 4* зат. экспр. жақтырмау. Сүмелек, сүйкімсіз, сұрай, жігіт, жасық».

Елпек ат-жүйрік ат. Бұл тіркесімде жергілікті мағынасы бар сөз – елпек. Бұл сөз әдеби тілде де кездеседі: *Елп* Имитациялық сөзіне-ек жұрнағы қосылып, атаулы сөз алынады. Мағынасы – «айтылғанды сөзсіз орындайды, мойынсұнғыш, ептілік, еттілік». Қытайдан келген қазақтардың елпек сөзін құлатуының ерекшелігі-бұл сөз жылқы үшін эпитет ретінде қолданылады.

Атты қатыру – атқа күтім жасау, оны жаттықтыру. Мысалы, ауыл бәйгеге қосқалы ат қатырып жатыр. Бұл үйлесімдегі диалектизм – қатыру. Семантикалық тілде бұл дегеніміз балама – жылқы жаттығуы кезінде жем беруді мүмкіндігінше азайту. Мұнда «аштық жасаңыз» деген сөз өзгертілген түрде қолданылады. Әрине, әдеби тілде көп мағыналы сөздер бар, негізгі мағынасы «қатыр етістік. – тоқтатып». Сөздің түсініксіздігіне қарамастан, ол жаттығу, қамқорлық мағынасында. Демек, бұл өрнекті қазақтардың тілінің ерекшеліктеріне жатқызуға болады.

Жылқы шаруашылығы-жалғасып жатқан техникалық прогрестің ерекше жағдайларында өзінің маңызын жоғалтпаған мал шаруашылығының маңызды саласы. Алайда, ауыл шаруашылығын механикаландырудың өсуі посткеңестік кеңістіктегі жылқылардың санына айтарлықтай әсер еткенін атап өткен жөн.

Әр түрлі елдердің көптеген ғалымдары жылқының шығу тегін зерттеді. Бұл іске ең үлкен үлес қосқан көрнекті орыс зерттеушісі В.О. Ковалевский (1842-1882) – қазіргі эволюциялық палеонтологияның негізін қалаушы. Оның еңбектері эволюциялық теорияның дамуында маңызды рөл атқарды және түрлердің өзгермейтіндігі туралы идеалистік көзқарастарды жоққа шығарды.

Жылқы адамның жалғыз қозғалу құралы және толыққанды тамақтану көзі ғана болған жоқ, жылқы тек көшпелі өмірдің ғана емес, жалпы өмірдің де қазақ өмірінің символы болған және болып табылады. Өйткені отырықшы адам үшін өмір символы үй болып табылады, қазақтар үшін үй жылқы болды, себебі қиын көшпелі өмірде көмектесе алатын жалғыз сенімді тіршілік иесі жылқы екендігін атап айтқан жөн. Тек қазақтардың иелігінде ғана орасан зор аумақтар, оларға маусымдық түрде жазғы жайылымнан күзге және т. б. көшіп-қону қажет болатын көшпелі кеңістіктер болды.

«Ат – батырдың қанаты» дейді қазақтар. Халық өздерінің сүйікті батырларының аттары мен жылқыларын ұмытқан емес. Мысалға, Қобыланды батырда Тайбурыл, Ер Тарғында Тарлан, Алпамыста Байшубар, Қамбар батырда Қарақасқат. Әнші, әрі композитор Ақан серінің аты Құлагер болатын. Жылқы аңызға қожайынымен бірге кірді. Ілияс Жансүгіровтың ең жақсы өлеңі және оның сүйікті жылқысының есімімен аталған. Поэма Ақанның қайғылы тағдыры мен Құлагердің қайтыс болуы – бүкіл даладағы ең жақсы жылқы туралы баяндайды. Аттың аты кездейсоқ өлеңнің тақырыбы емес.

Тек жылқының арқасында қазақтар ұлт ретінде аман қалды деп асыра айтуға болмайды. Осы төрт аяқты доссыз олар баяғыда жойылып кеткен немесе қазақ тайпаларын жаулап алуға тырысқан халықтарда ассимиляцияланған болар еді. Жылқы қазақтарға ұлттық және мәдени ерекшеліктерін сақтауға көмектесті [2.65]. Жылқының жасына, сипатына келетін болсақ, ол екінші кестеде көрсетілген.

Қамбар, Қамбар ата, жылқышы ата – ноғай мифологиясында танымал кейіпкер, жылқы шаруашылығының қамқоршысы, ноғайлардың ата-бабалары арасында бірінші болып атқа мінген, таңба қойған аты аңызға айналған табыншы. Оның есімі ноғай фольклорында жиі кездеседі, жылқыларды таңдағанда, эпикалық кейіпкерлер оған көмек сұрайды. Оның рухы жылқы табындарын

қорғайды. Қамбар ата есімі қазақ, өзбек, түрікмен және т.б. халықтардың фольклорында кездеседі. Ол фольклорлық шығармаларда эпикалық кейіпкер ретінде де, музыкант ретінде де бар.

Ат – ақталған (кестірілген) еркек жылқы, мініс ат. Мініс аттары жалпы жылқы тегіне қарай тұлпар, сәйгүлік, дүлдүл, наз бедеу, қазан ат, арғымақ, жабы, қасиетіне қарай аяншыл, жорға, жүйрік т. б. деп аталады. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде: 1) *Ат* – Үйірге түспейтін, піштірілген, ақталған жылқы. 2) Көлік ретінде салт мінілетін, арба шанаға жегілетін және әртүрлі шаруашылық жұмыстарына пайдаланылатын еркек жылқы [3,33].

Жылқының түр – түстері – ақ, ақбоз, күрең, торы, жирен, шабдар, шұбар, теңбіл, қызыл, қара, қарагер, құла, құлагер, бурыл, баран, қылаң, сұр, ала, кер, күлдібадам, шалбас.

Жылқы аурулары – Жамандату, шеміршек, сақау, маңқа, қолқа.

Жылқы жүрісі – аяң, жортыс, бүлкіл, желіс, сау желіс, сар желіс, бөкен желіс, текірек, шоқыту, шабыс.

Құландар – өте сақ жануарлар, ешкімді өзіне жақындатпайды. Олар өте қатты және күшті. Қауіпті байқаған құлан жылдамдықты 70 км/сағ-қа дейін, кейде 85 км/сағ-қа дейін дамыта отырып, қашуға асығады, құландар ұзындығы 650 см-ге дейін секірулер жасай алады, екпінсіз 150 см-ге дейін жартасқа секіре алады, 700-ге дейін еңіспен тік беткейлерден түсе алады және өте жақсы жүзеді.

Құлан – үйір-үйір болып жүретін жабайы жылқы. Құлан есектен үлкен, жылқыдан кішірек, жүйрік ан. Құлан ертеден бағалы аңның бірі болған. Оның еті сапалы және дәмді, терісі былғары, жылы аяқкіім жасауға, ал халық медицинасында еті мен майы кең қолданылған [4,650].

Т. Әлімқұлов, Д. Досжан, М. Қаназов, М. Мағауин – ат, бәйге, көкпар білгірлерін сипаттап берген. Олар аламан бәйгесінің суреттерін салды, ең ұзын бәйге, арғымақтардың ерекше күші мен шыдамдылығын көркем сөздің керемет күшімен бейнеленді.

Адай жылқысы – Қазақстанның оңтүстік-батысында кездеседі. Маңғыстау облысында қазақ жылқысын түрікмен тұқымдарымен жақсарту жолымен өсірілді, қазіргі уақытта Қазақстанда және оған іргелес аумақтарда өсірілуде. Бұл жылқы ыстық климатқа және табынға жақсы бейімделген, яғни жылқылар жыл бойы шопандар бақылайтын далада жайылып жүреді. Түсі сұр, лавр, қызыл, тұзды және булан болады. Ол бұрыннан сүт және ет жануарлары ретінде қолданылған. Ер-тоқымның астында және әбзелде, қанағаттанарлық ептілікке ие. Бұл жылқының тұяқтары жергілікті тасты топыраққа бейімделген. Ол үлкен төзімділікпен ерекшеленеді.

Көшім жылқысы Орал және Ақтөбе облыстарының жылқы зауыттарында және басқа да шаруашылықтарында өсірілген. Өз атауын Батыс Қазақстанда ағып жатқан Қожым өзенінен алды. Тәуелсіз тұқым ретінде 1976 жылдың сәуірінде бекітілді. Көшім жылқысы – Жамбыл облысының «Құлан» жылқы зауытында, Батыс Қазақстанда кездеседі, жергілікті биелерді орыс және Орел тұқымдарымен будандастыру арқылы өсірілді.

Тұқым күрделі репродуктивті крест әдісімен жасалған. Жергілікті биелер Троттер, асыл тұқымды жылқылар мен Дон тұқымдарын өндіруші айғырлармен өтті. Тайпа жыл бойы шөлейтті дәнді-жусанды жайылымдарда ұсталатын, даму бойынша үздік будандастырылған жануарларды іріктеді. Көшім жылқылары табынға жақсы бейімделген.

Әдеби тіл білім берудің қуатты құралына, мәдени және рухани мұра тіліне айналды. Ол қоғамдық өмірдің барлық салаларында қызмет етті. Жазушылар мен ақындармен қатар, ғылыми, қоғам қайраткерлері де тіл нормаларын тұрақтандыруға, оның қызметін жан-жақты нығайтуға белсенді қатысты. Әдеби тілдің жазбаша түріне сәйкес ауызша тілді қолдану кең тарала бастады. Қазақ тілінің грамматикасы жазылып, орфографиялық, орфоэпиялық және түсіндірме сөздіктер құрастырылды.

Әдебиеттер

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том / Құраст.: Ғ. Қалиев, С. Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. – Алматы, 2011
2. Қазақ жылқысы, А. И. Иманғалиев, 1976.
3. Сөздік-Словарь. 1997.- 368 б.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том. / Құраст.: М.Малбақов, Н.Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.

СЕКЦИЯ 3: М.АУЭЗОВ И СИСТЕМА ОБРАЗОВАНИЯ ХХІ ВЕКА

ҒТАХР: 15.31.31

БАСТАУЫШТА М.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚИТУ

Бекбосынова А.А., бастауыш сынып мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
«№ 21 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

«Әдебиеттік оқу» пәнін бастауыш сыныпта оқытудағы негізгі мақсаты – әдебиетті адамзаттың ғасырлар бойы жасалған мұрасын, сөз өнерін құрметтеуге үйрету. Бұл пән жас қауымды мақсатты өмір сүруге үндейді, оны туған анасын сүюден Отанын сүюге, бүкіл адамзатты сүюге дейін жетелейді. Жеке тұлғаның, адамның рухани әлемін, оның адамгершілігін, ойлауын, көңіл – күй сезімін, тілін, шығармашылық әрекет бастауларын қалыптастыруда басты рөл атқарады. Осы мақсатты жүзеге асыруда бастауыш сыныпта қазақтың көрнекті жазушыларының шығармаларынан үзінді берілген. М. Әуезовтің шығармаларын бастауышта оқытудың мақсаты – әлемдік әдебиеттегі аса ірі тұлғаны жас өскіндерге танытып, әңгімелері арқылы өмір шындығына көз жеткізіп, адами қасиеттерге үндеу, сол арқылы көлемді шығармаларды оқуға дайындау.

«М. Әуезовтің әңгімелерін оқытудағы басты мақсат – тіл көркемдігі, тақырып пен әңгіме идеясында жатқан тың проблемалар, адами мәселелердің көтерілуін таныту.», сондай – ақ ғалым: «М. Әуезовтей ұлы тұлға шығармашылығын оқыту, оның тиімді әдістерін іздестіру – барлық оқу орындарының міндеті» Мұхтар Әуезовтің шығармаларын бастауыш сыныпта оқытудың маңызы зор.

Мұхтар Әуезов алғашқы шығармаларының көбін әңгіме түрінде жазды. Көркем прозаның осы шағын түріне жас жазушының айрықша көңіл аударуы, әрине, тегін емес. Әңгіме жанры көлемі шағын болса да, мағыналық сыйымдылығымен жазушының өз идеялық және эстетикалық бағыт-бағдарын айқындауға, өзіндік стиль қалыптастырып, суреткерлік шеберлігін жетілдіруге бірден-бір қолайлы еді. Әңгіме – көркем прозаның ықшамды түрі, бірақ жеңіл түрі емес. Оның қиындылығы да сол ықшамдылығында, аз сөзге көп терең мағына сыйғызып, негізінен, бір оқиғаны баяндау арқылы мол өмір шындығын ашып беру қажеттілігінде.

Әңгімеде кейіпкерлердің көп болмайтыны негізгі геройлар екеу-үшеуден аспайтыны да олардың мінез-құлқын, характерін солардың бірнеше нақтылы, бас-аяғы жинақы іс-әрекеттер арқылы ашып беруге үлкен суреткерлік шеберлік қажет екенін аңғартады. Әңгіме – көркем прозаның жазба әдебиетінде қалыптасқан түрі, ауыз әдебиетіндегі әңгімелеп айту үлгілерімен тамырлас-жалғастығы болса да, мүлде жаңа, соны жанр. Басты ерекшелігі – қалыптасқан дәстүрлі баяндау тәсілдердің шеңберінде қалмайтын еркіндігі, шығармашылық ізденістерге жол беретіні, әңгіме жанрында тақырып таңдау, өмір шындығын әр жағынан қамту десек, оқиға желісін еркін өрістету, шығарманың композициялық құрылысын неғұрлым ұғымды, ширақ етіп келтіру ерекшелігі жағынан сан алуан түрлері болады да, мұның өзі әр қилы суреттеу тәсілдерін қолдануға да жағдай туғызады.

Мұхтар Әуезовтің әңгімелерінен осы жанрды бірден жақсы игергенін, оның өмір шындығын жан-жақты терең бейнелеу мүмкіндіктеріне терең пайдалана білгенін анық байқаймыз. Алғашқы әңгімесі «Қорғансыздың күнін» алсақ, соның өзінен оқырманға естен кетпейтін әсер қалдыра алатын жас жазушының көркемдік шеберлігін көре аламыз. Ал онан кейінгі жылдарда жазылған «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Кім кінәлі», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Сөніп-жану», «Ескілік көлеңкесінде», «Кінәмшіл бойжеткен», «Жетім», «Қаралы сұлу» секілді әңгімелерінің қай-қайсысынан да жазушының ауыл өмірін, елдің тұрмыс-жайын, әдет-ғұрпын жетік білетіні айқын танылады. [25]

Портрет пен авторлық сипаттау, пейзаж, монолог, кейіпкер сөзі және диалог кейіпкерлердің іс-әрекетінің сюжеттік қақтығысы арқылы көрінуі, оқиғаны баяндау тәсілі (автордың немесе кейіпкердің атынан) – осының бәрін орнымен, керекті жерде пайдалана отырып, Мұхтар Әуезов сан алуан адамдардың бейнесін типтік дәрежеге көтере сипаттап бере алған. Жазушының қолданатын көркемдік әдісі жағынан келсек, ол осы жанрда орыс, Еуропа дүние жүзі әдебиетінде жинақтаған құнды көркемдік тәжірибеге сүйене отырып, сан-алуан бейнелеу тәсілдерін өз суреттеу мәнеріне орайлас пайдалана алған. Негізінен, реалистік әдісті қолданған дейміз. Реалистік көркемдік әдісті кең мағынасында алып, өмір құбылыстарын жан-жақты, терең танып-білу, тексеріп талдау негізінде бейнелейтін көркемдік әдіс деп қарасақ, оған символика да, романтикалық сарын да, басқа да

көркемдік әдістерге тән деп саналатын бейнелеу тәсілдері жат емес екені біздің пайымдауымызша талас тудырмайды. Мұхтар Әуезовтің 1921-1925 жылдары жазылған әңгімелері оның көркемдік проза саласындағы алғашқы ізденістерінің өте жемісті болғанын айғақтай алады. Олар жазушының суреткерлік шеберлігінің кейін бара-бара шырқау шынға көтерілуіне жол ашқан бастапқы биік белесі болады [17].

М. Әуезов өзінің көптеген ғылыми мақалаларында, сөйлеген сөздерінде мектепке нәтижелі жұмыс жасауы үшін оқытушының бойында білім мен біліктен басқа, педагогикалық қызметке деген табиғи бейімділік, зор талап, терең талғам мен ұғымдылық, ынталылық қажет екендігін ескертіп отырды. Өйткені оқытушы өзінің жұмысына селқос қараса, шәкірттерді шын жүрегімен сүймесе, ол жұмысы да ықылассыз болады. Ал ықылассыздық пен енжарлық, дөрекілік пен менмендік бірімен-бірі жақын тұрған адамгершіліктің көмескі жақтары ғана емес, тәрбиенің де жауы.

Қазіргі таңда мемлекетіміздің дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысы еліміздің жаңа сапалық деңгейге жылдам өту қажеттілігін туындатуда. Бүгінде педагогикалық жаңаша үрдістерде білім мен тәрбие беруде жаңашылдыққа талпынуды қажет етеді. Бұл – оқушыны ізденіске баулып, білімді өз ынтасы, өз еңбек – ізденістері арқылы қалыптастыруға жетелейді.

Балаға берілетін білім мен тәрбие ең алдымен сөз арқылы жүзеге асырылады. Оқушылардың тілін дамыту – барлық пән мұғалімдерінің барлығына тән бірыңғай талап. Дегенмен де баланы оң мен солын танып білуге үйрету, өмірдің талаптарына бейім болу, адамгершілігі мол азамат болуға жетелеу мәселесі әдебиетшілерге көбірек жауапкершілікті талап етеді. Себебі, әдебиет – сөз өнері, адамтану құралы. Ол – адамды нағыз азамат ететін, оның рухын шыңдайтын, жанына қолбасшы болатын ерекше ғылым, әрі ғажайып өнер. Әдебиетті оқыту көркем шығарманы оқудан басталады. Балаға көркем туындыны оқытпай, әдебиеттен білім беру мүмкін нәрсе емес. Және де оны оқушы жай оқып шықпай, одан алған әсерін өмірлік қажетілеріне пайдалана алуы шарт.

Оқушы бойында халықтың салт-дәстүрін қадірлейтін, елін сүйетін жан жақты жетілген, саналы намысқор патриот тұлға қалыптастыруда М. Әуезов шығармаларының ықпалы зор. Шынайы өмірді дәл сол қалпында түсірген ұлы жазушының қай әңгімесін, повесін, романын оқысаң да, еш жалықпайтын, қазақтың жалпақ тілімен әсерлі жазылған нағыз өмірді көре аласың. Олар әлем таныған «Абай жолынан» бастап, «Қараш-қараш оқиғасы», «Көксерек», «Жетім», «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Үйлену», «Сөніп-жану», «Кім кінәлі?», «Ескілік көлеңкесінде» т.б. шығармалары.

Мектепте жазушы М. Әуезовтің шағын жанрдағы әңгімелерін оқытудан басталады. Әңгіме көркем прозаның ең ықшамды түрі, бірақ жеңіл түрі емес. Оның қиындығы да сол ықшамдылығында, суреткер аз сөзге көп терең мағына сыйғызып, негізінен бір оқиғаны баяндау арқылы мол өмір шындығын ашып береді. Ал соны бүгінгі күн талабын ескере оқыту ұстаздың міндеті. Әрине мектеп бағдарламасына М. Әуезовтің барлық дерлік еңбегі енбегені анық. Дегенмен де, бағдарламада бар шығармаларымен оқушыны қызықтыра алсақ, басқа да көптеген әңгімелерімен оқып танысуға өздері-ақ құлшына кетеріне күмәнсіз қарау қажет деп білемін.

Жалпы шығармалардағы басты проблеманы оқушыға ұғындыруда мұғалім – әңгіме төңірегіндегі проблеммаға жетелеуші, ал оқушы – өз ой елегінен өткізе отыра соның шешуін табушы рөлін атқаруы тиіс. Бұл орайда қазіргі таңда білім беруде пайдаланылып жүрген оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері, бірлескен топтық жұмыстардың өз пайдасы бар. Бірлескен жұмыстар 5-6 баладан құралған шағын топтарда ұйымдастырылады. Топпен жұмыс сабақтың мазмұнын айқын ашуға мүмкіндік берді және де барлық балаларға еркін сөйлеуге жағдай туғызады.

Өз бетінше ізденісі мен жеке пайымдаулар жасауы ортақ пікір шығаруға мүмкіндік туғызады. Оқытуда қолданылатын Алты ойшыл қалпақ, ДЖИГСО, «Айналмалы бекет», «Ашық сұхбат», «Жуан және жіңішке сұрақтар қою» т.б. белсенді әдістерді қолдануда әңгіменің зерттеушілік түрі басшылыққа алынады.

Осындай жұмыс кезінде олар жазушы шығармасымен танысады, мазмұнын топ ішінде талдайды, постер құрып, өзгелерге түсіндіреді, сұрақтар қояды. Мұндай жұмыстар оқытушы мен білім алушы арасында тез тіл табысуға, бірлесе жұмыс жасауға, олардың тең дәрежеде араласуына, белсенділік танытуға ұмтылуға жағдайлар туғызады.

Әдебиеттер

1. «Әдебиеттік оқу» 4 – сынып, 2015 жыл
2. «Бастауыш сынып мұғалімі» журналы, 2015 жыл
3. Күзембаев Е., Күзембаев Ұ., Күзембаев Ж. Мұхтартану. 2007 ж.
4. «Әуезов тағылымы» С.С.Қарабаев 2007 – жыл
5. Бітібаева Қ. «Мұхтар Әуезов туындыларын мектепте оқыту», 2002 – жыл, «Алматы» баспасы

М. ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ

Рахимжанова А.М., педагог-зерттеуші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
 Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.,
 «Қосшы қаласының № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, aliya.rakhimzhanova@mail.ru

Заманымыздың заңғар жазушысы, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ХХ ғасырдағы биік шыңы – ұлы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің артында қалған ұлан ғайыр мұрасын зерделеп, ой елегінен өткізу үшін де әр дәуірдің, әр ұрпақтың өз айтар сөзі, таным-түсінігі болатыны сөзсіз.

Жазушысы, ұлы педагог Мұхтар Әуезовтің оқу және тәрбие туралы пікірлері ағарту салалары жөніндегі көптеген ғылыми мақалалары мен сөйлеген сөздерінде, публицистикаларында, әсіресе көркем шығармасында жарқын көрініс тапқан. Ол бұл жағынан алғашқы ағартушы-демократтар Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтардың тікелей мұрагері, солардың ісін жалғастырушы, үлгі-өнеге тұтушы. Ағарту ісіндегі негізгі мақсаты – халыққа қызмет ететін білікті, білімді азамат тәрбиелеу, олардың неғұрлым жан-жақты дамуына көңіл бөлу еді.

«Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім» деген М. Әуезов жастар тәрбиесіндегі мұғалімдердің алатын орны туралы жүйелі пікірлері ерекше назар аудартады. Оқытушылар, М. Әуезов ойынша, заман талабын дұрыс түсінген, адамзаттың өткен тарихындағы барлық мәртебелі де, игілікті істердің жалғастырушылары болуы шарт. Олардың идеялық шындалуы, аса жоғары жауапкершілік сезіммен қатар ізгілік, интелектілік, моральдық тазалығын, өзін-өзі ұстау, байыптылық, білімнің түрлі саласынан хабардар болу, шәкірт психологиясын терең білу, педагогтік техниканы жете меңгеру, оптимизм т.б. жеке қасиеттерді бойына дарытуы қажет дейді. Ол өз оқулықтары мен бағдарламаларында, оқыту ісі жөніндегі мақалаларында мұғалімдерден әрбір сабағын ұқыпты ойластырып, білім беру мен тәрбиелеу тәсілін жетілдіре беруді, шәкірттердің ақыл-ой дамуын адамгершілік қасиетпен тығыз байланыстырып отыруды талап етті.

М. Әуезов өзінің көптеген ғылыми мақалаларында, сөйлеген сөздерінде мектепке нәтижелі жұмыс жасауы үшін оқытушының бойында білім мен біліктен басқа, педагогикалық қызметке деген табиғи бейімділік, зор талап, терең талғам мен ұғымдылық, ынталылық қажет екендігін ескертіп отырды. Өйткені оқытушы өзінің жұмысына селқос қараса, шәкірттерді шын жүрегімен сүймесе, ол жұмысы да ықылассыз болады. Ал ықылассыздық пен енжарлық, дөрекілік пен менмендік бірімен-бірі жақын тұрған адамгершіліктің көмескі жақтары ғана емес, тәрбиенің де жауы.

Қазіргі таңда мемлекетіміздің дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысы еліміздің жаңа сапалық деңгейге жылдам өту қажеттілігін туындатуда. Бүгінде педагогикалық жаңаша үрдістерде білім мен тәрбие беруде жаңашылдыққа талпынуды қажет етеді. Бұл – оқушыны ізденіске баулып, білімді өз ынтасы, өз еңбек – ізденістері арқылы қалыптастыруға жетелейді.

Балаға берілетін білім мен тәрбие ең алдымен сөз арқылы жүзеге асырылады. Оқушылардың тілін дамыту – барлық пән мұғалімдерінің барлығына тән бірыңғай талап. Дегенмен де баланы оң мен солын танып білуге үйрету, өмірдің талаптарына бейім болу, адамгершілігі мол азамат болуға жетелеу мәселесі әдебиетшілерге көбірек жауапкершілікті талап етеді. Себебі, әдебиет – сөз өнері, адамтану құралы. Ол – адамды нағыз азамат ететін, оның рухын шыңдайтын, жанына қолбасшы болатын ерекше ғылым, әрі ғажайып өнер. Әдебиетті оқыту көркем шығарманы оқудан басталады. Балаға көркем туындыны оқытпай, әдебиеттен білім беру мүмкін нәрсе емес. Және де оны оқушы жай оқып шықпай, одан алған әсерін өмірлік қажетілеріне пайдалана алуы шарт.

Оқушы бойында халықтың салт-дәстүрін қадірлейтін, елін сүйетін жан жақты жетілген, саналы намысқор патриот тұлға қалыптастыруда М.Әуезов шығармаларының ықпалы зор. Шынай өмірді дәл сол қалпында түсірген ұлы жазушының қай әңгімесін, повесін, романын оқысаң да, еш жалықпайтын, қазақтың жалпақ тілімен әсерлі жазылған нағыз өмірді көре аласың. Олар әлем таныған «Абай жолынан» бастап, «Қараш-қараш оқиғасы», «Көксерек», «Жетім», «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Үйлену», «Сөніп-жану», «Кім кінәлі?», «Ескілік көлеңкесінде» т.б. шығармалары.

Мектепте жазушы М. Әуезовтің шағын жанрдағы әңгімелерін оқытудан басталады. Әңгіме көркем прозаның ең ықшамды түрі, бірақ жеңіл түрі емес. Оның қиындығы да сол ықшамдылығында, суреткер аз сөзге көп терең мағына сыйғызып, негізінен бір оқиғаны баяндау арқылы мол өмір шындығын ашып береді. Ал соны бүгінгі күн талабын ескере оқыту ұстаздың міндеті. Әрине мектеп бағдарламасына М. Әуезовтің барлық дерлік еңбегі енбегені анық. Дегенмен де, бағдарламада бар

шығармаларымен оқушыны қызықтыра алсақ, басқа да көптеген әңгімелерімен оқып танысуға өздері-ақ құлшына кетеріне күмәнсіз қарау қажет деп білемін.

М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінде сөз жоқ, оқушыларды ең алдымен оның оқиға желісі қызықтырады. Әсіресе, бұл әңгіме ер балаларды ерекше елең еткізеді. Автор осы әңгімесінде адамдар әлемі мен қасқырлар әлемін қатар алып, адамдардың сол қасқырлардан да қатал екенін көрсетуі – әңгіменің басты мәселесі. Көксеректі жауыздыққа итермелеген де сол адамдардан көрген жәбірі. Ал «Қараш-қараш оқиғасындағы» негізгі кейіпкер Бақтығұлдың іс-әрекеті ұрлыққа жатама? деген ой төңірегінде пікірталастыра отыра ойларын дәлелдету – оқушыны шығарманың мазмұны мен идеясына көз жүгіртуге, проблемаларды бүгінгі күнмен байланыстырып қарастыруға, ізденіске, өзіндік танымын ашуға, өз пікірін, көзқарасын білдіре алуға жетелейді. Жалпы шығармалардағы басты проблеманы оқушыға ұғындыруда мұғалім – әңгіме төңірегіндегі проблеммаға жетелеуші, ал оқушы – өз ой елегінен өткізе отыра соның шешуін табушы рөлін атқаруы тиіс. Бұл орайда қазіргі таңда білім беруде пайдаланылып жүрген оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері, бірлескен топтық жұмыстардың өз пайдасы бар. Бірлескен жұмыстар 5-6 баладан құралған шағын топтарда ұйымдастырылады. Топпен жұмыс сабақтың мазмұнын айқын ашуға мүмкіндік берді және де барлық балаларға еркін сөйлеуге жағдай туғызады.

Өз бетінше ізденісі мен жеке пайымдаулар жасауы ортақ пікір шығаруға мүмкіндік туғызады. Оқытуда қолданылатын Алты ойшыл қалпақ, ДЖИГСО, «Айналмалы бекет», «Ашық сұхбат», «Жуан және жіңішке сұрақтар қою» т.б. белсенді әдістерді қолдануда әңгіменің зерттеушілік түрі басшылыққа алынады.

Осындай жұмыс кезінде олар жазушы шығармасымен танысады, мазмұнын топ ішінде талдайды, постер құрып, өзгелерге түсіндіреді, сұрақтар қояды. Мұндай жұмыстар оқытушы мен білім алушы арасында тез тіл табысуға, бірлесе жұмыс жасауға, олардың тең дәрежеде араласуына, белсенділік танытуға ұмтылуға жағдайлар туғызады.

Жазушының «Жетім» әңгімесін талдау барысында кейіпкері Қасымның жетімдікке душар болғаннан кейінгі халінің суреттелуі бойынша мынадай тапсырмалар беруге болады: 1. М. Әуезовтің «Жетім» әңгімесі мазмұнына коллаж жасау; 2. «Жетім көрсең, жебей жүр» тақырыбы бойынша коллаж жасау; 3. Әңгіменің мазмұнымен үндес шығармамен салыстыру; т.б.

Бұл жұмыс бір-бірін тыңдауға ықпал етеді. Қателіктерін мойындап, сынды жақсы қабылдауды үйренеді, ең бастысы орташа деңгейдегі балалар да өзінің жауапкершілігін танытып топқа тартылады.

Шығармаларды талдау алдында ой қозғауда «Ассоциация», «Миға шабуыл», «Кластер» тәсілдерін қолданған тиімді. Бұл жаңа тақырыпты ашуға қызықтыруға ықпалын тигізді. «Венн диаграммасы», «Бір айналым сөйлесу», «Екі түрлі жазба күнделігі», «Бес жол өлең», «Түртіп алу», «Эссе», «Ыстық орындық», «Авторға сұрақ» т.б. көптеген сыни тұрғыдан ойлану стратегиялары өзіндік менменшілдікті ойлаудан аластатуға мүмкіндік береді, ойлау қабілетін дамытады, шығармашылықпен жұмыс жасауға жол ашады. Бір проблеманың көпқырын тануға мүмкіндік берді. Ақпаратты өз бетінше меңгеруге жағдай жасайды. Сөз астарын, құдіретін түсінуге бағыттайды.

Шығармаларды талдау барысындағы тағы бір ерекшелік – бағалау. Күнделікті жұмыста қолданып жүген 5 жүйелік бағалау бала білімінің нақты қай деңгейде екенін байқатқанымен, басқа жағынан жақсаруына мүмкіндік бермейді. Ал бағалаудың жаңа тәсілдері өзін және өзгені бағалауда үлкен жауапкершілік пен сенім артқызады. Бағалауда «Екі жұлдыз, «Бағдаршам», «Білдім, Үйрендім, Білгім келеді», «Бір сөзбен...», «Табыс баспалдағы», «Өз жауабын дәлелдеу», «Бес саусақ», «Сөйлемді аяқта», «Чемодан», «ет тартқыш», «қоқыс» жәшігі сияқты әдіс-тәсілдер бір-бірінің жұмыстарына баға беру, жалпы іс-әрекетке кері байланыс жасатып, жұмыстың әлсіз тұстарын жақсартуға, оқытушы жұмысын реттей алуға септігін тигізеді.

Қорыта айтқанда, «Мен бір күншіл емес, менікі ертеңгі үшін» деп белгілі ғалым А.Б. Айтұрсынов айтқандай, бүгінгі таңда оқушы бойына ұлылар қасиетін сіңіру, шығармаларын бүгінгі күн талабымен оқытсақ, Әуезовтей зиялыларымыздың армандарының іске асқаны деп білу шарт. Әуезов сөзі мен айтқанда, «Іздессең – табарсың, алыссаң – аларсың».

Әдебиеттер

1. «Мұхтартану» Е.Күзембаев, Ұ.Күзембаев, Ж.Күзембаев, 2007 - жыл
2. «Әуезов тағылымы» С.С. Қарабаев 2007 – жыл
3. «Мұхтар Әуезов туындыларын мектепте оқыту» ҚанипаБітібаева, 2002 – жыл, «Алматы» баспасы

**«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫН
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ БОЙЫНША КІРІКТІРЕ ОҚИТУ**

Ахметжанова Н.Қ., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Кушербаева И.К., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Павлодар қаласындағы химия-биология бағытындағы

Назарбаев Зияткерлік мектебі, nazargul_a@pvl.nis.edu.kz

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде 7-10 сыныптарда (орта мектеп) қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәндері жеке оқытылады. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні жоғары 11-12-сыныптарда кіріктіріле оқытылады. Кіріктіре оқытудың мақсаты – оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту арқылы қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сонымен қатар әдеби тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

Пән мазмұнында тарихпен, мәдениетпен, қоғаммен, тәрбиемен сабақтастықта меңгерілуі оқушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға оң ықпал етеді.

Ал бағдарламаның мақсаты – өз көзқарастарын азамат ретінде қалыптастыруда және мінездік ерекшеліктер мен құндылықтар, жеке дағдыларын дамытуда, сонымен қатар, адамзаттың мәңгілік сұрақтары мен күресі философиясын зерттеуде әдебиеттің маңыздылығын айқындай білуді және түсінуді үйрету.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқу арқылы оқушылар:

– сөздік қоры мен тілдік сауаттылығын дамытады;

– тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметін түсінеді;

– ойлау және танымдық қабілеттерін жетілдіреді;

– коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуді және өзгелермен еркін қарым-қатынас жасауды үйренеді;[1]

Яғни, «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің бүгінгі ұрпақтың бәсекеге қабілетті, құндылықтары тұрақталған тұлға болып қалыптасуына үлесінің зор екені анық. Сонымен қатар, пәннің мазмұны мен мақсаты да екшеліп, іріктеле отырып, жаһандық әлемге енуде технологиялық басымдықтар белең алып тұрған тұста ұлтының ділі мен тілін, рухани байлығын дәріптей алатын адам тәрбиелеуге бағытталуы керек.

Бұл орайда жаңа ғасырдың жас ұрпағына қазақ тілі мен әдебиет пәнін мазмұнды етіп оқыту қажеттілігі туындайды. Ол, әрине, әдебиетіміздің заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын оқытумен тығыз байланысты. Қазақ әдебиеті пәніне Назарбаев Зияткерлік мектептер желісінің NIS Program (оқу бағдарламасына) 11-сыныптарда (оқыту тілі: қазақ және орыс) Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын оқыту енгізілген, яғни, оқушылар романдан Абайды тану арқылы бүкіл қазақ әдебиетінің тарихын, әдебиет тілін, адами болмысты танып біле алады.

Абай – ғасыр адамы, «Абай жолы» – ғасыр туындысы. «Абай жолындағы» әр тағдыр, әр тарихи оқиға, қаһарман, тіпті, әрбір деталь сұранып тұрған энциклопедия іспетті. Қазіргі заманғы білім алушы «Табысты адам» бейнесін романдағы Абай бейнесі арқылы танып, тұжырымдай алады. Абайды талдап, тану арқылы өздерін тани алады, тұлға ретінде қалыптасуына ықпалын түсініп, түйсінеді. Ағылшын тілінің маманы, аудармашы-журналист Ернат Мелсұлының ғаламтор бетіндегі бір мақаласында: *«Табысқа, бақытқа жету үшін әрбір жас Абайдың «Толық адам» ілімін игеруіміз керек екенін сезіну керек. Мотивация, жетістік туралы жазылған ағылшын тілді кітаптарда адам баласы өзін 4 бағытта дамытуы, яғни, 1) рухани; 2) интеллектуалды; 3) физикалық; 4) материалдық дамуды ұстануы тиіс екеніне көз жеткізуге болады. Осы 4 дамудың тұжырымын Абай атап көрсеткен. Хакім: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті, Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп түйіндейді. Яғни, «ыстық қайрат» – физикалық дамуды, «нұрлы ақыл» – интеллектуалды дамуды, «жылы жүрек» – рухани дамуды білдіреді. Ал, осы 3 дамуды берік ұстанған, өзін 3 бағытта дамыту жолында жүрген һәм дамытқан адам қайтсе де «материалдық дамуға» қол жеткізеді. Абай айтқан «Толық адамның» мәні осы.*

Ағылшында «Successful man», орыста «Успешный человек» деген ұғым сөз бар. Оны қазақтар «табысты адам, жетістікке жететін немесе жетістікке жеткен адам» деп әртүрлі айтып жүр. Менің пайымымда, ағылшын мен орыстағы осы сөзді Абай «Толық адам» деп жеткізген» деп талдаған екен.[2]

«Толық адам» болу идеясы – қазіргі өмірмен біте қайнасқан, ХХІ ғасырдың барлық талап-

шарттарына жауап бере алатын өміршең, нағыз қазақы әрі жаһандық деңгейде жұмыс істейтін мықты жоба. Онда біз қазақ әдебиеті мен қазақ тілінің мазмұнын «Абай жолымен» байланыстырсақ, ұтатынымыз көп.

Шығарма идеясын мәтіннің мазмұны арқылы жасөспірімдердің жан-дүниесіне әсер етіп, көңілдеріне ой салатындай тәсілдермен ұсынылады. Жазушының романдағы кейіпкерлерін сомдаудағы мінездеулердің жасалуын, қақтығыстар мен шиеленістерді зерттеу, шығармадағы жазушы бейнесін талдау бірқатар шығармашылық және сыни жаттығулардың жасалуына негіз болады. Мұнда ана тілімен, кіріктірілген екінші тілмен, сонымен қатар ағылшын тілі, өнер және тарих пәндерімен пәнаралық байланыс бар» - деп оқу жоспарында сілтеме жасайды [1.3].

Оқу бағдарламасында пән мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер бойынша шығарманы талдау арқылы оқушының білім-білік деңгейі қалыптасып дамиды. Мәселен, 11-сыныпта (оқыту тілі қазақ) «Абай жолы» романын оқып-талдауда «Ата салтым – асыл қазынам», «Ұрпақтар көзқарасының алшақтығы» сияқты бөлімдерді шығарма идеясымен байланыстыра талдайды, сыни көзқарасын дәлелдей отырып, бағалайды.

Оқу бағдарламасының ерекшелігінің өзі әдебиеттің тілмен кіріктіріле оқытылуында. Күтілетін нәтиже оқу мақсаттары арқылы іске асатындықтан, басты бағыт оқу мақсатымен байланыстырылады. Мәселен:

- ✓ шығарма тіліне талдау жасауы;
- ✓ идеяны жеткізу үшін автордың форманы, құрылымды, тілді қолдану жолдарын анықтап, баға беруі;
- ✓ ойын көркем тілде жеткізе алуы;
- ✓ белгілі аудиторияға бағытталған түрлі жанрда мәтін жазуы;
- ✓ түрлі жағдаяттарға сай өз ойын креативті жазуы (әңгімелеу және сипаттау мәтіндерін) [1.4];

Роман тілдік дағдыларды дамытудағы ресурс көзі болып табылатын мәтіндер мен үзінділер түрінде ғана емес, шығарманың көркемдік-идеялық мазмұнын Зияткерлік мектептердің бағдарламасында белгіленген арнайы құндылықтармен байланыстыру арқылы жеке құндылықтарды тұрақталған тұлға қалыптастырып, жаңа заман талабымен ұштастыра аламыз. Ол құндылықтар:

- ✓ құрмет
- ✓ ынтымақтастық
- ✓ ашықтық
- ✓ қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік
- ✓ өмір бойы білім алу
- ✓ академиялық адалдық [3]

Бұл құндылықтар Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» шығармасының өн бойында тұнып тұр. Құндылықтарды «Абай жолының» идеясымен, астарлы ойымен байланыстыра талдай отырып, ұрпақ бойына сіңіре алсақ, пәннің мақсаты да жүзеге асады.

Жоғарыда атап өткендей, «Ата салтым – асыл қазынам», «Ұрпақтар көзқарасының алшақтығы» бөлімдер бойынша оқушылардың білік-білім деңгейлері мен тілдік дағдыларын дамытуда оқушылар «Абай жолы» романының 1 және 2-кітабын оқып талдайды.

«Ата салтым – алтын қазынам» бөлімін қарастырсақ, романда ұлттық ерекшеліктердің, салттардың, дәстүріміздің көріністері молынан кездесетінін оқушылар шығарманы оқу барысында байқайды. «Көш» ұғымын түсіну, оны шығармамен байланыстыра талдау арқылы автордың тіліне талдау жасайды, салыстырады, өзіндік баға береді. Мәселен, оқушыларға «Қайтқанда» тарауындағы көшке қатысты үзіндіні тыңдата отырып;

- Автор көшті сипаттауда қандай лексикалық бірліктерді қолданады?
- Анықтаған лексикалық бірліктердің қолданысына түсінік беріңіз, сияқты

тапсырмаларды ұсыну арқылы автордың тіліне талдау жасайды. Әрине, тыңдалған мәтіннен «қан базардың көшкеніндей», «қоныс», «үдере көшу», «күзеу», «жайлау», «қауырт көш», «Еркек атаулы көш бойында қолдарына найза, сойыл, айбалталарын ұстай жүреді. Бұл көріністе жалпы көшу сапарын жортуыл-жорыққа, шеру мен аттанысқа ұқсатады» [4] сияқты қолданыстарды таба отырып, қолданысына бірлесе талдау жасайды, мұғалімнің қолдау жасайды. Сән-салтанаты жарасып, өңшең сәнді киінген көштің сипатын қандай тілдік бірліктер арқылы бейнелегенін шығармадан нақты мысалдар келтіре отырып, дәлелдейді. Сонымен қатар, «Бел-белесте» бөліміндегі «қаралы көштің» «теріс кигізген тымақ», «ерттелген ат» «қаралы дауыс салу» сияқты сипатын талдап, ежелгі салттың бүгінгі күнмен салыстыра отырып, түйін жасауға бағытталады. Өзін ерсі ұстаған Оспан мен сабырлы Абайдың әрекеттеріне баға беріп, құндылықтармен байланыстыруды ұмыт қалдырылмайды.

Ұрын бару, қалыңдық ойнау, үйлену салты «Абай жолы» романында молынан көрініс тапқан.

«Ата салтым – алтын қазынам» бөлімінде де оқушылар шығармадан үзінділерді оқып талдау арқылы «күйеу дәстүрі», «үкілі тымақ», «тайтұяқ алтын», «шашсипар», «көрімдік» сияқты салттардың шығармадағы қолданысына түсінік бере отырып, НЗМ құндылықтарымен байланыстыра сыни ой айтады. Бұл тапсырмалар оқытудағы мынадай оқу мақсаттарын жүзеге асыруға бағыттайды:

- Сюжет пен фабуладағы тілдік ерекшеліктерге (композициялық құрылымдағы идеяға қызмет ететін тірек сөздер, сөйлемнің түрлері, қайталаулар, көркемдеуіш құралдар) тоқталу;
- идеялық-тақырыптық жүйенің композициядағы қызметін түсіндіру;
- кейіпкерлер қарым-қатынасындағы эмоционалды-экспрессивті сөздердің маңыздылығын талдау;
- уақыт пен кеңістік, оқиға орнының композициядағы қызметін көрсету;
- баяндау түрлерінің мәтіндегі ұйымдастырылуы (шақ, жақ, рай категориясы тұрғысынан)

Күтілетін нәтиже – шығарманың көркемдік-идеялық сипатын, кейіпкерлердің қарым-қатынасын берудегі шығарма тілін талдай отырып, авторға баға бере алады. Функциональдық сауаттылығының дамуы, ойын шығармадан мысалдар келтіре дәлелді жеткізеді.

Жазылым дағдысын дамытудағы арналған тапсырманы екі бағытта беруге болады: аудиторияға бағытталған жазба жұмысы және шығармашылық жұмыс. Тыңдалым-айтылым, оқылым бойынша ресурстар мен дереккөздерге сүйене отырып, өзіндік зерттеу жұмысын жасауға болады. Мысалы, романдан қонақжайлық, қонақ күтуге арналған үзінділермен жұмыс жасата отырып, оқушылардың өз бетімен зерттеу жасауға бағытталған *«Абай жолы» роман-эпопеясынан берілген үзіндідегі қонақжайлық салт - дәстүрге байланысты негізгі ақпараттарды пайдалана отырып, өзіндік зерттеуіңізді қоса, конференцияға мақала жазыңыз. Мақаланың стильдік, тілдік ерекшелігін және сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтаңыз»,* осы бағытта тапсырма түрлері ұсынылады. Бұл тапсырма арқылы оқушының түрлі стильде мәтін жазу дағдысының қаншалықты қалыптасқандығын көрсетеді. Олар мақала, сөйлейтін сөз, аннотация, пікір, блог жазбасы, эссе т.б арқылы беріледі.

Ал шығармашылық жазба жұмысы – *«Өзіңізді Абай ғасырында өмір сүріп жүрмін деп елестетіңіз. Абай қайын жұртына сізді өзімен бірге баруды өтінді. Күйеу боп барған Абайдың қасында жүргеніңізді, жасалған салттарды, қоршаған ортаңызды, өзіңіздің сезіміңіз бен Абай әрекеттерін сипаттап жазыңыз. Ойыңыздың әсерлі, орынды жеткізіңіз».* Шығармашылық жазба жұмыстарда оқушының креативтілігі, өзіндік шығармашылық тәсілдемесі, қиялы көрініс табады. Ойын көркем тілде жеткізу дағдысын көрсете алады. Өзінше түйін, тұжырым жасау, астарлы ой ұсына алатындығын дәлелдей алады.

«Ұрпақтар көзқарасының алшақтығы» бөлімін оқытуда тілдік дағдыларды дамыту тілдік сараптама жасау, баға беру, көркем тілмен сөйлеу, сипаттау, дәлел келтіре отырып көзқарасын білдіру критерийлері арқылы бағалау ұсынылады. Идеяны жеткізу үшін автордың форманы, құрылымды, тілді қолдану жолдарын анықтап, баға беру мақсатында мәтін бойынша келесідей сұрақтар ұсынса болады. Берілетін тапсырма мазмұны айтылым мен жазылымға ақпарат жинауға көздегелген. Автор бейнесінің көркем шығармада алатын орны ерекше екені белгілі. Автор бейнесі стильдік ерекшелікпен қатар, шығарманың барлық құрылымымен тығыз байланысты болып келеді. Сонымен қатар зерттеушілердің айтуы бойынша, көркем шығарманы оқырманмен тығыз байланыстыратын көпір ретінде автор бейнесін көрсетеді. Жоғарыда аталған мақсатты бөлім мазмұнына сәйкес ұрпақтар көзқарасының алшақтығын көрсететін Құнанбай мен Абай арасындағы болған тартыстан үзінді бере отырып, оқушылардың көркем мәтіннен автор бейнесі мен оның идеясын, мәтіннің тілдік болмысымен байланысын ажыратып алатындай тапсырма берген жөн.

Мысалы, «Орайы келгенде айтармын деп жүр едім. Сенің басыңнан үш түрлі мін көремін. Ең әуелі, арзан мен қымбаттың парқын айырмайсың... Екінші, дос пен қасты сараптамайсың... Үшінші, орысшылсың» – деді.

«Осы үш айтқаныңыздың үшеуіне де дау айтам, әке. Өзімдікі дұрыс деп айтам... – деді».

Құнанбай тыңдап болды да, күрсініп қойды. Өз баласының аузынан естіген үн сол бір – «дәуреннің өтті» деген суық сарынның қатаң лебі еді.

Екі көзқарас: бірі – Құнанбай, екіншісі – жас жігіт Абай көзқарасы...[5].

Жоғарыдағы мәтін арқылы оқушылар мақсатқа келесідей сұрақтарға жауап беру арқылы жетеді.

- 1) Таңдалған форма шығарманың көркемдігіне қалай әсер етеді?
- 2) Мәтіндегі ойдың ашылуына құрылымдық жағынан қаншалықты мүмкіндік берілген?
- 3) Автордың тілдік оралымдарды қолдану мақсаты қандай? Нақты мысалдар арқылы дәлелдеңіз.
- 4) Автордың жазу мәнері мәтінді қабылдауға қалай әсер етеді?

Орындалатын әрекет оқушылардың талдау дағдыларын дамытумен қатар, шығарма тілі, формасы арқылы шығарманы терең түсінуіне, автор тілін егжей-тегжейлі түсінік беру арқылы, автордың мақсатын түсінуде септігі зор. Автор тіліне толық талдау жасау арқылы оқушы мәтін мазмұнын ғана түсініп қоймай, сол уақытта көтерілген мәселені, тарихи оқиғаларды, әлеуметтік жағдай мен халықтың тұрмыс-тынысымен танысып, ғылыми тілде талдау жасай отырып, лексикалық, стилистикалық ерекшелік, жазылу мақсаты мен көтерілген мәселені, мәтін аудиториясын танып білумен қатар айтылым мен жазылым дағдыларының дамуына қол жеткізеді. Кешегі Абай мен Құнанбай арасындағы қатынас пен бүгінгі бала мен әке, үлкен мен кіші арасындағы көзқарас алшақтығына сыни баға беріп, аргументтер келтіре талдайды. Құндылықтардың ролін саралайды.

«Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, көркем сөйлеу» тыңдалым- айтылым» мақсатына қол жеткізуде оқылым дағдысында қолданыс тапқан көркем тіл құралдарын айтылымда қолдану арқылы, көркем сөйлеу, көркем тілді тақырыпты аша отырып, орынды, сенімді қолдану, оқушының сөздік қоры мен коммуникативтік құзыреттіліктерін арттыруда тигізетін септігі мол. Оқушының сөздік қорын молайтып, тілін көркемдете түссек, аудитория алдында тыңдарман назарына ие болу, еркін сөйлеу, өз ойын көркем жеткізу дағдылары дамиды.

Көркем тілді дамыта отырып, сөздердің орынды қолданылуын меңгеру арқылы тарихи оқиғаларды саралай отырып, «Дәйекті дәлелдер мен тілдік құралдарды орынды қолданып, логикалық жүйелі құрастырылған, ойы анық, дискуссивті эссе жазу» – жазылым дағдысын дамытуда оқушыларға «*Бүгінгінің жаңарған «коды» кешегінің ізін жалғастырушы ма?*» немесе «*Үлкеннің айтқаны дұрыс, оған қарсы шығу тәбиесіздік пен ерсілік*» сияқты мәселелік жағдай тудыратын эссе жазуға тапсырма ұсынылады. Оқушылар шығармадан ақпараттар мен идеяларға сілтеме жасай алуы керек, мысал ретінде ойларын дәлелдеп жаза алуы, өзіндік пікірі мен көзқарасы, оның сенімді жеткізе алуы бағаланады. Ал көркем тілді орынды қолдану арқылы шығармашылық тапсырманың мазмұн-мақсатын жеткізуде пайдасы зор. Сонымен қатар, шығармашылық жұмыстың да орындалуын оқушылардың дағдыларын шындай түседі. «*Қат-қабат шытырмандар арқылы өрге, қияға, биікке шығып келе жатқан Абай мен жоғарыдан төмендеп келе жатқан Құнанбайды кездестіріп, олармен тілдестіңіз делік. Олардың арман-мақсаттары мен өкініш, уайымдары туралы әңгімелеп, ішкі толғаныстарын суреттеп жазыңыз*».

Тіл мен әдебиетті кіріктіре оқыту оқушылардың көркем шығарма арқылы тілдік дағдыларын дамуына, түрлі стильде ойын жеткізе алуына, ойларын белгілі бір дереккөздерге сүйеніп дәлелді жеткізуіне, сыни талдау жасау, баға беру, пікір айту дағдыларының дамуына ықпалы зор.

Әдебиеттер

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілген 2018 жылғы 16 тамыз № 47 хаттамасы
2. <https://ortalyq.kz/toly-adam-m-t-rt-damu123/>
3. ДББҰ Басқармасының 2017 жылғы 16 тамыздағы (№ 41 хаттама) шешімімен бекітілген оқу бағдарламасы
4. М. Әуезов «Абай жолы» ромен-эпопея Алматы, Жазушы, 2013.
5. Ғарифолла Есім «Хакім Абай» – Астана: Фолиант, 2012

ҒТАХР: 17.01.45

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНЕ МУЛЬТИПЛИКАЦИЯ

Улыкбекова А.Е., магистрант, қазқа тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

«Жүсіпбек Аймауытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, alma.agz@mail.ru

Абай атамның көркемдік, әлеуметтік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – қара сөздері. Қара сөздері (Ғақлия) – ұлы ақынның әдебиет әлеміндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық сауатын ерекшелеп көрсететін шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері мазмұны жағынан бір бағытта жазылмаған, әр түрлі. Оның алты-жетеуі қысқа болса, кейбіреуі мазмұн, тақырып жағынан ауқымды болып келеді. Абай атамның өзінің қара сөздерінде шығарманың көркемдігіне ғана емес, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған.

Ұлы ақынның «Қара сөз» дегенінің мағынасын белгілі ғалым және саясаткер Ғ. Есім өз шығармасында: «...Абай ойына келген нәрселерін еркін айту үшін, өзі арнайы жанр ойлап тапқан. Ол – сөз жанры. Ақынның қара сөздері – нағыз еркін ойдың жанры. Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұн өзіне лайықты форма тапқан. Көптеген философтар ойларын формаға бағындырып немесе жүйе құрып әуре болғанын білеміз. Абай болса, ондай істермен айналыспаған, өзінің айтқысы келген ойларын еркін білдірген...» [1], – деп сараптама жасап, талдап берген.

Абайдың Ғақлиясы қазақ әдебиетінің тарихында осыған дейін кездеспеген, өзектілігі ерекше сала. Абайтанудың негізін қалаушы ғалым, халқымыздың бір туар азаматы, жазушы, этнограф Мұхтар Әуезов «Абай жайын зерттеушілерге» деп аталатын мақаласында «Тегінде Абай шығармасының аздығынан кенде болып жүрген жоқпыз, барын барша, бажайына барғыза алмаудан кендеміз» деген болатын [2].


Халқымыздың көптеген ғалымдары Абайдың қара сөздерін түсіндіру үшін көптеген еңбектер жазды. Алғашқы Ахмет Байтұрсынұлы бастаған М. Дулатов, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, А. Нұрқатов, Р. Бердібаев, Ә. Байтанаев, М. Мырзахметұлы, Р. Нұрғали, Т. Жұртбаев т.б. жүздеген ғалымдар мен зерттеушілер еңбектерінде ұлы Абай атамыздың мұрасын жан-жақты зерттеп жазды да. Ал бұл зерттеуде *біз Абай шығармаларындағы тәрбие, ізгілік, баланың тұлға болып қалыптасуына әсер ететін қазақ халқының мінез-ерекшелігін, қазақ ұлтының әдет-ғұрып, салт - дәстүр, жастардың адал еңбек етуі жөніндегі жазылған қара сөздеріне талдау жасап, айшықтап, мультипликация, яғни анимация арқылы мектеп жасына дейінгі балаларға және бастауыш сынып оқушыларына (мектепалды даярлық, 1-2 сынып) анықтап көрсетеміз. Бұл зерттеу неге қажет деген сұрақ туындауы мүмкін. Дана Абай өз ұлтының қазақ халқының болашағын ойлап, кейінгі ұрпақтың саналы болуын өз шығармаларына арқау еткен адам. Абай атамыз қазақ халқының тағдырында өзінен кейін де өзі секілді көкірегі ояу жастардың дүниеге келетініне сенді. Міне, сол жастарға өзі бітіре алмаған ісін жалғастыру үшін және оларға тағы да көмек ретінде осы қара сөздерін жазып кеткен еді. Абайдың қара сөздерінің тақырыптық ерекшеліктерін мектеп жасына дейінгі балаларға және бастауыш сынып оқушыларына (мектепалды даярлық, 1-2 сынып) қызығушылықтарын ескере отырып, дәріптеу мақсатында Абайдың қара сөздеріне мультипликациялап көрдім.*

Мультипликация жасау үшін Scratch ойын бағдарламалау ортасы қолданылды. Себебі, Scratch – өте қарапайым, түсінікті және балаларға қызықты бағдарламалау тілі болып табылады. Scratch тілінде күрделі кодтар жоқ. Ең керегі – оқи алу және санауды білу. Scratch онлайн платформасымен танысу және онда жұмыс жасап, бағдарлама құру логикалық және креативті қабілеттерді дамытады. Ал бағдарламалау барысында: жобаны әзірлеу, мәселелерді шешу стратегияларын қалай қолдану керектігін біле аламыз.

Scrath (**Скретч**) – бастауыш сынып пен орта буын оқушыларына арналған визуалды нысанды-бағытталған программалау ортасы. Scratch программалау ортасы Лого тілінің және Лего конструкторының жалғасы ретінде жасалған. Scratch-те программалар графикалық блоктардан тұрады.

Зерттеу жұмысын бастау кезінде ең алдымен, мектеп жасына дейінгі балаларға және бастауыш сынып оқушыларына (мектепалды даярлық, 1-2 сынып) сауалнама жүргізу арқылы зерттеу тақырыбы аясында қызығушылық деңгейлерін айқындап алдық. Өйткені, жобаның алдағы уақытта қолданысқа енгізілу мүмкіндігін анықтағымыз келді.


Сауалнама Google Forms платформасында (1-сурет) құрылды. Төмендегі сілтеме оқушылар мен балабақша тәрбиешілеріне ұсынылды (2-сурет).



1-сурет

2-сурет

Сауалнама қорытындысы бойынша үшінші негізгі сұраққа («Тәрбиелік мәні бар мультфильмдер сізді қызықтыра ма?») барлық қатысушылар 100% «Иә» деп жауап берген (3-сурет).



3-сурет

Бұдан шығатын қорытынды, Абайдың қара сөздеріне негізделген тәрбиелік мәні бар мультипликация құрастыру өзекті және маңызды екені көрінеді.

Scratch – мультимедиалық жүйе. Ол әлемнің 150 мемлекетінде қолданылып, 40 тілге аударылған. Программалау ортасы барлық деңгейде (бастауыш буыннан жоғары буын оқушылары) және кез келген оқу пәндерінде (математика, информатика, тілдер, қоғамдық т.б.) ұтымды пайдаланылуда. Пайдаланушылар мен мұғалімдер <http://scratch.mit.edu> сайтында бір-бірімен тығыз байланыс жасап, әртүрлі мысалдармен, ресурстармен және жобалармен алмаса алады.

Спрайттар

Спрайттар Scratch-тің негізгі құраушылары болып табылады. Scratch бағдарламасы оларды басқаратын әрбір спрайттар мен скриптерден тұрады.

Спрайттар не істей алады?

Спрайттар – бұл сахнадағы бейнелер. Скриптер оларды бірнәрсені жасату мақсатымен жазылады. Басқа спрайттарға және бағдарламаны қолданушыға әсер ету туралы спрайттарға нұсқаулар беріледі.

Спрайттар:

- Сахнада қозғалады;
- олар бір нәрсеге тиіп кеткен кезде әрекеттеседі;
- қолданушымен басқарылады;
- келбетін өзгертеді;
- мәтіндік бұлттар арқылы сөйлейді;
- дыбыстар шығарады және музыка ойнатып береді.

Әрбір жобада бірнеше спрайттар бар және әрқайсысының өз скриптері болуы мүмкін. Скриптерді дұрыс спрайттармен біріктіру өте маңызды және оларды өзара ауыстырып жүктеудің тәртібін білу қажет (1-кесте).

Кесте 1


Спрайттарды құру және өзгерту	Оларда спрайттар көп болса, бір-біріне соғылып, жалтарып және сахнада бірін-бірі қуатын ойындар әлдеқайда қызықты болады. Спрайттарды құру, көшірмесін жасау және оны жою өте жеңіл.
Спрайтты құрастыру	Сіздің бағдарламаңызға спрайтты жүктеу немесе құрастыру үшін спрайттар тізімін пайдаланыңыз.
Спрайттық өшіру және жою	Спрайттың және оның скриптерінің көшірмесін алу үшін спрайттар тізіміне барып, тышқанның оң жақ батырмасын басып, «duplicate/түпнұсқаны қосарлау»-ды таңдаңыз
Спрайттың аталуы	Сіз Scratch-те жаңа бағдарламаны жаза бастағанда мысық-спрайттың аталымы «Спрайт1» болсын. Егер сіз өз спрайттарыңызға түсінікті аталым берсеңіз, бағдарламаларды жазу әлдеқайда жеңіл болады. Бұл сондай-ақ скриптерді түсінуді және басқаруды жеңілдетеді.
Спрайтты таңдау Аталуын өзгерту	Спрайттар тізімінен спрайтты таңдаңыз, сонан соң бұрыштағы “i” көгілдір батырманы басыңыз. Ақпараттық тақта ашылғанда мәтіндік алаңға басыңыз және спрайттың аталымын өзгерту үшін пернетақтаны пайдаланыңыз.
Спрайттың атын өзгерту	Ақпараттық тақтаны жабу үшін спрайттың сол жағындағы көгілдір батырманы басыңыз, спрайттың жаңа аталымын осында жазыңыз

Scratch туралы жоғарыда келтірілген мәліметтер Әдебиетндегі үшінші баспадан алынған [3].
Өз жұмысымда мен, ең алғаш басты бетті мынадай түрде көркемдедім (7-сурет):




7-сурет

Басты беттегі спрайттарға тышқанды шерту арқылы қолданушы Абайдың қара сөздерін тандап, соған сәйкес ұсынылған мультипликацияны көре алады. Мысалы, жетінші қара сөзін таңдаған кезде, келесідей бейнекөрініске өтеді (8-сурет). Домбыра үнімен көркемделген бейнекөріністер керемет ерекше әсер қалдырады.



8-сурет



9-сурет

«Абайдың жетінші қара сөзі» спрайтының анимациялық қозғалысы үшін келесідей бағдарлама коды енгізілді (9-сурет).


Төмендегі бағыттауышты басқаннан соң, төмендегі бейнекөрініс ашылады (10-сурет). Ең маңызды бағдарламалау коды мен анимациялар осы бейнекөріністі жасау үшін қолданылды. Себебі, мұнда атасы мен немересінің, әкесі мен анасының диалогы өрбиді. Бағдарламалау кезінде ЦИКЛ операторы (11-сурет) (бала1 спрайтын қозғалтып, жүргізу үшін) және ТАРМАҚТАЛУ операторлары (12-сурет) (қарлығаш құсты ұшыру анимациясы кезінде) қолданылды. Бұл операторлар маған алғашында таныс емес еді, өйткені 4- сыныпты біз алғаш рет SCRATCH бағдарламасымен танысып жатырмыз. Жобамды сәтті аяқтап шығу мақсатында бәрін де тез үйреніп, тіпті машықтанып алдым.



10-сурет



11-сурет



12-сурет

Scratch бағдарламалау ортасында жоба жасау арқылы оқушылар төмендегідей дағдыларды меңгереді:

- Шығармашылық ойлай білу;
- Логикалық ой-өрісін кеңейту;
- Жүйелі сараптау;
- Технологияны жылдам пайдалану білу;
- Тиімді өзінше әрекет жасау;
- Жобалау;
- Тұрақты білім алу.

Осылайша, Scratch бағдарламалау ортасын бағдарлама жасау тілінен гөрі шығармашылық жұмыс құралы ретінде пайдалана аламыз және осы бағдарламалау ортасы тілінің қарапайымдылығы программалау негізін оңай үйренуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, осы бағдарламаны жасай отырып, біз ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының қара сөздерінің мән-маңызы әлі де зор екенін ұғындық. Халқымыздың мәңгілік қазынасы болып саналатын ақын мұрасын тағы бір ой елегінен өткізе келе, адамгершілікке баулитын, ізгілікті тәлім-тәрбиеге негізделген қара сөздерінен келешек ұрпақтың рухани күш-қуат алуына мультипликация жасақтау арқылы өз үлесімізді қостым деп есептеймін.

Жоба құрудағы тақырыбымыздың өзектілігі және алға қойған мақсатым «Абай Құнанбайұлының қара сөздерінен SCRATCH бағдарламасында мультипликация құрастырып, мектеп жасына дейінгі балаларға және бастауыш сынып оқушыларына (мектепалды даярлық, 1-2 сынып) ұлы жазушының шығармаларын дәріптеу» болғандықтан, айтар ұсынысым еліміздің телеарналарында Абай атамның тағылымы мол, тәрбиенің қайнар көзі саналатын қара сөздеріне негізделген мультфильмдер құрастырылып, көрсетілсе...

Әдебиеттер

1. Советханқызы Р. Абайдың «Қара сөздері» – білім мен тәрбиенің қайнар бұлағы // Ел. № 40 (116). - 2 қазан. 4-б.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монография. – Алматы: Санат. 1967, 24-б;
3. Еремін Е.А. «Информатика» газеті. Среда Scratch – первое знакомство. – М.: Первое сентября, 2008 – № 20 (573) – С. 16-28.
4. Маржи Мажед. Книга Scratch для детей. Самоучитель по программированию. – Манн, Иванов и Фербер, 2018 г.
5. Эл Свейгарт: Программирование для детей. Делай игры и учи язык Scratch! – Эксмо, 2017 г.

ҒТАХР: 17.01.45

Қ.О. БІТІБАЕВАНЫҢ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ (М. ӘУЕЗОВТІҢ «КӨКСЕРЕК» ӘҢГІМЕСІН ОҚЫТУ)

Толуконыр Ж.К., магистр, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Семей қ.
«№ 15 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, jasmin_25.90@mail.ru

Мен ерекше ойлаймын, яғни өмір сүремін деген сөз

Клэр Симмонс

Соңғы жылдары педагогикалық теорияда және оқу-тәрбие үдерісінде айтарлықтай өзгерістер болып жатыр. Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі – мұғалімнің кәсіби шеберлігі. «Кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағды ғана емес, педогогтің жеке тұлғалық потенциалы, кәсіби құндылықтары да жатады. Сондай өз мамандығының кәсіби шебері – Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы педагогика ғылымдары академиясының академигі Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы қазақ әдебиетін оқытудағы инновациялық технологияларды ұсынып қана қоймай, баланы

ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге, өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға жетелейтін озық әдістер мен тәсілдерді тәжірибеде пайдаланудың тиімді жолдарын көрсеткен. Қазіргі таңда оқытудың парадигмасы өзгеріп жатқанымен Қ. Бітібаеваның технологияларымен, модульдары заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламамен ұштасып жатыр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушыға субъект ретінде қарым-қатынас жасай отырып, оны жан-жақты жетілдіруге баса назар аударса, Қ. Бітібаеваның еңбектерінде де оқушының өзіндік «Мендік» ділін қалыптастыру, барлық жағынан олардың когнитивтік іс-әрекетін белсендіре отырып, білімді өз ізденісі, өз еңбектері арқылы алуды ұйымдастыру негізгі нысанға алынған. Оған дәлел, Қ. Бітібаева: «Ғалымдар пікірін саралай келе, дәстүрлі оқытудағы өнімсіз іс-әрекеттер, технология талаптарына жауап бере алмайтынына көз жеткізуге болады» [1,8], – деген пікірі жаңашыл, шығармашыл, озық педагогтың педагогикалық үдерістердің жаңғыруына жақ екенін аңғартады. Қ. Бітібаева В. Монохов технологиясының оқыту үдерісіндегі ұтымдылығын айта келе, бұл технологияда оқушы-мұғалім, яғни оқушының білімді өз іс-әрекетімен, белсенділігімен алу тиімділігіне тоқталады.

Шығармашыл ұстаз американдық ғалымдар Дж. Кэрролл мен Б. Блумның білімді толық меңгеру технологиясы «Блум токсономиясын» оқушылардың білім деңгейлерін, шығармашылық деңгейге көтерудің өнімді моделі ретінде көреді. Жаңашылдықты қолдайтын жаңашыл ұстаз дәстүрлі білім беру мен өнімді білім берудің ерекшеліктері мен айырмашылығын көрсете келе өз бетінше танымды іздендіру арқылы іс-әрекеттің сапасы артатынын әдістемелік еңбектері арқылы дәлелдеген. Уақытынан көш ілгері жүретін ізденімпаз ұстаз оқыту технологияларын әдебиетті құзыреттілік тұрғысынан оқытуда тиімді екенін өз тәжірибесімен көрсетті. Қ. Бітібаева дамыта оқыту технологиясы, ұжымдық оқыту технологиясы, проблемалық оқыту технологиясы, шығармашылық жұмыстар технологиясы, жобалап оқыту технологиясы, дискуссия әдісін, миға шабуыл әдісін, модельдеу, «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологияларын әдебиет сабағында тиімді қолдану арқылы нәтижеге жетудің әр түрлі жолдарын айқындап кетті. Осыдан ұлағатты ұстаздың методикалық ізденістері қазіргі жаңартылған оқу бағдарламасындағы Кембридж технологиясының жеті модулін бойына жинақтағанын аңғаруға болады. Қ. Бітібаеваның сан жылдар бұрын жасаған ізденістері қазіргі таңда да актуалді екені анық көрінеді. Яғни, қазіргі білім мазмұнын жаңарту кезеңінде Қ. Бітібаевадай кәсіби шебер мұғалімнің еңбектерін оқу процесіне қолдану өте қажет. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. [2,15] Аталған мәселелер ізденімпаз ұстаздың әдістемелік еңбектерінде де көрініс тапқан. Бұл шығармашыл мұғалімнің көрегендігін көрсетсе керек. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», – деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері Қ. Бітібаева сан түрлі әдістерді жүйелі қолдану арқылы жоғары жетістіктерге жетті.


Мен де өз тәжірибемде Бітібаева Қанипа Омарғалиқызының технологияларының элементтерін оқушылардың қабілеттеріне қарай пайдаланамын. Әсіресе, «ой тастау, ойланту, ойлау», оқушылардың өзін-өзі оқыту технологиялары бүгінгі жаңартылған білім беру үрдісінде тиімділігін көрсетіп келеді.


Ұлағатты ұстаздың әдебиетті оқыту әдістемесінде Абай, М. Әуезов шығармаларын оқытуға ерекше тоқталғанын айта кеткеніміз жөн. Мәселен, 7-сынып М. Әуезовтің «Көксерек» шығармасын оқытуда *миға шабуыл, проблемалық сұрақтар арқылы автор ізімен талдау әдістемесі* бүгін де өте тиімді. Қ. Бітібаеваның: «Мұғалім оқушыларын кейіпкер іс-әрекеті арқылы мінездеме жасатуға, оқиғалар арқылы шығарманың негізгі проблемаларын аңдатуға алып келуі керек», – деген пікірі оқиға желісін сұрақтарға жауап беру арқылы құруға сол арқылы «Ой тастау, ойланту, ойлауға» жетелейді. [1,61] Аталған әдісті мен өз сабағымда жұптық жұмыста пайдаланып, тиімділігін байқадым. Бұл туралы Қ. Бітібаева: «Бұл сұрақтар әңгіме мазмұнын, әрі әңгіменің көтерген басты мәселесін ашу мақсатында қолданылады», – деген болатын [1,63]. Сонымен қоса, Қ. Бітібаеваның ұсынған «Қасқырлар іс-әрекеті мен адамдар іс-әрекетінде ұқсастық бар ма? Қайсысы қаталдырақ» деген проблемалық сұрағын әңгіменің көтерген негізгі мәселесі ретінде оқушылардың назарын аударту үшін «Венн диаграммасына» салып жеке тапсырма ретінде алдым. Осы арқылы әр оқушы әңгіменің негізгі идеясын түсіне отырып, өзіндік пікір қалыптастыра алды.

Ал әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдауда оқушылар шығармамен алдын ала таныс болғандықтан, тақырыптар үлгісін ұсыну уақытты тиімді пайдалануға септігін тигізді.

Қ. Бітібаеваның авторлық өз тәжірибесінен алынған «Оқушылардың өзін-өзі оқыту» [3,81] технологиясы бойынша жұптасып, топтасып оқу, мақсатқа жету іс-әрекеттерін меңгеру, бір-бірін


оқыту «оқыту үшін оқу(өз тәжірибемде «DEAL» әдісі), білімді өз белсенділігімен игеру «оқу үшін оқу», өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалау (өз тәжірибемде «От шашу», «Жапондық бағалау». «Showdown» әдісі, «Ақыл қанаты» және т.б.) әдістерін жаңартылған білім беру мазмұнына сай қолдандым.











Ойымды қорытындылай келе, шығармашыл ұстаздың озық тәжірибелерін жаңартылған білім беру үрдісінде қолдану арқылы Қ.Бітібаеваның сөзімен айтқанда іскерлік дағдысы қалыптасқан, ұжымда жұмыс істей алатын, өз беттерімен модель, проект құрастыруға, алдындағы мақсатқа өз бетімен жетуге белсенді, танымдық іс-әрекеті, ойлау белсенділігі, тез шешім жасау әрекеті дамыған, білімді өз беттерімен алудың жолдарын үйренген тұлғаны қалыптастыра аламыз.

<p>Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: «Балалар мен үлкендер» Мектеп: «№ 15 жалпы білім беретін мектеп»КММ Күні: Мұғалімнің аты жөні: Толеуконыр Ж.К. Сынып: 7 «Ә» Қатысқандар: 26 Қатыспағандар:0</p>	
Сабақтың тақырыбы:	М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі
Осы сабақта қолжеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	7.1.1.1.Әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау 7.1.4.1. «Көксерек» әңгімесіндегі кейіпкер бейнесін ашу.
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: Әдеби шығарма сюжетін түсінеді, сюжетінің құрамдас бөлшектері бойынша оқиғалар тізбегін жаза алады. Оқушылардың басым бөлігі: «Көксерек» әңгімесіндегі кейіпкер бейнесін автор ізімен талдай алады Кейбір оқушылар: Шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректер жинап, кейіпкер туралы өзінің ой –пікірін айта алады.
Бағалау критерийі	Әдеби шығарма сюжетін түсінеді, сюжетінің құрамдас бөлшектері бойынша оқиғалар тізбегін жазады. «Көксерек» әңгімесіндегі кейіпкер бейнесін автор ізімен талдайды. Шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректер жинап, кейіпкер туралы өзінің ой –пікірін айтады.
Тілдік мақсаттар	Оқушылар орындай алады: Әдеби шығарма сюжетін түсінеді, сюжетінің құрамдас бөлшектері бойынша оқиғалар тізбегін жаза алады.

	Негізгі сөздер мен тіркестер: әңгіме,автор,сюжет, кейіпкер бейнесі Диалог құруға/жазылым үшін пайдалы тіркестер: Көксерек, Құрмаш, ақ қасқыр, табиғат, адам, қатігездік	
	<i>Талқылауға арналған сұрақтар:</i> <i>Не себепті Көксерек асырауға көнбеді?</i> <i>Қасқыр мен адамның іс-әрекетінде ұқсастық бар ма?</i>	
Құндылықтарға баулу	Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы идеясы М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесін оқыту арқылы ішінара жүзеге асады.	
Пәнаралық байланыс	тарих, өлкетану	
Алдыңғы білім	М .Әуезов шығармашылығымен танысу	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі. «Миға шабуыл» тәсілі (<u>Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы</u>) арқылы кез-келген сөзді алып не білетінін айтады. (табиғат, дала тағысы, бөлтірік, еркіндік,мейірімділік, қатігездік) Топқа бөлу. Табиғат, адам, қасқыр,мейірімділік Сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру. 2-мин Үй тапсырмасын сұрау:«Көксерек» әңгімесінің мазмұнына байланысты «Ия, жоқ» әдісі бойынша сұрақтар. ҚБ «От шашу» 2-мин	
Сабақтың ортасы	Білу.Түсіну Т. «Уақыт тізбегі» әдісі (Қ.Бітібаева «Ұжымдық оқыту технологиясы») Көлемді мәтін 4 бөлікке 4 бөлімнен бөлінеді. Оқушылар да төрт адамдық шағын топтарға бөлініп, 1- 4-ке дейін нөмірленеді. Осыдан кейін өз нөмірлеріне сәйкес әр топ шығарманың сюжеті бойынша қысқаша өз тобындағы бөлімдерді тізбекке салып талдайды. Дескриптор -Оқушылар ұсынылған бөлімдерге талдау жасайды -Шығарманың сюжетін түсінеді -Шығарманың идеясын түсініп, оқиғалар тізбегін жазады. «Уақыт тізбегі» әдісі  Бөлімдерге төмендегідей тақырыптар ұсынылады (Қ.Бітібаеваның 1-кітап, 62,63-бет) III бөлім «Көксерек пен Құрмаш» «Көксеректің ұрлығы» «Адамдар және Көксерек» IV бөлім «Арлан» «Айқас»	Нөмірленген таңбалар, ватман, түрлі түсті қарындаштар

	<p>«Ұяласымен табысу»</p> <p>V бөлім «Шабуыл» «Қараадыр еліндегі мазасыздық» «Қасқыр қашанда қасқыр»</p> <p>VI бөлім «Құтырған Көксерек» «Тағы да шабуыл» «Бітіспес өшпенділік» «Жауыздық» «Құрмаштың өлімі» 6-мин</p> <p>Сергіту сәті: «Көксерек» фильмінен үзінді көрсету. «Стоп кадр» әдісі бойынша көркем шығармамен салыстырып, әсерлерін сұрау 3-мин</p> <p>Талдау. ЖЖ«Желпуіш» әдісі Әр жұпқа желпіуіштерге тақырып бойынша сұрақтар таратылады. Оқушылар жұпта жауаптарын жазып, оң жағындағы келесі жұпқа желпуішті береді. Көршісі алдыңғы жұптың жазғанымен танысып, сол ойларды ары қарай жалғастырады.</p> <p>III бөлім бойынша сұрақтар (Қ.Бітібаеваның «автор ізімен талдау» әдістемесі бойынша) 1-жұп Қасқырлар ұясын адамдар неге талқандады? 2-жұп Бөлтіріктерге істегендеріне қалай қарайсың? 3-жұп Адамдардың іс-әрекеті дұрыс па? Өзің оны қолдайсың ба? 4-жұп Қасқырлар іс-әрекеті мен адамдар іс-әрекетінде ұқсастық бар ма? Қайсысы қаталдырақ</p> <p>IV бөлім бойынша сұрақтар 5-жұп Ауыл иттерінен Көксерек қандай зәбір көрді? Оның себебі не? 6-жұп Ауыл адамдары неге оны жек көрді, жазалады? Осы жазаға өзің қалай қарайсың? 7-жұп Неге Көксерек адамдар арасына үйреніп кете алмады?</p> <p>V бөлім бойынша сұрақтар 8-жұп Көксеректің Құрмаш ықыласына мойынсұнбау себебі неде деп ойайсың? 9-жұп Көксерек Құрмаштан гөрі ақ қасқырмен неге тез бауырласты? 10-жұп Көксеректің ауылдан кету себебі неде?</p> <p>VI бөлім бойынша сұрақтар</p>	<p>"Желпуіш әдісі"</p> 
--	--	--

	<p>11-жүп Қос қасқырдың Қараадыр еліне істеген жауыздықтарын сарапта. Әсіресе, Көксерек қаталдығы, тағылығын қалай түсіндірер едің?</p> <p>12-жүп Қасқырлар іс-әрекеті, ойынына назар аудар. Табиғаттағы тағылар тіршілігі әңгімеде қалай берілген?</p> <p>13-жүп Адамдар шабуылы, Көксеректің жалғыз қалуы.</p> <p>10-мин. Кері байланыс: «Жапондық» бағалау.</p>  <p>Жинақтау. Ж. «Венн диграммасы» Қасқыр мен адамның іс-әрекетінде ұқсастық бар ма? (Қ.Бітібаева «Проблемалық оқыту технологиясы»)</p>  <p>5-мин ҚБ. «Showdown» әдісімен пікір алмасу арқылы бір-бірін тексереді.</p> <p>Т. Саралау тапсырмасы «DEAL» әдісі. (Қ.Бітібаеваның «Оқушылардың өзін-өзі оқыту» технологиясы) Әрқайсысы тапсырма түрлерін бөліп алады, кестені толтырып, жинақтайды. Discribe/баяндау, суреттеу/ - оқығандарыңды, көргендеріңді сипаттаңдар. Explain/түсіндіру/ - оқиға бойынша не білетіндеріңді, білгендеріңді, не түсінгендеріңді суреттендер Analise/талдау/ - ақпаратты талдаңдар, себептерін атаңдар, қорытынды жасаңдар Links/байланыс/ - болжамдар немесе қорытынды жасау үшін өздеріңде бар біліммен байланыстырыңдар.</p> <p>8-мин ҚБ «Ақыл қанаты » Жасыл қанат –Өте жақсы түсіндіре білді. Көк қанат –Жақсы түсіндіре білді. Қызыл қанат – «Асығыс түбі – өкініш»</p>	  
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Миыңның суретін сал. Оқушылар мидың суретін салады, сабақта меңгерген материалды тірек сөздер арқылы ми қыртыстарына жазады. 2-мин. Бағалау. 2 мин. Үй тапсырма: «Оқырман» мен «Жазушы» рөлінде болып көріңдер. Бір-біріне қандай сұрақтар қояр едіңдер.</p>	

Әдебиеттер

1. Бітібаева Қ.О. «Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы». 5-11 сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал. Бірінші кітап. «Дәуір-Кітап» баспасы. – Алматы, 2012.
2. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 г.
3. Қ.О. Бітібаева «Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы». 5-11 сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал. Екінші кітап. «Дәуір-Кітап» баспасы. – Алматы, 2012.
4. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. Тұрсынғалиева С.Ч., Зайкенова Р. – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2017.

МРНТИ: 14.25.09

М. АУЭЗОВА И СИСТЕМА ОБРАЗОВАНИЯ XXI ВЕКА

Акашева Л.Ю., учитель изобразительного искусства и черчения.

Республика Казахстан г.Семей, КГУ СОШ № 18, akashewa.larisa@mail.ru

Шакирова Л.Б., учитель английского языка

Республика Казахстан г.Семей, КГУ СОШ №18

Мухтар Ауэзов Омарханұлы казахский писатель, ученый, родился 28 сентября 1897 году в урочище Шынғыстау. Он был родственником Абая Кунанбаева. Мухтар Ауэзов создал большое количество рассказов, пьес и поэм, романов, повестей. Жизнь и творчество замечательного человека неразрывно связано с литературой. Он рано остался сиротой. Он прожил сложную, полную борьбы – жизнь. Все творчество связывало с формированием казахской национальной литературой. Очень любил свой народ, патриот. Оставил богатое творческое наследие своим потомкам.

Мухтар Ауэзов придавал огромное значение народному образованию. Он говорил о необходимости открытия национальных школ, открытия библиотеки. В целом вся деятельность писателя в истории развития педагогического образования, проведения всеобщего, открытия новых школ представляет одну из самых ярких страниц его жизни. Как педагог-ученый, Мухтар Ауэзов советовал молодому поколению заниматься непрерывным самообразованием, придавал большое значение воспитанию молодого поколения, обогащению знаний путем самообразования.

В педагогических работах М. Ауэзова разработаны основы методики самостоятельной работы учащихся и самообразования. Мухтар Омарханович Ауэзов был человеком глубоких познаний, он был не только автором великих произведений, но и мастером художественного слова, он был выдающимся критиком и литературоведом. Он стремился служить искусству, решая человеческие и социальные проблемы.

Выдающийся писатель, известный ученый – академик Академии наук Республики Казахстан, доктор филологических наук, видный общественный деятель М. О.Ауэзов известен не только в своей стране, но и за ее пределами. Его произведения с интересом и любовью читают миллионы читателей на разных языках мира.

Особую роль в воспитании он уделял учительству. Учитель должен научить ребят самостоятельно приобретать знания. Читать. Для этого важно применять разные методики. Задавать читать домашние задания. Через чтение закладывается мировоззрение ребенка. Профессию учителя он считал самой благородной.

Мухтар Ауэзов внес значительный вклад в методику казахского языка и литературы. Читая его труды: «Мысли разных лет», «Время и литература», в этих работах он говорит о просветительских работах видных деятелей казахской литературы- Абая Кунанбаева, Шота Уалиханова, Ыбраялтынсарина. М.О. Ауэзов остается мыслителем, ученым, педагогом. Он оставил потомкам свои труды, произведения, свой жизненный путь полный борьбы и достижений. Его произведения включены в школьные программы. Читая его художественные произведения, невольно становишься свидетелем той эпохи, видишь каждого героя, чувствуешь их характер, видишь портрет, с эмоциями. Особенно описание природы в романе «Путь Абая», в рассказе «Степной пейзаж», «Көксерек» и в других художественных произведениях автора. История бесстрашной любви Енлик и Кебек вводит читателя в эпоху 1780 годов. Эти драматические события оставляют у читающих свои мысли и

сопереживания героям, которые стали жертвой жестоких обычаев того времени. Читая его произведения, невольно хочется добавить иллюстрации, на уроках изо и литературы, учащимся предлагается читать отрывки из произведений для образного мышления и восприятия. Художественные творения Мухтара Ауэзова позволяют молодому поколению 21 века не только узнавать прошлое и переживать за героев, за свой народ, но и формировать свои взгляды, чувства, характер, любовь к прекрасному. Произведения писателя воспитывают молодое поколение готовность к борьбе за торжество добра и правды. Литература и изобразительное искусство обогащают духовный мир. Сила художественной литературы в ее эстетическом воздействии. Эстетическое воспитание-это воспитывать в молодом поколении способности и потребности видеть и понимать окружающий мир. Эта задача решается совместными усилиями семьи, школы, общественности, а также влияет сам исторический опыт писателей, мыслителей. Эстетические эмоции и впечатления, вызванные прочтением художественных произведений, побуждают рисовать картины, через метод словесного рисования.

Методы словесного рисования для создания картины.

Словесное рисование – это описание образов или картин возникших в сознании читателя при чтении литературного произведения. Этот прием направлен, прежде всего, на развитие способности к воображению. Кроме того развивается речь и логическое мышление. При словесном рисовании читатель опирается на словесные образы, созданные писателем. При чтении отрывка из романа, который нужно будет представить и изобразить учащийся должен детализировать будущую картину и создать свое собственное виденье. Этот прием направляет внимание учащихся на текст. Ученик читает, представляет, анализирует, входит постепенно в произведение автора и начинает видеть его глазами. Результатом работы, в основе которой, анализ текста, станет не пересказ, не описание авторского замысла, а творческая картина.

Метод словесного рисования имеет этапы:

- чтение отрывка произведения;
- составление анализа прочитанного;
- рассматривание иллюстраций, где учащийся знакомится со словом «композиция»;
- словесное и детальное описание прочитанного отрывка;

Алгоритм анализа прочитанного эпизода или отрывка из произведения:

1. Учитель предлагает учащимся прочитать отрывок и ставит конкретный вопрос:

- Какие чувства вызвало у вас описание природы в этом эпизоде?
- Какие образы вы можете представить себе к данному эпизоду?
- Как будет изображена природа? Почему вы так решили?

Опрос также может перейти к беседе, в процессе которой выявляется впечатление, какие чувства появились после прочтения эпизода. Организовать работу в группах, где учащиеся читают, обсуждают о деталях будущей картины.

Пример устного словесного рисования картины.

Природа Казахстана неисчерпаемый источник вдохновения для художников, композиторов, поэтов, писателей, ученых. Поэтому природа в творчестве Мухтара Ауэзова – одна из важных тем. Ведь он сам родился на земле Абая. Природа Шынгыстау и Жидебай, степь вдохновляла и самого Абая. На уроках изобразительного искусства и литературы

Эпизод из романа Мухтара Ауэзова «Путь Абая». В пути.

Задание: прочитать отрывок. Представить, какие иллюстрации можно сделать к этому эпизоду. Дать словесное описание луне. «...Абай вздрагивает от этой мысли и переводит взгляд на небо. Там неторопливо плывет полная луна. Вот она коснулась одинокой черной тучи, спряталась в ней и начала выдвигать забавные штуки. Абай засмотрелся на нее и забыл о своих мыслях. Луна нырнула в тучу сверху, выплыла на мгновение, снова спряталась и снова вынырнула. Она подпрыгивала, вертелась, металась – словно играла в жмурки; то спрячется совсем, то выскочит из-за черного полога, сияющая, улыбающаяся; еще мгновение – и снова ныряет вглубь. Вот она прищурилась, будто поддразнивая кого-то, плавно поплыла по небу, чуть поблескивая серебряным краем, – и внезапно кинулась в тучу... Первый раз в жизни Абай видел такую вертлявую луну. И когда она чуть заметной полоской опять сверкнула и мгновенно исчезла, он невольно усмехнулся: луна напомнила ему расшалившегося ребенка. Абай долго не мог оторвать глаз от этого необыкновенного зрелища». Наводящие вопросы: на каком фоне происходит это действие? Какого цвета может быть луна? Где стоит Абай, как он стоит, куда смотрит? Какое у него настроение? О чем думает? Какое при этом у него выражение лица? Как ведет себя луна в его представлении? Какого цвета и размера туча?

Эпизод из романа Мухтара Ауэзова «Путь Абая». По предгорьям.

Задание: прочитайте отрывок. Представьте, какие иллюстрации можно сделать к этому эпизоду. Дать словесное описание степному пейзажу с рекой Баканас. «Давно не было дождя, все лето жгучий томительный зной сушит землю. Но река Баканас многоводна, берега ее богаты травами, кустарниками, дикой акацией, ковыльными и полынными кормами, и потому аулы стремятся сюда на жайлау. Не будь такой жары – лучшего пастбища не найти. Холодный ветер дует с гор – холодное дыхание бушующей там жизни, полной жестокости. Звуки бабушкиной песни, такие теплые и трогательные, встречаются с его порывами и растворяют в себе их леденящий холод. В песне – сокровенная великая сила...».

Примеры наводящих вопросов:

1. Что будет находиться в композиционном центре вашей картины?
2. Какого цвета будет река Баканас?
3. Полынь-знаете ли вы вид этого растения?
5. О каком времени года говорится в данном эпизоде?

Раскрывая воображение и образное мышление учащихся, связанную с содержанием литературного произведения Мухтара Ауэзова, преподаватель должен обязательно обратить внимание на идейный смысл рассказа или повести.

На практической части урока учащимся предстоит изобразить, то что они себе представили. Это сложный этап работы школьников над сюжетными рисунками - компоновка изображаемых объектов, сюжета, эпизода. Этот этап работы самый интересный для них. О том, что на уроках изобразительного искусства ученики должны только рисовать-это мнение ошибочное. Как можно рисовать, не вообразив, не представив мысленно предмет изображения.

Поэтому применение речевого творчества очень актуально. Недостаток словарного запаса не позволяет детям выражать эмоции и чувства увиденного. Поэтому урок должен, построен через чтение, учить анализировать, обобщать и выделять нужное для решения своего замысла при практической работе. Структура урока строится в соответствии: вызов-осмысление-рефлексия. Каждое литературное произведение даёт нам вдохновение и толчок для творчества. Изучая М. Ауэзова – учимся читать, узнавать прошлое своего народа. Читая, учащиеся учатся словесному описанию. Успех работы зависит от степени владения образной речью и художественным мышлением. В дальнейшем понимание этого послужит базой для изучения образа человека в литературе, следовательно, и познания самого себя и своих чувств. Но есть такие произведения, по содержанию которых трудно представить “авторскую” картину. Они носят философский характер. Тогда, конечно же, обсуждается проблема, а словесное рисование будет неуместно. Но там, где мимо ярких картин не пройдёшь, где нужно будет проанализировать выразительные средства языка или рассмотреть пейзаж в произведении, по портрету представить героя, там умение выразить свои зрительные впечатления будет просто необходимо. Рисование картин также помогает запомнить содержание изложений-описаний, часто встречающихся в курсе средней школы. Рисование, пускай даже условное, схематичное, помогает понять, какие предметы детали рассматриваются. По мере чтения у нас появляются несколько рисунков, а под ними обобщающие слова, описания чувств, которые охватывают автора, смотрящего на степной пейзаж. Во время рисования иногда выясняется, что многие учащиеся никогда не видели степь, горы, ущелье или урочище. Как тут не задуматься о необходимости постоянно развивать у детей способности понимать художественные образы и воспроизводить их, читая и воображая, представляя.

Закключение: великий писатель внес неоценимый вклад в литературу. Его работы включены в программный материал общеобразовательной школы. Художественная литература является своеобразным и лучшим средством, величайшим орудием в человеческой культуре, можно сказать великим орудием в деле воспитания подрастающего поколения. Применение словесного рисования влияет и на речевое развитие, и все это вместе способствует развитию умения интерпретировать текст.

Литература

1. Кубасова О.В. Развитие воссоздающего воображения на уроках чтения. – Начальная школа. – 1991. – № 1. – С. 30
2. Путь Абая. https://librebook.me/abai_s_way/vol1/1
3. Певец народа. К 80-летию Мухтара Ауэзова. – Алма-Ата, «Наука» Каз ССР, 1977. – 152 с.
4. Ауэзов М. Абайжолы: роман-эпопея. Төртінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2007. – 400 б.
5. Педагогикалық ізденіс. Құрастырушы И.Н. Баженова. – Алматы, «Рауан», 1990. – 574 б.
6. Мухтар Ауэзов в воспоминаниях современников. – Алма-Ата, 1972.

XX ҒАСЫРДЫҢ ЕҢ БИІК ТҮЛҒАСЫ – МҰХТАР ӘУЕЗОВ

Жұмағалиева Н.Ж., қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Абай облысы,
Бесқарағай ауданы «Глуховка орта мектебі» КММ, znazymgul94@mail.ru

Сөз өнері ықылым заманнан бері халқымызбен бірге жасасып келе жатқан құндылықтар құбылысы. Қазақ халқының әр кезеңдердегі тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, басынан өткерген тарихи оқиғалары, елін, жерін жаудан қорғаған батырлар ерлігі мен бір ауыз сөзбен тоқтам жасаған хан, би-шешендердің сөздері жыр-дастандарға айналып бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр. «Басқа халықтар сияқты, қазақ халқының да өзіне тән тарихы, басынан кешкен кезеңдері, өсу, өрлеу сапары, әрбір дәуірге лайық мәдени мұрасы, асыл өнері бар. Сол асыл өнердің таза меруерттері ғасырлар бойы ел өмірімен бірге жасап келеді. Әр заман өз ақынын тудырады. Әр ақын өз заманының жаршысы. Заман жаршысы болуымен қатар өткенді жалғастырушы, жаңғыртушы, дамытушы өнер иесі. Алдыңғы аға буын өкілдері Кеңес Одағының жетістіктерін ұрандатылған өлең жолдарына арқау етті. Бұл сол кезең тұрғысынан қарағанда заңды да еді. Өйткені, халқымыздың ауыр қайғы, азапты жолдардан кейінгі қол жеткізе бастаған табыстарын жыр жолдарына айналдырып, халықтың еңсесін сол жетістіктермен көтеру керек болды. Осы жылдары қалам тербеген ақындарымыз алдыңғы аға буыннан тақырыптық жаңашылдығымен, көркемдік ерекшелігімен, поэзиядағы ірі қадамдарымен ерекшелене бастады. Солардың бірі жазушы – Мұхтар Әуезов.

Мұхтар Әуезов шығармаларының құндылықтарының мән-мағынасын ашу қазіргі кезде өзекті. Тіпті бұрынғыдан зор маңызға ие болып отыр. Себебі 21 ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш ұшу сермеу екендігін көрсетіп отыр. Ал біздің міндетіміз Мұхтар Әуезов шығармаларындағы құндылықтардың мән-мағынасын ашу, ұсыну және оны оқу, өмірге жарату, ой түйю.

Қазір барлық білім саласында Мұхтар Әуезовты оқыту, дәріптеу шаралары жүру үстінде. Бірақ әлі де болса кітапты ақтарып, Әуезовтің шығармаларын зерттеп оқып, майын ішіп жатқан оқушы кемде-кем. Жазушы мұрасын тек оқып қана қоймау керек. Оны зерттеп, түсініп, өзіміз соны талдау тәжірбиесін құру мақсаты тұр алдымызда.

М.Әуезовтің көркем әңгімелерін оқытудың орны ерекше болмақ. XX ғасырда қазақ әдебиетін әлемге танытқан ұлы классик жазушы М.Әуезовтің көркем прозадағы суреткерлік шеберлігі еуропалық деңгейге жетуі алғашқы жазған әңгімелерінен бастау алған. Адамзат тарихы бастан кешкен қоғамдық үш формацияны көзбен көріп оймен сүзген жазушы өмірден көргені мен түйгенін көркем оймен суреттеп, туған халқының адамгершілік идеалы мен дәстүр салтын, рухани болмысын, тұрмыстағы күйбелең тіршілігін қағаз бетіне түсіріп шебер бейнелеуі де тұңғыш рет көркем әңгімелерінен басталған болатын. Жазушының алғаш жазған «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Үйлену», «Сөніп-жану», «Кім кінәлі?», «Сыбанның моласында», «Текшенің бауырында», «Жетім», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу», т.б. әңгімелері адамдар арасындағы қым-қиғаш әрекеттерді суреттей отырып гуманистік сипатта жазылған көркем туындылар. Оларда көбіне-көп трагедиялық тағдырға душар болған кейіпкерлер бейнеленіп ең басты мәселе адами құндылықтар мен жалпы адам болмысын тереңінен тануға талпыныстар жасалынып, автордың ашып көрсеткісі келген басты идеясының бірі адам табиғатын сан қырынан саралап түсіндіруге арналды. Бұл қазіргі гуманитарлық білім беру жүйесіндегі «антропоөзектік» парадигманың көздеген мақсаттарына сәйкес келеді. Онда адам барлық заттың өлшемі деп алынып, осы принцип арқылы адамның өзінің табиғатын, шын мәнін, бүкіл қоршаған шындықтың мән-мағынасын, адам мен табиғаттың, адам мен қоғамның арақатынасы айқындалады. Түйіндей айтқанда адамның нақты өзіндік болмысы, оның жекедаралығы, шығармашылық мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылып құндылық негізі нақты адамға айналады. Осыған орай бүгінгі таңда М. Әуезовтің көркем әңгімелерін оқытқанда «антропоөзектік» парадигманы кеңінен қолдану орынды болмақ. Себебі, ұлы жазушы өз әңгімелерінде қоғамдық өмірдің алуан түрлі мәселелерін көтергенде оларды адами құндылықтармен сабақтастыра байланыстырып басты нысанаға адамды алып отырған. Сондықтан көркемдік шеберлікпен қатар реалистік суреттеу әдісін кеңінен пайдаланып түрлі кейіпкерлердің бастан кешкен тағдырын адами факторлар арқылы тереңінен танытқан. Мұндай суреттеулердің көпшілік жағдайында жазушының басты кейіпкерлері ауыр трагедиялық тағдырға душар болып, көркем әңгімелеріндегі өмір шындығының көріністерінің суреттелуі салмағы арта түсті. Мәселен, жазушының тұңғыш көлемді әңгімесі «Қорғансыздың күнінде»

суреттелген оқиғалар желісі мен басты кейіпкерлері өмірде болған нақты тарихи жағдайдан алынған. Қазіргі таңда әдебиет зерттеушілері мен әдебиетті оқытушы ұстаздар заманға сай интерпретациялап жазушының осы әңгімесін түрліше талдап мәні мен мағынасын, автордың негізгі идеясын жас ұрпаққа сан қырынан түсіндіріп келеді. Бұл бүгінгі оқыту жүйесіндегі әдістемелік технологиялардың сан түрлі стратегияларын қолдану арқылы шығармашыл тұлға қалыптастыруда орынды да болар. Дегенмен, осы тұста ұлы реалист жазушының әңгімелеріндегі тарихи факты мен өмір шындығының суреттелуін әсте естен шығармағанымыз абзал. Мәселен, тарихи шындық тұрғысынан алғанда «Қорғансыздың күні» әңгімесі өмірде болған нақты оқиғаның негізінде жазылған. Тіпті шығармадағы тарихи жер аттары да қазіргі таңда сол қалпында сақталған. «Семей қаласының оңтүстігін жайлаған елдің қалаға қатынасын қара жолының үстінде Арқалық деген тау бар... Арқалықтың жолы асатын кезең - Күшікбай кезеңінің түбінде бір жіңішке қара сызық секілденіп Қанайдың жалғыз қорасының орны» әлі де көрінеді. Ал шығармадағы кейіпкерлер аттары көркем әдебиеттің ішкі заңдылығына сәйкес прототиптік бейнелермен беріліп өзгертіліп алынған. Ондағы Ақан болыс – Шыңғыс елінің жас болысы Біләл Ысқақов, ал кәрі кемпір – Мұхтар Әуезовтің немере апайы Қаптағай, қасіретке ұшыраған Ғазиза – М.Әуезовті жиеншары болып келеді. Бұл оқиғаның егжей-тегжейі мен өмірлік деректері туралы жазушының тетелес інісі Ахмет Әуезовтің «Бала Мұхтар» (1967), «Жас Мұхтар» (1977), Ғайса Сармурзиннің «Өмір сабақтары» (1975), «Өнеге» (1977), Тұрсын Жұртбаевтың «Бесігінді түзе!...» (1997) атты кітаптарында толық мағлұматтар берілген. Ғылыми негізделіп нақты деректермен қамтылған аталмыш еңбектерге сүйене отырып жазушының «Қорғансыздың күні» әңгімесін қазіргі білім беруде қолданылып жүрген түрлі әдістермен парадигмалар негізінде оқытқанда шығарманы жазуда жазушының өзі қолданған реалистік суреттеу әдісін де қатар қолданғанымыз жөн. Ал біз сөз етіп отырған «антропоэлектік» парадигманы реалистік суреттеу әдісімен қатар оқытып, жастардың санасына сіңірсек бүгінгі оқытудың бір мақсатына қол жеткізгендігіміз болмақ. Ол үшін шығармадағы оқиғаның өмірде болған шынайы оқиғаның негізінен алынып кейіпкерлердің аттары өзгертілгенімен басты нысан ретінде адам мен оның бойындағы ала-құлалы қасиеттердің қатар көрініс табуын ашып көрсеткеніміз орынды. Жазушының Ақан болыстың озбырлығы мен зұлымдығы Ғазизаның пәктігі, арлылығы секілді қарама-қарсы адами қасиеттерді ашып суреттеуі де жайдан-жай емес. Мұндай бояуы анық жазылған шығарманы оқушы оқырмандар адамның адамшылығы ең алдымен оның бойындағы түрлі қасиеттерге байланысты болатындығын аңғарып, жамандық пен зұлымдықтан бойларын таза ұстауға ұмтылып дүниедегі барлық тіршіліктің өлшемі адамға байланысты екендігін түсінеді.

Кемеңгер жазушының шығармашылығын жас ұрпаққа жүйелеп оқыту әдістемесін бір ізге түсіру болып отырғандығы жасырын емес. Олай дейтініміз осы уақытқа дейінгі зерттеулерден алынған нәтижелер М. Әуезов шығармашылығын тұтастай бірізділікпен оқытылып келе жатқан жоқ. Мәселен қаламгердің өмірбаяндық деректері мен алғашқы эпикалық шығармалары туралы орта мектептің қазақ әдебиеті пәндерінде жекелеген сабақтарында оқытылады. Мектеп бағдарламасына сай жазушының барлық шығармаларын тұтастай концептуалдық тұрғыда талдап, таратып оқытуға уақыттың да жетпейтіндігі анық. Сондықтан, мұғалім «Қорғансыздың күні», «Көксерек», «Қараш-қараш оқиғасы» сияқты шығармаларымен қатар «Абай жолы» роман эпопеясын терең әрі толық әдеби талдаулар жүргізбестен басты көркемдік ерекшеліктерін т.б. жекелеген құрылымдарын ғана оқытады. Мұнда көлемі мен сюжеттік-композициялық ерекшелігіне қарай әрине «Абай жолы» роман-эпопеясына сағаттар саны басымырақ берілетіндігі айқын. Оның өзін толықтай талдап, таратып тануға оқушылардың мүмкіндіктерінде келе бермейді. Сонда мектеп оқушылары жазушының тек бірен саран эпикалық шығармаларын оқумен ғана шектеледі. Ал жазушының драматургиясы мен аудармалары, повестері мен әңгімелері толыққанды оқытылмайды. Мұның өзі болашақ жастардың кемеңгер жазушы туралы танымдарының айтарлықтай тереңдете қоймайтындығы анық. Осы жерден мәселенің екінші шеті көрініс береді. Ол қаламгер шығармашылығын түгелімен топтастырып жүйелеп оқытудың әдістемесі арқылы мектеп оқушыларына оқытуға болмаспа еді? – деген ой. Бұлай жасауға да болмас. Себебі, классик жазушының тұтастай шығармашылығы белгілі бір дәрежеде топтаса бермейтін, әр шығармасында көтеретін мәселелер мен оқиғалар желісі бір-біріне ұқсай бермейтін қайталанбас туындылар. Оларды түгендеп, бір арнаға тоғыстырып, бір бағдарлама көлеміне сыйдыру оңай шаруа емес.

«Көркем шығарма – әдебиеттің құндылығы. Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру» – деген болатын әдебиет зерттеуші – ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев.

Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек. Бұл – оңай үрдіс емес. Қабылдау деген сіз бере салғанды ол ала қоятын зат емес. Ол – оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек

сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние. Мен М. Әуезов әңгімелерін оқыту барысында сол кезеңдердегі тарихи жағдайларды да, әңгімедегі оқиғалармен де байланыстыра түсіндіріп, талдап отырамын.

«Көркем шығармаға талдау жасау деген оның бейнелі ойына бару деген сөз», деп, Т. Ақшолоқов көрсеткендей, әңгімені талдау, ең алдымен, мазмұнын меңгеруден басталады. Әңгімені талдау барысында белгілі педагог Қ. Бітібаева әдістемесіне жүгіне отырып, М. Әуезов әңгімелерін оқыту алдында қызығушылығын, ынтасы, таным белсенділігін арттыру мақсатында, әңгімедегі оқиғалардың өмір шындығынан алынғаны туралы айтып, әңгімелеу керек. «Кім кінәлі?» әңгімесін сыныпта, «Сөніп-жану» және «Кінәшіл бойжеткен» әңгімелерін үйде меңгеруге тапсырылады. Оқушылардың қызығушылығын ұйымдастыру мақсатында, тарауларға тақырып қойып, ол тараулардағы басты оқиғаларды кестеде көрсетіп қою тиімді.

Бөлімдер

Тақырып

Басты оқиғалар

Шығарманың мазмұнын сыныпта оқыған кезде оқылып жатқан бөлімдердің басты-басты эпизодтарын ашатын сұрақтар қойып, тұжырымдап отыру керек. Ал үйге беретін бөлімдердің мазмұнын қысқа түрде айтып беріп, өз беттерімен оқуды тиімді ұйымдастыру үшін сұрақтар беріп, соған жауап беру талап етіледі. Мысалы:

1. Ысмайыл Ғазизаға не үшін ренжіді? Қалиманға қандай мінез көрсетті?

2. Ислам мен Ғазизаның арасында не туралы әңгіме болды?

Мәтінмен жұмыс кезінде мұғалім, әсіресе, оқиғалармен қабаттаса келіп отыратын суреттеу, портреттеуге ерекше көңіл бөлуі керек. Сол себептен де осы үйге берілген бөлімді сұрақтар арқылы талқылай отырып, кітаппен жұмыс, яғни практикалық жұмыс арқылы портреттеу, суреттеулерді толтырып, олар қандай тілмен берілген, оның шығармадағы орны, маңызына да тоқталып отыру тиімді болып табылады. Үйге тапсырма ретінде беріліп, сыныпта талданғалы отырған шығармалардың санына байланысты топ-топқа бөліп, берілген әңгімелерді өз беттерімен оқып келуге жұмылдыру керек. Жазушының алғашқы әңгімелері қысқа, оқиғасы қызықты болғандықтан, өз беттерімен талдауға ұсынудың күрделілігі жоқ. Жоғары кластарда көркем шығармаларды өз беттерімен талдауға көп көңіл бөлу дұрыс.

Әңгімелер негізіндегі осындай басты-басты проблемаларды дөп тауып, тұжырымды, нақты ғана талдау жасау – жоғары кластарда әңгіме жанрын өтудің ең бір өзекті мәселесі. Проблемалық шешу төмендегідей сұрақтар арқылы жүзеге асырылмақшы.

1. Еркелетіп өсірген қызы Ғазизаға әкесі мен шешесі Ысмайыл, Қалиманның мінез көрсетуі не себепті?

2. Ислам Ғазизаға деген сезімін неге ашық көрсетпейді?

3. Жазушы осы оқиға арқылы нені көрсеткісі келген? т.б.

Сонымен қатар оқушыларға алдын-ала берілген тапсырмалар беруге болады:

1. «Кінәшіл бойжеткен» әңгімесі бойынша тұжырымды қысқа аннотация, талдау жазу.

2. Әңгімедегі суреттеу мен портреттеугенараудару. т.б.

М. Әуезов әңгімелерін оқыту барысында осындай талдау жасау арқылы әңгімені жан-жақты түсіндіріп, танымын қалыптастыруға болады.

М. Әуезов шығармалары бүгінмен ғана өмір сүруге болмайды деп үйретеді, өткен қиыншылықтардан сабақ алу арқылы бүгінгі күн мәселелерін шешуге және келешекте кездесетін қиыншылықтарды жеңетін жолдарды көрсетеді. Қазіргі заманғы жастарға тигізер әсері мол, өзінің күнделікті алып жүрген білімін, ерік-жігерін, шығармашылық белсенділігін іс-әрекеттің белгілі бір түрін меңгеруге жұмылдырып, өмір ағымына икемделеді. Мұхтар Әуезовтің бай рухани қазынасын мектеп бағдарламасында түгелдей шолып өту мүмкін емес. Әйтсе де, жазушының әңгімелеріне талдау жасап, оқытуға міндеттіміз, өйткені, жеткеншек ұрпаққа ұлттық тәрбие беруде, танымдық деңгейін арттыруда М. Әуезов шығармаларының маңызы зор.

Қорыта айтқанда, қоғам үнемі жетіліп, дамып отыратындықтан, білім берудің жаңа әдістері мен тың тәсілдері пайда болады, басқаша айтсақ жеке тұлға білім алу арқылы дамитын болса сол білімге жаңа әдістемелерді енгізуге өзі де үлес қосады. Ұлы жазушы М. Әуезовтің көркем әңгімелерін қазіргі білім беру үрдісіндегі жаңа парадигмалардың негізінде оқып, тану арқылы білімді игеруші тұлғалар өздерінің теориялық, әдістемелік білімдерін толықтырып қана қоймай оларды өмірде қолдануларына дағдыланады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білімберуді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 10 маусым 2011 ж. – 41 б.
2. Тұрғынбаева Б.А. Қазіргі білімнің негізгі парадигмалары. // Руханижаңғыру: ХХІ ғасырдағы заманауи білім беру кеңістігінің парадигмалары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Қазақстан, Тараз, 2 том. 2018. – 3-4 бб.
3. Дәулетбекова Ж.Т. Сөзмәдениеті – тілдік білім нәтижесі. Монография. – Алматы: Ғылым мен білім интеграциясы институты, 2017. – 240 б.
4. Әуезов М. Шығармаларының елутомдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібекжолы», 2014. 2-том: Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар, 1921-1925. – 480 б.

ҒТАХР: 17.01.79

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ӘНГІМЕЛЕРІН ОҚЫТУ

Смаилова С.Т., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Абай облысы,

Аягөз ауданы, Ақшәулі ауылы,

«№ 1 Ақшәулі жалпы орта білім беретін мектеп», sima_s83@mail.ru

Мектепте көркем шығарманы оқытуда оның көркемдік ерекшеліктерін жан-жақты терең талдай білудің маңызы зор. Шығарманың ішкі құрылымы, кейіпкер бейнелері, әдеби танымдық маңызы және көркем айшықтарын таныту әдебиетші мұғалімнен үлкен дайындықты қажет етеді.

Қазақ әдебиеті сабағында жазушы М. Әуезовтің әңгімелерін оқытуда оның көркемдігін танытуға ерекше назар аударамын. Заманымыздың заңғар жазушысы, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ХХ ғасырдағы биік шыңы – Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің артында қалған ұланғайыр мұрасын зерделеп, ой елегінен өткізіп, танып-білу – әр ұрпақтың міндеті.

Жазушы, ғалым, қоғам қайраткері Мұхтар Әуезовтің көркем мұрасы біздің төл әдебиетіміздің ғана емес, бүкіл адамзат мәдениетінің де жетістігі болып табылады. Оның «Абай жолы» романы мен асқан шеберлікпен жазған шағын әңгімелері, повестері қазақ әдебиетінің алтын қорына енген. Қазіргі кезде оқыту мен білім беру, тәрбие мәселелерінде үлкен өзгерістер болып жатыр. Осыған орай, қоғам өмірінің жаңа сапасының негізін құрайтын қазіргі білім беру жүйесі және тәрбие болып табылатындықтан, шығармаларында ұлттық тәрбие мәселелері көп көрінетін М. Әуезов шығармашылығын оқыту маңызды болып келеді.

Жазушы алғашқы әңгімелерінен бастап-ақ халықтың тұрмыс-жағдайын, жастардың, қазақ әйелдерінің тағдырын суреттеді, тіпті сан алуан күнделікті өмірде кездесетін күйкі көріністерді сипаттай отырып, нақтылы өмір құбылыстарын типтік дәрежеге көтере білді. М. Әуезов әңгімелерінің басты ерекшелігі «...алдымен айналадағы өмір құбылыстарын бейнелеудегі шыншылдық, реалистік суреттеу әдісін шебер қолдана білетіндігі дер едік. Әңгімелерде баяндалатын оқиғалардың, бейнеленетін кейіпкерлердің бәрі өмірден алынған, сол ортада болатын оқиғалар, іс-әрекеттер, әр жерде кездесетін адамдарға ұқсас, бейтаныс таныстар, типтік мінез, типтік характерлер. Әрине, кейбір жайлар әсірелеп көрсетілген. Бірақ, тіпті айналадағы табиғат көріністері – даланың қысы, желі, бораны, айлы түні, тау-тасы бәрі нақтылы, дәл, анық бейнеленген. Және олар құр жай ғана сурет, адамдар өмір сүретін орта ғана емес, әңгімедегі кейіпкердің көңіл күйі, қайсысымен үндес келетін, кейде оның тағдырымен ажырамас бірлікте көрінетін дүние болмыстың нақтылы ақиқат белгілері» [3, 138-б.].

Негізінен М. Әуезов шығармаларының ішінде мектеп бағдарламасы бойынша «Қараш-қараш оқиғасы», «Көксерек» шығармалары орта буында оқытылып келеді де, 11-класқа келгенде жазушы шығармашылығы толық қарастырылып, «Абай жолы» романы талданады. М. Әуезов шығармашылығын 11-класта оқыту барысында әңгімелеріне арнайы тоқталып, талдауды қажет етеді. Өйткені, біріншіден, жазушының үлкен эпопея тудыру жолында осы әңгімелерден бастау алды дейтін болсақ, екіншіден, оларды оқытудың өзіндік тәрбиелік, дамытушылық мәні бар.

Әңгімені талдау барысында белгілі педагог Қ. Бітібаева әдістемесіне жүгіне отырып, М. Әуезов әңгімелерін оқыту алдында қызығушылығын, ынтасы, таным белсенділігін арттыру мақсатында, әңгімедегі оқиғалардың өмір шындығынан алынғаны туралы айтып, әңгімелеу керек. «Кім кінәлі?» әңгімесін класта, «Сөніп жану» және «Кінәшіл бойжеткен» әңгімелерін үйде меңгеруге

тапсырылады. Оқушылардың қызығушылығын ұйымдастыру мақсатында, тарауларға тақырып қойып, ол тараулардағы басты оқиғаларды кестеде көрсетіп қою тиімді.

Шығарманың мазмұнын класта оқыған кезде оқылып жатқан бөлімдердің басты-басты эпизодтарын ашатын сұрақтар қойып, тұжырымдап отыру керек. Ал үйге беретін бөлімдердің мазмұнын қысқа түрде айтып беріп, өз беттерімен оқуды тиімді ұйымдастыру үшін сұрақтар беріп, соған жауап беру талап етіледі.

Әңгімедегі суреттеу мен портреттеуге назар аудару т.б.

М. Әуезов әңгімелерін оқыту барысында осындай талдау жасау арқылы әңгімені жан-жақты түсіндіріп, танымын қалыптастыруға болады. М. Әуезов шығармалары бүгінмен ғана өмір сүруге болмайды деп үйретеді, өткен қиыншылықтардан сабақ алу арқылы бүгінгі күн мәселелерін шешуге және келешекте кездесетін қиыншылықтарды жеңетін жолдарды көрсетеді. Қазіргі заманғы жастарға тигізер әсері мол, өзінің күнделікті алып жүрген білімін, ерік-жігерін, шығармашылық белсенділігін іс-әрекеттің белгілі бір түрін меңгеруге жұмылдырып, өмір ағымына икемделеді. Мұхтар Әуезовтің бай рухани қазынасын мектеп бағдарламасында түгелдей шолып өту мүмкін емес. Әйтсе де, жазушының әңгімелеріне талдау жасап, оқытуға міндеттіміз, өйткені, жеткеншек ұрпаққа ұлттық тәрбие беруде, танымдық деңгейін арттыруда М. Әуезов шығармаларының маңызы зор.

Әдебиеттер

1. Мырзағалиев Қ. Қазақ әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1987.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Санат, 2002.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы: Кеңес дәуірі (1941-1956). Алматы, 2004.
4. Ақшолоқов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы: Рауан, 1994.

ҒТАХР: 16.21.07

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІН ОҚЫТУДА «ЗЕРТТЕУ, ЗЕРДЕЛЕУ» ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Илекеева Г.М., бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «№ 32 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Мен үнемі Хәттидің: «*Оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімдердің қолданатын оқыту тәсілдері маңызды*» деген сөздерін жадымда ұстаймын.

Бастауыш мектепте «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасы зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына бағытталған:

– гипотеза құру және оларды тексерудің жолдарын ұсыну, эксперимент арқылы алынған нәтижелер негізінде қорытынды жасау;

– мәселені анықтау, сұрақтарды дұрыс құру, зерттеу жұмысының жоспарын құру, бақылау, эксперимент жүргізу, зерттеу жұмысының нәтижесін бағалау және сипаттау, пайымдау, қорытынды шығару;

– БАҚ хабарламалары мазмұнындағы, Интернет ресурстарындағы, ғылыми-көпшілік әдебиеттердегі ғылыми ақпараттармен жұмыс: іздеу әдістерін игеру, ақпараттың мағыналық негізін айрықшалау және ақпараттың растығын бағалау;

– жанды және жансыз табиғаттағы үдерістердің сипатын, экожүйе компоненттерінің өзара байланысын, адам әрекетінің қоршаған тигізетін әсерін анықтауға көмектесетін қарапайым эксперименттер мен бақылаулар жүргізу;

– өзіндік қарапайым зерттеулердің қорытындыларын түрлі формада ұсыну;

– жаратылыстану ғылымы саласындағы маңызды жетістіктердің қолданбалы мәнін түсіндіру.

Білім сапасы, жас жеткіншектердің ғылымға ден қойғаны ең бірінші ұстаздардың біліктілігіне тікелей байланысты. Қазіргі заманғы ғылымның көптеген бағыттары бар. Өмірін ғылымға арнаған ғалымдар теориялық та, практикалық та тұрғыда зерттеулер жасай алады. Олар барлық қолда бар құжаттарды зерттейді немесе әртүрлі тәжірибелік бақылаулар жүргізеді. Жаңартылған бағдарламаның ерекшелігі 1 сыныптан бастап жаратылыстану пәнінің енгізілуі. Жаратылыстану бағытында білім беру кіші мектеп жасындағыларда табиғи білімқұмарлықтың дамуына, әлем жайлы ой-өрістің кеңеюіне, ғылыми ұғынудың және қоршаған әлемді тұтастай қабылдаудың дамуына, қоршаған әлемді қорғау және бағалай білу біліктіліктерінің дамуына көмектеседі. Бастауыш мектепте оқушыларға «Жаратылыстану» пәнін оқу және меңгеру келесілерді түсінуге мүмкіндік береді:

- қоршаған әлемнің күрделілігі мен көп қырлылығын;
- табиғи құбылыстар мен үрдістердің өзара байланысын;
- өлі және тірі табиғатта болып жатқан кейбір табиғи құбылыстар мен үрдістердің себептерін;
- жаратылыстану бағытындағы білімнің адамның көптеген іс-әрекет түрлері үшін маңыздылығын түсінеді.

Жаңа оқу бағдарламаларының ерекшелігі – оның ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталғандығында: ақпаратты іздеу, талдау және интерпретациялау дағдыларын дамыту; адам, табиғат және қоғам туралы олардың бастапқы білім қорларын қалыптастыру (әлемнің біртұтас бейнесі); рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту; оқудың функционалдық дағдыларын қалыптастыру: санау, оқу, жазу, өз ойын нақты әрі дәл жеткізе білу, себеп-салдарлы байланыстар орнату. Оқушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіреді, өзінің оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынады, оның ережелер жүйесін түсінеді және қабылдайды, жетілдіруге белсенді қатысады. Ол өз кезегінде білімдердің, біліктердің, оқып-үйрену және кең ауқымды дағдылардың белсенді әрі сәтті қалыптасуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың оқу әрекеттері келесі басты санаттар бойынша топтастырылған: «біледі», «түсінеді», «талдайды», «бағалайды», «синтездейді».

«Жаратылыстану» оқу пәнінің «ортақ тақырыптарының» мазмұны оқушының жақын аймағынан, яғни оның өз іс-әрекетімен тікелей байланысты тақырыптарды оқудан басталады. Алты-жеті жастағы балалар өз ойын білдіруге, оқу мазмұны бойынша сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап іздеуге үйренуі тиіс. Осы пәнді оқу арқылы оқушылар зерттеушілер дегеніміздің белгілі бір ғылым саласын зерттейтін мамандар екенін түсінеді. Зерттеушілер қоршаған әлемнің үдерістері мен құбылыстарын, олардың табиғатын жақсы түсіну үшін зерттеу жүргізеді.

Жаратылыстану пәні арқылы оқушылар мынандай нәрселерді үйренеді;

- қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізуге;
- өлі және тірі табиғатта болып жатқан кейбір табиғи құбылыстар мен үрдістердің себептерін анықтауға;

- заманауи технологияларды сауатты пайдалануға;

- өзіндік қарапайым зерттеулерден қорытындыларын жасауға үйренеді.

Қазіргі жаратылыстануда қолданылатын зерттеудің негізгі принциптері мен әдістерін меңгеру жас ұрпақтың дүниетанымын, ойлаудың ғылыми тәсілін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқушылар тақырыптарды зерттеу үшін ресурстарды пайдаланып, өз қорытындыларын жасайды. Бұл анағұрлым терең білім алып, пәнді түсіну үшін қажетті айтарлықтай жоғары деңгейлі дағдыларды қалыптастырып дамытуға көмектеседі. Әдетте зерттеуге негізделген оқу бастауыш сыныптарда оқытылатын «жаратылыстану» пәнімен байланыстырылғанымен, ол кез-келген пән үшін негіз бола алады.

Жаратылыстану пәнінің ерекшелігі – оқушының немесе оқушылар тобының ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы проблемаларды шешу жөніндегі нәтижелерге қол жеткізу үшін бағытталған. Оқу бөлімдері әрі қарай жинақталған білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын көздейтін бөлімшелерден тұрады. Әр бөлімше ішінде дәйектілікпен ұйымдастырылған оқу мақсаттары мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және оқушылар жетістігін бағалауға бағытталған.

«Жаратылыстану» пәні оқушылардың ғылыми-зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқулық «Өсімдіктер», «Жануарлар», «Адам», «Заттар және олардың қасиеттері», «Жер және ғарыш», «Күш және қозғалыс», «Табиғат физикасы» сияқты оқу бөлімдерін қамтиды. Әр жаңа тақырыпты толық меңгеру үшін оқулықтың бас кейіпкерлері Негеш пен Эврика көмектеседі. Негеш пен Эврика оқушыларды ғылым әлеміне бағыттап, болжам жасауға, тәжірибе немесе зерттеу жүргізуге, табиғи құбылыстарды ашуға ынталандырады. Сондай-ақ әр тарау бойынша тапсырмалар жабық тест арқылы тақтыланып, тексеріледі.

«Мен-зерттеушімін» тақырыбын өткен кезде оқушылар мектеп үлескісіне барып, төрт топқа бөлініп, әртүрлі бөлме өсімдіктерін зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ал өсімдік бөліктерімен танысқанда тұқым қалай өнетініне шағын тәжірибе жасау арқылы көз жеткізді. Ол үшін пластикалық стакан, мақта, бірнеше тұқым керек. Стаканның түбіне мақта салып, ол ылғалданатындай аздап су құйылды. Сосын мақтаның үстіне тұқымдарды қойып, бетін ауа өтетіндей тесіктері бар қақпақпен жауып, жылы жерге қойдық. Бірнеше күн бойы ол тұқымның өнуін бақылап, қорытынды жасайды.

«Ғарыш» тақырыбында ғарыш кемесінің орнына шарларды ұшыру арқылы тәжірибе жасауға болады.

«Күш пен қозғалыс» бөлімінде қозғалыс траекториясы деген не? деген сұраққа жауап беру үшін тәжірибе жасау арқылы қол жеткізуге болады. Тәжірибе жасау үшін құм салынған табақша, ойыншық машиналар және металл шарлар қажет. Табақты сәл қисайта орналастырып, «төбешіктен»

машинаны итеріп жібереді. Машинаның ізінен қалған сызықты салады. Одан кейін металл шарды «төбешіктен» төмен қарай жіберіледі. Оның да ізінен қалған сызықты саламыз. Тәжірибені бірнеше рет қайталап жасағаннан кейін сызықтарды салыстырды. Траектория дененің қозғалыста болған кезінде жүріп өткен жолы. Машинаның түзу траекториямен, ал шар әртүрлі траекториямен қозғалатынын айтып қорытынды жасады. Сабақтарда әртүрлі рольдік-сюжетті ойындарды ойнау арқылы да тәжірибе жасауға болады.

Бұл пәннің артықшылығы: бала тапсырманы өздігінен ізденіп орындауына және дұрыс тұжырым жасауына бағыттайды, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады.

Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған. Оқушы бойында әлеуметтік дағдылар, жалпы білімнің іргетасы, танымдық белсенділігі, жүйелі оқу әрекетінің қалыптасуына бастауыш сынып оқу бағдарламаларында көңіл бөлінген.

Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы-оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдана білу.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральді қағидатпен берілуі.

Жаңа оқулықтарда берілген тапсырмалар мәтінді оқу, оның мазмұнын айтумен ғана шектелмей, мәтінге қатысты өзі сұрақтар құрастыруына, себебін анықтауына, болжам жасау мен өзіндік бағалауына, сұраққа жауап болатын ақпаратты дереккөздерден табу ретін білуіне, жаман мен жақсыны айыра білуіне жетелейді.

Әдебиеттер

1. Жаратылыстану оқу бағдарламасы 2017 ж.
2. Жаратылыстану оқулығы 2017 ж.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық 2017 ж.

ҒТАХР: 17.07.31

ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Кажыгелдина Г.Х., бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы

Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Ақсуат ауданы,
«М. Әуезов атындағы Көкжыра орта мектебі» КММ

Тәжірибемде оқытудың белсенді әдістерін пайдалану арқылы оқушылардың таным белсенділігін, пәнге деген қызығушылығын арттыруға болатынына көз жеткізіп келемін.

Белсенді әдістер 8 бөлімнен тұрады:

1. Нұсқау беру және айту
2. Көрсету және модельдеу
3. Түсіндіру және сипаттау
4. Сұрақ қою және талқылау
5. Зерделеу және зерттеу
6. Бекіту және қолданысқа енгізу
7. Рефлексия және бағамдау.
8. Қорытынды шығару және есте сақтау.

Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс. Белсенді оқу оқушылардың белсенді қызметпен айналысу арқылы мұғалім берген ақпараттың мәнін ұғынып, алған білімдерін есте сақтап, оны қолдана алуын қамтамасыз етуді көздейді.

Нұсқау беру және айту: Сыныпқа оқыту/оқу мақсаттарын хабарлап, оқушылардың не істеу керектігін түсінетініне және ерекше назар аударуы қажет мәселелерге көңіл бөлетініне көз жеткізу. Мысалы, математикалық есептерде бір әрекет екіншісінен шығатынына қалай көз жеткізуге болады, өлшеулер жүргізу арқылы дәлдік дәрежесін белгілеу, жұмысты қалай баяндау немесе кестені қалай

құру, жаратылыстану пәнінен тәжірибеде бір әрекет екіншісінен шығатынына қалай көз жеткізуге болады, өлшеулер жүргізу арқылы дәлдік дәрежесін белгілеу, жұмысты қалай баяндау немесе кестені қалай құру.

Көрсету және модельдеу: Айқын, жақсы құрылымдалған көрсетілімдерді ұсыну, мысалы, мысалы есепті қалай шешу керектігін, кестені түсіндіру, компьютерлік бағдарламалық жасақтама қолдану. Аталған әдісті «Графикалық органайзерлер «Ақпаратты сүзу» әдісі арқылы тарқатсақ.

Мәтінді оқып, тірек сөздерін анықтаңыз. Маңызды емес сөздер құбырға ағып кетіп, тек маңызды сөздер ғана «сүзгіде» қалады

«**IDEAL**» белсенді әдісі. (Проблемалық жағдаяттар берілген ақпаратпен жұмыс істеуге қолайлы тәсіл).

Оқушылар оқулықтан есептің мәтінін оқиды.

I – мәтін мазмұнындағы проблеманы анықтау

D – проблеманы сипаттау

E – проблеманы шешу жолдарын анықтау

A – проблеманы шешу үшін әрекет жасау (мәселені шешу жолын көрсету)

L – қорытынды жасау, атқарылған жұмысқа рефлексия жасау.

Мәтінді есептерді шешу алгоритмінің блок схемасын құрастыру.

(Блок схемасын құрастыруда) жүйелік органайзер материалдың ақпараттық маңыздылығын арттырып, жүйелі түсінік алуға мүмкіндік береді.

Түсіндіру және сипаттау: Бұрынғы жұмысқа немесе әдіске негіздеп нақты, жақсы құрылымдалған түсініктеме беру: мысалы, есепті шығаруда есептеу тәсілін баяндау және бұл нәліктен осылай шығатынын түсіндіріп, қолданылған шамалардың, математикалық терминнің, таңбаның немесе шартты белгілеу жүйесінің мәнін беру, жалпылама пайымдау үшін қолданылатын мысалдарды келтіре отырып, есепті шығару жолдарын түсіндіру.

Қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын орындауда «**Ойлан-жұптас-бөліс**» әдісін қолдану тиімді.

1-тапсырманы әр оқушы жекелей,

2 тапсырманы жұпта, 3 тапсырманы топта орындай отырып, үлгерімі төмен оқушылардың қажеттіліктерін ескереді.

«**Екеуі үйде, біреуі қонақта**» әдісі

Мақсаты: оқушыларға тақырыпты өздері түсініп оқуы және топ ішінде талқылап, басқаларға түсіндіре алуы.

«**Түйінді сәттер**» әдісі

Ауызша тапсырмалармен қатар, жазбаша тапсырмаларды оқушылар орындағанда оқып жатқан тақырыптың түйінді сәттерін түсінуге және дамытуға әкелетін әдіс.

Сұрақ қою және талқылау:

Барлық оқушылардың қатысып отырғанына көз жеткізу үшін сұрақ қою тәсілі сабақтың бағытына және қарқынына сәйкес келетін жолдармен жүзеге асырылуы тиіс (қажет болған жағдайда, құрылғылардың, калькулятордың көмегімен немесе өзара қарым- қатынас арқылы, белгілер мен таңбаларды қолдану арқылы); шебер ойластырылған, өңделген және мақсатқа бағдарланған ашық және жабық сұрақтарды қолдана отырып, қабілеті жағынан әртүрлі оқушылардың пікірталасқа қатысып отырғанына көз жеткізуге болады; түсініктеме беруін сұрап; оқушылардың жауап берудің алдында ойлануына уақыт беру керек; оқушылардың жауаптарын мұқият тыңдап, олардың білімін дамыту үшін сындарлы әрекет ету; оқушыларға қозғау салып, ойлануына түрткі болу.

Шебер ойластырылған, өңделген және мақсатқа бағдарланған ашық және жабық сұрақтарды қолдана отырып, қабілеті жағынан әртүрлі оқушылардың пікірталасқа қатысып отырғанына көз жеткізуге болады; түсініктеме беруін сұрап; оқушылардың жауап берудің алдында ойлануына уақыт беру керек; оқушылардың жауаптарын мұқият тыңдап, олардың білімін дамыту үшін сындарлы әрекет ету; оқушыларға қозғау салып, ойлануына түрткі болу. Осы тұрғыда «**Құрастыр және жауап бер**» әдісін қолданған тиімді. Сабақта оқушылар өз сұрақтарын құрастырады да, сосын соларға жауап береді.

«**Конверт – сұрақ**» әдісі 2-3 сұрақ жазып, конвертке салыңыз (оқу мақсатына қарай). Әрбір оқушыда өзінікі болатындай етіп, бірнеше конверт. Әрқайсысына екі минут беріңіз: оқушы стикерде атын және жауабын жазады; екі минут өткен соң конверт келесі оқушыға беріледі, осылай бұл 2-3 сұраққа барлығы жауап бергенше жүре береді.

Стикерлерді жинап, бірнеше жауапты дауыстап оқыңыз (аттарын атамастан); сынып белгілі бір сұрақтың қаншалықты дұрыс болғанын талқылайды.

«Қағаздағы сұрақтар» әдісі Әрқайсысы қағаз қиындысына өзі білгісі келген немесе өзі жауап бергісі келген сұрақтарды жазып, қалташаға салады. Араластырылған сұрақтар еркін түрде қатысушыларға таратылып беріледі. Әркім өзіне түскен сұрақтарға жауап береді. Бұл – үй тапсырмасын сұрағанда қолдануға тиімді тәсіл.

«Борт журналы» әдісі

«Борт журналы» – тақырыпты оқып үйренуде өз ойларын жазуға үйретудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін қамтитын жалпылама атауы. «Борт журналы» қарапайым түрде мәтінді оқу алдында және оқу материалымен танысқан соң қолданылады. Оқушылар келесі сұрақтарға жауап жазады:

Берілген тақырып бойынша маған не белгілі? Мен не білемін?	Мәтіннен қандай жаңалық туралы білдім?
--	--

Мәтіннің түйінді ойларын оқушылар өздерінің «Борт журналына» енгізеді. Оқу кезіндегі үзілісте оқушылар тақырыпты өз ойларымен, тәжірибелерімен байланыстырып, «Борт журналының» бағандарын толтырады. Мұғалім оқушылармен бірлесе отырып жұмыс орындайды.

Зерделеу және зерттеу:

Оқушылардың проблемалық мәселе көтеруін немесе зерттеу бағытын жорамалдауды сұрау; белгілі бір жағдайларды жалпылауға болатынын зерттеуді сұрау; қарсы мысалдар іздеп, ерекше жағдайларды айқындауды сұрау; оқушыларды проблема мен оның шешімін ұсынудың графикалық немесе сызбалық нұсқадағы балама тәсілдерін қарастыруға, проблемаға басқаша тұрғыдан қарау үшін бір түрінен екіншісіне көшуге ынталандыру.

«Кім тапқыр» әдісі

Мұғалім ережелерді оқу барысында қате жібереді. Оқушылар тыңдап отырып, қателескен тұсты бірден тауып, дұрыстау керек. Мұғалім қате жіберетін болғандықтан, оқушылар асқан қызығушылықпен мәтінді қалт жібермей тыңдайды. Мұнан соң қате басылған ереже оқушыларға таратылады. Енді «Жаңсақ басылған ереже» ойнына ауысады.

Бекіту және қолданысқа енгізу

Жаңадан меңгерілген дағдыларды тәжірибеде қолдану және дамыту үшін сыныпта және үйде орындауға арналған әртүрлі жаттығулардың көмегімен түрлі мүмкіндік ұсыну; оқушылардың үдеріс барысында әріптесімен жұпта немесе топта бірлесе ойлануы немесе талқылау арқылы оларды өз идеялары мен пайымдауларының ауқымын кеңейтуге немесе өз жұмыстарының жазбасын жүргізу әдістері мен тәсілдерін салыстыруға және жетілдіруге ынталандыру; оларды оқу бағдарламасындағы химиялық есептерді шешуде математикалық дағдыларын тиімді қолдануға ынталандыру.

Рефлексия және бағамдау:

Оқушылардың қателерін анықтап, олардың өзін және оған алып келген түсінбеушілікті талқылай отырып, бұны оқытудың жағымды қыры ретінде қолдану; оқушылар өздері таңдаған әдістері мен ресурстарын неліктен таңдағанын түсіндіру үшін пікірталас жүргізу; оқушылардың топқа немесе бүкіл сыныпқа жасаған таныстырылымын бағамдау; олардың жазбаша жұмысына ауызша кері байланыс ұсыну.

Қорытынды шығару және есте сақтау:

Сабақта жұмыс барысына шолу жасап, оның қорытындысын шығару және оқушылардың не үйренгенін түйіндеу; оқушылардың түсінгенін анықтау және қате түсінген болса түзету; оқушыларды өз жұмыстарымен таныстырып, оның негізгі тармақтары мен идеяларын ұсынуға шақыру; пәннің басқа салаларымен және басқа пәндермен байланыстыру; оқушыларға оқудың келесі кезеңін түсінуге мүмкіндік беру.

Әдебиеттер

1. Н. Оралбаева, Қ. Жақсылықова. «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі».
2. С. Қазбаева, С. Рахметова. «Қазақ тілі оқыту методикасы», Алматы, 1991 жыл.
3. Ж. Қалиева. Орыс тілді мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды жетілдірудің өзекті мәселелері.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей, 4-бет.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУҒА ТӨСЕЛДІРУ

Тусупова Л.Т., педагог-зерттеуші, бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Ақсуат ауданы
«М. Әуезов атындағы Көкжыра орта мектебі» КММ

Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу икемділіктерін дамытуда мәтінмен жұмыс жүргізе білу – қажетті мәселе. Жаңартылған білім беру бағдарламасында мәтінді талдау оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша түйінді дағдылар оқу жоспарында «спиральді» тәсілмен берілген.

Қарапайымнан күрделіге қарай, бірте-бірте білім, білік пен дағдылары кеңейтіліп қалыптасады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған. Соған орай оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруда тәжірибеде қолданып жүрген әдістерге тоқталсам:

Болжай білу-оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл. Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, оған берілген суретке қарап болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі. *Мәтін түрлерін ажырата білу* – әр мәтіннің өзіндік ерекшелігін, ұйымдастырылуын, стилін ажырата білу. Мәтін түрлері: хат, мақала, жарнама, әңгімелер, поэма, құттықтау қағазы, ақпараттық брошюра, үнпарақ, хабарландыру, т.б. Бұл дағдыларды іске асыру үшін құрылатын тапсырмалардың да өз реті болуы тиіс. Мысалы, оқылымға арналған тапсырмалар құрылымы төмендегідей:

Оқылым алдындағы тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған жаттығулар, сөздерді алдын-ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою. Оқылым барысындағы тапсырма: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар (сұрақтар). Алғашқы жаттығулар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.

Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Мысалы, бір оқиғаны сипаттап беру немесе оқиғаға баға беру. Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай жасалуы керек.

Оқылымның стратегиялары:

Шолып оқу: мәтін тақырыпшасын, бөлімдер аттарын, абзац сандарын шолу.

Болжап оқу: мәтіннің құрылымдық бөліктерін жекелеп оқып, ары қарай не болатынын, автор ойын болжау.

Көз жүгіртіп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымын жылдам, жалпылай көз жүгіртіп оқу.

Зерттеп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымдық бөліктерін шолып оқуға қарағанда күрделі оқу түрі. Зерттеп оқу оқушыдан назарын шоғырландырып оқуды талап етеді. Оқылым мәтінінің астарлы ойын, автор көзқарасын, мәтіндегі көтерілген мәселені, факті мен көзқарасты зерделеп ажырату зерттеп оқудың ерекшелігі болып табылады.

Детальді түрде оқу: әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз.

Түсініп оқу стратегиясы: мәтіннің мазмұнын, автордың айтпақ болған ойын, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқу.

Талдап оқу стратегиясы арқылы стилі мен жанрын, кімдерге арнап жазылғанын талдап оқу.

Астын сызып оқу немесе белгілеп оқу стратегиясы арқылы мәтіннің тілін, автордың оқырманмен байланысын анықтау.

Комментарий жасап оқу стратегиясы арқылы автордың айтпақ болған ойын, мәтіннің кімдерге арналғандығын анықтау, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну.

Рөлге бөліп оқу стратегиясы арқылы мәтін ойын рөлге кіріп оқу арқылы саралау.

Мәтін – тілді оқытудағы негізгі құрал. Ол оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу арқылы жүзеге асады. Мәтінмен жұмыс тіл үйренушінің сөздік қорын байыту мен еркін сөйлеуге үйрету немесе өз ойын ашық, анық жеткізе білу дағдысын қалыптастыру мақсаттарын көздейтіндіктен, тілді оқытуда мәтінмен жұмыс жүргізуде ұтарымыз мол болмақ. Мәтін – қазақ тілін оқыту барысында үлкен орын

алатын оқыту нысаны. Біріншіден, білім беретін материал оқыту мәтіндері түрінде болса, екіншіден, жаттығулардың тұтас мәтін түрінде берілуі де мәтінмен орындалатын жұмыстардың сараланып жүйеленуін қажет етеді.

Мәтіннің қызметін таныту – оқушыға тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан танып-білуіне, сол арқылы логикалық ойлауының бірізді қалыптасуына мүмкіндік береді. Осыған байланысты мұғалім мәтінмен жұмысты жүйелі жүргізгенде және оқушының сауатты оқу дағдысын қалыптастыра білгенде ғана нақты нәтижеге қол жеткізе алады. Оқыту мен оқу үдерісінде білім алушы теориялық, танымдық ақпаратты мәтін арқылы алады, ал алынған ақпаратты қабылдап, ой елегінен өткізу арқылы шығармашылық әрекетпен өмірде қолданады.

Мәтін мазмұнын жан-жақты ашуда белсенді әдістер арқылы топтық, жұптық, жеке жұмыс түрлері, тақырыптар бойынша тілдік және мәтіндік талдау, сыни тұрғыдан ойлануға байланысты жағдаяттық тапсырмалар, шығармашылық тапсырмалар берілсе, оқушылардың өзіндік ізденісін де арттыруға мүмкіндік туады. Мәтінмен жұмыс жасау барысында тілдік (әңгіме, дәріс, диалогтік оқыту, топтық оқыту, бірлесе оқыту), көрнекілік (танымдық, зерттеушілік, сюжеттік, деректі фильмдер, көрсету, презентация).

Практикалық (жаттығулар, тапсырмалар, графикалық органиайзерлер, шығармашылық жұмыстар, ақпараттық ізденістер), репродуктивтік, проблемалық-ізденушілік, сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары сияқты әдістерді кеңінен қолдану ұсынылады. Оқу-тәрбие үдерісінде жоғарыда ұсынылғандай жұмыстар жүргізілгенде білім алушылардан мынадай нәтижелер күтуге болады: мәтінге қатысты құрылымдық сипаттарды, ерекшеліктерді, лингвистикалық терминдерді меңгереді; мәтін түрлері мен шығармашылық жұмыстардың түрлерін ажырата алады, құрылымдық ерекшелігіне сәйкес қолдана біледі.

Жаңа оқулықтарда берілген тапсырмалар мәтінді оқу, оның мазмұнын айтумен ғана шектелмей, мәтінге қатысты өзі сұрақтар құрастыруына, себебін анықтауына, болжам жасау мен өзіндік бағалауына, сұраққа жауап болатын ақпаратты дереккөздерден табу ретін білуіне, жаман мен жақсыны айыра білуіне жетелейді.

Сөйлеу әрекеттерінің түрлері бойынша:

Тыңдалым:

тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау, әлеуметтік – қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну, орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру, мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау, көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру.

Айтылым:

мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау, коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу, сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу, шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты «автордың ойын» бағалау, тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу, кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау.

Оқылым:

мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау, ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтау, прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау, мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру, мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру.

Жазылым:

мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, өз ойын дәлелдеп жазу, жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу, түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу, тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу, сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану.

Мәтінде талдауда оқушыларға төмендегідей мақсатты шешу жүктеледі:

– мәтіндегі ақпаратты анықтау;

- мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстыру;
- мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау; қорытынды жасай білу;
- ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшеліктерін анықтау;
- мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру;
- мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру;
- мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып талдау жасау;
- мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау;
- мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау;
- әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, хабарлама, жарнама, хабарландыру) көтерілген мәселені түсіндіру;
- әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, өмірбаян, жаңалық, интервью) көтерілген мәселені талдау;
- әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырып-тарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалар-дан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау;
- әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспрессивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау;
- тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау;
- тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау;
- тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу;
- тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау;
- тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау;
- мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудары отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау;
- мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау;
- мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау;
- проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау;
- перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау;
- мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айту.

Әдебиеттер

1. Ақшолоақов Т.Қ. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы, 1994 ж.
2. Ахметов К.К. Әдебиеттану әліппесі. Алматы, 2000 ж.
3. Әбдіғазиев Б. Шәкәрім Құдайбердиев, творчестволық өмірбаяны /методикалық нұсқау/ Алматы, 1989 ж.
4. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, 1997 ж.
5. Дәулетбекова Ж. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Алматы, 1997 ж.

ҒТАХР: 17.01.09

ОРТА МЕКТЕПТЕ ГРАММАТИКАЛЫҚ НОРМАНЫ ОҚИТУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Исатай А.Б., «Абай және ұлттық руханият» F3O-ның маманы
Қазақстан Республикасы, Семей қ., isatay.ayman@bk.ru

Білім беру мазмұны – жаңашыл, дүниетанымы жоғары тұлғаны қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесі. Білім сапасының жоғарлауы – жарқын болашақтың кепілі десек, сол өскелең ұрпаққа жаңа серпін беретін тұлға – ұстаз, ал құралы – оқулық. Қазіргі таңда баспа бетін көріп, оқушы пайдаланып жүрген «Қазақ тілі» пәніне арналған оқулықтар білім беру мазмұнына сай болуы шарт. Бұл тұста білім беру мазмұнына сай әзірленген «Қазақ тілі» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттерін атап өткен жөн:

- қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде сауыттылықпен қолдану;

- тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын жетілдіру, басқалармен еркін тілдік қарым-қатынасқа түсу;
- тілдесім мен аудиовизуалды материалды тыңдау барысында өз көзқарастарын білдіру;
- көркем мәтін және жай мәтіндерге мақсатқа сай қорытынды жасау, синтез, анализ жасау дағдыларын қалыптастыру.

Мақсат айқын, демек осы жолға бағдар беретін оқулықтардың да жаңа қалыпқа, жаңа мазмұнға ие болуы қажет.

«Қазақ тілі» пәніне арналған үлгілік оқу бағдарламасының 2-тарауында («Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру) сабақты жүйелеу, оқушы мен мұғалім арасында байланыс орнатуға бағытталған 4 бөлім көрсетілген:

- Тыңдалым және айтылым.

оқытудың негізгі міндеттерін атап өткен жөн:

- Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер Оқылым.
- Жазылым.
- Әдеби тіл нормаларын сақтау [1,11].

Әр бөлім бірнеше бөлімшелерден құралады. Әр сыныпқа жеке тоқталып, оның нормалық негіздерін талдау үшін шағын мақала жеткіліксіз. Сондықтан негізгі нысан 7-сыныпқа арналған «Әдеби тіл нормаларын сақтау» бөлімінің ішінде «Грамматикалық норма» болмақ. Бұл бөлімшенің өзі 5 тармақтан тұрады. Әр тармақта сабақ құрылымын жүйелеуге, оны жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін оқу мақсаттары берілген.

Грамматиканы оқыту оқушылардың сауатты болуына, сөз жүйесін дұрыс пайдалана білуіне жол ашады. Бұл тұста мектеп бағдармасында грамматиканы оқыту басты назарда ұсталуы қажет.

Жалпы қазіргі қоғам талабы өз ойын анық дұрыс жеткізе алатын, ауызша да, жазбаша да сауатты жазып, сөйлей алатын ұрпақ тәрбиелеу болып отыр. Әрине, ондай ұрпақ дайындап шығару үшін, ең алдымен, грамматикалық бірліктер мен категориялар туралы білім қалыптастыру керек. Тек тіл деңгейлері мен бірліктерінің өзара байланысын, тіл білімінің негізгі ұғымдарын игерту арқылы ғана тілдің грамматикалық негізі мен коммуникативтік мақсатын ұштастыруға мүмкіндік туындайды.

Қазіргі білім беру жүйесінің типтік бағдарламасында тілдік талдауларға, яғни лексикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік талдауларға, сөздердің пайда болуын, сөздердің қызметін, сөздердің орналасу тәртібі мен себебін түсіндіру жағына мән берілмеген. Қазіргі білім беру бағдарламасы бойынша оқушы мәтін талдайды. Мәтіннің негізгі идеясын, тақырыпты, негізгі белгілерін таниды, стилін анықтайды, кілт сөздерді т.б. бөліп көрсетеді. Осы арқылы мәтінді логикалық жағынан тануға көп мән берілген. Бірақ логикалық талдауды жасаған оқушы берілген мәтін бойынша басқа мәтін құрастыра алуы және тілдік талдау жасай алу керек. Өкінішке орай, бұндай талдау жасау барысында оқушылардың қиналатынын, тіпті талдау жасай алмайтындығын көруге болады. Сондықтан қазақ тілі пәнін оқытуда мына үш мақсат негізге алыну керек: біріншіден, мәтінтану, екіншіден, мәтінтудыру, үшіншіден, әдеби тіл нормалары. Мәтінтану мен мәтінтудыру тікелей әдеби тіл нормаларымен байланыста жүргізілу керек. Өйткені лексика-грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық нормаларды дұрыс меңгермеген оқушы сауатты мәтінтану мен мәтінтудыруды іске асыра алмайды. Ал әдеби тіл нормаларын, оның принциптерін жақсы меңгерген оқушы қай жағынан болса да, сауатты болатыны белгілі. Норманы жақсы меңгерген оқушы ғана барлық жағынан сауатты, орфографиялық, стильдік, пунктуациялық т.б. қателер жібермейді. Тіл білімінің негізгі заңдылықтарын жетік меңгермей тұрып, тілді дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білуге үйрету мүмкін емес. А.Байтұрсынұлы “Тіл – құрал” еңбегінде: “... сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлеген сөздің жүйесін, қисынын келтіріп, сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге: қай сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша біріне-бірі қилысып, жалғасатын дағдысын білу керек”, – деп қорытынды жасайды [2,142]. Бұл жерде ғалым дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білу үшін негізгі тілдік заңдылықтар мен қағидаларды білудің маңыздылығын көрсеткен. Сондықтан мектеп бағдарламасында әдеби тіл нормалары барынша толық берілуі керек және ол мәтінтанудан бөлек жүргізілмеу керек. Грамматикалық норма мәтінтудыру мен мәтінтанумен байланыста қарастырылуы қажет. Яғни, оқушы морфологиялық және синтаксистік тәсілдерді жақсы меңгеріп, оларды өмірде, практикада дұрыс пайдалана алу керек.

Грамматиканы оқыту барысында ұмыт қалдыруға болмайтыны – грамматикалық мағына. Оқушылар бірінші кезекте грамматикалық мағына мен лексикалық мағынаның ара жігін ажырата білуі тиіс. Осы жағдайда тақырып барынша ашылып түсінікті болмақ. Ол үшін грамматиканы оқыту барысында назарға алуға тиісті бірнеше сатыларды атап көрсету қажет:

- грамматиканы сипаттамалы түрде оқыту. Грамматикалық мағына және грамматикалық форма;
- грамматика және оның салалары;
- грамматикалық категория;
- сөздің морфологиялық құрамы [3,83].

Бұл тарауларды меңгеруге қадам жасамас бұрын осыған дейінгі қазақ тіл біліміндегі грамматикалық олқылықтарды атап өткен жөн. Грамматикалық категорияларды бірнеше жіктерге классификациялап, өзіндік белгілеріне сай әрқайсына ғылыми атау беру, әрине, оңай емес. Бұл жолда әртүрлі пікірлер кездескені белгілі. Себебі қандай ғылым болса да пікірлерсіз, сын бостандығынсыз дами алмайды. Дегенмен, пікірлер күресі дегенді бітпейтін, еш нәтиже бермейтін дауға айналдыру, артынша ол дауды жас өспірімдерге арналған оқулықтарға енгізуге болмайды.

Мектептерге арнап оқулықтар жазып жүрген кейбір тіл мамандары оқу бағдарламасында, оқыту тәжірибесінде қалыптасқан жағдайларға қарамастан оларды өз беттерінше бұзып, өз жаңалықтарын кітап беттеріне енгізе салатын жағдайлар кездеседі. Грамматикалық оқулықтардағы өзгешеліктер грамматикалық терминдерде, грамматикалық категорияларды классификациялауда болмай, теориялық мәселені түсіндіру тәсілінде болса еш қиындық тудырмайтын еді. Алайда осы оқулықтардың бірінде қолданылған терминдер мен грамматикалық категорияларды классификациялауды екіншісі жоққа шығарып отырған. Бұндай қайшылықтар қандай оқулықтың түрі болмасын кездеседі.

Оқулықтарда жіберілген кемшіліктер де оқушының білім сапасына әсер ететіні сөзсіз. Мысалы, мектеп оқулықтарында грамматикалық норма жалпылама және өте аз ұсынылады, ал оларды ашуға арналған жаттығулар тіпті де аз. Бұл да оқушының сауаттылығына тікелей әсер етеді. Мысалы, «Атамұра» баспасының 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқу құралында етістіктің райларына жалпылама түсініктеме беріледі де, оны меңгертуге арналған бар жоғы 3 жаттығу жұмысы көрсетіледі. Дәл сол секілді оқшау сөздерге жалпы түсінік беріліп, оған арналған 2 жаттығу жұмысы ғана жасалған. Мектеп оқулықтарының қай қайсысына талдау жасамасаңыз да, әдеби тіл нормаларын меңгертуге бағытталған тәжірибе жұмыстары өте аз.

«Грамматикалық норма» оқу мақсаттарының бір бөлімшесі ғана болғанымен, мазмұны ауқымды. Оның әр тармағында жүзеге асырылуға тиіс оқу мақсаттарын саралап, тапсырма ұсыну үшін бір мақала жеткіліксіз. Осы себепті де бұл тақырыптың қаншалықты көлемді екенін жете түсініп, оны жүйелеп оқытуды мықтап қолға алу қажет. Оның тек мектеп бағдарламасы бойынша жүргізілетін оқытуда ғана емес, өскелең ұрпақтың сауаттылығы үшін де маңызы зор.

Қорыты айтқанда, қазіргі таңда “жаңа парадигма” негізінде білім берудің мазмұнды-әдістемелік негізін жүйелі өзгертуін ғана емес, сонымен бірге логикалық-әдістемелік негізді жаңартуды, педагогикалық жүйенің жаңа парадигмасын жетілдіруді қажет етеді.

Әдебиеттер

1. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 340б.
2. А.Байтұрсынов Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 444 б.
3. С.М.Исаев. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 2007.

ЭССЕ ЖАНРЫ ЖӘНЕ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЭССЕ ЖАНРЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Шошаева А.С., қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
«№ 43 жалпы орта білім беретін мектеп», *aijan86_04@mail.ru*

Соңғы жылдары елімізде және бүкіл әлемде болып жатқан экономикалық және әлеуметтік өзгерістер заманауи адамнан тек білімді болуды ғана емес, өзгеше ойлауды, кез келген өмірлік міндеттерді шығармашылықпен шеше білуді, дәстүрден тыс іс-әрекет етуді талап етеді. Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі де шығармашыл, әлеуметтік тұрғыда қалыптасқан тілдік тұлғаны дамытуға бағытталуы тиіс. Өйткені «шығармашылық ойлау қабілеті бар адам өмірдің түрлі шарттарына тез бейімделеді, кез келген мәселенің стандарттан тыс шешімдерін табады, қателік жасаса да оны өздігінен түзете алады» [1, 216]. Жазбаша шығармашылық жұмыстар авторлық стилі бар, өз ойын жазбаша жеткізе білетін, ішкі жан-дүниесін ақтара білетін тілдік тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Заманауи бұқаралық қатынас тәжірибесіне сәйкес жазбаша тіл дамыту жұмыстарының ішінде ең маңыздысы эссе жанры болып табылады. Эссе француз тілінен «essai», ағылшын тілінен «essay» – талпыныс, жазушылық сынама, очерк; латын тілінен «exagium» – ойлау деген мағынаны білдіреді.

Эссе философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше толғап, әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын жанры. Әдебиеттегі эссе – соны пікірлерге көбірек мән беріліп, оқырманды ой теңізінде жүздіретін таңдай қақтыратын, өзінше ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын, қаныңды қыздырып, рухани әлеміңе азық сыйлайтын, дүние құбылыстарын өткір қабылдауымен ерекшеленетін көркем туынды. Эссе табиғаты сыршыл сезімге, тіл бояуларының айрықша салтанатына, әшекейлі композицияға құрылады. Өзгеше бітімді бұл өнер туындысында эссеші интеллектуалдық байлығын, аңғарымпаздығын, жарқын, тапқыр ойлылығын, өмір саяхатындағы көрген-білетін, сезінген-түйгенін, тәжірибелерін жомарттықпен жайып салады. Эссе сипатында туған туындыларға батыл болжамдар мен өткір ұсыныстар, пікір жарыстырулар мен талас тудыратын жорамалдар, ойлар, көкейге қо-нымды, таным көкжиегін кеңейтуге қозғау саларлық байламдар тән. [2,6].

Бүгінгі таңда мектептерге қойылған басты талап – «алдыңғы буынның іс-әрекетін қайталай бермей, сындарлы ойлай білетін жаңа нәрсе жасай алатын ұрпақты тәрбиелеу» екені белгілі, осы орайда эссе өте өзекті жанр болып табылады. [3,19].

Эссе жазудың нақты мақсаты қандай?

- ▶ Белгілі мәселе бойынша өз пікірін айту және дәлелдеу;
- ▶ Сұрақ бойынша өзінің түсінігін, ойын айту;
- ▶ Оқырмандарды ақпараттандыру;
- ▶ Мәселені талқылау және шындықты табуға тырысу;
- ▶ Өзінің және оқырманның көңілін толтыру, рақатқа бөлеу;
- ▶ Көңіл-күйінді білдіру және оқырман көңілін аудару, эмоция туғызу;
- ▶ Іс-әрекетке түрткі болу.

Эссе жанрын зерттеушілердің бірі Ольга Вайнштейн «Не үшін және кім үшін эссе жазу керек?» деген эссесінде бұл жанрдың негізгі мақсаты: «бастысы-оқырманды ойға шомдыру, таңданысын тудыру, өзін-өзі көрсете білу қажеттілігін дамыту» екенін атап өткен [5, 21].

Шығарма мен эссені ажырата алмау жайттары жиі кездеседі. Бұл мәселенің туындауының негізгі себебінің бірі – эссені шығарма деп қабылдау. Эссе шығарма жұмысының түріне жатады, бірақ барлық шығарма эссе болып табылмайды. Мұндай түсініспеушілік туындамас үшін екі жазба жұмысын, яғни шығарма мен эссенің өзіндік ерекшеліктерін оқушыға түсіндіріп алған дұрыс. Әдетте шығармашылық жұмыстарға суретшінің салған суреттерін, композитордың шығарған әндері мен күйлерін, жазушының жазған әңгімелерін, романдарын, ақындардың өлеңдерін жатқызамыз. Эссе де шығарманың бір түрі болып табылады. Бірақ эссе шығармашылық жұмыс ретінде өзге жазба жұмыстарына ұқсамайды. Ең алдымен, эссеге қойылатын талап ол – белгілі бір тақырыпты, мәселені талдау, сипаттау және бағалау. Бұл автордың пікірі мен оны дәлелдеуі үшін қолданылатын фактілерін жүйелі түрде және академиялық жазылым бағытында жазуымен ерекшеленеді. Сондай-ақ, эссе – оқу үдерісі барысында мектептерде жиі жазылатын шығарма түрі. Ол берілген тапсырма немесе қойылған сұраққа байланысты аргументтік, сипаттамалық, сендіру, баяндау, артықшылығы мен кемшілігі т.б. көптеген түрлері бар.

Эссенің түрлеріне қарай жазылу күрделілігі мен ерекшеліктері анықталады. Сондықтан эссе түрлерін жазу оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай ұсынылады. Мысалы, бастауыш сыныпта сипаттамалық, баяндау эсселері жазылса, жоғары сыныптар үшін аргументтік, мәселе мен оның шешімдері сияқты эсселер жазуға берілуі мүмкін [4, 56].

Эссенің шығармадан айырмашылығы:

Шығарма – белгілі бір берілген тақырыпқа арналған, міндетті құрылымнан тұратын, тек пәндік білімге бағытталған шығармашылық жұмыс.

Шығармада жоспарды жазу міндетті.

Шығарма формасы оның түріне байланысты, көбінесе көркем мәтінді талдауға негізделеді.

Шығарманың мақсаты – жазылым тілін дамыту, логикалық ойлауды дамыту, шығармашылық, қиялды, нақты нәрсені еркін, қызықты түрде беруге ұластыру.

Эссе – еркін композициялық құрылымға негізделген

Эссе қатаң түрде жоспарға негізделуі міндетті емес.

Эссе жеке көзқарас, сараптама, дәлелдемелерге негізделеді.

Эссенің мақсаты – эссе жазушының өзіндік көзқарасын, сыни ойын жетілдіру,

Эссе жаздырудың техникасы:

1. Эссе қалай жазылады? Жазылу құрылымын түсіндіру керек.

Эссе жанрының құрылымы:

- ▶ кіріспе;
- ▶ тезис, дәйектер;
- ▶ тезис, дәйектер;
- ▶ қорытынды.

Эссенің құрылымдық бөлімдері:

Кіріспе:

• Оқырманды қызықтыру үшін кіріспе бөлім жанды, нақты, күшті және мінсіз болуы керек. Онда оқырманға үндеу, афоризм, жалпы ой, жеке тәжірибеге сілтеме, ассоциация, тұжырым, сұрақ, жеңіл ескертпе т.б. болуы мүмкін.

Негізгі бөлім:

• Тақырыпты дамыту
• теория, фактілер, идея, ақпараттар, параллелдеу, аналогия, ассоциация, теңеу, сұрақтар қою, т.б. қолданып, дәлелдеу (аргументтеу)

Қорытынды:

• Жалпылау мен аргументтеріңіздің логикалық қорытындысы

2. Тақырып таңдалынып, ақпараттар жүйесі құрылу керек.

3. Арнайы эпиграф дәптерін арнау қажет (БАҚ, кітаптан, ғаламтор желісінен ұнаған дәйексөзді дәптерге жазып отырып, жаттау керек).

4. Ең үздік эссені жариялап отыру керек (Жариялылық – оқушыға шабыт береді, СТО «Автор орындығы»).

5. Кері байланыста болу керек.

6. Үздіксіз эссе жазып отыру керек.

Аргументтер, теориялық негіздеме, терминдерді қолдану, цитаталарды келтіру, әр түрлі көзқарасты мысалға алу, логикалық заңдылықтың сақталынуы, сауаттылық, салыстыру және қорытындылау әдістерін қолдану сияқты шарттар эссе жазуда қатаң сақталынуы тиіс.

Жалпы, эссе жанрының артықшылығы қатаң шектеулердің болмауында. Шығармашылықтың толық еркіндігі, өз пікіріңді білдіру және ойыңмен бөлісу мүмкіндігі, мәселені қалыпсыз шешу бұл керемет идеяларды шығаратын шығармашылық адамдарға осы жанрды тартымды ететін эсеге тән ерекшеліктер болып табылады. Қазіргі мектеп оқушысы – келешек маман, ол қандай салада болсын өзінің шешімі мен тұжырымын сауатты бере алатын, ауызша да, жазбаша да талаптарға әрі уақытқа сай ойын толғай алатын маман болуы тиіс.

Әдебиеттер

1. Аспанова Н.И. Самореализация личности в процессе творческой деятельности учащихся. <http://kollegi.kz/publ/49-1-0-3220>.
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998
3. Обухова Л.Ф. Концепция Жана Пиаже: за и против. М., 1991г.
4. Оспан Е. Академиялық жазылым негіздері: Оқу құралы. – Алматы: «Білік» баспасы, 2020. – 340 бет
5. Вайнштейн О.Б. «Для чего и для кого писать эссе? Литературная учеба. 1985 г. – № 2. – 215 б

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ІЗДЕНІМПАЗДЫҒЫН АРТТЫРУ

Абеуханова С.О., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
«№ 21 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Оқу – бұл тәрбиенің базалық компоненті, білім мен мәдениет дамуы. Ол тұлғаны дамытушы және қалыптастырушы іс-әрекеті болып табылады. Мәтін бойынша жұмыстың түрлері оқуға деген қызығушылықты арттырады, сонымен қатар мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастырады. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруда мәтінмен жұмысты талапқа сай ұйымдастыруы қажет. Ол үшін әр сабақта оқытудың жаңаша әдістерін пайдалана отырып оқушылардың тақырыпты өз бетімен меңгере алуына билік беру, ізгілендіру ұстанымдары арқылы жүзеге асыруды көздеу қажет. Оқушының жеке траекториясын ескере отырып, сындарлы оқыту теориясын басшылыққа алып, сабақ мақсатына жетелейтін белсенді әдіс-тәсілдерді нәтижеге бағыттап тиімді қолданған тиімді. Оқушылардың әрекеті танымдық, коммуникативтік және өзін-өзі басқару тұрғысында көрініс тауып, барлық оқушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуы керек.

Мұғалім сабақта берілген мәтінмен жұмысты топтық жұмыс түрінде ұйымдастыра отырып оқушыларға мәтінді бірлесіп зерттеу жасауға және өз идеяларымен бөлісуге мүмкіндік береді. Оқушылардың талдау, синтез, бағалау секілді дағдыларын пайдалануына, дамытуына ықпал етеді. Оқушыларды ақпаратты іздеуге және күрделі мәселелерді өз бетінше түсінуге ынталандырады. Жалпы алғанда оқу сауаттылығының аспект құрамдаушының «ақпарат іздеу», «кеңінен түсінуді қалыптастыру», «интерпретациялауды дамыту», «мәтін мазмұнын көрсету және бағалау», «мәтін нысанын көрсету және бағалау» жұмыстары жүргізіледі.

Мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруда:

- оқушылардың мәтінмен жұмыс жүргізу барысында ақпаратты толықтай қабылдай біліп, ішінен негізгісін ала білу дағдыларын қалыптастыру жолдарын қарастыру;
- оқу сауаттылығын бағалау үшін оқушыларға берілген мәтіндегі материалдарды салыстыру, автордың ойын аңғару, жауапқа дайындалу барысында нақты дәлелдемелер табуды меңгерту жағдайлары туралы әдістерді ортаға салу;
- оқушыларға мәтіннің негізгі идеясын анықтай білуге үйретудің тәсілін қарастыру;
- мәтін түрлерімен жүргізілетін әдіс-тәсілдерді анықтау негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Мәтінмен жұмыс – қазақ тілі мен әдебиетін оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Біріншіден, тілден білім беретін материал оқыту мәтіндері түрінде болса, екіншіден, жаттығулардың тұтас мәтін түрінде берілуі де мәтінмен орындалатын жұмыстардың сараланып жүйеленуін қажет етеді. Мәтіннің қызметін таныту – оқушыға тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан танып-білуіне, сол арқылы логикалық ойлауы бірізді қалыптасуына мүмкіндік береді. Осыған байланысты мұғалім мәтінмен жұмысты жүйелі жүргізгенде және оқушының сауатты оқу дағдысын қалыптастыра білгенде ғана нақты нәтижеге қол жеткізе алады.

Мәтінмен жұмыс істеу мынандай кезеңдерге бөлінеді:

- I. Мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс.
- II. Мәтінмен жұмыс кезеңі.
- III. Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең.

Мәтінмен жұмыс істеу кезеңінде оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа лайықты тапсырма берген тиімді. Мәтінді оқуда төмендегідей әдіс-тәсілдерді қолдануға болады:

1. Дауыстап оқу – сөздерді дұрыс айту дағдыларын қалыстырады, сонымен қатар, оқушылар бірінің қатесін бірі түзетуге мүмкіндік береді.
2. Іштей оқу – бұл әдіс бойынша мәтінді оқып, әңгімелеп беру арқылы мәтінді басқаның көмегінің өзін түсіну деңгейін көрсетеді.
3. Араласып оқу (кезекпен оқу).
4. Мәтінді мәнерлеп оқу.



Осындай жұмыс түрлерін жүргізу кезінде оқушылардың ой-өрісін дамытуға, терең білім алуларына мүмкіндік туады. Мәтінмен жұмыс жасау кезінде сын тұрғысынан ойлау әдістерін қолдануға болады. Мәтінмен жұмыс арқылы ойды қозғату, ояту арқылы әсер ету жүзеге асады.

Тәжірибемізде қолданып жүрген «*Топтау*», «*Түртіп алу*», «*Ойлану*», «*Жұпта талқылау*», «*Болжау*», «*Әлемді шарлау*» әдістерін (стратегиялар) оқушыларға мәтіннің мазмұнын жетік түсінуге көмектеседі. Қызығушылықты ояту кезеңінде оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады. Мәтіннен жаңа ақпарат алады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады.

Оқушылардың мәтін бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі **INSERT**. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында

«V» – “білемін”, — —

«-» – «мен үшін түсініксіз»,

«+» – «мен үшін жаңа ақпарат»,

«?» – «мені таң қалдырады» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады.

INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әртүрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әртүрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді.

Оқу сауаттылығының 3 құрамдаушы (жағдай, мәтін, аспект) бойынша оқушыларды мәтіндермен жұмыстандырып, сол мәтіндердегі шынайы мысалдарды неғұрлым көбірек табуға жұмыстандыру арқылы мәтін типін зерттеуге қатыстыру, мәтінде берілетін қорытынды ойды беретін сұрақтар бойынша жұмыстар жүргізу тиімді. Мәтінмен жұмыс істеуде: мәтіннен ақпарат алып, оған тақырып таңдап, мәтіннің жалпы мағынасын беретін тезис құрап, графиканың негізгі бөліктері мен картаның, суреттің мақсатын түсіндіру, салыстыру және мәтіннің сипаты мен түрін анықтау керек. Мәтіннен ақпарат табу үшін оқушы мәтінді оқи отырып, оның негізгі бөліктерін айқындап, ондағы айтайын деген негізгі ойды табады. Сонымен бірге мәтіндегі түрлі ақпаратты салыстырып және қарама-қарсы қойып, тезистер арқылы қорытындылар жасайды.

Тіл дамыту жұмысын әр сабақта жүргізіп отыру үшін мұғалім керекті дидактикалық материалдарды, құрал – жабдықтарды күні бұрын дайындап, сабақты қызықты, уақытты үнемдеп ұйымдастыра білуі қажет.

Суретпен жұмыс істеу арқылы қазақ тілінде сөйлем құрастырып үйретуге, жаңа сөз жаттатқызуға болады. Бұл үшін оқулықтағы немесе интерактивтік тақтамен, қосымша слайд материалдары пайдаланылады.

Тіл дамыту жұмысының ең бір маңызды түрі – сөздікпен жұмыс. Сөздікпен жұмыс тек қана мәтінді өткенде жүргізілмейді. Сонымен бірге грамматикалық анықтамаларды, жаттығу жұмыстарын, суретпен жұмыста, өлең, жұмбақ түсіндіргенде, сұрақтарға жауап бергенде де жүргізіліп отырады. Олай болатын себебі орыс мектептеріндегі қазақ тілінің әр сабағында жаңа сөз, жаңа ұғым түсіндіріледі. Тіл дамыту жұмысын әр сабақта жүргізіп отыру үшін мұғалім керекті дидактикалық материалдарды, құрал-жабдықтарды күні бұрын дайындап, сабақты қызықты, уақытты үнемдеп ұйымдастыра білуі қажет.

Мәтінді оқып, оны өз бетінше меңгеруі әдіс- тәсілдердің тиімділігіне байланысты. Мәтінмен жұмыс төмендегідей критерийлер бойынша іске асады:

- мәтіннің негізгі жағдайы қандай;
- не жаңа болды немесе таңқалдырды;
- немен келіспейді;
- қойылған сұраққа жауап табу.

Тапсырманы орындаудың алдында оқушылардың мәтінді кем дегенде екі рет оқып шығуын талап етеміз. Бірінші оқығанда жалпы идеяны тауып, анықтап, бөлімде қандай мәселенің көтерілгенін білу үшін олар мәтінді тез оқып шығуы мүмкін, ал екінші рет мұқият оқиды. Алған мәліметті талқылаудың алдында қайтадан ойланады. Мәтінмен жұмыс сабақта өтілетін әр түрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады.

Мазмұнына қарау: мәтінде қарастырылған бөлімнің негізгі идеясы қандай, нені білгенін айтады. Олар мәтіндегі негізгі тірек сөзден бастайды. Тәжірибе барысында «Мені түсін» оқыта үйрету ойыны пайдалы болды. 10 шақты тірек сөзді айтады. Одан кейін мұғалім өзі дайындаған түйінді сөздерімен салыстырады. Кімнің осы түпнұсқамен сәйкес келетін сөздері көп болса, сол жеңеді.

Миға шабуыл: оқушылардың қиын бөлімді түсінулері үшін, мәтінді оқудың алдында миға шабуыл жасап алған тиімді. Сұрақ: «Бұл бөлім не туралы деп ойлайсындар?» Осылайша оқушылар бір – бірімен сөздік қорларымен және білетін мәліметтермен ой алмасады.

Сұрақ қою: өз көзқарастарымен сұрақ құрастырып, оған ойланып жауап нұсқаларын ұсынады. Жауаптарын тексеру үшін қайтадан миға шабуыл жүргізуге болады. Сұрақтарды Блум таксономиясына салу.

Оқығанды айту: бөлімді сынып алдында дауыстап оқу, тоқтап мазмұнын және мәтіннің мәнін талдау.

Мәтінмен жұмыс жүргізуде **оқылымның стратегияларын** тиімді пайдаланған оңтайлы нәтиже береді:

- Шолып оқу: мәтін тақырыпшасын, бөлімдер аттарын, абзац сандарын шолу.
- Болжап оқу: мәтіннің құрылымдық бөліктерін жекелеп оқып, ары қарай не болатынын, автор ойын болжау.
- Көз жүгіртіп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымын жылдам, жалпылай көз жүгіртіп оқу.
- Зерттеп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымдық бөліктерін шолып оқуға қарағанда күрделі оқу түрі. Зерттеп оқу оқушыдан назарын шоғырландырып оқуды талап етеді. Оқылым мәтінінің астарлы ойын, автор көзқарасын, мәтіндегі көтерілген мәселені, факті мен көзқарасты зерделеп ажырату зерттеп оқудың ерекшелігі болып табылады.
- Детальді түрде оқу: әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз.
- Түсініп оқу стратегиясы: мәтіннің мазмұнын, автордың айтпақ болған ойын, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқу.
- Талдап оқу стратегиясы арқылы стилі мен жанрын, кімдерге арнап жазылғанын талдап оқу.
- Астын сызып оқу немесе белгілеп оқу стратегиясы арқылы мәтіннің тілін, автордың оқырманмен байланысын анықтау.
- Комментарий жасап оқу стратегиясы арқылы автордың айтпақ болған ойын, мәтіннің кімдерге арналғандығын анықтау, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну.
- Рөлге бөліп оқу стратегиясы арқылы мәтін ойын рөлге кіріп оқу арқылы саралау.

Әдебиеттер

1. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі: мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Ан-Арыс, 2009. – 368 бет
2. Әлметова Ә. “Сөйлеу әрекеттері түрлеріне оқыту (әдістемелік құрал). – Алматы: “Арыс” баспасы, 2007. – 114 бет”).
3. Қазбекова Н.Т. “Қазақ тілі сабақтарында коммуникативтік оқытудың элементтерін қолдану”. // 12 жылдық білім, 2014 – № 1.
4. Рахымбаева А., Тойымбаева Ж. “Қазақ тілі сабағында оқушылардың коммуникативтік құзырлығын дамыту”. Ғаламтор желісі
5. “Технологиялар арқылы сабақтың тиімділігін арттыру”. Ғаламтор желісі

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Адилбаева Р.Е., бастауыш сынып мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Астана қ.,
«№ 32 мектеп-гимназиясы»

Бүгінгі күні мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы өр талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр. Мектеп құрылымында болып жатқан өзгерістер, білім беру мақсаттарының алмасуы, оның дамытушылық сипаттарының бекітілуі, көпнұсқалық оқытуға көшу сияқты мәселелер орындаушылардан шығармашылық бастамалық, жұмыстың жоғары сапасын және кәсібилікті талап етеді.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес жаратушы да.

Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, олар әрбір азаматтың жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана мектептерден өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын таңдай алатын азаматтар тәрбиеленіп шығады.

Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек. Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкілхалықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Ал бүгінгі күрделі әлеуметтік-экономикалық жаңарулар тұсында шығармашылық қабілеттер басты нысана болып, керісінше, оқушыда шығармашылық қабілеттің болмауы үлкен проблема саналып, ойландыруы тиісті деп ойлаймыз. Себебі өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шешу тек шығармашыл адамдар ғана қолынан келеді. Тек шығармашылық қана қандай түрде, қандай деңгейде болмасын адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге мүмкіндік әпереді. Мұндай күрделі мәселені шешуде үздіксіз білім беру ісінің алғашқы сатылары болып саналатын бастауыш мектептің орны ерекше.

Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғандығын «шығармашылық теориясын» жасауға деген көптеген ізденістердің болғандығынан байқауға болады. Бұл әрекеттер өзінің логикалық шегіне жеткен деп айтуға болмайды. Сондықтан шығармашылық педагогикасының негізгі мақсаты – бүгінгі күн талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сана, рухани сапа қалыптастыру және дамытуда тың жолдар мен соны шешімдер іздестіру болып табылады.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту мәселесін талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуды қажет етеді. Философияда «қабілеттерді» тұлғаның белгілі бір әрекеті орындауға жағдай жасайтын жеке ерекшеліктері дей келе, олар қоғамдық – тарихи іс-әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып, әрі қарай дамып отыратындығын атап көрсеткен.

Демек, бастауыш сынып оқушыларының тұлғалылығын тәрбиелеу үшін, ең алдымен олардың қабілеттерін дамытудың мәні зор. Қабілеттер мәселесін қорытындылай келе, педагогикалық практика үшін мәні ерекше мына жағдайларға айрықша тоқталу жөн. Бірінші – адамдардың қабілеттер деңгейі жағынан тең дәрежеде болмауы. Қабілеттердің бірдей емес екендігін сыныпта отырған оқушылардың әрқайсысының әр пәнге және әр деңгейде қабілетті болатындығымен дәлелдеуге болады. Бірі есепке жүйрік болса, екіншісі тілге бай, ал енді біреулері сурет салғанды тәуір көреді. Олардың қабілеттерінің құрылымы да, оны құрайтын компоненттер де әр түрлі болады. Мәселен: математикалық қабілеті басым балаларда ойлау операциялары тез, дәл болады да, бейнелеу өнеріне қабілетті балаларда нақты

заттардың бөліктерінің арақатынасын жылдам анықтай білу сияқты белгілер басым болады. Музыкаға қабілетті бала есту, ритмді түсіну, сезімталдық сияқты сапаларымен ерекшеленеді.

Екінші – адамдар бойында қабілеттің бір түрі ғана бола ма, әлде әр түрлі қабілеттің белгілері бола ма деген сауал төңірегіндегі пікірлер жайлы. Ғалымдар керісінше көзқарастардың бар екендігіне қарамастан, адам бойында әрекеттің бірнеше түрін оындай алу мүмкіндіктерін бар екендігін дәлелдейді. Мысалы ақындығымен қатар музыкаға, суретке қабілетті адамдар.

Психологтар қабілеттердің екі түрлі деңгейінің болатындығын дәлелдейді.

Репродуктивті – іс-әрекетті, білімді берілген үлгі бойынша қабылдай алу деңгейі.

Шығармашылық – жаңалық ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте «шығармашылық қайталанбайтын тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет», – деп түсіндіріледі. Ал көрнекті психолог Л.С. Выготский «шығармашылық деп жаңалық ашатын әрекетті атаған».

Шығармашылық – өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан тек адамға ғана тән. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез келген баланы көтеруге болатындығы жайлы көп айтуда.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгерсе екіншіден, кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы – ол баланың өзін-өзі қалыптастыруына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды. Біздің ойымызша, бүгінгі бастауыш сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет.

Осыған орай, ғалымдар жүргізілген тәжірибе барысында, барлық пәндердегі білім мазмұнында оқушының шығармашылық қабілеттерінің дамуы басты нысана болып алынуымен байланысты, оқулықтарда берілген тапсырмалардан басқа өздігінен бақылау жүргізу, қарапайым тәжірибе, эксперимент қою, мәтінмен, сызбамен, суретпен, диаграммамен жұмыс істеу, жекеден жалпыны шығару, жалпыны жекелей қолдану т.б. сияқты оқушыны іскерлікке, дербестікке баулитын, ойына түрткі болып, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен ізденіске салатын, айналадағы дүниемен қарым-қатынысқа түсіретін, «жаңалық ашып», оның нәтижесінің «қызығына» бөлейтін әдіс-тәсілдер мен мазмұндық ойындар, қызықты тапсырмалар тұрақты жүргізіліп отырылуы біз көтеріп отырған мәселені нәтижелі ететіні нақтыланды.

Қазіргі таңда шығармашылық тапсырмалар әр сабақта өтілетіндей ұйымдастыру қажет. Ал қазір дәстүрлі сабақ пен шығармашылық сабақтың айырмашылығын көрсете кетейін (кесте 1).

Кесте 1 – Шығармашылық сабақтың ерекшеліктері

Дәстүрлі сабақ	Шығармашылық сабақ
Сабақтың мақсаты: а) мұғалім үшін: жаңа материалды беру; ә) оқушы үшін: жаңа білімді меңгеру.	Сабақтың мақсаты: а) мұғалім үшін: оқушылардың жаңа нәтижеге бағытталған іс-әрекетін ұйымдастыру; ә) оқушы үшін: шығармашылық «өнім» ойлап табу
Сабақтағы іс-әрекет түрі а) мұғалім үшін: жаңа сабақты түсіндіру; ә) оқушы үшін: жаңа материалды тыңдау, есте сақтау.	Сабақтағы іс-әрекет түрі а) мұғалім үшін: оқушының шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру; ә) оқушы үшін: жаңа нысанды зерттеу, құбылысты талдау.
Сабақ құрылымы жоспар бойынша өтілуге міндетті.	Сабақ құрылымы жағдайға байланысты жоспардан ауытқиды, өзгермелі.
Сабақ тақырыбына көзқарас – кітапта баяндалған идеяға негізделген бір көзқарас.	Сабақ тақырыбына көзқарас – мәселеге мамандардың түрлі көзқарасы.

Шығармашыл ұстаздың шәкірттері де шығармашыл болады. Сондықтан мұғалім әр сабаққа шығармашылықпен дайындалып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруы тиіс.

Әдебиеттер

1. Махмудов М.И. мектептегі проблемалық оқытуды ұйымдастыру. – А., «Мектеп», 1981. – 247 б.
2. Выготский Л.С. Педагогическая психология. М., 1967.
3. Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. – А., «Қаз.унив.», 1991. – 128 б.
4. Абубәкірова С. Текстпен жұмыс істеудің әдістемесі. – А., «Қаз.унив.», 1993. – 105 б.
5. Аймауытов Ж. Психология. А., «Ғылым» баспасы, 2004.
6. Ушинский К.Д. Педагогика. М., «Просвещение», 1980.

ҒТАХР: 17.07.41

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

Ермухаметова О.С., тәрбиешісі
Қазақстан Республикасы, Семей қаласы
«№ 21 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Қазіргі кезде білім беру салаларында оқыту мазмұны жаңартылып, оқыту мен тәрбиелеуді дамытудың жаңа мүмкіндіктері ашылуда. Оқыту барысында баланың ақыл – ойын, таным деңгейін дамытуда ойынның алатын орны ерекше.

Логика дегеніміз не? Біз логика деген ұғымға сананы дамытушы құрал немесе жақсы дамыған ақыл ой деген анықтама берер едік. Бірақ ғылыми тұрғыда қарағанда логика сөзінің тарихы тереңде жатыр. Логика дегеніміз тек жақсы әрі тез деген ұғымдармен шектелмейді.

Ойын-бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет іспетті. Ол міндетті түрде ұжымдық әрекет.

Ойынның ережелері, ойнаушылардың қисынды ой қабілетінің дамуы, бір – біріне деген сыйластық қажеттіліктерімен санасуы әр ойыншының жеке әрекеттерінен туындайды. Ойынның басты шарты – жеңіске жету болса, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып, бір – біріне деген сенімін арттырады. Балалардың ойлау қабілетін дамытатын, қызығушылықтарын арттыратын жұмыс түрі – логикалық ойындар.

Логикалық ойындар баланы тапқырлыққа, логикалық ойлауға баулып, ойынның ұшқырлығына, өздігінен шешім қабылдауға, салыстыруға, дәлелдеуге әсер етеді

Ойынның шартты түрдегі мақсаттары бар, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттер бала үшін қызықты. Балаларға ақыл-ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі ойында жатыр.

Ойын барысында балалар өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады. Сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою, ерік арқылы түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сүңгиді. Балалармен ойналатын ойындардың түрлері өте көп, соның бірі баланың тікелей дамуына әсер ететін-логикалық ойындар.

Логикалық ойындардағы негізгі міндет-балалардың білімін байыту, ойлау қабілеттерін қалыптастыру. Ойлау-шығармашылық әрекеттің негізі болып табылады. Логикалық ойлау адамның интеллектуалдық қабілеттерінің негізін құрайды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жан - жақты дамуы үшін логикалық ойындардың орны ерекше. Ойын – мектеп жасына дейінгі кезден басталып адаммен өмір бойы ілесіп жүретін ерекше қызмет түрі. Ойын – балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін арттырудағы басты құрал, баланың психикасында сапалы өзгерістер тудырады: бала зейінінің, жадының қалыптасуына ойлау, қиялдау қабілетінің дамуына әсер етеді.

Логикалық тапсырмалар қарапайымнан күрделіге қағидаты бойынша біртіндеп қиындай береді. Бұндай тапсырмалар оқушының белсенділігін арттырады. Сонымен қатар балалардың әр тапсырмаларға шығармашылықпен қарауға да әрекет етеді.

Шығармашылық жаттығулар барысында қиындықтардың шешу барысында балалардың жаңа бір нәрсені ашуына, яғни оқушы өзін белгілі бір жаңалықтардың авторы ретінде сезінеді. Бұл оған белгілі бір пән төңірегіндегі қызығушылығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мектепалды даярлық балаларының логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған стандартты емес тапсырмаларды *шығармашылық жаттығулар* деп атаймыз. Сондықтан шығармашылық жаттығуды ұдайы жүргізе

отырып біз оқушылардың тек пәнге деген қызығушылығын ғана емес, логикалық ойлауын да дамыта аламыз.

Ой әрекеті барысында адам қоршаған дүниені танып, білу үшін ерекше айқын қызметін орындайды. Бұл нақты қызметіне талдау, біріктіру, салыстыру, дерексіздендіру нақтылау және қорытындылау арқылы жүзеге асырылады. Ойын барысында кез келген затты талдап, ұқсастығымен айырмашылығын талдап, салыстырып, оздігінен ой түйіндеп шешім қабылдап, шығармашылық жағынан бақылап қадағалап қорытынды жасауларына да көп септігін тигізеді. Ойын барысында алған білімдерін бір жүйеге жинақтауға ойынның маңызы зор.

Мысал ретінде өз тәжірибемізде қолданылып жүрген төмендегі логикалық тапсырмаларды ұсынамын:

№ 1 «Сандар»

- санарды өсу ретімен қойып шық
- түстерін ата
- көрші санды ата, т.б.

№ 2 Сөздік

Мына заттар туралы сен не білесің, бәрін айт:

- Үстел (ағаштан жасалған, сынады, жанады, жазатын үстел, ас ішетін, қазақы дөңгелек)
- Кітап (қағаздан жасалған, қиылады, жанады, су сіңіреді) т.с.с.

№ 3 Дидактикалық ойын. «Біреу және көп»:

Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. Мысалы: сағат біреу-ойыншық көп; тақта біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл. т.б.

Ойлау шығармашылық және таным әрекетінің негізі болып табылады:

Пішіндер әлемі

Ойын шарты:

Геометриялық фигуралар дайындағанда көлемдері бойынша әрқилы ғып дайындаймын және балаларда көлем, пішін, саны жайында түсінік қалыптасады.

Бала сипаттағанда:

- «Үлкен – үлкенірек – ең үлкен»,
- «кішкентай – кішірек – ең кішкентай»,
- «биік – биігірек – ең биік»,
- «ауыр – ауырырақ – ең ауыр»,
- «жеңіл – жеңілірек – ең жеңіл»,
- «терең – тереңірек – ең терең»,
- «жарық – жарығырақ – ең жарық»,

«қараңғы – қараңғырақ – ең қараңғы» және т. б. тиісті салыстырмалы және таңдаулы шырайдағы салыстырмалы сын есімдерді дұрыс өзіндік дербес қолдануға үйретемін.

Санына қарай салыстырайық ойыны

Ойын шарты:

Бастапқыда балаларға қай жерде ойыншықтың көптігін, ал қай жерде аздығын көзбен анықтауды ұсынамыз, яғни, үзіліссіз мөлшерлерді салыстыра бастаймыз. Алғашқы мысалдардың жауаптары көзге көрініп тұруы қажет.

«Жеуге жарайтын – Жеуге жарамайтын» ойыны

Ойын шарты:

Осы ойынды топпен жіктеу ойынын бәріміз білеміз. Ұқсастығына байланысты басқа да белгілерді таңдауға болады:

тірі – тірі емес, қозғағышы бар – қозғағышы жоқ, дөңгелегі бар – дөңгелегі жоқ және т.б.

«Төртінші артық» ойыны.

Ойын шарты:

Басқаларына сәйкес келмейтін затты «геометриялық пішінді) алып тастау немесе боямау керек және топты жалпылама сөзбен атау қажет.

Есту арқылы жұмыс жасау: тәрбиеші сөздер айтады да, солардың ішінде басқаларға сәйкес келмейтінді бөліп көрсетуді сұрайды, мысалы: 3 шеңбер, 1 төртбұрыш (пішін бойынша), 3 қызыл пішін және 1 жасыл пішін (түс бойынша).

«Мен не жасырдым?» ойыны.

Ойын шарты:

Балалардың алдына 3-4 түрлі заттар немесе қос суреттер қойылған. Балаларға сұрақ қою арқылы мен айтқан карточкамды немесе затты табуы керек. Әрбір сұрақтан кейін, әрі қарай қарастырылмайтын карточканы алып тастатып отыру керек. Мысалы, «Ол тірі ме?» деген сұраққа «иә» деп жауап берілсе, тірі емес заттар бейнеленген карточкаларды төңкеріп немесе алып тастаған жөн, ол баланың әрі қарай ізденуін және сұрақ қоюын жеңілдетеді.

1-10-ға дейін санау ойыны

Ойын шарты:

Бала 1-10 аралағында таңбаларды тани білу. Аталған санға байланысты қимыл жасап үйрету.

Мысалы шапалақтап санау, немесе түрлі санамақпен жаттатамын

«Орнынды тап» ойыны

Ойын шарты:

Балалар реттік номерімен тұрады да тәрбиеші «Ап, қасқырым аш» деп балаларды ойнап қуса балалар «қасқырдан» құтылғаннан кейін тез өз орындарын реттік номерімен тауып алу керек.

«Қойма» ойыны. Мына жерге салыңдар!

Ойын шарты:

Тәрбиеші:

– «Әй, бүлдіршін! Қасқырлар мен лақтарды жинандар дейді. Мына жерге салыңдар деп 2 қорап ұсынады Балалар ойыншықтарын, карточкаларын жинай бастайды, Сол кезде тәрбиеші сен тағы қасқырлар мен лақтарды бір жерге жинап қойдың ба?

Сенің лақтарыңнан түк те қалмас: қасқырлар лақтарды жеп қояды ғой!», - деп баланы заттарын жүйелеп жинауға үйретеді.

Қорытындылай келе, баланың логикалық ойындар арқылы қызығушылықтарын дамыту бағытындағы жұмыстар жүйеленді және оны ұйымдастырудың тиімді жолдары, әдіс-тәсілдері айқындалды, ол өз ретінде, балалардың логикалық ой-қабілеттерін қалыптастыру жұмысының жағдайын біршама арттырады.

Әдебиеттер

1. Аманова Г. К. Логикалық тапсырмалар жинағы. – Өскемен, 2007.
2. Ахметжанова Ә. Логикалық ойлау. – Сынып жетекшісі, 2009 ж., № 5.
3. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы, 2002 ж.
4. Жексембаева У. Б. Оқушылардың логикалық ойлауы-сапа нәтижесі. – Алматы: Санат, 2002.
5. Жүнісова Г. Логикалық есептер // Бастауыш білім. – 2004. – № 2.
6. Ильина Т.А. Педагогика. – Алматы, 1977.
7. Қазақстан Республикасы бастауыш білімінің мемлекеттік стандарты. – Алматы, 2012 ж.
8. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. – № 11, 2008, 53-54 б.
9. Сейдахметова А. Даярлық сынып оқушыларының логикалық ойларын дамыту жолдары. – Бастауыш мектеп, 2000 ж., № 8-9.
10. Сағатбекова К. Баланың логикалық.

ҒТАХР: 17.82.40

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЕСЕПТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ақмолаева А.К., бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Бесқарағай ауданы
Қарағайлы ауылы, «Н. Баймұратов атындағы орта мектеп» КММ

Мектеп курсында есептеу дағдысының қалыптасуы маңызды рөл атқарады. Оқытуда байқағанымыз оқушылардың көпшілігінде есеп шығару дағдысы төмен. Оның себептері:

- оқушылардың ойлау қабілеттерінің төмендігі;
- үй тапсырмасын орындауда ата-ана тарапынан қадағалаудың бомауы;
- оқушының есте сақтау және зейінінің төмендігі;
- математика пәніне дайындықтың аздығы (жеткіліксіздігі);
- оқытуда есептеу дағдысын жүйелі түрде қалыптастырудың және оны бақылаудың болмауы.

I. Есептеу дағдысын қалыптастыру үшін бастауыш сыныптарда ең алдымен көбейту, бөлу, қосу, азайту кестесін сұрау керек. Ол үшін кестелер, үлестірмелі қағаздар қолданылады. Екі және одан көп нұсқада болып, оқушылар жеке жауап бергені жөн. Қате жіберген оқушыларға бастауыш сыныптан кестелер беріп қайталату керек. Одан кейін өзіндік жұмыс, ауызша сұрау арқылы тексерген жөн.

II. Есеп шығару дағдысын қалыптастыруда әр сыныпқа берілген тақырыптарға кестелер дайындау қажет. Кестелер көбейтіліп әр оқушыға беріледі. Бұл кезеңде жұмыстың мына түрі қолдану керек:

1. Мұғалім не оқушы үлестірмелі қағаз бойынша (екі нұсқада) фронтальды сұрайды;
2. Дайындалған кесте бойынша жазбаша сұрау;
3. Жазбаша жұмыстарды жазып, талдау және қатемен жұмыс жасау;
4. Тақтада немесе алдыңғы партада отырып шығару;
5. Ұқсас есептерді шығару және шығару алгоритмін құру;
6. Есептеудің тиімді тәсілін қарастыру.

Ол үшін төмендегілерді есте сақтауымыз керек:

– Әр сабақта сыныппен емес әр оқушымен жұмыс істеу маңызды. Ол үшін мұғалім әр оқушы өз ісімен айналысатындай және олардың жұмыстарын бақылап отыруға жұмыстың түрі мен материалды таңдау қажет. Мысалы, бірінші партада отырған әр оқушыға өздерінің кемістіктерін жоюға болатындай тапсырма жазылған карточкалар таратылады. Ал сабаққа дайындалғанда жоспарда кімді және қандай сұрақпен сұрау керектігі көрсетіледі; бұл жағдайда жеке дәптерде әр оқушының есептеу машықтығын меңгеру есебі жүргізіледі;


– Жаңа тақырыпты өту кезінде оқушылар қай тақырыптан көп қате жіберетін материалға көңіл бөлу қажет;

– Жаңа тақырыпты алда өткен таныс материалмен салыстырып оқытқан дұрыс;

– Жаңа материалды түсіндіру кезінде оқушылардың өздері сол немесе басқа әрекетті орындау алгоритмін құру керек, осыдан кейін оқулықпен салыстырып, өздеріне оңтайлы нұсқасын тандаса дұрыс болады.

Мұндай жұмыс оларды айқындыққа және нақтылыққа үйретеді.

Оқушыларымның есеп шығаруға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мен тәжірибемде «Талдау ағашын» пайдаланамын. Мақсаты: есеп мазмұнын «Талдау ағашына» сүйене отырып талқылау.



Әр қарай олар өздері әбігерленбей және асықпай кез-келген есепті шығара алады;

– Оқушыны кез-келген есепті шығаруға жете ұғындырып, көңіл бөлуге тәрбиелеу қажет, яғни оқушы шамаларды байланыстыратын заңдылықтарды анықтап, есептің мағынасын жете ойланып, қиын жағдайларды шешудің жолдарын тауып, содан кейін ғана есепті шығаруға кіріскені дұрыс.

Оқушыларды «қадалған көзқарас» тәсілін қолданып жұмыс істеуге үйрету керек (алғашқыда барлық тапсырманы, есеп шығарудың тәсілдерін, амалдарын, шығару жолдарын жалпы бағалайды, және әрі қарай оны шешуге кіріседі);

– Оқушыларды өзін-өзі бақылауға үйрету өте қажет, яғни есеп шығаруын, іс-әрекетін бақылау ептілігіне, ал нәтижесінде өздерінің әрекеттерін келесі өз-өзін бағалау критерийлерін қолданып бақылауға үйрету:

- а) нәтижені шындықпен байланыстыру;
- ә) нәтижені есептің шартының көрсеткіштерімен байланыстыру;
- б) кері есептеу;
- в) әр түрлі тәсілмен шығару;
- г) ақырғы жағдайларда нәтижені зерттеу;

– тек қана өз бетімен жұмыс орындағанда ғана оқылатын материал мықты меңгеріледі. Сондықтан оқушылар дайын есептер шығарумен қатар есеп құруға тартылады (әсіресе тиімді тәсілмен есептеуге арналған есептер).

Тұрақты білімді қалыптастыру үшін лайықты жаттығуларды (психологиялық тренинг) немесе төмендегідей есептерді тандаған дұрыс:

- а) есептің шешімінен қатені табындар;
- ә) дұрыс жауабын тандаңдар;
- б) берілген тұжырымның дұрыстығын бағалаңдар және т.с.с.

Мұғаліммен осы кезеңде өткізілген ағымды бақылау төмендегі белгілеулерден тұрады:

а) әр оқушының 1-минутта, 2-минутта, т.с.с дұрыс орындалған мысалдарының санынан (нәтижелер бағалардың жиынтық тізімдемесінде жазылады);

ә) мысалдардың белгілі санын қатесіз шығару үшін уақыт аралығынан;

б) әр оқушының жіберетін қателер санынан. Бақылауды өткізудің әр түрі тәсілдері қолданылады.

Соның ішінде ең ерекшесі – мұғалімнің өзінің жоспарымен өткізілетін өзіндік және бақылау жұмыстары.

Өзіндік жұмысты жиі өткізіп отырса, білімнің ерте кезеңінде кемістіктерді, меңгерудің мықтылығын анықтауға болады және әрі қарай әрекетті түзетуге және шапшаң есептеу дағдыларын қалыптастыруға болады. Бұл кезеңдегі білімнің маңызды бөлігі болып қатемен түзету жұмысы болып табылады.

– Бақылау шарасын өткізген соң мұғалім оқушылардың жұмысындағы техникалық қателерін көрсетеді, ал әр оқушы ол қателерді өз дәптерлерінен іздейді. Осыдан кейін мұғалім оқушылармен қосылып есеп шығарудың тәсілдерін қорытады, есеп шығарудың үлгілерін келтіреді, шарттың өзгеруіне байланысты есеп шығарудың нұсқаларын қарастырады, оқушылардың сұрақтарына жауап береді. Шамалы уақыттан соң оқушылар қате жіберген мысалдарын қайтадан орындайды.

– Тексерілген дәптерлерін қайтарып берген соң оқушыларға бір-бірімен немесе өзінің тобында қателерін анықтауға уақыт беріледі (уақыт материалдың қиындығына және жіберілген қателердің санына байланысты беріледі) немесе мұғалімнен кеңес сұрауға уақыт беріледі. Бұл жұмыс қажет болған жағдайда сабақта немесе үйде өздігінен орындалады. Осыдан кейін тағы да өздік жұмыс өткізіледі. Мұғалім есептеу мәдениеті машығы дәптеріне оқушылардың тиісті бағаларын қояды (басқа түспен);

– Сыныпта бақылау жұмысын өткізгеннен кейін (тақтада екі нұсқада 16-20 есептерден тұратын тапсырмалар жазылады) тексеру кезінде мұғалім егер есеп дұрыс шешілсе, сол жолға «+» белгісін қояды, егер есепте кемшіліктер болса, онда «±» белгісін қояды, ал егер есеп дұрыс шешілмеген болса, онда «-» белгісін қояды. Келесі сабақта осы есептер тақтаға жазылады.

Оқушылар қате жіберген тапсырмаларын орындайды. Мұғалім тексеру кезінде әр оқушының нәтижелерін және қате жіберілген есептеріне назар аударады. Әрі қарай мұғалім ұқсас есептер бар карточкалар жиынтығын қолданып, әр оқушымен жеке дара жұмыс істейді. Жұмыстың мұндай түрінде бірде бір оқушы мұғалімнің назарынан тыс қалмайды.

Қорытынды бақылау кезеңі

Қорытынды бақылау бақылау жұмысы түрінде немесе ауызша-жазбаша сынақ түрінде өткізіледі. Сабақ-сынаққа мұғалім тақырып бойынша есеп-карточкалар жүйесін дайындайды. Сынақта оқушылар карточкада көрсетілген теорияға жауап береді, есептер шығарады, кейде есептеуге берілген орындалған және құрастырылған есептері бар дәптерлерін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Атамұра, 2000. – 218,219 б.
2. Бидосов Ә. Математиканы оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1989. – 56,57 б.
3. Әбілқасымова А.Е., Көбесов А.К., Рахымбек Д., Кенеш Ә.С. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2005. – Б. 89-90.
4. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. – Алматы, 2004. – Б. 147-148.
5. Болтянский В.Г. Комплексы учебного оборудования по математике. – М., 1971. – С. 105-106.
6. Шабжанова С.Қ. Мектептегі психологиялық диагностика. – Алматы, 2005. – Б. 80-81.
7. Аяған Б. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 2003. – Б. 60-61.
8. Халықова К.З. Информатиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2000. – Б. 71-72.

ҒТАХР: 17.03.51

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН БАЙЛАНЫСТЫРА ОҚЫТУ

Бабаева А.С., математика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Үржар ауданы,
«Б. Сахариев атындағы орта мектеп-бақшасы» КММ

Пәнаралық байланыс – қазіргі заман талабына сай оқыту процесінің маңызды саласы болып табылады. Бұл байланыс жаратылыстану пәндері мен қоғамдық-гуманитарлық пәндер арасындағы байланыстарды және оқушыларды еңбекке баулуды жүзеге асыруға көмектеседі.

Пәнаралық байланыс – оқытудың қазіргі кезеңдегі ең көп қолданылатын үрдістерінің бірі. Ол пәндер арасындағы заңды байланыстылықты реттейді, оқушылардың алған білімдерінің бір-бірімен сабақтастығын бір жүйеге келтіреді. Пәнаралық байланыс оқушының меңгерген білімін кешенді түрде пайдалана білуге жол ашады. Бұл мәселенің ең негізгі дидактикалық міндеті – оқыту үрдісінің білім беру, тәрбие беру, дамытушылық сипатының арасындағы байланысты күшейте отырып, білім сапасын көтеру болып табылады.

Пәнаралық байланыс – оқытудың қазіргі кезеңдегі ең көп қолданылатын үрдістерінің бірі. Ол пәндер арасындағы заңды байланыстылықты реттейді, оқушылардың алған білімдерінің бір-бірімен сабақтастығын бір жүйеге келтіреді. Пәнаралық байланыс оқушының меңгерген білімін кешенді түрде пайдалана білуге жол ашады. Бұл мәселенің ең негізгі дидактикалық міндеті – оқыту үрдісінің білім беру, тәрбие беру, дамытушылық сипатының арасындағы байланысты күшейте отырып, білім сапасын көтеру болып табылады.

Пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығымен қатар мазмұндық, іс-әрекеттік, ұйымдастырушылық-әдістемелік, практикалық, өндірістік т.б қызметтерде жан-жақты белсенділік көрсетуі күшейеді. Пәнаралық байланыс ең алдымен оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырудың себебіне айналады. Оқушылардың іс-әрекетке танымдық, кәсіптік дербестігін пәнаралық байланыстар негізінде дамыту жеке тұлғаның дүниетанымдық, құндылық бағдарын қалыптастырумен өзара тығыз байланыста өтеді.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі барлық пәндерді өзара байланыстыра, кіріктіре, сабақтастыра отырып, оқыту арқылы білім беріп, жастарды шығармашылық іс-әрекетке үйрету, жеке бас дербестігін дамыту, бойларына жауапкершілік, орнықтылық қалыптастыру мәселелерін шешу мақсатын көздеп отыр. Пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру үшін оқытушыға төмендегідей талаптар қойылады: оқу үрдісінде пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру барысында оқу әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі қағидаларын білу.

Пәнаралық байланыс білім мен тәрбие міндеттерін шешуде ерекше роль атқарады. Мектептегі білімдер жүйесі өздерінің мазмұны жағынан комплексті. Олардың мәні және меңгерілуі пәнаралық деңгейде жүзеге асуы тиіс. Мәселеге тек осылай келгенде ғана шәкірттерде ақиқат дүние біртұтас жүйе екен деген түсінік қалыптасады. Бұл жүйеде барлық элементтерді біріне-бірі ықпал жасайтындығын, процестер өздерімен-өздері туындап жататындығын мұғалім білуі керек.

Пәнаралық байланысты оқу-тәрбие процесінде мынадай жағдайлардан көруге болады: пәнаралық байланыстар теориялық білімді іс-жүзінде қолдануға, ғылымның түрлі салалары жөнінде кең ұғымы бар адамды тәрбиелеуге мүмкіндік береді, оқушылардың танымдық қызметін дамытуға жағдай жасайды.

Кейбір ғалым зерттеушілер пәнаралық байланысты дидактикалық шарттар, оқыту мазмұнының құралы десе, ал келесі бір ғалымдар оны дидактикалық қағидалар деп есептейді.

Пәнаралық байланыс – ол білімнің мазмұнына ғана қатысты емес, оның ықпалы оқыту процесінің барлық құрамды бөліктерімен байланысты.

Ғылымдар жүйесін пәнаралық байланыс негізінде қарастыра отырып, ол әрбір ғылымға жататын жекеленген арнайы түсініктермен қатар, бірнеше ғылымға ортақ түсініктер алынады.

Жалпы алғанда, пәнаралық байланыс мақсаты дидактикалық, психологиялық, әдіснамалық, физиологиялық талаптардан туындайды. Бұл өз кезегінде сабақтың тиімділігі мен пәрменділігінің артуына, дидактикалық принциптердің жүзеге асуына, оқушылардың танымдық белсенділігінің дамуына септігін тигізеді.

Жаратылыстану мен математиканы байланыстыра оқытқанда, сабақта өтілген материалдарды толықтырып, оқушылардың білімінің тереңдеуіне, әр саладағы білім қорларын жүйелі түрде игеруге көмектеседі және оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, диалектикалық – материалистік көзқарасын қалыптастырады.

К.Д. Ушинский пәндер арасындағы байланысты пайдаланып, байланыстыра оқытудың тиімділігін психология-педагогикалық тұрғыдан негіздеп, оның дидактикалық маңызын көрсеткен. Ол пәнаралық байланыс негізінде кіріктіре оқыту идеясын жүйелеп оқытудың бір бөлігі деп қарастырды. Байланыстыра отырып, оқытудың маңызын ұлы ғалым былайша көрсеткен: «Бастығы жүйесіз, ретсіз, үзінділер түріндегі білімнен, қожайынның өзі де ешнәрсені таба алмайды. Шебер мұғалім оқушының тек өзінің пәні туралы білім алуын ғана емес, жалпы ақыл-ойының дамуын көздейді».

Пәндерді байланыстыра оқыту үшін пәндер арасында мазмұндық байланыс болуы тиіс. Пәнаралық байланыс кезінде балалардың ойының тиянақталуына, қиялдауына ұғымды меңгеруге, ойда сақтау мүмкіндіктерін арттыруға жағдай жасалады.

Пәнаралық байланыстың маңызына мыналар жатады:

– пәнаралық байланыс жан-жақты тәрбие беру жүйесінің барлық салаларын, кешенді жүзеге асыруға ықпал жасайды;

– пәнаралық байланыс педагогикалық әрекеттің ғылыми негізде тиімді ұйымдастыруларына көмектеседі.

Пәнаралық байланыс – педагогика ғылымының негізгі мәселесінің бірі болғандықтан, әрбір пәнді басқа пәнмен байланыстыра отырып өткізудің үлкен мәні бар. Негізінен, оқу пәндері әр ғылымның логикасына сүйенетіндіктен, олар бір-бірінен өз алдына оқшауланып, бөлектенбейді. Сондықтан ғылымның міндеті дара байланыстылықты танып білу. Бұл міндет бір пәннің шеңберінде шешілмейді. Сондықтан әрбір мұғалім жеке деректерді нақтылы жағдайларды, оқиғаларды түсіндіріп қана қоймай, шектелмей пәнаралық байланыс негізінде білім беруді көздеуді жолға қою қажет.

Математика және табиғаттағы симметрия

Адамзат тарихында ең ерте қалыптасқан ғылымдардың бірі – математика. Математиканың алғашқы бесіктерінің бірі Мысыр елі болды. Табиғатта, техникада және тұрмыста кейбір денелердің өзара ұқсас, үйлесімді орналасуын симметрия деп атайды.

«Симметрия» грек сөзінен алынған «үйлесім» сөзі сияқты бірдей өлшемділікті, белгілі бір реттілікпен орналасқан деген ұғымды білдіреді. Симметрия физика мен математикада, химия мен биологияда, техника және архитектурада, поэзия мен музыкада маңызды роль атқарады.

Мысалы: конустық симметрия барлық ағаштарда анық байқалады. Ағаш тамырымен ылғалды және құнарлы заттарды жерден яғни астынан алады да, қалған өмірге қажетті функциялардың барлығын жоғарыдан алады.

Ағаштың тұлғасы оның тік симметрия өсі болып саналады. Симметрияны жапырақтардан, гүлдерден, бұтақтардан, өнімдерден ашық көруге болады. Көбінесе гүлдердің симметриясы бұрылысты симметрия мен айналы шағылысу симметриясы екеуі қатар болады.

Егер түзу бойымен бүктегенде жазықтықтағы екі фигура бір – бірімен беттесетін болса, ондай фигуралар түзуге қатысты симметриялы фигуралар деп аталады. Симметриялы фигуралар өзара тең болады.

Егер түзу фигураны симметриялы екі бөлікке бөлсе, онда ондай фигура осьтік симметриялы фигура деп аталады, ал түзу сол фигураның симметрия осі деп аталады. Тік төртбұрыштың екі симметрия осі бар, шаршының төрт симметрия осі бар, шеңбердің симметрия осьтері шексіз көп.

Табиғат пен математикалық фигуралар байланысы (сурет 1)



ҮШБҰРЫШ



ТӨРТБҰРЫШ



КУБ

Дүниені ақиқаттық және шындық тұрғысынан танудағы білім мазмұнының барлық құрамды бөліктерін оқудағы бірізділіктің болуын басшылыққа алу – бұл: оқытудағы бірізділік – жаңа оқу материалын оқу бұрынғы оқытумен қамтамасыз етілетін көрсететін білім беру және оқытудың талабы. Білім талаптың орындалуы оқыту үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз етеді. Пәнаралықты ұйымдастырудың әдістемелік-жаңашылдық жүйесін қолдану, оқушыларға біліми-танымдық және тәрбие беру барыстарының барлық салаларын кешенді жүзеге асыруға ықпал жасау – бұл: нақты міндеттерді шешуге бағындырылған, шындықты меңгерудің тәжірибелік немесе теориялық салыстырмалы біркелкі тәсілдері мен амалдарының жиынтығы. Педагогикалық жаңалықтарды жасау, қабылдау, бағалау, меңгеру, қолдану барысын басқару мен жеке пәндерді оқыту саласының тәсіл, әйпаларын жақсы және білікті қолдану, соның негізінде оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін орынды шеше алу.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі. Бі. Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім беру Академиясы. Астана, 2010 ж.
2. Қазақстан мұғалімі, 2001, № 26-27, 2-3 бет
3. Қазақстан мектебі, 2006, № 1, 32-бет
4. Білім-образование, 2006, № 4, 5-6 – бет
5. Үкімет жаршысы, 2001, № 2 21-26-бет
6. Жүнісханов Қ. Бәкелестікке қабілетті тұлға тәрбиелеу, 2008.

ҒТАХР: 17.81.99

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ДҮНИЕТАНУ САБАҒЫНДА ЖАҢАША ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Биахметова Р.Б., бастауыш сынып мұғалімі

Абай облысы, Семей қаласы

№ 21 жалпы орта білім беретін мектеп

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп жасалды.

Бастауышта дүниетану пәні бойынша білім беру мақсаты – келесі негізгі кең ауқымды дағдыларға бағытталған:

- білімдерді функционалдық және шығармашылық қолдану;
- сыни ойлау;
- зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды пайдалану;
- әр түрлі коммуникация тәсілдерін пайдалану;
- топта және жеке жұмыс істеу ептілігі;

– проблемаларды шешу және шешімдер қабылдауға ие оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру.

Оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.

Оқыту әдіс-тәсілдері:

Құндылықты-бағдарланған тәсіл-оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл-педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылолы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалды, эстетикалық, шығармашылық нысандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті тәсіл-оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл-бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

Интегративтік тәсіл-оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тәсілі-зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс

Интербелсенді әдіс-үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танытын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. (inter – аралық, бірнеше, action- әрекет дегенді білдіреді).

Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз.

Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді. Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты– тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Интерактивті негізде оқу мақсаты – білу емес, үйрене білу
өзіне деген сенімге тәрбиелейді.

Интербелсенді оқыту – әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады.

Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу.

Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

- бірлескен жұмыс;
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.

Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық),
- рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар,
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай

т.б.)

- презентациялар,
- тренингтер,
- интервью,
- сауалнама т.б.

Интерактивті әдістерді қолдануда кейбір ережелерді есте сақтау қажет:

Бірінші ереже. Жұмысқа балалар толығымен қатысуы керек.

Екінші ереже. Балаларды психологиялық тұрғыдан дайындау, сабақ барысында сергіту сәті, балаларды белсенділігі үшін марапаттау, баланың өзін – өзі көрсетуіне жол беру.

Үшінші ереже. Сынып бөлмесі талапқа сай болуы қажет .

Төртінші ереже. Жұмыс орнына назар аудару қажет. Оқу орны ыңғайлы және жайлы болуы қажет. Бала өз пікірін, көзқарасын білдіріп, дәлелдеп беруге мүмкіндік жасалуы қажет.

Бесінші ереже. Оқу барысында процедураға және регламентке назар аудару қажет. Мысалы, белгіленген уақыттан асып кетпеу, бөгде кісінің пікірін сыйлау, сөзді бөлмеу, оның ар-ожданын сыйлау.

Алтыншы ереже. Оқушыларды проблема шешу барысында топқа бөлуге мүжіят қарау.

Интерактивтік әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды. Дегенмен, әдістемелік амал қандай болса да, оқушылардың өздерінің өмірлік тәжірибелерін білім берудің негізгі көзі саналады.

Оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алады.

Жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді. Интербелсенді әдістер қолданылған сабақтарда сыныпты екі немесе үш, төрт ұялы топтарға бөліп, барлығына бірдей бір тапсырма не әр ұялы топқа бөлек-бөлек тапсырма беруге болады.

Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі.

Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты (ситуацияны) бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят (ситуация) кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады.

Жалпы білім беру ұйымдары «білім алуды үйрету» ұстанымын негізге алады, ол ұстаным бойынша өз бетімен білім алуға ұмтылатын, ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі мол және зияткерлік тұрғыдан дамыған тұлға қалыптастыру көзделеді.

Оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастыруда мұғалімдер түрлі технологиялар мен әдіс-тәсілдер қолданады деп күтіледі, олар:

- зерттеушілік тәсілдеме (оқушылар «не білемін, нені білгім келеді, нені білдім» тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйренеді);
- әрекеттік тәсілдеме (оқушылар оқу әрекетінде меңгерген жаңа білімінің болашақта қажеттілігін түсінеді);
- дамыта оқыту (оқушылар өзінің іс-әрекетін жоспарлау және басқару жолын үйренеді);
- уәждеу, қызықтыра оқыту (оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін «оқыту үшін бағалау» арқылы қолдау жасау);
- оқушылардың оқу әрекетін жеке, топтық және ұжымдық формада ұйымдастыру (оқушылар бірін-бірі өзара оқытуға, бірін-бірі бағалауға, пікір алмасуға, т.б. үйренеді);
- саралай оқыту (оқушыларды деңгейіне, мүмкіндігіне қарай оқыту, қалыптастырушы баға арқылы қолдау).

Әдебиеттер

1. ҚР Президентінің 2014 жылы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы.
 2. Ж. Жонтаева «Оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту»\ Білімді ел \ 16, тамыз, 2016 ж. №15.52.
 3. Жаратылыстану. 1-сынып. Оқулық. / С.Н. Кузнецова, Ә.Қ. Жамиева, Д.Н. Сапақов, И.Н. Васева, М.Қ. Құсайынова, М.Қ. Тасболатова – Астана: «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДДБҰ, 2016.
 4. Елбасы жолдауы. 2016 ж.
 5. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, екінші басылым, 2015 ж.
- Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде мектептердегі «Жаратылыстану» пәні бойынша педагогика кадрларының

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ БАЙЛАНЫСТЫРА

Ботаханова А.Б., Мейрамбаева Г.А., тәрбиешілер
Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
«Мектеп жанындағы интернаты бар № 42 ЖОББМ»

Тіл арқылы адамзат тілдесудің үлкен мүмкіндіктеріне қол жеткізеді, қарым – қатынасын біріктіреді және көзқарастарын қалыптастырады, дүниенің қыр – сырын танып білуге жол ашады. Сондықтан, тілдің дамуына, әсіресе мектеп жасына дейінгі бала тілінің дұрыс қалыптасуына ерте бастан ерекше мән берген жөн.

Тәрбиеленушілердің тілі де, ой – өрісі де үйде жалғыз жүріп өскен баладан анағұрлым жақсы дамиды. Онда баланың тілін жаттықтырып, ой – өрісін дамытуға көп көңіл бөлінеді. Әсіресе, баланың жас ерекшелігіне қарай айтылатын қызықты да тартымды өлеңдер, тақпақтар, жаңылтпаштар бала ұғымын кеңейтумен бірге, дыбыстарды дұрыс айтып үйретуге баулиды, сөздік қорын байытады.

Сондықтан да, балаға айналадағы өмір тіршілігін танытып, бағдарлай, қабылдай білуге үйрету арқылы, ана баланың сөздік қорын молайтуға болады. Осы мәселелерді ескере отырып, баланың сөздік қорын байыту, іс – әрекеттерді білдіретін сөз тіркестерін айтуға жаттықтыру және тілдің грамматикалық құрылысын меңгерту, сөздерді байланыстырып айтуға, сөйлеуге үйретуді басты назарда ұстау керек.

Тіл – адамдардың бір – біріне пікір алысып, қарым – қатынас жасайтын құралы болғандықтан тілдің қоғамдық, тәрбиелік қызметі ерекше.

Тілдің грамматикалық сөйлеу мәдениетін игеруде баланың сәби шағынан басталып, біртіндеп жетілетін кезең. Сондықтан баланы балабақшада оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасында белгіленген оқу іс – әрекеттің көп уақыты балалардың тілдерінің дамуына, көркем сөз өнеріне баулуға, мәнерлеп сөйлеуге, тіл мәдениетіне жұмсалады.

Өткізілетін оқу іс – әрекеттерінің барлығы осы салаға сабақтасып жатады. Балабақшадағы оқыту-тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану. «Қатынас» білім беру саласында балалардың елестету, есте сақтау, ойлауларын, қызығушылығын дамыту, өз ойын еркін жеткізуін қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым – қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру негізгі мақсаттардың бірі болып саналады.

Балалардың тілін дамытудағы мақсаттар:

- Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту, сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.

- Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

- Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету.

Осы мақсатты іске асыру нәтижесіндегі міндеттері:

- Бала тілін дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу
- Сөздегі грамматикалық дағдыларды қалыптастыру
- Сөздік қорын молайту
- Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру
- Балалардың ақыл – ойын дамытып, тіл байлығын арттыру

Тілді дамытудың маңызы:

- Тілдің дыбысталу мәдениеті
- Сөздік жұмысы
- Тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру
- Байланыстырып сөйлеу
- Шығармашылық сөйлеу әрекеті

Тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру.

1. Сөздерді септік, көпше, жекеше түрлерін дұрыс үйлестіре білуге үйретуді жалғастыру

2. Сөздердің кейбір күрделі түрлерінің жасалуын үйрету. Мысалы: ілік септігіндегі зат есімнің көпше түрі (ойыншықтардың, адамдардың, боталардың), етістіктің түрлері (жату, жүру, жүгіру)

3. жан – жануарларды, олардың төлдерін зат есімнің жекеше, көпше түрінде айту біліктілігін дамыту

4. Салалас құрмалас және сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолдануға мүмкіндік туғызу және жай сөйлемнің құрылымын жетілдіру.

5. Сан есімдер

Баланың тілін дамыту дегеніміз – баланың жалпы ойын дамыту деген сөз. Ал, балалардың ауызекі сөйлеу тілін, тіл мәдениетін арттыру мен дамыту – бүгінгі таңда біздің міндетіміз.

Қоршаған ортамен, табиғатты бақылап түсіндіріп, әрдайым жаңа сөздермен сөздік қорын толықтырып отыру қажет. Жоғарыдағы айтылған мүмкіндіктерге сай балалардың сөйлеу қабілетін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қысқа әңгімелеріне бағыт – бағдар бере отырып, тіл байлығын, сөздік қорын дамытуды басты назарда ұстау керек.

Балалабақшада қазақ тілін қазақ тілін үйретуде сөздік жұмысты қоршаған ортамен, күнделікті өмірмен тығыз байланыстыра жүргізу, жаңа сөздер қамтылатындай түрлі ойындар арқылы тіл ұстарту, көру, есту, тыңдау, қайталау, есте сақтау, жаттау қабілеттерін дамытып отыру – басты міндеттердің бірі.

Ауызша сөйлеу тілін дамытуға көп көңіл бөлінеді. Әр оқу іс-әрекеті сайын тақырыпқа сай түрлі суреттер, кестелер, аудиокітап, бейне құралдар, тақырыптар бойынша электронды кітаптармен көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры біршама толығады. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отырады.

Балалардың танымын алғашқы күннен бастап дамытуда, оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы-ойын әрекеті. Ойын дегеніміз – жас ерекшелігіне қарамайтын, адамның көңіл – күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс.

Ойын арқылы балалар өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Түрлі заттарды пайдалана отырып, қоршаған ортамен, адамдармен қарым-қатынас жасайды, тәжірибе жинақтайды. Ойын баланы ақыл-ой жағынан да, дене жағынан да алға жетелеп дамытады, баланың ойын өрбітіп, тілін дамытып, бойын өсіреді.

Бала тәрбиесі ерекше күш-жігерді, еңбекті қажет етеді. Баланы жеке тұлға деп қарап, оның жан-жақты дамуына ықпал етуде тек мектеп қана емес, ең бірінші ата-ана үлкен еңбек жасауы керек. Баланың мектепке деген қызығушылығы оның танымдық қабілеттерімен тікелей байланысты. Ол үшін тәрбиешілер мен ата-аналар баланың танымдық қызығушылығының көрсеткіштерін саралап, толықтай білуі қажет. Танымдық қызығушылық әртүрлі әрекет жағдайларында көрініс табады. Мәселен, үлкендермен, өзінің тең қатар құрбыларымен қарым-қатынаста баланың қойған сұрақтарының мазмұны мен құрылымына, өзін қызықтырған заттарды білуге ұмтылысына назар аудару керек.

Баланың білуге деген құмарлығын дамыту ересектермен байланыс жасау кезінде ерекше қарқын алады. Ата-анамен қарым-қатынас кезінде бала өзін толғандырған сұрақтарға жауап алуға тырысады. Осы орайда тәрбиеші мен ата-ананың міндеті – қойған сұраққа жауап беруге асықпай, баланы әр нәрсенің жауабын өзі ізденіп табатындай жағдайға жеткізу.

Сұрақ болмаған жерде дүниені тану да, даму да болмайды.

Тыңдалым – анағұрлым маңызды тілдік дағды деуге болады, бірақ қадағалау анағұрлым қиынға түсетін дағды. Дыбыстық ақпаратты түсініп, меңгеріп, бағамдау үшін тыңдалымның тиімді стратегиялары қажет. Тыңдалым дағдысын дамытуға арналған сабақты өткізудің негізгі мақсаттарының бірі оқушыларды тиімді тыңдауға үйрету, яғни ақпаратты түсіну үшін онымен не істеу керек екенін үйрету болып табылады.

Айтылым оның кімге арналғанына, мақсаты мен мәнмәтінге тығыз байланысты: бір мезгілде көптеген адам ауызша қарым-қатынасқа түсе алады немесе оның барысына ықпал ете алады. Жазылым тіліне қарағанда, айтылым тілінде грамматика толық сақталмайды, шаблонды фразалар мен қайталамалар жиі қолданылады. Баланы сөйлетудің алуан түрлі мақсаттары бар, айталық, қатысу (араласу) үшін сөйлеу, түсіндіру үшін сөйлеу, өз білімін байқату үшін сөйлеу, бағамдау үшін сөйлеу. Әр мақсат барлық төрт үдерістің болуын көздейді, алайда әрбір кезеңге жұмсалған уақыт ерекшеленетін болады.

Оқылым белсенді немесе бейтарап болуы мүмкін. Бейтарап оқылым – балалар мәтінге сыни талдау жасауды мақсат етпей, өзінің қызығушылығын қанағаттандыру үшін оқу. Тәрбиеші балаларды өз қызығушылығын қанағаттандыру үшін бейтарап оқылымды қолдануға түрткі бола білгені дұрыс, алайда сыныпта басты назарда белсенді оқылым тұруы қажет.

Белсенді оқылым – тілді оқытудың негезгі элементтерінің бірі, мұндай оқылым барысында бала өзінің сыни талдау дағдыларын дамыту мен жетілдіру үшін мәтінмен жұмыс істеудің әртүрлі кезеңдерінде бірқатар әдіс-тәсілдерді қолданады.

Мектепке дейінгі шақта бала тілі икемді келеді, сондықтан да балалармен жүргізілетін жаттығу түрлері әр алуан. Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене береді.

Әдебиеттер

1. Махмудов М.И. Мектептегі проблемалық оқытуды ұйымдастыру. – А., «Мектеп», 1981. – 247 б.
2. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М., 1967 г.
3. Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. – А., «Қаз.унив.», 1991. – 128 б.
4. Абубәкірова С. Текстпен жұмыс істеудің әдістемесі. – А., «Қаз.унив.», 1993. – 105 б.
5. Аймауытов Ж. Психология. – А., «Ғылым» баспасы, 2004 г.
6. Ушинский К.Д. Педагогика. – М., «Просвещение», 1980 г.
7. Бабаева Ю.Д. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности. – М., 1997 г.
8. Дарындылықтың психологиялық диагностикасы. – Астана «Дарын», 2007.
9. Елікбаев Н. Ұлттық психология. – Алматы: Қазақ университеті, 1992 ж.

МРНТИ: 17.09.09

РАЗВИТИЕ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ КАК ОСНОВА ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА

Губайдуллина В.З., учитель начальных классов

Республика Казахстан, область Абай, Бескарагайский район с. Карагайлы
КГУ «Средняя школа имени Н. Баймуратова»

Одной из основных задач современной школы является подготовка человека, способного самостоятельно принимать решения и эффективно, разумно действовать в жизненных ситуациях. За годы работы в школе я поняла, что успешная реализация этой задачи во многом зависит от сформированности у учащихся логического мышления.

Мышление – это особого рода умственная и практическая деятельность, предполагающая систему включённых в неё действий и операций преобразовательного характера. Мыслительная деятельность людей совершается при помощи мыслительных операций: сравнения, анализа, синтеза, абстракции, обобщения и конкретизации [5].

В начальной школе учащиеся должны овладеть такими элементами логических действий, как: сравнение, классификация, выделение признаков предметов, определение знакомого понятия через род и видовое отличие, делать простейшие умозаключения, опираясь на данные посылки. Поэтому целесообразно начинать обучение логическим действиям с формирования соответствующих элементарных умений, постепенно усложняя задания.

Усвоение знаний – большой и нелегкий труд. Он требует от учащихся максимальных, длительных и напряженных усилий, постоянной мобилизации воли и внимания. Дорог каждый день жизни детей, начиная с самого рождения, а тем более нельзя упустить время в первые школьные годы, которые являются важнейшим периодом в развитии и формировании человека. В это время развитие логического мышления выступает как важнейший фактор, обеспечивающий эффективность его дальнейшего обучения в школе, успешность в профессиональной подготовке и жизни [4].

Хорошо развитое логическое мышление предохраняет от ошибок в практической деятельности. Это качество развивается главным образом в процессе изучения математики и является, по моему мнению, главной задачей уроков математики. В математике ученик с наибольшей полнотой может увидеть демонстрацию почти всех основных законов элементарной логики. От развития мышления зависит качество знаний учащихся.

Открытие, исследование, эксперимент – основа учебного процесса. Идея состоит в том, чтобы ещё до получения учениками конкретных знаний предоставить им возможность испытать на себе то, что испытывает любой исследователь, который должен ответить на поставленные вопросы.

Логические задачи – отличный инструмент для такого развития. В результате применения различных форм работы с данными упражнениями достигается наибольший эффект. Существует несколько подходов к классификации логических задач (заданий). Так Н.В. Бабкина предлагает логические задачи разделить на несколько типов [4, с. 3].

К первому типу относятся сюжетно-логические задачи на вывод заключения из двух отношений, связывающих три объекта. Перед тем как предоставить школьникам возможность самостоятельной работы с задачами такого типа, следует рассмотреть на примере общие алгоритмы их решения. После уяснения детьми количества действующих лиц и предметов, а также вопроса задачи, следует определить, по каким признакам различаются предметы и сколько таких признаков. Дальнейший анализ можно начать с любого из указанных признаков. По мере усвоения школьниками принципа решения аналитических задач такого типа осуществляется постепенный переход к работе в умозрительном плане. При этом анализируется уже не каждый признак по отдельности, а вся совокупность признаков.

Ко второму типу относятся сюжетно-логические задачи на установление отношений между несколькими суждениями. Наиболее удобным вариантом решения задач такого типа, вне зависимости от количества действующих лиц и имеющихся признаков, является построение таблицы, в которой учитываются все возможные варианты («логического квадрата»), и занесения в эту таблицу на основании имеющихся признаков знаков утверждения (+) и отрицания (-). Задачи данного типа требуют от учащихся особой сосредоточенности, учат внимательно анализировать информацию, содержащуюся во взаимосвязанных утверждениях, сопоставлять условие задачи с вопросом, осуществлять краткую запись. В процессе работы они овладевают умением развернуто и аргументировано обосновывать свои суждения [4, с. 4]. А.В. Белошистая и В.В. Левитес предлагают следующую систему поэтапно усложняемых заданий [30, с. 88].

1 вид. Задание на выделение признаков у одного или нескольких объектов. Их цель обратить внимание ребенка на значимость того или иного признака объекта для выполнения задания. Предлагаются задания на опознание этого признака, на группировку объектов по выбранному признаку. При этом задание оформлено в виде инструктивного письма графической формы, понятной ребенку без текста.

2 вид. Задания на прямое распределение признаков. На первых порах эти задания оформлены в виде логических деревьев, т.к. это помогает ребенку в наглядной форме представить само действие распределения.

3 вид. Задания на распределение с использованием отрицания какого-то из признаков. 4 вид. Задания, связанные с изменением признака. Графически эти задания оформлены в виде «волшебных ворот», проходя через которые предмет изменяет какой-либо из указанных признаков. Важно, чтобы ребенок понял, что изменение избирательное, т.е. изменяется только указанный признак. Эти задания полезны не только для развития восприятия, внимания, памяти, но и для формирования внутреннего плана действий и развития гибкости мышления.

В дальнейшем это умение поможет ребенку лучше понимать функциональные зависимости, зависимости изменения одних элементов математических объектов от изменения других элементов. Наиболее сложными в этой группе заданий являются задания на двойное изменение. Задание на изменение признака может быть также сформулировано в виде инструктивного письма.

5 вид представляет те же виды заданий, но трансформированные в другую графическую форму: матрицы (прямоугольные таблицы). Этот графический вид является более формализованным, чем предыдущий, но общеупотребимым в различных областях (математика, информатика и др.). А.В. Белошистая и В.В. Левитес считают, что ребенку необходимо дать возможность постепенно освоиться с такой формой и поэтому не предлагают вводить сразу полную матрицу. Целесообразнее, по их мнению, предложить ребенку «усеченную» матрицу с использованием уже знакомого ученику «инструктивного письма» [цит. по 30].

6 вид. Задания на поиск недостающей фигуры, оформленные в виде неполной матрицы. Умение справиться с заданиями такого вида традиционно считается показателем высокого уровня умственного развития. Анализ формы представления такого задания показывает, что от традиционной матрицы оно отличается отсутствием задающих строк и столбцов, т.е. в таблице на поиск недостающего элемента заполнение пустой клетки («следствие») требует восстановления опущенных задающих строк и столбцов («причина»), а затем определение на этой основе недостающей фигуры. В таком «конечном» виде эти задания достаточно трудны. Но возможно и целесообразно выстроить систему подготовки к заданиям такого вида, и тогда ребенок может самостоятельно справиться с достаточно сложными вариантами самостоятельно.

7 вид представляет те же виды заданий, но трансформированные в новую графическую форму – алгоритмическую схему. Эти задания имеют целью научить ребенка читать и понимать схематическую запись алгоритма.

Сама форма вызывает у детей интерес и позволяет достаточно быстро вводить в работу, как разветвляющийся алгоритм, так и алгоритм, содержащий цикл. Роль педагога в этой системе, я думаю - помочь детям понять смысл задания: прочитать ученикам текст задания и обсудить с ними, как они его поняли, в случае необходимости провести анализ графического представления задания, т.е. «обратить внимание детей на графическую подсказку и её смысл, обсудить с детьми результат выполнения задания».

Младший школьный возраст является активным пропедевтическим этапом развития логического мышления, в ходе которого закладываются основы осуществления логических операций анализа, синтеза, обобщения, ограничения, классификации, сравнения, абстрагирования и других, являющихся базой успешного овладения учебной программой общеобразовательной школы. К основным возрастным особенностям, характеризующим выполнение логических операций младшими школьниками, относятся: преобладание чувственного, деятельностного анализа над абстрактным, осуществление синтеза преимущественно в наглядной ситуации без отрыва от действий с предметами, стремление к подмене операции сравнения рядоположением объектов, связей и отношений между предметами и их свойствами, замена сущностных признаков предметов их яркими внешними признаками.

Так как математика даёт реальные предпосылки для развития мышления, я решила полнее использовать эти возможности на уроках при обучении детей. Как показывает мой опыт, уроки математики обладают уникальным развивающим эффектом и дают реальные предпосылки для развития логического мышления. Считаю, что систематичность в работе, выбранные мной формы и методы развития логического мышления, способствуют развитию самостоятельности логики мышления, которая позволит детям строить умозаключения, проводить доказательства, высказывания, делать выводы, обосновывать свои суждения, приобретать знания, а также активнее использовать эти знания на уроках математики и в повседневной жизни. Практической значимостью работы является то, что материалы используются в практике учителями начальных классов. Логическое мышление – основа школьного образования, залог успешного понимания технических и гуманитарных дисциплин. Развитие логического мышления как педагогический процесс необходимо осуществлять в соответствии с законами развития детского организма, в единстве и согласии с интеллектуальным развитием ребенка. Развитие логического мышления учащихся на всех уроках – одно из наиболее существенных требований, обеспечивающих качество обучения.

Литература

1. Ананьев, Б.Г. Психологическая структура личности и ее становление в процессе индивидуального развития человека / Б.Г. Ананьев // Психология личности: Хрестоматия : в 2 т. / ред.-сост. Д.Я. Райгородский. – Самара, 1999. – Т. 2. – С. 7-94.
2. Амонашвили, Ш.А. Здравствуйте, дети! / Ш.А. Амонашвили – М.: Просвещение, 1988. – С. 207.
3. Бантова, М.А. Методика преподавания математики.
3. Волкова, С.И. Развитие познавательных способностей детей на уроках математики. / С.И. Волкова, Н.К. Столярова // Начальная школа. – № 7-8 – С. 27-32.
4. Выготский, Л.С. Педагогическая психология. / Л.С. Выготский – М., 1991. – 304 с.

ГТАХР: 17.07.21

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ТІЛ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Есембаева И.О., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қаласы,
«№ 21 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне деген қызығушылығын арттыруда жаңа әдістерді жүйелі түрде пайдаланудың маңызы зор. Тәжірибеде оқытудың белсенді әдістерін ұтымды пайдаланудамын.

Белсенді оқуда/оқытуда келесі шарттарды қадағалау міндетті деп тану керек: жағымды психологиялық орта орнату; үйренушілерде білім игеруге деген қызығушылықты (мотивация, ынта, ұмтылыс) тудыру; білім игеруде үйренушілерді сәттілікке бағыштау; білім игеру үрдісін коммуникативтік процесс деп түсініп, бірлескен әрекеттерді қолдану.

Белсенді оқытуды ұйымдастыру ережелері:

1. Сыныпты жұмысқа дайындау.
2. Топқа бөлу.
3. Мақсаттарды және күтілетін нәтижелерді айқындау.
4. Жұмыс ережелерін қабылдау.
5. Сенім және жұмыс атмосферасын қалыптастыру.
6. Барлық үйренушілер жұмысқа қатысуы керек.
7. Тыңдай білу: барлық пікірлер тыңдалуы керек.
8. Жазбаша жұмыстар.
9. Кері байланыс.

Әр сабақта келесідей дидактикалық тәсілдерді қолданған тиімді: Ой қозғау, Т-кестесі, Венн диаграммасы, Болжау, Кластерлер, Синквейн, Салыстырмалы диаграмма, Оңай және қиын сұрақтар кестесі, Ойлан, жұптас, пікірлес, Алдын-ала берілген атаулар, Үлкен шеңбер, Қос шеңбер, Атаулар туралы үш сұрақ, Еркін жазу, Білемін, білгім келеді, білдім, Дөңгелек үстел, Үш қадамды сұхбат, Топтық зерттеу, Кең көлемді лекция, Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою, Қос жазба күнделігі, Үш жазба күнделігі, Белгі қойып оқу (INSERT), Жигсо, Қайшыланған пікірталас, Аквариум.

Белсенді сабақтарды ұйымдастыруда кең тараған құрылымдардың бірі Дэвид Колбаның эмпирикалық таным циклы. Бұл төрт фазадан тұрады, яғни бірінші фазада нақты проблема немесе тәжірибе белгіленеді, екінші фазада бақылау және ой қорыту жасалады, үшінші фазада рефлексия негізінде жаңа тұжырымдар қалыптастырып, оны төртінші фазада тәжірибеде тексеріп қарайды. Өз тәжірибемде қолданатын оқушылардың белсенділіктерін арттыратын белсенді тәсілдер: Миға шабуыл, Блиц-сұрақ, Кластер, Синквейн, Салыстырмалы диаграмма, Пазл, Ойлан, жұптас, пікірлес, Білемін, білгім келеді, білдім, Белгі қойып оқу (INSERT), Жигсо, Эссе, Жүппен, топпен жұмыс, Рөлдік /іскерлік/ ойын, Пікірталастар, Рефлексия, Аквариум, Карусель, Есептер ақуционы, Аяқталмаған сөйлем.

«Ми шабуылы», «ми штурмы» («дельфи» әдісі) – бұл әдіс, берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Шағын топтардағы ұжымдық оқытуда топтық жұмыстың орны ерекше. Топ мүшелері әрқашан ауысып отыруы керек. Топқа оқушылар өз қалауымен, еркімен кіре алады, не қағаз қиындылары, ұқсас ерекшеліктер, сап түзеу, жағымды сөздер, санамақ, команда таңдау, картамен топқа бөлу, не оқытушы алдандағы мақсаттың ауыр, жеңіліне, оқушылардың білім дәрежесі, іскерлігіне қарай өзі топтастырады. Топтасқан оқушыларға бір есепті шешу, дәлелдеу ұсынуға, не әр топқа әртүрлі есептер ұсынуға болады. Бір мәселені әр топ әр жағынан қарастыратын болса, соңынан бірлесіп қорытынды жасайтын іздендіру бағытындағы тапсырмалар жүйесі берілуі керек.

Белгі қойып оқу (INSERT-Interactive Noting System for Effective Reading and Thinkeng– тиімді ойлау мен оқуға арналған белілеудің интербелсенді жүйесі) – жаңа мәліметті игерудің белсенді тәсілі. Оқушылар дәрісті тыңдағанда жекелей кестені толтырып отыруы тиіс:

Бірінші («қанатша») бағанға оқушылар дәрісте кездестірген өздерінің бұрыннан білетін таныс мәліметтерді келтіреді.

Екінші («плюс») бағанға оқушылар осы дәрісте өздері үшін жаңа болып табылатын ақпаратты жазады.

Үшінші («минус») бағанға осы дәрісте келтірілген қандай ақпараттың олардың бұрыннан білетініне қайшы келгенін жазады.

Төртінші («мен») бағанға тақырыптың оқушыға қалай септік тигізіп, қандай пайда келтіретіндігін жазады.

Дәрістің әр бөлігінен кейін оқушылардың өз кестелерін салыстырып, өзара талқылау жүргізіп отырғандығы орынды. Ал оқытушы бұл тәсілді шығармашылық тұрғыдан қарастырып, оған өзгертулер енгізуге болады.

Мысалы, алгебра пәнінде «Сызықтық теңдеулер жүйесін шешу» тақырыбы бойынша оқушылар келесі түрдегі кестені жазуы мүмкін:

Ойлан, жұптас, пікірлес» – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған белсенді тәсіл. Тақтада сұрақ/тапсырма/есеп жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен орындағанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Оқытушы екі-үш жұпқа

өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрауға болады. Бұл тәсілді математикадан коллоквиум жүргізгенде қолданған тиімді.

v	+	-	мен
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Менің ойлағаныма қайшы, кереғар»	«Қайда қолдана аламын»
Теңдеулер жүйесін шешудің қосу және алмастыру тәсілдері	Теңдеулер жүйесін шешудің графикалық тәсілі	Теңдеулер жүйесінің басқа тәсілдері болмайды деп ойлаушы едім. Мен білгеннен де басқа әдістер бар екен.	Есептерді тиімді тәсілмен шешуде

Шағын лекциялар. Шағын лекциялар теориялық материалды ұсынудың тиімді материалдарының бірі болып табылады. Оны бастар алдында алдыда тұрған тақырыппен байланысты, ми штурмын немесе рөлдік ойынды өткізу қажет, ол қатысушылар үшін оның маңызын арттырады, оларды ақпараттандыру дәрежесі мен тақырыпқа қатынасын анықтайды.

Материал қатысушылар үшін ұғынықты тілде мазмұндалады. Әрбір терминге анықтама беру қажет. Теорияны «жалпыдан жекеге» қағидаты бойынша түсіндірген дұрыс. Келесі сұраққа көшер алдында айтылғандардың бәрін жинақтау және сіздің дұрыс түсінгеніңізге көз жеткізу керек.

Кері байланыс. Кері байланыс қатысушылардың талқылап отырған тақырыптарының реакциясын ұғынуға, оқуды ұйымдастыру мен өткізудің кемшіліктері мен артықшылықтарын көруге, нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді. Қатысушылар (ерікті түрде) өткізілген жаттығулар, ақпараттық блок, нақты күн немесе барлық тренинг бойынша өз ойларын айтуды ұсынады.

«Кластерлер» деген мағынада) – идея мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Мұнда негізгі тақырып (тірек сөз, басты идея) тақтаның (дәптердің) ортасына шеңберге жазылады да, одан туындайтын тақырыпшаларды оқушылар оның жан-жағына жазып, шеңберлеп бір-біріне қосады да, өз-ара байланыстары туралы әңгімелейді. Кластерлер оқушының жеке орындауынан басталып, одан кейін жұмыс жұпта немесе шағын топта (4-6 адам) жалғасады. *Мысалы*, алгебра және анализ бастамалары пәнінен «Анықталмаған интеграл» тақырыбында тақта ортасына «Анықталмаған интеграл» деп жазып қою керек, ал оқушылар айналасына білгендерін сөз, сөздер тіркесі түрінде жазады. Олар: алғашқы функция, интегралдаудың үш ережесі, айнымалы ауыстыру әдісі, бөліктеп интегралдау әдісі, алынбайтын интегралдар, рационал функцияны интегралдау, иррационал функцияны интегралдау, тригонометриялық функцияны интегралдау болуы мүмкін. Мұндай кластерді тақырыпты қорытындылау бөлімінде рефлексия түрінде беруге болады, сонда оқушылардың тақырыпты қалай меңгергендіктері байқалады.

Синквейн (ағл. *cinquain*) – бес жолдан тұратын тақпақ. Мұнда оқушыға оқу материалын қысқаша түйіндемеу талап етіледі. Бірінші жолда – синквейннің негізгі мазмұнын құраушы бір негізгі сөз (ұғым); екінші жолда – берілген ұғымды сипаттайтын екі сын есім; үшінші жолда – ұғымның әрекетін көрсететін үш етістік; төртінші жолда – автор өз қатысын көрсететін қысқа сөйлем; бесінші жолда – ұғымға қатысты өз сезімін, ассоциясын сипаттайтын бір сөз (көбінесе зат есім). *Мысалы*, алгебра және анализ бастамалары пәнінен «Функцияны зерттеу» тақырыбын өткеннен кейін синквейн құрауға болады. Ол келесі түрде болуы мүмкін

Функция. Бірсарынды, жұп (тақ). Өседі (кемиді), анықталу облысын қамтиды, дифференциалданады. Функция анықталу обысының кез келген нүктесінде үзіліссіз. График.

Пазл (ағл. *puzzle*) – тең емес бөліктерден сурет құрастыратын балалар ойыны. Бұл әдіс бойынша тапсырмалардың орындалуын ойын түрінде өткізуге болады. Оқыту барысында өтілген материал карточкаларға жазылады, бірақ әрбір карточкада келесісін іздеуге бағытталған мәлімет болуы тиіс.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңаша әдістерді пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, өзіндік ойы мен пікірінің қалыптасуына зор септігін тигізбек.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!/Қазақстан халқына Жолдау. – Егемен Қазақстан, 29 қаңтар, 2011.
2. 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010. – 45 б.
3. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану мәселелері. – Алматы, 2013. – 448 б

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ильсова Г.Б., бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Аягөз қаласы,
«Ж. Жабаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

PIRLS зерттеуінің басты мақсаты-оқушылардың әлемдік деңгейдегі мәтін мазмұнын жетік түсінуін және әлем мәтіндері мен оқу сауаттылығын қалыптастыруда ұлттық білім жүйесі жұмысының айырмашылықтарын анықтау болып табылады.

Қазақстанның халықаралық зерттеуге қатысуы білім сапасының қазіргі заман талабына сай болуда ұлттық білім жүйесін модернизациялауды білдіреді. Қазақстан Республикасының 2011-2020 ж. арналған Мемлекеттік бағдарламасында қазақстандық оқушылардың мәтінді оқу және түсіну деңгейін анықтауда халықаралық зерттеуге қатысуы туралы белгіленген. Негізгі халықаралық зерттеу Қазақстанда 2016 жылдың 1-30 сәуір аралығында өткен болатын. Зерттеу нысанасы болып бастауыш түлектері саналды, өйткені төртінші сыныпқа келгенде оқушылар түрлі мәтіндермен жұмыс жүргізе білуі тиіс. Қазақстаннан 4 000-нан астам төртінші сынып оқушылары қатысты. Оның ішінен: Оңтүстік Қазақстаннан-38, Алматы облысынан-18, Ақтөбе мен Қарағанды облыстарынан 13-тен, Шығыс Қазақстаннан-12 (Семей қаласынан № 8, № 39 метептерінің 4-сынып оқушылары).

Білім негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Қазіргі оқыту жүйесі бастауыш сынып мұғалімінен ізденіс пен шығармашылықты талап етеді. Сондықтан мұғалім оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруда оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдері мен түрлерін ұтымды пайдаланғаны дұрыс.

Тәжірибемде мәтінмен жұмыс істеудің интегралды және и дифференциалды алгоритмдерін қолданамын. Оқудың интегралды алгоритмі мәтіндегі негізгі ойды анықтауға көмектеседі. Бұл әдіс ең қажетті ақпаратты ғана бөліп алуға септігін тигізеді. Дифференциалды алгоритм көмекші сөздер арқылы ең маңызды ақпаратты іріктеп алуға арналады. Мәтінді оқып, не туралы екендігін анықтап алған соң, оқушыларға парақтар таратылады.

1. Мәтіннің тақырыбы, авторы: _____
2. Негізгі мазмұны (идеясы): _____
3. Фактілер (аттары, цифрлар, мәліметтер): _____
4. Бағалау:
Жаңа ақпарат _____
Қызықты ақпарат _____
5. Пайдасы: _____

Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру жұмыстары оқу үрдісінде ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс кезде, тәрбиелік іс-шаралар мен қосымша сабақтарда, отбасылық оқу мәдениетін қалыптастыруда ата-аналармен бірлесе жұмыс атқарған кезде ғана іске аспақ.

Аталған зерттеу сарапшыларының халықаралық глоссарийі бойынша «оқу сауаттылығы»-оқушының өмірге бейімделе алуы мен алға қойған мақсаттарына жетуде жазбаша тілдің түрлі формаларын түсінуі мен логикалық сараптан өткізуі дегенді білдіреді.

Оқу біліктілігін бағалауда ескеру керек:

- ақпаратты табу,
- қорытынды шығару,
- ақпаратты қорытындылау мен интерпретация,
- мәтін құрылысы мен тілдік ерекшеліктерін, мазмұнын бағалау.

Зерттеу мәтінмен жұмыс жүргізу барысында оқырмандық білікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мәтінді түсінуде оқушылардың оқырмандық мүмкіндіктерін сипаттау:

- мәтінді жоғары деңгейде түсіну,
- мәтінді орташа деңгейде түсіну,
- мәтінді төменгі деңгейде түсіну,

Оқу сауаттылығы бойынша оқушылар мектеп аясында және мектептен тыс уақытта нені оқитынын, қандай мақсатпен оқитынын білуі қажет. Оқуға деген қызығушылықты «Отбасымен бірге

оқу», «Кітапхана сабақтары», АКТ пайдалану арқылы «Оқуға әуестік» сайттары арқылы арттыруға болады. Оқу сауаттылығының негізі мәтінмен толыққанды жұмыс істеу үшін қалыптасқан оқу дағдысы болып табылады. Зерттеу оқушылардың оқу мүмкіндіктерін бағалауға көмектеседі.

Функциональдық сауаттылық – адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы. Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Бұл жаңа ғана өмірге бейімделіп келе жатқан жас бүлдіршіндердің қалыптасуы, өмірге, мектеп өміріне бейімделіп кетуі. Мұндағы басшылыққа алынатын функциональдық сапалар: оқушының белсенділігі, шығармашылығы, ойлауы, шешім қабылдай алуы, қабілеттілігі т.б. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Функциональдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функциональдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады.

Бастауыш сыныпта ана тілін оқытудың негізгі мақсаттарының бірі-оқушылардың сөздік қорын, ауызша және жазбаша сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетінің қалыптастыру болып табылады.

Сондықтан да қазіргі кезде бастауыш мектеп мұғалімдері оқушылардың сөздік қорын молайтып, сол үйрегіне сөздерін қолдана отырып, айтайын деген ойын анық жеткізіп сөйлеуіне зор көңіл бөлуде.

Оқу сапалары.

Дұрыс оқу

1. Дұрыс оқуға үйрету негізі алғашқы оқу-жазуға үйрету кезден басталады. Дұрыс оқу үшін оқушылар мына талаптарды орындауы қажет:

1. Сөзді оқығанда әріштеп оқымай, буындап, буындарды жалғастырып оқу. Мысалы: *ша-на-лар, то-қу*. Мұнда балалар сөздің сыртқы түрін ғана меңгеріп, мағынасын түсінбей оқитын болса, дер кезінде түсіндіріп, түзетіп, сөзді буынға бөлгенде дұрыс бөліп оқуға жаттықтырып, дағдыландыру қажет.

2. Оқып тұрған сөздің не алдынан, не артынан, не ортасынан артық дыбыс қоспай, не түсірмей оқу, ұқсас дыбыспен ауыстырмай оқу.

3. Бір дыбысты не буынды ұзақ созып, не екі рет айтпау: *аа-на, баа-ла, а-на-на, ба-ба-ла*.

4. Бір сөз орнына екінші бір сөзді айтпау (мағынасына сәйкес келетін), сөйлем соңындағы сөзді, буынды жұтып қоймау.

5. Ұқсас дыбыстарды, тілі келмейтін дыбыстарды ауыстырмау.

Сонымен оқушы дұрыс оқымаса, мұғалім дұрыс оқып беріп, оқушыға қайталаттырады немесе жақсы оқитын оқушыға оқыттырады.

Баланың табиғат сыйға тартқан барлық интеллектуалдық қабілеттері ана тілін меңгерудің, онда да мектепке дейінгі кезде меңгерудің арқасында пайда болады және дамиды. Балаларды ана тіліне оқытуда кәсіби шеберлікті меңгеру үшін болашақ тәрбиешіге әдістеме теориясын, ұғыну және ғылымға белгілі әдістерді меңгеру, яғни осы әдістерді жүзеге асыратын оқытудың аса маңызды тәсілдерін орындауға жаттығу қажет.

Тілді дер кезінде және сапалы меңгеру балада дұрыс психиканың қалыптасуының және оның кейін жақсы дамуының алғашқы аса маңызды шарты болып табылады. Дер кезі дегеніміз – бала дүниеге келген алғашқы күннен бастау, сапалы дегеніміз – тілдік материал көлемінің жеткілікті болуы және баланың әрбір жас кезеңіне қарай тілді меңгеруге деген мүмкіндіктерін толық пайдалану.

Түсініп оқу

Түсініп оқу – оқыған сөз немесе сөйлемнің мағынасын, ондағы айтылған ойды дұрыс түсініп, оны екінші бөлімде айтылған оймен байланыстыруы, оқылған мәтін мазмұнын анық, терең ұғынуы.

Түсініп оқу дұрыс оқу сапасы арқылы іске асады. Түсініп оқу барысында оқушыларда елес, ұғым, бейне, жоғары сезімдер пайда болады. Түсініп оқуға дағдыландырудың маңызды бір жолы – кіріспе әңгіме. Сонымен қатар оқудың алдында саяхатқа шығу, тәжірибе, бақылау жасау да түсініп оқуға дағдыландырады. Қорытынды әңгіме де оқушының түсініп оқуына септігін тигізеді.

Жаңа материалды түсініп қабылдау үшін сабақ үстінде жүргізілетін жұмыстар:

1. Кіріспе әңгіме.

2. Мұғалімнің мәтінді тұтас баяндауы не оқып беруі.

3. Сөздік жұмысы.
4. Бөлім-бөлім бойынша оқушыларға дауыстатып оқыту.
5. Сұрақ-жауап арқылы не түсінгендерін, қалай түсінгендерін байқау.
6. Іштен оқу.
7. Қажетті жағдайда оқудың басқа түрлерін іске асыру. Мысалы: рөлге бөліп оқу, теріп оқу, бөлімге бөліп оқу.
8. Түсінгендері бойынша бөлімге ат қою, мазмұндық сурет салу, мазмұнына сәйкес мақал-мәтел айту.
9. Осы әңгімеге ұқсас, идеялық ойын аша түсетін қосымша әңгімеге өлең, т.б. айту.
10. Мәтінді қалай қабылдағанын байқау, алған білімін білікке айналдыруға бағытталған қорытынды әңгімеге өткізу.

Мәнерлеп оқу

Мәнерлеп оқу – бастауыш сынып оқушыларын дұрыс оқуға үйрету үшін қойылатын талаптың бірі. Дауыс интонациясын сақтап оқығанда ғана бала дұрыс оқиды әрі оқығанын түсінеді. Оқудың сапалары бірімен-бірі тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырып отырады. Түсініп оқу үшін дұрыс оқу керек. Мәнерлеп оқу үшін оқып отырғанын түсіну керек. Мәнерлі оқылмаса, дұрыс оқыды дей алмаймыз. Ендеше бастауыш сыныпта мәнерлеп оқуға үйрету сауат ашу кезеңінен басталады. Сауат ашу кезеңінің дайындық сатысынан бастап сөйлеуге үйретеміз. Ал оның басты үлгісі – мұғалімнің өзінің дауыс интонациясы. Мәнерлеп оқу дегеніміз – дұрыс оқу, сонымен бірге дауыс интонациясы арқылы сөйлем не мәтіндегі негізгі ойды жеткізу, мазмұндық ой екінін қоя білу, кейіпкер көңіл-күйін сезіне оқу. Екінші сөзбен айтқанда, қарапайым сөйлеу тіліне жақын, еркін оқу, дауысты құбылтып, тындаушысына әсерлі етіп жеткізу.

Мәтінмен жұмыс бір жағынан, сөздің грамматикалық және лексикалық жақтарын талдауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан баланың сөйлеу дағдысын қалыптастырудың негізі болып саналады. Мәтінмен жұмыс жүргізу барысында мұғалімнен оқушылардың мәтін мазмұнын түсінетіндей жағдай туғызу талап етіледі. Ол үшін сөздік жұмысы, талдау, салыстыру, түрлі бағытта берілген шығармашылық тапсырмаларды орындау сияқты әдістер мен жұмыс түрлерін ұйымдастыру қажет.

Әдебиеттер

1. Адамбаева Р.А., Мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастырудың отандық тәжірибесі.
2. Цукерман Г.А. Оценка читательской грамотности. РАО институт содержания и методов обучения отдел оценки качества общего образования. – М.: 2010. – 90 с.
3. Кузнецова М. Читательская грамотность школьников: взгляд сквозь призму PIRLS и PISA / М. Кузнецова // науч.-метод.журн. – 2011. – № 3. – С. 52-57.
4. Оразбаева Ф. Қазіргі ғылыми парадигмадағы «Оқу сауаттылығы» ұғымының мәні.
5. Байтұрсынұлы А. Тіл ғылымы А. «Ана тілі», 1992. – 448 б.
6. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі А., 1987.
7. Бектұрғанов Ш., Серғалиев М. – Қазақ тілі А, 1994.

ҒТАХР: 17.07.65

«ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ» ПӘНІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУ

Исина Ж.Ш., бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Бесқарағай ауданы, Қарағайлы ауылы
«Н. Баймұратов атындағы орта мектеп» КММ

Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып, оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі. Сондықтан мен әдебиеттік оқу пәнін оқытуда жаңа технология әдістерінің бірі сын тұрғыдан ойлау педагогикалық технологиясының элементтерін таңдап алдым. «Сын тұрғыдан ойлау» бұл американдық көптеген ғалымдардың алдыңғы қатарлы идеялары негізінде құрылған жоба.

Педагогикалық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметтің, іс- әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы

белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді. *Шығармашылық* дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға, жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылуы, ізденуі. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

Өз тәжірибемде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда СТО жобасының көптеген элементтерін қолданамын:

- Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау, арнаулы бір тақырыпқа пікірталас тудыру /ой қозғау, «инсерт» кестесі/

- Берілген тапсырманы түрлендіру бағыттағы жұмыс / эссе, шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар т.б стратегиялар/

- әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу, мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға /Венн диаграммасы, аялдамамен оқу стратегиясы

- Қиялдау арқылы сурет салғызу /сурет салу стратегиясы/

- Кейіпкерге мінездеме беру өз ойын жазғызу /авторға, кейіпкерге хат жазу стратегиясы /

- Шығармада екі кейіпкердің қарама – қарсы элементтерін сипаттау /қарама-қайшы элементтер стратегиясы/

- Өлең шумақтарын құрастыру / 5 жолды өлең стратегиясы/

1. Есте сақтау оқу үдерісіне қажетті маңызды ойлау әрекеті болғанымен, сыни ойлауға жатпайды.

2. Берілген тапсырманы қарастыра отырып, оның құпиясы мен қисынын, заңдылығын түсіну сыни емес, логикалық ойлауға жатады. Сыни ойлау алынған идеяларды тексеру, пайымдау, бағалау мен қолдану кезінде пайда болады.

3. Инсайт (кенет шешімін табу), тапқырлық таныту, көптеген нұсқаларын іздеп табу шығармашылық ойлауға жатады.

Сын тұрғысынан ойлау алгоритмі:

Танымдық қызметтің мақсаты не? Мақсат бір нұсқаны таңдау, нұсқа болмағанда шешім табу, ақпаратты өңдеу, дәлелдердің сенімділігін бағалау, т.б. болуы мүмкін.

Не белгілі? Бұл – сыни ойлаудың бастапқы нүктесі. Бұл кезеңде жетіспейтін ақпараттық табу жүзеге асырылады.

Не жасау керек? Бұл кезеңде бұрынғы қалыптасқан ойлау икемділіктерін пайдалана отырып, мақсатқа жету жолы айқындалады. Бұл кезең – сыни ойлаудың қозғаушы күші.

Қойылған мақсатқа қол жетті ме? Берілген тапсырмаларды орындау нақтылығы табысқа жетудің шешуші факторы болып табылады.

Қысқаша: 1.Мақсат не? 2.Не белгілі? 3.Не жасау керек? 4.Мақсатқа қол жетті ме?

Сыни ойлауды дамытудың ұлттық кеңесі сыни ойлаудың басқаша анықтамасын ұсынады: «Сыни ойлау – бақылау, байқау, рефлексия, пайымдау немесе әңгімелесу арқылы алынған ақпаратты ой елегінен өткізу, қолдану, талдау, жалпылау немесе бағалау бойынша белсенді іс-әрекетке бағытталған зияттылық тұрғысынан ұйымдастырылған үдеріс. Сыни тұрғыдан ойлауға үйретуді дамытудың мақсаты – оқушыларға кез келген мазмұны сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету.

Сыни тұрғыдан ойлау жобасында топпен жұмыс жасау қарастырылатын болғандықтан, онда коммуникативтік күзінеттілікті қалыптастырудың шешімін де табуға болады. Топта жұмыс істеу барысында балалар бір-бірімен қарым-қатынас орнатуға үйренеді. Оқушылар өткен сабақтарда топта жұмыс істегендіктен топта жұмыс істеу ережелерін біледі. Топтарға алдын ала әзірленген бағалау парақтарын таратып беріледі. Бағалау парағында әрбір тапсырма бағаланатындығы көрсетілген. Оқушылар өз топ басшыларын сайлайды, сол топ басшысы бүкіл топ мүшелерін осы бағалау парақтарында бағалауға тиіс болады. Сабақтың мазмұнын ашу мақсатында оқулықтан тыс үш топқа сыни ойлауға дағдылантайтын арнайы сұрақтар беріледі. Оқушылардың іс-әрекеті тақырып бойынша ой қозғайды, ұжыммен жұмыс жасайды, өздерінің жұмыстарын тиімді жолмен қарсылас топтарға таныстырады. Оқушылар мәтіннің мазмұнымен өздері танысады. Және топ ішінде сұрақтарға сын тұрғысынан ойлау арқылы әр түрлі нұсқада жауаптар ұсынып талқылау жүргізеді.

Мұғалімдердің алдына қойылатын басты міндеттердің бірі-шығармашылығы жоғары тұлғаны қалыптастыру. Осы мақсатыма жету үшін озық тәжірибелі педагогтардың іс-тәжірибесі, озық педагогикалық технологияларды басшылыққа алу көп нәтиже береді.

Бүгінгі өмір талабына сай баланы жеке тұлға ретінде тәрбиелеуде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің маңызы зор екендігі баршамызға мәлім.

Окутыдың жаңа мүмкіндіктері арқылы ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншіктердің жан дүниесіне сіңіру, арқылы әлемдік руханиятқа, өркениеттің өріне шығып, одан нәр алу- бүгінгі күн талаптарының маңыздысының бірі.

Тіл ұлттың аса ұлы игілігі, әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі және тіл қай ұлтта, қай өлкеде болса да қасиетті, құдіретті. Ол адамға ана сүтімен еніп, қалыптасады, сондықтан болар, тіл байлығы әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отырған баға жетпес мұра. Әрбір сабағыма дайындықты баланы осы мұраны көзінің қарашығындай қорғауға бағыттаудан бастаймын.

Әрбір сабақтағы ұстанымдарым:

- бүгінгі сабақта оқушы нені білгісі келеді?
- жаңа материалды бала санасына қалай жеткізу керек?

– жеткіншек білімді өз дәрежесінде меңгерді ме, мен ұстаз ретінде балаға жаңа материалды толыққанды меңгерте алдым ба?

"Әлемнің тізгіні – білімдінің қолында" демекші, баланың өзіне деген сенімін туғызып, өз бетімен білім алуға, ізденуіне деген ықыласы мен іскерлігін, оқу – танымдық ынтасы мен шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге әр жеке тұлғаны жан – жақты етіп дамытуға негізделген білім көзі болып табылады.

Диалогтік қарым-қатынаста оқу материалы диалогқа түсудің әрі құралы, әрі нысаны ретінде қолданылып, оқыту коммуникативтік технология сипатына ие болады. Диалогтік қарым- қатынас - екі я одан да көп тұлғалардың тіл үйрену мақсатында сөйлесу, әңгімелесу, тіл қатысу үдерісі. Диалогтік қарым – қатынас оқытудың субъект – субъект қағидасының орындалу шарты ретінде де қаралады.

Жалпы сын тұрғысынан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақ қойып, мағынаны анықтау үшін дәлелдер айтып, саналы түрде мақсатқа жету жолын таңдайды және олар өзгерістерге ашық болады. Бала сын тұрғысынан ойлана отырып, өз пікіріне ең ұтқыр түсініктеме табады, кез келген проблемада жауаптар емес, сұрақтар табуға ұмтылады. Дәлелдермен сөйлеп дағдыланады. Барлық жасалған қорытындыларды бағалай біледі, дәлелдердің маңыздылығы мен деңгейін түсініп қолдай алады. Басқа да болжам, мүмкіндіктердің болуын және оның орынды екенін, артықшылығын мойындайды. Барлық айтылған көзқарас пен дәлелдерді есепке алып, көңіл бөледі.

Қорыта келе, жеке тұлғаны дамыту, шығармашылық сабақтардың өткізудің, оқушының өз бетімен ізденіп, жан-жақты дамудың алатын орны ерекше екені байқалды. Іс тәжірибемізді қорыта келе, мұғалімдерге мынадай ұсыныс жасасам:

- Оқушыларды сын тұрғысынан ойланту арқылы пәнге деген қызығушылығы артады;
- Мұғалім мен ата-ана тығыз байланыста болуына жағдай жасайды;
- Оқушылардың жан-жақты болуына мүмкіндік береді;
- Әр мұғалім болашақ үшін қызмет істейді. Ол әр оқушыны жеке тұлға ретінде көріп, оның өміріндегі өз орнын табуына, сынып ұғымын қалыптастыруға, ата-аналармен ынтымақтасуға, оқуда қиындық көріп жүрген оқушыға көмек көрсетеді. Ол үшін жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысында пайдаланып, сонымен қатар оқушыларды мадақтап, ынталандырып отырған орынды.

Өз тәжірибемде сабақ сапасын арттыруда, жақсы білім дәрежесіне жетуде әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып келемін. Оқушыға білімнің білігін, тәрбиенің тәлімін бере отырып, оқушылардың демократиялық қасиеттерін, таңдау бостандығын, өздігінен іздену қабілеттерін, жеке тұлғаны дамыту мақсатында мектебімізде тек қана оқушылар ғана емес сонымен қатар ұстаздар қауымы да шығармашылық іс-шараларға белсене ат салысу керек екендігіне көзім жетті.

Әдебиеттер

1. Мерсеитова С.С. Сыртқы әлем: күнделіктіні академиялықта қолдану. – Алматы.
2. Мерсеитова С.С. Азаматтықты дамыту: патриотизм, мораль және білім беру миссиясы. – Алматы.
3. Мерсеитова С.С. Становление и развитие философии учителя: гуманистическая парадигма». – Алматы баспасы.
4. Журнал: Бастауыш сыныпта оқыту (барлық пәндер бойынша) – № 3 – 2011 жыл.
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық, Екінші (негізгі деңгей), үшінші басылым.
6. Оразалина А. Сабақта СТО технологиясын қолдану.
7. Блум Б. Блум таксономиясы, 1956.

МӘТІНДІК ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Кешубаева Г.С., бастауыш сынып мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Бесқарағай ауданы,
Қарағайлы ауылы «Н. Баймұратов атындағы орта мектеп» КММ

Бастауыш сыныпта математика пәнінен оқушыларға мәтіндік есептерді шығару қиынға соғады. Бастауыш сынып оқушыларының есеп шығаруға деген қызығушылығын арттыруда түрлі дидактикалық тәсілдерді қолданған тиімді: Ой қозғау, Т-кестесі, Венн диаграммасы, Болжау, Кластерлер, Синквейн, Салыстырмалы диаграмма, Оңай және қиын сұрақтар кестесі, Ойлан, жұптас, пікірлес, Алдын-ала берілген атаулар, Үлкен шеңбер, Қос шеңбер, Атаулар туралы үш сұрақ, Еркін жазу, Білемін, білгім келеді, білдім, Дөңгелек үстел, Үш қадамды сұхбат, Топтық зерттеу, Кең көлемді лекция, Сұрақ кою, қайтадан сұрақ кою, Қос жазба күнделігі, Үш жазба күнделігі, Белгі қойып оқу (INSERT), Жигсо, Қайшыланған пікірталас, Аквариум, Эссе және басқалар.

Дәстүрлі оқыту мен белсенді оқудың айырмашылықтары:

Дәстүрлі білім беру – білімді жинақтауға негізделеді. Оқыту, үйрету, білім беру.

Белсенді оқу – білімді өздігімен игеруге негізделеді. Оқу, үйрену, білім алу.

Қазіргі кезеңдегі кез-келген педагогикалық технология оқушылардың белсенді ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Белсенді сабақтарды ұйымдастыруда кең тараған құрылымдардың бірі Дэвид Колбаның эмпирикалық таным циклы. Бұл төрт фазадан тұрады, яғни бірінші фазада нақты проблема немесе тәжірибе белгіленеді, екінші фазада бақылау және ой қорыту жасалады, үшінші фазада рефлексия негізінде жаңа тұжырымдар қалыптастырып, оны төртінші фазада тәжірибеде тексеріп қарайды.

Өз тәжірибемде қолданатын оқушылардың белсенділіктерін арттыратын белсенді тәсілдер: Миға шабуыл, Блиц-сұрақ, Кластер, Синквейн, Салыстырмалы диаграмма, Пазл, Ойлан, жұптас, пікірлес, Білемін, білгім келеді, білдім, Белгі қойып оқу (INSERT), Жигсо, Эссе, Жүппен, топпен жұмыс, Рөлдік /іскерлік/ ойын, Пікірталастар, Рефлексия, Аквариум, Карусель, Есептер ақуционы, Аяқталмаған сөйлем.

Белсенді оқыту технологиясының аса көп мөлшері белгілі. Әр ұстаз өз бетінше оқу материалының мазмұнына орай, топтың дайындық деңгейіне орай әртүрлі оқыту әдістерін таңдап алады. Соның ішінде математика сабақтарында қолдануға болатын кейбір интербелсенді әдістерге тоқталғанды жөн көрдім.

«Ми шабуылы», «ми штурмы» («дельфи» әдісі) – бұл әдіс, берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Шағын топтардағы. Ұжымдық оқытуда топтық жұмыстың орны ерекше. Топ мүшелері әрқашан ауысып отыруы керек. Топқа оқушылар өз қалауымен, еркімен кіре алады, не қағаз қиындылары, ұқсас ерекшеліктер, сап түзеу, жағымды сөздер, санамақ, команда таңдау, картамен топқа бөлу, не оқытушы алдандағы мақсаттың ауыр, жеңіліне, оқушылардың білім дәрежесі, іскерлігіне қарай өзі топтастырады. Топтасқан оқушыларға бір есепті шешу, дәлелдеу ұсынуға, не әр топқа әртүрлі есептер ұсынуға болады. Бір мәселені әр топ әр жағынан қарастыратын болса, соңынан бірлесіп қорытынды жасайтын іздендіру бағытындағы тапсырмалар жүйесі берілуі керек.

Белгі қойып оқу (INSERT-Interactive Noting System for Effective Reading and Thinkeng – *miimdi ойлау мен оқуға арналған белілеудің интербелсенді жүйесі*) – жаңа мәліметті игерудің белсенді тәсілі. Оқушылар дәрісті тыңдағанда жекелей кестені толтырып отыруы тиіс:

Бірінші («қанатша») бағанға оқушылар дәрісте кездестірген өздерінің бұрыннан білетін таныс мәліметтерді келтіреді.

Екінші («плюс») бағанға оқушылар осы дәрісте өздері үшін жаңа болып табылатын ақпаратты жазады.

Үшінші («минус») бағанға осы дәрісте келтірілген қандай ақпараттың олардың бұрыннан білетініне қайшы келгенін жазады.

Төртінші («мен») бағанға тақырыптың оқушыға қалай септік тигізіп, қандай пайда келтіретіндігін жазады.

Дәрістің әр бөлігінен кейін оқушылардың өз кестелерін салыстырып, өзара талқылау жүргізіп отырғандығы орынды. Ал оқытушы бұл тәсілді шығармашылық тұрғыдан қарастырып, оған өзгертулер енгізуге болады.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу, математиканы қызығырақ, түсініктірек оқыту мүмкін емес. Белсенді әдіс-тәсілдерді меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсер тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

«Борт журналы» әдісі

«Борт журналы» – тақырыпты оқып үйренуде өз ойларын жазуға үйретудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін қамтитын жалпылама атауы. «Борт журналы» қарапайым түрде мәтінді оқу алдында және оқу материалымен танысқан соң қолданылады. Оқушылар келесі сұрақтарға жауап жазады:

Берілген есеп бойынша маған не белгілі? Мен не білемін?

Есепте не туралы айтылған?

Не белгілі?

Не белгісіз?

Есептің сұрағы қандай?

Есептің сұрағына бірден жауап бере аламыз ба?

Мәтіннің түйінді ойларын оқушылар өздерінің «Борт журналына» енгізеді. Оқу кезіндегі үзілісте оқушылар тақырыпты өз ойларымен, тәжірибелерімен байланыстырып, «Борт журналының» бағандарын толтырады. Мұғалім оқушылармен бірлесе отырып жұмыс орындайды

«Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі

Мұғалім сабақ басында жаңа тақырып бойынша үш терминді тақтаға жазып, оқушыларға осы атауларға қатысты келесі сұрақтарға ауызша (жазбаша) жауап беруді тапсырады:

Қайда? Бұл терминдерді сіз бұрынырақта қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз?

Қалай? Өткен тақырыптардан осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба?

Қандай? Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз?

Әдеттегідей бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша немесе жазбаша орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалім бірнеше оқушының пікірін тыңдайды.

Мысалы: *теңсіздік, мәндес, айнымалы*

«IDEAL» белсенді әдісі. (Проблемалық жағдаяттар берілген ақпаратпен жұмыс істеуге қолайлы тәсіл).

Оқушылар оқулықтан есептің мәтінін оқиды.

I – мәтін мазмұнындағы проблеманы анықтау

D – проблеманы сипаттау

E – проблеманы шешу жолдарын анықтау

A – проблеманы шешу үшін әрекет жасау (мәселені шешу жолын көрсету)

L – қорытынды жасау, атқарылған жұмысқа рефлексия жасау.

Мәтінді есептерді шешу алгоритмінің блок схемасын құрастыру.

(Блок схемасын құрастыруда) жүйелік органайзер материалдың ақпараттық маңыздылығын арттырып, жүйелі түсінік алуға мүмкіндік береді.

«Үштік» әдіс (Ойлан, жұптас, бөліс.

Мақсаты: Оқушылар ойына келген жауаптар немесе идеяларды барынша көп жазу арқылы, кейін өз идеяларымен бөлісу.

Оқушылардың есте сақтау қабілеті (мұқият тыңдалым) сақталады. Өз ойын ашық айта алады. Оқушылардың оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым дағдылары қалыптасады.

«Дауыстап ойлау» әдісі

Мақсаты: Оқи отырып ой түйю, ой бөлісу.

Оқушыларды дұрыс тындауға ынталандырады. Оқылым, тыңдалым дағдылары қалыптасады. Ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды. Аталған әдіс бойынша оқушылар есептің мазмұнын ауызша талқылауға үйренеді.

Әдебиеттер

1. Бекболат Қ., Сердалы А Математикалық сауаттылық. – Астана, 2017 ж.
2. Барабанов О.О. Задачи на проценты как проблема нормы словоупотребления. // Математика в школе, № 5, 2003.

3. Барабанов О.О. Конкурсный экзамен по математике. Формулы успеха. – Ковров, 1998.
4. Захарова А.Е. Несколько задач про «цены» \\\ Математика в школе, №8, 2002.
5. Петров В. А. Элементы финансовой математики на уроках. \\\ Математика в школе, №8, 2002.
6. Сборник задач по математике для поступающих в вузы (с решениями). В двух книгах. Книга 1. Алгебра / Под ред. М.И.Сканави. – 9-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательский дом «ОНИКС 21 век»: Мир и образование, 2001.

ҒТАХР: 17.07.29

БАСТАПҚЫ ДЕҢГЕЙДЕ БЕЙНЕФИЛЬМДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕСІМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Козыбаева А.У., қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.,

«Л. Гумилев атындағы № 38 гимназиясы» КММ

Тіл сабақтарында АКТ ны қолдану аса өзекті болып саналады. Тақырып мазмұнын игеруде тек көру емес, сонымен бірге есту, іс-әрекет орындау, эмоция мен қиял да қосылады.

Компьютерлік технологиялар – біздің келешегіміз. Ол баланың интеллектуалдық дамуына, ойлау процестерін арттыруға, ақпараттармен жұмыс істеу мүмкіншіліктеріне зор ықпал етеді. Бірақ, тек компьютерге жүгінуге, оны білім алудың жалғыз арнасына айналдыруға болмайды. Айналадағы қоршаған ортаны тануда кітап оқу, бақылау және ең маңыздысы жанды қарым-қатынас екенін ұмытпағанымыз жөн.

АКТ сабақтың негізгі элементі емес, қосымша – көмекші элементі түрінде болуы тиіс. Мектеп оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, АКТ-ны қолдану жұмысы нақты сабақтың қай бөлімінде, қалай қолданылатыны ойластырылған және уақыт мөлшері ескерілген болуы тиіс. АКТ-ны қолдану арқылы өткізілетін сабақтарда баланың денсаулығын сақтауға аса назар аудару қажет. Сабақ жоспарына сергіту сәтін, динамикалық үзіліс, көзге арналған жаттығулар, денсаулық сақтау технологияларын міндетті түрде енгізу керек.

Сабақта ақпаратты коммуникативті технологиясын пайдаланудың тиімділігі әсіресе, жаңартылған білім беру бағдарламасының негізінде аудио тыңдалым арқылы қалыптастырушы бағалау тапсырмалары мен тест жұмыстарын орындау барысында оқушылар уақытын үнемдеуге өте тиімді. Оқушылардың сөйлесім дағдысын қалыптастыруда АКТ арқылы бейнефильмдерді көріп жүйелі жұмыс жүргізу өте тиімді.

Тәжірибемде бейнефильмді көруде төмендегідей әдістерді пайдаланудамын:

Ассоциация әдісі

Оқушылар көрген бейнефильмдегі тірек сөзді негізге ала отырып, ол көрсетілімге байланысты сөздерді сызба арқылы көрсетеді.

«1001 мақал» әдісі

Сабақта көрген бейнематериалға байланысты мақал-мәтелдерді еске түсіреді.

«Дыбыссыз көру»:

- оқушылар бейнефильм кейіпкерлеріне назар аударады;
- үзінді не туралы, кейіпкерлер не жайлы әңгімелесіп тұрғанын айтады;
- кейіпкерлердің эмоциясына мән береді;
- оқиғаға байланысты өздерінің әр түрлі пікірлерін айтады;

«Рөлдік ойын» әдісі

1. Фильмнен диалогы бар кадр дыбыссыз көрсетіледі, видео бойынша диалог құрады.
2. Барлық жұп өз нұсқасында сұхбат құрған соң, дауысын шығарып диалог екі немесе үш рет көрсетіледі.

3. Оқиға туралы хабардар болғаннан кейін оқушылар қажетті сөздерді қолдана отырып диалогты қайтадан құрады;

«Видеосыз тыңдау»:

оқушылар көз алдына елестетеді:

- оқиғаның орны;
- кейіпкерлердің бет-әлпеті;
- кейіпкерлердің көңіл-күйі мен іс-әрекеті

- оқушылар өз ойларын білдіреді;
- оқиға кейіпкерлерінің саны;
- оқиға кейіпкерлерінің көңіл-күйі.

«Дұрыс-бұрыс» әдісі

Фильм туралы жазылған мәтіндер таратылып беріледі. Мәтінде оқиға туралы бірнеше дұрыс емес сөйлем жазылған.

Оқушылар сөйлемдерді оқып, дұрыс не бұрыс емесін анықтап айтып, өз ойларын дәлелдейді:

Сөйлем	Дұрыс+	Бұрыс -
Оқиға қазақ халқының мақтаныштары туралы.		
Қымыз газдалған сусын.		
Құрт сүттен жасалатын тағам.		
Домбыра ұлттық музыкалық аспапқа жатпайды.		
Бауырсақ ұннан жасалынатын тағам.		
Асықты қазақтың барлық балалары ойнайды.		
Ұлттық брендті Бурабай табиғаты таңдады.		

«Егер де мен...», «Авторға хат»

Тыңдаушылардың өзіндік жұмыс белсенділігін арттыру үшін бейнефильмдерді көрсету арқылы шығарма, мазмұндама жаздыруды ұйымдастыруға болады.

Оқушы оқиға желісін мазмұндай келіп: «Егер де мен автор болсам...» – деп, оқиға желісін қалай елестететіні туралы немесе өзінің бейнефильмнен алған әсері туралы жазып, ойымен бөліседі.

Нәтижесінде:

- оқушының қызығушылығы артады;
- танымдық қызметі қалыптасады;
- жүйелі сөйлеуге дағдыланады;
- алған білімдерін күнделікті қолдануға үйренеді.

«Белсенді әдіс» тәсілдері оқу мақсатына жетуге ықпал етеді. Белсенді оқыту барлық оқушыларға оқуға негізделген. Мен таңдаған «Түсіндіру және сипаттау», «Сұрақ қою және талқылау», «Зерделеу және зерттеу» әдістері барлық оқушыларды ынталандыруға бағытталған.

Саралау тәсілдері әрбір оқушыға оқу мақсаттарға жетуге ықпал етеді. Мен таңдаған «Тапсырма», «Диалог және қолдау көрсету» әдістері кейбір оқушыларға көмек беруді қажет етеді.

21 ғасыр дағдылары дамыту мақсатында интербелсенді әдістерді қолданудамыз. «Ойлан, тап», «Фишбоун», «Джигсо» әдістері оқушыларды ынтымақта, бірлесе жұмыс жасауға, білгенін жолдастарымен бөлісуге, тақырыпты ортаға салып талқылауға, түйінді ойды саралауға жетелейді.

Джером Брунердің спиралдық оқу бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді жоспарда оқушыларға қарапайымнан күрделіге қарай тапсырмалар ұсыну керек деп ойлаймын.

Сабаққа барлық оқушылардың қатысып отырғандығына көз жеткізу үшін «Белсенді оқытудың» «Сұрақ қою және талқылау» тәсілін басшылыққа алудамыз. Себебі, берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың жауаптары әр түрлі болады. Білімді өмірмен ұштастырып, дәлелдемелер келтіріп сұрақтарға жауап береді, талқыға салады.

Саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілдерін қолданамын. Себебі, бұл әдісті қолдану барысында кейбір оқушыларға көмек қажет болады.

Оқушыларды қолдау және ішкі уәжін ояту мақсатында қалыптастырушы бағалаудың «Сиқырлы сөздер», «Сөз ғажабы», «Сөз патшалығы» әдістерін ұтымды пайдаланудамын.

Тапсырманы орындау барысында оқушылардың тыңдалым, айтылым, жазылым қарым-қатынас дағдылары қалыптасады және нәтижеге қол жеткізеді:

Оқушыларды байланыстыра сөйлеуге төселдіруде сабақ барысында сыныптағы психологиялық ахуалға ерекше мән береміз, нәтижесінде оқушыларымыздың өздерін сабақ барысында еркін ұстауын байқадық. Сондықтан сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында: «Шаттық шеңбер» әдісін пайдаланамын. Бір-біріне жақсы тілек айту кезінде олар өздерін еркін және сенімді ұстауды үйренді. Ал сабақ барысында олар бір-біріне құрметпен қарайды. Бірін-бірі тыңдауды үйренеді.

Үй тапсырмасын тиянақтауда не білетінін анықтау үшін «Үш сөйлем» әдісін пайдаланамын. Осы әдіс арқылы ойын ашық, еркін түрде жеткізе алатындықтан өз тиімділігін көрсетті. Сабақ жоспарын құру кезінде сабақ мақсатына жету үшін «Не істеймін?», «Не істеу керек?» – деген сұрақтарға жауап іздейміз. Осы сұрақтардың төңірегінде әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланамыз. Оқушыларды топқа бөлудің түрлі тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады. Топқа бөліп оқытудың бір артықшылығы үлгерімі орта, тұйық оқушылар топтың басқа мүшелерімен диалогқа түсе отырып, өздерінің білмейтіндіктерін үйрене отырып, көшбасшылық қасиеттері ашылады.

Әдебиеттер

1. Қараев Ж., Қуанбаева Б. Жетілдірілген педагогикалық жүйені жобалаудың дидактикалық шарттары. // Ізденіс. – 2004. – № 1. 233-236 беттер.
2. Нағымжанова Қ.М. Инновациялық оқыту жағдайларындағы мұғалім қызметінің психология – педагогикалық негіздері. // Теоретические и прикладные аспекты подготовки специалистов в условиях университета. – Усть-Каменогорск, 1999.
3. Беспалько В.П. Слабые педагогические технологии. – М.; Педагогика, 1989.
4. Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя; от теории к практике. Монография. – Алматы; Ғылым, 2001.
5. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. – Тараз, ТарМУ, 2003

ҒТАХР: 17.07.29

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ МЕН ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кунгазина М.М., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Бесқарағай ауданы,
Қарағайлы ауылы «Н. Баймұратов атындағы орта мектеп» КММ

Тіл сабақтарында оқушылар оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады.

Жазылым – тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген; лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге катысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын бірдей камтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет.

Мәтінмен жұмыс – сабақта өтілетін әртүрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады. Олар:

1. Дыбыстармен жұмыс.
2. Сөздіктермен жұмыс.
3. Сөздік қорларын жетілдіру.
4. Тіл дамыту.
5. Ережемен жұмыс

6. Ауызша сөйлей білуге дағдыландыру.

Осы тұрғыдан келгенде мәтінді меңгертуде сөздің жұмысының рөлі үлкен.

1. Төл дыбыстарымыз бар сөздерді оқытушы дауыстап өзі оқып, сонан қайталау керек.
2. Жаңа сөздерді тақтаға жазып есте сақтауын қадалап, оған байланысты сөздерді дыбыстап оқытуға, іштей қайталауға дағдыландыру керек.
3. Қиын сөздерді, сөз тіркестерін жекеше оқытып, дәптерге жазғызып, хормен оқыту керек.
4. Тақырыпты қаншалықты меңгергендігін байқатып, сөйлете білуге дағдыландыру мақсатында мәтіннің мазмұнын қысқаша баяндауды үйрету керек.
5. Мәтінге байланысты сұрақ қойғызып, жауап алу керек.

Мәтінді меңгертуде осындай амал тәсілдерді қолданған тиімді.

Мәтін оқылып болған соң, ондағы әр сөзді оқушылардан қалай түсінгеніне көңіл бөлу керек. Түсінбеген сөздерін мұғалім өзі қосымша түсіндіріп, әр сөздің мағынасына тоқталу керек.

Мәтінде кездесетін сөздер мен сөз тіркестеріне де айрықша мән беру қажет.

Біз оқытып жүрген оқулықта тақырыпқа сай мәтіндер көп.

Оқулықтары мәтіндердің күрделілігі сол мәтінмен жұмыс істейтін оқушылардың білім деңгейіне байланысты болу керек.

Мәтінді оқытудың мынадай түрлері бар:

1) Дауыстап оқу: бұл әдісті жүргізе отырып, оқушының сөйлеу элементтерін меңгергендерін байқауға болады. Дауыстап оқытудың тағы бір тиімділігі мынада: оқушылар бірінің қатесін бірі естіп және оны түзетеді.

2) Іштей оқу. Бұл жұмыстың мақсаты оқушылардың шапшаң оқу дәрежесін анықтау. Мысалы: мұғалім оқушыларға іштей оқу үшін бір мәтін беріп, қай жерге келгенде кітаптарын жауып, мұғалімге бітіргенін байқатады. Осыған қарап ұстаз олардың оқу шапшаңдықтарынан мөлшерін белгілеп отырады.

3) араласып немесе кезектеп оқу.

4) буынға бөліп оқу.

5) мәнерлеп оқу.

6) Сөйлемді мағынасына, айтылуына қарай дауыс ырғағымен оқу.

Жазылым жұмысының сәтті шығуы ең алдымен сөздік қордың мол болуына тікелей байланысты. Сөздік қор-оқылым арқылы келеді.

Оқылым – жазылым жұмысына дайындық кезеңі. Оқылым арқылы жазылым жұмысына қажетті ақпараттарды ұсынып, оның мазмұнын түсініп, тақырыпқа қатысты маңыздылығын талқылау, саралау, оқушының есінде сол ақпарат қалатындай қажетті сөздер мен сөз тіркестерін сабақ барысында қолдануға бағыттаудың маңызы зор. Аталған жұмысты жүзеге асыру мақсатында жыл бойындағы сабақтар барысында оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолданған болатынмын. Атап айтатын болсақ, оқушыға нақты ақпаратты іріктеу мақсатында «Оқылым стратегияларын», сұрақ қою, сұрақ қоя білуге үйрету мақсатында “Үш қадамды сұрақ”, “Бес саусақ”, “ДЖИГСО”, “Барлық факторларды ескеру”, “Әткешек” әдістерімен қатар, кейіпкерлерге мінездеме беруде, іс-әрекетін бағалауға қатысты көзқарастарды анықтату үшін “Ар-ождан аллеясы” әдісін қолдануға болады.

Ұсынылған мәтіннен негізгі, қосымша ақпараттарды анықтауда, мәселенің маңыздылығын көрсетуде, өз ойын дәлелдеуде “Тауһартастар иерархиясы” әдісін, автор бейнесін ашуға қатысты, ашық сұрақтарды талқылаған уақытта “Ыстық орындықты”, көлемді шығармаларды (роман) оқытуда мазмұнын талқылауға және талқыланған ақпараттың ұзақ уақытта ойда сақталуына, қолданылуына себеп болатын “Шеңберге жиналу уақыты”, тақырыпты, мәселені талқылауда, бір-бірін толықтыруда топтық жұмыста “Елшілер” әдісін, кейіпкерлерге мінездеме беруде, оларды жағымды, жағымсыз деп талдауда, сабақта айтылған ой-пікірлерді есте сақтап жазылым жұмысында тиімді қолдануда “Ақылдың алты қалпағын”, «Креативті матрица» әдістерін қолданып, олардың оқу мақсатына қол жеткізудегі тиімділігін көруге болады.

«Креативті матрица» әдісін қолдану:

Аталған әдіс көлемді шығармаларды (роман) оқытып, оқушыны жазылым жұмысына дайындап бағыттауда өз тиімділігін көрсетті. Бұл әдіс арқылы оқушы: көркем шығармадағы образдың сомдалуы мен кейіпкерге мінездеме беруде (тура және жанама мінездеуді анықтауға), шығармаға қатысты ойындәлелдеп, пікір білдіруге, нақты дәлелді іріктеуге дағдыланады. «Креативті матрица» әдісі тапсырманы орындаушы оқушыға нақты бағыт беруге көмек етеді. Мысалы, сабақ барысында төмендегі кестені толтыру тапсырмасы берілген болатын:

Кейіпкерлер	Кейіпкерлердің әрекеттері
Шығармадағы құндылықтар	
Достық	
Махаббат	
Адалдық	
Қарапайымдылық	
Еңбекқорлық	
Жанашырлық	
Арамдық	
Құлық	
Басқа қандай құндылықтарды байқадың?	

Оқушы тапсырманы орындау барысында шығармадағы кейіпкерлер мен олардың әрекеттерін мысалға келтіріп, әрекеттерінен құндылықтарды оңай анықтай алады. Сол арқылы кейіпкерлерге беріліп тұрған тура және жанама мінездемелерді тез тауып, өздері іріктеген ақпаратты кейіпкерге қатысты көзқарасын білдіруде тиімді қолдана алды. Кесте бойынша орындалған жұмыс түрі, оқушыны

жазылым жұмысына дайындауда, оқушы қажеттілігін өтеуде тиімді. Себебі, оқушының ойында өзі іріктеп, талдап, саралаған ақпараты ұзаққа сақталып, оны жазылым жұмысында міндетті түрде қолданатынын көрсетті. Өйткені, жазылым жұмысының жемісті болуы үшін оқушының өз тарапынан іздене отырып, алған ақпараттарын орынды дәлел ретінде қолдана білуі маңызды.

Мұғалім өз тарапынан оқушының жазылым тапсырмасын белгіленген талаптар негізінде жазып шығуы үшін ұсынылған тақырыпқа қатысты ақпаратты, деректі саралап қолдануға дағдыландыруы қажет. Жазылым жұмысының сәтті шығуы ең алдымен сөздік қордың мол болуына тікелей байланысты. Сөздік қор-оқылым арқылы келеді.

Кестені толтыру барысында оқушының іздемпаздық қабілетінің қандай деңгейде екенін анықтауға болады. Оны құндылықтарға қатысты бағандарды толтыру барысында оқушының кестеде көрсетілген құндылықтарды кейіпкер бойынан көре алуы, байқауы, оны дәлелдеуі үшін сай келетін кейіпкер әрекеті бар үзіндіні таңдауы, мұғалімге оқушының іздемпаздық деңгейін анықтауға көмектеседі. Мұғалім өз тарапынан оқушының жазылым жұмысын барлық талаптарға сай жазуы үшін басқа үш дағды бойынша барынша ақпараттануы, оларды жетілдіруге бағытталған жұмыс түрлерін жүйелі орындату қажет. Кесте арқылы берілетін тапсырма жазылым жұмысына нақты бағыттайтындай құрылғаны шарт. Өйткені, осы құрылған тізбек оның жазылым жұмысына деген дайындық кезеңі болып табылады. Тәжірибеміздегі сабақта қолданылған «Креативті матрица» оқушының тек жазылым дағдысын жетілдіруге бағытталған біржақты әдіс емес, басқа да дағдыларды дамытуға бағыттап түрлендіру пән мұғалімінің кәсіби шеберлігі мен құзырында.

Оқушылардың оқылым және жазылым дағдысын қалыптастыруда тәжірибемде қолданып жүрген, оңтайлы әдістерге төменгі әдістерді жатқызар едім: «Барлаушы» әдісі. Мақсаты: Мәтін мазмұнын түсіну. Мәтіннен қажетті ақпаратты табу.

«Диктор» әдісі

Мақсаты: мәтінді қатесіз, мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру.

Дескриптор:

1. Мәтінді қатесіз оқиды.

2. Дауыс ырғағына салып мәнерлеп оқиды.

3. Эмоционалды оқиды.

Қорыта келе, аталған дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, яғни ерекшеліктері бар. Сабақты аталған дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, тілді тиімді меңгеруге септігін тигізеді. Коммуникативті дағдыларды басшылыққа алып оқыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқушының әдеби тіл нормаларын дұрыс және орынды қолдана білуіне үлкен мән беріледі. Ал лексикалық тақырыптар белгілі бір тақырыптар аясында оқушылардың сөздік қорын байыта отырып, сөздердің мағынасын түсінуге, мақсатқа сай орынды қолдануын жүзеге асырады.

Әдебиеттер

1. Сатыбаева А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Фолиант баспасы, 2008.
2. Атабаева С. Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы. – Алматы Білім баспасы, 2006.
3. Бегман Ы. Қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстар. – Алматы, 2007.
4. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2002ж.

ҒТАХР: 17.01.09

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕСІМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Куренкеева Р., бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы, Текелі қаласы,
«№ 4 орта мектеп МДШО» КММ

Оқушылардың сөйлесім дағдыларын дамыту мақсатындағы жүргізілетін жұмыстар оқушының ойлау қабілетіне, сондай-ақ өз ойын жеткізе білуіне, шығармашылық ізденісіне жол ашады. Оқушының білімі ғана жетіліп қоймайды, қабілетінің, дарын көзінің ашылуына түрткі болады.

Сөйлесім – ауызша вербалдық қарым-қатынас (тыңдалыммен бірге) арқылы жүзеге асатын сөйлеу әрекетінің өнімді түрі. Сөйлесім мазмұны – ауызша түрде ойды жеткізу. Сөйлесім мен айтылым негізінде дыбыстау, лексикалық және грамматикалық дағдылар жатыр [4].

Қарым-қатынас жасауда оқушы түрлі тақырыптық аяда сөйлейді, яғни сөйлесімге шығады. Сөйлесімде оқушы өз-өзіне сенімді болуы керек. Мұндай мақсатта түрлі жаттығулар, тапсырмалар және жұмыс түрлері жүргізіледі. Мұндай жұмыс түрлерінің негізгі алға қойған мақсаты – оқушының сенімділігін арттыру немесе «тілдік кедергісін» жою. Зерттеулер бойынша «тілдік кедергіні жеңген адам ғана, өзі үйренген тілінде еркін қарым-қатынасқа түсе алады» деген тұжырым бар. Бұл тұжырым бойынша адам сөйлеп отырған тіліндегі грамматикалық және лексикалық қателіктерге қарамастан қарым-қатынасқа еркін түседі.

Жаңартылған білім беру негізінде оқушылардың сөйлесім дағдысын дамытуда негізгі мақсат: оқушылардың сөйлесім әрекеті арқылы мәдениетаралық қатысым құралы ретінде меңгерту, оқушылардың сыни тұрғыдан және ойлау дағдыларын қалыптастыру.

Жаңа сабақ кезеңінде оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту үшін түрлі сөзжұмбақтар, ойын түрлерін пайдаланамыз. Сабақ барысында оқушылар бір-біріне түсіндіреді, топта талдады, зерделеді, өздері ұйымдаса отырып, ой қорытындысын жасап, жаңа тақырыпты ойлары мен пікірлерін постер қорғау арқылы дәлелдеп шығуға тырысты. Топтық жұмыс жасау кезеңінде 3 топқа түрлі тапсырма беру арқылы постер қорғады. Оқушылардың өздерінің талқылауына берілген сабақ оқушылардың өз идеяларын жеткізе алуына көмектесті. Аталған стратегиямен жұмыс жасау маңыздылығы ыңғайлы әрі оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына негізделген болатын. Топтық жұмыс барысында «Ой қозғау», «Миға шабуыл» стратегиялары арқылы оқушылар өткен тақырып бойынша алған білімдерін тағы да ой елегінен өткізіп, білетін ақпаратты еске түсіріп, білмейтіндерін есте сақтап, жұмыс жасайды.

«Екі жақты күнделік», «Аквариум», «Топтастыру», «Айналым» стратегияларын қолданудың маңызы зор. Оқытуда сыни тұрғыда ойлауды дамытудың стратегиялары өте тиімді. Оқытуда оқушыларды сыни тұрғыда ойлауды үйрете отырып, сыни тұрғыда бағалай білуге үйрету. Оқушыларға оқу үшін бағалау мен оқытуды бағалауды үйрету өте маңызды қадам болды. Оқушылар жаңаша бағалауға қызыға қарайды. Білімдерін бағалау оқушылардың таңғалысын тудырады. Себебі, бұрын тек мұғалім ғана бағалап келген, енді оқушылар бір – біріне баға қоюға болатындарын білгенде қызығушылықпен қарады.

Оқушылар бір-бірінің жұмысына талдау жасап, оның жақсы, жаман жағын айтып, баға қою оқушылар арасындағы тығыз қарым қатынасты нығайтты. Сабақта «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «ББҮ» стратегияларын қолдану оқушылар жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырып, кеңейте түседі. Сөйлесу барысында кейбір әрекеттерді жиі қолданамыз және олар мыналар:

Сөздерді дыбыстау, сұрақтарға жауап беру, интонацияны қолдану, бірнәрсені түсінбеген жағдайда түсіндіріп беруді өтіну, сөйлеген сөзін бақылау және өзін-өзі түзетіп отыру, пікірталасқа қатысу, жест, мимиканы қолдану, оқиғаларды баяндап беру т.б.

Айтылымның ерекшелігін білу мұғалімге оны терең дамытуға, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып сабақты жоспарлауға мүмкіндік береді. Айтылым әртүрлі ішкі дағдыларды қамтиды. Оқушылардың айтылымдағы жетістігі олардың әрқайсысын практикалық жаттығулар арқылы дамыту арқылы көрініс табады.

Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын арттыруда тиімді әдіс тәсілдер қолдану барысында оқыту техникасы туралы ғылым, сондықтан, оқыту ғылыми түрінде жүзеге асуы керек, яғни мұғалім қалай оқыту, неге олай оқыту керек деген түсінік болуы тиіс. Оқытудың тиімді стратегиясы арқылы қалай оқыту керек деген ғылыми тұжырымдамамен тығыз байланысты, яғни қандай үдерістер арқылы, қандай әдістер арқылы, қандай оқыту құралдары арқылы, оқытуды қалай ұйымдастыру керек, қандай факторларды ескеру қажет деген сұрақтарға жауап іздейді. Сонымен, тәжірибелер мен зерттеулер нәтижесі бізге білім мазмұны мен оқыту әдістерін жаңалау керек екендігін көрсетті.

Қазіргі заман талабы – жан-жақты дамыған, функционалдық сауатты тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқыту әдістеріне өзгерістер енгізіліп жатыр. Алдымен, тілді үйреніп, сол тілде ойлап, сол тілде сөйлейтін азамат даярлау – басты мақсат. Тілді оқыту оңай іс емес екені айқын. Оқушы сүйсіне отырып, құлшыныспен оқуы үшін тиімді, қызықты, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану қажет:

– мұғалімдер оқушыларға қалай оқу керектігіне бағыт-бағдар беріп, өздігінен білім алудың жолын көрсетеді;

– оқушының өзінің біліміне өзі жауапты екенін көрсетіп, өзін-өзі бағалай алуға, сыни тұрғыдан ойланатын әлеуметтенген жеке тұлға болып қалыптасуына жетелейді;

– оқушылар мұғалімнің қолдауымен емін-еркін қарым-қатынасқа түсіп, алған білімдерін өмірде қолдануға бейімделеді;

– оқушының өз-өзіне деген сенімділігі оянып, өзіндік көзқарасын білдіре алатын дамыған тұлға қалыптасады.

Тілдік дағдыларды қалыптастыруда ең алдымен қарым-қатынас дағдыларын дамытатын табиғи тілдік орта құру, оқушыны қызықтырып, ішкі уәжін ояту қажет. Мұғалім әр сабағын жоспарлағанда:

Бүгін нені үйретем? оны қалай үйретем? не арқылы үйретем? не үшін үйретем? деген сұрақтарды басшылыққа алып, мақсатына жетуде әдіс-тәсілдерінің ең тиімдісін қарастырып, оқушының назарын өзіне аудару керек.

Оқушылардың тілдік дағдылардың қалыптасу қағидалары.

– Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қағидасы

– Ортақ тақырыптар аясында пәнаралық байланысты жүзеге асыру қағидасы,

– Оқу әрекетін қалыптастыруды оқушы дамуының басты шарты ретінде қарастыратын дамыта оқыту қағидасы,

– Оқушылардың қимылдық, әлеуметтік, танымдық, қатысымдық белсенділігін және өз беттерімен жұмыс істеу біліктерін дамыту қағидасы. Оқушыларды байланыстыра сөйлеуге төселдіруде сабақ барысында сыныптағы психологиялық ахуалға ерекше мән беремін, нәтижесінде оқушыларымның өздерін сабақ барысында еркін ұстауын байқадым. Сондықтан сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында: «Шаттық шеңбер» әдісін пайдаланамын. Бір-біріне жақсы тілек айту кезінде олар өздерін еркін және сенімді ұстауды үйренді. Ал сабақ барысында олар бір-біріне құрметпен қарайды. Бірін-бірі тыңдауды үйренеді.

Үй тапсырмасын тиянақтауда не білетінін анықтау үшін «Үш сөйлем» әдісін пайдаланамын. Осы әдіс арқылы ойын ашық, еркін түрде жеткізе алатындықтан өз тиімділігін көрсетті. Сабақ жоспарын құру кезінде сабақ мақсатына жету үшін «Не істеймін?», «Не істеу керек?»- деген сұрақтарға жауап іздеймін. Осы сұрақтардың төңірегінде әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланамын. Оқушыларды топқа бөлудің түрлі тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады.

Оқушылар арасында сұхбаттың пайда болуына сабақ кезінде орындауға қызықты тапсырмаларды де өз септігін тигізеді. Мысалы, қазақ тілі сабағында «сан есім» тақырыбын қарастыратын болсақ, оқушылар қолына берілген таратпа материалдарда: «Сан есімдерді қолданып, көршіңмен жұп болып «Кездесу» ойынын ойна»; «Сан есімдерді пайдаланып, анаңның немесе әкеңнің мерейтойына арнап құттықтау жаз да, оны ашық хат бетіне түсір» және т.б. қызықты тапсырмалар кездесуі балалардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырады.

Берілген тапсырмаларды қызу талқылып, шығармашылықпен орындауларына түрткі болады. Немесе, берілген тапсырма бойынша ситуациялық сұрақтардың қойылуы ол тапсырманы орындау барысында топ ішінде қызу пікірталастың тууына, оқушылардың ортаға түрлі пікірлер тастауына себепші болып, олардың сөйлеу мәдениетін дамытады.

Сабақ кезінде «Қарлы кесек» немесе «Қозғалыстағы энциклопедия» әдістерін қолданту оқушылардың тапсырманы орындау барысында топ ішінде талқылап қана қоймай, орындарынан тұрып, басқа топта отырған балалармен диалогқа түсіп ақпаратпен алмасуына мүмкіндік береді. Бұл ресурстардың әдетте пайдаланатындардан біршама ерекшелігі бар. Әдетте, көп жағдайда өткізілетін дәстүрлі сабақтарда оқушы өзіне берілген тапсырмамен бетпе-бет, жалғыз қалып қояды. Ол тапсырманы орындап шығу үшін көп күш пен көп уақыт қажет болады. Ал, «Қарлы кесек» және «Қозғалыстағы энциклопедия» әдістерін қолдануда оқушылар аз уақытта көп мәліметтерді игереді және өз сыныптастарының көмегімен қиын материалды түсіну мүмкіндігіне ие болады.

Диалог – оқушының өзін еркін және жайлы сезінетін ортасы. Жанға жайлы, жағымда көңіл-күй сыйлайтын әңгіме алаңында әрбір оқушы өзін жақсы сезініп, шешіліп сөйлеп, құнды пікірлермен алмасып, шығармашылық қабілеттерін шыңдай алады. Диалогтік, коммуникативтік атмосфера оқушының жаңа тақырыпты игеруіне себепкер болып қана қоймай, бала бойында жеке тұлғаға тән қасиеттердің қалыптасуына да жағдай жасайды.

Диалог барысында оқушылар сыни ойлауға, қолдағы бар ақпаратты қолдана отырып, нақты жағдаятты талдау арқылы пікірлерді салыстыруға, дұрыс шешім қабылдауға үйренеді. «Диалогтік әдістер» қолданылған сабақтарда оқушылар көбірек ойланып, жиірек сұхбаттасады, ойлау және сөйлеу мәдениеттерін белсенді түрде қалыптастырады. Нәтижесінде оқушылар жаңа білім алады, оны тәжіридбеде қолдануды үйренеді. Топтық жұмыс барысында оқушылар сұхбаттасу кезінде өзін-өзі бағалауға, бірін-бірі бағалауға дағдыланады.

Кластер құру тапсырмасы берілген кезде оқушылар арасында диалог қызу түрде жүреді. зерттеушілік жұмыс барысында топтағы оқушылардың әрбіреуі өз пікірін айтып, класстерді қорғау жоспарын жасайды. Бірігіп жасалған жұмыс нәтижесін көрсететін «оқушы-оқушы» диалогі

пайда болады. Оқыту диалогінде бір ғана көшбасшы болады. Ол-мұғалім. Ал оқушылар диалогінде көшбасшылық оқушыдан оқушыға ауысып отырады. кейде ол мұғалімнен оқушыға да ауысып отыруы мүмкін.

Әдебиеттер

1. Қараев Ж., Қуанбаева Б. Жетілдірілген педагогикалық жүйені жобалаудың дидактикалық шарттары // Изденіс. – 2004. – № 1. – 233-236 беттер.
2. Нағымжанова Қ.М. Инновациялық оқыту жағдайларындағы мұғалім қызметінің психология – педагогикалық негіздері // Теоретические и прикладные аспекты подготовки специалистов в условиях университета. – Усть-Каменогорск, 1999.
3. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.; Педагогика, 1989.

ҒТАХР: 17.07.29

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Малбагарова А.С., бастауыш сынып мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
«№ 32 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Жаңа оқыту технологиясы арқылы оқушы қандайда болмасын ақпаратты өздігінше игеріп, өз өміріне жарата алатын әмбебап тәсілдерді үйрену керек. Технологиялық жүйелікті сақтай отырып, қазіргі сабаққа қойылатын талаптарды қатаң ескерген мұғалім, оқушылар шығармашылығын арттырып, білім бәсекелестігіне дұрыс бағыт – бағдар бере алады.

«Жазылым» термині «жазу» (жазудың түрлері, әріптің жеке өзі) деген мағынаны емес «жаза білу», «ойыңды басқа біреуге түсінікті болу үшін қағаз бетінде сауатта жеткізе білу» дегенді білдіреді.

Жазылым – тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген; лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге катысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын бірдей қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет.

Жазылым біріншіден, әріптің, сөздің графикалық таңбасы арқылы іске асады; екіншіден, бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады; үшіншіден, жазылым құбылысында сөйлесім әрекетінің барлық түрі катысады; төртіншіден, жазу үстінде тіл үйренуші адам сөйлемнің мазмұн-мағынасына ғана емес, формасына да көңіл аударуға мәжбүр болады: бесіншіден, жазылым қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуына тікелей байланысты жүзеге асады.

Үшіншіден, графикалық таңбалар арқылы жазбаша мәтін /текст/ пайда болып, жазу орындалады. Біздің пікірімізше, тілдік қатысымға байланысты жазылым бірнеше құрылымдық кезеңнен тұрады да, көпсалалы болады:

- Қажеттіліктен пайда болатын себеп.
- Себептің ойда, санада бейнеленуі.
- Ойдың сөз арқылы тізбектелуі.
- Сөздің графикалық әріптермен таңбалануы.
- Жазудың екінші адамға түсінікті болып, берілген
- хабарды білдіруі.

Жазылымның лингвистикалық ерекшелігі әріптік таңбадан бастап алфавитке дейінгі жазуды, тілдің дыбыстық жүйесін, олардың жазылу ережесін, жазбаша сөйлеу үлгілерін қамтиды.

Жазылымның психологиялық ерекшелігі – жазбаша тапсырмаларды дұрыс пайымдап, логикалық жағынан меңгеру және графикалық, орфографиялық дағдылар мен шеберлікті ұштау.

Жазылымның әдістемелік ерекшелігі – графика мен орфографияны, жазу мен жазбаша сөйлемді жетік білудің, үйренудің амалдары мен жолдарын іздестіре отырып жазғызу, оқыту. Жазылымды тез әрі сауатты үйретудің ұғымды тәсілдерін пайдалану.

Жазылымның физиологиялық ерекшелігі – жазу кезінде дене мүшелерінің қимыл-қозғалысын дұрыс игеруді үйрету.

Тізбектелген ереже

Бір оқушы тақырып бойынша бір тұжырым айтады. Екінші оқушы оның айтқанын қайталап, өзінің тұжырымын айтады. Үшінші оқушы алдыңғы екі оқушының айтқанын қайталап, өзінің тұжырымын айтады. Сөйтіп жалғаса береді. Кезегінде айта алмаған оқушы шығып кетеді. Шығып кеткен оқушы тақырып туралы түсінбеген дегенді білдіреді.

Жасырын сөз

Оқушылар тақырып бойынша сөз жасырады. Оны сипаттайды, сол сипаттама арқылы басқа оқушылар жасырынған сөзді табады. Сипаттауда айтатын сөздерге шектеу қою арқылы немесе қимыл арқылы көрсетуді ұсынуға болады. Мысалы жасырылған сөзді 3 сөз арқылы сипатта деген сияқты.

Дөңгелек үстел

Оқушылар екі топқа бөлінеді. Топ оқушысының бірі жаңа тақырыпты қатыстыра отырып 1 сөйлем айтады. Екіншісі оның айтқан ойын әрі қарай жалғастырып, екінші сөйлемді айтады. Соңында мәтін шығады. Екінші топ мәтін не туралы екенін айтып береді және мәтінге тақырып қояды, сөйлем ішінен жаңа тақырыпқа байланысты сөздерді табады. Барлық айталған тапсырмаға бір ғана оқушы жауап бермейді. Топ мүшелерінің барлығы қатысады.

Кір жаятын жіп

Өтілген тақырып бойынша мәтін оқылады.

Мәтін ішінен керекті сөзді тауып кір жаятын жіпке ілу керек. Соңында кім қанша сөз ілгені тексеріледі.

Бұл әдістің мақсаты оқушының тыңдау дағдысын қалыптастыру және есте сақтау қабілетін қалыптастыру.

Мен не естідім?

Бір оқушы мәтінді оқиды. Оқушылар тыңдаған мәтін ішінен сөз табының қай түрі көп кездескенін табу керек және екі тақырыптың ұқсастығы мен айырмашылығын табу керек.

Тыңдайтын үшбұрыштар

Оқушылар үш адамнан тұратын топта бірлесіп жұмыс істейді:

СПИКЕР мұғалімнің нұсқаулығы бойынша тақырыпты түсіндіреді (немесе проблема туралы өз ойымен бөліседі).

ИНТЕРВЬЮЕР мұқият тыңдайды және егжей-тегжейін анықтау үшін сұрақтар қояды.

ХАТШЫ үдерісті бақылайды және спикерге де, интервьюерге де кері байланыс береді.

Ақпараттағы ақаулық

Өткен тақырыпқа байланысты ақпарат оқылады. Оқушылар қате ақпаратты тауып стикерге жазады және А4 орматына жапыстырады. Әр оқушыға жеке – жеке формат таратылады.

Мәтінмен жұмыс – сабақта өтілетін әртүрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады. Олар:

1. Дыбыстармен жұмыс.
2. Сөздіктермен жұмыс.
3. Сөздік қорларын жетілдіру.
4. Тіл дамыту.
5. Ережемен жұмыс

6. Ауызша сөйлей білуге дағдыландыру.

Осы тұрғыдан келгенде мәтінді меңгертуде сөздің жұмысының рөлі үлкен.

1. Төл дыбыстарымыз бар сөздерді оқытушы дауыстап өзі оқып, сонан қайталау керек.
2. Жаңа сөздерді тақтаға жазып есте сақтауын қалап, оған байланысты сөздерді дыбыстап оқытуға, іштей қайталауға дағдыландыру керек.

3. Қиын сөздерді, сөз тіркестерін жекеше оқытып, дәптерге жазғызып, хормен оқыту керек.
4. Тақырыпты қаншалықты меңгергендігін байқатып, сөйлете білуге дағдыландыру мақсатында мәтіннің мазмұнын қысқаша баяндауды үйрету керек.

5. Мәтінге байланысты сұрақ қойғызып, жауап алу керек. Мәтінді меңгертуде осындай амал тәсілдерді қолданған тиімді.

Мәтін оқылып болған соң, ондағы әр сөзді оқушылардан қалай түсінгеніне көңіл бөлу керек. Түсінбеген сөздерін мұғалім өзі қосымша түсіндіріп, әр сөздің мағынасына тоқталу керек.

Мәтінде кездесетін сөздер мен сөз тіркестеріне де айрықша мән беру қажет.

Біз оқытып жүрген оқулықта тақырыпқа сай мәтіндер көп.

Оқулықтары мәтіндердің күрделілігі сол мәтінмен жұмыс істейтін оқушылардың білім деңгейіне байланысты болу керек.

Мәтінді оқытудың мынадай түрлері бар:

1) Дауыстап оқу: бұл әдісті жүргізе отырып, оқушының сөйлеу элементтерін меңгергендерін байқауға болады. Дауыстап оқытудың тағы бір тиімділігі мынада: оқушылар бірінің қатесін бірі естіп және оны түзетеді.

2) Іштей оқу. Бұл жұмыстың мақсаты оқушылардың шапшаң оқу дәрежесін анықтау. Мысалы: мұғалім оқушыларға іштей оқу үшін бір мәтін беріп, қай жерге келгенде кітаптарын жауып, мұғалімге бітіргенін байқатады. Осыған қарап ұстаз олардың оқу шапшаңдықтарынан мөлшерін белгілеп отырады.

3) араласып немесе кезектеп оқу.

4) буынға бөліп оқу.

5) мәнерлеп оқу.

6) Сөйлемді мағынасына, айтылуына қарай дауыс ырғағымен оқу.

Тілдерін дамыту үшін мынадай сайыс сабақтың түрлерін айтқым келеді. Мақсаты: Оқушылардың тілдерін дамыту, логикалық ой - өрістерін дамыту.

Көрнекілік әдістер оқу материалын оқушылардың көзімен көріп, нақтылы түсінулеріне мүмкіндік береді. Бұған демонстрация, иллюстрация тәсілдері жатады.

Тәжірибелік әдістердің ішінде ең көп қолданылатыны – жаттығу әдісі. Оқу барысында теориялық ережелер мен қағидаларды қайта пысықтап, тиянақты меңгеру жаттығу арқылы орындалады.

Ауызша жаттығу оқушының оқу материалын ауызекі баяндауға дағдылану мақсатын көздейді.

Оқушы бірінші сыныптан бастап қазақ тілін үйрену барысында тілдегі түрлі қолданылатын атауларды (әріп, дыбыс, буын, сөз, сөз тіркестері, сөйлем, сөз бен сөзді байланыстыратын жалғау, жұрнақ, тыныс белгілері – нүкте, үтір, леп белгісі, сұрау белгісі, сызықша, қос нүкте, түрлі грамматикалық анықтама, ережелерді оқып үйренеді.

Қабілеті әр түрлі оқушы тілдің мұндай белгілері мен атауларын бірден меңгеріп кетуі мүмкін емес, тек оның негізгі, қажеттілерін (анықтама, ережесін) есте сақтауы мүмкін.

Қазіргі сабаққа қойылатын талап тұрғысынан техникалық құралдарды, кестелер, сызбалар, ұнтаспа жазбаларын пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді.

Қолданылатын көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Оқушылардың білім сапасының көп жағдайларда төмен болуы, осындай түрлі ойлау әрекеттеріне бейімделмеуден, дағды бермеуден деп айтуға болады.

Мектепте қазақ тілін үйрену, білу қазіргі таңның басты мәселесі. Сабақта бұл мәселені шешу жолдарының бірі- әр түрлі әдіс- тәсілдерді тиімді қолдана отырып, жаңа технологияларды енгізу. Қазір технологиялардың түрлері өте көп. Орыс мектептерінде қазақ тілін үйрену, лексикалық және грамматикалық тақырыптарды меңгеру күрделі жұмыс. Сондықтан басқа ұлтқа қазақ тілін оқыту, ауызекі сөйлеуге үйрету қиын да, қызық жұмыс.

«Педагогикалық тәжірибені зерттеу» дегеніміз ұстаздардың мақсатты ісіне жету жолындағы талабы, сұранысы мен ізденісін жинақтау, жүйелеу, тарату. Сонымен педагогикалық тәжірибе ұстаздың жеке тұлғасын өзгертуге қозғаушы күш бола алады десе де артық емес. Тәжірибені таратуға деген құлшыныс мұғалімге өз білімін тереңдетіп, өзін-өзі өзгертуге және қоғам сұранысына бейімделуге ынталандырады.

Шеберлік сабақтар – оқу үдерісіне инновациялық түрлендірулер енгізу жолдарының бірі. Заман талабына сай бейімделу қажеттілігі шығармашылық топ мүшелерін өзінің интеллектуалдық потенциалын анықтауға жұмылдырды. Тәжірибемен бөлісу – өздігінен ізденіс жасап, шығармашылыққа бастайтын қадамдар.

Оқыту әдістері – оқытудың мақсат-міндеттеріне сай оның мазмұнын оқушыларға меңгертуге мұғалім мен оқушылардың қолданатын амал-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы болып табылады. Мұғалім оқыту әдістерінің көмегімен оқушыларға білім беріп, олардың тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін оқушылардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады.

Мұғалім оқытудың нәтижесін арттыруда оқыту әдістеріне қатысты амал-тәсілдерімен қатар оның құралдарын да пайдаланады.

Қазақ тілі сабағында қолданылатын әдістер:

Сөздік әдістер: түсіндіру, әңгіме, әңгімелесу, кітаппен жұмыс.

Көрнекі әдістер: иллюстрация және демонстрация.

Оқыту үрдісінде ең көп тараған дәстүрлі әдіс - сөздік немесе мұғалімнің ауызша баяндау әдісі. Бұл әдіс оқыту процесінде басқа әдістерге қарағанда жетекші роль атқарады.

Әдебиеттер

1. Сатыбаева А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Фолиант баспасы, 2008.
2. Атабаева С. Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы. – Алматы: Білім баспасы, 2006.
3. Бегман Ы. Қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстар. – Алматы, 2007.
4. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2002.

ҒТАХР: 17.07.31

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАҢА ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Маржикенова А.А., математика пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Аягөз ауданы,
«Ж. Жабаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Оқушылардың математика пәніне деген қызығушылығын арттыруда жаңа әдістерді жүйелі түрде пайдаланудың маңызы зор. Тәжірибемде оқытудың белсенді әдістерін ұтымды пайдаланудамын.

Белсенді оқуда/оқытуда келесі шарттарды қадағалау міндетті деп тану керек: жағымды психологиялық орта орнату; үйренушілерде білім игеруге деген қызығушылықты (мотивация, ынта, ұмтылыс) тудыру; білім игеруде үйренушілерді сәттілікке бағыштау; білім игеру үрдісін коммуникативтік процесс деп түсініп, бірлескен әрекеттерді қолдану.

Белсенді оқытуды ұйымдастыру ережелері:

1. Сыныпты жұмысқа дайындау.
2. Топқа бөлу.
3. Мақсаттарды және күтілетін нәтижелерді айқындау.
4. Жұмыс ережелерін қабылдау.
5. Сенім және жұмыс атмосферасын қалыптастыру.
6. Барлық үйренушілер жұмысқа қатысуы керек.
7. Тыңдай білу: барлық пікірлер тыңдалуы керек.
8. Жазбаша жұмыстар.
9. Кері байланыс.

Әр сабақта келесідей дидактикалық тәсілдерді қолданған тиімді: Ой қозғау, Т-кестесі, Венн диаграммасы, Болжау, Кластерлер, Синквейн, Салыстырмалы диаграмма, Оңай және қиын сұрақтар кестесі, Ойлан, жұптас, пікірлес, Алдын-ала берілген атаулар, Үлкен шеңбер, Қос шеңбер, Атаулар туралы үш сұрақ, Еркін жазу, Білемін, білгім келеді, білдім, Дөңгелек үстел, Үш қадамды сұхбат, Топтық зерттеу, Кең көлемді лекция, Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою, Қос жазба күнделігі, Үш жазба күнделігі, Белгі қойып оқу (INSERT), Жигсо, Қайшыланған пікірталас, Аквариум.

Белсенді сабақтарды ұйымдастыруда кең тараған құрылымдардың бірі Дэвид Колбаның эмпирикалық таным циклы. Бұл төрт фазадан тұрады, яғни бірінші фазада нақты проблема немесе тәжірибе белгіленеді, екінші фазада бақылау және ой қорыту жасалады, үшінші фазада рефлексия негізінде жаңа тұжырымдар қалыптастырып, оны төртінші фазада тәжірибеде тексеріп қарайды. Өз тәжірибемде қолданатын оқушылардың белсенділіктерін арттыратын белсенді тәсілдер: Миға шабуыл, Блиц-сұрақ, Кластер, Синквейн, Салыстырмалы диаграмма, Пазл, Ойлан, жұптас, пікірлес, Білемін, білгім келеді, білдім, Белгі қойып оқу (INSERT), Жигсо, Эссе, Жүппен, топпен жұмыс, Рөлдік /іскерлік/ ойын, Пікірталастар, Рефлексия, Аквариум, Карусель, Есептер ақуционы, Аяқталмаған сөйлем.

«Ми шабуылы», «ми штурмы» («дельфи» әдісі) – бұл әдіс, берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Шағын топтардағы ұжымдық оқытуда топтық жұмыстың орны ерекше. Топ мүшелері әрқашан ауысып отыруы керек. Топқа оқушылар өз қалауымен, еркімен кіре алады, не қағаз қиындылары, ұқсас ерекшеліктер, сап түзеу, жағымды сөздер, санамақ, команда таңдау, картамен топқа бөлу, не оқытушы

алдандағы мақсаттың ауыр, жеңіліне, оқушылардың білім дәрежесі, іскерлігіне қарай өзі топтастырады. Топтасқан оқушыларға бір есепті шешу, дәлелдеу ұсынуға, не әр топқа әртүрлі есептер ұсынуға болады. Бір мәселені әр топ әр жағынан қарастыратын болса, соңынан бірлесіп қорытынды жасайтын іздендіру бағытындағы тапсырмалар жүйесі берілуі керек.

Белгі қойып оқу (INSERT-Interactive Noting System for Effective Reading and Thinkeng – *tiimdi ойлау мен оқуға арналған белілеудің интербелсенді жүйесі*) – жаңа мәліметті игерудің белсенді тәсілі. Оқушылар дәрісті тындағанда жекелей кестені толтырып отыруы тиіс:

Бірінші («қанатша») бағанға оқушылар дәрісте кездестірген өздерінің бұрыннан білетін таныс мәліметтерді келтіреді.

Екінші («плюс») бағанға оқушылар осы дәрісте өздері үшін жаңа болып табылатын ақпаратты жазады.

Үшінші («минус») бағанға осы дәрісте келтірілген қандай ақпараттың олардың бұрыннан білетініне қайшы келгенін жазады.

Төртінші («мен») бағанға тақырыптың оқушыға қалай септік тигізіп, қандай пайда келтіретіндігін жазады.

Дәрістің әр бөлігінен кейін оқушылардың өз кестелерін салыстырып, өзара талқылау жүргізіп отырғандығы орынды. Ал оқытушы бұл тәсілді шығармашылық тұрғыдан қарастырып, оған өзгертулер енгізуге болады.

Мысалы, алгебра пәнінде «Сызықтық теңдеулер жүйесін шешу» тақырыбы бойынша оқушылар келесі түрдегі кестені жазуы мүмкін:

v	+	-	мен
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Менің ойлағаныма қайшы, кереғар»	«Қайда қолдана аламын»
Теңдеулер жүйесін шешудің қосу және алмастыру тәсілдері	Теңдеулер жүйесін шешудің графиктік тәсілі	Теңдеулер жүйесінің басқа тәсілдері болмайды деп ойлаушы едім. Мен білгеннен де басқа әдістер бар екен.	Есептерді тиімді тәсілмен шешуде

Ойлан, жұптас, пікірлес» – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған белсенді тәсіл. Тақтада сұрақ/тапсырма/есеп жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен орындағанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Оқытушы екі-үш жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрауға болады. Бұл тәсілді математикадан коллоквиум жүргізгенде қолданған тиімді.

Шағын лекциялар. Шағын лекциялар теориялық материалды ұсынудың тиімді материалдарының бірі болып табылады. Оны бастар алдында алдыда тұрған тақырыппен байланысты, ми штурмын немесе рөлдік ойынды өткізу қажет, ол қатысушылар үшін оның маңызын арттырады, оларды ақпараттандыру дәрежесі мен тақырыпқа қатынасын анықтайды.

Материал қатысушылар үшін ұғынықты тілде мазмұндалады. Әрбір терминге анықтама беру қажет. Теорияны «жалпыдан жекеге» қағидаты бойынша түсіндірген дұрыс. Келесі сұраққа көшер алдында айтылғандардың бәрін жинақтау және сіздің дұрыс түсінгеніңізге көз жеткізу керек.

Кері байланыс. Кері байланыс қатысушылардың талқылап отырған тақырыптарының реакциясын ұғынуға, оқуды ұйымдастыру мен өткізудің кемшіліктері мен артықшылықтарын көруге, нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді. Қатысушылар (ерікті түрде) өткізілген жаттығулар, ақпараттық блок, нақты күн немесе барлық тренинг бойынша өз ойларын айтуды ұсынады.

«Кластерлер» деген мағынада) – идея мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Мұнда негізгі тақырып (тірек сөз, басты идея) тақтаның (дәптердің) ортасына шеңберге жазылады да, одан туындайтын тақырыпшаларды оқушылар оның жан-жағына жазып, шеңберлеп бір-біріне қосады да, өз-ара байланыстары туралы әңгімелейді. Кластерлер оқушының жеке орындауынан басталып, одан кейін жұмыс жұпта немесе шағын топта (4-6 адам) жалғасады. Мысалы, алгебра және анализ бастамалары пәнінен «Анықталмаған интеграл» тақырыбында тақта ортасына «Анықталмаған интеграл» деп жазып қою керек, ал оқушылар айналасына білгендерін сөз, сөздер тіркесі түрінде жазады. Олар: алғашқы функция, интегралдаудың үш ережесі, айнаымалы ауыстыру әдісі, бөліктеп интегралдау әдісі, алынбайтын интегралдар, рационал

функцияны интегралдау, иррационал функцияны интегралдау, тригонометриялық функцияны интегралдау болуы мүмкін. Мұндай кластерді тақырыпты қорытындылау бөлімінде рефлексия түрінде беруге болады, сонда оқушылардың тақырыпты қалай меңгергендіктері байқалады.

Синквейн (ағл. *cinquain*) – бес жолдан тұратын тақпақ. Мұнда оқушыға оқу материалын қысқаша түйіндемелеу талап етіледі. Бірінші жолда – синквейннің негізгі мазмұнын құраушы бір негізгі сөз (ұғым); екінші жолда – берілген ұғымды сипаттайтын екі сын есім; үшінші жолда – ұғымның әркетін көрсететін үш етістік; төртінші жолда – автор өз қатысын көрсететін қысқа сөйлем; бесінші жолда – ұғымға қатысты өз сезімін, ассоциясын сипаттайтын бір сөз (көбінесе зат есім). *Мысалы*, алгебра және анализ бастамалары пәнінен «Функцияны зерттеу» тақырыбын өткеннен кейін синквейн құрауға болады. Ол келесі түрде болуы мүмкін

Функция. Бірсарынды, жұп (тақ). Өседі (кемиді), анықталу облысын қамтиды, дифференциалданады. Функция анықталу обысының кез келген нүктесінде үзіліссіз. График.

Пазл (ағл. *puzzle*) – тең емес бөліктерден сурет құрастыратын балалар ойыны. Бұл әдіс бойынша тапсырмалардың орындалуын ойын түрінде өткізуге болады. Оқыту барысында өтілген материал карточкаларға жазылады, бірақ әрбір карточкада келесісін іздеуге бағытталған мәлімет болуы тиіс.

Математика сабағанда есептер шешуде формулалармен жұмыс жасағанда, теоремаларды, анықтамаларды бекітуде, қайталау сабақтарында қолдануға болады. Бұл әдісті оқытудың кез келген бөлігінде қолдануға болады, ол жеке не топтық жұмыс болуы да мүмкін.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз! / Қазақстан халқына Жолдау. – Егемен Қазақстан, 29 қаңтар, 2011 жыл.
2. 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010. – 45 б.
3. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану мәселелері. – Алматы, 2013. – 448 б

ҒТАХР: 17.81.99

ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Омарғалиева Л.А., Омарова Г.Ж., тәрбиешілер

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «Мектеп жанындағы интернаты бар
№ 42 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Тәрбиеленушілердің білім, білік, дағдыларын қалыптастыруда таным процестерін жүйеге келтіру абзал. Танымдық құзыреттілікті қалыптастырудың бағыттары:

- түсіндіру, суреттеу, «ойын» технологиясы арқылы оқыту.
- оқыту принципі, әдіс-тәсілдеріне сүйене отырып білім беру.
- сабақтан тыс өткізілетін шаралар, жекелей жұмыстар, қосымша үйірмелер арқылы әрі қарай дамыту.

Танымдық ізденімпаздықты дамытудағы оқыту әдістемесінің негізін Я.А. Коменский қалады. Ол: «Таным бастамасы – сезімнен, бала сезіне білмесе, оның ой – өрісінде ешқандай өзгеріс болмайды. Оқытуды зат туралы сөзбен емес, сол затты бақылау арқылы шәкірттің ойын дамыту керек», – деген.

Жас ерекшелігіне қарай балалардың құзыреттілігі өткен кезеңдегі психикалық деңгейіне, мәдени-рухани, этникалық және әлеуметтік-экономикалық формалардың әсер ету дәрежесіне тікелей байлаысты болады. Осылайша ересек топтағы балалардың қалыптастыру мүмкіндігі анықталады. Білім беруді жаңарту негіздерінің бірі ретінде құзыреттілік тұрғыдан келуді жақтаушылар күтілетін нәтижелер тұжырымдамасыз құруда. Бұл тұрғыдағы көзқарасты Б.Д.Эльконин өз еңбегінде былай көрсетеді:

– «құзыреттілік» ұғымы тек танымдық (когнитивтік) және технологиялық құраушы ғана емес әрі мотивациялық, әлеуметтік және мінез-құлықтың, яғни оқыту нәтижелерін (білім, білік, дағды), құндылық бағдар жүйелерін қамтиды:

– құзыреттілік – алған білім, білік, тәжірибе мінез-құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс-әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті;

– құзыреттілік ұғымында «нәтижеден» қалыптасатын білім мазмұны интеграциясы; құзыреттіліктер тек білім беру мекемелеріндегі оқыту үдерісінде ғана емес, яғни дәстүрлі және дәстүрден тыс білім алу жағдайында қалыптасады.

Мектепке дейінгі мекемедегі баланың танымдық құзыреттілігін дамытуда біртұтас кеңістікті қолдану керек. Яғни, балаларды жан-жақты, барлық танымдық қасиеттерді дамытуымыз керек. Жеке тұлғаның қалыптасуында ең тиімді жол жаңа тұлғаны қамтитын, қабілет, білім, икем, дағды, тәжірибе, көзқарас болып табылады. Балаларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың ақыл - ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауаттылыққа баулу – бүгінгі күн талабы. Осыған орай мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі мазмұны білім беру қызметінің нәтижесі ретінде баланың құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған болса, тәрбиеші баланы жігерлендіруші, жол көрсетуші, қуат беруші болып табылады.

Баланың танымдық іс-әрекетіне жағдай туғызу дегеніміз - баланы ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Мектеп жасына дейінгі баладан шығармашылық-танымдық қабілетті талап етпестен бұрын, оны соған үйреткен жөн.

Бала бейімділігі мен икемділігі сәби күннен қалыптаса бастайды. Оқу және еңбек үстінде ол әрі қарай дамып, нығаяды. Өмірді танып білу, әдетте, оқып – үйренуден бастау алады. Содан соң адам сол білімін шығармашылықпен пайдалануға, қоғамға пайда келтіруге ұмтылады. Мектепке дейінгі балалардың танымдық қабілетін дамыту» бағытында жүргізілген жұмыстар нәтижесінде:

– Ойын – тапсырмаларын орындау барысында балалардың қиялдары дамып, шығармашылық қабілеттері белсенді түрде артады.

– Шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы баланың өз мүмкіндіктері дамып жетіледі.

– Оқу әрекетінде бала өзін-өзі қалыптасуына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс - тәсілдерді іздеп, проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды.

– Тілдік тапсырмаларды орындау барысында сөздерді өзгерте, жаңа сөздер ойлап табуға белсенді тәжірибелер жасайды, сөйлеу іс – әрекетіне шығармашылықпен кіріседі.

– Бейнелеу іс- әрекетінде зат пен қоршаған ортаға баланың қызығушылығының артуы шығармашылық қиялының дамуына септігін тигізеді.

– Музыкалық іс - әрекетте баланың жеке басын жан – жақты дамыту эстетикалық тәрбие, дене тәрбиелерімен өзара тығыз байланысы арқасында қамтамасыз етіледі.

– Баланың бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттермен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық дамиды. Баланың осындай шығармашылығын ұйымдастыра отырып өмір сүруге қабілетті, өзіндік дамуға даяр, өзін таныта алатын және өзі үшін де, қоғам үшін де бар мүмкіндігі пайдаланатын шығармашыл, құзіретті тұлғаны тәрбиелеуге жұмыстанудың маңызы зор болмақ.

Баланың танымдық қабілетін дамыту мәселесін талдау шығармашылық – «белсенділік», «әрекет», «қабілет» ұғымдарының мәнін терең түсініп алуды қажет етеді.

Белсенділік дегеніміз – адамның қажеттілігінен, көзқарасынан, мақсаттарынан туындайтын қоршаған ортаны өзгерте білу қабілеті. Белсенділік объективті қажеттілік бар жерде жақсы қалыптасады. Сондықтан педагогтар балалардың шығармашылық әрекеттерін басып тастамай оған дер кезінде көмек көрсетулері керек. Бұл баланың түсінуі, есте сақтауы, білімін қайта жаңғыртуы, үлгі бойынша қолдана алуы. Әсер ету әрекетін ұйымдастыруда оқытудың түсіндірмелі - иллюстративті әдісі қолданылады. Бұл баланың әсер ету белсенділігін қамтамасыз етеді.

Тәрбиеленушілердің таным қабілеттерін дамытуда ойын технологиясын тиімді пайдаланудың маңызы зор.

«Сөздертізбегі» ойыны

Мақсаты: балаларды мағынасы біріктіретін сөздерді таңдауға үйрету, оларды бір-бірімен дұрыс үйлестіру, қиялды дамыту.

Шарты: Тәрбиеші балаларға көпсөздерден тұратын пойыз тіркесін құрауды ұсынады. Тіркестегі әр сөз ол пойыздың вагоны. Тіркестегі әр сөз вагон секілді қасындағы келесі сөз бен байланысып тұруы тиіс. Балаларды пойыз вагондары секілді бір қатарға тұрғызады. Қатарда бірінші тұрған ойыншы ойынды бастайды:

– Салқын болатын қандай заттар бар? Келесі ойыншы заттарды атап, жалғастырады.

Ойын соңғы ойыншыға жеткенге дейін жалғасады.

«Сықырлы суреттер» ойыны

Мақсаты: Балалардың танымын, қиялдарын, олардың салған сызықтарында суреттерді табу арқылы ойлауды дамыту.

Шарты: Балалар көздерін жұмып, әдемі әуен тыңдай отырып, алдарындағы ақ қағазға фломастермен сызықтар жүргізеді. Әуен тоқтағанда, мұғалім балаларға өздерінің салған суреттеріне назар аудартып, ондағы бейнелердің неге ұқсайтынын сұрайды. Суретті толықтырып салып,

баяуды талап етеді. Тапсырма соңында суретте не бейнеленгенін ағылшын тілінде атауға балаға көмектеседі. Бала жаңа сөзді қайталап жаттайды.

«Жұбынтап» ойыны

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.

Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.

Мазмұны: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.

«Өз үйіңді тап» ойыны

Ойынның мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.

Ойынның құрал-жабдықтары: түрлі-түсті дөңгелектер.

Ойынның мазмұны: Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер тарату, түсінатау.

Үйлерін көрсету. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлерге тұра қалады.

Әдебиеттер

1. Құрманалина Ш.Х. «Нәтижеге бағытталған білім беруді ұйымдастыратын жаңа мектеп моделі» және «Бастауыш мектеп түлегінің моделдері». – Астана, 2016.
2. Бітібаева Қ., Құдайбергенова Г., Мұқашева М. Оқытудың инновациялық технологиясы. – Өскемен, 2002.
3. Нысанбаев Ә., Есім Ғ., Изотов М., Жүкешев К. Қоғамдық білім негіздері: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: "Мектеп" баспасы, 2006.
4. Ембергенова Ә.С. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың танымдық құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін ойындар.

ҒТАХР: 17.07.31

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Ракишева А.М., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

«№ 12 мектеп-гимназиясы» КММ

Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Сондықтан мұғалім алдына мақсат қоя білетін, анық та дұрыс сөйлей білетін, өз ойын жарыққа еркін шығара алатын, түсіне білетін, қызығушылықпен тыңдай алатын адамды өмір жолына аттандыра білуі керек.

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері төмендегідей:

- Сұрақ – жауап (мұғалім мен оқушылар)
- Диалог (оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)
- Қатысым (мұғалім мен оқушылар, оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)
- Жазылым (тақырыпқа байланысты мәтінмен жұмыс)

Бұл жұмыс түрлері коммуникативтік құзыреттіліктің алашқы баспалдағы болып есептеледі. Себебі, бұл жұмыс түрлерін барлық сабақта мұғалім мүмкіндігінше қолдана алады. Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері оқушылардың қатысым және жазылым қарым – қатынасын қалыптастыруға, сөйлеу тілін дұрыс меңгеруге, жеке тұлғаның құзіреттілік қатысымдылығын жүзеге асыруға ерекше ықпал ететінін көруге болады.

Өз іс-тәжірибемізде коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан оқушы екінші адаммен, досымен белгілі бір ақпаратты жеткізіп қана қоймай, өз ойын түсіндіре, олардың пікірін ұға, түсіне білетініне көз жеткізіп жүрміз.

Оқытудың диалогтік әдісін қолдана отырып оқушылардың сұрақтарды, өтінішті, таңдануды, бұйыруды қолданып, бір-бірімен әңгімелесе білуге, мәліметтерді нақтылауды сұрауға, келіспеушілік, толықтыру, тілдік материал көлемінде өзара пікір алыса білуге дағдыландырамыз. Әр түрлі типтегі

кішігірім диалогтар құрастыруды тапсырамыз. Біліктіліктерді жетілдіру мен дамытуды білім оқушылардың еркіндігін сақтау жолымен жүргіземіз. Диалогтік оқыту тек қана бірлескен әрекетке тартылуына ғана емес, ойлау қабілетінің жоғары деңгейге өсуіне, тіл байлығы мен зияткерлік қабілетінің дамуына ықпалын тигізеді. Осы кезде топ арасында талқылау жүзеге асады. Әр топ өз пікірін айтып, дәлелдеме жасайды. Топта талқылауға қатысу оқушының бәсекеге қабілетін арттырады, өз дәлелін қорғап, мәселеге сыни тұрғыдан қарауға дағдыланады.

Мерсер сыныпта талқылаудағы дәлелдің үш түрін көрсетеді:

1. Пікірталастық әңгіме;
2. Топтық әңгіме;
3. Зерттеушілік әңгіме.

Іс-тәжірибеде жоғарыдағы үш түрлі диалогтың екіншісі қолайлы деп шештім. Әңгімелесу – мұғалімге білім алушылардың оқуға деген ынтасын оята алатын пәрменді тетік. Ғалым Ф.Ш. Оразбаева сабақта тілдік қатынас үш түрлі жолмен немесе қалыппен іске асырылады деп, олардың түрлерін атап көрсеткен. Олар жұптық, топтық, ұжымдық. Жұптық жұмысқа түсу осы диалогтерден тұрады. Диалогтің өзі сабақ өту кезінде әр түрлі әдіс арқылы жүзеге асады. Мысалы: сұрақ-жауап, рөлдік, тапсырманы орындату, жұптық жұмыс, диалогтік мәтінді оқу.

1. Сұрақ-жауап әдісі – қазақ тілі сабағында білім алушылардың ынтасын арттырады, қызығушылығын оятады. Әрбір жаңа сабақты бастамас бұрын жаңа тақырыпқа байланысты кіріспе сұрақ жауап дайындалады.

Тіл оқытуда және үйретуде диалогтың маңызы ерекше. Білім алушылар берілген сұрақтарды бірлесе оқып оған жауап беріп топ басшысының шешімімен топтан екі адам ортаға шығып жұптық жұмысқа өз шығармашылықтарын көрсете біледі.

Сөйлесімге деген қажеттілік оқытушы тарапынан да, оқушы тарапынан да бірдей болу қажет. Сөйлеуге үйретуде қоршаған орта мен жағдайдың әсерін ескеру оқу процесін тікелей өмірмен жалғастырады. Сол себепті ситуациялық көрініс өмірде болып жатқан құбылыстарды бірден түсініп, ауызша тіл арқылы жеткізіп беруге жол ашады. Сабақта сөйлеудің барлық формалары (монолог, диалог т.б) сөйлеушілердің ыңғайына қарай атқарыла береді. Сабақта диалог жүргізуге арналған тірек схеманы пайдалану барысында білімдерін тереңдетіп, жалпы ой-өрістерін дамытып қана қоймай, сонымен қатар коммуникативтік іскерліктері мен дағдылары жетіледі. Әр сабақта тақырыпқа байланысты диалог түрлерін өзгертіп отыруға болады. Мұндай сабақ түрі оқушыларды ауызша сөйлеуге үйретудің қызықты, әрі тиімді түрі. Оқушылар бұған ықыласпен қатысады, ал бұл олардың қазақ тіліне деген ынтасын арттыруға септігін тигізеді.

Құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар. Сөз болып отырған әдіске қатысты негізгі идея, басты өзек – қатысым болып табылады. Тілдерді үйрету әдісі үнемі заман талабына, уақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп отырады.

Оқушылардың диалогтік ортасын құруда кесте мазмұнының да алатын орны ерекше. Кестедегі түйін сөздердің көмегімен сұрақ қою арқылы диалогтік ортаға енеді. Осы жұмыстар нәтижесінде олардың коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасады.

«Диалог-ертегі» ойыны. Шарты: мұғалім не оқушы шығарып, кез келген бір әңгіме – мәтінді бастап кетеді. Ал қалған оқушылар басталған әңгіме-ертегіні бір-бірден сөйлеммен ары қарай жалғастырады.

«Сұрақ-жауапқа құрылған хат». Бұл ойынды италиян жазушысы Д.Ж. Родари ойлап тапқан. Ойынның шарты: 6 студентке 6 түрлі сұрақ беріледі. Сол сұрақтарға оқушылар жазбаша түрде жауап береді. Бірақ бұлар кез-келген сұрақтар емес. Белгілі бір қалыпқа түскен тұрақты сұрақтар. Бір қызығы әрқайсысы жолдастарына қандай сұрақ берілгенін білсе де, олардың қандай жауап жазғанын білмеуі тиіс. Әйтпесе ойын шарты бұзылады. Жаттығу аяқталғаннан кейін мұғалім әр білім алушының жауабы біріктіріп, тұтас мәтін құрайды да балаларға оқып береді. Сол кезде әрі қызықты, әрі күлкілі оқиға шығуы мүмкін. «Сұрақ-жауапқа құрылған хат» ойыны – өте тартымды ойын. Әсіресе сабақ үстінде жүргізсе сергіп қалады, сабаққа деген зейіні арта түседі.

«Сөйлеу минуты» ойынымен бастауға болады. Ойын мақсаты – балаларға үйде не істегенін ауызша диалог түрінде айтқызып, әңгімелеп беруге үйрету. Ойын сұрақ-жауап түрінде өтеді.

Оқушылардың білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу үрдісінде үздіксіз дамытып отыру және сабақ барысында алған білімдерін тәжірибеде, яғни сабақ барысында жаттығу орындауда қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін құзыреттілік тапсырмаларды қолдану өте тиімді».

«Оқушылардың өздік жұмысы – арнайы бөлінген уақыт ішінде мұғалімнің тапсыруымен, бірақ тікелей көмегінсіз орындалатын жұмыс. Тапсырмада қойылған мәселеге, ақыл-ой мен күш-жігерін саналы түрде жұмсай отырып шешеді, әр өз жұмысының нәтижесін көрсетеді.

Оқыту процесінде жүргізілетін өздік жұмыстың мазмұны мына талаптарға сай болуы шарт:

- тапсырма мазмұны сынып оқушыларының жас және өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып жасалуы керек;
- оқушының бұған дейін алған біліміне сәйкес құрылуы тиіс; тапсырма түсінікті, мазмұны қызықты болуы қажет; орындау тәртібі мен тапсырма мазмұны бірте-бірте күрделене түседі. Сабақта өздік жұмыстарды төмендегідей мақсаттарға байланысты жүргізуге болады.
- Оқушылардың өздігінен білімінен толтыра, жетілдіре отырып, жаңа білім алу;
- Оқушылардың бір-бірімен білім алмасуына дағдылану;
- берілген білімді пысықтау;
- Оқушының білімін тексеру, бақылау;
- шығармашылық қабілетін арттыру;
- сөздік қорын байыту, тіл дамыту.

Шығармашылық сипаттағы сабақтар оқушылардың коммуникативті құзыреттіліктерін арттыруға зор септігін тигізеді, түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасып, ұстазы берген ақпаратты, іс-әрекет тәсілдері мен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оқушы барлық іс-әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады, қабілет, білігін ұштай түседі.

Әдебиеттер

1. «Педагогика мәселелері»- ғылыми –теориялық журнал 1-4\2007.
2. Жаңа жоба –жаңашылдық бастауы. – Алматы, 2012.
3. Ел-назар – Республикалық журнал № 05(08) мамыр 2012. – 21 б.
4. Ашық сабақ. Факультативті сабақтар №5 2009. – 3 б.
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық. – Астана, 2012.
6. Қазақ тілі оқыту әдістемесі 3-сынып – А.Қайырбекова., А.Кенжесарина. – Алматы «Атамұра», 2010.
7. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде Республикалық ғылыми-педагогикалық басылым 2 – 2008.
8. Іс-тәжірибеде оқытуды басқару мен көшбасшылық – тренердің жазбалары 1-басылым. –3.12.2011.
9. «Тілдік қатынас», оқулық. – Алматы 1. – 39 б.

ҒТАХР: 17.81.99

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Рахимбаева Ж.К., магистрант, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
«№ 32 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Оқушыларға жүйелі басталған, белгілі бір жайды хабарлаған, сипаттаған, пікір білдірген, тиянақты аяқталған, тақырыптық бірлікте болатын, логикалық жүйеде құрылған, құрамына енетін қайырымдары мен сөйлемдері бір-бірімен тығыз байланысқан мәтіндерді түрлі жаттығулар арқылы жоғарыда аталған белгілерімен жүйелі түрде игертіледі. Мәтіннің құрылысын меңгертуде талдау, жинақтау, бақылау және салыстыру әдістерін пайдалана отырып жүргізу тиімді. Сондай-ақ ойлаудың индуктивтік, дедуктивтік және аналогиялық түрлері бойынша жұмыс жүргізу мәтін арқылы оқушының тілін дамытуда нәтижелі болады. Өз тәжірибемде, оқыту барысында алдыма қойған мақсатым – баланы субъект ретінде оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу. Оның басты ерекшелігі – оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау, сөйлеу дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу процесінде бірлесе әрекет ету. Қазақ тілін оқыту барысында қазақ тілінің қыр-сырын, табиғатын таныта отырып, ертең өмірден өз орынын таба алатын, өзіне сенімді, нағыз ұлтжанды, парасатты ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірибені байыта түсу-бүгінгі таңның басты мәселесі. Бірлескен іс-әрекетке негізделген оқытуды тиімді пайдаланған жағдайда келесі нәтижеге қол жеткізуге болады7

- оқушының оқуға деген қызығушылығының артуы;
- іскерлік дағдысының дамуы;

- өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы;
- өздігінен оқып негізгі түйінді ойды анықтап алуы;
- мақсатқа өз бетімен ұмтылуы;
- ойлау белсенділігінің артуы;
- шығармашылық дағдысының қалыптасуы;
- өзіндік пікір айтуы.

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамыту оқушылардың алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген орта жағдайында қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Қазіргі заман талабы – жан-жақты дамыған, функционалды сауатты тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқыту әдістеріне өзгерістер енгізіліп жатыр. Алдымен, тілді үйреніп, сол тілде ойлап, сол тілде сөйлейтін азамат даярлау- басты мақсат. Тілді оқыту оңай іс емес екені айқын. Оқушы сүйсіне отырып, құлшыныспен оқуы үшін тиімді, қызықты, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану қажет.

Оқушылардың оқылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- көз жүгірте, шолу жасай отырып оқу;
- мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөлігіне сүйене отырып, оқиғаның дамуын болжау;
- мәтіннің негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу;
- «ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту үшін оқу, мәтінге ауызша және жазбаша шолу жасау»;

Мәтін – тілді оқытудағы негізгі құрал. Ол оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу арқылы жүзеге асады. Мәтінмен жұмыс тіл үйренушінің сөздік қорын байыту мен қазақша сөйлеуге үйрету немесе қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастыру мақсаттарын көздейтіндіктен тілді оқытуда мәтінмен жұмыс жүргізуде ұтарымыз мол болмақ.

Оқылым стратегиялары «Жылдам кездесу», «Ойланыңыз,жұптасыңыз, бөлісіңіз», «Піспеген модель», «Белсенді түрде модельдеу», «Стоп кадр», «Кітап оқу кезіндегі саяхат», «Ақпараттағы оққылықтар», «Сен білесің бе?», «Графикалық органайзерлер», «Жалғыз құты», «Қос құты», «Венн», «Уақыт диаграммасы» (уақыт сызығы),«Оқиға картасы» (Тарих картасы), «Торлы диаграмма» (Радиальді диаграмма), «Себеп салдарлы диаграмма» (Балық сүйегі немесе Фишбоун), « Тоғыз гауһар», «Таңда да, таста».

Жер асты әлемі

Табиғаттағы таңғажайыптар

Жер шары қалай пайда болды?

Біз өмір сүріп жатқан ғаламшарды білім адамдары «жер шары» деп атаған. Олардың айтуына карағанда, жер шары алғашында тұтастай от үйіндісі болған. Осы от үйіндісінің үстіңгі қабаты уақыт өте келе суып, ақырында топырақ пайда болған.

Жер қабығы

Жер қабығы – жер бетіндегі топырақ, тас және металдардан тұратын қабат. Жеріміздің тірі жандылардың өмір сүруіне қолайлы бөлігі осында. Негізінде, ғаламшарымыздың үлкендігін ескерсек, жер қабығы онша қалың емес. Егер жер шарын апельсин деп алсақ, жердің қабығы тек апельсиннің қабығындай болатынын білесің бе?

Жер астына сапар

Адам баласы жер астын зерттеу үшін, тереңдіктерге түспекші болған. Алайда осы күнге дейін адамдар жер астына 4000 метрден әрі қарай бара алмаған. Неліктен? Жер қабығының астыңғы қабатында магма қабаты бар. Бұл жердегі жоғары температура 2000 градусқа дейін барады. 2000 градустағы ыстықты елестетіп көрші. Бұл ыстықты жер бетіндегі бүкіл нәрсе еріп кетеді. Біріншіден, жер астына тереңдеген сайын ыстық температура арта түседі. Адам магма қабатына жетпек болса, өзі де, жер қазатын техникасы да еріп кетер еді.

Жанартаулар

Жердің ортасына барып келген ешкім жоқ. Олай болса, жердің ортасында магма бар екенін қайдан біледі?

Жер бетіндегі кейбір белгілер магманың бар екеніне дәлел бола алады. Мәселен, жанартаулардан атқылаған лавалар.

Жер қабығының астындағы магма кей уақыттырда жер бетіне атқылап шығады. Жер атқылаған магманы «лава» дейді.

Жер астындағы сырлар

Жер шары алғашында баста-аяқ оттан тұрған. Уақыт өте келе жер беті суып, осы күнгі пішінге ие болған, дегенмен осы күнге дейін түрлі жағдайларды бастан кешкен. Жер бетінде түрлі-түрлі топырақ көшкіні, топырақтың шөгуі, көтерілуі сияқты орасан зор өзгеістер болған. Көтерілген жерлер тауға, ал топырағы шөккен жерлер жаңбыр суымен толып теңізге айналған. Жер бетін тамашалаған сайын, оның ғажайып әсемдіктеріне көз еткізесің. Ағын сулар, көлдер, теңіздер, мұхиттар, аралдар, аралдар, ормандар, шөлдер жазық далалар- бәрі жер бетіне ерекше көрік беріп тұр.

Осы әсемдіктер ішінде мұхиттардан шөлдерге дейінгі Жердің әрбір қалтарысында тірі ағзалар тіршілік етуде. Демек, жер беті- тіршілік иелері үшін әзірленген өте әдемі сарай.

Топырақтағы тіршілік

Аяғымыздың астындағы топырақ тып-тыныш тұрғандай көрінеді. Негізінде, мүлдем олай емес, керісінше, топырақтың асты нағыз қайнап жатқан тіршілік. Топырақты қаза қалсаң, өсімдік тамырлары, жәндіктер, жұмыртқалар, дәндер, кендер, асыл тастар, тіпті қоян, көртышқан сияқты кейбір жануарларға толы мүлдем бөлек әлемге тап боласың.

Топырақ деген не?

Топырақ көміртегі, сутегі, оттегі, азот, кальций сияқты көптеген элементтердің қосындысынан пайда болады. Ауа, су, минералдар, қи тезектер топырақты құнарландыра түседі. Осындай өте бағалы топырақтың пайда болуы мыңдаған жылдарға созылған. Өсімдік тамырлары, сулар, жел, ыстық және суық- бәрі тастарды майдалайды, үгітеді. Содан соң тастар да топыраққа айналады.

Топырақ жайлы хикая

Бір күні наубайханашыға бардық. Одан: «Сіз аяқ киім тігесіз бе?» – деп сұрадық. Наубайханашы бізге: «Мен нан пісірімін, аяқ киім тікпеймін!» – деп, ұрсып қоя берді. Сосын аяқ киім тігушіге барып, аяқ киімімізді тіктірдік. Оған: «Киімде де тігесіз бе?» – дедік. Ол: «Менің кәсібім- аяқ киім тігу. Киім тігетін арнайы тігіншілер бар», – деп жауап берді. Қай кәсіп иесіне барсақ та, олардың тек өзінің ғана жұмысын істейтінін білдік.

Сөйтіп, топыраққа барып: «Жүгері шығарасыз ба?» – деп сұрадық. «Бір дән берсеңдер болды», – деді. Бізден тек қана дән сұрады. Қай өсімдіктің дәнін берген болсақ, топырақта сол өсімдік өсіп шықты. Бір топырақтан мыңдаған түрлі өсімдік өсті.

Сөйтіп, топырақтың талантына таң қалдық. Сонда мұндай қабілетті ол қайдан үйренген?

Қайдан біледі?

Топырақтың үстінгі қабаты өсімдіктер үшін өте маңызды. Тамырлардың топырақтың ішіндегі тіршілігі таң қалдырарлық.

Тамыр топырақтағы су мен минералды алып дінгекке, жапырақтарға және гүлдерге жібереді. Қарағай алатын қорек пен гүл алатын қорек бірбірінен өзгеше. Сонда тамырлар топырақтан қандай азықты алатынын қайдан біледі?

Топырақ пен тазалық

Үйден шыққан қоқыстарды жұмысшылар тазалық машиналарымен қаланың сыртындағы арнайы қоқыс төгетін орындарға апарып төгеді немесе топырақ астына көмеді. Жан-жануарлар мен өсімдіктер өлген соң топыраққа араласып кетеді. Осылайша топырақ үстінде және астында тонна-тонна қоқыс жиналады. Алайда біршама уақыттан кейін осы қоқыс төгілген жерлерге барып көрсең немесе топырақтың астын қазсаң, таң қаласың, өйткені қоқыстан ешқандай ізде қалмайды, орнында топырақ қана қалады. Міне, топырақтың үсті мен астындағы қоқысты бөлшектеп, жойып жіберетіндер – микроорганизмдер екен. Олар нағыз тазалаушы машиналар. Микроорганизмдер топырақтағы өсімдікпен жан-жануарлардың қалдықтарын бөлшектейді. Бұл бөлшектенген қалдықтар топыраққа араласып, топырақтың құнарын арттырады. Мұндай құнарлы топырақтар өсімдіктер үшін өте пайдалы. Осылайша жер беті тап-таза күйін сақтап келеді.

Сұрақтар

Бізді көтеріп тұрған жер шары қалай пайда болған? _____

Адамдардың өзі жанына жақындай алмайтын магма қалай пайда болды? _____

Жердің түпсіз тереңдіктерінде болып жатқан құбылыстарды кім біледі? _____

Топырақ деп:

А) жеміс беретін ағаштар мен бұталардың молдығынан болады

Ә) өсімдік тамырларының шырмалуынан тұрады

Б) жер бедерінің беткі құнарлы қабатымен

5. Топырақтың негізгі қасиеті:

- А) құнарлылығы;
- Ә) қарашіріктің болуы
- Б) тыңайтқыш;

6. Топырақтың құрамы:

- А) құм, микрағзалар, қарашірік.
- Б) ауа, құм, су, саз, қарашірік.
- С) құм, саз, шірінді.

Топырақтың пайдасы не?

- А) жер астында тіршілік ететін тірі жандыларға жайлы әрі жылы мекен ;
- Б) жер үстіндегі тіршілік иелерінің өміріне қажетті азықтың қайнар бұлағы;
- В) жер бетін тазалаушы;
- Г) үстіне үйлер және жолдар салынатын берік тіреу;
- Д) пайдалы кен қазбалары мен асыл тастардың көзі;
- Ж) барлық жауаптар дұрыс;

8. Тамырлар топырақтан қандай азықты алатынын қайдан біледі?

9. Өсімдіктердің өсуіне нелер көмек береді? _____

10. Топырақ жайлы хикая оқып, топырақтың қабілеттілігін қайдан үйренгенін жаз _____

11. Мен топырақтан нәр аламын, ал адамдар менімен азықтанады..... Жер астындағы адамдар азықтанатын өсімдіктерді жаз _____

12. Ең құнарлы топырақ

- А) күлгін
 - Ә) қоңыр
 - С) қаратопырақ
- Жауаптары

1. Жер шары алғашында тұтастай от үйіндісі болған. Уақыт өте келе от үйіндісі суып, топырақ пайда болған.

2. Жер қабығының астыңғы қабатында магма қабаты бар. Ол жердегі жоғарғы температура 2000 градус

3. Жаратылыстану ғылымы

4. б

5. а

6. б

7. ж

8. Топырақтан су мен минералды алып дінгекке, жапырақ пен гүлге жібереді.

9. күн, ауа, су, топырақ, минералды заттар

10. Топырақтың қабілеттілігі кез-келген дәнді ексе, сол дәннен өсімдік өсіп шығатыны туралы түсінік беріледі .

11. жауап жоқ

12. с

Әдебиеттер

1. Бияхметова А.С. Тіл әлемі: «Тілдік дағдылар» – Алматы: Ан-Арыс, 2009. – 368 б.
2. Әлметова Ә. “Сөйлеу мәдениеті (әдістемелік құрал). – Алматы: “Арыс” баспасы, 2007. – 114 бет.
3. Қазбекова Н.Т. “Қазақ тілі сабақтарында коммуникативтік оқытудың элементтерін қолдану”. // 12 жылдық білім, 2014 – № 1.
4. Рахымбаева А., Тойымбаева Ж. “Қазақ тілі сабағында оқушылардың коммуникативтік құзырлығын дамыту”. Ғаламтор желісі
5. “Технологиялар арқылы сабақтың тиімділігін арттыру”. Ғаламтор желісі

СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ И ЛИТЕРАТУРЕ В РАМКАХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Рахимбаева А.Н., учитель начальных классов
Республика Казахстан, Бескарагайский район с. Карагайлы
КГУ «Средняя школа имени Н. Баймуратова»

Инновационные технологии позволяют реализовать одну из основных целей обучения русскому языку и литературе – дать возможность перейти от изучения предмета как системно-структурного образования к изучению его как средства общения и мышления, а учебно-познавательную деятельность перевести на продуктивно-творческий уровень.

На уроке русского языка и литературы следует применять перспективные методические приёмы для развития креативных способностей учащихся: кластеры, инсерт (при самостоятельном изучении теоретического материала), заполнение таблиц, двучастный дневник, чтение с остановками, совместный поиск, перекрёстную дискуссию, круглый стол; применять элементы ТРИЗ (технологии решения изобретательских задач): «Удивляй!» (при знакомстве с биографией писателя), «Лови ошибку!»; классическое лекционное обучение, обучение с помощью аудиовизуальных технических средств, тесты, метод проектов (занятия по «Литературному краеведению»).

Инновационный подход к обучению позволяет так организовать учебный процесс, что ребёнку урок и в радость, и приносит пользу, не превращаясь просто в забаву или игру. И, может быть, именно на таком уроке, как говорил Цицерон, «зажгутся глаза слушающего о глаза говорящего».

Развитию критического мышления способствуют и нетрадиционные уроки, которые позволяют повысить интерес ученика как к предмету, так и к обучению в целом. Творчество на таких уроках я вижу не в развлекательности, а в подборе таких заданий, такого дидактического материала, который своей новизной, необычностью подачи (путешествие, заседание, конкурс, игра и т.д.), вызывая удивление, активизирует внимание, мышление ученика. Попадая в необычную ситуацию, ребёнок включается в деятельность, сотрудничает с учителем, при этом создается положительный эмоциональный фон, начинают активно функционировать интеллектуальная и волевая сферы, легче усваиваются знания, быстрее формируются умения и навыки. Этому способствует создание на нестандартных уроках условий для мобилизации творческих резервов и учителя, и ученика. Подготовка к нетрадиционным урокам проводится очень тщательно, а это, как правило, требует много сил и времени и со стороны учителя, и со стороны ученика. В своей практике я наиболее удачно использую несколько нетрадиционных форм урока: практикум, викторина, исследование, путешествие, диалог на основе проблемной ситуации, деловая игра, зачет. Выбор зависит от нескольких условий: во-первых, учитываю возрастные особенности учащихся, во-вторых, задачи, цели, содержание обучения в связи с изучаемой темой. Если системно применять задания, ориентированные на таксономию Б.Блума, организуя урочное время по технологиям КСО и РКМЧП, можно добиться высоких результатов обучения, повысить творческий потенциал и активизацию в области культурно-познавательной деятельности учащихся.

На сегодняшний день перед учителями стоит глобальная задача – формирование языковой личности, научить ученика самостоятельно учиться. Решение этой задачи напрямую зависит от нашей профессиональной компетентности: гибкости, мобильности и оперативности.

После прохождения курсов повышения квалификации, на которых были глубоко изучены идеи 7 модулей обучения, в своей педагогической практике я стала применять эти модули обучения. Мои взгляды на свою ежедневную педагогическую деятельность также стали меняться. Теперь я ежедневно стараюсь анализировать проведенные уроки, стремлюсь увидеть успехи учащихся или причины их неудач, продумывать пути их устранения. Да, времени у учителя, тщательно разрабатывающего свои уроки по данной системе, уходит вдвое, втрое больше, нежели чем это было раньше. Но зато, при умелом ведении таких уроков и результаты бывают налицо. И ничто не идет в сравнение с благодарными лицами твоих учеников, с удовольствием предоставляющие вам обратную связь. Хочется пожелать своим коллегам, чтобы вопросы: «Как преподнести материал?», «Поймут ли меня ученики?», «Чего я достиг (-ла)?» – были постоянными спутниками в их плодотворной педагогической деятельности.

Развитие навыков письма. Навыки письма могут опираться на технологию «Джигсо». **Стратегия «Бриллиант» (ромб).**

1. Создание текстов разных стилей. Текст на тему «Дружба»;
2. Записать пословицы о дружбе;
3. Стоп кадр.

Технология «RAFT».

R – роль писателя: кем являетесь вы в роли писателя;

A – аудитория: для кого вы пишете;

F – формат: в каком формате вы пишете (запись в дневнике, любовное письмо, газета);

T – тема: о чем вы пишете.

Уважаемые родители! Не будьте равнодушны к детям. Любите их, лелейте, уделяйте им должное внимание, окружайте заботой. Ведь дети – это нежный росток, который без вашей поддержки, искреннего вашего отношения и просто человеческого внимания погибнут. Так и не сумев полностью раскрыться.

«Сундучок мудрости».

Составляют по три вопроса по тексту и кладут в сундучок.

«Правило трех П»

Понять;

Принять;

Применить.

Появляется мотив к изучению, происходит расширение знаний и развитие интеллектуальных умений, развитие мышления, формирование обобщений. Появляются способности к выбору методов и способов самостоятельной работы. Дает возможность сознательного управления образовательным процессом в системе «Учитель – ученик». Позволяет влиять на результат и цели образовательного процесса.

Правила:

1. Задавайтесь вопросами, интересуйтесь (Вопросы высокого и низкого порядка);
2. Анализируйте идеи;
3. Исследуйте факты и доказательства;
4. Высказывайте свои предложения, мысли, идеи. Считайтесь с чужими мнениями.

Приемлемо трехфазное обучение: вызов – осмысление – рефлексия («Ромашка Блума», «Мышление шести шляп» Эдварда де Бано).

Упражнение «Интервьюеры»

Цели:

Помочь участникам познакомиться друг с другом.

Включение участников в работу группы.

Поддержать или установить энергичный темп работы в группе.

Материалы:

Бланк с пустой таблицей, либо чистый лист на каждого участника.

Ручка либо маркер на каждого участника.

Упражнение «Нарисуй свое имя»

Необходимые материалы: листы А4, фломастеры или маркеры.

Время: 5-10 минут.

Описание: Участники тренинга сидят в общем кругу. Ведущий предлагает каждому участнику группы нарисовать имя, которым будет на протяжении всех тренинговых занятий.

Обсуждение: каждый участник представляется и демонстрирует нарисованное им имя.

Упражнение «Рукопожатие» (1 минута)

«Мы все сегодня плодотворно поработали, и все заслужили благодарность. Пока я считаю до пяти, вы должны успеть поблагодарить друг друга рукопожатием»

Игра «Одна строчка, но в рифму»

Стихи пишут все, по крайней мере, почти все. Предложите ребятам сочинить только одну строчку – вторую. А, первая будет предложена заранее. Мы даем начало двустишия, которое надо закончить. Концовка может быть разной, главное, чтобы соблюдалась рифма.

Выполнение задания. Стихотворение о любви зашифровано (заколдовано). Необходимо на предложенном бланке с заданием зачеркнуть буквы, написанные наверху каждого отрывка. У каждой части свой набор букв, которые необходимо зачеркивать. По оставшимся буквам нужно составить стихотворение, выразительно его прочитать и изобразить происходящие в нем события.

Вся программа и учебный план связаны с языковыми навыками, которые направлены на развитие слушания, говорения, чтения, письма. Ведь это так немаловажно на уроках русского языка и литературы.

Наиболее активным способом решения данного метода обучения будет групповая работа со всеми ее разновидностями. Ведь только в тесном общении дети смогут более результативно реализовать свои знания и умения в области чтения, говорения, слушания и, в конечном итоге, письма. Почему важно развивать языковые навыки? И важно ли?

Языковые навыки развивать важно, так как дети смогут выразить свои мысли точно, лаконично, грамотно. Перестанут стесняться в выражении своих мыслей, будут стремиться к поставленной ими цели.

К видам групповой работы можно отнести исследовательские формы работы. Что способствует тому, что каждый учащийся может опираться на собственный опыт. В основном я их использую на уроках русской литературы. Это может быть прием «Чтение для удовольствия». Этот метод поможет улучшить понимание прочитанного текста, улучшит навыки письма, поможет расширить словарный запас учащихся, придаст больше уверенности при ответе.

Очень интересны такие приемы активного чтения как: чтение с пометками, метод паутины, читательская конференция, лови ошибку, громкие чтения. При исследовании определенного художественного текста и создании творческого проекта у детей развиваются навыки чтения, но, а чтение непрерывно связано с говорением, следовательно, говорение со слушанием. А при создании творческой работы у детей отрабатываются еще и навыки письма.

В данном случае я использую модель поискового прожектора. При этом учитывается знание контекста, знание грамматики и умение воспроизводить слова и графические знаки. Роль письменной речи заключается в глубоком и убедительном раскрытии цели, в соблюдении смысловой ценности, связности и последовательности изложения.

В четкой аргументации своей точки зрения, умении грамотно использовать художественные средства в соответствии с нормами литературного языка.

Часто на своих уроках я использую метод парной или групповой работы с целью изучения нового материала. Но парная это будет работа или групповая, зависит от формы и типа урока.

Вводить в свои уроки парные и групповые методы работы, значит уметь управлять процессом обучения со стороны, являясь при этом руководителем и в какой-то мере наблюдателем за всем ходом учебного процесса.

Я стараюсь вмешиваться в ход групповой работы только в определенных ситуациях, только по необходимости. В связи с этим дети стали более самостоятельными, у них повысилось чувство ответственности за свою группу, они стараются не обделять вниманием всех членов своего коллектива.

Преимущество групповой работы заключается не только в быстрой обратной связи, но и в том, что в классе формируются внутриколлективные отношения.

Дети могут корректировать чужие недочеты и при этом контролировать и свои знания, умения и навыки. Групповая работа способствует налаживанию психологического настроя в классе, повышению мотивации, заинтересованности в изучении предмета. Дети стали более раскрепощенными, налажился психологический контакт, повысилась самооценка, научились корректно исправлять ошибки, тактично делать замечания одноклассникам, активно выявляя собственные ошибки и недочеты.

Дети не боятся работать в группе, так как в любое время могут получить помощь одноклассников и более прочно закрепить новый материал.

Целесообразным будет и совместное разрабатывание критериев оценивания. В связи с этим менее активные учащиеся стали более смелыми, зная требования к своему ответу. Стали выявляться новые лидеры и происходила смена старых.

Дети могут запоминать информацию несколькими способами:

- механически, то есть заучивать факты, идеи и повседневные действия путем постоянного повторения;
- накапливать знания и через вопросы, разработанные для тестирования или встречая материал, с которым ранее сталкивались;
- когда ученик самостоятельно пытается донести нужную информацию до своих одноклассников;
- обмен мыслями идеями с целью решения определенных проблем и задач;
- диалоговое общение.

Литература

1. Руководство для учителей. Третий (базовый) уровень. 3-е издание – АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012.
2. Загашев, И.О., Заир-Бек, С.И., Муштавинская, И.В. Учим детей мыслить критически.– СПб., 2003.
3. Халпер Д. Психология критического мышления.
4. Ильюшин Л.С. Приемы развития познавательной самостоятельности учащихся.

ҒТАХР: 16.21.25

ОҚУШЫЛАРЫН ЗЕРТТЕУШІЛІККЕ БАУЛУ АРҚЫЛЫ ІЗДЕНІС ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Рыгбаев П.И., көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қаласы

«№ 21 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Қазіргі қоғам талабына сай адам - рухани интеллекті, шығармашылық қабілетті болу керектігі өмір талабынан туындап отыр. Сондықтан білім беру жүйесі де қоғам дамуымен байланысты дамып, жетіліп отыруы анық. Ендеше еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін жас ұрпаққа сапалы білім, ұлағатты тәрбие беру, жалпы адамдық құндылықтар болып саналатын адамгершілік мұраларды, рухани адамгершілік қасиеттерді бүгінгі ұрпақтың бойына сіңіру, ата-бабаларымыздың дәстүрлері мен ұлттық колөнер тәжірибелерін үйрету, өміріне жолдама алуына барлық жағдай жасау үшін білім беру ісін әлеуметтендірудің маңызы зор. Әрбір адамда дүниетану, білімге талпыну болмаса, еңбекке үңіле қарамаса, ілгері басу, прогресс те болмас еді. Сондықтан, ұлттық мәдениетті көтеретін, ұлттық әдет-ғұрыпты, намысты, имандылық пен ізгілікті, жат іс-әрекеттерге сын көзбен қарай алатын оқушы дайындауымыз керек. Олар жаңа ойларға, идеяларға шығармашыл болып, күтпеген жерден пайда болған мәселелерді шеше біліп, ақпараттарды саралай білулері керек. Оқушылар кез келген жалпыға танымал ақпараттарды сын тұрғысынан шығармашылықпен қарап, оның ұтымды жақтарын қолдануға тиісті.

Білім беру саласында жас ұрпақты пәндік біліммен қаруландыру ғана емес, олардың бойына өзін-өзі дамыта алатын, өздігінен ізденіп, зерттеуді жүргізе білетін, өзіне-өзі қызмет көрсете алатын, қоғам талабына сай еңбекқор, мәдениетті, ұлттық рухани-адамгершілікті және шығармашылықпен жұмыс істей алатын іскерлік қабілеттерін дарыту, қазақтың ұлттық қолөнерінің ұзақ ғасырлық тарихы бар мол мұра – мәдениетіміз екенін танытуды *мақсат* етеміз.

Оқушының зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту: тоқтаусыз өзгерістегі қоғам талабына сай рухани интеллекті, өз ұлтының тілін, ұлттық мәдениеті мен дінін ғана біліп қоймай, басқа ұлттардың да мәдениеттерін танып, біліп, оны құрметтеуге үйретуде, жағымды және жағымсыз іс-әрекеттерді сын көзбен саралай алуға, өзін-өзі басқара алуға, жаңаша жобалар мен идеяларға шығармашыл болуға, сайып келгенде, оқушының жан-жақты дамуындағы проблемалық жағдайларды туғызатын теориялық маңызды, практикалық тұрғыдан *өзекті мәселе* болып есептеледі. Сондықтан, жаңаша білім беру жүйесіндегі «Технология» білім беру саласының арнайы тарауларын оқыту, сабақта жаңа технологиялар мен шығармашылық жобалау әдістері арқылы оқушылардың өз бетімен іздену, зерттеу және шығармашылық қабілеттерін дамыту, өмір ағымындағы материалдық қажеттіліктен туындаған бұйымды дайындау технологиясын үйрету, оның экономикалық тиімділігі, дизайн талаптарына сәйкестігі мен жобалау іс-әрекетінің іскерлік қабілеттілігін қалыптастыра отырып, оқушыларға экологиялық және эстетикалық тәрбие беру, еңбексүйгіштікке баулу, шығармашылықпен ойлау қабілеттіліктерін дамыту, тарихи ұлттық мұраларымызды ұрпақтан – ұрпаққа жалғастыруға баулу, болашақ мамандығын дұрыс таңдауға бағыт беру *міндетіміз*. Қойылған мақсат, міндеттерге жету жолындағы *әдіс-тәсілдерге*: интернет жүйесімен жұмыс, институт, университеттермен, мәдениет үйі мекемелерімен, кітапхана орталықтарымен, ғылыми-зерттеу мекемелерімен, көркем сурет мектептерімен байланыс, педагогикалық бақылау (әңгімелесу, сауалнама алу, эксперимент жүргізу, салыстыру), мониторинг шығару, талдау, жинақтау, бағалау жатады. Технология сабағында оқушылардың ізденіс, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерінің қалыптасу, даму жолдары *зерттеу объектісі* болып саналады.

Оқушыны оқыту, тәбиелеу процесінде өзіндік іздену, зерттеу мен шығармашылық қабілеттілігін дамыту мақсатта жобалау әдісі ұсынылып отыр. Бұл әдіс жас ұрпақтың технологиялық

мәдениеттілік қабілеттерін, оқушы мен оқытушы және ата-ана арасындағы бірлесе жақын қарым-қатынаста жұмыс істеу мүмкіндіктерін қалыптастыруда, өзіне-өзі қызмет көрсете алуға үйретуде, материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыра алуға баулуда, қажеттілік пен сұраныстың экономикалық тиімділік жақтарын пайдалана алуға үйретуде ерекше *практикалық тұрғыдан маңызды* болмақ. Шығармашылық жоба жұмысы барысындағы оқушы мен оқытушы және ата-ана арасындағы іс-әрекеттік қарым қатынасты, олардың әр қайсысының атқаратын қызметінің орнын төмендегі схемадан көруге болады.



Жобалық қызметті ұйымдастыру, графикалық мәдениетін қалыптастыру, технологиялық және техникалық қызмет аймағында сұранысқа сәйкес қолданбалы міндеттерін шеше білуін қалыптастыру технология пәнінің міндеті деп нұсқау хатта көрсетілген.[4]

Жобалау таным әдісі ретінде оқушыларға оқу мен білімнің өмірдегі ролін сезінуге, оқу мен білімді мақсат етуден гөрі құрал етуді ойлау мәдениетін игеруде сарамандық көмек беруі тиіс.[2]

Бұл әдістің негізін салушылардың бірі – профессор Кильпатриктің пікірінше, «Жобаның міндеті жұмыс барысында өзіне практикалық міндеттер қоятын және оны орындай алатын үнемі өзіндік инициатива көтеріп отыратын адамды тәрбиелеу» болып табылады.

Жалпы шығармашылық іс-әрекеттерін зерттей келе, мамандар бұл ұғымға «Шығармашылық-бұл жекелеген мотивациялық құрылым арқылы берілетін ақыл-ой жемісі, ол жеке тұлғаның бойында білім мен ептілік, қызығушылық қабілеттерінің әсерімен айқындалатын қоғамдық маңызды нәтиже... Шығармашылық потенциал әр адамның миында әрбір іс-әрекеттердің формасы ретінде жинақталады» деп тұжырымдады.

Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық, тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез болып саналады. Ендеше, зерттеушілік, ізденушілік – бала табиғатына тән құбылыс. Бұл белсенділік оның жеке дамуына, өзіндік көзқарасының қалыптасуына игі ықпал етеді. Бұл пікірді Абайдың жетінші қара сөзіндегі: «...Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі – ішсем, жесем, кисем» деп тұрады, екіншісі – «көрсем, білсем» деп, ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, «ол неге үйтеді», «бұл неге бүйтеді» деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді...», деген ой-тұжырымы растайды. Жобалау оқыту әдісі бойынша оқушылардан *күтілетін нәтиже* төмендегідей болмақ:

- оқушының бойында рухани – адамгершілік қасиеттер қалыптасады;
- ізденімпаздық, зерттеушілік қабілеттері дамиды;
- ұқыптылық, жинақылыққа, икемділікке дағдыланады;
- жауапкершілікке үйренеді;
- шығармашылық қабілеті дамиды;
- өз елінің ұлттық рухани және материалдық құндылықтарын құрметтей алатын, патриот тұлға болып қалыптасады.

Шығармашылық, ізденушілік кез-келген кәсіппен тікелей байланысты.

Жобаның тақырыбы оқушының мүмкіншілігіне сай, қазіргі күнделікті өмірдегі өзекті мәселелерге байланысты, ал шығарылған қорытынды тәжірибе жүзінде іске асып, адам қажеттілігін қанағаттандырылғандай болуы шарт.

Бұл оқушының бағалы, әрі сапалы жұмыс істеуін, жауапкершілігінің жоғары болуын, өзіне талап қоя алуын, қойған мақсатына жетуін, топтаса жұмыс істеу дағдыларын, шығармашылық қабілетінің артуын қалыптастырады. Шығармашылық жобаны орындау барысында оқушы технология пәнінен алған білімін пайдаланып қана қоймай, басқа пәндерден де алған білімін пайдалана алады.

Жобаның тақырыбын таңдауда әрбір оқушының өзіндік ерекшеліктеріне, олардың бейімділігі мен психофизиологиялық қабілетіне, икемділігі мен қызығушылығына *мән беру* керек.

Баланы ізденушілік, шығармашылыққа баулу, оған зерттеу дағдысы мен білктілігін игертіп, жеке тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету үшін, баланың қабілетін түрлі әрекетте көрсету үшін, *зерттеу жүргізу* керек. Зерттеу жүргізудегі ең маңызды нәрсе проблеманы көре алу болып табылады. Мұғалім оқушының қабілеттілігін жан-жақты зерттемей отырып, оның тәрбиесі мен оқуында *нәтижелі жетістікке* жетуі мүмкін емес.

Оқушылардың жобамен жұмыс істеуге дайындықта, жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыруда төмендегі кілттік құзыреттіліктерді меңгеруі керек:

I. Проблемаларды шешу мен өзіндік менеджмент:

- проблемалық жағдайларды көре алуы;
- қажеттілікті анықтай алуы;
- мақсат қоя білу, оған жету үшін міндеттерді анықтай алуы;
- ақпараттық мәліметтерді жинақтай білу, оның негізгісін анықтай алуы;
- нақты нәтижені анық айқындап көрсете алуы;
- өз мүмкіндігін дұрыс бағалай білуі.

II. Ақпараттық құзыреттілік:

- жоба бойынша ақпараттарды алудың түрлі көздерін білуі;
- әдебиеттер, анықтама құралдар, ғылыми мақалалар мен оқулықтар, түрлі кешендерді пайдалануы;
- әдебиеттерге талдау жасай алуы және қажетті мәліметтерді бөліп алуы;
- интернет байланыстарын пайдалана алуы;
- қажетті ақпаратты тауып, жоба бойынша технологиялық карта құру;
- жоба туралы ақпаратты, оның нәтижесін сауатты түрде ұсыну.

III. Әлеуметтік құзыреттілік:

- топта жұмыс істей отырып, топ мүшелерін тыңдау білуі; өзгенің пікірін құрметтеп, сұрақтарды талдай алуы;
- жоба бойынша серіктесімен қарым-қатынас орнатуы;
- өз ой-пікірін анық, нақты және сауатты жеткізуі;
- өз көзқарасын жеткізіп, пікірталасқа түсе білуі;
- интернет байланыстарымен жұмыс жасау дағдыларын меңгеруі;
- жоба жұмысын ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, презентациясын дайындап, оны қорғауы.

Әдебиеттер

1. Әлімқұлова А.Б. Бастауыш сынып оқушыларының жобалық-зерттеу әрекетін ұйымдастыру [Мәтін]: Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал / Әлімқұлова А.Б. // Бастауыш мектеп: ҚР МАЖБҚМ. – Алматы, 2014 – № 7-8 – Б.6- ISSN 0207-5474.
2. Айтқалиева Г. Мектепке дейінгі ересек бүлдіршіндердің зерттеушілік, жобалаушылық дағдыларын дамыту [Мәтін]: Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал / Г. Айтқалиева // Білім кілті – ҚР БЖАМ. – Алматы, 2014 – № 4(70) – Б. 7-9.
3. Галиева Б.Х. Ғылыми-зерттеу жұмысын жобалау [Текст] / Б.Х. Галиева // Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы. – 2013. – Б. 16-18.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АУЫЗЕКІ ТІЛДЕ СӨЙЛЕУ DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Салимбаева Г.Ш., бастауыш сынып мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Семей қаласы
«№ 21 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Бүгінгі кезде қоғамдық-әлеуметтік қажеттіліктердің бірі – Қазақстан азаматтарының әрқайсысын мемлекеттік тілде қарым-қатынас жасай алу дәрежесіне жеткізу, бастауыш сыныптан бастап оқушылардың ауызекі тілде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және оны жетілдіру, көркем әдеби тіл нормаларын терең игерген жастарды тәрбиелеп шығару. Қашан да білімді ұрпақ – болашағымыздың кепілі. Егеменді еліміздің тағдыры – жас ұрпақтың қолында болса, ал жас ұрпақтың тағдыры – бүгінгі ұстаздардың қолында.

Бастауышта қазақ тілін оқытудағы басты мақсат – оқушылардың сөздік қорын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс оқып, айта білуге, сауатты жазуға, бір-бірімен сөйлесе білуге, оқығанын, көргенін, естігенін қысқаша әңгімелеп бере білуге дағдыландыру, ойын еркін жеткізе алатындай дәрежеге жеткізу, сабаққа деген ынталылығын арттыру, әр тақырыпты олардың санасына жете түсіндіру

Оқу-тәрбие жұмысының негізі – сабақ. Сабақ-оқытудың барлық кезеңінде мұғалім мен баланың бірлесіп істейтін тиімді әдістерінің жүйесі. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, өз бетінше білімін толықтыруға дағдыландыру сияқты жұмыстар сабақ барысында жүзеге асырылады. Оқушылардың тіл байлығын молайту үшін сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, жаңа технологиялардың элементтерін қолдану. Сабақта қолданылатын мәтін мен жаттығулар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуінің маңызы зор. Пәнаралық байланыс болуына, сабақтың өмірмен байланыстылығына мән беру қажет. Оқушылардың ойлау, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайту – әр сабақтың міндеті.

Ауызекі тілде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда грамматикалық ережелерді меңгеріп, оларды түсініп, дұрыс қолдана білудің маңызы өте зор. Бастауышта қазақ тілін үйрену, лексикалық және грамматикалық тақырыпты меңгеру – күрделі жұмыс. Грамматикалық ережелерді дұрыс түсініп, меңгеріп, орынды қолдана білу дағдыларын дамыту мақсатында сурет бойынша сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастыру, әңгімелеу жұмыстарын жүргізу тиімді. Мәтінмен жұмыс істегенде, оқушыларды жаңа сөздермен таныстырып, ойын дұрыс айта білуге, сұрақтар қоя білуге, берілген сұрақты түсініп, нақты жауап беруді үйретуге тырысамын. Мәтінде кездесетін таныс сөздермен, сөз тіркестермен және меңгерілген жаңа сөздермен сөйлем құрастыруға, әңгімелей білуге дағдыландырамын. Әр сыныпта тақырыптар бойынша тест сауалдарын қолданып, жарыс, саяхат, ойын сабақтарын өткіземін.

Жаңа заман сабағы дәстүрлі тақта мен бор арқылы емес, электрондық құралдардың көмегімен, интерактивті тақтамен оқушылардың белсенділіктерін арттыра отырып өткізіледі. Мультимедиялық мәтін жазылған бейне материалдар, слайд, суреттер, сызбалар, кестелер қолдану-оқушылардың ауызекі тілін дамытуға зор септігін тигізеді. Оқушылар күнделікті жүз рет сөзбен айтқан ұғымдарды бір рет көру арқылы естерінде сақтайды. Бастауыш сынып оқушыларының ауызекі сөйлеу тіл байлықтарын ақпараттық қатынастық технология арқылы дамыту оқушының өзіндік білім алу іс-әрекетін компьютерлік бағдарламалық және техникалық жабдықтардың көмегімен іске асырылады.

Ауызекі сөйлеу әдісінің бірі – диалог арқылы дамыту. Диалог құру үшін белгілі бір тақырыпты оқуға байланысты оқушының сөздік қорын дамыту, жаңа сөздер үйретіп, мағынасын ұқтыра отырып, оларды жасайтын формаларды меңгертіп, сөйлем құрауға үйрету, сөз бен сөзді байланыстыруға, ауызша ойларын жүйелі айтуға, әңгімелеуге жаттықтыру керек. Сонда оқушы диалог құру кезінде сауатты сөйлеуге, қазақ тілінің грамматикасын ескере отырып, диалогты дұрыс құруға тырысады. Ауызекі сөйлесу оқушының тілін дамытады.

Диалог – сөйлесудің ең негізгі түрі болып саналады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас амандасудан басталады. Мұғалім сабаққа кіргеннен оқушылармен сөйлесуде болады. Оқушыларға белгілі бір тақырыпта тапсырмалар беру арқылы сұхбаттар құрылады. Диалогтік сөйлесуді естіп-тындаумен біртұтас та, жекелей де пайдалануға болады. Мақсатты ұйымдастырылған жағдаяттар арқылы ауызекі сөйлесуге үйрету оқушыларды қызықтырады.

Диалог – оқушының өзін еркін және жайлы сезінетін ортасы. Жанға жайлы, жағымда көңіл-күй сыйлайтын әңгіме алаңында әрбір оқушы өзін жақсы сезініп, шешіліп сөйлеп, құнды пікірлермен

алмасып, шығармашылық қабілеттерін шыңдай алады. Диалогтік, коммуникативтік атмосфера оқушының жаңа тақырыпты игеруіне себепкер болып қана қоймай, бала бойында жеке тұлғаға тән қасиеттердің қалыптасуына да жағдай жасайды. Диалог – бұл ақиқатты бірлесіп іздейтін жол. Диалог кезінде адам бойында кездесетін сыйластық, жанашырлық, түсінісушілік секілді тамаша қасиеттер қалыптасады. Диалог барысында әрбір оқушы тақырыпты қалай қабылдап отырғандығы көрсете алады, сондай-ақ, басқа балалардың осы тақырыпқа деген мүлдем басқа ой-пікірлері мен тың көзқарастарының бар екендігін көре алады. Диалогтік оқыту ұстаздарға шәкірттерінің білім деңгейінің қандай дәрежеде тұрғандығын бірден байқауға мүмкіндік береді.

Диалог барысында оқушылар сыни ойлауға, қолдағы бар ақпаратты қолдана отырып, нақты жағдаяты талдау арқылы пікірлерді салыстыруға, дұрыс шешім қабылдауға үйренеді. «Диалогтік әдістер» қолданылған сабақтарда оқушылар көбірек ойланып, жиірек сұхбаттасады, ойлау және сөйлеу мәдениеттерін белсенді түрде қалыптастырады. Нәтижесінде оқушылар жаңа білім алады, оны тәжіридбеде қолдануды үйренеді. Топтық жұмыс барысында оқушылар сұхбаттасу кезінде өзін-өзі бағалауға, бірін-бірі бағалауға дағдыланады. Кластер құру тапсырмасы берілген кезде оқушылар арасында диалог қызу түрде жүреді. Зерттеушілік жұмыс барысында топтағы оқушылардың әрбіреуі өз пікірін айтып, класстерді қорғау жоспарын жасайды. Бірігіп жасалған жұмыс нәтижесін көрсететін «оқушы-оқушы» диалогі пайда болады. Оқыту диалогінде бір ғана көшбасшы болады. Ол-мұғалім. Ал оқушылар диалогінде көшбасшылық оқушыдан оқушыға ауысып отырады. Кейде ол мұғалімнен оқушыға да ауысып отыруы мүмкін.

«Диалогтік оқыту» әдіс-тәсілі қолданылған сабақтарда оқушылардың өздерін мүлдем өзгеше ұстағаны байқалды. Олар бір-бірілеріне қысылып-қымтырылмай көп сұрақтар қойып, өздері сирек араласатын сыныптастарынан көмек сұрай алды. Бір-бірімен мүлдем араласпайтын екі оқушының әдебиет сабағында бірігіп постер жасап, оны қалай қорғау керектігін жұп болып талдап отырғанын байқадым.

Диалогтік оқытудың тәсілдерін дамытуда қазақ тілі сабақтарында жетекші, кесімді сұрақ қою арқылы оқушының сындарлы сөйлеуіне ынталандыруға, білімге құштарлығын оятуға, сыни тұрғыда ойлауға ықпал етуге тырысамыз. Оқушылар бір-бірін үйретіп, үйренуге, пікір бөлісіп, оны құрметтей білуге, өздерін және өзгені бағалай білуге, бірімен бірі диалогтік қатынасқа түсуге, бір-біріне сұрақтар қоя білуге, ойын жинақтап, талдауға үйренетіндігін, кез келген жағдайды шешуде мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы және өзгелер арасында серіктестік құру арқылы ой бөлісетіндігін қадағалап басшылыққа алып отыруымыз қажет.

Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу, сұраққа жауап беру оқушылардың білім алуының ажырамас бөлігі деген.

Оқушылардың білім алуда сұраққа ізденуі, зерттеу арқылы жауап беруі, тыңдауы мен сөйлеуі арасында байланыс анағұрлым нәтижелі болатынына көзіміз жетті. Оқушылар шағын топтарда жұмыс жасай отырып, бір-бірімен пікір алмасып, ойларын ортаға салып, баға бере біледі. Оқушы қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы білімдерін шыңдайды. Сонымен қатар диалогтік оқыту әдісі оқушыларды сұрақ қойып, әңгіме жазуға, пікірталас ұйымдастырып, өз ойын дәлелдей білуге машықтандырады.

Диалогтік оқытуды өз тәжірибімізде қолдану арқылы оқушыларды өзіне деген сенімділігін, өз бетінше ізденіп ақпаратты сараптай алуға ұмтылыс жасай бастағандарын байқадық. Оқушылар сабақта берілген тақырыптан тыс ақпарат жинап келіп, оны өз топтарында еркін бөлісуі бастауыш сынып оқушылары үшін үлкен жетістік.

Диалогтік оқыту арқылы сыныпта оқушылар бір - біріне деңгейлік сұрақтар қоюға, олардың жауаптарына өз пікірлерін қоса отырып ақпаратты толықтыруға дағдылана бастады. Себебі оқушы өзін ойландырған сұраққа тек жауап қана алып қоймайды, өзі білетін ақпаратқа қосымша ақпарат алып оны жүйелеу, сараптауға үйренеді. Осындай әдіс-тәсілдер оқушының алған білімін шыңдап, оның есінде ұзақ уақытқа сақталады. Қай кезеңде болмасын ұстаздар өз сабақтарында диалогтік оқыту әдісін қолданып келеді. Бұл әдіс барлық пәндерде қолданылады. Тек қазіргі кезде заманның талабына сай жаңа ақпаратпен оқушы өзінің ізденуі арқылы білімін толықтырып отыруы тиіс. Сонда ғана олардың алған білімдері шыңдалып, ұзақ уақытта естерінде сақталады. Оқушылар бір-бірімен сұхбаттасып, бір-біріне сұрақтар қойып, пікір таласқа түскенде алған жаңа ақпараттары олардың есінде ұзаққа сақталып жүйелініп отыратынын көрсетті.

Диалогтік сөйлеу коммуникативтік оқытудың негізгі ұстанымына сәйкес келеді. Коммуникативтік оқыту жауап алынған жағдайда ғана жүзеге асуы оның ұстанымы болып есептеледі. Ал ауызекі сөйлесу – жауап алу арқылы жүзеге асады. Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық – грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Белсенді сөйлеу әрекетін

ұйымдастыруға жағдаяттың ауызекі сөйлесу мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады. Ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыруда сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын, сөйлем құрастыруды, тұрақты сөз тіркестерін қолдануды, сұрақ қоюдың барлық түрлерін үйрену тиімді. Оқушылардың сөйлеу дағдылары ауызекі сөйлеу жүйесінен, сұраққа қысқа да толық жауап құрастыра алуынан, оқығандарын ауызша да, жазбаша да мазмұндап, беретіндей дағды – машықтарынан, шығарма, хат жазу дағдыларынан құралады. Қазақ тілін оқытуда ең алдымен тәжірибелік мақсат қойылады, оған оқушылардың сөздік қорын байыту, қазақша ауызекі сөйлесуге, сауатты жазуға үйрету, көргендерін, естігендерін әңгімелеп беруге үйрету қажет. Оқушы тілін дамыту үшін әр түрлі әдістер, жұмыстар өткізу керек. Оқушылардың сөйлеу қабілетін дамыту, мәтін бойынша сұхбат құрастыруда, мәтіннің мазмұнын айтқызуда тірек сызбалардың берері көп. Бұл тәсіл жаңа сабақты жылдам түсінуге, есте сақтауға көмектеседі. Тірек-сызба сұхбат құрғыза отырып, оқушылардың қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға, сөйлем құрастыруға мүмкіндік береді. Грамматикалық материалды және лексикалық тақырыптарды оқытуда тірек-сызбалардың қолданылуы тілді дамытуға, сөздік қорды молайтуға, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, ойлау қабілетін дамытуға, ойын қазақша жеткізе білуге жаттықтырады. Тірек-сызбалар арқылы оқушылар кез келген тақырыпқа әңгіме құрастырып, өз ойларын оңай жеткізеді, ауызша тіл дамытып, сөздік қорын молайтып, ауызекі сөйлеуге дағдыланады. Тірек-сызба арқылы сұрақ-жауап әдісі бойынша оқушыларға тақырыпқа байланысты сұрақтар қойып, жауап аламын. Балалар тірек сөздер берілген сызбаны пайдалана отырып әңгіме құрастырады.

Мұғалім әр сабақта оқушыға жағдай жасап түрлі технологияларды жүйелі қолданып, оларды шығармашылықпен пайдалана білсе, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады, қазақ тіліне қызығушылық артады, ауызекі сөйлеу дамиды.

Әдебиеттер

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. – Екінші (негізгі) деңгей, 4 б.
2. Жүнісханов Қ.М., Дзюбина А.В. Қазақ тілін оқыту жүйесіндегі ақпараттық білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

ҒТАХР: 14.01.29

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОҚЫТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Салимгүжинова Г.А., бастауыш сынып мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
«№ 21 жалпы орта білім беретін мектеп»

Жаратылыстану» пәнін оқытуда қолданылатын оқыту стратегиялары мен әдістері:

- талдау-жинақтау;
- проблемалық жағдаят жасау;
- оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауын қалыптастыру;
- ойын және зерттеу әдістері;
- тәжірибелік, шығармашылық оқу әрекеттері (түрлі шығармашылық жұмыстар жасау);
- оқушылардың білімін жүйелілікпен мониторингілеу;
- ізденуді және қосымша материалдар қолдануды керек ететін тапсырмаларды орындату;
- оқушыларды зерттеушілік әрекетке және зерттеушілікке негізделген белсенді оқуға ынталандыру;
- оқушыларға алдын ала берілетін түрлі стильдегі жазба мәтіндердің үлгісін қолдану (мұғалім алдын ала модельдер мен үлгілер береді). Басты назар білімге емес, сол білімді қолдану біліктілігіне аударылады. Оқушылардың білім алу барысындағы табыстылығы мен алдағы қадамдарын анықтау үшін оқытудың нақты мақсаттары мен табыс критерийлерін алдын ала белгілеу керек.

«Қосу – алу – қызықты, Айналмалы бекеттер, Шеңберлік дөңгелеу» стратегиялары. «Қосу-алу-қызықты» стратегиясымен сабақты бекітуге болады. Әрі осы стратегияның негізінде оқушыларды бағалауға, рефлексия жүргізуге болады. Бұл стратегия негізінде бағаланған оқушы, шынайы бағаланады.

«Айналмалы бекеттер» стратегия бойынша оқушылардың білімдері бір-бірінің көмегімен толығыады, яғни оқушылар бір- бірін дамытады. Бұл стратегияны жаңа сабақ өткенде қолдануға болады.

«Шеңберлік дөңгелеу» стратегиясымен сұрақтар қою арқылы сабақты бекітуге болады.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту модулінен «кубизм», «миға шабуыл», «әңгімелеу» әдісінің диалогтік қатынас түрін қолданатынынмын.

ЖИГСО әдісін қолданғанда әр топ мүшесі басқа топтың ішіне кірігіп, сол топтың ақпаратын тобына әкеледі. Осы кезде оқушыларда даму, ұйымшылдық қалыптасады.

Сыни тұрғысынан ойлау модулі бойынша «миға шабуыл» стратегиясын қолданған өте тиімді. Бұл әдіс бойынша оқушыларда топпен жұмыс істеу арқылы, көшбасшылық пайда болады.

Бағалау модулі бойынша, бағалаудың формативті бағалау түрі оқушыларды ынталандырады. Оқушыларымының жас ерекшелігіне сәйкес, сабағымда жетондарды көп қолданатынынмын, тек оның формативті бағалау түрі екендігін білмеппін. Енді тек жетон емес, жест, смайлик түрінде, фигуралар арқылы бағалайтын боламын.

Бағалау – ең қызықты да, күрделі модуль.

«Қосу-алу – қызықты» стратегиясының негізінде де бағалауға болады. Оқушының дұрыс жауабына «қосу», аздаған қатесі бар жауапқа «алу», қосымша ақпараттық жауапқа «қызықты» смайлигін қойса, оқушының ынтасы артады – бұл бір, екіншіден оқушы шынайы бағаланады.

Демонстрациялық эксперименттің әдістері:

1. Тәжірибенің мақсатын қою қажет, яғни эксперимент не үшін өткізіледі, экспериментті бақылау нәтижесінде нені түсіну қажет;

-тәжірибе жүргізілетін құрылғыны суреттеу, тәжірибе шартын және реактивтерге сипаттама беру керек.

Зертханалық тәжірибелер – мұғалімнің бақылауымен оқушылар өз бетінше орындайтын жұмыс түрі. Зертханалық тәжірибелер жаңа материалды толық ұғыну үшін және нақты, дәлелді білім алу үшін сабақтың кез-келген ыңғайлы бөлігінде жасалатын тәжірибе түрі.

Зертханалық тәжірибелер сабақтың барлық бөлігін алмайды, тек белгілі бір бөлігінде ғана жасалады, яғни тәжірибені қай уақытта жасау ыңғайлы екенін мұғалім өзі алдын-ала ойластырып шешеді.

Зертханалық тәжірибелер, теориялық ұғымдар, ережелер және кейбір түсініктерді нақтылау үшін заттардың физикалық және химиялық қасиеттерімен танысу, физика – химиялық құбылыстарды бақылау және тағы сол сияқты жұмыстарды қамтиды.

Ақыт шеңбері әдісі: идеялар, тәжірибелер және ойлармен бөлісу. Өзіндік түсінгенін жолдасына түсіндіру және топта сұрақтар қойып отыру. Ұйымдастыру: барлық орындықта отырған жерінде немесе шеңбер құрып тұрып орындайды. Сөйлеушінің қолында ғана ұстайтын зат бар (Мысалы, доп). Уақыт шеңберіндегі ең маңызды ереже – талқылауға барлығы түгелдей қатысулары керек, тек біреу ғана сөйлеу керек – әңгіме тақырыбы ережелердің сақталуына мүмкіндік туғызуы керек, егер сіз бір тақырып аясында сөйлегіңіз келмесе, «сөзіңізді» басқаға бересіз, ешқандай қатты ескертулер болмауы керек. Бұл әдісте мен өз сабақтарымда жаңа тақырыптың алдында бұрынғы білімін еске түсіру мақсатында немесе жаңа сабақ соңында білімдерін қайта тиянақтап шығуы үшін қолданып жүрмін. Ойын ережесі Қар кесегіне ұқсас жүргізіледі.

«Сұрақты тап» әдісі. Әдістің тиімділігі сол, оқушылар талқылаумен қатар, берілген бірнеше жауаптарға сұрақтар құрастырады. Балалар ойланады, талдайды, бірлесіп жұмыс жасайды.

«КТМҚ» стратегиясы. Бұл стратегия жаңа сабақты ашуға, анықтаманы өздері шығаруға өте тиімді әдістің бірі.

I. Менің ойыма бұл жерде

II. Себебі.....

III. Мен мына мысалдар арқылы дәлелдей аламын

IV. Осыдан келіп шығатын қорытынды

Джиксо әдісі: Сұрақтар топтамасы мен жұмыс істеудің құрылымдалған тәсілі және топта жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Джиксо әдісінің артықшылығы – топта жұмыс істеуге арналған құрылым ұсынып, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететіндігі.

Оқушыларды сынып бойынша үш-төрттен топтарға бөліңіз. Құрылған әр топқа дәстүрлі тапсырма беріңіз(оқулықтан беруге болады). Тапсырманы үлестірме материалдар түрінде таратсаңыз оқушыларға тың мәлімет қызығушылығын жоғарылата түседі.

Күрделілігі бойынша оқуға арналған материалдың тиісті күрделілік деңгейі сақталуы керек. Егер топ төрт адамнан тұратын болса, басты тапсырманың ішінде топтың әр мүшесіне бір сұрақтан төрт сұрақ немесе тапсырма болады. Сұрақтар немесе тапсырмалар топ ішінде оқушылардың өзара келісуі арқылы бөлінеді. Нақты бір сұрақ төңірегінде жүреді. Сарапшы топ деп аталатын жаңа топ құрылып, ортақ проблеманың шешімін табу үшін олар бірлесіп жұмыс істейді. Тапсырманы орындаудың бұл кезеңінің соңына қарай оқушы өзге «сарапшылармен» өзара қарым – қатынас жасап, мәселені талқылаудың арқасында өз сұрағы бойынша сарапшы болып қалыптасады. Оқушылар бастапқы топтарына қайтіп оралады. Материалдар таратылады да, бастапқы топтарға қорытынды тапсырма беріледі. Ол ұжымдық қорытынды шығару немесе жеке тапсырма болуы мүмкін. Бұл тапсырманың көздегені: тапсырманы сәтті аяқтау үшін оқушылар әрқайсысының сарапшы топта болған кезде алған мәліметтерін еске түсіріп, өз тобының мүшелеріне бірлескен оқу арқылы түсіндіруді қамтамасыз ету.

Ақылдың алды қалпағы әдісі: мәселені барынша мұқият талқылап, баланың жалпы ойлау қабілеттерін жетілдіру үшін ойдың сананың түрлі аспектілерін жандандыру мақсатында қолданылатын әдіс. Ақылдың алты қалпағы – Едвард де Боно әзірлеген әдістемесі, ол әртүрлі шешімдердің ішінен ойды бір мәселе төңірегінде шоғырландыруға мүмкіндік беретін қатарласып ойлау үдерісі болып табылады. Алты қалпақтың әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді. Оқушыларға қалпақ беріледі де (алты түске боялған қалпақ), олардан белгілі бір тақырып аясында, бірақ әр түрлі көзқараспен қалпақ түсіне сәйкес талқылау ұйымдастырылады. Сынып топтарға бөлініп, бір топқа бір түсті қалпақ беріледі. Мұғалім әңгімені жүргізеді. Аквариум әдісі арқылы тақырыпқа тапсырмалар пайдалану. Мысалы, тақырып саңырауқұлақтардың жалпы сипаттамасы. Оқушыларға тақырып төңірегінде тапсырма таратылады, тапсырманы топ ішінде отырғызып, топпен талқылату. Топ ішінен бір сарапшыны тағайындап, басқа топтарға түсіндіреді, қайтадан өз топтарына барып, түсінгендерін түсіндіреді. Ортаға шығып, шеңбер жасап, ортаға тапсырмаларын түсіндіреді. Оқушылардың мұндағы мақсаты, берілген тапсырманы өздері талқылап, өз ой- пікірлерімен санаса білуі, топпен жұмыс жасауы.

Әдебиеттер

1. ҚР Президентінің 2014 жылы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы.
2. Жонтаева Ж. «Оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту» \\\ Білімді ел \\\ 16, тамыз, 2016ж. № 15.52.
3. Жаратылыстану. 1-сынып. Оқулық. / С.Н. Кузнецова, Ә.Қ. Жамиева, Д.Н. Сапақов, И.Н. Васева, М.Қ. Құсайынова, М.Қ. Тасболатова – Астана: «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДДБҰ, 2016.
4. Елбасы жолдауы. 2016 ж.
5. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, екінші басылым, 2015 ж.
6. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде мектептердегі «Жаратылыстану» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы\\\ екінші басылым, 2016 ж.
7. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, екінші басылым, 2015 ж.
8. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
9. Қазақстан Республикасындағы 12-жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы, 2006.
10. Ахметов С. Бастауыш сыныпта білім берудің тиімділігін арттырудың жолдары, Алматы,

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОЛӨНЕРГЕ ТӨСЕЛДІРУ

Сапақбаева К.Б., көркем еңбек пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Семей қ.
«№ 21 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Оқушыларға қолөнерді үйретудегі оқытуға дайындау әдістемесі арқылы мектеп оқушыларының көркемдік білім алуына эстетикалық тәрбиесінде ұтымдылығын зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Мектеп оқушыларына қолөнер бұйымдарын дайындау оқу үдерісін мақсатты түрде ұйымдастыру, өз бетінше жұмыс жасай алатын шебер дайындау міндетіне бағындыру, үйрету ісінде оқушыларға өзін-өзі бақылай алу және өз жұмысын өзі ұйымдастыра алу деңгейін арттыратын белсенді білім беру мен тәрбиелеу формаларымен байытуды қажет етеді. Оқушыларды қолөнерге дайындау әдістемесі-оқыту мазмұнын жоспарлау, оқыту үдерісін басқаруды жоспарлау, оқыту нәтижесін бақылау, оқыту әдістерін жобалау, білім беру жобасы, білім беру әдістерін классификациялау т.б. ұғымдарын біріктіреді.

Өнер мен білім беру ісін бір-бірімен ұштастырып, бала санасына ұялатуда үлкен жүрек, мол іждағат, мейірімділікпен қоса, кәсіби дарын ізденімпаздық, іскерлік керек екендігін баса айтуымыз керек. Мектепте көркем еңбек сабағын халықтық педагогикамен ұштастырудың маңызы зор. Еңбек оқушылардың ең бірінші өмірлік қажетіне айналу үшін, еңбек ету талабын адамның бойында тәрбиелеудің зор маңызы бар. Бұл міндет – адам өзі ынта қойған еңбекпен шұғылданып, оның бейімделігімен мүддесіне сай келетін және адамгершілік қанағат беретін іспен шұғылданған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Сондықтан да бұл міндеттерді шешу еңбекті дұрыс тандап алумен аса тығыз байланысты. Еңбекке тек шығармашылықпен қарау ғана, тек жасау мен материалдық игілік алудың құралынан, ортақ рухани және ең алдымен, адамның адамгершілік дамуының құралына айналдыра алады.

Көркем еңбек сабағы – мектеп оқушыларын рухани байытып, дүниетанымын қалыптастыратын пәндердің бірі. Көркем еңбек пәнінде ұлттық қолөнерді, тәрбиені үйрету арқылы мынадай дағдыларды немесе іскерлікті қалыптастырамыз:

- еңбекқорлыққа;
- ұлтжандылыққа;
- рухани мәдениетке;
- іскерлікке;
- шыдамдылыққа;
- ізденімпаздылыққа.

Оқушыларды еңбек қызметіне іс жүзінде даярлау міндетінің де маңызы бұдан кем емес, өйткені адам белгілі бір еңбек дағдыларына ие бола отырып, еңбек ете алмайды, әрі бұдан басқа еңбек үрдісінде ғана, оқушыларды мектептегі сарамандық еңбек қызметіне тарту жолымен еңбекке қатынастық негізін қалауға болады. Халық қолөнерінің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға сай лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды ілгері дамыта беруіміз керек. Халық өнерін оқып, оны өмірмен ұштастыра білген адамның жан дүниесі кеңейеді, ой алғырлығы артады, шеберлігі кемелденеді. Ол адамның мәдени, рухани және шығармашылық дәрежелерінің көрсеткіші ретінде адамның күш-қуатының даму үрдісін іске асырады, кісіні сауаттылыққа жетелейді. Сондықтан сол өнерді келешек ұрпаққа жеткізіп түсіндіре дамыта білуді негізгі мәселе деп қараймыз. Оқушыларға өздері оқып үйренетін ғылым негіздерінің іс жүзіндегі маңыздылығын көрсетіп, олардың бойында машықтанып алған білімдерін қолдану дағдыларын жасаудың маңызы зор. Сонымен бірге, оқушы өзін қоршаған ортаның, дүниенің, салт-дәстүріміздің, қолөнеріміздің адам айтқысыз қымбат, замандар бойы тарих жасап қалдырған асыл мұра екенін жете түсінуі керек. Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасқан өміршең өнер. Адамзат дамуының қайсысында болмасын, қоғаммен бірге дамыған қолөнер әр дәуірге өзінің өшпес ізін қалдырып, әлеуметтік көркем жағынан дәуір тынысын қалт жібермей әсерін тигізіп отырған. Қолөнер дүниежүзінің барлық халқына тән. Бұл – халық қазынасы, ғасырлар мұрасы. Соған орай әр елдің, әр халықтың тарихи дамуына байланысты қолөнері өзіндік ерекшелігі мен эстетикалық талғамына байланысты қолөнері өзіндік ерекшелігімен халық өміріне өшпес із қалдырып отырған. Халқымыздың қолөнерінен туған асыл мұраларын әр оқушыға

саналы түрде жеткізуге, оның сырын ұқтыруға, түсіндіруге, терең зерттеуге, одан әсер алуға, қазіргі заман талабына сай көркем шығармашылықпен дамытуға тиістіміз.

Қазақ халқының сәндік – қолданбалы өнері ғасырлар бойы еліміздің тарихымен бірге дамып келе жатқан асыл мұра. Қазіргі қоғамымызда рухани бай, терең білімді сәндікқолданбалы өнер туындыларын, әсіресе, көнеден келе жатқан асыл қазыналарды бағалап, зерттей білетін, оны ары қарай жалғастыра отырып, әлем мәдениеті деңгейіне көтеретін, халық мұрасын дамытатын, танымдық белсенділігі жоғары балаларды тәрбиелеп шығару – мектептің міндеті. Жас ұрпақтың оқуға, өнерді тани білуге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі танымдық белсенділік деп аталады. Баланың өнерді үйренуіне негізгі түрткінің бірі – қызығу. Ұлттық қолөнерінің жемісті болуы, ең алдымен, баланың өнерге қызығушылығынан туындайды. Егер оқушы өзі өнерге талпынбаса, оны мәжбүрлеп үйрету мүмкін емес. Қызығуды туғызу үшін оқушыларға берілетін білімнің мақсаты мен қажетін түсіндіріп, оларға нақты өнердің сатыларын үйрету керек. Үйренуге, оқуға, білуге деген қызығушылық – танымдық белсенділіктің қозғаушысы. Әрбір ұрпақты жеке тұлға етіп тәрбиелеу үшін білім мен білігіне сай келетін оқыту бағдарламасын таңдай отырып, олардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту керек.

Мұғалімнің негізгі мақсаты – оқушыларға өз бетінше танымдылық әрекет әдістері мен дағдыларын меңгерту, ақыл-ой қабілетін жетілдіру. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін мұғалім төмендегі міндеттерді шешу қажет:

- өнердің арнайы ерекшеліктерін ескеру;
- жас ұрпақтың ұлттық қолданбалы өнерге деген эстетикалық қызығушылығын дамыту;
- имандылыққа, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу бағыттарын жүзеге асыру;
- оқыту барысында жүйелік пен бірізділікті ұстану; – оқушының жас ерекшеліктерін ескеру;

Оқу тәрбие жұмысындағы нәтижеліктің басты белгілері мұғалімнің жеке басының білімділігі, шеберлігі, өмір танымы, өз пәніне шәкірттерін иландырып, қызықтыра білуінде. Қазіргі таңда ұлттық ерекшеліктермен жасалған бұйымдарға сұраныстың артуы оқушыларды қазақ халқының кәсіптік қолөнер бұйымдарын дайындай білу іскерлігіне баулу қажеттігін тудырады. Бұл мәселені шешудегі негізгі себеп оқушы жастарды жаңа экономикалық жағдайда еңбек етуге өз бағыт-бағдарын анықтауға мүмкіндіктерін іске асыруға даярлау. Әр елдің тарихының көркемдік бейнесі сол ұлттың қолөнері деп айтуға болады. Халқымыздың қолөнеріне оқушыларды баулып, оларды белгілі бір өнерге үйрету керек. Негізгі мақсат оқушыларды өнерге үйрету ғана емес, одан өнер туындыларын жасауға баулу. Қазіргі кезде күнделікті тұрмыста қолданылатын кейбір заттарды техниканың көмегімен қолмен жасауға болады. Қолмен жасау ерекше жабдықты, арнаулы орынды, белгілі мезгілді керек етпейтін қарапайым, әрі тиімді еңбек түрі. Мысалы: кілем, шілтер, кесте, бисермен тоқу, т.б. Мектепте сәндік-қолданбалы өнер үйірмесінің, студиялардың құрылып, әрекет етуі маңызды саналады. Себебі, ол ұлттық өнер түрлерін кең көлемде үйретеді. Сабақтан тыс уақытта оқушыларға өнер студияларында сәндікқолданбалы өнер туралы білім беріледі, оқушылар әртүрлі өнер түрлерімен танысады. Атап айтқанда: -шілтер, жастықты тоқу, кілеммен тоқу, қуыршақ тоқу. –шәлі, мойынорауыш, шұлық, қолғап, т.б. бұйымдарды сыммен тоқу. -мата бояу-батик. – табиғи материалдармен жұмыс, қайыс, былғарымен әртүрлі панно жасау және т.б.

Студиялық сабақ мақсаты – оқушылардың өнерге қызығушылығын арттыру, әр бұйымға қойылған эстетикалық талғамын жоғарылату, ол бұйымдарды қазіргі тұрмыста пайдалана білуге тәрбиелеу. Шығармашылық жұмыс жасарда, оқушы алдына мақсат қойып жоспар жасайды. Жұмыс әдісінің ерекшелігін, алуан түрлілігін, оқушылар қызығушылық таныта отырып меңгергенін көпшілікке дәріптеу мақсатында теледидардан көріп, шығармашылық жұмыстарын көрмелерге, жәрмеңкелерге дайындау, сабақтың тартымдылығын арттырып, оның қызықты да нәтижелі өтуіне ықпал етеді. Мысалы, гүл вазаларының астына қоятын шілтер, ыстық тағам ұстайтын тұтқыш, шәйнек астына қоятын дөңгелек, сыйлықтық қоржын т.б.

Үнемі өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді толассыз дамытуды талап етеді. Осы тұрғыдан сәндік қолданбалы өнерді жан-жақты игеру, оны түсіну жаңа педагогикалық технология бойынша оқушылардың білім мен сапасын арттыруға, ойсапасының дамуына мүмкіндік жасайды. Бүгінгі егемен еліміздің іргетасын нығайтып, келер ғасырға жалғастыратын, көкірегі ояу, саналы, арманшыл жастар екені даусыз. Тарихтың асыл қазынасын оқып үйренуде, халықтың мәдени мұрасын қадірлеп, дәстүрін жалғастыра білуде дана халқымыздың қолөнер үйренуде шығармашылық қабілеттерін дамытуды қажет етеді. Қазіргі заман интерьері қолөнер шығармашылығы саласынан білімділікті, бейімділікті, кәсіпкерлік шеберлікті, үлкен бір шығармашылықты, өзіндік стильді талап етеді. Заман талабына сай мектепте көнеден келе жатқан сәндік-қолданбалы өнеріне үйрету бүгінгі таңда үлкен мәселенің бірі болып отыр

Практикалық немесе оқушылардың өзіндік жұмыстарында:

- оқушылар және жеткіншектермен оқу-тәрбие жұмысын жүргізуде бақылау, талдау шеберліктерін игерту;
- оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқутәрбие жұмысын жоспарлауды үйрету;
- әр алуан типті сабақтарды әртүрлі әдістерді қолдану арқылы оқушылардың танымдық қызметін дамытуға арналған сабақтар өткізуге дайындау;
- ұжым оқушылармен сынып жетекшісі функцияларын тиянақты орындауға, оқушылармен жеке оқу-тәрбие жұмысын жүргізуді үйрету;
- педагогикалық қызметке шығармашылықпен, зерттеушілікпен келуін дамыту, өз еңбектерін талдау дағдыларын дамыту, өз білімдерін жетілдіру қажеттігін дамыту.

Біріншіден, оқушыларды білімділікке емес, алған білімін өмірдегі кездесетін жағдайларды шешуде пайдалана алатындай етіп дайындау, оның функционалдық сауатының қажетті деңгейде болуына басымдық берілуі керек. Екіншіден, жаңа технология ретінде сабақ үрдісінде оқушылардың өзара белсенділігін арттыру (интерактивті) әдісін жетілдіре және оның формаларын түрлендіре отырып, мұғалімдер арасына тарату, педагогикалық жүйедегі жұмыстарды іске асыруда тыңғылықты жүргізу керек деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. Адамқұлов Н.М. Қолөнер бұйымдарын жобалау негіздері. – А., 2007.
2. Нурке М.С. Жүн бұйымдарының технологиясы. – Алматы, 2007.
3. Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. – Алматы: Өнер, 1996.

ҒТАХР: 43.01.05

ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тайгельдинова А.С., бастауыш сынып мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы,
Текелі қаласы «№ 4 орта мектеп МДШО» КММ

Білім берудің мақсаты – қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Оны жүзеге асыру – білім беру мекемелерінде жеке тұлғаның танымдық белсенділігін арттыруға септігін тигізетін оқу процесін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді.

Оқушылардың өз бетінше ізденісі мен жеке пайымдаулар жасап, өз пікірі мен ойын айтуға бағытталған тапсырмалар ұсынып, топта бірлесе отырып жұмыс істеу арқылы ортақ пікірлерін ортаға салуға мүмкіндік туғызу қажет. Аталған жұмыстар барысында оқушылардың мәтінді оқып, таныс емес сөздерге мән беріп, аударып, бір-біріне кеңес беріп, одан нәтиже шығарады. Ең бастысы сабақ үдерісінде оқушыларға ой тастап, тақырыпты талдауға, дәлелдеуге, жауаптарын салыстыруға мүмкіндік туғызу қажет. Оқушыларға суреттерді таратып, суреттегі бейнені жұптық әңгіме жүргізу оқушылардың қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді. Жұптық әңгіме кезінде оқушылар түрлі идеяларды ортаға салады.

Білім беру мекемелерінің алдына қойып отырған мақсаты – инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында жеке тұлғаға жүйелі, нақты білім беру.

Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану оқу процесін сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негіз болып, әрбір білім мекемесінде өзіндік даму жолын табуға, әрбір мұғалімге өзінің әдістемелік жүйесін құруға септігін тигізеді. Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын оқу орындарының практикасына белсенді түрде ендіру – қоғам талабы.

Мектеп жасындағы оқушылардың негізгі ерекшелігі-білімді қызығушылықпен алуы. Ол үшін оқу үрдісін бала талпынатындай және қызығатындай ұйымдастыру керек. Алдына қойған мақсатқа

жету үшін мұғалім кез келген педагогикалық тәсілді таңдауға ерікті. Білім беруде тиімді нәтижеге жету үшін оқыту әдістері мен құралдарын іріктеу, оқу үрдісін құру – мұғалім құзырындағы іс.

Құзіретті мұғалім – бұл қай кезде де, ең алдымен, кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа тәсілдерін оқыту үдерісіне ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі.

Мұғалімдер оқушы дамуына көп мән беруді және осыған сәйкес оқу үрдісін құруды ойластырады. Жаңартылған бағдарлама бойынша сабақтар қазақ тілі мен әдебиет пәндерін оқытудағы бірқатар нақты «проблемаларды» шешуге бағытталған. Соған қарамастан, белсенді оқудың 204 көптеген әдістерін (мысалы, белсенді оқу, пікірталастар, рөлдік ойындар) бірнеше пәнді оқытуда қолдануға болады. Мұғалімдерге өз білімін нақты бір тақырыптың аясында қалай қолданатынын талқылауға мүмкіндік берілуі керек.

Оқушыларда сенімділік артқан сайын, олар жұмыс істеуінде жылдамдықтың, нақтылықтың көріне бастағандығын сөзсіз. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі. Оқушының өз болмысын тануға көмектесіп, қабілетін ояту, жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін, шығармашылық қабілеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Мұнда басты назар аударатын нәрсе – оқушылардың ауызша, жазбаша тілдерінің өзара ұштастырыла отырып және соған сәйкес жұмыстың ауызша, жазбаша түрде көрініс табуларын талап ету. Соның негізінде ғана тіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл жас жеткіншекті тәрбиелеуге болады.

Оқушыларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту-бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен мақсат-өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс- әрекетке қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықтарды шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшағандығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Мұғалімдер жаңартылған оқу бағдарламасының құрылымын, мақсат-міндеттерімен таныса отырып, оқушылармен үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлауға, зерттеу жұмыстарын жүргізуге, тәжірибе жасауға, АКТ-ны қолдануға, коммуникативті қарым-қатынасқа түсуге, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білуге, функционалды сауаттылыққа, шығармашылықты қолдана білуге және оны тиімді жүзеге асыру үшін тиімді оқыту әдіс-тәсілдермен (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) біліктілікті арттыру курсы барысында мұғалімдер толық меңгереді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды ықшамсабақтарды құрастыру барысында мұғалімдердің өздері көз жеткізді. Сабақты жоспарлағанда оқушыларда сыни ойлауын дамытатын сұрақтар немесе деңгейлік, кеңейтілген, құзырлылық тапсырмалардың сабақта болуын мұғалім есінен шығармауы керек. Сабақтың барысында оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін, соның ішінде ұтқырлық, сынаржақтылықтың болмауы, пайым, тәртіп, өзіндік сана-сезім секілді ерекшеліктерге мән бере отырып сабақ барысында әрдайым оқушылардың белсенді болуға, дәлелдерді талдай алуға, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегияларды қолдана алуына мүмкіндіктер мен жағдай жасау қамтамасыз етілді.

Сыни тұрғыдан ойлау екі мағынада қарастырылады: оқушылардың және мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Сыни тұрғыдан ойлау-бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады. Сыни тұрғыдан ойлау, көбінесе, қарсы пікір айтуға баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді. Мұғалімнің сабақты ерекше, жаңа бағдарламаға сай өткізуі оқушылардың еркін сөйлеп, ойларын ашық жеткізуге, сыншыл көзқараспен ойлауға мүмкіндік береді. Бұл әрине қазіргі қоғам мен мектептің басты талабы. Осы талаптарды әрі қарай дамыту әр мұғалімнің парызы.

Оқушылар күнделікті сабақтан, бүгінгі сабақтардың айырмашылығы; топтық, жұптық және жеке жұмыстардың нәтижесінде өздігінен бағалау, өз ізденістерінің арқасында бұрын мұғалімнің

түсіндіргенінен өз бетінше ізденудің нәтижесінде өз білімдерінде өзгеріс болғандығын байқайды. Оқытудың әр сатысында мұғалім мен оқушының іс-әрекеті бір-бірімен үйлесімін табуы керек.

Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі. Тілдерді оқыту барысында сөйлеу қызметінің - тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым төрт дағдысын дамытуға арналған коммуникативтік тәсіл күшейтілетін болады.

Бағалаудың критериалдық жүйесі мұғалімге оқушының білімін, ептілігін және дағдысын анықтап қана қоймай, сонымен қатар оларды оқушының функционалдық сауаттылығымен байланыстырып қарауға мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет екеніне көз жеткізеді. Мұғалімдер критериалды бағалау бойынша мысалы, қалыптастырушы бағалауға тапсырма жасаған кезде, оқу мақсаты /сабақтың мақсатындағы етістікті блум таксономиясының қай сатысы екенін анықтап алады. Яғни, ойлау дағдыларының деңгейін сәйкестендіреді. Оқу мақсаттарын ойлау дағдыларының деңгейімен және бағалау критерийлерімен сәйкестендіреді.

Оқу мақсаты - дегеніміз оқу бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқушының оқу барысында меңгерген білім, түсінік, дағды жетістіктерінің күтілетін нәтижесі арқылы қалыптасқан тұжырым. Мұғалім оқушыларға берілетін тапсырма Блум таксономиясы бойынша сол ойлау деңгейінен асып кетпеуіне назар аударады. Қолдану болса тапсырмада одан жоғарғы талдау, жинақтау, бағалау бойынша тапсырмалар берілмейтінін ескереді. Блум таксономиясы оқыту нәтижелерін жазу үшін жиі қолданылады, ол дайын құрылыммен және етістіктер тізімімен қамтамасыз етеді.

Педагогикалық шеберлік – бұл мұғалімнің кіріктірілген қасиеті, өйткені ол өзінің құрамына өзара тәуелді, тығыз байланысты бірліктерді, яғни білім, іскерлік, қабілет пен қасиеттерді қамтиды. Әрине, педагогикалық шеберлік күрделі құрылым болғандықтан, оның мәнін ашуды, оны түсінуге деген әр түрлі көзқарас тұрғылары қалыптасқан. Білім мазмұнын жаңартуда мұғалімнің шығармашылық қабілеті, жаңашылдық әрекеттері, біліктілігі де ерекше орын алады.

Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнына, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізу деген ұғымды танытады. Жаңашылдық адамдардың кәсіптік қызметінің бәріне тән болғандықтан ол зерттеу мен талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанына айналған.

Жаңашылдық өздігінен пайда болмайтындығын білеміз, сондықтан ол ғылыми ізденістің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның әрекетінің нәтижесі ретінде басқаруды қажет етеді. Инновация ұғымы көпшілік жағдайда техникалық өндіріске қатысты қолданылып келгенімен, кейінгі жылдары педагогикалық әдебиеттермен білім беру тәжірибесінде кеңінен көрініс тауып отыр.

Оқытуды әлемдік тәжірибеге негіздеп ұйымдастыру мұғалімнен біліктілікті талап етеді. Инновация мәселелерін өз еңбектерінің арқауы етіп жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектерін, жазған анықтамаларын қарастыра отырып, талдай келе, бұл ұғымның белгілі уақыт арасында жаңашыл идеяны қайта қарау, жаңалау деп айтқанды жөн көрдік. Сәл ертерек кездің өзінде белгілі қолданып жүрген идеялар жаңа бағытта ұсынылса, мұның өзі инновациялы деп аталған. Осыларды негізге ала отырып, инновацияны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» ретінде ұғынатын боламыз.

Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез-келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, педагог үшін тапқан әдіс, жаңалық басқа педагог үшін өтілген материал тәрізді. Сапалы оқыту білім алуға мүмкіндік беретін нақты жағдайлармен қатар, сол жағдайлардың өзімен тығыз байланыста болады. Құзырлы мұғалім оқушыларға, ортаға және ресурстарға лайықтап және нақты кезеңде қолданылуы тиімді оқыту элементтерін «реттеп» отырады. Расында, оқытудың сапалы және табысты болуы белгілі бір деңгейде мұғалімнің кәсіби дамуында білім мазмұнын жаңарту негізі екенін анықтап береді.

Сапалы оқыту білім алуға мүмкіндік беретін нақты жағдайларды жасаумен қатар, сол жағдайлардың өзімен тығыз байланысты болады. Жаңашылдық Әлемге белгілі педагогикалық пікірлерді ұлттық педагогикалармен салыстыру және екеуін ұштастыру ХХІ ғасыр мұғалімінен күтілетін талаптардың бірі. Сондықтан мұғалім тек білімді емес, білікті болуы абзал. Шульман атаған Бас, Қол, Жүрек «үш көмекші» қасиеттер болған жағдайда ғана оқыту жақсы болып саналады дейді.

Ал, данышпан ұлы Абай: «Адамның үш-ақ нәрсе қасиеті: нұрлы ақыл, ыстық қайрат және жылы жүрек» – дейді.

Абай және Шульман айтқан үш көмекші бүгінгі мұғалімнен ғана емес, барша ұрпақ бойынан табылатындай етіп тәрбиелейді.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы-оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білуі. Осы орайда, жаңашыл педагогтар педагогикалық технологияларды түрлендіріп пайдалана отырып бала жүрегіне жол таба білу, қабілетін оятып, сындарлы ойлау дағдысын қалыптастыра алуы, зерттеушілікке бағыттай отырып саналы азамат тәрбиелеу мұғалімге жүктелген қасиетті іс.

Сауаттылыққа үйретуде балаға әріп таныту мен дыбыстарды ажыратуды меңгерту, тілдің жазба түрі мен ауызша түрінің арасындағы айырмашылықтар мен күрделі байланысты игерту үшін мұғалімге ерекше дайындықты және үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр. Сондықтан қазіргі мұғалім аталған талап – мақсаттарға сай болуы керек.

Әдебиеттер

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. – Екінші (негізгі) деңгей, 4 б.
2. Жүнісханов Қ.М., Дзюбина А.В. Қазақ тілін оқыту жүйесіндегі ақпараттық білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 2 қарашадағы № 423 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 77-78, 1130-құжат).

МРНТИ: 16.01.45

РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ У УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ЧЕРЕЗ ЧТЕНИЕ И ПИСЬМО

Томашевич И.Н., Гукай И.В., учителя начальных классов

Республика Казахстан, г. Семей, КГУ

«Средняя общеобразовательная школа № 35»

Функциональная грамотность – это способность человека использовать навыки чтения и письма в условиях его взаимодействия с социумом (оформить счет в банке, прочитать инструкцию, заполнить анкету обратной связи и т.д.), то есть это тот уровень грамотности, который дает человеку возможность вступать в отношения с внешней средой и максимально быстро адаптироваться и функционировать в ней. В частности, сюда входят способности свободно использовать навыки чтения и письма в целях получения информации из текста и в целях передачи такой информации в реальном общении, общении при помощи текстов и других сообщений. Формирование функциональной грамотности начинается уже в школе. Выделяются следующие формы функциональной грамотности:

1. Общая грамотность.
2. Компьютерная грамотность.
3. Информационная грамотность.
4. Коммуникативная грамотность.
5. Грамотность при овладении иностранными языками.
6. Бытовая грамотность.
7. Грамотность поведения в чрезвычайных ситуациях.
8. Общественно-политическая грамотность.

Отличительные черты функциональной грамотности.

В отличие от грамотности как устойчивого свойства личности, функциональная грамотность является ситуативной характеристикой той же личности.

Функциональная грамотность

- 1) является базовым уровнем для формирования навыков чтения и письма;
- 2) направлена на решение бытовых проблем;

3) обнаруживается в конкретных обстоятельствах и характеризует человека в определенной ситуации;

4) связана с решением стандартных, стереотипных задач;

5) используется в качестве оценки, прежде всего, взрослого населения.

Компетенции функциональной грамотности:

1. Способность выбирать и использовать различные технологии.

2. Способность видеть проблемы и искать пути их решения.

3. Способность учиться всю жизнь.

Основные признаки функционально грамотной личности: это человек самостоятельный, познающий и умеющий жить среди людей, обладающий определёнными качествами, ключевыми компетенциями.

Компонентами функциональной грамотности являются:

- Знания сведений, правил, принципов; усвоение общих понятий и умений, составляющих познавательную основу решения стандартных задач в различных сферах жизнедеятельности;
- Умения адаптироваться к изменяющемуся миру; решать конфликты, работать с информацией; вести деловую переписку; применять правила личной безопасности в жизни;
- Готовность ориентироваться в ценностях и нормах современного мира; принимать особенности жизни для удовлетворения своих жизненных запросов; повышать уровень образования на основе осознанного выбора.

Процесс формирования и развития функциональной грамотности средствами учебных предметов начальных классов, исходя из предметных знаний, умений и навыков, осуществляется на основе формирования навыков мышления. Средствами формирования и развития навыков мышления являются те же предметные ЗУНы, представленные в виде задания, а формой организации – проблемные ситуации. При этом сами навыки мышления служат инструментом перехода ЗУНов в компетенции, т.е. в функциональную грамотность.

На начальном этапе обучения главное – развивать умение каждого ребенка мыслить с помощью таких логических приемов, как анализ, синтез, сравнение, обобщение, классификация умозаключение, систематизация, сериация, отрицание, ограничение.

Формированию функциональной грамотности на уроках в начальной школе помогут задания, соответствующие уровню логических приемов. Базовым навыком функциональной грамотности является читательская грамотность. В современном обществе умение работать с информацией (читать, прежде всего) становится обязательным условием успешности. Цель уроков литературного чтения в начальной школе – научить детей читать художественную литературу, подготовить к её систематическому изучению в средней школе, вызвать интерес к чтению и заложить основы формирования грамотного читателя, владеющего как техникой чтения, так и приёмами понимания прочитанного, знающего книги и умеющего их самостоятельно выбирать.

Развитию осознанности чтения необходимо уделять самое пристальное внимание, особенно на первой ступени образования. Осознанное чтение является основой саморазвития личности – грамотно читающий человек понимает текст, размышляет над его содержанием, легко излагает свои мысли, свободно общается. Недостатки чтения обуславливают и недостатки интеллектуального развития, что вполне объяснимо. В старших классах резко увеличивается объем информации, и нужно не только много читать и запоминать, но, главным образом, анализировать, обобщать, делать выводы. При неразвитом навыке чтения это оказывается невозможным. Осознанное чтение создает базу не только для успешности на уроках русского языка и литературы, но и является гарантией успеха в любой предметной области, основой развития ключевых компетентностей.

В своей практике во время чтения текста проводим словарную работу, которая способствует осознанию прочитанного. Она становится мотивированной и интересной, так как именно по ходу чтения становится понятно, какие слова нуждаются в толковании, и само слово толкуется в контексте, а не вне его. Вопросы к автору, а ответы на них нужно искать в самом тексте. Учащиеся видят суть процесса «вчитывания» в текст и сами участвуют в нем. Выбор слов-эмоций, слов-настроений с объяснением.

После словарной работы идет проверка осмысления текста каждым учеником. Чтобы посмотреть, как продвигается каждый ребенок в плане самоанализа литературного произведения, выбран наиболее оптимальный вариант – тесты. Цель – проверить понимание текста на уровне содержания. Данный тест носит репродуктивный характер (выявление знаний сюжета, имен героев, литературоведческих терминов и понятий).

Очень часто дети уверены, что уже после первого знакомства с произведением поняли все. И здесь большую роль играют задания, включенные в тесты, заставляющие ребенка снова и снова обратиться к тексту: докажи словами текста, подчеркни необходимую тебе информацию по данному вопросу, определи места основных действий персонажей, сформулируй свою точку зрения и подбери отрывок, подтверждающий её. Такой подход к художественному тексту изменяет мотивацию читательской деятельности ребенка: он читает уже не ради самого процесса чтения, а для того, чтобы разобраться в прочитанном, понять авторскую идею.

Большое значение в формировании функциональной грамотности младших школьников на уроках литературного чтения, развитию их творческо-поисковых способностей является проведение нестандартных уроков, педагогических мастерских, литературных гостиных, уроков-сказок, уроков-исследований, уроков-путешествий, уроков-праздников, ролевых игр и т. д. На уроках литературного чтения необходимо использовать информационные технологии. Включение ИКТ в учебный процесс позволяет учителю организовать разные формы учебно-познавательной деятельности на уроках, сделать активной и целенаправленной самостоятельную работу учащихся.

Уроки литературного чтения будут неинтересны и скучны, если учитель не будет включать в их содержание – аудио средства. Научив детей слушать, можно предлагать записи образцового чтения небольших по объёму литературных произведений. Это обучает выразительному чтению, умению прочувствовать настроение, определить характер героев.

На уроках литературного чтения используются иллюстрирование учениками изучаемого произведения. Этот вид работы позволяет детям почувствовать радость от необычного общения с книгой. Хорошо проходит данный вид работы в группах. Выполненные работы сканируются, и каждая группа приступает к созданию диафильма по заданной теме.

Большое значение в формировании функциональной грамотности младших школьников на уроках литературного чтения, развитию их творческо-поисковых способностей является проведение нестандартных уроков, педагогических мастерских, литературных гостиных, уроков-сказок, уроков-исследований, уроков-путешествий, уроков-праздников, ролевых игр и т. д.

Технология Тони Бьюзена: метод интеллект-карт. Поскольку на смену знаниевому подходу приходит системно-деятельностный подход, то нужно думать, как не просто дать знания ребенку, а научить его добывать и применять их. То есть научить учиться.

Чтобы это сделать в постоянно увеличивающемся потоке информации, нужно ребенка научить работать с этой информацией. Карты памяти, или интеллект-карты – это термины обозначают сравнительно новый способ альтернативной записи информации. Интеллект-карта – это графическое выражение процесса радиантного мышления и поэтому является естественным продуктом деятельности человеческого мозга. Это мощный графический метод, предоставляющий универсальный ключ к высвобождению потенциала, скрытого в мозге.

Метод интеллект-карт может найти применение в любой сфере жизни, где бы ни требовалось совершенствовать интеллектуальный потенциал личности, что достигается учением, или решать разнообразные интеллектуальные задачи. При составлении интеллект-карты (ИК) работают оба полушария мозга. ИК могут помочь учиться, так как в процессе их построения участвует большинство каналов восприятия.

Функционально грамотная личность – это человек, ориентирующийся в мире и действующий в соответствии с общественными ценностями, ожиданиями и интересами. И задача современного образования – такую личность воспитать.

Литература

1. Акатова Т.И. Языковая функциональная грамотность и языковая культура студентов: [Текст] – Психолого-педагогический аспект: Монография. – М., 2006 – 237 с.
2. Алексеев Н.Г. Концепция развития исследовательской деятельности учащихся [Текст] / Н.Г. Алексеев, А.В. Леонтович, А.С. Обухов, Л.Ф. Фомина // Исследовательская работа школьников. – №1. – С. 24-33.
3. Ашмарин Б.А. Методика педагогических исследований. Учебное пособие [Текст] ЛГПИ им. А.И. Герцена, 2009.
4. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте [Текст] / Л.С. Выготский. – М.: Просвещение, 2008. – С. 214.

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ПӘНІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Узакбаева С.С., бастауыш сынып мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
«Знаменка жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Бастауышта оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытудың маңызы зор.

Әдебиеттік оқу пәнінің мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушылардың әдеби сауатын ашу негізінде рухани байыту, оқу дағдыларын және оқырмандық біліктілігін қалыптастыру, әдеби-эстетикалық талғамын жетілдіре отырып, ізгілікті-елжанды дара тұлға тәрбиелеу. Әдебиеттік оқу пәнінің міндеттері:

- 1) әдеби көркем шығармаларды оқыту арқылы қазақтың рухани қазынасын меңгерту;
- 2) коммуникативтік (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дағдыларын қалыптастыру;
- 3) ауыз әдебиетінің, отандық және әлемдік балалар әдебиетінің озық үлгілерімен таныстыру арқылы оқушыларға адамдардың өзара түсінісуі, сыйластық, құрмет сезімдері, адамгершілік қасиеттері, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білуі сияқты ізгілікті қасиеттерді қалыптастыру;
- 4) оқу сапасын (дұрыс, түсініп, шапшаң, мәнерлеп оқу) жетілдіру;
- 5) оқушылардың оқырмандық мәдениетін қалыптастыра отырып, сөз әдебі нормаларын орынды қолдану дағдыларын меңгерту;
- 6) сыни ойлауын жетілдіру;
- 7) көркемдік-танымдық сипаттағы мәтіндерді өз мақсатына сай іріктеп, саралап, талдап, ой қорытындысын жасауға үйрету;
- 8) алған білімін өмір жағдаяттарына байланысты қолданып, дұрыс шешім жасай білуге үйрету;
- 9) оқылған шығарма сюжетінің ізімен немесе еркін тақырыпта ауызша, жазбаша шығармашылық жұмыс түрлерін (өлең, әңгіме құрастыру, мәтінді сахналау, мәтін бойынша сурет салу, мақала жазу, шағын үзіндіге киносценарий жазу, өзіндік ой қорытындысын жазу, т.б.) орындауға дағдыландыру.

Әдебиеттік оқу пәнін меңгеру оқушының:

- 1) қазақ балалар әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерін талдай отырып, ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды бойына сіңіруіне;
- 2) көркем шығармадағы тілдік қолданыс ерекшеліктеріне бақылау және талдау жасай отырып, тілдік құралдарды саналы түрде дұрыс таңдауына және өмірлік тәжірибесінде қолдануына;
- 3) алған білімі мен дағдыларын өмірлік жағдаяттарда және басқа адамдармен қарым-қатынас барысында пайдалануына көмектеседі.

Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыруда өзіндік жұмыстардың маңызы зор. Оқушылар өз беттерімен мәтінмен жұмыс жүргізіп, талдау, синтездеу, саралауды меңгереді. Мұғалім оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастырғанда, алдымен оларды өздігінен жұмыс істеуге дайындайтын жаттығулардан бастап, кейін мұғалімнің көмегімен жасайтын жартылай дербес, ең соңында толық өздігінен жасайтын жұмыстарға үйрету қажет. Мұғалім белгілі бір әдіс-тәсілді, жаттығу түрін қолданған кезде қандай қабілеттерінің дамитынын немесе оқу барысында қандай дағдыға үйрену керектігін, алдына мақсат қоюда неге сүйенуі қажеттігін және олардың психологиялық ерекшеліктеріне негіздеу керек. Әр уақытта мұғалім жұмыс түрін таңдау кезінде осыларды басшылыққа алу керек. Мысалы, мәнерлеп оқу кезінде сөйлеу және есту қабілеттері дамиды. **Мәтінмен жұмыста мұғалім ескеретін жайлар:**

- *Сұрақ қоюға ыңғайлы мәтіндерді таңдап алу.*

Жақсы жазылған мәтіндер өте көп, бірақ олардың бәрі бірдей сұрақ қоюға мүмкіндік жасай бермейді. Сондықтан оқушыларды ойландыратын, түсіндіруді мәжбүр ететін мәтіндер алған жақсы. Әсіресе, жақсы ертегілермен жұмыс жасаған ыңғайлы, өйткені онда айтылатын жағдайлар мен кейіпкерлер туралы көптеген ойлар тудыруға болады.

- *Жылдам қорытынды жасауға мәжбүр етпеу.*

Пікірталасты бірден өзіңіз бастамай, оқушылардың белгілі бір көзқарастарының қалыптасуына сенім артып, олардың ойларын, пікірлерін, сіз күтпеген ақылды ойларын таңдаған дұрыс. Олай болуы әбден мүмкін.

- *Өзіңнің жеке ойыңды айтпау.*

Егер біз «дұрыс» немесе «дұрыс емес» сияқты пікірталастарға өз ойымызды қосатын болсақ, онда сұрақтың мәні жоғалады.

- *Талқылауды мәтінге жақын ұстау.*

Егер сұрақ нақты болмаса, мәтінге қатыссыз, байланыссыз болса, онда оқушылар мәтіннің тақырыбынан тез ауытқып кетеді (мәтіннен басқаға көңіл бөлмеу).

Кіріспе. Мәтінді қабылдауға оқушыларды психологиялық дайындау

Көркем шығарма жызушының сөзі арқылы қабылданады. Шығарманы оқыған кезде оқушыда елес туады (адамдардың портреті, табиғат көрінісі, белгілі бір оқиғалар, т.б.). Бұл оқушының сезімін де әсер етеді. *Мысалы:* қояннан қорыққан қасқыр туралы оқығанда күледі. Ал М.Әуезовтің «Жетім», Б. Майлиннің «Күлпаш» әңгімелерін оқығанда, аяныш сезімде болады, кейбірі көздеріне жас алады. Осындай адамның ішкі көрінісі, сезімі айқындала түсуі үшін, оқушы санасында мұндай бейнелер анық жасалуы үшін шығарманы оқымас бұрын алдын ала дайындық жұмысы жүргізіледі. Яғни, мәтінді әр түрлі қабылдайды (күледі, қорқыншы сезімі туады, көзіне жас алады). Дайындық әңгіме оқылатын мәтіннің мазмұнына ұқсас, баланың өз өмірінде болған оқиғаларды еске түсіру сияқты тәсілдермен өткізіледі.

Дайындық әңгіменің ұзақтығы оқылатын материалдың ауыр-жеңілдігіне байланысты. Ұзақтығы 3-5 минут. Кіріспе сөз тақырыпты аша алатындай болуы тиіс.

Мысалы: «Абай жолы» романынан кіші балалардың түсінуіне сай келетіндей етіп, қысқартылып алынған Абайдың балалық шағын көрсететін үзінді оқулықта «Бүлдірген тере барғанда» тақырыбы арқылы беріледі. Осы мәтінді оқуға дайындау барысында мұғалім балаларға бүлдіргеннің қандай түрлерін білетіндерін айтқызып, оның қалай өсетіні, балалардың бүлдірген теріп көрген-көрмегендері жөнінде әңгіме өткізеді. Сонда оқушыларда сол мәтін мазмұнымен тезірек танысып, не туралы берілгенін ұғынуға деген ынталары артады. Алдын ала әңгіме барысында қиын сөздермен және сөз тіркестерімен де түсінідіру, яғни сөздік жұмысын жүріп отыруы керек.

Сонымен шығарманы оқуға дайындау жұмысы мынадай мақсатта жүргізіледі:

1. Балаларды оқылатын әңгіменің мазмұны мен ондағы кейіпкерлердің ісін саналы түсіне білуге дайындау;

2. Оқылатын әңгіменің мазмұнына қызықтыру;

3. Ондағы түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру.

Дайындық жұмысында мынадай әдіс-тәсілдер қолдануға болады:

а) Оқушылардың өздеріне әңгіме айтқызу. Кейбір шығармаларды оқуға дайындау барысында балаларға өздерінің басынан кешірген немесе естіп, көріп, оқып білген оқиғалары жөнінде әңгіме айтқызылады. Мұндай балалардың ойы мен сезімін қозғауға жәрдем етеді. *Мысалы,* Ғ.Мұстафиннің «Қырман үстіндегі ту» әңгімесін оқуға дайындалуда егін жинау, астық тасу жұмыстарында балалардың болған-болмағандары анықталып, әңгімеленеді.

С.Мұқановтың «Сең үстінде» әңгімесін оқымас бұрын жазғытұрым өзендерде сең жүру оқиғасы туралы әңгімелеуге болады.

ә) Мұғалімнің әңгімесі. Кейбір жағдайларда, егер оқылатын материалды түсінуге қажетті деректерді балалар білмейтін болса, мұғалімнің өзі кіріспе әңгіме айтып береді. *Мысалы,* «Сырым батыр», «Тарас Шевченко» мәтіндерін оқымас бұрын бұл мәтіндердегі оқиға қай кезде болғанын Сырым батырдың немесе Тарас Шевченконың кімдер екенін айтып, түсінік беру керек.

б) Ұжымдасқан түрде әңгіме айту. Біреу білмегенді біреу біледі. Жеке оқушыдан гөрі сыныптағы барлық оқушының білетіні көп болады. Сондықтан кейбір ұжымдасқан түрде әңгіме айтуды ұйымдастыруға болады. Мұнда балалар өз беттерімен біреулері екіншілерінің айтқанын түзетеді, толықтырады.

в) Саяхатта байқағандарын пайдалану. Оқушылардың әңгімесі болсын, мұғалімнің әңгімесі болсын – қай-қайысысын да балалардың саяхатта көргендерімен байланыстыру өте тиімді нәтиже береді. Бұл айтылғаннан бір әңгімені немесе өлеңді оқыр алдында арнайы саяхат ұйымдастыру керек деген ой тумасқа тиіс. Бірақ мұғалім жыл бойы өтетін материалдарды қай кездерде өтетінін жоспарлап алғаннан кейін, балаларға табиғат тану материалдарына байланысты шығарма жаздыру үшін материал жинату мақсатында алуан түрлі саяхаттар ұйымдастырады. *Мысалы,* кейбір мұғалімдер балаларды көктемнің бас кезінде өзенге (жақын жерде өзен; көл бар жерлерде) саяхат ұйымдастырып, сеңнің түсуін бақылатады. Осы саяхаттың материалы «Сең үстінде» (С. Мұқанов) әңгімесін оқығанда

пайдаланылады. Немесе күзде оқушыларға айналадағы өзгерістерді байқату үшін егістікке, қырманға т.б.с.с. жерлерге саяхат ұйымдастырылады. Мұндай саяхаттың материалдарын оқулықтағы табиғат көріністерін суреттеген шығармаларды оқығанда пайдалануға болады.

з) *Суреттерді қарау*. Шығарманың мазмұнына сай суреттер берілсе, олар оқуға дайындық кезінде пайдаланылады. Мысалы, табиғатты бейнелейтін суреттер шығарманы оқымас бұрын қолдануға болады. Мұнда есте болатын нәрсе – оқулықта берілген суреттерді алдын ала көрсетіп, оқылатын материалдардың мазмұнын айтып қоюға болмайды. Өйткені ол суреттер материал оқылып шыққан соң немесе оны оқу барысында материалдың мазмұны жөніндегі түсінікті тереңдете түсу үшін берілді.

д) *Сұрақтар қою*. Оқуға дайындық кезінде сұрақ қою тәсілінің қандай жағдайда тиімді болатыны алдын ала ойластырылады. Егер оқушыларға дауыстап оқылатын шығарманың алдында бірнеше сұрақ берілсе, ал олар осы сұрақтарға материалды бірінші оқығанда жауап дайындауға тиіс болса, мұндай жағдайда балалардың көңілі алаңдайды да, шығарманың ойдағыдай әсері болмайды. Сондықтан дауыстап оқылатын шығарманы оқуға дайындық кезінде алдын ала сұрақ берудің қажеті жоқ.

Барлық оқыту пәндерінде оқушыларға өз бетімен жұмыс жасау түрлері беріледі. Өз бетімен жұмыстың маңыздысы-оқушының өз беттерімен орындай алуларына, сабаққа белсенділігінің артуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпалы мол.

Әдебиеттер

1. М. Балақаев. «Тіл мәдениет және қазақ тілін оқыту». – А., 1989.
2. М. Балақаев. Қазақ тілінің мәдениеті. – А., 1971.
3. Т. Қордабаев. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – А., 1991.
4. С. Құрманғалиева. Қазақ тілінің мәселелері. – А., 1965.
5. Р. Сыздықова. Сөз құдіреті. – А., 1997

ҒТАХР: 14.15.01

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Шамсутдинова А.Х., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Бесқарағай ауданы,
Қарағайлы ауылы «Н. Баймұратов атындағы орта мектеп» КММ

Қазіргі таңда еліміз мектепте білім сапасын арттыру үшін заманауи талаптарға сәйкес, әлемдік тәжірибенің озық үлгісі – жаңартылған білім беру мазмұнына кезең-кезеңмен көшуде.

Оқушылардың тілдік дағдыларын дың мақсаты – оқушыларға алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез-келген орта жағдайында, ресми-іскерлік ортада бәсекеге қабілетті болуға, қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін білім беру. Аталған мақсатты жүзеге асыратын қазақ тілін оқытудың жаңартылған бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуді дамытады.

- Оқу бағдарламасында коммуникативтік әрекеттер мен дағдыларды жүзеге асыратын оқу мақсаттары ұсынылған. Оқу мақсаттары әр сынып деңгейіне сәйкес динамикалық даму бағытында жасалған.

- Бағдарлама «спиральді оқыту» тәсіліне негізделі құрылған. Әр сынып сайын оқу мақсаттары қарапайымнан күрделіге қарай өсіп, қайталанып отырады.

Қазақ тілі сабағында оқушылар оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заманның талабы. Соның ішінде оқу сауаттылығы- оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі. Яғни, оқу сауаттылығының негізі – мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады.

Қазақ тілі сабақтары тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының ерекшеліктері арқылы іске асады. Сондықтан күнделікті сабақты дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, оқу сауаттылығын арттыруда маңызды роль атқарады. Соның ішінде оқылым дағдыларының ерекшеліктері оқу сауаттылығын арттырудың бірден бір жолы.

Оқылымның мынадай ішкі дағдыларын әр сабақ барысында қолдануға болады.

1. Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу – мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

2. Нақты ақпараттарды табу үшін оқу – мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, яғни ол үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. Мысалы, мәтіннен қажет пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздерді тауып алу.

3. Детальді түрде оқу- әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз.

4. Сөз мағынасын контексттен ажырату – мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын болжау үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару.

5. Мәтін құрылымын түсіну-мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну. Мысалы, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім.

6. Болжай білу-оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл.

Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, оған берілген суретке қарап болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі.

7. Мәтін түрлерін ажырата білу – әр мәтіннің өзіндік ерекшелігін, ұйымдастырылуын, стилін ажырата білу. Мәтін түрлері: хат, мақала, жарнама, әңгімелер, поэма, құттықтау қағазы, ақпараттық брошюра, үнпарақ, хабарландыру, т.б. Бұл дағдыларды іске асыру үшін құрылатын тапсырмалардың да өз реті болуы тиіс. Мысалы, оқылымға арналған тапсырмалар құрылымы төмендегідей: Оқылым алдындағы тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған жаттығулар, сөздерді алдын-ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою. Оқылым барысындағы тапсырма: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар (сұрақтар).

Алғашқы жаттығулар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс. Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Мысалы, бір оқиғаны сипаттап беру немесе оқиғаға баға беру. Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай жасалуы керек. Мысал ретінде сабаққа құрылған оқылым тапсырмаларына назар аударайық. Сабақтың мақсаты көркем шығармаларды оқу, кейіпкерлердің бейнесін ашу. Оқылым алды тапсырмасында болжай білу тәсілі қолданылды. Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, берілген сөз тіркестеріне назар аударады, яғни өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі. Ал сөз мағынасын контекстен ажырату тәсілі арқылы – мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын түсіну үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аударады.

Тәжірибеде кеңінен қолданып жүрген әдістерге тоқталсам:

«Тізбектелген ереже» әдісі

Бір оқушы тақырып бойынша бір тұжырым айтады. Екінші оқушы оның айтқанын қайталап, өзінің тұжырымын айтады. Үшінші оқушы алдыңғы екі оқушының айтқанын қайталап, өзінің тұжырымын айтады. Сөйтіп жалғаса береді. Кезегінде айта алмаған оқушы шығып кетеді. Шығып кеткен оқушы тақырып туралы түсінбеген дегенді білдіреді.

«Жасырын сөз» әдісі

Оқушылар тақырып бойынша сөз жасырады. Оны сипаттайды, сол сипаттама арқылы басқа оқушылар жасырынған сөзді табады. Сипаттауда айтатын сөздерге шектеу қою арқылы немесе қимыл арқылы көрсетуді ұсынуға болады. Мысалы жасырылған сөзді 3 сөз арқылы сипатта деген сияқты.

«Дөңгелек үстел»

Оқушылар екі топқа бөлінеді. Топ оқушысының бірі жаңа тақырыпты қатыстыра отырып 1 сөйлем айтады. Екіншісі оның айтқан ойын әрі қарай жалғастырып, екінші сөйлемді айтады. Соңында мәтін шығады. Екінші топ мәтін не туралы екенін айтып береді және мәтінге тақырып қояды, сөйлем ішінен жаңа тақырыпқа байланысты сөздерді табады. Барлық айталған тапсырмаға бір ғана оқушы жауап бермейді. Топ мүшелерінің барлығы қатысады.

«Кір жаятын жіп»

Өтілген тақырып бойынша мәтін оқимын. Мәтін ішінен керекті сөзді тауып кір жаятын жіпке ілу керек. Соңында кім қанша сөз ілгенін тексеремін. Бұл әдістің мақсаты оқушының тыңдау дағдысын қалыптастыру және есте сақтау қабілетін қалыптастыру.

Мен не естідім?

Бір оқушыға мәтін оқытамын. Оқушылар тыңдаған мәтін ішінен сөз табының қай түрі көп кездескенін табу керек. Және екі тақырыптың ұқсастығы мен айырмашылығын табу керек.

Тыңдайтын үшбұрыштар

Оқушылар үш адамнан тұратын топта бірлесіп жұмыс істейді:

СПИКЕР мұғалімнің нұсқаулығы бойынша тақырыпты түсіндіреді (немесе проблема туралы өз ойымен бөліседі).

ИНТЕРВЬЮЕР мұқият тыңдайды және егжей-тегжейін анықтау үшін сұрақтар қояды.

ХАТШЫ үдерісті бақылайды және «спикерге» де, «интервьюерге» де кері байланыс береді.

Ақпараттағы ақаулық

Өткен тақырыпқа байланысты ақпарат оқылады. Оқушылар қате ақпаратты тауып стикерге жазады және А4 орматына жапыстырады. Әр оқушыға жеке – жеке формат таратылады.

«Есте сақтайық» әдісі

Оқушылар екі топқа бөлінеді. «Бастаймыз» деген кезде, топтың бір қатысушысы сурет тұрған үстелдің үстіне жақын келеді де өзіне берілген суреттен көп ақпаратты есте сақтауға тырысады. Сол сурет бойынша тақырыпқа байланысты топпен бірігіп отырып әңгіме құрастырады. Бұл ойынға 7 минут уақыт беріледі.

Ереже:

1. Командадан бір адам ғана өз орнын бір рет тастап шыға алады.

2. Сіз үстел басында болғанда ештеңе жаза алмайсыз.

3. Үстел басында тұрып, өз командаңызға ақпаратты дауыстап айта алмайсыз.

1 «Төрт сөйлем» әдісін. Тыңдаған материалдан қажетті ақпаратты іріктеп алуға дағдыландыру мақсатында қолданады.

1. Пікір. Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірін бір сөйлеммен жазады.

2. Дәлел. Өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдейді.

3. Мысал. Пікірін өмірмен байланыстырып, мысал келтіреді

4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарады.

Тыңдау дағдысын қалыптастыру барысында көз жеткізгенім оқушыларға сөйлеткен сайын, ойланған сайын ашыла түседі екен сонымен қатар сабаққа деген қызығушылығы арта түседі. Оқушының сабаққа деген қызығушылығының артқанын сабақ барысында көрсеткен белсенділіктерінен байқадық. Сабақ барысында тыңдалым дағдысы бойынша жұмыс жүргізгенімізде сыныптағы оқушылардың барлығында тыңдау дағдысы және есте сақтау қабілеті төмен екенін байқадық. Алғашында аудио жазбадағы мәтінді тыңдатып артынан тапсырма бергенімізде сыныптың ішінен 1-2 оқушы ғана сұраққа жауап береді. Қалған оқушылар естігенін ұмытып отыратын.

Тыңдау дағдысын қалыптастырудың бірден – бір жолы жадыны дамыту керектігіне көз жеткіздік. Сондықтан сабақтарымызда жадыны дамытуға арналған түрлі әдіс – тәсілдерді іздене отырып қолдандық. Алдымызда отырған оқушылар бұрынғы сабақтарымызда «Мен қанша алдым?» деп сұрайтын еді, қазіргі сабақтарда «Мен былай жауап бергім келген, мен былай ойладым» деген сияқты пікірлер білдіре бастады.

Әдебиеттер

1. Оқушылардың оқу сауаттылығы. Оқу құралы «Назарбаев .Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Педагогикалық өлшеулер орталығы». <http://group-global.org/kk/publication/15595-shetel-tilin-okytuda-okylym-reketin-uyretu-zholdary>

2. Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту / Р. Л. Даулеткалиева. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2017. – № 18.1 (152.1). – С. 16-18. – URL: <https://moluch.ru/archive/152/43264/> (дата обращения: 28.10.2020).

3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей, 4-бет

4. Жүнісханов Қ.М., Дзюбина А.В. Қазақ тілін оқыту жүйесіндегі ақпараттық білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

ПРИЕМЫ РАБОТ С ТЕКСТОМ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРНОГО ЧТЕНИЯ

Шановалова Е.В., учитель начальных классов

Республика Казахстан, г. Семей, КГУ

«Средняя общеобразовательная школа № 1 им. Н.Г. Чернышевского»

Работа с текстом предоставляет нам большие возможности анализа языкового материала на уроках различных организационных форм обучения русскому языку. Особенно такая работа важна на уроках развития речи, но комплексный анализ текста может присутствовать на учебных занятиях разных типов: усвоения новых знаний, комплексного применения знаний и умений, актуализации знаний и умений, систематизации и обобщения знаний и умений, контроля знаний и умений и др. При работе с текстом используются частично-поисковый и исследовательский методы обучения.

Работая над структурой целостностью текста, используя текст-образец и для введения речеведческого понятия, и для овладения учащимися определёнными способами деятельности по созданию текста, учитель придаёт большое значение развитию внимания детей к слову. Очень важно уже на первом этапе развить у учащихся умение замечать слова, значение которых им неизвестно, терпеливо помогать ребёнку учиться отбирать в тексте нужные слова, соотносить их с главной мыслью высказывания. Важно не упустить из виду эту важнейшую линию – воспитание заинтересованного отношения к значению и употреблению слова.

При закреплении изученного такую работу можно проводить на каждом уроке, увязав ее с грамматическим и орфографическим материалом.

«Чтение с остановками» открывает возможности целостного видения произведения

Примерные вопросы:

Какие ассоциации вызывают у вас имена, фамилии героев?

Что вы почувствовали, прочитав эту часть. Какие ощущения у вас возникли?

Какие ваши ожидания подтвердились? Что было неожиданным? Как вы думаете, чем закончится рассказ? Как вы бы его закончили?

– «Чтение с пометками»

– «Составление кластера» (из теории критического мышления) – особая графическая организация материала, позволяющая систематизировать и структурировать имеющиеся знания. В центре записывается ключевое слово и от него расходятся стрелки-лучи, показывая смысловые поля того или иного понятия.

«Составление синквейна». Синквейн (от фр. *cinquains*, англ. *cinquain*) – это творческая работа, которая имеет короткую форму стихотворения, состоящего из пяти нерифмованных строк. Формированию коммуникативной компетенции учащихся способствует и большая внеклассная работа по предмету. Вовлечение учащихся во внеклассную работу позволяет расширять творческие способности учащихся, выявлять одаренных в лингвистическом отношении учащихся. Таким образом, Представленные приемы работы с текстом позволяют решать такие речевые задачи:

- учить видеть, слышать и чувствовать текст;
- пополнять речевую память учащегося;
- обогащать словарный запас;
- продуктивно усваивать учебный материал;
- прививать эстетический вкус;
- формировать собственное мнение, высказывать его, уметь аргументировать.

Стратегия «Прогноз по заголовку».

Задание: подумайте, о чем может идти речь в рассказе

Стратегия «Мозговой штурм» («Корзина идей»).

Задание: ответьте на вопросы перед чтением текста.

Стратегия «Образ текста».

Задание: проверьте свои предположения. На основании слов, взятых из текста, попробуйте составить небольшой сюжетный рассказ. Название рассказа дается.

Стратегия «Батарейка вопросов».

Задание: составьте вопросы к тексту по заглавию, по иллюстрациям.

Стратегия «Глоссарий».

Задание: посмотрите на список слов и отметьте те, которые могут быть связаны с текстом. Закончив чтение текста, вернитесь к данным словам и посмотрите их значение и употребление слов, используемых в тексте.

Стратегия «Соревнуемся с писателем».

Задание: попробуйте спрогнозировать содержание книги, просмотрев иллюстрации. Один ученик предлагает свой вариант, остальные его дополняют.

Стратегия «Верные и неверные утверждения».

Стратегия Знаю, Хочу узнать, Узнал.

Стратегия «Чтение в кружок». Текст читается по очереди (каждый «член кружка» читает по абзацу). После этого следует остановка: все задают вопросы к прочитанному отрывку. Если на вопрос ответить невозможно (он не соотносится с текстом), то вопрос считается неправильным. Все правильные вопросы могут записываться.

Стратегия «Чтение про себя с вопросами».

Стратегия «Чтение про себя с пометами. (Инсерт)». Пометы на полях:

+ – знал;

-- новое;

? – интересно;

V – непонятно.

Можно и другие:

В – вопрос;

О – ответ;

З – знаю;

Н – новое;

И – интересно;

Х – хочу узнать;

С – спросить;

У – уточнить.

Стратегия «Поставь проблему – предложи решение». Вспомните, с какими проблемами сталкиваются герои произведения (проблема формулируется и записывается в овал). Далее дети могут назвать несколько проблем, учащиеся делятся на группы и предлагают всевозможные варианты решения проблем.

Стратегия «Составление вопросного плана». Ученик проводит смысловую группировку текста, выделяет опорные пункты, расчленяет текст на смысловые части и озаглавливает каждую часть ключевым вопросом.

1. Стратегия «Толстые и тонкие вопросы».

«тонкие» вопросы	«толстые» вопросы
Кто...?	Дайте три объяснения...
Что...?	Почему...?
Когда...?	Как вы считаете, в чем различие...?
Может...?	Предположите...
Будет...?	Что будет, если...?
Могли...?	Согласны ли вы...?
Как зовут...?	?????

Стратегия «Дерево вопросов»

Крона – что? где? когда?

Ствол – почему? Как? Не могли бы вы?

Корни – как текст соотносить с жизнью? С текущими событиями? Что автор пытался показать?

Стратегия «Кубик Блума» (Бенджамин Блум – известный американский педагог, автор многих педагогических стратегий = техник).

На гранях кубика написаны начала вопросов: «Почему?», «Объясни», «Назови», «Предложи», «Придумай», «Поделись». Учитель или ученик бросает кубик.

Необходимо сформулировать вопрос к учебному материалу по той грани, на которую выпал кубик.

Вопрос «Назови» нацелен на уровень репродукции, т.е на простое воспроизведение знаний.

Вопрос «Почему» – ученик в данном случае должен найти причинно – следственные связи, описать процессы, происходящие с определенным предметом или явлением.

Вопрос «Объясни» – ученик использует понятия и принципы в новых ситуациях.



Все выше перечисленные стратегии предусматривают серьезную работу с текстом, его глубокий анализ и понимание, организацию самостоятельной познавательной деятельности учащихся по учебному материалу. Продуманная и целенаправленная работа с текстом позволяет вычерпать из большого объема информации нужную и полезную, а также приобретать социально нравственный опыт и заставляет думать, познавая окружающий мир.

Литература

1. Александрова З.С. Словарь синонимов русского языка. – М., 1998.
2. Ашукин Н.С., Ашукина М.Г. Крылатые слова: Литературные цитаты. Образные выражения. – М., 1988.
3. Зимин В.И. и др. Русские пословицы и поговорки: Учебный словарь. – М., 1994.
4. Орфоэпический словарь русского языка: Произношение, ударение, грамматические формы/Под ред. Р.И.Аванесова. – М., 1989.
5. Панов Б.Г., Текучев А.В. Школьный грамматико-орфографический словарь русского языка. – М., 1991.

ҒТАХР: 27.01.45

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕСЕПТЕУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Шенгельбаева Э.Т., математика пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Семей қаласы,
«№ 21 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Ауызша жаттығулар оқушылардың ойлау белсенділігін арттырып, оларда есептеуге деген қызығушылық тудырады. Осындай жұмыстар кезінде оқушылардың есте сақтау қабілеті артады, математикалық тілі жетіледі. Ауызша есептеуге берілген жаттығулар оқушының тез ойлай білу, жылдам шешім қабылдай білу сияқты қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Сондай-ақ ауызша жаттығулар сабақты түрлендіріп өткізуге де септігін тигізеді. Сондықтан ауызша жаттығулар оқушының ойлау қабілетін танымдық белсенділіктерін қалыптастыруда зор мүмкіндіктерге ие болады.

Ауызша жаттығулар арқылы шектеулі уақытты тиімді пайдаланып, сапалы, әрі көлемі жағынан көп жұмыс жасап, оқушылардың жаңа оқу материалдарын меңгеруге дайындығын және қандай мәселеге көбірек көңіл бөлу керектігін анықтауға болады. Ауызша жаттығуларды орынды әрі шеберлікпен пайдалану сабақтың нәтижелігі мен сапасын арттырудың негізгі тәсілдерінің бірі.

Мұғалім оқушылар қызығып, өз еріктерімен шығаратын ауызша есептерді таңдау керек. Мұндай есептер оқушының сабақта жоғары белсенді ойлау әрекетінің сақталуын және өз ісіне ынтықсының нығаюын қамтамасыз етеді. Сабақтың барысында өткізілетін ауызша жаттығулар оқушыларды бірден жұмысқа кірістіретіндей қызықты болуы керек. Сабақтың ортасында, балалар жазбаша немесе практикалық жұмыстан шаршаған кезде, ауызша есептеулер оларды сергітеді, жұмыс қабілетін арттырады. Жаңа оқу материалдарын оқушылардың қаншалықты меңгергенін бақылау және бағалау үшін сабақтың соңында да ауызша есептерді шығаруға болады.

Ауызша есептеуді сабақтың кез-келген кезеңдерінде қолдануға болады. Сабақтың мазмұны мен мақсатына байланысты ауызша есептеуді қай сабақта көп, қай сабақта аз қолдануға болады? Егер сабақ жаңа материалды түсіндіруден басталса, онда сабақтың басында қолданған жөн, өйткені, оңай жаттығулар арқылы жаңа материалдарды жеңіл түсінуге болады.

Тапсырмалар талданып болғаннан кейін күрделірек тапсырмалар тақтада, жұмыс дәптерлерінде орындылады. Оқыту дегеніміз белгісізді белгілі ұғымдарға сүйене отырып түсіндіру екенін білеміз. Бұндай процесс кезінде қиын емес ауызша жаттығулар орны өте зор. Мысалы, логарифмдік функция қасиетін талдау үшін көрсеткіштік функция қасиетін қолданбау мүмкін емес. Келесі мысалдар арқылы түсіндіру тиімді болады:

1. Берілген функциялар қасиеттерін атаңдар:

а) $y = 3x$; б) $y = \left(\frac{1}{3}\right)^x$; в) $y = \left(\frac{1}{5}\right)^x$

1. Барлығына ортақ қасиетті атаңдар.

2. Берілген функциялардың ең үлкен, ең кіші мәндері бар ма?

1. Келесі функциялардың графиктерін схемалық түрде көрсетіңдер:

$y = 3x$; $y = \left(\frac{1}{3}\right)^x$; $y = 3^{-x}$.

Әдістемелік тұрғыдан дұрыс жинақталған ауызша жұмысқа арналған жаттығулар жүйесі оқушыларды жинақтап, қорытындылай білуге дағдыландырады. Бұл үшін оларға біртектес тапсырмалар жинағы беріледі. Әр жүйені қарап, талдап болғаннан кейін оқушылар алынған нәтижелерді салыстыра отырып, қорытынды жасаулары керек. Мысалы, логарифмдік функция қасиеттерін өткен кезде келесі сұрақтарды қоюға болады:

Егер: а) санды 2 есе, 3 есе, p есе, p

N өсірсе?

б) санды 2 есе, 3 есе, p есе, p N кемітсе санның логарифмі қалай өзгереді? Бұдан санның логарифмінің еселеп өзгеруі туралы қорытынды жасалады.

Геометрияға қарағанда алгебра курсы логикалық аспектісі төмендеу. Алгебрада аксиома жүйелері бөлінбеген, көптеген теоремалар дәлелдеулері қысқартылған. Бірақ оқушылар тұжырымдардың теориялық мазмұнын меңгеруі керек, олардың алгебра курсына орны мен рөлін түсінуі керек.

Осы мақсатта, теореманы оқымас бұрын орындау барысында дәлелдеуді талап ететін, гипотезалар ұсынылатын тапсырмалар берілуі керек.

Мысалы, функция туындысын бастаған кезде келесі жаттығулар жүйесін беруге болады:

1. Аргумент өсімшесі 0,1 болғандағы а) $y = x$,

б) $y = 3x + 1$,

в) $y = 10x + 0,5$ функцияларының $x = 0$ нүктесіндегі өсімшелерін табыңдар.

Алынған нәтижелерді салыстырыңдар.

1. Бір нүктедегі, бірдей аргумент өсімшесіндегі функция өсімшесінің мәні неге тәуелді?

2. $f(x) = 2x^3 + 3x^2 + 10$ функциясының $x = 0$ нүктесіндегі туындысының мәнін та-

3. бу алгоритмін құрыңдар.

Ауызша жаттығуларды жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде «қарапайымнан күрделіде» дидактикалық принципіне сәйкес қолданудың әдістемелік тұрғыдан маңызы зор. Мысалы оқушыға берілетін тапсырма келесідей болуы мүмкін:

1. $y = \sqrt{x}$ функцияның анықталу облысын тап: а) $y = \sqrt{x}$; б) $y =$

2. Келесі жаттығуды орындамас бұрын аздап ойлан:

а) $y = \sqrt{-x}$; б) $y =$

$x^2 - 1$

1. Жақсылап ойлан:

a) $y = \sqrt{x^2 - 2x + 1}$; б) $y = \sqrt{\log_3(x+1)}$.

1. Көбірек ойлан:

а) $y = \sqrt{x^2 - 1} \sqrt{x^2 - x}$.

1. Ойланып, талдау үшін жазып ал:

$y = \sqrt{\lg \cos x}$.

Жүйелі жаттығулар көмегімен теоремалар дәлелдеулері орындалатын ережені қайталап отыру тиімді. Жаттығуларда қарастырылатын теореманың дәлелдеу тәсілін модельдейтін, дәлелдеудің логикалық құрылымын қабылдауға даярлайтын, теореманы, оның логикалық құрылымын саналы түрде түсінуге мүмкіндік беретін тапсырмалар болуы керек.

Тапсырманы орындаған кезде оқушы шешу жолын түсіндіруі керек, формула мен теореманы қолдану үшін қажет шарт бар жоқтығын анықтауы керек. Жаттығулар орындау кезіндегі талдаулардың, тұжырымдаулардың екі аспектісін бөлуге болады: негіздеуші келесі әрекеттің теориялық негізі және оперативті – шешу алгоритмін құру.

Жаңа материалды түсіндіру кезінде өткен тақырып бойынша қайталау жұмысын дұрыс ұйымдастыру керек. Жаңа білімді қабылдауға қажетті базаны құру мақсатында, сол тақырыппен тікелей байланысты мағлұматтарды қайталау міндетті түрде іске асырылуы қажет. Мысалы, көрсеткіштік функцияның қасиеттерін оқыту кезінде оқушыларға келесідей тапсырмаларды ұсынуға болады:

1. Оқушы: «Нөлдік көрсеткішті дәреженің анықтамасы бойынша a мен b – ның кез келген мәнінде $(a^2 - b^2) \neq 0$ өрнегінің мәні бірге тең болады» деп жауап берді. Оқушы жауабымен келісесіңдер ме?

2. $a^n = b^p$, n, p ның кез келген мәндерінде $a^m = b^p$ теңдігі ақиқат болады деп айтуға бола ма?

3. $\sqrt{4^{-x} - 4}$ өрнегіндегі x үшін мүмкін мәндер жиынын анықтаңдар.

Өтілген тақырыптарды қайталау кезінде ауызша жаттығуларды тиімді қолдана білудің маңызы зор. Мысалы, оқушылар квадрат үшмүше және квадрат теңдеулер туралы қажетті мағлұматтарды естеріне түсіру үшін келесі түрдегі жаттығуларды қолдануға болады:

1. Түбірлері абсолют шамасы бойынша тең, тек таңбалары қарама – қарсы болатын квадрат теңдеудің жалпы түрін көрсетіңдер.

2. A – ның қандай мәнінде $y = 2ax^2 -$

3. $2x + 2 - 3a$ нөлге тең болады?

1. Егер түбірлері – бір-біріне өзара кері сандар екені белгілі болса, $ax^2 + bx + c = 0$ теңдеуіндегі коэффициенттер арасындағы байланыс қандай болуы мүмкін?

1. Егер түбірлердің біреуі -1 болса, $x^2 + px + q = 0$ теңдеуіндегі коэффициенттер арасындағы байланысты көрсетіңдер.

2. Түбірлері $0; 2; 5$ сандары болатыны бірден көрініп тұратындай теңдеу құрыңдар.

3. Тақырыптық қайталау әрбір тақырыптың немесе бөлімнің соңында жүргізіледі.

Қорытынды қайталау оқу жылының аяғында жүргізіледі. Қорытынды қайталау кезінде тараулар арасындағы байланысты көрсететін мағлұматтар, ақпараттар қолданылады. Негізгі мақсат ауызша қайталап, еске түсіру ғана емес, оқушының өнімді, тиімді қызметі болуы керек. Бұндай кезде қолдануға болатын ауызша жаттығулар:

1. $y = \lg x^2$ және $y = 2 \lg x$ функциялары графиктерінің айырмашылығы неде?

2. $(x+2)^2$ Функциялар графиктерінің айырмашылықтарын көрсетіңдер:

3. $x+2y =$ және $y = x + 2$

4. $y = x - 2$ және $y = |x - 2|^2$.

Оқу процесі кезінде жаттығулар қолдану формасы сан алуан. Тараудың ауқымды, маңызды бөлігін өткеннен кейін фронтальды, жалпылай ауызша сұрақтар жүргізудің пайдасы көбірек.

Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн. Ауызша жаттығулар орындаған кезде жақсы оқитын оқушылардан ғана сұраудың қажеті жоқ, қалғандарын жауап беруге тарту керек. Жақсы оқитын оқушылар жауабын жазып көрсетсе де жеткілікті, бірақ жауаптың дұрыс, қателігін бірден бермей, басқа жауаптың болуы мүмкін бе деген сұраққа жауап алуға тырысу керек.

Ауызша жаттығулар мүмкіндігінше өмірлік сұрақтармен байланыста болуы қажет, құрылымы бойынша жеңіл болуы керек, мазмұны және қойылған сұрақ толық, түсінікті және нақты болуы қажет.

Әдебиеттер

1. Лукин Р.Д., Лукина Т.К., Якунина М.С. Устные упражнения по алгебре и началам анализа. – М., 1989.
2. Математика Қазақстан мектебінде. – № 2 – 2008
3. Габай Т.В. Учебная деятельность и ее средства. – М., 1988
4. Арутюнян Е.Б., Волович М.В., Ю.А. Глазков, Г.Г. Левитас Математические диктанты. – М., 1991.

ҒТАХР: 14.15.01

ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАША ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Абдигерова Ж.Ш., даярлық сыныбының тәрбиешісі

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
«№ 21 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Жаңаша білім беру жүйесінде белсенді оқытудың әдістері жеке тұлғаның қалыптасуында маңызы зор. Оқытудың белсенді әдістері-оқу материалын игеру үдерісінде балаларды белсенді ойлау және практикалық әрекетке итермелейтін әдістер. Белсенді оқыту педагогтің дайын білімдерді баяндауына, оларды есте сақтауы мен қайта жаңғыртуына емес, балалардың белсенді ойлау және практикалық әрекет үдерісінде өз бетінше білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді. Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері олардың негізінде практикалық және ойлау әрекетіне ояту жатыр. Онсыз білімдерді игеруде алға жылжушылық болмайды. Оқытудың жаңа әдістерінің пайда болуы және дамуы оқытудың алдына тәрбиеленушілерге білім ғана беріп қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың, өз бетінше ақыл-ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету т.б. жаңа міндеттер қойылуымен байланысты.

Оқудың белгілі бір әдісін пайдаланардың алдында мұғалімдер өздеріне әр түрлі сұрақтар қойып, өзінің үдерістегі рөлі мен іс-қимылын ұдайы ойластырып отыруы керек. Белсенді оқу тәсілі жаңа білімді бұған дейінгі біліммен байланыстырады, қателіктер бізге өзімізді тексеріп, түсінігімізді жетілдіруге жол ашып, нәтижесінде терең білім мен көзқарасты өзгертеді. Белсенді оқуда өз тәжірибесінің негізінде үйреніп, оқушыларға эксперимент жасап, мәнін ұғынып, түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бірлескен оқу тәсілі құрылымдалған топтық жұмыстан тұрады. Бұл әдісте тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары жетіліп, ақпарат алу және жоғары деңгейлі ойлау дағдылары дамиды.

Оқу пәндері арасында байланыс орнату білім беру бағдарламасының аясын кеңейтіп, теңестіреді, тереңірек білім алуға мүмкіндік береді, көптеген дағдыларды қалыптастырады, түсінік пен дағдыларды дамытуға көмектесе алады, оқудың анағұрлым саналы меңгерілуіне көмектеседі, оқуға деген уәжді арттыра алады.

Балалардың қажеттілігін қанағаттандыру тәсілінде оқушылардың оқуға қолдау көрсету мақсатында тексеру және кері байланыс ұсынылады. Яғни, уәжді және өзін-өзі бағалау деңгейін арттыра отырып қай бағытта оқыту керектігін анықтауға көмектесеміз. Сонымен бірге оқушылардың өз жұмысын жақсартуына мүмкіндік беріп, оқушылардың барынша тиімді оқу жолдарын түсінуіне көмектесеміз.

Балалар өзара әңгімелесу арқылы тапсырмаларды талқылауы бір-біріне білім мен дағдыларды үйрете отырып, тақырыпты терең түсінуіне жол ашады. Балалардың өз үлгерімі туралы ойланып, әрі қарай не істеу керектігі туралы шешім қабылдауына мүмкіндік ала отырып, тапсырманы

күрделендіріп, оқушылардың оқуға деген уәжін арттырып отырады. Оқыту процесінде білім алушының қойылған оқыту мақсаттарын түсінгендігін растау ретінде басқа да оқу міндеттері қойылып және тиімді сыныптық пікірталас қалыптасқаны маңызды. Мұғалімнің тұрақты түрде кері байланыс жасауы білім алушыларды алға қарай жылжуға, жақсы нәтижеге жетуге ынталандыратын болады.

Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір педагогтың басты міндеті. Білім негізі мектепке дейінгі ұйымда қаланатын болғандықтан, баланың жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, қазіргі педагог қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Бұл мақсатқа жетуде педагог терең білімді, әдістемелік жағынан толық қаруланған және жоғары мәдени деңгейі болуы тиіс.

Мектепке дйінгі тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында тәжірибе барысында «Кластер» әдісін тиімді пайдаланамын.

Мақсаты: идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланысты жинақтау, тұжырымдау. Балалар тақырыптардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды. Тұжырымды ойларын картаға түсіріп, топтық жұмыс қорғалады (постер арқылы).

«Миға шабуыл» әдісі

Мақсаты: Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін ауызша ой салу.

Балаға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамау керек, қағазға түсіріліп, талқылау жұмысы болады.

«Галереяны шарлау» әдісі *Саймон Браунхилл бойынша*

Мақсаты: талқыланған мәселе, дайындалған постер бойынша қорытынды жұмыс немесе өнімді ұсыну арқылы өз жұмысын ұсыну, идеяларын қорғау, ерекше идеялар ұсыну.

Сараптау, жинақтау, бағалау; Ақпаратпен тиянақты жұмыс жасалады. Балалар ұсынылған мәселе, ақпарат туралы елестетуімен таныстырады; ұсынылған мәселе туралы өзгелердің пікірін біледі; өз жұмысын достарымен талқылайды, жұмысқа терең сараптама жасау арқылы өз білімін, түсінігін кеңейтеді.

«Өрмекші» әдісі (*постерде*)

Мақсаты: Жаңа материалды пысықтау, түйінді ойларды бекіту, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Өрмекші сұлбасына меңгерілген материалды пысықтау мақсатында кезең-кезеңдерімен пысықтауға тиімді.

«Үштік» әдіс (Ойлан, жұптас, бөліс.

Мақсаты: Балалар ойына келген жауаптар немесе идеяларды барынша көп жазу арқылы, кейін өз идеяларымен бөлісу.

Балалардың есте сақтау қабілеті (мұқият тыңдалым) сақталады. Өз ойын ашық айта алады.

«Дауыстап ойлау» әдісі

Мақсаты: ой тую, ой бөлісу.

Балаларды дұрыс тындауға ынталандырады. Сөйлесім, тыңдалым дағдылары қалыптасады. Ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды.

«Шабадан, еттартқыш, қоқыс жәшігі» әдісі

Мақсаты: баланы алған білімін саралай білуге дағдыландыру.

Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.

«Қара жәшік» ішіндегі жұмыс.

Мақсаты: баланың өзін-өзі бағалауын дамыту.

Баланың оқуға деген ынтасы мен өзін-өзі бағалауына ықпал етеді.

«Ашық микрофон» әдісі

Саймон Браунхилл бойынша

Мақсаты: баланы жылдам әрі тұжырымды ойлауға дағдыландыру шығармашылығын шыңдау.

Оқу әрекетінде белсенді оқу әдістерін қолдану баланың өзіндік рефлексия жасау дағдыларының дамуына, топтағы жалпы жұмысқа үлес қосып, қатысқанын сезінуге; оқу үдерісінің белсенді мүшесі болуына, құрдастармен қарым-қатынасының дамуына, танымдық белсенділігінің артуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, тәрбиешінің оқу әрекетін қызықты ұйымдастыруына, балаларының танымдық әрекетін күшейтіп, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдай түсуіне ықпал етеді.

Шығармашыл тұлға тәрбиелеу отандық білім модернизациясы концепциясындағы басты мақсаттардың бірі. Оны іске асыру баланың қабілеті мен мүмкіндіктерін, танымдық қызығушылықтарының дамуын талап етеді [5].

Баланы шығармашылық үрдіске енгізуде тиімді әдістерге:

Ойын әрекеті;

Жағымды эмоционалды жағдаятты тудыру;

Ұжымдық жұмыс;

Оқытудың проблемалық әдісі жатады.

Мектепке дейінді ұйымда оқу әрекетін көрнекі-құралдарсыз өткізу мүмкін емес. Осы орайда компьютердің көмегі зор. Қазіргі заман талабы балаларды ақпаратты коммуникативті технологиясын пайдаланудың тиімділігімен таныстыру керек. Ол үшін тәрбиеші компьютерлік технологияларды жетік меңгеруі керек.

Ақпараттық технология дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алуға беру үрдісі. Бұл үрдісті іске асыруға, яғни инновациялық білім беру құралдарына: аудио-видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютер-мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Сондықтан да қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табууда.

АКТ-ны пайдалануда сабақтың мынадай ерекшеліктері бар:

– Тәрбиеші балаға сұрақ қойып, тез арада бала оған жауап береді;

– Тәрбиеші тапсырманың дұрыстығын тексереді;

– Баланың компьютермен жұмыс барысында пайда болған қиындықтарды уақытында шешуге болады;

АКТ-ны оқу әрекетінде пайдаланудың бала үшін тиімділігі:

– Баланың еркін ойлауына мүмкіндік береді;

– Ақыл-ойын дамытады;

– Шығармашылық белсенділігін арттырады;

– Ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді;

– Тіл байлығын жетілдіреді;

– Жан-жақты ізденушілігін арттырады.

Оқу әрекетінде жаңа технологияларды ұтымды қолданғанда білім берудің негізгі мақсаттары іске асады, коммуникация саласында балалардың фактілерді жнақтау, оларды салыстыру, ұйымдастыру, өз ойын еркін жеткізу, ауызша тілді жетік меңгеру, жаңалық ашу, таңдау жасау, шешім қабылдау сияқты құндылықтары қалыптасады.

Мектепке дейінгі мекемеде жаңа технологияларды қолдану балалардың таным және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, оқу үрдісін сапалы ұйымдастыруға, оқу әрекетін жаңаша өткізу әдістемесін жоғарылатуға, тәрбиеші жұмысын жүйелеп, тиімді жоспарлауға зор септігін тигізеді.

Әдебиеттер

1. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д., Грабенко Т.М. Чудеса на песке / Практикум по песочной терапии. –Изво: Речь», 2005.
2. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д., Грабенко Т.М. Игры в сказкотерапии. – СПб, 2008.
3. Кисилева М.В. Арт-терапия в работе с детьми. – СПб, 2006.
4. Балапанов Е.Қ., Бөрібаев Б.Б. Ақпараттық мәдениет негіздері. Әдістемелік нұсқау – Алматы, 2005.
5. Венгер Л.А. Қабылдау мен оқыту – М. Просвещение, 1969.
6. Жарықбаев. Психология. – Алматы, 1970.
7. Ядэшко В.И., Сохин Ф.А. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы: «Мектеп», 1982.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ САБАҚТА БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Азимбаева Г.К., Сыгаева Л.З., физика пәні мұғалімдері
Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
«№ 32 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Белсенді оқыту әдістері ойлау және практикалық іс-әрекетке жетелейтін әдістердің бірі, яғни тек оқуда ғана емес тіпті күнделікті өмірде де керек болатын оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытудың септігі. Сабақтарда көбіне оқушылардың топтық жұмыстарын ұйымдастыру: жаңа тақырыпты бекіту кезеңінде әрбір топқа дайындық деңгейі төмен, орташа және жоғары оқушылар топтасады. Мұндай топтық жұмыстардың мағынасы мынадай: топ тапсырма алғаннан кейін дайындық деңгейі жоғары оқушы тапсырманы орындап басқа дайындығы төмен оқушыларға түсіндіреді. Бұл әдіс оқушыларда өзара көмек көрсету, ұжымдыққа, өзара араласу, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға тәрбиелейді. Физика сабағындағы белсенді әдістер не береді?

Оқушы атынан:

«Топтық жұмыс берілген тақырыпты мүлде басқа жағынан, тереңдетуге мүмкіндік берді. Бұл қандайда бір мәселені көруге, түсінуге және өзіндік шешім қабылдауға қолдай жасайды»

«Мен өз ойымды айтуға үйрендім»

«Әрі қарай оқуыма менде ынта пайда болды»

Мұғалім атынан:

«Өз оқушыларымда байқалмай жүрген дарындылықтарын көрдім, олар өздері үшін жаңа ақпараттарды ашуда»

«Мұғалім қолдау көрсетеді, күштемейді, көмектеседі, қысым келтермейді, зерттеушілікке қолдайды, бірақ оқушы орнына мәселені зерттемейді»

«мұғалім аз сөйлеп көп тыңдайды, бақылайды және оқушыны бағыттайды»

Ол үшін қазіргі таңдағы оқыту технологияларының әр түрлі әдіс-тәсілдерін пайдалану тиімді болып келеді: «Джиксо-ұжымдық оқыту», «Ажурлы ара», «Мозаика немесе Ара ұясы» әдіс-тәсілдері. Мақсаты: Жалпы мәселені жұпта, ұжымда талқылау. Бұл әдіс-тәсілдер мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды, өз бетінше ойлауға, ізденуге, нәтижеге жетуге дағдыланады. Сондай-ақ, мұғалімді мектеп қызметкерлерін түсіну оларға деген дұрыс көзқарасқа үйретеді.

Физика – оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және дамытатын негізгі буын. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, табиғат заңдылықтарын толығымен түсінуге ықпал жасайды. Заттар, нысандар, құбылыстар туралы мағлұматтар беру кезінде де адам әрекеті солармен бірлікте, байланыста беріледі. Заттар және олардың қасиеттері, физикалық құбылыстар, заңдылықтар, физикалық формулалар, физикалық заңдылықтардың қолданылатын салалары, ауыл шаруашылығы мен халық шаруашылығы, тұрмыстағы, техникадағы, медицинадағы т.б. алатын негізгі орны, қолданылуы және олардың қоршаған ортаға экологиялық әсері туралы білім, білік, дағдыларын қалыптастыру мектепте «Физика» пәні арқылы жүзеге асырылады.

Сабақта әр бір өтілген мәтінді өмірмен байланыстырып отыру арқылы бүкіл табиғаттың, қоршаған ортаның сырын, өз туған өлкемен байланыстырып өту баланың қызығушылығын арттыруда үлкен септігін тигізеді. Физиканы оқытуда әр сабақ сайын тек қана теорияға негізделмей зертханалық және практикалық жұмыстарды орындап отыру қажет. Есептер шешу, ұғым құру, қорытынды шығару, тұжырым жасау сияқты тапсырмаларды жүйелі түрде орындаудың іске асырылуын ескеріп отыру керек.

Физика сабағында оқушыларға нақты мысал келтіре отырып, олардың алған білімдері маңызды практикалық мәселелерді шешуге қажет екендігін түсіндіру қажет. Оқушылардың білімнің өмірлік маңызын түсінуі, теория мен практиканы тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын арттырады, оқушылар біліміндегі формализми элементтерін жояды. Оқушылардың білімге ынтасының болуы, олардың сабақтағы белсенділігінің артуына білім сапасының жоғарлауына, білім алудың пайдасын түсінудің қалыптасуына мүмкіндік береді. Білім берудің құрылысын, оқушылар мұғалім берген мақсаттарды түсінетіндей, қабылдайтындай етіп құру керек және оқушы мұғалім қойған мақсатты

белсенді жүзеге асырушысы болуы тиіс. Оқушылардың білімге ықыласын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі – сабақта ойындарды қолдану. Ойын – әрқашан кішкене білім, кішкене білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Ойынды алданыш және жеңіл көңіл көтеру деп ойлайтындар физика сабағында мынадай әдіс тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, сауатты болуға дағдыландырады.

Жұптағы ой қозғау. Оқушылар қандай да болмасын ақпарат туралы бар білгендерін жазбаша келтіреді. Бұл тапсырманы орындауға берілген уақыт 2-4 минут қана, оқушылар өз жұптарымен жазғандарымен бөліседі, сұрақтарға жауап береді, тізімдерін толықтырады.

Кластерлер. Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Негізгі тақырып немесе тірек тақтаның ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді, оқушылар оларды бір-біріне қосады да, өзара байланыстыру туралы әңгімелейді. Мысалы: ойлан, жұптас, пікірлес – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған тәсіл. Тақтада сұрақ, тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3 – 4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалім 2-3 жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрануына болады. Алдын – ала берілген атаулар – мұғалім сабақ барысында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау (терминдер) жазып қойып (3-4 атау) оқушыларға олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлауын сұрайды. Бұл жұмысты оқушылардың жеке жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша яки жазбаша орындалуы ықтимал. Содан кейін мұғалімнің бірнеше оқушының ойы мен пікірін тыңдауына болады.

Еркін жазу – оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын қағазға түсіруді талап ететін тәсіл. Оқушылар берілген уақыт аумағында (5-7 минут) тоқтамай жазуы керек. Сабақтың негізгі бөлімінде мұғалім оқушыларға білім алудың белсенді тәсілдерін ұсынып, олардың өздігінен жаңа мәліметті жан – жақта қарастырып, зерттеп, игеруіне мүдделі. Оқушылар жекелей, жұппен, топпен жаңа ақпаратпен танысып, ол туралы өзіндік пікір қалыптастырады.

Сұрақ қою қайтадан сұрақ қою – мәтіннің әр бөлігінен кейін оқушыларға бір – біріне немесе өзгеде оқушыларға белгілі бір жүйемен сұрақ қою тәсілі. Мәтіннің бірінші бөлігі оқылып жатқанда А оқушы В-ға бірнеше сұрақ жазбаша дайындайды. Мәтін оқылып біткеннен кейін В оқушы жауап береді. Екінші бөлімнен кейін керісінше В оқушы А оқушыға сұрақ қояды. Үшінші бөлімнен кейін екеуі С және Д оқушыларға сұрақ қояды.

«Джигсо» әдісінің артықшылығы – топта жұмыс істеуге арналған құрылым ұсынып, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететіндігі.

Мұғалім сыныпты шағын топтарға бөледі (әдетте, төрт адамнан). Мұғалім оларды сыныптың тепе-теңдігін сақтай отырып, жынысына, қабілетіне, қарым-қатынастарына қарап бөледі.

Құрылған әр топқа дәстүрлі тапсырма беріледі. Тапсырма үлестірме материалдар түрінде таратылады. Күрделілігі бойынша оқуға арналған материалдың тиісті күрделілік деңгейі сақталуы керек. Егер топ төрт адамнан тұратын болса, басты тапсырманың ішінде топтың әр мүшесіне бір сұрақтан төрт сұрақ немесе тапсырма болады. Сұрақтар немесе тапсырмалар топ ішінде оқушылардың өзара келісуі арқылы бөлінеді. Сабақты бекітуге және үй тапсырмасына қолдануға болатын әдістер: Ыстық орындық – Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады.

Оңай және қиын сұрақтар кестесі. Бұл кестені оқушылар қандай да болмасын мәселе бойынша өз пікірін келтіру үшін немесе жаңа ақпаратпен танысқанда толтыра алады. Кестенің сол жағына олар түсініктері бойынша оңай, ал оң жағына қиын сұрақтарды келтіреді. Мысалы, оңай сұрақтар дегеніміз мәтінде жауабы бар саулдар, ал қиын сұрақтардың жауабы мәтінде жоқ, оларға тек өзіндік тұрғыдан ғана жауап беруге болады.

Бұлардан өзге сабақтың бұл кезеңінде семантикалық карта, Венн диаграммасы, сөз жұмбақ, тәжірибе жасау, физикалық диктант т.б тәсілдерді пайдалануға болады.

Мұндай сабақтардың өтілуі нәтижесінде оқушыларда бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа және бір-біріне жауапкершілік сезімнің болуы, менмендік және жалқаулықтан безу қасиеттері қалыптасады. Физика курсының әрбір тақырыбын оқыту барысында оқушыларды айнала қоршаған ортаны танудағы физиканың рөлін дұрыс түсінуге және алған білімдерін практикалық есептерді шешуде қолдана білуге әсері тиетіндей пәнаралық байланыстарды іске асырып отыруы қажет.

Нәтижесі.

Сабақ барысында белсенді оқыту әдіс-тәсілдерін пайдалануының нәтижесі сабақтың тиімділік критерийлері арқылы анықтауға болады.

Сабақтың тиімділік көрсеткіштері:

фзикаға пәнін оқуға деген ынтаның болуы;

тұрақты танымдық қызуғушылықтың болуы;

оқушыларда ойлау қабілеттерінің үнемі дамуы;

білім сапасының артуы;

Осы үлгідегі оқытудың әдіс-тәсілдері оқушылардың есте сақтау қабілетін арттырып, оларды жинақылыққа, дәлдікке, шығармашылыққа баулуға көмектеседі деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

1. Алексюк А.Н. Общие методы обучения в школе. – К.: Радянська школа, 1983. – 244с.
2. Әлімов А. Белсенді әдістерді қолданудың тиімділігі. Оқу құралы. – Алматы, 2009. – 263 б.
3. Давыдов В.В. Теория активных методов обучения. – М.: ИНТОР, 1996. – 544 с.
4. Оразғалиева С. Әдістер қоймасы. – А., 2002. – 198 б.
5. Загвязинский В.И. Теория обучения: Современная интерпретация: Учебное пособие для вузов. 3-е изд., испр. – М.: Академия, 2006. – 192 с.

МРНТИ: 14.25.07

ФОРМИРОВАНИЕ НАВЫКОВ СЛУШАНИЯ И ГОВОРЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Асылбекова Б.Т., учитель русского языка и литературы

Республика Казахстан, г. Семей

КГУ «Средняя общеобразовательная школа № 21»

Проблемы обучения говорению и слушанию чрезвычайно важны, так как именно эти виды речевой деятельности позволяют человеку непосредственно вступать в общение и через него в социально-общественные отношения.

Говорение – это продуктивный вид речевой деятельности, посредством которого осуществляется устное общение. Говорение является деятельностью говорящего, применяющего язык для взаимодействия с другими членами данного языкового коллектива. В процессе говорения используются разнообразные средства языка для передачи сложного содержания, включающего, помимо собственно информации, обращение к слушателю, побуждение его к действию. Умение говорить является одним из основных профессиональных умений учителя.

Слушание – это рецептивный вид речевой деятельности, направленный на восприятие и понимание звучащей речи. С помощью слушания осуществляется передача знаний, обмен информацией, регулируются отношения между людьми. Умение слушать – профессионально-значимое умение.

Во-первых, учитель сам должен уметь слушать ответ ученика (быстро реагировать на ответ, перестраивать – в случае необходимости -формулировку вопроса и т.д.); диалог (полилог) учеников; своих коллег, родителей и т.п. Во-вторых, учитель должен учить детей внимательно слушать, чтобы обеспечить усвоение учебной информации. Трудно назвать лингвиста, психолога, методиста, который не признавал бы значения говорения и слушания в учебной деятельности учащихся. Но работ, посвященных обучению учащихся слушанию и говорению как видам речевой деятельности, не так уж много. Поэтому существует необходимость в решении проблемы обучения учащихся слушанию и говорению, в основе которой лежит формирование умений, необходимых для восприятия, понимания и устного воспроизведения содержания текста, воспринимаемого на слух, а также для составления собственных устных высказываний. (Мы полагаем, что обучение слушанию и говорению должно быть взаимосвязанным).

Базой для формирования таких умений может стать цикл уроков, на которых рассматриваются речеведческие сведения о говорении и слушании. В ходе этих уроков учащиеся работают над пересказом и составлением устного высказывания на основе таких типов текста как повествование,

описание, рассуждение. Для взаимосвязанного развития слушания и говорения была использована аудио-и видеоаппаратура.

Традиционно слушанию и говорению обучали в основном на материале письменных источников. Полагается, что если взаимосвязанное обучение слушанию и говорению вести на материале звучащих устных текстов-образцов, то это будет способствовать совершенствованию речевой культуры учащихся.

Обучение говорению – лишь часть «обучения устной речи», ибо устная форма общения включает в себя и говорение, и слушание. Необходимо параллельное взаимосвязанное развитие этих двух видов речевой деятельности в течение определенного времени, ибо слушание и говорение – не просто две стороны одного явления, – а это взаимосвязанные, взаимообусловленные и взаимовлияющие друг на друга компоненты.

Под взаимосвязанным понимается обучение, направленное на одновременное формирование двух видов речевой деятельности в рамках их определенного последовательно-временного соотношения, на основе общего языкового материала, с помощью специальной серии упражнений. Одновременность обозначает, что каждое речевое умение, рассматриваемое как самостоятельный вид речевой деятельности, развивается с самого начала обучения и что развитие говорения способствует развитию слушания, а развитие слушания помогает развитию говорения.

Задания необходимо составлять с учетом дифференциации в зависимости от уровня подготовленности детей, например, способные учащиеся смогут самостоятельно привести убедительные аргументы. При составлении заданий очень важно использовать различные формы деятельности. Умелое сочетание индивидуальной, фронтальной и групповой работы, объединение в парной работе разных по уровню подготовки учащихся, разнообразные и интересные формы контроля, комментирование оценок с указанием заметного улучшения результатов/деятельности привосприятии текста/материала на слух отдельными учащимися и т. д. будет способствовать активизации их умственной деятельности, повышению интереса к работе, личной и коллективной ответственности. Кроме того, виды и формы деятельности учащихся подробно описаны в учебных планах по каждому классу.

Например: ответить на вопрос, подготовить монологическое высказывание в жанре рассуждения (индивидуально), создать постер на основе прослушанного материала (в парах, группах) и др.

На материале одного аудио/видеоролика учащимся можно выполнить несколько заданий, поочередно после каждого прослушивания. Например, в парах пересказать содержание текста после первого прослушивания. Можно рекомендовать учащимся делать краткие записи, пометы во время слушания. Особенно это касается имён, цифр, дат, фактов. После второго прослушивания предложить учащимся составить «тонкие» и «толстые» вопросы. И третье задание: записать важную информацию, которую они в дальнейшем смогут использовать при говорении или в письменной работе. Например, в 11 классе при изучении темы «Миграция» можно дать задание в группах – обсудить и записать 3 причины миграции, опираясь на содержание прослушанного материала.

Виды заданий и формы деятельности учащихся зависят от содержания цели обучения. ИОП даёт возможность развивать следующие навыки слушания:

- понимать общее содержание текста (основную информацию, второстепенную).

Лексическую работу можно проводить до и/или после прослушивания текста. Конечно, нет смысла без предварительно лексической работы слушать текст, в котором много незнакомых слов, поэтому определить их значение необходимо заранее. Также можно предложить учащимся во время слушания записывать (в черновиках или на специальных карточках) слова, которые показались им трудными, непонятными. Дальнейшую работу с этими словами можно строить по-разному, здесь необходим дифференцированный подход – некоторые ученики смогут самостоятельно объяснить значение трудных слов или терминов, и им обязательно нужно предоставить такую возможность. Ниже учащимся предлагаются некоторые приёмы работы со словами:

- самостоятельно справиться о значении слова в «Толковом словаре» или онлайн-словаре;

- прогнозировать значение слова;

- установить значение слова из контекста;

- составить предложение с этим словом (для закрепления);

- соотнести слово с его толкованием;

- привести синонимы, антонимы к слову;

- повторить и объяснить правописание слова, термина.

Подробнее остановимся на игре-стратегии «Словарь»

Проводится она следующим образом: учитель объединяет учеников класса в 3-4 группы и для всех групп быстро читает слова или выражения по теме. Их может быть не больше пяти. Учащиеся в группах работают в следующем порядке: один ученик быстро записывает слова, второй ученик дает своё понимание слова (как он предполагает), третий ищет значение слова в «Толковом словаре», четвёртый составляет предложение. Учитель должен проследить за тем, чтобы каждый ученик выполнял задание самостоятельно, не советуясь с другими. Группа представляет свою работу. Учитель подводит итоги проделанной работы и выявляет самую эрудированную группу. Игра должна проводиться быстро, учитель должен заранее объяснить условия игры и распределить задания.

Әдебиеттер

1. Образовательная программа курсов повышения квалификации педагогических кадров в рамках обновления содержания среднего образования Республики Казахстан. Руководство для учителя. – Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2015.
2. <http://www.edu54.ru> Вернер П.Г. Применение активных методов на уроках в начальной школе.
3. <http://tatianakhromov.ucoz.ru> Хромова Т.Н. Активные методы обучения.
4. «Развитие навыков слушания и говорения на уроках русского языка» Кожамкулова Г.Е., Шомина К.Г. – Астана, 2015 г. – 44 с.

ҒТАХР: 14.25.17

STEAM ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Аязбаева Л.Т., шағын орталық тәрбиешісі

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «Жарқын ЖОББМ» КММ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны балалардың бойында «креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға» бағытталғандығы көрсетілген [1]. Бұл жаңартылған білім беру мазмұнының түйінді идеяларының бірі – мектеп жасына дейінгі балалардың бойында 4К моделінің дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

STEM білім беру технологиясы бойынша балаларға берілетін ақпараттар қарапайым, жеңіл болмауы керек. Керісінше күрделі, ғылыми тұрғыда балалардың жас ерекшелігіне орай тереңірек түсіндірілуі қажет.

Аталған технологияны пайдалануда тәрбиеші бір зат туралы оны өзі талдын ала терең зерттеп, ғылыми ақпарат береді, қажетті ақпараттарды тауып, табылған ақпараттарды балалардың жас ерекшелігіне орай ықшамдап, арнайы бейнероликтер дайындап алуы қажет. Тәрбиеші балалардың технологиялық сауаттылығын қалыптастыру бойынша тапсырмалар әзірлейді. АКТ бойынша интербелсенді тақтада дамытушы тапсырмалар құрастыруға болады. Балалар заттың макетін әртүрлі әдіспен құрастырады.

Балалардың танымдық белсенділікке қажеттілігін ескеріп, дербестігін ынталандыруда белсенді әрекетке түсірудің маңызы зор. Себебі бала белсенді әрекетке түскенде ғана ақпаратты толық (визуалды, аудиалды, кинестетикалық) қабылдайды.

Тәжірибемде тәрбиеленушілердің оқу қызметіне деген қызығушылығын арттыру, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында осы технологияны кеңінен қолданудамын. Топпен ұжымдасып жұмыс жасау ұйымдастырылған оқу қызметінің уақытын үнемдеп, тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Топпен жұмыс барысында балалар бір мақсатқа жету үшін бірігіп, мәмілеге келіп әрекет етуге дағдыланады. Бір-бірінің ойын тыңдап, толықтырып, ортақ түйін шығарады және де өз жұмыстарын ортаға шығып таныстыруды үйренеді. Осындай жұмыстардың жүйелі жүргізілуі балалардың бойында 4К моделі дағдыларының қалыптасуына әсер етеді.

Қазіргі таңда жас буынның бойында шығармашылық дағдыларды қалыптастыруда тапсырманы орындап тастау мен қатар оны талдау, осы бағытта өзіндік жұмыс жүргізу, өз тұжырымын құрастыру, зерттеу, бақылау содан соң нәтижені алу мен көпшілік назарына қорғау арқылы ұсыну сияқты процестерді орындау икемділігі қалыптасады.

STEM технологиясы ол ағылшын тілінен аударғана:

С – ғылым,

Т – технология,

Е – инженерия,

М – математика деген іргелі ғылым салаларының басын бір арнаға тоғыстырып тамаша нәтиже мен өнім алуға негізделген заманауи оқыту технологиясының бірі. Мақсаты – баланың белгілі бір ұғым топтамасы бойынша теориялық білімі болып қана қоймауын, оны ары қарай дамыта түсіп іс-әрекет жүзінде іске асыруға мүмкіндік беру.

Қазіргі заманда білу ғана жеткіліксіз, білгенді іске асыру және одан жоғары нәтиже мен өнім алу бұл осы технологияның көксеген басты талабы. Осы технология бойынша балалар тек біліп және жасап қана қоймай, ойлануы, санасын дамытуы, еске сақтауы мен шығармашылық деңгейлерінің сапасын арттыруы басты назарда ұсталады. Өйткені осы құндылықтар арқылы оқушыда тұлғалық іс-әрекеттік жан-жақты құзіреттілік қалыптасады, дамиды.

STEM технологиясы – білім беру мен оқытудағы әдістердің біріктірілген жүйесі. Осы арқылы түрлі ғылыми ойлар мен тұжырымдар практикалық тұрғыда сынақтан, тексеруден өтіп, шынайы өмір саласында зерттеледі. Осы негізде мектеп, қоғам және әлем атты кеңістіктік байланыс жүйесі іске асып осы технология аясында сыннан өткен түрлі жобалар мен әдістер, іс-әрекеттердің жүйелері іске асып халық игілігіне жаратылады.

STEM атауын алғаш рет 1990 жылы АҚШ бактериолог ғалымы Р.Колвелл ұсынған болатын, алайда осы ұғым атауы тек 2000 жылдардан кейін ғана кеңінен қолданыла бастады. Осы арқылы түрі зерттеу жүргізіліп, талдаулар жасалып, түрлі бағытта қолданып көрулер нәтижесінде STEM-нің STEAM және STREAM деп аталатын түрлері қалыптасты.

Елімізде де STEM білім беруді дамыту біртіндеп қолға алынып келеді. Алғаш 2017 жылдан бастап бастап енгізілген бұл технологияның қазіргі таңда өзектілігі жоғары, басқасы басқа, бірақ осы дәл біздің еліміз үшін аса қажет. STEM оқыту технологиясы бірнеше ғылым саласын қамтып және олардың басын біріктіре отырып, кешенді түрде білім беретін оқыту технологиясы. Оқушыларды бәсекеге қабілетті жан-жақты дайындауда тиімділігі аса зор. Бірнеше ғылымдар деген сөзімізге тоқталып, таңдалған оқыту технологиясы туралы ашып айтамыз.э

STEM – оқыту технологиясы алдымен ғылым деген бағытты біріктіреді. Ғылым бұл адамзаттың ақыл ойын кешенді түрде белгілі бір мақсатқа жұмылдырып, нақты нәтижеге, мақсатқа қол жеткізу үшін жасалатын осы жолда оның нақты бағдарламасы болатын, уақыты жоспарланған және қажетті ресурстармен қамтылуы аса қажетті күрделі әрі кешенді сала немесе бағыт. Ғылым негізі идеядан басталады, нақты ой тұжырымдалады. Ал идея дегеніміз ол ой мен қиялдың нақты жоспарланған, тұжырымды нәтижесі. Ойлану мен қиялданудың бірігуі ол аса құнды идеялық шешімге әкеледі. Ол адам санасында жаңғырып, жаңартылуы да мүмкін. Ол ойлау мен қиялдаудың жоғары деңгейінде бір-бірін өзара толықтырып бірнеше нұсқалы идеялардың қалыптасуына әкеледі. Бұл өте күрделі бихевиористік құбылыс. Осындай идеялардың пайда болуын біз шығармашылық идеялар деп те атаймыз. Өйткені адамның психологиялық сана-сезімінің даму ерекшеліктеріне сай адамда қабілет деген ерекше қасиет бар. Осы қасиеттер адамдарды шығармашыл идеялар адамы немесе нақты орындаушы адам деген топтарға бөлуімізге жетелейді.

Шығармашылық идеялардың дамуының түпкі өнімі – шығармашылық жобалар. Шығармашылық жобалар ол түрлі бағыттар бойынша қалыптасқан идеялар негізінде эстетикалық немесе жарытылыс-техникалық, не болмаса гуманитарлық бағытта құрастырылған іс-әрекеттер нәтижесі немесе өнімі. Осыны негізінде ғылымның тармақтары дамиды. Ал оның негізінде ғылым дамиды. Ғылым дегеніміз ол танымдық бағыт. Осы арқылы тұлғаның қоршаған орта және ондағы барлық құбылыстар мен әрекеттер, заңдылықтар мен процестер туралық ақпаратпен қанығып қана қоймай оны бақылауы, зерттеуі мен тәжірибе жасауы арқылы дүниетанымдық кешенді көзқарасы қалыптасады. Бір сөзбен айтқанда адам дүниені, затты, әлемді таниды.

Ғылымды дамыту арқылы түрлі аса құнды идеялар мен жобалар дамып, кез-келген дүние немесе зат және барлық әлемнің мағынасын, құрылысын, іс-әрекетін, заңдылығын, ерекшелігін тануға, білуге, құнды ақпаратты алуға, түсінуге, игеруге, зерделеуге, бақылауға, анықтауға, зерттеуге және нақты қорытынды мен тұжырымдама жасауға қол жеткіземіз. Зерттеп білген әлемді ары қарай игеретін құралдар, технологиялар немесе іс-әрекеттер жиіні қалыптасады. Оны келесі бағыт – технология бағыты қарастырады.

Келесі бағыт – Т-технология бағыты. Бұл бағыт түрлі техникалар мен технология, инновация элементінің тоғысқан жері. Технология арқылы үлгілеуге, жобалауға содан соң есебін шығарып болып, құрастыруға, дайындама жасауға, тәжірибе үлгісін даярлауға, оны сынақтан өткізуге, ең соңында

дайын болған өнімді алуға нақты мақсатқа жетуге мүмкіндік аламыз. STEM саласында бұл сала екінші тармақта және аса өзекті салалардың бірі болып табылады.

Келесі – Е-инженерия бағыты – бұл бағыт жобалау мен үлгілеу және құрастыру сонымен бірге ойлау мен жаңа идеялардың басын біріктіретін техникалық сала. Осы арқылы жаңа техникалық жобалардың идеясы қағазға түсіріліп, оның барлық өлшемі қалыптасады, есептері дайындалады. Нәтижесінде технология саласымен бірлестікте жобалық өнімді құрастыруға кіріседі. Дайындауға тікелей қатысады.

Содан кейінгі бағыт – М-математика бағыты. Математика бұл барлық өлшемдер мен есептеулер, жоба мен шешімдердің аралығында болатын барлық іс-әрекетте жасалатын жобалар мен өнімнің есебін, өлшемін, мөлшерін, құнын және қашықтық өлшемін барлығын есептеу үшін аса қажетті сала.

Бұған сонымен қатар **А-арт-яғни өнер саласын** да қосуға болады.

Өнер-шығармашылық идеялар мен эстетика, талғам, дизайн, сәндік-өнер және әсемдік, үйлесімділік, әдемілік, ыңғайлы және қолайлы, қол жетімділік салалары бойынша жетілдіру саласын қарастыра отырып, сонымен бірге жаңа шығармашылық өнімдер мен идеялардың пайда болуына тікелей байланысты сала. Осының негізінде жаңа жобалар мен өнімдер, түрлі заңдылықтар мен шешімдер, формалар қалыптасады, пайда болады. Сондықтан STEM-нің STEAM деп аталатын тобы ұғымдардың бірігуі мен бірлесуі нәтижесінде аса тиімді жұмыстар атқарады.

Әдебиеттер

1. Білімді ел // Образованная страна – № 20(57), 2016 ж.
2. Жұмабаев М. Жалпы педагогика. – 2009.
3. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangygu-atty-makalasy «рухани жаңғыру» Елбасының халыққа жолдауы
4. Ишанғалиева А.М. Құзыреттілік – білім мен мүмкіндіктің бірігуі // Шетел тілін оқыту әдістемесі. – № 2. – 34 б.
5. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар – талапшаң мұғалім еншісі // Бастауыш мектеп. – 2011. – № 4. – 25 б.

ҒТАХР: 14.25.71

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Батырханова Г.А., бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

«№ 3 жалпы орта білім беретін мектеп-кешені» КММ,

Сләмжан А.Ж., бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

«Қ. Сәтпаев атындағы № 2 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту барысында мәтінмен жұмыс істеу, талдау әдіс-тәсілдерін қарастыру мақсаттары мен міндеттерін аша отырып, мәтіннің мазмұндық құрылымы мен түрлерін ашу жолдарын, мәтінмен жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін, мәтінді талдаудың алгоритмін құрастыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда мәтінмен жұмыстың ролі ерекше маңызды.

Елімізде көптеген халықаралық зерттеулер жүргізіліп жатыр. Соның бірі 2009, 2012 жылдардағы PISA зерттеуі нәтижелері бойынша қазақстандық оқушылар мәтінмен жұмыс істеуде өздерінің шетелдік құрбыларынан айтарлықтай артта келеді, оқу біліктілігі мен дағдыларының жеткіліксіз деңгейде қалыптасуын көрсетеді. Атап айтсақ:

- түйін сөз бойынша ақпарат іздеуде;
- қолда бар мәліметтер негізінде болжам жасау;
- зерттеу мәліметтері мен ғылыми фактілерді түсіндіру;

- дәлелдер мен қорытындылар негізінде жасаған зерттеу мәліметтері мен ғылыми фактілерді анықтау;

- графикалық ақпаратты түсіндіріп беру.

Сол себепті бүгінгі таңда білім саласында өзекті болып отырған мәселе – оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, оның ішінде, оқу сауаттылығын арттыру. «Оқу сауаттылығы – адамның жазбаша мәтіндерді түсіну және пайдалану, ол туралы ойлану және мақсатқа жету, өз білімі мен мүмкіндігін кеңейту, әлеуметтік өмірге қатысуға қол жеткізу үшін оқумен айналасу қабілеті». Оқушының функционалдық сауаттылық дағдысын дұрыс қалыптастырсақ, оқушы мәтіннен ақпарат алуда жазу мен оқу дағдысын жеңіл қолданады, оны түсінеді, өзгертеді.

Жас ұрпақты өзінің ана тілінде еркін, мүдірмей сөйлетіп үйрету үшін оқыту әдістемесін жетілдіре түсу – бүгінгі күннің аса маңызды мәселесі. Бүгінгі күннің тілек-талабы тұрғысынан білім мазмұны жаңарту, өмір талабына орай дамыта оқыту, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолданып, заман ағымына жауап беру мұғалімдерге жауапты істер жүктейді.

Мәтінде кездесетін сөздер мен сөз тіркестеріне де айрықша мән беру қажет. Оқулықтардағы мәтіндер оқушылардың білім деңгейіне байланысты болу керек. Мәтінді оқытудың мынадай түрлері бар:

1) Дауыстап оқу: бұл әдісті жүргізе отырып, оқушының сөйлеу элементтерін меңгергендерін байқауға болады. Дауыстап оқытудың тағы бір тиімділігі мынада: оқушылар бірінің қатесін бірі естіп және оны түзетеді.

2) Іштей оқу. Бұл жұмыстың мақсаты оқушылардың шапшаң оқу дәрежесін анықтау. Мысалы: мұғалім оқушыларға іштей оқу үшін бір мәтін беріп, қай жерге келгенде кітаптарын жауып, мұғалімге бітіргенін байқатады. Осыған қарап ұстаз олардың оқу шапшаңдықтарынан мөлшерін белгілеп отырады. 3) араласып немесе кезектеп оқу.

4) түртіп оқу.

5) мәнерлеп оқу.

6) Сөйлемді мағынасына, айтылуына қарай дауыс ырғағымен оқу.

Сабақта бірімен мәтінді тек оқытып қана қоймай, сол мәтіннің тәрбиелік мәніне байланысты мақал-мәтелдер, өлеңдер, қанатты сөздер алып, қосымша дәптермен жұмыс жүргізу тиімді. Оқушылар оқулықпен саналы жұмыс істеу үшін сабақ жоспарлау барысында оқушының алдында мәтінмен жұмысты зерттеуге айналдыратын оқу міндеттерін қою аса маңызды.

Оқушы не істей білуі керек

Түсіну дегеніміз – оқыған немесе естіген нәрседен өзіндік мән табу, тұжырымдау. Атап айтсақ:

- ұғымдар мен құбылыстарды салыстырып, ұқсастығы мен ерекшелігін таба білу
- өз мысалдарын келтіре алу
- оқыған нәрсені интерпретациялап, яғни өз сөзімен баяндап немесе басқа формада, бір «тілден» басқа «тілге» «аударып» көрсете алу
- оқығаның немесе құбылыстың әрі қарай өрбу барысын, нәтижесі мен салдарын болжай алу.

Оқырман сауаттылығының негізі – мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады.

Бұл оқушылар шығармадан қажетті ақпарат алуына, нақты мәтіннен қорытынды шығаруына, негізгі кейіпкерлердің әрекеттерін интерпретациялауға, мәтін үлгісімен бекітуге және мәтін құрылымының бастапқы сараптамасын алуға көмектеседі.

Әдеби оқу тәжірибиесін меңгеру мақсатында нақты мәтін бөліктерін таңдау, оларды қарапайым қорытындыларды қалыптастыруда қолдану, оқиғалар арасында өзара байланыс орнату; мәтіннің ортақ идеясын анықтау, мәтін құрылымынан элементтерді анықтап көрсету, кейіпкерлер әрекетіне қарапайым интерпретация беру, кейіпкерлердің әрекеттерін және сезімдерін салыстыру және бір-біріне қарсы қою, олардың өзара байланысын түсіндіру, мәтінде қолданылған тілдік ортаның ерекшеліктеріне алғашқы сараптама жасау, мәтіннен үзінді келтіре отырып, негізгі кейіпкерлер мінездемесіне, олардың ниеті мен сезіміне интерпретация жасау, мәтіннен ақпаратты ала отырып мәтіннің мағынасын немесе негізгі идеясын түсіндіру сияқты бағыттар көзделген. Ал ақпаратты түсіну және қолдану мақсатында мәтінде берілген деректерді анықтап, қайта қосу, қажетті ақпаратты көрсететін сөйлемді сызып белгілеу, оны қорытындыларды қалыптастыруда қолдану, мәтіндегі берілген ақпараттың үйлесімділігі туралы қорытынды жасау, мәтіннің әр бөлімдерін саралау және керекті ақпаратты көрсету, мәтінге жалпы қатынасты анықтау, мәтіндегі анық емес түрде берілген арнайы ақпаратты белгілеу, мәтіндегі сөйлемдердің өзара байланысы негізінде қорытындыларды қалыптастыру, әртүрлі мәтіннің жеке сипаттамасын және қолданыс мақсатын анықтау, мәтіннің әр бөлімдерінен күрделі ақпаратты танып

дәлелдеу, мәтіннің айтпақ ойын түсіну үшін визуалды және вербалды элементтердің мағынасын түсініп бағалау, мәтіндер, карталар, иллюстрация, диаграммалар, фото суреттер негізіндегі әртүрлі мәтіндерден ақпаратты жалпылау керек. Тәжірибемде кеңінен қолданып жүрген әдістерге тоқталсам:

«Сингвейн әдісі»

Дидактикалық мақсаты

- оқушыларды ойлауға, рефлексия жасауға үйрету;
- сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру;
- ақпаратты терең түсінуге баулу
 1. Тақырыптың атауы (зат есім).
 2. Тақырыпты сипаттайтын екі сөз (сын есім).
 3. Тақырып туралы қимылды білдіретін үш сөз (етістік).
 4. Тақырыпқа қатысты төрт сөзден тұратын сөз орамы.
 5. Тақырыптың мәнін ашатын синоним сөз.

«Зерде» мәтінмен жұмыс жасау әдісі

Дидактикалық мақсаты:

- оқушыларды кез келген мәтінді түсініп оқуға ;
- мәтінді талдауға;
- негізгі ойын анықтауға үйрету;
- салыстыру, рефлексия жасауға дағдыландыру

Адам алгоритмі

- Тақырып
- Автор
- Кітап
- Не туралы?
- Не білдім?
- Не қызық?
- Жаңа сөздер

«Венн» диаграммасы

Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін нысандардың сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерге екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып, оқушылар қызыға толтырады, яғни, салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді.

«Блум түймедағы»

Сұрақ қойып үйрену әдісі

Дидактикалық мақсаты

- оқушыларды ойлануға;
- сауатты сұрақ қоя білуге;
- кез келген мәтінге байланысты дәлелдерді сыни тұрғыдан талдауға;
- өз түйіндері мен пікірлерін, ойларын жүйелі жеткізуге дағдыландыру;
- шығармашылық белсенділіктерін қалыптастыру

Әдебиеттер

1. «Бастауыш мектеп» журналы. – № 2. – 2008.
2. «Білімдегі жаңалықтар» журналы. – № 4. – 2007.
3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы: 2006.
4. «Шығармашылық дарындылықты дамыту бағдарламасы». – Алматы: Рауан, 1997.

БАСТАУЫШТА КОММУНИКАТИВТІ ӘДІСТІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕСІМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Божканова Л.Б., бастауыш сынып мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
«№ 3 жалпы орта білім беретін мектеп-кешені» КММ

«Диалогтік оқыту» оқушылардың ойын толық, ашық, әрі нақты жеткізуге көмегін тигізеді. Осындай кемшіліктерді жою үшін диалогтік әдістерді сабақта кеңінен қолдану қажет. Мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – қазіргі заманның талабы. Көп жаңалықтарды іздеп, көңілге түйіп, мәселелер төңірегінде іздену әр ұстаздың негізгі міндетіне айналды.

«Диалогтік оқыту» әдісі дегеніміз:

- Оқушының сұраққа дұрыс жауапберуге үйренуі ;
- Оқушының сұраққа жауап беруге үйренуі;
- Оқушының сұхбат жүргізуге үйренуі;
- Оқушының өз ойын жеткізуге үйренуі;
- Оқушының сөздік қорының баюуы, дүниетанымының кеңеюі;
- Оқыту диалогі-мұғалім мен оқушы іс-әрекетінің ең маңызды бөлігі. Сондықтан, сұхбаттың бұл түріне күнделікті өмірдегі сұхбаттан гөрі өзгеше көзқарас қажет.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында диалогтік оқыту әдісі арқылы оқушылардың сөйлесім дағдысын қалыптастыру

Оқушылар арасында сұхбаттың пайда болуына сабақ кезінде орындауға қызықты тапсырмаларды де өз септігін тигізеді. Мысалы, қазақ тілі сабағында «сан есім» тақырыбын қарастыратын болсақ, оқушылар қолына берілген таратпа материалдарда: «Сан есімдерді қолданып, көршіңмен жұп болып «Кездесу» ойынын ойна»; «Сан есімдерді пайдаланып, анаңның немесе әкеңнің мерейтойына арнап құттықтау жаз да, оны ашық хат бетіне түсір» және т.б.қызықты тапсырмалар кездесуі балалардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырады.

Берілген тапсырмаларды қызу талқылып, шығармашылықпен орындауларына түрткі болады. Немесе, берілген тапсырма бойынша ситуациялық сұрақтардың қойылуы ол тапсырманы орындау барысында топ ішінде қызу пікірталастың тууына, оқушылардың ортаға түрлі пікірлер тастауына себепші болып, олардың сөйлеу мәдениетін дамытады.

Сабақ кезінде «Қарлы кесек» немесе «Қозғалыстағы энциклопедия» әдістерін қолданту оқушылардың тапсырманы орындау барысында топ ішінде талқылап қана қоймай, орындарынан тұрып, басқа топта отырған балалармен диалогқа түсіп ақпаратпен алмасуына мүмкіндік береді. Бұл ресурстардың әдетте пайдаланатындардан біршама ерекшелігі бар. Әдетте, көп жағдайда өткізілетін дәстүрлі сабақтарда оқушы өзіне берілген тапсырмамен бетпе-бет, жалғыз қалып қояды. Ол тапсырманы орындап шығу үшін көп күш пен көп уақыт қажет болады. Ал, «Қарлы кесек» және «Қозғалыстағы энциклопедия» әдістерін қолдануда оқушылар аз уақытта көп мәліметтерді игереді және өз сыныптастарының көмегімен қиын материалды түсіну мүмкіндігіне ие болады.

Диалог – оқушының өзін еркін және жайлы сезінетін ортасы. Жанға жайлы, жағымда көңіл-күй сыйлайтын әңгіме алаңында әрбір оқушы өзін жақсы сезініп, шешіліп сөйлеп, құнды пікірлермен алмасып, шығармашылық қабілеттерін шыңдай алады. Диалогтік, коммуникативтік атмосфера оқушының жаңа тақырыпты игеруіне себепкер болып қана қоймай, бала бойында жеке тұлғаға тән қасиеттердің қалыптасуына да жағдай жасайды.

Диалог – бұл ақиқатты бірлесіп іздейтін жол. Диалог кезінде адам бойында кездесетін сыйластық, жанашырлық, түсінісушілік секілді тамаша қасиеттер қалыптасады. Диалог барысында әрбір оқушы тақырыпты қалай қабылдап отырғандығы көрсете алады, сондай-ақ, басқа балалардың осы тақырыпқа деген мүлдем басқа ой-пікірлері мен тың көзқарастарының бар екендігін көре алады. Диалогтік оқыту ұстаздарға шәкірттерінің білім деңгейінің қандай дәрежеде тұрғандығын бірден байқауға мүмкіндік береді.

Диалог барысында оқушылар сыни ойлауға, қолдағы бар ақпаратты қолдана отырып, нақты жағдаяты талдау арқылы пікірлерді салыстыруға, дұрыс шешім қабылдауға үйренеді. «Диалогтік әдістер» қолданылған сабақтарда оқушылар көбірек ойланып, жиірек сұхбаттасады, ойлау және сөйлеу

мәдениеттерін белсенді түрде қалыптастырады. Нәтижесінде оқушылар жаңа білім алады, оны тәжіридбеде қолдануды үйренеді. Топтық жұмыс барысында оқушылар сұхбаттасу кезінде өзін-өзі бағалауға, бірін-бірі бағалауға дағдыланады.

Кластер құру тапсырмасы берілген кезде оқушылар арасында диалог қызу түрде жүреді. зерттеушілік жұмыс барысында топтағы оқушылардың әрбіреуі өз пікірін айтып, класстерді қорғау жоспарын жасайды. Бірігіп жасалған жұмыс нәтижесін көрсететін «оқушы-оқушы» диалогі пайда болады. Оқыту диалогінде бір ғана көшбасшы болады. Ол-мұғалім. Ал оқушылар диалогінде көшбасшылық оқушыдан оқушыға ауысып отырады. кейде ол мұғалімнен оқушыға да ауысып отыруы мүмкін.

«Диалогтік оқыту» әдіс-тәсілі қолданылған сабақтарда оқушылардың өздерін мүлдем өзгеше ұстағаны байқалды. Олар бір-бірлеріне қысылып-қымтырылмай көп сұрақтар қойып, өздері сирек араласатын сыныптастарынан көмек сұрай алды. Бір-бірімен мүлдем араласпайтын екі оқушының әдебиет сабағында бірігіп постер жасап, оны қалай қорғау керектігін жұп болып талдап отырғанын байқадым.

Әдіс деген сөз гректің "metodos" деген сөзінен шыққан. Метод деген ұғым *белгілі ақиқатқа, шындыққа, мақсатқа жетудің жолдары* деген мағынаны білдіреді.

Қысқаша психологиялық-педагогикалық сөздік "әдіс" – мақсатқа қол жеткізетін жол, тәсіл, белгілі жолмен тәртіпке салынған іс-әрекет"- деген анықтама береді.

Оқыту әдістері – оқытудың мақсат-міндеттеріне сай оның мазмұнын оқушыларға меңгертуде мұғалім мен оқушылардың қолданатын амал-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы болып табылады. Мұғалім оқыту әдістерінің көмегімен оқушыларға білім беріп, олардың тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін оқушылардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады.

Мұғалім оқытудың нәтижесін арттыруда оқыту әдістеріне қатысты амал-тәсілдерімен қатар оның құралдарын да пайдаланады.

Қазақ тілі сабағында қолданылатын әдістер:

Сөздік әдістер: түсіндіру, әңгіме, әңгімелесу, кітаппен жұмыс.

Көрнекі әдістер: иллюстрация және демонстрация.

Оқыту үрдісінде ең көп тараған дәстүрлі әдіс – сөздік немесе мұғалімнің ауызша баяндау әдісі. Бұл әдіс оқыту процесінде басқа әдістерге қарағанда жетекші роль атқарады.

Көрнекілік әдістер оқу материалын оқушылардың көзімен көріп, нақтылы түсінулеріне мүмкіндік береді.

Бұған демонстрация, иллюстрация тәсілдері жатады.

Тәжірибелік әдістердің ішінде ең көп қолданылатыны – жаттығу әдісі. Оқу барысында теориялық ережелер мен қағидаларды қайта пысықтап, тиянақты меңгеру жаттығу арқылы орындалады.

Ауызша жаттығу оқушының оқу материалын ауызекі баяндауға дағдылану мақсатын көздейді.

Оқушы бірінші сыныптан бастап қазақ тілін үйрену барысында тілдегі түрлі қолданылатын атауларды (әріп, дыбыс, буын, сөз, сөз тіркестері, сөйлем, сөз бен сөзді байланыстыратын жалғау, жұрнақ, тыныс белгілері – нүкте, үтір, леп белгісі, сұрау белгісі, сызықша, қос нүкте, түрлі грамматикалық анықтама, ережелерді оқып үйренеді.

Қабілеті әр түрлі оқушы тілдің мұндай белгілері мен атауларын бірден меңгеріп кетуі мүмкін емес, тек оның негізгі, қажеттілерін (анықтама, ережесін) есте сақтауы мүмкін.

Қазіргі сабаққа қойылатын талап тұрғысынан техникалық құралдарды, кестелер, сызбалар, ұнтаспа жазбаларын пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді.

Қолданылатын көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Оқушылардың білім сапасының көп жағдайларда төмен болуы, осындай түрлі ойлау әрекеттеріне бейімделмеуден, дағды бермеуден деп айтуға болады.

Сұрақ – жауап әдісін қолдануда, оқушылардың көз алдындағы заттардың атын, оқу – құралдарының атын жатқа айтқызу көзделінеді. Сұрақ – жауап әдісі тек қана жаңа материалды игеру мақсатында емес, өтілген грамматикалық формаларды бекіту, түйіндеу, еске сақтау, оқушының тілін, ойын дамыту мақсатында жүргізіледі. Жалғау түрлерінің ішінде тұлғалы зат есім тәуелді форманың септелуін қайталап жаттықтыру үшін әдіскер ғалым Б. Мамановтың қолданған қарапайым тәсілін пайдалана отырып, оқушылардың қазақ тіліндегі 4 түрлі жалғаудың септік жалғауларын игеріп және тәжірибеде қолдану мүмкіндігін кенейтуге болады.

Әңгімелеу әдісі балаларға қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға, ойлау қабілеттерін арттырып, сөйлемдер құрастыруды үйренуге мүмкіндік береді.

Әңгімелеу әдісі бойынша бастауыш сыныпта мәтінмен мынадай жұмыс жүргіземін:

Тақтаға бір сөйлем жазып:

- 1) осы сөйлемді мәтіннің басы етіп, әрі қарай өзін жалғастыр
- 2) осы сөйлемді мәтіннің ортасы деп санап, басы мен аяғын құр
- 3) осы сөйлемді аяғы деп санап, мәтіннің басын құр.

Тіл үйрену, тіл ұстарту адамның ойлау қабілетімен тығыз байланысты. Ойлау қабілетін дамытудың негізгі әдістерінің бірі жаттығу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру болып табылады.

Оқушының ойлау қабілетін, тілін дамытуға игі ықпал ететін, мен жұмысымда қолданатын оқытудың бір түрі сабақта деңгейлік тапсырмаларды қолдану. Деңгейлік тапсырмалар оқушының қазақ тілінен алатын білімін толықтыра отырып, қажетті дағдылар мен біліктердің қалыптасуын қамтамасыз етуіне ықпал етеді.

Деңгейлік тапсырмаларды белгілі бір тақырып біткен кезде, қайталау сабақтарын өткізгенде пайдалану өте ұтымды. Бұл тәсілдің ең маңыздылығы – әр оқушы өз шамасына қарай тапсырманы орындай отырып өзінің нені білетін және білмейтінін толық сезінеді, жолдастарынан қалмау үшін келесі жолы білмегенін біліп алуға тырысады.

Әңгімелесу әдісі білімді жинақтауға оқушылардың теориялық білімдерін қолдану тәсілдерін жүйелеуге бағытталған. Әңгімелесу барысында мұғалім сұрақты бір оқушыға немесе барлық сынып оқушыларына қояды.

Бірлескен іс-әрекет арқылы оқушылар өздері еңбектеніп, ойланады.

Білімді жинақтайтын, бекітетін әңгіме оқушылардан теориялық білімдерін, оны қолдану тәсілдерін жүйелеуге бағытталған.

Тілді оқытуда бірден-бір тиімді әдіс – коммуникативтік әдіс деп ойлаймын.

Коммуникативтік әдіс оқушылардың ауызекі сөйлеуін, қарым-қатынас жасауын, сұрақ-жауап жүргізуін, әңгімелесуін, сөйлеу қабілетін қалыптастырып, сөздік қорын молайтады, тілді дамытады. Бұл әдістің ішінде ерекше орын алатыны – диалог.

Диалог оқушылардың сөйлесу әрекетін, сұрақты дұрыс қоя білуде, ақпарат алмасуда, жалпы тіл үйренуде таптырмас жұмыс түрі. Әр түрлі тақырыпта диалог құрғызуда қол жеткізген жетістіктер.

Оқуға қызығушылық артты;

Сабақта белсенділік жоғарылады;

Сөздерді есте сақтау қабілеті дамыды.

Әдебиеттер

1. «Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы» екінші басылым «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.
2. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериялы бағалау басшылығы, ҚР Білім және Ғылым Министрлігі Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы «Назарбаев Зияткерлік мектептері».
3. Сухин И.Г. Занимательные материалы. – М.: «Вако», 2004.

ҒТАХР: 14.25.27

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Жакеева М.А., информатика пәні мұғалім

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «№ 17 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Оқытудың белсенді және интербелсенді үлгілерін енгізу – бүгінгі таңда өзекті мәселенің бірі. Себебі, оқушы оқу үдерісіне белсенді араласқан кезде ғана берілген материалды жеңіл меңгеріп, жақсы есінде сақтайды, мәніне тереңірек үңіледі. Сондықтан да бүгінгі күн талабы – оқушыны белсенді әрекетке тарту. Оқыту үдерісінде тұлға зерттеу тақырыбына, талқыланатын мәселеге, жағдаятқа белсене араласып, сәттілікке қуанып, сәтсіздікке реніш білдіріп отырса ғана оның ішкі уәжі оянады. Сонда ғана білімді саналы меңгеруге ынтасы пайда болады. Ал оны қалыптастыру үшін белсенді оқу мен оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалану қажет

Жеті модульді тізбектелген сабақтар топтамасына жүйелі енгізе отырып тиімді сабақ өткізуді жүзеге асыру үшін мектептегі тәжірибеде сындарлы оқытуға негізделген. Power Point бағдарламасына арналған сабақтар топтамасы жоспарланып өткізілуде. Сабақты жоспарлау кезінде мақсаты мен күтілетін нәтижені нақты СМАРТ-ға сәйкес анықталып, жоспарланса табыс критерийлері айқын

болады. Соңғы күтілетін нәтиже ретінде оқушыларды Power Point бағдарламасының көмегімен таныстырылым жасауға қалыптастыру болып табылады.

Сабақты табысты жүргізу үшін топтық, жұптық, жеке жұмыстар жүргізу тиімді. Сыныпта оқушыларды топқа бөлудің әртүрлі әдістерін қолданудамын. Бірінші сабағымда топқа бөлу үшін сынып оқушыларын ортаға шақырып, стол үстіндегі түрлі-түсті қағаздардың астына жазылған топ аттарын таңдаттым. Топ атаулары сәйкес келген оқушылар топ құрды. Екінші сабағымда топқа тақтадағы сан атауларының астына жасырылған топ атауларын таңдау арқылы бөлсем, үшінші сабақта оқушыларым әскери мектеп ұландары болғандықтан 1, 2, 3-ке саптық бөлу арқылы біріктірдім. Әртүрлі жолмен топқа біріккен оқушыларымды бақылай отырып, сыныптағы оқушылардың жақсы оқитындықтарына, жолдастық қарым-қатынасына қарай бірікпей, кез келген оқушылар топқа кездейсоқ біріккенін көрдім. Сабақтарымды өткізу барысында осылайша топқа бірігу оқушылардың өздерін әр қырынан көрсетіп, өз ойларын ұялмай еркін айтуына, топ жұмысына белсене араласуына әкелді. Сыныпта жақсы жұмыс атмосферасын қалыптастыру үшін барлық оқушы бағынатын топтық жұмыс ережесін құрастырдық. Бұл ережені топтағы оқушылар өздері ойлап шығарды. Оқушылар топ басшысын тағайындады, топ ішінде оқушылардың жұмысына талдау жасады, бағалау қағазын толтырып отырды.

Сабақтың күтілетін нәтижесіне жетуде оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту үшін топтық жұмыстың ЖИГСО, «Ақылды доп», «Домино» әдістерін сабақтарымда қолдандым. ЖИГСО әдісін пайдаланғанда оқушылар берілген тақырыпты мұқият оқыды, басқа топ мүшелерімен талқылады, өз тобына оралғанда мәліметті түсінікті тілмен баяндады. Бұл жұмыс барысында топқа біріккен оқушылардың сұхбатқа қатысуына, өз ойларын сыныптастарына жеткізуіне, басқалардың ойын тыңдай білуіне көңіл аудардым. Ары қарай оқушылар сыныптастарымен талқылаған ақпараттарын өз тобына түсіндірді. Осылайша ұжым мүшелері бірін-бірі оқытуға, сол арқылы ойлануға үйренді. Жаңа тақырып бойынша постер сызды. Постерді қорғауға кез келген оқушының алдына стикер жапсырдым, бұл жағдайда топтағы әр оқушы тақырыпты талдауға дайын болды.

«Ақылды доп» әдісін үй тапсырмасын сұрау үшін пайдаландым. Кез келген топ мүшесі қолындағы допты топтың басқа мүшесіне лақтырып, үй тапсырмасы бойынша кез келген сұрақ қойды. Допты алған оқушы сұраққа жауап берді және допты басқа оқушыға беріп, өзі сұрақ қойды. Осылайша үдеріс жалғаса берді. Жауабы дұрыс болмаған оқушыларға сыныптастары көмек көрсетті. Осы әдіс оқушылардың көңілінен шықты, жұмысқа барлық оқушылар қатысты, оқушылар сыныптастары қандай сұрақ қоятынын алдын ала білмеді, сұрақ жауабының дұрыс-бұрыстығын оқушылар өздері айтып, толықтырып отырды.

«Домино әдісінде» топтағы оқушылардың алдына карточкалар таратылды. Карточкалардың бір бөлігінде сұрақ, екіншісінде басқа сұрақтың жауабы болды. Оқушылар ондағы сұрақтың жауабын басқа карточкадан іздеп, дұрысын қасына қойды. Ары қарай екінші бөлігіндегі сұраққа жауап іздеді. Ойын ретінде ұйымдастырылған бұл әдістің тиімділігі оқушылар бірігіп сұрақтың жауабын іздейді, бір-бірінің ойына күмән келтірді, бұрын өткендерді еске түсіруге ынталанды, білім мен түсінігін толықтырды.

Үлгерімі орта, өзіне, біліміне сенімділігі аз, ұяң оқушылар топта басқа оқушылармен бірігіп жұмыс істей отырып жақсы жағына қарай өзгерді, олар ақылға қонымды мәлімет ұсынды, қатысушыларға сұрақ қойды, идеяларын айта отырып айтқандарын дәлелдеді, жеке қабілеті ашылды, тақырыптарды бірге талқылап, өз ойларын еркін айтты, сенімділік жоғарылады. Осы жұмыстар барысында оқушыларды бақылай отырып талантты және дарынды оқушыларды, көшбасшыны анықтадым. Олардың айтқандары көпшіліктің көңілінен шықты, жұмыс барысында олар тізгінді қолдарына алып, жұмысты дұрыс ұйымдастыруға басшылық жасады, белсенділік танытты.

Жаңа сабақты бекіту және алған білімдерін тексеру мақсатында АКТ-ны қолдана отырып оқушылар компьютерде практикалық жұмыстар орындады. Тапсырмалар ақпаратты ғаламтордан іздеу, оны таныстырылымда қолдану, анимация, эффектілер, гиперсілтемелер қолданудан құралды. Оқушылардың практикалық жұмысын бақылай отырып мынадай тұжырымға келдім: оқушылардың көпшілігі компьютерді жақсы меңгерген, ғаламтордан керек ақпаратты қиналмай тез тапты, таныстырылымды көрсетілген үлгіде безендірді, гиперсілтеме, эффектілерді қиналмай қойды. Мектебіміз әскери болғандықтан шығармашылық жұмыс тақырыбы ретінде әскери қару-жарак туралы таныстырылым ұсындым. Өздерінің болашақ мамандықтарына қатысты болғандықтан оқушылар таныстырылым жасауда ерекше құлшыныс білдірді, ғаламтордан, басқа да дереккөздерден ақпарат жинады, оны құрылымдап, презентация жасады, қорғады.

Оқушылардың жұмыстары тақырыпты жақсы ашты, жұмыстарын интербелсенді тақтада қорғады. Осы кезде оқушылардың алғашқы сабақпен салыстырғанда сөйлеу мәнері жақсарғанын, тақырыптың ішінен қажетті мағлұматты таңдай отырып, танысытырылымды тыңдаушыларға тартымды, түсінікті тілмен жеткізгенін көрдім.

Оқуды бағалау үшін сыныптасын және өзін-өзі бағалау әдісін қолдандым. Оқушылардың жұмысы «Екі жұлдыз, бір тілек», «Бағдаршам» арқылы бағаланды. Бағалау дискрепторы арқылы оқушылар өздерін, көршілерін бағалады. Алғашқы сабақта олар бір-бірінің көңіліне қарап бағдаршамның жасыл түсін көтерген еді. Кейінгі сабақтарда олардың бағалауы әділ болды, сыныптастарының жұмыстарының жақсы жақтарымен қоса кемшіліктерін бүкпей ашық айтып, дұрыстау жолдарын көрсетті.

Сабақтың соңында оқушылар кері байланыс жасау үшін «Маған не қиын болды?», «Не ұнады?» деген сұрақтар бойынша тілектерін стикерге жаздырып қалдырды. Алғашқы сабақта олар «Бәрі жақсы», «маған сабақ ұнады» деп жазса, үшінші сабақта «Мен келесі сабақта сілтемелер бойынша тереңірек білгім келеді» деген сияқты тілектерін жазып қалдырды. Көпшілігі оқыту мен оқудағы жаңа әдістердің қызықты екендігін айтты, сабақтарда осы әдіс-тәсілдер қолданылса екен деп тілек айтты.

Информатика пәнін оқытатындықтан сабақтар өткізуде АКТ-ны қолдану өте тиімді: ақпаратты ғаламтордан іздеу, компьютерде таныстырылым жасау, интербелсенді тақтаны пайдалану, жұмыстарын компьютерге сақтау, жұмыстарын редакциялау, тексеру. Оқушылардың алған білімдері болашақта тиімді, себебі кез келген мамандық саласында таныстырылым жасау, көрсету қазіргі заман талабына сәйкес келеді.

Сыныптағы барлық оқушылардың оқу үдерісін бақылай алуды, барлық оқушылар оқуда табысты болуына қол жеткізу үшін сабақтарды дұрыс жоспарлау мен бағалауды, оқушылардың дамуына ықпал ететін әлеуметтік, эмоциялық, танымдық факторларды дамытуды көздеп отырамын.

Оқытудың белсенді әдістерін пайдалана отырып, оқушылардың белсенділігін дамытуда «Болжау әдісі», «Аяқталмаған сөйлем», «Доп лақтыру» жаттығуы, «Қабырғадағы роль» әдістері тәрізді креативтік әдіс-тәсілдерін жүйелі түрде қолдану оңтайлы нәтиже береді.

Оқушылардың пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және дағдыларына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту үдерісі ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асады.

Ұстаз еңбегінің жемісі – білімді де тәрбиелі шәкірті. Педагогтар заман талабына сай білімін үнемі толықтырып отыруы міндет екенін дұрыс сезінуі қажет. Адами және кәсіби құндылықтарын, өзіндік ұстанымын жаңа форматты сабақ беруде, сындарлы оқытуда сыни көзқарасы қалыптасқан ұстаз жас жеткіншекті тәрбиелеу мен оқытуда зор үлеске жетері ақиқат.

Әдебиеттер

1. Алексюк А.Н. Общие методы обучения в школе. – К.: Радянська школа, 1983. – 244 с.
2. Әлімов А. Оқытудың белсенді әдістерді оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009. – 263 б.
3. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. – М.: ИНТОР, 1996. – 544 с.

МРНТИ: 14.15.07

ПРИЕМЫ РАБОТЫ С ТЕКСТОМ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Жаркова Е.В., учитель начальных классов
Республика Казахстан, г. Семей, «КГУ СОШ № 35»

На современном этапе учащиеся начальной школы должны не только научиться читать вслух и молча, но и пользоваться умением читать для поиска нужной информации в тексте с тем, чтобы получать необходимые знания, осваивая другие дисциплины, обогащать свой читательский опыт и интеллект, так как одной из особенностей стандарта нового поколения является развитие таких личностных качеств как способность к самооценке, к саморазвитию и самореализации.

Рассмотрим технологию работы с прозаическим текстом.

I. Работа с текстом до чтения

Цель – развитие такого важнейшего читательского умения, как антиципация, то есть умения предполагать, предвосхищать содержание текста по заглавию, иллюстрации и группе ключевых слов.

1. Дети читают фамилию автора, заглавие произведения, рассматривают иллюстрацию, которая предшествует тексту, затем высказывают свои предположения о героях, теме, содержании.

2. Дети читают (про себя, затем вслух) ключевые слова, которые учитель заранее вычлняет из текста и записывает на доске, уточняют свои предположения о теме произведения, героях, развитии действия.

Учитель ставит задачу провести "диалог с автором" через текст, проверить и уточнить свои первоначальные предположения.

Т.е. детям на уроках нужно показать, что чтение – это общение, диалог читателя и автора. Но это общение не непосредственное, а через текст, созданный, автором. Оно затруднено, потому что в тексте отсутствуют интонация и логическое ударение, которые облегчают понимание устной речи. Но в тексте есть знаки препинания, показать детям их смысловую роль необходимо. Также нужно показать и то, что сама последовательность высказываний в тексте может "накапливать смыслы", что слово в окружении других слов значит гораздо больше, чем взятое отдельно.

II. Работа с текстом во время чтения

Цель – достижение понимания текста на уровне содержания.

1. Дети самостоятельно читают текст (главу, законченный фрагмент) **про себя** с установкой проверить свои предположения, которые были сделаны до начала чтения.

2. Чтение вслух по предложениям или небольшим абзацам (2-3 предложения) с комментариями. По ходу чтения (а не после!) учитель задает уточняющие вопросы на понимание, регулярно возвращает детей к их предположениям, как только текст дает возможность их подтвердить.

Словарная работа (объяснение и уточнение значений слов) также ведется **по ходу чтения**. В этом случае она становится мотивированной и интересной: ведь именно по ходу чтения становится понятно, какие слова нуждаются в толковании, и само слово толкуется в контексте, а не вне его.

Вопросы, которые задает учитель по ходу чтения, **это вопросы к автору**, ответы на них нужно искать или в уже прочитанной части текста, или в той, которую еще нужно прочитать. Комментарии учителя должны быть краткими, но емкими, не уводящими далеко от читаемого. Таким образом, дети видят суть процесса "вчитывания" в текст и сами участвуют в нем: идут по тексту вслед за автором, попутно думают над смыслом слов, наблюдают, как "разворачиваются" перед ними характеры героев, работают над языком, представляют картины, которые нарисовал автор, видят, как постепенно "накапливаются смыслы" в тексте

3. Задается уточняющий вопрос на понимание содержания главы (фрагмента) в целом. Результатом понимания может быть озаглавливание этой части текста при повторном перечитывании.

4. Такая же работа ("шаги" 1-3) проводится со следующим законченным фрагментом текста, и так до тех пор, пока текст не прочитан до конца.

Если текст большой по объему и за один урок до конца не прочитан, то можно предложить детям дома прочитать про себя следующий фрагмент (главу), а на уроке начать сразу с чтения вслух. Какую-то часть текста может прочитать вслух учитель, а затем провести работу с текстом во время чтения детей вслух. Здесь возможны варианты. Главное, нужно систематически следовать данной технологии на этапе работы с текстом до чтения (антиципация) и во время чтения (чтение про себя, затем вслух, медленное движение "за автором" по строчкам, "диалог с автором"). Опыт показывает, что дети понимают смысл такой работы, принимают ее и осваивают, то есть начинают действовать так же, когда читают самостоятельно вне уроков.

5. Беседа по содержанию текста в целом, выборочное чтение. Ответ на вопрос: в чем совпали и в чем на совпали первоначальные предположения о теме и содержании текста, развитии событий, о героях?

III. Работа с текстом после чтения

Цель – достижение понимания на уровне смысла (понимание основной мысли, подтекста – "чтение между строк").

1. Учитель ставит проблемный вопрос к тексту в целом. Далее следуют ответы детей на этот вопрос и беседа. Ее результатом должно стать понимание авторского замысла, "спрятанного между строк".

2. Рассказ учителя о писателе, беседа с детьми о его личности после чтения произведения, а не до, поскольку именно после чтения эта информация ляжет на подготовленную почву: ребенок сможет соотнести ее с тем представлением о личности автора, которое у него сложилось в процессе чтения. Кроме того, грамотно построенный рассказ о писателе углубит понимание прочитанного произведения.

3. Повторное обращение к заглавию произведения и иллюстрации. Беседа о смысле заглавия, о его связи с темой, мыслью автора и т.д. Вопросы по иллюстрации: какой именно фрагмент текста проиллюстрировал художник (а может быть, это иллюстрация ко всему тексту в целом)? Точен ли художник в деталях? Совпадает ли его видение с вашим? И т.д.

4. Выполнение творческих заданий.

Хотелось бы обратить внимание на то, что данная технология работы с текстом начинается использоваться уже в период обучения грамоте по учебнику "Моя любимая Азбука", как только на левой страничке появляется первый текст (для нечитающих детей), и сразу со стр. 43 – для читающих детей. Для этого на страницах азбуки есть все необходимое: сами тексты, иллюстрации к ним (до текста) и группы ключевых слов (на левых страницах в столбиках для чтения).

Теперь рассмотрим работу со **стихотворным текстом** на уроке чтения.

Технология работы в принципе будет той же, однако несколько оговорок нужно сделать, а именно:

1. До начала чтения дети могут высказать свои предположения о том, на какую тему будет стихотворение (если оно сюжетное – например, о лете, школе...) или с каким настроением оно написано. Предположить это они могут на основании заглавия и иллюстрации (ключевые слова, естественно, выписывать не нужно, тем более что чаще всего это сделать просто невозможно).

2. Первый раз прочитать стихотворение дети обязательно должны **про себя**. Не нужно, что бы учитель сразу давал все в готовом виде: свое понимание, свою интонацию и т.д.

3. В ходе чтения вслух по строчкам или по строфам нужно помочь детям представить картины, нарисованные автором; увидеть, какими словами созданы эти картины; почувствовать настроение, состояние автора, и как результат – найти нужную, верную интонацию, сделать пометки в тексте, которые помогут выразительно его прочитать.

В своей практике широко использую несколько видов работы с текстом.

I. Работа с текстом до чтения.

1. Дети самостоятельно читают ключевые слова и словосочетания, которые выделены учителем и записаны на доске (на плакатах, на наборном полотне). Эти слова и словосочетания особенно важны для понимания текста.

2. Чтение заглавия, рассматривание иллюстрации к тексту. На основании ключевых слов, заглавия и иллюстрации дети высказывают предположения о содержании текста. Ставится задача: прочитать текст и проверить свои предположения.

II. Работа с текстом во время чтения. Осмысление на уровне содержания.

1. Дети самостоятельно читают текст про себя, а затем вслух по предложениям или абзацам (небольшим).

2. Учитель задает уточняющие вопросы по ходу чтения, контролирует адекватность первоначального восприятия и понимания прочитанного. Объясняются или уточняются значения слов; учитель периодически возвращает детей к их предположениям, которые были высказаны до начала чтения. Идет постоянное уточнение и углубление понимания.

3. Повторное чтение более крупными отрывками, беседа.

III. Работа с текстом после чтения. Достижение понимания на уровне смысла.

1. Вопросы учителя ко всему тексту, которые позволяют понять его уже на уровне смысла. Беседа по проблемному вопросу.

2. Возвращение к заглавию и иллюстрации на новом уровне понимания.

3. Творческие задания (иллюстрирование, словесное рисование, придумывание продолжения, составление диафильма, инсценирование и др.)

Стратегия «Прогноз по заголовку»

Задание: подумайте, о чем может идти речь в рассказе К.Г. Паустовского «Теплый хлеб», в произведении П.П. Бажова «Медной горы Хозяйка» и т.д.

– Попробуйте спрогнозировать содержание по первой строчке произведения...Вспомните, как называется произведение...Соответствует ли содержание рассказа названию?

Приведите примеры подобных расхождений.

Ассоциативный куст (круг, ряд). Сегодня мы будем читать и обсуждать тему... Какие ассоциации возникают у вас по поводу заявленной темы?

Стратегия «Мозговой штурм» («Корзина идей»)

Задание: ответьте на вопросы перед чтением текста (сказки «Теплый хлеб») – Что вы знаете о К.Г. Паустовском? Как вы думаете, о чем будет рассказ? Кто может быть главным героем? Какое событие в рассказе может быть описано.

Стратегия «Образ текста»

Задание: проверьте свои предположения. На основании слов, взятых из текста, попробуйте составить небольшой сюжетный рассказ. Название рассказа дается.

Стратегия «Батарея вопросов»

Задание: составьте вопросы к тексту по заглавию, по иллюстрациям.

Стратегия «Глоссарий»

Задание: посмотрите на список слов и отметьте те, которые могут быть связаны с текстом. Закончив чтение текста, вернитесь к данным словам и посмотрите их значение и употребление слов, используемых в тексте.

Стратегия «Соревнуемся с писателем»

Задание: попробуйте спрогнозировать содержание книги, просмотрев иллюстрации. Один ученик предлагает свой вариант, остальные его дополняют.

Стратегия «Верные и неверные утверждения»

Стратегия Знаю, Хочу узнать, Узнал

Стратегия «Чтение в кружок». Текст читается по очереди (каждый «член кружка» читает по абзацу). После этого следует остановка: все задают вопросы к прочитанному отрывку. Если на вопрос ответить невозможно (он не соотносится с текстом), то вопрос считается неправильным. * Все правильные вопросы могут записываться.

Стратегия «Чтение с остановками». Чтение текста с остановками, во время которых даются задания в виде вопросов: одни направлены на проверку понимания, другие – на прогноз содержания следующего отрывка.

Стратегия «Поставь проблему – предложи решение». Вспомните, с какими проблемами сталкиваются герои произведения (проблема формулируется и записывается в овал). Далее дети могут назвать несколько проблем, учащиеся делятся на группы и предлагают всевозможные варианты решения проблем.

Стратегия «Составление вопросного плана». Ученик проводит смысловую группировку текста, выделяет опорные пункты, расчленяет текст на смысловые части и озаглавливает каждую часть ключевым вопросом.....

Таким образом, продуманная и целенаправленная работа с текстом позволяет добывать ребёнку из большого объема информации нужную и полезную, а также приобретать социально – нравственный опыт и заставляет думать, познавая окружающий мир.

Литература

1. Асмолов А.Г. Как проектировать универсальные учебные действия в начальной школе. М, Просвещение, 2012 г.
2. Галеева Н.Л., Викулина Т.А., Винокурова Н.К. Формирование УУД обучающихся на уроках русского языка.
3. Ефросинина Л.А. Литературное чтение: 1 класс: методическое пособие. М. Вентана Граф, 2013.

ҒТАХР: 17.01.45

ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мадиева Г.М., Нукунова Д.А., бастауыш сынып мұғалімдері

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

«№ 19 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Сабақ беруге және оқытуға барынша мақсатқа сай және креативті амалдарды дамытуда орталық аспект мұғалім мен оқушы арасындағы қарым – қатынастардың түсінікті болуы керек. Егер оқытуға белсенділік пен өзара әрекет кіретін болса, ол тиімдірек бола алады.

Мерсер негіздемесі бойынша диалогтік оқытудың үш түрі бар: әңгіме-дебат, кумулятивті, зерттеушілік. Мерсер мен Литлон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатынын атап көрсетті. Нейл Мерсер, А. Дайалогос пен Литлтон еңбектеріндегі сапалы оқытудың бір көзі, әңгімелесу яғни, адами когнитивті және әлеуметтік даму негізінде оқушылардың қызығушылығын диалогтық стратегияларды қолдану арқылы жүзеге асыру қажетті десе, ал Рэгт және Браун ұсынған

зертеулеріндегі оқушылардың жауаптары мен түсініктемелеріне қарай әрекет етуінің түрлерін тиімді қолдануды ұсынады. Ендеше өз сабақтарымда «мұғалім-оқушы», «оқушы-оқушы» арасындағы диалог пен әңгімелесу шығармашылықпен тиімді өтетіні, оның өзара әрекеттесу дағдылары қалыптасатыны тәжірибе жүзінде байқадым. Выготский танымдық дамудың, оқушылар өздерінің «Жақын арадағы даму аймағында» жұмыс істесе, жақсаратындығын атап көрсеткен. «ЖАДА» оқушы дамытатын дағды мен қабілеттер, өз бетімен жасай алмайтын тапсырмаларды орындаған уақытта жанындағы адамдардың көмегіне сүйенеді (МАН – 98 бет).

Диалог барысында оқушылар нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайтын, және Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Аталған ғалымдардың еңбектерінде диалог құруға арналған стратегия ретінде «Талқылау жөніндегі серіктестерді» пайдалануды көздеген. Жалпы оқушылардың қиын тапсырмаларды орындауда қиындықтар туындайтыны белгілі болды. Ендеше, оқушыға қалай оқытудың жолын үйретіп, кері байланыс арқылы оны қайта сұрау керек. Олар: оның оқи, жаза білуі, дауыстап айтуы, естіп, көзімен көруі, қабылдауы, қайтадан айтып беруі т.б. оқушылардың есінде ұзақ сақталады.

Жаңа заман талабына сай оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту барысында қабілетті балаларға білім беруде, әр ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу, бір жағынан-қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан-ерекше дарынды балалардың жеке өзіндік интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Оқушыларды шығармашылыққа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін диалог әдісімен бойындағы қабілеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда мен мынадай әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданамын.

Олар мыналар:

1. Әр бастауыш сынып оқушылары суретке қарап әңгіме құрастырады, яғни өзіндік көзқарасы, қабілетіне орай әр оқушы шығарма жазады, шығармашылық қабілетін арттырады.
2. Мәтін, ертегіні, әңгімені өз ойларымен аяқтайды.
3. Рөлге бөліп оқыту.
4. Мәтін бойынша мақал құрастыру.
5. Табиғат құбылыстарына, заттарға жұмбақтар құрастыру.
6. Әңгімелерді салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу.
7. Шығарма, мәтін құрастыру.:
 - Тақырып бойынша;
 - Жоспар бойынша;
 - Тірек сөздер арқылы.
8. Өлең құрастыру.
 - Дайын өлең жолдарының бір, екі жолын беру арқылы.
 - Дайын ұйқастарды ұсыну арқылы.
9. Шығармадағы әңгімеге ұқсас оқиғалар айтқызу.
10. Көлемі ұзақ шығармаларды жоспар құру арқылы қысқартып әңгімелету.
11. Кейіпкерлерге мінездеме беру.
12. Шығарма бойынша сурет салғызу, ауызша суреттеу, қиялдау арқылы суреттеу.
13. Белгілі мақал негізінде әңгіме жазғызу.
14. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешкізу (анаграмма, сөзжұмбақ, ребус, құрастырмалы ойындар, т.б.).

Т	Ы	Ң	Т
Ы	О	А	Суретін сал
Қ	З	Ш	

15. Қайталау сабақтарында, оқыған мәтіндері бойынша өз беттерінше тест тапсырмаларын құрастыру.

16. Белгілі ақын, жазушы шығармасына еліктеп өлең, әңгіме, ертегілер жазғызу, т.с.с.

Диалогтік оқытуда сұрақ қою маңызды орын алады.

Сұрақтардың түрлері:

– Төмен деңгейдегі, жоғарғы деңгейдегі

Сұрақ қою техникасы: – түрткі болу, сынақтан өту, қайта бағыттау

Түрткі болу: – сұрақты қарапайым етіп қою, өткенді пысықтау...

Сынақтан өту: – толық жауап беруге, ойын толық айтуға итермелейді. "Сіз мысал келтіре аласыз ба?" деген сұрақтармен бағыттайды

Қайта бағыттау: – сұрақты басқа оқушыларға бағыттайды. "Көмектесе алатындарың бар ма?" деген сұрақ қойылады.

Сұрақ қою арқылы мұғалім:

– оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады.

– оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды.

– білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады.

– оқушыларға білімін қалыптастыруға және вербалдандыруға көмектеседі.

– оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді.

– оқушыларға шығармашылық қабілетті арттыруға көмектеседі.

– оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді.

Сабақтан тыс уақытта оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін әр түрлі кездесулерден, саяхаттардан, журналдардан оқығандардан алған әсерлерін әңгімелету. Өткізген сабақтарымда оқушылардың өзара әрекет дағдыларын дамытудың тағы бір тәсілі-аффективті (эмоционалды) сезім арқылы ортақ проблемаларды бірге шешіп, екі оқушы бірге қорытындылайды.

Диалог барысында оқушылар күтілген нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайды, ынталанады, ойларымен бөліседі, пікірлеседі, білімді бірлесіп алады, өз білімдерін толықтырады. Проблеманы шешуде өз идеяларын ортаға салып, талқылайды, оған баға береді, және ұжымдық білім мен түсініктері қалыптасады. Топпен жұмыс жүргізгенде әңгімелеріне қарай ой-пайымдаулары айқындалып, олардың топ алдында, жұрт алдында сөйлеу мәдениеттері қалыптасады. Тыңдап қана қоймай, оқушылар тапсырманы белсенді орындайды, ынтасы артып, өз бетінше жұмыс жасау дағдылары артатындығы байқалады.

Жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану аясында менің сабағымда оқушылар арасында бір-бірін тыңдауға, сыйлауға, ынтымақтастық қарым-қатынастың негізі қаланды. Өз ойын ашық еркін айтуға, пікір алмасуға өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға, мұғаліммен еркін сөйлеп, пікір алмасуға үйренді. Достарының ойын тыңдай отырып мәселені шешу жолдарын іздеп қиыншылықтардан шығуға талпынды. Өзін-өзі реттеуге, өзін оқушы ретінде сезіне білуге, пәнге деген қызығушылығын арттыру, мәдениетті сөйлеуге дағдыландыру, оқушылардың сөздік қорын байыту. Бір-біріне көзқарастарын өзгертуді, сыйластық достық қарым-қатынас, еркін сөйлеуге, жауап беруге құлшындыру, ұялшақтық, жасқыншақтық сезімдерді жоюға бағыттау. Диалогтік оқыту тәсілінің дұрыс жүргізілуі сабақтың өту барысына ықпал жасайды. «Неғұрлым бала диалогке жиірек түссе, солғұрлым оның тілді игеруі жылдамырақ іске асады» деп ойлаймын. Сөйлеу кезінде бала тілі жаттығып, ойлау, қиялдау, есте сақтау қабілеттері дамиды, шығармашылық қабілеттері артып, сөздік қоры молаяды.

Диалогтік әдісті әр мұғалім пайдаланатынына сенімдімін, өйткені күнделікті сабақта мұғалім мен оқушы арасындағы пікір алмасу да байланыс та сол диалог арқылы жүзеге асады, алайда осы диалогтік оқыту әдісі мұғалімнің тиімді пайдалана білу шеберлігіне байланысты қолданылады.

Сабақ барысында мынадай кедергілер кездесті:

– Сөздік қоры аз болғандығы;

– Сұрақтарды бір тақырып төңірегінде ғана қоя алды;

– Сабақтың тақырыбынан аса алмағандығында;

Диалогтік оқытудың тиімді жақтарын анықтадым:

– Сабақ барысында уақытты тиімді пайдалануға тырыстым. Ал диалогтік әңгіме құру уақыт үнемдеуге тиімді болды.

– Оқушылар бір- бірін тыңдай білуге үйренді. Сұраққа жауап бере алмаған оқушы басқаларды мұқият тыңдайды.

– Оқушылар сыни ойлауға көмектеседі, пікір алмасады.

– Оқушы бір- бірін оқытады.

Қорыта келе, оқушылардың білетін, білмейтіндігін анықтау үшін жақсы қарым-қатынас, тілдік дағдыларының болуын талап етеді. Әңгімелесу пәрменді құрал болып табылады, оның көмегімен мұғалім оқушылардың оқу үдерісін қолдай және дамыта алады. Сыныпта диалогті пайдалану арқылы мұғалімдер оқушылардың білім сапасына ерекше оң әсер ете алады. Оқушылардың білімі мен ойлау қабілетін зерттеуге шынайы ұмтылу, шығармашылық қабілетті арттыру, оқу үдерісіне барынша қызықтыру үшін ынталандыру болып табылады. Диалогтік идея тәсіліне сәйкес, сауалнама мен топтық жұмыс оқушылардың оқуын жақсартуға қабілетті.

Мұғалім тұтас педагогикалық үдерісте бастауыш сынып оқушыларын шығармашылықпен айналыса отырып оқу сапасын арттырады. Шығармашылық-іс-әрекетке қабілетті, еркін, зерек, ізденімпаз, еңбекқор, шабытты, белсенді, қызығушылығы мол, оқушының жеке дара қасиетін, жан-

жақты жетілген тұлға болуға тәрбиелейтіндігі сөзсіз. Бастауыш сыныптың барлық пәндерінде, сыныптан тыс жұмыстарда, диалогтік оқыту әдісімен оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыруға мол мүмкіндік бар екендігіне көзіміз жетті. Майя Аджеллоудың «Барлық ұлы жетістіктер уақытты талап етеді» деген сөзімен қорытындылағым келеді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарда білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2012 ж., екінші негізгі деңгей.
4. Кульбаева З.К. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының тиімділігі // Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал «Бастауыш сынып». – № 7, 2013 ж.

ҒТАХР: 31.01.05

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕСІМ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мухажанова Б.Т., бастауыш сынып мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Ақсуат ауданы,
«К. Нұрбаев атындағы Ақсуат орта мектебі» КММ

Жаңартылған білім беру негізінде оқушылардың сөйлесім дағдысын дамытуда негізгі мақсат: оқушылардың сөйлесім әрекеті арқылы мәдениетаралық қатысым құралы ретінде меңгерту, оқушылардың сыни тұрғыдан және ойлау дағдыларын қалыптастыру.

«Сөйлесім әрекеті» – («речевая деятельность») әртүрлі ғылым өкілдерін қызықтырған күрделі мәселе. Көптеген ғалымдар зерттеу объектісіне қарай оның ерекшеліктерін әр қырынан қарастырған. Мәселен, лингвист ғалымдар сөйлесім әрекеті мен тілдің арақатынасын, ортақ заңдылықтарын, тілдік қатынастың лингвистикалық негізін қарастырады. Психолог – ғалымдар сөйлесім әрекетінің ойлау, пайымдау, қабылдау, сезіну, түйсік, зейін т.б. процестермен байланысын, олардың сөйлеу кезіндегі сана арқылы өту ерекшеліктерін зерттейді. Физиологтар тілдік қатынасқа байланысты сөйлесім әрекетінің жүзеге асуына ықпал ететін дыбыстау мүшелерінің жұмыс істеу механизмдерін, қызметін тексереді. Психолингвист сөйлесім әрекеті іске асу үшін жұмсалатын тілдік-қатысымдық тұлғалардың санамен байланысын, сөйлеу кезіндегі ойға қатысты түрлі процестерді қарастырады.

Әдіскер болса, ол осы салалардың барлық заңдылықтарын ескере отырып, сөйлеуге үйретудің тиімді үлгілерін табуды және ұйымдастыруды, жалпы сөйлеу әрекетін жүзеге асыруды көздейді. Бұл саладағы ғалымдар кімді оқытатынын; оларды неге үйрету керектігін; не үшін, не мақсатпен және қалай оқытатынын; оларды неге және қалай оқыту қажеттігін қарастырады. Тілші-әдіскерлердің ең бірінші мақсаты – сапалы оқытудың жолдарын табу, яғни қалай оқытсақ, ісіміз жақсы нәтиже береді деген сауалға жауап іздеу. Соны практикалық жағынан дәлелдеп, теориялық тұрғыдан жүйелеп көрсету.

Сөйлесім әрекетін көптеген авторлар белгілі бір хабарды, ойды, информацияны баяндау, яғни екінші біреуге жеткізу деп түсіндіреді. Немесе тілдік қарым-қатынас дегеніміз – адамдардың бір – бірімен тіл арқылы белгілі бір ақпаратпен пікір алмасуы деген пікірді айтады. Адамзат тілінің ең басты қызметінің өзі – ойды, хабарды жеткізу.

Сөйлеу кезіндегі адам қалай болса солай тіліне келгенін айта салмайды, ол ең алдымен ойлауды басынан өткереді, сырттағы объективті шындық санаға, ойға әсер етіп, пайымдау туғызады. Сол адам миының ойлау процесі арқасында нені айту керек, не туралы сөйлеу қажеттігі жөнінде нақтылы сөз жасалады.

Бұл – тек адамның ойлау жүйесіне ғана тән күрделі процесс. Адам не туралы сөйлейтінін, тіл арқылы нені жеткізетіндігін білгенмен, яғни сөйлесім әрекеті, адамның сөйлеу тілі өзіне тәуелді емес, ол – табиғат берген, жаратылыстан туған күрделі процесс. Адам сөйлеуді жетілдіріп, дамытады, оның заңдылықтарын қарастырады, бірақ сөйлеу тілін өзі жасай алмайды. Осыдан сөйлеудің, тілдің қоғамдық – әлеуметтік сипаты аңғарылады. Хабардың қай түрі болса да шындыққа құралуы керек, сонда ғана тілдік қатысым өз бетінше дамиды және сөйлеу (информацияны қабылдау, оған жауап қайтару, қайта жауап алу) қатысымдық құбылыстың қоғамдық мәнін ашады, адамдар арасындағы

әлеуметтік көпір бола алады. Демек, адамдар бірінің айтқан сөзін екіншісі жай білу үшін ғана емес, олар бір-бірімен өзара түсінісу үшін, өзара қарым-қатынаста болу үшін қарым-қатынастық бірлікке ұмтылады. Осыдан келіп тілдік қатынастың қоғамдық-әлеуметтік мазмұны, мәні шығады.

Тілдік қатынасты зерттеуші ғалымдар жан-жақты тәжірибелерге сүйене келіп, сөйлесім әрекетін бес түрге бөліп қарастырады. Олар: оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім. Бұлардың барлығы – әдістемелік ізденіс жолындағы жаңаша терминдер. Қазақ тілінде бұл мәселе бұрын-соңды арнайы сөз болмағандықтан, сөйлесім әрекетінің түрлері де бір жүйемен аталып, өзіндік терминдер әлі қалыптаспаған. Бұл ғылыми ұғымдарды қазақша бірыңғай оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім деп атаймыз. Өйткені олар, біріншіден, тілдік қатынастың басты ерекшеліктеріне сәйкес келеді; екіншіден, олар – қазақ тілінің сөздік қорына тән, қолданыста өзіндік орындары бар түбір сөздер. Үшіншіден, олар зерттеу мәселемізге сай теориялық және әдістемелік ғылыми ұғымдарды білдіреді; төртіншіден, әрқайсысы әртүрлі есім, қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне сәйкес бірізбен жасала келіп, біртұтас қатысымдық қызмет атқарады [2, 94 б.].

Сөйлесім әрекетінің барлық түрлеріне тән ең басты көрсеткіш: ол – түсіну. Бір адам екінші адамның айтқанын түсінбесе, ұқпаса, онда пікірлесу де жүзеге аспайды. Сөйлесім әрекетіне қатысты айту да, оқу да, жазу да, есту де, тілдесу де белгілі бір хабарланған, баяндалған ойды түсінуге негізделеді. Сондықтан «аудирование» дегенді түсіну емес, «тыңдалым» деп атаймыз да, түсіну процесін осы әрекеттердің бәріне ортақ ұстаным ретінде танимыз.

Сөйлесім әрекетінің барлық түрлері сөйлеу үшін қажет. Оның әртүрлі сөйлей білуді әр жақтан іске асырады: «говорение» – айта білу арқылы, «чтение» – оқи білу арқылы, «письмо» – жаза білу арқылы, «аудирование» – тыңдай білу арқылы. Демек, «говорение» – «сөйлеу» дегеннен гөрі «айтуға» жақын ұғым. Бұл әрекеттердің бәрі бір процестің (речевая деятельность) ортақ түрлері болғандықтан, бірыңғай жұрнақтар арқылы жасалғаны тиімді [2, 94 б.].

Айтылым: әуелі бала сөйлейді, жаза алмайды, айтушы сөзбен бірге емеуірін құралдарын пайдаланады, айтылым кезінде сөз кенеттен туындайды, айтуда үзілістер мен дауыс ырғағы рөл атқарады, айтушының тыңдаушысы бар, ол оның реакциясын көре алады, ауызша сөйлеу толық емес сөйлемдерден де болады, ауызша сөйлеуде қысқарту, бір тақырыптан екіншісіне ауытқу жиі байқалады.

Тыңдалым: сөздік белгілерді білу, түсіну, басқаның сөзін ықыласпен тыңдай білуі керек. Айтылым кезіндегі сөйлеу жағдаяттарына сүйену, емеуірін құралдарына назар аудару, егер сөйлем түсініксіз болса, қайталауды өтіну қажет. Айтушының сөзінің мағынасын түсінуге тырысу, оны мұқият тыңдап тұрғаныңды сездіру, өзіндегі сөздік қорға сүйену мүмкін болмаса, айтушы сөзіне, оның дауыс ырғағына, қолданған емеуірін құралдарына қарап болжам жасай білуге үйрену қажет.

Жазылым: адамды жазуға үйрету керек. Жаза білу адамнан білімді талап етеді. Жазу үшін тыныс белгісін, сөйлемдердің логикалық жүйелілігін сақтауы керек. Жазбаша сөзге жауап бірден болмайды, жауап жазбаша да, ауызша да болуы мүмкін, жазбаша жұмыс уақыт пен жоспарлауды талап етеді. Ол логикалық жағынан дұрыс ұйымдастырылуға тиіс, қайталау болмауға тиіс.

Оқылым: көру арқылы қабылданып, есте сақталады, қоршаған ортамен байланыстың жоқтығы, сондықтан сөздің жайылыңқы болуы, ойдың жүйелілігі, бірізділігі, айтылыстың толықтығы, эллипсистердің жоқтығы, монологтық сөйлесудің орын алуы, сөздікті пайдалану, сол арқылы түсініксіз мәселеге қайта оралу, мәтінде кездесетін клишелерді білу және оларды орынды пайдалану арқылы жүзеге асыруға тиіс.

Тілдесім: адамдардың бір-бірімен түсінісуі ғана емес, сонымен қатар бір-біріне ойы, көзқарасы, пікірі т.б. жағынан ықпал етуі.

Енді сөйлесім әрекеті түрлерінің әрқайсысына толығырақ тоқталсақ.

Айтылым - ой мен сананы, қатысымдық тұлғаларды қамтитын, сыртқы дүниенің әсерін тіл арқылы жарыққа шығаратын күрделі сөйлесім әрекеті.

Айтылым әрекетін меңгеруге қойылатын талаптар:

а) Тіл үйренуші мен тіл үйретуші арасындағы қарым-қатынас шәкірт пен ұстаз арасындағыдай емес, екі жақтың да өзіне-өзі сенген тең тұстасаралығындағы, тең пікірлесушілер қатынасы дәрежесіне жету керек. Үйренуші де, үйретуші де бірдей дәрежеде пікірлесіп, әрқайсысының сөйлеу мәнеріндегі артықшылығы мен кемшілігі көзге ұрып тұрмағаны жөн. Әсіресе, тіл үйренушінің сөйлеудегі ұсақ-түйек кемшіліктеріне бірден назар аударып, көп ескертпе айтудың пайдасы шамалы. Тіл үйренуші мұндай кездерде сөйлеу мәнерінен гөрі өз ойын дұрыс жеткізе білуді, ұғынықты етіп айтуды ғана мақсат тұтады. Мұндай қарым-қатынас адамдарды сөйлеу кезінде артық жасқанудан сақтандырады.

ә) Сөйлеуге үйрету кезінде қоршаған ортада жайлы психологиялық климат ортықтырудың ерекше маңызы бар. Мұндай психологиялық климат тіл үйренушінің сабақта өзін еркін сезінуінен, ойын тура айта білуінен және өзіне қандай материал, сөйлеу мәнері ұнайтынын өзі ұсынып білуінен

тұрады. Ол оқушының мұғалімге өз пікірін еркін өткізе білуіне байланысты. Мұнда тіл үйренуші белгілі бір текст көлемінде білетінін құр жаттанды түрде айтып берудің зиянды, пайдасыз екенін өзі түсінеді. Сөйтіп оқытушы мен тіл үйренуші сөйлеуге үйренудің тиімді жолдарын біріктіріп іздестіретін болады.

Сөздік жұмысының ерекшелігі: тіл дамытудың басқа түрлері сияқты оқу-тәрбие жұмысының барлық салаларында жүргізіледі. Өлең, әңгіме, мысал, мақал-мәтелдер т.б. білу арқылы оқушылардың тілі дамиды. Оқушылар сөзді ұғу арқылы сөйлеу үстінде тілін дамытады. Ал, сөздік жұмысы оқушының ойын дамытумен тығыз байланысты. Тілді, оның грамматикалық құрылысын меңгеру оқушыларға өз пікірлерін айтуға, сұрауға, қорытынды жасауға, заттар мен құбылыстар арасындағы алуан түрлі байланыстарды аңғара білуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Қараев Ж., Қуанбаева Б. Жетілдірілген педагогикалық жүйені жобалаудың дидактикалық шарттары // Ізденіс. – 2004. – № 1, Б. 233-236.
2. Нағымжанова Қ.М. Инновациялық оқыту жағдайларындағы мұғалім қызметінің психология – педагогикалық негіздері. // Теоретические и прикладные аспекты подготовки специалистов в условиях университета. – Усть-Каменогорск, 1999.
3. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.; Педагогика, 1989.
4. Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя; от теории к практике. Монография. – Алматы; Ғылым, 2001.
5. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық.

ҒТАХР: 14.25.07

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШТА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Муханова Г.К., бастауыш сынып мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
«№ 21 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Оқушы бір мәселенің бірнеше шешімін іздеу арқылы шығармашылықпен ойлауы дамиды, қажетті дағдыларды дамыту бастауыш сыныптан бастап, яғни кішкентай кезінен жүргізілсе ең оңтайлы тәсіл болмақ. Бастауыш сынып мұғалімі оқушылардың шығармашылық ойлау әдісін, дүниетанымын қалыптастырып, бір проблеманың бірнеше шешімін іздеуді, өз бетінше ізденуін, өз ойымен өзгелердің ойын сыни қарап, естігенің, білгенің талдап, салыстырып, реттеп, жүйелеп, білмегенің өзі зерттеп, дәлелдеп тұжырым жасауға бағыттау, ойлау қабілетін жетілдіру өз бетімен шығармашылық ойлауға, үйретуді көздеу керек.

Оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда пайдалана білуін қамтамасыз етуді көздей отырып, бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі реттеуге, өздігінен оқуға, өз бетімен шешім қабылдауға үйрету қазіргі заман талабы екенін ескеріп, сабақтарымда «оқытуда жаңа идеялар мен әдіс-тәсілдерді енгізу арқылы оқушылардың дивергентті ойлау қабілетін арттыру» мақсатында жұмыстанып жүрмін.

Дағдыларды әр пән де дамытуға болады. Сабақтарымда жоғары жетісікке қол жеткізуге ұмтылудамын. Сондықтан сабақтарда, үзіліс кездерінде тренингтер өткізіп, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруға баса назар аударамын. Себебі сапалы білім алу үшін ынтымақтастық атмосфера қалыптасуы қажет. Сыныптағы бірлескен жұмыс оқытылатын пәннің мазмұнын берумен шектеліп қана қоймайды, ол сонымен қатар мұғалімнің ынтымақтастық атмосферасында оқуды қамтамасыз етуіне байланысты деп ойлаймын. Сабақтарымда оқушылар топтарға бөлініп, ынтымақтастық оқу жағдайында оқушылар құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдармен алмасуға, басқа тұжырымдамаларға күмәнмен қарауға және белсенді қатысуға мүмкіндік алды. Құрдастар тобындағы өзара қарым-қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын үнемі назарға алып отырамын. Түсінуді басты назарға ала отырып ынтымақтастықпен оқу немесе мәселені шешу үдерісі оқушылардың тиімді дәлелдерді жүйелеу қабілеттерін жоғарлатады дегім келеді. Оқушының дивергентті ойлауына сыныптағы диалогтің маңызы зор, диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын ескеріп, оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер тізбектелген сабақтарымда оқушылардың жас ерекшелігіне сай үнемі қолданудамын. Сондықтан 1-сынып оқушыларын ерте кезеңнен шығармашылық ойлауын дамыту мен үшін маңызды болды. Көбіне

сабақтарымда тапсырмаларды жұптасып орындауды тапсырып отырамын. Себебі, оқушылар жұптаса отырып, қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдер қабылдауға, түрлендірілген тәсілдерді іс-әрекетімізге енгізуге дайын болуға үйренеді. Сабақтарда постермен, интеллект картамен жұмыс, жұптық әңгіме арқылы оқушылардың шығармашылық ойлау әдісін дамытамын. Әр сабақта 1-тапсырма жұпта ойлану, сосын топта талқылауға беріліп отырамын. Диалог барысында оқушыларға баламалы мүмкіндіктер беріліп, басқа адамның көзқарасын өзінің тұжырымдамалық түсінігін тереңдетіп, өз ойын айтып, өз шешімін талдауға, саралауға мүмкіндік болады.

Математика пәні оқушылардың математикалық даму деңгейін қамтамасыз етіп қана қоймай, оқушылардың жалпы ақыл-ойының дамуына ықпал етеді. Бұл пәнде оқушылар есептер шығара отырып, әр тапсырмаға сыни ойланып жауап береді десе де болады. Ол үшін оқушыларды қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, баулу қажет. Сабақта балалардың өмірлік тәжірибесінен, олардың тапқырлығын ескере отырып шешілетін есептерді беремін.

Оқушылардың жақсы меңгерген материалы бойынша заңдылықты іздеу, байқау, жадында сақтау мүмкіндіктерін жаттықтыруға есептер беремін. Тақтада есептер, теңдеулер мен олардың шешімдері жазылған, ішінде дұрыс жауаптары да, дұрыс еместері де бар. Сәйкес тексеру, талдау жұмыстарын жүргіземін.

Тақтада белгілі бір мысалдың шешуі немесе ең көп кездесетін қателері бар, дәстүрлі есептер жазып, әрбір шешімнің логикалық жолына тексеру жүргізуді ұсынамын. Тақтада күрделі есепке сызба берілген және “миға шабуыл” әдісі арқылы оның шешімін табуға тапсырамын. Алдыңғы сабақта берілген есептерді шешудің әр-түрлі әдістері қарастырылып, ережеге сай бұл есептеу жүргізуді тапсырамын. Үй жұмысына ертегі мазмұндау немесе математикалық кроссворд құрып келуге тапсырмаларды түрлендіріп отырамын.

Әдебиеттік оқу пәнінде оқыған мәтін бойынша мазмұнын айтқызып қана қоймай, оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді қолданып, мысалы, «Кір жаятын жіп» әдісі оқушыларға мәтін мазмұнына бойынша сурет салғызып, салған суреттерін оқиға желісі бойынша орналастыру тапсырылды. Оқушылар өз түсінігі бойынша бейнелерді орналастырды. Бұдан шығатын қорытынды оқушының мәтіннің мазмұнын қаншалықты дәрежеде меңгергенін көруге болады.

Қазақ тілі пәнінен оқушының жеке оқуға берілген сөйлемдерді оқудан және оның мазмұнын ұжымдық талдауға тапсырмалар беріп отырамын. Оқушылар қойылған сұрақтарға жауаптарын дәлелмен жауап беруін талап етіп отырамын.

«Температура өлшеу әдісі». Бұл әдіс топтық жұмыс барысында мұғалім топ жұмысын бақылау үшін «біз не істеп жатырмыз?» деген сұрақ қою арқылы оқушылардың жұмысы нәтижелі болу үшін бағыт береді.

«Сұраққа жылдам жауап». Тақырыпты терең түсіну және оқушылардың назарын сабаққа аударып, ой-өрісін дамыту мақсатында төмен дәрежелі сұрақтарға толық жауап қайтару тапсыру керек.

«Сюжеттік кесте» Оқушылардың мәтінді қаншалықты меңгергенін бақылау үшін сұрақтарға сәйкес төрт сөзден тұратын сөйлем құруды тапсыру қажет.

«Бес сатылы эссе жазу»

1. Тақырып бойынша негізгі идеяларды анықтап алу;
2. Кіріспемен жұмыс;
3. Жұптық жұмыс. Қателерді анықтау;
4. Жіберілген қателерді есепке ала отырып, қалыпқа келтіру жұмысын жүргізу;
5. Сынып алдында жұмысын жариялау.

«Алфавит тізбегі» Оқушылар өткен тақырып бойынша алған білімдерін алфавиттегі әріптерден басталатын сөздерді кезекпен атап шығу керек. Мысалы тақырыбыңыз «Қазақстан» болса,

А – Астана

Ә – әскер

Б – бидай

В – валюта

Г – газ

Ғ – ғимараттар

«Сұрақты тауып ал» бірнеше сөйлем бір сұрақтың жауабы болады.

«Мұғалімге хат жазу» Сабақ аяғында оқушылар өтілген тақырып бойынша сұрақ қояды немесе түсінбеген, түсініксіз сұрақтар бойынша ұсыныстарын жазады.

«Эссе жазу» 3 минут ішінде өтілген тақырып бойынша не түсінгенін жазады. Сабақты қорытындылауға өте тиімді әдіс-тәсілдің бірі.

«Сұхбат алу» Ортаға үш оқушы шақырылады. Екі оқушы бір-бірімен тақырып бойынша сұхбат құрады. Үшінші оқушы түсінгенін әңгімелейді.

«Қалың және жұқа сұрақтар» әдісі. Бұл әдіс топ жұмысы барысында оқушыларға тақырып бойынша сұрақтар құру тапсырылады.

«Логикалық тізбекті ажырату» Бұл әдісті сабақ қорытындысын шығару кезінде қолданған тиімді. Оқушыларға тақырыпқа сәйкес негізгі сөздер тізбегін жүйелілікке келтіру тапсырылады.

«Ақпаратпен бөлісу». 1-ші оқушыда ақпараттың 50% бар. 2-ші оқушыда ақпараттың 50% бар. Жұптар бір-бірінің ақпараттарын толықтырады. Жұптар сыныппен жұмыс жасайды.

«Шырша немесе фишбон» Бұл стратегия оқушыларды көлемі үлкен тақырыпты бірнеше себебі мен дәлелдемесі келтірілген шағын тақырыпшаларға бөлуді үйретеді.

Жаңа оқыту технологиясы негізінде өткізілген сабақтар үрдісінде өзімнің іс-әрекетіме келсек:

1. Топқа бөліп, ой қозғадым.
2. Тақырыпқа қызықтырып бағыттадым.
3. Шығармаға қатысты мақал-мәтелдер жинақтауды ұсындым.
4. Шығарманы талдауға пікірталас ұйымдастырдым.
5. Оқиғадағы өзекті мәселелерге оқушы көзқарасын анықтадым.
6. Шынайы өмірмен байланыстыру арқылы баға беруге бағыттадым.

Оқушы белсенділігі:

1. Топтарда жұмыс жасады.
2. Мәтінмен өздері танысты.
3. Әр түрлі әдістер арқылы шығарманы саралады.
4. Жеке кейіпкерлерді талдады, олардың іс-әрекетін зерттеді.
5. Ой қорытып, оны қағаз бетіне түсірді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында Білім Беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасы.
2. 2015-2016 оқу жылында Қазақстан Республикасының Жалпы Орта Білім Беретін Ұйымдарына Ғылым Негіздерін Оқытудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат.
3. Республика Президенті Н. Назарбаевтың Еліміздің шығармашылық зиялы қауымының танымал өкілдерімен кездесуіндегі сөзінен. Егемен Қазақстан, 1998 ж.
4. Педагогикалық Шеберлік Орталығы Кембридж Университетінің Білім Беру Факультетімен Бірлесіп Өзірленген Қазақстан Республикасы Педагог Қызметкерлерінің Біліктілігін арттыру Курстарының Деңгейлі Бағдарламасына арналған Глоссарий /оқу-әдістемелік құрал.
5. Шалғынбаева Қ. Шығармашылық есептердің маңызы. Бастауыш мектеп, 2006. – № 1, – 7 б.
6. Шакиров Р.Х. Сахарова Н.Г. Формативное оценивание на уроках математики.
7. Барбер М. Муршед М. Как добиться стабильно высокого качества обучения в школах.
8. Галиев.Т. Интенсификация учебного процесса: системный подход. Астана, – 2005.

ҒТАХР: 14.25.07

ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ПӘНГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Оралбекова Ә.М., химия пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
«№ 21 жалпы орта білім беретін мектеп»

Қазіргі таңда мұғалімнің алдында тұрған міндеттердің қатарына оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру үшін тек теориялық біліммен шектеліп қана қоймай, оның қажырлы тынымсыз еңбектенуінде, балалармен жұмыс істеуі қабілетінің жоғары дәрежеде болуын талап етуде. Сонда ғана, қоғамымызға, білімге құштар, қабілеті мол, ізденімпаз жастар көбейіп, адамзат игілігі үшін өзіндік үлес қосып, ел абыройын асқақтатып ұлтымыздың мерейін көтеретін ұрпақ тәрбиесі жүзеге асырылмақ. Олай болса, мұғалімнің осы бағыттағы жұмыстарының негізгі қаруы – өз сабақтарында қолданатын жаңа әдіс – тәсілдердің маңызды роль атқаратынына күмән жоқ.

Оқу мен оқытудың жаңа әдіс – тәсілдерін сабақта қолданудың тиімділігі: оқушылардың пәнге қызығушылығы оянады, әрқайсысының оқу үдерісіне қатысу белсенділігі артады, жұмыс барысында әрбір оқушының сезіміне көңіл бөлінеді, оқу материалы жеңіл меңгеріледі, оқушылардың қабілеті әр

түрлі қырынан танылады, мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс жүзеге асады, оқушылардың өзіндік пікірі мен өзара ынтымақтастық қарым – қатынасы орнайды, жағымды мінез – құлық, өмірлік дағдылары қалыптасады.

Озық тәжірибелі теорияны мектеп практикасында қолданудың өзіндік мәні: мұғалім оқушыға білімді дайын күйінде емес, тек диалогтік оқыту әдісі барысында оқушының білімді өздігінен игреуіне жағдай жасап, жетелеп отыруында, балалар жаңа материалды және көмекті мұғалімнен емес, жанындағы жолдасынан алып отыруында, сонымен қатар, мұғалім топтық өзара әрекеттердің әр түрлі әдістемелерін игеру арқылы оқушылардың топтық жұмыстарын дұрыс ұйымдастыруымен ерекшеленеді.

Оқу мен оқытудың әдістеріне: Уақыт шеңбері, Тыңдап отырған үштік, Джиксо, Аквариум, Ыстық орындық, Сұрақтар шеңбері, Инсерт, Сөздер банкасы, Ақылдың алты қалпағы, Еркін талқылау, Бағдаршам, Дебат т.б.

Уақыт шеңбері әдісі: идеялар, тәжірибелер және ойлармен бөлісу. Өзіндік түсінгенін жолдасына түсіндіру және топта сұрақтар қойып отыру. Ұйымдастыру: барлық орындықта отырған жерінде немесе шеңбер құрып тұрып орындайды. Сөйлеушінің қолында ғана ұстайтын зат бар (Мысалы, доп).

Уақыт шеңберіндегі ең маңызды ереже – талқылауға барлығы түгелдей қатысулары керек, тек біреу ғана сөйлеу керек – әңгіме тақырыбы ережелердің сақталуына мүмкіндік туғызуы керек, егер сіз бір тақырып аясында сөйлегіңіз келмесе, «сөзіңізді» басқаға бересіз, ешқандай қатты ескертулер болмауы керек. Бұл әдісте мен өз сабақтарымда жаңа тақырыптың алдында бұрынғы білімін еске түсіру мақсатында немесе жаңа сабақ соңында білімдерін қайта тиянақтап шығуы үшін қолданып жүрмін. Ойын ережесі Қар кесегіне ұқсас жүргізіледі.

«Сұрақты тап» әдісі. Әдістің тиімділігі сол, оқушылар талқылаумен қатар, берілген бірнеше жауаптарға сұрақтар құрастырады. Балалар ойланады, талдайды, бірлесіп жұмыс жасайды.

КТМҚ» стратегиясы. Бұл стратегия жаңа сабақты ашуға, анықтаманы өздері шығаруға өте тиімді әдістің бірі.

I. Менің ойыма бұл жерде.....

II. Себебі.....

III. Мен мына мысалдар арқылы дәлелдей аламын.....

IV. Осыдан келіп шығатын қорытынды.....

Джиксо әдісі: Сұрақтар топтамасы мен жұмыс істеудің құрылымдалған тәсілі және топта жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Джиксо әдісінің артықшылығы – топта жұмыс істеуге арналған құрылым ұсынып, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететіндігі. Оқушыларды сынып бойынша үш – төрттен топтарға бөліңіз. Құрылған әр топқа дәстүрлі тапсырма беріңіз(оқулықтан беруге болады). Тапсырманы үлестірме материалдар түрінде таратсаңыз оқушыларға тың мәлімет қызығушылығын жоғарылата түседі. Күрделілігі бойынша оқуға арналған материалдың тиісті күрделілік деңгейі сақталуы керек. Егер топ төрт адамнан тұратын болса, басты тапсырманың ішінде топтың әр мүшесіне бір сұрақтан төрт сұрақ немесе тапсырма болады. Сұрақтар немесе тапсырмалар топ ішінде оқушылардың өзара келісуі арқылы бөлінеді. Нақты бір сұрақ төңірегінде жүреді. Сарапшы топ деп аталатын жаңа топ құрылып, ортақ проблеманың шешімін табу үшін олар бірлесіп жұмыс істейді. Тапсырманы орындаудың бұл кезеңінің соңына қарай оқушы өзге «сарапшылармен» өзара қарым – қатынас жасап, мәселені талқылаудың арқасында сұрағы бойынша сарапшы болып қалыптасады.

Оқушылар бастапқы топтарына қайтіп оралады. Материалдар таратылады да, бастапқы топтарға қорытынды тапсырма беріледі. Ол ұжымдық қорытынды шығару немесе жеке тапсырма болуы мүмкін. Бұл тапсырманың көздегені: тапсырманы сәтті аяқтау үшін оқушылар әрқайсысының сарапшы топта болған кезде алған мәліметтерін еске түсіріп, өз тобының мүшелеріне бірлескен оқу арқылы түсіндіруді қамтамасыз ету. Мен бұл әдісті өз тәжірибемде химия сабақтарында жаңа материалды оқушылардың өздері меңгеруіне мүмкіндік беру үшін, оқулықтағы тақырыпты топтарға, тақырыпшаларға, абзацтарға бөліп беріп немесе арнайы парақшаларға тапсырмалар дайындап келіп, оны топтарға таратып беремін. Олар топта танысып, талқылап, ортаға шығып, бүкіл сыныпқа түсіндіреді. Материалды түсінгенін анықтау мақсатында өзін немесе топтарға, қарсы топтарға сұрақтар қойғызамын.

Ақылдың алты қалпағы әдісі: мәселені барынша мұқият талқылап, баланың жалпы ойлау қабілеттерін жетілдіру үшін ойдың сананың түрлі аспектілерін жандандыру мақсатында қолданылатын әдіс. Ақылдың алты қалпағы – Едвард де Боно әзірлеген әдістемесі, ол әртүрлі шешімдердің ішінен ойды бір мәселе төңірегінде шоғырландыруға мүмкіндік беретін қатарласып ойлау үдерісі болып табылады. Алты қалпақтың әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді.

Оқушыларға қалпақ беріледі де (алты түске боялған қалпақ), олардан белгілі бір тақырып аясында, бірақ әр түрлі көзқараспен қалпақ түсіне сәйкес талқылау ұйымдастырылады. Сынып топтарға бөлініп, бір топқа бір түсті қалпақ беріледі. Мұғалім әңгімені жүргізеді.

Аквариум әдісі арқылы тақырыпқа тапсырмалар пайдалану. Мысалы, тақырып саңырауқұлақтардың жалпы сипаттамасы. Оқушыларға тақырып төңірегінде тапсырма таратылады, тапсырманы топ ішінде отырғызып, топпен талқылату. Топ ішінен бір сарапшыны тағайындап, басқа топтарға түсіндіреді, қайтадан өз топтарына барып, түсінгендерін түсіндіреді. Ортаға шығып, шеңбер жасап, ортаға тапсырмаларын түсіндіреді. Оқушылардың мұндағы мақсаты, берілген тапсырманы өздері талқылап, өз ой- пікірлерімен санаса білуі, топпен жұмыс жасауы.

«Он сұрақ» әдісінде бір оқушыны таңдап алып, арқасына негізгі сөз жазылған стикерді жапсырып қойдым. Ал қатысушы стикердегі сөзді табу үшін он сұрақ қоя тұрып, табуы керек болатын және сыныптан алынатын жауап «иә» немесе «жоқ» түрінде берілуі керек. Оқушы жасырылған сөзді ойлана отырып және сұрақтар қоя отырып, табуға тырысты. Алайда менің осы тұста байқағаным, оқушылардың ойлау қабілеттерінің баяулығы, еркін ойланудың қалыптаспағандығы. Оқушылардан кері байланыс алғанымда осы ойынның ұнағандығын жазған. Демек, балаларға ұнады, қызықты болды.

«Жалған ба?» «Шындық па?» әдісі. Бұл әдістің сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытудағы маңызы зор тиімді әдістің бірі болды мен үшін. Мұнда тақырыпқа байланысты үш түрлі мәлімет бердім. Үш мәліметтен де көп мәлімет беруге де болады. Оқушылар топпен бірлесе жұмыс жасай отырып, қай мәлімет жалған, қай мәлімет шындық екендігін табуға тырысты. Шатастырып берген бұл тапсырмада балалар бір сұрақтардан шатасып жатты. Сабақ соңында оқушылар жазған рефлексиясында осы әдістің ұнағандығын жазған болатын.

«Стикердегі диалог» әдісін пайдалану арқылы өткен тақырыпты қайталау және жаңа сабақтың тақырыбын ашу мақсатында пайдалануға болады. Оқушылардың мұндағы мақсаты берілген сұрақтарға жауап беріп, өз ой – пікірлерімен санаса білуі, жалпы сабақтың соңғы кезеңдеріне қолданатын әдіс.

«Бағдаршам» әдісі арқылы бағдаршам түстері бойынша өзіне сабақтағы бағалауға тиімді тәсіл.

Қызыл – «өте жақсы»

Жасыл – «жақсы»

Сары – «қанағаттанарлық» .

Қорыта келе айтарым, оқушыларым сыни тұрғыдан ойлауға дағдыланды, Өз ойларын ашық, еркін жеткізуге үйренді. Бүгінгі сабақ туралы өз ойларымен бөлісуді, өзіне – өзі есеп беруді, өзін – өзі реттеуді, түрлі болжамдар жасауға, бірлесе жұмыс жасауға үйренді. Келешекте сабағыма ең тиімді болған тәсілдерді пайдаланумен қатар, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін, дұрыс, жүйелі сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың жолдарын тауып, оқытудағы кедергілерді жоюға тырысатын боламын.

Әдебиеттер

1. Құсайынов А.Қ. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы – № 1.4, – 79 бет.
2. Әлімов А. Диалог – адам өмірінің мәні мен мақсаты. № 5, – 108 бет.
3. Ғаламтор желісі.

ҒТАХР: 14.25.07

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Орынбекова А.А., Мусина Г.К., бастауыш сынып мұғалімдері

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

«№ 19 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Жаратылыстану пәні бағдарламасының негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Пән бойынша берілетін білімдер жүйесі оқушылардың қоршаған әлем туралы, атап айтқанда, әртүрлі денелер мен құбылыстар туралы алғашқы білімін қалыптастырады. Пән оқушының ғылыми-зерттеу дағдысын, сұрақ қою және сол сұраққа жауап табу, зерттеу жоспарын дайындау және болжам жасау, зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді жинақтау, өңдеу және түсіндіру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бастауыш сыныпта оқушылар пәнді меңгеру барысында дәстүрлі емес ойлау формаларына үйренеді. Ақиқатпен байланысты іс-әрекеттердің жауабын табуға, сұрақтар қоюға, ғылыми-зерттеу тәсілдерін түсініп, ойлауға және бақылауға дағдыланады.

Жаратылыстану пәнінің мақсаты бастауыш сынып оқушыларын әрі қарай жаратылыстану ғылымы пәндерін (биология, химия, физика) меңгеруге дайындау, күнделікті өмірде (үйде, мектепте, табиғатта) көрген, бақылаған құбылыстары мен үдерістерді түсіндіру, сипаттау үшін алған білімдерін пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру болып табылады. «Жаратылыстану» пәні оқушылардың ғылыми-зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл пәннің артықшылығы баланың тапсырманы өздігінен ізденіп орындауы және дұрыс тұжырым жасауына бағытталуы, сондай-ақ баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын арттыру.

Баланы бастауыш сыныптан бастап мамандыққа бейімдеу – осы жаратылыстану пәнін дұрыс жүргізуден басталады. Мектептегі жоғарғы сыныптарда мамандыққа бейімдеу бойынша жаратылыстану – математика бағытында математика физика, география, биология, химия, информатика және технология пәндері оқытылады. Ал бастауыш сыныпта оқытылатын жаратылыстану пәні осы пәндерге баланы бағыттау, бейімдеу болып табылады.

Жаратылыстану пәнінің құзиреттілігін арттыруда қандай әдіс-тәсілдерді қолдану тиімді деген сұрақ туындайды. Бастауыш сыныпта «Жаратылыстану» пәнін оқытуда әр түрлі жаңа технология элементтерін сабақтың мазмұнына байланысты жоспарлап қолдану өз нәтижесін жақсы береді. Баланың қабылдау ерекшелігі де ескерілу керек. Бұл факторларды еске алмай білім берілсе ол нәтижесіз болады. Бұл жерде мұғалім шеберлігі басты роль атқарады. Негізі тірек сызба нұсқалары балаға берілетін білімді жеңілдетеді. Есте сақтау қабілеті төмен баланың ойында өткен тақырып тез сақталады. Сызба арқылы білім шашыранқы түрде емеснақты беріледі. Үйренген нәрсесін сызба арқылы беруге дағдыланады. Кестелер сабақты ғылыми тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді. Баланың шығармашылық қабілеті артып өз бетінше сызбалар құрастыруға талпынады. Жаратылыстану пәнінде қолданылатын зерттеудің негізгі принциптері мен әдістерін меңгеру жас ұрпақтың дүниетанымын, ойлаудың ғылыми тәсілін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жаратылыстану пәнінің маңыздылығы жаратылыстану ғылымы бойынша білім беру бастауыш мектеп жасындағы білім алушылардың табиғи білімқұмарлығының дамуына, әлем туралы ой-өрісінің кеңеюіне, ғылымды түсінудің және қоршаған ортаны тұтастай қабылдауының дамуына, қоршаған ортаны қорғау және бағалай білу біліктерінің дамуына ықпал етуімен анықталады.

Бастауыш мектепте «Жаратылыстану» пәнін оқу және меңгеру қоршаған әлемнің күрделілігі мен көпқырлылығын, сондай-ақ табиғи құбылыстар мен процестердің өзара байланысын; жанды және жансыз табиғатта болып жатқан кейбір табиғи құбылыстар мен процестердің себептерін; жаратылыстану-ғылымдық білімнің адамның көптеген іс-әрекет түрлері үшін маңыздылығын; алуан түрлі практикалық және зерттеу әрекеттері арқылы алынған білімнің күнделікті өмірмен байланысын түсінуге бағытталған Оқулық «Мен-зерттеушімін», «Өсімдіктер», «Жануарлар», «Адам», «Күш пен қозғалыс», «Жер және ғарыш», «Табиғат физикасы», «Жарық» және «Дыбыс» сияқты оқу бөлімдерін қамтиды. Осы бөлімдер бастауыш оқу кезеңінің әрбір сыныбында « жеңілден күрделіге» қағидатына негізделеді. Әр жаңа тақырыпты толық меңгеру үшін оқулықтың бас кейіпкерлері Негеш пен Эврика көмектеседі. Негеш пен Эврика оқушыларды ғылым әлеміне бағыттап, болжам жасауға, тәжірибе немесе зерттеу жүргізуге, табиғи құбылыстарды ашуға ынталандырады. Жаратылыстану сабақтарын келесі түрлерге бөледі: жаңа материалды үйрену сабағы; білімді тәжірибеде қолдану сабағы; оқу материалын бекіту және қайталау сабағы; білімді бақылау және есепке алу сабағы; құрамдастырылған сабақ. Сабақтың түрін таңдау сабақтың дидактикалық мақсатына байланысты жүзеге асырылады. Жеке, жұптық, топтық және ұжымдық жұмыс сабақтың барлық түрлеріне ортақ нысан болып табылады.

Тәжірибеде қолданысқа енгізіліп жүрген жаңа әдістерді атап өтсем:

«Даналық ағашы»

Оқушылар ішінен бір жүргізуші сайланады. Жүргізушінің қолында қорап немесе сандықша болуы керек. Оқушылар тақырып бойынша ашық сұрақтар құрастырып, жүргізушіге береді. Сұрақтар құрастырылып біткен соң, оқушылар сандықшадан кез келген сұрақты алып, дауыстап оқиды, толық жауап беруге тырысады. Қойылған сұрақпен берілген жауап бағаланады.

«Данышпан үкілер»

Мәтінмен жұмыс істеудің негіздері.

Мәтіннен негізгі (жаңа) ұғымдарды тауып, оларды алфавиттік ретте жазыңыз. Мәтіннен сіз күтпеген, сіздің бұрынғы ұғымдарыңызға қарсы тұрған ақпаратты табыңыз. Сізге жаңалық болған ақпаратты жазыңыз.

1. Маңызды өмірлік даналық.

Мәтіннің негізгі ойын бір сөйлеммен білдіріңіз.

2. Таныс және таныс емес.

Мәтіннен сізге алдында таныс болған және мүлдем таныс емес ақпаратты табыңыз.

3. Иллюстрациялық бейнелеу.

Мәтіннің негізгі ойын сурет, сызба, карикатура т.б. арқылы бейнелеп көріңіз.

4. Үлгі боларлық қорытынды.

Оқыған мәтіннен келешекте қажет болатын маңызды қорытынды шығаруға бола ма?

5. Талқылауға арналған маңызды тақырыптар.

Сыныпта талқылауға тұрарлықтай, ерекше көңіл бөлуге болатын ойларды, пікірлерді табындар.

«Дарабоз»

Бала еңбегін сабақта бағалауға рейтинг жүйесінің қарапайым түрін ұсынар едік. Мұғалім өзінің жеке шығармашылық журналы төмендегі бағытта бағалау жүйесін қолданады. Бұл баланың төмен баға алу қорқынышынан туатын қажетсіз әрекеттерінен арылып, шынайы еңбегімен көрінуге ұмтылуына ықпал етеді. Ұжымда демократиялық қатынастар орнатуға қызмет етеді.

Ұтымдылығы – бірінші орында баланың қабілетінен гөрі еңбектенуі тұратындығында. Тынымсыз еңбек қабілетті дамытады. Баланың сенімділігі мен қызығушылығын ұштайды.

Бала еңбегі мынадай бағыттарда жан-жақты бағаланғаны жөн:

- сабаққа қатысуы;
- оған даярлығы;
- тапсырманы орындауы;
- өзіндік жұмысы;
- ынтасы;
- сабақтағы жауабы.

Мұндай жағдайда «екі» деген баға болмайды, себебі өзін ықтырып, үркітетін бағаны емес, жинақталған балды көріп, кемшілігін түзетуге мүмкіндігі бар екеніне сенімді болар еді.

«DEAL»

D – Describe – баяндау, суреттеу (оқығанды, көргенді сипаттау, сынау, өлшеу).

E – Explain – түсіндіру (құбылыс немесе оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгендерін суреттеу).

A – Analyze – талдау (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау).

L – Links – байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру).

«ДЖИГСО»

Топтарға мәтін бөлігі таратылады. Мәтін бөлігін оқып, өз топтарында талқылайды. Талқылауға аз ғана уақыт беріледі. Бастапқы топқа қайта келіп, қолдарындағы мәтін бөліктерін құрастырады. Топтарға мәтіннің толық нұсқасы таратылады. Толық мәтін мазмұнымен танысып, мәтін желісін топ мүшелері бірлесіп отырып аяқтайды.

ДЖИГСО әдісімен жұмыс ақпарат алу мен пысықтауға, ойлауға ықпал етеді. Оқытудың осы ұжымдық әдісін жүзеге асыру мақсаты – жалпы мәселені алдымен жұпта, кейін ұжымда талқылау, үйрену мен үйрету. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілігі артады. Мәселен, әдісті қолдануды төмендегіше қарастырып көрейік.

Алдымен ұжым 4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Бұлар – бастапқы жеке жұмыс топтары. Берілгелі тұрған жұмыс мәтіні төртке бөлінеді. Енді топ мүшелері төртке дейінгі реттік жүйеде тағы бөлінеді. Тіпті тақырыпқа қатысты сұрақ қойып, айтылған сөздерді шартты атау ретінде бөліп беруге де болады (мәселен, берілген сөйлемдердің мағыналық түрлерін анықтандар: сұраулы, лепті, хабарлы, бұйрықты). Бұл жолы әр сан иелері немесе атау иелері өз алдына «жұмыс тобын» құрайды.

Оқуға ұсынылатын материалдың тақырыбы талқыланған соң, осы мәтінді топта талқылап, түсіну қажет екендігі ескертіледі. Логикалық түрде төрт бөлікке бөлінген мәтін бөліктері әр топқа таратылады. Топтар тұтас мәтінмен емес, тек белгілі бөлікпен ғана жұмыс істеп, бүге-шігесіне дейін талдайды, пікір алмасады, ойын нақтылайды. Жұмысты бастамас бұрын екінші құрылған шағын топқа бара жатқан оқушыларға «жұмыс тобында» мәтіннің тиісті болты жақсы меңгеру қажеттігі айтылады, өйткені сол бөлімді «бастапқы топ» мүшелеріне түсіндіруге жауапты болатыны, мәтінді тұтас түсіну әр оқушының жұмыс істеуі мен зейін қоя түсінуіне байланысты екені түсіндіріліп, жауапкершілік жүктеледі.

Бұл стратегия мазмұнды жан-жақты меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін ұмтылу, жауапкершілік дағдысына баулу мақсаттарында аса тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды.

«Диаманта»

Диаманта – жеті жолдан тұратын өлең түрі, бірінші және соңғы жолдары қарама-қарсы мәнде болуы қажет. Мағыналары қарама-қарсы түсініктермен жұмыс істегенде пайдалы.

1,7 – жолдары – антоним-зат есімдер;

2 – бірінші зат есімге екі сын есім;

3 – бірінші зат есімге үш етістік;

4 – зат есімді екі сөз тіркесі;

5 – екінші зат есімге үш етістік;

6 – екінші зат есімге екі сын есім;

Мысалы:

қала

үлкен, көне

салынады, өседі, гүлденеді

танымал қала, кішкентай ауыл

асырайды, дамиды, қалыптасады

әдемі, туған

ауыл

«Дизайн»

Әр оқушы өзінің қандай жансыз зат екенін айтады. Дизайнер келіп оларды өз талғамымен орналастырады. Ең бастысы, бәрін өз орнына тиімді орналастыра білу. Сабақта да солай әр жұмыстың өз қызметі, өз орны бар. Орнымен жұмсасақ қана нәтиже болатынын білдіру.

Әдебиеттер

1. Оспанова А. Жаратылыстану негіздері. – Алматы, 2015.
2. Дайрабаев К., Дайрабаева А. Педагогика негіздері.
3. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері А.Әлімов. – Алматы, 2013.
4. Мирсеитова С. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. – 1998.

ҒТАХР: 14.01.29

ЭФФЕКТИВНЫЕ СТРАТЕГИИ РАБОТЫ С ТЕКСТОМ НА УРОКЕ

Садикова Б.К., учитель русского языка и литературы

Республика Казахстан, г. Семей,

КГУ «Средняя общеобразовательная школа № 21»

Использование текста при изучении русского языка и литературы обеспечивает решение таких важных проблем школьного образования, как приобщение учащихся к духовному богатству и красоте родного языка, воспитание бережного и вдумчивого отношения к слову. В своей работе педагог особое внимание уделяет такому виду работы, как комплексная работа с текстом. И здесь очень важны критерии отбора текстов. Они должны быть интересными с точки зрения орфографии, отличаться стилем, типом речи, лексикой, содержать различные синтаксические конструкции.

Цель работы с текстом на уроках русского языка – постижение закономерностей построения, знакомство со стилистическими, фонетическими, морфологическими, синтаксическими и орфографическими ресурсами языка. Эти цели достигаются в процессе использования следующих видов деятельности:

- нахождение границ предложений в тексте;
- деление текста на абзацы;
- восстановление деформированного текста;
- соби́рание текста из фрагментов;
- определение темы, главной мысли, идеи;
- озаглавливание;
- дописывание концовки текста;
- создание текстов разных стилей, разных типов речи.

По мнению В.Г. Маранцмана, «труд читателя измеряется не количеством прочитанного, а способностью вдумываться и вглядываться в текст, ставить перед собой вопросы, находить ответы и

радоваться». Это есть путь от читательских впечатлений к автору произведения, к созданию собственного текста. Правильно организовать этот путь помогут активные формы обучения, где увеличена степень самостоятельности учащихся и развиваются творческие способности каждого ученика.

Предлагаю вашему вниманию некоторые приемы работы с текстом.

Комплексный анализ текста. Интерес к этому приему работы с текстом продиктован необходимостью подготовки учащихся к выпускным экзаменам в 9, 11 классах. Работа над анализом текста начинается в 5 классе на уроках русского языка и продолжается до 11 с учетом возраста и полученных знаний. Ученики приучаются к первичным основам лингвистического комплексного анализа текста.

Реконструкция текста. Один из продуктивных приемов работы с текстом на уроке русского языка является «ПИСЬМО С ДЫРКАМИ». Этот прием подойдет в качестве проверки усвоенных ранее знаний и для работы с параграфом при изучении нового материала.

Сложение целого текста из частей. Эффективен при изучении, тем: “Текст”, “Тема текста”, “Темы широкие и узкие”.

Верные-неверные утверждения. Этот прием может стать нетрадиционным началом урока и в то же время способствовать вдумчивой работе с текстом, критически воспринимать информацию, делать выводы о точности и ценности информации. Учащимся предлагаются утверждения, с которыми они работают дважды: до чтения текста параграфа учебника и после знакомства с ним. Полученные результаты обсуждаются.

Синквейн. (стихотворение из пяти строк, которое строится по правилам). К этому приему, позволяющему высказать свою точку зрения, прибегаю при знакомстве с текстами, посвященными лингвистам прошлого и настоящего. Эта работа не вызывает интерес учащихся, но по-своему нужная и важная.

Поэтическая разминка. Этот прием использую на уроках изучения лирики. Он активизирует мысль, учит узнавать поэта по его слову, оживляет урок.

Технология продуктивного чтения (ТПЧ)

Научить учащихся читать «правильно», «эффективно», «продуктивно» – вот важная задача учителя. Именно поэтому технология продуктивного чтения (ТПЧ), разработанная профессором Н. Светловской, приобретает ведущее значение и способствует достижению тех результатов, о которых говорится в новых стандартах. Технология универсальна, может применяться на уроках любого цикла. Она направлена на формирование всех универсальных учебных действий: познавательных, коммуникативных, регулятивных, личностных. Технология продуктивного чтения резко отличается от традиционной технологии передачи ученику готового знания. Учитель организует исследовательскую работу детей так, что они сами «додумываются» до решения ключевой проблемы урока и сами могут объяснить, как действовать в новых условиях. Учитель становится партнером, наставником, наблюдателем.

Комплексный анализ текста – это не только интересный, но чрезвычайно полезный вид работы, при котором осуществляется системный подход к изучению языка. Работа с текстом развивает у учащихся языковое чутьё, способствует устранению грамматических, стилистических и речевых ошибок, значительно углубляет стилистико-семантическое восприятие произведений художественной литературы и формирует нравственные качества школьников. Любая работа с текстом или маленьким его фрагментом начинается с того, что художественное высказывание воспринимается детьми на слух или зрительно. И на этом этапе важно создание таких проблемных ситуаций, которые бы помогли ввести учащихся в систему художественных образов этого текста. Процесс восприятия текста (отрывка) организуется с помощью разных заданий-вопросов. С изучением грамматики теснейшим образом связано изучение лексики. А об изобразительной роли лексических средств в художественном тексте просто необходимо говорить на уроке. При осмыслении лингвистических средств создания образности художественного текста ученики должны осознать изобразительно-выразительные возможности тех явлений, которые изучаются на уроках. Красота и удивление богатством родного языка открывается детям в процессе такой работы. Например, такие типы заданий вопросов:

– выпишите из текста слова, с помощью которых передаются краски осени, зимы и т.д. Только ли прилагательные вам придется выписать, почему?

– назовите слова, которые помогают описать пейзаж в прямом значении?

– найдите в тексте примеры художественных трюков (эпитеты, метафоры, олицетворения, сравнения).

– укажите синонимы, антонимы. Почему именно это слово употреблено? и т.д. Применение таких проблемных ситуаций в учебном процессе дает возможность формировать у учащихся определенную познавательную потребность, также обеспечивает необходимую направленность мысли на самостоятельное решение возникшей проблемы. Таким образом, работа с текстом формирует более глубокие знания в области грамматики, лексики, синтаксиса.

Представленные приемы работы с текстом позволяют решать такие речевые задачи:

- учить видеть, слышать и чувствовать текст;
- пополнять речевую память учащегося;
- обогащать словарный запас;
- продуктивно усваивать учебный материал;
- прививать эстетический вкус;
- формировать собственное мнение, высказывать его, уметь аргументировать.

Необходимо помнить, что на уроке анализа текста главным всегда остается работа с текстом, а ИКТ лишь разнообразят методы, приемы и формы работы, развивающие разные стороны личности ученика.

Тем не менее ИКТ на уроке способствуют:

- экономии времени;
- глубине погружения в учебный материал;
- повышению мотивации обучения;
- расширению возможностей урока;
- интегративному подходу в преподавании.
- возможности одновременного использования аудио-, видео-, мультимедиа-материалов.

Памятка. При подготовке к выразительному чтению определите:

- 1) Где нужны логические ударения, паузы – короткие и более продолжительные;
- 2) Выберите нужный тон, темп чтения, принимая во внимание содержание текста, его языковые особенности.

Поэтапно реализуемая работа с текстами даёт свои реальные результаты. В начале и в конце учебного года у школьников проверяется состояние читательских умений, где большинство заданий ориентировано на работу с текстом.

Таким образом, продуманная и целенаправленная работа с текстом позволяет добывать ребёнку из большого объема информации нужную и полезную, а также приобретать социально – нравственный опыт и заставляет думать, познавая окружающий мир.

Литература

1. Пентин А.Ю. Что нам делать с PISA? // Методист. 2010. – № 4.
2. Светловская Н.Н. О литературном произведении и проблемах, связанных с его осмыслением при обучении младших школьников чтению. // Начальная школа. 2013. – № 4.
3. Крылова О.Н. Чтение. Работа с текстом: – М., Экзамен, 2014.
4. <http://www.prodenka.org> Автор материала: Баранова Ирина Владимировна.

ҒТАХР: 17.81.99

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Серикболова Б.С., бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

«№ 3 жалпы орта білім беретін мектеп-кешені» КММ

Бастауышта логикалық білім беру және оқыту теориясының оқушыларды оқыту мәселесіндегі талаптарының бірі – танымдық белсенділік пен саналылық. Бұл талаптың орындалуы оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді.

Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүмкіндік беретін ақыл-ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды. Оқушылардың белсенділік танымдық іс-әрекетінің көздейтін мүддесі – білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттігі негізінде дамиды. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады.

Балалардың танымдық әрекетін белсендіру, оны тиімді басқару және дамыту, әдістемелік, ұйымдастырушылық және моральдік-психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету күрделі педагогикалық мәселе ғана емес, маңызды әлеуметтік міндет болып саналады.

Оқу барысында оқушының таным белсенділігін арттыруда олардың өз бетінше танымдық ықылас-ынтасын шығармашылық әрекетін дамытатындай етіп ұйымдастырады. Шәкірттің қабылдауы негізінен, мұғалімнің сабақты жүйелі түрде жүргізуіне байланысты. Баланың өзіндік сезімдік танымы негізінде қабылданған білім, дағды, ептілік әлдеқайда нәтижелі әрі жемісті болады.

Логикалық ойлауға түскен құбылыстың себептері мен салдары, ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Пікір алмасу кезінде, әсіресе математикалық тұжырымдар кезінде пайымдау, ойлау заңдылықтарын немесе былайша айтқанда сол заңдылықтар мен формалары жөніндегі ғылым-логиканың көмегі мен бір пікірден екінші пікірді шығарамыз.

Логикалық тұжырым теориясының ең алғаш грек философы Аристотель негізін қалаған. Ой әрекеті барысында адам қоршаған дүниені танып, білу үшін ерекше ақын қызметін орындайды. Бұл нақты қызметіне талдау, біріктіру, салыстыру, дерексіздендіру нақтылау және қорытындылау арқылы жүзеге асырылады. Талдау – бұл оймен бүтінді жіктеу немесе бүтіннен оның қырларын, әрекет не қатынас бірліктерін бөліп алу, қарапайым формадағы талдау әрқандай затты практикалық қажеттілікке орай құрама бөлшектерге ажырату.

Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады. Дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым «логика» деп, ал ой қорытындыларының объектив пікірлерге негізделетін процесі «логикалық ойлау» деп аталады.

Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикаға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдарлары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады.

Логикалық ойлауды игеріп болғаннан кейін, бейнелік ойлау өзінің мәнін ешбір жоғалтпайды. Тәжірибе барысында жасөспірімдерде ой тұтастығының сақталмауы байқалады. Мұндай қателерді болдырмау үшін оқушының ой жүйелілігінің қажеттігін сезінуіне көз жеткізудің амал – тәсілдерін тауып, орнықты ой түйіндеуге жетелеу қажет. Логикалық ой кез-келген кедергілерді дұрыс қабылдап қана қоймай, оның шешу жолдарын таба білуге ықпалын тигізеді.

Қарапайым жұмбақтар, жағдаяттар, логикалық ойындар: ребустар, бас қатырғылар баланың логикалық ойын дамытады, жаңаша ойлау дағдысын қалыптастырады. Тапсырма күрделенген сайын оны шешу уақыты аз болады да, логикалық ойлаудың дамуына көмегін тигізеді.

Шығыс елдерінде шахмат ойындарына, жапон сөзжұмбағына көп көңіл бөлінген. Бұл ойындар жылдам әрі терең ойлауға көмегін тигізеді. Қазіргі компьютерлік ойындардың арасында да логикалық тапсырмаларды да кездестіруге болады.

Логикалық ойын дамытатын тапсырмалар түрлері:

– логикалық қатар (қатарда тұрған заттардан ерекшеленіп тұрған затты табу немесе суреттерден логикалық қатар құрастыру);

– лабиринттер (әртүрлі лабиринттен өту);

– логикалық байланысты табу (мысалы, ұқсас заттарды тап, жануар және оның тамағы т.б.);

– қателерді тап (қате құрастырылған затты не түсін табу);

– заттарды белгісіне қарап ажырату (мысалы: жеміс пен жидек, сандар мен цифрлар т.б.);

– затты табу (мысалы: адамдар, жануарлар)

– логикалық поезд т.б.

Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту үшін:

– есепті, жаттығуларды талдай білу іскерліктерін қалыптастыру;

– пәнге деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру;

– сыныпқа дұрыс психологиялық жағдай орнатуға мүмкіндік туғызу.

Оқу процесіндегі осындай іс-әрекеттердің арқасында қоғам талап етіп отырған шығармашылық қабілеті жоғары, өз ойын жүйелі де ашық айта алатын, қоғамға еркін сіңетін, өндіріске белсене араласатын азамат қалыптасады деп ойлаймын.

Арнайы формуланы қолдануға келмейтін әрқайсысына өзінше талдау жасауды қажет ететін есептерді логикалық есептер дейміз. Әрбір шығармашылық есеп логикаға негізделген. Логикалық

ойлау арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығы артады. Білсем, үйренсем дейді, тіпті математикаға қабілеті жақсы, зерек оқушылардың өздері логикалық есептерді құрастырады.

Логикалық есептердің оқу процесіндегі маңызы зор. Мұндай есептер оқушының ойлау қабілетін, математикаға деген қызығушылығын арттыру үшін өте тиімді. Логикалық есептер математикалық олимпиадаларда, әр түрлі жарыстарда жиі қолданылады.

Шығармашылық деңгейдегі есептер жоғары сыныптарда да беріледі. Сонымен бірге математика апталығы да, сыныптан тыс жұмыстарда шығармашылықпен айналысатын оқушыға логикалық есептерді шешу тиімді.

дербес белгілерді түсіндіре отырып, оларға лайықты талдаулар жасату.

«Қара жәшік» ойыны. Оқушылар екі топқа бөлінеді. Стол үстіне екі жәшік қойып, ішіне көзілдірік, түйме, гүл, желпуіш, айна т.б. заттарды салады. Ойыншының міндеті жәшік ішіндегі затты өмірде қай кезде, қалай қолданатынын сипаттап айтуы керек. Қарсы топ оларды жасырып отырған затын айтқан сөздеріне қарап табуы керек.

«Дұрыс-дұрыс емес» ойыны. Ойынға қатысушыларды екі топқа бөледі. Оларды бір-біріне қарама-қарсы отырғызған дұрыс. Ортаға бос екі орындық қояды. Бір орындық «дұрыс» дегенді білдірсе, екінші орындық «дұрыс емес» дегенді білдіреді. Мұғалім немесе бір оқушы қағазда жазылған ой-тұжырымды оқиды: **Ы. Алтынсарин – алғаш мектеп ашушылардың бірі**. Бұл тұжырымды дұрыс деп санаса, олар тез барып «дұрыс» орындығына отыруы тиіс. «Дұрыс емес» деп санаса, соған сәйкес белгіленген орындыққа отырады. Қайсысы бірінші барып отырса және жауапты дұрыс тапса, сол жеңімпаз болады.

«Ыстық орындық» әдісі. Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек, себебі, орындық ыстық.

«Миға шабуыл» стратегиясы

(Мұғалімдермен жұмыс)

Тақырыпқа байланысты идеяларды көбірек жазыңыз.

Уақыт аяқталғанда кезектесіп өз идеяларыңызды оқисыз, идея қайталанбау керек. Қайталанған идеяларды сызып тастап отырыңыз. Мысалы: “оқушылар мектепті тастамас үшін не істеу керек?”

“3 таяқша” әдісі

(мұғалімдермен жұмыс)

Берілген тақырыпқа байланысты

1 сұрақ

1 жауап

1 идея әр топ даярлап, көпшілікке салады.

Мысалы: “деңгейлі оқыту туралы”

«Бинго» ойыны. (Мұғалімдермен жұмыс)

Лотоға түскен сандарға байланысты сұрақтар беру. Мысалы: 16 — сұрақ.

Семинарға не үшін келдіңіз?

Алдымен мұғалімдерге жауап бергізіп, соңынан дайын жауапты ашу, салыстыру.

«Әдіс алмасу үшін.»

«Өзіңізді тексеріңіз» әдісі

Бұл мәлімет **ШЫНДЫҚ** па немесе **ЖАЛҒАН** ба?

Өтілген мәтін бойынша мысалдар келтіріледі. Мысалдарды оқу кезінде ол келтірілген мысалдың өтілген мәтінде бар, жоғын анықтайды.

«Серпілген сауал» әдісі

Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында сұрақтарды лақтырыңыз.

«Сұрақтар жаңбыры»

Ұйымдастыру: топпен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сұрақ қою және сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Сипаттамасы: оқушылар топтарға өз еркімен, қалауымен бөлінеді. Әр топ параққа сұрақтар жазып, бір-біріне лақтырады. Алған сұрақтарына жауап жазып, кері лақтырады. Жауап жазылған парақты қағып алған ойыншы, сол жауаптан сұрақ тудырып, ары қарай лақтырады. Ойын осылай жалғасады.

Әдебиеттер

1. Тұрғынбаев Ә. Логика. – Алматы «Білім», 2004.
2. Шаханов Е. Логикалық жаттығулар жинағы. – Астана, 1999.

3. Елшібаев Ж. Зерек. – Алматы «Өнер», 1999.
4. Жұмақаева Б. Дене мүшелерінің атауларынан туындаған бірліктер. – Алматы, 2009.
5. Кейкін Ж. Атадан өсиет, анадан қасиет. – Алматы «Өлке», 2010.
6. Шаймерденұлы Е. Ақыл ой антологиясы. – Алматы «Ана тілі», 1997.

ҒТАХР: 14.01.29

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МЕН ЖАЗУ DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Скакова А.С., бастауыш сынып мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
«№ 21 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Мектептегі оқыту процесі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сондықтан оның балаға ана тілін оқытып үйретуде алатын орны да ерекше. Сауат ашу жұмысының негізгі міндеті – балаға хат таныту, яғни оған оқу мен жазуды үйрету. Сонымен қатар, сауат ашу барысында оқушылардың тілі мен ой – өрісін жетілдіруге де баса назар аударылады. Соның нәтижесінде жас ұрпаққа тиісінше жалпы білім негіздерін меңгертіп, адамгершілік, патриоттық тәрбие беруге негіз қаланады. Демек, сауат ашу білім мен тәрбие алудың кілті іспеттес. Сауат ашудың негізгі мақсаты-болашақ ұрпаққа терең білім мен өнегелі тәрбие беру, сол арқылы оларды өмірге, өз Отанын, ел – жұртын шексіз сүйе білуге тәрбиелеу, білім берудің негізгі бағыттарына қойылатын негізгі талаптардың ішіндегі аса күрделісі – алты жастағы балаларды сауаттандыру мәселесі. Өйткені мектеп есігін алғаш ашқан баланы оқытудың өзіндік қиындықтары бар. Ол қиындықтар балалардың физиологиялық – психологиялық өзгешеліктеріне байланысты. Себебі сауат ашу жұмысы оқушылардың оқуға, ой еңбегіне қажет белгілі бір қабілет бейімділікті талап етеді.

Жалпы сауат ашудың нәтижелі болуы даярлық кезеңінде жүргізілетін жұмыстардың мейілінше сапалы болуына байланысты. Демек, сауат ашуға даярлық жұмыстарын дұрыс ұйымдастырып, ұқыпты жүргізуге баса назар аударылады.

Сауатты жазуға үйрену жұмысы грамматикаға сүйенеді. Олай болса белгілі бір жазу ережесіне негіз болатын грамматикалық құбылыстар сапалы түрде ұғындырылып, содан кейін қорытынды шығарылуы қажет. Дұрыс, сауатты жазуға үйрену үшін сөздерді дыбыс құрамына, буын жігіне ажырату жұмысы әріп қалдырып кетпеуге, әріп алмастырып алмауға бір сыпыра көмектеседі. Сөздердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін, теріс жазылуынан мағына бұзылатынын балаларға ережені түсіндіргенде де, жаттығулар жүргізгенде де, олардың жазуларынағы қателерді түзеткенде де көрсетіп, түсіндіріп отырудың пайдасы көп.

Сауат ашу кезінде оқу мен жазу жұмыстары өзара тығыз байланыста болады. Жақсы оқи алатын бала таза да сауатты жаза біледі, жазуды жақсы меңгерген оқушы оқуды жеңіл меңгереді. Бір сабақтың өзінде оқу қызметі мен жазу жұмысы бірін-бірі алмастырып және бірін меңгеруге екіншісінің көмегі тиіп отырады.

Жазу, таза жазу, дұрыс жазу, сауатты жазу – қай тілдің болмасын басты ұстанымы. Сауатты жазудың алғышарты бастауышта қаланады. Мектеп табалдырығын аттаған балаға бірінші сыныптан бастап дұрыс сөйлету үшін сөздердің дыбыстық жағы, дұрыс айтылуы қадағаланады. Оқушының орфографиялық нормаға сай дұрыс жазуы – бастауыш сынып мұғалімінің маңдай терінің жемісі. Бастауыш сыныпта бағдарламаға сәйкес жоғарыда көрсетілген білім-білік дағдылары қалыптасқан оқушылар сауатты жазуға дағдылану барысында графикалық түрде қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады. Осы арқылы жазуын ғана емес, сөйлеуін және таным мүмкіндіктерін жетілдіре алады. Таза жазу дағдысының алғашқы бастамасы әріптің әрбір бөлігін дұрыс сызып көруі арқылы қалыптасады. Әдетте, мұғалім тарапынан оқушыға әдемі, сауатты жаздыру ғана емес, оқушының бүкшимей, басын тым төмен салбыратпай, денесін тік ұстап, өзін дұрыс игеруіне қатты көңіл бөлінеді.

Оқушылар жазу ережесін сақтап отырғанда ғана дұрыс жазуға үйрене алады. Сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларына жазуға төмендегі талаптар қойылады, және бұл талаптар бастауыш мектептің барлық сыныптарында жазу жұмысының барысында орындалып отыруға тиіс:

- әріпті дұрыс жазу, дәптердің көлденең сызығынан ауытқымау;
- әріптердің элементтерін жазғанда ұзынды-қысқалы қылмай, тегіс,
- бірдей жазу;

- әріптердің бірін оңға, бірін солға қисайтпай, барлық әріпті бірдей, оңға қарай сәл көлбете жазу;
- әріптердің, сөздердің арасындағы қашықтықты бір қалыпты сақтап отыру, бірте-бірте жазу қарқынын тездету;
- түрлі диктанттар жаздыру, әсіресе, сөздік диктантының маңызы зор.
- сөздікпен жұмыс істету.
- тақырыпқа байланысты орындау шарты әртүрлі болып келген жаттығуларды орындату;
- сөзді, сөйлемді тақтадан, кітаптан дұрыс көшіріп жазуға мән беру.

Ғалымдар зерттеуі іскерлік ойындардың оқушылардың оқу үлгеріміне жақсы әсер ететін дәлелдеп отыр. Мен өз сабақтарымда іскерлік ойындарды оқытудың тиімді, үнемді, негізгі әдістерінің бірі ретінде қолданамын. Олар оқушыны қысым жасамай оқытуға мүмкіндік береді, оқушының оқиғаны терең толғаныстармен түсінуіне себепші болатынын байқадым. Алуан түрлі ребустар, сөзжұмбақтар, құпияхаттар, сөзтұымдар, логикалық есептер білім береді және оқушыларды ынталандырады. Математикада “Кім жылдам”, “Ең үздік есепші”, “Хоккей” ойындары тез санауға үйретеді. “Бағдаршам”, “Дым білмес” ойындары арқылы жол жүру ережелері қайталанатын. Ал “Ғарышкерлер” ойыны ғылым жетістіктерімен, “Футбол”, “Хоккей” ойындары еліміздің спорт шеберлерінің жетістіктерімен таныстырады. “Ағашты кім тез отырғызады” ойыны табиғатты күтіп ұстауға тәрбиелейді. Іскерлік ойындар ойнағанда бала нақты оқиғалардың куәгері болып еңбек етуге отбасылық өмірге, қоғамдық қатынастарға әзірленеді.

Идеялар банкі. Бұл әдіс ой майданы деп аталады. Топтық алдына бір міндет қойылады, осы міндетті шешу үшін топ мүмкіндігінше жаңа, тың ұсыныстар айту керек. Барлық ұсыныстарды топ жинап алып, оларға баға береді. Бұл әдіс арқылы проблемалық жағдаят жасалып, оны шешу туралы ұсыныстар айтылып, ол ұсыныстар тексеріліп, бағаланады және ең жақсы ұсыныстар таңдалып алынады.

Мұғалімнің алдында тұрған ең басты міндеті- оқушыларды сабаққа ынталандыра білу, сол арқылы тақырыпты білу, жете меңгеру. ана тілі, дүниетану сабақтарын қызықты, тартымды өткізу үшін сабақтың әртүрлі әдіс- тәсілдерін орынды қолдануға тырысамын. Жаңа технологияларды пайдалана отырып сабақта қолданылатын ойындарды мына төмендегі түрде қолданамын:

- 1) Оқыта үйрету ойындары. Бұл ойындарды сабақта да, сабақтың тыс шараларда да пайдалануға болады.
- 2) Тілдік ойындар: Ауызша сөйлеу және жазу машықтарын дамытуға арналған.
- 3) Драмалық, рөлдік ойындар. Қарым-қатынастарын жақсарту, ауызша сөйлеу, оқушы білімдерін әртүрлі жағдайларда қолдану машықтарын дамыту.
- 4) Психологиялық ойындар.
- 5) Грамматикалық ойындар т.б.

Сонымен бірге ұлттық ойын түрлерін де кезектестіре, сабақ тақырыбына байланысты пайдаланамын. Жаңа материалдарды түсіндіру кезінде «Бәйге», «Көкпар», «Асық» секілді ойындарды ойнатамын.

Оқушының оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру мақсатында:

*Оқушылардың сауаттылығын қамтамасыз етуге, олардың сауаттылық деңгейін тексере отырып, білімдегі кемшіліктерді жоюға;

*Оқушының тіл байлығын арттыра отырып, ойлау қабілетін, байқампаздығын дамытуға болады.

Тіл дамыту сабағында оқушының шығармашылық даму кезіндегі өз ойын-пікірін жеткізе білу, ізденгіштікке ұмтылуға; құбылыстарды шынайы бағалай білуге; толық фантазиялық еркіндікке; орфографиялық сауаттылықты нығайтуда тәжірибеде қолданып жүрген әдіс-тәсілдер зор септігін тигізді: «Өрмекшінің өрмегі», «Планшет», «Қораптағы сұрақ», «Серпілген сауал» әдіс-тәсілдерін қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарының арттындығын аңғардым. Сабақ барысында ресурстарды молынан қолдануға тырысамын. Мәселен, «Сандық заңдылықтар» тақырыбымен таныстыруда жұмыртқа қорабы мен қызыл, көк кішкене шарларды қолдану арқылы оқу мақсаттарына жеттім. Осы ресурстарды «Ондықтар мен бірліктер» тақырыбында да қолдандым. Яғни, қолжетімді ресурстарды дұрыс, әрі ұтымды пайдалану тиімді.

«Планшет» әдісін көбінде «Блиц-турнир» өткізгенде қолданамын. «Блиц-турнирді» сабақтың қорытынды бөлімінде жиі өткіземін. Сұрақтар қою арқылы оқушының тақырыпты қалайша меңгергендігін анықтаймын.

«Сыртқы және ішкі шеңбер әдісі» уақыт үнемдеуге өте тиімді. Үй тапсырмасын тексеруде 4-5 минут уақыт жұмсауға болады.

«Ысқыру диктанты» тәсілін өз тәжірибемде көп қолданамын. Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін арттырады.

«Құрылысшы ойыны» өте тиімді тәсіл. Мәтін бөліктерін тез жинау.

Оқу шапшандығын, және өз ойын еркін жеткізу қабілетін дамытудағы үлесі зор екендігіне көз жеткіздім.

«SVOT» әдісі оқушының өзін және өзге топты бағалауына өте тиімді. Әдебиет сабағында кейіпкерлерге мінездеме беру, олардың жақсы-жаман қылықтарын ажырата білу дағдыларын арттырады. «Көршіңмен сырлас». Бұл әдіс оқушылардың өз ойын ауызша білдіруіне үйретеді. Сұрақ қойып, ойлануына уақыт беріңіз. Өз ойын көршісімен бөлісіп, ақылдасуын сұрау керек.

Сабақтың тиімділігі: оқушы шығармашылық деңгейге мұғалім арқылы емес, өз іс-әрекеті арқылы жетеді. Жаңа әдіс-тәсілдердің ұтымдылығы да осында. Технологияны пайдалану шығармашылық тұлға қалыптастыруға алып келеді.

Әдебиеттер

1. Павлодар облыстық педагог-мамандар біліктілігін арттыру институты «Бастауышта оқыту мазмұнын жаңарту жұмысын жаңа тұрғыда басқару жолдары / Курс материалдары. – 2006.
2. Ерниязов О.Н. Бастауыш мектеп оқушыларының танымдық қызығушылықтарын арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар. – Орал, 2005.
3. Жақсыбаева А. Төменгі сынып оқушыларының сауаттылығын қалыптастыру. – Өскемен, 2014.

ҒТАХР: 16.01.45

ДҮНИЕТАНУ ПӘНІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Спандиярова А.М., Арынова Т.Н., бастауыш сынып мұғалімдері

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

«№ 19 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Дүниетану сабақтарында оқушылардың танымдық қабілетін арттыру үшін қолданылатын негізгі әдістің бірі- салыстыру. Өз кезінде Константин Дмитриевич Ушинский «Салыстыру кез келген ұғымның және кез келген ойлаудың негізі болып табылады» деген болатын. Мысалы: Қылқан жапырақты және жапырақты ағаштарды салыстырғанда бірінші – жалпы белгілерін, тамыры, бұтағы, діңі, жапырағын салыстырады. Негізгі айырмашылығы жапырақтарында екендігіне көңіл бөлінеді.. Қылқан жапырақты ағаштың жапырағы қылқан түрінде болатындығы жайлы қорытындыға келеді. Салыстырудағы маңызды қадам – оқушылардың заттың ең маңызды белгілерін айыра білуі болып табылады. Қазіргі кезде салыстырудың тірек сызбалық түрлері кеңінен қолданылады. Мысалы: Венн диаграммасы арқылы салыстыру. Бұнда кез-келген екі зат салыстырылып, олардың ұқсастығы ортаңғы диаграммаға жазылып, айырмашылықтары екі шеткі диаграммаға жазылып, салыстырылады.

Оқыту процесінде пайдаланылып отырған әр түрлі әдіс-тәсілдер мен жаңа технологиялар өз нәтижелерін беруде. Олар баланың жеке қасиетін аша отырып, оның танымдық қабілетін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасап отыр. Ұстаз болу үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар білім алушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуына ықпал етеді.

«Интерактивті дәріс» Орындалу барысы

А. Мұғалім оқушыларға жаңа тақырып бойынша жалпылама дәрістің мәтінін әр топқа арнап береді. Оқушылар арнайы тапсырмаларды орындайды. Мәтін практикалық жұмысқа арналған және нақты болуы қажет.

В. Оқушылар топ ішінде бір-біріне көмектесе отырып, дәрістің мағынасын түсінеді. Оқушылар өздеріне түсініксіз болған жағдайларға байланысты бір-біріне сұрақтар қоя алады. Мұғалім сұрақтарға ешкім жауап бере алмаған жағдайда ғана сұрауға рұқсат етеді.

С. Дәрістің мәтінімен жұмыс жасап болған соң оқушылар жекелей тапсырмалар орындайды. Жұмыстың бұл кезеңінде бір-бірінен сұрау, көмектесуге рұқсат берілмейді, оқушылар тек жеке тапсырмалармен жұмыс жасайды. Әдістің басты ерекшелігі жеке тапсырмаларға арналған бағалау жүйесінде болып табылады. Бағалау салыстырмалы түрде қойылады. Оқушы алдыңғы тапсырмадан

қарағанда жоғары ұпай алған кезде ғана топ қоржынына өз үлесін қоса алады. Жоғары ұпай жинаған топ жеңімпаз атанады.

Фильмдерді көру және оны талдау

Сабақ барысында көркем фильмдерді және шағын бейне-баяндарды, олардың үзінділерін қолдануға болады. Тақырып пен мақсатқа сай материалды тек қана қосымша емес, сабақтың кез келген кезеңінде көрсетуге болады. Көрсетілімнің алдында оқушыларға бірнеше (3-5) кілтті сұрақтарды беріп қою қажет. Бұл талдауға негіз болатын сұрақтар. Фильмді арнай тандалған жерлерінен тоқтатып дискуссия өткізуге болады. Соңында оқушылармен бірге талдап, қорытындысын шығару қажет.

«Мозаика» Өткізу кезеңдері

А. Үзінділерге бөлінген, тапсырмамен жұмыс істеу үшін оқушылар 4-6 адамнан құрылған топтарға ұйымдастырылады (логикалық немесе мағыналы блоктар). Шағын топтың әр бір мүшесі өз бөлімі бойынша материал табады.

В. Содан кейін бір сұрақты зерттейтін, бірақ әр түрлі шағын топтарда тұратын оқушылар осы мәселе бойынша сарапшылар сияқты, кездеседі және осы ақпаратпен алмасады. Бұл «сарапшылар кездесуі» деп аталады.

С. Ары қарай сарапшылар өздерінің шағын топтарына қайтады және басқа шағын топтардың мүшелерінен үйренген барлық жаңа білгендерін үйретеді. Яғни, өз кезегінде, өз тапсырмасының бөлігі туралы баяндайды (бір араның тіліндей). Өйткені материалды барлық фрагменттерімен меңгерудің жалғыз жолы, серіктестерін команда бойынша мұқият тындау және жазып отыру, мұғалім тарапынан ешқандай қосымша күш талап етілмейді. Оқушылар жолдастарының өз тапсырмаларының адал орындағандарын қалайды, өйткені бұл олардың қорытынды бағаларына әсер етеді. Барлық тақырып бойынша әр қайсысы және барлық команда толық жауап береді.

Д. Қорытынды кезеңде мұғалім осы тақырып бойынша кез келген сұрақты команданың кез келген мүшесінен сұрайды. 4-А Метод Jigsaw-2 «Пила-2» Бұл әдіс 4-5 адамнан құрылған топпен оқушылардың жұмысын көздейді. Өткізу кезеңдері А. Кіші топтың әрбір мүшесі ортақ жұмыстың жеке бір бөлігін алу орнына, бүкіл шағын топ сол бір жұмыспен ғана жұмыс істейді. Бірақ бұл ретте топтың әрбір мүшесі тапсырма алады, ол айрықша мұқият әзірленеді және оған сарапшы болады. Б. Әр түрлі топтардың сарапшыларының кездесулері өткізіледі. С. Сабақтың соңында барлық оқушылар бағаланатын жеке бақылау кесіндісінен өткеді. Оқушылардың нәтижелері жинақталады. Ең жоғары балдарға қол жеткізген шағын топ марапатталады.

Пікірталас

Мақсат: сыныптағы проблеманы талқылауды ұйымдастыру.

Өткізу кезеңдері:

А. Пікірталастың проблемасы мұғаліммен тұжырымдалады.

Б. Оқушылар 6-8 адамнан шағын топтарға бөлінеді, олар шеңбер бойынша сыныпта орналастырылады.

В. Әр бір шағын топтың мүшелері өкілін немесе төрағасын сайлайды, ола пікірталас барысында олардың позициясын жақтайды.

Г. 15-20 минут барысында шағын топта проблемалар талқыланады және жалпы көзқарас өңделеді.

Д. Топтардың өкілдері шеңбердің ортасына жиналады және топтың ойын айтуға олардың позицияларын жақтауға мүмкіндік алады. Басқа оқушылар шағын топтың өкілдерінің жалпы позицияны қаншалықты айшықтай алатындығын талқылау мен тақырыптың барысын қадағалайды. Олар жеке ойларын айта алмайды тек қана талқылау барысында өз пікірлерін білдіретін жазбаларын ғана жолдай алады.

Е. Топтардың өкілдері басқа мүшелермен ақылдасу үшін үзіліс ала алады.

Ж. Панельді талқылау берілген уақыт аяқталғанда немесе шешім қабылданғаннан кейін аяқталады.

3. Пікірталас аяқталғаннан кейін топтардың өкілдері талқылаудың барысы туралы сыни талқылау жүргізеді, ал шешім барлық студенттермен қабылданады.

«Аквариум»

Мақсат: оқушыларға проблеманы талқылауға еркін кіруге және шығуға мүмкіндік береді. Өткізу кезеңдері Оқушылар мұғаліммен бірге екі шеңбер құрады: сыртқы (бақылаушылар) және ішкі (белсенді қатысушылар). Ішкі шеңбердің мүшелері мұғаліммен ұсынылған сұрақты талқылауға белсенді қатысады. Басқа оқушылар бақылайды және олардың қайсысының нұсқасы қызықтырғанда ғана сөз сөйлейді; олар толықтырады, сұрақтар қояды, нақтылайды. Сонымен қатар оны өз нұсқасымен қызықтырған «бақылаушы» белсенді қатысушының қасына тұруға тиіс. Бір проблеманы (сұрақты)

талқылағаннан кейін, оқушылар орындарын ауыстырады (шеңберден алыс тұрғандар шеңберге отырады). Мүмкіндігінше, барлық оқушылар шеңберде болуы керек.

Кейс-стади Case-study өткізу кезеңдері

Кезеңдер. Мұғалімнің әрекеті. Оқушының әрекеті Сабаққа дейін

А. Кейсті алады (нақты жағдай).

В. Оқушыларды дайындау үшін көмекші материалдар мен негізгілерді анықтайды .

С. Сабақтың сценарийін өңдейді.

А. Ұсынылған әдебиеттің тізімі мен кейсті алады.

Д. Жағдайды талқылауға дайындалады. Сабақ барысында

А. Кейсті алдын ала талқылауды ұйымдастырады.

В. Сыныпты топтарға бөледі.

С. Кейсті топшаларда талқылауды жетекшілік етеді, оқушыларды қосымша мәліметтермен қамтамасыз етеді.

А. Кейсті және проблеманың түсінігін тереңдететін сұрақтарды қояды.

В. Шешімдердің нұсқаларын өңдейді, басқалардың ойларын назарға алады. С. Шешімдерді қабылдауға қатысады.

Сабақтан кейін

А. Оқушылардың жұмыстарын бағалайды.

В. Қабылданған шешімдерді және қойылған сұрақтарды бағалайды. Берілген үлгі бойынша сабақ туралы жазбаша есеп құрайды.

Құрылымдалған қайшылықтар әдісі

Өткізу кезеңдері

А. Төрт адамнан шағын топта оқушылардың екі жұбы айқындалады.

В. Шағын – топ қарама – қайшы сипаттағы проблемаға айшықталған және қарсы шешімі бар тапсырма алады.

С. Жеңу үшін емес, проблеманы толық түсіндіру үшін қажетінше көп материал жинау мақсатында, әр бір жұп проблеманың бір жағын талқылайды.

Д. Содан кейін әр бір жұп проблеманың қарсы жақтарын талқылайды. Қорытындысында барлық шағын топтың проблемаларын біртұтас шешу болуы қажет.

Дүниетану сабақтарында оқушылардың танымдық қабілетін арттырудың осы әдістері-оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдайды. Оқушылардың шығармашылығын шыңдап, танымдылық қабілеттерін қалыптастырып, дүниетанымын кеңейтетін бұл әдістерді жүзеге асыру үшін «Сын тұрғысынан ойлау» стратегиялар мен «Дамыта оқыту», «Топтық оқыту» технологияларын қолдануды тиімді деп есептеймін. және осы технология ,стратегияларды сабақ өткізуде жиі қолданамын.

Оқушылардың дүниетануға деген ынтасын арттырып ,оны дамыту көптеген әдістемелік жұмыстардың нәтижесінде ғана іске асады.Соның ішінде сабақтың қызықты өтуін қамтамасыз ететін тағы бір әдіс – дидактикалық ойындар.

Дидактикалық ойындар көп салалы, күрделі педагогикалық құбылыс. Оны оқушыларды жан-жақты тәрбиелейтін, оқытатын, шығармашылық белсенділігін арттыратын құралдың бірі деуге болады. Ойын оқушының ой-өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, өтілген тақырыптарды саналы меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланысты жүргізілгенде дұрыс нәтиже береді. Тақырыпқа сай жүргізілген ойын түрлері, әсіресе, экологиялық, тәрбиелік,табиғатқа шын жанашырлық элементтері болуы оқушының шығармашылық белсенділігін арттыра отырып дүниетануға деген сүйіспеншілігін дамытады.

Мұғалім өтілетін тақырыпқа сай ойын түрлерін дұрыс таңдап алуы қажет. Оқушы ойын тәртібін дұрыс меңгерген болса ,ойынды бар ынтасымен орындап алған білімін көрсете алады.Білім көрсету дегеніміз – оқушыны қуанышқа бөлейтін, білімнің қажеттілікке айналуы.

Дидактикалық ойындардың түрлері көп. Соның бірі-оқушының ақыл-ойын дамытатын ойындар Мысалы, өзін қоршаған қоғамдық орта, табиғат, табиғат құбылысары, әр түрлі мамандық иелері, жұлдыздар әлемі, су патшалығы, жануарлар дүниесі, пайдалы қазбалар, өсімдіктер ортасы – бәрі де оқушыны қызықтырады. Басты мәселе, мұғалім сабақта ойын жүргізбес бұрын оның міндеті мен мақсатын оқушыларға дұрыс түсіндіріп, дайындауында .

Дүниетанудан сабақ беру барысында әрбір әдістерді тақырыптың мазмұнына, оқушылардың жалпы дамуына және мұғалімнің өз шеберлігіне сәйкестендіре отырып, пайдалана білуі қажет.

Қолданылатын тәсілдің әрқайсысы оқушылардың білімді тиімді игеруіне барынша жәрдемдесе алатындай болуын қадағалау қажет. Оқылатын материалды меңгеруде оқушының қызығушылығын туғызып, танымын кеңейтетін әдістерді қолдана білген жөн.

Сондықтан да оқыту жоспарын жобалағанда шәкірттің мүмкіндіктері мен мүдделерін бірлікте қарастыру шарт. Өйткені әрбір тұлға өзінше ойлағысы келетіні, жастық жалынымен бұла күші ізденіске бейім болатындығы ақиқат, олай болса оқушының шығармашылық қабілетін оятып, оларды өзіндік тұрғыда ойланып әрекеттене білуге баулу, оқудағы белсенділікті көтерудегі тиімділікті арттырып, оның жетіле түсуіне, білім, білік, дағдысының молаюына ықпал ететін әдіс-тәсілді тиімді қолдану мұғалімнің басты мақсаты.

Әдебиеттер

1. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану / Оқу құралы. – Астана, 2014. «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.
2. Ел және мұғалім газеті. – №5 (0014), 10 ақпан, 2017.
3. Бөлекбаева Ү. Ұстаздық ізденістер. – Алматы, 2007.

ҒТАХР: 14.01.29

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ДАМУЫ АРҚЫЛЫ ЗЕРТТЕУШІЛІККЕ БАУЛУ

Туленинова Б.А., Балгабаева Б.У., бастауыш сынып мұғалімдері

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

«А. Байтұрсынұлы атындағы № 47 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Креативті оқыту-тәрбие үрдісі деп педагогтың шығармашылық әдістемесін, жүйелі ойлауын, өзін-өзі дамытуы мен кәсіби әлеуетін атаймыз.

Білім беру саясатында болып жатқан өзгерістер педагогтардың кәсіби қызметінің сипатына әсер етеді. Жалпы қоғамның әлеуметтік-экономикалық қайта құрулары, білім беру мекемелері қатынастарының нарықтық және бәсекелестік сипаты, білім беру жүйесін ізгілендіруді күшейту туындаған проблемаларды тиімді шешуге ықпал ететін мұғалімдердің инновациялық қызметін өзектендіреді. Инновациялық қызмет педагогтың болашаққа, ғылымның жаңа жетістіктеріне бағыттайды, ал инновациялық жұмыс істейтін білім беру мекемелері бәсекелестік артықшылықтарға ие болады және осылайша өз дамуында білім беру жүйесінің басқа да құрылымдық элементтерінен озады. Инновациялық қызмет деп идеяларды жаңашылдыққа айналдыруды қамтамасыз ететін, сондай-ақ осы үдерісті басқару жүйесін қалыптастыратын қызметті түсіну керек.

Жаңартылған бағдарламада басшылыққа алынатын ұстанымдар:

- баланы қатесі үшін жазалап оқыту, тәрбиелеу емес, қателерін түзету үшін оқытып, тәрбиелеу;
- бала мен тәрбиеші арасында ізгілікті қарым-қатынас орнату;
- балаларға өз ойларын айтуға, жеке шешім қабылдауға мүмкіндік беру;
- оқу қызметінде өмірмен байланысты тапсырмаларды орындатуға басымдық беру;
- тапсырмаларды балалардың жас ерекшелігін ескере саралап (дифференциация) дайындау;
- қосымша материалдар іздеуді қажет ететін тапсырмаларды ұсыну;
- баланың топта еркін жұмыс жасауына қажетті жағдай туғызу (мысалы: әр баланың топтың белсенді мүшесі немесе топ басшысы болуына мүмкіндік жасау);
- өздігінен білімін жетілдіруге, үнемі іздене білуге тәрбиелеу.

Қазақ тілі сабағында оқушылардың креативтілігі мен шығармашылығын дамытуда оқу ойындары зор септігін тигізеді.

Оқу ойындары безендіру қызметін атқарып, білім беруге жағымды эмоционалдық әсер етеді. Олар шындықтың бейнелеудің негізгі әлпеті еліктеушілік үлгілеу арқылы танымдық мағынаға ие [6].

Проблемалық жағдаятты ойын арқылы шешу жүзеге асады. Ойын жағдаятқа басқа қырынан қарауды қалыптастырып, оны түсінуге әкеліп соғады. Бұл арадағы маңызды сәт – түрлі рөлдерді орындау мүмкіншілігі және рөлдердің толық сәйкестенуінің болмауы. Оқушы ұстанымы кез келген рөлге ұқсамаған жағдайда өзі қабылдаған рөлден эмоционалдық алыстау пайда болады.

Адам әртүрлі сұрақтар қоя отырып, бір проблеманы бір-біріне ұқсамайтын шешімдерге әкеп соғатын түрлі бағыт-бағдарлар бар екенін түсінеді. Бұндай жаттығу осы адамға бітпеген логиканы қабылдауға және қолдануға, басқа біреудің пікірімен келісуге, жалпы алғанда дивергентті ойлауды

креативтілік бөлік ретінде дамытуға көмектеседі. Сонымен сөздік бейнелеу арқылы бейнелер құру тәсілі (әдеби-көркем бейнелеу тәсілі). Бір немесе бірнеше бөлік негізінде тұтас сурет құрастыруға немесе сөздік бейнелеу бойынша заттың бейнесін сомдауға арналған жаттығулар қолданылды. Оқушылар өздерінің сезімдерін белсендіру арқылы кеңістік, уақыттық, себептік және басқа байланыстар мен қарым-қатынастарды ашады.

Мұғалім оқушыларға білім беру ортасын құра отырып, тапсырманы бергеннің өзінде де көп ойлану қажет. «Бірге ойлаймыз» дегендей әр оқушыны бірге ойланатындай бір-біріне ықпал етіп сабақты түсінетіндей жағдай жасау керек. Тапсырма оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай, бір топта отырған оқушылар бірге талдап, зерттейтіндей, оқушылардың шығармашылығын ашатындай түрде болу керек. Осындай тапсырмаларды орындаған оқушы ғана сыни ойлана алады, кез-келген жерде өз жауабын бере алады. Сонда мұғалім әр сабақтың басынан аяғына дейін жүйелі дайындалып, тапсырмалардың барлығын оқушыға бағыттауға көп іздену керек. Жаңа сабақты дәстүрлі оқыту кезінде өзіміз түсіндіріп белсенділік танытсақ, енді интербелсенді әдіс-тәсілдер мен сыни тұрғыдан ойлау стратегияларын тиімді қолдана отырып, «оқушы және оқушы» байланысы арқылы тақырыпты қаншалықты меңгергендігі байқауға мүмкіндік аламыз.

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында бинарлық сабақтарды өткізу арқылы оқушылардың креативті ойлана алуына бағытталған тапсырмаларды беру арқылы дарынды, талантты, өзіндік «мені бар» оқушылар сараланды. Белгіленіп, бекітілген оқу мақсаттарына сәйкес құрылған. Осы өткізілген сабақтардың барлығы да оқушылардың шығармашылықтың шыңы саналатын-креативті ойлауға жетелері сөзсіз. Креативті тұрғыдан ойлана алатын оқушы ғана өз ойын еркін айтады, өз бетінше берілген тапсырмаларды еш қиындықсыз орындай алады.

Оқушылармен өткізілген бинарлық сабақтарды өткізу арқылы төмендегідей жетістіктерге қол жеткіздім:

– пәнді оқытудың уәждемесін арттыру құралы ретінде қызмет етеді, мысалы, білімді практикалық қолдануға жағдай жасайды;

– оқушылардың өз бетінше білім алу дағдыларын дамытады, өйткені сабаққа дайындалудың көп бөлігін өздері және сабақтан тыс уақытта жүзеге асырады;

– аналитикалық қабілеттер мен өнертапқыштықты дамытады;

– үлкен тәрбиелік әлеуетке ие;

– бинарлық сабақтарда бұрын оқымаған жаңа салаларға икемділік жүреді, бұл оқушыларға шығармашылық жағдайларда шешім қабылдауға көмектеседі, яғни білім IV деңгейде қалыптасады.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен ынтасының артқанын бинарлық сабақтарда креативтілігін арттыратын тапсырмалар арқылы жүзеге асатындығын байқадым. Мұғалім оқушыларымыздың сұранысын, қажеттілігін қамтамасыз ететін сыни тұрғыдан ойлаудың әдіс-тәсілдерін ұтымды қолдана білуі керек.

Креативті оқыту әдістері

Бүгінгі заман талабына сай бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеуде оқушыларға қажетті білімді меңгерудің тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерін іздеу, сол талапқа сай болу әр ұстаздың міндеті.

Қазіргі мұғалім оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда креативтіліктің қандай маңызы барын жақсы түсінуі керек. Креативті ойлау оқушының өмір жағдайларына тың көзқараспен қарап, өзіне тиімді, қажетті болашаққа сенім артатын шешімдер қабылдай білуіне ықпал етеді. Креативті ойлауды үйренуге, үйретуге болады ма деген пікір болуы мүмкін. «Мен болады» деп айтқым келеді. Креативті ойлау қабілетін дамытуда қазақ тілін оқыту мәселесімен байланыстыру оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырады деп ойлаймын. Өйткені қазақ тілін төменгі сыныптарда қызығыа меңгерген оқушылардың жоғары сыныптарға барғанда, қызығушылықтары төмендеп, селқостық пайда болатыны белгілі. Креативті оқыту әдістерін қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда пайдалану оқушылардың креативті ойлау іскерлігін дамытумен қатар, қазақ әдебиеті туралы, жалпы әдебиетті оқу сауаттылығын, білімін арттыруға көмектеседі деп ойлаймын.

Қазақ тілі сабағында оқушылардың креативтілігі мен шығармашылығын дамытуда төмендегідей тапсырмалар топтамасын жиі қолданамын:

• бір кейіпкер атынан хат жазу;

• күздің көңіл-күйін, көктемнің дәмін, өзінің көрген түсін, бір кейіпкер сезімін салу;

• ертегі, жұмбақ құрастыру;

• айтылған сөйлем немесе сурет негізінде, оған өзін қатысушы ретінде сезіне отырып, әңгіме құрастыру;

• әңгіменің басын ойлап табу немесе соңын жалғастыру, жағдаяттар бойынша мақалдар, тұрақты сөз тіркестері негізінде әңгіме құрастыру, қиял-ғажайып әңгімелер, жағдаяттар ойлап табу;

• бір кейіпкерден сұхбат алу, қойылымға қатысу;

- оқушылар әсері жайлы әңгімелеу;
- сөздік материалды өзінше түсіндіру;
- қазіргі оқиғадан кейін болатын оқиғаларды болжап жазу. Әр сала бойынша білімдерін пайдалана отырып:
 - бақылау, эксперимент жүргізу, қандай да бір проблеманы шешу үшін жоспар құру;
 - проблемаға бір адамның, халықтың көзімен қарау, басқа біреу сияқты ойлау;
 - метафора құру, әртүрлі байланыстар ойлап табу, бір нәрседен елеусіз бөлшектер табу;
 - қандай да бір құбылыстарды шығармашылықпен қайта өзгерту, жаңа тамаша нысанды құрастыру;
 - қайта құру, құрастыру, түрлі бірліктерді графикалық үйлестіру;
 - таныс объектінің өзгерген жағдайда жаңа құрылымын, жаңа функциясын қолдану, проблемалық жағдаятты анықтау;

Креативті оқыту әдістері

Бүгінгі заман талабына сай бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеуде оқушыларға қажетті білімді меңгерудің тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерін іздеу, сол талапқа сай болу әр ұстаздың міндеті.

Қазіргі мұғалім оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда креативтіліктің қандай маңызы барын жақсы түсінуі керек. Креативті ойлау оқушының өмір жағдайларына тың көзқараспен қарап, өзіне тиімді, қажетті болашаққа сенім артатын шешімдер қабылдай білуіне ықпал етеді. Креативті ойлауды үйренуге, үйретуге болады ма деген пікір болуы мүмкін. «Мен болады» деп айтқым келеді. Креативті ойлау қабілетін дамытуда қазақ тілін оқыту мәселесімен байланыстыру оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырады деп ойлаймын. Өйткені қазақ тілін төменгі сыныптарда қызығыа меңгерген оқушылардың жоғары сыныптарға барғанда, қызығушылықтары төмендеп, селқостық пайда болатыны белгілі. Креативті оқыту әдістерін қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда пайдалану оқушылардың креативті ойлау іскерлігін дамытумен қатар, қазақ әдебиеті туралы, жалпы әдебиетті оқу сауаттылығын, білімін арттыруға көмектеседі деп ойлаймын.

Пәнге деген қызығушылықты ояту үшін мұғалім сабақта оқушының ойлау белсенділігін оятатын әдіс-тәсілдерді үнемі қолданып отыруы керек. Сондықтан сабақта қолданылатын әдістерді таңдағанда, сабақты жоспарлағанда, мұғалім оны оқушының қажеттілігі мен қызығушылығын дамытатындай етіп таңдап, іріктеп отыруы керек.

Пәнге деген қызығушылықты ояту үшін мұғалім сабақта оқушының ойлау белсенділігін оятатын әдіс-тәсілдерді үнемі қолданып отыруы керек. Сондықтан сабақта қолданылатын әдістерді таңдағанда, сабақты жоспарлағанда, мұғалім оны оқушының қажеттілігі мен қызығушылығын дамытатындай етіп таңдап, іріктеп отыруы керек.

Әдебиеттер

1. Бантова М.А. Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп.
2. Бидосов Ә. Математиканы оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1981. – 221 б.
3. Дарменова Қ. Көрнекілік арқылы ойлау қабілетін арттыру // Бастауыш мектеп. – № 4. – Б. 12-14.
4. Корпешова Г. Оқушылардың қызығушылығын арттырудағы көрнекіліктің рөлі // Қазақстан мектебі. – 1986. № 4. – Б. 20-21.
5. Богаева И.Д. Педагогикалық қызметтегі кәсіби шеберлік. – 2009.

ҒТАХР: 14.01.01

ДҮНИЕТАНУ САБАҒЫНДА АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Шарипбаева М.М., бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

«№ 27 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Аймақтық компонентті оқытудың міндеттері мен мақсаттарын айқындай отырып, оқушылардың дүниетану сабағында аймақтық компонентті пайдалану жолдары мен түрлерін ұғыну мен түсінуге бағытталған, сауаттылықпен экологиялық білімділіктің дамуына, елжандылық сезімдерін оятуға негізделген.

Адам өз бойындағы адамгершілік қасиеттерін туған жерінің табиғатымен, өскен ортасымен байланыстырады. Әр бала өзі қоршаған ортаның құрылысын, оның ерешеліктерінің, заңдылықтарын бұзбай сақтау жолдарын, табиғатты қорғаудағы өзінің жауапкершілігін білуге міндетті.

Экологиялық тәрбиенің мақсаты – міндеті жас ұрпаққа өзі мекен еткен табиғи ортаның әсемдігін мөлдірлігін, тұнық ауасын бұзбауға, үйлесімдігін сақтауға, қамқорлықпен, жанашырлықпен, мейірімділікпен, сезімталдықпен қатынас жасауға тәрбиелеу.

Аймақтық компонент – дегеніміз мектеп курсындағы пәндердің бағдарламасының мазмұнына өз аймағына байланысты материалдарды енгізу және оқыту Оған өлкеміздің табиғаты, тарихи географиялық жағдайы, ұлы адамдардың өмір жолдары, халықтың тұрмыс-салтын таныстыру шаралары жатады.

Аймақтық компоненттерді сабақ барысында қолдану төмендегідей мүмкіндіктерді жүзеге асыруға септігін тигізеді.

– Оқушылардың өз тарихын танып, қасиетін сезініп, және өзі өсіп өнген аймаққа деген сүйіспеншілігін арттыру, өз елінің патриотын тәрбиелеу.

– Оқушылар бойында қоршаған ортаны қорғау және онымен жарасымды қатынас жасауда оның өмірлік көзқарасын қалыптастыру, яғни азаматтық, әдептілік тәрбиесін беру.

– Оқушылардың экологиялық санасын қалыптастыру. Сол арқылы мектеп мұғалімдері мен оқушылар арасында экологиялық білім, тәрбие құндылықтарын насихаттау.

– Оқушылардың бойында туып өскен жеріне, туған жердің табиғатына, тарихына деген құрметті арттыру.

– Оқушылардың қосымша мәліметтер алу арқылы танымды біліктіліктерін кеңейтуге мүмкіндік туғызу.

– Өз елінің табиғаты, тарихы, пайдалы қазбалары, мәдени орындары, белгілі адамдар туралы мәліметтер жинақтау.

Өмір талабына сай қазіргі жеткіншектеріміздің бізді қоршаған ортамен тығыз қарым қатынаста болуы, оны түсініп ұғынуына жол ашу ұстаздардың міндеті.

Оқушыны өз өлкесінің табиғат жағдайымен таныстыру оның туған жеріне деген дұрыс көзқарасының қалыптасуына, патриоттық тәрбие алуына мүмкіндік береді. Табиғат байлықтарын ысырапшылықпен пайдалану айналадағы ортаның жай – күйіне, тірі және өлі табиғат элементтері арасында қалыптасқан табиғи тепе-теңдік күйіне ықпалын тигізеді.

Аймақтық компонент жергілікті жердің қыр-сырын ашып көрсету арқылы оқушы дүниетанудан басқа пәндерді оқу білімімен логикалық түрде толықтырады.

Оқу сабақтары үдерісі кезінде туған өлкені тікелей оқып-білу мүмкіндігі шектеулі. Сол себепті, жұмыстың жүйелі-әрекеттік нәтижелерін сыныптан тыс уақытта жергілікті жердің төңірегіне саяхатқа шығу арқылы жандандыру мүмкіншілігі бар.

Оқу барысында оқушылардың бойында өз өлкесі. оның табиғаты, табиғат ресурстары, ауыл шаруашылығы, белгілі адамдары, өлкенің аудан, облыс, аймақ және республика үшін маңызы жайлы білім жүйесін қалыптастыруға, оқушының өз өлкесі жайлы білім беру мүмкіндігін арттырады.

Оқушылардың өз бетінше жұмыстарына қосымша тапсырмаларды қосып отыру бағдарлама талабына еш кері әсері болмайды деп ойлаймын.

Аймақтық білім беру үшін жергілікті жердің компоненттерін қолдануда «Туған елім – Отаным», «Біздің Отанымыз – Қазақстан», «Қазақстанның өсімдіктері мен жануарлары», «Ауа райы», «Қазақстан – географиялық картада» тарауларын оқытқанда оқушыларға оқулықтағы тапсырмалармен қатар, өз өлкеміз туралы тақырыпқа сәйкестендіріп қызықты мағлұматтар беруге тырысу керек.

Бұндай мәліметтерді оқушылар қызыға қабылдайды, тағы да өз беттерімен немесе үлкендердің көмегімен тың мәліметтерді тауып сыныптастарымен бөлісіп тұрады.

Әр оқушыға өзінің өмір сүріп жатқан аймағының тарихын, әдебиетін, мәдениетін және географиясын білу артықтық етпейді.

Шығыс Қазақстанның табиғатымен, экологиясы, қазба байлықтарын танып, біледі. Өлкетану музейімен, кітапханалармен тығыз байланыста болады.

Оқушылардың таным қызығушылығы артып, зерттеушілік қабілеттері дами бастайды, өз беттерімен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады. Шартты белгілерді меңгертуде бейнелеу сабақтарында жергілікті жердің әсем табиғатын, туған жерінің, өз үйінің айналасында қандай табиғат объектілері бар екенін шартты белгілермен өрнектеуге тапсырмалар берсек, тез естеріне сақтап алуға пайдасы мол, мынау шартты белгілер, жаттап алында деген оңай болғанымен, оқушылар жаттай қоймайды.

Топографиялық диктант жаздыруға болады. Сондықтан да қызықты тапсырмалар, әсіресе машықтық тапсырмалар берсе, олар қызығады, әрі өзіне таныс жерді шартты белгілерін біледі. Аймақтық білім беру арқылы оқушыларды шығармашылыққа жетелеп, көркем әдебиетке, поэзия мен проза жанрына қызығушылықтары артады.

Бастауыш мектеп оқушысының өсу ерекшелігіне мынадай талаптарды сақтау маңызды. Мысалы, іс-әрекетпен шұғылдануға тарту, сабақ барысында оқушы қызығушылығын тудыруда ребус шешу, дидактикалық ойындар ойнату, сұрақтар қою, жұмбақтар шешу өте маңызды. Тіпті, оқушының өздеріне ребус немесе жұмбақтар құратуға тапсырма беру.

Бастауыш сынып оқушыларының арасында аймақтық білім беру мақсатында сыныптан тыс уақыттарда түрлі шығармашылық бағыттағы жұмыстар, интеллектуалды ойындар, олимпиадалар, викториналық ойындар, арнайы тақырыпта сыныптан тыс шаралар өткізуді жоспарлы түрде қолға алдық. Солардың бірі, "Атажұрт" интеллектуалдық – танымдық ойынының оқушыларға ел сыйлаған азаматтарының болашақ ұрпақ үшін ерен еңбектерін дәріптеу болса, жергілікті жеріндегі кездесетін өсімдіктері мен жануарлары туралы түсініктерін кеңейте отырып, патриоттық тәрбие беру мақсатында осы ойынның II "Белес" кезеңінде Ол кім? Суретті сұрақ қойылады:

С. Тұрысбеков-қазақтан шыққан атақты күйші.

Б. Төлегенова-ҚР еңбек сіңірген әнші т.б.

Дарынды балалармен зерттеу жұмыстарын ұйымдастырған кезеңде де өлкеміздегі қарапайым еңбек ардагерлері туралы деректер жинақтауда оқушылар қызығушылықпен орындайды.

Ұлы Отан соғысында жеңісті жақындатқан отан қорғаушы аталарымызбен қатар, тыл ардагерлерінің де еңбектері зор болды.

Бастауыш мектептегі аймақтық білім беру жүйесінде аймақтандырудың басты мақсаты пәндерді оқытып үйретумен қатар, өз заманына сай саналы, патриоттық сезімі жоғары азамат етіп шығару. Яғни, өлкетану материалдарын оқыту арқылы бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық қасиеттерін дамыту, аймақтық білім берудің негізгі ерекшелігін, ұтымдылығын, тиімділігін сабағымда қолдану барысында мынадай жетістіктерге қол жеткізгенімді айта аламыз:

– жаңа материалды аймақтық білім беру нәтижесінде өз өлкемнің тарихы мен шежіресі туралы өз білімім жетіле түсті, дүниетанымым өзгерді, тұлғалар туралы ізденуге қызығушылығым артты;

– жаңа материалды аймақтық білім беру нәтижесінде оқып-үйренуге және оқып игеруге деген оқушылардың пәнге қызығушылығын тудырдық;

– сабақты жоспарлағанда оқушыға берілетін тапсырмаларды оқушының қабілетін ашатындай, ойына қозғау салатындай етіп дайындауды үйрендік;

– аймақтық білім беруде білімді дайын күйінде бермей, оқушының өзі білімді қарқынды ой еңбегін қажет ететін тапсырмаларды орындауы арқылы жетуін ұйымдастырдық;

– аймақтық білім беруде оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін тудыратын, қабілеттерін жан-жақты дамытатын әр түрлі белсенді оқыту әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдандық.

– аймақтық білім беруде оқушы тапсырмаларды орындауда ата-анасының көмегіне жүгіне отырып, ата-ананың мектеппен байланысының белсенділігі артты.

Әдебиеттер

1. Аққозин М. Қазастан табиғаты. – Алматы: «Қазақстан», 1990.
2. Құралұлы А. Ұлттық дүниетаным. – Алматы: «Өнер», 2002.
3. Жүнісқызы К., Бірмағамбетов Ә., Аймағамбетова Қ., Нұғыманов И., Жүкешев Қ. Оқулық. Дүниетану 4-сынып. – Алматы: «Атамұра», 2004.
4. Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды экономикалық реттеу мәселелері [Мәтін] // ҚазҰУ-нің хабаршысы. Заң сериясы. Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2007. – № 2. – Б. 122-125.
5. Алмабаев, Ә.О. Бастауыш мектепке арналған қазақша-орысша түсіндірме сөздік / Ә.О. Алмабаев; ғылыми ред. А. Абжаппарова. – Арман, 2003. – 306 б.

СПОРТ ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ САЛТЫН НАИХАТТАУ

Шынғожаев С.Ш., дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Шар қаласы
«Б. Тұрсынов атындағы орта мектеп» КММ

Салауаттық дене мәдениеті мен рухани құндылықтарды оқушы бойына сіңіре білу бүгінгі дене шынықтыру мұғалімдерінің басты мақсаты.

Денсаулығы мықты болу үшін адамға мынадай 4 шартты бұлжытпай орындау керек: дене еңбегі, тамақ ішуі, уақытты дұрыс пайдалану, шынығу және демала білу. Осы шарттарды негізге ала отырып мектеп оқушыларын жан-жақты тәрбиелеудің өте маңызды екені айқын.

Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады.

Дене шынықтыру сабақтарында мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру дегеніміз:

I. Жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;

II. Салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек? Өмір салты дегеніміз не?

Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру. Адамның әлеуметтік – психологиялық және биологиялық жақтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға мына жағдайлар негіз бола алады:

– белсенді қозғалыс нәтижесінде организмді шынықтыру дене тәрбиесі немесе спортпен шұғылдану;

- физикалық еңбектің гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- қарым – қатынас және экологиялық мәдениетке жету;
- дұрыс жыныстық тәрбие алу;
- зиянды әдеттерден аулақ болу.

Сондықтан балаларды жасынан салауатты өмір салтына қалыптастыруға күш салып, зиянды әдеттерден сақтандыруымыз керек.

Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе. Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет әл – ауқатының дамуына мұрындық болады

Бүгінде білім – қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары болып отыр. Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді.

Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға

бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді.

Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады.

Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Дене шынықтыру жалпы мәдениеттің өзіндік бір ерекше бөлігі, оның құрамында жеке тұлғаның үйлесімді дамуын қалыптастыру үшін, адамды денежағынан дамытуды жетілдіру бағытын қамтамасыз ететін құралдарды, тәсілдерді және жағдайларды жасау, оларды тиімді пайдалану сияқты адами тіршілік әрекеттерінің әртүрлі жақтары кіреді.

Дене шынықтыруға даярлық, мықты денсаулық, жүйке жүйесінің тұрақтылығы, жоғарғы деңгейлі дене шынықтыруға дайындық пен еңбекке қабілеттілік, жоғарғы деңгейлі жұмыс істеу қабілеттілігі, қозғалыс жүйесі жайлы арнаулы мәліметтерді білу, машықтану және арнайы білім, осының барлығы дене шынықтырудың басты құндылықтары болып табылады.

Дене жаттығулары адамның қозғалу әрекетімен тікелей байланысты дене шынықтырудың негізгі құралы болып саналады. Дене жаттығуларының көмегімен ағзаның күш-қуат күйін өзгертуге биологиялық әсер етіледі.

Дене шынықтырудың сауықтыру және аурулардан сақтандыру тиімділігі зат алмасуының белсенділігімен, тірек-қимыл аппараты қызметінің күшеюімен, дене-күш белсенділігінің жоғарылауымен тікелей байланысты. Р.Могденовичтің моторлы-висцералдық (ішкі қозғалыс) рефлекс туралы ілімі қозғалыс аппараты әрекетінің, қаңқа бұлшық еттерінің және вегетативтік мүшелердің өзарабайланысты екенін көрсетеді.

Белсенді қозғалыс жеткіліксіздігінің нәтижесінде, табиғаттың өзгеріп, ауыр еңбек процесімен нығайған адам ағзасындағы жүйке-рефлекторлық байланыстар бұзылады, соның салдарынан жүрек-қан тамырлары мен басқа да жүйелердің әрекеттерін реттеу бұзылып, зат алмасуының бұзылуына және дегенеративтік (азғындық) сырқаттардың (атеросклероз және т.б.) дамуына әкеп соқтырады. Адам ағзасы қалыпты жұмыс істеп, денсаулығын сақтау үшін белсенді қозғалыстың тиісті «мөлшері» қажет.

Сауықтыру жаттығулардың айрықша тиімділігі, қан айналу жүйесінің функционалдық мүмкіндіктерінің жоғарылауымен байланысты. Ол тыныштық күйде жүрек жұмысын үнемдейді және бұлшық ет әрекетінен қан айналу аппаратының қордағы мүмкіндіктерін жоғарылатады.

Дене жаттығулар тиімділігінің ішіндегі ең бастысы жүрек қызметінің үнемделуін және миокарданың оттегіне деген төмен деңгейдегі мұқтаждығын туғызып, тыныштық жағдайда жүрек соғу жиілігін азайтатын жаттығулар болып саналады.

Жас ерекшеліктеріне қарамай, жаттығулардың көмегімен аэробтық мүмкіндіктер мен төзімділік деңгейін, ағзаның биологиялық жасқа байланысты көрсеткіші мен оның өмір сүру қабілеттілігін ұзартуға болады.

Спорттық ойындарда ағзаның күйіне, оның негізгі жүйелерінің жұмысына, жүгіру бөлігінің тигізетін ықпалы зор. Жүгіру жүктемесінің екпіні, ұзақтығы, ойынның түрлеріне, алаңның көлеміне, ойын қарқындылығына және ойынды айқындайтын басқа да факторларға тәуелді. Жүгірудің белсенді қозғалыстың айналымдық (циклдік) түріне жататыны белгілі. Бірақ ойын барысында мұндай айналымдық қозғалыстың қуаты бірқалыптылықтан, үлкен, жоғарғы қуатты (субмаксималды), аса қуатты (максималды) жұмысқа дейін өзгеруі мүмкін. Ойынның кей кездерінде жұмыс қуаты ең төменгі деңгейге дейін азайып, яғни ойынға қатысушының ағзасын қалпына келтіру құбылыстардың іске қосу мүмкіндігі туады. Тәжірибелі, кәсіби шебер спортшы, ағзаны қалпына келтіру мүмкіндіктерін ұзарта отырып, сол арқылы өзіне түсетін жүктемені реттейді, соның арқасында ойын құбылысына тиімдірек қатысу мүмкіндігін туғызады.

Үдеуге қатысты әрекеттерге көшу үшін, қуатпен қамтамасыз етудің анаэробтық үлгісінің талап етілуі табиғи нәрсе, сонымен қатар, күту кезеңі немесе әрекет етудің баяулатылуына қатысты, қуатпен қамтамасыз ету аэробтық механизмдер арқылы қамтамасыз етіледі. Осыған байланысты, спорттық ойындармен айналысатын спортшы үшін, ағзаның аэробтық та, анаэробтық та мүмкіндіктерін дамыту маңызды болып табылады.

Әдебиеттер

1. Жұмабаев М. Педагогика (Баланы тәрбие қылу жолдары). – Алматы: Рауан, 1993.
2. М. Дулатов. Оян қазақ! – Алматы: Алтын Орда, 1991.
3. Оңалбеков Ж.К. Дене тәрбиесі мен спорттық жеке адамдар арасындағы ұлттық қарым-қатынастарды дамытудағы орны: пед. ғыл. кандидаты. – Алматы, 1996.

ҒТАХР: 14.01.01

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДЕ СӨЙЛЕСІМ DAҒДЫЛАРЫ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ


Ыдырышова Н.Б., Балгабаева Ж.О., бастауыш сынып мұғалімдері

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
«№ 48 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Қазіргі заманғы ғылымның дамуы үшін тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашылықпен ойлауы және шешім қабылдай алуы, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілігі, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасатыны белгілі.

Қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәндерін оқытудағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы іс-әрекеттерді қарастыра отырып, бірнеше құзыреттілік түрлері айқындалды. Сондай-ақ осы құзыреттіліктер негізінде дамытылатын дағдылар мен оларды іске асыруда қолданылып жүрген оқытушылар тәжірибесіндегі әдіс-тәсілдер мен тапсырмаларды саралай отырып, біз төмендегідей әдіс-тәсілдер мен тапсырмаларды ұсынамыз, және болашақта ұстаздық жолымда қолданыс табады деген ойдамыз.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы құзыреттілік түрлері мен оны жүзеге асыру жолдары.

Құзыреттілік түрлері	Дамытылатын дағдылар	Қандай іс-әрекет арқылы? (тапсырма түрлері)
Ақпараттық құзыреттілік	Мәліметті оқушының өз бетімен табуы, талдауы, іріктеу жасауы, түсіндіруі және ақпаратты тасымалдауы, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруы сияқты дағдылардың дамытылуына мүмкіндік береді.	«Оқушы үні» – оқушылардың өз пікірлерін айтқызу; – оқушылармен әңгімелесу; – рефлексия кезеңіндегі оқушылардың пікірлесуі шынайы болуы; – оқу мен білім беруге байланысты оқушыларға қызықты және маңызды сұрақтарды қою т.б.
Күтілетін нәтиже	Оқушылар нені өзгерткілері келетіні туралы өз пікірлерін жеткізеді. Әсіресе, «үндемейтін» және «жеке-дара» оқушылардың барлығының да пікірлері ескеріледі.	
Коммуникативтік құзыреттілік	Оқушының нақты өмірлік жағдайларда өзінің міндеттерін шешуі үшін ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануын жетілдіруіне мүмкіндік береді.	«Блоб ағашы» әдісі  Оқушы суреттен өзін тауып белгілейді. Түсіндіреді. Болашақта мақсатқа жетудің жоспарын анықтайды.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы құзыреттілік түрлері мен оны жүзеге асыру жолдары.

Күтілетін нәтиже	Оқушы автордың әдебиетте алатын орны мен тақырыптың өзектілігіне, автор өмір сүрген заман көрінісіне анализ жасауға тырысады.	
Проблемалардың шешімін табу құзыреттілігі	Оқушының әр түрлі жағдайда проблемаларды анықтауына, жауапты шешім қабылдауына, өз шешімінің нәтижесін бағалауына мүмкіндік туғызады	Рөлдік ойындар арқылы «Белгілеуші» «Байланыстырушы» «Талқы себепшісі» «Суреттеуші» «Қорытындылаушы» рөлдері
Күтілетін нәтиже	Оқушыны өзінің рөлдік ойынға кіруі барысында өмірмен байланыстыра отырып, сыни ойлау дағдысын жетілдіреді.	

Демек, оқытудағы тапсырмалар легі оқушының функционалдық сауаттылығына, жан-жақты болуына, өзінің ісіне сыни көзқарас қалыптастыра алуына жағдай жасауға негізделу керек деген сөз.

Сонымен қатар тіл сабақтарында да оқылым тапсырмалары арқылы оқушының оқу сауаттылығының құзыреттілігін ескеру керек.

Оқылым тапсырмалары арқылы оқушының оқу сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалар.

Оқу сауаттылығының құзыреттілігі	Оқылым әрекеті бойынша сыни ойлауды дамытудың құралдары
Табу және алу:	мәтінді көзбен жүгірту; басты элементтерін анықтау; ізденіс аймағын тарылту; қажет ақпаратты айыру.
Түсіндіру және ықпал ету:	мәтіндегі ақпарат элементтерін бірге байланыстыру; мәтіннен автор тезистерін дәлелейтін дәлелдер табу; автор ой түйінінен қорытынды шығару; мәтіндегі басты ой немесе автор ойы туралы қорытынды жасау.

Оқылым тапсырмалары арқылы оқушының оқу сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалар.

Зерделеу және бағалау:	басқа ақпарат көздерінен алған біліммен мәтіннен алған ақпаратты байланыстыру; тақырып туралы өзінің көзқарастарымен мәтінде берілген пікірді салыстыру; автормен ішкі диалог жүргізу: өз көзқарастары мен автор көзқарасын қорғауда дәлелдер іздеу.
------------------------	--

Зерттеулер көрсеткендей оқушыларға тек теориялық мәліметтерді беріп қана қоймай, өз білімдерін қазіргі өмір жағдайларында қалай пайдаланатынын түсінуі қарастырылады. Оқу сауаттылығы бойынша алынған нәтижелерді күнделікті өмірде шынайы жағдайларда пайдалану үшін негізгі ұғымдарға назар аудару, алған ақпаратты сыни бағалау, болжамдар жасау, өзіндік көзқарастарын негіздей білу қажет болды. Сондықтан бастауышта қазақ тілі мен әдебиеттік оқу сабақтарында жүйелі қолданып, нәтиже көрсетіп жүрген жұмыс түрлерін ұсындық.

Оқылым мен жазылымға қатысты әдіс-тәсілдер.

Оқылымға қатысты әдіс-тәсілдер	Тапсырманың нақты үлгілері	
«Бұл туралы не ойлайсың?»	Мұғалім бір әңгімені оқып жатқанда, белгілі бір жерлерде оқушыларға бір- бірлеп « » - тың орнында болсаң сен не істер едің? немесе « » - тың орнында болсаң, не сезінетін едің? т.с.с. сұрақтар қойып оқушыларды сөйлеткізеді.	Бұл әдіс оқушылардың сөйлеу, ойлау қабілеттерін жетілдіреді.
«Мәтінді тексеру»	Сыныпты 4-4-тен топтарға бөліп, әр топ оқыған мәтіндері бойынша 5 сұрақ дайындап, қағазға жазады. Сосын мұғалім әр топтан бір оқушы алып, 4 кісілік жаңа топ құрайды. Барлығы бір-біріне сұрақтар қояды. Айтылған жауаптарды топ басшылары не мұғалім тексеріп отырады.	Бұл әдіс оқушылардың мәтіндегі басты элементтерін анықтауына жол ашады.

Оқылым мен жазылымға қатысты әдіс-тәсілдер.

Оқылымға қатысты әдіс-тәсілдер	Тапсырманың нақты үлгілері
«Тақырыпқа сәйкес жаңалықтар»	Мұғалім оқушылардың деңгейіне қарай газеттегі жаңалықтардың тақырыбын алғашқы сөйлемімен бірге қиып алып, топтарға таратып береді. Оқушылар жаңалықты жалғастырып жазады. Соңында өздерінің жазғандары мен газеттегі жаңалықтарды салыстырады.
«Сөйлем табу»	Мұғалім оқитын мәтіндегі маңызды сөйлемдерді оқушыларға алдын-ала жаздырады және сол тақырып бойынша сөйлеседі. Содан соң мәтінді оқушыларға таратып, оқыған кезде жаздырылған сөйлемдерді таптырады.
«Орнына қой»	Мұғалім оқушылардың деңгейіне лайықтап мақалаларды, жаңалықтарды газеттен қиып алады. Тақырыптары мен олардың алғашқы абзацын бөлек қырқып, А4 қағазға араластырып, жапсырады. Оны көбейтіп, оқушыларға таратады. Оқушылар абзацтар мен олардың тақырыптарын жұптастырады.
«Бұл кім?»	Оқылатын мәтіндегі кісі аттары тақтаға жазылады. Оқушылар олардың біреуін тандап, сол кейіпкердің - жасын - мамандығын - басқа кейіпкерлермен байланысын анықтайды. Мәтінді оқығаннан кейін оқушылардың айтқандары мен мәтіндегі мәліметтер салыстырылады.

Оқылым мен жазылымға қатысты әдіс-тәсілдер.

Оқылымға қатысты әдіс-тәсілдер	Тапсырманың нақты үлгілері
«Қорытып жазу»	Мұғалім әр оқушыға бір әңгіме береді. Оқушылар мәтінді оқып, мәтіндегі негізгі ойды 3 сөйлеммен қорытып жазады. Мұғалім мәтіндер мен оқушылардың жазғандарын тақтаға іледі. Оқушылар әр жазудың қай мәтінге қатысты екенін табады.
«Үйренгім келеді»	Мұғалім оқушыларға қызықты әңгіме тауып әкелуді тапсырады. Әр оқушы мәтінде жауабы жоқ сұрақ дайындайды. Бұл сұраққа жауап берген оқушы мәтінді қайтады өзгертіп жазады.
«Журналмен жұмыс істеу»	Мақаланың негізгі ойы не? Негізгі ойға қатысты сөйлемдер қайсы? Мақаладан не үйрендің? Автормен келісесің бе? Мақаланың ең қызықты тұсы қайсы? деген сияқты жетелеуші сұрақтармен мақаланың мазмұнын қысқаша жаздыруға болады.

Бұл жұмыстарды сыни ойлауды дамытудың құралдары деп түсіндіруге болады. Сондай-ақ мұғалімге сараланған, дамытушы тапсырмалар мен білім алушының таным үрдісін дамытуға қабілеттендірілген, соның ішінде сыни ойлауға ынталандыратын белсенді ойындардың кең тандауын да ұсынуға болады. Әр тапсырманы берудің Не? Не үшін? Қашан? Қайда? Қалай? деген ұстанымдары болу керек. Сыни ойлауды дамытудың белсенді стратегияларын қолдана отырып, әр сабақта топтық, жұппен, жеке жұмыстардың нәтижелі үйлесімділігі көрініс берсе, бақылау және шағын-зерттеу,

практикалық жұмыстар іске асырылса, қарсы шығу, мәнін түсіну және рефлексия жасау сияқты жұмыстар атқарылуы тиіс.

Әдебиеттер

1. Сальник Т.П. «Методика обучения чтению» М. ТЦ Сфера, 2001. – 240 с.
2. Бугрименко Е.А., Цукерман Г.А. Чтение без принуждения – М. Творческая педагогика 1993. – 96 с.
3. Зайцев В.Н. Резервы обучения чтению. Начальная школа, 1990 – № 8 – С. 52-62.

ҒТАХР: 14.25.07

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Ынтықбекова Т.Б., бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

«Ы.Алтынсарин атындағы № 37 мектеп-гимназиясы»

Кусайынова А.Б., бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

«А. Байтұрсынұлы атындағы № 47 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Белсенді оқу оқушының мұғалімді енжар тындап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс. Белсенді оқу оқушылардың белсенді қызметпен айналысу арқылы мұғалім берген ақпараттың мәнін ұғынып, алған білімдерін есте сақтап, оны қолдана алуын қамтамасыз етуді көздейді.

Оқытудың белсенді әдістері – оқу материалын игеру үдерісінде оқушыларды белсенді ойлау және практикалық әрекетке итермелейтін әдістер.

«Математика» пәні бастауыш білім берудің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға маңызды үлес қосады. Математика бойынша бастапқы білім сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытады, зерттеу және қарым-қатынастың, математикалық білімді өмірде қолданудың алғашқы дағдыларын қалыптастырады. Математиканың бастапқы курсы оқып үйрене отырып, оқушылар талдау, синтездеу, жіктеу, салыстыру, себеп-салдарлық қатынастар мен заңдылықтарды анықтауды үйренеді, түрлі заттар мен қоршаған орта құбылыстарын сипаттау үшін математикалық тілдің негіздерін игереді, білім мен іс-әрекет тәсілдерін меңгереді, мұның барлығы жинақтала келе оқи білуге негіз болады. Бастауыш математиканың кезең-кезеңге бөлініп, жүйелі түрде берілген, қоршаған ортадағы заттардың мөлшерлік қатынастары мен кеңістіктегі формаларын сипаттаудан тұратын оқу курсының негізгі мақсаты – оқушылардың математикалық таным негіздерін меңгеруіне және тиісті дағдыларын қалыптастыруына мүмкіндік жасау. Бұл оқу пәні математиканы қоршаған ортаны бейнелеу мен түсіну тәсілі ретінде қабылдауды дамытуға бағытталған және оқушылардың қабылдауы мен танымын кеңейтуді, математика ғылымына қызығушылығын талап етеді. Бастапқы математикалық білімнің негізгі мақсаттарына сәйкес, оқу пәні бірқатар міндеттерді айқындайды.

Атап айтқанда:

– логикалық ойлауды, кеңістіктік елестетуді және математикалық терминдерді пайдалану біліктілігін дамыту;

– оқу және тәжірибелік проблемаларды шешу, арифметикалық алгоритмдерді пайдалану, геометриялық салулар мен математикалық зерттеулер жүргізу қабілеттерін дамыту;

– сын тұрғысынан ойлауды, шығармашылық қабілеттерді дамыту;

– математиканы әлемді суреттеу, модельдеу және түсіну тәсілі ретінде қабылдау;

– өзінің математикалық білімі мен біліктерін басқа пәндерді меңгеруде, күнделікті өмірде қалай пайдалану керектігін түсіну;

– білуге құштарлық, мақсаттылық, жауапкершілік, сенімділік және тәуелсіздік сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;

– түсінудің, түсіндірудің, талдаудың, синтездің, жүйелеудің, қолданудың және суреттеудің когнитивтік дағдыларын дамыту;

– коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын, топпен жұмыс істеу және өз көзқарасын білдіру, басқа адамдардың пікірін құрметтеу, көшбасшылық қасиеттерін көрсету, өз жұмысын жазбаша және ауызша түрде таныстыру дағдыларын дамыту;

– ақпаратты іздестіру және таңдау, өз уақытын басқару, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға негізделген.

Ұсынылатын қызметтердің түрлері:

– Оқылатын тақырыптар бойынша шағын зерттеулер

– Карталар, кестелер, сызба-нұсқалар, көрнекі құралдармен жұмыс.

Математика курсына эксперименттік көрсетілімнің маңызы өте зор. Сабақ барысында тиісті түсініктер беріліп, дұрыс қойылған эксперименттік көрсетілімдер нақты қондырғының жеке құралдарын, сәйкес тетіктері мен деталдарын ғана емес, сонымен бірге оқып үйретілген математикалық құбылыстарды, процестерді, заңдылықтарды оқушылардың нақты түрде көзбен көруіне мүмкіндік береді. Эксперименттік көрсетілімдер математикадағы қандай да бір құбылыс немесе заңдылықты жасап көрсету ғана емес, ол оқушылар үшін білімдер көзі, әр түрлі теориялық қағидалардың дұрыстығының дәлелдемесі болып табылады. Тиімді ұйымдастырылған көрсетілімдер оқушылардың біліктілігі мен дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сабақта уақытты үнемдеу үшін және экспериментті ықшамдау үшін сыныптағы оқушыларды топтарға бөлген пайдалы. Бұл топтардың әрқайсысына зерттелетін құбылысты сипаттайтын бір ғана себеп-салдарлы тәуелділіктің байқалуын тағайындау керек.

Мысалы, 20-ға дейінгі сандарды 2-ден топтап тура және кері санауды сыныпты үш топқа біріктіріп, бірінші топ оқушыларға тапсырма: Бишілерді екі-екіден топтап санаңыз және санын жазыңыз. Екі-екіден топтап кері санап көріңіз.



Дискриптор: Білім алушы екі-екіден топтап тура санайды және санды жазады;

– екі-екіден топтап кері санайды.

Екінші топтағыларға: Алмаларды санаңыз және санын жазыңыз. Ыдысқа алмалардың жартысының суретін салыңыз және санын жазыңыз.



Дискриптор: Білім алушы алмаларды санап, санын цифрмен жазады;

– санның жартысын анықтап, суретін салады және цифрмен жазады.

Үшінші топтағыларға Өмірмен байланыс: Сұрақ: Сыныптағы қандай заттарды екі-екіден санауға болады? Сыныпта қандай заттар көп? (парталар, орындықтар, оқушылар, т.б.) Оларды екі-екіден сана. Неше жұп пайда болды.

Қорытынды: не нәрсені болсын екі-екіден санасақ жылдам санауға көмектеседі. Сонымен, бірінші топтағы оқушылар – білім алушы екі – екіден топтап тура санайды және санды жазады, екінші топтағы оқушылар – білім алушы амалдарды санап, санын цифрмен жазады, үшіншілері өмірмен байланыстырады [3]. Топтық жұмыстан соң оқушылардың сабақты қаншалықты меңгергенін бақылау үшін жеке тапсырманы сапалық есеп түрінде беруге болады.

Мысалы, Әрбір сабақты жоспарлағанда қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын сандық, сапалық және эксперименттік есептерді сурет арқылы берілген тиімді деп ойлаймын. Мысалы ойлау дағдыларының білу және түсіну деңгейін қалыптастыруға:


“Өз жұбыңды тап”

Ойын мақсаты: Санды көру, есту және қимыл арқылы қабылдау қабілетін пысықтау.

Ойын барысы:

Балалар он адамнан топқа бөлініп ойнайды. Ойынға қатысушылар қарама-қарсы қарап, сапқа тұрады. Бірінші қатардағы балалардың омырауында – суреттер салынған карточкалар. Екінші қатардағы ойнаушының біреуі алақанын соғады. Бәрі неше соққы болғанын санайды. Омырауында осы соққы санына сай келетін карточкасы бар бала ойын бастаушының қасына жүгіріп келеді де, екеуі бірге ойыннан шығады.

Тапсырма. Барлығы неше дөңгелек? Жұппен неше дөңгелек.



Барлығы: Жүппен

Осы сияқты тапсырмаларды орындату арқылы оқушылардың математика пәніне қызығушылығы мен функционалдық сауаттылығын арттыруға болады.

Эксперименттік көрсетілімдер туралы ұлы ғалым М.В. Ломоносов былай деген еді:

«Мен тек ғана қиялдан туған мың пікірден гөрі бір тәжірибені жоғары бағалаймын». Ал белгілі ғалым -әдіскер П.А. Знаменский «Мұғалімнің эксперимент туралы аса бір бейнелі де әсерлі әңгімесі, заттар мен құбылыстарды оқушылардың көзбен көріп тікелей қабылдауын алмастыра алмайды» деп, атап өткен. Адам бірінші кезекте өз қолымен жасағанда жадында сақтайды, осы әрекеттерінің негізінде туындаған білік пен дағдыларын күнделікті өмірде қолдана алады: «Менің өзіме жасатсаң – үйренемін!» (Конфуций).

Әр сабақта оқушылар тек тыңдап және көшіріп қана қоймай, белсенді әрекеттер атқаруы керек: ойлау, оқу, сөйлеу, талқылау, жазу, пікірлесу, пікір таластыру. Егер оқушыларды осы деңгейге жеткізетін болсақ, сабақта басты тұлға мұғалім емес, оқушы болатынына сенімдіміз.

Әдебиеттер

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Атамұра, 2000. – Б. 218-219.
2. Бидосов Ә. Математика барлық салада. – Алматы: Мектеп, 1989. – Б. 56-57.
3. Әбілқасымова А.Е., Көбесов А.К., Рахымбек Д., Кенеш Ә.С. Математиканы оқытудағы белсенді әдістер. – Алматы, 2005. – Б. 89-90.
4. Болтянский В.Г. Комплексы учебного оборудования по математике. – М., 1971. – С. 105-106.

ҒТАХР: 14.25.07

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР – ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

Актанберлы Г.М., тәрбиеші

Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Абай ауданы,
Токтамыс ауылы, «Ж. Молдағалиев атындағы орта мектебі» КММ

Қоғамның ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық дамуы өскелең ұрпақтың интеллектуалдық, білімдік, жеке тұлғалық қабілеттерін жетілдіре түсуді талап етуде. Сондықтан қазіргі кезде орта білім беретін мектептердің әдістемелеріне түрлі жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдер көптеп енгізілуде.

Мұғалімнің оқушыға сапалы білім беру дәрежесі сабақты ұйымдастыру жолдарын білуімен тікелей байланысты. Күнделікті бір сарынды, бір ғана әдіспен өтілген сабақтар оқушылардың пәнге деген қызығуын кемітіп, білімді игеру қабілеттерін төмендетеді. Сондықтан әрбір сабақта оқушыларды қызықтыратын, сабақта белсенділігін арттыратын түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану ұтымды. Әсіресе, қазақ тілі сабағында дидактикалық ойындарды пайдалану өте-мөте қажет. Ол оқушылардың сабаққа деген құлшынысын туғызады. Бұл жерде мұғалім әрбір сабақта дидактикалық ойындарды жаттығуларға, тақырыпқа байланыстырып кіріктіруі, оларды өзара біріктіруі тиіс. Бұл – дидактикалық ойындар арқылы оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беруді жетілдірудің негізгі бағыты.

Қазіргі үздіксіз тасқындаған ақпараттар тасқынынан оқушыларды ұлттық сана-сезімде, төл халқының өзіндік әдет-ғұрпын, мәдениеті мен әдебиетін сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелейтін қажетті деректерді оқыту үрдісіне енгізу әрбір қазақ тілі мұғалімінің міндеті болуы шарт. Өйткені, қазақ тілі сабақтарында оқушыларды дидактикалық ойындар арқылы халық педагогикасының алтын қазынасымен, кәусар бұлағымен сусындатуға болады.

«Ойын – балалар үшін күрделі әрекет. Балалар ойын үстінде үлкендердің іс-әрекеттерін үйренеді. Ойын арқылы баланың ой-өрісі кеңейеді. Ойынның өз мақсаты, жоспары, тәрбиелік мәні бар. Сол ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады. Ойын баланың ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез-құлқын, ерік-жігерін қалыптастырады. Аса ірі психологтардың пікірінше, ойын үстінде

бала қандай болса, өскенде еңбек барысында сондай белсенділік таныта алады» [1,28]. Сондықтан ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Бала ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті байқалады. Ойын үстінде өмірдің өзіндегідей қуанып, ренжиді. Баланың белсенділігін, сапалы ойлана білуін, ой-өрісінің дамуын қамтамасыз ету, қиындықты жеңуде төзімділікке баулу – адамгершілік тәрбиесінің негізгі міндеті. Ұлттық ойын ойнау баланың өз салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына деген сүйіспеншілігін арттырады және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер: өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер дамиды. Еңбек ету барысында ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздық сезімдер сияқты қасиеттер қалыптасады. Мектепке дейінгі естияр жастағы балалардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруды жүзеге асыруда тәрбиеші олардың мүмкіндігінің 3-4 жастағы балдырғандарға карағанда анағұрлым көп екенін аңғарады. Балалар қашанда шындықты айтуға тәрбиеленуі тиіс.

Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тәлім-тәрбиесі ұлт қаһармандарының өмірі мен ерлік істерінің тарихы, даналық сөздері адамгершілік тәрбие беруде үлкен рөл атқарады. Батыр бабаларымыз қазақ елінің басын қосып, ұлттық жауынгерлік-ерлік мектебінің негізін салған. Сондықтан бабалардың ерлігі – адамгершілікке толы, асқақ рухты, күні бүгінге дейін ел аузында, халық тәрбие ісінде үлгі етеді [2,19].

Қазақ халқы елін, жерін, оның табиғи, мәдени байлығын, өнері мен тілін, тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтап, рухани адамгершілік тағылымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Тарихи ескерткіш-мұралар, жеке тұлғаның адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселесі әлі өз дәрежесінде зерттелмеген тақырыптардың бірі болып табылады. Бүгінгі жас ұрпақ бойындағы адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мұралардың маңызының мол екенін көпжылдық тәжірибелерден көруге болады.

Қазіргі кезде ойын мәселесі бірқатар ауқымды зерттеулерде қомақты орын алып, баланы дамытудағы мәні анықталды. Зерттеушілер ойын арқылы оқу міндеттерін тиімді шешуге болатынын дәлелдеді. Ойын теориясы мен маңыздылығы туралы К. Ушинский мен П. Лесгафт, тәрбие және оқыту барысында ойынның алатын орны туралы В. Сухомлинский, С. Шацкий және Н. Крупская өз пікірлерін білдірген.

К. Ушинский сабаққа ойын элементтерін енгізу оқушылардың білім алу үрдісін жеңілдететінін атап көрсетсе, Н. Крупская «Бала жас болғандықтан ғана ойнамайды, балалықтың өзі оған ойнау үшін, яғни жаттығу арқылы өмірде қажетті дағдыларды игеру үшін берілген» деген пікір айтады.

Ойынмен ұйымдастырылған сабақ балаларға көңілді, жеңіл келеді. Сондықтан ойынды іріктеп алуға нақтылы сабақтың мақсаты, мүмкіндіктері мен жағдайларын ескеруге ерекше назар аударған жөн.

«Ой – ойыннан басталады» десек, баланың ойын жетілдіріп сабаққа қызығуын, белсенділігін арттыру үшін бастауыш сынып мұғалімінің қолданатын басты әдісі ойын болуы керек.

Ойын – балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын – айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймай, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады.

В.Сухомлинский «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз -ұшқын білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» деген ой айтады.

Ойын екі түрлі уақыттық бағытты қамтиды қазіргі және болашақ. Бір жағынан бала бірден, осы мезетте қуанышқа бөленеді, екінші жағынан ойын әрқашан болашаққа бағытталған, өйткені ойын барысында тұлғаның келешек өміріне ықпал ететін сапалы қасиеттері мен іскерлік дағдылары қалыптасады.

Оқушы ойын қызметіне талпынады, ойын олар үшін өмірдің мәні болып табылады. Ойын дегеніміз не және оған балалар неліктен ынтығады? Кейбір психологиялық теориялар ойынның мәнін баланың артық әл-қуатын шығындап, жоғалтқысы келген талабымен түсіндіреді. Алайда, мұндай көзқарас бала бойындағы осы бір артық әл-қуат қайдан келеді деген сұраққа сәулесін түсіре алмайды. Ол оны бір ойында шығындай алмай, ойындардың жаңа түрлеріне қызыға, беріле кірісетіні несі? Оған осындай ойын түрлері неменеге керек? Сірә, ойынның психологиялық жаратылысын түсіндіруді осы сұраққа қайтарылған жауаптан бастау керек, өйтпейінше баланың бір ойыннан екінші ойынға неліктен қасарыса ұдайы көше беретіні, бір ойыншықты тастай салып, екінші ойыншыққа неліктен ұмтылатыны, үлкендер ойынды тоқтатып немесе күштеп тыйым салған кезде неге қарсыласатыны шынында да түсініксіз болып қалады. Бұл арада бізге белгілі көрнекті психолог Д.Узнадзе негізін салған функционалдық тенденция концепциясы көмектеседі. Бұл концепцияның мәні неде?

Белгілі ғалым Т. Сабиrow: «Ойын әрекеті – өзіндік әрекет. Педагогикада өзіндік жұмыс өз алдына жеке тұрып оқыту ұстанымы бола алмайды. Ал баланың ойын үстіндегі өзін-өзі жаттықтыруы, өмірді, білуге деген құмарлығы, шынығуы, шындалуы, оның ақыл-ойы, дене еңбегіндегі белсенділігін арттырып, алдына қойған мақсатына жетуге деген ерік-қайратын шындайды, алға қарай ұмтылысын, құштарлығын оятады. Осының нәтижесінде оқушының өз бетімен дербес белсенділігі пайда болады», – дейді [3,109]. Соның нәтижесінде оқушының өз бетімен ізденуі, білімді қажетсінуі өсіп, нақтылы қажеттілікке ұласады. Атап айтқанда, білім алуға оқушы белсенділігі мен білімді игеруге деген саналылық ұстанымы оқушы дербестігін туғызып, өздігінен оқу, білім алу дағдысын қалыптастырады.

Оқушы мектеп қабырғасында, мектептен тыс ұйымдарда ұжым арқылы білім алғанымен, ол әрдайым өз алдына дербес тұлға ретінде танылады. Сондықтан туризм нұсқаушылары (инструкторлары) ұлттық ойын қолданған туристік іс-әрекеттерде әр оқушының дербес белсенділігін қамтамасыз етуі тиіс. Ойын ұжым арқылы іске асқанмен ойынға қатынасқан әр оқушының алдына жеңіске деген ұмтылыс пайда болады. Ал ойынға қатынасатын туристік іс-әрекеттер әр оқушының баратын қорығының мазмұнын ұғу, олардың алдына қойылған міндетке сай «саналы түрде дұрыс жауап беру талабы жүктеледі. Олай болса, ұжым арқылы жеке тұлғаны ажыратып алу ойын пайдаланылатын туристік іс-әрекеттердің негізгі міндеттерінің бірі болып саналады.

Адамның қандай әрекеті болсын қоғамдық-әлеуметтік қажеттіктен туындайды. Оқушы өзінің қажеттігін өтеу үшін, ішкі талаптарын қанағаттандыру үшін белсенді әрекет жасайды. Баланың ойын әрекеті оның ақыл-ой, дене дамытуы үшін қажет. Оқушының ойын әрекетіндегі белсенділігін туризм нұсқаушылары дұрыс бағалап, туристік іс-әрекетте оның белсенділігіне, білім алуға, қажетті оқу мен дағдыны меңгеруге және оларды күнбе-күнгі тәжірибеде, өмірде пайдалана білуге үйренуге оқушының саналылықпен істейтін әрекетіне ұластыруы шарт [4, 52].

Оқушы белсенділігі негізінен екі түрлі: сыртқы және ішкі белсенділіктен тұрады. Сыртқы белсенділігі көбінесе ойын арқылы, қимыл, қозғалысы, әсіресе өмірлік әрекетіне байланысты болып келеді. Оқушының ішкі белсенділігіне оның ойлау әрекетіндегі белсенділігі жатады. Туристік іс-әрекетке ынтымақпен саналы қатынасуын, өзін-өзі дербес ұстай білуін талап етеді.

Оқушының ішкі, сыртқы белсенділігін бөле-жара, бір-бірінен ажырата қарауға болмайтыны байқалады. Нақтылап айтсақ, баланың ойы, қабылдауы, дағдысы ең алдымен сырттан болатын әсерлердің негізінде ішкі әсерлерді туғызып, қабылдау белсенділігін арттырады.

Әдебиеттер

1. Лободина С.В. Как развивать способности ребенка / С.В. Лободина – СПб.: Питер-Публишинг, 2017. – 256 с.
2. Асылханова М.А. Танымдық іс-әрекет мектепке бейімделудің басты факторы. Автореферат. – Алматы, 1999. – 34 б.
3. Сабиrow Т. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. – Алматы: Мектеп, 2018. – 110 б.
4. Майғаранова Ш. Мектеп оқушыларын рухани дамыту мәселелері. – Алматы: Рауан, 2002. – 124 б.

МРНТИ: 14.15.01

АКТИВИЗАЦИЯ УЧЕБНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ

Дерябина Е.П., Сулейменова А.А., учителя начальных классов

Республика Казахстан, г. Семей,

КГУ «Средняя общеобразовательная школа №12», katerina7sk@mail.ru

Решение проблем социального и духовно-нравственного воспитания необходимо начинать с изучения культурного наследия. Поэтому знакомство с творчеством Мухтара Ауэзова в начальных классах так актуально и необходимо.

Известный деятеля культуры Абдижамиль Нурпеисов сказал: «Устами Ауэзова говорит сама Великая степь. Он показал великому читающему миру целую галерею выразительных портретов, грандиозную схватку миров и страстей, острейшие мгновения осознания правды и справедливости своих поступков его героями... Он показал свой народ с его певческой крылатой душой как полное воплощение степи, дерзко раскинувшейся на полконтинента, легко сливающейся с небом родимого края. Великая личность, Ауэзов своим творчеством доказал, что самобытное творчество казахов невозможно отделить от истории всего человечества».

В целях повышения интереса к изучению творчества писателя и стимулирования к самостоятельному чтению текста на уроках литературы, возможно, применять различные формы и методы обучения, в частности технологию критического мышления, используя разные стратегии.

Каждый приём технологии работает на формирование у ребят читательской грамотности.

Рассмотрим такие этапы урока, как «вызов, осмысление и рефлексию». Вызов – это импульс к появлению новых знаний. Хорошо усваивается та информация, которая актуальна и интересна. Поэтому на этой стадии важно мотивировать учащихся к познанию. Они должны захотеть узнать. Из обычного ретранслятора знаний он превращается в дирижёра, режиссёра, организатора. Его задача – вовлечь обучающихся в активную творческую деятельность, где участники процесса обучения взаимодействуют друг с другом, строят диалог и самостоятельно получают знания. Начиная изучение творчества того или иного писателя, как правило, учитель очень долго готовится, старается найти интересные факты, увлечь ребят, подготовить презентацию или, в лучшем случае, дать индивидуальное задание одному-двум ученикам. Что делают в этот момент остальные дети? Выступают в роли зрителей или пассивных слушателей? Как известно, лекция – самый неэффективный способ обучения (только 5% прослушанной информации усваивается). Педагог разочарован, и его можно понять. Дети тоже не удовлетворены: они не видят смысла в получении «готовых» знаний. А если пойти другим путём? На стадии вызова можно предложить ребятам поиграть в игру «Верные – неверные утверждения» о жизни писателя.

Например, при изучении творчества М. Ауэзова можно составить такой список утверждений:

1. Ауэзова – настоящая фамилия писателя. 3. Он родился в небогатой семье. 4. Получил прекрасное образование. 5. Его называли продолжателем Абая. Утверждения могут быть самыми неожиданными и нелогичными. Задача ученика – не зная ничего о М. Ауэзове, согласиться или не согласиться с данными предположениями, поставить «плюс» или «минус». В эту игру играют накануне знакомства с творчеством писателя. Домашнее задание заключается в том, чтобы подготовить сообщение об авторе, произведения которого мы будем изучать, используя различные носители информации. Выполняя домашнее задание, ребёнок обязательно проверит, в чём он оказался прав, выдвигая предположения в игре, а в чём ошибся, и посчитает свои «плюсы» и «минусы». Важная проблема решена: он захотел узнать, и понял, зачем ему это нужно. Вообще, чтение и письмо – это процессы, которые необходимы человеку в повседневной жизни. Мы живём в информационно насыщенном мире и поэтому очень важно уметь правильно работать с информацией. Навыки этой работы необходимо приобрести ученику ещё в школе, чтобы потом применять их в жизни. Чтобы научить учащихся читать вдумчиво, то есть активно воспринимать и критически осмысливать информацию с целью включения её в свой собственный контекст, можно использовать приём ЗХУ.

Таблица 1

Знаю	Хочу узнать	Узнал
------	-------------	-------

Возможно, использование стратегии «этнографическое письмо», где учащиеся делятся на группы, которым заранее даются опережающие задания для исследования определенной темы, творчество писателя и т.д. В итоговом уроке дети сами делают выводы или пишут творческие работы (эссе, размышление), делятся своими впечатлениями.

Познавательная деятельность учащихся строится таким образом, чтобы ученик на каждом уроке имел возможность слушать, записывать и проговаривать учебный материал, где учащиеся показывают групповую, индивидуально-групповую, парную работу, диспуты, дискуссии.

На этапе осмысления возможна работа с использованием диаграмм Венна, которая помогает учащимся сравнивать характеристики героев художественных произведений. В данном случае можно предложить учащимся сравнить героев произведений М. Ауэзова «Возвращение Абая» и «Сирота».



Использование диаграмм Венна помогает учащимся сравнивать характеристики героев художественных произведений.

На этапе рефлексии на уроках литературы можно использовать стратегию «синквейн»– это стихотворение из пяти строк (рифма не обязательна):

1 строка (тема) – имя существительное.

2 строка (описание темы в двух словах) – имена прилагательные.

3 строка (описание действия в рамках этой темы тремя словами) – глаголы.

4 строка (отношение автора синквейна к данной теме) – фраза из четырёх слов.

5 строка (синоним к первому существительному) – одно слово, на философско-обобщённом или эмоционально-образном уровне повторяющее суть темы.

Вот так, например, выглядит синквейн, написанный четвероклассником на уроке изучения произведения М. Ауэзова «Сирота».

1. Мухтар Ауэзов

2. Милосердный, справедливый

3. Сочувствует, страдает, любит.

4. Великий казахский писатель.

5. Талант.

Изучая творчество М.О. Ауэзова, учащиеся отмечают, что произведения автора отличаются чуткость, доброта, милосердие, терпимость, толерантность.

Как сказал Иракий Андроников «МухтарОмарханович вошел в нашу жизнь не только как замечательный писатель, он явление, он – великий символ нашей жизни, человек-легенда, мудрец нового времени, истинный поэт и человек. Человек – тонкий, душевный, благородный, бесконечно обаятельный, способный понять решительно все. В нашей литературе он – один из немногих – был мериллом, вехой, огнем, по которому можно было соизмерять собственное движение».

Литература

1. Электронная библиотека «Мир Мухтара Ауэзова»

2. https://auezov.kz/page.php?page_id=25&lang=1

3. Дьюи «Развитие критического мышления через Чтение и Письмо» // журнал «Голос и видение». – № 1, 2003. – С. 21 г.

ҒТАХР: 16.01.45

ТІЛ ДАМУҒУ ЖҰМЫСТАРЫН ТИІМДІ ЖҰРГІЗУДІҢ ӘДІСТЕРІ

Баширова А.С., педагог

Қазақстан Республикасы, Астана қ.,

«Қосшы қаласының № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, bashirova.ayazhan@mail.ru

Тіл дамыту жолдарын дұрыс ұйымдастыру оқушылардың ойлау қабілетін, сауаттылығын арттырудың негізгі жолы. Бұл мәселе ағылшын тілі пәніне де тікелей байланысты. Осы саладағы пәннің негізгі мақсаты мектеп оқушыларын шетел тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу. Осы жолда мұғалімнің шығармашылық белсенділігі, іскерлігі үлкен көрініс табады.

Мұғалім сабақтың әр минутын тиімді және дұрыс пайдаланғанда ғана көздеген нәтижеге жетеді. Бұл нәтижеге жету үшін мұғалім тіл дамыту жұмыстарын өз деңгейінде ұйымдастыра білуі керек.

Оны қандай тиімді жолдармен жүргізуге болады?

Сабақты баланың ойын осы сабаққа аударатындай тиімді әдісті қолдана отырып бастау керек. Ол әдістің бірі – диалог. Бұл әдіс бір жағынан оқушының тілін шетел тілінде сөйлеуге жаттықтыру болса, екінші жағынан диалог арқылы оқушымен тікелей сөйлесу болып табылады. Диалогты үлгерімі орташа оқушыларға пайдалану тиімді. Диалог арқылы әр сабақта оқушымен сөйлескенде сұрақтар қоя отырып, бүкіл сыныпты жұмылдырып алып, балалардың зейінін өзіне аудару арқылы түрлі тіл дамыту жұмыстарын жүргізуге болады.

Күнделікті сабақ барысында тіл дамыту үшін төмендегідей тәсілдері пайдалануға болады:

– сөздік арқылы тіл дамыту;

– мәтінге байланысты тіл дамыту;

– көрнекі құралдар арқылы тіл дамыту;

– үйірмеге және басқа жұмыстарға қатысу арқылы тіл дамыту.

Ағылшын тілінің негізгі мақсаты оқушыларға тіл үйрету болғандықтан, негізгі жұмыс сөз үйрету болып табылады.

Ағылшын тілі сабағының негізгі арқауы – тіл дамыту жұмыстары болуы тиіс. Оқушылардың фонетикалық, лексикалық, грамматикалық материалдар туралы мағлұматтар мен анықтамаларды, түсініктемелерді ағылшын тілінде дұрыс пайдалануды игеруі, өз ойын нақты, жүйелі түрде еркін жеткізе білу қабілеті тіл дамыту жұмыстарының дұрыс ұйымдастырылып, талапқа сай жүргізілуіне байланысты.

Тіл дамыту жұмыстарының тәсілдері төмендегідей:

1. Грамматикалық тапсырмаларды түрлендіріп беру;
2. Мазмұнды суреттермен жұмыс ұйымдастыру;
3. Оқушыларды топқа бөліп, өзара сөйлестіру;
4. Белгілі бір тақырыпта берілген әңгімені жалғастыру;
5. Шағын көріністер даярлату;
6. Мәтінмен жұмыс жүргізу.

Осының ішінен ең басты орын алатыны – мәтінмен жұмыс.

Мәтінмен жұмыс жүргізу барысында қойылатын басты талаптардың бірі – берілген материалды түсініп оқу. Себебі оқушы оқып тұрған әрбір сөздің, әрбір сөз тіркесінің беретін мағынасын, грамматикалық тұлғасын түсінбейінше сөйлемдегі айтылар ойды қабылдай алмайды. Сондықтан алғашқы сабақтардан бастап ағылшын тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтқыза отырып, әрбір оқылған сөзді, сөз тіркесін, сөйлемдерді, мәтінді түсініп оқуға баулу қажет. Егер мұғалім мәтін бойынша тек: оқу, аудару, сұраққа жауап беру, мазмұнын әңгімелету сияқты түрлерін пайдаланса, бұл бір сарынды болып келіп, оқушыларды жалықтырады және пәнге деген қызығуын төмендетеді.

Ал шығармашылықпен жұмысты мынадай тәсілдерді пайдалана отырып өткізуге болады:

1. Мәтінді өзгертіп баяндату.

Мысалы: “Менің ойымша”, “Мен өз тәжірбиеме сүйеніп айтып отырмын”, сияқты сөз тіркестерін қолдану.

2. Мәтіннен іріктеліп алынған сөздерге морфологиялық талдаулар жасата отырып, түбірлес сөздерді анықтату.

Бұл жұмыс түрлері өтілген грамматикалық ережелерді есте сақтау, іс жүзінде пайдалана білуге жаттықтырады.

3. Тілді жақсы білетін оқушылар үшін белгілі бір сөйлемнің құрамындағы сөздерді синонимдермен алмастыруды тапсыруға болады.

4. Мәтіннің құрамындағы сөйлемдердің ретін алмастыра отырып, ауыстырылған сөйлемдерді орын, орнына қою арқылы әңгіме құрастыру. Берілген сөйлемдерді оқиға желісіне сүйене отырып, әңгіме құрастыру. Жұмыстың бұл түрі мәтін құрамындағы әрбір сөздің мән – мағынасын нақты түсінуге, яғни сөздікпен жұмыс істеуге ықпал етеді.

5. Берілген мәтінге сүйене отырып диалог құрастыру.

Мәтін бойынша жүргізілетін жұмыстың басқа түрлері де өте көп.

1. Оқылған әңгіменің мазмұнын қысқаша, тұжырымды түрде әңгімелету.
2. Мәтін ішінен негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді табу.
3. Белгілі бір жоспар бойынша мазмұнын айту.
4. Мәтін бойынша сурет салғызу.

Оқушының тілді меңгеруге ықыласын, ұмтылысын, қызығуын арттыратын ең тиімді технологияның бірі – Нұрша Оразақынованың “Сатылай комплексті талдау” технологиясы екені анық. Себебі, бұл технологияның жұмысы жаңа сабақты түсіндіруде де немесе қайталап қорытындылауда да қолдануға қолайлы. Өйткені оқушыға мәтінді үйретуде бұл технология білімді сатылап, жүйелеп бірізділікпен меңгертеді.

Қазақстан Республикасы әлемдік бірлестікке кірген заманда білімнің рөлі мен маңызы артты. Мәдениетті жоғары ХХІ – ғасыр адамын қалыптастыру міндеті білім беру ісін ірілендіру қажетті мектеп пен қоғам алдында жаңа маңызды мәселелер қойып отыр. Жалпы орта білім беретін мектептерде шетел тілдерінің мазмұны анықталып, оған қойылатын талаптар нақтылануда. Шетел тілін ана және орыс тілімен қатар оқыту арқылы мұғалім оқушылардың тыңдап түсіну, сөйлеу, оқу және жазу іскерліктері мен дағдыларын жетілдіріп қана қоймайды, оларды өзін қоршаған айналасындағы адамдармен қарым – қатынас мәдениетіне де үйретеді.

Шетел тілінде оқушылар дұрыс қарым – қатынас жасай алу үшін, олар ауызша айтылған сөзді тыңдап түсінулері тиіс Шетел тілінің қызметі – оқушыларды өздері үйреніп жатқан тілде сөйлейтін халықпен түсіністік, ортақ көзқарас орнатуға дайындап, тәрбие, білім беріп әрі жеке басын, өмірге

көзқарасын жан – жақты дамыту. Шетел тілі пәні бойынша білім мазмұнына тақырыптар, қарым – қатынас ситуациялары, мәтіндер, тілдік материалдар; лексикалық, грамматикалық, фонетикалық, практикалық біліктер, сөз әдептері, оқу әрекетінің тиімділігін іске асыратын жалпы оқу білік дағдылары жатады.

Қандай тілде болмасын оқу, жазу, сөйлеу, тыңдау дағдыларын дұрыс іске асырғанда ғана мақсатқа жетуге болады емес пе? Мысалы, мәтін оқыған кезде ашық жауап, дұрыс – бұрыс жауап таңдау сұрақтары, кім? не? сұрақтары, тақырыпшаларды параграфтармен, суреттермен байланыстыру, мәтіннен қателер табу, бос жерлерді, таблицаларды толтыру, мәтіндегі сөздер мен тіркестердің мағынасына тоқталу, мазмұны туралы пікірін білдіру, байланыс тіркестерін табу сияқты тапсырмаларды орындау арқылы кез-келген дәрежедегі мәтіндерді қызығушылықпен меңгеріп, еске сақтауға жағдай жасалады. Сонда ғана оқу стратегиясы жүзеге асырылады.

Оқушылардың шет тілінде дұрыс сауатты сөйлеуінде тілдік материалды меңгерудің рөлі өте зор. Сөздік жұмыс мәтінде кездесетін жаңа сөздерді іздеумен қоса түрлі тұрақты сөз тіркестерді, қосымша мағыналы сөздермен жаттығулар орындау арқылы жүзеге асады. Фонетикалық материал бір қарағанда, жоғары сыныптарға керегі жоқ сияқты болғанымен, кейбір дыбыс емлесінің ерекшеліктері, дауыс ырғағы, екпін түсіру сияқты нәрселерді сабақта еске түсірудің маңызы зор. Оның бәрі оқушының тілге деген қызығушылығын арттырып, сабақтың әсерлі өтуіне септігін тигізеді.

Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?

Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Инновациялық технологиялардың көптігіне, олардың түрі мен әдістерінің сан – салалағына қарамастан, әр технологияның элементтері өзара бір – бірімен байланысып кірігеді.

Ағылшын тілі сабақтарында компьютермен жұмыс істеу де ерекше орын алады. Қазіргі таңдағы техникалық оқыту құралдары – телефон, телевизор, магнитофон, мультимедиялық кабинет арқылы оқыту тілдерді меңгерту қызметіне жаңаша қарауды, бұл бағытта қол жеткізген табыстарымызды сын көзбен қарап, саралап ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін енгізуді қажет етеді.

Қорыта келгенде, шетел тілін үйретудегі мұғалімнің негізгі мақсаты әртүрлі әдістерді пайдалана отырып оқушылардың тілін дамыту, сөйлеу, жазу іскерліктерін арттыру.

Әдебиеттер

1. Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері / № 5, 2008.
2. Амандықова Г.Н., Мұхтарова Ш.Е., Баймұқанова Б.С. «Шет тілін оқыту әдістемесі» // Қазақстан мектептерінде ағылшын тілін үйрету журналы. – Алматы: 3, 2003.

ҒТАХР: 14.23.09

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

Абданова А.С., бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Ақсуат ауданы,
«К. Нұрбаев атындағы Ақсуат орта мектебі» КММ

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білімнің, іскерліктің болуын қамтиды. Оқушының белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін және кеңінен ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Сондықтан да мектептегі оқу процесінің негізгі мақсаты арнайы педогогикалық әдістермен мақсатты және жүйелі түрде оқушылардың интеллекттік, шығармашылық ойлауын дамыту, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру. Әр адамның бойындағы туғаннан пайда болған интуициясын әрі қарай дамытуға ықпал ету, оқушының табиғи қасиеттерін, математикалық білімін тереңдету үшін оқытуды жоспарлы түрде ұйымдастыру, өз бетінше білім алу дағдыларының дамуына негізін салу болып табылады.

Логикалық есептерді шығару оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға, есеп шығару қабілетінің артуына қолайлы жағдай жасайды.

Логикалық тапсырмалар қарапайымнан басталып, біртіндеп қиындап оқушылардың танымдық қызметін жақсартады. Логикалық есептерді шығаруда шығармашылықпен жұмыс істеу әрбір оқушыға тиімді. Ең бастысы шығармашылықпен жұмыс істеген адамның өзіне және өз ісіне деген сенімі, жауапкершілігі артады, іскерлік дағдысы қалыптасады.

Логикалық есептерді шығару және қолдану жолдарын зерттей отырып, оқушы білімін, нәтижесін өмірде қолдана білуге дағдыландыру жолдарын қарастыру-басты мәселе.

Адамның ерекше қасиеттерінің бірі – есепті дұрыс шеше білу. Менің мақсатым – әр түрлі қиындықтағы есептерді дұрыс шығара білуге үйрету. Біздің заманымыз ғылым мен техниканың қарқынды дамуымен ерекшеленеді. Сондықтан әрбір мектеп оқушысының алдында тұрған міндеті – қазіргі заманғы математикалық логиканың негізін түсіне білу, логикалық есептерді шеше білу. Математикалық логиканы білмейінше, оны ойдағыдай меңгеру қиын. Өйткені бүгінгі күні ғылым мен техниканың қарыштап дамуы ол адамның ойлау қабілетінің ең ірі жетістіктері болып табылуда.

Арнайы формуланы қолдануға келмейтін әрқайсысына өзінше талдау жасауды қажет ететін есептерді логикалық есептер дейміз. Әрбір шығармашылық есеп логикаға негізделген. Логикалық ойлау арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығы артады. Білсем, үйренсем дейді, тіпті математикаға қабілеті жақсы, зерек оқушылардың өздері логикалық есептерді құрастырады.

Логикалық есептердің оқу процесіндегі маңызы зор. Мұндай есептер оқушының ойлау қабілетін, математикаға деген қызығушылығын арттыру үшін өте тиімді. Логикалық есептер математикалық олимпиадаларда, әр түрлі жарыстарда жиі қолданылады.

Шығармашылық деңгейдегі есептер жоғары сыныптарда да беріледі. Сонымен бірге математика апталығы да, сыныптан тыс жұмыстарда шығармашылықпен айналысатын оқушыға логикалық есептерді шешу тиімді.

дербес белгілерді түсіндіре отырып, оларға лайықты талдаулар жасату.

Граф әдісі

Бұл әдіс кейбіреулері қырлары деп аталатын сызықтар мен қосылатын нүктелердің шектеулі жиыны.

Есеп 1:

Төрт спортшы: Әлия, Ғалия, Мадина, Динара гимнастикадан өткен жарыста алдыңғы 4 орынды алды, бірақ олардың кез келген екеуі бұл орынды бөліскен жоқ.

Кім нешінші орын алды?- деген сұраққа үш жанкүйер былай деп жауап берді.

а) Әлия – II, Динара – III

ә) Әлия – I, Ғалия – II

б) Мадина – II, Динара – IV.

Жанкүйерлердің әрқайсысы бір рет қателескенін ескеріп, әр спортшының қандай орын алғанын табы керек.

Жауабы: Әлия – I

Мадина – II

Динара – III

Ғалия – IV

Ә I

Ғ II

М III

Д IV

Аты	I	II	III	IV
Әлия	+	+	-	-
Мадина	-	+	-	-
Динара	-	-	+	+
Ғалия	-	-	-	-

Есеп 2.

Үш адам сөйесіп тұр: Ақбаев, Қарабаев, Сарыбаев. Олардың қара шаштысы Ақбаевқа айтады. «Біреуіміздің шашымыз ақ, екіншінің шашы қара, үшіншінің шашы сары, бірақ ешкімнің шашының түсі фамилиясына сәйкес келмейді». Олардың әрқайсысының шаштарының түстері қандай?

Шешуі

Тегі Сары Қара Ақ

Ақбаев + - -

Сарыбаев - + -

Қарабаев - - +

Жауабы: Ақбаев – сары шашты

Қарабаев – ақ шашты

Сарыбаев – қара шашты

Логикалық есептердің келесі түрі- өлшеумен байланысты.

Есеп:

Бөтелкеде, стаканда, құмырада, банкада сүт, лимонад, квас, су бар. Су мен сүт бөтелкеде емес.

Лимонад құйылған ыдыс құмыра мен квас құйылған ыдыстың арасында. Банкаға құйылған лимонад та су да емес. Стакан банка мен сүт құйылған ыдыстың қасында. Қандай сұйық қай ыдысқа құйылған.

Жауабы: Сүт құмыраға, лимонад бөтелкеге, квас банкаға, су стаканға құйылған.

Есеп:

Екі тостағанның біріне толы кофе,біріне толы сүт бар.Бір қасық кофеңі екінші тостағандағы сүтке құйып араластырды. Содан кейін бір қасық шыққан қоспаны қайтадан кофеге құйды. Қайсысы көп: сүті бар тостағандағы кофе әлде кофе құйылған тостағандағы сүт пе?

Жауабы: тең

Есеп:

Ыдыстағы 10 л сүттен 3 литрлік бос ыдыстың көмегімен 7 литрлік ыдысқа 5 л құйып алу керек.Қалай орындаса болады?

Жауабы: 3 литрлік ыдыспен 6 литрді 7 л ыдысқа сүтті құямыз. Тағы 3 л сүтті алып 1литрін 7 л ыдысқа толтырамыз, сонда 2л сүт ыдыста қалады. 7л сүтті 10л ыдысқа құямыз, 2 л сүтті 3 литрліктен 7 л ыдысқа құйып, тағы 3 л сүт, барлығы 5 л сүт болады.

Логикалық есептерді теңдеу құру арқылы шығару

1. Ақдананың ойлаған санынан ең үлкен бір таңбалы санды азайтып, нәтижеге ең кіші екі таңбалы санды қосқанда 100 шықты. Ақдана қандай сан ойлады?

Шешуі: $(x-9) + 11 = 100$

$$x - 9 = 99$$

$$x = 108 \text{ Жауабы: } 108$$

2. Қанаттан «сыныпта неше қыз бала бар?» – деп сұрағанда, ол «қыз балалардың санынан ең кіші екі таңбалы санды азайтып, нәтижеге 80 – ді қосса, 88 шығады» деп жауап берді. Сыныпта неше қыз бар?

Шешуі: қыздар саны – x

$$\text{Т/қ: } (x - 11) + 80 = 88$$

$$x - 11 = 8$$

$$x = 19$$

Жауабы: 19 қыз

3.Ағайынды екі адамның жастарының қосындысы 30-ға тең. Олардың әрқайсысының жастарын табу керек, егер біреуінің жастарының екіншісінің жасының – не тең болса.

Белгілеу енгіземіз:

I сан – x

II сан – x

$$\text{Т/қ: } x + x = 30$$

$$2x + 3x = 180 \text{ I сан} - * 36 = 18$$

$$5x = 180 \text{ II сан} - * 36 = 12$$

$$x = 36$$

Жауабы: 12 жас, 18 жас

4. Қазір ағасы қарындасынан 5 жас үлкен. 4 жылдан соң, олардың жастарының қосындысы 19 жас болады. Қазір қарындасы неше жаста, ағасы неше жаста?

Шешуі:

Белгілеу енгіземіз:

қарындасы – x

ағасы – x + 5

4 жылдан соң

қарындасы – x + 4

ағасы – x + 5 + 4

$$\text{Т/қ: } (x + 4) + (x + 5 + 4) = 19$$

$$x + 4 + x + 9 = 19$$

$$2x = 19 - 13$$

$$2x = 6$$

$$x = 3$$

Жауабы: Қарындасы – 3 жаста

Ағасы – 8 жаста

5. Қазір әкесінің жасы баласынан 10 есе үлкен, ал 10 жылдан кейін тек 4 есе ғана үлкен болады.

Баласы неше жаста?

Шешуі: $4(x+10)=10x+10$

$$4x+40=10x+10$$

$$10x-4x=40-10$$

$$6x=30$$

$$x=5$$

Жауабы: баласы – 15 жаста, әкесі – 60 жаста

Әдебиеттер

1. Тұрғынбаев Ә. Логика. – Алматы: Білім, 2004.
2. Шаханов Е. Логикалық жаттығулар жинағы. – Астана, 1999.
3. Елшібаев Ж. «Зерек» Алматы «Өнер» 1999 ж.
4. Жұмақаева Б. Дене мүшелерінің атауларынан туындаған бірліктер. – Алматы, 2009.
5. Кейкін Ж. Атадан өсиет, анадан қасиет. – Алматы: Өлке, 2010.
6. Шаймерденұлы Е. Ақыл ой антологиясы. – Алматы: Ана тілі, 1997.

ҒТАХР: 14.25.37

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ІСКЕРЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Садуова А., тарих пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

«Жарқын жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Әрбір тәуелсіз, дамыған ел өз мемлекетінің, халқының тарихын оқытып үйретуге, алдымен оны мектепте оқытуға ерекше мән береді. Өйткені кез келген мемлекеттің азаматы өз елінің, мемлекетінің, сол мемлекетті мекендеп отырған халықтардың, оның өзінде де алдымен сол елге аты берілген халықтың тарихын білуге міндетті. Ал Тәуелсіздік жолын жаңа ғана бастаған Қазақстанға жаңа қоғамды құрушы, сонда өмір сүруші жастарды оқытып, тәрбиелеу аса маңызды міндет болып тұр. Еліміздің тарихын жаппай оқытып үйрететін бірден-бір оқу орны – жалпы білім беретін мектеп. Тарих пәні небір тамаша тарихи фактілерді, оқиғаларды, құбылыстарды, жеке тарихи қайраткерлердің халық үшін жасаған қызметін, ерен ерлігін баяндайды, осылардың бәрі жас ұрпақтың сезіміне әсер етеді, адамгершілігі жоғары, саналы азамат қалыптасуына үлес қосады. Тарих-ғылым, білім ретінде қоғамда да, адам өмірінде де ерекше маңызды орын алады. Қоғам мүшелерін қажетті дәрежеде тарихи біліммен қаруландырмай, оларда тарихи сананы қалыптастырмай ешбір мемлекет тарихи дамудың жоғарғы сатысына жете алмайды.

Тарихты оқытудың алдында тұрған білімділік-тәрбиелік міндеттердің ойдағыдай шешілуі үшін оқушылардың тарих курсының мазмұнын қалай меңгеріп отырғандықтарын білудің маңызы зор. Тарихты оқыту процесінде мұғалім мектеп оқушыларына білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту жөніндегі бір-бірімен тығыз байланысты міндеттерді шешеді. Оқушылар негізгі тарихи фактілерді меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар оларды ой елегінен өткізе отырып, теориялық білімдерді, яғни курстың идеялары мен ұғымдарын игеру, тарихи процестің кейбір заңдылықтарын біліп алуы керек.

Білімнің терең меңгерілуі оқушылардың ойлауын дамытуды: фактілерді талдай және қорытындылай білуді, оқиғалар мен құбылыстарды салыстырып, саралай білуді, оларды өз бетімен бағалай білуді көздейді. Соған қоса тарих нұсқаулары, косымшатарихи әдебиеттер мен карталар және көрнекі құралдармен өз бетімен жұмыс істеу шеберлігі мен дағдысын игеруі, оқушылардың ауызша және жазба тілін дамыту қарастырылады.

Тарихтың оқу пәні ретіндегі ерекшелігі сол, бұл пәннен оқушыларға білім бергенде мәнерлі сөздің рөлі орасан зор. Мұғалімнің әсерлі, қызғылықты әңгімесі оқушының өткендегінің жарқын бейнесін ойша көз алдына елестетуіне, оқу материалын айқын бейнелі түсінік қалыптасқанға дейінгі дәрежеде нақтылай түсуіне, сондай-ақ, тәрбиелеу міндетін шешу үшін аса қажетті болатын, оқушыға

эмоциялық әсер етуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Материалдарды ауызша баяндау кезінде мұғалім пікір алысудың және тарихи оқиғалардың өзара байланысын түсіндірудің үлгісін көрсетіп береді. Материалдарды ауызша баяндау кезінде материалды нақтылай түсудің төмендегідей әдістері қолданылады:

- айқын эпизодтар келтірілетін суретті әңгіме (мысалы: сақтардың тұрмысы туралы);
- оқушыларға ойша өте ерте замандардағыны көз алдына келтіріп, соған «қатысушы ретінде сезіндіретін өткендегіге саяхат» түріндегі әңгіме (мысалы: тарихи – мәдени сәулет ескерткіштері жөніндегі әңгіме):

- тарихи оқиғалар мен құбылыстарды байланыстыру әдісі, бұл жағдайда типтік фактілер тарихи адамның тағдыры арқышы көрсетіледі (мысалы, XVIII ғасырдағы Кіші жүздің Ресейдің қол астына кіруі жөніндегі документті материалға құрылған әңгіме);

- тарихи оқиғалар мен құбылыстарды драмалы әңгіме ретінде айтып беру әдісі, бұл жағдайда типтік фактілер бірнеше тарихи адамдардың немесе ойдан шығарылған адамдардың қақтығысуы арқылы беріледі (мысалы, XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қазақ батырларының ерлігін баяндау);

- әңгімеге қызықты детальдар мен тәртіптеп суреттеуді енгізу, бұл баяндалып отырған оқиғалар мен құбылыстарды нақты етеді және оларды «жақындата» түседі (Моңғолдардың Отырарды жаулап алудағы айлакерлігі мен қатыгездігі жөніндегі фактілер).

Бұл әдістердің тиімділігі – оқушының қиялдау мен сақтау қабілетіне күшті әсер етеді. Оқушылар айтылғанды есте жақсы сақтап қалады, тіпті біраз уақыт өткеннен кейінгі кезде де мұғалімнің әңгімесіне енгізілген типтік диалогтарды, өмірбаяндық мәліметтерді, қызықты детальдарды қайталап айтып бере алады.

Орыстың атакты педагогі В. Сухомлинский: «Мектеп дегеніміз – ең алдымен кітап» – деген екен. Байқайсыз ба, өте терең айтылған сөз. Бала бір ғана мұғалімнің айтылғанымен шектеліп, оқулықтарды ғана қанағат тұтса, қайтіп қанаттанады. Аясы тар түсініктің ғана өрісінде шектеліп қалады. Осының бәріне кең жол ашатын – кітап. Кітап – ол жансыз мұғалім. Ол сені білім нәрімен сусандырмақ. Білімнің терең меңгерілуі оқушылардың ойлауын дамытуды: фактілерді талдай және қорытындылай білуді, оқиғалар мен құбылыстарды салыстырып, саралай білуді, оларды өз бетімен бағалай білуді көздейді. Соған қоса тарих нұсқаулары, қосымша тарихи әдебиеттер мен карталар және көрнекі құралдармен өз бетімен жұмыс істеу шеберлігі мен дағдысын игеруі, оқушылардың ауызша және жазба тілін дамыту қарастырылады.

Тарихтың оқу пәні ретіндегі ерекшелігі сол, бұл пәннен оқушыларға білім бергенде мәнерлі сөздің рөлі орасан зор. Мұғалімнің әсерлі, қызғылықты әңгімесі оқушының өткендегінің жарқын бейнесін ойша көз алдына елестетуіне, оқу материалын айқын бейнелі түсінік қалыптасқанға дейінгі дәрежеде нақтылай түсуіне, сондай-ақ, тәрбиелеу міндетін шешу үшін аса қажетті болатын, оқушыға эмоциялық әсер етуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Материалдарды ауызша баяндау кезінде мұғалім пікір алысудың және тарихи оқиғалардың өзара байланысын түсіндірудің үлгісін көрсетіп береді.

Сондықтан да оқушы білімін үнемі жетілдіріп, тәуелсіз еліміздің тарихи кезеңдеріне саяси, экономикалық және мәдени материалдар берілген кітаптар, кітапшалар, энциклопедияларды, мерзімді баспасөз беттерінде берілетін тарихи-қоғамдық материалдарды оқушылардың өз бетінше ізденуіне бағыт-бағдар бере білу керек. Ел тарихын оқытуда сыныптан тыс оқу, қосымша көркем тарихи әдебиеттерді сабақта пайдалану – оқушылардың білімінің, тарихи ұғымдардың жүйелілігіне әсер етеді; оқушылардың ақын-ойын, танымын, сезімін дамытуға мүмкіндік береді. Ең бастысы, оқушыны еңбектен білуге үйретіп, қызығушылығын арттырады. «Махамбеттің жебесі», «Көшпенділер», «Алмас қылыш», «Абылай хан», «Сырым туралы сыр», «Кенесары хан», «Қызылдар қырғыны», «Нәубет», және тағы басқа тарихи көркем әдебиеттер оқушыларға тарихи оқиғалар мен адамдық тұлға жөнінде жан-жақты мағлұмат бере отырып, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейді, сана-сезімінің жетілуіне әсер етеді.

Оқыту, білім беру тәжірибесі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап етеді. Сол себептен педагогикалық үрдісті, процесті технологияландыру мәселесі маңызды.

Өздік, танымдық жұмыс – оқушылардың танымдық қабілетінің, шығармашылық ойлау жүйесінің дамуына жол ашады.

Тарих сабағында тарихи материалдарды, көркем әдебиетті, деректі құжаттарды мақсатты пайдалану арқылы оқушылардың ақыл-ойын, адамгершілігін, эстетикалық, интеллектуалдық таным сезімін дамытып, өздігінен ізденуіне қолайлы жағдай тудырады.

Сабақ беру әдісінде оқушылардың өз бетімен танымдық қабілетін дамытуға бағытталған тапсырмалар берілуі тиіс. Оқушылар әңгімелер, өлеңдер, өтірік өлеңдер, диалог-журнал, реферат, сахналық қойылымдар, конспект, келешектегі болжау өмірнамалар жазып, сапарнамалар құрастырып, өз бетімен кітап оқып, журнал-газет шығарады.

Әртүрлі ақпараттарды-кітап, оқулық, көркем әдебиет, баспа беттері, көмекші құралдар, деректер, құжаттар, тарихи өлеңдер, шежірелерді зерттеу үшін бастыны іріктейді, цитаталар алу, конспектілеу, жоспар, тезистер құрастыруға машықтанады.

Тарихты оқыту процесінде мұғалім мектеп оқушыларына білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту жөніндегі бір-бірімен тығыз байланысты міндеттерді шешеді.

Әдебиеттер

1. Шаймерденова К.Ш. Қазіргі сабақ және өзекті мәселелері. – А., 1990.
2. Тұрлығұлов Т. Тарих сабағын жетілдіру жолдары. – А., 1984.
3. Сарсекеев Б.С. Задания для самостоятельной работы учащихся по истории Казахстана. – Алматы, 1991.

МРНТИ: 14.65.07

МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Маратова Ә.Б., учитель русского языка и литературы
Республика Казахстана, г.Семей
КГУ «Средняя общеобразовательная школа № 21»

Концепция современного образования определила цель профессиональной деятельности учителя – сформировать у учащихся способность к успешной социализации в обществе, активной адаптации на рынке труда. Следствием этого становится разработка инновационных технологий в обучении. Инновационные методики характеризуются новым стилем организации учебно-познавательной деятельности учеников. Современные педагоги признают, что в развитии творческих способностей, интеллектуальной деятельности максимальные возможности представляет технология проблемного обучения.

Значительный вклад в раскрытие проблемы интеллектуального развития, проблемного и развивающего обучения внесли Н.А. Менчинская, П.Я. Гальперин, Н.Ф. Талызина, Т.В. Кудрявцев, Ю.К. Бабанский, И.Я. Лернер, М.И. Махмутов, А.М. Матюшкин, И.С. Якиманска, А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасова.

В целом можно говорить о двух группах стратегий: непосредственно влияющих на научение и способствующих научению.

К числу первых могут быть отнесены: когнитивные стратегии, которые используются учащимися для осмысления материала, стратегии запоминания – для его сохранения в памяти, компенсаторные стратегии – помогают справиться с затруднениями, возникающими в процессе общения.

На уроке русского языка и литературы следует применять перспективные методические приёмы для развития креативных способностей учащихся: кластеры, инсерт (при самостоятельном изучении теоретического материала), заполнение таблиц, двучастный дневник, чтение с остановками, совместный поиск, перекрёстную дискуссию, круглый стол; применять элементы ТРИЗ (технологии решения изобретательских задач): «Удивляй!» (при знакомстве с биографией писателя), «Лови ошибку!»; классическое лекционное обучение, обучение с помощью аудиовизуальных технических средств, тесты, метод проектов (занятия по «Литературному краеведению»).

Использование проектной технологии: повысит и углубит интерес детей; разовьет творческие способности учащихся путем формирования компетентности в сфере самостоятельной познавательной деятельности (приобщение к чтению, развитие любознательности, расширение кругозора), критического мышления; поможет школьникам приобрести навыки работы с большим объемом информации, исследовательские умения (видеть проблему и наметить пути ее решения), коммуникативные умения (работа в группах).

Упражнение «Интервьюеры»

Цели:

Помочь участникам познакомиться друг с другом.

Включение участников в работу группы.

Поддержать или установить энергичный темп работы в группе.

Материалы:

Бланк с пустой таблицей, либо чистый лист на каждого участника.

Ручка либо маркер на каждого участника.

Упражнение «Нарисуй свое имя»

Необходимые материалы: листы А4, фломастеры или маркеры.

Время: 5-10 минут.

Описание: Участники тренинга сидят в общем кругу. Ведущий предлагает каждому участнику группы нарисовать имя, которым будет на протяжении всех тренинговых занятий.

Обсуждение: каждый участник представляется и демонстрирует нарисованное им имя.

Упражнение «Рукопожатие» (1 минута)

«Мы все сегодня плодотворно поработали, и все заслужили благодарность. Пока я считаю до пяти, вы должны успеть поблагодарить друг друга рукопожатием»

Игра «Одна строчка, но в рифму»

Стихи пишут все, по крайней мере, почти все. Предложите ребятам сочинить только одну строчку – вторую. А, первая будет предложена заранее. Мы даем начало двустишия, которое надо закончить. Концовка может быть разной, главное, чтобы соблюдалась рифма.

Выполнение задания. Стихотворение о любви зашифровано (заколдовано). Необходимо на предложенном бланке с заданием зачеркнуть буквы, написанные наверху каждого отрывка. У каждой части свой набор букв, которые необходимо зачеркивать. По оставшимся буквам нужно составить стихотворение, выразительно его прочитать и изобразить происходящие в нем события.

Вся программа и учебный план связаны с языковыми навыками, которые направлены на развитие слушания, говорения, чтения, письма. Ведь это так немаловажно на уроках русского языка и литературы.

Наиболее активным способом решения данного метода обучения будет групповая работа со всеми ее разновидностями. Ведь только в тесном общении дети смогут более результативно реализовать свои знания и умения в области чтения, говорения, слушания и, в конечном итоге, письма. Почему важно развивать языковые навыки? И важно ли?

Языковые навыки развивать важно, так как дети смогут выразить свои мысли точно, лаконично, грамотно. Перестанут стесняться в выражении своих мыслей, будут стремиться к поставленной ими цели.

«Разогрев»

Суть этого приёма заключается в том, что при изучении какой-либо темы по одному из разделов учитель в начале урока даёт небольшое упражнение на говорение. Задание должно быть связано с изучаемой темой, цель его – вызвать к ней интерес, служить своеобразным «мостиком» к тому, о чём пойдет речь на уроке.

Скороговорки

Это упражнение можно использовать в качестве разминки артикуляционного аппарата перед говорением (монологическое высказывание, пересказ и др.) и для развития дикции. Полезно произносить скороговорки несколько раз, с разной интонацией и с разной скоростью.

Назначение спикера

Организуя работу в группах для выполнения задания, предполагающего выступление с результатами деятельности, иногда полезно предупредить учащихся, что спикера от группы будет назначать сам учитель. Это заставляет отдельных учащихся если не принимать активное участие в обсуждении, то хотя бы внимательно слушать остальных участников группы и запоминать, ЧТО было сказано, следить за ходом обсуждения и быть готовыми к выступлению. Такой приём полезно использовать в работе с теми учениками, которые предпочитают «отмалчиваться».

Оценивание устной речи

Очень полезно предоставлять учащимся возможность оценивать речь одноклассника (взаимооценивание) и свою речь (самооценивание), записанную на диктофон. Задача учащихся – фиксировать нарушение речевых норм, обращать внимание на содержание, богатство и выразительность речи говорящего. Это даёт им возможность на время стать критиками, научиться слушать внимательно и находить ошибки в своей и чужой речи. Такая работа, несомненно, развивает

внимание, умение анализировать звучащую речь сквозь призму содержания, лексического разнообразия, синтаксических конструкций и стилистических средств.

«Взять на карандаш». Предложить учащимся во время слушания аудио- или видеоматериала фиксировать отдельные слова, выражения, обороты речи, интересные факты. С этой целью также можно предложить учащимся использовать определенные символы, условные обозначения. Это приучит учащихся внимательно слушать материал, извлекать информацию, которую они затем смогут использовать при говорении и письме, сохраняя лексические, синтаксические особенности текста. Таким образом учащиеся расширяют активную лексику и обогащают свою речь.

Взаимооценивание. Взаимооценивание помогает вовлечь учеников в процесс активного слушания. Чтобы оценить звучащую речь, её необходимо очень внимательно прослушать. Развитию данного навыка способствует и работа с текстами, в которых нарушены грамматические и орфоэпические нормы. Учащиеся получают опыт оценивания устной речи.

Рефлексия после слушания. Очень важно после выполнения задания дать возможность учащимся написать о своих ощущениях, о трудностях, возникших в процессе работы. Замечено, что некоторым ученикам, особенно в первое время, слушание даётся труднее других навыков.

Литература

1. Руководство для учителей. Третий (базовый) уровень. 3-е издание – АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012.
2. Загашев, И.О., Заир-Бек, С.И., Муштавинская, И.В. Учим детей мыслить критически.– СПб., 2003.
3. Дайана Халпер, Психология критического мышления.
4. Ильюшин Л.С. Приемы развития познавательной самостоятельности учащихся.

ҒТАХР: 17.25.07

ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Хасенов Е.С., көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

«С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Кіріктірілген «Көркем еңбек» білім беру бағдарламасының құрылуында ескерілетін мәселе, ол кіріктіре білім беру мен оқытудың теориялық негізін ерекше көңіл аударылуы қажет еді. Ол білім беру тұрғысында екі оқу пәннің біріктірілуінде бір оқу пәнінің оқу материалының басымдылығымен анықталуды ұсынады. Бірақ, ол оқу материалы қоғамдық қажеттілікті, оқушы тұлғасының сұранысы мен қызығушылықтарын ескеруі абзал. «Көркем еңбек» оқу пәнінің атау мазмұнында да бейнелеу өнерінің оқу материалына тән белгі – «көркем» ұғымымен ғана байланысты болып қана тұр. Оның өзі де тек «механикалық» сөз құрауға ғана қажет болғаны байқалады. Шын мәнінде «көркем» сөзіне емес «еңбек» ұғымы сөйлемнің және «көркем еңбек» атаудың түйінді мәнін ашады. Олай болса, «Көркем еңбек» білім беру бағдарламасының мақсаты орынды анықталып, ал, оқыту жүйелерінің мақсаттары және қолданылатын ресурстар бейнелеу өнер оқу материалдарына икемделіп кеткені анықталып отыр.

Адамға ең бірінші өмірлік қажеті – еңбек екенін уақыт дәлелдеуде. Адам өмірі үшін аса қажетті, әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән «Еңбекке баулу» бүгінгі технология оқу пәні үнемі жетілдіруде.

Оқушыларды кәсіпкерлікке, қазіргі заман талабына сай басқару, білу, ұйымдастыру, іске асыру жұмыстарына бейімдеу басшылыққа негіз болады.

Қолөнер адамның әсемдігіне, нәзіктігіне деген сезімін тербеп, сол салада табиғатты өзінше таңбалап бедерлеп, сұлулықты қабылдау қабілетін арттырады. Ол арқылы біз зор эстетикалық рухани тәрбие алып, әлемдік өнер шыңына қанат қағамыз.

Сұңғат және бейнелеу өнерінде, сондай-ақ қолөнер шеберлері жасаған бұйымдарда ұлттық нақыш анықталып тұруы қажет. Сол ұлттық нақышты айқындап бейнелейтін өнер түрі – қазақтың қолөнері.

Қолөнер ғасырлар бойы дамып, жетіліп, уақыт сынынан сүрінбей өтіп, қалыптасып келе жатқан халық шығармашылығының сарқылмас қайнар көзі, халқымыздың мәдениетінің айнасы. Ол талай

ғасырлар елегінен өтіп, түрленіп, жаңарып, атадан балаға қалған мұра ретінде бізге саф таза күйінде жеткен дәстүрлі де қастерлі өнер.

Бұйымдарда жан-жануарлардың мүйізі, дене мүшесі, тұяғы, құстың тұмсығы, түлкінің басы, бөрінің құлағы немесе иттің құйрығы т.б. және өсімдіктердің түрлері кеңінен бейнеленген.

Қолөнер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің қайнар көзі болған, ғасырлар асылы өз қадір-қасиетін жоғалтпай жалғасын тауып келе жатқан асыл дүниелер.

Әдістемелік құралдың мақсаты:

Оқушылардың бойында халықтың дәстүрлі өнерін, тарихын, ескерткіштерін эстетикалық тұрғыдан бағалай білуге баулитын жүйелі білім, шығармашылық икемділігі мен дағдыны қалыптастыру; Өмір шындығы көріністерін, табиғаттағы, және өнердегі оның сезімдік әсерін балалардың көре, сезіне білуін, іс-әрекеті барысында олардың кеңістік туралы түсінігін, қиялын елестету қабілетін жүйелі түрде дамыту; технологиялық еңбек сабақтары барысында дамып, қалыптасқан көркемдік дағдылардың икемділіктерін тұрмыс жағдайда, еңбек процесінде қоғамдық қызметте пайдалана білуге баулу.

Халық қолөнері түрлеріне әдет-ғұрып жабдықтарымен бірге аң аулауға, мал өсіруге, егіншілікке қажетті құрал-жабдықтар мен қару-жарақтар жасау өнері де кіреді. Киіз үйдің сүйектері, ағаштан дайындалған үй жиһаздары сандық, жүк аяқ, кебеже, асадал, ағаш керуерт, жастық ағаш, жүннен дайындалған үй бұйымдарына: кілем, құрақ құрау, қайыс өріу, таспа ру, жүген, ши тоқу, бесік жасау, күбі, келі-келсап, ыдыс-аяқтар жасауды қолөнер шеберлері әртүрлі оө-өрнектермен нақыштап безендіре білген.

Мектепте ұлттық бұйымдарды жасауда оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамып, талғамы кеңейеді. Ұлттық бұйымдарды жасауда төмендегі бұйым түрлеріне тоқталсақ:

Күбі – май шайқайтын, көже, ашымал ашытатын, саба орнына қолданылатын қымыз, шұбат пісетін ыдыс.

Күбінің жасалу технологиясы қиын болғандықтан сирек кездеседі. Күбінің ауыз жағы тарлау келеді де, дөңгелек қақпағының ортасына піспек өткізілетін тесік жасалады. Қымызға арналған күбілер әдетте аласалау, кеңдеу болады. Кейбір күбінің сыртына ою өрнек салынады.

Жасалу жолы: Күбіні, піспекті жасауға-қайың, емен, арша, талдан дайындалған жұқа тақтайшалардан құрап жасайды. Жеке тақтайшалардан құрап жасаған күбіге түп салынады, сыртынан темір құрсаулармен тартады. Күбіде төрт құрсау болады.

Күбінің келесі түрі-ағаш діңінің ортасын тұтас ойып жасалған күбі. Мұндай күбі жасалу технологиясының қиындығына байланысты өте сирек кездеседі. Оның іші тегіс болу үшін күйдіріледі. Күбінің сыйымдығы әртүрлі болады. Шаң-тозаң түспес үшін, дөңгелек қақпақ жасалады. Піспек сабы шығып тұратын тесік қалдырады.

Оқушыға белгілі бір көлемдегі білім – білік, дағдыларды меңгерте отырып, жаңа педагогикалық технологияларды шебер пайдалана білу арқылы оқыту үрдісін демократияландыру және ізгілендіру, сабақтағы оқушының шығармашылық рөлін арттырып, еркіндігін қамтамасыз ету, сол арқылы оқушылардың даралық, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, бейімділіктерін ашу және дамыту қажеттігі туындап отыр.

Шығармашылық қабілетті тәрбиелеудің алғы шарттарына мыналарды жатқызуға болады.

1. Шығармашылық қабілетінің деңгейін анықтау. (топтау, бақылау, қалыптастыру)
2. Қызығушылық және шығармашылық пен таным белсенділігін арттыру.
3. Оқушы мүмкіншілігіне (потенциалына) сай шығармашылық тапсырмаларды әдістемелік тұрғыда жүйелі түрде орындату.
4. Шығармашылық қабілетін тәрбиелеу барысында кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтарды есепке алып, зерттеу.
5. Оқушының шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуді кезең бойынша сатылап дамыту.
6. Шығармашылық қабілеттерді тәрбиелеу үрдісін тәжірибе негізінде жинақтап, зерттеліп отырған мәселенің өсу динамикасын бақылау
7. Мұғалім өз ісіне ізденімпаздықпен қарап, сабақты шығармашылықпен өткізу. Осы мәселелер өз шешімін тапса, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу ісі өз мақсатына жетеді.

Әдебиеттер

1. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы».
2. «Информатика негіздері» журналдары.
3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.

4. Салихова А. Оқушылардың шығармашылығын дамыту.
5. Сыздықов О., Өстеміров К., Адамқұлов Н. т.б. Технология. Жалпы білім беретін мектептің 8 – сыныбына арналған оқулық. – Алматы «Мектеп» баспасы.
7. Пошаев Д.Қ. Мамандық таңдау негіздері. Кестелі оқу құралы. – Шымкент, ОҚМУ, 2007.
8. Қазақстан Республикасында жалпы білім беретін мектептер білім мазмұнының тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. – 1996. – № 7. – 9 сәуір.

ҒТАХР: 14.01.01

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ДАМУЫ

Кабланбекова А.Т., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Астана қ.,

«Ыбырай Алтынсарин BINOM school мектеп-лицейі»

«Креативтілік» – тез ойлап табу, жаңалық ашу, аяқ астынан ақыл табу, терең сезім, толғаныс, интеллектуалдық биіктік, ұшқыр ойлылық деп анықтама беріледі. Креативтілік – өркендеуге, дамуға, нәтижеге жетуге бағытталған.

Креативтілік ағылшынның «Creativity» сөзінен аударғанда шығармашылық деген мағынаны береді. Философия мен психологияда «креативтілік» категориясын зерттеу мен анықтауда төрт негізгі бағыт айқындалды:

1. Креативтілік-шығармашылық процесс;
2. Креативтілік-жаңаны құрумен байланысты әрекет нәтижесі, шығармашылық өнім;
3. Креативтілік-интеллектуалдық немесе шығармашылық қабілет;
4. Креативтілік-тұлғалық категория, мінез-құлық ерекшелігі. Педагогикалық-психологияда жалпы қабылданған креативті білім беру және тәрбие теориясы жоқ. Тұлғаның креативтілігін дамыту шығармашылық оқу-тәрбие процесін басқаруды шамалайды.

Креативтік технология бойынша ізденушілік, зерттеушілік, эвристикалық әдістермен жұмыс жасалады, қиялдауға итермелейді, қысылмай өз ойын айтуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың креативтілігін дамытуда «Болжау әдісі», «Аяқталмаған сөйлем», «Доп лақтыру» жаттығуы, «Қабырғадағы роль» әдісі тәрізді креативтік әдіс-тәсілдерін жүйелі түрде қолдану оңтайлы нәтиже береді.

Оқушылардың пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және дағдыларына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту үдерісі ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асады.

Шығармашылық процестің үш сатысын тәжірибемізде мынадай жұмыстар жүргізу арқылы жасадық. Бірінші сатысында жаңаны, өзгеше тың дүниені сезе білу, шығармашылық ой талдауға бейімділік, танымдық қызығушылыққа арттыруға жұмыстар атқардық. Мысалы: эссе жазу, күздің көңіл-күйін, көктемнің дәмін, өзінің көрген түсін, бір кейіпкер сезімін салу, ертегі, жұмбақ құрастыру.

Екінші сатысы интуиция, шығармашылық қиял, әдемілікті сезіне білу, сөз ұшқырлығы, батылдыққа баулыдым. Осыған байланысты сабақта мынадай тапсырмалар орындатқан тиімді. Бір кейіпкерден сұхбат алу, қойылымға қатысу, сөздік материалды өзінше түсіндіру, қазіргі оқиғадан кейін болатын оқиғаларды болжап жазу. Әңгіменің басын ойлап табу немесе соңын жалғастыру, жағдаяттар бойынша мақалдар, тұрақты сөз тіркестері негізінде әңгіме құрастыру, қиял-ғажайып әңгімелер, жағдаяттар ойлап табу.

Үшінші сатысы өзіндік сын, бастаған ісін аяғына дейін жеткізу үшін дәлелдеме дәйектемелер ұсына білу, оның формаларын табуға байланысты тапсырмалар орындаттық. Осы орайда шығармашылыққа баулудың, проблемаларды шешудің, инновацияның қолдануын, ойлау процесінің жылдамдығын, бір бірімен байланыс орнатуын, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыруды өз тәжірибемде қолданудамыз.

Оқушылардың креативті ойлау қабілеттерін дамытуда түрлі тапсырмаларды шешу кезінде оқушы өз мүмкіндіктерін, күшін жинақтап бір мақсатқа жұмылдырады. Тапсырманы шешудің тиімді жолын іздеп табады, өзімен және өзгелермен диалогқа түседі, өзіндік жұмыстарды орындауға қалыптасады [6]. Осы айтылғандардың бәрі де ойлауға бейімдеу процесінің бүкіл өн-бойында іске асырылып отырады. Ойлауға бейімдеудің басты дидактикалық құралы – оқу-танымдық тест

тапсырмалары. Ал, оның арнайы ұйымдастырылған әрекеті дегенді мазмұны, құрылымы ойлау әрекетін дамытуға арналған алуантүрлі тапсырмалар жүйесін орындау деп түсінген жөн. Соңғы кездері көптеген зерттеушілер оқу-танымдық тапсырмаларды оқушыларда білім, білікті және дағдыны қалыптастырудың негізгі құралы, – деп қарастырып жүр. Біз бұл пікірге қосыламыз, шындығында оқу-танымдық тапсырмалардың мүмкіндіктері өте мол, себебі:

– жоғары диагностикалық сапалары болғандықтан оқушылардың тек білімі мен білігінің деңгейін ғана емес, олардың сапалық сипаттамаларында анықтап бере алады;

– сондай-ақ, ол оқытудың мақсатын белгілеу, оған қол жеткізу құралы және оқытуды басқарудың белсендірудің, даралаудың, жіктеудің көп функционалды дидактикалық құралы бола алады;

– оқушыны әрекетке бірнеше кезеңдерге бөліп енгізуді қамтамасыз етеді және бір деңгейден екінші деңгейге ауысып отыруын қадағалап отыруға мүмкіндік береді;

– оқушыларды ойлауға бейімдеу процесін басқаруға жағдай туғызады.

Мұғалімнің міндеті барлық ақпаратты айтып немесе көрсетіп қана қоймау керек, сонымен қатар оқушыны ойлауға үйрету керек, сол тапқан ақпараттарын практика жүзінде қолдана білуге үйрету керек. Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері осыған жағдай жасайды.

Белсенділіктің 3 деңгейі:

– Қайта жаңғырту белсенділігі – оқушының білімді түсінуге, есте сақтауға, қайта жаңғыртуға тырысуы, яғни, үлгі бойынша пайдалану тәсілдерін меңгеруі

– Интерпретация белсенділігі – оқушының оқытылған материалдың мәнін түсінуге, осы ақпараттардың арасындағы байланысты оқушының тырысуы, яғни, ақпаратты (білімді) үлгі бойынша емес, өзгертілген жағдайда пайдалану тәсілдерін меңгеруі.

– Шығармашылық белсенділік – оқушының мәселені шешу жолдарын өз бетінше іздеуі, яғни, танымдық қызығушылығын көрсете білуі.

Интербелсенді оқыту әдістерін пайдалану кезінде

– тиянақты білім;

– қиялдау мен шығармашылық;

– тіл табысу;

– белсенді өмірлік көзқарас;

– командалық рух;

– жеке;

– дербестік құндылық;

– өз пікірін білдіру, еркіндік;

– іс - әрекетке ерекше назар аудару;

– өзара сыйластық дағдылары дамды.

Ауызша сұрақ-жауап «Ыстық орындық», «Сұрақты ұтып ал!» және «Доп лақтыру» т.б. ойындары арқылы оқушылар бір-біріне дұрыс сұрақ қоя білуге және математикалық тілде дұрыс тұжырым жасауға үйренеді.

Әдіс: «Менің дауысым»

Оқушылар тақтада берілген сұрақтарға «Ақиқат» немесе «жалған» деп жауап беру керек. (Ол үшін оқушылардың қолында жасыл және қызыл түсті қатты қағаздан жасалған белгішелер болады, интерактивті тақтадан тапсырмалар бірінен соң бірі шығарылады.) Ақиқат болса жасыл түсті, ал жалған болса қызыл түсті көтереді.

Топтық жұмыс. Джигсо әдісі (Jigsaw) – көлемді мәліметтер мен мағлұматтарды оқушылардың өздігімен игеруге және бірін-бірі оқытуға, үйретуге бағытталған тиімді тәсіл. Топта мәтін мазмұнн талдайды, дұрыс жауаптарын тақтаға жазады, топтан екі оқушы шығып басқа топтарға түсіндіреді; Нәтижесін басқа топтар тексереді;

«Фишбоун» әдісі. Оқушыларға балық қаңқасын ұсынып, проблеманы анықтау, себептерін табу, дәлелдеу, қорытынды жасауды тапсырады.

Оқушылар балық қаңқасына қара сөзден проблеманы, себептерін анықтап, дәлелдерін келтіреді, қорытынды жасайды. Проблема, себептері, дәлелдер, қорытынды.

«Ромбтық» жіктелім.

Ең маңызды элемент, ең бір маңызы аз элементті айырып, талқылай білу.

Жалпы сипаттама

Бұл әдіс оқушылар шешім қабылдағанда немесе қандай да бір идеяны ойлағанда, оларды барлық сәйкес келетін факторларды ойлауға шақырады. Шешім қабылдап, белгілі бір әрекет барысын

жоспарламас бұрын қолданылған жағдайда бұл әдіс пайдалы болмақ. Шешім мен идеяны анықтай алатын факторлардың толық тізімін жасау үшін «Өткеншек» әдісімен бірге пайдалануға болады.

Сыныпты жоспарлау

Егер аталған әдіс «Өткеншек» әдісімен бірге қолданылса, оқушылар топтасып сыныптағы әртүрлі тақталарға кезек-кезек бару қажет. Немесе оқушылар өз орындарында қалып, белгілі бір уақыт өткен соң, артқы жақта отырған топқа оқу плакаттарын берулеріне болады.

Жұмыс алгоритмі

1. Ұйымдастырушы педагог шешім қабылдау және жоспарлау кезінде барлық факторларды қарау маңыздылығын оқушылармен талқылауға ниет білдіруі мүмкін. Мысалы, егер қандай да бір маңызды фактор ұмытылып қалған жағдайда, дұрыс болып көрінетін ісәрекет ақыр соңында дұрыс болмай шығуы мүмкін.

2. Топтарда оқушылар Барлық факторларды ескеру шаблонын толтыра ал БФЕ сауалнамалары толтырылғаннан кейін оқушылар топтар арасында ауысып, басқа топтар айтқан факторларды қарауы тиіс. Олар өзара бағалау тәсілі ретінде «Екі жұлдыз, бір тілек» стратегиясын пайдалана алады.

3. Бұдан кейін оқушыларға басқа топтардың парақтарында жазылғанның негізінде өздерінің парақтарындағы бастапқы факторларды өзгерту не толықтыру үшін уақыт беріледі.

4. Бұдан кейін барлық факторларды біріктіру мақсатында жауап алу жүргізіледі, сөйтіп барлық топ өзіне пайдалысын алады.

«Гауһарлар иерархиясын» қараңыз.

Сыныпты жоспарлау

Оқушылар тақтаның немесе қабырғаның жанында жұмыс істейді. Немесе топтарға үстел басында жұмыс істеуге болады.

Жұмыс алгоритмі

1. Шағын топтардағы оқушыларға бірнеше карточка беріледі.

2. Оқушылар оларды маңыздылық/басымдығына қарай орналастырады. Оларды тігінен немесе қатарлап қоюға болады.

3. Бұдан кейін оқушылар сынып ішінде сұрақты талқылауды бастар алдында бір бірінің рейтингілерін салыстыра алады.

4. Осы тапсырманы орындағаннан кейін жауап алу жүргізу пайдалы болуы ықтимал.

5. Идеяларды одан әрі зерделеу үшін «Бес сұрақ» сияқты басқа әдістерді пайдалануға болады.

«АР-ОЖДАН АЛЛЕЯСЫ»

Қалыптастырылатын дағдылар: ойлау, шешім қабылдау; бірлескен жұмыс

Бұл рөлдік стратегия оқушыларға тез арада белгілі бір тақырыпқа қатысты барлық сұрақтарға қысқаша шолу жасауға мүмкіндік береді. Оның басқа «стандарттық» рөлдік ойындарға қарағанда артықшылығы сол, едәуір тез өткізілуі мүмкін.

Сыныпты жоспарлау

Жүру және әңгімелесу ыңғайлы болуы үшін ашық кеңістік қажет.

Жұмыс алгоритмі

1. Оқушыларға жағдайды түсіндіріңіз (мысалы, мектепте болған үлкеннің кішкентай балаға күш көрсету оқиғасы жергілікті жастар клубында қайтalandы. Мектептен осы іспен айналысу сұралды).

«Бес сұрақ» сияқты жаттығуды пайдалана отырып, бірінші кезектегі карточкаларды анағұрлым толық зерделеуге болады.

Жалпы сипаттама

Бұл әдіс ақпарат жинақтауға арналған, ол сондай-ақ оқушыларға мәселені терең зерделеуге немесе оны шағын тақырыптарға немесе тармақтарға бөлуге мүмкіндік береді. Бұл оқушыларға күрделі тақырыптарды түсінуге көмектеседі. Аталған әдіс іс-әрекетті жоспарлауға және мақсат белгілеуге ықпал етуі мүмкін әртүрлі мүмкіндіктерді қарастыруды көздейді. Ақпарат жинақтауға арналған тапсырмалар үшін осы әдіспен бірге

«Идеялар тасқынын» мен «Стикерлер топтамасын» қолдануға болады.

Жұмыс алгоритмі

1. Үлкен қағаз бен маркер керек.

2. Оқушыларға «Қалай» немесе «Неге» деген сұрау есімдіктері қолданылатын сұрақтар қойылады.

3. Ұсыныстар оқу плакатында жазылады.

4. Мұғалімдер идеяларды дамытып, одан арғы идеяларды зерделеу үшін бір сұрау есімдігін пайдаланады.

5. Мұғалімдер идея/ұсыныс толық қарастырылғанша дейін бірдей сұрағы бар сұрақтарды пайдалануды жалғастыра береді.

Әдебиеттер

1. Қожамқұлова Ж.Ж. Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар. – Алматы, 2013, 1/72. – М.: «Просвещение», 1972.
2. Интернет-ресурстар
3. <http://engblog.ru/crosswords>

ҒТАХР: 14.01.31

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Досымжанова Қ.Б., бастауыш сынып мұғалімі

Матеева Г.К., педагог-психолог

Қазақстан Республикасы, Семей қ.

«№ 32 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Таным әрекетінің бірі – қабылдау. Тілдік мәліметтерді және жазылымдағы қатысымдық тұлғаларды ұғыну қабылдаудан басталады. Тілді меңгеру барысында тіл үйренуші есту, көре, сезу арқылы дыбыстарды, сөздерді, сөйлемді қабылдауға үйренеді. Бала қоршаған ортаны жақсы қабылдауға тиіс.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық-тілдік құзіреттіліктерін дамытуда жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатысы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойын баланың жеке басының дамуына ықпал ететін жетекші, басты құбылыстың бір деуге болады. Бала ойын арқылы өзінің күш – жігерін жаттықтырып, қоршаған орта мен құбылыстардың ақиқан сырын ұғынып үйрене бастайды. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойнайды, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері мен таным үрдістері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Танымдық - сөздік дамудың маңызды міндеті:

– Ойлау әрекетінің дамуы,
– Өзінің тәжірибесін ұғыну бойынша міндеттерді шешу процессіндегі әлем суретінің толық қалыптасуы,

- Сенсорлық даму,
- Ойлау әрекетінің белсенділік қабілетінің қалыптасуы,
- Туған тілімен танысу,
- Тілдің қалыптасуы.

Артикуляциялық моторикасының дамуы, беттің бұлшық еттерінің нығаюы, дыбыстардың дұрыс айтылуын қалыптастырамыз.

Міндеттерін шешуі:

- Диалогтік тілдің, оның сауаттылық жағынан жаңартылуы,
- Балалардың сөздік қорын белсендету мен кеңейту,
- Ауызша және жазбаша құралдарды қолдана отыра тіл мәнерлілігін дамыту.

Баланың толық танымдық – сөздік дамуы үшін бір жағдайы МДМ дамытушылық пәндік – кеңестік ортамен қамтамасыздандыруды қарастырады.

Балалардың танымдық-шығармашылық дамуы пәндік – дамытушылық ортада сәтті қалыптасады.

Оқушыға белгілі бір көлемдегі білім – білік, дағдыларды меңгерте отырып, жаңа педагогикалық технологияларды шебер пайдалана білу арқылы оқыту үрдісін демократияландыру және ізгілендіру, сабақтағы оқушының шығармашылық рөлін арттырып, еркіндігін қамтамасыз ету, сол арқылы оқушылардың даралық, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, бейімділіктерін ашу және дамыту қажеттігі туындап отыр.

Шығармашылық қабілетті тәрбиелеудің алғы шарттарына мыналарды жатқызуға болады.

1. Шығармашылық қабілетінің деңгейін анықтау (топтау, бақылау, қалыптастыру).
2. Қызығушылық және шығармашылық пен таным белсенділігін арттыру.
3. Оқушы мүмкіншілігіне (потенциалына) сай шығармашылық тапсырмаларды әдістемелік тұрғыда жүйелі түрде орындату.
4. Шығармашылық қабілетін тәрбиелеу барысында кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтарды есепке алып, зерттеу.

5. Оқушының шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуді кезең бойынша сатылап дамыту.

6. Танымдық қабілеттерді тәрбиелеу үрдісін тәжірибе негізінде жинақтап, зерттеліп отырған мәселенің өсу динамикасын бақылау.

7. Мұғалім өз ісіне ізденімпаздықпен қарап, сабақты шығармашылықпен өткізу. Осы мәселелер өз шешімін тапса, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу ісі өз мақсатына жетеді.

Оқушы танымдығын дамытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру қажет.

Мұғалім-дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекеттерді ұйымдастыра тын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылық қабілетін дамытады.

Шығармашылық тұлғаны дамытуды ең алдымен шығармашылық ойлаудан бастау керек. Әрбір оқушыны оқытып, тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек.

Оқушының білім сапасын көтеру негізгі мақсат.

Оқушының дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне, және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені айдан анық.

Көбінесе “дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы” деген пікір қалыптасқан.

Белгілі ағылшын психологі П.Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П.Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстағаны жөн.

Оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты-олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Оқушымен жұмыс жүйесіндегі мұғалім маңызды орын алады. Оқушының болашақтағы мамандығына байланысты, яғни кәсіби тағдыры тек қана жақсы мұғалімге байланысты.

Жаңашыл педагогтардың тәжірибесі мына ережелерге негізделеді:

– оқытуды мұғалім мен оқушының өзара шығармашылық қарым-қатынасы ретінде қабылдау.

– күрделі мақсат идеясы (оқушының алдына барынша күрделі мақсат қойылып, оны орындай алатындығына сенімін нығайту);

– өзіндік талдау (оқушылардың жұмыс нәтижелерін жеке және ұжымдық талдау);

– ерікті таңдау (мұғалімнің оқу материалының жақсы меңгерілуі мақсатында сабақ уақытын өз бетінше пайдалануы);

– оқушылардың өзін-өзі шығармашылық басқаруы;

– тәрбиеге жеке тұлға тұрғысынан қарау;

– ата-аналармен ынтымақтастық құру;

Сонымен, жаңашыл педагогтардың инновациялық тәжірибесі тұлғаны дамытуда ізгілік және шығармашылық көзқарасқа негізделген әдістер мен жүйесін құрайды.

Мұғалімнің біліміне қойылатын талаптар:

– өзінің сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары деңгейде білу;

– оқушы дарындылығының моделін білу;

– қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын білу;

– дарынды оқушыны оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үлгірімге ғана көңіл бөлмей оның басқа да көрсеткіштерімен байланысына да көңіл бөлу;

– дарынды оқушылардың ерекшелігін ескере отырып, оларға шығармашылықпен жұмыс жасайтын тапсырмалар дайындай білуі.

Мұғалімнің іскерлігіне қойлатын талаптар:

– дарынды оқушыны анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуы;

– дарынды оқушыларды (жекелей және топпен) оқытуға арналған бағдарлама құрастырып, сонымен тұрақты жұмыс істей білуі;

– оқушы дарындылығын дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алуы;

– дарынды оқушыны оқытудың нәтижесін нақты бағалай білуі;

– дарынды оқушының ғылыми –ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік етуі;

– дарынды оқушыны олимпиадалар мен сайыстарға дайындауда жетістікке жете алатындай деңгейде жұмыс жасауы.

Сондай-ақ дарынды оқушылармен нәтижелі жұмыс жасайтын мұғалімнің кәсіби “бейнесі” мынадай қасиеттерден тұрады: жоғары кәсіби біліктілік, даралық қасиет, білімпаздық, ойлап табуға және ғылыми зертеу жұмысына қабілеттілік, кәсіби қызметін өздігінен жетілдіруге ұмтылушылық.

Дарынды оқушымен жұмыс мұғалімнің өзіне, қызметіне және кәсіби біліктілігіне жаңа, жоғары талаптар қояды. Тіпті оның кәсіби жетілуіне өзгеше емтихан болып табылады.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;
4. Техникалық құралдарды тиімді қолдану;
5. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін артыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді.

Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір ұстаздың басты міндеті. Білім негізі мектепте қаланатын болғандықтан, оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Бұл мақсатқа жетуде ұстаздар терең білімді, әдістемелік жағынан толық қаруланған және жоғары мәдени деңгейі болуы тиіс. Себебі, қазақ тілі пәнінің мұғалімі оқушылардың оқуға ынтасын оятып, олардың қабілеттерінің дамуына жол ашады.

Мұғалім алғашқы сабақтан бастап әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, ынтасы мен бейімділігін, оқу мен еңбекке ұқыптылығын ескере отырып оқу үрдісін жүргізуі керек. Ертеңіне лайық ұрпақ тәрбиелемеген елдің келешегі жоқ десек, сол ұрпақты тәрбиелеудегі ұстаз еңбегі – ұлы еңбек.

Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өмірден өз орнын табуға көмектеседі.

Шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасып, ұстазы берген ақпаратты, іс-әрекет тәсілдерімен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оқушы барлық іс-әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады, қабілет білігін ұштай түседі.

Оқушыларды шығармашылыққа баулудың, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлері өте көп. Мысалы: тірек сөздер беру арқылы әңгіме құрастыру, өлең құрастыру, мысалдарды, ертегілерді сахналау, шығарма жазу, ертегі мазмұны бойынша сурет салу, т.б.

Әдебиеттер

1. Махмудов М.И. Мектептегі проблемалық оқытуды ұйымдастыру. А., «Мектеп» – 1981. – 247 б.
2. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М., 1967.
3. Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. – А., «Қаз.унив.», 1991. – 128 б.
4. Абубәкірова С. Текстпен жұмыс істеудің әдістемесі. – А.: «Қаз.унив.», 1993. – 105 б.
5. Аймауытов Ж. Психология. – А., «Ғылым» баспасы, 2004.
6. Ушинский К.Д. Педагогика. – М.: «Просвещение», 1980.
7. Бабаева Ю.Д. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности. – М., 1997 г.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сейтбек М.Б., Схакова Ж.К., ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері

Қазақстан Республикасы, Семей қ.

«№ 48 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Қазіргі таңда еліміз мектепте білім сапасын арттыру үшін заманауи талаптарға сәйкес, әлемдік тәжірибенің озық үлгісі – жаңартылған білім беру мазмұнына кезең-кезеңмен көшуде.

Мақсаты – оқушыларға алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез-келген орта жағдайында, ресми-іскерлік ортада бәсекеге қабілетті болуға, қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін білім беру.

Мектептің негізгі міндеттері-оқушының жеке басының алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қабілеттілігін дамыту, оқуға деген ықыласын, іскерлігін қалыптастыру. Ол үшін ең алдымен, оқушылардың танымдық іс-әрекеттерінің маңызды жақтарына көп көңіл аудару қажет. Оқушылардың оқу үрдісіндегі танымдық жан қуаттарының оянуына түрткі болу-ол мектептегі оқытудың негізгі мәселелері.

Ағылшын тілі сабағында оқушылар оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады.

Жазылым-тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген; лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын бірдей қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет.

Шет тілін оқытуда мотивацияның басты рөлін түсіну үшін, білім беру мекемелерінде мұғалімдерге оның негізгі әдіс-тәсілдерін, құрылымын жақсы білуі қажет. Мотивация мәселелерін қарастыруда және қалыптастыру жолын іздестіруде оны түсінуге мүмкіндік бола бермейді, себебі, мотивацияның қалыптасуы бұл мұғалімнен оқушыға берілмейтіндігі әр сабақтың үрдісінде көрінеді. Уәждердің қалыптасуы – бұл, біріншіден, сабаққа деген ішкі ынта сезімінің көрінуі және барлығын түсіне отырып, мотивациялық құндылықтар ортасын өз бетінше әрі қарай дамытуы.

Шет тілін оқытудың тиімділігін тек қана білім алушыларға байланысты емес, оқыту стратегиясына байланысты. Осы стратегиялардың үйлесімімен ең жоғарғы тиімділікке қол жеткізуге болады. Бұл мақсатқа жету үшін ең басты фактор мыналар: мұғалімнің білім алушыға немесе оқушыға деген педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігін жетілдіру және сабақтағы әлеуметтік-психологиялық бірлестік жағдайындағы қарым-қатынасы. Тілді үйрену сабақтарында оқушылардың тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу дағдыларын дамыту сабақ барысында жүзеге асып отыруы тиіс және жазудан гөрі оқушылардың тыңдап түсінуіне, сөйлеуіне көбірек назар аударылады, өйткені бұл жаста балалардың көбі есту, көру арқылы есте сақтайды. Қойылған мақсаттарға жету үшін оқушыларының сөйлеу дағдыларын жетілдіру, дамыту және сабақта ойын түрлерін қолдануы керек. Өйткені, ойын – көңіл-күй, ойлау күштерін талап ететін, ұйымдастырылған сабақ болып табылады. Әр кез ойын шешім қабылдауды ұсынады, себебі, жеңіске жету мақсаты болады. Осы сұрақтарды шешуде ойлау шығармашылықтары қалыптасады. Пән бойынша алған білімі емес, тіл бойынша дайындығы төмен оқушылар ойында алдыңғы, бірінші болуы мүмкін, себебі, олардың тапқырлығы, жинақтығы ойын барысында көрінеді.

«Жаз және көрсет» – деген тәсіл оқушылардың шет тіліндегі сөздің қорларын қарым-қатынас жасау үрдісінде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл де – әмбебап тәсіл болып табылады, мұны лексика мен грамматиканы бекітуге қолданылады [1, 27 б]. Қарым-қатынаста қабілеттерін дамыту үшін өлеңдер қолданылады. Өндердің оқушылар үшін қызықтылығы мынада: олардың не жайында айтылатында, қандай әуен түрінде орындалатындығы. Өндер оқушыларға бірдене жайлы хабар береді, қызықтырады, яғни қарым-қатынаста бірінші орынды алуға итермелейді. Бұл жағдайды оқушылар шығармашылық жұмыс арқылы, яғни отбасы мүшелері суретін салып және жазып, басында түсіндірілген құрлымды қолданып айтып шығады. Бұл жерден оқушылардың толық жұмысқа қамтылуы байқалады. Осыдан келе сурет салу барысында ән қосымша орындалса, оқушылардың көңіл-күйлері көтеріліп, сабаққа деген ынталары, қызығушылықтары молайады. Осы оқулықтан көретініміз, әр тақырыпқа ән бірге берілген және сол әннің бейне баяныда бірге берілген.

Оқушылар әндерді үйрену барысында, жаңа ақпараттар алады, шығармашылық қызығушылықтарын қалыптасуына септігін тигізеді. Мысалы, оқушылар, өлеңді үйрену барысында, дене мүшелері мен сезім мүшелерінің, ағылшын тіліндегі атауымен танысады. Эстетикалық мотивация жайлы айтпай кетуге болмайды. Әсіресе, эстетикалық мотивация-ойлауды дамытады, көңіл-күй, ойлау, жағымды сезімдерді қалыптастырады. Бұлардың барлығы оқушылар шет тіліндегі өлеңді сүйіп қызығушылықпен орындаған жағдайда ғана жүзеге асады. Тілді үйрету үрдісінде әндер-дәстүрден тыс мерекелік элемент ретінде білім алушылардың эмоционалды ортасына (кеңістігіне) өз әсерін тигізеді. Өзге оқыту барысында тіл шығармашылығын әуен түрінде қолданғанда, материал тез жатталып, шаршағандарын басады.

Оқу материалдарының мазмұнын іріктеу барысында тез жатталатын, эмоционалды, бояуы қанық материалдарды алғаны дұрыс. Сабақ материалдарына нақты кейіпкерлерді енгізген жөн. Жұмыс барысында оқушылармен, оқулықтағы мәтіндерді ғана қолданбай, мұғалім бейнесабактарды қолдануға мүмкіндігі бар [2, 55 б]. Өзге тілдегі қарым-қатынасқа байланысты коммуникативтік тапсырмалар білім алушыларда үлкен қызығушылық тудырады. Егерде сөйлеу барысында сөздерді көп қолдансаң, балалар жақсы жаттайды.

Ағылшын тілі сабағындағы диалогтар жаңа сөздерді игеруге көмегін тигізуде, нәтиже көрсеткеніндей коммуникативтік әдістер – оқушылардың сабақ барысындағы сүйікті ең көп қолданылатын әдістерінің бірі.

Оқушылар сабақта ұжымдық тақылауға кейбір себептерге байланысты қатыспайды. Оқушылар шет тілінде байланыс жасау ұзақтығына шыдай алмайды, әсіресе, үлгерімі төмен оқушыларға қатысты. Осыған орай балалардың физикалық-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, көп күш түсірмейтін тапсырмалар беруі қажет. Бастауышта ағылшын тілі оқыту кезеңінде әр сабаққа билер және әр түрлі қозғалыс түрлері қолданылады (сергіту сәттері). Бұларды қолдану барысында әрбір оқушыға тілдік материалды сақтау мақсаты қойылады. Өлеңдердің шумақтарын, тармақтарын қолдану күнделікті тәжірибеде негізгі грамматикалық үлгілерін сақтауға септігін тигізеді. Сонымен бірге оқыту үрдісінде пәнге деген қызығушылығын арттырып, тартымды ойындарға ұласады [3, 30 б.].

Таңдамалы сабақ (дәстүрлі емес сабақ) әр түрлі болады, яғни, оқытудың дәстүрден тыс әдіс-тәсілдері қолданылады және мұнда балалардың оқыту деңгейін ғана көтеріп қоймайды, сонымен бірге басқа да қабілеттерін ашуға септігін тигізеді. Атап айтсақ, өлеңдерді декларациялау қабілеті, сөйлеу дағдыларын дамыту, жағдайды көрсету, шет тілінде өлең айту, сөйлеу барысында өзіндік көзқарасын беру, болып жатқан жағдайлар туралы ақпарат беру, сөйлеу мәдениетін сақтау, ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен жан-жақты танысады. Тек оқушылардың сабақ шығармашылығындағы, яғни, сабақ барысында, негізгі түрлері – шет тілінде айтылым, оқылым, жазылым болып қана қоймай мұғаліммен жеке бір-бірімен жанды, белсенді қарым-қатынас болуы керек. Балалардың шет тіліне деген қызығушылығын арттыру үшін оқу үрдісінде сабаққа деген белсенділігін жақсы ұйымдастыру керек.

Оқушылардың жазылым дағдыларын қалыптастыру жолдарын анықтауды зерртеу жүргізілді. Зерттеу жұмысты бастауға себеп болған проблемаларды нақты анықтау үшін тілді меңгерудегі А, В және С-деңгейдегі оқушылардың жұмыстары негіз болды, әсіресе жазудан қиналатын С-деңгейдегі оқушылар басты назарда болды. Алдымен жазылым дағдысы бойынша сабақта бірізді абзац жазуды үйреткенде оқушылардың дұрыс сөйлем құрудан қиналатындықтарын анықталды. Сонымен қатар Джон Пек және Мартин Койльдің «Оқушының жазу нұсқаулығы» атты кітабында оқушыларға бағалау кезінде ұпай жоғалтуға итермелейтін қарапайым қателерден қалай арылуға болатындығын айтады, онда оқушыларға жазылым дағдысын дамытуды үйрену үшін алдымен «дұрыс» сөйлем құрып үйрену керектігі айтылады [4]. Осыны негізге ала отырып, жазуды үйретудің алғашқы қадамын ағылшын тілінде дұрыс сөйлем құрудан бастадық.

Жазылымды үйретудегі тағы бір мәселе грамматика болып табылады. Джеймс Д. Виллиамстің «Жазылымды үйретуге дайындалу» деген еңбегінде Вайз (2001) интенсивті грамматиканы үйретуде жұмысты орындауды жақсарту туралы дәлелдемелер жоқ екенін жазып өтен [3]. Дегенмен, Джон Фостер ағылшын тілінде сөйлеуде сөздер қалай бір-бірімен байланысатындығы және жазылым тілдің құрылымы ретінде танылатыны туралы айтады.

Джон Фостердің «Кел жазайық» атты кітабы оқушыларға жазылым дағдысын дамыту жолында пайдалы құрал болды. Үйретуде оқушылар қандай жазу жұмысын жазса да, жазу үдерісінің бір екенін білдіру маңызды болып табылады. Онда жазудың бес сатысын ұсынады және сол кеңесті біз шет елдік әріптес мұғаліммен бірге сабақта қолдандық. Олар:

1. Идеяларды жинау
2. Идеяларды таңдау және жұмыстың алғашқы нұсқасын жазу

3. Қайта жазу
4. Қарап шығу (тексеру)
5. Басып шығару

Ал жазуды үйретуде мынадай сатылар қолданылды.

- Сөйлемнің құрылымын үйрену
- Абзац жазу (абзацтағы тақырыптық, дамытушы және қорытындылау сөйлемдерін қамту)
- Абзацтарды байланыстырушы сөздермен байланыстыру
- Жұмысты қарап шығу

• Өңдеу

Бірін-бірі тексеру

• Өзін-өзі тексеру

• Соңғы нұсқасын жазу

Тәжірибеден мысал

Сөйлемдерді абзацта бірізді етіп байланыстыруы үшін «Гамбургер» әдісі қолданылды. Яғни абзацтағы алғашқы сөйлем – тақырыптық сөйлем (Topic sentence), кейінгі сөйлемдер сол сөйлемдегі идеяны баяндайтын және түсіндіретін сөйлемдер, онда ғылыми фактілер және т.б. ақпараттар болады. Ал соңғы сөйлем – сол идеяны қорытындылаушы сөйлем. Абзацтың көлемі айтылған ойға және идеяға байланысты. Осы сөйлемдер бір-бірімен бірізді байланысқанда ғана жақсы абзац шығады. Осы дағды әр сабақта қолданылып отырды.

Әдебиеттер

1. «Assessing writing» by Sara Cushing Weigle, The Cambridge Language Assessment Series, 2002.
2. «Let's write» by John Foster, published in 2014, New York.
3. «Preparing to teach writing» research, theory, and practice by James D. Williams, 4th edition, 2014, published in New York.

ҒТАХР: 14.75.81

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Акимханова Ж.К., химия пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қ, «Б.Алтынсарин атындағы № 37 гимназия» КММ

Қанатқызы А., химия пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қ, «№ 48 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Бүгінгі заман талабы білімді, білікті, өмірге икемді тұлға қалыптастыру. Сондықтан, мектеп мұғалімінің басты мақсаты – оқушыға тиянақты білім беру және алған білімін қолдана алатын деңгейге жеткізу. Осы мақсатқа жету үшін әр оқушыны жеке тұлға ретінде қарап, оқушыларды шығармашылыққа үйрету, оқушылардың сенімін бекемдеп, білімге деген ынтасын арттыру басым міндет.

Жаңартылған бағдарламаның негізі-мұғалімнің пәнді оқытудағы әдістерін өзгертудегі жаңа бастамасы. Бұл бағдарламаның басым бөлігі сындарлы оқыту теориясының негіздерін қамтыған. Осы теория оқушылардың ойлануын дамытуда олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделген.

Әрбір адамға ойлау қабілетінің белгілі бір дағдылары мен жеке тұлғаның қасиеттері керек. Сараптама жасай білу, салыстыра білу, негізгісін анықтай білу, мәселені шеше білу, өзін-өзі баламалы бағалай білу, жауапты болу, өз бетінше жұмыс істей білу – міне, жоғарыда аталғандардың барлығы балаға өмір жолын бастауға қажеттіліктер деп атасақ та болады. Мұғалімнің міндеті барлық ақпаратты айтып немесе көрсетіп қана қоймау керек, сонымен қатар оқушыны ойлауға үйрету керек, сол тапқан ақпараттарын практика жүзінде қолдана білуге үйрету керек.

Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері осыған жағдай жасайды.

Белсенділіктің 3 деңгейі:

– Қайта жаңғырту белсенділігі – оқушының білімді түсінуге, есте сақтауға, қайта жаңғыртуға тырысуы, яғни, үлгі бойынша пайдалану тәсілдерін меңгеруі

– Интерпретация белсенділігі – оқушының оқытылған материалдың мәнін түсінуге, осы ақпараттардың арасындағы байланысты оқушының тырысуы, яғни, ақпаратты (білімді) үлгі бойынша емес, өзгертілген жағдайда пайдалану тәсілдерін меңгеруі

– Шығармашылық белсенділік – оқушының мәселені шешу жолдарын өз бетінше іздеуі, яғни, танымдық қызығушылығын көрсете білуі.

Интербелсенді оқыту әдістерін пайдалану кезінде:

- тиянақты білім;
- қиялдау мен шығармашылық;
- тіл табысу;
- белсенді өмірлік көзқарас;
- командалық рух;
- жеке; дербестік құндылық;
- өз пікірін білдіру, еркіндік;
- іс-әрекетке ерекше назар аудару;
- өзара сыйластық дағдылары дамды.

Әдіс түрлері: Ойын түрлері; Жеке және жұптық, топтық жұмыстар; Оқушылардың өз бетінше іс – әрекеттері; Нақты жағдайлар, олардың нәтижесін жасау; Сұрақтар қоюда ынталандыру (СТО-ға үйрету); Оқыту мәселелері.

Мұғалім оқушылардың оқыту мақсаттарын жеңіл игеруі үшін сабағын түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып оқушыға түсінікті, қол жетімді және қызықтыратындай етіп жоспарлауға тырысады. нұсқасын дайындауға болады.

Өткенді қайталау – өткен материал мен жаңа тақырыпты байланыстыратын, алдыңғы білім дағдыларының тиянақталатын бөлігі. Бұл бөлімде сан алуан тәсілдерді пайдалануға болады. Ауызша сұрақ-жауап «Ыстық орындық», «Сұрақты ұтып ал!» және «Доп лақтыру» т.б. ойындары арқылы оқушылар бір-біріне дұрыс сұрақ қоя білуге және математикалық тілде дұрыс тұжырым жасауға үйренеді.

Әдіс: Voting (Дауыс беру):

Оқушылар тақтада берілген сұрақтарға «Ақиқат» немесе «жалған» деп жауап беру керек. (Ол үшін оқушылардың қолында жасыл және қызыл түсті қатты қағаздан жасалған белгішелер болады, интерактивті тақтадан тапсырмалар бірінен соң бірі шығарылады.) Ақиқат болса жасыл түсті, ал жалған болса қызыл түсті көтереді.

Топтық жұмыс. Джигсо әдісі (Jigsaw) – көлемді химиялық мәліметтер мен мағлұматтарды оқушылардың өздігімен игеруге және бірін-бірі оқытуға, үйретуге бағытталған тиімді тәсіл. Топта химиялық есептерін шығарып талдайды, дұрыс жауаптарын тақтаға жазады, топтан екі оқушы шығып басқа топтарға түсіндіреді; Нәтижесін басқа топтар тексереді;

«Фишбоун» әдісі. Оқушыларға балық қаңқасын ұсынып, проблеманы анықтау, себептерін табу, дәлелдеу, қорытынды жасауды тапсырады.

Оқушылар балық қаңқасына қара сөзден проблеманы, себептерін анықтап, дәлелдерін келтіреді, қорытынды жасайды. Проблема, себептері, дәлелдер, қорытынды.

«Ромбтық» жіктелім.

Ең маңызды элемент, маңызды элемент, жеткікті түрде маңызды элемент, маңызы азырақ элемент, ең бір маңызы аз элементті айырып, талқылай білу.

Кедергіге қарсы басқару.

Тапсырманы орындау кезінде Сіз үшін не кедергі болды? Сіз тапсырманы орындау барысында өзіңіз қолданған әдістен нені өзгертер едіңіз?Сіздің тапсырманы орындауыңызға не көмектесті? Сұраққа жауап арқылы оқушы алған білімін қорытындылайды.

Сенімділік межелігі.

Пайымдауды көрсету арқылы шындық, жалғандығын және сенімді, сенімсіздігін айыра білу.

«Фраер» әдісі.

«Фраер» моделі жаңа сөздер мен ұғымдарды тез арада игеріп, ұзақ мерзімде есте сақтауға көмектесетін әдіс-тәсіл. Жаңа сөздер мен ұғымдарды «Фраер» моделі салып, талқылайды. Бұл әдіс-тәсілде оқушылардың барлық қабылдау ерекшеліктері ескеріледі.

Сыныппен жұмыс.

«Таңда да таста» әдісінде кіріспе және бекіту сұрағы болуы мүмкін. Сыныптың төрт бұрышына тұрып бір-біріне сұрақ жазылған қағазды лақтырады. «Тоқта»-дегенде тоқтап, жақын жатқан қағазды алып оқиды. Жазылған әрбір ойға келісітінін немесе келіспейтінін айтып, сыныпта талқылайды.

Белсенділік.

Бүгінгі сабаққа қатысты берілген сөздегі әріптерден көбірек сөз құрастыруға тырысу керек. (Өте жақсы: 10 және одан да көп, Жақсы: 8 және одан да көп, Жаман емес: 6 және одан да көп.)

Жалпы жұптық, топтық жұмыстар – оқушының белсенділігін, пәнге құштарлығын, сыни ойлау қабілетін және ізденімпаздығын арттырады, «жасырынып» жатқан қабілеттерін ашуға көмектеседі, өзіне деген сенімділігін нығайтады. Оқушы негізгі ұғымдарды еске сақтап білім сапасы жақсара түседі, өз сыныптастарымен диалогқа қатысып бір-біріне қолдау көрсетеді, топта жұмыс жасай білуге дағдыланады, басқаға сын көзбен қарап, тиімді шешім қабылдауына мүмкіндік алады.

«Сауалнама-интервью» стратегиясы да жаңа білімді меңгертуге үлкен септігін тигізеді.

«Сауалнама-интервью» стратегиясы бойынша өтілген тақырыпқа талдау, салыстыру, зерттеу жұмыстары бойынша оқушы білімін жинақы түрде қорытындылауға болады.

Оқушыларды жеке тұлға ретінде ала отырып, олардың іс-әрекет түрлерін мақсатты қалыптастыру, өздік, дербес ізденуге баулу, әрбір оқушыны өз беттерімен оқуға, талдауға, бағалауға жетелеу-басты міндет.

«Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы дайын білімді қайталап айту емес, оны өз белсенділіктері бойынша алуға тәрбиеленеді. Оқушылардың өзіндік жұмысына мақсатты бағдарлар, айқын міндеттер қойғыза білуге үйретеміз.

Химия сабақтарында проблемалық сабақтарды бөліп алу, әзірлеу, соны талқылау, өзіндік қорытынды жасау, өз беттерімен анализ, синтезге, бағаға жету, өзін-өзі бақылау, жұмыстары балаларды шығармашылыққа, жүйелі білімге жетелейді.

Химия сабақтарында жаңаша әдістерді пайдалану барысында мынадай қорытындыға келдік:

1. Оқушы өмірге деген өз ойын білдіретін жазу стилін тапты.
2. Жаңа білім бойынша өз жобалары, модельдері, болжамдарын тыңдап, талқылау (өздері талдайды, бір-бірін тыңдайды)
3. Өзіндік қорытындылары, оның қаншалықты ғылыми, шындыққа жақын екенін саралайды.
4. Білімді өз бетімен алуға деген ынтасын, шығармашылық жұмыстарға қабілетін, танымпаздық белсенділіктерін арттырамыз.
5. Білім дәрежесі деңгейін саралау /өзіндік анализ, синтез, бағалауының деңгейі қалыптасады/
6. Бір-бірімен ынтымақтастығы, пікірлерін айта білуі, қорғай білуі, айтыса білуге дағдыланады.
7. Оқушыларда жазу кезінде ғажайып ойлар пайда болады, онымен қатар өзінің және өзгелердің пікірі мен тәжірибесіне құрметпен қарауға үйренеді.

Әдебиеттер

1. Байғазиева Г. Педагогикалық технологияларды меңгеру-міндетті. – Қазақстан мектебі, 2006. – № 1.
2. Бұзаубақова К. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы. – Қазақстан жоғарғы мектебі, 2006. – № 3.
3. Кобдикова Ж.У. Оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясы. – Алматы, 2008.
4. ҚР 2015 ж. дейінгі Білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан, 2003, 23 желтоқсан.
5. Жолдасов Б. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану // Білім, № 5. – 2007.

ҒТАХР: 17.25.37

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАША ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мусатаев Е.Н., информатика пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
«№ 21 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Информатика пәнінің мұғалімінің ролі – оқушылардың жетістікке жету шамасына қарай оған енді мұндай аса қамқорлықпен қолдау көрсету қажет болмайды, олар енді өздігінен жұмыс істей алады. Осындай оқыту әдісін әрі қарай дамыту үшін мұғалімдер бастапқыда оқушыға жақсы қолдау көрсетіп, кейін оны біртіндеп азайтып отыруы керек. Мұғалім оқушылардың ойлау үдерісін ынталандыратын тапсырмалар мен сұрақтарды қолдана отырып, информатика пәнінде қарым-қатынас жасау үдерісіне тартуы қажет. Мұғалімнің сұрақтары алшақтатушы, жақындатушы, көрсетуші, референттік, болжаушы, тұжырымдамалық және әдістемелік сұрақтардың үйлесімінен тұрады. Осындай сұрақтарды тиімді қоюдың нәтижесінде оқушылар өздерінің және өзгенің ойын түсіне алатын, сонымен қатар дәл осы сәтте олардың не істей алатындықтарын білетін болады және тағы да қандай

жетілдірулер қажеттігін байқай алатын ұжымдық талқылау да қолданылады. Белсенді оқыту оқушының оқу сауаттылығына қатысты ойлары мен дағдыларын дамытуды қолдайды.

Мысалы: **Жұппен ойлаңыз.** Жұппен ойлау тапсырмасын орындау барысында олардың тақырып туралы ойлауға, ойларын жазуға және әріптестерімен талқылауға мүмкіндіктері пайда болады, қорытындысында олар талқылауға дайын болады. Мұғалім оқушылардың пікірлерінің дәлдігі мен орындылығына да назар аударуы тиіс, сонымен бірге оқушыларға өз ойларын еркін білдіру мүмкіндігін де беруі тиіс, ал берілген тапсырма бойынша ескертпелер жасауда мұғалімнің әрекеті айқын болмаса да жылдам әрі шапшаңдыққа қол жеткізуге бағытталған болуы тиіс.

Оқушылардың білімге ықыласын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі – сабақта ойындарды қолдану. Ойын арқылы баланы ойлата білу. Информатика сабағында мынадай белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, сауатты болуға дағдыландырады.

Ойлан, жұптас, бөліс – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған тәсіл. Тақтада сұрақ, тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалім 2-3 жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрануына болады.

Кластерлер (жүзімнің шоқтары деген мағынада). Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Негізгі тақырып немесе тірек тақтаның ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді, оқушылар оларды бір-біріне қосады да, өзара байланыстыру туралы әңгімелейді. **Алдын – ала берілген атаулар** – мұғалім сабақ барысында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау (терминдер) жазып қойып (3-4 атау), оқушыларға олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлауын сұрайды. Бұл жұмысты оқушылардың жеке жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша, жазбаша орындалуы ықтимал. Содан кейін мұғалімнің бірнеше оқушының ойы мен пікірін тыңдауына болады. **«Джигсо»** әдісінің артықшылығы – топта жұмыс істеуге арналған құрылым ұсынып, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететіндігі.

Мұғалім сыныпты шағын топтарға бөледі (әдетте, төрт адамнан). Мұғалім оларды сыныптың тепе-теңдігін сақтай отырып, жынысына, қабілетіне, қарым-қатынастарына қарап бөледі.

Құрылған әр топқа дәстүрлі тапсырма беріледі. Тапсырма үлестірме материалдар түрінде таратылады. Күрделілігі бойынша оқуға арналған материалдың тиісті күрделілік деңгейі сақталуы керек. Егер топ төрт адамнан тұратын болса, басты тапсырманың ішінде топтың әр мүшесіне бір сұрақтан төрт сұрақ немесе тапсырма болады. Сұрақтар немесе тапсырмалар топ ішінде оқушылардың өзара келісуі арқылы бөлінеді. Сабақты бекітуге және үй тапсырмасына қолдануға болатын әдістер:

Ыстық орындық – Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады. Мысалы, оқушылар белгілі бір рөлді немесе адамды сомдай алады.

Оңай және қиын сұрақтар кестесі. Бұл кестені оқушылар қандай да болмасын мәселе бойынша өз пікірін келтіру үшін немесе жаңа ақпаратпен танысқанда толтыра алады. Кестенің сол жағына олар түсініктері боцынша оңай, ал оң жағына қиын сұрақтарды келтіреді. Мысалы, оңай сұрақтар дегеніміз мәтінде жауабы бар сауалдар, ал қиын сұрақтардың жауабы мәтінде жоқ, оларға тек өзіндік тұрғыдан ғана жауап беруге болады.

ББҮ кестесі (Білемін /білгім келеді/ үйрендім) – сабақтың басынан аяғына дейін қолданылады, өйткені стратегия сабақтың барлық сатысын қамтиды. Сабақтың барысында оқушылар берілген тақырып бойынша не білетіндерін ойланады, содан соң сұрақтар құрастырады және осы сұрақтарға өздері жауап іздейді.

Венн диаграммасы. Оқушыларды синтез /анализ/ бағалау жоғары деңгейдегі ойлау қызметіне әкелетін салыстыра білу қабілетін дамытуда қолданылады. Сабақты бекіту үшін бұл стратегия тиімді болып есептелінеді, бірақ қызығушылығын ояту кезеңінде де пайдалануға болады. Бұл стратегияларды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау керек. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Мұндай сабақтардың өтілуі нәтижесінде оқушыларда бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа және бір-біріне жауапкершілік сезімнің болуы, менмендік және жалқаулықтан безу қасиеттері қалыптасады. Оқыту барысында оқушыларға егжей – тегжейлі мәтінді түсінуге, кейіпкерлердің рөлін сомдауға, дұрыс түсінуге және алған білімдерін тәжірибемен байланыстыра қолдана білуге, пәнаралық байланыстарды іске асырып отыруға мүмкіндік береді.

Сабақтың жаңа тақырыпты түсіну бөлімінде *«Постерлер»* әдісін пайдалану тиімді. Бұл тапсырманы оқушыларды топтарға бөлу арқылы орындалады, оқушылар ұжымдаса бірігіп жұмыс жасайды. Берілген жаңа оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді, бірілген ақпараттар бойынша нақтыламарды анықтайды, дәлелдерін келтіреді, қорытынды жасайды.

Менің ойымша, оқушылар бүгінгі күні шығармашылық тапсырмаларды орындауды табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет. Метатәжірибе өз кезегінде басқа тәжірибелер қалыптастыратын дәйектерді, әрекеттер мен байланыстарды өзгертеді. Басқаша айтқанда, тәжірибені өзгерту – бұл істеп жатқан ісімізді өзгерту, түсінікті өзгерту – бұл біз қалай ойлайтынымызды өзгерту, жағдайды өзгерту бір-бірімізге деген қарым-қатынасымызды өзгерту дегенді білдіреді.

Білім берудің мазмұнын жаңарту жағдайындағы белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану тиімді. Оқыту тәсілдері оқушылардың табысын арттырады. Олай болса, ХХІ ғасыр – информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан – жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде - өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады.

Сонымен қатар бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептеймін.

- Информатика сабақтарында инновациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі;
- Оқушының өз бетімен жұмысы;
- Аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білікқағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару кезінде ақпараттық процестерді түсіндіру арқылы жүзеге асыру;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;

оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Қорыта келгенде, информатика сабағында жаңа инновациялық технологияларды пайдалану, осы электрондық әдістемелік оқу құралында айтылған мәліметтерді сабақта пайдалану өте тиімді, ол оқушының өз бетімен жұмыс жасауына көмектесіп қана қоймай, ойлау қабілетін дамытады. Бұл, әрине оқытушының тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі асерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп ойлаймын. Мұғалімдер де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде әдістемелік оқу құралын сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады.

Әдебиеттер

1. Ақпараттық технологиялардың тиімділігі // Қазақстан мектебі, 2008. – № 6.
2. Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану тетіктері // Қазақстан мектебі, 2006. – №4.
3. Электрондық оқытудың әдістемелік аспектілері // Қазақстан мектебі, 2009. – № 8.
4. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.
5. Сұрауымбетова Р. Білім беру деңгейін көтеруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі // Информатика негіздері, № 2 – 2008. – 2 б.
6. Әлмұхамбетова Б.А., Ғалымжанова М.А. Білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қолданылуы. – 17 б.
7. Ғалымжанова М.А. Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығын қалыптастыру бағыттары. – 48 б.

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Шакерова А.Р., география пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Семей қаласы
«№ 21 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Бүгінгі таңда оқу үрдісін сапалы, әрі тиімді өткізудің басты алғышарттарының бірі аймақтық компонентті әртүрлі инновациялық технологиялардың көмегімен және география сабағында ұтымды пайдаланып сабақ беру болып табылады. Ол үшін пән мұғалімі әр сабағын қызықты етіп өткізуі тиіс. География сабағын оқытуда оқушылардың қызығушылығын артыру мақсатында қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі:

- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігі туындады.

Білім сапасын арттыруға және аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу мүмкіндігі: оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге аймақтық компонентті оқытуда ақпараттық – инновациялық технологиялардың тиімділігі артуда. Дербес қабілеттерін дамытуда компьютерді пайдалану оқушылардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға жағымды жағдай туғызады. Мысалы: тілші болып зерттеулер жүргізу; режиссер болып деректі фильм түсіру, саяхатшы болып өлке табиғатын шарлау.

Аймақтық компонентті оқытудың мақсаттары:

1. Оқушылардың бойында туып өскен жеріне, туған жердің табиғатына, мәдени орындарына, тарихына деген құрметті арттыру.
2. Белгілі адамдарына деген сүйіспеншілікті арттырып, ұлтжанды патриоттық сезімдерге бай ұрпақ тәрбиелеу.
3. Оқушылардың осы қосымша мәліметтер алуы арқылы танымды біліктіліктерін кеңейтуге мүмкіндік туғызу.

Аймақ компоненттерінің білім сапасын арттыруда маңызы зор.

Бүгінгі таңда білім беру саласы жеке тұлғаны дамытуға бағыттау, оқыту мазмұнының құрылымына жанаша қарауды талап етеді. Қазіргі кезде білім берудің негізгі сипаты- оның біртұтастығы, жеке тұлғаның мұқтажын қанағаттандыруға бағытталуы. Жас ұрпақтың салауатты өмір салтын және экологиялық құзіреттілігін қалыптастыруда білім беру жүйесінің рөлі ерекше.

Жалпы білім беретін орта мектеп оқушыларына экологиялық білім мен тәрбие берудің деңгейін арттыруда аймақтық компоненттерді пайдалану ерекше рөл атқарады. Сондықтан да жалпы білім беретін мектептерде экологиядан білім мен тәрбие беру үшін өлкетану материалдары кең көлемде қолданылады.

Аймақтық компоненттерді пайдалана отырып экологиялық білім, тәрбие берудің негізгі міндеттері мынадай болуы тиіс:

Оқушыларды сезімталдық қасиетке баулу. Мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап табиғат сұлулығын көріп, тани білуге, яғни экологиялық мәдениеттілікке тәрбиелеу.

Оқушылар бойында қоршаған ортаны қорғау және онымен жарасымды қатынас жасауда оның өмірлік көзқарасын қалыптастыру, яғни азаматтық, әдептілік тәрбиесін беру. Әр түрлі өндіріс саласында мектеп бітірушілерге жаратылыстану және қоғамдық ғылымдарды игеруге болатындай экологиялық білім беру яғни, экологиялық ғылыми білімнің іргетасын қалау.

География сабақтарында аймақтық компоненттерді қолдану арқылы, оқушылардың экологиялық санасын қалыптастыру. Сол арқылы мектеп мұғалімдері мен оқушылар арасында экологиялық білім, тәрбие құндылықтарын насихаттау. География сабағында жергілікті аймақтық компонентті ақпараттық-инновациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі білім сапасын арттырудың тиімді жолы деп ойлаймын.

Танымдық қабілеттерін дамытудың тиімділігі-электрондық оқулық. Электрондық оқу құралы – бұл оқу курсының ең маңызды бөлімдерін, сонымен бірге жергілікті жер, өлке туралы жер-су атаулары, анықтамалар, энциклопедиялар, карталар, атластар, оқу эксперименттерін жүргізу нұсқаулары және т.б. білім беруді басқаратын мемлекеттік органдар тағайындаған арнайы статусы бар берілген түрдегі баспаларды қамтитын электрондық оқу басылымы болып табылады.

Барлық мектептерді компьютерлендіру, оқушы басына шаққандағы компьютердің санын көбейту әрбір оқушының пәнге қызығушылығының дамуына, білім сапасының артуына негіз болады. Бүгінгі таңда интерактивті тақталардың пайда болуы оқу сапасын арттырып, оны кең көлемде пайдаланудың сәтті қадамдары жасалып отыр.

Интерактивті тақталардың бағдарламаларын, оның жұмыс жасау ерекшеліктері мен техникалық мүмкіндіктерін толық меңгерту, сабақ барысында пайдалануда – барлық сынып оқушыларының қызығушылығын тудырып, дамытуда.

Оның себебі: күнделікті дамыған қоғамның сұранысы техникалық жетістіктерді жылдам меңгеру, игерудің нәтижесінде алға дамып отыр.

Компьютерлік оқыту технологиясында орын алып отырған оқытудың тағы бір түрі ғаламторды пайдалану оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыруда. Бұл уақытты үнемдеп, көп білім алу мүмкіндігін тудырады.

География сабағын қызықты өткізудің негізгі талаптарының бірі мұғалімнің үнемі іздену, ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып оқытуына байланысты. Қазіргі таңда география пәнінің мұғалімдері аймақтық компонентті инновациялық және интерактивтік технологиялардың көмегімен сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы, әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Күнделікті сабақта бейне, аудиокондырғыларын, теледидар мен компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беріп келеді. Заман ағымына сай ондай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдаумен қатар, түсінбей қалған сәттерін қайталап көруге не тыңдауға, алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді. Оқушылардың өздері де алынған ақпаратты ой таразысынан өткізіп, өңдеп онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады.

Әрбір пән мұғалімінің мақсаты – оқушыларға сапалы білім беру. Сабақта қолданылған оқытудың әр түрлі әдістері оқушылардың білім сапасын арттыруда және пәнге қызығушылығын, сонымен қатар әр баланың іскерлігін, ізденімпаздығын, байқау қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сабақта қай тақырыпта болса да ғылыми – теориялық әдебиеттер, оқу- әдістемелік құралдар, көрнекіліктер, электронды материалдар, т.б. пайдалануға болады.

Басқа пәндерге қоса географиядан да тиянақты білім берудің негізі – географиялық білім түрлерін жүйелі оқыту. Географиялық білім түрлерін атап айтар болсақ: геологиялық, климаттық, картографиялық, номенклатуралық, топонимикалық, тарихи, экологиялық және экономикалық білім деп бөлуге болады.

Оқушылар өз беттерімен қосымша жаңа материалдар алып, туған өлкесінің экономикасының өркендеуіндегі жетістіктерді біледі. Мұғалім жоғарыдағы білім түрлері арқылы география пәндерін оқытуда оқушылардың пәнге қызығушылықтарын аймақтық компонентті тиімді пайдалану арқылы, білім сапасын арттыру. Яғни, оқушылар өз беттерімен тапсырма орындап, оқу материалдарының мазмұнын жақсы меңгеріп, өз ойларын толық және дәлелді жеткізуге төселеді. Олардың ойлау және сөйлеу қабілеттері артады. Өз беттерімен керекті материалды тауып, тапсырмаларды дұрыс орындауға үйренеді.

Мектептегі экологиялық білім мен тәрбие берудің орталығы – сабақ. Сабақ арқылы мұғалім мен оқушы арасында барлық оқу-тәрбие жұмыстары, әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырады. География пәнінде экологиялық бағытта жүргізілетін жұмыстар оқушылардың дүние танымын кеңейтіп, экологиялық санасын қалыптастырып, мәдениетін көтереді, оқушылардың елжандылық сезімдерін тәрбиелеуге әсер етіп, экологиялық біліктіліктерін арттырады.

Экологияны оқыту барысында оқушыларға берілетін оқу-тәрбиелік жұмыстарының ең маңызы мақсаттары мен міндеттерін басшылыққа алу керек. Олар:

- оқушылардың қоршаған орта туралы білімін кеңейтіп, олардың ғылымға деген қызығушылығын арттыру;
- ой-өрістің шығармашылық белсенділігін дамыту;
- зерттеушілік қабілетін дамыту, экологиялық мәселелерді түсіндіру және өз бетінше шешуге дағдыландыру;
- оқушылардың практикалық іс-қабілетін дамыту және оны өміршең етуге баулу;
- оқушылардың жергілікті жердің экологиялық проблемаларын шешудегі жеке басының жауапкершілігін қалыптастыру.

География пәні оқушыларға үздіксіз толық экологиялық білім мен тәрбие беру құралы. Төменгі сыныптарда алған білімі арқылы дүние танымы біршама қалыптасқан оқушылар жер шарының құрамдас бөлігін (атмосфера, литосфера, гидросфера) оқып-үйренуге құлшына түседі.

«Атмосфера» тарауында экологиялық мәселелер өте көп. Әсіресе, ауаның ластану көздері, қышқыл жаңбырлар, озонның жұқаруы туралы мәліметтер беру арқылы пәнаралық, күнделікті өмірмен байланысты жүзеге асыра отырып, олардың экологиялық көзқарастарын қалыптастырамын. Мысалы «Атмосфералық қысым» тақырыбын өткен кезде пәнаралық байланыс және аймақтық компонентті қолдану арқылы мынандай тапсырма бердім. Өздерің отырған бөлменің ұзындығы 8м, ені 5м, биіктігі 3м десек, осы бөлмедегі ауаның салмағы қандай болады? 1см – 1 кг 33 г Жауабы (8 x 5м x3м) x 1кг 33г =?

«Ауаның температурасы» Өздерің тұратын қаладағы тәулік және айлық орташа температураны табындар деген тапсырма бердім. Ауаның температурасы тәулік ішінде 4 рет өлшенеді. Тәуліктік орташа температураны табу үшін өлшеу нәтижелері қосылып, бақылау санына бөлінеді. 0 градустан жоғары (+) және төмен (-) температуралар болса, олардың әрқайсысы бөлек жазылады. Мысалы: оқушыларға желтоқсанның 20 күні ауаның температурасы бақылау нәтижелері берілді: сағат 1-де -12, 7-де-20С, 13-те -14С, 19-да -21С. Тәулік жиынтығы $-12+(-20)+(-14)+(-21)=-67С$ Тәулік бойынша орташа температура $-67С:4=-16,7С$. Оқушылар ізденді, бақылады, есеп шығарды. Тәулік орташа температурадан айлық орташа температура шығарылады. Ол үшін тәуліктік орташа температуралардың жиынтығын айдағы күн санына бөледі.

Осыдан оқушылар айлық және жылдық температураны шығарады.

Біздің орналасқан қала жер табиғаты көркем, табиғи ресурстарға бай. Сондықтан сабақта аймақтық компоненттерді пайдалануға мүмкіншілік мол. Мысалы 5-сыныпта «Жаратылыстану» пәні бағдарламасында берілген «Табиғи қоршаған орта», «Табиғат байлығы», «Адам әрекеті әсерінен табиғи жүйенің өзгеруі», «Қоршаған ортаның ластануы», «Табиғатты қалай қорғау керек» тақырыптарын өткен кезде мен жергілікті аймақтық компоненттерді пайдаланамын. Ал «Қорғалатын табиғи аумақтар», «Қазақстанның қорықтары» сияқты тақырыптарын өткенде мен біздің қаладағы «Батыс Алтай» қорығы жайлы деректермен толығырақ танысу мақсатында оқушыларды экскурсияға апарып ондағы басшы қызметкерлермен, мамандармен кездесу өткіземін.

Туған аймағымыздың жер бедері көбінесе таулы болғандықтан 6-сыныпта «Таулардағы биіктік белдеулер» тақырыбын өткен кезде мен өзіміздің Кенді Алтай мен оның жоталары, биік шыңы, климаты, өсімдіктерімен жануарлары, экологиясы туралы мағұлматтар беремін

Мысалы 8-сыныпта «Қазақстанның өсімдіктер дүниесі» тақырыбын өткенде оқушыларға халқымыздың ерекше қастерлеп, талай ғасыр бойы аялап, қамқорлық жасап келген табиғат байлығының бір тобы-өсімдіктер әлемі. Өсімдіксіз жер бетінде тіршіліктің болуы мүмкін емес. Қытайдың дәрігері Шин Нон «Сенің денеңнің қуаты-өсімдіктің шырынында» деген. Әйгілі ғалым дәрігері Ибн Сина «Дәрігерде үш қару бар. Олар: сөз, өсімдік, пышақ» деп жазған. Дәрілік өсімдікті халық-өмір шөбі деп атайды. Риддер қаласы бойынша жасыл желектерден қайың, қарағай, балқарағай, емен, шырша, көктерек сияқты жасыл желектер барлығы адам денсаулығына пайдалы. Мысалы: Өсімдіктерден алынған дәрілік препараттар химиялық жолмен алынған дәрілерге қарағанда адам ағзасының клеткаларының құрамына бір табан жақын.

Өсімдік-тіршілік тірегі. Ғаламшардағы өсімдіктер жылына 400 млн.т оттегін бөліп шығарады. Жылына 1 адам тыныс алу үшін 173 мың литр оттегі қабылдайтындығы анықталған.

Жасыл желектер ауаны шаң мен улы газдардан тазартады. Өсімдіктер ауаға ауру тудыратын бактериаларды жоятын ерекше зат бөліп шығарады, айналадағы шуды да бәсеңдетеді. Ал шу адамның жүйке жүйесіне әсер етіп, қан қысымын көтереді. Сондықтан өсімдіктің қызыметін бірде-бір жетілген механизм атқара алмайды. Қазақ әрқашан жасыл әлемді аялап, құрметтеп, «көкті жұлма, көктей соласың» деп ұрпақтарға даналық сөздермен тәрбиелеген. Сондықтан сабақтарда көбінесе мақал-мәтелдердіде қолданамын.

Қазіргі уақытта тұрмыстық қалдықтарды залалсыздандыру маңызды проблемалардың бірі болып отыр.

Бүгінгі күннің негізгі талабы табиғатты қорғау, жас ұрпақты табиғатты сүюге, аялауға, қорғауға тәрбиелеу, яғни, жас ұрпаққа экологиялық тәрбие беру.

Әдебиеттер

1. Дүйсенбаева Н. Адам мен табиғат экологиясы // География және табиғат, 2004, №6. – Б. 56-57.
2. Табиғатқа таяныш болу міндетіміз // Дидар, 2006 11сәуір.
3. <http://school45-osk.ucoz.ru>
4. <http://yandex.ru>

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА СӨЙЛЕСІМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Ахметова А.Т., ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Үржар ауданы,
Жоғарғы Егінсу ауылы, «Егінсу орта мектеп бақшасы»

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың сөйлесім дағдыларын дамыту мақсатындағы жүргізілетін жұмыстар оқушының ойлау қабілетіне, сондай-ақ өз ойын жеткізе білуіне, шығармашылық ізденісіне жол ашады. Оқушының білімі ғана жетіліп қоймайды, қабілетінің, дарын көзінің ашылуына түрткі болады.

Сөйлесім – ауызша вербалдық қарым-қатынас (тыңдалыммен бірге) арқылы жүзеге асатын сөйлеу әрекетінің өнімді түрі. Сөйлесім мазмұны – ауызша түрде ойды жеткізу. Сөйлесім мен айтылым негізінде дыбыстау, лексикалық және грамматикалық дағдылар жатыр [4].

Қарым-қатынас жасауда оқушы түрлі тақырыптық аяда сөйлейді, яғни сөйлесімге шығады. Сөйлесімде оқушы өз-өзіне сенімді болуы керек. Мұндай мақсатта түрлі жаттығулар, тапсырмалар және жұмыс түрлері жүргізіледі. Мұндай жұмыс түрлерінің негізгі алға қойған мақсаты – оқушының сенімділігін арттыру немесе «тілдік кедергісін» жою. Зерттеулер бойынша «тілдік кедергіні жеңген адам ғана, өзі үйренген тілінде еркін қарым-қатынасқа түсе алады» деген тұжырым бар. Бұл тұжырым бойынша адам сөйлеп отырған тіліндегі грамматикалық және лексикалық қателіктерге қарамастан қарым-қатынасқа еркін түседі.

Жаңартылған білім беру негізінде оқушылардың сөйлесім дағдысын дамытуда негізгі мақсат: оқушылардың сөйлесім әрекеті арқылы мәдениетаралық қатысым құралы ретінде меңгерту, оқушылардың сыни тұрғыдан және ойлау дағдыларын қалыптастыру

Оқушылардың сөйлесім дағдысын қалыптастыруда топтық жұмыстарды ұйымдастырудың маңызы зор. Топтық жұмыстардың артықшылығы:

Оқушылар өзара достық қатынаста болады, бір-бірінен сұрай отырып, білімдерін жетілдіреді, шығармашылық белсенділігі артады. Топтық жұмыста бос отыратын оқушы болмайды. Сабақ бойы оқушылардың барлығы дерлік іс – әрекет үстінде, жұмыс жасау, іздену үстінде болады. Мұғалім осы іс әрекетті ұйымдастырушы және басқарушы болады. Оқушылардан да соны талап етеді. Жаңа сабақ кезеңінде оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту үшін түрлі сөзжұмбақтар, ойын түрлерін пайдаланамыз. Сабақ барысында оқушылар бір-біріне түсіндіреді, топта талдады, зерделеді, өздері ұйымдаса отырып, ой қорытындысын жасап, жаңа тақырыпты ойлары мен пікірлерін постер қорғау арқылы дәлелдеп шығуға тырысты. Топтық жұмыс жасау кезеңінде 3 топқа түрлі тапсырма беру арқылы постер қорғады. Оқушылардың өздерінің талқылауына берілген сабақ оқушылардың өз идеяларын жеткізе алуына көмектесті. Аталған стратегиямен жұмыс жасау маңыздылығы ыңғайлы әрі оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына негізделген болатын. Топтық жұмыс барысында «Ой қозғау», «Миға шабуыл» стратегиялары арқылы оқушылар өткен тақырып бойынша алған білімдерін тағы да ой елегінен өткізіп, білетін ақпаратты еске түсіріп, білмейтіндерін есте сақтап, жұмыс жасайды.

«Екі жақты күнделік», «Аквариум», «Топтастыру», «Айналым» стратегияларын қолданудың маңызы зор. Оқытуда сыни тұрғыда ойлауды дамытудың стратегиялары өте тиімді. Оқытуда оқушыларды сыни тұрғыда ойлауды үйрете отырып, сыни тұрғыда бағалай білуге үйрету. Оқушыларға оқу үшін бағалау мен оқытуды бағалауды үйрету өте маңызды қадам болды. Оқушылар жаңаша бағалауға қызыға қарайды. Білімдерін бағалау оқушылардың таңғалысын тудырады. Себебі, бұрын тек мұғалім ғана бағалап келген, енді оқушылар бір – біріне баға қоюға болатындарын білгенде қызығушылықпен қарады.

Оқушылар бір-бірінің жұмысына талдау жасап, оның жақсы, жаман жағын айтып, баға қою оқушылар арасындағы тығыз қарым қатынасты нығайтты. Сабақта «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «ББҮ» стратегияларын қолдану оқушылар жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырып, кеңейте түседі.

Сөйлесу барысында кейбір әрекеттерді жиі қолданамыз және олар мыналар:

Сөздерді дыбыстау, сұрақтарға жауап беру, интонацияны қолдану, бірнәрсені түсінбеген жағдайда түсіндіріп беруді өтіну, сөйлеген сөзін бақылау және өзін-өзі түзетіп отыру, пікірталасқа қатысу, жест, мимиканы қолдану, оқиғаларды баяндап беру т.б.

Айтылымның ерекшелігін білу мұғалімге оны терең дамытуға, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып сабақты жоспарлауға мүмкіндік береді. Айтылым әртүрлі ішкі дағдыларды қамтиды. Оқушылардың айтылымдағы жетістігі олардың әрқайсысын практикалық жаттығулар арқылы дамыту арқылы көрініс табады.

Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын арттыруда тиімді әдіс тәсілдер қолдану барысында оқыту техникасы туралы ғылым, сондықтан, оқыту ғылыми түрінде жүзеге асуы керек, яғни мұғалім қалай оқыту, неге олай оқыту керек деген түсінік болуы тиіс. Оқытудың тиімді стратегиясы арқылы қалай оқыту керек деген ғылыми тұжырымдамамен тығыз байланысты, яғни қандай үдерістер арқылы, қандай әдістер арқылы, қандай оқыту құралдары арқылы, оқытуды қалай ұйымдастыру керек, қандай факторларды ескеру қажет деген сұрақтарға жауап іздейді. Сонымен, тәжірибелер мен зерттеулер нәтижесі бізге білім мазмұны мен оқыту әдістерін жаңалау керек екендігін көрсетті.

Қазіргі заман талабы – жан-жақты дамыған, функционалдық сауатты тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқыту әдістеріне өзгерістер енгізіліп жатыр. Алдымен, тілді үйреніп, сол тілде ойлап, сол тілде сөйлейтін азамат даярлау – басты мақсат. Тілді оқыту оңай іс емес екені айқын. Оқушы сүйсіне отырып, құлшыныспен оқу үшін тиімді, қызықты, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану қажет:

- мұғалімдер оқушыларға қалай оқу керектігіне бағыт-бағдар беріп, өздігінен білім алудың жолын көрсетеді;

- оқушының өзінің біліміне өзі жауапты екенін көрсетіп, өзін-өзі бағалай алуға, сыни тұрғыдан ойланатын әлеуметтенген жеке тұлға болып қалыптасуына жетелейді;

- оқушылар мұғалімнің қолдауымен емін-еркін қарым-қатынасқа түсіп, алған білімдерін өмірде қолдануға бейімделеді;

- оқушының өз-өзіне деген сенімділігі оянып, өзіндік көзқарасын білдіре алатын дамыған тұлға қалыптасады.

Ағылшын ілдік дағдыларды қалыптастыруда ең алдымен қарым-қатынас дағдыларын дамытатын табиғи тілдік орта құру, оқушыны қызықтырып, ішкі уәжін ояту қажет. Мұғалім әр сабағын жоспарлағанда:

Бүгін нені үйретем? оны қалай үйретем? не арқылы үйретем? не үшін үйретем? деген сұрақтарды басшылыққа алып, мақсатына жетуде әдіс-тәсілдерінің ең тиімдісін қарастырып, оқушының назарын өзіне аудару керек.

Оқушылардың тілдік дағдылардың қалыптасу қағидалары.

- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қағидасы

- Ортақ тақырыптар аясында пәнаралық байланысты жүзеге асыру қағидасы,

- Оқу әрекетін қалыптастыруды оқушы дамуының басты шарты ретінде қарастыратын дамыта оқыту қағидасы,

- Оқушылардың қимылдық, әлеуметтік, танымдық, қатысымдық белсенділігін және өз беттерімен жұмыс істеу біліктерін дамыту қағидасы. Оқушыларды байланыстыра сөйлеуге төселдіруде сабақ барысында сыныптағы психологиялық ахуалға ерекше мән беремін, нәтижесінде оқушыларымның өздерін сабақ барысында еркін ұстауын байқадым. Сондықтан сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында: «Шаттық шеңбер» әдісін пайдаланамын. Бір-біріне жақсы тілек айту кезінде олар өздерін еркін және сенімді ұстауды үйренді. Ал сабақ барысында олар бір-біріне құрметпен қарайды. Бірін-бірі тындауды үйренеді.

Үй тапсырмасын тиянақтауда не білетінін анықтау үшін «Үш сөйлем» әдісін пайдаланамын. Осы әдіс арқылы ойын ашық, еркін түрде жеткізе алатындықтан өз тиімділігін көрсетті. Сабақ жоспарын құру кезінде сабақ мақсатына жету үшін «Не істеймін?», «Не істеу керек?» - деген сұрақтарға жауап іздеймін. Осы сұрақтардың төңірегінде әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланамын. Оқушыларды топқа бөлудің түрлі тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады.

Оқушылардың сөйлесім дағдысын дамытуда диалогтік оқыту әдісін пайдаанудың маңызы зор.

Оқушылар арасында сұхбаттың пайда болуына сабақ кезінде орындауға қызықты тапсырмаларды де өз септігін тигізеді. Мысалы, қазақ тілі сабағында «сан есім» тақырыбын қарастыратын болсақ, оқушылар қолына берілген таратпа материалдарда: «Сан есімдерді қолданып, көршіңмен жұп болып «Кездесу» ойынын ойна»; «Сан есімдерді пайдаланып, анаңның немесе әкеңнің мерейтойына арнап құттықтау жаз да, оны ашық хат бетіне түсір» және т.б. қызықты тапсырмалар кездесуі балалардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырады.

Берілген тарсырмаларды қызу талқылып, шығармашылықпен орындауларына түрткі болады. Немесе, берілген тапсырма бойынша ситуациялық сұрақтардың қойылуы ол тапсырманы

орындау барысында топ ішінде қызу пікірталастың тууына, оқушылардың ортаға түрлі пікірлер тастауына себепші болып, олардың сөйлеу мәдениетін дамытады.

Сабақ кезінде «Қарлы кесек» немесе «Қозғалыстағы энциклопедия» әдістерін қолданту оқушылардың тапсырманы орындау барысында топ ішінде талқылап қана қоймай, орындарынан тұрып, басқа топта отырған балалармен диалогқа түсіп ақпаратпен алмасуына мүмкіндік береді. Бұл ресурстардың әдетте пайдаланатындардан біршама ерекшелігі бар. Әдетте, көп жағдайда өткізілетін дәстүрлі сабақтарда оқушы өзіне берілген тапсырмамен бетпе-бет, жалғыз қалып қояды. Ол тапсырманы орындап шығу үшін көп күш пен көп уақыт қажет болады. Ал, «Қарлы кесек» және «Қозғалыстағы энциклопедия» әдістерін қолдануда оқушылар аз уақытта көп мәліметтерді игереді және өз сыныптастарының көмегімен қиын материалды түсіну мүмкіндігіне ие болады.

Диалог -оқушының өзін еркін және жайлы сезінетін ортасы. Жанға жайлы, жағымда көңіл-күй сыйлайтын әңгіме алаңында әрбір оқушы өзін жақсы сезініп, шешіліп сөйлеп, құнды пікірлермен алмасып, шығармашылық қабілеттерін шыңдай алады. Диалогтік, коммуникативтік атмосфера оқушының жаңа тақырыпты игеруіне себепкер болып қана қоймай, бала бойында жеке тұлғаға тән қасиеттердің қалыптасуына да жағдай жасайды.

Диалог – бұл ақиқатты бірлесіп іздейтін жол. Диалог кезінде адам бойында кездесетін сыйластық, жанашырлық, түсінісушілік секілді тамаша қасиеттер қалыптасады. Диалог барысында әрбір оқушы тақырыпты қалай қабылдап отырғандығы көрсете алады, сондай-ақ, басқа балалардың осы тақырыпқа деген мүлдем басқа ой-пікірлері мен тың көзқарастарының бар екендігін көре алады. Диалогтік оқыту ұстаздарға шәкірттерінің білім деңгейінің қандай дәрежеде тұрғандығын бірден байқауға мүмкіндік береді.

Диалог барысында оқушылар сыни ойлауға, қолдағы бар ақпаратты қолдана отырып, нақты жағдаяты талдау арқылы пікірлерді салыстыруға, дұрыс шешім қабылдауға үйренеді. «Диалогтік әдістер» қолданылған сабақтарда оқушылар көбірек ойланып, жиірек сұхбаттасады, ойлау және сөйлеу мәдениеттерін белсенді түрде қалыптастырады. Нәтижесінде оқушылар жаңа білім алады, оны тәжіридбеде қолдануды үйренеді. Топтық жұмыс барысында оқушылар сұхбаттасу кезінде өзін-өзі бағалауға, бірін-бірі бағалауға дағдыланады.

Әдебиеттер

1. Қараев Ж., Қуанбаева Б. Жетілдірілген педагогикалық жүйені жобалаудың дидактикалық шарттары // Ізденіс, 2004. – № 1. – Б. 233-236.
2. Нағымжанова Қ.М. Инновациялық оқыту жағдайларындағы мұғалім қызметінің психология – педагогикалық негіздері // Теоретические и прикладные аспекты подготовки специалистов в условиях университета. – Усть-Каменогорск, 1999.
3. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.; Педагогика, 1989.
4. Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя; от теории к практике. Монография. – Алматы; Ғылым, 2001.
5. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. – Тараз: ТарМУ, 2003.

ҒТАХР: 17.81.19

ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ТІЛДІК DAҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Базылова Д.А., тәрбиеші

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,

«Мектеп жанындағы интернаты бар № 42 жалпы орта білім беретін мектебі»

Тілдік дағдыны қандай әдістермен дамытамыз? Тіл – қарым-қатынас құралы. Ол аудиторияға және жағдайға қарай әртүрлі болып келеді. Тілді оқыту әдістері мен тәсілдері аудитория мен жағдайды ескере отырып, оқушының тиімді білім алу үшін ауадай қажет болып табылатын дербестікке ұмтылуына ықпал етеді. Дыбыстық ақпаратты түсініп, меңгеріп, бағамдау үшін, әсіресе екінші тілді оқуда тыңдалымның тиімді әдіс-тәсілдері қажет. Тыңдалым дағдысын дамытуға арналған сабақты өткізудің негізгі мақсаттарының бірі оқушыларды тиімді тыңдауға үйрету, яғни ақпаратты түсіну үшін онымен не істеу керек екенін үйрету болып табылады. Бұл әдіс оқушыларға тиімді әдіс-тәсілдері қалай анықтау керектігіне үйрететін тәсілге негізделген стратегияны қалыптастырады.

Мендельсон (1994) стратегия дегенде әрекеттерді, кезеңдер мен техникаларды меңзейді [1]. Сонымен қатар, әңгімелесу мәнмәтінмен тығыз байланысты: көптеген адамдар бір мезетте қатыса алады немесе ауызша сөйлесуге көмектесіп, ақпараттық хабарламаларды тексереді және түзетулерді ұсынады. Ауызекі сөйлеу тілі жазбаша тілге қарағанда бөлшектерден тұратын грамматиканы, шаблонды сөз тіркестерін және қайталауды қолданады. Скиэн (1998) анық сөйлеуге баса назар аудару жылдам, еркін сөйлеуге жеткізе бермейді деп тұжырымдайды.

Балаларды жылдам сөйлеуге үнемі мәжбүрлеу көп жағдайда олардың шаблонды тілді қолдануына әкелуі мүмкін. Зерттеуші Рубин (1975) жақсы тілдік әдіс-тәсілдер тілді жақсы меңгерген балаларды дайындауға мүмкіндік береді деп есептейді, алайда ол тыңдалымды оқыту оқылм, жазылым және айтылымға қарағанда анағұрлым қиынырақ деген болжам айтады [1]. Осындай үдерістер тілге әсер етіп, әңгімелесу дағдысының басқа дағдылардан бөлек екендігін көрсетеді. Осылайша, ауызша сөйлеу дағдылары бойынша сабақтар басқаша жүзеге асырылып, бағалануы керек. Демек нақты уақыт тәртібінде алдын ала дайындалған және тексерілген жағдайларда аудиторияда бағаланады.

Сөйлесу барысында кейбір іс-әрекеттерді жиі қолданамыз және олардың тізімі төмендегідей:

- сөздерді дыбыстау;
- сұрақтарға жауап беру;
- интонацияны қолдану;
- бірнәрсені түсінбеген жағдайда түсіндіріп беруді өтіну;
- сөйлеген сөзін бақылау және өзін-өзі түзетіп отыру;
- пікірталасқа қатысу;
- сөйлеу барысында қажетті стильді қолдану;
- әңгімелесуге қатысу (әңгімеге араласу);
- адамдармен сәлемдесу;
- сөйлеу сөзін жоспарлау (презентация жасау барысында);
- езу тартып күлу;
- ақпаратты сұрау немесе айту;
- грамматиканы және сөздерді қолдану;
- сөз және сөйлем екпінін қолдану;
- сөйлеуші сөзін аяқтаған кезде, кезек алып сөз бастау;
- оқиғаларды баяндап беру;
- тілді сауатты қолдану;
- сөйлемді қайта құрастыру (paraphrasing), яғни бірнәрсені айтып берудің басқа жолын қарастыру;
- өзге сөйлеушілердің сөзін бөлу;
- сөйлеу барысында кідіріс жасап отыру

Мәтінде берілген ақпараттарды әлем туралы білімімізбен байланыстыра білуіміз керек.

Диалог-баланың өзін еркін және жайлы сезінетін ортасы. Жанға жайлы, жағымда көңіл-күй сыйлайтын әңгіме алаңында әрбір оқушы өзін жақсы сезініп, шешіліп сөйлеп, құнды пікірлермен алмасып, шығармашылық қабілеттерін шыңдай алады. Диалогтік, коммуникативтік атмосфера оқушының жаңа тақырыпты игеруіне себепкер болып қана қоймай, бала бойында жеке тұлғаға тән қасиеттердің қалыптасуына да жағдай жасайды.

Диалог – бұл ақиқатты бірлесіп іздейтін жол. Диалог кезінде адам бойында кездесетін сыйластық, жанашырлық, түсінісушілік секілді тамаша қасиеттер қалыптасады. Диалог барысында әрбір оқушы тақырыпты қалай қабылдап отырғандығы көрсете алады, сондай-ақ, басқа балалардың осы тақырыпқа деген мүлдем басқа ой-пікірлері мен тың көзқарастарының бар екендігін көре алады. Диалогтік оқыту ұстаздарға шәкірттерінің білім деңгейінің қандай дәрежеде тұрғандығын бірден байқауға мүмкіндік береді.

Диалог барысында оқушылар сыни ойлауға, қолдағы бар ақпаратты қолдана отырып, нақты жағдаятты талдау арқылы пікірлерді салыстыруға, дұрыс шешім қабылдауға үйренеді. «Диалогтік әдістер» қолданылған сабақтарда балалар көбірек ойланып, жиірек сұхбаттасады, ойлау және сөйлеу мәдениеттерін белсенді түрде қалыптастырады. Нәтижесінде оқушылар жаңа білім алады, оны тәжіридбеде қолдануды үйренеді. Топтық жұмыс барысында оқушылар сұхбаттасу кезінде өзін-өзі бағалауға, бірін-бірі бағалауға дағдыланады.

Сөздік қорын дамыту

Төрт-бес жастағы баланың сөздік қорын байытуды өзін қоршаған дүниемен таныстырудан бастап, ол сөздің мағынасын түсіндіріп белсенді сөздік қорға енгізу қажет. Қоршаған заттар мен құбылыстардың барлығы да сөз арқылы жеткізіледі. Бала өзінің сөздік қорына енген сөздерді грамматикалық формада дұрыс қолдана білуі тиіс. Бала мәтіндегі заттың атын, белгісін білдіретін сөздерді ажыратып, зат есім, сын есім, етістік, антоним, синоним сөздерді қажетіне қарай қолдана білу арқылы сөздік қорын байытуға болады. Әрбір сабақ сайын бала кем дегенде екі-үш сөзді меңгереді. Осы меңгерген жаңа сөздерді күнделікті өмірде пайдаланады.

Мысалы: “Отбасы” тақырыбында – **аға, қарындас, іні** сөздерін, “Үй құстары” тақырыбында – **балапан, шөже, күркетауық** сөздерін, “Жабайы аңдарда” – **қонжық, арыстан, тиін** т.б. сөздерді меңгеріп, оларды ажырататын болады.

Баланың сөздік қорын дамытуда ауыз әдебиет үлгілері: мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштар, ертегілердің маңызы зор. Тіл дамыту материалдары тақырыптық жүйеде берілгендіктен, әрбір тақырып мазмұнына сәйкес ауыз әдебиеті үлгілері сұрыпталып беріледі. Ондағы мақсатымыз – балалардың білімін бекітуде сөздік қорын байытуды көздей отырып, жаңа сөздерді талдатып, мағынасын түсіндіру.

Ертегі мазмұнына сәйкес мультфильм, диафильмдерді, сюжетті суреттерді пайдалана отырып, сөйлем құрату, сөз тіркестері, сөйлем құрылымын талдатуда бала үшін жаңа болып табылатын сөзді меңгерту. Жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел – бала тілінің мәнерлілігін дамытудың қайнар көзі.

Сурет сериялары, яғни сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрастыру, рольдер бойынша (ертегіні, шығарманы) сахналайды. Ертегі мазмұны салынған сюжетті суреттер арқылы әңгімелеу де балаларды қиялдап, өз ойынан қосып айтуға, болатын оқиға туралы білетінін, аңғарғанын жеткізе білуге үйретеді. Жыл мезгілдері, табиғат құбылыстары туралы әңгімелеуде бала өзінің бақылағанын, оқылған шығармадан есінде қалғанын байланыстыра білуге машықтандырған жөн. Сонымен қатар, балалардың сөздік қорын антоним, синоним сөздермен байыту жұмысы жүргізіледі.

Мысалы: **қалың кітап, жұқа дәптер, биік ағаш, аласа ағаш, биік үй, аласа үй** т.б. Жалпы және жеке ұғым туралы түсініктермен баланың сөздік қоры дамытылады. Мысалы: **қияр, сәбіз, баклажан, қызанақ, орамжапырақ** – бұлар көкөністер.

Көкөністер – бұл жалпы атау. Ал, керісінше көкөністерге жататындар: қияр, сәбіз, баклажан, қызанақ, орамжапырақ. Бұл олардың жеке атауы екені түсіндіріледі. Сондай-ақ жемістер, оқу құралдары, үй жиһаздары, ыдыстар т.б. атауға болады. Жоғарыда аталған жалпы және жеке ұғымдарды бекітуге арналған дидактикалық ойындарды пайдалануға болады.

Мысалы: “Ыдыс-аяқтар” тақырыбын өткенде “Ыдыстарды толықтыр”, “Біздің үй” тақырыбында “Орнын тап” сияқты ойындарды ойнату арқылы балалардың жалпы және жеке ұғым-түсініктерін бекітіп, сөздік қорын байытуға болады. Баланың сөздік қорын дамытуда сабақтың мақсатына сәйкес жаттығу жұмыстарын дайындап, өздіктерінен жұмыс істеуге жағдай жасалуы тиіс. Тіл дамыту сабағында және сабақтан тыс уақытта серуен, саяхат бақылау т.б. күнделікті өмірде, қоршаған ортада қарым-қатынас жасауда, жаңадан меңгерген сөздерді орынды, қажетіне қарай қолдана білуге тапсырмалар беріледі.

Әдебиеттер

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. – 4 б.
2. Жүнісханов Қ.М., Дзюбина А.В. Қазақ тілін оқыту жүйесіндегі ақпараттық білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 2 қарашадағы № 423 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 77-78, 1130-құжат).
4. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.
5. «Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы» екінші басылым «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.

ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қырықбаева А.А., тәрбиеші

Қазақстан Республикасы, Семей қ.,
«Мектеп жанындағы интернаты бар № 42 жалпы орта білім беретін мектебі»

Балалардың логикалық, танымдық қабілетін дамытып, пәнге қызығушылығын арттырудың негізгі бір жолы-ойындар. Ойынды тәрбиеші баланың ойлау іс-әрекетін жандандыруға арналған әдістемелік тәсіл ретінде қолданады. Ойынды жүргізу барысында балаларды ұлттық ойындардың желісі арқылы тақырыпқа сәйкес ойын-есептер ұйымдастыру, сол арқылы олардың бойына ибалық, байсалдылық, тапқырлық, шыншылдық және т.б қасиеттерді сіңіру, қалыптастыру – басты нысана.

Сабақ ойындармен қатар, математикалық ребустарды, сөзжұмбақтарды шешу, қызықты әзіл есептерді шығару, жаттығуларды орындау баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытудың бірден-бір тәсілі.

Кеңістік бағдарлануы үшін қандай болмасын санақ системасымен пайдалана білу қажет. Алғашқы кезеңде бала кеңістікте түйсіктік санақ системасы дегеннің негізінде, яғни өз денесінің жан - жағына қарай бағдарлайды. Мектеп жасына дейін бала негізгі кеңістік бағыттары бойынша сөзбен айтылатын системаны игереді; ілгері-кейін, жоғары-төмен, оңға-солға. Мектепте оқып жүргенде балалар жаңа санақ системасын игереді, ол – көкжиек жақтарына қарап, солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс. Әрбір санақ жүйесін игеру алдында алған білімге негізделетіні тағайындалған.

Солтүстік, мысалы, алдымен балалардың кеңістіктегі жоғары бағытымен ұштасады, оңтүстік – кеңістіктегі төмен бағытымен, батыс – сол жақ бағытымен және шығыс – оң жақ бағытымен ұштасады. Кішкене баланың негізгі кеңістік бағыттарын дифференциялау баланың «өзіне қарай» бағдарлау деңгейімен олардың «өз денесінің схемасын» игеру дәрежесіне байланысты келеді, ал мұның өзі шындығында «түйсіктік санақ системасы» болып табылады да (Т.А. Мусейибова).

Мектепке дейінгі жас-негізгі кеңістік бағыттар бойынша сөздік санақ системасын игеру кезеңі. Бала оны қалайша игереді.

Зерттеулердің көрсетулеріне қарағанда, айырылатын бағыттарды, бала ең алдымен өз бойындағы белгілі бір мүшемен байланыстырады. Мына сияқты байланыстарды осылайша реттейді: жоғары басы жағына, ал төмен-аяғы жағына, ілгері – беті жағына, ал кейін-арқасы жағында, оңға-оң қол жағына, ал солға – сол қол жағында. Өз денесіне қарай бағдарлану баланың кеңістік бағыттарын игеру негізі болмақ.

Адам денесінің әр түрлі осьтеріне сәйкес келетін негізгі бағыттардың (фронталь, вертикаль және сагиттал) үш пар тобының ішінен ең алдымен жоғары бағыт белгілі болады, мұның себебі, бала денесінің вертикаль қалыпта болуымен байланысты болар. Ал төменгі бағыттың вертикаль осьтің қарама-қарсы жағы ретінде, бағыттардың пар топтарының дифференциясы ретінде бұның өзі горизонталь жазықтыққа ғана тән (ілгері-кейін және оңға-солға) дараланып қалыптасып кейінірек өтеді.

Горизонталь жазықтыққа оған және бағыттар тобына сәйкес түрде бағдарлану дәлдігі мектеп жасына дейінгі балалар үшін, әрине, үш өлшемді кеңістіктің әр түрлі жазықтықтардың (вертикаль және горизонталь) дифференциялаудан анағұрлым күрделі мәселесі екендігі айқын.

Кеңістік белгілеулерінің әрбір парында алдымен біреуі айырып көрсетіледі, мысалы, астында, оң жақта, жоғары жақта, кейін, ал осылармен салыстыру, негізінде қарама қарсыларын түсіне аламыз; үстінде, сол жақта, төменгі жақта, ілгері.

Сонымен өзара байланысқан қарама қарсы кеңістік қатынастарының бірінің дифференциясы екіншісін білуге келіп тіреледі, ал мұның өзі оқыту методикасында өзара кері кеңістік түсініктерді бір мезгілде қалыптастыру қажет дегенді білдіреді.

Осының барлығы мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі кеңістік бағыттары бойынша сөздік санақ системасын игеру процесі әрі ұзақ, әрі ерекше екендігін көрсетіп отыр.

Бала айнала қоршаған кеңістікте бағдарлану кезінде өзінің игерген санақ системасын қолдану немесе пайдалану іскерлігін қалайша икемдейді екен.

I кезең «іс жүзінде лайықтап өлшеуден» басталады, мұның өзі айнала қоршаған объектілерді санақ системасының бас нүктемен реалды ара қатысын өрнектейді.

II кезең бастапқы нүктеден қандайда бір қашықтықта жатқан объектілердің өзара орналасу қалпын көріп баға бере бастайды. Мұндайда қозғалыс анализаторының ролі аса зор, мұның қатысы кеңістік айыруда біртіндеп өзгереді.

Бастапқы кезде кеңістік қозғалыс байланыстарының бүкіл комплексі тым жайылыңқы көрінеді. Мысалы, бала нәрсеге арқасымен сүйеніп тұрады, тек осыдан кейін ғана барып ол нәрсе арт жағында тұрғанын айтады; бір жақ жанында тұрған нәрсені қолымен сипап көреді, тек содан кейін ғана ол объектінің оның оң немесе сол жағында тұрғанын айтады т.с.с. Басқаша айтқанда, бала объектілердің түйсік санақ системасымен арақатысын іс жүзінде байқап біледі, бұл оның өз денесінің түрлі жағы болып табылады.

Объектімен тікелей жақын болу үшін өзі оған жылжып келіп жүрсе, кейінірек бүкіл тұлғасын бұратын болады, ал одан кейін сұқ қолымен бағытты нұсқап көрсететін болады. Бұдан әрі нұсқау қимылының орнына қолымен білінер- білінбес қимыл жасайды.

Нұсқау қимылының орнына, енді басын сәл ғана қимылдатып, ақырында анықталатын нәрсе жаққа қарай тек көз қиығын ғана тастайтын болады. Сонымен кеңістік бағдарлаудың әрекеттік тәсілінен бала енді басқа тәсілге көшеді, мұның негізінде алынатын нәрселердің бір - біріне және оларды анықтаушы субъектіге қарағандағы кеңістік орналасуына көріп жасалатын баға.

«Мақсатыңа жет» ойыны.

Мақсаты: жылдам есептеу дағдысын машықтандыру болып табылады. Ойынды өткізу қарқынын мұғалім реттеп, біртіндеп жеделдетіп отырады. Тәрбиеші балаларға теріс қарап, орташа қарқынды мысалдар тізбегін атайды. Балалар сандар жазылған карточкаларды көрсетеді. Тәрбиеші шатасып қалған оқушыны ұстап алады. Тізбек болуы мүмкін (сабақтың тақырыбына қарай). Мысалы: $5+4-3+2$; $9+1-8-1+7$; $5+0-2+7-10$.

Ойын соңында есепті жақсы шығарған оқушыларды атайды.

«Гол соқ!» ойыны.

Мақсаты: жылдам есептеу дағдысын машықтандыру болып табылады. Ойынды өткізу үшін футбол қақпасы, қақпашы, сандар жазылған доптар және сұрақ нұсқалары берілген «табло» бейнелену керек.

Ойынның мазмұны: алдымен бос торкөзі бар өрнек құрастырылады, мысалы, $2+\square=10$. Одан кейін балалар дұрыс теңдік шығару үшін қажетті сан жазылған допты таңдайды. Қосындының мәні өзгертіліп, ойын жалғастырылады.

«Санды тап» ойыны.

Тәрбиеші (немесе алдын ала дайындаған оқушы) тапсырманы оқиды:

– Мен бір сан ойладым, егер одан 4-ті азайтсаң, нәтижесі екі болады. Мен қандай сан ойладым?

– Мен бір сан ойладым, егер одан 10-ды азайтсаң, нәтижесі 2 болады. Мен қандай сан ойладым?

– Мен бір сан ойладым, егер одан 10-ды азайтсаң, нәтижесі 30 болады. Мен қандай сан ойладым?

«Шынжыр» ойыны.

Мұғалім 1-ден 9-ға дейінгі сандар жазылған карточкаларды балаларға таратып береді. Ойынның тәртібімен таныстырады. Бір балаға карточканы береді де, тақтаға шақырады. Бала қолындағы санды атайды. Мұғалім балаларға қарап, сол санды 9-ға дейін толықтыр дейді. Содан соң оны 14-ке, содан соң 20-ға дейін толықтыр деп тапсырма береді. Балалар қолдарындағы сандарды алып шығып толықтыра береді. Қалған оқушылар бақылаушылар ролінде болады.

$$6+3+5+6=20$$

$$2+8+7+3=20$$

$$4+2+3+6+5=20.$$

«Жұбын тап» ойыны.

Тақтаға мысалдар жазылған жұлдызшалар ілінеді. Олардың ішінде жауаптары бірдей өрнектер бар, балалар оларды тауып, сәйкес жұптарды атауы керек.

«Математикалық эстафета» ойыны.

Балалар үш топқа бөлінеді. Әр топқа арнап тәрбиеші тақтаға қатарлап мысалдар жазады:

$$7+4$$

$$9+3$$

$$8+4$$

$$12-3$$

$$11-2$$

$$13-4$$

$$8+3$$

$$9+4$$

$$9+2$$

Әдебиеттер

1. Артемова Л.В. Дидактикалық ойындар. – М., 1992.
2. Богуславская З.М., Смирнова Е.О. Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған дамыту ойындары. – М., 1991.
3. Дүйсенбай Е. Санамақ. – А., «Ана тілі», 1996.
4. Колесникова Е.В. 3-4 жас балаларына арналған математика. – М., 2008.
5. Леушина А.М. Математикалық түсініктерді қалыптастыру. – А., «Мектеп», 1982.
6. Мәжитқызы Р. Қызықты математика. – А., 1996.
7. Никитин Б.П. Дамытушы ойындар. – М., 1994.
8. Новикова В.П. Балабақшадағы математика – М., 2003.
9. Нұрсейітова С. Оқушылардың сабақтан тыс әрекеттері. // Бастауыш мектеп. – 2003. – № 10. – 4 б.
10. Отер Е. Білікті жетекшілік қажет //Қазақстан мектебі. – 2002. – № 3. – 36 б.

ҒТАХР: 17.01.45

СПОРТ ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫС ИКЕМДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Курмансеитов Е.И., дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
Қазақстан республикасы, Жетісу облысы, Текелі қаласы
«№ 4 орта мектеп» КММ

Оқушылардың арасында салауатты өмір сүру салтын насихаттауда дене қозғалысы мен дене жаттығуларына аса назар аударған дұрыс.

Дене тәрбиесімен шұғылдану кезінде жас, жыныс, ағзаның жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерінің есепке алынуы керектігі есте болғаны жөн. Дене жаттығуларының жүйелілігін, жүктемелердің біртіндеп арттырылуын, сабақ өтілетіндей жағымды жағдайларды әр түрлі құралдар мен формаларды кешенді түрде пайдалану маңызды.

Қозғалыс дегеніміз – өмір. Қозғалыс – ағзаның биологиялық қажеттілігі. Күнделікті өмірде адам ең әр түрлі қозғалыстарды жасайды, олардың жиынтық көлемі қозғалыс белсенділігі деп аталады. Жүру кезінде жасалатын адамның саны мен жұмыс көлемінен көрінетін тәуліктік қозғалыс белсенділігі жас өскен сайын артатындығын зерттеулер көрсетіп отыр, әрі бұл көрсеткіштер ер балалар мен қыз балаларда бірдей болмайды. Яғни, 14-15 жастағы қыз балалардың тәуліктік адымының тәрбиесі және спортпен айналысудың нормасы мен режимі ғылыми тұрғыдан негізделген. 15-17 жастағы жасөспірімдердің тәуліктік қозғалыс белсенділігі 25-30 мыңды құрауы мүмкін, ал 15-17 жастағы қыз балаларда жүру мен жүгіру еңбек пен спорттық қызмет барысында орындалатын өзге қозғалыстармен алмастырылуы мүмкін.

Дене тәрбиесі ең басты күн тәртібін, яғни, еңбек, демалыс, тамақтану, ұйқы, бос уақыт ырғақтарын дұрыс ұйымдастыруда талап етеді. Күн тәртібін тиімді пайдалану балалардың ақыл-ойы мен дене құрылысының дұрыс дамуына, денсаулығын сақтауға көмектеседі.

Табиғат факторларын балалардың денесін сауықтыру жұмысы кезінде пайдалану өте тиімді. Дене тәрбиесінің маңызды мақсаттарының бірі – балалар мен ересек адамдарды дене шынықтыру ісіне жұмылдыру.

Дене тәрбиесінің міндеттері:

- денсаулықты нығайту және шынықтыру, дененің дұрыс өсіп-жетілуіне және ағзаның жұмыс қабілетін арттыруына әсер ету;
- қимыл дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру және жетілдіру;
- қимылдың жаңа түрлеріне баулу және оны теориялық білімдерімен байланыстыру;
- негізгі қимыл-қасиеттерін күшті, төзімділікті, шапшаңдықты және ептілікті дамыту;
- еріктілікке, батылдыққа, табандылыққа, тәртіптілікке, ұйымшылдыққа, достық пен жолдастық сезімге, мәдениет мінез-құлық дағдысына еңбек пен қоғамдық меншікке саналы көзқарасын тәрбиелеу;
- өдеттерді қалыптастыру және дене жаттығуларымен үнемі шұғылдануға ынтаны тәрбиелеу;
- гигиеналық дағдыларды сіңіру, дене жаттығулары мен шынықтыру гигиенасы жөніндегі білімді хабарлау.

Қимыл-қозғалыс біліктіліктері мен дағдылары

Дене тәрбиесінің негізгі құралдарына дене жаттығулары, гимнастика, ойын, туризм, спорт, табиғи факторлар жатады.

Гимнастика – дене тәрбиесі жүйесінің негізі. Дене тәрбиесі жүйесінде қандай жаттығу болсын, барлығы гимнастикалық жаттығулардың негізін құрайды. Айталық, жалпы дамыту жаттығулары – спорттың барлық түрінде, ең әуелі денені қыздыру үшін, арнаулы жаттығуды орындау үшін дайындықтан басталады. Мысалы, таңертеңгілік бой жазу жаттығуларының жиынтығы – гимнастикалық жалпы дамыту жаттығулар жиынтығынан тұрады. Міне, сондықтан да гимнастикалық жаттығулар бүкіл спорттың негізін қалайды. Қалыптасқан өмір салты, еңбек ету мен дене тәрбиесінің жүйесі балалар мен жеткіншектердің күнделікті қозғалыс белсенділігін өзгертуі, не төмендетуі, не оны арттыруы мүмкін. Кіші жастағы балаларда тәуліктік қозғалыс белсенділігі көп жағдайда тұқым қуалаушылық негізде қалыптасатын, биологиялық себептермен реттеледі. Үлкен жастағы балаларда әсіресе жеткіншектерде, ол әлеуметтік жағдайлардың әсерімен қоғамдық тәрбие беру барысында жекелей қалыптасады.

Қозғалыс белсенділігінің де өлшемі бар. Тәуліктік қозғалыс белсенділігінің сандық сипаттамасына ие бола отырып, оның ағзаға әсер етуі туралы алдын ала айтуға болады. Тәуліктік қозғалыс белсенділігінің ең төменгі қажетті және мүмкін болатын жоғары деңгейі гигиеналық норманың шектері болады; ол бұзылса сауықтыру тиімділігі болмайды және ағза жағдайында жағымсыз өзгерістер дамуы мүмкін. Қозғалыстың жетіспеуін «гипокинезия» («гиподинамия») атауы, ал бұл ретте туындайтын ағзадағы көп жақты ауытқушылықтар гипокинезия жағдайын білдіреді. Шектен тыс қозғалыс белсенділігін «гиперкинезия» атауы білдіреді. Қозғалыс белсенділігі адам қызметінің таптырмайтын факторы бола отырып тек оңтайлы көлемде және қолайлы күн режимінде ғана өсіп келе жатқан организмге сауықтыру әсерін тигізеді.

Адамның жеке басының қасиеттері дененің қалыптасуымен тығыз байланысты. Денені жүйелі түрде шынықтыру мен денсаулықты нығайту адамның ойын өсіріп, шығармашылық қабілетін арттырады. Организм шамасы келетін жаттығуды және дұрыс ұйымдастырылған жұмысты орындағанда ғана дамып, нығайып жетіледі.

Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсіндіру-дене шынықтыру пәнінің мұғалімінің алдында тұрған зор міндеттердің бірі. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады.

Тақырыптың мақсаты:

Дене қозғалысын арттыратын дене шынықтыру жаттығуларын жүйелі түрде қолданып, оқушылар арасында салауатты өмір сүру салтын насихаттау.

Дененің дұрыс қалыптасуы үшін күнделікті жаттығуларды неден бастап, қалай аяқтау керек екендігін білген абзал. Адамның қимыл-әрекеті таңертең ұйқыдан оянудан басталады. Қимыл қозғалыстың алғашқы бастамасы- таңертеңгі бой жазу жаттығулары. Таңертеңгі бой жазу жаттығуларын қанша уақыт ішінде өткізуге болатыны дәл кесіп айту қиын. Себебі: Әркім уақытын өз қабілет мүмкіндігіне қарай өзінше пайдаланады. Бірі 20 минут, екіншісі 30-40 минут уақыт таңертеңгілік бой жазу жаттығуларына жұмсайды. Сондықтан таңертеңгілік бой жазу жаттығуларын өткізу әркімнің өз қалауы бойынша жүргізілгені жөн. Дегенмен 15-20 минуттан кем болмағаны жақсы.

Таңертеңгілік бой жазу жаттығуларын далада өткізгені дұрыс. Бұл тәртіп жылдың жылы маусымдарында ғана емес, қыс мезгілінде де қатаң сақталуы керек.

Жаттығулар керіліп созылудан басталады. Олардың түрлері үй жағдайында бір бөлек те, далада басқаша болады. Ата-аналар өз балалары таңертеңгі бой жазу жаттығуларын дұрыс орындауын қадағалап, бақылап отыруы керек. Бала алғашқы кезде далаға шыққан бетте жаттығу орындайтын жерге жеткенше тез жүріп барып, кейіннен жүгіруді бастау керек. Ең әуелі жүруден бастаудың мәні қан айналу процесі мен ішкі мүшелерді тиісті жүктемеге даярлайды. 5-10 минут жүгіріп, одан кейін керіліп созылып жаттығуларын орындайды. Кеудені кере дем алу, иық, кеуде және белді қозғау жаттығуларын орындап, оларды біртіндеп күрделендіре береді. Елімізде бірнеше спорттың түрі дамыған.

Олардың жаттығу түрлері әр түрлі. Мысалы: ауыр атлетикамен айналысудағы негізгі мақсат – неғұрлы көбірек салмақ көтеруге жаттығу. Демек спорттың негізгі мазмұнын білгеннен кейін, онымен әртүрлі әркім өзінше жаттығады, болмаса жаттықтырушының нұсқауын басшылыққа алып орындайды. Спортпен жаттыға бастаған кезде, қай спорттың түрі болмасын, оның ішкі мәнін жете біліп алу керек. Ал спорттық ойындарды алсақ, баскетбол, волейбол, футбол т.б жаттығулардың кестесі дұрыс қойылса ғана ол өз нәтижесін береді. Ол спортпен шұғылданушыны әр уақытта қызықтырып,

ынталандырып отырады. Ал керісінше болса, ол спортпен шұғылданушыны қызықтырмайды. Содан барып бала спортты тастап кетуге дейін барады. Жаттығудың ойдағыдай орындалуы көбінесе жаттықтырушыға байланысты. Жаттығуды нақты ғылыми жүйеге негіздеп, жаттығушының шама-шарқына, жас мөлшеріне қарай ынталандырып отырса ғана одан жақсы спортшы шығады.

Дене тәрбиесі жүйесінде спортпен шұғылданып, болашақта жоғары көрсеткіштерге жету үшін табиғи орта қажет. Табиғи ортаға өзімізге жақсы таныс ауа, су және күн сәулесі жатады. Мұндай табиғи ортаны жүйелі түрде пайдаланудың денсаулық үшін маңызы зор.

Спортшылардың өмірінде дене тәрбиесі жаттығуларының гигиенасы аса маңызды орын алады. Гигиена – денсаулық кепілі. Мектеп мұғалімдеріне балалардың денсаулығы үшін аса үлкен жауапкершілік жүктелген. Сондықтан мұғалімдер сабақ өткізбес бұрын оқушылар отырған орынның гигиеналық талаптарға сай болуына баса назар аударғаны жөн.

Әдебиеттер

1. Қарабаев А.К. Қимыл-қозғалыс ойындардың маңызы. – Алматы, 2000.
2. Дене шынықтыруды оқыту бағдарламасы.
3. Құдайберген Ж.Т. Дене мәдениеті. – Алматы. 1999.
4. Жұмашева С.С. Спорт жаттықтырушысы педагогикалық шеберлігінің ерекшеліктері // ӘлФараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2009. – № 3 (28). –112-118 б.
5. Тоқтағанова А.С. Мұғалімнің кәсіби тұлғалық құзыреттілігін дамыту-нәтижелі білім факторы // Қазақстан жоғары мектебі. – № 4. – 16-18 б.

ҒТАХР: 17.45.09

«КӨКСЕРЕК» ӘНГІМЕСІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Темірғалиева Д.О., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «№ 16 Т. Аманов атындағы мектеп»

Жаңартылған білім беру мазмұнына сай ерекше оқытылатын шығармалардың бірі – М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі екені белгілі. Жалпы шығарма аңыз сияқты басталады да реалистік баяндау түрінде аяқталатыны да белгілі. Мұхтар Әуезов өзінің «Көксерек» әңгімесінде түрк аңыздарының ежелгі тақырыбын қозғаған. Автордың «Көксерек» әңгімесі «Абай жолы» романымен бірге венгр тіліне аударылды» [1, б.47]. Ал фильмі бірашама уақыт өткен соң 1974 жылы жарыққа шыққан. Жалпы «Көксеректі» оқыту арқылы білім алушыларға мұғалімдері қандай тәлім мен тәрбие бере алады? Шығарманы толық меңгеріп шыққаннан кейін оқушылар нені түсіну қажет? Осы және өзге де сұраққа жауап ала алатындай нәтиже ойлап табу зерттеу жұмысының негізгі мақсаттарының бірі болып табылары сөзсіз.

«Көксерек» әңгімесі мажар, поляк, монғол, неміс, эстон, голланд тілдеріне аударылғаны қазақ әдебиетінің тарихында үлкен мақтауға тұратындай дүние. Білім алушыларға ұсынылатын Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесі – өзінің жекелеген проблемалық өзектілігі жағынан, тақырыптық ерекшелігі жағынан болмысы бөлек шығарма екені хақ. Жалпы әңгіме сол дәуірде үлкен бағыт алған адам мен табиғат арасындағы байланыстың тақырыбына құрыла білген болып табылады. Бұл, расымен де ұзын сонар тақырып екені белгілі. Және де дәл сол шығармаларды оқу арқылы да жазушы шабыт алғанын анық көруге болады.

Дж. Лондонның «Ақ азу» романындағы көптеген детальдың «Көксеректе» де кездесуі де жайдан-жай кездейсоқтық емес. Қасқырдың «өзінше ойлауы, өзіндік менінің» болуы да дәл сол «Ақ азудан» алынған бөліктер еді. Шығарманың көркемдік деңгейі аса жоғары болмаса да, типтік образ жасау, қазақтың қарапайым қойшы баласын – Құрмашты жасауы үлкен құбылыс ретінде көрсетуге анық дәлелдер де бар [2, б.54].

Ал табиғаттың рөліне көшкен Көксерек ше? Көксерек десе кез келген қазақтың тітіркенетіні жақсы белгілі. Тура осындай Көксерек сынды ірі образ жасаудың өзі үлкен шеберлікті талап етері де ақиқат. Шығарманың тақырыбы мен тематикалық проблематикасы және оның қазақи таным-ұғымға ыңғайлана құрылуын үлкен жетістік деп бағалауға негіз бар. Шығармада тек табиғат-адам қатынасын ғана емес, сонымен бірге әке мен баланың арасындағы текетіретің де, қас пен дұшпан арасындағы араздық та барынша көрсетіле білген. Бұл – үлкен адамзаттық мәселелер екенін белгілі. Қасқырлардың өз ішінде бір-бірін жеп жатқанда, қасқырдың адамға шаппауы мүмкін емес екені де халық арасында

қызу талқыға түскен сұрақтың бірі. Құрмаш өзінің хас жауы қасқырды аяғаны үшін де құрбан болып кетті. Дұшпанға аяушылық білдіру керектігі де байқалады бұл жерде.

Әкенің, яғни Құрмаштың ағасы – Қасеннің де, әжесінің де ескертпелері еш әсер етпейді. Үлкендер қауымы мұның жаман іс екенін жақсы білді, себебі шынайы өмірдің қандай екенін түсінген жандар. Ал Құрмаштың барлық адамға, көпшікке, қарсы келуінің өзі ажалға қарсы келу болатын. Адам мен табиғат арасындағы байланысты көрсете отырып, автор жалпы өмірде болып жатқан қарапайым құбылыстармен де жұмыс жасағаны анық байқалады. Түсініп оқыған оқырманға кез келген жерден екінші жағын да көруге болатыны туралы ақпараттар айтуға болады. Соңында ажал құшады, мұны шығарманы басыннан бастап аңғаруға болады.

Шығармада, сонымен қатар, Шығыстағы Шыңғыстаудың табиғаты да барлық қыл қаламмен жақсы суреттелгені байқалады. Әсіресе, қасқыр мінезді бұл табиғаттың тылсым сипаты шығарманың көркемдік көрінісін одан әрі аша, айшықтай түсті. Шығармада шындық та жазушы Мұхтар Әуезовтің өз өмірінен алған, ал жазушының өмірдегі шындығы да дәл осы Шыңғыстауда болған оқиға болатын. Жазушының «Көксерек» шығармасын ерекше шығармалар қатарына қоса отырып, іргелі, классикалық туынды ретінде қарастыруға болады. Шығарманың мазмұнын түсіну бар, оны оқытудың да өзіндік ерекшеліктері бар.

Ең алдымен сабақта психологиялық ахуалды қалыптастыру үшін «Шаттық шеңбері» әдісін пайдалануға болады. Оқушылардың бір-бірлеріне деген жылы лебіздері міндетті түрде сабақтың жақсы нәтижеде шығуы үшін көмегі көп. Сабақтың топтық немесе жұптық жұмыс ретінде өтуі бірден шешілуі қажет. Сондықтан да сергіту сәті не болмаса сабаққа кіріспеден кейін міндетті түрде оқушыларды топқа бөлу керек болады. Топқа бөлуде де қолданылатын әдістер бар. Пазл ойны барлығына да жақсы таныс әрі ұтымды пайдалануға болатын дүние екендігі ақиқат. Пазлды кішкентай кездерінен бастап барлығы жақсы біледі әрі таныс. Қандай да бір бұзылған дүниені құрауға, бас-аяғын табуға көмектесетіні шындық. Негізінде оқушылардың шығарманы қалай түсінгендерін білу үшін оқиғаның дамуы, шиеленісі мен шарықтау шегін әр түрлі бөліктерге бөліп, білім алушыларға таратуға толықтай негіз бар. Оны оқушылар біріктіру арқылы, яғни пазл әдісі бойынша жинап, оқиға мазмұнын айтып бере алады. Аталмыш тәсілді тек шығарманы талдау барысында емес, топқа бөлу кезінде де қолдануға болады [1, б.16].

Келесі негізгі әрекет бойынша оқушылар мәтінді аудиоатаспадан бір ғана бөлігін тыңдау арқылы тақырыптың не жөнінде екенін болжайды. Сондай-ақ «Түртіп алу» әдісі арқылы тірек сөздерді назарларынан тыс қалдырмай жазып отыратыны да сабақтың тақырыбын ашуға бірден бір көмектесуші жол болып табылады. Мәтіннің мазмұнын арнайы «Уақыт тізбегіне» сала отырып, оқушылар тақырыптың мәнін анықтайды. Өздері түртіп алған тірек сөздерін пайдалану арқылы диалог құрып, сөйлесу арқылы да тағы бір әдістің сабақта қолданылуына септігін тигізеді.

Ақыры АКТ-ны сабақ барысында қолданып тұрғаннан кейін, аудиотаспаның орнына, бейнероликті де көрсетуге болады. Мысалы, Көксерек пен Құрмаштың арасындағы байланыстың үзіндісін қоюға болары анық. Мысалы, «Stop-кадр» деп аталатын әдісті алып қарастыруға болады. Видеофильмнің белгілі бір сәтімен жұмысы болып есептеледі. Арнайы сабақ үшін дайындалған кадрды интерактивті экранда тоқтатып қойып, сұрақтар қою арқылы білім алушыларды диалогқа тартуға болатынын айтуға болады. Айталық, сыныпта жұптық жұмыс түрін ұйымдастыруға да негіз бар: білімалушылардың біреуіне белгілі бір кадрды көрсетіп, екіншісіне осы көріністі толықтай сипаттап беруін тапсыруға болады сондай-ақ екінші оқушы оған нақтылау сұрақтарын беру арқылы көмектесуіне де болатындығын ескертейік.

Енді дәл осы қалыптастырушы бағалау кезінде кез келген шығарманы алуға болатынын да айта кеткен жөн. Себебі, ғаламтор беттерінде біз талдап отырған тақырыптардың барлығының нұсқалары бар. АКТ-ны тиімді пайдалану арқылы аталмыш тәсілді қолдана отырып, оқушыларды бағалауға да негіз бар [2, б.27].

Тақтадан көрсетіліп жатқан көріністен өтіп жатқан тақырыпқа байланысты не болмаса білім алушылардың деңгейіне сәйкес келетін бейнероликті дауысын алып тастап көрсетіп, оқушылардың рөлге еніп, дыбыстауын тапсыруға болады. Ең бірінші айтылған үзіндіні дауысымен де көрсетсе де болады. Дайындалу үшін оқушыларға жеткілікті уақыт беру керек. Сонымен қатар тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында бірінен-біріне сұрақтарды лақтыру арқылы жүзеге асатын серпілген сауал тәсілін де оқыту кезінде барынша пайдалануға болады. Мысалы,

- Самат, экраннан не байқадың?
- Қарлығаш, сен Саматтың айтқан пікірімен келісесің бе?
- Самат, айтылған пікірлерді бір сөзбен қалай тұжырымдауға болады?

– Қарлығаш, Саматтың жауабын қалай толықтыруға болады?

Міне, жоғарыда көрсетілген сұрақтар аясында серпілген сауал әдісі орындалып, білім алушылардың тақырыпты игерулеріне септігі мол. Дәл осындай қалыптастырушы бағалау кезінде қолданылатын әдіс-тәсілдердің түрлері өте көп және оларды пайдалану өте тиімді болып келеді [3, б.49].

Білім алушылардың үнемі қалыптастырушы бағалау арқылы бағаланып отыратыны белгілі. Сондықтан Құрмаш пен Көксеректің арасындағы байланысты сипаттау арқылы ұйымдастыруға болатын қалыптастырушы бағалаудың бірі – «Бутерброд» әдісі болмақ [3, б.52]. Сабақтағы негізгі ой мен ақпаратты жазып, оның үстіне бейнероликте көрсетілген сәтті тұсын айтып, тіпті сәтсіз тұсын да бірінің үстіне бірін қою арқылы жасауға болады. Жалпы үзіндіні оқыту барысында бір ғана тапсырмамен шектелмесі анық. Сондықтан да оқушылар кішкене тақырыптың мән-жайына еніп алғаннан кейін міндетті түрде тапсырмалар легі берілуі керек.

Мысалы, «Төрт сөйлем» деп алатын әдіс арқылы сызба жұмыстарын алған мәліметтері негізінде жасауға болады. Жоғарыда аудиотаспадан естіген немесе бейнеролик арқылы көрген мәліметтеріне сүйене отырып, өзінің бір сөйлеммен пікірін жазады. Айталық, «Менің ойымша, Көксеректі асырап алғанның маңызы», – сөйлемін жазу арқылы оқушыны өзінің пікірін білдіреді. Оған екінші сөйлем ретінде дәлелін жазатынын да ескеру жөн. Жоғарыда айтылған өзінің пікірін өмірмен байланыстыру арқылы оқушылар мысал келтірулеріне болады. Ары қарай оқушы өзінің айтқан пікірі, дәлелі, мысалы арқылы қорытынды шығара алуы қажет. Аталмыш әдістің білім алушының функционалдық сауаттылығын арттыруына барынша әсер ететіні белгілі.

Қазіргі уақытта арнайы әдебиеттерде имидж сөзінің көптеген анықтамаларын табуға болады. Мысалы, А.Ю. Панасюк имидж пікірмен бірдей деп санайды және тиісті терминдердің арасындағы айырмашылықты тек орыс тіліндегі тиісті сөздерді қолданудың грамматикалық ережелерінде қарастырады: «Имидж» «адам бейнесі (саясаткер, адвокат)», «пікір» сияқты тіркестерде қолданған дұрыс, «адам туралы пікір (саясат, адвокат)» сияқты тіркестер. Көбінесе имидж беделге қатысты жалпы контексте қарастырылады. Атап айтқанда А.Ю. Кошмаров имиджді бейненің экспрессивті жағы ретінде сипаттайды және оны «біреудің немесе бір нәрсенің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы жалпы пікір» дегенді білдіреді деп көрсетті [3, 86 б]. Кейбір авторлар имидж туралы көпше түрдейтады. Мысалы, И.А. Федоров имиджді «рухани өмір мен мінез-құлықты әлеуметтік бағдарламалау жүйесі, жалпы өркениеттік және психикалық стереотиптер мен топтық мінез-құлықтың нышандары, табысқа жетудің мотивациясының күші, қалаған әсердің стандарты, субъектінің қабілеттері мен жағдайы» - деп анықтайды [4].

А.П. Федоркин мен Р.Ф. Ромашкина имиджді «оған саналы ғана емес, сонымен қатар әртүрлі әлеуметтік топтардың психикасының бейсаналық компоненттерінің әсерін, олардың мінез-құлқының

мотивациясын, сондай-ақ бүгінде қалың бұқара талап ететін образдардың қалыптасуын көрсететін әлеуметтік-психологиялық құбылыс» ретінде сипаттайды [5, 68 б].

Әр түрлі көзқарастарды қорытындылай келе, келесі анықтамаға келуге болады: имидж - бұл тұрақты әлеуметтік стереотип формасын алатын, яғни белгілі бір эмоционалды-психологиялық, ақпараттық-коммуникативті, эстетикалық, этикалық және т.б. әсер ете алатын біреудің немесе бір нәрсенің эмоционалды боялған және белгілі бір мақсатта құрылған қоғамдық бейнесі, оны қабылдайтын адамға (топқа) әсер етеді және белгілі бір дәрежеде психограммалық әсерге ие [5, 111б].

Имидждің құрамдас бөліктеріне тоқталатын болсақ, имидж белгіленген құбылыс әлеуметтік коммуникация саласында пайда болады және жұмыс істейді: адам (топ, ұйым) белгілі бір қажетті реакцияларды тудыратын белгілі бір әсер қалыптастыру немесе өзінің әлеуметтік тобында әдеттегідей өзін - өзі көрсету мақсатына сәйкес әрекет етеді [7].

- имиджді екі жағы бар құбылыс ретінде қарастыруға болады;
- имидж тасымалдаушысы (тақырып, прототип);
- имиджді тұтынушы;
- олардың өзара әрекеттесу ерекшеліктері.

Имидж әлеуметтік-психологиялық ұғым болғандықтан, ол әрқашан әлеуметтік объектіге бағытталған және оны тек әлеуметтік объект қабылдай алады. Дегенмен, мұнда имиджді алушы және имиджді тасымалдаушы ұғымдарының айырмашылықтарын ескерген жөн. Имиджге бағытталған әлеуметтік объект имидж адресаты деп аталады – бұл имидж жасалынған адамдар, олар үшін имидж жасаушы қойған мақсатқа жетуге тікелей байланысты іс-әрекеттер бағытталған. Кескін алушы – кең ұғым – бұл қабылдау өрісінде кескіннің белгілі бір тасымалдаушысы болған барлық адамдар. Имидж алушылар оның адресатына айнала алады және тек алушылар (реципиенттер) болып қала алады.

Демек, әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде имидждің бірқатар ерекшеліктері бар, олар:

- адамдардың тікелей немесе жанама өзара әрекеттесу процесінде қалыптасады;
- сонымен бірге оның прототипінің сапасына және айналасындағы адамдардың ерекшеліктеріне байланысты;
- біртіндеп әлеуметтік стереотип формасын қабылдайтын жалпыланған топтық бейне/көрініс түрінде әрекет етеді;
- символдық нысаны бар;
- тасымалдаушыдан арнайы күш қажет [6, 147 б].

Демек, имидж – бұл ұсынылған қасиеттердің логикасымен өзара байланысты әртүрлі элементтерді қамтитын жүйе. Жүйенің тиімді жұмыс істеуі үшін аудиториямен кері байланысты ескеру қажет. Аудитория жоқ болса, ең алдымен, оған деген қажеттілік жоғалады. Имидждегі барлық нәрсенің бастауы «Адам - басқа адамдар» - деген мағынада жатыр.

Имидж бір уақытта оның үш компонентімен – тасымалдаушы, тұтынушы және олардың өзара әрекеттесу ерекшеліктерімен анықталатындықтан, кескіннің көптеген түрлері ерекшеленеді.

Бағыт пен мақсат бойынша имидждер ерекшеленеді: қоғамдық, кәсіби, іскерлік, коммерциялық, көркемдік, саяси және т. б.

Аудиторияға эмоционалды әсер ету сипаты бойынша олар оң (тартымды) және теріс (жағымсыз) бейнелер туралы айтады.

Тақырыптың мақсатына жету дәрежесі тиімді және тиімсіз имиджді ажыратады. Имидждік аудиторияны қамту бойынша – мақсатты-нүктелік және бұқаралық. Жеке ерекшеліктер мен әлеуметтік талаптардың арақатынасы бойынша:

- конъюнктуралық (қоршаған орта талаптарына және имидждік аудиторияның күтулеріне бағынатын);
- органикалық (өзін-өзі қабылдауға және өзін-өзі көрсетуге бағытталған);
- теңдестірілген (екі бағытты да біріктіреді).
- Өзін-өзі бақылау дәрежесі бойынша имидж өздігінен немесе басқарылатын болады.
- Имидждің мақсатына сәйкес үш негізгі топқа бөлуге болады:
- өзін-өзі көтеруші – өзін жақсы сезінуді жақсартуға көмектесуге бағытталған имидж;
- өзін-өзі растау – әлеуметтік мәртебені көтеруге және әлеуметтік ортада бекітуге бағытталған имидж;
- мақсатты – нақты коммерциялық және кәсіби мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған имидж.

Имидж феномені адамның әлеуметтік әсерге ерекше сезімталдығына негізделген. Психологиялық зерттеулер көрсеткендей, топта болған кезде адам өзін жалғыз қалдырғандай ұстамайды. Басқа адамдардың қатысуымен біздің кейбіреулерімізде белсенділік артады, реакция жеделдейді және ойлау жылдамдығы артады, ал басқаларында, керісінше, ингибирлеу үрдісі басым болады. Мұндай оң немесе теріс әсерлер жануарларда байқалады. Осылайша, топтың назары мен бағалауы адамдардың мінез-құлқының күшті реттегіші болып табылады.

Имидж табиғаты күрделі бейнелерді ұсынады. Ол интерпсихикалық шындықты, қоғамдық пікірдегі тақырыпқа қатысты қалыптасатын бейнелерді және интрапсихикалық шындықты, адамның өзі туралы санасында қалыптасатын бейнені жасайды.

Алайда, имиджологиядағы имидж динамикалық тұрақты құбылыс ретінде әрекет етеді, ең алдымен аудиторияның объект туралы пікіріне әсер етеді. Имидждің тұрақтылығы оны неғұрлым серпінді қоғамдық пікір мен көңіл-күйден ерекшелендіреді және жоғарыда айтылғандай, оны әлеуметтік стереотипке жақындатады [1, 155б]. Алайда, имидж стереотиптен дәл ерекшеленеді, өйткені ол дараланған, яғни мәні бойынша ол белгілі бір объектінің бейнесі болып табылады.

Табысты іскерлік имиджді құру кезінде, атап айтқанда, іскерлік әңгімеде мінез – құлық тактикасы үлкен маңызға ие, яғни белгілі бір жағдайға сәйкес келетін, мақсаттарды жүзеге асыруға белсенді ықпал ететін мінез-құлық әдістері мен тәсілдерін таңдау мүмкіндігі. Яғни, имидж жасау кезінде медианың мінез-құлқын түсіну керек, аудиторияның жасалған әрекеттерге реакциясы негізінде оның сәттілігін алдын-ала есептеу керек.

Денеге бағытталған имидж екі кезеңнен тұрады: модельдеу (психотипті анықтау, шаш кию, макияж, киім, аксессуарлар және т.б. диагностикасының нәтижелері негізінде таңдау) және кеңес беру (түзетілген имидж элементтерін игеру әдістерін және өзін-өзі тәрбиелеу тәсілдерін үйрету).

Әдебиеттер

1. Давыдов Д.Г. Имидж в контексте психологической теории // Имиджология: тенденции и перспективы развития. – М., 2003.
2. Перельгина Е.Б. Психология имиджа: Учебное пособие/ Е. Б. Перельгина. – М.: Аспект Пресс, 2002. – 223 с.
3. Психологический словарь/ Под ред. В.П. Зинченко и Б.Г. Мещерякова. – М.: Прайм-Еврознак, 2003 – 672 с.
4. Шепель В.М. Управленческая этика. – М., 1989.
5. Бураканова Г.М., Изтелеуова Л.И. Имиджология. Астана, 2011.
6. Перельгина Е.Б. Психология имиджа: Учебное пособие /Е.Б. Перельгина. – М., 2002. – 223.
7. Духвалова М.П. Имидж продажи: Пособие для тренеров и менеджеров по продажам/М.П. Духвалова, М.Е. Наумова, И.А. Глаз . – М.: Генезис, 2005. – 111с.

ҒТАХР: 14.23.09

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Джамбаева А.З., 7М01301 – "Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі" ББ магистранты
Джумажанова Г.К., қауымдастырылған профессор
«Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Семей қаласы ҚР*

Кіші мектеп жасы-адам өміріндегі ерекше кезең. Бұл жас кезеңінің пайда болуы, В.В. Давыдовтың пікірінше, жалпыға бірдей және міндетті толық емес және толық орта білім беру жүйесін енгізумен байланысты. Орта білімнің міндеттері мен құрылымдық компоненттері үнемі өзгеріп отыратын қоғамға сәйкес өзгереді. Осылайша, бастауыш мектеп жасындағы психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерді мектеп оқуының бастапқы кезеңінде де түпкілікті және өзгермейтін деп санауға болмайды. Дегенмен, осы жастағы ең тән, анықталған ерекшеліктер туралы айтуға болады.

Мектепке дейінгі жастан бастауыш мектеп жасына ауысу кезеңі 7 жас дағдарысының басталуымен шартталған. Л.В. Выготскийдің пікірі бойынша: «Бұл дағдарыс мектеп жасын ашады». Дағдарыс кезінде баланың психологиялық құрамы айтарлықтай өзгеріске ұшырайды. Оның әлеуметтік ортамен қарым-қатынасын түбегейлі қайта құру бар. Егер мектепке дейінгі балалық шақта бала тек ойын барысында немесе ересек адамның көмегіне сүйене отырып, аз немесе аз еркін әрекет ете алса, онда 6-7 жастан бастап бұл қабілет өмірдің әртүрлі салаларында өзін көрсете бастайды және баланың

ішкі меншігіне айналады. Сондай-ақ эмоционалды-мотивациялық салада маңызды өзгерістер орын алады. Алғаш рет тәжірибені жалпылау пайда болады. Әр жолы сәттілік немесе сәтсіздік тәжірибесі эффективті тұрақты кешендердің қалыптасуына, кемшілік сезіміне, өзін-өзі бағалауға немесе, керісінше, өзін-өзі бағалау сезіміне, құзыреттілікке, құндылыққа, эксклюзивтілікке әкеледі. 7 жылдық дағдарыс баланың дамуындағы әлеуметтік жағдайдың түбегейлі өзгеруімен байланысты. Осы кезеңде алғаш рет адами қатынастар жүйесіндегі өз орнын түсіну және қабылдау пайда болады. В.Н. Дружининнің айтуынша, 7жылдық дағдарыс-бұл әлеуметтік «мен»туылған кезең. Бұл жас кезеңінде, жоғарыда айтылғандай, тағы бір маңызды маңызды емес жаңа білім берудің пайда болуы – ерікті мінез-құлық. И. В. Дубровинаның анықтамасы бойынша "неоплазма-бұл жеке құрылым мен іс-әрекеттің ерекше түрімен, сондай-ақ баланың өзіне және басқа адамдарға деген көзқарасымен сипатталатын дамудағы жетістік». Бала жиі дербестік білдіреді: өзі таңдау жасайды, оған қалай түсуге де бар. Бұл мінез-құлықтың негізі-осы жаста пайда болатын моральдық мотивтер.

Бала моральдық құндылықтарды сіңіреді, белгілі бір ережелер мен заңдарды ұстануға тырысады. Л.А. Карпенконың пікірінше: «бұл жастағы жағымсыз мазмұн ең алдымен психикалық тепе-теңдіктің бұзылуында, ерік-жігердің, көңіл-күйдің тұрақсыздығында және т.б. көрінеді». Бастауыш мектеп жасындағы тұлғаның дамуы мектептегі үлгерімге, маңызды ересектердің баланы бағалауына байланысты. Бұл жаста бала сыртқы әсерге қатты ұшырайды және тәуелді болады, нәтижесінде қоршаған ортаның әсерінен ол зияткерлік білім мен дағдыларды жақсы сіңіреді және моральдық нормалар мен құндылықтарды игереді. Бастауыш мектеп жасында балалар жетістікке деген ұмтылысты белсенді түрде арттыра бастайды. Осы жас кезеңіндегі баланың іс-әрекетінің негізгі себептерінің бірі-жетістікке жетудің мотиві. Дәл осы жаста бала өзінің бірегейлігін түсінеді және сезінеді, өзін жеке сезінеді, өзінің идеалын жасайды және оған ұмтылады. Бастауыш мектеп жасында балалардың айтарлықтай даму мүмкіндіктері бар, бірақ қолда бар қорларды дұрыс бөлу және пайдалану үшін біз осы жастағы психикалық процестерге сапалы сипаттама беруіміз керек. Бастауыш мектеп жасында баланың өмірінде көптеген оң өзгерістер мен өзгерістер бар. Бұл әлемге танымдық қатынасты, оқу іс-әрекетінің дағдыларын, ұйымдастырушылық және өзін-өзі реттеуді қалыптастырудың сезімтал кезеңі. Мектепте оқытудың бастапқы кезеңінде олар сапалы түрде өзгереді, баланың дамуының барлық салалары өзгереді.

Л.С. Выготскийдің жоғары психикалық функциялардың дамуының жүйелік сипаты туралы тезистеріне сәйкес бастауыш мектеп жасында «жүйені қалыптастырушы» функция ойлау болып табылады және бұл интеллектуалданған, іске асатын және ерікті болып табылатын басқа психикалық функцияларға тікелей әсер етеді: қабылдау, есте сақтау және назар аудару сияқты. Мектеп жасына дейінгі баладан айырмашылығы, заттардың сезімтал қасиеттері туралы өздігінен қалыптасқан идеяларға немесе ересектермен қарым-қатынаста үйренген «күнделікті ұғымдарға» негізделген мәселелерді шешу кезінде жас студент шынайы ғылыми ұғымдар түрінде көрініс табатын және бекітілетін осындай қасиеттерді ескеруі керек. О.П. Солодилованың айтуы бойынша «Дамытушы білім беру жүйесінде оқушының зерттелетін пәннің ішкі мәнін, оның қызмет ету және өзгеру заңдылықтарын түсінуіне мүмкіндік беретін мазмұндық-теориялық ойлау деп аталатын міндеттер пайда болады. Интеллектуалды рефлексия - бұл бастауыш мектеп оқушыларының теориялық ойлауының дамуын бастайтын жаңа формация». Теориялық ойлау ережені оның ашылуы мен құрылысы сияқты қолдануды қажет етпейтін жағдайда анықталады. Оқу процесінде басқа танымдық процестер де өзгереді. Алдыңғы қатарда-бұл психикалық функциялардың озбырлығын қалыптастыру, ол өздігінен, оқу жағдайларына стереотиптік бейімделу түрінде немесе мақсатты түрде жүруі мүмкін.

Н.Г. Салминаның зерттеулерінде 6-7 жастағы балалар ересектерге тән ауызша сөйлеудің барлық түрлерін игере алатындығы дәлелденді: монолог, әңгіме, құрдастарымен қарым-қатынаста нақты тұжырымдалған нұсқаулар, бағалау, қызметті үйлестіру бар диалогтік сөйлеу дамиды. Сөйлеудің жаңа формаларын қолдану, егжей-тегжейлі мәлімдемелерге көшу осы кезеңде баланың алдында тұрған қарым-қатынастың жаңа міндеттерімен анықталады. Арқасында қарым-қатынас, аталған М. И. Лисина қосымша-танымдық, лексика көбейеді, дұрыс грамматикалық құрылымдарды құру қабілеті қалыптасады. Диалогтар күрделене түседі және мағыналы болады; бала әр түрлі тақырыптарда дұрыс құрастыруды және сұрақтар қоюды, бір сәтте ашық сөйлесуді, дауыстап ойлауды үйренеді. Балалар морфологиялық және синтаксистік тәртіптің нәзік үлгілерін үйренеді. Мектеп өмірінің алғашқы күндерінен бастап білім беру мекемелерінде оқушының назарына, әсіресе оның озбырлығы, басқарылуы тұрғысынан өте жоғары талаптар қойылады. Мектепке дейінгі жастағы назар еріксіз. В.С. Мухина атап өткендей, назардың жоғарылауы сыртқы ортадағы бағдармен, оған эмоционалды көзқараспен байланысты, ал мұндай өсуді қамтамасыз ететін сыртқы әсерлердің маңызды белгілері жасына қарай өзгереді. Зейіннің дамуындағы шешуші сәт зерттеушілермен байланысты, балалар алғаш

рет назарын белгілі бір тақырыптарға бағыттау және ұстау арқылы саналы түрде реттей бастайды. 6 жасқа қарай зейіннің тұрақтылығы жақсарады, бала тақырыпты жақсы біледі, ондағы көптеген сипаттамалар мен қызықты қасиеттерді бөліп көрсете алады. Назар аударудың ерекшелігі-бала оны белгілі бір заттарға, құбылыстарға саналы түрде бағыттай алады, оларға белгілі бір құралдар мен әдістерді қолдана алады. Бастауыш мектеп жасындағы балалар ерікті назарды игерсе де, еріксіз назар басым болып қала береді. Балаға назар аудару және ұзақ уақыт бойы тартымсыз және монотонды әрекеттерге назар аудару қиын. Олар ойын кезінде мұқият бола алады. Осылайша, 6-7 жас аралығындағы ерікті зейінді дамыту мүмкіндіктері қазірдің өзінде үлкен.

Бұған В.С. Мухинаның пікірінше, назар аударуды ұйымдастырудың әмбебап құралы болып табылатын сөйлеудің жоспарлау функциясын жетілдіру ықпал етеді. Сөйлеу белгілі бір тапсырманы орындау үшін маңызды заттарды алдын-ала ауызша бөліп көрсетуге мүмкіндік береді; тікелей тартымдылық немесе ерекше емес белгілері жоқ тақырыптарға назар аударыңыз. Баланың сенсорлық дамуы-бұл оның қабылдауын дамыту және заттардың сыртқы қасиеттері туралы идеяларды қалыптастыру: олардың пішіні, түсі, өлшемі, кеңістіктегі орны, сондай-ақ иісі, дәмі және т.б. сенсорлық дамыған (лат. sensus-сезім) бала табиғатта және қоғамда эстетикалық құндылықтарды игеру мүмкіндігін қалыптастырады. Таным қоршаған әлемнің объектілері мен құбылыстарын қабылдаудан басталады, сондықтан сенсорлық қабілеттер баланың ақыл-ой дамуының негізін құрайды. Мектепке дейінгі жаста да балалар алғаш рет әртүрлі формаларға, түстерге тап болады және ойыншықтар, түрлі тұрмыстық заттар немесе табиғи шығу тегі бар заттардың әртүрлі қасиеттерімен танысады. Осы кезеңде өнер туындыларымен – кескіндеме, музыка, мүсінмен танысу орын алады. Әрбір бала қандай да бір жолмен мұның бәрін қабылдайды, бірақ көбінесе бұл өздігінен жүреді және нәтижесінде алынған сезім үстірт және төмен болады. Сондықтан сенсорлық қабілеттерді дамыту процесі мақсатты және тұтас жүзеге асырылғаны жақсы. Бастауыш мектеп жасында форманы, түс пен мөлшерді қабылдауға баса назар аударылады. Бұл ұғымдарды дұрыс игеру мектептегі көптеген пәндерді түсіну және шығармашылық белсенділікті қалыптастыру үшін қажет. 6-7 жаста қабылдау өзінің аффективті сипатын жоғалтады: перцептивті және эмоционалды процестер сараланады. Қабылдау мағыналы, мақсатты, талданатын болады. Ол келесі ерікті әрекеттерді ажыратады – байқау, қарау, іздеу. Дамудың осы кезеңінде қабылдау үшін сөйлеу маңызды, сондықтан бала өз сөзінде әртүрлі объектілердің қасиеттерін, белгілерін, күйлерін және олардың арасындағы қатынастарды белсенді қолданады.

Әдебиеттер

1. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы, 2003
2. Нақыпова Г. Танымдық белсенділікті қалыптастырудың мәні. / Қазақстан мектебі, №10, 2009
3. Мұхамбетжанова А., Мұханбетчина А. Жеке тұлғаның танымдық белсенділігін қалыптастыру. // Бастауыш мектеп. № 1, 2019 ж.
4. Меңжанова А. Танымдық белсенділік талаптары. // Бастауыш мектеп. – № 5. – 2020 ж.

ҒТАХР: 14.23.09

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Джулдаспаева С.А., 7М01301 – "Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі" ББ магистранты

*Джумажанова Г.К., қауымдастырылған профессор
«Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Семей қаласы ҚР*

Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі – білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, логикалық ойлауы дамыған жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамды тәрбиелеу. Бастауыш сынып баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі. Өйткені логикалық ойлау кейінірек бейнелік ойлаудың негізінде қалыптасады, ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді. Әлемдік психологиялық – педагогикалық әдебиеттерде адамның ойлауын дамытатын мәселелерді А.Н.Монтьев, С.П.Рубинштейн, М.В. Занков т.б. ғалымдар теориялық тұрғыдан қарастырған. Балалардың ойлауын дамыту туралы М. Жұмабаевтың сөзімен алсақ: «Ойлау жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген ынта – ықыласы, құштарлығы болуы керек». Оқу

материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады. Дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым логика деп, ал ой қорытындыларының объектив пікірлерге негізделетін процесі логикалық ойлау деп аталады. Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту жөнінде А.В. Запорожец, Л.Н. Венгер, И.С. Якиманская еңбектері жарық көрді. Жоғарыдағы авторлардың пікірлерінше логикалық ойлауды дамыту дегеніміз:

- барлық логикалық ойлау операцияларын (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, саралау) арнайы жүйелі түрде қалыптастыру;
- ойлау белсенділігін, өзбеттілігін дамыту.

«Логикалық ойлау – логикалық сөйлеудің негізі, ал мұны – логикалық сөйлеуді ұстаз дамытуға тиіс», деп көрсетті К.Д.Ушинский.

Шығармашылық жаттығу – бұл нақты мәні берілмеген, есепті шартты математикалық заңдылықтар арқылы орындау. Шығармашылық тапсырмалар оқушылардың жаңа бір нәрсені ашуы, яғни оқушы өзін белгілі бір жаңалықтардың авторы ретінде сезінеді. Бұл оған белгілі бір пән төңірегіндегі қызығушылығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Яғни, оқушыны өзіне тарта, баули түседі. Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған стандартты емес тапсырмаларды шығармашылық жаттығулар деп атаймыз. Сондықтан шығармашылық жаттығуды ұдайы жүргізе отырып біз оқушылардың тек пәнге деген қызығушылығын ғана емес, логикалық ойлауын да дамыта аламыз. Мектеп тәжірибесінде шығармашылық жаттығулар үздіксіз орындалмай жатқандығы белгілі. Кейбір мұғалімдер шығармашылық жаттығу міндетті деңгейге жатпайтындықтан оны орындамайды, орындағанымен сабақ соңында асығыс шешуін оқушыларға жалпылама айтқыза салады, яғни талдау жүргізілмейді. Балаларда ой операциялары толық жүргізілмегендіктен логикалық ойлаудың даму деңгейі төмен болады. Ал оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың бір жолы – шығармашылық жаттығуды жүйелі орындату. Сыныптағы оқушылардың білім деңгейі бірдей емес. Олардың ішінде математиканы сүйіп оқитын, оған деген ынтасы зор оқушылар да бар. Оларды жеңіл, бірыңғай жаттығулар орындау жалықтырады. Сондықтан мұғалім оқушыларға міндетті емес тапсырмаларды үнемі орындатып отыруы тиіс. Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту үшін:

- есепті, жаттығуларды талдай білу іскерліктерін қалыптастыру;
- сызба графикалық модель бойынша есеп объектілерінің арасындағы байланыстарды түсіндіру;
- есептегі нақты заттарды оның моделімен ауыстыру;
- пәнге деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру;
- сыныпқа дұрыс психологиялық жағдай орнатуға мүмкіндік туғызу.

Оқу процесіндегі осындай іс-әрекеттердің арқасында қоғам талап етіп отырған шығармашылық қабілеті жоғары, өз ойын жүйелі де ашық айта алатын, қоғамға еркін сіңетін, өндіріске белсене араласатын азамат қалыптасады. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйрететін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз. Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып шығармашылығын дамытады.

Осы тұста мұндай көзқарасты ұлы Абай да уағыздап кеткендігіне тоқталған жөн [4]. Қоршаған ортаның шындығын мойындай отырып, Абай ақыл мен сана еңбек барысында қалыптасатындығын айтады. Ол адамның ішкі сезімді қуаттарын біртұтас етіп алады. Оның он жетінші сөзіндегі қайрат, ақыл жүректің сөз таластыруында тек бірлесіп ынтымақтасқан жағдайда ғана күш алатын үш түрлі жан құбылысын әдеби-публицистикалық тұрғыдан көрсеткенін байқаймыз. Бұдан бұл мәселенің ұлттық психологиямыз бен философиямызда да ежелден көтеріліп келе жатқандығын көруге болады. Әр пән баланың жаңа қырларын ашып, оны дамытуға өзінше үлес қосады деп табылады. Және олар бір-бірімен тығыз байланыса отырып, қоршаған дүниені тұтас күйінде қабылдауға әсер етеді деп саналады.

Әдебиеттер

1. Гальперин П.Я. Психология мышления и учения о поэтапном формировании умственных действий. – М., 1996.
2. А.В. Запорожец «Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту» – 103 б.
3. Пономарев Я.Л. О развитии мышления. – М. – 1997
4. Абай. Қара сөздер. – Алматы – 2000

ҒТАХР: 14.07.03

ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жақыпбек А.М., 7М01101 – педагогика және психология ББ магистранты
Джумажанова Г.К., қауымдастырылған профессор
«Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Семей қаласы ҚР

Құндылық – адам өмірінің бағыт-бағдарын айқындайтын рухани күш. «Құндылық» ұғымының қалыптасуына тоқталатын болсақ, қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде: құндылық – нарқы жоғарылық, қымбаттылық, бағалылық деп сипаттаған. Құндылық арқылы сол заттың маңызын, мәнділігін, пайдалылығын, қажеттілігін, керектігін білуге болады. Әлеуметтанушы Б. Ерасов – «құндылықтардың пайда болуы, адамның қажеттілігін қанағаттандыратын іс-әрекет, бұл белгілі бір мақсатта жүреді», - дейді. [1]

Б.Г. Ананьев, А.А. Бодалев, Л.И. Божович, В.Н. Мяшев, К.К. Платонов еңбектерінде қарастырылған жеке тұлғаны бағдарлау мәселесі жаңа ғылыми мәселенің негізін құрайды. Бұл мәселенің С.Л. Рубинштейн зерттеулерінде де көрініс тапқанын атауға болады. А. Маслоу, К. Роджерс зерттеулерінде тұлғаның гуманистік психологияның негізгі ағымындағы бағытын зерттеген, олардың ғылыми идеяларын Ю.Н. Кулюткин, Л.М. Митина, Г.С. Сухобская өз зерттеулерінде жалғасырған [2].

Г.А. Ханалиев, Е.В. Яшкова, Э.С. Аришина, О.А. Зимина, Е.В. Калюжная, О.А. Сидоренко, А.Ю. Антропова, А.Н. Мушкарева және отандық ғалымдар Г.К. Нұрғалиева, С.С. Тілеуова болашақ мамандардың бойында құндылық бағдарын қалыптастыру мәселелерін зерттеп, білім алушылардың бойында құндылыққа бағдар негіздерін қалыптастыру мәселелерін қарастырады, сондай-ақ С. Нұрмұратов, К. Нұғыманова, Б. Ерасов және т.б. өз зерттеулерінде құндылықтар мәселесін әлеуметтік және философиялық тұрғыдан зерттеп, қарастырады. Жеке тұлғаның құндылық бағдарының әлеуметтік, адамгершілік, ұлттық мәдениеттің қалыптасу мәселелері қазақ ағартушылары Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсыновтардың еңбектерінде жан-жақты зерттелген. Адам құндылығының өзегін құрайтын және оны зерттейтін саланы – аксиология деп атайды. Құндылық ұғымы алғаш рет 19 ғасырдың ортасында пайда болған. Оған алғаш рет философиялық тұрғыдан Р.Ротце мен Г.Коген қарастырған [3]. Ежелгі философтардың пікірінше, құндылықтың әр түрлі көріністеріне жататын және табиғи, қоғамдық құбылыстар, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланатын сұлулық, қайырымдылық, мейрімділік, сияқты этикалық, эстетикалық ұғымдар қолданылады. Құндылық заттың, объектінің адам үшін маңызды екенін айқындайды. Құндылық пәндік және субъективтік деген екі бөліктен тұрады.

Адам өмірдегі жағдай мен мағына мәселелерін қарастыра отырып, С.Л. Рубинштейн адамның мінез – құлқын ретке келтіретін құндылықтардың қызметін ерекше атап көрсетті. С.Л. Рубинштейннің пікірінше, ішкі жағдайда болған өзгерістер нәтижесінде белгілі бір құндылықтар өзекті, негізгі қажеттіліктерге айналады. [4] Философиялық сөздікте (Мәскеу, 1983 ж.) құндылық бағдар ұғымына: «Жеке тұлғаның өмірдегі тәжірбесінен жинақтаған ішкі жан дүниесінің маңызды элементі, адамның саяси, философиялық, адамгершілік сенімі мен құштарлығы, мінез-құлықтың адамгершілік қағидалары» - деп анықтама берілген. Ғалымдардың бір тобы құндылық бағдарды адамның жалпы әлеуметтік бағыттылығы деп қарастырса, екінші бір тобы – құндылық бағдарды жеке тұлғаның әлеуметтік құндылықтарға деген субъективті қатынасы деп, ал үшінші тобы «құндылық бағдар» ұғымына психологиялық тұрғыдан түсініктемелер береді. Құндылықтар қажеттілікті қанағаттандыратын құрал болып анықталады. Құндылықтар адамның сезімін оятып, іс-әрекетінің себеп – салдарын анықтайды, соған байланысты әрекетті реттейді, оның іске асуына ықпал етеді. Құндылық адам мен оның қажеттілігінің қоршаған орта мен арасындағы байланыстырушы буын болып табылады. Сонымен, құндылық бағдар дегеніміз бір жағынан алғанда, жеке тұлғаның нақты іс-әрекетке

деген көзқарасы мен қарым-қатынасының білінуі, екінші жағынан белгіленген мақсаттар жүйесі. Ол – жоғары деңгейде объектілерді, хал-жағдайды, қажеттілікті, мақсаты таңдауды түсіндіреді.

Жеке тұлға бойына ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы құндылық бағдардың әлеуметтік – адамгершіліктік аспектісі прогресшіл қазақ ағартушылары Ж. Аймауытов, Ы. Алтынсарин, Ш. Әлжанов, А. Байтұрсынов, Ш. Уалиханов, М. Жұмабаев және А. Құнанбаевтардың еңбектерінен маңызды орын алған. Құндылықтардың әлеуметтік – адамгершіліктік маңызы туралы ой – пікірдің дамуы Қ.Б. Бержанов, Қ.Б. Жарықбаев, Н.И. Ильминский, Қ.Қ. Құнантаева, О.И. Обдов, А.И. Сембаев, А.П. Сейтешов, Т.Т. Тәжібаев, Г.А. Уманов, С.А. Ұзақбаева және К.М. Храпченковтардың тарихи-педагогикалық ой – пікірлерімен тығыз байланысты. Еліміздің тәуелсіздік аясындағы алғашқы бет алыстары, тың жаңарулар мен өзгерістерге толы серпінді дамуы басталған қазіргі шақта ой-сана қозғалысының саяси әлеуметтік, экономикалық өмірге тигізетін әсері зор [3].

В.П. Тугаринов құндылықтың бірнеше топтамасын белгілейді:

- өмір құндылығы (өмір, денсаулық, өмір қуанышы, адамдармен қарым-қатынас);
- мәдени құндылық, материалдық (техника, тұрғын үй, тамақ, киім);
- саяси-әлеуметтік (шыншылдық, бейбітшілік, әлем, қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, адамгершілік)
- рухани құндылық (білім, ғылым, өнер) болып бөледі [4].

С.Ф. Анисимов көзқарасы бойынша құндылық жіктемелерінің топтары:

- адам және адамзат;
- адамдардың материалдық өміріндегі құндылық;
- әлеуметтік құндылық;
- қоғамның рухани өміріндегі құндылық. [5]

Құндылықтың негізгі қызметінің аймағы экономикалық, биологиялық, эстетикалық, этикалық, саяси қажеттіліктерге ие болады.

Құндылық жіктемесінің топтарына қарай ғалымдар арасында екі түрлі көзқарас пайда болды: құндылық - индивиді мән беретін «психологиялық мінездеме» құндылығы; құндылық-индивидінен тыс «құндылықтың әлеуметтік маңызы». Біздің ойымызша құндылық ол қарым-қатынас, қоғамдық деңгейдегі құбылыс, ол қоғам мәдениеті мен жеке тұлғаның рухани байлығы, қоғамның жеке тұлғамен қарым-қатынасы. Құндылық бағдары ішкі дүниетанымға негізделі отырып, мынандай белгілермен құрылымдық, жеке тәжірибелік көңіл-күй жиынтығымен анықталады. А.Г. Здравомыслов өзінің еңбегінде, барлық құндылық бағдарының жиынтығы, жеке тұлғаның өзіне тән ой орталығының тұрақтылығы мен белгілі бір қабілет-қасиетімен қамтамасыз етіледі». Құндылық бағдарының әлеуметтік табиғаты өзінің құрамымен көрініс береді. Құндылық бағдарының әлеуметтік табиғатын И. Кон «... бір мезгілде әлеуметті және жеке болып табылады» деп түсіндіреді. Олардың әлеуметтік болу себебі: қоғамдық тәрбие, жедел даму және т.с.с. қоғамдық жүйелердің жағдайына негізделген құндылықтар бағдарының жиынтығы, берілген қоғам мүшесіне тән әлеуметтік мінезге ие. Жас және интеллектуалдық ерекшеліктеріне байланысты ізгіліктік ұмтылыстары бағытты және мақсатты болады, сондықтан олардың құндылық бағдар қалыптастыру нақты бағдарланған мазмұнға бейімделуі тиіс. Олай болса, құндылық бағдарды қалыптастыру арнайы ұйымдастырылған педагогикалық процестерге және шарттарға тәуелді болады. Сонымен бірге жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуы арқылы құндылық бағдарды қалыптастыру процесі оның даралану дәрежесі мен шығармашылық бағыттылығына байланысты. Бұл заңдылық тәрбиенің даралық-шығармашылық әдісі деген метақғидасына негіз болады.

Әдебиеттер

1. Бердібаева С.Қ. Тұлға психологиясы. – Алматы. – 2000.
2. Здравомыслов А.Г. Потребности. Интересы. Ценности. – М.: Политиздат. – 1986.
3. Төлеубекова Р.К. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі рухани – адамгершілік тәрбиесінің теориялық әдіснамалық негіздері. – Алматы. – 2001.
4. Головатых Р.Я. Ценностные ориентации и перестройка общественного сознания. // Философские науки. – 1989. – № 6. – с.85-89.
5. Анисимов В.С. Психологическое исследование социальных стереотипов // Вопросы психологии 1986 – № 1 – с 14.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫНДАҒЫ ЭМПАТИЯ КӨРІНІСІ

Сапарғалиева Г., 7М01101 – педагогика және психология ББ магистранты

Джумажанова Г.К., қауымдастырылған профессор

«Шәкәрім атындағы университеті» КеАК, Семей қаласы, ҚР

Эмпатия дегеніміз – гректің сөзінен шыққан, «күшті, терең сезім, қайғы қасірет сөзіне жақын». Префике ішке бағыттау дегенді білдіреді. Эмпатияның алғашқы түсініктері философиялық пән этика және эстетикамен байланысты. Ежелгі гректер симпатия сөзіне космостық мән берген, заттардың рухани жалпыланған, адамдардың бір біріне көңіл білдіруін айтқан. Смит Спенсер және Шопэнгауэрдің философиялық этикалық жүйесінде адамдар арасындағы өзара қарым қатынастарды реттейтін ар ұят, әділеттілік, альтруизм сұрақтарына жауап беретін симпатия адам жанының қасіреті ретінде қарастырылады.

Эмпатияның жиі кездесетін үш анықтамасы бар:

1. Басқа адамдардың сезімдерімен қажеттіліктерін түсіну
2. Табиғатты, өнер объектісін түсіну
3. Психотерапевтің кәсіби қасиеті. [1]

Қазіргі заман психологиясы эмпатия феноменіне аса қызығушылық танытады. Себебі басқа адамдармен аффективті байланыс адамдармен топтық күйімен бөлісу. Эмпатия түсінігін гуманистік бағыт бойынша К.Роджерс қарастырған. [2] Ол клиенттің актуализациясы үшін эмпатия процесінің маңыздылығын айтқан. Жалпы алғанда, эмпатия негізі – өзінің «басқаға, бөтенге» қатынасы болып табылады. Бұл күнделікті кездесетін, тұрмыстық деңгейден бастап, кәсіби қарым-қатынас жасауға дейінгі аралықты қамтитын мәселе болып саналады. «Эмпатия» терминін саралау барысында ғалымдар арасында елеулі қайшылықтар туындайды. Біраз жағдайда оны тікелей «төзімділік» сөзімен байланыстырады, қазақ тілінде «төзім» сөзі «шыдам», «сабыр», «тағат» мағынасында да қолданылады. Яғни, «төзімді болу» - басқаға, оның ісіне, құбылыстарға шексіз төзу, шыдауды білдіреді.

И.М. Сеченов эмоционалды күйлерді зерттеуде жаңа бір кезеңді ашты [2]. Психикалық күй-қалып, оның ішінде мазасыздану, қорқыныш жайлы XX ғасырдың I-ші жартысында орыс зерттеушілері В.М. Бехтерев, Д.Н. Левитовтар терең зерттеді. Олар психикалық күй - қалып, яғни адам психикасының байқалуында үнемі адам әрекетін бояп тұратын және оның танымдық іс-әрекетімен еріктік аумағы және тұтас жеке тұлғасына байланысты сыртқы сипаттармен қатар жүретін күй деп көрсетті.

С.Л. Рубинштейн өз теориясында эмоцияны қажеттіліктердің болуының субъективті формасы деп көрсетеді. Бұл дегеніміз - мотивация субъектіге эмоционалды құбылыс түрінде ашылады да оларға қарай іс-әрекетті бағыттайды [3].

А.Н. Леонтьев эмоцияны іс-әрекет жүйесінде қарастырды. Ол: Эмоциялар – өзіне іс-әрекетті бағындырмайды, қозғалыстың «механизмі» және «нәтижесі» болып табылады – деп көрсетті. Эмоциялар ішкі сигналдар функциясын орындайды. Эмоция ерекшелігі, олар мотивтер арасындағы қатынасты бейнелейді. Аффектілер әрекет соңында пайда болып, әрі жағдайдың жалпы бағасын береді, ал эмоциялар болған немесе мүмкін болатын жағдайға бағалау және жеке қатынасты бейнелейді деген ойды білдіре отырып, мынандай құнды пікірді алға тартады: «мотивтер сезілмеген уақытта да, олар өздерінің психикалық бейнеленуін ерекше формада – әрекеттің эмоционалды бояуы формасында табады» [4]. Аффект пен эмоциялар өзінің ситуативтілігімен ерекшеленеді.

В.К. Виллюнас эмоциялардың функционалды жіктелуіне күш салды. Ол эмоциялардың екі негізгі түрлерін бөліп көрсетеді – жетекші және өндіргіш. Жетекші эмоциялар қажеттілік затының мәнін және мағынасын ашады. Осы жетекші эмоциялар іс-әрекет мотивімен, тікелей байланысады [2]. Ал сезімдер – айқын, заттық сипаттағы тұрақты эмоционалды бастан кешулер болып табылады және іс-әрекетке қатысады, бірақ жағдайға тәуелді болмайды.

Қазіргі таңда күрделі эмоциялардың динамикасын ғана түсіндіретін теориялардан басқа, эмоцияның дамуын жеке дамуымен байланысты қарастыратын теориялар пайда болды. Ол тұжырымдамада былай дейді: эмоционалды даму деген жоқ, тек жеке адамның дербес дамуының Психикалық күй – қалып және эмоционалды күйлер мәселелері өте ертеден зерттелуде. Ертедегі философтар еңбектері негізінде психикалық қалып ұғымы категориалды сипатқа ие болды. Аристотель бойынша, психикалық қалыптар – адам жанының ерекше күйі. Аристотель ой-пікірлері арқылы, психикалық феномендер бірлігі, жиынтығы аффективті сипаттағы және сана, әрі еріктік күй сияқты психикалық қалыптарға бөлінетіндігі анықталды. Қобалжу жүйке – психикалық күйзеліс қалпымен қатар зерттеліп келді. Жүйке-психикалық күйзелістің клиника-эмпирикалық сипаттамасы – адамның

психикалық – іс-әрекетінің тиімділігінің өзгерісі болып табылады. Бұл дискомфорт сезімін және қобалжуды бастан кешірумен қатар жүреді. Ғылымда эмоция және сезім әсерінен туындайтын түрлі физиологиялық өзгерістер зерттелген (жүрек жұмысының өзгеруі, тыныс алу және ас қорытудағы өзгерістер, эндокриндік бездер), эмоцияның танымдық психикалық процестерге әсері (қабылдау, зейін, жад, ойлау және т.б.). Айқын эмоциялар студенттік кезеңдерде өздерін танытып маңызды рөл атқарады (университетке қабылдау, мемлекеттік емтихандар, т.б.) олар мақсатқа жету мотивациясын нығайтуға көмектесе алады. Белгілі бір эмоциялар тәжірибесі, оның көзқарасын қалпына келтіру үшін, жеке басын қалыптастыруға әсер етеді. Студенттердің эмоционалдық процестері үшін оқыту процесінде олардың жоғары қарқындылығы сипатталады, алуан түрлілігі, жедел қалыптасу, ауысу. Студенттердің кең спектрлі компоненттерінің эмоциялық саласында маңызды нәрсе - олардың оқу нәтижелері үшін жауапкершілік болып табылады. Эмоционалды сала эмоционалдық уайым мен сезім тұрады. Кез келген уайым – кез келген жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бағалау процесі. Эмоционалды уайым адамда эмоциялар және эмоционалдық жай деп бөлінеді. Әрбір адамның (жалпы алғанда барлық адамдар үшін) үшін, жұмысына максималды тиімділігін қамтамасыз ету оңтайлы эмоционалдық қозғыштығы бар. Эмоционалдық қозудың оңтайлы деңгейі өз кезегінде, көптеген факторларға байланысты: ол орын алған жағдайлар, жүзеге асырылатын қызметтің сипаттамалары болып табылады. Құндылық бағдар жүйесі адамның барлық өмір барысында тәрбие мен әлеуметтену процесінде қалыптасады. Тұлғаның құндылық бағдар жүйесінен қандай да бір әрекеттерді орындауға қажет саналы негіздеме болып саналатын іс-әрекет мотивациясы шығады. Әрбір адам белгілі бір қоғамда өмір сүре отырып, өзінің рухани, материалды, әлеуметтік, физикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысады. Құндылық бағдар әрқашанда ғалымдарды толғандырған мәселе және қоғам дамуының түрлі кезеңдерінде философтар, социологтар, психологтар мен педагогтар бұл мәселеге оралып отырған. Мейірімділік пен зұлымдық, адалдық пен екіжүзділік, жақсы мен жаман жайлы алғашқы ой-пікірлер ежелгі философтар Теофраст, Платон, Сократ, Аристотель еңбектерінде айтылған. Кейін бұл мәселе жайында Р. Декарт, Ж.Ж. Руссо, А.К. Гельвеций, Дж. Вико, Г. Гегель, И. Кант, Э. Дюркгейм, т.б. ой қозғаған. Кеңес үкіметі кезінде тұлғаның құндылық бағдары проблемаларын зерттеуде С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, Г.М. Андреева, В.Г. Алексеева, Е.С. Кузьмин, Б.Г. Ананьев, Г.П. Предвечный, Ю.Л. Шерковин, М. Рокич, М.М. Бобнева, Е.В. Андриенко сияқты атақты психологтар айтарлықтай үлес қосты [2].

Ел ұлағатты ұрпағымен күшті мемлекет болмақ демекші, еліміздің ертеңі жастардың бойына сіңірген құндылықтарымен тығыз байланысты. Отан сүйгіштік, еңбеккерлік, жауапкершілік, мәдениеттілік пен инабаттылық қашанда жеке тұлғаның бетке ұстар адами қасиеттері болып табылады. Осы құндылықтарды күнделікті ұстанған адам өзінің жарасымды қылықтарымен қоршаған ортасында беделге ие болып, көздеген мақсатына жете алады. Құндылық бағдарлар даму жағдайында қалыптаса отырып, ары қарай өмірлік таңдауларға өзіндік әсерін тигізеді. Студенттік жас тұлғаның этностық элементін қалыптастырудағы шешуші кезең ретінде сипатталады. Зерттеуімізде түрлі этностық топтарға жататын студенттердің құндылық бағдарларының ұқсастықтары мен айырмашылықтары қарастырдық. Түрлі құндылық бағдарлар бір мәдениет шеңберінде қалыптасуы мүмкін. Тұлғаның құндылық бағдарлары заманауи этностық трансформацияны толығымен бейнелейді. Индивидуалдылық тенденцияны игеру полиэтностық сондай-ақ моноэтностық топтарда жеке жетістіктерге жетумен сипатталады. Алынған нәтижелер Қазақстандағы құндылық бағдарлардың кросс-мәдени зерттеулерін ары қарай дамытуға, сонымен қатар білім беру саласында жастарды этномәдени тәрбиелеу процесін ұйымдастыруға кең мүмкіндік ашады.

Әдебиеттер

1. Головатых Р.Я. Ценностные ориентации и перестройка общественного сознания. // Философские науки. – 1989. – № 6. – с.85-89.
2. Гумилев Л.Н. Этносфера: История людей и история природы. М.: Экспрос. – 1993.
3. Гусейнов Г., Драгунский Д. Новый взгляд на старые истины // Ожог родного очага. М.: Прогресс. – 1990. – С. 7-28.
4. Здравомыслов А.Г. Потребности. Интересы. Ценности. – М.: Политиздат. – 1986.

ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Торехан А.Т., 7М01301 – "Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі" ББ магистранты
Джумажанова Г.К., қауымдастырылған профессор
 «Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Семей қаласы ҚР

Соңғы жылдары білім беру саласында болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру туралы әр түрлі пікірлер жиі айтылуда. «Құзыреттілік» түсінігі білім беру саласында 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиеттерінде, ал 1980 жылдардың соңында отандық әдебиеттерде кездесті. «Кәсіби құзыреттілік, жете білушілік» ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен, «кәсіптілік», «біліктілік», «кәсіби мүмкіндіктер» және т.б. түсініктерді біріктіреді. Кәсіби құзыреттілікті анықтау туралы мәселе педагог, философ, физиологтардың, арасында пікір қайшылықтары мен жаңа ойлар тудыруда. Тұлғаның кәсіби процесін көп жағдайда оның біліктілігімен, кәсіптік құзыреттілігімен байланыста қарастырады. Қазіргі кездегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында мұғалімдердің құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне қызығушылықтың артуы осы міндеттерді шешудің бағдары ретінде қарастырылып отыр. Дәстүрлі педагогикалық білім мазмұны негізінен танымдық сипатта беріліп келді. Оның дидактикалық-әдістемелік бөлігін құрайтын жаттығулар, сұрау-тапсырмалар сол танымдық материалды меңгеруге қызмет ететін мақсатта құрылатын. Ендігі жерде жаңа ХХІ ғасыр педагогикасының философиясы мүлде өзгеше парадигманы қажет етуде. Мұнда білім беру процесінің объектісі бұрынғыдай тек білім, яғни оқу материалы ғана деп қаралмайды. Білім беру процесі, ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, мынадай міндеттерден түзіледі: оқушының интеллектуалдық-танымдық, психологиялық, шығармашылық іскерлік сапаларын, өз бетінше оқу әрекетшілдігін, коммуникативтілігін, әлеуметтенуге бейімділігін, эстетикалық, рухани-адамгершілік, экологиялық, дене мәдениетін т.б. қалыптастыру. Білім мазмұнын құрайтын оқу материалдары тұлға дамытушы мүддені түзуге тікелей қызмет ететіндей етіп құрылуы керек. Орыс педагогі К.Д. Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындалып отыр. Біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Жалпы алғанда «құзыреттілік» ұғымы жайлы ғалым К. Құдайбергенова «Құзыреттілік

ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым.

Қазіргі педагогика ғылымында негізгі базалық ілімдердің бірі «құзыреттілік» болып отыр. Құзыреттілік дегеніміз-тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш-жігердің болуы. Құзыреттілік жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда аман қалуды қамтамасыз етеді және олар бәсекеге қабілетті маманмен қамтамасыздандырады. Көптеген елдерде құзыреттілікке жаңаша мән беру білімді жоғары дәрежеге көтергені мәлім. Құзыреттілік еңбек нарығында тұрақты өсіп отырған талаптармен, шапшаң технологиялық өзгертулермен, соның ішінде академиялық және еңбектегі мобильдік өсуімен негізделген. Құзыреттіліктің жеке компоненттерін анықтай отырып, ол адамның алдына қойған мақсаттарын орындауға көмектесетін сипаты мен икемділігін атайды. Құзыреттіліктің латын тілінен аудармасы «компетенс» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді. Бұл жайлы Б. Тұрғанбаева «... өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзыреттілік деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н. Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзыреттілік дегеніміз - педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы». Латын тіліндегі «компетенс» сөзін ғалым К.Құдайбергенова «Құзыреттілік білімін, біліктілігін, дағдысын, тұлға мінез- құлқын, ең бастысы тұлға мүмкіндігін бағалаудың критерийі мақсатында қарастыру құзыреттілік маңызын толық аша алады. Олай болса, құзыреттілік, нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарды есепке алу қажет» деп жазса, Б. Тұрғанбаева «Құзыреттілікке бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молайды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады. Өйткені, құзыреттілікке бағытталған үлгіде білім алушылардың өздерін ұйымдастыру - басты мақсаты» деп көрсетеді. Қ. Құдайбергенова құзыреттілікті «әртүрлі кенеттен болған ситуацияларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік ситуация арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі ретінде, ал құзырлылықты адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыру ұсынылады» деген тоқтам жасайды. Әлеуметтік жағдайды, жаңашылдық өзгерістер мен әлемдік педагогикалық тәжірибені қазіргі ғылыми тұрғыдан талдау білім беруді дамытудың жаңа бағдары – жаңару стратегиясын таңдауға себепші болды. Алдымен білім беру мақсаттарының өзгерісіне, ізінше оның тиімділігі өлшемдері келді. Білім беру жүйесі әлі де болса соңғы нәтиже ретіндегі білім, білік және дағдыға бағдарланған. Білім деңгейі мектеп бітірудегі, жоғары оқу орындарына түсуде т.б. негізгі өлшемдер ретінде қарастырылады. Ежелден белгілі: «көп білім ақылдылыққа үйретпейді». Сондықтан оқыту жеке тұлғаны қалыптастыруға, дара мүмкіндіктерін, шығармашылығын дамытуға бағытталуы тиіс. Оқыту – міндетті түрде тәрбиелік қызметпен сабақтастықта өтуі қажет. Осы тұрғыдан білім беру мақсаттары әлеуметтік-жекетұлғалық құндылықтарға, сонымен қатар жеке тұлғалық-даралық сипатта болу қажеттігі туындады. Сондықтан қазіргі қоғам талабына сай, баланың ой-өрісін дамыту, біліктері мен шеберліктерін қалыптастыру, оны өз тәжірибесінде, жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, ой дербестігін кеңейту, заман сұранысына сай ізденімпаз, шығармашыл тұлғасын қалыптастырудың бірден-бір жолы – бастауыш сынып мұғалімдерінің дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігін мойындап отырмыз. Әлемдегі алдыңғы қатарлы мектептер тәжірибелерін жалпылап, құнды бағыттары мен идеяларын ұлттық психологиямызға сәйкес пайдалана отырып, еліміздегі білім беру мәселесін жаңа жолға қою өзекті мәселе. Сондықтан білім беру жүйесіндегі реформа кезеңдерге бөлініп, *эволюциялық жолмен*, жаңа әдіс-тәсілдерді, құралдарды пайдалану арқылы жетілдіру, оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын жаңарту, білім беру процесінің жаңа моделін сынақтан өткізу және мектепті бірте-бірте жаңа шығармашылық іс-әрекет ұстамына көшіру түрінде жүзеге асырылуы тиіс. Жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту тетіктерін зерттеуге деген әлеуметтік тапсырыс құзыреттілік проблемасының ерекше өзектілігін ескертіп отыр. Бірақ, мәселе мынада: дидактикалық құзыреттілік педагогикалық ғылымдарда тұрақталған категориялар болып табылса да, «құзыреттілік» түсінігі өз пайымдауын тапқан жоқ және педагогика ғылымынан жеткілікті талдауын талап етеді. Құзыреттілік проблемасы қазіргі кезеңде зерттеліп жатқанымен, бірқатар ғылыми-зерттеу жұмысы белгілі бір дәрежеде құзыреттіліктің түрлі аспектісін қарастырғанымен, бүгінге дейін проблеманың өзіне де, оған қатысы бар түрлі қолданбалы сипаттағы сұрақтарға байланысты да бірыңғай пікір қалыптаспай отыр. Сонымен, ғалымдардың пікірлерін тірек ете отырып және талдау нәтижесінде: *дидактикалық құзыреттілік* — педагогтардың оқу үрдісінде дидактикалық мақсаттарды шығармашылықпен жүзеге

асыруына және шешуге бағытталған кәсіби дидактикалық қызметке теориялық және практикалық дайындығынан көрінетін сапалары деген анықтама береміз.

Әдебиеттер

1. Аманжолов С. Құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негіздері // Өскемен: Баспа. – 2007. – Б.135-140.
2. Лукьянова М.И. Психолого-педагогическая компетентность учителя // Педагогика. – 2001. – № 10. – С. 56-61.
3. Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі. – Алматы: Білім. – 2008. – 200 б.
4. Базарғалиева Б. Құзыреттілік // Қазақстан мектебі. – № 4. – 2019. – 15-17 б.
5. Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. (монография). – Астана. – 2001. – 275 б.

ҒТАХР: 15.31.31

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ІС - ТӘЖІРИБЕНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Момынбаева Р.А., 7М01301 – "Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі" ББ магистранты
Джумажанова Г.К., қауымдастырылған профессор
«Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Семей қаласы ҚР

«Іс – тәжірибе» ұғымы Ежелгі Грециядан енген, «қимыл, әрекет» деген мағынаны білдіреді. Адам өз бойының ақиқаттығын, яғни шындығы мен күш қуатын, осы дүниелік екендігін практикада дәлелдеуі тиіс. Философиялық сөздікте «Іс – тәжірибе» қоғамның дамуын қамтамасыз ететін адамдар әрекеті. Адамдар өмірінің негізін құрайтын материалдық өндірістің объективтік процесі делінген. Диалектикалық материализмде іс – тәжірибеақиқаттың өлшемі. Адам іс – тәжірибе жүзінде әрекет жасай отырып, өзінің алдына белгілі мақсаттарды қояды, бұл мақсаттарда оның айналасындағы құбылыстарды түсінуі, оның білімі көрсетіледі. Философиялық еңбектерде іс – тәжірибе таным әдісінің өзі болып табылады делінген. Шындығында, студенттер іс – тәжірибе кезінде өмірден байқағанын тікелей пайымдау, мақсатты түрде бақылау, талдау, жинақтау, дерексіздендіру және тағы басқа педагогикалық жағдайларды бастан кешіруге мүмкіндік алады. [1]

Академик И.Т. Фролов «іс – тәжірибе» қоршаған ортаға адамдық қатынастың бірі десе, адам практикалық қызметте өзіне қажет нәтижеге материяның өзі сияқты, материяның заңдарына сәйкес әрекет нәтижесінде жетеді.

Философтар Д. Кішібеков, Ә. Нысанбаев, Ү. Сыдықовтың еңбектерінде іс – тәжірибе танымның негізі, адамдардың дүниені және өзін үнемі қайта жасап, өзгертіп, әрі дамытып отыратын практикалық қызметі екендігі көрсетілді [2]. Ғалым Қ.Ж. Рахметов іс – тәжірибе адамның санасы, мақсатты қызметі, сонымен қатар ол жануарлар қызметінен ажыратылады. Сол сияқты адамның физиологиялық әрекеті де практикадан бөлектенеді. Барлық білім практикадан шығады, танымның негізі, білімнің себебі, мақсаты деп тұжырымдаған. Қ. Әбішев өзінің еңбектерінде "практика, іс-әрекеттер адамдардың дүниені игеріп, сол арқылы өзін, өз болымысын өзгерту, жарату, жасау қызметі. Адамдар рухани нәтижелерді, яғни, сезімдерді, ұғындырады, түсініктерді, жатты дүниенің оған қажет сан алуан бейнелерін тікелей практика түрінде жасайды", деп практиканың адам өміріндегі маңызын жоғары бағалаған. Методологиялық білімнің абстрактілік негізі жанама немесе тікелей практикаға бағытталатынын атап өту керек. Студент оқытушының оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу процесін талдай отырып, бастапқы кезде, өзі әлі оқу-тәрбие іс-шараларын жүргізбей тұрып, алған теориялық білімін салыстырады, оны іс жүзінде қолданудың жолын үйренеді. Сөйтіп, білімін практикада қолдана білу мүмкіндігін тексереді. Психологиялық-педагогикалық түсіндірме сөздікте "практика теорияның іс жүзіне асуынан туған тәжірибе; қалыптасқан дағды іс-әрекет; өмір тәжірибесі, жаттығу, дағды" делінген. Бұл анықтаманың негізін теориялық ой-тұжырымдардан іздейік. Студенттердің педагогикалық іс-әрекетке ынтықтанып болуы, оның қажеттілікке айналуы, кәсіби шындалуы танымдық, психикалық процестің жетілуіне, зейініне, қызығушылығына, шығармашылық ой-әрекетіне, темпераментіне, қиялдануына, мотивіне тікелей байланысты. Психолог С.Л. Рубинштейн педагогикалық іс-тәжірибенің қызметін: педагогикалық дағдыларды меңгеруі, педагогикалық диагностикалау жолы, практика білім беру құралы, жалпы және теорияны шығармашылықпен қайта

өндеу жолы, терең білім беру құралы деп анықтама берген.

Е.И. Хмелюктің зерттеу нәтижесінде, педагогикалық әрекетке қызығу, осы аймақта еңбектену тілегі, қарапайым білімі, дағдысы, біліктілігінің болуы практика барысында шындалады деп түйіндейді. Жоғарыда талданған психологиялық ой тұжырымдарды түйіндей келе, педагогикалық іс-тәжірибе барысында болашақ мамандарды психологиялық тұрғыда кәсібіне дайындау және практика таным көзі деп топшылаймыз. Еліміздегі психология ғылымының дамуына М. Мърсановтың ұстаз психологиясына оның шеберлігі мен мамандығына лайықты салаларды тізіп көрсете келе, педагогикалық іс-тәжірибе арқылы жоғары оқу орны студенттерге кәсіби бағыттылығы мен шеберліктің өзіне тән ерекшелігін ашып көрсетудің маңызы зор екендігін айтқан. Біз практика арқылы студенттердің кәсіби қызығуы, қажеттілігін туғызу, белгілі мотивтерінің болуы және теорияны практика арқылы танылуы арқылы кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады деп тұжырымдаймыз [3].

Педагогикалық сөздікте «Практика дегеніміз- адамдардың табиғатты және қоғамды қайта құруға бағытталған қоғамдық, материалдық және мақсатқа лайық қызметі» деп анықтама берілген. Дегенмен, педагогикалық іс-тәжірибені біртұтас педагогикалық жүйе ретінде зерттеу тарихына тоқталсақ, кеңестік дәуірдегі және Қазақстан Республикасының егеменді ел болып өз мәселелерін өзі шешуге бағыт алған кезеңдегі ізденістерді қамтуға тиіспіз. Қарастыратын еңбектер болашақ бастауыш мектеп мамандарын дайындауда неге көңіл бөлу керектігі жөнінде маңызы зор. Авторлар В.И. Ядэшко, Л.М. Волобуева, Л.И. Павлова, Ю. Дмитриев, И.М. Кононова, П.А. Морева, Л. Поздняк, В.П. Дуброва, Е.П. Милашевич «Мектепке дейінгі педагогика және психология» және «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандықтарының студенттерін ұйымдастырудың мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, әдістерін ашып көрсеткен.

Педагогикалық іс – тәжірибе – жалпы ғылыми, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімді тереңдету және бекітуге, сонымен қатар олардың негізінде теориялық білімді, педагогикалық дағдыларды, қабілеттерді және құзіреттерді қалыптастыруға бағытталған кәсіби практиканың түрі. Болашақ педагог мамандардың теориялық білімдері мен практикалық тәжірибелерін ұштастыратын негізгі форма – педагогикалық іс тәжірибе. Ресей жазушысы В. Афанасьев: «Теория мен практиканың айырмашылығы – тәжірибеде. Теория деген не? Өткен ұрпақтардың жинаған практикасы. Практика деген не? Өзіміз жинақтайтын практика. Теорияны да, тәжірибені де ескерген жөн. Теориямен нығайтылмаған тәжірибе ешқашанда тиімді болмайды, қандай тақырыпта сөз қозғалса да» - деп айтқан.

Болашақ мамандардың тұлға ретінде қалыптасуында педагогикалық іс-тәжірибенің мәнін көтерудің бірнеше себебі бар: біріншіден, жоғары оқу орны қабырғасында өткізілген теориялық дайындықтар нәтижесі педагогикалық іс-тәжірибе кезінде қолданылады да, оның жетістігі мен кемшілігі айқын көзге түседі. Екіншіден, педагогикалық іс-тәжірибе кезінде студенттер оқушылармен тікелей қарым-қатынасқа түсу арқылы оның жеке дара ерекшеліктері мен қабілеттерін айқындайды, олардың мінез-құлықтарындағы кейбір кемшіліктерді түзетуге ұмтылады. Үшіншіден, педагогикалық іс-тәжірибе кезінде студенттердің өзіндік «менінің» мәні арта түседі. «Мен білемін», «үйренемін», «үйретемін», «тәрбиелеймін», «қарым-қатынас жасай аламын» деген сияқты сенімі нығаяды. Оқушыларды тәрбиелеуге көңіл бөле отырып студент өзін-өзі тәрбиелеумен айналысады, қиындықты жеңуге, сол сәтте кездескен проблемалардың шешімін табуға үйренеді, педагогикалық ойлауы дамиды. Педагогикалық іс-тәжірибенің негізгі міндеті студенттердің жалпы теориялық, арнайы, психологиялық-педагогикалық әдістемелік жағынан дайындығы болып табылады. Мақсатты ұйымдастырылған және тиянақты өткізілген педагогикалық іс-тәжірибе студенттерді оқыту мен тәрбие жұмысының қазіргі өмірімен байланысын күшейтуге, болашақ ұстаздың балалар және жасөспірімдермен байланысын күшейтуге, болашақ ұстаздың балалар және жасөспірімдермен тығыз қарым – қатынаста болуына және студенттің пән бойынша психологиялық – педагогикалық білімінің қалыптасуына оң әсерін тигізеді.

Республикамызда ғалым педагогтар Құнантаева Қ.Қ., Сабыров Т.С., Бекбаева З.Н. зерттеулері мен әдістемелік құралдарында педагогикалық іс-тәжірибенің барысында болашақ мамандардың педагогикалық біліктерін қалыптастырудың маңызы туралы аталған [4]. Студенттердің педагогикалық іс-тәжірибе барысында кәсіби бағыттылығын қалыптастырудың айқын жүйесі мен сара бағытын, нақты үрдісін жобалау кезек күттірмейтін көкейкесті мәселе болып отыр. Жоғары оқу орындарында педагогикалық іс-тәжірибені ұйымдастырудың барысында студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға жеткілікті мән берілмегендіктен, педагогикалық процестердің міндеттерін орындауда көптеген қиыншылықтарға кездесетіндігі тәжірибе барысында анықталып отыр [5]. Практика құрамы қажеттілік, мақсат, себеп, жеке актілер түріндегі мақсатты іс- әрекет етеді. Сондықтан психология

ғылымында практиканы адамның заттық іс- әрекеті ретінде қарастырады. Педагогикалық зерттеулерде практика дегеніміз адамдардың табиғатты және қоғамды қайта құруға бағытталған қоғамдық, материалдық және мақсатқа лайық қызметі деп анықтама берілген. Әлеуметтік, философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттердегі кәсіби бағыттылық ұғымы туралы айтылған ой тұжырымдарға талдау жасай келе, бір топ автор кәсіби бағыттылықтың психологиялық-педагогикалық аспектісін кәсіби шеберлікті дамыту бағытында, жеке адамның маңызды жақтары қызығуы ниеттері, бейімділіктері, мұраты, сенімдері деп түсіндіреді. Екінші топтар кәсіби бағыттың компоненттеріне қызығулар, бейімділікті, кәсіби ниеттер, жеке бастың еңбек тәжірибесі қоғамға еңбек ету дайындығы, мотивтер, шығармашылық кәсіби ойлау, ұжымдық, коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттер десе, үшінші топтар танымдық мотивациялық-дүниетанымды, эмоциялық-еріктік, мінез-құлықтық деп бөлген.

Әдебиеттер

1. Сыздықбаева Г.У. Формирование профессионально-личностной компетенции студентов педагогических вузов. – Алматы. – 2006.
2. Семенова М.В. Педагогические условия формирования профессиональной компетентности будущих педагогов в ВУЗ-е: Караганда. – 2005.
3. Талызина Н.Ф. Формирование познавательной деятельности учащихся. – Москва: Знание. – 1983.
4. Шаметов Н.Р. Формирование профессиональной компетенции будущих педагогов профессионального обучения непрерывного образования «Колледж-ВУЗ»: – Астана. – 2006.
5. Щадриков В.Д. Психология деятельности и способности человека. – Москва. – 1996.

МРНТИ: 14.15.15

MENTAL MAPS AS A VISUAL TEACHING METHOD

Zhakayeva A.S.

Republic of Kazakhstan, Semey city, Secondary school № 29


In this article, I would like to reveal the positive aspects of using Mind Maps in English lessons, which can give the use of mental maps in English lessons Mind Map – mental maps (mind maps, mental maps or intelligence maps), translated from English, were invented by the American scientist Tony Buzen in the 60-70 years of the XX century. Mental maps are a graphical expression of the processes of multidimensional thinking and therefore are the most natural way of thinking of the human brain. This is a powerful visual method that provides a universal key to unlocking the potential available in everyone's brain. Mental maps help us understand the difference between the ability to store the amount of information that can be captured in memory and the efficiency of storing information, which is what this method is designed for. Effective storage of information means its assimilation and understanding. And the more information is assimilated, thus, the stronger memory, thinking and intelligence become. Mind maps are a convenient technique for representing thinking processes or structuring information in a visual form.

The use of mental maps in English lessons allows: Create motivation to master a foreign language as a means of communication. Organize individual, group and collective activities of students. To design the educational content in accordance with the age characteristics of students. Implement a differentiated approach to students. Organize independent work of students. Organize students' project activities. To teach students to use dictionaries, reference books and other sources of written and oral information in order to find the necessary meanings, decipher dictionary designations. To develop students' creative and intellectual abilities, thinking, memory, as well as to show intuitive abilities. The goals of creating maps can be very different: memorizing complex material, transmitting information, clarifying a question for yourself. Mind maps can be used in a wide variety of situations: in professional activities, in training, for individual planning, etc. There are certain rules for creating mental maps developed by Tony Buzen, which are described in detail in his book "How to Mind Map", namely:

Each main branch has its own color. To create maps, only colored pencils, markers, etc. are used. The main branches are connected to the central idea, and the branches of the second, third, etc. order are connected to the main branches. The branches should be curved, not straight (like the branches of a tree). Only one keyword is written above each branch line. For better memorization and assimilation, it is advisable to use drawings, pictures, associations about each word.

In our modern world with a large flow of information, the use of mental maps in teaching schoolchildren can give huge positive results, as children learn to choose, structure and memorize key information, as well as reproduce it later. Thought cards help to develop creative and critical thinking, memory and attention of schoolchildren, as well as make learning and learning processes more interesting, entertaining.

Why do I consider it possible to use mental maps in English lessons? A mental map can be described as an associative network consisting of images and words, a multi-vector nature of words accumulates and splashes out in it. It is the word that is the main unit of any language. The main thing, in my opinion, when learning a foreign language is the presence of a good vocabulary, that is, knowledge and mastery of a large number of words on various topics. Why do mental maps make it easy to remember new words and recall already known ones? Firstly, the student remembers or finds the word himself, this activates the processes of memory and thinking. Secondly, presenting each word in the form of a picture, a complex bouquet of skills characteristic of both the left and right hemispheres of the brain is used: words are a function of the left hemisphere, and images and fantasy are of the right. The use of pictures and images facilitates the translation, understanding and memorization of the meaning of the word. Thirdly, any thing that seems unusual, colorful or funny is much easier to remember and pops up in the brain faster than banal and boring things (different colors and drawings are used for this). It is on this that the miraculous power of mental maps is based. Thus, imagination, creative and critical thinking, and all types of memory are involved in the creation of mental maps: visual, auditory, mechanical, which allows you to memorize words.



Mental maps can be used to:

- 1) work with lexical material: introduction of new vocabulary, consolidation of new vocabulary, vocabulary control.
- 2) work with grammatical material. You can make mental maps based on the studied grammatical material in order to assimilate and memorize it.
- 3) work with text material. Making plans for retelling texts in the form of mental maps, etc.
- 4) teaching oral monological utterance with the help of verbal supports. The mental map acts as a verbal support of the utterance. It is effective to use cards in preparation for the exam, since less time is spent on memorizing and repeating information, its reproduction becomes more meaningful.
- 5) presentation of the results of project activities. You can depict the entire process of creating a project in the form of a mental map, or only the results of the project, new ideas, etc. And then during the presentation of the project, everything that is depicted on the map is explained
- 6) conducting a "brainstorming session". With the help of maps, you can create hundreds or more ideas that are quickly generated, they are more original and effective.
- 7) conducting discussions, debates. A mental map is made for each of the disputing parties, which helps to objectively and effectively investigate disagreements.

One of the main positive aspects of mental maps is that they can be used when studying any topic and with children of almost any age.

МРНТИ: 14.35.09

АЭРОБНАЯ И АНАЭРОБНАЯ НАГРУЗКА В СИСТЕМЕ ФИЗИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТА

Рахимжанова А.М., Керімжанов А.
Университет имени Шакарима города Семей

Занятия физической культурой вызывают существенные биологические изменения в организме человека, улучшая его здоровье, а также в значительной мере определяют его продолжительность

жизни, творческое долголетие. Хорошее физическое состояние определяет профессиональную психофизическую подготовку человека, позволяя ему быстрее осваивать новые сложные производственные процессы.

Аэробные нагрузки укрепляют кардиореспираторную систему, повышают работоспособность, стрессоустойчивость и уровень хорошего холестерина в крови человека, способствуют снижению массы тела, увеличивают продолжительность жизни. Поэтому в практические занятия по физической культуре в вузах включены циклические виды спорта: легкая атлетика, лыжи, плавание, многообразные упражнения из различных видов аэробики. Они способствуют функциональной подготовленности студенческой молодежи, которая определяет физиологические резервы их организма, обусловленные повышением уровня деятельности функциональных систем студентов: сердечно-сосудистой, дыхательной, нервной, эндокринной, пищеварительной и других, а значит укреплением здоровья, увеличением работоспособности.

Функциональная подготовленность осуществляется в учебнотренировочном процессе и физкультурно-спортивной деятельности путем научно обоснованного использования двигательной активности студентов. В физической культуре и оздоровительном спорте появилось множество новых видов физической активности. В настоящее время известно более 70 нетрадиционных видов спорта и систем физических упражнений.

Существует разделение спортивных нагрузок по интенсивности на аэробные (они же кардио), анаэробные и смешанные. Различаются эти виды нагрузок по характеру снабжения мышц кислородом во время тренировки (отсюда часть «аэро»). При аэробной нагрузке мышцам полностью хватает поступающего в организм кислорода, при анаэробной – нет.

При тренировках энергия для нашего тела берется из аденозинтрифосфорной кислоты (АТФ), для ее синтеза при разных типах нагрузок используются разные вещества. Так, при аэробной нагрузке, используются жироперерабатывающие и углеводоперерабатывающие ферменты (т.е. поступает жир из жировых тканей, глюкоза из крови), а при анаэробной – только углеводоперерабатывающие. Именно поэтому считается, что для похудения анаэробные нагрузки бесполезны. Известно, что обмен веществ при возбуждении мышцы представляет собой сложную систему химических реакций. Процессы расщепления сложных молекул на более простые сочетаются с процессами синтеза (восстановления) богатых энергией веществ. Один из этих процессов может идти только в присутствии кислорода, т.е. в аэробных условиях. При аэробных процессах вырабатывается значительно большее количество энергии, чем при анаэробных реакциях. Углекислый газ и вода являются основными продуктами распада при аэробном способе выработки энергии и легко удаляются из организма при помощи дыхания и пота. К видам двигательной активности, стимулирующим повышение потребления кислорода во время занятий, относятся различные циклические движения, выполняемые с невысокой интенсивностью достаточно длительное время.

Аэробные нагрузки способствуют понижению давления, уменьшают риск возникновения сердечной недостаточности, улучшают работу легких и помогают одолеть стрессовые состояния организма. К аэробным нагрузкам относятся танцы, занятия, например, кикбоксингом, спринт.

Анаэробные упражнения – это кратковременные интенсивные тренировки, во время которых организм испытывает нехватку кислорода. Эти упражнения выполняются за счет энергии, запасенной в мышцах, и в отличие от аэробных упражнений не нуждаются в кислороде воздуха (поступающем при дыхании). С энергетической точки зрения, все скоростно-силовые упражнения относятся к анаэробным.

Анаэробные нагрузки направлены на развитие силы, наращивание и укрепление мышечной ткани и придание мышцам определенной формы. Анаэробные упражнения приводят в действие совершенно иной тип обмена веществ, использующий в качестве топлива почти исключительно гликоген (заранее накопленные организмом углеводы). При анаэробном тренинге выполняются высокоинтенсивные, непродолжительные упражнения. Анаэробный тренинг (например, упражнения с отягощением до временного "отказа") высокоинтенсивен, в работу вовлекается максимальное число мышечных волокон. Для энергетической характеристики этих упражнений используется два основных показателя: максимальная анаэробная мощность работы и максимальная анаэробная емкость (способность).

В целом анаэробные тренировки сжигают меньше калорий по сравнению с аэробными. Однако они работают эффективнее в укреплении и наращивании мускулатуры, а также не стоит забывать об улучшении работы легких и сердца. Такие тренировки обычно заканчиваются накоплением в крови огромного количества молочной кислоты и связанного с этим мышечным дискомфортом. Данный тип упражнений чрезвычайно интенсивен и не должен практиковаться начинающими.

Аэробные упражнения подразумевают умеренные физические нагрузки, в них принимают участие большие группы мышц, чаще всего тела, и их можно делать в течение продолжительного времени. К ним относят ходьбу, бег трусцой, плавание, теннис, катание на велосипеде, ритмическую гимнастику. Аэробные упражнения способствуют более интенсивному усвоению организмом кислорода воздуха и очень полезны для сердца, легких и системы кровообращения.

Анаэробные упражнения предполагают высокую физическую активность в течение короткого времени. Они способствуют увеличению мышечной силы, выносливости и прочности связочного аппарата суставов и костей. Анаэробная нагрузка тоже имеет место быть, но она должна сочетаться с другими видами нагрузки. Потому что анаэробный рывок – стресс для организма.

Из всего выше сказанного можно сделать вывод: если двигательная активность аэробной направленности будет общепринятой ежедневной нормой, то самочувствие, умственная и физическая работоспособность будет на очень высоком уровне. Поэтому не только каждому участнику образовательного процесса, но и всем людям планеты необходимо задуматься о своей аэробной нагрузке.

В результате занятий аэробными упражнениями повысится выносливость организма, снизится утомляемость, улучшится работа дыхательной системы, уменьшится чувствительность к инфекциям. Анаэробная нагрузка увеличит скорость, выносливость и силу организма.

Список литературы

1. Ашмарин Б.А. Теория и методики физического воспитания. М.: Просвещение. 1990. – 288 с.
2. Волков Н.И., Карасев А.В., Хосни М. Теория и практика интервальной тренировки в спорте. – М.: Военная академия им. Ф.Э. Дзержинского, 1999. – 196 с.
3. Лисицкая Т.С. Принципы оздоровительной тренировки // Теория и практика физической культуры. – 2002. – № 8. – С.6-14.
4. Ульянов В.И. Физическая культура: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений Российской Федерации. Ч.1. – Пятигорск: ПГЛУ, 1997.
5. Чебураев В.С., Легостаев Г.Н., Изаак СИ., Чибизова Т.В. Изучение изменений отдельных физиологических показателей девушек под влиянием занятий аэробикой // Теория и практика физической культуры. – 2002. – № 6. – С.17-19. <http://www.lib.sportedu.ru> – центральная отраслевая библиотека по физической культуре.

ҒТАХР: 14.23.05

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ НАШАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ ЖӘНЕ ЗАТТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАЛА ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Абдуллина Қ.Е.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Арнайы педагогика мамандығының докторанты

Арнайы мектептердің ерекше білімді қажет ететін балаларды (естімейтін және есту қабілеті нашар оқушыларды) қабылдауда қойылатын басты критеріі есту қалдығын және өздігінен дамыған сөйлеу тілін сақтап қалуды көздеу. Арнайы мектептердің негізгі міндеті тілді меңгертуде коммуникациялық принципті ұстану және ерекше балалардың тілді меңгеруге қатысты жағдайларын қарастыру.

Есту қабілеті нашар оқушылардың ерекшелігін В.А. Лапшин және Б.П. Пузанов [11, 78 бет] есту – шынайылықты дыбыстық құбылыстар түріндегі көрінісі, дыбыстарды қабылдау және оларды ажырату адамдарға (тірі ағзаға) тән қасиет. Есту қабілеті бұл есту органы немесе дыбыс анализаторларымен жүзеге асырылатын, дыбыстық тітіркенулерді қабылдайтын және ажырататын күрделі жүйке механизмдері. Есту анализаторлары самайдың үлкен жарты ми бөлігінде орналасқан перифериялық немесе рецепторлық (сыртқы, ортаңғы және ішкі құлақ), орташа немесе тасымалдаушы (есту жүйкесі) және орталық (басқарушы) бөлімдерінен тұрады. Құлақ дыбыстық тербелістердің ұлғайтқыш және түрлендіргіші. Дыбыс үш қасиетпен сипатталады: күш, биіктік және тембр. Дыбыстың күші мен жиілігі децибелмен (дБ) өлшенеді. Дыбыстың екпіні – бұл есту қарқындылығын сезіну, ол дыбыс ұлғайған сайын өсіп және оның азаюымен бәсеңдейді.

Р.М. Боскис [3, 3 бет] қоршаған қоршаған әлем әртүрлі дыбыстарға толы екендігін және адам табиғи күрделі, музыкалық дыбыстар әлемінде тұратындығына тоқталып кеткен. Есту адам өмірінде үлкен мәнге ие. Есту қабілеті нашар балаға қоршаған ортаның шыңайлығын, табиғат құбылыстарын әлеуметтік өмірді тануда қиындықтар туғызады. Басты, әрі маңызды психикалық функциялардың бірі – бұл сөйлеу тілін меңгерту және де ол есту қабілетіне қатысты болмақ.

Есту қабілеті нашар бала, өз бетімен сөйлеуді, сонымен қатар сөйлеу дыбыстарын өз бетінше игере алмайды. Есту сөйлеудің айтылымын қалыптастыруда үлкен мәнге ие. Есту қабілеті бұзылған бала өзінің айтылымын бақылай алмайды. Осы себептен оның ауызша сөйлеуі бұзылады. Аталған факторлар тілдің күрделі жүйесін меңгеруде кедергі келтіріп, яғни қоршаған әлемді тануға бөгет болады. Сөйлеудің негізі басқада танымдық үрдістердің дамуына әсер етіп, ойлау қызметін де бұзады [35, 4 бет].

Есту қабілеті нашар балалардың тұлғалық қасиеттерін дамуына бағытталған жаңа технологияларды қолдану – баланың жан-жақты дүниесін терең ашуға, оған бағыт-бағдар беріп, жағымды әсер етуге, зейінін тұрақтандыруға, белсенділігін арттыруға көмектеседі. Іс-әрекеттің түрлеріне балаларды қызықтыра отырып тілін жан-жақты жетілдіріп, ішкі сұлулық сезімдерін оятып қалыптастыруда заттық іс-әрекеттер: сурет салу, құрастыру, жапсыру, қол еңбегі және т.б. өте маңызды.

Ф. Жұмабекова [7, 33 бет] балалар бейнелейтін заттың графикалық формасы алдымен үш сәтке: баланың қолында бар графикалық бейнелерге, затты көру әсеріне және олармен іс-әрекет жасау процесінен игерілетін қимылдық-сезімдік тәжірибеге байланыстылығын зерттеген. Заттың өзін көріп, сурет салу үлкендердің арнайы әсерінің ықпалынан пайда болады. Сурет салу кезінде бала заттардың ұқсас топтарының белгілері ретінде көрінетін көмескі графикалық бейнелерден нақтылы шынайы заттың өзін тікелей сөз арқылы бейнелеуге көшеді. Бейнелеу іс – әрекетін осы бағытта дамыту баладан алдымен ойлау мен қабылдауды дамытуды талап етіп қана қоймай, көре білуді талап етеді, бұл заттар қабылданған бейнелеу қағидалары бойынша мүмкіндік дүниесін береді, баладан қабылданған бейнелерді ауызша сипаттау арқылы есте сақтауын қалыптастырамыз.

Г.К. Абдуллина [2] құрастыру – белгілі мақсатқа бағытталған процесс деп, оның нәтижесінде белгілі бір шынайы зат алынатынын айтқан. Бұл тұрғыда алғанда құрастыру жемісті іс әрекеттің (сурет салу, жапсыру) басқа түрлеріне ұқсас. Сонымен бірге құрастырудың өзіндік талаптары бар. Осы іс – әрекет процесінде қандай да бір құрастырманы жасау үшін кез келген бөлшектерді өзі қалауынша біріктіре салуға болмайтындығын бала түсіне бастайды. Тіректі бөлшектерді жеке бөлу керек, әйтпесе құрастырма орнықпайды. Сурет салуға қарағанда құрастыру іс әрекеті мүлдем басқаша ұйымдастыруды талап етеді. Құрастыру іс – әрекеті бұл істің өз тәсілдерін құрастыруды тұрғызумен тексеруде өз тәсілдерін талап етеді. Құрастыру нәрсені көріп, оның атқаратын қызметін түсіне білуді дамытады, құрастыратын заттың түрлі бөлшектерінің қасиеттері жөнінде едәуір толығырақ түсінік алуға мүмкіндік береді. Бір нәрсені құрастырғанда бала өз тәжірибесі арқылы кейбір бөлшектер кез келген күйде, ал басқалары тек белгілі бір қалыпта ғана орнықты болатындығына, бөлшектерді түрліше ұштастырғанда орнықтылықтың түрліше болатынына көзі жетеді, баланың эстетикалық ұғым, түсініктері жетіле түседі. Айналадағы дүние туралы баланың алатын сан түрлі мәліметтері үлкендердің көрсеткендері мен әңгімелегендері, өзінің көргендері. Бұлар әуестікті, барлық жаңа атаулыға құмарлықты тудырады.

Б.Б. Баймұратова [8] оригами тәсілі арқылы қарапайым ойыншықтарды жасап, оны ертегі желісі бойынша театрландыруда – бала ойлауға, қиындықты жеңуге талпынып, өз жетістігіне қуанатынын сипаттай келе, оригами жолдарымен жасалған ойыншықтар – баланың қолынан келетін, шамаға шақ және қуанышты еңбек деп тұжырымдайды. Оригами арқылы бала белсенділігі дамып, саусақ қимылдары жетіледі, еңбек нәтижесін көріп, қол еңбегі барысында балада жан - жануарлар, құстар т.б. заттардың бейнелерін жасауға деген қызығушылық пайда болады. Қол еңбегін өнермен ұштастыру, әсемдікті әдемі сөздермен жеткізу, сөз мәдениетін қалыптастыруда көп септігін тигізеді.

Ф. Жұмабекова балалармен ұйымдастырылатын қол еңбегінде жаңа технологияларды жиі қолдану бала ынтасын қотеретінін, қызығушылығын арттырып, дербес әрекетін дамытатынына ерекше мән берген [7]. Қол еңбегін ұйымдастыруда әр түрлі материалдарды қолдану қажеттігін меңзейді. Сонымен қатар, қол еңбегі нәтижесінде баланың көру мүмкіндігі қолдың саусақ қимылдары т.б. жетіле түседі, сонымен қатар үстел – үсті және қуыршақ театрымен, жасаған бұйымдарын тақырыпқа сай мазмұнын әңгімелеп берумен байланыстырса балалар шеберлікке, шығармашылыққа, сөйлей білуге шыңдала түседі.

Г.К. Абдуллина [1] ерекше қажеттілігі бар балалардағы әлеуметтендіру дағдыларын қалыптастыруға кедергі келтіретін жағымсыз жағдайлар мен танымдық және сөйлеу іс-әрекетінің дамуына жеткізетін әдістерінің бірі – ойын, деп көрсеткен. Ойын баланың өзінің қарым-қатынасқа

деген қажеттігін, сезімдерін, ойларын және эмоцияларын сыртқа шығаруын қамтиды. Ойынды дұрыс ұйымдастыру арқылы баланың сөздік қоры дамиды, басқа балалармен қарым – қатынаста өзін еркін сезінуі және қоршаған ортаға байланысты білімдерін кеңейтеді. Ойындар мен жаттығулар баланы біліммен, мінез-құлық ережелерімен байытады, айналасындағы адамдармен өзара әрекеттесу қажеттіліктерінің қалыптасуын ынталандырады.

Қорыта келгенде, заттық іс-әрекет арқылы есту қабілеті нашар балалардың сөйлеу тілін дамыту мен қатар, баланың психикасында сапалы өзгерістер болатынын байқауға болады. Ұжымдық еңбек іс-әрекетінде заттарды ажыратып қана қоймай, сонымен қатар қарым-қатынас жасау тілін, өз іс-әрекетін басқалардың әрекетіне үйлестіруді, өзара түсінуді, өзара көмектесуді үйренеді. Заттық іс-әрекеттер психикалық процестер ырықтылығының қалыптасуына әсер етеді, тілдік дамуына ықпалын тигізеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Абдуллина Г.Қ., Ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендірудің психологиялық аспектілері //Материалы междунар. науч. практ. конф. «Современные проблемы охраны природы и устойчивое развитие». – Семей, 2020
2. Абдуллина Г.Қ., Мектеп алды балаларының тілін дамыту: оқулық құрал, – Семей, 2014
3. Боскис Р. М., Учителю о детях с нарушениями слуха: Кн.для учителя. -2-е изд.,-испр. – М.: Просвещение, 1988
4. Байтұрсынова А.А., Арнайы педагогика: проблемалар мен даму болашағы, Оқу құралы. – Алматы: 2008
5. Боскис Р.М., Учителю о детях с нарушениями слуха: Кн.для учителя. – 2-е изд.,испр. – М.: Просвещение, 1988. – 128 с.
6. Баймұратова Б.Б., Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1980
7. Жұмабекова Ф., Бала-бақшадағы көркемдік тәрбие (көмекші құрал). – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақстанның Ғылым Академиясының баспа кабинеті, 2000.
8. Зимняя И.А., Речевая деятельность и психология речи //Основы теории речевой деятельности. Под ред. А.А.Льентьева, – М., 1974
9. Карпова А.Ю., Социология (современные методы социологических исследований): учебное пособие / А.Ю. Карпова; Томский политехнический университет. – Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2014. – 77 с.
- 10.Лапшин В.А., Пузанов Б.П., Основы дефектологии:Учеб.пособие для студентов пед.ин-тов. – М.: Просвещение, 1991. – 143 с.
- 11.Лапшин В.А., Пузанов Б.П., Основы дефектологии: Учеб.пособие для студентов пед ин-тов. – М.:Просвещение, 1991
- 12.Мудрик А.В.Социализация человека: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений /А.В. Мудрик – 3-е изд., испр. и доп. – М.: Изд-во Московского психолого-социального ин-та, 2011
- 13.Назарова Н.М., Аксенова Л.И., Богданова Т.Г., Морозова С.А., Специальная педагогика: в 3 т.: учеб.пособие для студ.высш.учеб.заведений /- М.:Издательский центр «Академия», 2008
- 14.Шаховская С.Х., Социальная среда и речь ребенка //Теоретико-методологические аспекты аспекты инновационных процессов коррекционного образования: Материалы Всерос.научно-практ.конфер. и городского научно-методич.семинара, 2001
- 15.Горбова Г.А., Самыгин С.И., Основы социологии и политологии /Учебное пособие для средних специальных учебных заведений, Издательский центр «МарТ» Москва – Ростов-на-Дону. – 2005
- 16.Демина А.В. Орловский государственный университет имени И.С. Тургенева А.В., Теоретическое осмысление проблемы развития диалогической речи детей с нарушенным слухом //Педагогический ИМИДЖ № 3 (44), ИЮЛЬ – СЕНТЯБРЬ 2019
- 17.Демина А.В., Теоретическое осмысление проблемы развития диалогической речи детей с нарушенным слухом //Теоретическое осмысление проблемы развития диалогической речи детей с нарушенным слухом //Педагогический имидж, Государственное автономное учреждение дополнительного профессионального образования Иркутской области «Институт развития образования Иркутской области», Том: 13, № 3 (44), год: 2019
- 18.Әбенбаев С., Эстетикалық мәдениет негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2005
- 19.Жданова Л.У., Особенности изобразительной деятельности дошкольников с нарушениями слуха, //Научные труды молодых ученых и специалистов /Отв. ред. Ю.В.Корнейчук. – Нижневартовск: Изд-во Нижневарт. гос. ун-та, 2015.

ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ «ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ» ҰҒЫМЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Л.С. Ғайсина, Ш.Б. Кадирсизова, Н.Б. Серикбаева
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Психологиялық ғылым мен практика қазіргі заманғы қоғамдық, экономикалық, саяси және адам өмірінің басқа салаларында сұранысқа ие білім саласы болып табылады. Бұл, ең алдымен, психологияның қазіргі даму кезеңінде адам психикасының қалыптасуы мен жұмыс істеу механизмдері мен шарттары, адам психикасына әр түрлі факторлардың оң және теріс әсерлері, түзету және дамыту әсерінің мүмкіндіктері туралы жеткілікті білім деңгейіне ие болуымен байланысты. Практикалық психология адамға өзін және өз проблемаларын түсінуге ғана емес, сонымен қатар қиын өмірлік жағдайлардан шығудың жолдары мен құралдарын табуға, өз күшіне деген сенімділікке ие болуға және өзінің әлеуеті мен мүмкіндіктерін ашуға көмектеседі.

Психология ғылымында – бұл жалпы мәдени құбылыс, психологиялық инновация ретінде пайда болған сәттен бастап зерттелетін категория, өзінің теориялық және әдіснамалық ережелерінің ғылыми және қолданбалы білімнің әртүрлі салаларына, ең алдымен педагогика мен педагогикалық психологияға терең енуімен сипатталады.

Отандық психологиялық-педагогикалық ғылым мен практиканы дамыту білім беруді, білім алушыларды жан-жақты дамытуға, педагогтер мен білім алушылардың субъект-субъектілік өзара іс-әрекетін қалыптастыруға бағытталған. Сондықтан мұғалімнің (тәрбиеші, мұғалім, оқытушы) және білім алушының (мектепке дейінгі, оқушы, студент) жеке басының эталондық моделін жасау үшін педагогикалық психология экзистенциалды-гуманистік психология бағытында қалыптасқан идеяларға сүйенеді. Сонымен қатар, біздің көзқарасымыз бойынша, адамды біртұтас тұлға ретінде қарастыру контекстінде бүгінде шетелдік психология идеяларына сәйкес «психологиялық денсаулық» ұғымына құрылымдық талдау жасау қажет (Ш. Бюлер, Дж. Бьюдженталь, С. Джуард, А. Маслоу, Р. Мэй, К. Роджерс, В. Франкл, Э. Шостром және т. б.). [1, 154 б.].

Зерттеушілер атап өткендей (С.Л. Братченко, Н.Е. Веракса, Д.А. Леонтьев, Е.И. Горячева, Г.Р. Фассахова), А. Маслоудың «Мотивация және тұлға» жұмысы адам табиғатының іргелі сипаттамасы ретінде өзін-өзі жүзеге асырудың мәнін негіздеу арқылы тұлғаның даму теориясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Адамның мұндай сапаға жетуі отбасында да, мектепте де тәрбиенің басты мақсаты болып табылады.

А. Маслоу, негізінен, «психологиялық денсаулықтың негізгі құрамдас бөлігі ретінде адамдардың «қолдарынан келгеннің бәрі» болуға деген ұмтылысын, практикалық іс-әрекетте жасырын қабілеттер мен әлеуетті мүмкіндіктерді жүзеге асыруды көздейтін өзін-өзі тануға деген ұмтылысын, нәзік субъективті қабылдау қабілетінің жоғары дамыған деңгейінде «мінсіз жұмыс істеуін» қарастырады [2, 239 б.].

Алайда, өзін-өзі актуализациялау, А. Маслоудың пікірінше, адамдардың екі пайызынан аспайды, олардың көпшілігі өздеріне күмәнданады немесе өз өздеріне сенімсіз болады: «көптеген адамдар жаманнан гөрі жақсылықты артық көретінін мойындау керек, жеке өсу көбінесе ауыр процесс бола отырып, адамда қорқыныш тудырады» [2, 245 б.].

Әр адамда, А. Маслоудың пікірінше, жаңа тәжірибеге батылдық пен ашықтық, тәуекелге баруға, қателесуге, қолайлы әдеттерден бас тартуға дайын болу арқылы күшейтілген өсу мен жетілуге деген мүмкіндіктері бар, ал кедергі пайдалы сыртқы ортаның болмауы немесе қауіпсіздікке деген қажеттілік болып табылады. А. Маслоудың еңбектерінен Н.Е. Веракстың пікірінше, «қажеттіліктер организм үшін маңыздылығы бойынша иерархияланып қана қоймайды, сонымен қатар олардың биологиялық күші немесе шиеленіс дәрежесі бойынша жіктелген» деген қорытынды жасауға болады. Демек, «жеке (эгоцентрлік) және топтық (әлеуметтік) тенденциялар кездесетін жағдайда» олардың «соқтығысуы олардың негіздерінің, яғни қажеттіліктерінің максималды көрінісіне сәйкес келуі керек» [3, 101 б.].

С. Джуард өзінің «Мөлдір Мен» кітабында адамның «өзін-өзі ашудың» қиындықтары, өзінің шынайы болмысын жасыруға тырысу, «өзінің жалған бейнесін» жасау туралы айтуы кездейсоқ емес, нәтижесінде жалғыздық, басқалардан бөліну және өзінен алшақтау сезімі пайда болады [4]. Ол өзін-өзі басқара алатын адам – бұл жеке тұлғалық қасиеттерінің жоғары деңгейде қалыптасуы деп жазады. Өзінің нақты болмысының мәні мен құндылығын растай отырып, ол өзінің нақты қажеттіліктерін,

өзіндік құндылықтары мен идеалдарын біледі, ал өзінің жеке мінез-құлқын анықтауда өзіндік Мені ол үшін ең жақсы нұсқаулық болып табылады.

А. Маслоу невротикалық тұлғаларды зерттеу тәжірибесінен бас тартып, дені сау адамға назар аудару керек деп есептеген:

«Психологиялық денсаулықтың жетіспеушілігі адамға қысым көрсетіп қана қоймайды, оны соқырлықтың, когнитивті патологияның бір түрі, сондай-ақ дені сау адамдардың ақыл-ойы мен эмоционалдық кемістігінің бір түрі ретінде қарастыруға болады... Психологиялық дені сау адамдар көп емес, бірақ олар бар» [2, 18 б.]. Бұл тұрғыда Р. Мэй психологиялық дені сау және психологиялық денсаулығында өзгерістері бар тұлғалар арасында нақты айырмашылықтарды анықтаған. «Психологиялық денсаулықтарында өзгерістері бар адамдарға тән бостандықтан бас тарту, оның жеке басын қатаң, тұрақты формулаларға бағындыру, тұлғаның автоматты түрде іс-әрекет етуін» невроз ретінде анықтаған. Ал «психикалық дені сау адамдарға жеке жауапкершілігі және бостандық сезімдері жоғары деңгейде болуы тән» [5, 10 б.].

А. Маслоудың пікірінше, психологиялық денсаулықтың екінші құрамдас бөлігі - гуманистік құндылықтарға ұмтылу. А. Маслоу тұжырымдамасының біздің зерттеуіміз үшін маңыздылығы оның адам өміріндегі мотивацияның бірегейлігін түсінгендігінде және дені сау адамның мотивациялық мәртебесі оның өсу мотивтерін немесе мета-қажеттіліктерін (тұтастық, кемелдік, белсенділік, сұлулық, мейірімділік, шындық, бірегейлік) жүзеге асыруда екеніне сенімді болғандығында; «сонымен қатар тұлға келесі қасиеттер арқылы сипатталады: қабылдау, тәуелсіздік, импульсивтілік, сезімталдық, әзіл сезімі, альтруизм, шығармашылық» [2, 239 б.].

А. Маслоу бұл сипаттаманы әмбебап және мәдениеттің жоғары деңгейі деп санайды: «өзін-өзі жүзеге асыратын адамның құндылықтар жүйесінің негізінде оның өмірге деген философиялық көзқарасы, өзімен, биологиялық табиғатымен келісімі, әлеуметтік өмір мен физикалық шындықты қабылдауы жатыр» [2, 265 б.].

Зерттелетін құбылыстың құрылымы туралы осы идеяға сүйене отырып, психологиялық денсаулық өзін-өзі тану бағытындағы даму мен қозғалыс шарттарының бірі деп айтуға болады. Сонымен қатар, психологиялық денсаулықтың негізгі компоненттері - өзіне және басқа адамдарға деген оң көзқарас, жеке рефлексия, гуманистік құндылықтарға деген ұмтылыс және өзін-өзі тану қажеттілігі. Өзін-өзі тану ұғымын әртүрлі терминдермен (өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі белсендіру, өзін-өзі анықтау) толықтыра отырып, олардың барлығы А. Маслоудың: «Әр адам өзінің әлеуетті мүмкіндіктері мен қабілеттерін жүзеге асыруға ұмтылады» деген негізгі идеясына сүйенеді деп айтуға болады. Қарастырылып отырған құбылыстың ұсынылған құрылымдық бірліктері тығыз байланыста, атап айтқанда, позитивті рефлексияны дамыту үшін оң көзқарас қажет, адамның өзін-өзі дамытуы оны өзіндік қатынастарын өзгерістуге итермелейді, ал жеке рефлексия өзін-өзі дамыту механизмін іске қосады.

Психология контекстіндегі «психологиялық денсаулық» құбылысына жүргізілген құрылымдық талдау психологияның психологиялық денсаулық туралы көптеген идеялары отандық психологиямен үйлеседі деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді: отандық психология өкілдерінің әлеуметтік тәжірибені иемденудегі жеке адамның белсенділігі туралы идеясы Дж. Бьюджентал еңбектерінде зерттелген автордың сөзімен айтқанда «Өмірдің өзі ғажайып, оны түсіну және өзгерту мүмкіндігіне ие болу одан да үлкен ғажайып» [6];

Л.С. Выготскийдің әлеуметтік қатынастардың олардың интериоризациясы туралы идеясын («басқалар арқылы біз өзімізге айналамыз») Р. Мэйдің жеке тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік ортаның рөлі туралы тұжырымымен толықтыруға болады: «...әлеуметтік орта – бұл жеке тұлғаның негізінің жіптері тартылған қазықтар сияқты. Біз мұны өз тәжірибемізден білеміз, өйткені басқа адамдар біз үшін тірек нүктелері болып табылады. Біз өзімізді достарымыз арқылы ғана емес, жауларымыз арқылы да растаймыз» [5, б. 16];

С.Л. Рубинштейн тұжырымдамасындағы тұлғаның интегралды сипаттамасы өзін-өзі актуализациялау ұғымы арқылы беріледі [7, б. 68];

К.А. Абульханова-Славскаяның мағыналы өмірлік бағдарлар идеясы, «өмірдің мәні - бұл болашақ перспективамен қатар адамның қол жеткізгендігінің өлшемі, тұлға үшін маңызды критерийлер бойынша қол жеткізген жетістіктерін бағалауы» [8, б. 73]. В. Франкльдің логотерапия теориясының «әр адамның өмірлік мәнінің бірегейлігі туралы ережелерімен байланысты: ...адам болу дегеніміз - іске асыруды қажет ететін құндылықтарға бет бұру» [9, 285 б.].

Біз өскелең ұрпақты рухани құндылықтар бағытында тәрбиелеуге деген ұмтылысқа сүйене отырып, біз «руханилықты жеке тұлғаның ерекше эмоционалды-адамгершілік жағдайы, ақиқаттың,

сұлулықтың, жақсылықтың абсолютті құндылықтарына және оларды объективті іс-әрекет пен қарым-қатынаста жүзеге асыруға бағытталған адамның санасы», - деп санаймыз [10, 273 б.].

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында көрсетілген аға буынның жасампаз істерін жалғастыруға, ұлттық бәсекелестікке қабілеттіліктің деңгейін одан әрі жоғарылатуға, Қазақстанның ХХІ ғасырда гүлденуі мен әлемдік танылуын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын кәсіптік білімі, дені сау әрі адамгершілігі мол, бәсекеге қабілетті, патриот және әлеуметтік тұрғыдан жауапты жастардың ғана қолынан келеді [11].

«Руханият» және «адамгершілік» ұғымдарының өзара енуіне қатысты С.Н. Сорокомовамен келіспеу мүмкін емес: «бұл адамгершілікте, мейірімділікте, шынайылықта, жылулықта көрініс табатын және эмпатия мен жанашырлықтың психологиялық механизмін құруды көздейтін ішкі әлемнің жоғарғы деңгейлері» [12, 696 б.].

Осылайша, тұлғаның психологиялық денсаулығын нығайту мәселесімен байланысты гуманистік психологияның кейбір жетекші шетелдік тұжырымдамалары аясында «психологиялық денсаулық» құбылысының құрылымдық талдауы осы тұжырымдаманың мәнін түсінудің көптеген шетелдік және отандық тәсілдері бір-бірімен тығыз байланысты және бірін-бірі толықтырады деген қорытындыға келеміз.

Психологиялық денсаулық - бұл психикасы қалыпты және мінез-құлқының тиісті деңгейі бар адамның тұрақты сипаттамаларының кешенін ғана емес, сонымен қатар, ең бастысы, адамның өзін-өзінің жеке маңыздылығын сезіну, өзіне өзінің «Меніне» көзқарасы. Психологиялық денсаулықты өзектендіру және нығайту үшін жолдарды, бағдарламаларды, әрекеттерді іздеу қажеттілігі өзекті болып табылады, бұл өз кезегінде «психологиялық денсаулық» құбылысы туралы білімнің тереңдеуін және оның маңызды құрамдас бөлігі ретінде өзіне деген көзқарасты ынталандырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Логинова, Н.А. Шарлота Бюлер – представитель гуманистической психологии [Электронный ресурс] / Н. А. Логинова // Вопросы психологии. – 1980. – № 1. – С. 154–158. – URL:<http://www.voppsy.ru/issues/1980/801/801154.htm> (дата обращения: 05.12.2022).
2. Маслоу, А. Мотивация и личность [Текст] / А. Маслоу; пер. А.М. Татлыбаевой. – СПб.: Евразия, 1999. – 480 с.
3. Веракса, Н.Е. Личность и культура: структурно-диалектический подход [Текст] / Н.Е. Веракса // Перемены. – 2000. – №1. – С. 81–107.
4. Jourard, S.M. The Transparent Self. 1964 / S. M. Jourard. – URL: <http://www.sidneyjourard.com/>(дата обращения: 05.12.2022).
5. Мэй, Р. Искусство психологического консультирования. Как давать и обретать душевное здоровье [Текст] / Р. Мэй; пер. с англ. М. Будыниной, Г. Пимочкиной. – М.: Апрель Пресс, ЭКСМО-Пресс, 2002. – 252 с.
6. Бьюдженталь, Дж. Искусство психотерапевта [Текст] / Дж. Бьюдженталь. – СПб.: Питер, 2001. – 304 с. (Сер. Золотой фонд психотерапии).
7. Абульханова-Славская, К.А. Философско-психологическая концепция С. Л. Рубинштейна: К 100-летию со дня рождения [Текст] / К.А. Абульханова-Славская, А. В. Брушлинский. – М.: Наука, 1989. – 248 с.
8. Абульханова-Славская, К. А. Стратегия жизни [Текст] / К. А. Абульханова-Славская. – М.: Мысль, 1991. – 299 с.
9. Франкл, В. Человек в поисках смысла [Текст] / В. Франкл. – М.: Прогресс, 1990. – 368 с.
10. Зинченко, В.П. Человек развивающийся. Очерки российской психологии [Текст] / В. П. Зинченко, Е. Б. Моргунов. – М.: Тривола, 1994. – 333 с.
11. «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы (дата обращения: 05.12.2022).
12. Сорокоумова, С. Н. К проблеме развития духовно – нравственных ценностей личности [Текст] / С. Н. Сорокоумова, В. П. Исаев // Известия Самарского научного центра Российской академии наук. – 2013. – № 2(3). –Т. 15. – С. 695–700

ОБЗОР ПРОГРАММНОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ ДЛЯ ПРОЕКТИРОВАНИЯ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

*Мукашева К.М., магистрант 2 курса специальность 7М06101 «Информатика»,
Университет Шакарима*

*Золотов А.Д., к.т.н., доцент кафедры автоматики, информационных технологий и
градостроительства, Университет Шакарима*

Эффективность дистанционного обучения существенно зависит от используемой в нем технологии. Возможности и характеристики технологии дистанционного обучения должны обеспечивать максимально возможную эффективность взаимодействия обучающегося и преподавателя в рамках системы дистанционного обучения. Сложное в использовании программное обеспечение не только затрудняет восприятие учебного материала, но и вызывает определенное неприятие использования информационных технологий в обучении.

При проектировании курсов ДО эффективно использование гипертекстовых технологий и мультимедийных средств. Использование гиперссылок приводит к нелинейной структуре курса, к возможности перемещаться обучающемуся по своей собственной стратегии при обучении по всему тексту курса. Гипертекст - возможность создания «живого», интерактивного учебного материала, снабженного ссылками между различными частями материала. Возможности гипертекста дают учителю возможность разделить материал на большое число фрагментов, соединив их гиперссылками в логические цепочки [1].

Программное обеспечение для дистанционного обучения представлено как сложными Learning Content Management Systems, которые используются в корпоративных учебных сетях, так и простыми HTML страничками [2].

Для того чтобы правильно внедрить дистанционное обучение, необходимо качественно подобрать программное обеспечение по необходимым, индивидуальным требованиям. Каждый преподаватель определяет для себя требования сам, подбирая методику и ПО для обучающихся. Соответственно необходимо учесть, что, если в учебном заведении уже стоит какой-либо программный продукт, то необходимо будет работать с ним.

Из огромного количества средств обучения были выбраны следующие подгруппы:

- Learning Content Management Systems (LCMS) - системы управления учебным содержанием;
- Authoring Packages - авторские программные продукты;
- Learning Management Systems (LMS) - системы управления обучением;
- Content Management Systems (CMS) - системы управления наполнением.

Авторские программные продукты – это индивидуальные разработки каждого преподавателя в отдельности, которые им используются для обучения отдельным предметам. В данном случае педагог использует какую-либо технологию (TrainerSoft, Lectura, HTML, PowerPoint) или просто создает какое-либо методическое пособие, разрабатывает образовательный продукт [2].

Системы управления обучением обычно предназначены для контроля большого числа обучающихся. Часть этих систем ориентирована на использование в различных учебных заведениях (WebCT, Blackboard, eCollege). Общая особенность данных систем в том, что они дают возможность следить за обучением и сохранять их успеваемость и характеристики, подсчитывают количество посещений каждого раздела сайта, а также время, потраченное обучающимся на изучение определенной части курса. Такие обучающие системы дают возможность каждому обучающемуся зарегистрироваться для прохождения необходимого курса. Каждому зарегистрированному обучающемуся идет рассылка различной информации по учебным курсам, какие сейчас происходят события и какие материалы необходимо предоставить. При необходимости преподаватель может организовать обучающихся в группы. Также здесь присутствует проверка знаний в реальном времени и

возможность общаться посредством форума. Недостатком здесь является невозможность контролировать процесс обучения в реальном времени и также осуществлять контроль успеваемости большого количества учащихся. Данные авторские разработки, в основном, созданы для занятий с немедленной обратной связью и необходимы больше для аудиторных занятий и самостоятельной работы, нежели для дистанционного обучения. В большинстве таких разработок существенным недостатком является отсутствие обратной связи и индивидуальной работы с каждым обучающимся.

Управление содержимым учебных дистанционных курсов дает возможности размещения учебных материалов в электронном виде в разнообразных форматах. Зачастую данная система имеет интерфейс с базой данных, включающей образовательные материалы, с возможностью поиска по ключевым словам.

Системы управления содержимым необходимы в тех случаях, когда курс создает несколько педагогов, которым нужно работать с одинаковыми фрагментами учебных материалов в разных курсах [2]. Системы управления учебным контентом и обучением наиболее перспективны на данный момент для организации дистанционного обучения, т.к. в них есть особенности двух предыдущих систем. В них включено управление большим потоком обучающихся, также здесь можно достаточно быстро и просто разработать курс, есть дополнительные модули, что позволяет системам управления учебным контентом и обучением решать задачи организации обучения в различных образовательных учреждениях [3].

Microsoft Learning Gateway Всем требованиям, которые описаны ранее, удовлетворяет решение от Microsoft – Microsoft Learning Gateway (далее MLG). Решение Microsoft Learning Gateway создано в виде портала (в нем присутствуют компоненты, такие как почта, новости, задания, список классов, календарь). Этот портал объединяет в себе несколько серверных Microsoft и набор компонентов, которые выполняют свои конкретные функции (рис. 1). Совместно с включением базовых компонентов могут быть разработаны собственные, чтобы добавить их в портал уникальных функций, не созданных в стандартном решении.




Рис. 1 – Microsoft Learning Gateway

Серверные продукты имеют возможность функционирования как на одном, так и на нескольких серверах, это зависит от требований руководства учебного заведения и количества обучающихся, которые будут использовать данный продукт [4]. Педагоги имеют возможность использовать Learning Gateway для решения следующих задач:

- получать доступ к утвержденным стандартам учебных материалов, подготовленных другими преподавателями;
- возможность использования для планирования событий, входящих в учебный процесс, календаря;
- возможность взаимодействовать и общаться с другими преподавателями;
- просматривать ресурсы, которые уже есть, нужные для дистанционного обучения, и разрабатывать новые, используя учетную запись со своего рабочего места – осуществлять автоматическую проверку заданий, выданных обучающимся;
- использовать одну для обучения разных групп учащихся без необходимости заново вводить данные.

Обучающиеся имеют возможность использовать Learning Gateway следующим образом:

- возможность использования в качестве учебных пособий различных материалов: документы Word, презентации PowerPoint, HTML файлы, Flash анимация, аудио- и видеозаписи и т.д.;
- в любом месте, где есть компьютер, имеющий соединение по сети с серверами Learning Gateway, учащийся может получить доступ ко всем необходимым заданиям или учебным материалам;
- могут пользоваться календарем, чтобы просматривать события, происходящие в учебном процессе, такие как общение по сети с преподавателем, сдача контрольных точек и т.д.;
- обучающемуся доступны списки учащихся и преподавателей, находящихся в данный момент онлайн и задавать им вопросы, при этом можно использовать общение посредством аудио и видео [4].

Родителям Learning Gateway дает следующие возможности:

- рассматривать задания, выполненные их ребенком; - отслеживать, чем занимается в данный момент их ребенок;
- консультироваться с педагогами по поводу успеваемости своего ребенка и его дальнейшего обучения;
- следить за оценками;
- просматривать относящиеся к их детям события в календаре, встроенном в систему.

При этом родители не могут просматривать данные по успеваемости и обучению других детей. Необходимо учесть, что данные списки функционала Learning Gateway не исчерпывающие, а являются лишь описанием базовых возможностей MLG [5].

LearningSpace LearningSpace – использует web-технологии, это уникальная программная обучающая среда, она дает возможность охватить различное количество учащихся — от малой группы до всей школы или же более 24 обширного учебного заведения. Объединяет в себе «классическое» обучение с использованием современных информационных технологий, основанных на автоматизации взаимодействий педагога с учащимися. LearningSpace разработан совместно компаниями IBM Lotus и Micromedia. LearningSpace является новейшей, полноценной, гибкой платформой дистанционного обучения для различных учебных заведений, дает возможность поддержки трех режимов дистанционного обучения:

- самостоятельное обучение, контролируемое самим обучающимся (учащийся получает доступ к необходимым учебным материалам и может в индивидуальном режиме самостоятельно работать в среде обучения с широким набором возможностей);
- асинхронное коллективное обучение (обучение сходное с аудиторным, но без ограничений времени и места проведения, с интерактивными возможностями в учебных пособиях, заданиями и возможностью разбора различных спорных моментов online);
- синхронное коллективное обучение в режиме реального времени (посредством виртуального класса преподаватель может показывать материалы любого типа, как привычные текстовые документы и презентации, так и аудио и видео обзоры и конференции) [4].

Пять специализированных баз данных позволяют обучающемуся решать задачи, участвовать в дискуссиях, осуществлять полноценную работу как в обычном классе:

- CourseRoom – интерактивная среда, в ней учащиеся общаются друг с другом, а также с педагогом. В данной базе данных учащиеся вместе с преподавателем могут решать задачи и делать разные задания;
- в MediaCenter (так же является базой данных) содержатся главы книг, сводки, рефераты и статьи.

Через данную базу данных есть возможность получить доступ к интернету. MediaCenter имеет возможность загружать информацию, которая дает возможность обучающимся более глубоко изучить интересующую тему и провести индивидуальные исследования;

- Schedule – эта база данных является центральным модулем системы, позволяющим обучающимся изучать учебные материалы и выполнять задания, проходить тестирование, решать задачи и осуществлять исследования.

Schedule дает возможность просмотреть структуру курса обучения, разработанную педагогом;

– база данных Assessment Manager – это средство, посредством которого педагоги проводят оценку результатов каждого учащегося и отправляют ему результаты. Передача материалов для контрольных точек зачетов и экзаменов осуществляется через Schedule – базу данных, которая дает доступ обучающимся к данному контрольному материалу. Выполненные задания передаются в базу данных Assessment Manager посредством электронной почты [4].

– Profiles – база данных, сюда вносится информация обо всех участниках учебного процесса (преподавателях и учащихся), здесь указываются контактные данные (номер телефона, адрес электронной почты и т.д.) и полные данные об обучающемся (хобби, как протекает процесс обучения и т.д.). Посредством LearningSpace каждый преподаватель может записать к себе на курс учащегося самостоятельно, также предусмотрено добавление групп. Кроме того, имеется возможность составить «правила», по которым учащиеся будут автоматически записываться на необходимые для них курсы. Имеются обучающие программы по LearningSpace для того, чтобы каждый педагог мог в полной мере использовать необходимый для него функционал. «Введение в разработку учебных курсов в LearningSpace» обучает педагогов разработке качественных и интерактивных курсов. Педагогов учат разрабатывать стратегию использования средств LearningSpace для достижения необходимых результатов обучения. Этот курс состоит из практических занятий и презентаций по структурированию базы данных профилей учащихся, разработке расписания, созданию мультимедийной 26 библиотеки заданий для учащихся и учебных материалов, организации электронных дискуссий и руководству ими, а также организации проверки работ учащихся [4].

Курс «Обучение в LearningSpace» разрабатывался специалистами в области дистанционного обучения для помощи педагогам. Курс объясняет дистанционные занятия с использованием интерактивных средств для распределенной аудитории. Данный курс содержит практикоориентированные занятия по применению образовательных и административных средств LearningSpace для передачи обучающимся необходимых знаний. LearningSpace имеет трехуровневую архитектуру, которую можно настроить для работы на одном или нескольких серверах [4].

Литература

1. Демин, И.С. Применение информационных технологий в учебноисследовательской деятельности [Текст] / И.С. Демин // Развитие исследовательской деятельности обучающихся: методический сборник. – М. : Народное образование, 2021. – С. 144-150.
2. Learning Content Management Systems [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.mindflash.com/learning-management-systems/lcms-and-lms/> (Дата обращения: 19.10.2021).
3. Кравченко, Г.В. Использование модели смешанного обучения в системе высшего образования [Текст] / Г.В. Кравченко // Известия Алтайского государственного университета. – 2020. – №2-1(82) – С. 22-25.
4. Веденев, В. Тенденции в развитии e-Learning на примере решений Microsoft [Текст] / В. Веденев [Электронный ресурс]. – URL: <https://blogs.technet.microsoft.com/tasush/2021/02/02/e-learning-1/> (Дата обращения: 29.10.2022).
5. Кудинов, Ю.И. Практикум по основам современной информатики [Текст] : учебное пособие / Ю.И. Кудинов, Ф.Ф. Пашенко, А.Ю. Келина. – СПб : Издательство «Лань», 2018. – 352 с.

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ КОММУНИКАТИВНОЙ КУЛЬТУРЫ СТУДЕНТОВ ВУЗА

*А.О. Айкымбекова, магистрант 2 курса специальность 5В010200-Педагогика и методика начального обучения,
Университет Шакарима*

Проблема формирования и развития коммуникативной культуры студентов – одна из ключевых проблем анализа результативности работы преподавателя Вуза. В настоящее время психолого-педагогические науки, рассматривая современные исследования, разрабатывает подходы оптимального решения задач формирования коммуникативной культуры у студентов вуза. В организациях нужны специалисты, способные решать не только производственные задачи, но и способные проявлять инициативу, предприимчивость, решать разной сложности коммуникативные задачи. Поэтому во главу угла системы высшего образования ставятся задачи повышения коммуникативной культуры будущих специалистов. В данной ситуации государственный общеобязательный стандарт высшего и послевузовского образования РК нацеливает на процесс подготовки специалистов высокой степени развития коммуникативной культуры. Этими качествами должны обладать студенты, которые выпускаются из вуза. Проблеме коммуникативной культуры посвящено много статей, книг и диссертационных исследований, так например: «Развитие коммуникативной культуры будущего учителя средствами проектного обучения» (Антропова Р.М., 2003 г.), «Развитие коммуникативной культуры учащихся в условиях гуманизации образования» (Кравченко Е.В., 2004 г.), «Формирование коммуникативной культуры студентов-математиков педагогического вуза» (Кузьменко И.В., 2005 г.), «Коммуникативная культура как условие успешности специалиста социально-культурной сферы» (Титова В.Б., 2005 г.) и др.

Несмотря на наличие большого количества работ, посвященных различным аспектам развития коммуникативной культуры, реалии современного образовательного процесса требуют более детального рассмотрения вопроса о развитии коммуникативной культуры студентов в системе образования.

Лебедев О. Е. считает, что коммуникативная культура является одним из компонентов общей культуры личности и представляет собой совокупность таких знаний, умений, навыков, которые позволяют ей результативно использовать свои психические, физические, личностные качества для эффективного решения коммуникативных задач [1].

В психолого-педагогической литературе отмечается важность такой составляющей, как коммуникативная культура. По утверждению исследователей она является ведущей в общекультурном и профессиональном статусе личности. Поэтому можно говорить о формировании коммуникативной культуры в системе образования как о приоритетной задаче обучения. В системе же структурных и функциональных компонентов она выступает в качестве специального объекта моделирования.

Изучение коммуникативной культуры нашло свое отражение в педагогических исследованиях, выполненных в рамках культурологического подхода в высшем и среднем образовании (В. А. Сластенин, Г. С. Трофимова и др.), в работах, посвященных социализации школьников (О. С. Газман, А. В. Мудрик и др.), их общекультурному становлению (Б. Н. Боденко, И. А. Зимняя и др.). Проблема коммуникативного развития учащихся раскрывается также в дидактических направлениях личностно ориентированного образования, таких как диалоговое обучение (Ш. А. Амонашвили, Е. Н. Ильин, С. Ю. Курганов), учебное сотрудничество (Е. С. Полат и др.), технология обучения и управление педагогическим взаимодействием (В. А. Сластенин, Н. Е. Щуркова и др.). По мнению большинства ученых, коммуникативная культура выступает как составная часть общей культуры, которая характеризуется единством личностных и социальных ценностей, обуславливающих направленность человека на другой объект взаимодействия.

В работах профессора Е. И. Мычко, коммуникативная культура личности имеет следующие механизмы своего функционирования: собственно коммуникативный, обеспечивающий обмен информацией; интерактивный, регулирующий взаимодействие партнеров в общении; перцептивный, организующий взаимовосприятие в общении[2].

Коммуникативная культура есть средство создания внутреннего мира личности, богатства его содержания, отражающего жизненные идеалы, направленность личности на культуру ее жизненного самоопределения. Ее можно рассматривать и как систему качеств личности, включающую:

1) творческое мышление (нестандартность, гибкость мышления, в результате чего общение предстает как вид социального творчества);

2) культуру речевого действия (грамотность построения фраз, простота и ясность изложения мыслей, образная выразительность и четкая аргументация, адекватный ситуации общения тон, динамика звучания голоса, темп, интонация и, конечно, хорошая дикция);

3) культуру самонастройки на общение и психоэмоциональной регуляции своего состояния;

4) культуру жестов и пластики движений (самоуправление психофизическим напряжением и расслаблением, деятельная самоактивация и т. д.);

5) культуру восприятия коммуникативных действий партнера по общению;

6) культуру эмоций (как выражение эмоционально-оценочных суждений в общении) и пр.

В.Н. Куницына считает, что коммуникативная культура - это, прежде всего культура человеческих взаимоотношений, основу которых составляет общительность, которая в свою очередь проявляется в устойчивом стремлении к контактам с людьми и сочетается с быстротой установления контактов [3].

Коммуникативная культура личности реализуется в коммуникативных знаниях, умениях и навыках.

Под *коммуникативными знаниями* подразумевается обобщенный опыт человечества в коммуникативной деятельности, т.е. отражение в сознании людей коммуникативных ситуаций в их причинно - следственных связях и отношениях. Ценность коммуникативных знаний была понята людьми давно.

Под *коммуникативными умениями* понимается комплекс коммуникативных действий, основанных на высокой теоретической и практической подготовленности личности к межличностному общению, позволяющий творчески использовать коммуникативные знания.

В исследовании Л.А. Аухадаевой [4] рассматривается коммуникативная культура в качестве определенной массы сформированных знаний, усвоенных ценностей, норм и образцов поведения в обществе. А также говорится о свойстве коммуникативной культуры как о сформированной способности реализовать усвоенные знания в повседневной жизни при общении с другими людьми. [4].

С понятием "коммуникативная культура" тесно связано понятие "коммуникативное поведение учителя". Выдающийся психолог А.А. Леонтьев в работе «Педагогическое общение» под коммуникативным поведением, подразумевает не просто процесс говорения, передачи информации, а организацию речи, влияющую на характер взаимоотношений, создание эмоционально-психологической атмосферы общения педагогов и учащихся, стиль их работы[5].

Якушева С.Д. считает, что общение преподавателя осуществляется в системе отношений "по вертикали (педагог-студент)" и "по горизонтали (педагог-педагог)". Общение в этих двух плоскостях является показателем профессиональной культуры педагога и предъявляет к нему особые требования, а именно - владеть словом, формировать мысли, выражать чувства, общаться с людьми[6]

В своих работах А.Г. Самохвалова рассматривает коммуникативную культуру через совокупность культуuroобразующих компонентов, таких как [7]:

- эмоциональная культура, представляющая собой адекватное реагирование на условия коммуникативной ситуации;

- речевая культура, понимаемая как совокупность знаний, умений и навыков, обеспечивающих незатрудненное построение речевых высказываний для оптимального решения задач общения; - когнитивная культура, представляющая собой специфические формы познавательной деятельности, направленные на порождение высказываний, соответствующих замыслу и достоверно отражающих действительность.

Г.С. Васильев, рассматривая проблему коммуникативной культуры, изучил в ее структуре три компонента[8]:

- гностический – способность понимать других людей;

- экспрессивный – способность к самовыражению;

- интеракционный – способность активно влиять на партнера по общению.

Формирование коммуникативной культуры происходит в процессе обучения. Поэтому очень важно, как вуз относится к подобным компетенциям.

Достаточно часто в реальной жизни мы наблюдаем противоречие между требованиями государственного образовательного стандарта к развитию у будущих специалистов профессиональной коммуникативной культуры и традиционным подходом к организации учебного процесса в вузе, в котором предпочтение отдается специальным дисциплинам. В учебные планы педагогических

направлений включены такие дисциплины, как «русский язык», «Основы делового общения», «Этика делового общения» и другие. Речевые коммуникативные умения в процессе обучения формируются на наш взгляд при написании рефератов, курсовых работ, дипломных работ тем самым у учащихся развиваются умения письменного изложения материала и создания грамотных, понятных текстов. В лекционные курсы педагоги Вуза включают информацию о значимости и ценности общения, о необходимости освоения литературных норм. Особое внимание уделяется научному и официально-деловому стилям, постановке проблемных вопросов, которые повышают значимость коммуникативной культуры.

Формирование коммуникативной культуры является объективной необходимостью современного образования, целевая направленность, которая связывается с воспитанием личности студента, которую характеризует не только информированность в различных областях науки, но и коммуникабельность и толерантность, современный тип мышления, ответственность и воля в принятии решений в различных жизненных ситуациях, позволит гармонизировать отношения с окружающим его миром, адаптироваться к условиям современного общества адекватно социальным, профессиональным, духовно-нравственным ценностям бытия. Эффективными коллективными формами обучения являются ролевые игры, групповые дискуссии, тренинги[9].

Главной особенностью при формировании коммуникативной культуры является направленность педагогической деятельности на обеспечение качества образования выпускников. Качество профессионального образования студентов характеризуется не только объемом знаний и составом навыков, а готовностью к определенным видам деятельности, к установлению взаимоотношений с другими людьми, что является необходимым в нашем современном обществе.

Таким образом, формирование и развитие коммуникативной культуры студентов выступает одним из важных элементов процесса обучения и воспитания. Также коммуникативная культура студента в Вузе совершенствуется, прежде всего, в его профессиональной деятельности. Это возможно лишь при условии, что коммуникативная культура станет значимым качеством для личности. Этому может способствовать увеличение количества специальных дисциплин, таких как культура речи, деловое общение, межличностные отношения где у студентов формируют навыки коммуникативной культуры.

Литература

1. Управление образовательными системами. М., Лебедев О. Е. 2012.
2. Мычко, Е.И. Структура коммуникативной культуры специалиста электронный ресурс. Режим доступа: <http://www.bief.ru>
3. Куницына В. Н., Казаринова Н. В., Погольша В. М. Межличностное общение: Учебник для вузов. СПб., 2011.
4. <http://www.refsr.ru/referat-19100-45.html>
5. Леонтьев А.Н. Избранные психологические произведения: В 2т. Т.1. М.: Педагогика, 1983. 318с.
6. Якушева С.Д. Основы педагогического мастерства: учебник. 4-е изд., испр. и доп. М.: Издательский центр «Академия», 2016. 256с.
7. Самохвалова А.Г. Деловое общение. Секреты эффективных коммуникаций. Учебное пособие. – СПб.: Изд-во «Речь», 2015. - 333 с.1
8. Васильев Г.С. Проблема коммуникативных способностей членов учебно-воспитательных коллективов дис.. канд. пед. наук / Г.С.Васильев. -М., 2000.-220 с.
9. Ляшенко Н.А. Теоретические аспекты развития коммуникативной культуры как элемента профессионального мастерства педагога // Научное сообщество студентов: междисциплинарные исследования: сб. ст. по мат. II междунар. студ. науч.-практ. конф. № 3. 2015.

КӨНЕ ТҮРІКТЕРДЕГІ БӨРІ КУЛЬТІ

*А.С. Абылқайырова, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Тарих және құқық институты, 7М01602 – Тарих-Дінтану білім беру бағдарламасының 1 курс
магистранты*

Ғылыми жетекшісі: профессор, т.ғ.д. А.Ш. Махаева

Адамзат адамзат болғалы, тіпті көне дәуірлердің өзінде де табиғатпен етене жақын жүрді. Алғашында тамақ табуды ғана ойласа, кейінірек айналадағы қыбырлаған зат пен қоршаған құбылысты танып-білуге тырысты, әр заманның өзіне сай санамен қорытынды жасап, отқа табыну, пұтқа табыну, тіпті жан-жануарларды қасиетті деп санау сияқты наным-сенімдер пайда болды. Ғасыр өткен сайын қандай да бір себептермен бұрынғы нанымның орнына жаңасы қалыптасып отырды. Әлбетте, жер жүзінде жаппай бір ғана культ таралған деуден аулақпын. Әр тайпаның, әр халықтың ұстанымы әр түрлі болды. Солардың ішінде көне түркі әлеміне таралған Бөрі культі де бар.

«Бөрі» сөзі мен нанымы – тарих ғылымдарында ғана танымал емес, әдебиет саласында да әлі күнге дейін қолданылып келе жатқан түсінік. Әдеби шығармалардың көпшілігі тарихи оқиғалармен байланысып жатады десек, дала серісі туралы әңгіме-аңыздардың көп болуы – бөрі тотемінің шындыққа жанасатынынын, түркілер арасында кеңінен таралғандығының дәлелі. Бұл культ қашан және қалай пайда болғаны, қандай сипатқа ие екені туралы төменде жазбақпын.

Әуелі көк түріктер дегендердің кімдер деген тақырыпта қысқаша баяндай кетсек. Алтай аймағында темір өндіру, кен қазу істерімен айналысқан Ашина түріктері 552 жылы талай жылғы жаулары – жужандарды талқандап, өз қағандары ретінде жабғу Бұмынды тағайындайды. Осыдан соң 10-15 жыл ішінде Сарытеңізден Қаратөңізге дейін, Хуанхэ мен Әмудария, тіпті Мұзды мұхитқа жетіп, 150 жылдай уақытты қамтыған ұлы держава орнатады. Сармат, алан, албан, абар, суар, соғдақтар мен татар, соғдат т.б. көптеген тайпалар түркі әлеміне қосылады. Міне, осы түркілер ортасында бөрі культі кеңінен таралған еді.

«Қандай іс немесе бастама болсын, алдымен идея түрінде пайда болады. Қазақшылық салт та белгілі бір идеологиялық шатырдың астында өсіп-өнгені, дамығаны сөзсіз. Ол шатырдың қазығы терең, дінгеі мықты болуы тиіс еді. Далалық өлкелерде тәуелсіз, еркін өмір сүру салтын қалаған қазақшылық мүддеге қызмет ететін идеологиялық құралды – тотем, бабаларға деген наным-сенім атқарды» [1, 30]. Демек, «бөрі» культінің астарында да қандай да бір «құдіреттің» жатқаны анық.

«Көк түрік», «көк бөрі», «бөрі» сөздері түркі халқылары арасында әлі күнге танымал. Және «Көк» пен «бөрі» көбінесе бірге айтылып жатады. Сондықтан алдымен мұндағы «көк» сөзіне тоқталсақ, ол түстің атауы емес, астарында «аспан», яғни биіктік мағынасы жатыр екен. «Әлқисса *«Күлтегін» және «Білге қаған» бітікмас жазуында түріктер өздерін «Көк түріктер» деп атады. Мұндағы «көк» түстік мағынаны емес, космостық – аспан мағынасын білдіреді. Сондықтан «көк түріктер» деп емес, «көк түріктері» деп жазып, «аспан түріктері» деп ұққанымыз жөн,-* дейді Сарай Әнес өзінің «Егемен Қазақстан» газетінің 2011 жылы 4 қазанында жарияланған «Көк түріктері» атты мақаласында.

Ал түркілердің «Көк бөрімен» байланысы қашан басталған және тарихы қандай? Көне наным-сенімдерді зерттегенде, байырғы заман әдебиеттеріне, соның ішінде миф жанрына жүгінбеу мүмкін емес. Сондай мифтің біріне сүйенсек, ежелгі Қытайдың қорған соғып, ғұндарды жаппай қырған уақытында, үдере қашқан ашына тайпасын да жаппай қырып тастайды. Соңғы тұяқ ретінде он жасар бала ғана қалады. Оны Қытай баскесерлері мазақ етіп, қол-аяқтарынан айырып, батпаққа тастауды бұйырады. Сол сәтте бала көк бөріге жолығады. Қасқыр қаншығы қансыраған баланы көргенде, аналық сезімі оянып, оны емізеді, жарасының жазылуына да көмектеседі. Осылайша бала мен бөрі арасында бауырмалдық байланыс пайда болады.

Бұдан әрі түркі халықтары арасында көк бөрі мейірімділік пен мықтылықтың белгісіне айналады. Бұл туралы филолог жазушы Т. Жүрбай еңбегінде жазылыпты. [9, 34] Бұл туралы «Қазақстан тарихы» журналының 2013 жылғы №2 шығарылымында А. Мерхаева атты автор былай депті: *«Аңыздың тарихи шындыққа айналуын біз осы тарихи оқиғамен байланыстырамыз. Деректер Қытайдың «Жыу» (557-581) және «Сүй» (581-618) кітабында кездеседі. Яғни Тоба тайпасы (кейін Солтүстік Қытайда 420 ж. Вэй империясын құрды) Солтүстік Қытайды бағындыру мақсатында көп шапқыншылық жорықтар жасаған, олардың жеңілген тайпалардың ішінде «Бес жүз шаңырақ Ашин руы» болды. Ашин Хэсиді (Ордостың батысындағы Хуанхе шығанағы мен Няннаннің*

арасындағы облыс) билеген Хұн князі Муганга бағынып тұрған. Тобалықтар 439 жылы хұндарды жеңіп, Хэсиді Вэй империясына қосып алған кезде «Ашин бес жүз үймен жужандарға қашып барады да, Алтай тауының күнгей бетіне қоныстанып, жужандарға темір өндіріп тұрады». Олардың бегінің аты – Тукю, түркіт екен. Бұл күшті, ержүрек деген мағына береді. Демек, дәл осы тұста Көкбөрі тұқымы елдіктің қатарына қосылған» [1, 31]. Бұл мифтің екінші нұсқасында тағы да Ашина әулетінен қалған жалғыз ұрпақты қаншық қасқырдың асырап алғаны айтылады. «Бала ер жеткен соң қасқырмен қосылып, қасқыр буаз болады. Баланың әлі тірі екенін естіген жау елінің басшысы тағы да адам жіберіп, баланы өлтірмек болады. Жіберген адамы баланың жанындағы қасқырды көріп, оны да өлтірмек болғанда, қасқыр қашып, Гаочан мемлекетінің солтүстігіндегі тауға шығып кетеді. Тауда үңгір болыпты, үңгір іші аумағы бірнеше жүз ли келетін, төрт жағы таумен қоршалған жазық екен. Қасқыр сол үңгірге жасырынып, он ұл туыпты. Олардың құрпағы өсіп-өніп, жүздеген түгінге дейін жетеді. Осылайша, бірнеше ұрпақтан кейін олар бірінен соң бірі үңгірден шығып, жужуларға бағынып, Цзиншань тауының күнгей жағын мекендеп, жужулардың теміршісі болады» [3, 6] Баяндалған оқиға «Көк бөрі» «Ергенкөн» дастандарында да кездеседі екен. Бұл дегеніміз – түркілердегі бөрі жайындағы нанымдардың пайда болуында қандай да бір шындық жатқандығының айғағы.

Түріктердің бөрілемен байланысы жайындағы тағы бір мифте Мөденің өзінің қыздарын далада орда салып, қасқырмен будандасқаны және олардан манадан бері сөз болған Ашин тайпасы тарағаны айтылады. «Оғызнамада» Оғыз қаған әскерін көк бөрі басқарып отыратын болған. Шене-бөрі, содан Шона, Шора, Гүлбаршын, Үйсін, Байсан, Үлекшин сөздері шығады. Мұндағы қасқыр – тотем. Бұдан бөрі тотемінің әлемдік фольклордан өзіндік орын алып қана қоймай, типтік сюжетке айналғандығын аңғарамыз» [6, 183]. Бөрі туралы жазылған қай деректі қарамасак та, астарында қайсарлық, жеңімпаздық белгілері жатады. Өйткені сол ғасырдағы басты мақсат – жауды жеңу, өз жерлерін қорғау мен тайпаларын аман алып қалу еді. Ал бұлардың қай-қайсысында да бөріге тән мықтылық, қаһарлы қарас қажет еді. Сондықтан түркілер өздерін дала тағысына теңей отырып, ерік-жігерлерін қайраса керек.

«Оғызнама» эпосында Оғыз қағанның жорыққа аттанарда өз жауынгерлеріне: «Мен сендердің қағандарың болдым, садақ пен қалқандарымызды алайық» деп, Көк бөрінің атын атап ұрандатқаны айтылады. «Ергенекон» дастаны бойынша, көк түріктердің татарлардан жеңіліп, бөрі қырылып, Илханның екі ұлы – Қаян, Тоғуз ғана аман қалады. Жауларынан қорғану мақсатында тірі қалған екеуі тауға тығылмақ болады. Жолда марал кездесіп, жазық далаға шығатын жолды көрсетеді. Осы кезде де көк бөрі кездесіп, көмектескені туралы жазылады.

«Бөрі туралы наным-сенімдердің ел санасында терең бойлағаны сонша, ата-бабаларымыз бауыр еті балаларына бұл «киелі жануардың» есімін беруді әлі күнге үрдіс етіп келеді. Бұған ел арасында кең тараған Бқрібай, Байбөрі, Бқріқұл, Бөлтірік, Бөрілі сұлу тәрізді есімдер мысал бола алады» деп пікір жазады профессор Сарбасов Б.С. [6, 184].

Түркі елдерінде бөрі нанымына қатысты салт-дәстүрлер де кездеседі. Өзбектер мен түрікмендерде үйлену тойы кезінде мықты ұрпақ тілеу мақсатында «Көк бөрі» ырымы атқарылатын болған. «Жұрттың қасқырды аса қатыгез санайтыны белгілі. Бірақ олар мейірімді, бауырмал бола алатынына талай рет куә болғандар бар. Қыстың күні далада ат шанадан түсіп қалған сәбиді қашан тауып алғанша, ыстық демімен жылытып, тоңдырмай аман алып қалған қасқыр үйіріне не айтасың?! Тұз тағысының азығын аулаудағы айласы ку түлкіден асып түседі екен. Дала жыртқышы – керемет ақылды. Олар жеті қараңғы түнде анық көре алатын, 16 шақырым жердегі дыбысты ести алатын, 200 миллион иісті ажырата алатын қасиетке ие. Қанша азулы болса да көршісіне ешқашан қастық етпейді. Осы қасиетін зердеге түйген ата-бабамыз тұз тағысын киелі деп санаған. Осыдан барып қазақ «Иттің иесі болса, қасқырдың тәңірісі бар» деген» [5, 18]

Бөрі культінің ізі кейінгі дәуірлерде де жалғасын тапты. Сүйінбай ақынның:

«Бөрілі байрақ астында

Бөгеліп көрген жан емен.

Бөрідей жортып келгенде,

Бөлініп қалған жан емен» дегені бар.

Одан бері қазақ қазақ болғалы да халық ауыз әдебиетінде «бөрі» сөзі кеңінен қолданылып, әлі күнге шейін халық күш-жігер беретін сөз, табандылық пен адалдық символы ретінде жалғасын табуда. «Тама батыр» жырында:

«Мен Ноғайлы деген ер едім,

Асылы туған төре едім,

Азулы туған бөрі едім» [6, 185] деген жолдар кездеседі.

Сонымен, бөрі культі жайында табылған дереккөздердің бәрінде, әр түрлі нұсқада, әр түрлі жеткізушілерден болғандарына қарамастан, ортақ тұжырым барын түсіндік. Ол көне түркілердің алпауыт қағанатқа айналғанша, көрші елдердің шабуылдауы кесірен көрген қиыншылықтары мен сол жауларды жеңу үшін қандай да бір тылсым күштің, наным-сенімнің қажет болғандығы, бөріні сондай күш иесі деп біліп, оған табынуға дейін барғандығы.

Тарих – күллі ғылымның атасы десек, оның әр жаңалығы, соның ішінде көне ағымдар туралы білім дүниені адаспай тану үшін, әдебиетті түсіну үшін қажет екені талассыз. Көне түркілер дәуірінен бөрі бірнеше ғасыр өтсе де, бөріге теңесе, қуанып, қанымыз қайнап шыға келетіні бар. «Бөлінгенді бөрі жейді» дейтін ұлт ұрпақтары бірлікте болуын тіледім.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. А. Мерхаева. Көне түркілердегі «бөрі» сенімі. Қазақ тарихы: ғылыми-әдістемелік журнал. – 2013. – № 2.
2. Н.Н. Оралбаева. Түркі қағанаты дәуіріндегі жазба ескерткіштерде кездесетін ауыз әдебиет элементтері. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті: қоғамдық ғылым сериясы. – 2013 № 2.
3. Сарай, Ә. Көк түріктері [Мәтін] / Ә. Сарай – 2011. – 4 қазан.
4. Көк түріктері [Text] / Ә. Сарай ... – Алматы: Мереке, 2014. – 685, 2 б.
5. Тәшен Т. Көшпенділер көк бөріден үйренген [Мәтін] // Айқын. – 2018. – № 125. – 18 тамыз. – 18 б.
6. Сарбасов Б.С. Қазақ фолькорындағы бөрі бейнесі. ҚазҰУ хабаршысы: филология сериясы. – 2016. – № 2. – 183 б.
7. <https://nabr.kz/bookView/view/?brId=1565372&simple=true&green=1#>

ҒТАХР: 14.09.91

АТА-АНАЛАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНЕ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ ШЕТЕЛДІК ЗЕРТТЕУЛЕР ТАРИХЫ

Ж.М. Манганова, Ш.Б. Кадирсизова, Н.Б. Серикбаева
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ата-аналардың білім беру үрдісіне қатысуы туралы зерттеулер отандық педагогика үшін салыстырмалы түрде жаңа болып келеді, дегенмен шетелде бұл құбылыс кем дегенде жарты ғасыр бойы қарқынды зерттелуде. Төмендегі әдебиеттерге шолудың міндеттері онжылдықтан онжылдыққа дейін әлеуметтік-экономикалық, демографиялық факторлардың, сондай-ақ білім берудегі қолданыстағы тәжірибелер мен көзқарастардың әсерінен ата-аналардың білім беру үрдісіне қатысуын зерттеудегі екпіннің қалай өзгергенін көрсетуді қамтиды. Бұл жүйелеу ата-аналардың қатысуын және олардың артында тұрған теориялық негіздерді бағалау үшін шкалалардың ерекшеліктерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

1960 жылдары АҚШ ата-аналардың білім беру үрдісіне қатысуын зерттеу бойынша көшбасшы ел болды. Бұл Ури Бронфенбреннердің белсенділігі мен оның экологиялық жүйелер теориясының танымалдылығының арқасында болды [1]. Оның айтуынша, адамның дамуы бірнеше жүйелердің әсерінен жүзеге асырылады:

- отбасылық микрожүйелер;
- жергілікті ортаның мезожүйелері;
- ірі ұйымдардың экзожүйелері;
- тұтастай алғанда бүкіл мәдениеттің макрожүйелері.

Адам есейген сайын белгілі бір жүйенің әсер ету күші өзгереді. Сонымен, мектеп жасына дейінгі балаға отбасының микрожүйесі қатты әсер етеді; бастауыш сынып оқушысына отбасының әсерінен басқа, мектеп пен жергілікті қоғамдастықты қамтитын мезожүйе қалыптастырушы әсер ете бастайды және т.б. Бронфенбреннер теориясына Лев Выготский мен Курт Левиннің көзқарастары қатты әсер етті, бірақ бұл ата-аналардың білім беру үрдісіне қатысуын шетелдік зерттеулерде теориялық негіз ретінде жиі айтылатын Бронфенбреннер тұжырымдамасы. Ури Бронфенбреннер ата-аналардың білім беру үрдісіне қатысуын зерттеу тарихының маңызды кезеңімен байланысты «Head

Start» («серпіліс») аз қамтылған балаларды қолдау бағдарламасының американдық Мемлекеттік негізін қалаушылардың бірі болды.

1965 жылы «Кедейлікке қарсы соғыс» (War On Poverty) мемлекеттік бағдарламасы аясында іске қосылды. АҚШ Денсаулық сақтау және халыққа қызмет көрсету департаменті «Head Start» бағдарламасы балалардың ерте (мектепке дейінгі) білім алуын қолдауға, олардың денсаулық жағдайын, тамақтануын жақсартуға және ата — аналарды балалардың білім беру қызметіне тартуға бағытталған. «Head Start» бағдарламасының мақсатты аудиториясы аз қамтылған отбасылар болды, олардың бағдарламаға қатысуы тілдік кедергілерді және төмен әлеуметтік-экономикалық мәртебенің (СЭС) жағымсыз әсерлерін еңсеруге арналған. Бүгінгі таңда бұл АҚШ-тың осындай ең көне мемлекеттік бағдарламалары [2].

«Head Start» бағдарламасының Білім беру тиімділігін зерттеу қарама-қайшы нәтижелерді көрсетеді, бұл кейіннен бағдарламаны сынға алуға негіз болды. Сынның негізгі бағыты-балалардағы бағдарламаға қатысудың әсері өтпелі және қысқа мерзімді болуы. Мысалы, зерттеушілер бұл бағдарлама балалардағы тәртіпті орнатудың ата-аналық тәжірибесіне тиімді әсер етті деген пікірге келді (бағдарламаны аяқтағаннан кейін ата-аналар балаларды физикалық тұрғыдан аз жазалады, бұрышқа тқрғызу саны азайған), бірақ бірінші сыныпта ескі тәртіптік тәжірибелер (жазалар) отбасылық тәжірибеге қайта оралды [3]. Алайда, бұл нәтижелер бағдарламаның жұмысын жалғастыруға кедергі болмады.

Headstart іске қосылғаннан кейін бір жыл өткен соң, 1966 жылы «Коулман есебі» (Coleman Report) жарияланды, бұл ата-аналардың білім беру үрдісіне қатысуын зерттеуге деген қызығушылықтың артуына ықпал етті. Әлеуметтанушы Джеймс Сэмюэл Коулманның командасы АҚШ-тың 650 000 оқушысын қамтыған мектеп оқушыларына ауқымды зерттеу жүргізді, нәтижесінде отбасылық факторлар мектеп факторларына қарағанда мектеп оқушыларының үлгерімімен әлдеқайда күшті байланысты екені хабарланды. Коулман нәтижелерінің әсерінен көптеген зерттеушілер отбасылық факторларды зерттеуге бет бұрды, олардың бірі ата-аналардың білім беру үрдісіне қатысуы

Отбасының ата-аналардың білім беру үрдісіне қатысуына және балалардың тиісті академиялық жетістіктеріне әсерін зерттеу мәселелері 1970 жылдары бірінші орынға шықты, зерттеушілер ХХ ғасырдың басында Джон Дьюи «америкалықтарды өнеркәсіптік революция білім беру бағытын өзгертуді қажет ететініне сендірді. Нәтижесінде, көптеген ата-аналар, біріншіден, мұғалімдерді балалардың академиялық дамуына жауапты мамандар ретінде қарастыра бастады, екіншіден, екі ата-ана да өз жауапкершіліктерін аз сезініп, көп жұмыс істей бастады, үшіншіден, ата-аналар өздерін балалардың эмоционалды даму факторынан гөрі өндірушілер ретінде қарастыра бастады» [4].

Бұндай балалардың білім беруіндегі ата-аналардың екеуінің де рөліне мұқият назар аудару жағымды нәтижелер көрестті – ата-ананың белсенділігі ретінде ата-аналардың білім беру үрдісіне қатысуы туралы түсінік пайда болды. Сонымен, тарихи перспективада әкелер мен аналардың қатысуын салыстыра отырып, зерттеушілер келесі тұжырым жасады- 1990 жылдардың аяғынан бастап әкелер де, аналар да өздерінің жұмысбастылығына қарамастан, бала тәрбиесіне алдыңғы онжылдықтарға қарағанда көбірек уақыт бөле бастады, әсіресе өткен жылдардағы аналар жиі жұмыс істемейтін кезеңмен салыстырғанда. Авторлар бұл күтпеген нәтижелерді жұмыс істейтін аналар балалармен толық қарым-қатынас жасауға мүмкіндігінше көп уақыт бөле бастағандығымен түсіндіреді.

1983 жылдан бастап АҚШ-тың білім беру саясатында «оқу үлгерімі үшін күрес» кезеңі басталды [Грэм, 2011] және ата-аналар дәл осы күреске жұмылдырылуы қажет ресурс ретінде қарастыра басталды. 1980 жылдарға қарай зерттеушілердің ата-аналардың қатысуының маңызды факторы ретінде отбасылық құрылымның жетекші рөліне деген тұжырымы ақталмады. 1980 жылдарға қарай зерттеушілердің отбасының құрылымы ата-аналардың білім беру үрдісіне қатысуының жетекші факторы деген болжам расталмады. Зерттеушілер толық отбасы ата-аналардың білім беру үрдісіне қатысуына ықпал етеді, бірақ оған кепілдік бермейді, сондықтан кез-келген ата-ананы «бағыттау» керек деген қорытындыға келді [5]. Бұл ретте бағыттаушы рөл мектептерге жүктелді.

Ата-аналардың білім беру үрдісіне қатысуы, негізінен мектеп базасында қатысуы туралы түсінігі 1980 жылдардың аяғында пайда болды. Содан кейін әдістемелік тұжырымдамалардың ең танымалы құрылды: мектептегі ата-аналардың қатысу моделі Эпштейн [5]. Джойс Эпштейн ата-аналардың білім беру үрдісіне қатысуын Бронфенбреннер теориясына сәйкес үш саланың (отбасы, мектеп, жергілікті қоғамдастық) қиылысу аймағы ретінде қарастырады. Ол ата-аналардың білім беру үрдісіне қатысуы туралы ғана емес, «отбасы, мектеп және қоғам серіктестігі» туралы әңгіме жүргізу керек деп жазады [5]. Эпштейн моделіне сәйкес, балалардың білім алуына қатысатын ата-аналық қызметтің алты түрі ата-аналардың қатысуын күшейту бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын анықтайды. Осы алты қызмет түріне мыналар жатады:

- Тәрбие. Ата-ана бағдарламаларының мақсаты: барлық отбасыларға балаларды оқушы ретінде қолдайтын үй ортасын құруға көмектесу.

- Байланыс. Ата-ана бағдарламаларының мақсаты: мектеп пен үй арасындағы қарым-қатынастың тиімді түрлерін құру - бұл мектеп бағдарламасы мен балалардың үлгеріміне қатысты.

- Еріктілік. Ата-ана бағдарламаларының мақсаты: ата-аналарды тарту және олардың қолдауын ұйымдастыру.

- Үйде оқыту. Ата-аналық бағдарламалардың мақсаты: отбасыларға үй тапсырмасы мен бағдарламаны игеруге байланысты пәндік емес дағдыларға қалай көмектесуге болатындығы туралы ақпарат пен идеялармен қамтамасыз ету (уақытты ұйымдастыру, оқу стратегияларын игеру).

- Шешім қабылдау. Ата-ана бағдарламаларының мақсаты: ата-аналарды мектеп деңгейіндегі шешімдерін қабылдау үрдісіне жұмылдыру, ата-аналардың білім беру үрдісіне қатысуға және балаларының өкілдері болуға деген ұмтылысын қолдау.

- *Жергілікті қоғамдастықпен ынтымақтастық. Ата-ана бағдарламаларының мақсаты: мектеп бағдарламаларын, отбасылық тәжірибелерді, балалардың дамуы мен оқуын күшейте алатын жергілікті қауымдастық ресурстарын анықтау және біріктіру.

Эпштейн моделі әлі күнге дейін ата-аналардың білім беру үрдісіне қатысуын күшейтетін мектеп бағдарламаларын әзірлеудің негізгі тұжырымдамасы ретінде қолданылады.

Американдық зерттеушілердің мектептегі ата-аналардың қатысуына баса назар аударуының нәтижесі ата-аналардың балалардың мектеп істеріне қатысуын бағалауға қоғамдық назардың ауысуы болды. 2000 жылдардың басынан бастап әдебиетте мектеп оқушыларының ата-аналарына қоятын талаптары мен үміттерін сынға алу көбейе бастады. Алғашқы сыни зерттеулердің бірі Кэтрин Накагаваның дискурстық талдау әдістемесінде жүргізілді [6]. Накагава мектеп деңгейіндегі қатысу басқа қатысу түрлерімен салыстырғанда артықшылық ретінде қарастырылатынын көрсетті. Сондай-ақ, ол ата-аналардың қатысуы әлеуметтік «кво мәртебесін» (қандай да бір жағдайдың қалыпты болу қалуы) көбейту құралына айналатынын атап өтті, өйткені негізінен өмір салтына, ақпараттандыруға және орта тап ресурстарына сәйкес келетін мектептегі қатысудың ресми талаптары кедей отбасылар үшін жарамсыз. Осыған байланысты мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы әлеуметтік қашықтық үлкен болып қала береді, бірақ бұл үшін кінә ата-аналарға жүктеледі, бұл олардың қатыспауының жағымсыз әсерін күшейтеді. Ата-аналарды мектептегі іс-шараларға тарту идеологиясы АҚШ-та бұрыннан бар, ол федералды заңнама деңгейінде бекітілген (АҚШ-та ата-аналардың мектепке баруына байланысты жұмыста болмауына байланысты заңдастырылған «демалыс» сағаттарының белгілі бір саны белгіленген). Бірақ мұндай бағдарламалардың болуы ата-аналарға қарағанда балаларына не қажет екенін жақсы білетін кейбір сарапшылар (психологтар немесе тәрбиешілер) анықтаған баланың дамуының жалғыз «дұрыс» жолы бар екенін көрсетеді [7].

Ата-аналарды тарту бағдарламаларының икемсіздігін сынға жауап ретінде зерттеулер мәдени ерекшеліктерге назар аудара бастады, әртүрлі отбасылардың мәдениетін құрметтеуге және ата-аналарды тарту тәжірибесін әртараптандыруға бағытталғандығы айтылды. «Ата-аналардың қатысуы» ұғымының мазмұны кеңейтілген мағынада түсіндіріле бастады. Мысалы, Джанет Гудолл мен Каролин Монтгомери «ата-ана тәжірибесінің континуумы» туралы жазады, оның полюстерінің бірінде «ата-аналарды қатыстыру» (parent involvement), ал екіншісінде «ата-аналардың қатысуы» (parent engagement) [8]. Орыс тіліне аударылуы қиын осы екі полюстің айырмашылығы- екінші ұғымда (engagement) ата-аналардың қатысуы ресми емес, шынайы болып көрінеді; ол белсенді, саналы және қатысу сезімімен және жауапкершіліктің жоғарылауымен байланысты.

АҚШ-та жүргізілген ата-аналардың қатысуы туралы зерттеулер басқа елдердегі, әсіресе Ұлыбританиядағы ата-аналардың тәжірибесін зерттеуге арналған бағытты белгіледі. Лесли Эббот пен Энн Лэнгстон Ұлыбританияда соңғы уақытқа дейін Үкіметтің ата-аналарды тарту жөніндегі күш-жігері мектептегі өмірге және оның үш аспектісіне шоғырланғанын жазады:

а) ата-аналарға балалардың дамуы және ең жақсы тәжірибелер туралы ақпарат беру;

б) ата-аналарға мектеп істерінде дауыс беру құқығын беру;

в) мектеппен серіктестікті ынталандыру [9].

Кейінірек кішкентай балалардың ата — аналарына (үш жасқа дейін) көбірек көңіл бөлінді, 1998 жылдан бастап американдық «Head Start» бағдарламасының аналогы болып табылатын «Sure Start» («сенімді іске қосу» - қозғалтқыштың сенімді іске қосылуына ұқсас) мемлекеттік бағдарламасы іске қосылды. Бүгінгі таңда Британдық зерттеушілер өздерінің күш-жігерін ата-аналарға тағайындалған емес, нақты тәжірибелерді зерттеуге жұмылдыруда [9], бұл отбасылар өмірінің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін ескермей, «әмбебап» қатысу үлгілерін сынға алу тенденциясына сәйкес келеді.

Ата-аналардың қатысуын зерттеудің тағы бір алаңы халықаралық салыстырмалы зерттеулер болды. Мысалы, ата-аналардың оқуға қатысуы 41 елдің деректері бойынша PIRLS материалдарында зерттелді, оның оқу дағдыларын дамытудағы рөліне және ата-аналардың қатысуын бағалау нәтижелерін мәдениетаралық сәйкестендіруге ерекше назар аударылды [10]. Осындай зерттеулердің нәтижелерінің бірі ата-аналардың мектепке дейінгі тәжірибелері мен балалардағы оқу дағдылары арасындағы күшті оң байланыс және оқу дағдылары мен ата-аналардың үй тапсырмасына көмектесуі арасындағы теріс байланыс туралы есеп беру болды [10].

Осылайша, ата-аналардың қатысуын зерттеу мәселелері құрылымды зерттеу тарихында өзгерістерге ұшырап отырғанын айта аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Bronfenbrenner, U., & Morris, P. A. (1998). The ecology of developmental processes. In W. Damon (Editor-in-Chief) & R. M. Learner (Vol. Ed.), Handbook of child psychology: Vol. 1. Theoretical models of human development (5th ed., pp. 993–1028). New York, NY: John Wiley & Sons, Inc
2. Barnett S., Friedman-Krauss A. H. (2016) State(s) of Head Start, The National Institute for Early Education Research, 481 p
3. Shager H. M., Holly S. Schindler, K.A. Magnuson, G.J. Hirokazu Yoshikawa H., Cassandra M. D. (2013). Can Research Design Explain Variation in Head Start Research Results? A Meta-Analysis of Cognitive and Achievement Outcomes, Educational Evaluation and Policy Analysis March, 35 (1), pp. 76-95
4. Jeynes W. H. (2011) Parental involvement research: Moving to the next level, School Community Journal, 21 (1). pp. 9-34.
5. Epstein, J. L. (1991). Effects on Student Achievement of Teachers' Practices of Parent Involvement. Advances in Reading/Language Research: Literacy through Family, Community, and School Interaction, pp. 261–276. Greenwich, CT: JAI Press.
6. Nakagawa Kathryn (2000). Unthreading the Ties That Bind: Questioning the Discourse of Parent Involvement, Educational Policy, pp. 443-472
7. Bakker J., Denessen E., Brus-Laeven M. (2007) Socio-economic background, parental involvement and teacher perceptions of these in relation to pupil achievement, Educational Studies, 33 (2), pp. 177-192.
8. Goodall Janet, Montgomery Caroline (2014) Parental involvement to parental engagement: a continuum, Educational Review, 66 (4), pp. 399-410
9. Abbott, Lesley, Langston, Ann (2007) Parents Matter, Open University Press p. 199
10. Punter R. Annemiek. Glas, Cees A.W, Meelissen Martina R.M. (2015). Psychometric Framework for Modeling Parental Involvement and Reading Literacy, Springer, 213 p.

ҒТАХР: 14.15.15

ОҚЫТУДАҒЫ ЖОБАЛАУ ӘРЕКЕТІ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

М.Н. Кәкімжан, А.С. Сасенов, Р.А. Асқаров

*7M01401 – Дене шынықтыру және спорт ББ магистранты
«Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ Семей қаласы, ҚР*

Зерттеушілер атап өткендей, қазіргі оқуда жобалау әрекеті кеңінен таралмаған әдіс, оны шешудің негізгі жолы – жобаларды таңдау және оны сан алуан шығармашылық жұмыстарда жүйелі түрде қолдану.

Жоба әдісі оқушылардың өз бетіндік әрекеттеріне (жекелеген не жұппен не топпен белгілі бір уақыт ішінде орындалатын) бағытталады. Сондай – ақ, жобалау әдісі белгілі бір мәселені шешуді көздесе, бір жағынан, оқытудың түрлі әдістері мен түрлерін қолдану арқылы, екінші жағынан, оқушылардың білімнің түрлі салаларын интеграциялау арқылы шығармашылық әрекеттерін қажет етеді. Білім берудегі жобалау әрекеті арқылы оқушылардың түрлі қабілеттілік сапалары мен құзыреттіліктері артатыны – яғни ақпаратты ала білуі, оны сұрыптай және өңдей отырып пайдалана білуі, өз бетімен және топпен жұмыс істеу, тұлғааралық қарым-қатынасты ұйымдастыру, мәселені анықтай алу мен оны шеше білу, т.б. дағдылары қалыптасатыны белгілі [1].

Жалпы орта білім беру стандартында орта білім беру мақсаты – білім алушылардың түйінді және пәндік құзыреттерін қалыптастыру арқылы олардың танымдық қабылеттерін, алған білімдерін оқу

және өмірлік жағдаяттарда шығармашылықпен пайдалана алуын, өзін-өзі дамыту мен өзіндік басқаруын қамтамасыз ету деп сипатталған. Онда әр білім саласы бойынша түйінді және пәндік құзыреттерді кіріктіру арқылы күтілетін нәтижелерді анықтау қажеттігі және түйінді құзыреттер әр білім саласының алатын орнына сәйкес пәнаралық сипаттағы қабілеттер ретінде алдымен оқу пәндері арқылы қалыптасып, дамытыны атап өтіліп, түйінді құзыреттерге: ақпараттық, коммуникативтік, мәселелердің шешімін табу құзыреттері жатады делінген.

Оқушылар білім берудің әрбір кезеңінде өз бетімен ауызша және жазбаша өз ойын білдіре алу дағдыларын меңгеруі қажет және әрбір білім беру ұйымы оны міндетіне алуы тиіс. Бұл – коммуникативтік құзіреттілік деп аталады. Коммуникативтік құзіреттілік – мәтінді, белгілі бір ойды түсінуі және түсіндіре алу қабілеті – барлық пәндерде де, барлық оқыту кезеңдерінде де қалыптастырылады. Коммуникативтік құзіреттілік оқушының мәтінді не белгілі бір ойды түсіну, игеру барысында төмендегі әрекеттер жасай білуін білдіреді:

– мәтіннің, ойдың немесе ақпараттың мазмұнын түсінеді, игереді, меңгереді;
– оны басқаша құрастыра алады немесе берілген мазмұнды жаңаша түрге ендіре алады; мәтіннің, ойдың, ақпараттың мақсатын құрастыра алады; мақсатты жүзеге асыру үшін қандай амалдар мен құралдар қолданылып тұрғанын анықтай алады; мәтіннің, ойдың, ақпараттың кімге арналып тұрғанын анықтай алады.

Мәтінмен, ақпаратпен жұмыс жасауда оның үш негізгі сипаттамасын ескеру қажет. Олар: мәтіннің мазмұны; хабарлау түрі; адресаты (кімге арналғаны) [3].

Жобалау әрекеті сонымен қатар оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Құзіреттілік тұрғысынан алғанда әлеуметтік қарым–қатынас құзіреттілігін дамытудың маңызы зор. Олар оқушылардың төмендегі қабілеттерін қалыптастырады: оқу–тәжірибелік мәселелерді шешу барысында бірлесіп жұмыс істеуге қабілеттілікті, топпен жұмыс істеу қабілеттілігін; қорытынды өнімді құрастыру қабілеті, оның аудиториядағы адамдарға жеткізе білу қабілеті; Жобалау әрекеті барысында тек қана коммуникациялық қатынаста болу емес, белгілі бір өнімді құрастыру барысындағы іскерлік коммуникация жүреді, ол оқушылардың оқу – тәжірибелік мәселелерін шешу мақсатын көздейді. Сондықтан, осы жағдайда оқушы құзіреттіліктерінің қалыптасуы тиімді жүзеге асырылады.

Жобалау әдісі өзінің мазмұны жағынан еркін әрекеттерді, ашық оқытуды, тәжірибеге бағытталуды қажет ететін проблемалық оқытуға ұқсас екені белгілі. Бұл әдісті орынды пайдаланған жағдайда дәстүрлі оқытуды өмірмен байланыстыру тұрғысынан тиімді екені сөзсіз. Сондай-ақ, бұл – оқушылардың өз бетімен білім алуына ықпал ететін бірден бір әдіс. Жобалаудың түсініктік кеңістігіндегі маңызды қабілет – мәселені шешудің жолдарын және шешім қабылдау барысын талдай білу. Жобалау әдісі оқушының танымдық және қайта құрушылық әрекеттерінде шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, оқу мотивациясын арттыруға, интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, өз бетімен жұмыс істеу, жоспарлау, шешім қабылдау, нәтижені бағалау дағдыларын қалыптастырады. Өздерінің болашақ өмірінде кездесетін мәселелерді шешу үшін қажетті тәжірибелер жинақтайды. Жобалау әдісіне үйрету барысында оқушылар әрекеттің субъектісіне айналады, сөйтіп, әр оқушы жобалау тобының тең құқылы мүшесі болып табылады. Джон Равеннің зерттеулерінде 30-дан астам құзіреттіліктер талданған, олардың ішінде құзыреттіліктердің өзі де, оларды құрастыратын компоненттер де қарастырылған. Құзыреттіліктердің төмендегідей сипаттамалары бар:

– өз құзыреттіліктерін көрсетуге даярлық (мотивациялық жағы);
– құзыреттіліктердің мазмұнын меңгеру (когнитивтік жағы);
– түрлі стандарттық және стандартқа сыймайтын жағдайларда құзыреттіліктерді көрсету тәжірибесі (іс әрекеттік жағы);
– құзыреттіліктердің мазмұнына және оны қолдану объектісіне қатынасы (құндылықтық-мәндікжағы);
– құзыреттіліктерді көрсету нәтижесі және үдерісті эмоциялық – еріктік реттеу жағы.

Сонымен қатар, Джон Равеннің құзыреттіліктердің өзін және олардың компоненттерін талдаған зерттеулерінде әрбір компоненттің ерекше жақтары (аспектілері) көрсетілген. Олардың негізгілері ретінде мотивациялық, когнитивтік, іс- әрекеттік, құндылықтық-мәндік, эмоциялық–еріктік жақтары қарастырылып, әрбір құзыреттіліктің адам әрекеттеріндегі алатын орны белгіленген. Жалпы білім беруді жаңарту барысын талдау бүгінгі реформаларға байланысты мазмұнының білім беру мекемелері басшылары мен педагогтардың кәсіби ойлауы мен кәсіби іс–әрекеттерін дамытуды қажет етеді [2]. Жаңа парадигмаға сай басқару теориясы негізінен:

а) білім беру жүйесі мен мектептің өз ерекшеліктерін ескере отырып, менеджмент идеяларына сүйенуі қажет;

- б) кәсіби басқарушыларды даярлауға бағыт алу, олардың құзыреттілігін қалыптастыруға және басқару қызметін тиімді ұйымдастыруға жағдай туғызуға;
- в) басқару объектісін, яғни жалпы білім беретін мектептің педагогикалық жүйесін тануға негізделуі қажет. Жалпы менеджмент теориясы бүгінгі таңда постиндустриалдық, постмодерндік қоғам бағытына қарай елеулі мәдени бұрылыстар жасауда.

Қолданылған әдебиеттер:

1. С. М. Бахишева. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы ОҚУЛЫҚ Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен Алматы, 2011
2. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: пер. с англ. – Москва: Когито-центр, 2002. – С.212.
3. Маркова А.К. Психология профессионализма. – М.: МГФ «Знание», 1996.

МРНТИ: 14.25.09

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ МӘНІ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

Д.С. Аязбекова

*«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
7М01301-Педагогика және и бастауыш білім беру әдістемесі ББ магистранты*

Тәуелсіз еліміздің «Қазақстан-2050» Стратегиясында білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары екендігі нақтыланған болатын. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек.

«Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғаны қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуы тиіс», – деп атап көрсетті [1, 27]. Білім беруді жетілдіру, үздіксіз білім беру арқылы мамандардың кәсіби тұрғыда жан-жақты жетілдіру мәселесі бүгінде іргелі міндеттердің бірі болып отыр. Жалпы білім беру мазмұнының негізінде қазіргі кезде әлемдік тәжірибеге сай білім беру саясатының аясы кеңі түсуде. Әлемдік тәжірибе мен ұлттық тәжірибе негізінде әрбір адамның жас ерекшеліктерін ескере отырып, білімнің мазмұнын меңгеруге бағытталған үш түрлі құзыреттіліктер жиынтығын игеруі мақсат етілген, олар:

- 1) өзіндік менеджментке жататын өмірде кездесетін мәселенің шешімін табу құзыреттілігі;
- 2) ақпараттық құзыреттілік;
- 3) білімді игерумен бірге жүретін қарым-қатынастық, коммуникативтік құзыреттілік.

Осыған орай еліміздің білім беру жүйесіне «құзырет», «құзыреттілік» терминдері ене бастағаны баршамамызға белгілі.

С.Ожегов сөздігі бойынша, белгілі бір кәсіби қызметке байланысты, «қандай да болсын мәселеден хабардарлық, беделділік», ал екіншісі, «қандай да бір істі жүргізетін жеке адамның, мекеменің мәселелерді шешуге, іс-әрекет етуге, бір нәрсені істеуге құқықтылық шеңбері», – деп анықтама беріледі. «Құзыреттілік» термині әдетте белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статус иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, білігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы сипатталады [2].

Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін болашақ мамандардың кәсіби біліктілігі жоғары маман даярлау қажет-ақ. Бұл міндеттерді шешу педагогикалық үдерістің ұйымдастырылуы мен жүргізілуінен көрінеді. Педагогикалық әрекет басқарушылық болып келеді. Тұлғаның дамуын басқару үшін педагог құзыретті болу керек. Демек, кәсіби құзыретті педагог деген теориялық және тәжірибелік әрекетке дайындығымен анықталады [3]. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі оның педагогикалық іс-әрекетін, педагогикалық қарым-қатынасы мен мұғалім тұлғасын белгілі құндылықтарды, мұраттарды және педагогикалық сана-сезімді иеленуші ретінде қалыптасқандығын айқындайтын қажетті білімдер, біліктер және дағдылар жиынтығын игеру [4].

Бұл кәсіби құзыреттіліктерді игеру болашақ маманның мамандық сипаттамасынан көрінеді. Мамандық сипаттамасы – педагогтің теориялық және практикалық тәжірибесі деңгейінен көрінеді. Педагогикалық-психологиялық дайындық әдіснамалық білім негіздері мен педагогиканың негізгі

категорияларын, әлеуметтену заңдылықтарын, оқыту мен тәрбие мақсаты мен технологиясын, адамның дамуындағы физиологиялық заңдылықтарымен, жеткіншектер мен жасөспірімдердің психологиясымен байланысты болады [5]. Көптеген әдебиеттерде педагогикалық құзыреттілік маманның іскерлік сапаларының және педагогикалық қабілеттердің жиынтығы делінген.

Аталмыш ұғымдардың жекелей анықтамаларын қарастырғанда: іскерлік – белгілі бір жағдайда белгілі бір іс-әрекетті орындауға мүмкіндік беретін білім мен икемді дағдының жиынтығы болса, педагогикалық іскерлік – мұғалімнің түрлі әрекеттерінің жиынтығы, олар педагогикалық іс-әрекет функцияларымен теңестіріледі, елеулі мөлшерде мұғалімнің даралық-психологиялық ерекшеліктерін айқындап, оның пәндік-кәсіби құзырлығы жөнінде дәлел келтіреді [6].

Педагогикалық қабілеттер – мұғалімнің педагогтік қызметте жоғары нәтижелерге жетуін қамтамасыз ететіндей даралық-психологиялық ерекшеліктері мен кәсіптік тұрғыдан маңызды қасиеттерінің жалпылама жиынтығы.

Педагогикалық қабілеттердің мынадай түрлері сараланады:

гностикалық (танып білу және оған қанағаттана білу),
дидактикалық (түсіндіре білу, білімді үйрете білу),
коммуникациялық (қарым-қатынас, ынтымақтастық жасай білу),
конструктивтік (оқу-тәрбие материалын іріктеп ала білу, жобалай, жасай білу),
ұйымдастырушылық (шәкірттерін әр алуан әрекет түрлеріне еліктіріп, тарта білу, қатысушылардың бәрін біріктіріп, олардың мүдделерін қойылған мақсатты орындауға бағыттай білу),
перцептивтік (баланың ішкі жан дүниесін ұғына білу, олардың сезімдері мен жайкүйін түсіне білу, эмпатияға қабілеттілік),

болжамдаушылық (педагогикалық көрегендік жасай білу, педагогикалық қызметтегі өзара әрекеттестік нәтижелерін болжай білу),

суггестивтік (мұғалімнің эмоциялық, ерік-жігерлік иландырушылық ықпалы, нық айтылған жігерлі сөзбен қажетті әсер нәтижесіне жете білу қабілеті),

экспрессивтік (мұғалімнің өзінің білімі мен сенімдерін эмоциямен әсерлі етіп айтып жеткізе білуі, артистизмі, дауыс ырғағы, ым-ишара, оңтайлылық элементтерін жетік меңгеруі) [7].

Кез келген педагогтің бойына тән құзыреттіліктерді ғалымдар төмендегідей жіктейді:

- Арнайы құзыреттілік – өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілеті;
- Әлеуметтік құзыреттілік – кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті;
- Білім беру құзыреттілігі – педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Бұл аталған құзыреттіліктер кез-келген педагогтің қызметіне ұштасып отыратыны баршамызға мәлім. Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қабілеттілігі деп түсінуге болады. Демек, әрбір оқушы мұғалімдер қауымынан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр.

Болашақ педагогтер жылдам дамып отырған ақпараттық қоғамнан қалыспай тез ойлаушы; жылдам шешім қабылдаушы; ұйымдастырушылық қабілетті; нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы. Құзыреттілік біліктілікті сипаттайтын таза кәсіби біліммен іскерлікке қоса, әлеуметтік ортада, топта, жұмыс істеуге ынтымақтық, ынтымақтастық, қабілеттілік, оқу, бағалау, логикалық ойлау, ақпарат алу оны пайдалану т.б. іскерліктерден тұрады.

Құзыреттілік үш қырынан сипатталады:

- 1) Мәндік қыры – ахуалды жете түсіну, оны ұғыну және оған деген қарым-қатынасын, теориялық негізін, маңызды мәселелерді ұғыну;
- 2) Проблемалық – практикалық қыры – оқушының алдына мақсат, міндет нормалары қойып және орындау жолдарын анықтау;
- 3) Коммуникативті қыры – оқушының осы үдеріске, ахуалға қатысын және өзара ықпал жасауын қамтамасыз етеді.

Осы бағыттарды талдай отырып, білім беру жүйесіндегі педагог құзыреттілігі жаттанды түрде емес, оқушылардың тұлға ретінде танымға, ойлауға, әрекетке, белгілі бір мәселелерді ұсынып, шешім шығаруға, нәтижесін талдауға, түзетулер мен ескертулер жүргізіп отыру белсенділігінен байқалады. Қазіргі педагогтер оқушыларды оқытуда, білім беруде, тәрбиелеуде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Демек, педагог өз білімін үнемі дамытып отыруға тиісті. Осы негізде педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметін нақты орындау арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана оқушы құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Демек, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну

педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады. Болашақ педагогтердің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін дамытуда қандай жұмыстар жүргізуі керек немесе құзыреттілікті оқушылардың бойында қалай қалыптастыруға болады деген сұрақтардың туындайтыны анық. Олай болса, бұл сұрақтардың жауабын іздестіріп көрейік.

Әрине, бұл құзыреттіліктерді сабақ барысында болмаса, тәжірибе барысында қалай қалыптасқанын анықтауға болады. Демек, кез-келген тәжірибе жетекшісі немесе пән оқытушылары оқушыларды сабақ барысында тікелей байқап бақылау арқылы жауабын табады. Кейбір сұрақтардың жауабының шешімі табылмаған не таппаған жағдайда педагог сол құзыреттілікті оқушыға жеткізуші тұлға болады. Кәсіби-дидактикалық құзыреттілікті қалыптастыру үшін бірнеше кезеңдер (кәсіби құндылықтар, кәсіби дидактикалық әрекет және шығармашылық) мынадай компоненттер (мотивациялық, когнитивті, әрекеттік және рефлексия) арқылы қалыптасады. Осы құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін әрбір кезең бір-бірімен тығыз байланысады. Мысалы, мотивация тудыру үшін тапсырмалар беру, күнделік толтыру, ойындар, тренингтер (арнайы кәсіби мотивтерін ояту үшін) шығармашыл педагогтермен жұмыс және кездесулер мен сұхбаттасулар арқылы қызығушылығын тудыруға болады. Когнитивті әрекеттік компонентті қалыптастыру үшін практикумдар, интеграциялық тапсырмалар (мысалы, педагогикалық, психологиялық білімін қолдануға арналған тапсырмалар, әдістемелер, практикалық тапсырмалар жинағы, модульдік тапсырмалар немесе модульдік технология «Менің ең үздік сабағым» атты пікірталастар ұйымдастыру, іскерлік ойындар, педагогикалық жағдаяттар, бірлескен (мұғалім мен оқушы) семинарлар) өткізуге болады.

Рефлексивті компонентті қалыптастыру үшін (педагогикалық күнделік, оқу-танымдық тапсырмалар, іскерлік рөлдік ойындар, пікірталастар) жүргізуге болады. Кәсіби-дидактикалық құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін педагогикалық тәжірибеден келесідей шарттармен байланыс түзеді:

- динамикалық трансформация (дәріс), іскерлік ойын, оқу-танымдық және кәсіби дидактикалық іс-әрекет. Бұл шартты түзу үшін модульдік технологияларды пайдалануға болады.
- педагогика мен психология интеграциясы, оқыту әдістемелері, пәндік әдістемелер байланысын түзеді. Жалпы алғанда, бұндай жұмыстарда әрекеттің жүйелелігін, мектепшілік және сынып жетекшілері мен басшының, оқытушылардың бірлескен жұмысын көрсетеді [8].

Демек, осы аталған шарттар бойынша оқушының бойындағы құзыреттіліктерді толықтыруға немесе дамытуға бағыт-бағдар беретін бірден бір маман ол – педагог. Әдебиеттерде кәсіби құзыреттілікті қарастырып, дидактикалық құзыреттілікті жеке қарастырып жатады. Енді біз дидактикалық құзыреттіліктің құрылымына талдау жасап көрейік. Ол төмендегідей құзыреттіліктер:

- мотивациялық – құндылық;
- жобалау;
- тәжірибелік;
- рефлексивті бағалаушылық.

Аталған құзыреттіліктерді жеке қарастыратын болсақ.

Мотивациялық құндылық құзыреттілігі бұл педагогтің кілттік құзыреттілігі десек те болады. Себебі, педагог оқыту үрдісінде әрбір субъектімен тығыз байланысты жұмыстар жүргізеді. Ол педагогтің тұлғалық сапаларынан көрінеді. Бұл арқылы педагог дайындығы мен қабілеті оқушының өмірлік жоспарын кеңейтуге немесе дамытуға, өзінің даму траекториясын байқауына, қазіргі білім беру құндылықтарына негіздеп, өзінің шығармашылық іскерлігіне мүмкіндік жасайды.

Дидактикалық құзыреттіліктің жобалау компонентінде педагог оқыту үрдісін ұйымдастыруға, жаңа технологияларды пайдалануға, өзекті тапсырмалар бойынша тиімді шешім шығаруға, нәтижеге бағыттауға, жобалау мен талдау жасауға негіздейді. Педагог бұл курста қалыптасатын құзыреттілікті есепке алуға, интеграциялық мүмкіндігін білуге, оқу материалының дейгейін анықтауға, негізі түсініктер мен заңдылықтарды ескеруге, материалмен жұмыс істеуге, жобалық жұмыстардың мәнін меңгеруге бағыттайды.

Жобалық құзыреттіліктің негізі элементінде оқушылар пән мазмұнын меңгеруге, интеграциялауға, пәнаралық білімді қолдануға, оқытудың технологияларымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Модельдеу, жобалау, құрастыру білім беру жүйесі мен еңбек сұранысы талаптары арасындағы байланыс пен оқу әрекетінде оқушының даму перспективасын көруге мүмкіндік тудырады.

Тәжірибелік-дидактикалық құзыреттілік өз шығармашылығының мүмкіндігін өзектендірумен тығыз байланыста қарастырылады. Дидактикалық құзыреттіліктің рефлексивті-бағалаушылық компонентін педагогтің жеке дара қасиеттер жиынтығы құрайды. Біз бұны екі тұрғыдан қарастырамыз. Бірінші, оқу әрекетіне қатысушы оқушылардың диагностикасы (ішкі диагностика) және педагог өз

әрекетіне талдау жасауы мен диагностикасы ретінде сипаттауға болады. Педагог өз көзқарасы бойынша дидактикалық жағдайларды талдап және бағалап, өз іскерлігін көрсетеді, шешім шығаруда тәжірибе мен іскерлігін арттырады, өз әрекетіне логикалық түсінігін байқатады. Дидактикалық кедергілер кездескенде өзінің құзыреттілігін өзектендіреді, тәжірибе алмасады, ізденіс жүргізеді, білімін толықтып, дидактикалық іскерлігі мен дағдысын шыңдап, түзетулер жүргізіп отырады. Осы аталған дидактикалық құзыреттіліктің төрт бағыты бойынша мақсатты түрде жұмыстар жүргізіліп отырса, педагог өз құзыреттілігін басқа оқушыларға үйретуге талпынысы да жоғарылай берері сөзсіз. Дидактикалық құзыреттілікке педагог өз пәнін игеруге оқушыларды жұмылдыруы, жеке сапаларын дамыту, өзіндік ізденіске үйрету мен қызығушылықтарын ояту арқылы жүреді.

Дидактикалық құзыреттілікті меңгерген оқушы:

біледі: педагогикалық-психологиялық білім интеграциясын, оқу бағдарламаларын, оқу үдерісінде жобалық технологиялар негізін, жеке пәндерді оқыту әдістемесін, өз әрекетін тиімді ұйымдастырудың формасы мен әдістерін біледі. Оқушыда пәндік әдістемелер арқылы төмендегідей құзыреттіліктер қалыптастады:

игереді: жеке пәндерді оқыту әдістемесін оқыту үдерісінде қолдануды, оқу материалының мазмұнын оқытуда шығармашылық деңгейде пайдалануды, мақсатты анықтауды, міндеттерді шешуді, тиімді формаларды таңдауды жобалау жұмыстарын игереді;

дамиды: жеке жұмыс жасауда жеке оқушылармен тіл табысуды, креативтілікті, эрудиция, белсенділік тудыру сапаларын дамытады [9].

Сонымен кәсіби-дидактикалық құзыреттілік дегеніміз – маманның өз білігі мен білімін теориялық, әдістемелік және тәжірибе жүзінде іске асыра білу қабілеттілігі деп анықтама беруге болады.

Сондықтан да дидактикалық құзыреттілік кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің құрамдас бөлігі ретінде әрқашанда дайындықты талап етіп, оқушыны өз білімін тереңдетуге, білігі мен дағдысын ұштауға, өз ісінің бағасын нақтылауға үйретеді.

Сонымен, мақаламды қорытындылай келе, аталған дидактикалық құзыреттіліктер арқылы оқушылармен нәтижелі де тиімді жетістіктерге жету педагогтің өзіне жауапкершілікті жүктейді. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер, республиканың әлемдік деңгейде білім беру жүйесіне жетуге жасаған қадамдары осы мамандардың тиісті салада өзінің өсу траекториясын жасай алатын және өзінің әлеуетін анықтап, дамыта алатын, кез-келген жағдайлардың шешімін тауып, өзінің білімін құзыреттілікпен ұштастыра алатындай мамандар сапасына бағыттап отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан-2050»: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы: Юрист, 2013. – 27 б.
2. С.Аманжолов, Құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негіздері // Өскемен: 2007. – Б. 135-140.
3. Кузьмина Н.В. Профессионализм педагогической деятельности. – СПб., 1993. – 54 с.
4. Психологиялық сөздік. – Алматы, 2012. – 328 б.
5. Педагогика: Учебное пособие для оқушыов педагогических учебных заведений / Слостенин В.А., Исаев И.Ф., Мищенко А.И., Шиянов Е.Н. – М.: Школа-Пресс, 1997. – 512 с.
6. Платонов К.К. Краткий словарь системы психологических понятий. – М., 1984. – 155 с.
7. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. – 384 б.
8. Крюкова Т.А. Формирование профессиональной компетентности будущего учителя в процессе педагогической практики: автореф. ... канд. пед.наук. – Волгоград, 2004. – 200 с.
9. Штыкова Т.В. Коммуникативно-дидактическая компетентность педагога и ее структура: автореферат канд. пед.наук. – Челябинск, 2003. – 186.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНДЕ ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

М.Н. Кәкімжан, Е.С. Алимбаев, М.Ж. Жарасбаев
7М01401 «Дене шынықтыру және спорт» ББ магистранты
«Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ Семей қаласы, ҚР

Жобалап оқыту технологиясы оқыту проблемаларын, тәрбиелеу мәселелерін шешуді технологияландыру мәселесінің туындауына байланысты соңғы кезде өмірге келді. Бүгінде елімізде білім беру ошақтарында 50-ден астам педагогикалық технологияларды теориялық және ғылыми қолданбалы бағыт тұрғысынан жазылған зерттеулерді арқауы етіп, оларды оқыту үрдісін жетілдіру бағытында қолдану мәселелерімен отандық ғалымдар: Д.М. Жүсіпбалиева, Б.Ә. Әбдікәрімұлы, М.С. Мәлібекова, Г.Қ. Нұрғалиева, Қ. Қабдықайырұлы, Ж.А. Қараев, Ш.Т. Таубаева т.б. өз зерттеулерінде қарастырған, педагогикалық технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін нақтылау қажеттілігін айқындай түсуде. Осындай жаңа технологиялардың бірі – жобалап оқыту технологиясы. Жобалау – «project» деген латын сөзі. Бұл сөз «жоспарлау, дайындау» сияқты мағынаны немесе жоспардың жүзеге асырылуын білдіреді. Жобалау технологиясы ХІХ ғасырдың 2-ші жартысында АҚШ ауылшаруашылығы мектептерінде пайда болған. Оның негізін қалаған психолог, педагог, философ Джон Дьюи. Дьюидің ілімін жалғастырушы профессор Уильям Херд Килпатриктің ойынша, балаларды өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы үлкен өмірге дайындау – бұл технологияның негізі. "Өзіне көйлек тігіп киген бойжеткенді мысалға алайық. Егер ол кейін өзі киетін көйлегі үшін жанын аямай, ерінбей, аса қызығушылықпен көйлек үлгісін өзі ойлап тауып, өз бетімен өлшеп, пішіп, тігіп кесе – бұл мысал жобалау технологиясының нағыз типтік үлгісі" – деп тұжырымдайды Хилпатрик [1].

Сонымен қатар танымдық прагматизм философиясының өкілі Девей жобалық жұмыстың ғылыми және саяси концепциясының іргетасын қаласа, оның әріптесі Килпатрик жобалау әдісін ауқымды мағынасына қарай тәрбиеге қатысты философия ретінде бағалады. Осыған байланысты Килпатрик жобаны «элеуметтік ортада өткізілетін жүректен шыққан мақсатты әрекет» ретінде қарастырады [2].

Рейхвейн (1951) теория мен тәжірибенің байланысын жоба десе, Б.Отто жалпы сабақтардың концепциясында басты рөлді сұхбат алады дегенді айтады. Кершенштайнер (1968) еңбек мектебінен жобалау идеяларын немесе осы бағытта дамуды байқауға болатынын тұжырымдады [2].

1965 жылдан бері қарай жобалау әдісі халықаралық деңгейде қолданыла бастады. Бұл әдіске қайта оралудың басты себебін ғалымдар «мәселені оның дамуында қарастыруға мүмкіндік беретіндігімен» байланыстырады, яғни білім алушылар нақты мәселені шешу үшін әрекет үстінде бірнеше рет теорияға үңіледі, соның нәтижесінде өз ісінің қалай орындалғанын бағалай алады, өз қолдарымен жасалған іс оларға қанағаттанарлық, өзіне сенімділік әкеледі. Ғалымдар бұл технологияның осы артықшылықтарына үлкен мән берген. В.Килпатриктің ойынша, оқу әрекеттері оқытушының қатысуынсыз орындалуы тиіс. Сонда оқушы өз әрекетінің нәтижесін көріп, өзінің қабілетін бағалай алады десе, ал Д.Дьюи оқушының әрекеті мұғаліммен бірлескен әрекет болуын талап етті. Өйткені оқушының әрекетті аяғына дейін орындауына толық білімі жетпеуі мүмкін, ол үшін мұғалім әрекетті орындаудың алдында оқушының барлық ойлау әрекеті сатысынан өтуін қамтамасыз етуі тиіс деген пікір айтады [3].

Демек, жобалау идеясы, жобалау әдісі ең алдымен жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарындағы дәстүрлі оқытуға қарсы бағытталған бағдарлама ретінде қарастырылды.

Жоғарыда айтылғандай, жобалау әдісі Еуропада ХХ ғасырдың басында басталғанымен, Қазақстанда білім беру салалары кредиттік жүйеге енгелі ғана қолданыла бастады.

Жобалап оқыту технологиясы ТМД елдерінің оқыту жүйесінде де кең өріс алып жатқаны белгілі. Жобалап оқыту технологиясының теориялық алғаш негіздеген Ресей ғалымдарынан В.П. Беспалько, В.В. Давыдов, В.К. Дьяченко, Л.В. Занков, П.Я. Гальперин, Н.В. Кузьмина т.б. ғалымдардың теориялық зерттеулерінің нәтижесінде, сонымен қоса Е.Н. Ильина, С.Н. Лысенкова, В.Ф. Шаталов т.с.с. әдіскерлердің практикалық тәжірибелерінің негізінде қарастырылған.

Дене шынықтыру пәнін оқыту үдерісінде оқыту технологияларын жаңа қырынан қарастырған, оларды қолданудың ғылыми-әдістемелік мәселелерін арнайы зерттеген жұмыстар қатарында Ф.Оразбаеваның коммуникативтік технологиясын, М. Жанпейісованың модульдік технологиясын, Қ.Қадашеваның жаңғырта оқыту технологиясын, Р. Шаханованың мамандыққа бейімдеп оқыту

технологиясын, З. Бейсембаева мен К. Жаксылықованың модульдік технологияларын, Н.Құрманованың дамыта оқыту технологиясын, Н. Оразақынованың сатылай кешенді талдау технологиясын, белсенді оқыту әдістерін зерттеген Ж. Сүлейменова мен Ә. Әлметованың сұхбаттық оқыту технологиясын, А. Жапбаровтың, А. Қыдыршаевтың, Ж. Дәулетбекованың сөз мәдениетін меңгертумен, шешендікті қалыптастырумен байланысты жаңа технологияларға қатысты қағидалары көрсетілген еңбектерін атауға болады [3]. Әйтсе де, бұл зерттеулерде жобалау технологиясы туралы пікірлердің тым аз қамтылғаны, кейде үстірт қана аталып кеткені байқалады.

Жобалап оқыту технологиясы – кредиттік оқу жүйесінің талабына сай, дене шынықтыру сабағында қазіргі заман тұрғысынан қойылып отырған міндеттерге жауап бере алатын, бүгінгі күн үдерісін толық ақтай алатын оқыту жүйесі [4]. Яғни, жобалап оқыту технологиясының негізгі тірегі – өз бетімен белсенді істер атқаратын оқушының өзіндік ізденісіне, олардың өзін-өзі танытуына, танымдық-практикалық қабілеттерін жүзеге асыруына қажетті мүмкіндіктер. Ш.Д.Абдиева: "жобалау әдісі – оқушы мен мұғалімнің бірігіп, белгілі бір мәселені шешуге және қорытынды жасауға негізделген оқу немесе басқа да әрекеттерін айтуға болады" – десе [4,], ғалым А.А.Сатбекова: "жобалау әдісі арқылы оқыту – оқушылардың репродуктивтік оқу әрекеттерін біртіндеп имитациялық әрекеттерге көтеру арқылы ұлттық мәдени мол мұраны олардың ішкі құндылықтар жүйесіне енгізудің тиімді жолы"– деп тұжырымдаған [5].

Яғни, жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін өзі көрсете білуге бейімдеу.

Демек, жобалап оқыту технологиясын қолданып, проблемалық тақырыптың мазмұнын ашу, пікірталасқа түсу, өзіндік ойларын ғылыми дәлелдеудегі мұндай оқу ынтымақтастығын тудыратын топтық жұмыстардың мүмкіндіктері мен тиімділігі мол. Ә.Қисымова, Т.Увалиева ғалымдардың зерттеп, зерделеулерінің нәтижесінде жаңа кезеңде жобалай оқыту технологиясын дене шынықтыру пәнін сапалы әрі тиімді оқыту жүйесі ретінде таңдап алудың бірнеше себептері жүйеленді.

Біріншіден, бұл технология – кредиттік оқу жүйесін жүзеге асыруға мүмкіндігі мол технология. Кредиттік оқу жүйесінде оқушының өз бетімен орындайтын жұмысына басымдылық беріледі. Ол мұғалімнің басшылығымен және өз бетімен орындайтын жұмыс деп бөлінеді. Осы тұрғыдан қарағанда, жобалай оқыту технологиясы мен кредиттік оқу жүйесінің өзара бірлігі айқын байқалады.

Екіншіден, жобалай оқыту технологиясының философиялық, гуманистік, психологиялық мүмкіндіктері оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталады. Өз бетімен дене шынықтыру пәні бойынша берілетін түрлі жобаларды орындау барысында оқушы «білім іздеудің өзіндік сүрлеуін» қалыптастырады және ол сүрлеу оқушының өмір бойғы білім алуы дағдыларын дамытады.

Үшіншіден, бұл технологияның артықшылығы–жоба жұмысын орындау арқылы оқушы өздігінен шешім жасауға үйренеді, жобаның орындау логикасын анықтайды.

Төртіншіден, бұл технология оқушының білім деңгейін дамытуға көмектеседі, себебі ол өз бетінше әрекетке түсіп, ізденеді.

Бесіншіден, бұл технология бойынша оқушы тақырыпты өзі таңдауына мүмкіндік алады.

Алтыншыдан, жобалау технологиясы мұғалімге де, оқушыға да ғылыми дәлелдемелеріне қанағаттану сезімін, яғни «эгофакторлық» сенім ұялатады [5].

Жобалап оқыту технологиясы арқылы салауатты өмір салтын меңгерудің ережесі мынадай: тақырып (жобалық) оқу бағдарламасына сәйкес болуы керек және ол оқушының қызығушылығын тудыруы қажет; мұғалімнің рөлі өзгереді, ол тек қана ұйымдастырушы әрі кеңесші болуы тиіс; жобалап оқытудың өн бойында іздену әрекеті, зерттеу әрекеті, талдау және жинақтау әрекеті ұйымдастырылады. Сонымен бірге, ізденуші жеке жұмысының жобасын ұсынып, оны нәтижесінде дәлелдеу үшін жоспар жасайды, сызба, кескіндеме, диаграммалар пайдаланылады; талқыға ұсынылатын тақырып кең және ашық болуы қажет; жобаны қорғау жұптық (диада), үштік (триада) және топтық шеңберде орындалуы қажет.

Т.Әбдікәрім сөзімен айтқанда "жобалар әдісінің негізіне «жоба» ұғымының мәні, оның қандай да бір тәжірибелік немесе теориялық мәнді мәселені шешу арқылы алуға болатын нәтижеге деген прагматикалық бағыты салынған. Бұл нәтижені нақты тәжірибелік іс-әрекетте көруге, түсінуге, қолдануға болады.

Қорыта айтқанда, жобалау әдісі – қандай да бір түрде безендірілген, нақты, айтарлықтай тәжірибелік нәтижемен аяқталуы тиіс мәселені толық өңдеу арқылы дидактикалық мақсаттарға жетудің тәсілі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қисымова Ә.Қ., Увалиева Т.Ж. Оқыту технологиялары. – Алматы. 2007, 204 б.
2. Пахомава Н.Ю. Проектное обучение – что это?// Методист. №1, 2004, 50-54бб.
3. Э.Тұрдалиева, Ақынова Ж. Жобалау технологиясын қолдану әдістері 2006, 36-40 бб.
4. Абдиева Ш.Д. Жобалау әдісін қолдану арқылы студенттердің тіл үйренуге деген белсенділігі мен қызығушылығын арттыру 2010, 39-43бб.
5. Сатбекова А.А. Жобалау әдісі арқылы оқыту жүйесінің дидактикалық ұстанымдары // Білім – Образование. № 3 (27), 2006, 48-52бб.

ҒТАХР: 14.15.18

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ МОТИВАЦИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аманғазы А.

Семей қаласы Шәкәрім атындағы университеті КеАҚ

*«Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 2 курс
магистранты*

*Ғылыми жетекші: Педагогика және психология кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а.,
п.ғ.к. Тұрғанбаева Б.Ш.*

Бастауыш сынып оқушысының мектепке бейімделу процесінде танымдық іс-әрекеті мен оған итермелейтін себеп-салдар немесе түрткі болатын жағдайлардың мән-мағынасын мүмкіндігінше ғылыми-теориялық және ғылымдардың ықпалдастығы мен олардың әрқайсысының зерттеу нысандарындағы алынған қорытынды жиынтықтарының негізделулеріне сүйене отырып, деңгейлік сапа, сандық көрсеткіштік белгілерімен салыстыра анықтау шындыққа жақындықтау ете түсетіні анық. Әсіресе, бұндай жағдайлар бастауыш білім беру кезеңіндегі оқу әрекетінің күрделілігімен көрінуі және ондағы шешімі табылуға тиісті келелі мәселелердің түйінін табу, оң нәтижеге қол жеткізу және оның құбылмалылығына ғылыми тұрғыдан жиі қарау заңды нәрсе.

Оқу-тәрбие үдерісіне әсер ететін ұлттық ерекшеліктер жалпы халықтың ұлттық ерекшеліктерімен анықталады, демек, олар сол белгілермен, яғни тілдің, әлеуметтік-экономикалық өмірдің және психологияның (этнопсихологияның) ерекшеліктермен сипатталауы тиіс. Бастауыш мектептегі оқу-тәрбие үдерісі ұлттың қоғамдық өмірінің бір бөлігі болып саналады. Яғни ұлттық мектептердің оқушыларының оқу және танымдық іс-әрекет мотивациясын арттыру үшін дәріс берудің, тәрбиелеудің практикасында ұлттық ерекшеліктерді де ескеру қажет.

Осылайша, бастауыш білім беретін мектеп оқушыларының танымдық іс-әрекет мотивациясының дамуы тілдің өзіндік табиғатымен қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму сатыларымен, сондай-ақ, ұлттық психологияның ерекшеліктерімен де анықталады.

Мектепке барғанда оқушылар үшін толыққанды қарастыру мәселесінде мына жайттарды ескеру қажет.

1. Қоғамның саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайлары.
2. Баланың ұлттық болмысын, этнопсихологиялық ерекшеліктерін ескеру.
3. Тілдік ерекшелік.
4. Бала болмысындағы ұлттық тәлім-тәрбие.
5. Тұлғалық ерекшелігі.
6. Бала тұлғасындағы орын алған ата-баба мұралары т.б.
7. Берілетін білім мазмұнының бала табиғатына жақын келуі.

Теориялық тұрғыдан жасалған осындай қорытындылар бастауыш мектеп оқушыларының танымдық іс-әрекет мотивациясының қалыптасуы және даму үдерісіне ықпал ететін ұлттық ерекшеліктерді анықтауға бағытталған зерттеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндігін берді.

Мектепке бейімделуде оқушыларда оқудың қажетті мотивациясын, оқуға деген берік және шынайы ынтаны қалыптастыру үшін:

– балалардың белсенді іс-әрекетке деген, эмоционалды қанығуға, ұжымда өз орнын нығайтуға және т.б. деген қажеттіліктерін тірек ете келе, қажетті мотивацияны тудыру;

– бұл іс-әрекет оларға ең жағымды эмоционалды сезінулерді беріп, олардың мүдделерін қанағаттандыруы, оларды дамытып, оларға өз мүмкіншіліктеріне деген сенімділікті беруі, өз табыстары үшін қуаныш және мақтаныш сезімін беретіндей жағдай жасау;

– мектепте, сыныпта, отбасында білімдер мен икемдіктерге үлкен құрметпен және қошеметпен қарау атмосферасын жасау, оларды игеруді қатардағы, аз маңызға ие іс ретінде емес, аса маңызы қоғам үшін маңызға ие, жоғары бағаланатын іс ретінде, әр оқушының ар-намысының ісі ретінде қарастыру қажет.

Жалпы білім беретін бастауыш мектептердің оқу-тәрбие үрдісіндегі бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекет мотивациясын қалыптастырудың нобайы

Компоненттер	Критерийлер	Көрсеткіштер
Мотивациялық	Таным үдерісіне оң көзқарас	1. Білім алуға тұрақты ұмтылыс. 2. Таным үдерісіндегі жағымды эмоциялар 3. Сүйікті пәнмен айналысу үшін бос уақытты пайдалану. 4. Оқу әрекетінің барысында табыстылық сезімін сезіну.
Мазмұндық	Ойлаудың дербестігі және сырттан келетін көмекке сезімталдылық; интеллектуалдық, танымдық, белсенділік және танымдық дербестік	1. Оқудың маңыздылығын ұғыну, ой мен қиялдың жұмысының қажетті шарты ретіндегі білімдердің белгілі қорының болуы. 2. Ақыл-ой қасиеттерінің дамуы (ікемділік, сыни көзқарас, төзімділік, логикалық, кеңдік және т.с.с.) 3. Оқушылардың шығармашылығын ынталандыру (стимулдар: білімдердің өмірлік-тәжірибелік маңыздылығы, оқушыға деген сенімділік, проблемалық тапсырмалар жүйесі, жеке үлгі). 4. Жалпы білім беретін бастауыш сынып оқушыларының біз зерттеп отырған қасиетін қалыптастыру ісіндегі ұлттық ерекшеліктерді есепке алу.
Іс-әрекеттік	Танымдық іс-әрекет	1. Игерілген тәсілдер мен әдістерді жаңа практикалық және теориялық міндеттерге белсене көшіруді жүзеге асыру мүмкіндігін беретін танымдық дербестік икемдіктерінің жиынтығы. 2. Дамыта оқыту принциптері мен проблемалық тапсырмалар жүйесіне негізделген рационалдық ақыл-ой жұмысының тәсілдерінің жүйесі. 3. Жұмыстың алуан түрлеріне нәтижелі кірісе білу қабілеті: ұжымдық, топтық, жұптық, жеке-шығармашылық, дербестік. 4. Бастауыш сынып оқушыларның дербес бағалымдық-бағдарлық іс-әрекеті.

Бірінші критерийдің көрсеткіштері төмендегідей:

- білімдерді игеруге деген тұрақты ұмтылыс;
- таным үдерісіндегі жағымды эмоциялар;
- сүйікті пәнмен айналысу үшін бос уақытты пайдалану;
- оқу әрекетінің барысында табыстылық сезімін сезіну;

Екінші және үшінші критерийлердің көрсеткіштері :

– оқудың маңыздылығын ұғыну, ой мен қиялдың жұмысының қажетті шарты ретіндегі білімдердің белгілі қорының болуы;

– ақыл қасиеттерінің дамуы (ікемділік, сыни көзқарас, төзімділік, логикалық, кеңдік және т.с.с.);

– оқушылардың шығармашылығын ынталандыру (стимулдар: білімдердің өмірлік-тәжірибелік маңыздылығы, оқушыға деген сенімділік, проблемалық тапсырмалар жүйесі, жеке үлгі);

– жалпы білім беретін бастауыш сынып оқушыларының біз зерттеп отырған қасиетін қалыптастыру ісіндегі ұлттық ерекшеліктерді есепке алу.

Төртінші критерийдің көрсеткіштері:

– игерілген тәсілдер мен әдістерді жаңа практикалық және теориялық міндеттерге белсене көшіруді жүзеге асыру мүмкіндігін беретін танымдық дербестік икемдіктерінің жиынтығы;

- дамыта оқыту принциптері мен проблемалық тапсырмалар жүйесіне негізделген рационалдық ақыл -ой жұмысының тәсілдерінің жүйесі;
- жұмыстың алуан түрлеріне нәтижелі кірісе білу қабілеті: ұжымдық, топтық, жұптық, жеке-шығармашылық, дербес;
- бастауыш сынып оқушыларының дербес бағалымдық-бағдарлық іс-әрекеті;

Біз жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекет мотивациясы қалыптасуының үш деңгейін анықтадық:

Жоғарғы деңгей – бұл барлық пәндер бойынша үздік оқитын балалар. Оқу оларды қызықтырады, себебі оқу үдерісінде олардың білімдері үнемі толықтырылады және жетілдіріледі. Олар бағдарлама шектеріндегі оқу материалын жақсы игерген, ал кейде одан артық дәрежеде біледі, белгілі бір құбылыстың, оқиғаның мәнісіне қызығушылық танытады. Өз жауаптарында бұл балалар терең білімдерді, жолдастарының жауаптарын толықтыру және нақтылай түсу қабілетін көрсетеді. Мұндай оқушыларға шығармашылық белсенділік тән келеді. Таным үдерісінде олар назарын толығымен іске шоғырландырады, мұқият келеді, жаңамен танысу оларда қызығушылық, қуанышты тудырады, ал бұл сыртқы белсенділіктен көрініс табады. Проблемалық тапсырмаларды игерудің жоғарғы (төртінші және үшінші) деңгейі. Бұл деңгейде балалар кітап оқығанды жақсы көреді, олардың сүйікті телехабарлары бар. Олар сыныптың қоғамдық өміріне белсене қатысады, белгілі бір үйірмеге, факультативке қатысады, жүйелі түрде және белгілі мақсатпен көркем шығармашылықпен айналысады, бос уақытын сүйікті пәнмен немесе іспен айналысу үшін пайдаланады.

Орташа деңгей – кейбір пәндер бойынша жақсы және үздік оқитын балалар. Олар мектепке қызыға барады, бағдарламада көзделген оқу материалын жақсы игереді, жаңа нәрсені оқу барысында жиі-жиі сұрақ қояды, дегенмен бұл сұрақ бойынша неғұрлым кең білімдер оларды қызықтырмайды. Жаңамен танысу оларда қызығуды тудырады, сол себепті негізінен сыртқы белсенділік жоғары келеді. Проблемалық тапсырмаларды шешудің бірінші және екінші деңгейін игерген. Мұндай балалар анда - санда , көбіне тек оларға сол сәтте қызықты болатынды ғана оқиды. Үйірмелер мен факультативтерге қатысады, бірақ мұны көбіне мақсатты түрде емес, жолдасымен бірге болу үшін ғана істейді, сондықтан онша қайғырусыз өз қызғушылықтары мен үйірмелерді жиі алмастыруы мүмкін.

Төменгі деңгей – қанағаттандырылмайтын оқитын балалар. Бұл топтағы бастауыш сынып оқушыларында білімдер жүйелендірілмеген, жауаптары жақсы да, орташа да, қанағаттандырмайтын да болуы мүмкін. Жаңаның барлығы оларды онша қызықтырмайды және толғандырмайды, сұрақтарды өте сирек қояды, тапсырмаларды дайын үлгі бойынша орындауға тырысады. Тек өте қызықты оқу материалы ғана оларды қызықтыруы мүмкін. Мұндай оқушыларға көңіл қоюдың тұрақсыздығы тән келеді. Олар аз оқиды, сабақтан тыс уақытта үйірмеге немесе факультативке қатысу ниеті анда-санда ер айда болады, тұрақсыз. Мұндай балалардың танымдық белсенділігі мақсатты емес. Проблемалық тапсырмаларды шешудің нөлдік деңгейін игерген. Әдетте, олар мәжбүрлеу бойынша оқиды.

Мұғалім – бастауыш сынып оқушыларының мектепке бейімделу процесін жеке зерттеушілік іс-әрекеті үдерісінің ұйымдастырушысы, жетекшісі. Мектепке бейімделуде мұғалім баланы өз іс-әрекеті мен жолдасының әрекетін талдауға үйретуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Маркова А.К. Оқу мотивациясын қалыптастыру / А.К. Маркова және т.б.-М: Просвещение, 1990 ж.
2. Матюхина М.В. Кіші мектеп оқушыларын оқытуға мотивация / М.В. Матюхина.-М.: Ағарту, 1984 ж.
3. Ананиев Б.Г. Таңдамалы психологиялық еңбектер: 2 томда – М: Педагогика, 1980. – 364 б.
4. Білім және даму / Ред. Л.В.Занкова.- М: Педагогика, 1975. - 440 ж.
5. Эльконин Д.Б. Балалық шақтағы психикалық дамуды периодизациялау мәселесі туралы / Психология сұрақтары, 1971, №4, 6-20 б.
6. Б.А.Тұрғынбаева Дамыта оқыту технологиялары.Алматы. 2000ж;

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ

Игисинова А.Т.

Семей қаласы Шәкәрім атындағы университеті КеАҚ

*«Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 2 курс
магистранты*

*Ғылыми жетекші: Педагогика және психология кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а.,
п.ғ.к. Тұрғанбаева Б.Ш.*

Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім бола алады. Расымен де, өмірдегі сан түрлі мамандық бар, адам баласы өзі таңдап алған кәсібінің майталманы болуы керек, ал сол кәсібінің майталманы болу үшін не керек? Әрине, еңбек керек, ізденіс керек, өзін - өзі жан - жақты адам ретінде, тұлға ретінде үздіксіз дамыту керек.

Мектептің жаны, мектептің жүрегі – мұғалім деп айтып та, естіп те жатамыз. Ахмет Байтұрсыновтың «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен көбірек білімді тұлғалар шығады. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» деген сөзінде қаншама ой, қаншама түйін жатыр. Расымен де, өмірдегі сан түрлі мамандықтардың ішінде білімділікті, кәсібилікті, тәрбиелілік пен шеберлікті аса қажет ететін мамандықтың бірден - бірі – мұғалім мамандығы. Сондықтан да ұрпақ тәрбиесі мен білімі мәселесі кезек күттірмейтін, егеменді еліміздің болашағын айқындайтын ең маңызды міндеттердің бірі. Осы міндетті шешу педагогтың еншісінде. Олай болса, қоғам педагогқа үлкен үміт артып, ел тағдырын сеніп тапсырып отыр және одан жоғары жауапкершілікті талап етеді.

Осындай күрделі мәселенің шешімін табу жолында педагогика ғылымының көптеген ғалымдары талмай ізденіп, зерттеулер жүргізіп, өз кезегінде білім беру саласына жаңалықтар мен өзгерістер енгізуде. Ал педагогтар болса, өз педагогикалық іс - әрекетінде сол жаңалықтарды, инновациялық технологияларды, әдіс – тәсілдерді жете ұғынып, тәжірибеде ұтымды қолдана білулері керек.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізгі шарттарына тоқталсақ:

1. Тұлға аралық және еңбектегі байланыс.
2. Қызметтің эканомикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі.
3. Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.
4. Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті.
5. Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі.
6. Тиімді шешім қабылдау қабілеті.

«Құзырлылық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті»- деп түйіндейді белгілі Т. Г. Браже. Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педогогикалық процесті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді. Қазіргі оқытудың жаңаша технологиясын меңгерудің өзі ұстаздан шығармашылықты талап етеді. Ал шығармашылықпен жұмыс жасау үшін мұғалім өзінің кәсіби біліктілігін арттырып отыруы қажет.

Мұғалім – бала бойына білім нәрін себегін басты тұлға. Яғни, балаларды тәрбиелеуде тиімді жағдайлар жасау көбіне мұғалімге тікелей байланысты. Сондықтан жаңашыл мұғалім даярлауға қойылатын талаптар студенттерді – ертеңгі мұғалімдерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді. Қорыта келгенде, болашақ мұғалімдерді кәсіби әрекетке даярлау аса көкейкесті, кезек күттірмейтін өткір мәселе екендігін айғақтайды. Адамның қандай да болмасын іс – әрекетінің заттық саласы қалайда білімдер жүйесінде көрінеді. Сондықтан синтетикалық сипатының біртұтастық объектілері жасалмайынша субъектінің іс -әрекетінің сәтті болуы мүмкін емес.

Сананың тұтастық объектілері белгілі бір шындық саласындағы білімдерді меңгерудің нәтижесінде пайда болған объектілері, субъектінің іс – әрекетінің сыртқы тал аптарды орындау тәсілдері мен адамның субъекті -тұлғалық құндылықтарына бағыт табу болып табылады.

Мұғалімнің еңбек құралдарының өзіндік сипаттары – ол оның білімі, білігі, тұлғалық қасиеттері. Осыған байланысты, білім «сананың біртұтастық объектісі» болып есептелуі керек, мұғалімнің іс – әрекеті, оның білімі және тәжірибесі кәсіби шеберліктің деңгейіне тікелей қатысты екендігі анық. Қажетті тәжірибені жинақтауға әкелетін іс – әрекет мұғалім тұлғасын қалыптастырудың шарты болады, ал ол «оқу-әдістемелік» құралдарының өзінде орныққан.

Мұғалімнің өзіндік дамуында ол "Неліктен осындай жағдай орын алды? немесе алмады?", "Кемшіліктерімді қалай жетістікке айналдырамын?", "Келешекте іс - тәжірибемді қалай жақсартамын?" деген сұрақтарды үнемі қоя отырып, кәсіби рефлексия жүргізе білуі керек. Рефлексия деңгейінен тез арада шығып біз дами бастайтынымыз сөзсіз. Біз өз кәсіптік деңгейіміз туралы ойлануымыз керек, себебі жаңа уақыт жаңа талап қойып отыр. Бұрынғы "дәстүрлі" сабақ өз күшін жоюда, оқушылар өздеріне керекті мәліметтерді, информацияларды интернет жүйесінен алу дәрежесіне жетті. Бәрі де ойлай алады, бәрі ойдан басталады. Қазіргі жаңа формация педагогінің - "рефлексивті практик" деп атауға болады деп есептеймін, яғни ондай педагог - өзінің оқыту және оқу тәжірибесін дамыту, өзгерту және жетілдіру әдістерін мұқият және үнемі ойластырып жүретін педагог. Жаңа технологиялардың әдіс - тәсілдерін сабақтарымызда қолдана отырып, олардың тиімділігін айқындап, біз оларды меңгереміз және жаңа технологияларды меңгеру біздің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсер тигізеді, өзін - өзі дамытып, оқу - тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруымызға көмектеседі. Әрбір сабақта әртүрлі жаңа технологияларды, әдіс - тәсілдерді қолдана отырып, біз өз - өзімізді дамытып, оқу - тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға үйренеміз. Әрине, жұмысымызда қиыншылықтар да кездеседі, дегенмен оларды өту барысында біз тәжірибе жинақтаймыз, жаттығамыз, мақсатқа жетуге ұмтыламыз. Алдымызға қойған мақсатқа жетуде оқу - тәрбие жұмысындағы әдіс - тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың ақыл - ойын дамытуды мақсат ететін болғандықтан олардың дара ерекшеліктерін біліп, санасып отыруымыз керек. Бұл - әрбір ұстаздың парызы.

Мұғалім өзіндік дамуына кәсіби рефлексия жасай отыра, жаңа әдіс - тәсілдерді жетік меңгеруге қалыптасады, сапалы нәтижеге жетуге мүмкіндік береді. Өз жұмысымызда рефлексия жасап, заман талабына сай дағдыланамыз, үйренеміз, біз өз әрекетіміз арқылы ғана дамимыз.

Мұғалімдер өздеріміздің біліміміз бен кәсіби дайындықтарымызға сәйкес, өздеріміздің жұмысымыз туралы толғаныста болуымыз керек. Рефлексивті ойды шешуге жататын мәселелерді зияткерлендіру тұрғысынан қарастыра отырып, идеялар мен болжамдарды дамытып, практикалық жағдаяттардың зерттеулеріне бастама жасап және іске асыруымыз керек. Осылайша оқытуға ерекше ықпал етіледі. Кәсібилік – ұстаздың психолого - педагогикалық, ғылыми - пәндік білім - біліктің мәдени - адамгершілік ұстанымдарымен үйлесудің жоғары деңгейі.

Кәсіби құзыреттілік – өз бетінше және жауапты әрекет жасауға мүмкіндік беретін белгілі бір психикалық жағдай, арнайы білімнің болуы, жалпы және арнайы эрудицияның болуы, ғылыми - кәсіби дайындығын үнемі жетілдіру, күнделікті іс - әрекетте міндеттерді шешу үшін еңбек субъектісінің кәсіби дайындығы және қабілеті. Ал мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі білім беру нәтижесін қамтамасыз ететін шешуші фактор, өз кезегінде, тіпті қоғам жағдайының сапалы өзгеруіне әсер етеді. Міне, сондықтан да, қазіргі педагог білім беру үрдісін ұйымдастырудың көпқырлылығы туралы білуі шарт. Яғни, педагог өз қызметіне қатысты инновацияларды, технологияларды, өзгерістерді жақсы меңгерген болуы қажет. Сонымен қатар, қазіргі кезде мұғалімге деген дәстүрлі көзқарастар өзгерді. Кез келген педагог кәсіби және тұлғалық өсудің бірден бір жолы – кәсіби өзін – өзі жетілдіру екенін түсінгені дұрыс.

Ұстаздың жеке тұлғалық қасиеттері педагогикалық іс - әрекеттің ішкі мазмұнын құрап, шебер - ұстаз болып қалыптасуға аса қажет. Қазіргі таңдағы көптеген педагогтар өзінің кәсіби жетілуіне көп мән бермейді. Оны әртүрлі жағдайлармен байланыстырып жатады. Дегенмен, жоғарыда айтып кеткен қоғамымыздағы шешімін күтіп тұрған мәселелер ешқандай сын көтермейді. Ойымды қорыта келе мұғалімнің кәсіби дамуында кері байланыс, кәсіби рефлексия - маңызды екендігі сөзсіз. Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Үздіксіз жаңалық енгізу білім беру саласында мектеп жұмысының дамуының ең басты фактор болып отыр. Әр мұғалім өз іс - әрекетінде қажетті өзгерістерді, әр түрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды, жаңа әдіс - тәсілдерді дер кезінде қабылдап, дұрыс пайдаланып, кәсіби дамып отыруы қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. К.М.Қазақбаева. «Құзыреттілік тәсіл нәтижеге бағдарланған білім беру негізі». Білім берудегі менеджмент. - 2009. - № 4. - 65б.
2. Таубаева Ш.Т. Введение в методологию и методику педагогического исследования: учебн. пособие. -Туркестан, 2007. -190 с.
3. Исаев Е.И. Университетское педагогическое образование: новая парадигма в подготовке педагогов // Тульская школа. - 1994. - №4.
4. Койшигулова Л.Е. Коммуникативная компетентность педагога // Вестник АТГУ, 2009, №4 (15), с. 18-20
5. Б.М. Баймуханбетов. Тұлғаның лидерлік ерекшеліктері // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы - №1 (41), 2014 ж. 99-102 б.

ҒТАХР: 14.35.07

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ МОТИВАЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Кариполлина Г.Б.

*магистрант 7M01301- «Бастауышты оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»
Кулмышева Н.А. аға оқытушы, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,
nazym.armys@mail.ru*

Оқудың қиындық деңгейлерін студенттердің жас кезеңдеріне сәйкес құрылуы қажеттігі белгілі, олардың жеке психологиялық мінез-құлық жағдайлары әр қилы. Сонымен мінез-құлықта оқу іс-әрекетін табысты игеруге әсер етеді, кейде ол қиыншылық тудыруы мүмкін немесе оқуға жақсы жағдай тудыруы ықтимал, оның себебі жақсы ұйымдастырылған оқу үдерісі, оқытушының жоғары дәрежелігі, педагогикалық қарым-қатынас стилін қолдану ерекшеліктеріне байланысты. А.Е.Личко орыс психиатры акцентуалды мінез-құлық типтерін анықтады [1]. Оның мінез-құлық типтері неміс психиатры К.Леонгардтың зерттеген мінез типтеріне ұқсайды [1]. Осы аталған ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, біз студенттердің оқу үдерісінде кездесетін психологиялық ерекшеліктерінің кейбір типтеріне сипаттама бердік:

Гипертимді тип – ұқыпсыз, шулы және даңғой. Мұндай студенттер оқытушымен тез қақтығысқа түседі. Іс-әрекетте тұрақсыз, алаңғасар, артына, жан-жағына алақтай береді. Адамдармен қарым-қатынаста үстірт және жұмысқа да немқұрайлы.

Циклоидті тип – мұндай адамдарға өмір өзгерістерінде бейімделу қиынға түседі, мектептен жоғары оқу орнына түсу сияқты өтпелі кезеңдерде ауыр күйде болады, ашушаң күйде жүреді, ілтипатты қатынасты қажет етеді.

Осы жағдайларды ескере отырып, зерттеу жұмысымызда мектеп табалдырығын жаңа аттаған ақ ниетті, балғын бүлдіршіндердің өз халқының ұлттық құндылықтарын саналы түрде түсініп, қабылдауына, сөйтіп, ата-бабасын, ата-анасын сүйіп, қастерлейтін, бауырмал, мирасқор, мұрагер, намысқой, салт, дәстүрлерін қадір тұтатын, елін сүйетін, рухы жоғары, ұлттық құндылық бағдары анықталған азамат тәрбиелеу көзделіп отыр.

Жалпы орта білім беру мемлекеттік құжаттарға сәйкес бастауыш және негізгі (орта), кәсіптік бағдар беру сатысы ретінде бөлінеді. Ал, жеке тұлғаның өзіндік қасиеттерінің қалыптасуы бастауыш мектепте қуатты жүреді. Бастауыш мектеп – кіші мектеп жасындағы балаларға бастауыш білім беретін оқу-тәрбие ордасы. Бастауыш білім тұжырымдамасында бастауыш мектептің маңызы мен қызметі оның үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен сабақтас болуымен ғана емес, ең алдымен оқушы тұлғасының рухани өзегі қалыптасуы мен дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын буын екендігімен анықталады [4]. Бастауыш мектептің өзінде баланың танымдық және психикалық мүмкіндіктері жетіліп, адамның күнделікті өмірінде білім алудың қаншалықты маңызды екеніне көзі жете бастайды. Сонымен қатар осы жас кезеңінде оқушы өзіндік сананың жаңа сатысына көтеріледі.

Болашақ ұрпақты жас кезінен сан ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік тарихы бар құндылықтар негізінде тәрбиелейтін мазмұнды ақпараттар өте мол. Олар ғұлама ойшылдардың, педагогтар мен психологтардың еңбектерінде түрлі көзқарастарда баяндалып, атадан балаға ұласатын құндылық сезім ниеттер, ұмтылыстар, тұлғаның бағыттылығын анықтайтын ізгі қасиеттерді қамтиды. Бұл өз кезегінде ғылым әлеміндегі құндылықтар ұғымына байланысты алуан түрлі тұжырымдармен айқындалып, нақтыланып отырады. Әрбір ғылым саласы өзінің зерттеу бағытына сәйкес құндылықтарды түрліше деңгейде қарастырады. Қазіргі кезде құндылық термині философия, әлеуметтану, мәдениеттану, этика, эстетика, психология, педагогика ғылымдарында кеңінен қарастырылуда. Біз құндылық мәселесіне арналған еңбектерден өз зерттеуімізге қатысты «құндылық» ұғымының философиялық, педагогикалық мәніне баса назар аудара отырып, оларды өз зерттеуіміздің алғышарттары ретінде жүйелі түрде қарастырамыз.

Қазақ энциклопедиясында «құндылық» объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-әлеуметтік ұғым деген анықтама берілген. Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әр түрлі көріністеріне жататын табиғи, қоғамдық құбылыстар, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылады. Құндылық объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екендігін айқындайды. Құндылықтар өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адам өмірінің мәніне т.б. баға беру қатынасынан тұрады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар, нормалар мен мән-мағыналар қызметін өзіне бағындырады, реттейді.

Философиялық сөздікте: «құндылық» - бұл танымның, белгілі бір объектінің адам үшін, топ үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылуы. Құндылыққа ешқандай күмән келтіруге болмайды, ол барлық адамдар үшін идеал, эталон қызметін атқарады» - деген анықтама беріледі.

Шетелдік философия және әлеуметтану ғылымдары құндылық мәселелерін әр жақты қарастырып келеді. Т.Парсонс, Р.Б.Перри т.б. да ғалымдар құндылықты тұлға қызығушылығының ұмтылысы мен бағытталуының объектісі ретінде қарастырады және ол ұсынылып отырған бірнеше объектіден біреуіне таңдау жасауға негіз болады деп атап көрсетеді.

Р.Б.Перри XX ғасырда өзінің «Құндылықтардың жалпы теориясы» атты еңбегінде «құндылық» ұғымына жан-жақты түсініктеме бере келе рухани құндылықтарға мейілінше мән береді және материалдық құндылықтар емес, неғұрлым әлеуметтенген және эмоциялық тұрақтылығымен ерекшеленетін идеялар ғана мәдениет пен өркениеттің негізін құрайды деген тұжырым жасайды.

Ғалым құндылықтардың төмендегідей топтарын бөліп көрсетеді:

1) өмірдің құндылықтары: өмір, денсаулық, отбасы, өмірдегі қуаныш, адамдармен қарым-қатынас т.б.

2) материалдық құндылықтар: баспана, тамақ, киім, техника т.б.

3) әлеуметтік-саяси құндылықтар: қоғамдық тәртіп, қоршаған әлем, бостандық, қауіпсіздік т.б.

4) рухани құндылықтар: білім, ғылым, өнер.

Әлеуметтанушылар құндылықтарды белгілі бір ереже немесе іс-әрекеттің реттегіші түрінде қарастырады. Олар үшін құндылық- әлеуметтік объекті, қажеттілігі бар, маңыздылығы айқындалған норма. Сондықтан олардың айқындаған басты құндылықтары:

1) жалпы адамзаттық құндылықтар: адам өмірі, бостандық, отбасы, адам бақыты, ұрпақ жалғастыру, еңбек ету, табыс, ынтымақтастық, белсенділік, мәдениет, денсаулық, заңдылық.

2) рухани-адамгершілік, ұлттық құндылықтар: мәдениет, әдебиет, тарих, тіл, дін, діл, ар, ұят, намыс, абырой, дәстүр, әдет-ғұрып, салт, ұлттық дүниетаным, туыстық қатынастар, Отан, Ана, Жер т.б. Мәдениеттің ішкі құрылымынан, жалпы адамзаттық құндылық арқылы адам алдына қойған мақсатына жету жолында өмір сүру негізін құрайтын «мәнділік», «еркіндік», «игілік», «жақсылық» сияқты құндылықтарға ұмтылу қажет екенін атап көрсетеді.

Әлеуметтанушы Б.Ерасов - «құндылықтың пайда болуы, адамның қажеттілігін қанағаттандыратын іс-әрекет, бұл белгілі бір мақсатта жүреді», - дейді. Сөйтіп, әлеуметтану ғылымында әлеуметтік-мәдени құндылықтардың мынадай түрлерін ажыратады: саяси мұраттар, мемлекет тарихы, мемлекет мәдениеті, мемлекеттік шекара, дәстүрлері, тіл т.б. [14].

Жоғарыда қарастырылған зерттеулер бойынша біз «құндылық» ұғымында екі түрлі түсініктің ұштасатындығын анықтадық:

- құндылық қатынастың объектісі болып табылатын заттардың сыртқы қасиеттерінің сипаттамасы (заттық);

- осы қатынастың субъектісі болып табылатын адамның психологиялық сапалары (саналық);

Заттық құндылықтарға заттардың табиғи қажеттілігі, еңбектен шыққан өнімнің өзіндік құны, әлеуметтік игілік, ғасырлар бойы қалыптасқан мұра, табиғи және қоғамдық объектілердің эстетикалық қасиеті жатады.

Ал, санадағы құндылыққа – қоғамдық ой, мақсат, баға беру, түрлі нормалар жатады. Қарастырылған тұжырымдарға сүйене отырып біз, төмендегідей өз анықтамамызды береміз:

Құндылықтар - идеал ретінде өмір сүретін неғұрлым жағымды сапаға ие объектілер мен тұлғаның ең маңызды, бағалы қасиеттерінің жиынтығы. Сондай-ақ, құндылықтар қандай да болмасын құбылысқа баға берудегі негізгі үлгі деп білеміз және құндылық субъекті үшін объектінің жоғары мәнділігі ретінде айқындалады.

Психологиялық сөздікте: «құндылық» түсінігі қоғам үшін әлеуметтік-тарихи маңызы бар, «жеке адам» өмірінің болмысын және қоғамдағы моральдық қарым-қатынасты анықтайтын құбылыс ретінде түсіндіріледі [19]. Бұл тұрғыдан қарағанда құндылықтардың пайда болуы, қалыптасуы мен көрініс тауып отыруы тұлға аралық қатынас барысында жүзеге асады.

Мәселен, психолог А.Н.Леонтьевтің пайымдауы бойынша «құндылық» ұғымы мынадай үш құбылысқа қатысты қарастырылады:

1) қоғамдық идеалдар - қоғамдық сана арқылы пайда болған қоғамдық өмірдің түрлі салаларындағы мүлтіксіздік, кемелділік туралы қоғамдық түсінік, норма.

2) осы қоғамдық идеалдардың нақты адамдар іс-әрекетінде заттануы, жүзеге асуы.

3) қоғамдық идеалдарды өз іс-әрекетінде нақты пайдалануға түрткі болатын тұлғаның мотивациялық құрылымы.

Ал психолог В.А.Ядов болса, құндылықтардың төмендегідей өзіндік топтамасын ұсынады:

1) мақсат құндылықтар: махаббат, сұлулық, бостандық, отбасы, денсаулық, жұмыс.

2) құрал құндылықтар: білімділік, тәрбиелілік, күшті ерік-жігер. Құрал-құндылықтар қоғамда реттеуші, тәрбиелеуші қызметтерді атқарады.

Осы тұрғыдағы құндылықтардың жүйесін қарастыра отырып, оларды «құндылық» ұғымын тәрбиеге байланысты қарастырудың алғышарттары деп қабылдаймыз. Педагогикалық сөздікте: «құндылық»- адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарым-қатынасы кезіндегі, іс-әрекет кезіндегі көрсетілетін тұрақтылығы, қайырымдылығы, мейірімділік тәрбиесі делінген. Себебі педагогикада «құндылық» тәрбие барысында жүзеге асады.

Қарастырылған зерттеулерге сүйене отырып, біз «құндылық» ұғымын адамның жан-жақты жетілуіне ең керекті, маңызды, қажетті, бағалы объектілердің жиынтығын құрайтын педагогикалық категория ретінде қарастырамыз. Кесте 1- «Құндылық» ұғымына берілген анықтамалар

	Авторлардың аты-жөні	Анықтамалар
1.	Р.Б.Перри	Заттар да машиналар да емес, неғұрлым әлеуметтенген эмоциялық тұрақтылығымен ерекшеленетін рухани құндылықтар ғана мәдениет пен өркениеттің негізін құрайды.
2.	В.П.Тугаринов	Құндылық-адамдардың қажеттіліктері мен мақсаты, қызығушылығы жағынан алып қарағандағы пайдалы, қажетті және жағымды деп есептелінетін құбылыстар немесе құбылыстардың қасиеті.
3.	Б.И.Додонов	Мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, мәдени міндеттерді шешуі әрбір тұлғаның қоғамдағы құндылықтарды түсінуіне және әлеуметтік нормаларды сақтауына байланысты болады.
4.	Т.Ғабитов	Құндылықтар-қасиеттер. Бұл қасиеттер бала кезден, ана сүтімен бірге өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын мәдениетін, салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығады.
5.	С.Ерасов	Құндылық – адамның рухани-әлеуметтік дүниеде өмір сүруі.
6.	К.Ж.Қожахметова	Құндылық – сенім, білім, іскерлік, дағды, болмыс, ерікті көзқарас қалыптастыратын жүйе.
7.	К.Оразбекова	Құндылықтың ең басты жиынтығы «ізгілік». Ізгілік- адамның өзін-өзі тануы, өзіне-өзі баға беруі.
8.	Қ.Жарықбаев	Құндылық – ұлттық тәрбие, ұлттық сана, ұлттық мінез-құлық.
9.	Г.Нұрғалиева	Рухани құндылық – қоғамдағы мәдени тұтастық, оның ішкі бірлігі, әлеуметтік ортадағы таным, мұраттары, әсемдік пен адамгершілік қасиеттері арқылы көрінеді.
10.	Ш.Майғаранова	Құндылықтар - тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған идеялар. Құндылықтар сезім мен ақыл-ойдың ұштасуын және сол арқылы адамның іс-әрекетін белгілейді.
11.	А.Қаптиева	Құндылық біріншіден – жеке адамның адамгершілік қасиеті, оның абыройы, әділдігі, бақыты болса, екіншіден – моральдық сана, норма, мүдде, мұрат пен мақсат
12.	К.Нұғыманова	Қазақ халқының құндылығы – тілі, дәстүрі, халықтың рухани күші

Бүгінгі таңда маңызды әлеуметтік құндылықтар болып табылатын ұлттық құндылықтардың мәні ерекше артып отыр.

Әл-Фарабидің ерекше қарастырған құндылықтары: Даналық, ақылгөйлік, ізгілік, пайымдағыштық, парасаттылық. Әл-Фараби өзінің «Әлеуметтік-этикалық трактатында» адамзат үшін интеллект өте қажет нәрсе деп есептейді. Шынайы бақытқа жету іздену мен оқудың нәтижесінде мүмкін болады деген тұжырым жасайды. Ғұлама Адамды құндылық деп қарап, адамның жақсы қылықты да жаман қылықты да өзі жасайтынын, ақыл мен жақсы мінез үйлесім тапқанда адамшылық болатынын баса айтады.

Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын Отан, туған жер, тарихи тұлғалар, отбасы құндылықтары мен салт, дәстүрдің игі әсерлеріне негіздеп және қоғамдық-әлеуметтік қатынастарға лайықтап, идеалдық-этникалық нормалар шеңберінде қарастырудың тиімділігін тексеру біздің зерттеу жұмысымыздың басты бағыты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.8-том //жалпы редакциясын басқарған А.Ы.Ысқақов.- Алматы: Ғылым, 1985. – 591б.
2. Қазақ Совет энциклопедиясы. Бас редактор Қаратаев М. Алматы, 1976.-640б.
3. Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. -Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. - 128бет.
4. Қожахметова К.Ж., Джонисова Г.Қ. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Оқу-әдістемелік құрал. – Орал, «Ағартушы», 2009. – 112б.
5. Джонисова Г.Қ. Құндылық бастаулары. Факультатив курсының бағдарламасы. - Орал, 2006. - 12б.

МРНТИ: 14.15.18

СТУДЕНТТЕРДІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫ - УНИВЕРСИТЕТТІҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІНІҢ КӨРСЕТКІШ РЕТІНДЕ

Масалимова Г.А.

Семей қаласы Шәкәрім атындағы университеті КеАҚ

«Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты

Ұлттық білім беру және ғылым жүйелерінің ХХІ ғасырдағы басты ерекшелігі академиялық және ғылыми ұтқырлықтың артуы. Бүгінгі таңда академиялық ұтқырлық университеттің интернационалдандыру саясатының дамуына, ондағы интеграциялық процестерге айтарлықтай әсер ететін сөзсіз құбылыс ретінде қарастырылады.

Білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарда: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [1], «Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» [2], Қазақстанда Білім және ғылым министрлігі академиялық ұтқырлықтың 2012-2020 жылдарға арналған стратегиясы [3], ҚР жоғары білім беруді интернационалдандырудың 2025 жылға дейінгі стратегиясын [4] қабылдады. Бұл құжаттарда академиялық ұтқырлықты ҚР дамытудың мақсаттары, міндеттері және стратегиялық бағыттары, сыртқы және ішкі ұтқырлықты жоғары деңгейде қалай қамтамасыз ету және шетелдік студенттер үшін академиялық ұтқырлықты дамыту қадамдары қарастырылған.

Себебі, ХХІ ғасырда болашақ педагогтердің кәсіби дайындығы оның жаһандық жағдайын ескерусіз мүмкін емес. Өзгермелі әлемдегі кәсіби жетістік үшін тұлғаның жаңа қасиеттері қажет: ұтқырлық, икемділік, бейімділік және төзімділік. Осыған байланысты педагогтердің білімі мен мұғалім кәсібінің жаһандануы қазіргі кезде әлемдік тенденцияға айналууда.

ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстандық жоғары білімнің халықаралық тартымдылығын арттыру мақсатында «Өңірлік білім беру хабын құру және үздік жоғары оқу орындарына шетелдік оқытушылар мен шетелдік студенттерді тарту жұмысы жалғасады. Сондай-ақ, қос дипломды бағдарламаларды, студенттер мен жоғары оқу орындары ОПК-ның сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығының әртүрлі нысандарын дамыту, қазақстандық университеттер базасында жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының кампустарын ашу» жоспарлануда [2]

Сонымен қатар, педагог кадрларын даярлауды интернационалдандыру БҰҰ резолюцияларымен мысалы, «Тұрақты даму мақсаттары 2015-2030» құжатында бекітілген [5].

ЮНЕСКО әзірлеген «Мұғалімдер-2030 білім беру үшін» стратегиялық бастамада «мақсаттарға» қол жеткізудің қажетті шарты ретінде педагог мамандығын интернационалдандыру тұжырымдамасына негізделген: «Барлық балалар, жастар және ересектер үшін білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету. адамның негізгі құқығы және ұлттық және жаһандық дамудың тұтқасы. Мұғалімдер бұл қызметте басты рөл атқарады» деп көрсетілген [6].

Осы тенденцияларға сәйкес, болашақ педагогтердің академиялық ұтқырлығын дамыту педагог кадрлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторы және құралы ретінде қарастырылады, жоғары білім беру сапасының кепілі болып табылады, құзыретті, «ұтқыр» педагогтердің қалыптасуына ықпал етеді.

ҚР Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы жүргізген статистикалық мәліметтерге сәйкес, педагогикалық мамандықтармен салыстырғанда бизнес, басқару, және құқық саласындағы бакалавриат студенттерінің академиялық ұтқырлыққа қатысу көрсеткіші жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

Сол себепті, болашақ педагог-студенттердің академиялық ұтқырлыққа дайындығын қалыптастырудың ғылыми негіздерін айқындау, теориялық құрылымдық моделін, әдістемесін жүзеге асыру педагогикалық білім беру бағдарламаларындағы "академиялық ұтқырлық" санатындағы төмен көрсеткіштері мәселесін шешудің құралы бола алады.

Студенттің академиялық ұтқырлығы - білім беру субъектісі өзінің мәдениаралық және кәсіби дамуының стратегиясын анықтау үшін саналы түрде қолданатын мотивациялық және құндылықтық қатынастардың, танымдық операциялардың, кәсіби құзыреттіліктің, ұйымдастырушылық, белсенділік пен рефлексивтік дағдылардың жиынтығын бейнелейтін тұлғаның сапасы.

Академиялық ұтқырлық дегеніміз не? Студенттің академиялық ұтқырлығы - білім алушыны белгілі бір академиялық кезеңге (семестрге немесе оқу жылына) оқуға немесе зерттеуге басқа ЖОО-ға (ішкі немесе шетелде) ауыстыру, алынған білім беру бағдарламаларын міндетті түрде басқа жоғары оқу орнында жалғастыру.

Академиялық ұтқырлықтың басты мақсаты: Академиялық ұтқырлықтың басты мақсаты - халықаралық стандарттарға сәйкес қазақстандық жоғары білімнің сапасын қамтамасыз ету, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасының қандай артықшылықтары бар?: Бұл бағдарлама шетелдік серіктес жоғары оқу орындарында студенттер мен оқытушылардың оқуына және ғылыми іс-шараларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы шектеулі мерзімге, әдетте семестрге немесе оқу жылына арналған.

Ұтқырлық бағдарламаларына қатысу студенттерге бірқатар перспективалық мүмкіндіктер мен артықшылықтар береді:

- ғылыми және білім беру саласында баға жетпес халықаралық тәжірибе алуға;
- кәсіби білім мен практикалық дағдыларды кеңейту;
- пайдалы тілдік тәжірибеден өту;
- халықаралық мәдениаралық топта сабақ беру және қарым-қатынас жасау тәжірибесін алу.

Жоғары білімнің жаһандық трансформациясы жағдайында қазақстандық университеттер болашақ педагогтерге кез келген мәдени кеңістікте инновацияларды түсіну және енгізу үшін қажетті құзыреттіліктерді меңгеруге бағыттайтын парадигманы өзгертуі керек. Ол үшін академиялық ұтқырлық педагог мамандарын дайындайтын университеттің білім беру бағдарламаларында, студенттің жеке оқу жоспарында, жеке оқу траекториясында жоспарлануы тиіс [12]

Осылайша, педагогика ғылымының теориясы үшін өзекті мәселелердің бірі - студенттердің академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуына кері әсер ететін кедергілерді талдау, анықтау, сондай-ақ студенттердің академиялық ұтқырлыққа дайындығын қалыптастыруға бағытталған арнайы іріктелген педагогикалық шарттарды қамтитын модель құрастыру негізінде студенттердің академиялық ұтқырлығын дамыту қажеттілігі туындайды.

Болашақ педагогтердің академиялық ұтқырлыққа қатысудағы кедергілері

№	Кедергілердің түрі	Мазмұндық сипаты
1	Қаржылық	мемлекет тарапынан қаржыландырудың жетіспеуі (немесе қаржыландырудың болмауы), гранттардың жеткіліксіздігі
2	Тілдік	Академиялық шет тілінің жеткіліксіздігі. ҚР университеттерінде ағылшын немесе басқа шет тілдерінде ұсынылатын курстардың саны мен сапасының төмен болуы.
3	Ұйымдастырушылық-әдістемелік	Құжаттарды даярлау (виза, сақтандыру және т.б.), оқу жоспарын сәйкестендіру, грант құжаттарын даярлау. Отандық және шетелдік ЖОО-дарда академиялық кезеңдердің сәйкес келмеуі.
4	Ақпараттық	Академиялық ұтқырлық туралы ақпараттың дер кезінде жетпеуі, шетелде оқу мүмкіндіктері туралы ақпараттың

		жеткіліксіздігі, академиялық ұтқырлыққа дайындайтын арнайы курстардың болмауы, жүргізілмеуі.
5	Мазмұндық айырмашылықтар	Мамандарды даярлаудағы шетелдік және отандық білім беру бағдарламаларының мазмұндық айырмашылықтары
6	Кредиттерді есептеу, процедурасы қайта тану	Университеттерде кредиттерді трансферт (аудару) процесінде қиындықтар, міндетті пәндердің сәйкес келмеуі
7	Мәдени бейімделу ортаға	Тілдік, мәдени ортаның ерекшеліктері
8	Академиялық бейімделу	Жаңа білім беру ортасының айырмашылықтары мен ерекшеліктері
9	Психологиялық кедергілер	Өмір сүру мен оқытудың жаңа жағдайлары, отбасылық жағдайы

Академиялық ұтқырлық жоғары білім беру үдерісін интернационалдандырудың негізгі құралы ретінде осыдан 20-25 жыл бұрын жаһандық тренд ретінде айқын көрінді және әлемдік және ұлттық деңгейде, сондай-ақ жекелеген университеттер мен білім беру бағдарламалары деңгейінде қарқын алуды жалғастыруда.

ЖОО-да болашақ педагогтердің академиялық ұтқырлыққа дайындығын қалыптастырудың арнайы зерттеу объектісі, әдістемесі, ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлықты дамытуға арналған арнайы курстың болмауы, тьюторлық іс-әрекетке дайындаудың шетел тәжірибесіне зерделеніп жасалған өзіндік қазақстандық моделімен оны жүзеге асырудағы әдістемелік нұсқаулардың қажеттілігі, теориялық тұрғыдан негізделмеуі ұсынылып отырған зерттеу жұмысын «ЖОО-да болашақ педагогтердің академиялық ұтқырлыққа дайындығын қалыптастырудың ғылыми негіздері» тақырыбына арнады.

Теориялық және эксперименталдық зерттеудің нәтижелері академиялық ұтқырлық категориялары және академиялық қалыптастырудың шарттары Болашақ педагогтердің академиялық ұтқырлығын дамытудың негізгі мәселелерін анықтауға мүмкіндік берді

Диссертация жұмысының теориялық бөлімінде академиялық ұтқырлық ұғымына қатысты зерттеулерді теориялық тұрғыдан талданып, оны анықтауда төрт тәсілдің қалыптасқаны айқындалды: функционалды, жеке тұлғалық, мәдени және виртуалды, оның ерекшеліктері мен жүзеге асыру құралдары, формалары (әлеуметтік-мәдени, білім беру, ғылыми) жіктелді.

Студенттердің академиялық ұтқырлығы - университеттік білім беру жүйесінің халықаралық ынтымақтастығының көрсеткіші ретінде қарастырылды. ҚР ЖОО-ның интернационалдандырудың тиісті деңгейде дамуына кедергі келтіретін мәселелері айқындалды: ОПҚ-ның ағылшын тілін меңгеру деңгейінің төмендігі, ҚР ЖОО білім алушыларының оқу бағдарламаларының шетелдік серіктеспен сәйкес келмеуі, инклюзивті білім беруді қамтамасыз етудің төмендігі, шетелдік студенттер үшін тартымсыздығы, халықаралық ұтқырлықты дамыту үшін білім беру бағдарламаларының, оқу курстарының қазақ, орыс тілінде доминантты болуы, ағылшын тілінде аз қамтылуы.

Студенттердің академиялық ұтқырлығы - әртүрлі тұғырдан қарауға болатын күрделі әлеуметтік-экономикалық феномен ретінде оның келесі тұғырлары анықталды: интернационалдандыру, құзіреттілік, тәжірибеге бағытталған, студентке бағдарланған, «өмір бойы білім алу» қағидасы, «ашық білім беру», модульдік. Болашақ педагогтерді академиялық ұтқырлыққа даярлаудың жоғары білім беру жүйесінің жаңа мүмкіндіктерін айқындау мақсатында мүмкін осы саладан озық көрсеткіштері бар ЖОО академиялық ұтқырлықтың дамуы мен саясаты қарастырылды.

Академиялық ұтқырлық - білім беруді интернационалдандырумен, маңызды белгілері мен сипаттамалары бойынша білім беру қызметі субъектісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ететін болашақ маманның мәдениетаралық және кәсіби құзыреттілігін дамытудың құралы ретінде талдау жасалды.

Болашақ педагогтың академиялық ұтқырлыққа дайындығы - қалыптасқан тұрақты мотивациялық ұстанымдарды, метакогнитивтік білім мен дағдыларды, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі ұйымдастыру механизмдерін меңгеру; кәсіби-бағытталған және тілдік дағдыларды практикада оқу танымдық және кәсіби педагогикалық іс әрекетті жоспарлау және тиімді іске асыру бойынша дербес техника мен технологиялық білімдерді қолдану қажеттілігін көрсететін интегративті жеке тұлғалық сипаттама бердік.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы// <http://www.edu.gov.kz>.
2. Стратегия академической мобильности в РК на 2012–2020 годы <http://naric-kazakhstan.kz/ru/akademicheskaya-mobilnost/strategiya-mobilnosti-do-2020-goda>.
3. Абдыхалыкова Ж.Е.- Әлемдік білім беруде студенттерге академиялық қолдау көрсетудің теориясы мен технологиясы: АҚШ, Ұлыбритания тәжірибесі негізінде. философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 6D010300 – Педагогика және психология Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Астана – 2013. – 198 б.
4. Шакирова А.А. (Ресей мен Германия студенттерінің академиялық ұтқырлығын дамыту, Қазан, 2018), Теребина П.В. (Студенттердің халықаралық академиялық ұтқырлығын жүзеге асырудың педагогикалық шарттары, Пятигорск, 2019).
5. Стратегия академической мобильности в Республике Казахстан на 2012 - 2020 годы [URL: <http://naric-kazakhstan.kz/ru/akademicheskaya-mobilnost/strategiya-mobilnosti-do-2020-goda>]

МРНТИ: 14.15.15

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ТІЛ КЕМІСТІГІ БАР БАЛАЛАРДА СӨЗЖАСАМНЫҢ ҚАЛЫПТАСПАУЫ

Ашманова Д.А.

Семей қаласы Шәкәрім атындағы университеті КеАҚ

«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» ББ 2 курс магистранты ashmanovad@mail.ru

Ғылыми жетекші: Педагогика және психология кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., п.ғ.к. Тұрғанбаева Б.Ш.

Қазақстан Республикасында ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелеріне ерекше көңіл бөлінуде. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының, білім беру саласындағы мемлекеттік кепілдіктерді белгілейтін 8-бабында «Мемлекет инклюзивті білім берудің мақсатын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейінде даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді» деп көрсетілген. Білім беру жүйесінің міндеттерін белгілейтін тарауында «...білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім алуы үшін арнаулы жағдайлар жасалуы тиіс ...» делінген [1].

Логопедияда, сөйлеу тілі фонетикалық, лексикалық және грамматикалық жақтардың қалыптасу деңгейіне сүйеніп жоғарыда автор атап көрсеткен, сөйлеу тілінің жалпы дамымауының үш деңгейі қолданылады. Бұл топтастыру бойынша біз III-ші деңгейіне арнайы тоқталамыз. Әдебиеттердің мағлұматтарына сүйенсек зияты сақталған 5 – 6 жастағы балалардың арасында ең кең тарағаны сөйлеу тілінің дамымауының III-ші деңгейі болып табылады. Бұнда балаларда байланыстырып сөйлеуі дамымағанымен фонетикалық- фонематикалық және лексикалық - грамматикалық кемістіктері байқалады. Яғни ызың, ысқырық дыбыстарды нақты айтпау; ұяң, үнді дыбыстардың айтылуы жетілмеген; дыбыстарды үнемі ауыстырып, шатастырады, тастап кетеді; сөздерді қысқартады; заттардың бөліктерін тұтас атаумен ауыстырады; сыртқы белгілері мен қолдануы жақын сөздерді шатастырады; түстерді ажырата алмайды; жалғау жұрнақтардың пайдалануы бұзылған; жалғау жұрнақтардың мәнін толық түсінбейді; сөз тіркестерінің дұрыс байланысы сақталмайды. Дыбыс айтудың және фонематикалық естудің бұзылуынан болған сөз қорынын шектеулі сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының даму үрдісін тежейді (Р.Е. Левина , Т.Б. Филичева, Т.В. Чиркина).

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы деген түсінікті сөйлеудің фонетикалық, фонематикалық және лексикалық- грамматикалық жақтарының кемістіктерін белгілеп, барлық компоненттердің жүйелі бұзылуын атайды.

Логопедияда, сөйлеу тілі фонетикалық, лексикалық және грамматикалық жақтардың қалыптасу деңгейіне сүйеніп жоғарыда автор атап көрсеткен, сөйлеу тілінің жалпы дамымауының үш деңгейі қолданылады. Бұл топтастыру бойынша біз III-ші деңгейіне арнайы тоқталамыз. Әдебиеттердің мағлұматтарына сүйенсек зияты сақталған 5 – 6 жастағы балалардың арасында ең кең

тарағаны сөйлеу тілінің дамымауының III-ші деңгейі болып табылады. Бұнда балаларда байланыстырып сөйлеуі дамымағанымен фонетикалық- фонематикалық және лексикалық - грамматикалық кемістіктері байқалады. Яғни ызың, ысқырық дыбыстарды нақты айтпау; ұяң, үнді дыбыстардың айтылуы жетілмеген; дыбыстарды үнемі ауыстырып, шатастырады, тастап кетеді; сөздерді қысқартады; заттардың бөліктерін тұтас атаумен ауыстырады; сыртқы белгілері мен қолдануы жақын сөздерді шатастырады; түстерді ажырата алмайды; жалғау жұрнақтардың пайдалануы бұзылған; жалғау жұрнақтардың мәнін толық түсінбейді; сөз тіркестерінің дұрыс байланысы сақталмайды. Дыбыс айтудың және фонематикалық естудің бұзылуынан болған сөз қорының шектеулі сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының даму үрдісін тежейді (Р.Е. Левина , Т.Б. Филичева, Т.В. Чиркина) [27].

Мектеп жасына дейінгі шақта сөйлеу тілі дұрыс дамып келе жатқан балалар мектеп табалдырығын аттарда қажетті сөз қоры мен грамматикалық түрлерді меңгереді. Бірақ, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда бұл үдерістер тежеліп, сапа жағынан басқа көрініске ие болады.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда сөздің дыбыстық құрамында жеткіліксіз бағыттаушылық байқалып, ана тілінің морфологиялық жүйесін меңгеруіне кері әсерін тигізеді деген мәліметтерді Р.Е. Левина зерттеулерінде береді. Морфологиялық жүйенің меңгеру қиындықтарын ескеріп, логопедияда сөйлеу патологиясы бар балалардың сөзжасам проблемасына жеткілікті көңіл бөлінетінін анықтадық. Автор, жоғарыда көрсетілгендей, тілдің барлық компоненттері жүйелі дамымаған балалардың ерекше санатын бөліп, олардың сөзжасамдық мүмкіндіктері әртүрлі екенін атап өтті. Сөзжасам дағдыларын игеру «лексикалық-грамматикалық жағының дамымауы элементтерімен кеңейтілген фразалық сөйлеу тілі бар» деген анықтамасына ие сөйлеу тілі жалпы дамымауының үшінші деңгейіндегі балаларға ғана қолжетімді болатыны көрсетілді.

Содан бері, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы мәселесіне қатысты барлық зерттеушілер бұл балалардың жаңа сөз формаларын жасау мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігін атап өтті (Н.С. Жукова, Р. И. Лалаева, Г. А. Каше, Л.Ф. Спирина, Т.Б. Филичева, Г.В. Чиркина, Р. И. Шуйфер, А.В. Ястребова, М.С. Грушевская, И.А. Денисова). Бұл ақпарат, әдетте, балалар туынды атауларды өз бетінше жасауда қиындықтарға тап болатынын анықтау сипатында болды.

Сөз бен сөйлем элементтерінің грамматикалық түрлерін бөлу және меңгеру кезектілігін сөйлеу тілінің дамуы қалыпты және бұзылған балаларда сәйкес болады.

Алайда сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда сөйлеу тілінің грамматикалық түрлерін меңгеру әр түрлі жас кезеңінде өтіп, оларды меңгеру жылдамдығы созылады және тек берілген категориядағы балаларға тән ерекшеліктер пайда болады.

Арнайы әдебиеттерде балалардың импрессивтік, экспрессивтік сөйлеуінде әртүрлі аграмматизмдер кездеседі (Н.С. Жукова, Т.В. Туманова т.б.). Көптеген зерттеушілер грамматикалық заңдылықты меңгеру ерекшеліктері балалардың лингвистикалық жалпылау деңгейінің төмендігімен және қажетті ережелер негізінде тілдік белгілерді біріктіре алмауынан болады деп есептейді (В.К. Воробьева, И.Б. Гриншпун т.б.). балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмысының негізгі бағытына грамматикалық бұзылыстарын түзету жетілдіру жатқызады.

Сонымен, мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлеу тілінің бұзылыстары кездеседі, олардың өзінше ерекшеліктері бар және ең тұрақты ерекшеліктерге аграмматизмдер жатады.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөйлеу қызметінің жағдайын Р.Е.Левина талдап, аталмыш тіл кемістігінің 1-ші, 2-ші деңгейіндегі балалардың сөзжасам дағдыларын мүлдем қолданбайтыны жөнінде; осы кемістіктің үшінші деңгейіндегі балалар кейбір сөздерді білмейтіні, нақты білмей қолдануы, жаңа сөздерді жасау мүмкіндіктері мен біліктерінің жоқтығы жөнінде айтқан. Ол балалардың сөздерді дыбыстық және мағыналық қағидалары бойынша алмастыруында, сөздерді кате «жасауда» байқалады.

Лексикалық құралдардың мұндай шектеулігін Р.Е. Левина «бірдей түбір мағыналарын бөле алмауымен негізделеді» дейді. Балалар үшін сөзді «жасау» міндеті қиын. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған үшінші деңгейдегі балалардың импрессивті сөйлеу тілінің жағдайы жөнінде айта отырып, Р.Е. Левина түбірлес сөздердің мағыналарын түсінуі қиындатылғанын атайды. Ал сөзжасам дағдыларының жетілмеуі осы тіл кемістігі бар мектеп жасына дейінгі балаларға тән.

«Н.С. Жукованың анықтауы бойынша, ерте сөйлеу дизонтогенезінің белгілеріне сөздерді морфологиялық жағынан дұрыс қолданбауы жатады. Сөйлемде пайдаланатын сөздердің бір – бірімен грамматикалық байланысы болмай, баламен тек бір түрде ғана қолданылады. Мысалы: *мен мама барады*. Бұл тенденция көп жылдарға дейін созылуы мүмкін. Көпке дейін грамматикалық жағынан дұрыс та, дұрыс емес сөйлемдер де қолданылады». Сөйлеу арқылы қарым – қатынасты орнату үшін ойды дұрыс жеткізу керектігі мәлім. Бұл үрдіс сөйлемдер арқылы жүзеге асады. Сөйлеу тілінің

бұзылуы кезінде сөйлемдер құрастыру мен қолданудың қиындықтары сөйлеу тілінің аграмматизациясынан көрініс табады. «С.Н. Шаховскаяның айтуы бойынша сөздердің нөлдік түрінің ұзақ қолдануы балалардың жаттанды, үйреншікті сөзді ауыстыра алмауына байланысты болады. Сонымен бірге олар өз ойларын байланыстырып, кезекпен айта алмайды, синтаксистік құрылымдары мен сөз қоры кедей болады, сөйлем мағынасын толық жеткізбей, жиі кідіріс, үзіліс жасайды».

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған кезде, балалар сөйлемдерді пайдалануда тек бір сөзді жиі қолдануы байқалатыны жөнінде Л.Ф. Спинова өз зерттеулерінде көрсеткен. Бұндай сөз – сөйлемдер 7-8 жасында да, кең пайдаланады екен. «Сөйлемдегі әрбір сөзді нақты мағынада қолданып, нақты орынға қойып басқа сөздермен байланыстыру керек, ал бұл сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалар үшін 3-4- сыныптарда да қиынға соғады», – деген Л.Ф. Спированын ойына сүйене келе, сөйлем көлемінің, ондағы сөздер санының көбеюіне қарай соғұрлым грамматикалық қателер де көбейеді.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың тіл кемістігін дамыту мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды, психологиялық-педагогикалық, арнайы, лингвистикалық ғылыми еңбектерге талдаулар жасалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618>. 10.03.2022ж.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы, №941 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941#z14>. 28.11.2022.
3. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі, №343 Заңы. 30.11.2020.
4. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы, №56-VII ҚРЗ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000056>. 18.09.2021.
5. Логопедия: учебник для студентов дефектологических факультетов педагогических высших учебных заведений / под ред. Л.С. Волковой, С.Н.Шаховской. – Изд. 3-е, перераб. и доп. – М.: ВЛАДОС, 2003. – 131 с.
6. Шуйфер Р.И. Логопедические занятия с учащимися первых классов, имеющими недостатки произношения. Недостатки речи и письма у детей: из опыта логопедической работы / под ред. Р.Е. Левиной. – М.: Издательство Академии Педагогических Наук РСФСР, 2018. – 122 с.

МРНТИ: 14.15.16

НРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Омарбаева Динара Жолдыбековна

магистрант 2 курса ОП 7М01823 «Социальная педагогика и самопознание»

Евразийский национальный Университет имени Л.Н. Гумилева

События настоящего времени подтверждают, что нестабильность экономической сферы, социальная дифференциация общества, девальвация духовных ценностей оказали негативное воздействие на общественное сознание большинства социальных и возрастных групп населения, прежде всего современных обучающихся. Воспитание, в целом, как общественное явление - сложный и противоречивый социально-исторический процесс вхождения, включения подрастающих поколений в жизнь общества, в быт, общественно-производственную деятельность, творчество, духовность; становление их людьми, развитыми личностями, важнейшим элементом производительных сил общества, созидателями собственного счастья.

Воспитание подрастающих поколений осуществляется за счёт освоения ими основных элементов социального опыта, в процессе и результате вовлечения их старшим поколением в общественные отношения, систему общения и общественно-необходимую деятельность. Общественные отношения и взаимоотношения, воздействия и взаимодействия, в которые вступают между собой взрослые и дети, всегда являются воспитательными или воспитывающими, независимо от степени их осознания, как взрослыми, так и детьми [1].

Нравственное воспитание в целом - это целенаправленное формирование морального сознания, развитие нравственных чувств и выработка навыков и привычек нравственного поведения. Нравственное воспитание предполагает организованное, целенаправленное воздействие на личность с целью формирования нравственного сознания, развития нравственных чувств и выработки навыков и умений нравственного поведения.

В процессе нравственного воспитания важнейшее место занимают самовоспитание, цели, содержание, методы. Методы нравственного воспитания взаимосвязаны и дополняют друг друга. Убеждение, то есть воздействие на сознание и чувства воспитуемых, подкрепляется упражнением. Одновременно с формированием положительных качеств воспитывается стойкое сопротивление противоположным отрицательным качествам. Сочетание убеждения и упражнения создаёт условия для единства сознания и поведения [2].

Нравственные качества личности формируются, развиваются и проявляются в тесной взаимосвязи. Формируя положительные нравственные качества, современная система нравственного воспитания в то же время преодолевает неверные взгляды и представления в области морали, вредные навыки и привычки поведения.

Нравственные понятия становятся руководством к действию только тогда, когда они не просто заучены, а глубоко осмыслены и превращены в моральные убеждения. Наличие таких убеждений и устойчивых привычек нравственного поведения свидетельствует о воспитанности человека в нравственном отношении, о его нравственной зрелости. Единство нравственного сознания, нравственных чувств и нравственного поведения, воплощенное в устойчивых нравственных качествах, - важнейший показатель соответствия между процессом воспитания и нравственным развитием личности.

Школа является основным звеном в системе воспитания подрастающего поколения. Перед школой стоят ответственные задачи, связанные с нравственной подготовкой подрастающего поколения к участию в труде. Современный процесс обучения направлен на то, чтобы школьники не только усваивали определенную сумму знаний, но и овладели умением самостоятельно ориентироваться в стремительном потоке научной и политической информации. Это требует приведения методов обучения в соответствие с требованиями жизни. В школе нравственное воспитание осуществляется в тесной связи и взаимодействием с трудовым. на каждом возрастном этапе развития ребенка доминирует своя сторона воспитания (что ни в коем случае не означает единственная). В воспитании младших школьников такой стороной будет нравственное воспитание: дети овладевают простыми нормами нравственности, научиться следовать им в различных ситуациях.

В условиях современной школы, когда содержание образования увеличилось в объеме и усложнилась по своей внутренней структуре, в нравственном воспитании возрастает роль учебного процесса. Содержательная сторона моральных понятий обусловлена научными знаниями, которые учащиеся получают, изучая учебные предметы. Сами нравственные знания имеют не меньшее значение для общего развития школьников, чем знания по конкретным учебным предметам. Изучение отечественной и зарубежной научной литературы дает возможность формировать представление о нравственном идеале, о гуманизме и нравственной активности личности.

Важное значение для нравственного формирования школьников имеет не только содержание, но и организация учебного процесса. Для этого необходимо познавательную деятельность учащихся строить как коллективную. Организация коллективной и групповой форм учебной деятельности возможна как на уроках чтения, так и по всем предметам. Но надо, к сожалению, отметить, что в практике школы еще недостаточно используются такие формы работы.

Характерной особенностью организации школьного нравственного воспитания в настоящее время является осуществление его в соответствии с научно разработанной программой, в которой предусматривается реализация принципа преемственности.

Воспитательный процесс строится, таким образом, что в нем предусматриваются ситуации, в которых школьник ставится перед необходимостью самостоятельного нравственного выбора. Эти ситуации ни в коем случае не должны быть представлены или выглядеть как обучающие, или контролируемые, иначе их воспитательное значение может быть сведено на нет.

Результат нравственного воспитания проявляется в отношениях школьников к своим обязанностям, к самой деятельности к другим людям.

Нравственное развитие ребенка занимает ведущее место в формировании всесторонне развитой личности, оказывает огромное влияние и на умственное развитие, и на физическое развитие, и на воспитание эстетических чувств и интересов.

Специфической особенностью нравственного воспитания является то, что его нельзя обособить в какой-то специальный воспитательный процесс. Формирование нравственного облика протекает в процессе многогранной деятельности детей (играх, учебе), в тех разнообразных отношениях, в которые они вступают в различных ситуациях со своими сверстниками, с детьми моложе себя и с взрослыми. Тем не менее, нравственное воспитание является целенаправленным процессом, предполагающим определенную систему содержания, форм, методов и приемов педагогических действий.

На уроках в постоянном общении с учителем и сверстниками формируется нравственность ребенка, обогащается его жизненный опыт. Переживания младших школьников, их радости и огорчения, прежде всего, связаны с учебной работой. На уроке взаимодействуют все основные элементы воспитательного процесса: цель, содержание, средства, методы, организация.

На уроке постоянно возникают определенные деловые и нравственные отношения между учащимися. Сообщая решая общие познавательные задачи, поставленные перед классом, учащиеся общаются между собой, влияют друг на друга. Учитель предъявляет ряд требований, касающихся деятельности учащихся на уроке: не мешать остальным, внимательно слушать друг друга, участвовать в общей работе – и оценивает умение учеников в этом плане.

Совместная работа школьников на уроке рождает между ними отношения, характеризующиеся многими признаками, которые свойственны отношениям в любой коллективной работе. Это, прежде всего, отношение каждого участника к своему делу как к общему, умение согласованно действовать вместе с другими для достижения общей цели, взаимная поддержка и в то же время требовательность друг к другу, умение критически относиться к себе, расценивать свой личный успех или неудачу с позиции сведения структуры учебной деятельности. Для того чтобы эти возможности урока реализовать практически, учителю необходимо создавать в течение урока ситуации, в которых у учеников была бы возможность общения между собой: Видимо, несколько ослабить иногда излишнюю регламентацию поведения детей на уроке.

Общение детей возможно на всех уроках. Дети придумывают примеры, задачи, упражнения, и задания на определенное правило, задают их друг другу. Каждый может выбрать сам, кому он захочет задать вопрос или задачу по структуре учебной деятельности.

Сидящие за одной партой взаимно проверяют ответы, полученные при решении задач и упражнений. Детям дается задание придумать задание, записать его на карточке, определить последовательности его выполнения. Потом карточки объединяются, получается общий задачник.

Учитель дает детям и такие задания, выполняя которые надо обязательно обратиться к товарищу.

Урок, на котором дети испытывают удовлетворение и радость от успешно выполненной общей работы, который пробуждает самостоятельную мысль и вызывает совместные переживания учащихся, способствует их нравственному воспитанию.

Как показывает опыт, домашние задания могут быть более эффективно использованы для решения воспитательных задач, если выполнение эпизодически поручать группе учеников.

Характер заданий для домашней групповой работы иной, нежели для индивидуальной. Упражнения на повторение могут быть заданы в форме дидактических игр и практических заданий.

В формировании личности младшего школьника особое место занимает вопрос развития нравственных качеств, составляющих основу поведения.

В этом возрасте ребенок не только познает сущность нравственных категорий, но и учится оценивать их знание в поступках и действиях окружающих, собственных поступков.

С формированием идеала связано и возникновение особых нравственных чувств: самоуважения, собственного достоинства и др. Возникают эти чувства в связи с развитием самосознания и самооценки как результат потребности подростка быть на уровне своих идеалов. Если ему удастся удовлетворить эту потребность, то есть совершить поступок, соответствующий его требованиям к себе, то у него и возникает переживание самоуважения, гордости за себя, чувство собственного достоинства. Кроме того, очень важный поворотный пункт нравственного формирования связан с возникновением качественно нового функционального образования - нравственных идеалов, воплощенных в духовном облике конкретного человека. Воспринятый или созданный идеал человека - это образ, который направляет поведение учащегося и служит критерием оценки других людей и себя самого. Тем самым наличие идеала означает и наличие постоянно действующего нравственного мотива [3].

В широком плане духовно-нравственное воспитание – интегральный, стратегический, интеллектуальный ресурс общества и всего государства. Нравственная составляющая духовно-нравственного воспитания формируется преимущественно воздействиями на сознание и влияет на внешнее поведение человека, на его отношения к миру природы и миру людей и является результатом воспитания направленности, отражая при этом ценностные ориентации личности.

Становление и развитие духовно-нравственного потенциала при использовании рационального фактора реализуется несколькими путями:

Через приобщение обучающихся к искусству, живописи, музыке, театру, а также к различным видам творческой деятельности.

Вступая в определённые отношения с окружающими людьми, ученики в различных жизненных ситуациях накапливают и расширяют нравственный опыт. Организация этого опыта осуществляется путём вовлечения учеников в различные виды деятельности, формирования на этой основе нравственного сознания, развития нравственных чувств, выработки навыков и привычек нравственного поведения [4].

Человек не рождается богатым в духовном и нравственном смысле, поэтому нужно внешнее воздействие преподавателей, родителей, всей образовательной среды учебного заведения при единстве факторов духовно-нравственного воспитания. Важно знакомить детей с общечеловеческими ценностями, так как они выступают в качестве критериев, как духовного развития, так и социального прогресса человечества. К ценностям, обеспечивающим жизнь человека, относятся здоровье, определенный уровень материальной обеспеченности, общественные отношения, обеспечивающие реализацию личности и свободу выбора, семью, право и др.

Список литературы

- 1 . Кирсанов А.А. Индивидуализация учебной деятельности как педагогическая проблема. – Казань: Изд-во Казанского университета, 1982. – 207 с.
- 2 . Петровский В.А. Личность в психологии: парадигма субъектности. – Ростов-на-Дону: Феникс, 1996. – С.512.
- 3 . Тухватуллин Р.М. Язык как национальная ценность // Социологические исследования – 1997. – № 8. – С. 47-49.
- 4 . Патрикеева Э.Г. Ценностные ориентации современной учащейся молодежи: монография. – Арзамас: АГПИ, 2008. – 155 с.

МРНТИ: 14.15.15

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ «ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ» ҰҒЫМЫ

Дүйсенбаева Ж.Д.

7M01301 – "Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі" ББ магистранты

Абдикаримов М.О. п.ғ.к.

«Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Семей қаласы ҚР

«Мүмкіндігі шектеулі бала» термині ХХ ғасырдың 90-шы жылдары балалармен жұмыс істейтін ресейлік мамандардың тәжірибесінде пайда болды. Білім беру саласында "мүмкіндіктері шектеулі" (disabled child) ұғымы дене, психикалық, ақыл-ой кемістіктеріне байланысты қарапайым мектеп бағдарламасын меңгере алмайтын және арнайы әзірленген стандарттарда, әдістемелерде, білім мазмұнын қажет ететін балалардың бір бөлігін сипаттайды.

Білім беруде инклюзивті тәсілді қалыптастыру жолындағы маңызды кезең жалпы білім беру жүйесіне ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың білім беру және әлеуметтік интеграциясы моделі болып табылады.

Бұрын «мүмкіндіктері шектеулі адамдарға білім беру (арнайы білім) туралы» Федералдық заңда арнайы білім түсінігі қолданылған, яғни. мүмкіндіктері шектеулі адамдарға білім алуға арнайы жағдайлар жасалған мектепке дейінгі, жалпы және кәсіптік білім беру, бұл өз кезегінде мүгедектер мен осындай шектеулері жоқ адамдар құра отырып, кіріктірілген білім беруді дамытуға ықпал етеді. ерекше жағдайлар бірге оқытылады [1].

ПДТ бар тұлғалар былайша жіктелді:

- саңырау және есту қабілеті нашар;
- соқыр және көру қабілеті нашар адамдарға;
- қатты сөйлеу қабілетінің бұзылуымен;
- тірек-қимыл жүйесі бұзылған;
- ақыл-есі кем;
- эмоционалды-ерік саласы мен мінез-құлқының айқын (терең) бұзылуымен;
- психикалық дамуы тежелгендіктен оқуда қиындықтар туындаған;

- күрделі кемшіліктермен.

Арнайы білім алу түрлері бөлінді:

- үйде оқыту;
- стационарлық емдеу мекемесі жағдайында оқыту;
- жалпы мақсаттағы білім беру мекемесінде оқыту;
- интеграцияланған оқыту;
- арнайы білім беру мекемелері;
- Оңалту орталықтары;
- жабық үлгідегі арнайы білім беру мекемелері [1].

Интеграциялық тәсілде ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала білім беру жүйесіне бейімделеді, бұл ретте өзгеріссіз қалады, ал инклюзивті тәсілдеуде білім беру жүйесі қайта құру циклінен өтеді және білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктеріне бейімделуге мүмкіндік алады.

Инклюзивті білім беру - жалпы білім беруді дамыту процесі, ол барлық балалардың әр түрлі мұқтаждықтарына бейімделу тұрғысынан барлық балалар үшін білімге қол жетімділікті білдіреді, бұл ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін білімге қол жетімділікті қамтамасыз етеді [2].

Инклюзивті білім беру балаларды оқыту мен тәрбиелеуде әр түрлі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін неғұрлым икемді болатын оқыту мен оқытуға көзқарасты әзірлеуге тырысады, сондай-ақ білім алушылардың қажеттілігінің әртүрлілігі қызмет көрсету континуумына, оның ішінде оларға неғұрлым қолайлы білім беру ортасына сәйкес келуі тиіс.

Инклюзивті оқыту практикасының негізінде әрбір білім алушының жеке басын қабылдау идеясы жатыр, демек, оқыту әр баланың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұйымдастырылуы тиіс [3].

Инклюзивті білім беру қағидаттарына негізделеді:

Адамның құндылығы оның қабілеттері мен жетістіктеріне байланысты емес;

Әр адам сезінуге және ойлауға қабілетті;

Әркім сөйлесуге және тыңдауға құқылы;

Барлық адамдар бір-біріне мұқтаж;

Шынайы білім тек нақты қарым-қатынас жағдайында жүзеге асырыла алады;

Барлық адамдар құрдастарының қолдауы мен достығына мұқтаж;

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктермен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету-өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті бағыт кемтар балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Қазақстан Республикасында кемтарларды әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді. Инклюзивті білім беру – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу. Инклюзивті оқыту - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға, адамдармен қарым - қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Денсаулық сақтау мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларға жалпы білім беру бейімделген негізгі жалпы білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымдарда (бұдан әрі – ҰББ АООП) жүзеге асырылады. Мұндай ұйымдарда аталған білім алушылардың білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасалады. Білім беру жағдайларына және оқу процесін материалдық-техникалық жабдықтауға қойылатын талаптар «қолжетімді орта» Мемлекеттік бағдарламасымен реттеледі, ол жалпы білім беру мекемелерінде инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау үшін шаралар кешенін жүзеге асыруды көздейді [4].

Жалпы білім беретін мектепте ПДТ бар балаларды оқыту түрлері:

Күндізгі. Қазіргі мектеп оқушыларының көпшілігіне қолданылатын Форма. Балалар күн сайын мектепке барады, оқу уақыты сабақтарға бөлінген. Оқыту мұғалімнің тікелей бақылауымен жүргізіледі. Жаңа материалды игеру процесі үй тапсырмаларын орындаумен бекітіледі. Білімді меңгеру деңгейі тексеру жұмыстарының көмегімен бағаланады.

Кеш Ол күндізгі бөлімнен тек сабаққа қатысу уақытында ғана ерекшеленеді. Бұл кешке болады. Бұл форма аудиториялардың жетіспеушілігіне байланысты көп жиналатын мектептер үшін өзекті.

Экстернат. Әрбір білім беру ұйымында қол жетімді емес, мектепте ПДТ бар балаларды оқыту нысаны. Оқу уақытын ұйымдастырудың осындай жүйесінде бала мектепке күн сайын баруға міндетті емес, тек оқытушылармен жеке сабақтар үшін ғана пайда болады. Мұндай форма бір жыл ішінде бірнеше жыл бағдарламасын меңгеруге дайын балаларға қажет. Бұл жағдайда емтихандар оқушының үлгерім деңгейін көрсететін сынаққа айналады.

Үйде оқыту. ПДТ бар балаларды бірнеше жағдайларда қолданылатын оқыту нысаны: егер бала ауырған болса және мұндай білім алу нысанын дәрігер ұсынса, баланың мектепке күн сайын келе алмауына немесе жалпы негізде білім беру бағдарламасын меңгерудің мүмкін еместігіне байланысты. Егер ата-аналар өздері репетиторлар мен мұғалімдердің консультациялары арқылы балаға білім бере алады деп есептесе, онда оқушы тек аттестаттаудан өту үшін ғана оқу орнына барады.

Демек, инклюзивті білім беруді табысты дамыту үшін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің неғұрлым қолайлы моделін және ЖВЗ бар білім алушыларға арналған жеке білім беру жолдарын жасау қажет. Басты міндет - әр оқушының жеке ерекшеліктерін анықтау, белгілі бір уақыт ішінде алған іскерліктерін бекіту, алған іскерліктері мен дағдыларын жетілдіру перспективасын белгілеу және мүмкіндігінше көбірек оның функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту.

Қолданылған әдебиеттер

1. Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары және оларды қамтамасыз ету заңы. – Астана, 2002
2. Михальчи, Е.В. Инклюзивное образование : учебник и практикум для вузов / Е.В. Михальчи. – Москва: Издательство Юрайт, 2022.
3. Баринаова, Е. Б. Теория и практика инклюзивного обучения в образовательных организациях: учебное пособие для вузов /Е.Б. Баринаова. – Москва : Издательство Юрайт, 2021.
4. Баринаова, Е. Б. Тьюторское сопровождение обучающихся в системе инклюзивного образования : учебное пособие для вузов / Е. Б. Баринаова. – Москва : Издательство Юрайт, 2021

МРНТИ: 14.15.15

ОСНОВЫ МОНИТОРИНГА ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ УЧИТЕЛЯ

Комшанова Айнур Мураткановна

ОП «7М01301 – Педагогика и методика начального обучения»

НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

Проблема определения профессиональной компетентности педагога стала объектом спора и разногласий между психологами, педагогами, физиологами, специалистами практиками и т.д. Нет единого подхода к определению понятия «профессиональная компетентность педагога».

По мнению В.А. Адольфа, «профессиональная компетентность – сложное образование, включающее комплекс знаний, умений, свойств и качеств личности, которые обеспечивают вариативность, оптимальность и эффективность построения учебно-воспитательного процесса».

А.П.Акимова трактует профессиональную компетентность педагога как сумму знаний, умений и навыков, усвоенных субъектом в ходе обучения, - в узком смысле слова и как уровень успешности взаимодействия с окружающей средой – в широком [1].

В.Ю. Кричевский приводит основные признаки понятия компетентности:

- наличие знаний для успешной деятельности, понимание значения этих знаний для практики;
- набор операционных умений;
- владение алгоритмами решения трудовых задач;
- способность творческого подхода к профессиональной деятельности.

По мнению С.А. Дружилова, достижение профессиональной успешности связано с обеспечением необходимого уровня профессиональной компетентности. Профессиональное обучение может рассматриваться как формирование основ (предпосылок) будущей профессиональной компетентности.

В общем случае в модели обучения С.А. Дружилов выделяет четыре стадии, характеризующие процесс профессионального обучения, начиная от стадии первоначального знакомства с новым материалом (профессиональными знаниями, умениями и концепциями) и заканчивая стадией сформированной профессиональной компетентности.

Первая стадия – бессознательная некомпетентность. У человека нет необходимых знаний, умений и навыков, и он не знает об отсутствии или вообще о возможных требованиях к таковым для успешной деятельности. Эта стадия характеризуется следующей профессиональной самооценкой: «я не знаю, что я не знаю». Когда человек осознает недостаток знаний, умений и навыков, необходимых для данной деятельности, он переходит на вторую стадию.

Вторая стадия – сознательная некомпетентность. Человек осознает, что ему не хватает профессиональных знаний, умений и навыков. Здесь возможны два пути: а) конструктивный (как форма проявления личностной и профессиональной активности) и б) деструктивный (форма социальной пассивности). конструктивный путь означает, что осознание субъектом своей профессиональной некомпетентности способствует повышению его мотивации на приобретение недостающих профессиональных знаний, умений и навыков. Деструктивный путь может привести к возникновению чувства неуверенности в своих силах, психологическому дискомфорту, повышенной тревожности и т.д., которые мешают дальнейшему профессиональному обучению. Для второй стадии характерна следующая профессиональная рефлексия субъекта «Я знаю, что я не знаю».

Третья стадия – сознательная компетентность. Человек знает, что входит в структуру и составляет содержание его профессиональных знаний, умений и навыков и может их эффективно применять. Для третьей стадии характерна профессиональная самооценка субъекта в следующей форме : «Я знаю, что я знаю» [2].

Четвертая стадия – бессознательная компетентность. Профессиональные навыки полностью интегрированы, встроены в поведение; профессионализм является частью личности. Бессознательная компетентность характеризует уровень мастерства. Однако, именно для этой стадии велика опасность профессиональной деформации.

При компетентностном подходе усиливается внимание педагога к диагностике единства когнитивного, эмоционального и волевого аспектов деятельности по достижению целей субъекта. Теоретическая и практическая готовность педагога к выполнению профессиональных функций – две составляющие компетентности. Таким образом, компетентность характеризует и деятельность, и самого педагога, т.е. интегрирует его профессиональные и личностные качества.

Что должен уметь компетентный педагог?

- Успешно решать свои жизненные проблемы, проявляя инициативу, самостоятельность и ответственность;
- ориентироваться на рынке труда и понимать, какие умения потребуются ученикам, чтобы найти себе работу в современных условиях и успешно продвигаться по лестнице профессионального успеха;
- видеть и понимать действительные жизненные интересы своих учеников;
- проявлять уважение к своим ученикам, к их суждениям и вопросам;
- чувствовать проблемность изучаемых ситуаций;
- связывать изучаемый материал с повседневной жизнью, с интересами учащихся;
- закреплять знания и умения в учебной и внеучебной практике;
- планировать учебное занятие с использованием всего многообразия форм и методов учебной работы, и, прежде всего всех видов самостоятельной работы, диалогических и проектно-исследовательских методов;
- ставить цели и оценивать степень их достижения совместно с учащимися;
- в совершенстве владеть методом «создания ситуации успеха»;
- привлекать прошлый опыт учащихся, создавая новый опыт без лишних временных затрат;
- привлекать экспертов и специалистов для обсуждения тех вопросов, в которых сам недостаточно компетентен;

- оценивать достижения учащихся не только отметкой, но и содержательной характеристикой;
- оценивать не только предметные достижения, но и развитие личностных качеств;
- видеть пробелы не только в знаниях, но и в готовности жить в социуме.

Педагог должен понимать, что:

- нужно быть готовым к постоянным переменам;
- строить сегодняшнее и завтрашнее поведение на основе вчерашних знаний и вчерашнего опыта невозможно;
- главная задача – обеспечить максимум успеха и минимум неудач в будущей жизни своих учеников, поэтому родители – самые верные союзники учителя;
- любая человеческая деятельность красива и эффективна, и это представление передать ученикам.

В отечественной педагогике (Г.В. Горланов, Д.А. Мещеряков, А.В. Хуторский) принято понимать компетентность как характеристику работника (специалиста), а компетенцию как характеристику рабочего места (должности, позиции). Компетенция – это заданное требование к образовательной подготовке обучаемого, характеристика его профессиональной роли; компетентность – это мера соответствия заданному требованию, степень освоения компетенции, личностная характеристика человека.

Таким образом, диагностируется компетентность, а система компетенций является нормативной моделью для диагностики.

Объектом диагностической деятельности выступают педагогические явления, к которым относятся взаимодействие участников образовательного процесса, совместная деятельность, поведение и отношение субъектов в процессе педагогического воздействия, а также индивидуально-личностные свойства субъектов и закономерности их становления.

Существует несколько подходов к изучению профессиональной компетентности учителя:

1. Процессуальный (Н.В. Кузьмина):

- а) исследование качества подготовки к учебно-воспитательному процессу (гностический и конструктивный компоненты);
- б) исследование деятельности учителя в ходе воспитательно-образовательного процесса (коммуникативный и организаторский компоненты);
- в) исследование контрольно-диагностической деятельности учителя (рефлексивный).

Методы исследования: оценка учебно-воспитательного процесса (анализ урока).

2. Личностный подход (В.С. Шувалов, Е.И. Рогов, Б.Г. Ананьев и др):

- а) оценка знаний и умений педагога;
- б) мотивационный компонент;
- в) профессионально значимые личностные качества учителя.

Методы исследования: наблюдения, диагностика профессионально значимых качеств учителя.

Процессуально-личностный (комплексный по А.К. Марковой):

- а) исследование педагогических (процессуальных) умений учителя;
- б) исследование результатов труда учителя (обученность и воспитанность) [3].

Таким образом профессионально компетентным можно назвать учителя, который на достаточно высоком уровне осуществляет педагогическую деятельность, педагогическое общение, достигает стабильно высоких результатов в обучении и воспитании учащихся. Развитие профессиональной компетентности – это динамичный процесс усвоения и модернизации профессионального опыта, ведущий к развитию индивидуальных профессиональных качеств, накоплению профессионального опыта, предполагающий непрерывное самообразование, саморазвитие и самосовершенствование педагога.

Список использованной литературы:

1. Белкин А.С., Нестерова В.В. Педагогические компетенции: учеб. пособие. – Екатеринбург: Центр «Учебная книга», 2003.
2. Панова Н.В. Формирование профессиональных компетентностей в личностном развитии педагога - СПб: ИВЭСЭП, 2013. - 247 с.
3. Шишов С.Е. Мониторинг качества образовательного процесса в школе: монография / С.Е. Шишов, В.А. Кальней, Е.Ю. Гирба. -М.: ИНФРА-М, 2013. - 206 с.

СЕКЦИЯ 4: МИР М.АУЭЗОВА: ПРОБЛЕМЫ ДУХОВНОГО НАСЛЕДИЯ

МРНТИ: 17.82.94

АУЭЗ-АТА В ВОСПОМИНАНИЯХ МУХТАРА АУЭЗОВА

Шауханов А.А., к.п.н., доцент

Республика Казахстан, г.Тараз, Университет Дулати, armanshauhanov@mail.ru

Оразбекова Ф.К., педагог-ветеран, член Союза журналистов РК

Республика Казахстан, г.Тараз, Университет Дулати

Большую роль в воспитании и обучении грамоте Мухтара Ауэзова с детских лет сыграл его дед Ауэз, о чем неоднократно подчеркивал писатель. В данной статье собраны воспоминания его современников, запечатлевших в своих очерках и статьях рассказы М.О. Ауэзова о детстве и Ауэз-ата.

О себе Мухтар Омарханович Ауэзов писал: «Я родился 28 сентября 1897 года в семье кочевника-казаха Чингизской волости, Семипалатинской области, – Омархана Ауэзова. Мои предки, выходцы из Средней Азии, еще в начале XIX века были причислены к племени Тобыкты, из которого происходит и герой моего романа Абай Кунанбаев».

Шынгыстау (Чингизские горы) считается колыбелью великого писателя, прославившего свой народ, казахскую литературу во всем мире.

Когда родился Мухтар, дед Ауэз на радостях из Борили послал сообщение своему другу и сородичу Абаю в Жидебай о том, что у него родился внук и назвали его Мухтаром. Абай, получив известие, сразу же сел на коня, прихватив с собой на поводке в качестве подарка (сүйінші – подарок за радостную весть) темно-гнедого иноходца, привез также свой перевод стихотворения Михаила Юрьевича Лермонтова «Молитва»:

Укор невежд, укор людей,
Души высокой не печалит,
Пускай шумит волна морей,
Утес гранитный не повалит.

Перевод Абая:

Надандар былшылдайды құп алмайды,
Үлкен жанның қиялын ұға алмайды,
Теңізден таудай толқын соқса дағы,
Жағадағы жартасты жыға алмайды.

Абай благословил внука Ауэза и своими строками давал наказ-совет на будущее ребенка – быть стойким к невзгодам жизни, противостоять ударам судьбы, как лермонтовский гранитный утес.

Малыша Мухтара, как и Абая, воспитывала бабушка Динасил. Она читала стихи Абая и пела его песни, рассказывала народные сказки, эпосы о подвигах батыров, легенды, которыми богат был степной край и исторические Чингизские горы.

Литературовед Мухамеджан Каратаев отмечал: «Создавая свои бессмертные произведения, Ауэзов щедро черпал все изобразительные средства, все краски и звучания из сокровищницы родного языка, народного творчества».

Когда Мухтар немного подрос, за его воспитание и духовное развитие взялся Ауэз-ата, по тем временам образованный и начитанный человек, владевший старинной арабской грамотой, как и отец писателя Омархан. С малых лет приобщал любимого внука к чтению, развитию его памяти и кругозора. С этой целью он обращался с просьбами к мулле Мурсеиту Бикейулы (Бікейұлы), чтобы он переписывал стихи Абая и присылал ему для внука (Мурсеит обладал каллиграфическим почерком, имел несколько рукописных книг со стихами Абая, одну из них после его смерти потомки передали Мухтару Ауэзову). Когда рукопись доставляли деду Ауэзу, Мухтара сразу же звали в юрту для чтения

и заучивания наизусть стихов. Бывали моменты, когда маленькому мальчику хотелось поиграть со сверстниками, но дед был очень строг.

Мухтар Ауэзов вспоминал: «Раннее детство я провел в ауле, там же начал обучаться и грамоте. Учил нас, своих внуков, дед Ауэз. Он подражал учителям-муллам, держал нас над книгой с утра до захода солнца, и всё выученное за день, нужно было перед ужином прочесть ему и отцу наизусть».

Дед Ауэз был не просто сородичем знаменитого на всю степь Абая (их аулы располагались по соседству), но и его другом. Хорошо знавший стихи Абая, он стремился привить у ребенка любовь к народной поэзии, устному народному творчеству и, конечно, к поэзии именитого друга, стихи и песни которого знали во всех концах великой степи. Дед Ауэз бережно хранил толстую рукописную книгу стихов Абая, по которой и обучал грамоте внука.

Он почитал поэтический талант Абая и стремился передать эту любовь своему внуку. Благодаря ему маленький Мухтар полюбил поэзию Абая, национальный фольклор, казахскую и русскую литературу.

Уже после смерти писателя, в 1974 году, Лидия Либединская (1921-2006), московский писатель и переводчик (из рода графа, писателя А.Н. Толстого) в своем очерке «Наш незабвенный друг», посвященном Мухтару Ауэзову, в частности, писала: «У Мухтара Ауэзова было удивительное чувство стиха и стихотворного ритма». Этому способствовали стихи Абая, которые заучивались наизусть под неусыпным контролем Ауэза-ата.

Мухтар Омарханович Ауэзов рассказывал коллегам: «Мне с детства стали известны произведения Абая. Мой дедушка Ауэз был его другом. Дедушка заставлял нас, внуков, по многу раз перечитывать и оригинальные, и переводные стихи поэта. Особенно строго требовал он, чтобы мы знали наизусть письмо Татьяны...

Нам в то время не было никакого дела до Татьяны и Онегина, для нас важно было выполнить наказ дедушки, и мы старательно заучивали эти стихи».

По-семейному преданию, Абай впервые увидел маленького Мухтара, когда ему было шесть лет. Он подозвал к себе большеглазого и крутолобого мальчика, посадил к себе на колени, поцеловал его в лоб, погладил по голове, пожелав счастья в его жизненном пути, и с особым вниманием посмотрел на него, словно видел в нем что-то значительное, словно предугадывал его творческое предназначение в будущем. Бабушка часто брала внука с собой, когда посещала дом акына.

Когда Абай умер, Мухтару было семь лет. Заупокойную молитву на могиле Абая и аяты из Корана читал кожа Ауэз-ата, маленький Мухтар тоже бросил горсть земли в могилу акына, жизнедеятельность которого в будущем прославит в своем бессмертном романе «Путь Абая».

Как и все дети, выросшие на природе, Мухтар любил езду на лошадях, объезжал жеребят-стригунков, знал особенности охоты, играл в детские народные игры – асыки (косточки, альчики) – самая любимая игра мальчишек всех времен, аксуек (аксүйек) и другие, состязался в борьбе «казахша-курес» (қазақша-күрес), бегал с мальчишками наперегонки.

Московский писатель и переводчик Алексей Пантиелев (1913-1977), талантливый переводчик произведений М.О. Ауэзова, в очерке «Певец великой степи» писал: «О себе он рассказывал веселую историю – как осрамился еще в детстве, мальчишкой. Ему доверили участвовать в байге (скачки), посадили на коня, сунули в руку камчу (кнут или плеть – Прим.авт.). Байга была на дистанцию во много десятков километров. Сперва он скакал вместе со всеми, куда следовало, потом – куда глаза глядят, куда его унес прекрасный норовистый конь.

Отыскали незадачливого всадника далеко в степи на другой день. Ауэзов говорил об этом, трясясь от смеха.

– Что? Не ожидали? Скажите, по крайней мере, что – нет».

Его отец Омархан умер в 1900 году, мать Нуржамал – в 1912 году, когда ему было пятнадцать лет. Рано лишившись родителей, он был под опекой дедушки и дяди Касымхана, который сделал всё возможное, чтобы Мухтар получил хорошее образование.

Как-то в Москве Мухтар Ауэзов со своим другом, писателем Александром Александровичем Фадеевым, был в гостях у друзей-литераторов Либединских – Юрия Николаевича (писатель, журналист и военный корреспондент) и Лидии Либединской, урожденной Толстой (писательница, переводчица из рода А.Н. Толстого). Много говорили о литературе, наперебой читали стихи поэтов-классиков, и, когда Либединский сказал: «Вы так читаете стихи, как-будто сами поэт!», писатель ответил: «Мы, казахи, все в душе поэты. Приезжайте в Казахстан, посмотрите на нашу красоту и поймете, что иначе быть не может». И далее он вспомнил своего деда Ауэза: «Мой дед был близким другом Абая и учил меня грамоте по рукописным стихам поэта. Я без стихов жить не могу». А еще

вспомнил его нравоучения: «Мой дед говорил, что умным детям наследство не нужно, сами наживут, а дуракам нет смысла оставлять, все равно промотают...».

Фадеев громко рассмеялся: – Мудрый человек был твой дед!

– Да, мудрец. Но он же учил меня: «Если не вложишь в сердце младшего то лучшее, что есть в твоей душе, пеняй на себя, добро с неба не падает, ему надо учиться».

Мудрые слова, услышанные писателем в детстве от деда Ауэза, и процитированные им в зрелом возрасте, свидетельствуют о том, каким непререкаемым авторитетом был для мальчика его дед, и как зерна мудрости проросли в его душе, сделав его самого мудрецом для окружения и читающего мира.

Евгения Лизунова (1926-1993), член-корреспондент АН Казахской ССР, доктор филологических наук, вспоминает о своих беседах с М.О. Ауэзовым о творчестве и литературном мире, но временами проскальзывали его воспоминания о малой родине, о детстве и юности, о любви к поэзии Абая. Е. Лизунова все услышанное записывала и в итоге создала биографию писателя для своей книги. В частности, летом 1957 года в кабинете М. Ауэзова она слушала его воспоминания, которые были ему приятны: «Весенними вечерами мы уединялись с дедом, далеко уходя от аула. Я рассказывал ему о прочитанных книгах, о “Хаджи-Мурате” Л. Толстого, даже о любовных романах, прочитанных мною. Дед же многое рассказывал мне о властном Кунанбае, его сыновьях, его женах, его врагах. Я ему обязан теми знаниями, которые так пригодились мне в романах».

С воспоминаниями Мухтара Омархановича переключается картина известного художника Канафии Тельжанова (1927-2013). Художник-живописец и педагог, народный художник КазССР (1963) и СССР (1978) написал картину «Стихи Абая» (1962). Она хранится в Доме-музее М.О. Ауэзова в Алматы (ныне научно-культурный центр «Дом-музей Ауэзова»).



Рисунок 1 – К. Тельжанов «Стихи Абая», 1962.

На рисунке 1 изображен маленький смуглый Мухтар с дедом Ауэзом (в детстве бабушка Динасил называла его «Қоңырым!» /Қоңырым /қоңыр – коричневый, в значении «смуглый»). Они сидят на природе, разостлав коврик ручной работы. В руках у мальчика раскрытая книга. Дедушка увлеченно читает ему стихи Абая. Они часто проводили время на природе, беседуя о великом акыне-земляке. Дед Ауэз был хорошим рассказчиком исторических сказаний, он учил внука грамоте и привил любовь к поэзии Абая.

Раннее детство писатель провел в зимовке деда Ауэза в Борили (бөрі – волк, бөрілі – Волчье), в этой местности было много хищных животных, священных для тюрков, ведь, по легенде, первый тюрк является потомком алтайской волчицы. Зимовка, где жила его семья, находится в 82 километрах от Семей, в 9-ти км налево от трассы Семей – Караул. Сейчас там, на месте зимовки, расположен Дом-музей Мухтара Ауэзова, построенный в 1977 году. В музее восемь экспозиционных комнат, среди которых из старой зимовки Ауэзовых сохранилась только одна – это небольшая комната Ауэза-ата, обставленная по образцу быта середины XIX века.

На перекрестке трассы, у въезда в Борили, находится высотный памятник в виде раскрытой книги с надписями: «Борли. Дом-музей Мухтара Ауэзова» на казахском и русском языках, с абстрактной скульптурной цветной символикой. Книга – символ знания и главного романа страны – эпопеи-тетралогии «Путь Абая», автором которого является внук Ауэза-ата, один из трех знаменитых сыновей Шынгыстау – Абая, Шакарима и Мухтара.

«Мухтар Ауэзов вырос на стихах Абая, впитал в себя многокрасочность его поэзии и как достойный его наследник развивал и многократно усилил его традиции», – отмечал в своих трудах академик и литературный критик Мухамеджан Каратаев.

Олжас Сулейменов, поэт и общественный деятель, писал: «... У каждого писателя есть своя стержневая тема. Ауэзов определил ее для себя в самом начале пути. Это – Абай. Юный Мухтар узнавал грамоту по рукописным сборникам стихов Абая, с детства впитал мощь его поэтического мира

и потом всё отпущенное ему время посвятил изучению, пропаганде и защите творчества своего учителя».

Ауэз-ата, друг Абая Кунанбаева, посеял зерна любви к поэзии великого поэта в душе внука Мухтара и оказал большое влияние на формирование мировоззрения будущего писателя. Мухтар Омарханович на всю жизнь сохранил в своей памяти образ Ауэза-ата, благодаря которому он полюбил литературу, поэзию и творчество Абая – Первого поэта казахского народа.

Литература

1. Ауэзов М.О. Мысли разных лет (По литературным тропам). – Алма-Ата: Каз. гос. издательство художественной литературы, 1961. – 544 с.
2. Ауэзов М.О. Племя младое. Избранные произведения.– Алма-Ата: Жазушы, 1977. – 516 с.
3. Каратаев М. Казахская литература на современном этапе.– Алма-Ата: Знание, 1979. – 39 с.
4. Айтматов Ч., Шаханов М. Плач охотника над пропастью (Исповедь на исходе века).–Алматы: Рауан, 1996. – 380 с.
5. Оразбекова Ф.К., Шауханов А.А. В ореоле культуры.–Алматы: Тіл, 2017. – 182 с.
6. Оразбекова Ф.К., Шауханов А.А. Художественная литература в мире искусств.–Алматы: Тіл, 2019. – 297 с.

ГТАХР: 17.01.09

М. ӘУЕЗОВТІҢ ТҰҢҒЫШ ӘНГІМЕСІНДЕГІ ГУМАНИСТІК ОЙ МЕН МЕЙІРІМ

Сабырбаева Р.К., ф.ғ.к.,

Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шәкәрім университеті,
raushan_sabyrbaeva@mail.ru

Әдебиет тарихында алғашқы шығармалармен бірден танылып, талантын паш еткен ақын-жазушылар некен-саяқ. Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің тұңғыш жарық көрген «Қорғансыздың күні» шығармасы осындай болашақ ұлы жазушының суреткерлік дарынын, шығармашылық қуатын толығымен көрсеткен дүние болды. С.Мұқановша айтқанда, «Өзінің тұңғыш әңгімесімен европалық деңгейге көтерілді» [1]. Әңгіменің тілі, оқиға желісінің, сюжеттік тартыстың ширығуындағы композициялық құрылым, ішкі жан дүние әлемі терең ашылған, мейлінше дараланған көркем бейнелерге толы. Бұл әңгіме жазылған кезде Әуезов 23-24 жас шамасында, ал әңгіменің өзі 1921 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының қосарланып шыққан 3-4-сандарында жарияланған. Жазушы адам бойындағы пәктік пен сұлулықты әділетсіздік пен азғындыққа қарсы қоя, жарыстыра суреттеу арқылы қазақ әдебиетіне классикалық психологиялық прозаның үлгісін әкелді. Жалпы төл әдебиетіміздің классикалық үлгілерінің қатарындағы «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы» повестері М. Әуезовтің Ленинград мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіріп, әлемдік әдебиеттің тарихымен де, теориясымен де танысып, жан-жақты, терең де білім алып, біраз көркем шығармашылық тәжірибе жинақтаған кезінде жазылған. Тұңғыш дүниенің әдеби-көркемдік деңгейі өте биік. Тіптен жазушылық шеберліктің мінсіз үлгісі дерлік. Әуезовтің өмірді ойшыл ретінде тану, қорыту деңгейінің өте жоғары болғанына көз жеткіземіз. Танымдық мүмкіндіктер жазушыға тақырып таңдауға келгенде, өмірлік материалды тануда зор көмек екені белгілі. «Қорғансыздың күнін» оқығанда автордың хас шеберлігімен қатар жазушы-баяндаушының айқын гуманистік ойын, мейірім мен аяушылық сезімінің ыстық табын аңдаймыз. М. Әуезов бұл әңгімесінде зорлықшыл, мейірімсіз адамның сол кездегі қазақ қоғамында кездескен ең бір шектен шыққан үлгісін жасаған. Жазушы зорлықшылдың образын аша түсу үшін қорғансыз күйдегі ер азаматынан айырылған отбасының хал-ахуалын үлкен көркемдік қуатпен суреттеп шыққан. Жүрегінде титтей де кісілік ұшқыны бар көптеген адамның аяушылық сезімі оянатын жағдай. Жүдеу үйде өздерін шын пейілдерімен қонақ етіп, мұңын шағып әңгіме айтып отырған қорғансыз әйелдерді қорлап Ақан болыстың нәпсі үшін ғана бейкүнә бала қызға зорлық істеп арын аяққа таптауға баруы тіптен әлемдік әдебиетте сирек кездесетін ең сорақы зорлық, оңбағандық көрінісі. Бұл сұмдық зұлымдықтан кейін бала қыз қайтпек? Шектен шыққан қорлық, жан азабы арлы баланы есінен тандырып есеңгіретеді. Зорлықшы отырған үйге қайтып кіре алмайды. Шешесі мен әжесіне көріну де азап. Қорлық көрген адамның, әсіресе, жас баланың баратын жері, бас сауғалайтын орны көбіне ата-ана, жақын-туыстарының бейіті. Автор бұл жерді мейлінше психологиялық дәлдікпен реалистік ұстаныммен суреттейді. Осы оқиғаға қатысты өз сезімін, өз ойын да ашық айтады. Ғазизаның

көңілінде қалған ойдың ең ақырғы бұйрығы: әкесі мен бауырының бейітіне барып, екеуінің арасында отырып зарлау! Дүниеде жетім болып, жалғыз қалғандағы басынан кешірген қасіретін шығару, азабын, дертін айту. Ғазиза бейітті бетіне алып: «А, құдай, ендігі бар тілегім-осы көкемнің басына жеткізі!», – деп жүріп кетті». Бұл үзіндіде Ғазизаның өлімінің алдындағы ішкі жан толқынысы, әкесінің бейітінің басына алып барған себептер тек көркемдік тұрғыдан ғана емес, психологиялық, тіпті физиологиялық тұрғыдан да өте дәл жазылған. Мұндағы Ғазиза өлімінің себептері Бейшара Лизаның, Анна Каренинаның өлімінен мүлдем басқа. Адами тұрғыдан да, діни тұрғыдан да адал өлім. Көрсөкыр зорлық, қорғансыз күй бейкүнә Ғазизаға ешқандай басқа таңдау қалдырмады.

«Қорғансыздың күнінде» көркем образ жасау, сюжет құру, композициялық, фабулалық құрылым, тіл шеберлігі, реалистік тереңдік тұрғысынан келгенде титтей де кем соғып тұрған жоқ. Бұл туынды тіпті кемеліне келген әдеби ортаның талантты, тәжірибелі өкілінің шығармасы сияқты. Жас, балаң жазушының қолынан шыққанын тек жазушының өз кейіпкерлерім деген айқын, ыстық ықпалынан, мейірім төгіп тұрған анық айшықталған терең гуманистік лебінен ғана байқалады [2, 5 б].

Шығармада сюжеттік оқиғаларды алып жүретін үш баяндау стилі бар. Әңгімеде Күшікбайдың ерлігін сипаттайтын жеке әңгімеге келетіндей шығарманың уақыттық, кеңістіктік аясын ұзартып, кеңітіп тастайтын бөлігі ауызша әңгімені баяндаушының (автордың) одан ары ықшамдай түскен түрінде берілген. Ғазизаның әжесінің әңгімесі өте дәл берілген: ауызша әңгіменің психологиясына жан дүниесіне, хикаяттағы белгідерек штрихтарға сүйене қарасак, анық бақытты болуға лайық жан. Әңгіменің қалған бөлігі, пейзаждары Әуезовтің классикалық, эпикалық өз стилінде. Әңгіме тау суреттемесінен басталады. Табиғат қатал мінезге басып, қыр көрсете ызғар шашып, Арқалық бойын бораннан босатпай, тіпті кедейшілігіне де себеп болды. Ата қонысты тастауға қимай, тұрғыны да көнбістікке бой алдырған еді. Шығарма басынан-ақ адамзат тіршілігі мен табиғат мінезінің осылайша өріле суреттелуі, шығарма бойында бұған жалғас бір ызғардың бар екендігінен белгі беріп тұрғандай [3, 103 б]. Бұл – озық үлгісі бар елдер әдебиетінде Әуезовке дейін қалыптасқан тәсіл. Жас жазушының тұсау кесер еңбегінде-ақ осыншалықты көрегендік танытуы классикалық шеберліктен үлгі алуында. Автордың көздеген межесі, айтпақ ойы – бейкүнә, уыздай Ғазизаның жазықсыз қорланып, запыран жұтқанын, жанын өлімге қиғанын жеткізу. Автор бұл мақсатына, оқиғаның шарықтау шегіне қалай жетті? Жазушы шығарманың басындағы табиғат суреті мен Ғазизаның қабір басындағы өмірмен қоштасу сәтіне дейінгі аралықта тұйықталған белгілі бір тұтастыққа жету үшін біршама ойды ағытады. Табиғат суретінен кейін әңгіме өзегі Күшікбай кезеңіне ауысып, батырдың өмір сүрген уақыты, ерлігі баяндалады. Автор Күшікбай кезеңін суреттеуде жер тарихына ғана шолу жасаған жоқ, сонымен қатар Күшікбай өлімі мен жас сұлу Ғазиза өлімін салыстыра, сабақтастыра көрсеткен. Мұратына жете алмай, жас күнінде қуаты қайнап, долдана өлген Күшікбай жайлы баяндалғаннан соң ғана Январь айының аяқ кезі» [3, 105 б] деп, әңгіме өзегі негізгі оқиғаға ауады. Қаладан елге қайтып келе жатқан жүргіншілер болыс Ақан мен оның жылпос серігі Қалтайға берілген мінездемелер қысқа болғанмен, Ақанның түнгі жүріске, құмарлыққа бейімділігі мен қожайынның көңілінен шығу үшін жанын салатын Қалтайдың арам пиғылды адам екенін де аңғаруға болады [3, 106 б]. Жүргіншілер бейіт секілді мүләйім, қыс басынан қары күрелмеген жұпыны үйге түнемекке тоқтаған. Бұл тұста Қалтай өзінің жымысқы ойын санасында пісіріп те қойған еді. Таяуда ғана екі бірдей өлік шыққан қаралы үйдің қалған ендігі тұрғындары кемпір, соқыр әйел, жас қыз Ғазиза [3, 109 б]. Үй иелері жолаушыларды бар бейілімен қарсы алып, олардың ат басын осы үйге бұрғанына қуанған да. Шәй үстінде кемпір болысты қан жұтып отырған қалпына қанық етті. Бірақ қуаныш қызығы да, үміт қорғаны да сол суық қабырға өліктермен бірге кемілген жандардың тірлігі бұл босағаны өз қулығын асыру үшін ғана аттаған жүргіншілердің сезімін оятып, селт еткізе қоймады. Жазушы Ақанның безбүйректігін мына жолдарда көрсетеді: «Жалғыз-ақ сол әңгіменің ішінде болып қорлық көруші, ыза шегуші қайраты қуаты жоқ сорлы кемпірдің өзі айтқандығы аз ғана жүрегінің тыныштық, сезімсіз қалпын бұзғандай болып отырды» [3, 112 б]. Ғазизаның арын төгіп, айуандығын асырған Ақан өз кесірінен боранды түрде ізім-ғайым жоғалған бейкүнәні іздеуге де бармай, кемпірдің зарынан құтылғанша асық болып, таңды атырған соң беті бүлк етпестен жүріп кетті. Таң атқанша Ақанның сабасына түсіп, шалыс ісіне баға беріп, қателігін түсінетін уақыты болған еді. Бірақ аузы қанға былғанған аш қасқырдың шімірікпестен сол отауға қайта енуге дәрмені жетті. Жазушы бейкүнәға қиянат жасаған Ақанды оқиға ортасынан бірден алып кетпейді, оның Ғазиза үйіне қайта кіріп, таңды атырғанымен, шектен шыққан қаныпезерлігін көрсетеді.

Кемпірдің зары оның мазасын алды, жылап отырғандар ортасы оған соншалықты қолайсыз көрінді, дегенмен, ол үйден де шығып кете алмады, таңның атысын күтті.

Бұған себеп, екі аяқты қорқау дала қорқауларына жем болғысы келмеді. Автор Ақанның сұм әрекетіне қоса әлсіз тұсын да көрсете алды. Ғазиза ше? Қорлық пен мазақ көрген Ғазизаның алдында бірі өмірге, бірі өлімге апарар екі айырым жол жатты. «Жастығына лайық болған үміт, қиялдың бәрі де ойын басқан қараңғылыққа батты, көңіліндегі өмір сүрсем деген оттың ақырғы жалыны сөнді. Ғазизаның көңілін бұл қиял кернеген сайын, үйге кіру керексіз бола бастады» [3, 121 б]. Қорлыққа төзбеген Ғазиза әкесі мен бауырының бейіті басынан соңғы демін шығарды. Ары аяққа тапталған қаршадай қыз жұбаныш пен жылы алақан іздеп шешелеріне шағымданбай, өзегі өксікке толған күйі қабір басында жарық дүниемен қоштасты. Т.Ақшолоақов «Қорғансыздың күні» жөнінде: Осы әңгімеде тек құрдымға кеткен қайғы-мұң ғана емес, мұнда білінер-білінбес болса да бұлқынып жатқан қайсар күш бар, қарауытып тұнжыраған мылқау ағыстың астында жатқан табан толқын бар сияқты» [4, 22 б] дейді. Жауыздықтың құрбаны болған пәк сезімді Ғазизаның өлімін суреттеу сәтіне дейін жазушы бірнеше түйдекті оқиғаның басын біріктіріп, сабақтай отыра межеге жеткен. Яғни, табиғат суреті, Күшікбай кезеңінің тарихы, жолаушылар жәйі, кедей үй тұрмысының суреттелуі, кемпірдің әңгімесі мәреге шығуға жетелер баспалдақтар тәрізді. Зұлымдықтың қанды шеңгеліне түсіп, қасіреттің ащы жүгін көтере алмастан ерте солған жас арудың бейнесін сомдауда Әуезов үлкен көрегендік пен шеберлік танытып мұхтар шабытына шабыт қосқан да. Сол күндерде қағазға түскен «Қорғансыздың күні» Әуезов шығармашылығының бастауалды алғашқысы, сезімді тербеп, елжіретер кестелі сөзге бай көркемі болып, жазушының шоқтығы биік шығармасына айналды. Туған жердің кәусар бұлағының дәмі мен таза ауасы. З.Қабдолов «Задында шын мәніндегі нағыз үлкен талант өзінің өнер өрісінде жаттығу жасап, онша ұзақ күйбендемейтін болса керек. Әуезовтің осынау алғашқы әңгімесінің өзінде өзгеге ұқсамайтын өзіндік мәнер-машығы бар, кібіртіксіз көсіле жөнелген жорға қаламның ізі сайрап жатыр» [5, 27 б] деген орнықты пікір білдіреді. Алғашқы шығармасының өзі жазушының сойы бөлек, соқтасы ерекше даралығын аңғартады. «Қорғансыздың күні» арқылы ол заманының шынайы көрінісін, ащы шындығын, тұтас бір қорғансыздар әлемінің мұң-зарын көрсетіп, оқырманның ішкі сезіміне батарелық жан түршігерлік оқиғаны баяндады. Осы ащы, зарлы шындықты жеткізуде Әуезов асқан шеберлік танытты: оқиғаға қатынасушы адамдардың тамаша портреттерін жасап, онысымен әрекет иелерінің мінез-құлқын да білдірді. Табиғат келбетін суреттеу арқылы адамның ішкі толғанысын, сонымен қатар болар істің хабарын берді, тамаша композиция құра білді. Әңгіме әлеуметтік теңсіздікті, күшті мен әлсіздің арасындағы жайшылықты, кедейшілікті, яғни дала өмірінің сұрқия келбетін танытады. Автор «Қорғансыздың күні» трагедиялық, сюжетті әңгімесіне шынайы болған оқиғаны себеп етіп, қорғансыз жандардың тіршілігін көрсетуімен қатар, ұлттық ерекшелігіміздің бір қырын да көрсеткен тәрізді. Ақан арын төгіп, тәнін былғағанымен, жанын үзбеген еді, өлім жолын Ғазизаның өзі таңдады. Асқар таудай әкесі мен бауырының өлімі бұл отбасын бір есеңгіретсе, жанарынан айырылып, су қараңғы болып қалған шешесінің қайғысы жығылғанға жұдырық болып тиді. Бұл соққыға Ғазиза көндіккенмен, келер күннен үмітін де үзбеген еді. Ал мына, өз басынан өткен сұм оқиға жас қыздың бар үмітін тас-талқан етті, шыдамын тауысты. Автор он үш жасар жас қыздың саналы ақыл тоқтатқан адамдарша ой түйіп, қазақ қызына тән инабат, парасат, пәктік, тазалық қасиеттерді өзінен де жоғары қоятындығын көрсетті. «Қорғансыздың күні» ғасырға жуық уақыт бойы талай ұрпақтың ықыласпен қабылдайтын шығармасына айналып, өз өміршеңдігін дәлелдеді. Заман өзгеріп, дәуірлер озғанымен адамзат баласының сұлуға сүйсініп, сұрқиядан жиренерлік қасиеті жойылған жоқ. Олай болса, қаныпезерден зәбір көрген бейкүнә Ғазизаның ақ бейнесі талай дәуір перзентінің жадында жатталып қалары сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Әбдіғұлов. Р Қазіргі қазақ прозасындағы М.Әуезов дәстүрі // Қазақ әдебиеті газеті – 2009, – № 22, 23.
2. Серғалиев М. «Қорғансыздың күні» композициясы мен тілі // Абай, 1997. – № 2-3 – 38-41 б.
3. Әуезов М.О. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1958. – Т 12 – 498 б.
4. Ақшолоақов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. – Алматы: Мектеп, 1983. – 192 б
5. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы: Ғылым.

М. ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ СЕМЕЙ БАСПАСӨЗІ

Кеңесбаева Ш.С., ф.ғ.к.

Қазақстан Республикасы, Семей қ.
Шәкәрім университеті, shynar.k.s@mail.ru

Ұлттық баспасөз бастаулары «Сарыарқа», «Абай», «Қазақ тілі», «Шолпан», «Сана», «Ақ жол» – публицист-жазушының шығармашылық жолын шындап, баға жетпес туындыларының кеңінен өрістеуіне ықпал еткен басылымдар.

1917-1918 жылдар аралығында «Алаш», «Сарыарқа», «Абай» басылымы беттерінде М.Әуезовтің оқу-білім, мәдениет, әйел теңсіздігі тарасындағы мақалалары жарияланса, «Қазақ тілі» газетінде саяси-әлеуметтік, шығармашылық мәселелері басым.

1919 жылдың 4 желтоқсанынан 1928 жылға дейін Семейде шығып тұрған «Қазақ тілі» газетінде М. Әуезов газет редакциясымен тығыз байланыс жасап, белсенді шығармашылық қарым-қатынаста болды. Жазушының «Қазақ оқығандарына ашық хат» (1920, 5 ақпан), «Бүгінгі зор міндет» (1920, 31 желтоқсан), «Қазақ қызметкерлерінің міндеті» (1921, 10, 12 қаңтар), «Қазақ бөлімдері туралы» (1921, 29 қаңтар), «Мадиярға жауап» (1922, 14 қазан), «Орынбордан телеграм» (1922, 26 сәуір), «Ашық хат» (1922, 27 тамыз) атты мақалалары осы басылымда жарық көрді.

Ғалым-журналист Б. Жақып М. Әуезовтің 1917-1932 жылдар аралығындағы публицистік еңбегін «проблемалық және ғылыми жетістіктерді насихаттауға арналған мақалаларға» бөледі.

М. Әуезовтің шығармашылық бастауы ірі саяси оқиғалар дәуірімен тұспа-тұс келді. 1919 жылдың 1 желтоқсанында Семей губерниялық революциялық комитеті жанынан қазақ бөлімі ашылып, М. Әуезов соның бір бөлімін басқарды. «Қазақ тілі» газетінің ресми шығарушысы болып тағайындалады. Ол «Қазақ оқығандарына ашық хат» жазып, оларды кеңес өкіметіне қызмет етуге шақырады. Енді халық үшін қызмет ететін шақ туды деген ойға келді. Және бұл көзі ашық, сауатты жастардың бәріне ортақ міндет деп есептейді.

Жас Әуезовті бірде әйел теңдігі жайы толғантса, енді бірде оқу-ағарту, мәдениет ісі терең ойлантады. Қазақ зиялылары, ғылым негіздері, саясат, шет жұрттар өмірі, баспасөз, әдебиет мәселелері де шығармашылық арқауына айналды.

Академик Р. Нұрғалидың айтуынша: «Болашақ дария тебіреністі, шырқау терең, қайратты ойдан хабар бергендей, жас таланттың алғашқы сапары байлаумен пікірді ашық, жарып айтуды талап ететін публицистикадан басталады» [1, 206 б.]. Жалпы, «Қазақ тілі» газетінде жарияланған мақалаларынан ел болашағына алаңдаған, ұлт қамын ойлаған публицистің қоғамдық-саяси көзқарасы айқын аңғарылады.

Публицистік даярлығы күшті М. Әуезов «Қазақ тіліндегі» қызметіне тез төселді, «Абай» журналында, «Сарыарқа» газетінде мақалалары жарияланып, ойын дәл жеткізуге әбден машықтанған оған газет редакциясын басқару қиынға түспеді.

М.Әуезов «Қазақ тілі» газетінде оқу-ағарту мәселесіне айырықша көңіл бөледі. Ол ағарту ісін насихаттап қана қоймай, өзі оқытушы-педагог болып қызмет атқарды. «Кеңес өкіметі орнаған жерлерде ашылып жатқан мектептер жабдығын жасау, ана тілін, әдебиетін үйрету, оқу құралдарымен қамтамасыз ету сияқты өзекті істерге белсене араласты» [2, 16 б.].

«Қазақ оқығандарына ашық хат» мақаласында «Бүгінгі күні кешегі қараңғы құлдық күннің күнгірт жүзді қожасы – жуандардың басына келетін ауыр күннің қаһарлы бұлбарын Россия жуандарының төбесіне заман желі айдап келіп тұр...» деп қанаушылықтың жойылатынына айқын сенім білдіреді. Қазақ арасында Россиядағыдай тап қайшылығы, тап күресі болған жоқ деп түсінген. Оны да ешбір бүкпесіз, жасырмай: «Бұл күнге шейін бар қазақтың баласында бір-ақ түрлі құлдықтың ноктасы болатын. Бірінен-бірінің қара үзіп, артып кеткен еш жері жоқ. Бәрінің көргені де өгейлік, жетімдік. Әсіресе, оқығандарының бой жазып кең отырған күні бұл күнге шейін болған жоқ. Қашан болса күні қысылу, бұғып қорқу болатын» [3, Б. 325-326], – деп жазады.

Автор оларды жаңа өкіметтің қызметіне етене араласып, қазақтың мұң-мұқтажын өтеу үшін аянбай еңбек етуге үндейді: «Қазақтың оқығаны елдің қамын шынымен жейтін болса, қай күнде болсын пайда келтіре аларлық шағулы жерін аңдау керек емеспе? Қазіргі заман қазақтың баласына келіп тұрған әрі қиын, әрі пайдалы жайлы заман... елдің қамын жеген оқыған азаматтар не қылса да қолынан келген шарасын істеп, осы өкіметтің арасына кіріп, қазақтың есесін әперіп қалатын уақыты келді деп білеміз» [3, Б. 328-329] деген сенімді ойын ашып айтады.

Қазақ оқығандарының елі үшін қызмет етуін міндетті санады, қала мекемелерін тоздырып тіл білместіктен ішкі зар-мұнын жеткізе алмай жүрген қазақтың күйін баяндайды. «Егер қазақ оқығандары совет өкіметінің қабағынан қорқып қашса, айтатын сөзіміз осы: оқығанның қызметке кіруіне керек. Ел шақырып отыр. Қазақтың қамын жейтін оқыған болса, қашқаны болсын, қашпағаны болсын, қырда бос жүргеннің бәрі де келуі керек» [3, 329 б.].

«Осы күнде не қылса да оқығандардың бәрі де барын салып еңбек қылып, осы өкіметті сендіру керек. Сонымен бүгінгі мекеме атаулыда бос қалып жүрген қазақтардың мұң-мұқтажын орындау керек. Қашып бұғудың ешбір себебі жоқ. ...Қазақтың қамын жейтін оқыған болса ...бос жүргеннің бәрі келуі керек» [4, 30 б.].

Осы мақала жөнінде ғалым У. Қалижан «Бұл ұлттық патриотизмнің жарқын көрінісі. Қалай болғанда да оқығандар мемлекеттік қызметте көп болса, солғұрлым қазақтың, солғұрлым халықтың көзін ашады. Ол жаңа заманда адаспай өз орнын таба білгенін қалайды. Кейін большевиктер партиясының бір мемлекет құру идеясын жүзеге асыра бастағанын көрген соң, саяси жұмыстан бір жола қол үзеді. Жан күйзелісін жазудың бір ғана жолы бар еді. Ол – қалам, ол – әдебиет. Әдебиет – үлкен әлем. Оған қаламгер бәрін де сыйғыза алады. Ақ қағаз бен сия сауыт Мұхтар Әуезовті әдебиеттің шыңына көтерді, ол өз қиял-дүниесінің билеушісі болып, сөз патшалығының хакіміне айналды...» [5] деген пікір білдіреді.

Негізгі мақсаты оқығандарды қызметке тарту болған осы мақала Семей губерниялық «Қазақ тілі» газетінің 1920 жылғы 5 ақпан күнгі 15-санында жарияланды.

Басқа мақалаларында М. Әуезов осы ағартушылық ойын тарқата келе, халықтың күнделікті күн көріс қажеттілігіне байланысты шаруашылық, өндіріс, қолөнер кәсібі сияқты тірліктерді де жан-жақты сөз етіп, солардың ішінде елдің келешек өсу жолына негіз болатын, ертеңге жалғасар бағыт-бағдарын айқындауға ұмтылады. «...Елді мәдениетке жеткізіп ағарту, өнер-білім құралдандыру дүниенің халін көруге көзін ашу, шаруасын түрлеп ішінен жетілту» сияқты тірліктерге бар күш-жігерді жұмылдыру керек. Ал бұл бағыттағы бүгінгі зор міндет – оқу ісі, алдымен бірінші кезекте соны дұрыс жолға қою керек деп біледі.

«Бүгінгі зор міндет» деген мақаласы «Қазақ тілі» газетінің 1920 жылғы 31 желтоқсан күнгі санында жарияланған. М. Әуезов «Ескі өкіметтің шашбауын көтерген оқытушылар да жаңаша оқу жолындағы кеңшілікті көріп әбден риза болып отыр. ...Енді қазақ ішіндегі оқу ісіне келейік. Қазіргі күнде губерниялық оқу бөлімінің жасап отырған жобасы бойынша, келесі жазда қазақ ішінен 300-ден аса мектептер салынбақшы. Тегінде іс қылуға көңілі бар жігіттердің бұл жұмыстарға ықыласын салу борышы. Бүгінгі күндердің зор міндеті осылар» [3, 331 б.] деп жаңа өмірге қол жеткізудің үлкен бір жолы оқу екендігін айтады.

Өткір сын айтып, көпшілікке ой тастайды. Елге шынымен жаны ашитын азаматтардың халықтық іске қолғабысын тигізуі қажет екенін баса көрсетеді. «Бірталай жылдан бері қарай қазақ оқығандары қалада тұрып бас қосып, елді ағарту жолына қызмет қылар десе де, әлі күнге бір қалада қазақ халқына арналып салынған бір мектеп, бір клуб жоқ» [3, 332 б.] деп, автор қазақ оқығандарының керенаулыққа салынып отырғанын сынға алады.

Жаңа бағытта, жаңа құрылысқа бет алған елге аса қажет мәселенің бірі – оқу ісі десе, екіншісі – отырықшылыққа айналу. Яғни, «Қазақ көпшілігін қойып, қала болса, мәдениет тез орнар еді» деген ойды білдіреді. Ал, екіншісі – қолөнер кәсібін меңгеру. «Екінші: осы күнде қыр қазағы бұрынғы қаладан алынатын ұсақ нәрселердің бәріне де мұқтаж. Мәселен қыр елдерінің мұқтаждары: бұл, былғары, ыдыс-аяқ. Егер қазақ ыдыс-аяқты өзі істеп, шекпенін тез тоқып алып отыратын болса, онан артық олжа бар ма» [3, 333 б.], – дейді автор.

«Мінеки, осы айтылған екі-үш түрлі істерге күш салып, көңіл бөлсе, талай пайдалы көрікті істер шығаруға болады. Тегінде іс қылуға көңілі бар жігіттердің бұл жұмыстарға ықыласын салу – борышы. Бүгінгі секілді күндердің зор міндеті осылар» [3, 334 б.], – деп мәдениетке қол жеткізудің үлкен бір жолын қарастырады.

1921 жылдың ақпанының аяқ шенінде Халық ағарту институтының қазақ бөлімі ашылады. Аты қазақша, заты орысша бұл оқу орны жайында Әуезов «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылдың 17 наурызындағы санында «Қазақ институты» атты мақаласын жариялайды. Онда қазақ бөлімінің үлкен күшпен ашылып, сапалы білім беретін мұғалімдердің, тиісті оқулықтардың жоғынан оқыту пәндерінің уақытша орыс тілінде жүргізілетіндігі айтылады [6].

Мәселенің мәнін түсіндіре келе мақала авторы мұғалімдердің ісін де сынға алады: «Мұғалім қылып сайланатын оқығандарымыз да, оқушыларымыз да қызметтерінің бір иығын саясатқа сүйеп жүр. Жалғыз оқу жұмысымен тұрған жоқ. Сондықтан, оқыту оқулықтарының да тұрлауы болмайтын болды. Оқуға белгіленген уақыттың жартысы оқылмай өтетін болды. Оқушылардың көп уақыты бос

жүріспен рәсуа болатын болды» делініп, орыс тілін енгізуге себеп болған жай баяндалады. Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдардың өзінде-ақ қазақ тіліне деген немқұрайлылық орын алды. Тіпті, қазақ әдебиеті сабағының өзі орыс тілінде жүргізілді. Осындай себептерге байланысты М.Әуезов институттың соңғы курсына жүрсе де қазақ бөлімінің төменгі негізгі және даярлық курстарына дәріс береді. Институттың қазақ бөлімін ашуда дәріс беретін білікті мамандардың жоғы үлкен қиындық тудырады [6].

«Қазақ қызметкерлерінің міндеті» атты мақаласы «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 12 қаңтарындағы 115 санында жарияланған. Бұл мақаласында оқыған азаматтарды белсене іске жұмысуға шақырады. Олардың мақсаты: «елді мәдениетке жеткізу, ағарту, өнер-білім таратып, құралдандыру, дүниенің халін көруге көзін ашу, шаруасын түрлеп, ішінен жетілу... Ел тілегі белгілі ағарту, көзін ашу. Мүмкін қадар шаруасын түзеп, ортасына өнер-білімнің жарығын, үлгісін орнату» [3, 336 б.], – деп ұғады. Бұл міндеттерді мойнына алмаған қызметкерлер қазақ азаматы емес, ел қамын ойламайды деген тұжырымға келеді.

Бұл жылдары жазған мақалаларында М. Әуезов жаңа орнаған кеңес үкіметі қызметтерінде жүріп-ақ, қазақ үшін пайдалы қызмет атқаруға болады деген бағыт ұстанған. Сол ойын басқа оқығандарға да жеткізуге тырысады. Әрбір публицистік шығармасынан ақыл-кеңес сұраған халыққа жанашыр, ұлт қамын ойлаған азамат бейнесін көруге болады.

Жазушы өзіндік ой түйіндеулерін, пікір, көзқарас, кеңестерін «Халық әдебиеті туралы» (1924), «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» (1922), «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» (1925) сынды мақалаларында білдіреді.

М. Әуезов «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» атты мақаласында «Халық әдебиеті туралы» атты мақаласындағы пікірін толықтыра түседі. Семей губаткомының газеті «Қазақ тілін» 1925 жылғы сәуірдегі 40-шы санындағы бұл мақаласы соңында автор аты-жөнін жазбай Кирпедтехникум деп жазған екен [7]. Мақаланы кирилл әрпіне түсіріп, баспаға қайта жариялаған ғалым Қ.Мұхамедханов «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» деген мақаланы 1965 жылы оқып, танысқан едім. Сонда осы мақаланы жазған адам Мұхтар Әуезов екендігіне ешбір күмәнім болған жоқ» деп, Әуезовтің жазу стилін танып, оның 1925 жылы Кирпедтехникумда қызмет етіп, әдебиет үлгілерін жинаумен айналысқан тарихи негізді басшылыққа алады.

М. Әуезов «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» атты мақаласында «Шаң басып жатқан ескілікті жинап, басын құрып, көпшіліктің мүлкі қылып беру, жалғыз ғана әдебиетті сүйетін қазақ оқушысына ой, сезім азығын беру болса, одан кейінгі зор пайдасы қазақ тілінің қалыптасып, нығайып, өзіне біткен көркі мен күшін жинау үшін керек» [7] деп әдебиет үлгілерін жинаудың маңызы зор екенін баса көрсетеді.

Ғұлама жазушы өмірінің Семей кезеңі жөнінде толымды деректер беріп, балалық, шәкірттік шағы, қайраткерлік, оқытушылық, жазушылық қасиеттерінің шындалған шағынан мағлұмат берген шәкірті, әдебиет зерттеушісі – Қайым Мұхамедханов.

Бала кезінен М. Әуезовтің білгірлігі мен біліктілігіне куә болып өскен ол жазушының Семейде өткізген күндеріне қатысты беймәлім деректерді «Қазақ әдебиеті» газетінде, сондай-ақ, Семейдің облыстық «Семей таңы» мен «Иртыш» газеттері бетінде жариялап тұрған еді. Қ.Мұхамедханов М. Әуезов жөніндегі деректерін, ой түйіндеулерін «Мұхтар – семинарист» (Семей таңы, 1977), «Ұлы жазушы, көрнекті қоғам қайраткері» (Семей таңы, 1977) «Ұлы жазушы, ойшыл, ғалым, ардагер азамат» (Семей таңы, 1977) т.б. мақалаларында тұжырымдады [5].

«Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 18 ақпанындағы нөмірінде жарық көрген «Егінге дайындалындар» мақаласы – оның экономикалық тақырыпқа да қалам тербегендігін айғақтайды. Көтеретін мәселелеріне қарай, шақырар үндеу, айтар ойына қарай шығарма жанрлық жағынан проблемалық бас мақалаға келіңкірейді. Өйткені мұнда сол кезде «ел алдында тұрған елеулі міндетті қалай шешу керек?», «Ол үшін не істеу керек?» деген сынды сауалдарға нақты жауап та беріледі.

Қазақ жұртын егіншілікке бой ұсынып, отырықшылыққа үйрену үшін қол қусырып бос отырмай, қаракетке көшу керектігіне назар аудартады. Осы мақаладан М. Омарханұлының губерниялық атқару комитетінің, губерниялық қазақ бөлімінің жұмыстарын белсене жүргізуімен қатар, газет ісіне үлкен мән бере қарағанын аңғаруға болады.

Баспасөздің ұйымдастырушылық құрылымына ден қойған әрі іс жүзінде соны атқара да білген. М. Әуезов халықтың саяси сауатын ашу мақсатында заң, сот ісіне арналған бірер мақаласын жариялайды. Мәселен, 1921 жылдың 12 қаңтарында «Қазақ тілінің» 114 санында жарияланған «Сот» атты мақаласында (басы 113 санында) автор сот жүйесінің негізін, міндетін, мінезін түсіндіруді мақсат етеді. «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 5 ақпан күні жариялаған «Жалпы жарлық» атты мақаласында да тікелей заң саласына қатысты мәселе көтерілген.

М. Әуезовтің «Қазақ тілі» газетінде жарияланған әр мақаласы саяси-қоғамдық өмірдің шынайы көрінісі. «Қазақ бөлімдері туралы» атты мақаласында қазақтың сарыла күткен көп арманының бірінің орындалуы жайында айтылады. Қазақ автономиясының дүниеге келуімен қазақ бөлімдерінің ашылып жатқанын айтып, ол бөлімдердің атқаратын қызметіне тоқталады.

Жалпы мақалада қазақтың мақсат-мүддесін қорғап, оған пайда келтіретін іс жүргізуші бөлімнің қызметі жайында егжей-тегжейлі баяндалады. Басқару орындарда кілең орыстардың отырып, қазақты шеткері ысығаны: «...біз жоғарыда айттық, осы күні солардың басында отырған орыс деп. Олардың қазақ жұртына қызмет қыламын деуіне мүмкін емес. Бірен-саранының қызмет қыламын деген көңілі боп қалса да, қолдарынан еш нәрсе келмейді» [3, 339 б.] деген жолдардан аңғарылады. Бұл бүкпесіз шындық. Оңды-солды заң шығарып, қазақтың жерінде отырып, сол қазақты көзге ілмеу кеңес билігінің алғашқы жылдарының өзінде-ақ көрініс берген.

Әлеуметтік тақырыптағы мақаласы – «Қазақстан елшілерінің хабары» 1924 жылы «Қазақ тілі» газетінде жарияланды. «Баспахананың жұмысы уақытша тоқтап қалғандықтан, газетіміз мезгілінде шыға алмай, елшілер хабарының көбі кешендеп қалды. Құлағын түріп отырған елдің көбі күнбе-күн күтіп отырған хабарларының көбін қызу үстінде есіте алмай, дағдарып қалды. Сондықтан хабарлардың қызулы кезі өтіңкіресе де, ел құлағына естілуі қажет болған хабарларды қорытып жазбақшымыз», – деген мақала жанрлық жағынан корреспонденцияға келеді.

Корреспонденциядағы: «Семей облысы екі шегіне уақытша Бұқтарма уезін қосып, түгелімен Қазақстанға қосылатын болады. Ақмола облысындағы даулы жер – Омбы уезінің шегі, оның кесігін Мәскеу айтады, одан басқа уездер түгелімен Қазақстанға қарайды. губерниялық кіндігі – Қызылжар болады дейді» осы сияқты жекелеген фактілердің басы қосылып, жинақталады. Сол арқылы автор тарапынан Қазақстан шекарасы туралы ауқымды мәселелер қозғалады. Қазақ елінің бостандығы жайлы ойлар да арақидік бой көрсетеді.

«Қазақ тілі» газетінің беттерінде жарияланған публицистикалық шығармалары – М. Әуезов ой-өрісінің өсіп, қоғамдық-саяси көзқарасы көкжиегінің кеңейе түскендігін көрсететін туындылар.

М. Әуезов шығармашылығының басты мақсаты – ұлттық сананы ояту. Ағарту, өнер-білімді ел азаттығы жолындағы күресте қару етіп ұстап, туындыларында еркіндік, азаттық, бостандық идеяларын аса бір ұлтжандылықпен ту көтереді.

Классик М. Әуезов – өз ұлтының ұлы мұраларын тану арқылы өз халқына қызмет еткен тұлға!

Әдебиеттер

1. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
2. Сыздықов К. Мұхтартанудың беймәлім беттері. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 224 б.
3. Алаш және Семей баспасөзі. Ғылыми жинақ. Құрастр., Смағұлова А., Өндірқан М., Иманғаликова Ж. – Семей: Шәкәрім ат. МУ. – 2017. – 548 б.
4. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Т.15. – Алматы: Ғылым, 1997. – 472 б.
5. Қалижанов У. Әуезовке жол // abai.alemi.kz. – 2012, 29 қыркүйек.
6. Сұлтанбеков М. Жас Мұхтар Семейде // Семей таңы. – 2007. – № 25.
7. Мұхамедияров М.М. Әуезов – әдебиетші, тарих ескілігін жинаушы. – Әуезов оқулары: Семей, 2004.

МРНТИ: 17.09.91

УСТАЗ ОТ АЛАТАУ ДО КАВКАЗА

Шауханов А.А., к.п.н., доцент

Республика Казахстан, г.Тараз,

Университет Дулати, armanshauhanov@mail.ru

Мухтар Омарханович известен как писатель и драматург, переводчик и ученый, знаменит трудом, в котором описал жизнь и творчество Абая Кунанбаева – четырехтомным романом-эпопеей «Путь Абая». Произведения писателя вошли в два тома «Библиотеки всемирной литературы». Но еще одним важным направлением его деятельности является педагогическая работа.

Казахский писатель Абдижамил Нурпеисов писал о Мухтаре Омархановиче: *«Хорошо помню: после войны в литературу шла совсем еще зеленая, безусая молодежь в пропахших пороховым дымом, потертых шинелях. Все мы были безумно влюблены в Ауэзова. К обаятельному образу писателя примешивалось, видимо, и наше пылкое юношеское воображение. Наряду с любовью я еще испытывал к нему какой-то необъяснимый, едва ли не священный, страх молодого альпиниста перед величием горы».*

Эта небольшая, но емкая цитата красочно характеризует психологию, мировосприятие молодых людей тяжелых послевоенных лет – второй половины 1940-х годов. Характеризует их интерес и тягу к художественной литературе, нелегкому писательскому труду, которому они решили посвятить свою жизнь. Порой недоедавшая послевоенная молодежь, окутанная романтикой чистого листа и благородного пера, на первое место ставила духовные запросы, затрагивающие интересы простых людей.

Педагогический путь юного Мухтара начался с того, что в 1915 году он поступил в Семипалатинскую учительскую семинарию и завершил обучение в 1919 году. В семинарии Ауэзов с большим увлечением читает художественные произведения, знакомится с книгами русских и зарубежных классиков. Под влиянием прочитанного М. Ауэзов сам пробует писать небольшие рассказы, стихи.

Первые работы будущего писателя, посвященные общим вопросам культуры, педагогики, просвещения народа, стали появляться в периодической печати, начиная с 1917 года. В 1918 году он вместе с Жусупбеком Аймаутовым издавал в Семипалатинске журнал «Абай», в котором опубликовал немало статей в качестве журналиста, однако после выхода двенадцатого номера он был закрыт по идеологическим мотивам.

В октябре 1923 года Мухтар Ауэзов поступил на филологическое отделение Ленинградского государственного университета и в 1928 году успешно окончил его. В эти годы он также преподает в только что открывшемся Семипалатинском педагогическом техникуме, заканчивает работу над первым томом «Истории казахской литературы». В 1928-1930 годах учится в аспирантуре кафедры тюркологии восточного факультета Среднеазиатского университета в Ташкенте, одновременно преподает казахскую литературу в Казахском институте народного просвещения и лесном техникуме в городе Ташкенте. М.А. Ауэзов был одним из организаторов первого вуза республики – Казахского педагогического института им. Абая в Алма-Ате.

Ауэзов занимался вопросами не только литературы, но и культуры, просвещения, народного образования, уделял много времени становлению и развитию общеобразовательной школы в Казахстане. Для этой благородной цели он разрабатывал книги и пособия, участвовал в написании «Истории казахской литературы» (Кызыл-Орда, 1927 год). Писатель почти всю жизнь занимался преподавательской работой и воспитанием молодежи в разных университетах страны.

С 1932 года М.О. Ауэзов преподавал в КазПИ имени Абая не только фольклор, но и курс лекций по казахской литературе (основным местом его работы был Казахский театр драмы, куда он поступил в качестве литературного работника). В те годы там преподавали известные писатели и ученые: Сакен Сейфуллин, Санжар Асфендияров, Кудайберген Жубанов, Митрофан Сильченко и другие.

Вот как описывает первое появление в вузе знаменитого писателя его бывший студент и творческий ученик, академик, литературовед Мухамеджан Каратаев: *«Коренастый, среднего роста, смуглолицый молодой человек (это сейчас я говорю “молодой”, а тогда Мухтар Омарханович казался нам пожилым человеком) вошел в аудиторию и приветливо поздоровался с курсом. Бросились в глаза широкий покатый лоб, черные вьющиеся волосы. Много лет прошло с тех пор, много разных событий произошло в моей жизни, но первое знакомство с Ауэзовым свежо в памяти во всех мельчайших деталях. Это ярче сновидения, впечатлительнее прочитанной книги, выпуклей и зримей спектакля.*

Мухтар Омарханович стал читать лекции по казахскому фольклору. Тихая, не совсем внятная поначалу речь постепенно начинает захватывать слушателей: образная речь – каждое слово имеет большую смысловую нагрузку; она давала нам много нового, неизведанного. Увлеченные лекцией, мы не замечали, как пролетало время. Поистине счастливые часы! Нас поражала глубина и широта познаний Ауэзова».

В КазПИ имени Абая преподавал курс устного народного творчества, читал лекции по фольклору. Долгие годы он изучал устно-поэтическое творчество не только казахского народа, но и фольклор других народов СССР. Преподавал эту дисциплину и в Среднеазиатском университете в Ташкенте, и в МГУ имени М.В. Ломоносова.

Почетный гражданин города Риддера в Казахстане, бывшая студентка М.О. Ауэзова в КазПИ им. Абая (1937-1941), позже партийный работник Прасковья Тихоновская вспоминает о своем педагоге: *«У Ауэзова был высокий лоб, свидетельствующий о незаурядной мудрости. Мы с живейшим интересом слушали его блистательные лекции о казахском фольклоре.*

Сквозь дымку прошедших десятилетий я вижу его оживленное лицо, сдержанный и точный жест, всю его крепкую, ладную фигуру, уверенный взгляд с кафедры на нас, студентов казахской и русской групп литфака. Его увлекательные лекции-импровизации вводили нас в быт казахских степей и предгорий. Он блестяще читал главы из эпоса, песни акынов на айтысах, лирические стихи, причем

читал по-казахски, сразу же делая перевод на русский язык, чтобы мы почувствовали поэтическую особенность произведений».

О том, что он был прекрасным специалистом по фольклору, писал армянский критик и литературовед, профессор Аршалуйс Аршаруни: *«Мухтар Ауэзов – талантливейший фольклорист. Я уже не говорю о казахском эпосе – тут ему и книги в руки. Пожалуй, никто лучше его не знает киргизского «Манаса». Он может свободно говорить с Сааджи Каляевым о калмыцком «Джангаре» и с армянскими фольклористами о «Давиде Сасунском». Ауэзов, на мой взгляд, – целая фольклорная энциклопедия».*

М.О. Ауэзов заложил основы новой научной отрасли – абаеведения, являлся главой школы абаеведения. Он первым ввел в программу университета специальный курс «Абаеведение», который многие годы преподавал в КазГУ имени С.М. Кирова (ныне КазНУ имени аль-Фараби). Будущие филологи, журналисты, писатели прошли этот курс у знаменитого писателя-современника. Читал он и курс литературы народов СССР.

Известный писатель Ануар Алимжанов, выпускник КазГУ 1954 года, в очерке «Мудрость таланта», посвященном М. Ауэзову, оставил теплые воспоминания о своем учителе, Мухтаре-ага: *«Мы слушали его лекции о богатом поэтическом наследии народа, об истории родной литературы, о литературе стран Востока при переполненных аудиториях. Он был для нас мудрым собеседником. Красочная, поэтическая речь, удивительное знание истории и культуры народов Востока и, самое главное, глубоко человеческое обаяние и глубокий ум покоряли нас.*

Мы любили его так, как только ученик может любить любимого учителя, сын – отца. Впрочем, я уже сказал, что для меня лично он был и остался навсегда мудрым и великим сыном своего народа, простым и добрым человеком». В статье «Явление поэтическое, знаменательное» А. Алимжанов вспоминал: *«Мягкий голос, добрая улыбка, скрывающая постоянную озабоченность, медлительная густая речь – таким помнят его бывшие студенты, его ученики – молодые литераторы».*

Мухтара Ауэзова считали своим учителем Каюм Мухамедханов (1916-2004), Абдиджамил Нурпеисов (1924-2022), Габит Мусрепов (1902-1985), Ануар Алимжанов (1930-1993), Есмагамбет Исмаилов (1911-1966) и многие другие.

Писатель Ануар Алимжанов так отзывался о М. Ауэзове: *«Порою нам, наследникам и ученикам Мухтара Ауэзова, кажется, что он один вобрал в себя дыхание своей земли и сумел вместить в своем сердце все боли и радости родного народа в прошлом и настоящем, и со спокойной неторопливостью, с глубокой сдержанностью стремился показать людям все грани жизни своей столь сложной и стремительной эпохи».* А. Алимжанов посвятил своему любимому учителю и наставнику несколько очерков – «Мудрость таланта», «Уроки Мухтара Ауэзова», «Явление поэтическое, знаменательное» и другие, в которых поклонялся мудрости, человечности, таланту одного из величайших писателей XX века, педагога и наставника целого последующего поколения писателей, ученых и журналистов.

Как педагог Ауэзов много внимания уделял вопросам формирования научного мировоззрения, трудового, нравственного и эстетического воспитания детей, – всё это отражалось в его произведениях, речах, выступлениях.

Он всецело выступал за патриотическое и интернациональное воспитание молодежи, за дружбу между народами огромной страны, также полагал, что родной язык, художественная и историческая литература на нем должны служить этой великой цели. Несмотря на интернациональные взгляды, Ауэзов также выступал за развитие национальной литературы, языка и культуры. Он, как и Ахмет Байтурсинов, полагал, что без литературы на родном языке нация будет несостоявшейся. В этом плане мировоззрение Ауэзова и Байтурсинова на национальную литературу было единым.

А. Алимжанов писал: *«Ауэзов – выразитель духа нации, он народен и национален каждой своей строкой, каждой мыслью, каждым мазком своей кисти... Вот почему Мухтара-ага мы называем сегодня великим сыном родной земли и ставим на пьедестал рядом с Абаем. Вот почему мы, наследники Абая, гордимся тем, что у нас есть такой учитель, как Мухтар-ага, и стремимся быть его достойными учениками».*

Когда в 1954 году в МГУ имени М.В. Ломоносова, на восточном отделении филологического факультета, была создана первая в Советском Союзе кафедра литературы народов СССР, Мухтар Омарханович Ауэзов стал первым профессором-казахом, читавшим там лекции по казахской литературе.

Бывший аспирант МГУ Сергей Даронян (1954 год) описал свои первые впечатления о встрече с Ауэзовым-лектором: *«Профессор Ауэзов читал нам лекции по казахской литературе. Вспоминается первая лекция. Она проходила в просторной аудитории, было полно народу. Пришли его слушать*

студенты, аспиранты, и преподаватели многих факультетов. Появление Ауэзова было встречено восторженными аплодисментами. Говорил увлеченно, зажигательно. По окончании лекции посыпались вопросы. И в каждом ответе лектора ощущалась огромная эрудиция».

Ауэзов был замечательным оратором, умел зажечь сердца слушателей, увлечь своей идеей. И делал это не только на учебных лекциях. Поэт Николай Тихонов писал, что он был незаменим в комитете по Ленинским и Государственным премиям, умел обосновывать значимость творчества кандидатов на награды. Писатель Алексей Пантиелев вспоминал: «Запомнилось, как Ауэзов отстаивал и обосновывал, например, награждение Ленинской премией композитора Соловьева-Седого или поэтов Расула Гамзатова и Мирзо Турсун-заде. А речь Ауэзова о Мусе Джалиле! Она обжигала умы и сердца».

Советский литературовед, критик Евгения Книпович пишет: «Я смотрела на тех, кто слушал речь Ауэзова. В большинстве это были люди с седыми головами, те, чьи книги уже стали нашей классикой, те, кто не только держал в своих руках перо, но и ставил Советскую власть, и защищал Советскую власть в двух, а то и в трех войнах. Многие из собравшихся не раз и очень близко видели смерть. И, несмотря на это, а вернее именно поэтому, я увидела, что у всех стоят слезы на глазах».

Ануар Алимжанов с душевным теплом развивает свою мысль об Ауэзове, как о своем Первом учителе: «Учитель всегда приходит на помощь своему ученику. С самого начала своей литературной деятельности мы питались мыслью Ауэзова. Всё, что мы в нем любили, всё, чем мы восхищались – всё это остается с нами до конца наших дней. Его уроки – это уроки нашей литературы, которую он вывел на прекрасную дорогу. Наши идеи и наши труды, наши чувства и действия и даже мечты несут на себе отпечаток его величия... Пока еще много нас – тех, кто жил и работал вместе с ним и был свидетелем его славной и нелегкой жизни, кто слушал его лекции, учился у него, и мы передадим память о нем последующим поколениям, а его книги раскроют их сердца для восприятия идеалов прекрасного. Его духовная жизнь не умрет, как не умирает Сократ. Сократ жил в Платоне, а Платон жил в Аристотеле так же, как Аристотель жил в Абу Насре аль-Фараби, а сам Фараби жил в Авиценне. Такова логика жизни, такова преемственность поколений. Абай жил в Ауэзове так же, как Ауэзов живет в нас».

Писатель, переводчик произведений Ауэзова на русский язык, Алексей Пантиелев так писал о нем: «Ауэзов был старшим товарищем, аксакалом и верным другом для многих писателей от Алатау до Кавказа, и его называли устазом (учителем, наставником. – Прим. авт.) не только из вежливости». Народный писатель и Герой Труда Казахстана Абдижамил Нурпеисов отмечал: «...Глядя на него, мы все поражались, как могло совмещаться столько редких качеств в одном человеке... Ауэзова интересовало, увлекало, волновало решительно все, заставляя при этом постоянно бодрствовать его ум, работать его фантазию и воображение...».

Не менее яркий педагогический след оставил Ауэзов и в сфере науки. Его видными друзьями и учениками были такие крупные ученые, как члены-корреспонденты Академии наук Казахской ССР – ученый-филолог Евгения Лизунова, профессор Нина Смирнова, бывшая аспирантка Мухтара Ауэзова; литературовед, академик Мухамеджан Каратаев, литературовед, доктор филологических наук Есмагамбет Исмаилов, доктор филологических наук Исхак Дюсенбаев (автор подстрочных переводов Ауэзова) и другие. И всё же первыми и любимыми учениками великого писателя были Евгения Лизунова и Мухамеджан Каратаев.

Замечательно, что Мухтар Ауэзов как устаз, педагог оставил после себя яркое созвездие деятелей литературного и научного труда, благодарных потомков.

С момента ухода великого писателя от нас прошло более шестидесяти лет, его значимость и уникальность с каждым годом будут не уменьшаться, а возрастать, и, как писал академик Мухамеджан Каратаев, «... Чем дальше отдаляется он в летосчислении, тем величавее его фигура, тем ближе он нам, классик казахской литературы».

Литература

1. Ауэзов М.О. Мысли разных лет (По литературным тропам).– Алма-Ата: Каз. гос. издательство художественной литературы, 1961. – 544 с.
2. Ауэзов М.О. Племя младое. Избранные произведения. – Алма-Ата: Жазушы, 1977. – 516 с.
3. Каратаев М. Казахская литература на современном этапе. – Алма-Ата: Знание, 1979. – 39 с.
4. Айтматов Ч., Шаханов М. Плач охотника над пропастью (Исповедь на исходе века).– Алматы: Рауан, 1996. – 380 с.
5. Оразбекова Ф.К., Шауханов А.А. В ореоле культуры. – Алматы: Тіл, 2017. – 182 с.
6. Оразбекова Ф.К., Шауханов А.А. Художественная литература в мире искусств. – Алматы: Тіл, 2019. – 297 с.

ТВОРЧЕСТВО М.О. АУЭЗОВА В БАЛЕТНОМ ИСКУССТВЕ

*Оразбекова Ф.К., педагог-ветеран, член Союза журналистов РК
Республика Казахстан, г.Тараз, Университет М.-Х. Дулати*

Творчество писателя и ученого, лауреата Ленинской премии Мухтара Омархановича Ауэзова, отличается многогранностью жанров в литературе и искусстве. Его перу подвластны проза и драматургия, либретто первых киносценариев, опер и балетов. Стоявший у истоков зарождения казахского театра, он написал первую пьесу, сценарии первой музыкальной драмы, оперы о великом акыне Абае и первого национального балета.

Свою литературную деятельность Мухтар Ауэзов начинал как драматург, в двадцать лет написав первую пьесу «Енлик-Кебек» по следам подлинных исторических событий, произошедших в XVIII веке на родине писателя. Этой пьесой открыл свой занавес первый Казахский драматический театр в 1926 году, ныне носящий имя Мухтара Ауэзова. Впоследствии для первого музыкального театра (ныне ГАТОБ имени Абая), открывшегося в 1934 году, он написал либретто первой казахской музыкальной комедии «Айман-Шолпан», а также появились либретто опер, рожденных под его пером. Зарождение первого национального балета «Калкаман и Мамыр» также связано с его именем.

Балет «Калкаман и Мамыр» был создан в 1938 году по одноименной поэме Шакарима Кудайбердыева на основе народной легенды. Автор либретто М.О. Ауэзов. Для постановки спектакля были приглашены молодой композитор В.Великанов из Петербурга, балетмейстер Л. Жуков из Большого театра СССР. Для оформления балета специально из Узбекистана был приглашен художник Урал Тансыкбаев (1904-1974), народный художник Узбекистана, действительный член АН художеств СССР, известный художник-пейзажист, казах по происхождению, но живший в Узбекистане.

Композитор Василий Васильевич Великанов, заслуженный деятель искусств Казахской ССР, использовал богатый казахский музыкальный фольклор для сцен лирического и драматического содержания, каждый музыкальный образ раскрывает психологию персонажей балета. Например, для образа главной героини Мамыр музыкальное воплощение получили лирические народные песни «Гайни», «Женгешей», «Уридай сәулем», «Жетіарал».

В роли Мамыр выступила Шара Жиенкулова, первая танцовщица казахского балета, народная артистка Казахстана, которая, не обладая основами классического балета, танцевала в ичигах и национальном костюме, свою роль проводила более в бытовом плане. Своими неповторимыми пластическими движениями она смогла передать в танце и лиризм, и драматизм образа Мамыр. Другая исполнительница роли Мамыр Б. Сайфутдинова танцевала на пальцах и в балетных костюмах. Учитывая техническую подготовленность двух разноплановых танцовщиц, балетмейстер поставил для них разную хореографию. Калкамана танцевали Г. Измайлов, Л. Жуков. Дирижировал первым спектаклем Ф. Кузьмич, режиссер К. Жандарбеков.

Премьера состоялась 24 июня 1938 года. Балет в трех действиях с прологом. Из народного сказания в основу либретто взят конфликт, типичный для патриархального общества, – обычай левирата, по которому невеста жениха, умершего до свадьбы, отдается в жены его ближайшему родственнику. Мухтар Ауэзов, полностью сохранив сюжет поэмы, изменил лишь ее концовку. В поэме молодые герои Калкаман и Мамыр гибнут, а в либретто они побеждают. Они побеждают в борьбе с родовыми законами, одержав победу над угнетателями вообще.

Постановка первого национального балета широко освещалась в средствах массовой информации, где восторженно отмечались достоинства сценического решения балета, танцевальное мастерство исполнителей, указывались и отдельные недочеты, что было вполне естественным при отсутствии опыта в постановках национальных балетов, требующих особой пластики в сочетании с движениями классического балета. В частности, автор Левина в газетной статье писала: *«Балет “Калкаман и Мамыр” – крупная, серьезная победа. Победа композитора В.Великанова и либреттиста М.Ауэзова, победа заслуженного артиста РСФСР Л.Жукова и первой танцовщицы казахского балета, народной артистки Шары Жиенкуловой. Это победа всего коллектива, который в этом спектакле показал свою волю и стремление к овладению сложной техникой танца. Это крупная победа художника Урала Тансыкбаева, благодаря которому на сцене мы видели подлинный Казахстан... В творческом содружестве – залог успеха спектакля. Спектакля смелого, волнующего, лишнего традиционных штампов и положений».*



На фото: создатели балета «Калкаман – Мамыр»: О. Тансыкбаев – художник, М. Ауэзов – автор либретто, Ш. Жиенкулова – исполнительница главной партии, К. Жандарбеков – режиссер, Ф. Кузьмич – дирижер, В. Великанов – композитор, Л. Жуков – балетмейстер

Следующий балет появился благодаря пьесе писателя. Известная трагедия «Карагоз» была написана М.Ауэзовым в 1926 году. Несколько десятилетий она идет на сцене главного драматического театра республики – Казахского академического драматического театра имени М.О. Ауэзова в Алматы, а также в областных драматических театрах. В 1987 году композитор ГазизаЖубанова написала музыку для балета по драме МухтараАуэзова.

Премьера балета «Карагоз» состоялась 5 декабря 2014 года на сцене театра «Астана-Опера». Режиссер-постановщик Вакиль Усманов (Австрия), дирижер Абзал Мухитдинов. В основе – драма «Карагоз». Балет имеет подзаголовок «Драматические страницы любви». В основе сюжета – любовный треугольник – Нарша – Карагоз – Сырым. Острохарактерный персонаж – бабушка Моржан, горячо любящая Карагоз, но и свято хранящая законы предков. Два действия, девять картин с прологом и эпилогом. Исполнители: Карагоз – МадинаБаспаева, АйгеримБекетаева и АнельРустемова, Сырым – БахтиярАдамжан и АрманУразов, Нарша – заслуженный деятель РК Таир Гатауов, Моржан, бабушка Карагоз – заслуженный деятель РК Гаухар Усина. Художники-постановщики С.Тасмагамбетова, П.Драгунов. Премьера балета и последующие спектакли прошли с большим успехом. По мнению Е. Долинской, доктора искусствоведения (Москва): «Каждый из представленных образов наделен своим хореографическим языком с закрепленным типом движений».

Палитра драматических произведений МухтараАуэзова настолько богата, что нас еще ждут впереди новые открытия на оперной и балетной сценах.

Литература

1. Болатбаев К., Косбармаков Е., Еркебай А. Искусство. – Алматы: Мектеп, 2006. – 208 с.
2. Кузембаева С. Воспеть прекрасное. – Алма-Ата: Өнер, 1982. – 103 с.
3. Оразбекова Ф.К., Шауханов А.А. Художественная литература в мире искусств. – Алматы: Тіл, 2019. – 298 с.
4. Сарынова Л.П. Балетное искусство Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1976. – 175 с.

ҒТАХР: 17.41.21

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ АБАЙ МУЗЕЙІ

Қиықбай Қ.Қ., ф.ғ.магистрі, ғылыми қызметкер

Қазақстан Республикасы, Семей қ., Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы, kazezuly@yandex.kz

Ғасырға жуық тарихы бар, іргетасын жиырмасыншы ғасырда қазақ зиялылары мен марғасқалары қалап кеткен Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы бүгінгі күні еліміздегі ірі мәдени орталықтардың бірі әрі бірегейі. Бұл музей Қазақстанда ашылған тұңғыш әдеби-мемориалдық музей болғанымен де қазақ мәдениеті мен руханиятының қастерлі ордасы. Ал, осы музей тарихы мен биылғы жылы 125 жылдық мерейтойы аталып отыраған ғұлама ғалым, кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов есімінің тығыз байланысты болуы қай жағынан алағанда да заңды, айнымайтын шартты ұғым... Себеп-сырына үңіліп, жазушының музей ісін дамытудағы еңбегіне бойлап көрелік...

Абай музейін ашу бастамасы, ұйымдастыру жұмыстырының бастау-бұлағында Мұхтар Әуезовтің тұрғаны анық. Бұл ой мен идея оның «Абай юбилейі туралы» және «Зерттеушілерге» деген

екі мақаласынан өріп шыққан. Осы екі мақаладағы басты бағыттарға назар аударар болсақ, біраз жайтқа қанығамыз: «...Ең әуелі Абайдың жүрген жері, Семей қаласындағы екі үйді ғана айтып қою керек емес. Абай оқыған Ахмет Риза медресесі деген медресенің үйі де қазірде Семейде бар. Және Абайдың көп өмірі қырда өтсе, сол қырдағы жайларын да бұрынғы қалпына келтіріп, сақтау керек. Бүгін төбесін қайта жаптырып, ішін бұрынғы қалпынша жабдықтап қойса, қолдан келмейтін іс емес. Абайдың туған жеріндегі бағалы бір музей соның өзі де бола алады. Онан соң Семейден 120 шақырымдай жерде Ақшоқыда Абайдың 1895 жылға шейін тұрған қыстауы бар. Оны да түзеттіріп, сақтау қажет – деген талап-шарттарымен бөліседі. [2,4]

Одан соң «Зерттеушілерге» деп аталатын еңбегінде: ... Абайдың өмірін, ісін зерттеу ретінде де бірталай тың жұмыстар бар. Оның ең үлкені Семей архивін тексеру, жандарал, ояз кеңселері мен облыстық, ояздық соттар архиві көп мағлұматтар беруге тиіс еді... Жалғыз ол емес, Степной генерал-губернатордың тұрған жері – Омбы қаласының архивін зерттеу керек – деп тағы да Абай жайын зерттеушілерге нұсқау беріп, жол көрсетеді. Мұхтар Әуезовтің ұсынысы бойынша Абай Құнанбайұлының 95 жылдық мерейтойы қарсаңында Қазақ ССР Халық Комиссарлар Кеңесі 1940 жылы 1 сәуірде Семей қаласында Абайдың әдеби-мемориалдық музейін ұйымдастыру туралы қаулы қабылдайды. Абай музейі сол жылы 16 қазанда мереке үстінде ашылып, алғашқы келушілері мен меймандарын қабылдай бастайды. Қазақстан тарихындағы тұңғыш әдеби-мемориалдық мұражайдың іргетасы осылай бекіп, Адамзаттың ардақтысына айналған Абайды тану үрдісі мен абайтану ғылымының алға басуы еді [1, 255].

Музей 1940-1944 жылдары Бекбай Байысовтің үйінде (Абай көшесі 83, қазіргі Жамақаев көшесі) орналасты. Бұл үй – Абай Семейге келгенде түсіп жүретін үйлердің бірі. Мұражай экспозициясы екінші қабатында орналасып, үш бөлмеде жабдықталды. Жеке бір бөлмеде кітапхана ашылды. Екінші қабатта қор бөлімі және канцелярия орналасты. Мұражай экспозициясының тақырыптық жоспарын жасауға және ұйымдастыруға сол кездегі Абай мұражайының аға ғылыми қызметкері Қайым Мұхамедханов, облыстық өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Борис Аккерман ат салысты. Экспозицияның бірінші бөлімі «Абай заманы», екінші бөлімі «Ақынның өмірі мен шығармашылығы» деп аталды. Үшінші бөлім – Абайдың бөлмесінен көрініс берді. Мұражайдың бұл экспозициясы 1940 жылдан 1944 жылға дейін көрермендерді қабылдады. Осы музей қорына алғашқы жәдігерлерді Мұхтар Әуезов тапсырған ішіне сыр бүккен тарих беттерінен белгілі.

1944 жылы мұражай Комиссар көшесі, 132-де орналасқан Әнияр Молдабаевтың үйіне көшірілді. Ә.Молдабаев (1849-1934) – Абайдың замандасы, жерлесі, әрі шәкірті. Бұл үйді Әниярға Абай балаларымен сатып алып берген болатын. 1947 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының қарауына ауыстырылып, оның басшылығымен мұражайдың ғылыми тұрғыдан қаралған жұмыс жүйесі, әдеби-зерттеу ісі жөніндегі жоспары дайындалды. Осы істердің нәтижесінде Абай мұражайының екінші экспозициясы жасалды. Экспозиция Әнияр Молдабаев үйінің екінші қабатында бес бөлмеге орналасты. 1947-1951 жылдары мұражайды абайтанушы ғалым Қ. Мұхамедханов басқарды [2,6].

Мұражайдың ғылыми-зерттеу бағытындағы елеулі кезең Ғылым Академиясы құрамындағы жылдар болды. Музей қызметкерлері белгілі тақырыптарға арналған зерттеу жұмыстарын жүргізе бастады. Олар: Қайым Мұхамедхановтың «Абайдың ақындық мектебі», Борис Аккерманның «Абайдың орыс достары» кандидаттық диссертациялары. Ақынның өміріне, шығармашылығына қатысты заттарды, қолжазбасын іздеу, зерттеу, көмегі тиетін адамдарды тауып, олардан құнды деректер алу ісі қолға алынады.

Бұл жөнінде Абайды көрген, оны жақсы білетін Төлеу Көбдіков, немере қызы Уәсилә, келіні Кәмәлия, немересі Ысрайыл, немере інісі Әрхам және тағы басқа туыс-жақындары көп көмек көрсеткен. 1950 жылы мұражай қызметкерлері Абай ауданына іссапарға шығады. Осы іссапарда тарихи орындарды, зираттарды фотосуретке түсіріп, сызбаларын сызып, ақынның архивін іздеу жұмыстарымен айналысқан. Экспедицияға Абайдың шөбересі Ишағы Жағыпарқызы да қатысады. 1958 жылдан бастап Абай музейі Мәдениет министрлігінің қарауына алынып, «Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық музейі» деп аталды.

Жаңадан ашылған музей қорына құнды жәдігерлерді жинап, тапсырушылар тізімінде Мұхтар Омарханұлы есімі аталады. Бүгінде Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік музей-қорығының қорында Абай Құнанбайұлының екі фотосуреті сақталған болса, соның біріншісі Абайдың Ділдәдан туған тұңғыш баласы Ақылбай мен екінші әйелі Әйгерімнен туған ұлы Турағұл түскен фотосурет. 1896 жылы Семей қаласында түсірілген бұл сурет музей қорындағы түпнұсқа сурет. Абай музейіне 1941 жылы 6 ақпанда № 40 қабылдау актісі бойынша өткізілген. Фотосуретті тауып, көзінің қарашығындай сақтап Абайдың жаңадан құрылған Семейдегі музейіне өткізуші Мұхтар Әуезов. Ол өзінің Алматыдағы мекен-жайын көрсетіп қол қойған. Бұл жөнінде Абай музейінің негізгі қор кітапшасында:

«Абай с сыновьями Акылбаем и Турагулом (подлинник). Снято 1896 году в г. Семилалатинске фотографом Н.Г. Кузнецовым. В дар музею Абая от Мухтара Омархановича Ауэзова» деп жазып, фотосуреттің түсірілген жылын, түсірушінің аты-жөнін, ғұлама ғалым, жаратылысы бөлек жазушы Мұхтар Омарханұлының ақын музейіне сыйға тартқанын анықтап ашып көрсетіп белгілеген.

Талай жыл Абай музейінде қызмет атқарған зерттеуші Мұздыбай Бейсенбаевтың зерттеуіне сүйенсек қудалауға ұшырап Құнанбайдың, Оразбайдың, Күнтудың тұқымдары Қырғыз жеріне, Шымкент еліне жер аударылғанда фотосуреттерді өздерімен бірге тығып ала кеткен көрінеді. Кейіннен Алматыда Мұхтар Әуезовке табыс еткен екен. Оның өзінде де өз есімдерін айтпай, өздерін белгісіз біреулер есебінде көрсетіп, бүркеншік атпен өткізуге тура келіпті [5,144].

Абайдың 1903 жылы отбасымен түскен суреті де жазушының бастамасымен Абай музейінің қорына табысталғаны тарихи дерек. Фотосуретті түпнұсқадан 1959 жылы қайта түсіріп, көшірме түрінде Абай музейіне тапсырған. Түпнұсқасы Алматыдағы М.Әуезовтің музейінде сақтаулы. Абай сияқты шоктығы дара ақынның бұл тарихи екі фотобейнесі ұзақ жылдардан бері музей экспозициясына қойылып, көпшілік назарына ұсынылып келеді. Көп тиражды жол көрсеткіш кітаптарға, мерзімді басылымдарда жарық көріп жүрген бағалы жәдігерлер.

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің эпистолярлық мұрасының ішіндегі дүниелерінің бірі оның жақын-жуықтары мен дос-жарандарына жазған хаттары. Ауқымды уақыт ауанын қамтитын бұл бағалы хаттар М. Әуезовтің шығармашылық әлеуеті мен қаламының қуатын, өмірлік ұстанымдарының сырын ашып, негізгі қырларына бойлатады. Бұған қоса осы хаттар арқылы жазушының басты шығармасы ғана емес, күллі қазақ әдебиетінің қамбасын байытқан «Абай жолы» роман-эпопеясының негізгі оқиғалық желісінің жасалу жолдары, қазақ әдебиеті мен фольклорына қатысты көркемдік-эстетикалық ізденістері, арман-үміттері де осы хаттардың өн бойынан анық аңғарылады.

Бүгінде 80 жылдан астам тарихы бар музей қорында сақталған жазушы М. Әуезовтің хаттары өзінше бір бөлек әлем десе де болады. Мұхит Мұхтардың өз қолтаңбасы түскен хаттар қатарында 1954 жылы 30 наурызда Мәскеу қаласынан және 1957 жылы 20 маусымда ұлы Мұраттың атына жазылған екі хатты, 1961 жылы Фарида Халитованың атына жолданған үшінші хатты, одан соң демі үзілер шақта, өмірінің соңғы сағаттарында 1961 жылы 25 маусымда Мәскеу ауруханасынан Абай елінің ардақты азаматы, жазушы Кәмен Оразалинге жазған соңғы хатын атап өтуге болады. Бұл хаттарды Абай музейінің қорына табыстаған жазушының ұлы – Мұрат Әуезов.

Тағы да назар аудартатын бағалы дүниелердің санатында М. Әуезовтің өз қолтаңбасымен музей қорына тапсырған кітаптарын айтсақ болады. М. Әуезовтің қолтаңбасы түскен бұл түпнұсқа кітаптар музейге келуші меймандардың әрдайым қызығушылығын арттырып тамашалайтын құнды жәдігерлер. Олар 1945, 1948 жылдары орыс тілінде жарық көрген «Абай» романы. Автор бұл екі кітапты 1949 жылдың 25 сәуір күні өз қолтаңбасын жазып, музейге сыйға берген. Одан кейін 1948 жылы чех тіліндегі жарық көрген «Абай» романына авторлық қолтаңбасын қалдырып 1949 жылдың 1 тамызында тапсырған. Ал 1950 жылы румын тілінде басылып шыққан «Абай» романына 1951 жылы 28 сәуір күні «Для библиотеки музея Абая» деп қолтаңбасын қойып, музей кітапханасына сыйланған. Бұл қолтаңбалар қазақты айдай әлемге паш еткен, қалам күдіретімен талайға бас идірген Мұхтар Әуезовтің өз қолымен жазылып, риясыз көңілден табыс етілуімен құнды [3,02].

Жазушыға қатысты музей қорындағы асыл жәдігерлердің бірі – Абай музейінің бөлімі «Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов» музей-үйіндегі экспозициядан орын алған жазушының ері. Бұл ер ХХ ғ. 50 жылдары жасалған. 1957 жылы ғұлама жазушының 60 жылдық мерейтойы қарсаңында елге келгенде пайдаланған. Жасыл түсті, күмістелген элементтері бар ер. Сонымен бірге, жазушыға қатысты тарихи жәдігерлер мен тағылымды өнегесі бар көптеген дүниелер Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығының бөлімі Бөрілідегі Мұхтар Әуезов музей-үйінде сақталған. Жазушының кіндік қаны тамған қасиетті мекеннен орын тепкен бұл ғимаратта жазушының пайдаланған жеке заттары, әлем елдерін аралағандағы сапарынан алып қайтқан кәдесыйлар, оның өмірі мен шығармашылығынан хабар беретін жәдігерлер көпшілік көрерменнің назарына ұсынылған.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, «Санат», 1995.
2. Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік музей-қорығының қолжазбалар қоры; КП-6256. КП-6255.
3. Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік музей-қорығының қолжазбалар қоры; КП-6258. КП-6257.
4. Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік музей-қорығының қолжазбалар қоры; (КП-7002)
5. М.Бейсенбаев «Абай және оның заманы», Алматы, «Жазфушы», 1988.
6. БААЙ. Энциклопедия. – Алматы: «Атамұра», 1995.

АБАЙДЫ ӘЛЕМГЕ ТАНЫТҚАН ҚАЛАМГЕР

Жукенова Г.А., магистр, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, «№ 29 ЖОББМ», zhukenova78@mail.ru

М.Әуезов шығармашылығы – ХХ ғасырдың әсемдігімен, ғажайып әсерлілігімен сиқырлы, қайталанбас ұлы құбылысына айналды. Әуезов мұраларынан алатын тағылым ұшан-теңіз. Жазушы шығармаларында өз халқының тыныс-тіршілігін, қам-қарекетін, аяулы арманы мен нұрлы үмітін, қазақ халқының тарихи болмысы мен бүгінгі бітімін терең ұғынып бере білген суреткер. Ешкімге ұқсамайтын жазушы – қаламгер.

Ұзақ жылдарға созылған терең шығармашылық ізденістердің, қажыр-қайратының нәтижесінде күллі әлемге ұлы Абайды танытып қана қойған жоқ, қазақ халқы «Абай жолы» арқылы өзін де тереңірек түсініп таныды. «Абай жолыңыз» қазақ әдебиетін, халқымыздың рухани-көркемдік әлемін көзге елестету мүмкін емес» деп халық жазушысы Ә. Кекілбаев бағалағандай, тек қазақ халқының ғана емес, көшпелі түркі жұртының өткені туралы ең алғашқы кең ауқымдағы шығарма. Ұлы ақын Абайдың өмірін бүкпесіз анық баяндап берді сол үшін де біз жазушыға қарыздармыз.

М. Әуезов қазақ әдебиеті тарихындағы үлкен өмірлік, шығармашылық жолдарында зор табыстарға жетті. Жиырма жасында «Еңлік-Кебек» трагедиясын жазғаннан кейін он шақты жыл ішінде көптеген әңгіме, повесть, пьесаларымен көзге түсті. Атап айтақанда: «Қорғансыздың күні», «Барымта», «Ескілік көлеңкесінде», «Көксерек», «Қыр» әңгімелері, «Жетім», «Қараш-қараш оқиғалары», «Қаралы сұлу», «Қилы заман» секілді прозалық шығармаларымен оқырман назарын бірден өзіне аударды. Прозаның шағын жанрының шебері екендігін көрсететін осы шығармаларында адамның іс-әрекетін әлеуметтік-қоғамдық жағдайлармен астастыра келіп, кейіпкер психологиясының терең иірімдерін, табиғат суретін, халықтың дәстүрлі тіршілігін, тынысын, ұлттық мінез-құлқын мейлінше қанық, толық суреттей білген.

Жазушы адам бойындағы пәктік пен сұлулықты әділетсіздік пен азғындыққа қарсы қоя, жарыстыра суреттеу арқылы қазақ әдебиетіне классикалық психологиялық прозаның үлгісін әкелді.

Осы туындылардың өзімен М. Әуезов құдіретті талант иесі екендігін танытқан болатын. Оның талантын шарықтатып, көркемдік дамудың шырқау биігіне жеткізген өмір жолы оңай емес еді. Ол таудай талпынудың, дамылсыз ізденудің, табанды еңбектенудің қиын-қыстау жолы. Сонымен бірге, халыққа адал қызмет етудің азаматтық, адамгершілік жүгін арқалаған ауыр да абыройлы жол болды.

Мұхтар Әуезов қазақ әдебиет тарихында қалыптасқан озық дәстүрлерді алға апарушы, ілгері дамытушы болды. Осы жолда ол әдебиет тарихын зерттеуші, сөз өнеріне аса зор үлес қосқан жазушылығымен, жаңа сапада жазылған тың шығармаларымен қазақ әдебиетінің мәртебесін жаңа биіктерге көтерді.

Сонымен, қорыта айтқанда М. Әуезов – ғалым-жазушы, көркем ойдың алыбы. Ғұлама ойшылдың дүниетанымының тереңдігі, өзгеше ойлау стилі мен ойлау әдісі кейінгі ұрпақтарды да тәнті етеді.

Ұлы ақын әрі ағартушы Абай Құнанбаевтың қилы тағдыры мен өмірін суреттейтін «Абай жолы» атты роман – эпопеяны оның алыс туысы танымал қазақ жазушысы М.О. Әуезов жазды. Осы еңбегі үшін оған 1949 жылы Сталин сыйлығы («Абайдың» бірінші бөлігіне) және 1959 жылы Ленин сыйлығы («Абай жолының» екінші бөлігіне) берілді. Романда ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының ауыр тіршілігі көрсетіліп, қазақтардың көп ғасырлық көшпенді өмірінен қол үзуі баяндалады. «Қамтылатын тақырыбының кендігі, сөз саптау шеберлігі және әдеби өңделуі жағынан «Абай жолы» ерекше көріністі береді», деп жазды академик Қ.Сәтбаев.

Эпопеяның басты кейіпкері Абайдың нұрлы образы оқырманды толғандырып, ынтықтырып отырады. Алғашқы беттерден-ақ, Абай бойына тән тамаша қасиеттер тереңірек ашыла түседі. М. Әуезов Абайдың өмірін қағаз беттеріне түсіруде ерен еңбек етеді. Ерекше жазу стилімен, өзіндік тіл шеберлігімен оқырман қауымға ұсынған осы бір туындыдан Абайдың өсу сатысын санамалау арқылы ол кешкен өмірдің тарихын түсінеміз. Жасына жас, ойына ой қосылған шақтағы Хакімнің өмір баспалдақтарын аттағанын көреміз.

Ғ. Мүсірепов аңғарғандай: "Қайтқанда", "Қат-қабатта", "Шытырманда", "Бел-белесте", "Өрде", "Қияда" – әр бөлімнің аттары. Осыны біріне-бірін жалғап, бір саты етсең, қат-қабат шытырмандар арқылы бел-белеске, өрге, қияға келе жатқан Абайды көресің. Бұл – үздіксіз өсіп келе жатқан Абайдың жолы. Сонымен бірге, бұл – Құнанбайдың да баспалдақтары. Осы сатыларды төмен қаратып қойып,

аяғынан басына қарай оқысаң, бұл жоғарыдан ылдилап келе жатқан Құнанбайдың жолы болып шығады. Бірі – көтерілу, бірі түсу, төмендеу жолы. Үшінші, бұл – Құнанбай тобының да, Абай тобының да жолы.

Абай халықтың талантын, оның әні мен жырын шын жүректен сүйеді. Оның Біржанмен кездесуі шығармада өте сәтті баяндалады. Абайдың сазгерлік өнерін айтпай кету мүмкін емес, Ұлжан анасының ақ сүтімен дарыған әлди дана Абайға әсерлі сіңген болса керек. «Желсіз түнде жарық айды» әдемі, келісті әуезбен келтірген. Әрбір сурет Абайдың дала өмірі туралы әр кездегі түсінігін, көзқарасын танытады. Тұрмыстың талай талқысынан өтіп, шындала ширыққан Абай өзін қоршаған ортаға, шындыққа ойлы да сыншы көзбен қарайды. Бұрынғы байқағандарының оған енді басқаша болып көрінетіндігінің сыры да осында. Бірінші кітаптың ең соңында жазушы кейіпкерінің қаншалықты өскенін образды түрде аңдату мақсатымен оны тасты жарып, шыңға шыққан шынарға байлайды. «Енді бұл күнде сол шыңға шыққан жалғыз шынар балғын тартып, жас қуатқа толыпты. Қазір оған қыс пен аяз да, тіпті тау дауылы да қатер болудан қалған еді». Қаһарлы қысты да, долы дауылды да елемейтін бұл шынар енді әбден толысып, мәуелі де саялы бәйтерекке айналуға, ал оның ығында басқа көптеген шынарлар көптеп өсу керек. Ал мұны бейнелеу – екінші кітаптың үлесі.

Егер бірінші кітап Абайдың азамат ретінде есеюін образды түрде бейнелесе, екінші кітабы, негізінен алғанда, ақын Абайдың қалыптасуына арналған. Шығарманың бүкіл өн бойына біз Абайдың өнерін нәрлендірген және оны тудырған себептерді, ақынның белгілі бір шығармаларының қандай жағдайда, қалайша жасалғанын біліп отырамыз. Өзін ғажайып қызық ертегілерімен әлдилеген сүйікті әжесі Зереге, аға-сұлтан, ұлықтардың қайырымсыздығын шенейтін, сырлы терең Барласқа, қаймығуды, камығуды білмейтін, тіліп түсер өткір тілді Шөжеге де Абай аз қарыз емес-тұғын.

Абайдың барлық саналы өмірі мен ойлы еңбегі сол сертін орындауға, халыққа қызмет етуге жұмсалады. Ал осы халыққа қызмет етудің негізгі тура жолын Абай орыс достарының ақыл-кеңесінен тапты. Михайлов айтқан, елді ағарту, өнер-білімге үндеу жолы, халықты қанаушыларды кекті жырмен бауыздау еді. Абай осы жолдан алыстамады. М.Әуезовтің эпопеясын оқып отырғанда Абай өткен осы жолдың бел-белесін, сыр-сипатын айқын көріп отырамыз. Жазушы Абайдың Пушкинмен жақындығын алғаш қазақ ақынының «Дубровскийді» оқып отырған сәтін суреттеу арқылы аңдатады. Бұл Пушкин өнерінің тереңіне Абайдың жаңадан бет қоя бастаған кезі. Шығарманың соңғы бөлігінде Пушкин поэзиясымен айырылмастай табысып, туысып кеткендей болады. Бұдан Абайдың жан-жақты екенін байқарымыз хақ. Орыс әдебиетін сол кездегі адамның оқуы таңғажайып дүние. Ол мезгілдің адамдары тіпті ескіше сауат білмеді. Ал Абай тежелген жоқ, керісінше оқи берді. Мұның есесіне автор орыс адамының үлкен, жарқын образын жасаған. Ол – Михайлов. Бұл – идеялық тереңдігі, көркемдік құндылығы жағынан да ірі, тұлғалы образ. Абаймен бірге толғанып, оған ақыл, кеңес беріп отырады. Ол Абайдың өз тағдырына да үлкен әсер еткенін, оны дұрыс бағытқа сілтегенін автор нанымды суреттейді. Михайлов образында автор Абайдың белгілі досы Михаэлистің бейнесін шебер жасаған.

Абайдың Михайловпен кездесулері суреттелетін тұстар – эпопеяның жарқын, бояуы қою беттері. Абайдың әділетті жақтайтын мінезін, талантын биік бағалаған Михайлов оның тайыз жатқан жерін де тез таниды, оған деген ақыл-кеңесін сол арада, сол бағытта дәл әрі нақты айтып отырды. Михайловпен кездескеннен кейін Абайдың бүкіл өмірінде, көзқарасында, тіпті психологиясында да көп өзгерістер туындады. Елді өнер-біліммен суару жолында біршама оқып, ізденген Абай туындының басында шәкірт болып көрінсе, кейін жанашыр, ұстаз болып бейнеленеді. Осы жолда көп тер төгеді. Бұл пікірге төмендегі үзінді айғақ болсын.

Абай Гоголь кітапханасына кіргенде, оқырмандардың бәрі тегіс Абайға қарады. "Залдың бергі шетінде мұртын сәнмен ширатқан, бұйра шашты, жылтыр жүзді чиновник отыр еді. Өлгі чиновник:

– Бұл не ғажап! Гоголь кітапханасына қашаннан бері түйелер жіберілетін болған? – деді. Осы тұрпайы әзілді естіген Абай чиновник жаққа салқын ызамен жалт етіп бір қарады. Зал бәрі күлді. Сонда Абай енді күлкілі мысқыл жүзбен жігітке бұрылды да, лезде жауап қатты:

– Чиновник мырза, түйе кірсе несі бар, бұнда ол түгілі, есек те отырыпты ғой! – деді. От ауызды, орақ тілді Абай оқу-ағарту үшін көпшен таласып оқығанын көріңіз.

Жазушы Абай мен Әйгерімнің арасындағы ғаламат сезімді баян етердегі түйер ой мынадай: Тоғжаннан айырылған, Ділдәға еріксіз қосылған шақта Абай жас та шарасыз еді. Енді есейіп тағдырына өзі ие болған кезде Абай өз жүрегінің дегенін істейді.

Абай керемет әке де бола білді. Әбіш, Мағаш, Ақылбай секілді тәрбиелі, сөзге жүйрік, ойлауға тез перзенттерге үлгі болды. Бала болса да, олардан кеңес сұрап, ой бөлісіп отырды. Өзі алған білімдерден жоғарырақ білім алуға ықпал жасайды. Әбішті Петербургке оқуға жіберіп, талабын ұштауға жәрдемдесті. Ол да әке жолын қуған, қара ақылымен қара тасты қақ жарған, әділдікті сүйетін халықтың баласы. Айтпағымыз: Абай – ұрпағын өте тағылымды тәрбиелеген әке.

Шығарманың характері мен тіл тәрізді портрет жасаудағы жазушының өресін, қабілетін танымыз. Оның заңдылығы – шеберлікке, әдебиеттің өркен жаюына мықты басқыш. Эпопеяға басты кейіпкер етіп тарихи тұлғаны ала отырып, тұтас бір халықтың болмысын тереңнен қопара бейнелеу – әлем әдебиетіне қосылған ерекше көркемдік әдіс болды. М.Әуезовтің портрет жасау шеберлігінің үлгісі бүгінгі әдебиетке әсерін тигізді. Шығармаларындағы бейнелерді сан бояумен құбылтып, түрлендіріп шеберлікпен бере білу кеңінен өріс алды, өмірге қилы мінезді, алуан келбетті кейіпкерлер келді. Әсіресе, портреттің өрелі түрі – психологиялық портрет өркен жайды. Жазушының портрет жасау жолдары, әдіс-тәсілдері, форма-түрлері көбейді. Әуезов кейіпкерлерінің сырт келбеті жан толғанысымен тұтасып, бүтін бір тартымды дүние жасайды, бірін-бірі толықтырып тұрады. Келбеті арқылы характердің қатпар-қатпар жан-дүниесі, жүрегінің дірілі шеберлікпен ашылады.

Мұхтар Әуезов жасаған образдарда адам келбеті ғана емес, қаһарманның да, қаламгердің де арман-толғанысын, асқақ қиялын көреміз. Абай, Тоғжан бейнелері соның жемісі. Характер қасиетіне байланысты жазушының бояуы ажарлана түседі, құбыла түседі: бірде нәзік жанның жан құбылысы жаныңды тербетсе, енді бірде ой шатқалына сүңгісің, тағы бірде сұрланған беттің сұмдығынан шошисың... Осылай кете береді. Бірақсуреткердіңбіргегеймақсаты – кейіпкер тебіренісін терең ашу. Барлық бояу, штрих, келбет құбылысы – бәрі де осы мақсатқа бағынған.

Жазушы образды шеберлікпен беруде сан түрлі қимылдар жасайды. Қимыл, сезім үстінде біртіндеп ашу үстінде әдісін де, жинақтап, тұтас суреттеу тәсілін кеңінен қолданған. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы – тек көркем шығарма емес, ұлтымыздың болмысы мен дәстүрлі тұрмысын көркем оймен кестелеген, дала тарихы мен философиясы тұнған дала дастаны.

Әдебиеттер

1. Нұрғали М. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры: (Мағжан, Мұхтар, Міржақып, Сәкен, Ілияс, Сәбит, Ғабит туралы). – Алматы: «Күлтегін», 2002. – 528 б.
2. Ақшолоқов Т. Характер сомдауда // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1992. – № 4. – 27-32 б.
3. Әдібаев Х. Портрет сыры // Жұлдыз. – 1969. – № 7. – 146-150 б.
4. Әлімбаев М. Зергерліктің зерлері // Ана тілі. – 1997. – 4 қыркүйек. – 5 б.
5. Әуезов М. //Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1999. – 12-13 б.
7. Жолдасова Т. Абай және роман-эпопеядағы диалог пен портрет // Изденіс. – 2003. – № 2. – 177-180 б.
8. Сәкенова Р. Құнанбай бейнесін жаңаша танытудың бір үлгісі // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2004. – № 3. – 33-40 б.

ҒТАХР: 17.05.93

АБАЙДЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ-ТӘРБИЕЛІК ӘЛЕМІ

Арынова Д.К., тарих және география пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Семей қ., «№ 8 мектеп-кешені»

Аймханова Г.Қ., магистр, оқытушы,
Қазақстан Республикасы, Семей қ., «Alikhan Bokeikhan University» ББМ

Абай Құнанбайұлы өз кезіндегі және соңынан ілесетін болашақ ұрпаққа сөзін осылай арнады. Әрі бұл сонау өзі өмір сүрген соқтықпалы, соқпақсыз құлазыған замандардан өзіне бейтаныс, бірақ жарқын болашаққа сенген ақынның айтқан сөзі еді.

Абай – ұлы ғұлама ақын, қазақ елінің, жалпы бүкіл түркітөктес халықтардың ортасынан шыққан әлемдік тұлға, ұлтымыздың рухани мақтанышы. Абайдың өмірі, жасаған ісі, қаламынан туған өлеңдері мен сөздері өз халқының тағдырымен тығыз байланысып, оның болмыс-бітімінің, тұрмыс-тіршілігінің айнасындай болды.

Абай – біртуар, ғаламдық тұлға. Оның мұра етіп қалдырған еңбектері уақыт ағысымен жаңарып отыратын, заманауи дүниелер. Себебі, қай ғасырдың ұрпақтары болса да Абайдан өз заманындағы мәселелердің түйінін табады. Қай жастағы адам да онымен сырласып, ақылдасып, сұрағына жауап алады. Ғасырлар тоғысында біздің соған көзіміз жетіп отыр. Абай қазаққа қай ғасырда да керек! Жаһандық бәсекенің бәйгесіне ат қосып отырған бүгінгі қазақ үшін тіпті қажет. Абай сөзі мен өсиеті, оның қағидалары мен тұжырымдары – кешегі, бүгінгі және ертеңгі қазақ баласы үшін жасампаз мектеп, «жүрегі – айна, көңілі – ояу» адамзат баласы үшін қасиетті қазына!

Абай шығармаларының саясында өсу, оның құндылығынан нәр алу, тәрбие алу – қазақ халқының бүгінгі ұрпағының алдында тұрған басты міндеттерінің бірі.

Абай – қайталанбас тұлға, ғасырларда біртуар ғұлама. Оның туысы бөлек, бесігі өлең, өсуі еркін. Оқуға зерек, қиялы ұшқыр, санасы терең. Оқуды өмірден алған. Сондықтан да оның айтқандары – өнеге, нақыл, толған ғибрат. Жаратушы берген, анасының ақ сүтімен дарыған, ақ әжесі берген даналық оны даралық жолына, данышпандық шыңына бастады. Өмір мен қоғамды барлап, болашақты болжап жазған әр шығармасы – осы шыңға шығар жолындағы баспалдақ болды.

Қазақ қоғамының сол кезеңдегі тыныс – тіршілігі Абай шығармаларының өзегі болды. Атап айтсақ, Абай өзінің өлең-жырларында ел ішіндегі ұрлық, зорлықты, алтыбақан алауыздықты, күштілікті, жатыпшыер жалқаулықты өлтіре сынап, жастарды адал еңбекке, отырықшылыққа, егіншілікке, өнер-білімге шақырады. Шығыс пен батыс классиктерінің ағартушылық ой-пікірлерінен мол нәр алған ұлы ақын бала тәрбиесі мәселелеріне де кеңінен тоқталып, өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде тағылымдық көзқарасын білдірді. Адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, күншілдік, көрсеқызарлықсияқты жаман әдеттерді қыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді есте сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдет-дағдыдан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңдіру, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді насихаттайды. «Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмысында бір, еңболмаса айында бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал», – деді [1, 103 б.]. Яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады.

Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге, ортаға байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – деді [1, 123 б.] Абайдың поэтикалық шығармалары мен қара сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерге толы.

Абай түсінігінше, табиғат біздің санамыздан тыс және бізге тәуелсіз өмір сүреді. Біздің түйсігіміз бен қабылдауымыз, түсінігіміз айналадағы ақиқат шындық өмірдің сәулесі ғана. Адам баласы «көзімен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен иіскеп тыстағы дүниеден хабаралады», – дейді Абай. Адам баласы анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Бірі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар – тәннің құмарлығы. Екіншісі – білсем екен деу-жан құмарлығы (жетінші сөз) деп ой түйіндей келе, «адам бойына жанқұмарлығы арқылы жиналатын нәрсенің аты ақыл, ғылым... ол таланттылық пен ерінбей еңбек еткен адамның қолына түседі» деген қорытынды жасайды [1, 96 б.].

Ұлы ағартушы көптеген шығармаларында қазақ халқының ауыр тұрмысын және келеңсіз мінез-құлқын мінеп-шенеді. Жекебасының қамын ғана ойлайтын, біреуді алдап, біреуді арбап күнкөрушілерге, өзінен күшті әкімсымақтар алдында жағымпаздықпен көзге түсіп қалуға тырысушыларға Абай мейлінше қарсы болды. Адам баласының басты мақсаты халыққа адал қызмет ету деп ұқты және оны ұғындыруға тырысты:

Пайда ойлама, ар ойла

Талап қыл артық білуге.

Артық білім кітапта

Ерінбей оқып көруге,

[2,59 б.] – деп жастарды білім –ғылымды еңгеруге шақырды.

«Адамның білімі, өнері – адамшылықтың таразысы» деп санаған Абай білімді барлық атақ, құрмет пен бедел, байлықтан жоғары қояды. Ақын адамның ең қымбат кезі – жастық шақты оқуға, ғылымға, жұмсауды еске салады. Ойын-сауықты кейін қоя тұрып, алдымен ғылым жолында еңбеке т, ізден, білімдіден үйрен, үлгі ал, солардай болуға ұмтыл дей келе:

«Дүние де өзі, мал да өзі

Ғылымға көңіл бөлсеңіз...», – деген тұжырым ұсынады. Абай адам болуға ұмтылған әрбір жалынды жастың бойына адамшылықтың қандай нәрін, нендей ізгілікті қасиеттерді егу, орнықтыру керектігін

«Ғылым таппай мақтанба...» өлеңінде:

«Беснәрседен қашық бол,

Беснәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз...» – деп, айқындап берді. Осындағы «Адам болу, оған тезірек жетуге, асығуға ұмтылатын бес нәрсе не?» деген сұраққа Абай:

«Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым ойлап қой –

Бес асыл іс көнсеңіз...» – деп, кесімді, тұжырымды жауап береді.

Шын мәнінде нағыз адам болу үшін адамгершілікке тән, жағымды жақсы қасиеттер, жақсы сипаттар – адамдық, әділеттік, достық, махаббат, ар-намыс, сабырлық, батырлық т.б. толып жатыр. Солардың ішінен ақын жастардың бойындағы адамгершіліктің негізгі қасиеттері, «Бес асыл іс»: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым туралы даналық ой қозғауының өзіндік мәні бар.

«Бес дұшпан» – Абай айқындап берген адамгершілікке жат этикалық-әдеп нормалары. Абай «Бес асыл» ісінде нағыз адам болу үшін бес нәрсеге асық болу керектігін айтса, «Бес дұшпанында»:

«Адам боламдесеңіз,

Оған қайғы жесеңіз.

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

еріншек, бекер, мал шашпақ – Бес дұшпаның білсеңіз...» [2, 60 б.] – деп адамның бойындағы жағымсыз қасиеттерді сынға алады. Ақынның түсіндіргеніндей адамгершілікке жат жаман қылықтар – арамдық, әдепсіздік, әділетсіздік, жағымпаздық, жылпостық, менмендік, қулық-сұмдық, пәлекорлық т.б. толып жатыр. Сол кездегі кейбір оқыған жастардың білімді шен алу, шекпен кию үшін пайдаланып, арақорлық пен алдап-арбаудың құралы етуге тырысқанына ызаланған Абай:

Я тілмаш, я адвокат.

Болсам деген бәріндей, – деп өзіндік наразылығын білдірді. Жастарға халық қамын лаған ақын-жазушылар мен ғалымдарды үлгі-өнеге етіп, «білімдіден шыққан сөз талаптыға кез болса екен», - дейді. Тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде деп ұққан Абай:

Түбінде баянды еңбек егін салған,

Жасынаноқу оқып, білім алған.

Би болған, болыс болған мақсат емес,

Өнердің бұдан өзге бәрі жалған.

Ел болу үшін қаласалып, тырықшылықта болу керек, мектеп салып, оқу оқып, білім алу қажет деп жарсалды. Өнер-білімсіз қоғамның пайдалы азаматы болудың мүмкін емес екендігін, терең түсінген ол:

Білімдіден шыққан сөз

Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге,

Көкіегінде болсын көз, – дейді.

Абай қазақ қоғамындағы жас ұрпақтарды тәрбиелеуге байланысты ойларын бірнеше өлеңдерінде («Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Мен жазбаймын өлеңді ерме кшін» т.б.) айқын білдіреді. Ол халықтың артта қалушылығын, жалқаулығын мінеп, әдебиет пен ағарту халыққа қызмет етуі, жалқаулыққа, ымырашылдыққа қарсы күрес жүргізуі қажет екендігін көрсетеді, прогресшіл орыс мәдениетіне жақындай түсуді уағыздайды. Мұндай күрделі міндеттерді шешудің жолдарын іздестіре келе, Абай өлеңінің «Қырқыншы сөзінде» жалпыға бірдей білім беру талабын ұсынып, қыздарда оқып, білім алу керек деп есептейді.

Ұлы ағартушы өз айналасын қоршаған әділетсіздік қазақ халқын аздырып бара жатқанын, жас ұрпақты тәрбиелеуге теріс ықпалын тигізетіндігін байқап, халықты, әсіресе, жастарды, адамгершілікке тәрбиелеуге ерекше көңіл аударды.

Ал жастар бойына дарытуға тиісті жоғары адамгершілік қасиеттер ретінде туған елге деген сүйіспеншілік пен ерлік, табандылық пен адалдық, парасаттылықпен сыпайылық, адамдарға қайырымдылықпен қарау, еңбексүйгіштік, жарқын өмірге ұмтылушылық т.б. атапайтты. Абай уақытын еңбексіз бос өткізетіндерді, еріншектерді, өсекші ұмтылмайтындарды мейлінше жеккөрді. Ондайдерді, адамгершілік қасиетке

Осындай сыйдаң жігіт елде мол-ақ,

Бәрі де шаруаға келеді олақ.

Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,

Бар өнері – қу борбай – сымпыс шолақ-деп, жазады ұлы ақын.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

оқты-барды, ертегіні термек үшін», – деп ақынның өзі айтқандай оның өлеңдерінің әлеуметтік, этикалық мәні мейлінше терең. Ең алдымен ол өз халқына өлеңдері, қара сөздері арқылы ұдайы ойсалды, оның көкірегін оятып, оны надандықтан, жаман қылықтардан сақтандырды, мәдениетті болуға, прогреске шақырды.

«Қалың елім қазағым, қайран жұртым,

Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың,

Жақсымен жаманды айырмадың

Бірі қан, ірімбайопендіекіұртың» – деген сөздері дәлелбола алады.

Бұл өлеңде Абай ашынып, халықтың жанына тие айтады. Тарихтың барлық кезеңінде даудан да, жаудан да ұтылса, тек бірлікпен татулықтың аздығынан ұтылды. Абайдың да өзегін өртеген қайғы осы болатын:

Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын!
...Бірлік, береке жоқ, шынпейіл жоқ,
Сапырылды байлығың, баққан жылқың.
Баста ми, қолда малға талас қылған,

Күш ынаскан күндестік бұзды-ау шырқын, – деп өзегіндегі өкінішін білдіреді. Ал: «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істіңбәрі бос» – деген сөздері шын мәнінде ұлт ұюымыздың негізгі шартын көрсетеді. Ақын шығармаларының өн бойында жақсылыққа: адамшылық, адалдық, әділеттілік, берекелік, достық, білімділік, еңбеккерлік, терең ойлылық, ерлік, жомарттық, қайраттылық, кісілік, қанағатшылдық, рахымдылық, махаббат, арлылық, намысқойлық, сабырлық, сертк еберіктік, табандылық, татулық, тәуекелшілдік, шүкіршілік т.б. қасиеттерді, жамандыққа: арамдық, азғындық, айлакерлік, парақорлық, арызқойлық, тәкаппарлық, сараңдық, алдампаздық, сайқалдық, даңққұмарлық, әділетсіздік, әдепсіздік, пәлекорлық, пандық, әсемпаздық, бақастық, борышқорлық, өсекшілдік, надандық, менмендік, әсемпаздық, еріншектік, әулекілік, есерлік, жала қорлық, мақтаншақтық, жарамсақтық, залымдық, жылпостық, қияңқылық т.б. жиіркенішті мінез-құлықтарды жатқызып, одан сақ, аулақ болуды қайта-қайта айтып кетті.

Абай тарихқа ең алдымен кемеңгер ойшыл ақын, ағартушы ретінде енді. Абай өлеңдері мен қара сөздерінің тәрбиелік-тәлімдік мәні зор, идеялық деңгейі жоғары. Абайдың бұдан бір жарым ғасыр бұрын қазаққа айтқан ойларының тереңдігі бүгінгі өз тәуелсіздігін өз қолына алған халқына айтар ойларымен ұштасып жатыр. Абай философиясының халық тағдырымен ұштасуының негізгі себебі – халқына деген шексіз сүйіспеншілігінде, жан-тәнімен бар күш салып көмектесуінде, болашаққа жол сілтеуінде, жаны ауырып күйзелістен туындайтын философиялық ойлар, философиялық категориялар арқылы шешімін табуында.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма! – деген Абай бар асылын, ойының алтын қазынасын халқына, замана жастарына, келер ұрпаққа арнады. Өз халқын «ел болсын, өссін, өнсін» дейтін әрбір азамат әуелі Абайды оқысын. Абайға құлақ асын [3, 19 б.]. Абайдың Адам деген атқа лайық сілтеген бағыттары, көрсеткен жолдары ақынды бізге жақындата түседі. Абай өткеннің ғана Абайы емес, біздің қасымызда жүрген, қазақ халқының басына қиыншылық түскенде дем беруші, рух беруші рухани көсеміміз, бет түзер темірқазығымыз. Абайдың халқына арнаған асыл да құнды ойлары, пікірлері ұрпақтарына әрқашан қуат береді.

Ұлы да дара тұлғаның осындай даралығын, даналығын туған халқы ерекше бағалаған және бағалап келеді. Ол туралы Алаш көсемі Әлихан Бөкейханұлы: «Өлеңдерінен көрініп тұрғандай Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ. Оның жылдың төрт мезгіліне арналған (көктем, жаз, күз, қыс) тамаша жырлары оны Европаның атақты ақындарының қатарына қосар еді» – десе [4, 93 б.]. Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай – қазақтың »мақаласында: «Одан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» – деп, ағынан жарылған еді. Ал Міржақып Дулатұлы: Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абайсөзі, Абай аты боларға керек – деді [4, 88 б.]. Сондай-ақ, М. Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ахмет Жұбанов, Серік Қирабаев, Зәки Ахметов, Рабиға Сыздықова, Мекемтас Мырзахметұлы, Ғарифолла Есім сынды қазақтың арда ұлдарымен қыздары, ғалымдары Абайдың кемеңгер тұлғасы туралы жазған және жаза да бермек. Себебі Абай – мәңгі. Абай ұрпағымен бірге жасай бермек.

Әдебиеттер

1. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2 Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2016. – 336 б.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1 Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2016. – 296 б.
3. Есім Ғ. Хакім Абай. – Астана: Фолиант, 2012. – 400 б.
4. У.Қ. Қалижанов Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 500 б.

АЛАШ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЯСИ, ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘНІ

Ногаева Н.М., аға оқытушы, магистр

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, nurbanu.makash@mail.ru

Малғаждар Д.Б., магистр, аға оқытушы

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «Alikhan Bokeikhan University» ББМ

Кез келген мемлекеттің тарихы сол елдің, халықтың тәуелсіздік жолындағы саяси күресі тарихымен өзектес келеді. Ал саяси күрестің нәтижелі болып, алға қойған мақсаттарын жүзеге асыруы оны басқарған қайтаркерлердің еңбегі мен басшылыққа алған саяси және құқықтық ілімдерінің өміршендігіне байланысты. Осы тұрғыдан келгенде Алаш автономиясын жариялаған Алаш қайраткерлерінің өмірін және олардың саяси, құқықтық көзқарастарын зерттеудің маңызы ерекше болмақ.

«Алаш» сөзі қасиетті түсінік ретінде қоғамымызда асқақтатыла айтылып келеді. ХХ ғасырдың басында елдің еркіндігі үшін күрескен ерлер қалаған осы қасиетті сөз тәуелсіздікке жеткен қазақ баласына соншалықты қымбат, аяулы ұғымға айналды. Алаш қайраткерлері күресінің тағылымы да, Алаш қаламгерлерінің мұрасы да жылдан жылға қазақтың рухани-мәдени өміріне еніп саяси, құқықтық мәнге ие.

Алаш идеясы – ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, ұлттың өмір сүру концепциясы.

Алаш идеясын өмірден біржола ығыстыруға көп күш жұмсаған большевиктер құрған билік өмірден кете салысымен Алаш идеясының қайта жаңғыруы, қайта күш алуы оның өміршендік сипатын айғақтайды.

Алаш идеясының өзегі – ұлттық мемлекет. Әлихан Бөкейханов айтқандай, мемлекеттігі жоқ халық – жетім халық. Кез-келген болашағынан үміті бар ұлт үшін мемлекет негізгі құндылық. Міне осы тұрғыдан алғанда Қазақ Республикасы – Алаш идеясының өмірлік шындыққа айналуының көрінісі ретінде бағалануы әбден орынды.

Ә. Бөкейханов «Екі жол» деп атаған мақаласында бұрын біз жылаумен, өзіміздің жағдаймызға налумен келдік, енді міне жаңа заман келді, оның белгісі «Тұрмыс жүзінде құлдық иісі мүңкіп тұрса да, жазылған закон жүзінде адам баласы құрдас», «әр заманның өз рәсімі, өз салты бар», ал «біздің замандағы салт: әркім өз құқына таласу, құқына тартысу», «жылау салты артта қалды. Ендігі рәсім құқы үшін жылау емес, құқын талас-тартыспен қорғау» деп жазды. Ол қазақ жұртының жаңа тарихи кезеңдегі міндетті осылай анықтаған еді [1; 5-13 бб].

Қазақ қоғамындағы қалыптасқан қоғамдық саяси көзқарастар мен идеяларды талдай отырып, мынандай қорытындыға келдік: Сол кездегі азаматтар қоғамдық өзгертуге революциялық жол ешқандай жеңіске жеткізбеді, ең алдымен, адамның өзін, оның сана – сезімін өзгерту керек деп есептеген. Сонымен бірге жалпы демократиялық, жалпы елдік мәселелерді реформалық жолмен шешуге тырысқан.

1916 жылы бүкіл қазақ даласын дүр сілкіндіріп, атқа қонғызған 25 маусым жарлығы ұлт зиялыларының белсенділігін арттырып, саяси аренаға батыл шығуына әсер етті. Ұлт зиялылары халықты қанды қырғаннан аман алып қалуға қолдан келген әрекеттерін жасап бақты.

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы 1917 жылғы ақпанда жеңіске жеткен буржуазиялық-демократиялық төңкеріске ұшырасты, Енді ұлт зиялыларының алдында патша тағынан түскеннен кейінгі саяси жағдайда елді қандай бағытта дамыту қажет деген мәселе тұрды.

Ресейдегі осы аласапыранды пайдаланып, қазақ елінің тәуелсіздігін іске асыруды көздеген заңды құбылыс еді. Елдің көшбасшысы болған азаматтар жаңа қоғам құру сәті келгенін айқын түсініп, саяси күрес жолына шықты.

Осы кезеңнің маңызды ерекшелігі-қазақ қоғамында идеялық бірлікке, саяси тұтастыққа негіз қаланды.

Заман өзгерісі, уақыт талабы алға тосқан жаңа міндеттердің толқынымен ұлттық қоғамдық ұйым Қазақ комиттері еркіндікке жету жолында қажырлы жұмыстар атқарылды. Күш біріктіру, халыққа болып жатқан өзгерістерді уақытында жеткізу, күнделікті туып отырған түрлі бағыттағы мәселелерді шешу комитеттің басты міндеттері болды.

Патшалық Ресейдің Қазақстандағы отаршыл саясатының менмендік дертіне шалдыққан қоныстанған орыс жұртымен үзеңгілес ұйым құрғанда қазақ зиялылары жалпы ұлттық мүддені

қорғауды мақсат етті. Әр халық, әр қауым, әр ұйымнан өкілдер кіретін қоғамдық ұйымдардың атқару комитеті шет қалу-қазақтың жергілікті басқару құқынан айырылуы деген сөз еді. Қазақ комитетінің құрылуын тездетудің шұғылдығы да осы жайлардан туындаған болатын. Осы мақсатта Семей облысында және басқа жерлерінде құрылып жұмыс жасаған комитеттер қазақ зиялыларының жұмыстарының шектеулілігіне қарамастан орал қазаққа байланысты істерге тікелей араласты [2;240].

Бүгінгі тәуелсіз ел болған кезімізде коммуннистік жүйені алмастыратын жаңа ұлттық немесе мемлекеттік идеологияны қалыптастыру ісі жанданбай тұрып, осындай күрделі жағдайда Қазақстанға өмір сүру жолдарын көрсететін өркениетті елдерге тән өмір сүру принциптеріне жетелейтін рухани тірек табудың мәні жоғары.

Қазақ зиялыларының дүниетанымын, айқын саяси бағыт алған әлеуметтік ізгі ойларын ғылыми зерттеу объектісіне айналдыру-алда тұрған келелі де жауапты міндеттердің бірі.

Алаш зиялыларының саяси және құқықтық, рухани күресіндегі негізгі мақсат, орасан міндет, ол ұлтымызды ұйыстыру, сол арқылы елдігімізді айқындау десек, онда осындай ұланғайыр сауапты істің аясында ұлтымызды сақтау мәселесі тұрды.

«Алаш» партиясы (1917-1920) – 1917 ж. Ақпан төңкерісінен соң Ресей конституциялы демократиялық партиясының қазақ мүше тобынан құрылған. Төрағасы Әлихан Бөкейханов болғаны бәрімізге мәлім.

Алаш Орда үкіметі: Алаш партиясы мүшелері Алаш Орда үкіметінің құрамында барынша көпшілігі болған. Тарихты халық жасағанымен, қоғамның тарихи даму заңдылықтарын реттеп отыратын заңдар мен құқықтық құжаттарды, саяси-құқықтық доктриналарды нақты тұлғалар жүзеге асыратыны белгілі, осы салада мемлекеттік тілдің де атқарар қызметі зор. Қазақ жері екі ғасырдан астам Ресей самодержавиясының қол астында болған жылдарда қазақ халқының өз тағдырын өзі билеу құқығынан айырғаны, көк түрік дәуірінен бастау алған бірегей саяси тарихы бар халық түгелдей империялық заңдардың бұғауына түскені біздерге тарихтан белгілі.

Қазақ қоғамының осы бір қасіретін халықтың озық ойлы, көзі ашық өкілдері аңғара бастады. Олар халықты саяси күрес додасына бастап шықты. Бұған себеп болған 1917 жылғы Ресейдегі қос төңкеріс еді. Патша үкіметінің тақтан құлауы саяси күресті одан әрі қыздыра түсті.

Қазақ зиялылары саяси қызметтің қатерлі жолына жалтақтамай, жанқиярлықпен күрескен көрнекті тұлғалар шықты. Олар: Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Ақбаев, Ә. Ермаков, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов және т.б. болатын. Олар патша самодержавиясының қазақ халқының саяси-сезімінің қалыптасып, оның саяси күреске ұласуына барынша кедергі келтіріп отырғанын бірден түсінген еді.

Олар ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының ұлттық санасының оянуына ықпал етті [3;60-61 бб.].

Ақпан төңкерісі: 1917 жылы Ақпан төңкерісінің жеңісі күллі қазақ деген ұлт зиялыларының басын бір жерге қосуға мүмкіндік әкелді. 1917 жылдың сәуір-мамыр айларында көптеген облыс-уезд орталықтарында аймақтық қазақ сиездері өткізіліп, қазақ комитеттері құрыла бастады. Олардың жекелеген өкілдері Уақытша үкіметтің жергілікті органдары болған облыстық және уездік атқару комитеттерінің құрамына енгізілді. 1917 жылы Қазақ сиездері Орынбор (Торғай облыстық), Орал (Орал облыстық), Семей (Семей облыстық), Омбы (Ақмола облыстық) т.б. қалаларында болды. Қазақ сиездерін өткізуге ұлт зиялылары белсене кірісті. Орал облыстық қазақтардың 1-ші сиезі 1917 жылы 19-22 сәуір аралығында Орал қаласында өтті.

Съезді уақытша қазақ комитетінің төрағасы Ғұбайдолла Әлібеков ашып, құттықтау сөз сөйледі. Осы съезде бірінші кезекте Мемлекетті басқару туралы, Уақытша үкімет туралы және жүріп жатқан империалистік соғысқа көзқарас туралы мәселелер қаралды. Съезд төрт күнге созылды, сиездің соңғы төртінші күні облыстағы оқу-ағарту, мәдениет және т.б. мәселелер қаралды. Съезд делегаттары Орал облысында қазақтар арасында бастауыш, орта, жоғары білім беру жүйесі қанағаттанғысыз деп тауып, төмендегі шешімдерді қабылдады: мұғалімдер сиезін шақыру қажет; Орал қаласында уақытша орта оқу орнын ашу қажет, ерлер гимназиясының бағдарламасы негізінде қазақ балаларына арнайы оқу орнын ұйымдастырып, оны қазақтар қаражатына салынған бұрынғы кәсіптік мектептің үйіне орналастыру жөн деп табылсын; қазақ тілінде газет, брошюралар шығару қажет деп табылсын; Съезде бұдан басқа да мәселелер қаралды, басқа қаралған мәселелерді қосқанда саны 23-ке жеткен. Орал съезінің қарарында облыс орталығында орта мектеп ашу және кәсіби мамандардың қатысуымен халық ағарту ісін реформалау мәселелерін талқылау үшін мұғалімдер құрылтайын шақыру қажеттілігі көрсетілді. Осы съезде Жаһанша Досмұхамедов: «Біздің мақсатымыз ел билеуді халықтың өз қолына беру, қазақ халқы автономияға ие болып, алдағы уақытта тағдырын өз қолына алады. Қалың қазақты аяусыз қанаған патша орнынан түсті. Ендігі жерде қазақты елдің тұрмысын, тілін білетін, мінез-

құлқын, әдет-ғұрпын білетіндер ғана басқарады. Осыған байланысты қалай болғанда да біз Ресейден автономия алуға тиістіміз», деп өз ойын білдіреді. Жаһаншаның жалынды сөзінде мемлекеттің саяси құрылысы мен оның мемлекеттік тілі, оның қолдану аясы ашық түрде айқын айтылған. XX ғасырдың басындағы алаш ардақтылары халықты ұлтаралық бірлікке шақырды, олар ұлтшылдықты арқау еткен жоқ, керісінше ұлтын сүйген ұлтжанды азаматтар екенін танытты.

Бірінші Жалпықазақ съезі: 1917 жылы 21-28 шілдеде Бірінші Жалпықазақ съезінде «Алаш» атты партия құрылып, бұл съезде 14 мәселе қаралды. Осылардың ішінде ерекше атайтынымыз:

- 1) Мемлекет билеу түрі;
- 2) Қазақ облыстарында автономия;
- 3) Жер мәселесі;
- 4) Оқу мәселесі және т.б.

Мемлекетті билеу түрі Ресейде демократиялық, федеративтік парламенттік республика болу керек деп көрсетілген Н.Мартыненконың «Алашорда» атты құжаттар жинағында. Ал 1917 жылы 24 маусымдағы «Қазақ» газетінде автономиялықтың негізі туралы әртүрлі пікір-ұсыныстар айтылған [4;2].

Қазақ мемлекетінің әлде Федеративтік Россияның бір автономиялық бөлігі болғаны жөн бе? Қазақтар өз бетімен тәуелсіз ел бола ала ма, әлде тәуелсіздікке басқа халықтармен одақтасқан жағдайда жете ме деген сұрақтар талқыланды. Бірақ бұл съезде нақты пікірге келе алмады. Ал жер мәселесі Құрылтай съезіне қалдырылды. Күн тәртібінде айрықша мәнге ие болған дін, оқу-ағарту, әйел мәселелері және сот жүйесі болды.

Бұрынғы ескі сот жүйесі («Народный сот») таратылып, олардың орнына «Қазақ тұрмысына лайық айрықша сот құрылуға» тиіс болды. Келесі мәселе оқу-ағарту саласы: «міндетті бастауыш оқу енгізу», «бастапқы екі жылда оқу

Баланың ана тілінде» жүргізілу керектігі айтылып, тіл мәселесін айрықша.

Назарға алған және білім берудің тегін болуы талап етілген. Білім алудың орта, арнайы, жоғарғы сатылары да айтылған. «Алаш» партиясының өмірге келуі: 1917 жылдың 21 қараша күні «Қазақ» газетінде Алаш партиясы бағдарламасының жобасы және съезд материалдары жарияланды. «Алаш» партиясының өмірге келуі үлкен саяси мәселе еді. Сол кездегі қазақ интеллигенциясы ғылыми жұмыстармен де, оқу-ағарту ісімен де, алғашқы қазақ тілінде басылымдар шығару қаракетімен де, көркем творчествомен де айналысқанын көруге болады. «Алаш» партиясы программасының жобасындағы тоғызыншы тарауда «Ғылым-білім үйрету» жөнінде оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық, ақысыз болуы;

- жұртқа жалпы оқу жайлы; бастауыш мектептер анна тілінде оқылады;
- қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуға;
- оқу жолы өз алдына автономия түрінде болуы;
- үкімет оқу ісіне кіріспеуі;
- мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылуы;
- ел ішінде кітапханалар ашылу туралы айтылады.
- газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік - деп көрсетілген.

Алаш қайраткерлерінің ішінде Р. Марсековтың саяси-құқықтық ойларының маңызы зор.

Райымжан Марсеков сол кезеңдегі қазақтың саяси-құқықтық жан айқайы болған «Айқап», «Шолпан» журналында көптеген өзінің ойларын жариялаған болатын. Р. Марсековтың саяси-құқықтық ойлары «Сайлаухан оның ақырғы залалы», «Қазақ билерінің тексерулері», «Қазақ қайтсе жерге ие болады», «Бас қосудың керектігі», «Мемлекеттік құрылыс туралы», «Мемлекет аралық заңдар туралы», «Жер мәселесі», «Қазақ қайда бара жатыр», «Ата қонысынан айырылған қазақ жайлы», «Керектің керегі – ғылым», «Заң жобасын дайындайтын комиссия», «Көпшілдер кесірі – шет мемлекеттердегі қозғалыс», т.б. еңбектерінде көрініс тапты [5; 368 б].

Р. Марсековтың саяси-құқықтық ұстанымдар жүйесінде қазақ даласындағы жер дауы ерекше орын алды. Осы кезеңдегі қазақ даласына орыс мұжықтарының қоныс аударылуы және қазақтардың еркінен тыс жерлерінің тартып алынуы, қазақтарды шөлейт жерлерге, таулы аймақтарға күштеп ығыстыруы тек қана Р.Марсековты ғана емес, бүкіл Алаш қайраткерлерін толғандырғанб олатын.

Халқы үшін жан берген бабаларымыздың өмірі мен ісін оқып үйреніп алаштықтардың жеңістерін бағалап, сабақ аламыз. XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт зиялыларының еліміз үшін жасаған әрекеттері ұрпақ есінде мәңгі жаңғырады, еліміздің тәуелсіздік жолындағы күресінің маңызды кезеңі болып қала береді.

Әдебиеттер

1. Озғанбаев Ө. Алаштың ардақты ұлы (Қуғында өткен ғұмыр) // Ақиқат, 2017. – № 3, 5-13 б.
2. Дулатбеков Н. Алашардақтылары: Санкт-Петербург іздері. – Алматы: «Таймас» баспауы, 2013. – 240 б.
3. Маржан С. Қазақ интеллигенциясы қалай қалыптасты // Ақиқат журналы – № 1; 2016. – 60-61 б.
4. Әмірлан Мәулен «Алаш» партиясы: пайда болуы мен өмірсүру кезеңдері 16 қазандағы Алматы қаласының Алаш Орданың 100 жылдық мерейтойына орай «Алаш Орда және ұлт-азаттық идеясы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. – 2 б.
5. Марсеков Р. Қазаққайда бара жатыр? – Алматы: Издательство «Центр Азии», 2014. – 368 б.

ҒТАХР: 17.07.21

М. ӘУЕЗОВ ӘЛЕМІ: РУХАНИ МҰРА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Айткалиева П.Т., педагог-модератор, бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Бесқарағай ауданы,
«Беген орта мектебі» КММ, aytkaliyeva.perizat@mail.ru

Адамдардың әлеуметтік немесе ұлттық бірлестіктерге ұйысуының негізін ортақ дүниетаным, ортақ сенім құрайтыны анық. Кез-келген елдің немесе халықтың оның өркениеттік дамуы сырттан енгізілген ықпалдардың әсерімен емес, ұлт болмысының терең рухани қыртыстарын қамтитын дүниетанымдық тұрғыда шешіледі. Сондықтан ұлттың өткен тарихы мен дәстүрлі рухани-дүниетанымдық тұғырларын қалпына келтіруде философия маңызды орын алады. Қазақ халқы философияға бейім халық және ол өзінің рухани бастауларын түркілік дәстүрлерден алады.

Өткен тарихымызға құрметпен қарап, оны танып-білуге деген құштарлық, рухани мұраларымыздың негіздерін айқындауға деген, ұрпақтарарасындағы мәдени-тарихи сабақтастықты жаңғыртуға деген ұмтылыс еліміздің тәуелсіздік алуы барысында мүмкін болып отыр. Ол қазіргі тарихи кезеңдегі қоғамның қажеттілігінен туындап, өркениетті мемлекет құру міндетімен байланыстырылады.

Қоғамның қаншалықты даму жолында өздерінің күрделі қырларымен өшпес із қалдырған тұлғалар бар. Қазақ халқының дүниежүзіне аты мәшһүр ұлы ойшыл жазушы, ғалым ұстазы, мәдениет және қоғам қайраткері, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, дүниежүзі әдебиетінің классигі, жаңа заманғы кәсіпқой қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі Мұхтар Әуезовтің азаматтық, адамгершілік және шығармашылық тағдыры үстіміздегі ғасырда қазақ елінде қандай күрделі өзгерістер болғанын түсінуімізге көмектеседі. Оның өмір жолына зер салғанда біз жалпы өткен кезге көз жүгіртіп, бұрын байқалмаған қажетті жайттарды тереңірек көруге мүмкіндік аламыз. Мұндай тағдыр халықтың зердесіне нұр құйып, әділеттілік сезімін, ұлттың өзіндік санасын ұштайды.

XX ғасыр басында қазақ өміріне енген жаңа кезең жаңа кейіпкерлер мен оқырмандарды қалыптастырды, жаңа заман оқиғасына құрылған тарихи шығармалар, ондағы жаңа дүниетаным, философиялық, адамгершілік көзқарастар, қарым-қатынастар әдеби жанрлардың жаңа түрлерін байытты, олардың мазмұны мен құндылығына өз өрнектерін, таңбаларын түсірді. Сауаты ашылған санаулы оқығандар енді өткеніне қарап, тарихын тануға талпынды, кешегі тұлғаларының тағдыры мен ерлігін жырлауға, оларды насихаттауға, ел арасындағы әдеби мұраларды жинауға, жариялауға, зерттеуге тырысты. Бұл бағыттар әдебиетті байытты.

Мұхтар Әуезовтің феноменін жаңаша зерделеу міндеті де осы бағытта көп ізденуді талап етеді. Әдебиетшінің шығармашылық өміріндегі ең шешуші әрі жемісті жылдары болып саналатын 20-30-шы жылдары алдыңғы кезекте әдебиет тарихы, сыны, теориясы және әдеби мұраларды жинау, ғылыми және әдеби тіл мәселелері туралы маңызды ойларды теориялық тұрғыдан қалыптастырды. Осы мақсатта мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар жазып, ұлттық білім беру жүйесін жақсартуға, жетілдіруге талпыныстар жасады. М. Әуезовтің әдебиет тарихына деген ғылыми көзқарастар жүйесі сол XX ғасыр басында қалыптасты.

М. Әуезовтің қазақ әдебиеті мен тарихындағы алар орнын оның әдебиеттану ғылымына сіңірген еңбектерінің, атап айтқанда талант қыры жан-жақты ғалымның әдеби сын, теориялық тұжырымдарға толы ғылыми зерттеу еңбектерінің толық күйде сипаттап, талдап шығу мүмкін емес. Ол – қазақ әдебиеттану, фольклортану ғылымының негізін салушы ғалымдардың бірі. Әдебиетші ғалымның фольклор, әдебиет тарихы, әдебиеттер байланысы, абайтану мәселелері бойынша жазған

еңбектері бір ғана қазақ әдебиеттану ғылымында емес, кешегі кеңес одағы көлемінде де аса жоғары бағаланып отырғаны тарихтан мәлім.

М. Әуезов – қайта жаңғыру мен өрлеу ауқымындағы тұлға. Мұндай алып тұлғалар қоғамның рухани өмірінің көптеген салаларында жарқырап жарық жұлдыз кейіпінде көрінеді. Олар тұтас алғанда бүкіл әлемдік мәдениетке күшті ықпал жасайды. М. Әуезов – тұңғыш кәсіпқой драматург, театрдың тұңғыш режиссері, әрі ұйымдастырушысы.

Қазақ халқының ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовті біз ұлы ойшыл жазушы деп білеміз. Оның шығармаларында келер ұрпаққа үлкен астарлы мәні бар дүниетанымдық көзқарастары жатыр.

Заманының заңғар жазушысы, дарқан дарын иесі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шығармашылық мұрасы аса бай. Ол көркем әдебиеттің барлық саласында дерлік қалам тербеп, көркемдігі кемел туындылар жазды. Поэзия үлгісіндегі дәстүрлі қазақ әдебиеті ХХ ғасырда М. Әуезовтің кең құлашты роман-эпопеясы арқылы әлемдік әдебиеттің ақ айдынына шығып, дүние жүзіне танылды.

Сан-алуан тақырыпқа жазылып, өмірдің көкейкесті мәселелерін қозғаған көптеген әңгімелері мен повестерін, очерктерін былай қойғанның өзінде, ол – жиырмадан астам пьесаның, “Қилы заман”, “Абай”, “Абай жолы”, “Өскен өркен” сияқты романдардың авторы. М. Әуезовтің профессионалды қазақ әдебиетінің туып қалыптасуында, дамуында атқарған ролі айрықша.

Мұхтар Әуезовтің есімі қазақ халқының соңғы ғасырдағы мәдени, әдеби тарихымен тікелей байланысты. 1926 жылы қазақтың тұңғыш театры өзінің сахнасын “Еңлік-Кебек” пьесасымен ашты. Оның қаламынан туған “Еңлік-Кебек”, “Бәйбіше-тоқал”, “Қаракөз”, “Түнгі сарын”, “Айман-Шолпан”, “Қарақыпшақ Қобыланды”, “Абай” т.б. көптеген драмалық туындылары ұзақ уақыттар бойы қазақ театрларының сахнасынан түспей, негізгі репертуарын құрады. М. Әуезов пьесаларының көпшілігі қазақ театр өнерінің классикалық туындыларына айналды.

Кеңестік кезеңде күрделі көркем прозаға бет алған ұлт әдебиетіндегі жаңа ізденістер, соцреализм әдісін игерудегі жетістіктері, әлем және орыс әдебиетіндегі классикалық шығармалардан үйрену нәтижесінде одақтық аренаға шығуға қол жеткізетінін, алайда әр ұлт өзінің әдеби мұраларынан ажырап кете алмайтынын, соның тамырынан нәр алып өсетіндігін әдебиеттанушы ғалым ретінде ғылыми теориялық тұрғыдан түсіндіріп, талдап береді. Ұлттық тарих, ұлттық мінез, болмыс-бітім болмай ұлттық ерекшелік болмайтынын, тамырынан үзілген әдебиетте ешқандай көркемдік те, идеялық та сапа болмайтынын ерекше атап өтеді. Туған әдебиетіміз бен мәдениетіміздің тағдыры жөнінде әңгіме болған сәттерде өзінің энциклопедиялық біліміне сенген Әуезов нағыз жауға шапқан батырдай қайраттанып, қайсарлықпен қайраткерлік көрсетіп, қорғаушы болатын қасиетін осы одақтық мінберлерде сөйлеген сөздерінен байқаймыз. Біз оған осы мақалада талданған баяндамалары мен сөздерін оқып, куә боламыз.

Жазу өнері болмаған соң, ол елде ғылым, мәдениет те тумаған болады. Ондай елдің өнер, білімі бір ауыздан екінші ауызға көшіп, сонымен сақталады. Жалпы білім деген нәрсесі, алдыңғының артқыға тастап келе жатқан мұрасы сияқты, ауызша әңгімелерінен құралады. Сол ретпен ескіліктен қалған сөзді, өнер иесі болған арнаулы жалғыз адам ғана біліп қоймайтын, жалпақ ел болып үйреніп, түгелімен есінде сақтайды. Ол кездің өнерін жалпақ ел түгел ұғынатын болғандықтан, екінші, кейінгі ұрпақтың түгелімен аталатын білімі, тәрбиесі де сондайлық көпке бірдей болып айтылатын жалпы әңгімелерден жасалғандықтан, бүкіл бір елдің жалпы дүниеге көзқарасы да, өткен өмірді түсінуі де бір-ақ түрде болады. Кейінгі буын өмірді түгелімен алдыңғыша түсініп, соларша тәрбиеленеді.

Ерекше дарынды ұлы данышпандарды қадірлей білген жұрт олардың өмірінің әр сәтін, әр күнін, әрбір сөзін зерттей отырып, сол заманның тарихын, рухани кеңістігін аңдайтыны ақиқат. Ғасыр туралы түсінік-таным да осы ұлы тұлға болмысын, табиғатын, жан-дүниесін, ғылыми және көркемдік ойлау жүйесін, парасатты пікірлері мен ойға толы сөздерін терең танып, білу арқылы да қалыптасып, жалғасатындығын ескерсек, Әуезовтің әдебиет туралы әрбір сөзі сол кезеңнің әдеби үрдісінен үлкен ақпарат беретінін ұмытпаған жөн. Әуезов айтқан сөз кеңестік кезеңдегі руханиятты шежірелеп, келер ұрпаққа қалған әдеби мұра. Өз кезеңі мен келешек алдындағы жауапкершілік, мұқияттылық, замандастарымен қарым-қатынасы, олар туралы тірі кезінде айту мен жазу, әрине қиынның қиыны, бұл аса бір біліктілікті, терең зерделілікті, замана құбылыстарын терең, ғылыми түсінуді, мұқият дайындықты, аса шеберлікті, өзге де адами, кісілік қасиеттерді, тағы басқа шарттар мен талаптарды талап етері хақ. Сондықтан да, ұлының сөзі ұрпағы үшін қымбат.

Қазақ әдебиетінің балалық күйінен асып, есеюге бет қойған кеңестік кезеңде таланттарды табатын да, танитын да, оларды тәрбиелейтін де таза сын, әділ пікір, жанашырлық ой екендігін ескерткен ғұлама ғалым, әдебиеттанушы М. Әуезов ең бастысы, әдеби шығарманың көркемдігін, оның авторының таланты мен суреткерлік шеберлігін тап басып, дәл диагноз қоятын сыншының кәсіби

кемелденуі күн талабындағы көкейкесті мәселе дегенге жете көңіл бөледі. Сын туралы сөз негізінде әдебиет, әдебиеттану ғылымы туралы сөз екені және сынның дәрежесі жалпы әдебиеттік білім-бітімнің дәрежесін көрсететінін жақсы білетін ғалым сынның кәсіби деңгейі көтерілмей әдебиеттану ғылымының да көсегесі көтерілмейтінін әрдайым еске салып отырады.

Мұхтар Әуезовтің артында қалған бай әдеби-ғылыми мұрасы – драматургтің, оның қаламгерлік қарымының, ой-арманы мен мақсат-мұратының биік мүдделері туралы сыр шертуге үлкен темірқазық.

Қорытындылай келе, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ХХ ғасырдағы биік шыңы – ұлы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің артында қалған ұланғайыр мұрасын зерделеп, ой елегінен өткізу үшін де әр дәуірдің, әр ұрпақтың өз айтар сөзі, таным түсінігі болатыны сөзсіз. Егемен ел жағдайында ұлы жазушы мұрасына деген ілтипатымыз да осындай бір ұмтылыстың көрінісі болмақ. Әуезов кәдімгі қазақтың «сегіз қырлы, бір сырлы» дейтін кісілікті Кісісі, Ұлы тұлғасы. Ол – ұстаз ғана емес, жазушы әрі ғалым және осы үш қырының үшеуін де айта қалғандай айқындап, айшықтап алған, үш мамандығының үшеуін де жете меңгерген, үшеуінде де иненің жасуындай осалдық танытпаған, үшеуінде де алып, күшті. Ал осы үш түрлі қасиетінің де сарқып құяр сағасы біреу, ол – әдебиет. Әдебиет – ардың ісі. Қазақ әдебиеті – қазақ атаулының ғасырлар бойғы тағдыры мен талайының, тұрмысы мен тіршілігінің көркем шежіресі ғана емес, халықтық қасиеті, ұлттық паспорты, адамдық һәм азаматтық келбеті – мүсіні мен мінезі, автопортреті. Әлемдік мәдениетке қазақ халқы қандай көркемдік игіліктер қосты дегенде, ауызға алынар есімнің бірі – Әуезов. Ол – әлемдік құбылыс. Әуезов ғасырлар бойы жиналып келген қазақ топырағындағы асыл құнарлардың жарқырап қайта көрінуінің үлгісі.

Әдебиеттер

1. Майтанов Б. Мұхтар Әуезов – суреткер. – Алматы, 1996.
2. Сыздықов К. Мұхтаранудың беймәлім беттері. – Алматы, 1997.
3. Нұрғалиев Р. Әуезов және Алаш. – Алматы, 1997.
4. Бердібай Р. Мұхтар шыңы. – Алматы, 1997.
5. Ысқақұлы Д. Мұхтар Әуезов. – Алматы, 1997.

МРНТИ: 17.82.09.

ВЕЛИКОЕ НАСЛЕДИЕ МУХТАРА АУЭЗОВА

Закуова Б.Т., учитель русского языка и литературы

Республика Казахстан, область Абай,

Бескарагайский район КГУ «Глуховская средняя школа», zakuovaB@mail.ru

Наследие Мухтара Ауэзова бесценно. Он является создателем первого казахского романа-эпопеи, драматург, переводчик, ученый. Все это неисчерпаемое литературное наследие великого писателя. Заслуга писателя в том, что до него казахская литература, можно сказать, не имела прозы, драматургии, критики. И именно Ауэзов своим творчеством способствовал их формированию, а также развитию традиций и жанровых форм казахской литературы [2, с. 10].

М. Ауэзов – писатель, которому присущи особый эмоциональный накал, лиризм, контрастность красок, поэтичность. Его творческий метод соединяет в себе реализм и эпические народные традиции, его произведения непосредственно связаны с поэтическим казахским фольклором. Так как в начале 20 века казахская проза и драматургия были только на пути становления, то в художественной литературе того времени ощутимо было влияние устного народного творчества. Например, влияние на сюжет, построение художественного произведения, создания характера героя и т.д. Не только страдания, гнет простых людей показывал в своих произведениях 20-х годов Мухтар Ауэзов, но и стремление народа к свободе, к духовному пробуждению. Писатель осуждает родовые распри и противопоставляет им единство и сплоченность народа. В произведениях М. Ауэзова показана жизнь казахского народа середины 19 века до середины 20 века. Герои его произведений легендарные батыры, выдающиеся исторические личности. Вершиной творчества Ауэзова является роман-эпопея «Путь Абая». Первая книга 1942-1947 гг, вторая 1952-1956 гг. Хочу привести высказывание немецкого писателя и переводчика Альфреда Куреллы: «Вы еще не прочли «Абая»?!. Значит, вы ничего не читали. Это невероятно, это удивительно! Степь ожила и пошла на вас всем великолепием ее первозданной природы, ее жестами и цельными характерами». Мне кажется, что в этих словах все сказано. Значение

романа «Путь Абая» заключается в том, что это произведение стало народным произведением. Ведь именно в нем прослеживается процесс формирования казахского национального характера.

С детства Мухтар Ауэзов знал известные во всей округе сочинения великого Абая и увлекательные рассказы своего деда Ауэза. С тех пор как юный Мухтар научился читать, он приобщается к сокровищнице восточной литературы через доступные ему книги, а в годы студенчества через прочитанные лекции.

Еще один заповедный край мира Ауэзова – это древние истоки казахской литературы, представленные в произведениях фольклора, мифологии, древнетюркской поэзии, литературы эпохи синих тюрков, мудрых их речениях и судебных решениях биев, средневековой рыцарской поэзии акынов и жырау.

В разные периоды жизни М. Ауэзов так или иначе возвращался к драматургии Шекспира. Недаром именно Ауэзов и является лучшим переводчиком на казахский язык бессмертных творений великого английского драматурга.

После "Енлик-Кебек" очередным вершинным достижением Ауэзова как драматурга стала пьеса "Айман-Шолпан", которая в книге также стала предметом обстоятельных и наблюдательных сопоставлений с "Комедией ошибок" и "Укрощением строптивой". Через века чувствуется духовное родство гения Шекспира и Ауэзова: обоих мучали поиски ответа на вопросы о природе человеческого счастья и несчастья, о причинах несовершенства мира и человеческой способности сделать мир добрее, мудрее, совершеннее.

Великое наследие Мухтара Ауэзова – его золотой фонд и излюбленная стихия его писательской техники, благодаря которым он еще в 20-30-е годы XX столетия вышел на передовые жанровые рубежи, сравнившись с лучшими прозаиками Европы. Если русская литература XIX века выросла на образцах классической английской, французской и немецкой литературы, то Ауэзов, вобрав, критически переосмыслив и "переварив" в себе весь этот колоссальный багаж, начал писать в новом веке совершенно новым, свежим и оригинальным почерком. В этом и состояло интеллектуальное преимущество молодого Мухтара Ауэзова. В произведениях, написанных в 20-30-е годы, «Сиротская доля», «Красавица в трауре», «Кто виноват?», «Тени прошлого», «Беркутчи», «Барымта», «Лихая година», «Выстрел на перевале Караш», «Серый Лютый» поэтическая речь Мухтара звучит как голос степи.

Надо отметить, что если Ауэзов – вершина казахской литературы, то "Путь Абая" – венчающий ее пик. Профессор Н. Анастасьев утверждает, что «во-первых, "Путь Абая" – роман воспитания, что аргументировано автором на основе типологических сопоставлений с ключевыми элементами "Вильгельма Мейстера" Гете, "Жана-Кристофа" Роллана, "Мартина Идена" Лондона, "Портрета художника в юности" Джойса.

Во-вторых, "Путь Абая" – приключенческий роман, о чем на содержательном уровне свидетельствует сложная сюжетная дельта произведения, которая выражается в таких захватывающих названиях разделов, как "В вихре", "В пути", "В делях", "На перевале", "На распутье", "В кручине", "Во вражде", "В схватке" и других. Даже эти названия сами по себе говорят о тернистости пути великого поэта. Погони, приключения, скачки, налеты, пронизывающие всю эпопею, позволяют автору книги сделать подобный вывод. Но, однако, это не экзотические, лихо закрученные приключения в стиле Фенимора Купера или Майн Рида, а проникновенные жизненные коллизии и перипетии в непростых судьбах героев эпопеи.

В-третьих, "Путь Абая" – военный роман. Конечно, "Путь Абая" не пропитан насковозь порохом, как это можно сказать о произведениях Стендаля, Хемингуэя, Ремарка. Нет в нем ни речи, ни воспоминаний о грохотах в этой степи военных походах грозного Атиллы и победоносного Чингисхана. Нет даже намеков на доблестный дух воинственных кочевых предков, некогда поставивших на колени полмира. И все-таки критик настаивает на том, что это военный роман, поскольку в нем есть батальные сцены и жестокая кровавая действительность. "Такой же реальностью, – пишет Н. Анастасьев, – предстает и так называемая Мусакульская битва – трехдневный бой дружины Кунанбая и джигитов Байдалы. Разумеется, есть здесь и соилы, и острые пики, и шокпары – весь антураж степной вендетты".

В-четвертых, "Путь Абая" – роман о любви. Пылкое чувство представлено здесь во множестве связок: Абай – Тогжан, Абай – Салтанат, Абай – Айгерим, и даже Базаралы – Нурганым... Все правильно, ибо немыслимо себе представить, чтобы эпопея об Абае, провозгласившем на весь мир, что "без любви земля никчемна и пуста", не была посвящена любви.

Разумеется, любовь, воспетая Ауэзовым, – это не легковоспламеняющаяся любовь западных куртуазных романов: здесь это глубокое, светлое и протяжное, как песня номада, чувство, способное сесть лишь в том, в чьей груди бьется большое беспокойное сердце.

В-пятых, "Путь Абая" – психологический роман. Вековечный конфликт Востока и Запада, старого и нового, отцов и детей... – все эта вселенная живет и страдает, шумит и вертится вокруг центрального героя, просившего для себя снисхождения потомков: "Против тысяч сражался, не обессудь...".

В-шестых, это – натуралистический роман. Передавший безо всяких прикрас казахскую действительность второй половины XIX – начала XX веков, по своей правдивости роман этот сопоставим с сочинениями Э. Золя, братьев Гонкур, Г. Гауптмана.

В-седьмых, "Путь Абая" – мифологический роман. Древние мифологические сюжеты и версии живой невидимой сетью опутывают весь многонаселенный роман и в зависимости от художественной задачи проступают, становятся рельефными, облекаясь в конкретные цвета, очертания, слова, мысли, поступки персонажей» [8. с. 370].

Обобщая свои наблюдения над эпопеей "Путь Абая", профессор Н. Анастасьев ставит ее в один ряд с величайшими романами XX века. Думаю, нельзя не согласиться с выводами Н. Анастасьева. И считаю целесообразным включить на уроках по изучению произведения Мухтара Ауэзова «Путь Абая» данную характеристику романа, применяя, например, дебаты. Когда каждая из сторон будет доказывать свою формулировку характеристики романа.

Трудным и тернистым был путь Мухтара Ауэзова. Одной из важных тем является роль Мухтара Омархановича как деятеля, стоявшего у истока антиядерного движения как в самом Казахстане, так и во всем мире. «Чистая бомба не может быть свободной от радиации – она тоже должна быть запрещена... Страдание моего народа от водородной бомбы мне горько. Человечество стоит перед большой трагедией. Любые меры – повсюду предупредить, поддержать это в международном масштабе"-говорил М. Ауэзов.

Огромный интерес и глубокое уважение к стране восходящего солнца – Японии питал Ауэзов с юношеских лет. Как только он пришел в литературу, пишет статью «Япония». Еще один аспект, заслуживающий более детального освещения в биографическом исследовании наследия Ауэзова, – это его «Американские впечатления». «Американские впечатления» – неоконченный труд. Писатель успел отдать на печать машинистке только части, относящиеся к пребыванию в Нью-Йорке и Вашингтоне. Опубликованы они были лишь через три года после смерти писателя, в 1964-м, и до сих пор не переведены на русский язык. М. Ауэзов – советский писатель, лауреат Ленинской и Государственной премий, академик Академии наук Казахской ССР, депутат Верховного совета Казахской ССР [1, с. 511].

О наследии Мухтара Ауэзова можно говорить много. В своем докладе я попыталась кратко осветить важные темы наследия писателя. Если Ауэзов с именем Абая на своем знамени поднял казахов на вершину мировой литературы, то наша обязанность — умело использовать наши знания в интересах нынешнего поколения, которое стремится к высотам своего развития.

Литература

1. Каратаев М. Рукописное наследие М.О. Ауэзова. – Алма-Ата «Наука», 1977. – 802 с.
2. Лизуинова Е., Дюсенбаев И. Мухтар Ауэзов. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1957. – 71 с.
3. Нурмуханов К. Литературные заметки. – Алма-Ата, 1961. – 114 с.
4. Каратаев М. Мастерство перевода. – Сборник, 1962. – 237 с.
5. Абдильдин Ж.М. М.О. Ауэзов-художник-гуманист. Размышление философа. – Алматы. 2003. – 480 с.
6. Джуанышбеков Н. Мухтар Ауэзов 1897-1961: очерк о жизни и творчестве – Алматы, 2006. – 56 с.
7. Снегин Д. Венок абаевских сонетов: светлой памяти Мухтара Ауэзова // Простор, 2013. – № 8, С. 138-143.
8. Анастасьев. Трагедия триумфатора: Мухтар Ауэзов – судьба и книги . – Атамур – 2007 г. – 504 с.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ МҰРАСЫ – РУХАНИ ҚАЗЫНА

Жанарова А.С., магистр, тарих және география пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Бесқарағай ауданы,
«Беген орта мектебі» КММ, zh.aizhan78@gmail.com

Мұхтар Омарханұлы Әуезов ұлт әдебиетінің алтын ғасырының бастауында тұр. Ол қазақ өркениетінің жаңа болмысын ашқан жазушы, ғалым, ұстаз, драматург, сыншы. Бір сөзбен түйіндеп айтсақ, энциклопедиялық ұшан-теңіз білім дариясының кемеңгері әрі ұлы қайраткері.

Әр ұлттың ұлы тұлғалары болады. Олар қаншама ғасырлар өтсе де сол ұлттың мөрі секілді санаға соғылып, адамзаттың ортақ құндылығына айналады. Ағылшындар үшін – Шекспир, француздар үшін – Бальзак, орыстар үшін – Пушкин, үнділер үшін – Тагор, өзбектер үшін – Науаи, түркімендер үшін – Мақтымқұлы, әзербайжандар үшін – Низами, қазақтар үшін әрине – Абай. Сол Абайдың ұлылығы мен данагөйлігін ашқан Мұхтар Әуезов те өткен ғасырдағы қазақ әдебиетінің алыбы.

XX ғасыр басында қазақ өміріне енген жаңа кезең жаңа кейіпкерлер мен оқырмандарды қалыптастырды, жаңа заман оқиғасына құрылған тарихи шығармалар, ондағы жаңа дүниетаным, философиялық, адамгершілік көзқарастар, қарым-қатынастар әдеби жанрлардың жаңа түрлерін байытты, олардың мазмұны мен құндылығына өз өрнектерін, таңбаларын түсірді. Сауаты ашылған санаулы оқығандар енді өткеніне қарап, тарихын тануға талпынды, кешегі тұлғаларының тағдыры мен ерлігін жырлауға, оларды насихаттауға, ел арасындағы әдеби мұраларды жинауға, жариялауға, зерттеуге тырысты. Бұл бағыттар әдебиетті байытты.

Мұхтар Әуезовтің феноменін жаңаша зерделеу міндеті де осы бағытта көп ізденуді талап етеді. Әдебиетшінің шығармашылық өміріндегі ең шешуші әрі жемісті жылдары болып саналатын 20-30-шы жылдары алдыңғы кезекте әдебиет тарихы, сыны, теориясы және әдеби мұраларды жинау, ғылыми және әдеби тіл мәселелері туралы маңызды ойларды теориялық тұрғыдан қалыптастырды. Осы мақсатта мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар жазып, ұлттық білім беру жүйесін жақсартуға, жетілдіруге талпыныстар жасады. М. Әуезовтің әдебиет тарихына деген ғылыми көзқарастар жүйесі сол XX ғасыр басында қалыптасты. Ол өз заманындағы рухани құбылыстардың көшбасында жүріп, өзінің кәсіби біліктілігін, дүниетанымын дамытқан дара дарын иесі.

Әрбір тарихи кезеңде «жаңа мен ескінің күресі» болатыны белгілі, осы реттегі ой мен пікір қақтығыстарында М. Әуезовтің ғылыми ойлары мен әдеби еңбектері өте маңызды рөл атқарды. Тақыр жерде ештеңе болмайтынын жақсы білетін ғалым көнеден келе жатқан халықтың рухани құндылықтарынан қол үзбей жаңамен жаңғыртып жалғастыруды өзінің міндеті санады. Ұлттық мүдде XX ғасыр басында үстемдік алған соцреализм әдісіне көз жұмып берілуге мүмкіндік бермеді. Сол үшін талай саяси соққыға да жығылып, теперіш көрді. Алайда, Октябрь революциясы әкелген қоғамдық саяси өзгерістер әдебиетті де түбірімен өзгертті, соған орай кейіпкер, оқырман өзгерді, олар өздерінің ішкі тізгінін, эстетикалық еркіндіктегі табиғатын өзгертіп, идеологиялық, таптық өлшемдерге лайықтануға мәжбүр болды. Еркін ойлы дүниелерге тыйым салынып, Алаш зиялыларының, жалпы қазақ оқығандарының тәуелсіз ойлары тұсауланып, саяси репрессияға ұшырады. Олар «буржуазиялық, байшыл, ұлтшыл» деген жалған жаламен жиі-жиі жазаланып отырды. Енді еңбекші халықтың, кедей жұмысшылардың өмірін жазу, психикасын зерттеу, санасындағы өзгерістер мен құбылыстарды суреттеу, коммунистік қоғамды құрушыларды мадақтау, насихаттау, дәріптеу, олардың көзқарастарын қалыптастыру мәселелері алғы шепке шықты. Советтік соцреализм әдісіне сай келмейтін, ұстанымына бағынбайтын шығармашылық тұлғалардың тағдыры тым аянышты болды. Мұхтар Әуезовтің жеке өмірі ғана емес ғылыми жолы да ауыр әдебиетші болғандығы да белгілі.

Бүгінгі ана тіліміздің, жазу емлеміздің латын әліпбиіне негізделген жаңа графикаға бет бұруы өткен ғасырда (1929-1940 ж.ж.) қолданған әліпбиімізге – латын жазуына қайта оралып, ұлттық санамыздың жаңғыруына ықпал етеді.

Біз өткен тарихымыздан 1929 жылдың 7 тамызында бұрынғы КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссариаты Кеңесінің Төралқасы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін енгізу» туралы қаулы қабылдағанын білеміз. Осы ретте М. Әуезовтің 1929 жылғы латын әліпбиін енгізу жұмысына белсене қатысқанын, латын жазуының ұтымды жақтары жөнінде салмақты ойлар білдіргенін айтпай кетуге болмайды. Ол араб әліппесінің кемшіліктері қазақ тілінің жазу емлесіне де салқынын тигізгенін, араб жазуының тұсында сезілмеген бұрынғы емленің бар кемшіліктері жаңа әліпбиге көшкен соң көзге айқын түскенін ескертеді. «Қазақ жаңа емлесі туралы»

декрет қабылданарда үкіметтік қаулыға Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы ретінде М. Әуезов, хатшысы деген тұсқа Әндіжанұлы қол қояды. 1929 жылдың 25 шілдесінде қабылданған осы құжатта: «...Октябрь төңкерісінен соң ұлы мәдениет-шаруашылық жұмысын өз қолымен істей бастаған қалың қазақ еңбекшілерінің мүддесі, жұрнақшыл-үндесшіл қазақ тілінің дыбыс заңдары, жаңа әліппенің айрықша қасиеттері – бәрі қосылып емлені өзгертуді амалсыз керек қылады. Онан соң емлені социалдық құрылыс жағдайына қарай, тілдің даму бағытына қарай өзгерту керек-ті. ...қазақ емлесін, емшелерінің ішінде ең оңай саналған дыбыс жүйелі емле негізіне құру керек; қазақтың төл сөзі үшін де, шеттен кірген сөздер үшін де бірыңғай емле жасау керек», деген талап қойылып, оны жүзеге асырудың шаралары бекітілді. Бұл игілікті істің оң нәтижелерін халқымыз кирилл жазуына көшкенге дейін (он жылдан астам уақыт) көрді.

Міне, ұлы жазушының осы үлгісі бүгінгі Қазақстанның рухани жаңғыруының басты мәселелерінің бірі – латын жазуының қазіргі қабылдануында да өнеге болатындай елеп-ескерерлік жайт. Әліпби – дыбысты таңбалап жазу үшін ойлап шығарылғанын, ал жазу – ойдағыны қағазға түсірудің, сол әліпбиді тұтынған тілді көркейтудің, оның қолданылу аясын нығайтудың амалы екенін әлем ғалымдары айтып келе жатқаны мәлім. Сол себепті латын әліпбиі мәселесін өркениетке жетудің, рухани-әлеуметтік дамудың жолы ретінде қарастырған орынды. Ал білім туралы айтқанда ұлы Мұханның (М. Әуезовтің) «Оқуға ұмтылатын уақыт» атты мақаласындағы: «Оқудың керектігі турасында сөз жазып отырудың керектігі жоқ! Аспандағы күннің барлығына қандай сенім болса, оқудың керектігіне де сондай сенім болған: оқусыз ел – дүниедегі тіршілік жарысына ере алмай жоқ болады. Біз: «Қазақ Хүкіметі, қазақ ұлты» деген сөздің бәрін де оқу таразысымен өлшейміз: оқусыз атақ – өрмекшінің ұясы сияқты бос нәрсе...», деген сөздері еске түседі. Мақалада данышпан суреткер елді түзу жолға жетелейтін азаматтар, қазақ елін қатарға кіргізуді мақсұт еткен азаматтар, оқу жұмысын қарастыруын, оқу жұмысы қасиетті жұмыс екенін, саясатқа құрбан болуға жарамайтын жұмыс екенін, еш уақытта көңілден шығармауын, оқу бөлімдеріне қазақ азаматтары кіріп, қазақ мектебін ретке салуын ескертеді. Бұл мысал да кемеңгер жазушы ойларының бүгінгі күнгі біздің рухани жаңғыру талаптарымен үндес келетінін байқатады. Бұл жайтты Елбасы Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «...Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», – деп айрықша атап айтты.

Халқымыздың өткен ғасырда өмір сүрген зиялы азаматтарының бірі, қазақ мәдениетінің ірі қайраткері Ілияс Омаров: «Мұханды (Әуезовті) ең алғаш сөзінен танығам, ал сөзді ең алғаш Мұханнан танығам» – деуі ұлы суреткердің ана тілін өте жетік меңгергенін және ана тілі мен оның тілдік қорын байытуға орасан зор үлес қосқанын айғақтаса керек. Қаламгер жазу өнерінде өзіне үлкен эстетикалық талғам мен қатаң да жоғары талап қойғанын оның қаламынан туған сырлы сөздерді сөйлетуінен, сөз құдіретін танытуынан анық білеміз. Мұны автор ғылыми-зерттеу, публицистикалық мақалалары мен көркем шығармаларындағы кейіпкерлер сөзінде, сондай-ақ авторлық баяндауларда да жарқырата көрсетеді. Оған қоса, бұдан кемеңгер жазушының жазу стиліндегі биік этикалық-эстетикалық парасат-пайымдары мен терең философиялық ой-толғауларының өзара тығыз байланыстылығын аңғарамыз. Мәселен, суреткер тілі туралы мақаласында ол: «...жазушының көркем әдебиеттегі тілі тек жабайы, жұпыны ұғым тілі ғана болып қоя алмайды. Ұғым, түсінікпен қатар, ой, сезімге де бірдей әсер етерлік айшықты тілмен әсем сөйлеуі шарт. Ылғал жоқ, дәм жоқ, тек грамматикашылдың сәл ғана білген, күнделік қалыпта тұтынып жүрген, шама-шарқына өлшенген әдебиет тілі көркем болып жарытпайды», деп кесіп айтса, ендігі бір жерде: «...Бүгінгі біздің жазушылардан байқалатын бір үлкен олақтық – көп жазушылардың сөздігі шағын, тілі кедей... Бірталай ақындарымыздың... еңбектеріндегі сөздік қорға келсек, жиыны бес-алты мың сөзден аса қоймайтын мүлкі ғана бар ма дейсің», деп өкініш білдіреді.

Айталық, жазушы 1948 жылы жазған «Біздің елдің салт-сауығы» атты мақаласында: «...Гүлденіп тарих, көркейіп өмір, дәурен жаңғырған заманда сан алуан салт та жаңғырады. Өнер, білім тауып өскен елдің салтына да өнер, білім үлгісі, өрнегі кіреді. Бұл жөнінде бұрынғы ауыл салтын санап, бүгінгі ауылымыздың жаңалықтарын жалғастырып айтсақ, көп сөз болар еді. Жалпы, салт дегеннің өзін де сансыз көп салаларға бөліп, таратып айтса, сөз ұзақ болады... Салтты біз екі жақтан сөз етпекпіз. Оның бірі – тұрмыс салты, екіншісі – сауық салты. Осы екі жай біздің бүгінгі өнерлі қаламыз бен өскелең колхоздарымызда қалай қалыптанып келеді, соны айтайық», деп кеңестік кезеңдегі «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» деп дәріптелген салттарымыздың әрқайсысына жеке-жеке тоқталады.

Мақалада автор оқымысты қазақ қауымында ән салмайтын, би билемейтін, күйді қадірлемейтін жан жоқ екенін, өйткені біздің жаңа салт пен сауығымызда барлық азаматтық өзге қасиеттеріміздің қатарында сауық-сәніміз, көркемөнеріміз аса қадірлі қасиеттеріміздің бірінен саналатынын, бұл жайды кеңестік ауылдағы барлық еліміздің ата-аналық, бала-бауырлық буындарының баршасы толық түсінетінін және түгел сүйсіне қостайтынын заман талабына сай қуанышпен жазады.

Мәселен, «Қазақтың халық музыкасы мен музыка театры» атты мақаласында кеңестік Қазақстандағы мәдениет төңкерісі өлкенің барлық еңбекші жұртшылығын қуантып риза еткендей көп-көп табыстарға ие болғанын, өлке мен елдің бұрынғы ешбір тарихында болмаған мәдениет табыстары жаңа төңкерісшіл жас жұртшылықтың өнер таппақ болып, қанат қаққан талабы көркемөнер саласында да жаңалық үстіне жаңалық туғызып отырғанын атайды. Бұл орайда, елдегі мемлекеттік тарихи мән-маңызы бар ірі бағыттағы үлкен жаңалықтың бірі – Қазақтың мемлекеттік музыка театры болғандығын, оның сол кезеңдегі ең алдымен айқындалып көрінетін ерекшелігі – ән, күй негізінің тұтасынан халықтың рухани қорынан шыққандығын, мұнда бұл мұра еңбекші халықтың ой-қиялы мен үмітінің өшпес жанар отын ғасырлар бойы жоғалтпай алып келгенін сөз етеді. Жазушы М. Әуезов: «...Шынында да туғанынан бастап өліміне шейін өтетін күйін алсақ, қазақтың өмірінде әннің ілесіп жүрмеген ешбір үлкен кезеңі жоқ деуге болады. Оның өмірінде не ғұрыптан туған ән, не үй іші тұрмыс-салтынан туған ән, не болмаса өз өнері арқылы өз жанынан шыққан әндер ылғи егіз болып ілесіп отырады. Ән ғасырлар түкпірінен қайғылы хал баянын бізге жеткізеді», деп ойын түйіндейді.

Автордың кез келген шығармасы – мейлі ол шағын әңгіме-хикаяттары болсын, көлемді эпикалық, драмалық шығармалары әлде публицистикалық және ғылыми-зерттеу еңбектері болсын – бәрінде де қазақтың ұлттық рухани құндылықтары өте ұқыптылықпен, асқан ізденімпаздықпен, үлкен шеберлікпен пайдаланылады. Ал ғұлама жазушының «Абай жолы» роман-эпопеясының жөні бөлек. Өйткені қазақтың ұлттық брендіне айналған роман-эпопея рухани байлықтарымыздың таусылмас кені іспетті. Сондықтан, әлемге әйгілі шығармадағы тілдік, халықтық-этнографиялық мағлұматтар жайында сөз арнайы болуы керек. Сөз соңында айтарымыз, арқалы ақын Жұбан Молдағалиевтың: Қайран Мұхаң – көркем сөздің пірі еді, Абайымыз екеу болса, бірі еді. Тілі барда халықтардың, қазақтың, Тірілермен тірілерше жүреді, – деп жыр арнағаны бар.

Сол айтқандай, ұлы жазушы, үлкен ойшыл-қаламгер, ірі ғұлама ғалым халқымен бірге өмір сүріп келеді. Олай дейтініміз, М. Әуезов шығармашылығының идеялық-рухани, көркемдік-эстетикалық, тілдік құбылыстар әлемін әдебиетші, тілші ғалымдар қал-қадірінше әр қырынан, жан-жақты зерттеп-зерделеп келеді. Өйтсе де, саңлақ суреткердің бүгінгі күннің басты идеялық талабына айналып отырған ұлттық болмысымызды танытатын рухани жаңғыру арналары толығымен жүйелі түрде қарастыруды қажет ететіні даусыз деп ойлаймыз.

Әуезов әлемі дейтін кең дүниенің жаратылысы мен табиғатын екі сөзбен қайырып айту мүмкін емес. Оны терең танып, жан-жақты талдау – әр дәуір, әр ұрпақтың киелі міндеті. Француздар – Бальзакты, орыстар – Толстойды, американдықтар – Драйзерді, немістер – Гетені қалай зерттеп, зейіндесе, қазақтар Әуезовті дәл солай тануға ұмтылғанда ғана ұлттың өзін-өзі тануы, өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі қадірлеуі қалыптаспақ, күшеймек, жалғаспақ. Өйткені, Әуезов әлемін қазақ әлемінен, қазақ өмірінен еш бөле-жара қарауға болмайды.

Әуезов әлемі көзге көрінбейтін ғажайып ұлы сиқырымен, құдіретімен ұлттық рух тәуелсіздігін қорғауға, сақтауға үйретеді! Келер ғасырда да кемелдене беретін кемеңгер М. Әуезов – тек сіз бен біздің ғана емес, әлі дүниеге келмеген жаңа ұрпақтардың да сарқылмас игілігі, өлшеусіз бақыты. Өйткені, М.Әуезов құдіреті оның елге деген шексіз махаббаты мен сенімінде жатыр. Осы бір ақиқатты сезіну мына біздерге, бүгінгі тәуелсіз мемлекеттің іргесін нығайтып жатқан ұрпаққа қажымас қайрат, жасымас жігер қосады.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы: 18-т. // Алматы: Жазушы, 1985.
2. М.Әуезов. Уақыт және әдебиет. – Алматы: ҚМКӘБ, 1962.
3. Әржанқызы М. Ұлы адамның ұлылығы / М. Әржанқызы //
4. Әуезов әлемі. – Алматы: Жазушы, 1997.
6. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы: 20-т. // Алматы: Жазушы, 1985.
7. Біздің Мұхтар. – Алматы: Жазушы, 1976.

**МҰХТАР ӨУЕЗОВ – ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ КЛАССИК СУРЕТКЕР
(«КӨКСЕРЕК» ӘҢГІМЕСІ БОЙЫНША)**

Батырханова Р.А., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Абай облысы Бесқарағай ауданы
«Беген орта мектебі» КММ, batirhanova_rumgul@mail.ru

Мұхтар Өуезов дүние жүзі әдебиетіне үлкен үлес қосқан, барлық халықтарға ортақ классик. Мұхтар Өуезовтің өзі - ХХ ғасырдағы ұлттық ой-санамыздың, сөз өнеріміздің асқар биігі, әлем әдебиетіне қосқан халқымыздың үлесін таразылайтын өлшем. Қазақ әдебиетінің классигі қай елдің мақтаулы классигімен де теңдес келе алатынын Мұхтар Өуезовтің өзі-ақ танытып тұрған жоқ па?

Мұхтар Өуезовті Бальзакпен, Толстоймен, Гетемен, Достоевскиймен, Тургеневпен, Шолоховпен салыстыру жиі кездеседі. Алайда әр классик – қайталанбас дара тұлға. Мұхтар Өуезов – қазақ халқының ұлы перзенті, қазақтың Өуезові, сонан кейін барып адамзаттың Өуезові.

Алғашқы жазба кездері, Шумердің қыш кестесі, ежелгі Мысырдың папирустары, Вавилон мен Аккадтың сына жазуынан бастап мыңжылдықтардың, барлық ғасырлар мен дәуірлердің, барлық мәдениет пен өркениеттің қатаң сұрыптауынан өтіп бізге жеткен таңғажайып туындыларды жинақтаған ХХ ғасырдың ғаламат басылымы – екі жүз елу томдық Әлем әдебиетінің кітапханасында, тарих өзі іріктеген Данте мен Шекспир, Толстой мен Томас Манн қатарынан, Горький мен Шолохов қатарынан ұлы ескерткіштер жинағы 250 томының екі томы Мұхтар Өуезовке тиесілі болуы кездейсоқ жайт емес. Жалпы адамзаттың көркемдік асыл қазынасына қазақ халқының да тікелей қосқан үлесі.

Мұхтар Өуезов есімін Шыңғыс Айтматов «Біздің ортақ мандатымыз» деп атап былай дейді: «Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге қастерлеп ала жүретін екі түрлі ұлттық асылым бар: бірі – «Манас», бірі – «Мұхтар Өуезов».

Мұхтар Өуезов айналадағы өмірді, дүние болмысты, кейіпкерлердің психологиясын, табиғатты суреттегенде бейнелі түрде айтсақ «темірге тіл, жаңқаға жан бітіреді». Жазушылардың жан-жануар тірлігін бейнелеуде құштарлығы ұлы табиғатқа бір табан жақын болғысы келген бауырмалдық сезімнен туады.

Ғарыш пен қоршаған ортаға адамзаттан гөрі айуан адал жаралғанын суреткер тереңірек білмесе кім ұқпақ?

Мұхтар Өуезовтің «Көксерек» әңгімесі ертеректе кез келген аңшы қазақ отбасында бала-шағаны тегіс аузына қаратып, майын тамыза толғайтын, таусылмас жыр, ертегі тәрізді аңшылық хикаяларынан. Көк бөріні киелі санап, оны тотем тұтыну қазақ қауымы арасында соңғы кезге дейін сақталып келген. Ал мұның бір көрінісін қазақтың батырлық жырынан аңғаруға болады. Мәселен, «Ер Тарғын» жырында батырдың ерлігін төмендегідей етіп сипаттайды:

Келген қалмақ жолықты

Тарғын сынды бөріге.

Қойға кірді бір бөрі

Бөріктіре қырады.

Талай қалмақ құлады.

Қазақ тілінде батыл адамды бөріге теңейді. Мысалы: мына жолдар «Қобыланды батыр»

эпосынан:

Қарлығаштың дауысы шыққан соң

Қобыландыдай бөріңіз,

Ақ найзаға сүйеніп

Өксіп жылап қалыпты.

Қазақ халқында қасқырды қастерлеу бұрын кеңінен тараған. Сонымен

М.Өуезов «Көксерек» повесінде түрік аңызының көне тақырыптарының бірін жанамалап болса да тиіп өткен.

Хайуанаттар туралы хикаяларға ортақ бір игі қасиет жазушы тегінің өз суреттеген мақұлыққа деген ыстық сүйіспеншілігі. Ұнамай, көрмей, сүймей жазбауға көнбейтін асау тақырып. Жазушы шығармашылық процестің алғашқы кезеңінде өмірдің әр алуан құбылыстарын зерттейді, тексереді.

Әрине, бұл құбылыстардың ішінде ірісі де, ұсағы да, маңыздысы да, маңызсызы да, күрделісі де, кездейсоғы да – бәрі де бар. Осының бәрі - болашақ шығарманың материалы.

Бірақ жазушыны өмірде болатын кез келген құбылыс жаппай қызықтыра бермейді. Ол өз мақсатына керек құбылысқа ғана қызығады. Болашақ көркем шығармаға негіз болатын да сол – суреткер қызыққан құбылыс. Бұғауға көнбейтін түз тағысының аса жыртқыштығын дәріптеудің ең көрнекті үлгісі – «Көксерек» фильмі. Мұнда қасқырдың адам үстемдігіне еш көнбейтіндігінің ең нанымды дәлелі Көксеректің баланы жарып кетуінен айқын көрініс табады. Мысалы, М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінің тақырыбын таңдап алуының бір себебін жазушының жұбайы Валентина Әуезова былай деп еске алады: «Бірде мен қабырға күнтізбесін (1929 жылдың) сатып алдым. Сол күнтізбе Мұхтардың жазу үстелінің тұсында ілулі тұратын еді. Сонда белгілі суретшінің салған суреті бар болатын – қысқы түн, қар жамылған меңіреу дала, сонау алыста көз ұшында қар басқан кішкентай деревняның оттары көрінеді. Ең алдыңғы қатарда түнде жортқан қасқыр тұр. Міне, сол сурет Мұхтар Әуезовтің сонау бала кезіндегі кәнігі аңшылардан естіген әңгімелерін есіне түсірген болу керек, енді міне, күн сайын көз алдынан осы суреттегі көрініс кетпеген Мұхтар өзінің «Көксерек» әңгімесін жазған болатын».

«Көксерек» әңгімесінде жазушы қасқырдың мінез-құлқы өзіне тән табиғи қасиеттерін тақырып етіп алып, айналаны қоршаған табиғаттың өз заңы, өзіндік ерекшелігі бар, оны адамдардың түсіне білуі қажет деген ойды білдіреді. Сөйтіп бұл шығармада Мұхтар Әуезов табиғат пен адам арасындағы байланысты, түсіністікті негізгі идея етіп көрсетеді. Адам мен табиғат арасындағы үндестік – адамзаттың ертеден іздестірген мәселесі. Адамдар арасында тағылық әрекеттерге баратындар қайдан пайда болады?

Мұхтар Әуезов «Көксерек» повесінде, алдымен әр алуан жабайы жыртқыш азулы аңдардың мекен ететін жерлерін суреттеуден бастайды. «Қара адырдың қарағанды сайы елсіз. Айналада қабат-қабат шұбар адырлар. Жақын төбелердің барлығын аласа боз қарағай, тобылғы басқан.

Сай бойында май айының салқын лебі еседі. Бастары көгеріп, бүрленіп қалған қалың қарағай жел лебімен сыбдыр-сыбдыр қағып теңселіп, ырғалып қояды. Маңайдан жуалардың, жас шөптердің исі келеді. Ұзын кең өлкені қаптай басқан қарағанның ортасында терең, құр жар бар. Соның бас жағында итмұрынды қалың арасында қасқыр іні бар. Жақын елге мәлім ескі ін. Жазғы салымнан бері соны екі қасқыр келіп мекен етті...»

Әңгіменің композициясы мен сюжеті оқиғадан оқиға тудырып, тез өзгереді. Мұның өзі оқиғаның шапшаң дамуына себепкер болатыны байқалады. Оқиғаның шапшаң дамуы тыңдаушысын дегбірсіздендіріп, енді не болар дегендей ойға қалдырады. Жаңа ғана екі інді мекен еткен екі қасқырдың енді бір сәтте балаларын қоректендіру үшін қозы әкеліп жеп жатқаны суреттелген: «қозы екі қомағай ауыздың керегесінде қан жоса болып дар-дар айырылды. Сырт-сырт етіп жас сүйек сынды. Қапаш-құпаш, қорқ-қорқ етіп, қомағай қанды ауыздар асайды. Тұмсығы мен бастары, мойын жүндері қыпқызыл болған қасқырдың жасыл көздері от шашады» [5].

Мұның өзі жоғарыда айтқанымыздай оқиғадан оқиғаның тууын байқатады. Сөз зергері жыртқыш аңдар мекенін қалай әсерлі суреттесе, олардың ашқарақ қомағайлығын одан да гөрі әсерлендіре түскен. Жан түршігерлік осындай көріністер оқырмандардың еркін билеп, олардың төбе шаштарын тік тұрғызды. Жыртқыш аңдар мекені мен олардың күн көрісі бірден-ақ айқындалып, осы бір жанды көрініс оқырмандардың көз алдында тұрғандай, жас қозыға жаны ашып, оқиғаға өздері де араласып кеткендей болады. Өйткені бұны да азсынғандай, соңынан бөлтірігінен айырылған екі қасқыр ашулы ызамен маңайдағы елдерді күндіз-түні у-шу қылып азан-қазан етеді. Қойларын жаралап, қозыларын алып қашады. Өрістегі бұзауларды жарып, далада құлындаған биелердің бірнеше құлындарын жеп кетеді. Мұнда күрделі екі мәселенің қатар тұрғаны оқырмандарға ерекше әсер етеді. Оның бірі жыртқыш аңдар озбырлығы болса, екіншісі қазақ жерінің сұлу табиғаты мен қаймағы бұзылмаған ең байлығының сөз болуы [6].

Әңгіме кейіпкері кішкене Құрмаштың асырап алған Көксерегі болғандықтан, сөз зергері оны әлі де айқындай түсу үшін бөрі бөлтірігі өз қасында тұрғандай, оны жетегінде ұстатқандай суреттейді: «...Жетілмей келе жатқан тісі ғана. Көксерек арлан еді. Сондықтан бұның бойы биіктене берді. Әлі тұрқы шығып ұзарған жоқ. Барлық жүні қара-көк, жотасы күдірейіп, аузы омыртқа мен құйрығына шейін түп-тұтас болып, күлдіреуіштей сүйірленген бір бітімі бар. Өзі ізденіп ешкімге соқтықпайды. Ит баласына заты қастай, жібімейді. Әлі күнге бір рет жадырап, ойнап көрген емес. Татулық жоқ, суық. Жалғыз-ақ атын біледі... Өскен сайын сызданып, суықтанып келеді».

Мұхтар Әуезов бұл жерде жас организмнің жетілу жайын суреттей келіп, соған байланысты оның мінез өзгешеліктерінің, жыртқыш аңдар психологиясының бірден-бірге қалыптасу, өзгеру жолдарын аңғартып отырады.

Осының өзі қолға үйренген байырғы хайуанаттардан гөрі қолға үйренбеген азулы жыртқыш аңдарда болатын психологиялық өзгешеліктерді танытады. Оны жастайынан қанша бақса да, күтсе де,

тіпті Құрмаш оны өзімен бірге қойнына алып жатса да, сызданып суықтана беруі оқырманды таң-тамаша етеді, ойға қалдырады. Көксеректің қолға үйренбеуі Құрмаш түгіл үлкен кісілердің өздеріне де ой тудырады.

Ол жайында: «Түнде қозының құйрығын иіскелеп жүреді. Қойды үркіте береді. Түнде даланы жақсы көреді» – деген сияқты ауыл адамдарының күдіктері Көксеректің мінезіне байланысты туған. Осының себептерін білу де, балалар үшін өмір танытарлық үлкен сабақ.

Қасқырды қалай бақсаң да орман ішіне қарай жалтақтай береді деген сияқты, көксерек те өзінің тағылық жолына түсіп, Құрмаштан безіп кеткені, қолға үйренбеуі оның жаратылысы, өмір сүру жолы о баста солай бейімделгеніне байланысты екені әңгімеде оқушыға бірден айқындала түседі. Оқушысын ойға қалдыратын бір жағдай Құрмаш пен Көксерек арасындағы байланыс мәселесі.

Жақсылықтан басқа еш нәрсе жасамаған Құрмашқа Көксерек кезедесе қалса, ол қанша тағы болса да үйреткен адамына қауіп-қатер жасамас деген талас ой туады. Оқиғаның шешіміне жеткенге дейін осы ойдан арылмай отырған оқушы Көксеректің пиғылын, оның тағылық әрекеттерін байқаумен болады. Әңгіменің ең үлкен түйіні осында.

«Көксерек» әңгімесі жазушы табиғаттың бұлжымас заңдарын ескермей, оларды адамзаттың өз еркіне бағындырмақ ниетінің қандай ауыр зардаптарға әкелетінін терең бейнелеген көркем шығармалардың бірі

Ұлы жазушы, ғалым, қоғам қайраткері М. Әуезовтің көркем мұрасы біздің төл әдебиетіміздің ғана емес, бүкіл адамзат мәдениетінің де жегістігі. Халық даналығынан нәр алған, өмір өзенінің тұнығынан суарылған тағылымы мол, тартымды шығармалары қайталап оқыған сайын рухани дүниемізді байытып, баға жетпес жан азығы бола бермек. Бүгінгі таңда біз халқына өлмес туындыларын тарту еткен жазушымыздың есімін мақтанышпен айтамыз.

Әдебиеттер

1. Ахметов З. Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті // Егемен Қазақстан, 1977, – № 27. – 30-33 б.
2. Айтматов Ш. Ұстаз туралы сөз. Естеліктер. – Алматы: Ғылым, 1997. – 5-6 б.
3. Қабдолов З. Абай және Әуезов. Жинақ. – Алматы: Ғылым, 1997. – 99 б.
4. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. «Көк бөрі» дастаны. – Алматы: Атамұра, 2005. – 57 б.
5. Әуезова В. Алғашқы жылдар. Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. – Алматы: Білім, 2004. – 99 б.
6. Әуезов М. Көксерек. – Алматы: Атамұра, – 2002.
7. Омаров Д. Көксеректің кінәсі бар ма? // Ана тілі, 1997, – № 39. – 33-35 б.
8. Кемелбаева А. «Көксерек» әңгімесінің көркемдік тағылымы // Заман-Қазақстан, 1997, – № 5. – 7-10 б.
9. Лизупова Е. Әуезов және әлем әдебиеті // Жұлдыз, 1997, – № 9. – 12-16 б.
10. Әлімжанов Ә. Табиғат және тағдырлар // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1999, – № 5.

ҒТАХР: 17.81.99

БОЛЬШОЙ ЧЕЛОВЕК НАШЕГО ВРЕМЕНИ

Абдыкаримова С.К., преподаватель русского языка и литературы

Республика Казахстан, г. Семей,

КГКП «Педагогический колледж им. М.О.Ауэзова»

Если проследить творческий и жизненный путь Мухтара Омархановича, то станет ясно, что он был рожден для того, чтобы рассказать о своем народе широкому миру, и он выполнил эту ответственную, великую миссию. Уже писателем, много поработавшим, имевшим ряд произведений талантливых, по-своему оригинальных, он создал роман-эпопею «Абай», где раскрылось во всю силу его выходящее за пределы родного края дарование. Свыше 13-14 лет он посвятил работе над эпопеей. И эта работа ввела его в ту обширную, доступную только избранным натурам творческую мастерскую, где творятся огромные характеры и воссоздается эпоха во всей живописности и правдивости. Прочесть об этом он нигде не мог. Таких книг не было. Он собирал рассказы стариков, но ведь этого еще мало. Несмотря на всю их честность, как рассказчиков, точность, как свидетелей событий, он сам позже писал: восстанавливать по этим рассказам давно ушедшую жизнь было так же трудно, как по облику шестидесятилетней Айгерим представить себе всю прелесть девичьей красоты, пленившей когда-то Абая. Но неутомимый наблюдатель народной жизни, знаток всего, что творил Абай, Ауэзов избрал единственно правильный путь для своего героя в эпопее – через народ и ради судьбы народа.

Труд Ауэзова был неизмеримо сложнее. Нужно было все воображение поставить на службу огромной идее, не поступаясь правдой жизни. Нужно было не угадывание, а такое знание народной жизни, чтобы все эти обычаи, поверия, легенды, бытовые картины заняли свое необходимое место, надо было доказательно показать, что Абай – воплощение народной души и мудрость народа. И Ауэзов это доказал, тем самым он поставил себя после окончания огромного труда своей жизни в первые ряды выдающихся мастеров мировой литературы. Произведения, подобные «Абаю», начинают жить большой, долгой жизнью, переходить через рубежи и находить читателей во всех поколениях.

Но не следует думать, что Ауэзову была неведома так называемая «обратная сторона творчества», что ему никогда не было трудно, что он не испытывал столь известных миру творческих мук и создавал свои произведения легко и просто. Наоборот, он часто бывал недоволен собой, хмур, иногда сердит, жаловался друзьям, что где-то, на каком-то проклятом месте застрял; в такие дни у него появлялась особая, сердитая интонация, известная всем его многочисленным друзьям и знакомым. Временами он бывал холоден, сдержан, но всегда корректен со всеми. Такое происходило, когда его одолевали творческие муки, бессилие. Абдижамил Нурпеисов вспоминает: «И этот волшебник, обладающий сверхъестественной силой, каким он казался мне, когда диктовал третью книгу Абая, выглядел тогда изнуренным, несчастным, как бывает несчастен старый полководец, неспособный увлечь на штурм свое прежде испытанное войско. И, наконец, он не выдерживал столь колоссального напряжения и с горечью говорил машинистке, которая давно уже сидела, положив руки на клавиатуру машинки, извиняющимся голосом:

– Уж очень трудно начать эту проклятую. Извини, дорогая, приходи завтра».

А ведь мы знаем, что Ауэзов, прежде чем диктовать, вначале долго вынашивал, набрасывал на бумаге тщательно продуманные планы, знали, что он до романа, долгое время посвятил всестороннему и углубленному изучению истории и эпохи великого поэта.

Абай умер на стыке двух веков, когда уже довольно ясно обнажились противоречия нового со старым. Ауэзову в это время было семь лет, и он только-только начал всматриваться в окружающий мир. Будущий писатель успел увидеть Абая, начавшего гаснуть под тяжестью тоски и горя. Потом Ауэзов жил среди многочисленных друзей, врагов, родичей и сверстников Абая, с которыми поэт сталкивался в самых разных жизненных ситуациях: присутствовал на острой полемике биев, где помимо прочего воздавалась хвала искусству красноречия, находчивости и остроумию того или иного оратора и решались большие дела двух или трех враждовавших между собой родов; ездил по аулам, устраивая разные дела; бывал на соколиной охоте.

Словом, Мухтар Ауэзов жил среди людей, которые знали и охотно передавали свои впечатления об Абае, о его делах, поступках, привычках, характере, с годами ставшими в сознании народа живой легендой и преданием.

Изучая жизнь и творчество поэта, молодой Ауэзов как бы сам пережил, переосмыслил сызнова всю эту тяжелую скорбь ушедшей эпохи. И недаром мы легко находим в Ауэзове роднящие его с великим поэтом схожие напевы не только в обобщении и осмыслении событий, но и в общности эмоциональной окраски. Но, воспитанный на лучших образцах русской и мировой классической литературы, Мухтар Ауэзов в начале 20х годов смотрел на казахскую действительность с принципиально новых позиций. Он считал, что молодая проза, развивающаяся в новых социальных условиях, должна стать наследницей и закономерным продолжением реалистической, демократической поэзии великого поэта, и недаром во всех произведениях Ауэзова отчетливо слышны мотивы абаевской поэзии, особенно заметно влияние его общественных, философских, эстетических взглядов. Вполне закономерно, что еще в ранних рассказах писателя мы часто встречаем картины, явления, противоречия старого патриархального аула, которые в свое время волновали поэта. Но если Абай, рисуя живые картины быта и нравов аула, был склонен к общим философским обобщениям, то в ранней прозе Ауэзова мы находим обстоятельный реалистический анализ этих же явлений.

Возьмите пьесу «Енлик-Кебек», одно из первых произведений Ауэзова, в котором так отчетливо определились его мировоззрение и идейная сущность его разностороннего дарования. Ауэзов вложил в пьесу весь сгусток боли, обид, укора и проклятия, не до конца высказанных предшественником скорбных дум. И начиная с этого спектакля, сыгранного в юрте задолго до открытия первого национального театра, писатель находит свою золотую жилу в нетронутых недрах народной жизни. И он был верен своей золотоносной жиле, работая всю жизнь, устремлялся как можно глубже в ее недра, в пласты истории народа, с такой же своеобразной сложной судьбой, как судьба самого писателя. В каждой своей книге, независимо от жанра, от духовного ее настроения, он настойчиво интерпретировал историю народа. Вслед за «Енлик-Кебек», появились «Караш-Караш», «Лихая

година», «Ночные раскаты» – произведения, созданные в разные годы, в разных жанрах (многие из них в нескольких вариантах), едины и цельны в самом главном: в своей предельной национальности.

Мне кажется, что величие Мухтара Ауэзова в том, что все его творения – в чем бы он ни писал, о далеком прошлом своего народа или о его жизни в наши дни – всегда освещены мудростью таланта и разумом художника. Пламя его вдохновенного дара по-новому ярко осветило, сложную, порой героическую жизнь нашего народа почти за целое столетие. На сценах созданных им спектаклей, в его научных трудах и в его романах, рассказах и повестях пласт за пластом, эпоха за эпохой, десятилетие за десятилетием оживала и приобретала первозданную красоту картины жизни народа, оживали мрачные образы прошлого, и на лицах наших предков мы увидели не только тени жестокости и скорби, но и улыбку доброты и веры в солнце. Он первым среди советских казахских писателей столь глубоко и добротой обнажил пласты прошлой жизни своего народа. Вот почему Мухтар ага мы называем великим сыном родной земли и ставим на пьедестал рядом с Абаем.

Литература

1. Ауэзова Л. М. Ауэзов в воспоминаниях современников. – Алма-Ата, 1972.
2. Базарбаев М. Слово об Ауэзове [Текст] // Базарбаев М. Эстетическое богатство нашей литературы: исследования и статьи. – Алма-Ата, 1976. – С. 7-39.
3. Джуанышбеков Н. Мухтар Ауэзов (1897-1961) [Текст]: очерк жизни и творчества / – Алматы, 2008. – 56 с.
4. Величие таланта Мухтара Ауэзова [Текст]: монография: в помощь преподавателям, студентам и учащимся ВУЗов, ССУЗов, СПТУ и школ / М. Султанбеков. – Семипалатинск, 1992. – 47 с.

ҒТАХР: 14.01.01

М. ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Жарылгасинова Ж.Г., Галымова Ж.М., тарих пәнінің мұғалімдері

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «Ыбырай Алтынсарин атындағы № 37 гимназиясы» КММ,
zharylgasinoval975@mail.ru; zhadyra_86.g@mail.ru

М. Әуезов әлем әдебиетіндегі жалпыадамзаттық құндылықтардың негізін қалыптастырған классик. М. Әуезовтің қазақ әдебиетін шарықтатқан мұрасы қазақтың рухани дамуына қосқан үлесімен ерекшеленеді. Әуезов есімі Абай есімімен рухани сабақтаса отырып, адамзаттық құндылықтардың шеңберін дәуірлер бойы қалыптастырып келеді.

М. Әуезовтің қалдырған мол рухани дүниесінің көптеген қырлары әлі де жетерлік десек болады. Әуезов мұрасы адам өміріндегі маңызды салаларға пайдалы қызмет атқарып келеді. Ғалымның мол мұрасы алдымен қазақ руханияты үшін заңғар болса, әлемдік әдебиет деңгейінің биік талаптарымен де үндестік тапқан.

М. Әуезов – 20-жылдардағы қазақ зиялыларының бетке ұстар тұлғасы. Оның өмірінің мәні – келешектің жарқын болатынына деген сенімділігі. Әуезовтің талантының жан-жақтылығының кілті – қазақ халқының үні, халық араманының тарихы, халықтың мұңы мен жарқын болашаққа деген үмітінде. Күнделікті өмірдің шыңырау тереңінен шыққан мазмұнды да философияға толы Әуезовтің көркем ойы нағыз халықтық образдарды сомдай білді, мәселен Абай образы, әлемдік әдебиеттегі өз орнын алып, жалпыадамзаттық мәнге ие болды.

«Әуезов белгілі бір қоғамда өмір сүріп, белгілі бір қоғамдық ұжымның мүддесіне ортақтасады, сондықтан да оның шығармашылығында белгілі қоғамдық мән мен мазмұн бар. Бұл – шындық. Тек, осы шындықты әр көзқарастың өкілі әртүрлі түсінуі мүмкін», – деп академик З. Қабдолов атап өткендей, әр ұрпақ өз дәуірінің тұрғысынан баға берері даусыз.

Жазушының шығармашылық, адамгершілік бейнесі адамзат баласына үлкен өнеге мектебі. Әуезовтің өмір жолы күрделі кезеңдерден тұрса да, жазушының таланты ерте мойындалып, бағаланды. Ғалымның еңбектері қазақ әдебиеті саласында жазылған еңбектердің бәрінен озып, тарих таразысынан өтіп, дүниежүзілік үлкен әдебиетке барып қосылды. Оның есімі туған халқының әлем алдында бетке ұстар тұлғасына айналып, ал мұралары жалпыадамзаттық құндылықтарға толық тәлім беруде. Мысалы, Әуезов және Абай, Мұхтар және әлем әдебиеті, М. Әуезов және айтыс өнері, Әуезов және шығыс әдебиеті, М. Әуезов және түрік, араб әдебиеті тәрізді т.б. өте күрделі мәселелер мен тың тақырыптарды қамтиды.

Академик С. Қирабаевтың пікірінше: «Мұхтар жаңа дәуірде қайта түлеп, жаңа мәдениет жасаған өскелең ұрпақтың ұстазы еді. Жазушылық өнегесіне қоса, ғылымда да, жоғары мектепте де шәкірт тәрбиеледі. Оның алдынан көп адам өтті. Әсіресе, ол ізденімпаз, талантты жастарды бауырына тартты. Қазақ халық әдебиетінің, әдебиет тарихының деректерінің білгірі есебінде де Мұхтар аса беделді болды. Қазақтың сөз өнерін ол жетік білді, оны сақтап, біздің заманға жеткізушілердің алдыңғы легінде қызмет етті. Ол жайында зерттеу еңбектер жазды. Оның көркем шығармаларының тілі де тұнып тұрған халықтық сөз өнерінің үлгісі болатын».

Әуезов шығармалары Ұлы Даланың тілімен сөйлей білді. Ол қалың оқырманға мәнді мазмұндағы образдарды тарту етті, мысалы үшін алатын болсақ, өмірдің ащы зарын тартқан «Қараш-Қараштағы» Бақтығұл, әділ әрі қаһарлы Ханкөненің, шығармаларындағы кейіпкерлерінің қимылы арқасында әлемдегі тартыс пен жанталасты, шындықтың жеңіске жеткен ащы сәттері мен әділдіктің үстемдік құруын құнықты келтірген. Әуезов қазақ халқының асқан дархандығын, жарты әлемді алып жатқан, аспанмен астасқан жайдарлылығын шебер көркемдеп, әлемге танытты.

Алғашқылардың бірі болып М. Әуезов өз шығармаларында қазақ халқының ұлттық өнерін дәріптеген ақын.

М. Әуезов – Абайтанудың негізін салушы қазақ ақыны мен ұлы ойшылының өлмес, толыққанды образын көркем әдебиетте сомдай білді. Жазушы санасында Абай шыңға біткен жалғыз бәйтеректей дараланып, оның даналыққа толы шығармалары қазақ халқының «рухани мәдениетінің озық үлгісіне» айналды. Әр жазушының өзінің жанына жақын тақырыбы болса, сол тақырып М.Әуезов үшін мәңгілік-мәнді тақырып – Абай тақырыбы. Хакім Абай М. Әуезовтің шығармашылығының өмірлік мән-мағынасына айналды.

Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында қазақтың ұлттық ерекшелігі, кейіпкерлердің қайталанбас тұлғасы, ішкі жан-дүниесін ашудағы сезімталдық, бір-біріне, отбасына, табиғатқа, қоғамға деген көзқарастарын ашу арқылы бүкіл бір ұлттың тұтас бейнесін суреттейді.

Әуезов шығармаларын оқығанда, шын мәнінде бірнеше ғасырды артқа тастап, шығармаға тұтастай еніп, өзіңді нағыз көшпенді қазақ сияқты сезініп, кейіпкерлермен бірге дарқан даланың өміріне бітісіп, біресе өмірдің қиыншылығын, біресе керемет қуанышты бастан кешіруге болады.

Абайды тану арқылы, Әуезов халықтың жүрегіне бойлап, халықтың тума талантын, адамгершілігі мен әдемілікке ғашық жанының нәзік иірімдерін, ән-жырының сырын ұғынады.

Жазушы-ғалымның шығармаларының көптеген тілдерде жарық көріп, әлемдік арнадан орын алуы Әуезов әлемінің кереметтілігінің дәлелі. М. Әуезовтің де рухани мұраларын дүниежүзілік әдебиет жүйріктері: Толстой, Шекспир, Тагор, Назым Хикмет тәрізді дарынды тұлғалармен қатар әлемдік жалпыадамзаттық құндылықтар сахнасынан көру, қазақ халқы үшін үлкен мәртебе.

Әуезов Шығыс пен батыстың мәдениетін, әдебиетін жетік білгендігін оның шет ел классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, мағыналы мазмұнын жеткізе білгенінен көреміз.

Әуезовтің алғаш рет шетел әдебиетімен табысуына себепкер Абай болды. Жастайынан Абаймен сусындаған ол Шығыс классиктері Фердауси, Сағди, Низами және т.б. шайырлардың туындыларымен танысып, Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың өмірі туралы деректерді оқып, араб әдебиетінің мұралары «Мың бір түн», «Ләйлі-Мәжнүн» сияқты көркем шығармаларды оқыған.

Абай ең әуелі қазақ халқының ақыны болғандықтан, ауыз әдебиетінен нәр алып сусындап, тек ұлттық әдебиеттің шеңберінде ғана қалып қоймай, адамзаттық игіліктер тұрғысында асқаралы шыңға көтеріліп, өнер биігіне өрледі. Осы жайлы белгілі ғалым Арап Еспенбетов былайша тұжырым келтіреді: «Абай ауыз әдебиетін жастық шағында үлгі тұтты және халық әдебиетінің көлеңкесінде қалмай, одан әлдеқайда шырқап ұзап кетті. Абай-қазақ халқының ұлы ақыны, асыл перзенті. Шын мәніндегі жазба мәдениетінің басты өкілі. Ұлы ойшылдың творчествосының қуаты, қайнар бұлағы – халық өнері, ауыз әдебиеті. Сондықтан Абай шығармасы турасында пікір қозғағанда осы байланысты әрдайым есте ұстаған абзал».

Хакім Абай шығыс әдебиетіндегі классиктер мұрасына біржола тоқтап қалмайды, оны көп жағынан өзіндік өзгеше өрнегі бар ұлттық нақыштағы тұрғыда таным таразысынан қорытып, ешкімге ұқсамайтын өлең өлшемдеріне әдемі ажар береді. Бұған қоса Абайда үлгі іздегіштік, сыншылық бір ерекшелігі ақын болмысын тұлғаландыра түседі.

М. Әуезов: «Жалғыз бұл өлеңдер ғана емес, Абайдың сол жылдарда осы алуандас жазған басқа да өлеңдері болса керек. Бірақ олардан із-дерек табылған жоқ. Мынау өлеңдер тұсында айқын байқалатын ерекшелік – шығыс ақындарының үлгісінде жазылғандықтары. Екінші өзгешелік – бұл өлеңдер жатқа, ауызша шығарылған шығармалар емес. Бұнда Абай анық жазушы ақын».

Уақыт керуені ілгері басқан сайын Абайдың рухани тұрғыдан шығармашылығын таза қазақы дәстүр мен көркемдік қуатқа құруы – ақынның соны серпін, тың түрленуге қадам басқандығының бір көрінісі. Абайдың жас шағынан бізге жеткен өлеңдерінің бірі – «Сап-сап, көңілім». Аталмыш өлең біз жоғарыда тілге тиек еткен сипаттардан ада, мұндағы келесі бір өзгешелік өлең қазақтың құнарлы тілімен жазылады. М.Әуезовтің тұжырымынша: «Ең әуелі, бұл өлеңде Абай қазақ әдебиетінен бөлек үлгігі еліктеуді өзіне лайық көрмегене сияқты. Өз өмірінің шындығы бұл жырда аса айқын қонымдылықпен айтылады».

М. Әуезов: «Тегінде, Абай шығармаларының барлық қор, нәрі үлкен үш арнадан құралады. Бұның біріншісі, ең молы – қазақтың халық әдебиетінің мұра-тумалары, екіншісі – шығыс әдебиетінен келген және ең аз сезілетін белгілер. Үшіншісі – Абайды мәдениетті, үлкен аңғарлы зор ақын етіп көрсететін батыс әдебиетінің үлгі-өрнектері», – деп замана ағымына сай шығыс ықпалын болымсыз бейнеде ғана көрсеткен еді.

Осы орайда А. Еспенбетовтің мына пікірін келтіре кеткен жөн сияқты: «Дәл осындағы шығыс әдебиетінен келген және ең аз сезілетін белгілер төңірегінде әлі де ойлана түсу, әлі де дамылсыз зерттеулер жүргізу ісі бір сәт те күн тәртібінен түспейді. Шығыс мәдениетін түркі тектес халықтар әдебиетін жан-жақты меңгермей, Абайды толық тану мүмкін емес, айта берсеңіз тұтас қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеп, игеру жайы тығырыққа тірелері хақ».

Мұхтар Әуезов шығармаларында жалпыадамзаттық құндылықтар негізі ізгілік пен қайырымдылықты бір бағытта үндестіре білді. Осының бәрі Мұхтар Әуезовті дүниежүзілік көлемдегі тұғырлы тұлғалар қатарына қосады. Ал Мұхтардың есімін Шыңғыс Айтматов «Біздің ортақ мандатымыз» деп атады. Ол шығыс халықтарының руханиятына қомақты үлес қосып, дүниежүзілік деңгейге көтерді. Жазушы жөнінде оның кітаптары жайында дүниежүзінің әдебиетінің үлкен қайраткерлері айтқан пікірлер көпке белгілі.

